ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

Zhanibekov UNIVERSITY 1937

**Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі**
**Министерство Науки и Высшего образования Республики Казахстан**

**Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті**
**Южно-Казахстанский педагогический университет имени У. Жанибекова**




# «ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ ҚҰБЫЛЫСЫ: ТҰЛҒА ТАҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР» атты «ЖӘНІБЕКОВ ОҚУЛАРЫ – 1» Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының ғылыми мақалалар жинағы

# СБОРНИК НАУЧНЫХ СТАТЕЙ

**международной научнотеоретической конференции**
**ЖӘНІБЕКОВСКИЕ ЧТЕНИЯ – I**
**«ФЕНОМЕН ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВА: НАЗИДАНИЕ ЛИЧНОСТИ И ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ЦЕННОСТИ»**

Шымкент 2024 жыл

**УДК 37.0**
**ББК 74.00**
**Ө25**

Ұйымдастыру алқасының төрайымы
Сугирбаева Гулжан Даулетбековна - Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ Басқарма төрағасы – Ректордың у.м.а.

Ұйымдастыру алқасы

Керімбеков Ержан Рахымжанұлы - Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыстар және инновациялар жөніндегі проректор
Исабек Баршагүл Қашқынқызы - Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму және әлеуметтік істер жөніндегі проректор
Тажекова Акмарал Джаксыбековна - Ғылыми зерттеулер департаментінің директоры
Куралбаева Жулдызай Шынжигитқызы - Ғылыми зерттеулер офисінің маманы

«Өзбекәлі Жәнібеков құбылысы: тұлға тағылымы және педагогикалық құндылықтар» атты «Жәнібеков оқулары – 1» халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының ғылыми мақалалар жинағы. 451 бет. Шымкент 2024 жыл.

Сборник научных статей международной научнотеоретической конференции Жәнібековские чтения – 1 «Феномен Өзбекәлі Жәнібекова: назидание личности и педагогические ценности». 451 стр. Шымкент 2024 г.

**ISBN 978-601-7968-30-4**

Жинаққа Қазақстан Республикасының жоғары және орта оқу орындарының жас ғалымдары, студенттері және мектеп оқушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері ендірілді. Барлық жарияланымдар авторлардың редакциясымен берілген.

© Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, 2024

## ҰЛТЖАНДЫ ҚАЙРАТКЕР

**А.Тоқтабай**
тарих ғылымдарының докторы, профессор.

Ө. Жәнібековтің аты-жөні 1960 жылдардың аяғында «Лениншіл жас» газеттерінің беттерінен мақалаларын, комсомолдық есепті баяндамаларын көріп есімде қалыпты. 1974 ж КазГУ-дың тарих факультетін бітіріп Мәдениет министрлігіне қарасты тарихи-сәулет ескерткіштерін зерттеу және реставрациялау мекемесіне жолдамамен барып жұмысқа орналастым. Бір күні бас архитектор Алмас Ордабаев өзінің ЦК-ның бөлім меңгерушісі Өзбекәлі Жәнібековпен бірге оңтүстік облыстарды аралап Арыстанбаб, Қожа Ахмет Яссауи, Айша Биби, Бабаджа қатын т. б ескерткіштерін көрген сапарында сәулет мұраларының тарихын терең білетін, өзі фотоға түсіріп, туристік маршруттарға қалай қосуға болатынын мамандармен ақылдасқан, мұндай шенеунікті алғаш көргенім деп аузының суы құрығанша таңқалып айтып отырды. 1977 жылы Өзекең Мәдениет министрінің орынбасары болып қызметке келді, бірінші жұмысын Мәдениет министрлігінен республикадағы музейлерді қадағалап отыратын төрт инспекторы бар музейлер бөлімін ашты, бұрын бүкіл республикаға жалғыз инспектор болатын. Қожа Ахмет Яссауи сәулет кешеніне бұрын-соңды болмаған ғылыми зерттеу ізденіс, жөндеу реставрация жұмыстары басталды. Алдымен ғимараттың дәлізінде бір жерге үйіліп қалған құлпытастарды алып, аты-жөндерін арабистер оқыған соң, жуып-тазалап, сынған-кетілген жерлерін реставрациялап көрнекті орындарға қойылды. Келушілер тұңғыш рет Абылай ханның, Қаз дауысты Қазыбек бидің, Жолбарыс ханның т.б. тарихи қайраткерлердің қабіртастарын көріп тамашалауға мүмкіншілік жасалды. Кітапханада сақталған 30-ға жуық ескі кітаптар мен қолжазбаларды мамандар оқып экспозицияға қойылды. Ахмет Яссауидің қабіртасын жапқан кілемді, Орталық музей қорынан алып, Алматы кілем тоқу фабрикасында қалпына келтіруге немесе қайтадан тура сондай кілем тоқуға келісім жасалды.

Бастығымыз қазақ деген аты болмаса, күйеуі орыс, орысшылдығы басым, бір күні мені жұмыстан шығарам дегенімен қоймай, орныма фотограф болып істеп жүрген орыс жігітін алмақшы болды. Шақырды, бардым, бәлен де түген, сен бізде істеуге мамандығың келмейді дегенде Тельман Оразбаев деген бас инженер жандайшаптанып реставрация бұл кісінің жекеменшік мекемесі емес қой, мемлекеттік, сондықтан сен түсінуің керек дей бергенде мен сен дұрыс айтып отырсың бұл мемлекеттің қарауындағы кәсіпорын деп, ал сендер жеке меншік қылып алып, мені жұмыстан босатпақсыңдар дедім. Содан бір күні бухгалтерияның бір қағазын маған әкелгенде, қол қоймай бірге істейтін Марат Сембинмен ақылдасып ол кісі сен тура Ө. Жәнібековке бар, арызды қазақша қолмен түсінікті етіп жаз да бүгіннен қалдырма деді. Бардым Өзекең үндемей арызымды оқып шықты да фотограф деген сөздің астын сызып Светлана Пенькова деген инспектор бар еді, соны шақырып алып бүгіннен бастап осы іспен шұғылдан! Тезірек қорытындысын айт деп тоқ еткізді. Сен жұмысыңды істей бер – дегенде мен қуанып кеттім. Бізде істеп жатқан орыстар қазақтың тарихынан, мәдениетінен хабары жоқ, сондықтан не істеп жатқандарын өздері білмейді – дедім Өзбекәлі Жәнібековке. Алдымен бүкіл Қазақстан бойынша тарихи-сәулет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін жасау керек, мынадай маңызды ескерткіштер бар деп айта бастап едім, ақырын жымиды да: жеке ісіңді утресить етіп алайық, содан кейін кел деді. Бір апта өткен соң барып рақметімді айтып ем былай деді: Бүкіл Қазақстан бойынша тарихи-архитектуралық, археологиялық ескерткіштерге қорғау және мемориалдық тақталар қоямыз, Казреставрацияда құю цехын құрдық, үш жұмысшы дюралюминиден көлемі 80*80 (см) тақтарларды құяды, сен солардың қазақша-орысша текстерін жазып әкеп тұрасың аптасына жұма күндері маған келесің, мен «Бекітемін» деген қолымды қоямын, жұмыс қарқынды болу үшін айына қанша тақтаның текстін дайындауды «Казреставрацияның» жоспарлау бөлімінен білесің деді. Сөйтіп мен аптасына бір рет Өзбекәлінің қабылдауына кіріп тұратын болдым.

1980 жылы қаңтар айында Ө. Жәнібековке бір кіргенімде Қызылжарда Абылайханның сарайы болғандығын ол жайында кезінде Есмағамбет Ысмаиловтың, Сәбит Мұқановтың кітаптарында бар екенін оған қосымша М. Әуезов атындағы институттың қолжазбалар қорынан өзім тапқан Абылайхан туралы жырда хан сарайы туралы төрт шумақ жолды және өзімнің университеттегі ұстазым доцент Байтұрсын Дәрішевтен (ол кісі Көкшетаудың тумасы болатын) Көкшетауда Бурабайда – Абылай алаңы бар, кәзір Ясная поляна деп аталады –деген сөздерін естігенімді айттым, соңында бұл ескерткіштерді дайындалып жатқан тізімге кіргізу қажеттігін ол үшін, Солтүстік Қазақстан, Көкшетау облыстық

мәдениет басқармаларына сіздің атыңыздан хат жазайық деп ұсыныс жасадым. Өзекең мұқият тыңдап алдыда хаз жазып не керек – хат жазатын Москва ма, Ленинградпа, Парижбе? Өзің барып көрмейсіңбе, бір аптадан он күн арасында командировкаға, барасың нәтижесін маған айтасың – деп тоқ еткізді. Әлбетте Ө. Жәнібеков көп сөзді, әсіресе, жастардың көп сөзділігін жақтырмайтын істі сол мезетте шешіп тастайтын, істің байыбына бармайтын, сөз ұқпайтын адамдарға дауыс көтеріп ұрсып жіберетіні де бар еді. Алдымен Қызылжарға барып Абылайдың сарайын анықтадым, ғимарат әскери бөлімшенің госпиталі болғандықтан, сыртынан фотоға түсіруге рұқсат алып түсірдім, БТИ-ден планын алдым, жолшыбай Бурабайға соғып Абылай алаңы туралы ауызша материалдар жинадым. (Ясная поляна) туралы көнекөз қариялардың көпшілігі білетін болып шықты. Кейін бұл ескерткіштер туралы мақалаларымда келтірдім [А.Тоқтабаев Ескерткіштер энциклопедиясы// Білім және Еңбек 1983. № 2. ]. Абылай хан сарайы менің ұсынысыммен мемлекеттік тізімге кірді [Государственный список памятников истории и культуры Казахской ССР республиканского и местного значения. Сборник документов. Алма –Ата 1983. 112 –бет.]. Қазір Абылай алаңында үлкен ескерткіш орнатылды, әрине бұл тәуелсіздіктің жемісі, егемендіктің баянды болуының белгісі. Кезінде бұл қасиетті жер туралы алғашқылардың бірі болып, бізде өз ойымызды жазғанбыз. «... Қазақстандағы әр жердің, таудың, судың, төбенің өз тарихы бар. Жерге ат қоюға қазақтан шебер халық жоқ шығар, сірә! Жердің ғасырлар бойы халықпен бірге жасасып, өміріне куә болған тарихи аттарын сақтау бүгінгі күні маңызын жоғалтқан жоқ. Үкіметіміздің шешімі бойынша, бұрын жер, қала, көше аттарын атаудағы қателіктердің беті ашылып, көп атаулар бұрынғы қалпына келтірілуде. «Ясная Поляна» атты жердің планетада бір – ақ жерде бар екенін, оның әрбір парасатты адамның жүрегіне жақын естілетін Л.Н. Толстойдың музей – усадбасы екенін бүкіл әлем жұртшылығы біледі. Сөйте тұра Бурабайдағы «Абылай алаңын» «Ясная поляна» деп атап жүрміз. Халқымыздың тарихындағы белді оқиға – Абылайханның үш жүздің басын қосып үлкен мәселелерді шешкен жерді халық өз ықтиярымен тарихи қайраткерге құрмет етіп «Абылай алаңы» деп атаған. Қазір бұл жер «Бурабай курортының» картасында, Көкшетау облысының жер-су атауларында «Ясная поляна» деп жазылып кеткен, ендігі жерде осы жердің көне атауын қалпына келтірген жөн...» деп Жұлдыз журналындағы мақаламда жариямладым [А. Тоқтабаев Өсер ел өткенін қадірлейді // Жұлдыз. 1988. № 11.] Ал, хан сарайын қалпына келтіру қажеттігін тиісті орындардың назарын аудару мақсатымен бұл мәселеге қайта оралғанбыз: «... Қазіргі таңда елімізде реставрация жұмыстарын күтіп тұрған бірнеше объекті бар. Қызылжар қаласындағы Абылай хан сарайы – Абылай ханның есімімен тікелей байланысты тарихи ғимарат. Кезінде бұл сарай туралы Мәшһүр-Жүсіп Көпеев, Сәбит Мұқанов, Есмағамбет Ысмайылов жазған – ды. 1980 жылдары Өзбекәлі Жәнібеков әрекет жасаған еді, сарайды қалпына келтіруге құрылыс әскерилердің қолында болғандықтан, жоспары іске аспай қалды.

Сарай тарихи документтерде кездеседі. Мысалы, Қызылжар облыстық музейінде сақтаулы тұрған, көшіп – қонып жүргенде қолданылған хан орындығы кезінде осы сарайдан алынған деп айтылады. Тақты қытай шеберлері жасаған дейді, мүмкін Қытаймен дипломатиялық қарым – қатынастарда ханға сыйға тартылған шығар.

Бұл кезде Қызылжарда бір сарай бар,
Абылайдың Ақсарайы деп айтады олар,
Бір шеті шекараның Орынборда,
Жер екен Кіші жүздің сауда қылар.

Жалпы, көшпенділерде екі астана сайлау – сонау Алтынорда хандарынан басталған, көне түркілерден, қимақ-қыпшақтардан келе жатқан үрдіс. Бұл қарапайым көшпенділік өмір салтынан «қыстау-жайлау» принципінен шыққан. Абылай ханның бас ставкасы Түркістан қаласында тұрды, мұны «қыстаулық» – деп айтуға болады, ал жазда Көкшетау, Қызылжар маңында көшіп –қонып жүрді. Қызылжардағы сарайды Ресейдің күннен-күнге үдеп келе жатқан экспансиясына қарсы әдейі салдыруы да ықтимал [А. Тоқтабай Ескерткіштер ел тарихы // Қазақ әдебиеті 2003. 16.05.]. Әлі күнге дейін шешімін таппай келе жатқан мәселе Абылайдың қай жерде бақилық болғаны. 1980 жылдары Павлодар қаласына барғанымда 80 жастан асқан қария Мұқан Қарсхановтан, Ақтөбе обл, Қарабұтақ селосының тұрғыны Есенгелді Қаймақовтан (Е. Қаймақовтың жанында тағы бір ақсақал әңгімені толықтырып отырды аты – жөні күнделігімде жазылмай қалыпты). «Абылайдың үш өкініші» – деген әңгімені жазып алдым. Мазмұны төмендегідей:

«... Абылай ауру меңдеп, өлейін деп жатқан шағында Бұқар жырауды шақыртыпты. Қарт жырау келген уақта хан бір көзін ашып, бір көзін жұмып хәл үстінде жатқан шағы болса керек. Жырау: Не арман, тілегің бар? – десе керек. Сонда Абылай Бұқармен бақұлдасын , өзінің ақырғы үш арманын аяқтатты деседі:

- Қан көп төгілді: мен төкпесем, дұшпан менің қанымды төгетін болды...

- Еліме жердің емшегін емізе алмадым қала – кент салғыза алмадым.

- Елдің басы бірікпеді, тентегі, телісі көп болды...» [А. Тоқтабаев Абылайдың үш өкініші // Жұлдыз. 1989. № 10.] 1983 жылы бергенімде осы әңгімені Ө.Жәнібековке әкеп бергенімде, өте риза болып, ханның ұлылығын, мінезін көрсететін сюжет екен, о дүниеге кетейін – деп жатқанның өзінде де халқының қамын ойлапты ғой, жарықтық деді. Кейін осы әңгімені Ө.Жәнібеков өзінің зерттеулерінде пайдаланды. Енді ұлы ханның үш өкінішін жеке – жеке талдайтын болсақ: «Қан көп төгілді» – дегені ханның бүкіл өмірі ат үстінде, атыс-шабыс, жорықтарын көрсетсе, «елдің басы бірікпеді» -дегені Қазақ хандығын бір орталыққа бағындыру саясатының аяқталмай қалғанын дәлелдейді. Бұған тек «елдің тентегі мен телісі» ғана емес сыртқы жаулардың оның ішінде Ресейдің қазақ даласына ентелей кіріп, тіпті 1771 жылы үш жүздің ханы болып сайланған Абылайды әдейі тек «орта жүздің ханы» – деп танығаны, қазақты ұсақ-ұсақ хандықтарға бөліп «бөлшектеде билей бер» – деген жымысқы саясатынан еді. Абылайда Ресейге ерегесіп, патшаның берген құндыз шапанынан алтын қылышынан, басқада бағалы силықтарынан, «Орта жүздің ханы» грамотасынан бас тартып, алмай қояды.

Ал, «еліме жердің емшегін емізе алмадым» – деген арманына келсек, бұл істе біраз нәтижелерге жеткенін байқаймыз.

Хан жорықтан, атыс – шабыс кезінен бос кезде халықты отырықтандыруға, жоңғар шапқыншылығы кезінде қираған қалаларды қалпына келтіруге тырысты. Жүз жылдан астам бірнеше ұрпақ ауысқан қалаларынан босып, мүлдем далалық болып кеткен қазақтарды егін салып, отырықтандырып, қалаларға қайтару оңай іс болған жоқ. Бұл саладағы алғашқы жұмысын өзінің ата қонысы қазақтың көне астаналарының бірі Созақтан бастады.

Өзекеңде ең басты мәселе жұмыс еді. Жаз айларының бірінде жұма күні болатын археологиялық ескерткіштердің қорғау тақталарына қол қойғызып жатқанда, Өзбекәлі Жәнібеков бәлен күні сағат 10-ға жұмысқа келесің. Яссауи туралы мәселені бітіруіміз керек – деді.

Мен, Өзбекәлі Жәнібекович ол күні демалыс емес пе, мен достарыммен бірге Қапшағайға барамыз деп келісіп қойып ем дегенде:

Сен екеумізге демалыс жоқ, демалыс ана жыл он екі ай демалыс дегенді мүлдем білмейтін шопан демалсын, таңның атысы күннің батысымен санаспай егінде жүретін егінші демалсын.

Қапшағай қашпайды, әлі жассың, Қапшағай тұрмақ, Каспий, Қаратеңізде демаларсың деді. Мойным салбырап щықтым. Себебі, екі-үш қыз жабылып: сен бізді Ыстықкөлге апармай-ақ қой, үйдің жанындағы Қапшағайға апарсаң да жарар еді дегендері бар еді.

Жексенбі сағат 10-да, қабылдау бөлмесіне кіргенім сол еді Өзекеңнің дауысы қатты шығып жатыр екен. Ондайға үйреніп алған мен кіріп бардым. Біраз адам жиналып қалыпты, мен танитындардан архитекторлар Серік Суртаев, суретшілер Шәміл, Бердәлі отыр екен. Отыра бергенім сол еді, Өзекең бейтаныс, дударбас сақалды жігітке ұрсып жатыр екен, суретші ғой деймін «Отауын сайламай қ......н сайлайды» дегенде ыңғай жігіттер емеспе күліп жібердік кейбіреулер тіпті күлкілерін тия алмады.

Өзекеңді «алдаған» кезім де болды. 1961 ж Шәкәрім Құдайбердіұлының сүйегін 30 жылдай чекистер атып, құдыққа салып кеткен жерінен арада отыз жыл өткенде ұлы Ахат Құдайбердиев қазып алып, Абайдың жанына жерледі. 1980 жылы Семей облысы мәдениет басқармасынан бір топ тарих және сәулет ескерткіштеріне қорғау тақталарын қою жөнінде ұсыныс келіп түсті, мәтіндерді қарап шығып өзімше «ерлік» жасаған болып Шәкәрімнің де «жаңа» зиратына қорғау тақтасын қазакша-орысша жаздым. Ол кезде Шәкәрімнің бейітіне мемлекет тарапынан мемориалдық тақта қою түгіл, аты ауызға алынбаған кез еді. Алдында Өзекеңнен Шәкәрім жайында, оның Абайдың жанындағы моласы жайында айтып ойын білейін дегенде, Шәкәрім туралы мәселе қаралып жатыр, оң шешімін табады, сол кезде кірісеміз дегені барды. Отыздай ескерткіштің қазақша-орысша басылған мәтіндердің ішінде Шәкәрім жазылған үшінші бетті бүктедім, бет қысқарды аздап желім жапсырып қойдым. Өзекең қарады да оң жағына қолын қойып «В производству» деп жазды. Мен қағаздарды қолға ала сап 3-ші бетті тартып қалып едім, бүктелген бет жазылып Шәкәрім шыға келді, сол күйі Казреставрацияның құю цехына әкеп бердім, онда екі орыс және бір шалақазақ істейді. Оларға бәрібір Шәкәрім тұрмақ, Байтұрсынов, Дулатовтарды әкеп берсең де жасай береді.

1981ж. қыркүйек айында Тұрсын Жұртбай, Жәнібек Кәрменов елдеріне демалуға келіпті, мен архитектор Тұрсын Мағзұмов екеуміз Абай ауданындағы тарихи ескерткіштерді есепке алып, зерттеуге келгенбіз. Төртеуміз Семейде облыстық мәдениет бөлімінде кезігіп Абай ауданына жол тарттық. Алдымен Абайдың басына барып, Шәкәрімнің «жаңа» зиратында болдық, мен өзім құйғызған мемориалдық қорғау тақтасын іздей бастадым, себебі, өзім жазған бірталай тақталарды Абайдың басына, Абайдың үйіне қойыпты да Шәкәрімнің зиратында жоқ. Абай музейінің директоры Төкен

Ибрагимов, тақталар келді, обком партияның үгіт-насихат бөлімі мен облыстық мәдениет бөлімі әзірше қойғызбай отыр деді. Осы әңгімелерді естіп тұрған Тұрсын Жұртбай жиналғандарға қарап: Мына Ахметті студент кезінен білемін, үндемей жүріп іс істейді, Шәкәрімнің басына мемлекеттің қаржысынан ескерткіш жасатыпты, бұған өзі Абай ауданының құрметті азаматы атағын беруге лайық – деді.

Салынғанына 800 жыл уақыт өткен қазақ сәулет өнерінің інжу-маржаны Айша Биби кесенесінің екі босағасы ғана қалып, шыны қалпақтың астында тұрған еді. Өзекеңе бір кіргенде Айша Бибимен замандас Бұқара қаласындағы Исмайыл Самани мазволейінің қайтадан қалпына келтірілгені туралы профессор М.С. Булатовтың кітабын көрсеткенімде Айша Бибиді бала кезімнен көргенмін, осы уақытқа дейін құлаған түрін көрсем қашан қалпына келтірер екенбіз деп жүруші едім. Бұл қыздың тағдыры қандай болса ескерткіші де солай болды ау деді де кітап менде болады кешікпей бұл мәселені бастаймыз. Жалпы Өзекең кітап алса, қайтуы қиын болатын иелері бір-екі сұраған соң әрі қарай сұрауға қымсынатын да қоя салатын. Мен де ішімнен жақсыаттанамын деп, кітабымнан айырылатын болдым ау, дедім қынжылып.

Айша-Бибі мәселесі 1970 жылдардан көтеріліпті, 1974 ж мен реставрация мекемесіне келгенде архитектор Т. Жазыбаев айналысып жүр екен, әлі есімде Германияға баруым керек, XIX ғ. неміс зерттеушілері салған сурет бар, суреттің құндылығы сол күмбезінің қандай пошымда салынғаны көрсетіліпті деп айтатын. Мәдениет министрлігі көркемөнер кеңесінде Айша-Бибиді қалпына келтіру жобаларының 1974 жылдан бері көбіне қатыстым. Ә.Х. Марғұлан, М. Меңдіқұлов, Т. Қ. Бәсенов, Р. А. Сейдалин, К. А. Ақышев кейінгі толқындар: М. Қ. Сембин , А. Ордабаев Т. Жазыбаев, Т. Жанысбеков т. б. Соңғы кеңестерді бірі ау деймін күн тәртібінде екі мәселе: 1) Айша-Биби, 2) Өзекеңнің жобасы бойынша Д. Шоқпарұлы теріден жасаған қымыз құйғыш ыдыстар. Айша Биби жайында айтыс-тартыс біразға созылғанда көп сөйлемейтін, сөйлесе сөздің тоқ етерін айтатын Кемекең: (Кемел Ақышев) біреуің Айша-Бибидің күмбезі доғал, біреуің сүйір, біреуің сегізқырлы дейсіңдер, бірақ бәрінде де нақты аргументтер жоқ, оданша өздерің өзара отырып бір келісімге келіңдер. Өзбекәлі Жәнібековичті түсініңдер жоспар бар, өндіріс бар біздің таласымызды күтпейді, оданша мына бұйымдарға көңіл аударайық, қашаннан худсовтетте ата-бабаларымыздың тері ыдыстарын күн тәртібіне қойып едік – деді. Тері экспонаттарды қолдарына ұстап көріп, мұндай ыдыстарда сусында жақсы сақталады деп кеңес мүшелері бірін-бірі қолдап жатты. Артынан архитектор Ә. Итенов Айша-Биби кесенесінің маңайындағы жиналып қалған кірпіш үйінділерін бәрін тексеріп, сорттап-сараптап күмбезінің сүйір болғанын дәлелдеді. Ең бір қызығы қыздың жастай өмірден өткеніне куә – күмбездің ұшар басында ашылмаған гүлдің (бутон) қыштан құйылған формасын тауып алады, бұл жәдігер он екіде бір гүлі ашылмаған Айша өмірін бейнелеген ұстаның шеберлігін көрсететін дәлел еді. Қазір Айша-Биби мен Бабаджа хатун дүниенің төрт бұрышынан келген туристер тамашалайтын нысандар болып тұр. Кешікпей Өзекеңнің кабинетінде Айша-Бибидің сүйір күмбезді макеті пайда болды, соған қарағанда Ә. Итеновтың проектісі ұнаған болу керек. Бірден көз тартатын әдемі макетті көріп қалып мен: Өзеке мынаны кім жасады деппін. Қысқа ғана түркістандықтар деді. Айтпақшы Қожа Ахмет Яссауи кешенін жөндеу-реставрация жұмыстарын бастамас бұрын «Түркістанреставрация» мекемесін құрған еді, оған дейін кірпіштерді үнемі Өзбекстанға тапсырыс беріп әкелетін. Кірпіш құятын топырақты Сауран маңынан әкеліп, шыңылтыр (глазурь) жасайтын материалдарды жасауға Өзбекстанға оқуға жастар жіберілді. Өзекеңнің бір қасиеті кім қандай ұсыныспен келсе, мұқият тыңдап алып сол жерде шешіп тастайтын немесе тура ұсыныс, арыз иесінің өзіне тапсыратын. Сондықтан өзінің де елдің де уақытын алатын, үнемі бас қатырғыш қызыл сөзді қардай борататындар Өзекеңнің қабылдауына кіруге тайсалатын болды. Үнемі шыңылтырлы (глазурь) кірпішті өзімізде шығаруға болады деп жүрген техника ғыл. кандидаты София Тәкібаеваны Туркестан рестарврацияның бас технологы етіп қойды. Алғашқы кірпіштері Самарқан мен Бұқараның кірпіштеріндей сыңғырлап тұрмасада соңынан түзеле бастады. Көркемөнер кеңесінде бірде София Тәкібаева ортағасырлық кірпіштердің құрамында сүт, қымыз т.б. заттар болған деп, көбірек сөйлейтін кісі еді мінбеде тұрып алды. Өзекең сөзін бөлді де, өзі саған керегі сүт пе, қымыз ба, сарысу ма, жылқының қылыма бәрін тауып береміз –деді.

1981ж. май айының басында Ө. Жәнібеков мені шақырып, Шымкент обл, Қызылқұм ауданы Балтакөл совхозының тұрғыны Адасхан Алтаев белгісіз мешіт тапқанын, бұрын-соңды бұл өңірде кездеспеген, таза қазақы мешіт екенін айтып, жаныңа өзің білетін архитекторды алып барып кел деді. Түркістан қаласынан Қожа Ахмет Яссауи кешенінің басшысы Орысбай Дастанов машина беріп, архитектор Т. Мағзұмов екеуміз Балтакөлге тез жеттік. Үй иесі Адасхан ақсақал кәсіби тарихшы, КазГУ-дің тарих факультетін бітіріпті, профессор Е. Бекмахановтан диплом жазыпты, екеуміз бір оқу орнының, бір факультеттің түлектері болып шықтық. Ат жаратып, бүркіт салатын ісмерлігі тіпті менің іздесем таппайтын өте сирек кездесетін өнер иесі екеніне, кездескеніме қуандым. Сөз үстінде Адекең:

– Мен оқу бітіргенде Е. Бекмаханов: – Ай Адасхан, әке-шешең азан шақырып қойған атың Адасхан болғанымен енді адаспайсың жоғары білімді маман болдың. Сенің жеріңді теуіп қалсаң тарих шығады, соған көз қырыңды салып қарай жүр – деп өсиет айтқан. Ұстазымның осы сөзін бір сәт ұмытқан емеспін деп, бір елулер шамасындағы денелі, бойшаңдау кісінің үйінің алдына әкелді. Аман-саулықтан кейін – Мына екі жігіт Алматыдан келді, мен тапқан мешітті барып көріп келеміз, тамақ дайындап қоярсың деді. Шыға бере бізге сыбырлап, жүзден аса түйетауығы бар үйден түстенесіздер – деді. Түйетауықтың етіне бір тоятын болдық қой деді Тұрсын.

Мешіт Сырдың жағасына таман қалың ағаш сексеуіл өскен алаңқайда орналасыпты, қабырғасы қам кесектен қаланып, төбесі қамыспен жабылған бір бөлмелі, Құмиян қалашығынан алыс емес. Барлық өлшемдерін сызып, суреттерге түсірдік. Жұмысты бітірген соң екі-үш қаланың орнын көрсетіп, біреуін Бартольдтың еңбегінде бар – деді Адасхан. Қазір есімде жоқ төбе-төбе болып жатқан көне қалалардың орындары, қыш сынықтарынан аяқ алып жүргісіз, Е. Бекмаханов «Сенің жеріңді теуіп қалсаң тарих шығады» – деп бекер айтпаған екен деймін.

Ортағасырлық қалаларды алғаш көрген Тұрсын қыш сынықтарын жинап әлек. Жұмысымызды бітіріп жүз түйетауығы бар үйге келдік. Күн ыстық, шаршап, шөлдеп келгеміз. Үй иесі макарон кеспемен ыңғай түйетауықтардың сирақтарын араластырған ас қойды, Тұрсын екеуміз бірден сирақтарға бас салдық, еті жоқ өңшең темір сирақтар мен бақайлар тістеріміз өтпеді, ет жегендей болмадық, тек шайға қандық. Артынан Адасхан қария: Сендер жассыңдар, көрмегендерің көп, әдейі сендер көрсін деп әкелдім деп күлді де, бірақ үй иесі туралы бір сөз артық айтқан жоқ. Өз үйіне келдік, етті былқытып астырып қойыпты, ас үстінде әңгіме қызды, Адасхан қария өзі жинаған көптеген археологиялық және этнографиялық жәдігерлердің суретін салған, түсініктемесін жазған альбомын көрсетті, құм жұтқан қалалар туралы ақпарлар айтты. – Біруақытта сендер осы, анда бардық, мұнда бардық, бәленнің түгеннің бейітін, құлпытасын есепке алдық, жаздық дейсіңдер. Осы Төле бидің мазарын неге зерттемейсіңдер деді. Тұрсын аңтарылып қалды да маған қарады мен: Ақсақал Төле бидің бейіті бар екенін біз сізден естіп отырмыз, бұрын-соңды газет-журналдан көрген, радио-телевидениеден естіген емеспін, Лениншіл жас газетінде «Күмбез» айдарымен жазылған материалдардың бәрі бар менде – дедім..

Қай жерде, қандай? – деп тағы сұрадым.

Төле би алыс емес, мына Ташкентте Шайхантауыр деген зиратта жатыр.

Сіз өзіңіз көрдіңіз бе?

Көргем жоқ, ас-тойларда жиналғанда дулаттың шалдарынан, әуелі тікелей ұрпағы Назарбековтардың өз аузынан, «Қарлығаш би» деген атпен жерленгенін естідім – деп әдемі аңызын айта жөнелгенде Г. А. Пугаченкованың 1950 ж Қарлығаш би мавзолейі туралы Қазақ ССР Ғылым Академиясының хабаршысында жарияланған мақаласы есіме түсті. Атақты ғалым құрылыстың Орта Азия сәулет өнеріне ұқсамайтынын тілге тиек ете келіп, көшпенділер архитектурасының ескерткіші деп Алматыда жарияланғаны бекер емес қой деген ой келді. Өзекеңе Төле бидің жатқан жері белгілі болды. А. Алтаевтың әңгімесін, Г. А. Пугаченкованың мақаласын келтіріп айта бастап ем, кәзір бізге белгілісі Қаз дауысты Қазыбек бидің құлпытасы ғана, Қ. А. Яссауиде экспозицияға қойдық, Төле би Ташкенде жатса, Әйтеке би қайда?

Әйтеке би ел аузындағы әңгімелерде Бухарада жерленген делінеді –дедім мен.

Сен Ташкенге командировка сұрап тұрсың? Маған иектің астындағы жерге сені жібере салу қиын емес, тағы да тексер, т.б. жазба деректер барма қарастыр. Ақыры осындай әңгімені Өзекең Шымкент жағына барғанда тағы біреулерден естіген сияқты, оны маған курстасым, министрліктің аппаратында істейтін Б. Молдашев айтты. 1982 ж наурыз айының басында мен Ташкентке барып Қарлығаш би мавзолейімен іргелес Ташкент архитектура институтының архивінде, Өзбекстан мәдениет министрлігінің архивінде болып ескерткішті тұңғыш зерттеген өнертану ғыл. докторы профессор Галина Анатольевна Пугаченковамен кездесіп нәтижесінде Төле би мазарының паспортын жасап шықтым. (Паспортқа ескерткіштің тарихы, архитектуралық өлшемдері, сызбасы, планы, әр қырынан түсірілген 6-7 фотосуреті т.б. ақпараттар кірді). Қазір бұл паспорт Қазжаңару деген реставрациялық мекемесінің архивінде сақталу тұр.

Осыдан бастап Қарлығаш би мазарының Қазақстандағы ғылыми өмірі басталды. Халықтың көкейінде жүрген бір нәрсені бастасаң халық ду етіп алып кетеді екен. Бұрын Төле бидің Ташкентте жерленгенін ат төбеліндей тумалары ғана білсе, енді Ташкентке барған әрбір қазақтың екіншісі, үшіншісі Төле биге зиярат етпей кетпейтіні болды. Халық 300 жылдай жоғалтып алған сүйікті биімен қайта қауышқан еді. Осыдан бастап менің шығармашылығымда Төле би мәселесі берік орнықты, әр кез даңқты қайраткер жайында бір сөз, бір ақпарат тапсам күні бүгінге дейін түртіп, жазып келем.

Өзекеңнің басы жастыққа тимей күндіз-түні жүгіріп істеген күрделі шаруасының бірі – қазақ халық аспаптар музейі еді. Оған түрткі болған профессор Болат Сарыбаевтың өмір бойы Қазақстанның түкпір-түкпірін аралап, көптеген көне аспаптарды жинап, 1970 ж ортасынан бастап фольклорлық-этнографиялық ансамбль құрып, Қазақстанның бірталай жерін аралап, көне аспаптарды күмбірлетіп, тіл бітіріп халық аспаптарының рөлін күшейтті, бұқаралық ақпарат беттерінде көп насихатталды. Осыған ұқсас жер-жерде халық аспаптарын қолданатын ансамбльдер көбейе бастады. Осы үрдістерді көре отырып Өзекең Болат Сарыбаевпен ақылдасып, коллекцияның негізінде музей ашуды жоспарлап, келешекте аспаптанудың алғашқы ұстазы Б. Сарыбаевтың атын бергізбекші болып екеуара келіседі. Болашақ музейдің ғимаратына Панфилов пен Жібек жолы көшелерінің қиылысындағы, 1918 ж большевиктер партиясының мұсылман бюросы орналасқан екі қабатты үйді алып ремонт жасатып, экспозицияға Б. Сарыбаевтың аспаптарын орналастыруды жобалайды. Ремонт біткенде Б. Сарыбаевты мәдениет министрлігінің көркемөнер кеңесінің экспонаттарды сараптап бағалау жиынына шақырып, 16 мың рубль ұсынады. Ол кісі көнбей 40 мың рубль сұрайды.

«Мәдениет» министрлігі Б. Сарыбаевтың сұраған сомасын тауып бере алмайды да, мәселе музейдің ашылу-ашылмауына әкеп саяды. Өзекең не істерін білмей дағдарып қалады. Бір күні дейді музей қызметкерлері бәріміз шәй ішіп отырғанбыз, Өзекең келді де бізбен бірге шәй ішіп, бұрын-соңды бүйтіп шайға қанғаным жоқ еді –деді. Жолдастар музейді ашамыз, ашқанда екі ай көлемінде, Дәркембайға қарап, сен өзің шеберлеріңмен аспаптардың копиясын жасайсың, Жарқын Шәкәрімовке (музейдің болашақ директоры) қарап, сен қызметкерлеріңмен экспонаттар іздейсің. Қазірден бастап командировкаға баратындарға жол қаражатын бер, іздейсіңдер, табылады. Музейреставрацияның бастығы Әбділмановқа барлық құрал-жабдық материалмен қамтамасыз етесің, күндіз-түні жұмыс істейміз, керек десең осы жерде қонамыз. Іске сәт – өзі кабинетіне барып, телефонмен сөйлесе бастайды. Біз Өзекеңнің сөзін екі етпей жұмыс істедік дейді ұста Дәркембай Шоқпарұлы.

Кейінірек Орта Азия әскери округы жаңа офицерлер үйін салған кезде, Өзекең Республика премьер- министрі Байкен Әшімовке кіріп және әскери округінің тыл істері жөніндегі орынбасары генерал Сағадат Нұрмағамбетовпен келісіп бұрынғы офицерлер үйін музейге алып алады. Сол кезде Өзекен көңілді еді, аспаптар музейінің жаңа экспозициясын ашып, астындағы подвалынан қобыз, домбыра т. б. саз аспаптарын жасайтын шеберхана аштырды. Бір сөзінде бұл ғимаратты ата-бабаларымыз салған – деп казактарда таласыпты дегенде мен: Казактар мен Совет өкіметі 1918 ж бастап иеленді ғой. Әйтпесе бұл ғимаратты салғызған Гулжахан Галиеваның әкесі Қали Жетісудың 10 мың бас қой айдаған ірі байы болған дегенімде Өзекең: Марқұм Ілияс Омаров эстрада студиясын ашамыз – деп Гулжаханға тапсырма беріп еді, мен айтайыншы Гулжаханға әкеңнің үйін қазаққа қайтардым – деп жымиды.

1982 жылдың басында Адматы қаласы, Көктөбенің етегі, Арман кинотеатрының артынан бастап, Ақбұлақ кафесіне дейінгі, яғни, Кіші Алматы өзенінің екі жақ жағалауына Өзекең ашық аспан астындағы музей құрмақшы болды. Музейдің прототипіне Швециядағы атақты Скансен музейімен Прибалтика елдеріндегі музейлер алынды. Архитекторлар, инженерлер, этнографтар барлығы 15-тей жобалаушылар үш жылдай айналысты. Қазақстанның жан - жағынан үйлер, мекен – жайлар, қыстаулар, қора – қопсылар, мола - күмбездер, құлпы тастар т.б. тіршілік қамына қатысты жылжымайтын мүліктердің жобалары мен жаңғыртпалары жасалды. Өзекең Мәдениет Министрлігінен кеткен соң бұл іс аяқсыз қалды. Бірталай жаңғыртпалар (реконструкциялар) кітабына кірді (Ө.Жәнібеков. Жолайрықта. Алматы. Рауан: 1995).

Ө. Жәнібеков еліміздегі музейтану, жаңа музейлер құру ісін жаңа белеске көтерді. Мысалы, Өзекең болмаса ешқашан Сәбитіңде, Ғабитіңде (С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов) музейлері болмас еді, отбасылары, ұрпақтары, жұрағаттары сол үйлерде әлі күнге дейін тұрып жатар еді. Музейдің өзін жасаудан гөрі, туыстарымен сөйлесіп, оларға жаңа пәтерлер әперу т. б. ұйымдастыру жұмыстары шаш етектен еді. Бірде Өзекең телефонмен сөйлесіп жатты:– маған салса Розаның, Ерметің, Бибігүлдің, Нұрғисаның, Олжастың (Р. Бағланова, Е. Серкебаев, Н. Тілендиев, Б. Төлегенова, О. Сулейменов) музейлерін тірі кезінде ашар едім. Олардың бәрі мемлекет берген 3-4 бөлме пәтерлерде тұрып жатыр, Л. Толстойдың, А. Волконскийдің имениелері емес, мемлекет 3-4 бөлме пәтерлерді қайтадан берсе, кедейленіп қалмайды. Халқымыздың мәдениеті мен тарихындағы қайталанбас тұлғалар емес пе, ондай адамдар енді тумайды, туса да қайталанбайды. Бір Венада 130 музей бар, жылдар өтер, ғасырлар өтер Ермекті, Бибігүлді білмейтін ұрпақтар келер, музейлері тұрса халыққа тәлім-тәрбие ошағы және сол тұлғаларға қойылған ескерткіш емеспе деген – сөздерін өз құлағыммен естідім.

Шынында да Р. Бағланова, Е. Серкебаев, ғалымдар Ә. Марғұлан, Н. Базанова т. б. өмірден өтті, біреуіне музей ашуды қойып, «ашайық» – деген сөз де айтылған жоқ. Тек Н. Тілендиевке ғана ашылды. Осы жайында мен кезінде ұстазым Х. Арғынбаевпен сөйлесіп қалғаным барды.

Музейді қайтсын қазіргі шенеуніктер, ұрлықтан қолдары босмайды – деді Халекең күліп. «Лев Толстойдың имениесі» - демекші Ш. Уалихановтың Сырымбеттегі әке-шешесінің үй-жайын Өзекең қалпына келтірді. Реставрацияда бірге істейтін әріптес досым Марат Сембиннің Көкшетау өңірінің тумасы «Социалистік Қазақстан» газетінде Шоқанның Сырымбеттегі мекен-жайын қалпына келтіру жайында мақаласы шықты. Жүздеген жылдар бұрын жермен-жексен болған қалашықты Шоқанның бала кезінде салған сызбасы бойынша қалпына келтіру оңай шаруа еместі. Өзекеңнің бір қасиеті жұмысты ұсыныс, арыз берген адамның мойнына ілетін. Осы әдіс бойынша жұмыстың біршамасын М. Сембиннің өзінің атқаруына тура келді. 1992 ж жазда ол уақытта мен реставрация саласынан кетіп Ш. Уалиханов атындағы тарих институтында істеп жүргем, Қызылжар қаласында Ботай мәдениетіне байланысты әлемнің 40-астам елінен 50-дей жылқытанушы ғалымдар жиналған халықаралық конференция болды. Конференция біткен соң екі автобусқа мініп Көкшетау обл, Ботай қазбасына жол тарттық. Біруақытта тау етегіндегі орманды алқаптың ортасында бой көтерген архитектурасы ерекше Ресейдегі Волконский, Есенин, Тютчев т.б. музей усадьбасына ұқсас ғимараттарды ұйқылы-ояу көріп қай жерге келіп қалдым дегенде «Ш. Уалихановтың Сырымбеттегі музей усадьбасына» келдік деп хабарлады гид. Сонда ғана 1980 жылдары әңгіме болған Шоқан мекен-жайы салынған екен ғой, бастаған ісін аяқтамай тыным таппайтын Өзекем-ай деймін ішімнен, қатты тебіреніп. Бейне бір Көксырғанақ есімді жорғасына мінген Айғаным нөкерлерімен жаңадан ғана қарағайдан қиып салынған мекен-жайын қарап келе жатқандай көрінді. Шетелден келген қонақтардың біразы бұрын Қазақстанды білмесе де Шоқанды білетін болып шықты. АҚШ-тан келген әлемге белгілі жылқытанушы ғалым Дэвид Энтони: - Шоқан құм-далада, киіз үйде өскен шығар десем, Италияның пейзажына ұқсаған жерде еуропалық усадьбада тұрғанын ойлағам жоқ деді ағынан жарылып. Шоқанға салынған ескерткіштердің ең көлемдісі және маңыздысы Сырымбеттегі мекен-жайы шығар.

Бірде маған Үмбетәлі Кәрібаевтың үйі туралы біліп келші, ертең таңертең Музей-Жамбылға сендердің қызметкерлерің барады, жөндеу жұмыстарының сметасын жасайды, солармен бірге барасың. 2-күн өткен соң үйінің планын көрсетіп жатып, 1948 ж сол кездегі республика партия комитетінің 1-ші хатшысы Ж. Шаяхметов салып берген үйде туыстарының тұрып жатқанын айта бастап едім, Өзекең: Нұртас Оңдасынов, Жұмабай Шаяхметов, Жұмабек Тәшеновтер Қазақстанды басқарып тұрғанда, Қазақстанды ешкімге басындырмаған, Одақтың басшыларымен бетің бар, жүзің бар демей сөйлескен, ешнәрседен ұтылмаған. Хрущев осы басшыларды орындарынан алған соң ғана Қазақстанды талан-таражға салу саясатын бастаған – деп біраз ойланып отырды да Үмбетәлі Жамбылдан кейінгі Жетісудың үлкен ақыны, үйін музей жасаймыз. Ақыры бұл ойын Өзекең Алматы обл, атқару комитетінің орынбасары болып жүргенде жүзеге асырып, директоры етіп Надежда Лушникованы қойды. Осы оқиға жайында белгілі жазушы Нағашыбек Қапалбекұлы былай дейді: «Ақыры 1988 жылы 8 маусымда Үмбетәлі Кәрібаев музейі ашылды. Енді осы музейді жобалап салуына аса ыждахаттық пен қарап, басы қасында болып, ақыл-кеңес берген Өзбекәлі Жәнібеков еді. Әр сенбі, жексенбі ол кісі салынып жатқан музейге келіп, жұмыстың мән-жайымен жете танысып отырды. Музей алдындағы Үмбетәлі мен Нұрила бейнесі, экспонаттарды қалай орналастыру бәрі-бәріне ерекше талғаммен қарап, талап қойып көп ұсыныстар жасаған еді» (Н. Қапалбекұлы Өнер биігінде А; 2013 34-бет).

Мен мектеп бітіріп Алматыға келгенде Горный-Гигантта апайымның үйінде тұрып, университетте оқыдым. Горный – Гигант Алматының төрі, таудың етегінде, алма бағының етегі мәдениет сарайының артына дейін жалғасатын. Жолдар, үйлер жеміс ағаштарынан, гүлдерден көрінбеуші еді. Күзде үлкен-үлкен қызыл алмалар мені көрдіңдер ме деп арықтағы сулармен ағушы еді, ұстап алып жей беретұғынбыз, күзгі апорт бал-шырын татушы еді.

Көптеген республикалық, одақтық ВДНХ-лардың жүлдегері апорт атағымен шыққан бай совхоз 1958 жылдары мәдениет сарайын салған, қабырғасының қалыңдығы 1,5 м «Біздің мәдениет сарайы мәңгілік, 100-200 жылдарға дейін шыдайды» - дейтін совхоз директоры Демченко. Өзекең сол ғимаратты реконструкциялап, Алматы облыстық филармониясына айналдырды. Филармония әртістерінің концерті қарсаңында Өзекеңді жанында Мәдина Ералиева тағы да бірталай кісілер бар филармонияның алдында тұрып, жиналғандарға Алматының ең әсем, ауасы таза жерінде тұрған театр жақында Горный –Гигант қалаға қосылады, млн-нан аса халқы қалада небәрі 5-ақ театр бар, біздің театрымызда осылардың қатарына кіреді –деп айтқаны есімде. Өкінішке орай Өзекеңнің арманы орындалмады. Мәңгілік тасболат үйді Алматы облысының әкімдерінің бірі бұздырды. Тәуелсіздік кезінде жасаған жасампаздығымыздан гөрі 70 жыл бойы халықтың тірнектеп жинаған дүниелерін тоздырып-тонап, қиратқанымыз көп-ау.

Өзекеңді ең соңғы көргенім, 1994 жылы Ш. Уалиханов атындағы тарих институтының этнография бөліміне келді, Халел Арғынбаевтың 70 жылдығына дайындалып жатқамыз. Халекеңмен

көп сөйлесті, кетерде мен Орталық мемлекеттік архивтен тапқан Нұртас Оңдасыновтың Қожа Ахмет Яссауи мавзолейі жайында жазған мақаласының көшірмесін бердім сол кезде Өзекең Н. Оңдасынов Қожа Ахмет туралы жазуы керек қой деп ойлап жүруші едім. Сен мына мақаланы тауып менің ойымнан шықтың. Арыстың суын Түркістанға әкелеміз деп Қожа Ахметтің фундаментін бүлдірдік, ең бастысы енді ғимаратты судан аулақ ұстап, су тигізбеу керек деп арқамнан қақты мен сол кезде қуанып кетіп Халекеңнің 70 жылдығына тойға келіңіз –деп қалдым. Ол кісі шығып кетті, Халекең маған кейігендей: Бұл кісіні шақырту программамызда жоқ еді – дегенде менде өзімді ыңғайсыз сезіндім.

Бір аптадан соң 70-жылдыққа арналған салтанатты жиын-конференция болды. Жаңылмасам Өзекең президиумда отырды ғой деймін, сөз Өзекеңе берілгенде ресми сөзін аяқтап – халқымызда бұрынғы заманда түйе жүн шекпен деген болған, менің жобам бойынша шекпеннің тоқу технологиясын тауып істетіп едім, соны Халекеңе жабуға рұқсат етіңіздер деп қоңырлау түсті, етегі ұзын, иықты шапанды жапты. Халекең столға отырған кезде, бір шетелдің шампанын алдына тоқ еткізіп қоя салды. Мен ішімнен Құнанбай, Балуан Шолақ, Сағынай мырза киген түйе жүн шекпен осындай екен ғой деймін.

Кейін Халекеңнің үйінде отырғанда Өзбекәлі Жәнібековты кім шақырды – деді Әмина апай.

Ахмет шақырды – деді Халекең.

Өте дұрыс болған, келгені қандай жақсы тойдың мерейін көтеріп тастады емес пе? – деді апай.

Бала кезімде түйе жүн шекпен ем болады, емдейді дейтін, көрпе орнына да жүрген – деді Халекең.

Оқушыларға бір ескертетін жай, менің естелігім, Өзекеңмен жұмыс барысында қысқа да – нұсқа да тілдесулер, шағын диалогтар, өзім куә болған эпизодтар. Шынымды айтсам, ол кісімен шешіліп, анық бір сағат сөйлескен емеспін. Жалпы Өзекең қазақша қызыл сөздің адамы емес, керісінше, істің, шаруаның шебері еді. Ең басты ерекшелігі, халқына жаны ашыған ұлтжандылығы және іскерлігі. Өзекең Мәдениет Министрі, ЦК-ның секртары болып тұрғанда қаншама әртістер, өнер адамдары баспаналы болды. Олардың барлығы қаракөздер еді.

P.S.

Кейде мен ойлаймын, Іліяс Омаров қайтыс болғанда көптеген үлкен адамдар Д. А. Қонаевқа Ө. Жәнібековтың кандидатурасын ұсыныпты деген сөз бар. Өзекең 1969 жылдан бастап мәдениет министрі болып істесе республикамыздың мәдениеті мен өнері қандай деңгейде болар еді.

## РУХ САРДАРЫ ЖӘНЕ ТҰЛҒАТАНУ ТАҒЫЛЫМЫ

**Нұрпейісов Нариман Жұмашұлы**
Филология ғылымдарының кандидаты,
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы. Шымкент қаласы. Қазақстан.

***Резюме***

*В данной исследовательской статье анализируются произведения, написанные о нравственной жизни великого государственного и общественного деятеля Узбекали Жанибекова. Формируется личностное исследование под названием 'Өзбекәлітану" (Узбекаливедение) о жизни и творчестве деятеля , который в своей сознательной жизни был духовным лидером. В статье всесторонне рассмотрены труды в этой области.*

***Summary***

*This research article analyzes the works written about the moral life of the great statesman and public figure Uzbekali Zhanibekov. A personal study called "Ozbekalitanu" (Uzbekali studies) is being formed about the life and work of a figure who was a spiritual leader in his conscious life. The article comprehensively examines the work in this area.*

ХХ ғасырдың соңғы ширегінде азаттықтың ақ кемесімен айдынға шыққан Тәуелсіз қазақ елінің ұлт руханияты әлемінде тұрған ұлы тұлғалар аз емес. Біз, қазақ халқы Әбу Насыр әль-Фараби, Қ.А.Яссауи, Бұқар жырау, хакім Абай, Мәшһүр Жүсіп, Ұлт ұстазы А.Байтұрсыновтарды әркез мақтан тұтамыз. Қалай айтсақ та, ХХ ғасыр қазақ халқының тағдыр талайында өте бір ауыр кезең болды. Сәл шегініс. Ғасыр басындағы «Оян, қазақ» (М.Дулатұлы) ұраны зая кеткен жоқ, дауылды, дүрбелеңді жылдар аралығында Әлихан Бөкейханов бастаған қайраткерлер «Алаш» ұранымен үкімет құрды, партия жасақтады.

Қаракүшпен, қантөгіспен билікке келген большевиктер билігі, яғни кеңес үкіметі 70 жылдан астам ғұмыр кешті. Кеңестік қоғамның шексіз қатігездігіне душар болған қазақ халқының өзі ғана емес руханият әлемі де орасан зор зардап шекті. Соған қарамастан Т.Жүргенов, І.Омаров, Ө.Жәнібеков сынды ұлт жанашыры болған тұлғалар туған елінің тағдыры қыл үстінде тұрса да бастарын бәйгеге тігіп, ұлт үшін аянбай қызмет етті, тіпті Темірбек Жүргенов сынды «темір наркомдар» осы жолда мерт болды.

Бүгінгі әңгіме мемлекет және қоғам қайраткері, мәдени майданның төрінде тұрған тұлға Өзбекәлі Жәнібеков жайында. Өткен жылдың маусым айында ғана біздің Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетіне көрнекті қайраткер, ғалым-этнограф, тарихшы, академик Өзбекәлі Жәнібековтің есімін беру туралы шешім қабылданды. Бұл жайында Мәдениет және спорт министрі Асхат Ораловтың өзі былай деп атап көрсетті: «Жақында Түркістанда өткен Ұлттық Құрылтайдың II отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев біреудің жеке мүддесі мен қалауы үшін мақсатты түрде мифологияланған кеңестік кезеңдегі қайраткерлердің есімдерін әртүрлі нысандарға беру тәжірибесін тоқтату керектігін айтты. Дәл осы мақсатта Мәдениет және спорт министрлігі көрнекті қайраткерлер мен тарихи тұлғалардың «Тарихи тұлғалар» тізімін өзектендіру бойынша жұмыс жүргізуде»,-деп ерекше атап көрсетті.

Мемлекет басшысы атап көрсеткендей тарихи тұлғалардың есімін мәңгі есте қалдыру үшін басталған жаңа қадамдарға халық дән риза. Соның ішінде 87 жылдық тарихы бар, қасиетті қарашаңырақ, ұстаздардың ұстаханасы болып саналатын оқу орнына шын шәніндегі лайықты тарихи тұлғаның есімі берілуі ұстаздар қауымының қуанышына қуаныш қосты. Биылғы жылы туғанына 93 жыл толып отырған Өзбекәлі Жәнібеков (1931-1998) шын мәніндегі «жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» дейтін халық даналығына лайықты жан. Кемеңгерлік келбеті ұлт жадында мәңгі сақталып қалған Өзбекәлі Жәнібеков қазақ халқының ұлттық мәдениетінің, ана тілінің, дәстүрі мен әдет-ғұрпының жаңарып, дамуына үлес қосты.

Күні кеше ғана кеңестік қоғамның коммунистік қалыбына сыймаған «әз-Наурыз» мейрамының, алаш арыстары А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердиев есімдерінің халқына қайта оралуына белсене ат салысқаны жадымызда жаңғырып тұр. Кеңестік қоғамның ұлт мүддесіне келгенде адамзат баласына мүлде жат саясат ұстанып, тоталитарлық жүйе орнатқан кезінде, ұлттық рухты майыстырып, сындыруға жақын қалған тұста дәл осындай көзсіз әрекеттерге барған, сол жолда өмірінің соңғы күніне дейін күрескен Ө.Жәнібеков рухы қандай құрметке де лайықты. Қайраткер тұлғаның 80 жылдығына орай жарық көрген «Рух сарбазы» атты тарихи мәні зор кітаптың алғысөзінде былай дейді: «Санамалап жатпадық, алайда 80-90 жылдардағы – тәуелсіздік алдындағы бүкіл рухани жаңарудың алғышарттарын жасауда ұлттық болмысты Бас идеолог райында Өзбекәлі Жәнібек тарихи міндет атқарды. Бәлкім, ол ұлттың ояну дәуіріндегі ұлықпаны». [1.18.] Шын мәнінде Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынов салған сара жолды жалғастырды, ұлтты ояту жолында қалтқысыз еңбек сіңірді, осылайша «ояну дәуірінің ұлықпаны» болып тарихта із қалдырды.

Қазақ елінің тарихында «Рух сардары» болып ісі қалған, ізі сайраған Өзбекәлі Жәнібековтен қалған рухани мұралар аз емес, атап айтқанда «Қазақтың ұлттық қол өнері» (1982), «Жаңғырық» (1991), «Уақыт керуені» (1992), «Жолайрықта» (1996), «Қазақ киімі» (1996), «Ежелгі Отырар» (1997), «Тағдыр тағылымы» (1996, 1-кітап, 1997, 2-кітап), «Таңдамалы шығармалар жинағы» (1-кітап, 2011 жыл, 2-кітап, 2011 ж.) [2.] еңбектері жарық көрген. Саналы ғұмырын ұлт руханиятын дамытуға арнаған Ө.Жәнібековтің соңында мол мұра қалды, мемлекеттік деңгейдегі аса жауапты қызметтерде жүрген жылдардың өзінде қолынан қаламы түспей шығармашылық жолда еңбек етті.

Біздің мақсат туған елінің тарихында өшпес із қалдырған Өзбекәлі Жәнібеков жайында айтылған тағылымды ойларды ортаға салу, ой бөлісу, «өзбекәлітанудың» жаңа дәуіріне қадам жасау. Дәлірек айтқанда әдебиеттанушы ғалым, жазушы, сыншы, профессор Құлбек Ергөбек құрастыруымен жарық көрген «Рух сарбазы» және ұлы тұлғаның 90 жылдығына орай шығарылған «Ұлтымыздың ұйытқысы» [3.] жинақтарындағы тұлғатану тағылымына хал-қадырымызша жақын бару. Келесі бір кіріспедегі пікір «Өзбекәлі сабақтарында» былай жалғасады: «Өзбекәлі Жәнібек өзінің кісілік бойын, қайраткерлік болмысын таза ұстап, алаш баласын алаламай бауырына тарта «қалың қазақтың Өзбекәлісіне» (М.Жолдасбеков) айналып жасады. Қарғадайынан қайраткер болып бой тастап, халық, ұлт үшін қаракет етіп «рух сардарына» (Ә.Кекілбайұлы) айналып еңбек етті. «Басынан бақайшағына дейін ұлттық рухпен тыныстаған…» (М.Шаханов), - тұлға болды.

Алғашқы сөзді аса ірі мемлекет және қоғам қайраткері, Социалистік Еңбек ері Бәйкен Әшімовтің (1917-2010) «Үлкен азамат» атты тақырыпта жазылған пікірімен бастағанды дұрыс санадық. Қайраткер Әшімов: «Жалпы, ол музейлер мен ескерткіштерге, халық өнеріне зор ықыласпен қарады. Мәдениет министрінің орынбасары болып жүргенде ол Алматының өзінен саз аспаптарының музейін ұйымдастырып, оның жанынан фольклорлық ансамбль құрды. Мәдени ескерткіштер ордасы сынды

Түркістан қаласын қайта жаңғыртып, онда Қожа Ахмет Яссауи кесенесін қалпына келтіруге, Қорқыт ата кешені мен Арыстан баб мазары маңын халықтың жиі келіп, тәу етер жеріне айналдыруға көмектесті. Халқымыздың қасиетті, қастерлі мереке күні – Наурыз мейрамының өмірге қайта оралуына зор еңбек сіңірді. Осының бәрін жасағанда Өзбекәлі қазақ деген қиян дала, қиыр сахарада жел айдаған қаңбақтай оңды-солды әшейін көшіп жүрген жұрт емес, көшпелі өмір салтына сай өзіндік өркениеті болған ел екенін әлем алдында дәлелдеп беруді мақсат тұтқан тәрізді». [1.24.] Өзбекәлі Жәнібеков шын мәніндегі «Үлкен азамат» болып ғұмыр кешті. Халқымыздың руханият әлемін сақтап қалу үшін аянбай еңбек етті, әз-Наурыз, қасиетті Түркістандағы Яссауи кесенесі, Қорқыт ата мен Арыстан баб мазарларын қалпына келтіру жолындағы имани еңбектері халық жадында жаңғырып тұр.

Күні кешелері ғана ортамыздан өткен, Қазақстанның Халық жазушысы Әбіш Кекілбайұлы (1939-2015) өзінің «Өмірі өнеге» атты толғауында былай деп тебіренеді: «Алпысыншы жылдардағы рухани жандану жастардан басталды дейтін болсақ, сол кездегі жастар ұйымын Өзбекәлі Жәнібеков басқарды. Жаңа есімдердің көрінуі жастар сыйлығын алудан басталатын. Музыкадағы Еркеғали, Ғазиза, Шәмшілер, әдебиеттегі Әнуар, Олжас, Қадыр, Жұмекен, Тұманбай, Мұхтар, Оралхан, Сайындар, спорттағы Әбдісалан, Әбілсейіт, Темірлер қоғамдық сахнаға тап осылай аттанған-ды. Ол дәстүр кейін жемісті жалғасып, күні бүгінге дейін елең өткізерлік елеулі дарындардың бәріне ортақ тағдырға айналды». [4.47.] Өзбекәлі Жәнібековтің саналы ғұмырының басым бөлігі жастарға арналды. Өзі де бірнеше жыл бойы жастар ұйымын басқарған тұлға Әбіш аға атап көрсеткендей қаншама жастардың қамқоршысы болды, естелікте аты алған ардақтылардың барлығы дерлік ән өнері, сөз өнері, тіпті спорт саласында да аты аңызға айналған ардақты жандар.

Тұлғатану әлеміне ерекше үлес болып қосылатын «Рух сарбазы» кітабындағы келесі бір жазба «Өзбекәлі хақында» екен, авторы белгілі тарихшы, академик Манаш Қозыбаев (1931-2002). Ғалым былай дейді: «Бұл күні Алаш көсемдерін өзі қайтарғандай, өзі ақтағандай жандар кездеседі. Шын мәнісінде бұл іске басшы болып, көш бастаған Өзекең еді». Өзағаның жан досы, құрдасы болған ғалымның келесі бір ойлары да тағылымды. «Өзбекәлі XX ғасырда өмір сүрген ұлы ағаларының көшін жалғады. Тұла бойы намысқа толы өр қазақ екендігін танытты». [1.77.]

Атақты тарихшы Манаш аға жазбаларындағы жаңғырықты академик Серік Қирабаев та өзінің «Халық мүддесінің жоқшысы» [5.81.] атты естелігінде одан әрі жалғастыра түседі. Ғалым Қирабаев: «Мен бір нәрсеге қуанамын - дәл осы бір тұста Орталық комитеттің идеологиялық жұмысы басында, Өзбекәлі емес, басқа біреу отырса, осы мәселелерді біз ойдағыдай шеше алмаған болар едік. Құдай абырой бергенде, «бітер істің басына, жақсы келер қасына» дегендей, Өзбекәлінің осы қызметіне келуі қазақтың бағын көтерді, арыстарын ақтады, жоғын толтырды». Тарихшы М.Қозыбаев пен әдебиеттану ғылымындағы «ақтаңдақтарды» көп жылдар бойы зерттеген ғалым С.Қирабаев жазбалары да өткен тарихтың ең бір ауыр кезеңі алаш ардақтыларын ақтауға қатысты пікір сабақтайды. Ардақты тұлғаның осы харекеттері жайындағы ерлігін белгілі тарихшы, алғашқы «өзбекәлітанушылар» сапында тұрған ғалым Баян Адырбек былай баяндайды: «Осылай кешегі қызыл империяның құламай тұрған кезінде Өзбекәлі Жәнібек өздері атылып, еңбектерін оқуға, есімдерін атауға тыйым салынған халқымыздың асыл перзенттері Ахмет Байтұрсыновты, Міржақып Дулатовты, Мағжан Жұмабаевты, Жүсіпбек Аймауытовты, Шәкәрім Құдайбердіұлын жұртымен қайта табыстырып, бұрынғы батырлар мен ақындарға, ел тізгінін ұстаған билерге жаңаша көзқарас қалыптастыруға негіз қалады. Бұны ұлтжанды азаматтың өз жұртына жасап кеткен кез-келген қазақтың қолынан келмейтін ерен жақсылығы десек жарасады». [6.354.] 250 жылдан (1731-1991) астам бодандық қамытын киген халқымызға қайта оралған әз-Наурыз бен алаш арыстарының ақталып шығуы азаттық әлемінің алғашқы ақ көгершіндері, қарлығаштары болды десек қателесе қоймаспыз. Сол себепті де біз Өзбекәлі Жәнібековтің Тәуелсіздік алуымызға қосқан жанқиярлық үлесін ұмытуға хақымыз жоқ.

Филология ғылымдарының докторы, профессор, туған әдебиетіміздің абызы болып құрметке бөленген Рахманқұл Бердібайдың (1927-2012) «Қайраткер мұраты» да [1.123.] өзбекәлітанудың жаңа беттері. Ол: «Кеңестік дәуірдің қысыңқы ауасымен тыныстап, көп ойларын жүзеге асыруға мүмкіндік жоқ кездердің өзінде халқының рухани есеюіне, мәдени мұраны қайта жандардыруға елеулі еңбек сіңірген Ө.Жәнібеков туған жұртының алдындағы парызын адал атқарған жан. Оның бүгінгі және келешек ұрпақ алдында жүзі жарқын. Өзбекәлі қарақан басының пайдасы үшін ұлт мұратын сатпаған, дүниенің жылтырағанына, мансапқа бола құбылмаған, ар, намыс туын биік ұстаған алаштың азаматы болды». Ұлт мұратын сатпаған, ар намысын бәрінен биік қойған Жәнібековтің бүгінгі және келешек ұрпақ үшін жүзі жарқын.

Өзбекәлі Жәнібеков үлкен жүректі ұстаз. Қазақ білімінің қарашаңырағы, қазіргі Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің түлегі (1952), мамандығы тарихшы, еңбек жолын өзіміздің оңтүстік өлкесіндегі Келес ауданында ұстаздық жолмен бастаған қайраткер тұлғаның есімін ұстаздар

қауымы ерекше қастер тұтады. Осы орайда әдебиеттанушы ғалым, саналы ғұмырын жоғары оқу орындарында ұстаздыққа арнаған академик Зейнолла Қабдоловтың келесі бір пікірі былай өрбиді: «Адамнан азамат шығаратын, баладан дана жасап шығаратын құдіретті күш – ұстаз еңбегі. Өзінің уақытын аямау, өзгенің бақытын аялау ұстазға ғана тән. Өзбекәлі Жәнібеков арда туып, өмірде арман қуған жан. Адамдардың неге қабілеті бар, соны өсіруге күш-жігерін жұмсаған жан, өнер жанашыры». Өмірден өткеніне биылғы жылы ширек ғасырдан енді ғана асқан тұлға жайында жазылған естеліктер, зерттеулер шоғыры аз емес, қазіргі таңдағы «өзбекәлітану» әлемінің биігінде тұрған ғалым, филология ғылымдарының докторы Құлбек Ергөбек былай дейді: «Өзбекәлі Жәнібектің өзі өлшем. Бойын таза ұстар кісілік, халқына қалтқысыз қызмет етер жанпида қайраткерлік, тың танымнан туар жаңалыққа толы ғұламалылықтың өлшемі. Ендеше, «Өзбекәлі Жәнібек» деген ұғым кез-келген анықтауыш пен айқындауыш орнына жұмсалар әсіре бояулардан жоғары тұрады». [1.20.]

Қазақ ұлт руханиятының биігінде тұрған тұлға Жәнібеков жайындағы жазбамызды «Өзбекәлі сабақтарымен» жалғастырсақ. «Өзбекәлі Жәнібек өзінің кісілік бойын, қайраткерлік болмысын таза ұстап алаш баласын алаламай бауырына тарта «қалың қазақтың Өзбекәлісіне» (М.Жолдасбеков) айналып жасады. Қарғадайынан қайраткер болып бой тастап, халық, ұлт үшін қарекет етіп «рух сардарына» (Ә.Кекілбайұлы) айналып еңбек етті. «Басынан бақайшығына дейін ұлттық рухпен тыныстаған...» (М.Шаханов) ұлтын сүйген ұлттық болмысты азамат қазақ қоғамының кешегі сірескен кеңестік саясатының өзін ұлт игілігіне жұмсай білген...»,- азамат болып ғұмыр кешті.

Ой қорытар тұста ұлы тұлғаның шәкірті, «Қалың қазақтың Өзбекәлісі» атты тамаша еңбек жазған ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбековтің ұстазы жайында айтқан: «Нұрлы жүзді, әдемі қоңыр үнді, жаратылысы бөлек Өзбекәлі ел тарихы мен мәдениетінің білгірі, қасиеттің тұнып тұрған тұнбасы, ойдың тереңі, халқымыздың кескіні мен келбеті, қайраты мен айбаты еді, дара тұлғасы еді, елінің асылы, баршаның жақыны еді, қайыспайтын қара нары, шалыс баспайтын кержорғасы еді, бойын жасырған тұлпар еді. Заманымыздың Бұқар жырауы, Төле биі еді», деген пікірін жадыда ұстайық. Қазақ елінің азаттық, тәуелсіздік жолындағы күресте жол көрсеткен, руханият көшін бастаған, қасиетті Түркістан қаласындағы сан ғасырлар бойы қазақ халқының ырысы мен берекесі болып келген Тайқазанымыздың, ең ұлық мерекеміз әз-Наурыз бен алаш ұранды арыстарымыздың қайта оралуына өлшеусіз үлес қосқан ұлы тұлға Өзбекәлі Жәнібековтің ұлттық рухы, руханият әлеміндегі асқақ бейнесі туған халқымен бірге мәңгі жасайды.

Қорыта келгенде туған халқының тарихында «рух сардары» болып ғұмыр кешкен, аянбай еңбек еткен, ұлт жанашыры Жәнібеков жайындағы жазбаларды парақтап, «өзбекәлітану» атты тақырыптағы тұлғатану тағылымын аз-кем ортаға салдық, ой бөлістік. Жақсы істердің жалғасы бола береді деп сенеміз.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Рух сарбазы. Құрастырған Қ.Ергөбек. Алматы. «ҚАЗақпарат» баспасы. 2011 ж. -320 б.
2. Өзбекәлі Жәнібеков. Таңдамалы шығармалар жинағы. Алматы. «ҚАЗақпарат» баспасы. 2011 ж. 1-кітап, -320 б., 2-кітап, -320 б.
3. Ұлтымыздың ұйытқысы. Құрастырған Қ.Ергөбек. Алматы. «Алтын Кітап» баспасы. 2021 ж. -376 б.
4. Кекілбайұлы Әбіш. Өмірі өнеге. //Рух сарбазы. Құрастырған Қ.Ергөбек. Алматы. «ҚАЗақпарат» баспасы. 2011 ж. -320 б.
5. Қирабаев Серік. Халық мүддесінің жоқшысы. //*Рух сарбазы. Құрастырған Қ.Ергөбек. Алматы. «ҚАЗақпарат» баспасы. 2011 ж. -320 б.*
6. *Рух сардары. Түркістан. «Тұран», 2006 жыл. -392 б.*


УДК 370.8

## СОХРАНЕНИЕ ТРАДИЦИЙ И КУЛЬТУРНОГО ИДЕНТИТЕТА, ВКЛАД Ө.ЖӘНІБЕКОВА

**Небесаева Ж.О**
доктор философии PhD, и.о.асоциированный профессор
Южно-Казахстанский педагогический университет им. Ө.Жәнібекова, Шымкент, Казахстан

***Резюме***

*В современном мире, где глобализация и технологические изменения меняют культурную картину, сохранение традиций и культуного ижентитета становится все более актуальной задачей.*

*В этой статье мы исследуем вклад выдающегося казахстанского мастера ремесел Өзбекәлі Жәнібекова в этот процесс.*

*Ө.Жәнібеков известен своим талантом и преданностью культурному наследию Казахстана. Его работы в области национальных ремесел, такие как уникальные скульптуры, юрты и украшения, не только являются выражением культурного богатства страны, но и способствуют сохранению и передаче традиций следующим поколениям.*

***Summary***

*In the modern world, where globalization and technological changes are changing the cultural landscape, the preservation of traditions and cultural identity is becoming an increasingly urgent task. In this article we explore the contribution of the outstanding Kazakh craftsman Ozbekali Zhanibekov to this process.*

*O.Zhanibekov is known for his talent and dedication to the cultural heritage of Kazakhstan. His works in the field of national crafts, such as the creation of unique sculptures, yurts and decorations, not only express the cultural wealth of the country, but also contribute to the preservation and transmission of traditions to future generations.*

Сохранение традиций и культурного идентитета является одним из наиболее важных аспектов в современном мире, где глобалицазия и технологический прогресс приводят к ускоренному изменению культурной ландшафта. В этом контексте, роль выдающихся мастеров ремесел, таких как Өзбекәлі Жәнібеков, становится особенно значимой.

Өзбекәлі Жәнібеков- это нетолько выдающийся мастер ремесел, но и защитник культурного наследия Казахстана. Его творчество и деятельность в области национальных ремесел не только служат выражением культурного богатства страны, но и стимулируют сохранение традиций и национального идентитета.

В статье «Взгляд в будущее: Рухани жаңғыру» Н.А.Назарбаев отметил, что «общество, которое значительно модернизовалось, имеет духовный код, уходящий корнями в глубь своей истории. Мы должны возродить те добродетели, которые были унаследованы от предков и укоренились в нашей крови» [1]. При этом наиболее востребованными остаются изучение исторических основ, стилистических особенностей национальной культуры, пропаганда, возрождение духовных народных традиций.

Рассмотрев вклад Өзбекәлі Жәнібекова в сохранение традиций и культурного идентитета Казахстана.Мы исследуем его творчество, методы и техники работы, а также его влияние на общество и молодых мастеров ремесел [2]. Рассмотрим его роль в образовании и вдохновении новых поколений сохранение и передачу культурного наследия страны.

Через анализ вклада Ө.Жәнібекова мы пытаемся понять, какие факторы делают его деятельность особенно значимой для сохранения традиций и культуного идентитета, и какие уроки мы можем извлечь из его опыта для будущего.

Мастерство и творчество Ө.Жәнібекова не только демонстрируют его вклад в сохранение культурного наследия, но и вдохновили многих молодых мастеров. Его участие в образовательных программах и мастер-классах по национальным ремеслам содействуют передаче знаний и навыков будущим поколениям искусствоведов.

Исследуя методы и техники работы Ө.Жәнібекова, мы видим инновационный подход к традиционным материалам и техникам, что подчеркивает его роль в сохранении культурного наследия и стимулирует развитие национальных ремесел в современном контексте.В целом, вклад Өзбекәлі Жәнібекова в сохранение традиций и культурного идентитета является неоценимым[3]. Его творчество и деятельность не только сохраняют культурное наследие Казахстана, но и вдохновляют нас на поиск новых способов сохранения и продвижения культурного богатства нашей страны.

Мастерство Ө.Жәнібекова в области национальных ремесел не только является выражением культурного богатства страны, но и служит важным фактором сохранения и передачи традиций будущим поколениям. Его работы в сфере скульптуры, резьба по дереву и создания национальных украшений не только отражают уникальный характер казахского народа, но и вдохновляют нас на глубокое понимание и уважение к нашим корням.

Ө.Жәнібеков использовал традиционные методы и техники работы, переданные ему из поколения в поколение, чтобы создавать свои произведения искусства. Его работы служат живым примером того, как традиции могут быть сохранены и переданы дальше через творческий процесс.

В работах Ө.Жәнібекова воплащены мотивы и сомволика казахской культуры и традиции. Это не только сохраняет их, но и продвигает их в мировом искусстве, делая их доступными для широкой аудитории и способствуя сохранению культурного идентитета.

Творчество Ө.Жәнібекова служит вдохновением для молодых мастеров, которые видят в нем пример успешного сочетания традиций и современности. Это способствует сохранению и продвижению национальных ремесел среди молодежи и помогает нам сохранить наши культурные корни.

Работы Ө.Жәнібекова стали частью культурного наследия Казахстана, хранятся в музеях и частных коллекциях. Это позволяет сохранить его творчество для будущих поколения и служит источником изучения и вдохновения для будущих мастеров.

Таким образом, творчество Өзбекәлі Жәнібекова играет ключевую роль в сохранении и продвижении традиций и культурного идентитета Казахстана, как на местном, так и на международном уровнях.Его работы являются не только искусством, но и средством сохранения и передачи богатства культурного наследия страны для будущих поколений.

**Литература:**


1. 2017 жыл, сәуір ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар:рухани жаңғыру» бағдарламасы.
2. З. Жәкішева. Өзбекәлі Жәнібек тағылымы. - Алматы, 2011. - 162 б.
3. Б.Сарыбаев. Қазақтын музыкалық аспаптары.-Алматы: «Өнер», 1980.-280 б.


ӘӨЖ 372.8:78

## ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІ ҰЛЫҚТАҒАН ҰЛТ ҚАЙРАТКЕРІ


**Кужагулова Г.Е. п.ғ.к.**

**Досбаганбетова А.Т. доцент м.а.**

**Смаилова М.С. п.ғ.м.**

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті

Шымкент қаласы, Қазақстан



***Резюме***

В данной статье рассматриваются мысли общественного деятеля Озбекали Жанибекова, активно участвовавшего в повышении статуса нашей богатой культуры, о казахском национальном образовании и культурном наследии.

***Summary***

This article discusses the thoughts of public figure Ozbekali Zhanibekov, who actively participated in raising the status of our rich culture, about Kazakh national education and cultural heritage.


Қазақтың ұлы мұраларын кейінгі ұрпаққа өшпес қазына ретінде қалдыру ісінде қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің тұлғалық орны ерекше. Қазақстанда мұражайлардың ашылуы мен ұлттық коллекциялардың жинақталуына, ұлт мұраларының сақталып қалуына үлкен үлес қосып, сол арқылы бай мәдениетіміздің мәртебесін биікке көтеруге белсене атсалысқан ұлт қайраткерінің есімін қай қазақ болса да мақтанышпен айта алады. Соның ішінде ұлттық тәрбие мен ұлт мәдениетін сақтау арқылы келер ұрпағымыздың болашағын да назардан тыс қалдырған емес.

Ұлттық тәрбие дегеніміздің өзі әр халықтың өзіне ғана тән ұлттық құндылықтарын дәріптейтін, атадан балаға ұласатын, қазіргі өмірімізден айқын көрінетін ұлттық ерекшелігіміз болып табылады. Ұлттық құндылық пен ұлттық тәрбие егіз ұғым ретінде қарастырылатын болғандықтан ұрпақ тәрбиесі мәселесінде асыл құндылықтарға баса назар аудару бүгінгі күн тәртібінде тұрған ең басты қажеттілік.

ҚР Мәдениет қайраткері, аспаптанушы-этнолог Зәбира Жәкішева "Өзбекәлі Жәнібеков тағылымы" атты кітабында Өзбекәлі Жәнібековтің қазақ халқының ұлттық мәдениеті мен әдет-ғұрпының жаңаруына және этнографиялық мұражайлардың ашылуына елеулі үлес қосқанын ерекше атап өткен болатын [1].

XX ғасырда қазақтың төл мәдениетін қайта түлеткен Өзбекәлі Жәнібеков қазақ халқы үшін аянбай еңбек еткен адам. Ерекше айта кететін болсақ, айтыс өнерінің дамуында, ұлттық музыка аспаптарының мұражайының ашылуында аянбай еңбек етті. Халқы үшін өмір сүрген дара тұлғаның айта берсек, еліне

сіңірген еңбегінің қыры көп. Ұрпақ болашағын алыстан ойлап болжаған біртуар азаматтың ерен еңбегін қазақ жұрты мақтанышпен еске алады.

Қазіргі заманда ұрпақ бойында қайырымдылықтың дамуы да ұлттық құндылықтар арқылы жүзеге асырылатыны мәлім. Отбасындағы орны бөлек дәстүрлеріміз бен салттарымыз да ата-баба салтын ұрпақ бойына сіңдірудің алғышарттары болып табылады. Жас ұрпақты әдепті де саналы, арлы да абыройлы етіп тәрбиелеу үшін ең алдымен ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрпымызды, дінімізді, ата-бабадан қалған асыл мұраларды олардың бойына сіңіре білуіміз қажет. Елді сүюдің ең асыл қасиеттерінің бірі ұлттық тәрбиеден басталады. Сол ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуді қазақтың мәдениетін көтеруден бастауды қолға алған Өзбекәлі Жәнібековтің құнды мұрасы өз жалғасын табуда. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2019 жылдың 7 маусымындағы Жолдауында мектепке домбыра үйрену сабағын арнайы пән ретінде енгізу қажеттілігі туралы айтылған бастамасына сәйкес қазіргі мектептерде оқушы бойында ұлттық құндылықтарымызды қайта жаңғыртудың және дәріптеудің басты айғағы болып отыр. «Төл мәдениетімізге деген қамқорлық әрқашан мемлекетіміздің айрықша назарында болуы керек» - деген Президентіміздің сөзі де ұрпақ келешегі үшін маңызы зор қағидат. Осындай төл мәдениетіміздің асыл мұраларының бірі – домбыра. Қазіргі мектептердегі музыка сабағында 6-шы сыныптан бастап қазақтың жан серігі, шежірелі көнекөз тарихы, киесі домбырамен ұрпақты таныстыру, қолына ұстатып, шерте білу, оның күмбірлеген үні арқылы атадан қалған асыл мұралар туралы мағлұмат беру арқылы бала санасына ұлттық құндылығымыздың қадір-қасиетін сезіндіру басты міндеттердің біріне айналды. Себебі, қазір жаһандану жағдайы заманында халқымыздың бірегей құндылықтарын жаңғырта білу мәселесі басты орында тұрғанын ұмытпауымыз керек [2]. Сонымен қатар музыка сабағында қазақ музыка тарихындағы халық композиторларының шығармашылығы жайлы, атадан ұрпаққа мұра болып жеткен күйшілік дәстүр мен жыраулар мектебі жайлы мағлұмат беріледі. Домбыра нота сауатынсыз үйретілетін болғандықтан, үйрету әдісін ұстаз өз шеберлігіне қарай таңдайды. «Музыка» пәні шеңберінде домбыра тартуды үйретудің мақсаты - жас ұрпақ санасына ұлттық құндылықтарымызды сіңдіру. Білім алушылар күй, жыр, дәстүрлі ән мәдениетінен хабардар болмай, ұлттық құндылықтар негізін сіңіре алмайды. Ал, оны қалыптастыруға апаратын бірден-бір жол - қасиетті домбырамен жақыннан танысу. Жас ұрпаққа халқымыздың рухани мұралары арқылы өткен тарихымызды таныту арқылы баланың санасына ұлттық өнердің, тіл мен ділдің қадір-қасиетін сезіндіру, туған елін, отансүйгіштікке баулу басты міндеттердің бірі. Жоғарыда аталған ұлттық ерекшеліктеріміздің құндылығы ұрпақ арқылы жалғасын табары сөзсіз [3]. Дегенмен де осы ұлттық құндылықтарымызды ұрпақ бойына саналы сіңдірудің тиімді жолдарын іздестіруде бала қызығатындай, жарқын сезінетіндей жақтарын оңтайлы ойластыру педагогтің басты құзырында екенін ұмытпағанымыз жөн.

Қазіргі заманда ұрпақтың бойына қайырымдылықтың, ізгіліктің дәнін сепсек деп ойлаймыз. Ал оның барлығы ұлттық тәрбиемізден бастау алатынын кейде естен шығарып аламыз. Еуропалық Батыстың мәдениетін жоғары санап жүрген ұрпақ өз арамызда аз емес. Соларға салт-дәстүр, таным-түсінігімізді барынша сауатты түсіндіріп, ортамызға қайта оралту міндеті тұр алдымызда. Расымен де, қасиетті Отанды сүю қазақтықтың өзін сүюден бастау алуы керек. Қазақи орта үшін әуелден тән қасиет үлкенді қадірлеу, қонақжайлылық – біздің тұрмыс-салтымызбен тығыз байланысты дүниелер. Отбасындағы орны бөлек дәстүрлеріміз бен салттарымыз да шаңырақтың шайқалмай берік болып, балалардың бақытты өсуіне мүмкіндік береді. Алдымен ата-ана өз баласына ата-баба салтын сіңірудің алғышарттарын жасаса, қалғанын білім ұялары қостап әкетуі керек.

Әрбір адам ең алдымен өз халқының перзенті, өз Отанының азаматы болу керек екенін, ұлттың болашағы тек өзіне байланысты болатынын есте ұстауы тиіс. Осындай ұрпақ тәрбиелеуге ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер көмектеседі, солар арқылы ол жалпыазаматтық мәдениетке аяқ басып, өз халқының мәдени игілігін басқа халықтарға жақын да түсінікті ете алады. Сондықтан қазіргі әрбір ұрпақ өз кезі мен өткенінің тағдырын кейінгі ұрпаққа сезіндірсе, өмірге бейімдесе, өзінің ұлттық рухани мұрасын сақтай алатыны анық.

Қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің тұлғалық орнының ерекшелігі сонда, өз халқының ұлттық құндылықтарын сақтай отырып, кейінгі ұрпақтың мәдениеті жұтаң тартып қалмас үшін аянбай еңбек етіп, бүкіл өмірін арнады десек те артық болмас еді. Осындай асыл азаматтарымыздың қажымас еңбегі арқасында ұлттық құндылықтарымызды кейінгі ұрпаққа аманат етіп, сақтап отырғандығымыз соның жарқын айғағы.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1.Жәкішева З. Өзбекәлі Жәнібек тағылымы [Мәтін] // З. Жәкішева. Алматы, 2011. – 162 б.

2. Ергөбек, Қ. Баянсөз [Мәтін] : (баянды өмірден өрілген өнеге) / Қ.Ергөбек. – Тараз: Сенім, 2019. – 512 б.

ӘОЖ 7.067.3

## ӨЗБЕКӘЛІ ӨМІРІ - ӨМІРШЕҢ ӨНЕГЕ

**Лес Марина Күмісбекқызы, Карсыбаева Айман Мусаевна,**
**Жомартова Галия Рахтаевна**
**Аға оқытушылар**
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

***Резюме***

*Жизнь Узбекали Жанибекова-это нравственная мораль, которой не хватает современной молодежи, чтобы привить ей подлинные национальные ценности. Яркая жизнь Узбекали Жанибекова является лучшим примером служения народу, а его сохранение богатых духовных и культурных традиций народа способствовало поступательному развитию независимого Казахстана на пути к демократии и реформам.*

***Summary***

*Uzbekali Janibekov's life is a moral morality, which is not enough for modern youth to instill in them genuine national values. The bright life of UzbekaliJanibekov is the best example of service to the people, and his preservation of the rich spiritual and cultural traditions of the people contributed to the progressive development of independent Kazakhstan on the path to democracy and reforms.*

Кез-келген жүрегі «Елім!» деп соққан азамат ретінде Өзбекәлі Жәнібековке ұлттық сезім, өз халқына, халқының тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілік, жанашырлық пен мақтаныш тән болды. Ол әрдайым дарынды, жалындаған жастарды іздеуге ұмтылды. Онымен қоса, елдің ішінде жаңашылдық басымдылықтарының, ғылымдағы ізденімпаз тұлғалардың, музыканттардың немесе суретшілер мен қолөнер шеберлерінің пайда болып жатқандығына шын жүрекпен қуанды.

Өзбекәлі Жәнібековтың бастамасымен және өзінің жеке қатысуымен мемлекетіміздің тарихындағы қиын сәттерде де түрлі мәдени ұйымдар құрылып жатты. Оның ішінде фольклорлық-этнографиялық ансамбльдер, театрлар мен мұражайлар, «Казреставрация» және оның бірнеше филиалдары, бірлестіктер және музыкалық аспаптардың өте ауқымды музыкалық коллекциясы да бар.

Өзбекәлі Жәнібеков Қазақстан жастарының көзі ашық, көкірегі ояу болуы үшін, өз елдерінің тарихи-мәдени нысандарына куә болып, мемлекетіміздің сан-қырлы мұрасының жастардың қолына жетуі үшін көп еңбек етті. Оларды зерттеу, қайта құру және сақтау жұмыстарын жүргізді. Ол жәдігерлердің арасында тіпті ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік Мұра Тізіміне енген нысандар да бар.

Өзбекәлі Жәнібеков Түркістан облысы, Отырар ауданы, Сарықамыс ауылында дүниеге келген. Оның балалық шағы бүгінгі балалардың уақыт өткізуіне, өмір сүру қағидаларына, демалыс күндеріне мүлдем ұқсамады. . Кезекті тапсырмаларды орындаудан басқа, уақытты мектеп кітапханасында қарызға алынған кітаптарды оқуға арнап, олардың арасында қызықты оқиғалар, қазақ ақындарының жанды өлеңдері, сондай-ақ тарихи әңгімелерді бас көтермей оқитын, солардың арқасында қиялдау және армандау мүмкіндігі пайда болды[1]. Мүмкін осыдан болар, Өзбекәлі Жәнібековтің өзінің еңбек жолын ағартушылықтан бастағандығы. Бала күнінен қалған ізденімпаздығы, кітап сүйгіштік қасиеті, дүниетанымы мен білімге деген ұмтылысы оны осы ағартушылық жолға түсірді. Мектеп қабырғаларындағы жұмыс уақытында да ол тек ағартушылықпен ғана емес, сонымен қатар саяси сұрақтармен толғанып, еліне еңбегін сол кезден бастап сіңіре бастады. Ол жайлы Шерхан Мұртаза да өзінің бір сөзінде «Өзбекәлінің бар еңбегін тізгіндеп атау үшін үлкен, әрі бірнеше томдық кітап жазбақ керек» деген екен. Расында да қарар болсақ, Жәнібеков Түркістанның төріндегі тарихи мұра болып қалған Қожа Ахмет Яссауи кесенесін, Отырар ескерткіштерін, Қарахан ескерткішін, Айша бибі кесенесін, Бабаджа хатун кесенесін және т.б көне ескерткіштерді қалпына келтіру және халыққа дұрыс жағынан сауатты түрде жеткізу мәселелерін көтерумен айналысқан [2]. Дәл осы ерен еңбегінің арқасында, қасиетті «Тайқазан» Түркістан қаласындағы Қожа Ахмед Ясауи кесенесіне қайтып оралғандығы белгілі. Өзінің «Тағдыр тағылымы» атты кітабында жазғанындай, Өзбекәлінің жастық

шағы толық делік соғыстан кейінгі жылдарға дөп түсті. Ол «әлемге басқаша қарайтын» адамдардың ұрпағынан болған еді. Шынында да, соғыс заманындағы адамдар еріксіз күйде әр күндерінің кемел тарихына куә болумен қатар, оның кез-келген сәтте күйреп кетуінен қорқып күндер кешкен. Алайда бұл қорқыныш Өзбекәліні өз өмірін жастарды тәрбиелеуге, білім жолын қууға, елі үшін ерең еңбек етуінде тоқтата қоймады. Оның қарапайым халыққа ағартушылық және сауат ашу жолындағы күресін бірі білсе, бірі білмес. 1990 жылдардың басында Өзбекәлі Жәнібековтің басшылығымен "Арқас" қоғамы құрылды[3]. Оның басты міндеті Қазақстан аумағында тарих пен мәдениеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және халықты онымен таныстырып, барынша руханиятын ояту болды.

Қазақстан Комсомолы Орталық Комитетінің екінші хатшысы Анатолий Семенченко өзінің «Біз комсомол салдық, Комсомол бізді салды" атты кітабында: "Бақандай сегіз жылдан астам уақыт бойы Өзбекәлі Жәнібеков республика жастарының көшбасшысы болды және осы салада жанқиярлықпен еңбек етті. Өзбекәлі Қазақстанда және Орта Азияда ғана емес, бүкіл Одақта үлкен атаққа ие болған ірі көлемдегі комсомол қызметкері екендігін бәріміз мойындаймыз» деп жазған болатын [4].

Қазақстан Комсомолы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы атанған ол мемлекетіміздегі жасөспірім ұл-қыздардың өсіп жетілуіне зор көмектесті. Осыған мысал, АҚШ-қа барған кеңес жастарының бірінші делегациясының құрамында Евгений Евтушенко, Роберт Рождественский, ҚР тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сияқты атақты адамдар болды. [5]. Жалындаған жастар үшін өз ағаларының берер қамқорлығы мен қолдауы өте маңызды орында еді. Сол үшін біз Өзбекәліні тек ғалым, тарихшы, жазушы, этнограф не өнертанушы деп қана емес, өте мықты ағартушы педагог ретінде де тани аламыз. Оны танитын адамдар Өзбекәлінің тәртібіне және өзін –өзі басқару жүйесіне таң қалған деседі. Өзінің қарамағындағы шәкірттерінен де дәл осы дисциплина мен жүйені талап еткендігі ғажап емес. Ол ешқашан тек өзі жайлы, не пайда көзі жайында ой шертпеген, таңертеннен түнге дейін бал арасы секілді жұмыс жасап, өз қаламынан және өз аузынан шығып жатқан әр сөзге мән беріп, жастарды дұрыс жолға салуға оқталды. Тіпті көзі тірісінде де көп адамдар одан аяқ тартты, себебі Өзбекәлі тәртіпке аса қатты мән беретін. Жұмысқа ашық және ізденімпаз адамдарды жақын тартып, өз шәкірттеріне айналдырды. Өзбекәлі Жәнібеков Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болғанында да, ал кейіннен Қазақстан Коммунистік партиясы Торғай облыстық комитетінің идеология жөніндегі хатшысы лауазымына ие болғанында да халықтың қуанғаны соншалық «Жастарға қамқорлық көрсететін, жас азаматтар мен азаматшаларды қорғайтын адам келді» деп жар салған. Барлығына үлгі болған Өзбекәлі жаңа лауазымына келгенінен соң жан-жағындағы комсомол комитеті бірінші хатшыларын өз қанатының астына алып, ағалық қамқорлығын танытты. Өзбекәлі Жәнібековтің көмегімен Арқалықта алғашқы қазақ кәсіби театры пайда болды. «Народник», яғни халық орындаушыларының насихаттау өте қиын болған тұста да онымен Өзбекәлі өзі жеке айналысқан деседі. Мәдениет министрі ретінде 1981 жылы Ықылас Дүкенұлы атындағы халықтық музыкалық аспаптар мұражайын ашып, ол жерге көптеген ұлттық аспаптар қойылды. Мұражай жанынан «Сазген сазы» ансамблі құрылып, «аспап жасау және қалпына келтіру шеберханасы» өз жұмысын бастады. Осы бағытта жер- жерлерде музыка, өнер факультеттері бар оқу орындарында фольклорлы-этнографиялық аспаптық ансамбльдер ашыла бастады. Сондай ансамбльдердің бірі әл-Фараби атындағы Шымкент педагогикалық мәдениет институты жанынан құрылған фольклорлы-этнографиялық «Қазына» ансамблі. Ансамбль бірнеше Халықаралық фестиваль-байқауларда ел намысын қорғап, халқымыздың музыкалық аспаптарында ойнап қана қоймай, салт-дәстүрлеріміздің де озық үлгілерін, тәрбиелік мәні зор тұстарын насихаттап жүрді, «Алтын қорда» таспа қалдырды. Осы бағытта Өзбекәлінің тағы бір жақсы қасиеті - сахналық мәдениетке, сахналық костюмдерге талапшылдықпен қарады. Егер суретшілер тек сахнада ғана емес, күнделікті өмірде де киінсе, "адамдар сізден үлгі алады, мәдениетті болыңыз" деген ескерту жасайды екен [6].

Өзбекәлі Жәнібеков ұлтымыздың тарихын, мәдениетін, дәстүрін, тілін жаңғырту және қорғау үшін қажырлы еңбек етті. Ол Торғай өңірін жандандыруға көп күш жұмсады, Алаш қайраткерлерін оңалтуға тікелей қатысты [7]. Өзбекәлі Жәнібековтің жарқын өмірі халыққа қызмет етудің үлгісі болып табылады, ал оның халықтың бай рухани және мәдени дәстүрлерін сақтауы демократия мен реформалар жолында Тәуелсіз Қазақстанның үдемелі дамуына ықпал етті.

Өзбекәлі Жәнібековтің жеке басының объективі арқылы Қазақстан Республикасының ғылыми және мәдени жұртшылығы елдің тірі тарихына қол тигізуге мүмкіндігі бар. Оған дәлел, 2008 жылдан бастап Алматы көшелерінің бірі Өзбекәлі Жәнібековтің есімімен аталады. 2015 жылдан бастап Астана көшелерінің бірі Өзбекәлі Жәнібековтің атымен аталса, тағы бір мектепке тарихи тұлғаның есімі берілді, 2023 жылдан бастап Шымкент қаласындағы Оңтүстік қазақстан педагогикалық университеті құрметіне Өзбекәлі Жәнібековтің есімі берілді.[8].

Барлық уақытта да адамдар тарихты білуге ұмтылады. Өз халқының, елінің өткенін білуге деген ұмтылыс табиғи және түсінікті процесс және қалау. Өзбекәлі Жәнібековтің өмірі-қазіргі жастарға шынайы ұлттық құндылықтарды сіңіру үшін жетіспейтін адамгершілік моралі. Өзбекәлі Жәнібековтің жарқын өмірі халыққа қызмет етудің үздік үлгісі болып табылады, ал оның халықтың бай рухани және мәдени дәстүрлерін сақтауы демократия мен реформалар жолында Тәуелсіз Қазақстанның үдемелі дамуына ықпал етті. Түпкі тамырыңызды білу осы кең әлемде өз орныңызды табуға көмектеседі. Өзбекәлі Жәнібеков те өмірінің бар жолын осы тұрғыда ізденуге салған. Өзбекәлі Жәнібековтің жеке басының объективі арқылы Қазақстан Республикасының ғылыми және мәдени жұртшылығы елдің тірі тарихына қол тигізуге мүмкіндігі бар.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Джанибеков У. «Тағдыр тағымалы» Алматы, 1996г.
2. Назарбаев. Н. «В потоке истории» Алматы, 1999г.
3. Архивные фонды Тургайского музея истории степного края
4.https://kazpravda.kz/n/chem-izvesten-odin-iz-vozroditeley-natsionalnoy-kultury-kazahskogo-naroda-uzbekali-dzhanibekov/
5.Джанибеков У. «Эхо» Алматы, 1990г.
6.https://e-history.kz/ru/news/show/32960
7.Джанибеков У. «Жолайрыкта» Алматы, 1995г.
8.*Жораева Г. Т.* УзбекалиДжанибеков у истоков возрождения национальной культуры Казахстана // Наука вчера, сегодня, завтра: сб. ст. по матер. XX междунар. науч.-практ. конф. № 1(18). — Новосибирск: СибАК, 2015.


ӘОЖ

## ҚАЗАҚТЫ СҮЙІП ӨТКЕН ДАРА ТҰЛҒА


**Арынбаева Д.Ж. магистр-оқытушы**
Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан



***Резюме:***

*В статье кратко изложены жизненные вехи и трудовой путь выдающегося единоличного сына казахского народа, государственного и общественного деятеля, националистического этнографа, сторонника искусства, публициста-писателя, ученого-академика О. Жанибекова, внесшего большой вклад в сохранение и развитие казахской культуры и национальных ценностей, формирование у молодежи решимости и целеустремленности в качестве наглядного примера личность У. Жанибекова занимает особое место. Проанализированы общественные и государственные службы У. Жанибекова в разные годы, рассматривается значение и современность его работы в культурном и литературном, национальном направлениях в контексте исторической преемственности и продолжения традиций. Вклад и заслуги казахстанского общества и государства в достижение духовно-идеологического суверенитета, укрепление национальных ценностей и сокровищ изучаются с точки зрения достижений и высот сегодняшнего дня, подчеркивается, насколько заметно влияние и наследие отдельных талантливых и одаренных личностей в истории народа.*

***Summary:***

*The article summarizes the life and work of U. Zhanibekov, a unique unique son of the Kazakh people, a statesman and public figure who has made a great contribution to the preservation of Kazakh culture and values, a nationalistic ethnographer, a supporter of art, a publicist-writer, a scientist-academician, and clearly shows that the personality of U. Zhanibekov occupies a special place in starting society to Virtue and work, as a visual example that shows a bright manifestation of perseverance and striving for goals for young people. The public and public activities of U. Zhanibekov in different years are differentiated, the significance and significance of his work in cultural and literary, national directions are considered within the framework of historical continuity and tradition. The contribution and merits of the society and state of Kazakhstan in achieving spiritual and ideological sovereignty, the appreciation of national values and treasures are studied from the point of view of the achievements and heights of today, and it is emphasized how important the influence and legacy of individual talented and persistent people is in the history of the people.*

Қазақ халқының терең тамырлы тарихы мен кең көсілген сайын даласы елі мен жерінің қамын ойлап, жайын күйттеген, мүддесін ойлаған һәм қорғаған батыр да батыл перзенттерге кенде болмағаны белгілі. Жұртына жерұйық іздеп қайғы арқалаған Асан баба да, қобызын сарнатып сары белдердің құлағын күңіренген қобыз үнімен тұндырып ажалдан аман қалудың айла-тәсілін іздеген Қорқыт ата да, қолына үкіленген найзасы мен қайралған қылыштарын қатар алып жердің шетіне жау табанын тимесін деп жар құлақтары жастыққа тимей, жамбастары жер иіскемей ат үстінен су ішіп, үзеңгіден аяқ үзбей жорықтар мен жортуылдарда болған Қабанбай мен Бөгенбай секілді бағландар мен батыр тұлғалардан бергі жақсылардың жалғасы, асылдардың сынығы, тұлпарлардың тұяғы секілденіп жалғасқан перзенттер, шүкір жасағанға, жетерлік-ті. Сондай дара мүсін, тау тұлға, алып азаматтардың бірі, сөз жоқ, Өзбекәлі Жәнібеков тұлғасы болатын.

Ө.Жәнібеков ежелден түркінің қасиетті төркіні болған Түркістан аумағындағы талай-талай айтулы дарындардың, соның ішінде әлемдік деңгейде мойындалып, «екінші ұстаз» атанған Әл-Фарабидің отаны болған Отырар ауданына қарасты болған «Сарықамыс» кеңшарында жарық дүниенің есігін ашқан. Ол 1931 жылдың тамыз айының 28 жұлдызында орын алған оқиға еді.

Сырдария мен Арыстың ағыстары аймаласқан аймақта дүниеге келгені Ө.Жәнібековтың өмір иірімдері терең қатпарлы, сан арналы, тулаған толқындай толымды болуына өз әсерін тигізгендей сезіледі. Әкесі Жәнібек, анасы Қаныша ел ішінде диқандықпен күн кешкен қатардағы қарапайым жандар болса да жөн-жосықты білетін, қазақы тәрбиенің қайнарынан қанып сусындаған, елдің өткені мен кеткенінен хабары мол тәлімді жандар болған. Өзбекәлі дүниеге келгенде өз ауылдарындағы қадірлі де құрметті Өзбек ақсақалдай көргенді болсын деп ырымдап ұлдарының есімін Өзбекәлі деп қояды.

Өзекең балғын бала күнінен-ақ басқалардан зейінділігімен, алғырлығымен, талапшылдығымен дараланды. Басқа балалар секілді селкілдеп ойнау мен селеңдеп сауық құрудан гөрі тыным мен тыныштықты ұнататын, кітап оқуға мүмкіндік болатын жағдайды жөн көретін талғамымен ерекшеленіп көзге түсті. Мектеп бағдарламасындағы негізгі тапсырмаларды орындап бола салысымен оларды жинастырып қойып, мектептің кітап қорынан жаздырып алған кітаптарын оқуға бел шеше кірісіп кететін. Танудан, оқудан жалықпайтын осындай ізденімпаздығының арқасында жас Өзбекәлінің талабы ұшталып, таланты шыңдалып, қиялы қанаттана түсті, дүниетанымы мен көзқарастары толығып, армандары ауқымды, тілектері татымды болып қалыптасты. Интернатта оқыған шақтары кітаби біліммен қатар өмір сабақтарын да меңгеріп, игеріп жүрген кезі болды. Қиындық пен ауырлықтың, таршылық пен жоқшылықтың болмысын бетпе-бет көріп таныған Өзекең үшін бұл күндер өмір мектебінің сынақтары болғаны сөзсіз. Төсексіз, көрпесіз, бір төселім қара киізде жатып, таңғы асқа екі тілім қара нан мен бір тал кәмпитті талғажу етіп жүрсе де білім алу мақсатына берік болды.

Мінезі тік, табиғаты ержүрек, болмысы адал болған Ө.Жәнібеков ақиқатты ашып айтатын шынайылығымен замандастарының есінде сақталып қалды. Басқадан етер талапты өзіне алдымен қоятын әділдігі мен қолға алған шаруасын ақырына дейін жеткізбей тоқтамайтын табандылығы талайлардың ызасына тисе, талайларды тәнті еткен.

Ө.Жәнібековты танымал да еткізген, жетістіктерге де жеткізген ең басты және ең маңызды қасиеттерінің бірі – еңбеккерлігі. Еріншектікке жаны қас, жалқаулықты жек көретін азамат алға қойған мақсаттарына жету жолында атқаруға алған шаруаларының барлығын тас-түйін етіп орындап тастайтын, ешбірін аяқсыз, бітусіз қалдырмайтын болған. Осындай жинақылығы, еңбекке деген адалдығы мен өз ісіне деген жанкештілігі өмір жолын жарық етіп, көптеген биік белестерді табандылықпен бағындыра алуына өз септігін тигізді. Тәрбиелеп, тәлімін құйған әкесінің өзі бала Өзбекәлінің болашағынан мол үміт күтіп, жақсыға болам жасап: «Менің ұлым Әл-Фараби секілді алып тұлға болады, өйткені сол туған топырақтан туып отыр», - деп отыратын болған екен. «Жақсы сөз – жарым ырыс» дегендей, әкесінің тілегі қабыл, батасы асыл болып, өсе келе Өзбекәлі асқаралы асуларды аттап өтіп, ел үмітін арқалаған, әке сенімін ақтаған ұлдардың біріне айналды. Ө.Жәнібеков тұлғасындағы осындай еңбеккерлік, адалдық, табандылық, ұлтжандылық пен халықшылдық қасиеттер бүгінгі таңдағы қазақ қоғамының жеткіншектері мен жастарына көрнекі үлгі, көрікті мысал, кезекті мақсат ретінде қызмет етуге әбден тұрарлық қасиеттер екенін айта кету орынды болмақ. Ел арасындағы әрбір жеткіншек Өзекең секілді ең алдымен өзіне талапшыл, сыншыл, әділ болып өсіп, жетілетін болса, халық көгінде жарқырай жанатын жұлдыздардың шоғыры молая түсетіні анық жайт.

Ө.Жәнібековтың жас күндері әлемдегі ең сұрапыл да жойқын соғыстың соңын алған кезеңдерге тура келеді. Бұл кезеңдегі адамдар, Өзекеңнің өзі «Тағдыр тағылымы» еңбегінде көрсетіп өткеніндей, дүниеге өзгеше назармен көз салған жандардың жалғасы болатын. Соғыстың соңынан келген ұрпақ сол дәуірдегі замананың ең алып мемлекетінің тарихының тірі куәгерлері болған, сол тарихты жасауға

атсалысқан және сондай ауқымды мемлекеттің күйреп, өз тіршілігін тоқтатуының да куәсі болып, көп көріністі көздерінен өткерген, бастарынан кешірген буын болып табылады. Мұның бәрі Ө.Жәнібековтың қайраткерлік көзқарастары мен ұстанымдарының қалыптасуына, өмір қақтығыстарында қайрала түсуіне, шешімдері мен қадамдарының шымыр-ланып, шыңдалуына көп әсерін тигізгені анық.

Еңбек жолында сан белесті басып өткен Ө.Жәнібеков қатардағы мұғалім болып тіршілік тынысын тануды бастап, одан әрі Қазақстандық комсомол комитетіндегі бірінші хатшы болды, облыс деңгейіндегі атқарушы комитеттің басшылық құрамында төселіп, шыңдалды, мәдениетке жауапты министрлікте қызмет етті, партия жұмысына белсене, қызу араласты. Еңбек жолындағы мұндай белестер Ө.Жәнібековтың қайраткерлік тұлғасының мүсінделіп, адамдық және азаматтық ұстанымдарының айқындалуына, бойындағы қасиеттері мен қабілеттерінің барынша ашылып, жарқырай көрінуіне мол ықпалын тигізді. Оның қазақ халқына деген құштарлығы мен құрметі, махаббаты мен ілтипаты еңбек сапарының алғашқы сәттерінен бастап-ақ көрініс тауып, содан бергі кезеңдерде артқан үстіне арта түскені соңында қалдырған мұраларынан, жасап өткен қызметі мен жұмыстарынан мен мұндалап көрініп тұрады. Қайда болса да, қай қиырда жүрсе де халқының тарихы мен танымына, мәдениеті мен дәстүріне қатысты жылт еткен жаңалықты қалт жібермей бақылап, кездескен жәдігерлерді жинақтағаны, қазақтың көнеден келе жатқан рухани һәм материалдық қазыналарын шашылмай-төгілмей келер ұрпаққа жеткізу жолында жанын сала қызмет еткені ерлікке пара-пар еңбегі, халық алдындағы перзенттік парызын терең сезінуі және сол парызды атқарудағы адалдығы бүгінгі жастарға айқын өнеге, айрықша үлгі.

Халқын сүйген перзент ретінде Ө.Жәнібековтың ел игілігі үшін атқарып өткен мәнді және мәнерлі, маңызды шаруаларының арасындағы ең бір өзектісі, көрнекісі ретінде Наурыз мерекесінің ел арасында қайта жанданып, жаңғыруы-на қосқан үлесін айрықша атап өтуге болады. 1987 жылдардағы басылымдарда қазақ халқының тарихы мен дәстүр-салттарына байланысты көлемді мақалалар жиі басылып шыға бастайды, соның ішінде наурыз мерекесінің тарихы, халық мәдениетіндегі мәні мен маңызы жайлы материалдар жарияланады. Мұның бәрін дер кезінде байқап, бақылап, назарында ұстап жүрген Ө.Жәнібеков ел аңсаған мерекені халыққа табыстап жеткеруді ойлайды, өзі бас болып осы шаруаны еңсеруге ден қояды. Жазушылар Одағында өтіп жатқан жиында әдебиет пен мәдениет, қазақтың қилы тағдыры мен тарихы тереңнен қозғалып талқыланып жатқанда әңгіменің орайын тап басқан сыншы, көрнекті әдебиетші, ғалым Р.Бердібай сөз алып, «Наурыз халқымыздың мейрамы, соны мерейлетіп өткізуге рұхсат беріледі ме?» деген сауал жолдайды. Көкейінде жүрген мәселені қозғағанына қуанып кеткендей Өзағаң да арқаланып: «Мерейлетіп ұйымдастыру керек, олай етуге кедергі болмауы керек. Бұл мейрамның халық үшін маңызы жайында М.Шаханов та мәселе көтеріп жүргенін білесіздер. Сондықтан, өткізуді қолдаймын» - деп жауап береді. Жиында отырғандар мәз-мейрам болып қуанып ду қол соғады.

Осылайша Алматы қаласында ресми түрде тұңғыш рет Наурыз мерекесі аталып өтіледі, одан кейінгі жылдардан бастап ұлыстың ұлы күні бүкіл Қазақстан аумағы бойынша тойланып, әр қалада мерекелік шаралар ұйымдастырылып өткізіле бастайды.

Билік биігінде жүргенінде Ө.Жәнібеков әлдебір дүниеқоңыз, пайымы тұмсығынан әрі аспаған пасық басшылар секілді қара басының қамын күйттемеді, керісінше, қазақ халқының мұңын сейілтіп, мұқтажын өтеуге мән берді, рухани қазыналарының тоналмауы үшін, толыға түсуі үшін күресті, ежелден келе жатқан мәдени мұраларының сақталуы мен насихатталуы жолында қызмет етті. Ел арасындағы әндер мен күйлердің нұсқаларын жинастыру, аспаптардың көне түрлерін табу және сақтау шараларын қамдастыру, мәдениет қызметкерлеріне жағдай қарастыру, өнер саласының дамуына қажетті бағдарламалар жасау секілді ірі әрі ілкімді шаруалардың басы-қасында болып, тікелей айналысты. Ә.Бейсеуов, Ш.Қалдаяқов секілді қазақтың аяулы да дарынды перзенттерінің құрметін асырып, шығармашылықтарына дәйім де қолдау жасаумен болды.

Қазақ халқының мәдени көркейуі мен өркендеуіне еткен еңбегінен бөлек, Ө.Жәнібеков қазақтың тілінің нағыз жанашырларының, көкке көтере қолдаушы қайраткерлердің бірі болды, ана тілдің мемлекеттік мәртебеге ие болуына қыруар қуатын сарп етті. Бұл турасында академик Ә.Қайдар мынадай естелік-ойын айтқан: «Өзағаң туралы көп айтуға да, аз айтуға да болады. Ол кісінің қазақ халқына жасаған жақсылығы, игілікті істері мол. Қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе әперуге байланысты біз бірігіп еңбек еттік. Ақтаңдақтарды ақтап алуға байланысты көп ақылдасушы едік. Ол кісінің артына қалдырып кеткен ғылыми еңбектері баға жетпес қазына. Қазақ тілі қоғамын құруға мен мұрындық болсам да Өзағаңның көмегі көп болды. Тілімізге мемлекеттік мәртебе беру деген үлкен іс. Осы істердің барлығына жол көрсетіп келген Ө.Жәнібеков еді».

Өткен ғасырдың 70-жылдары исі түркі тектілердің құрметті мекені болып саналатын Түркістан шаһарындағы Яссауи мұражай-кесенесін жаңғырту жұмыстарының басталуына да түрткі болған тұлға Ө.Жәнібеков болды. Бұған қоса, Өз-ағаның ұйытқы болуымен сандаған ұлттық мұражай кешендері іске қосылып, қазақ даласындағы мәдени һәм тарихи жәдігерлерді қалпына келтіруге және сақтауға бағытталған жұмыстар қолға алынып, арнайы қоғам ретінде «Арқас» ұйымы тіркелді. Белгілі профессор, театр сыншысы Ә.Сығай айтып өткеніндей, Қазақстан аумағында ол кездері 17 мыңнан астам тарихи-мәдени ескерткіштер болғаны анықталып, солардың бәрі дерлік құжатқа түсіп қатталуына, тізімделіп-реттелуіне Ө.Жәнібеков бас-көз болған.

Өз қаламынан туындаған «Тағдыр тағылымы» кітабының тұсаукесерінде ағынан жарылып, Ө.Жәнібеков былай деген: «Мен қырық екі жыл бойы халыққа белгілі адамдармен істес болдым. Солардың игілік істерін де, қамқорлығын да көрдім». Айтса айтқандай, ел алдында жүрген ағаларының тәлімін алып, жолын жалғаған, өзінен кейінгі жастарға білгенін үйретіп, жол сілтейтін шамшырақ секілді жарық жұлдыздай жарқыраған, қазақ халқының бағына туған арда перзент болды Ө.Жәнібеков. Адамдардың табиғатында тұнып жататын жақсы қасиеттерін ашуға құмар, талантты жастарды жетелеуге, жетілдіруге жалықпай көңіл қоятын жанашыр жан еді. Ө.Жәнібековтың Алаш арыстарына деген құрметі мен олардың аты ақталып, аспандауына еткен еңбегі бір төбе.

Саналы ғұмырын қазақ халқына қызмет етуге бағыштаған ұлын халқы да ұмытпайды, әрдайым еске алып, есімін дәріптеп, ұрпақтан-ұрпаққа үлгі етіп жалғап отырады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Жәнібеков Ө. «Уақыт керуені». – Алматы: Жазушы, 1992.
2. Тұяқбаев М. «Өз-ағам – Әз-ағам». – Алматы: Арыс, 1999.
3. Әсемқұлов Т. «Есте қалған естеліктер». / «Алтын Орда» / 21.12.2001.
4. Жәкішева З. «Өзбекәлі Жәнібек тағылымы». – Алматы: «Алматы-жарнама», 2011.
5. Есенәлиев М. «Ұлтын ұлықтаған азамат». – Алматы, Арыс, 2015.
6. https://bilim-all.kz/article/14497

# XIX-XX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ МЕКТЕПТЕР МЕН МЕДРЕСЕЛЕР

**Сали Қ.О. II-курс магистранты**
Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

***Резюме***

*В нашей статье мы рассмотрели состояние исламской религии на казахской земле в XIX-XX веках, ее учебные заведения (школы, медресе), услуги религиозных представителей (имамов, ишанов, мулл, хазритов) и влияние царского правительства о религиозной ситуации на казахской земле.*

***Summary***

*In our article, we examined the state of the Islamic religion on Kazakh land in the 19th-20th centuries, its educational institutions (schools, madrassas), the services of religious representatives (imams, ishans, mullahs, khazrits) and the influence of the tsarist government on the religious situation on Kazakh land.*

1844 жылы Орынбор шекара комиссиясы жанынан құрылған қазақ мектебі патша үкіметінің халық ағарту саласындағы саясатының айнасы болып шықты. Бұл мектеп оқушыларының бойында орыс үстемдігі «өркениеттік миссияда» деген сенімді қалыптастыруға тырысты. Патша әкімшілігі қазақ мектебіне тек аудармашылар мен іс қағаздарын жүргізушілер даярлауды жүктеді. Билік мектеп оқушыларының білім алуына, жаратылыстану ғылымдарын білуіне мүдделі емес еді. Әкімшілік мекемелер оқу мен күнделікті өмір арасында байланыс орнатуға құлықсыз болды. Мектеп тек орта білім беріп, тілді меңгеруге және құжат айналымына оқытуды қамтамасыз етті. Тіпті басшылық мектепке әскери тәртіп негіздерін енгізуді қажетсіз деп санады.

1868 жылы 21 қазанда «Орынбор генерал үкіметінің егістік аумақтарын басқару туралы уақытша ереже» жарияланды. Оның айтуынша: «1789 жылдан бастап қазақтардың дін істері Орынбор рухани басқармасына бағынса, енді ол азаматтық басқаруға көшті. Жергілікті халыққа білім беру және мешіт жанынан мектеп ашу үшін аудан басшысының рұқсаты қажет болды. Мешіттердің жанынан ашылатын мектептерді қырғыз (қазақ) қоғамдары өз қаражаттары есебінен қаржыландырып, ерікті түрде жүргізсін» [1].

Қазақстанның оқу жүйесінде XIX ғасырда ресми биліктен тәуелсіз шіркеу мектептері болды. Мұндай мектептердің негізгі мақсаты орыс халқының білім алуына және оларды православиелік рухта тәрбиелеуге көмектесу болды. 1867-1868 жылдардағы реформалардан кейін мұндай шіркеу мектептеріне жауапкершілік Далин, Орынбор және Түркістан жалпы үкіметтеріне берілді. Епархиялар мұндай шіркеу мектептерінің миссионерлік саясатты тиімді жүзеге асыруға айтарлықтай ықпал ететінін ескерді. Шіркеу мектептері қазақ балаларын орыстандыруға және шомылдыруға бейім болды. 1894 жылы қазақ өлкесіндегі приход училищелерінің саны Орал облысында 37-ге жетті. Мұнда 879 студент білім алды. 19 ғасырдың аяғына қарай Торғай уезінде 9, Жетісу уезінде 10 осындай мектеп болды [2]. Шіркеу мектептерінде христиандық діни білім беруге ерекше мән берілді. Сондықтан бұл мектептер жергілікті халық арасында ешқандай беделге ие бола алмады.

1872 жылы Ішкі Ордада 154 мұсылман мектебі болды. Жыл сайын 3821 оқушы өз мектептерін ашады. Мұсылман мектептері мен медреселерінде оқушыларға араб жазуы мен сызуын үйретті. Балалар Құранды жаттап, араб әліпбиінің әріптерін үйренді. Мұндай мектептер қазақ даласында кең тараған. 19 ғасырдың аяғына қарай рухани отарлаудың ықпалымен қазақтар балаларын орыс үлгідегі мектептерге берді.

1866 жылы 17 қазанда Мемлекеттік кеңес Бөкей Ордасының басшыларына қазақ балалары үшін 7 бастауыш мектеп ашуға рұқсат берді. Осылайша, 1868 жылы мынадай бір сыныпты мектептер ашылды:

1 қалмақ – Владимировка ауылында.

2 Қамыш-Самар – Жаңа Казанское ауылында.

3 Нарын – Ұялы көлінің аңғарында.

4 Талов – Талов ауылында (Қазталов).

5 Торғын – Хан Ордасында.

6 І - Приморск ауданында - Кокаревский кордоны аймағында.

7 II - Приморск ауданында - Бақалаев кордоны ауданында.

1896 жылы Бөкей Ордасында 24 орыс-қазақ мектебі болды, оның ішінде 2 екі кластық мектеп, 6 бір кластық ауылдық мектеп, 14 гимназия, 2 жеке мектеп және медреселер мен мектептерде 2 орыс сыныбы болды. Мұнда барлығы 708 студент білім алған. Мектептерде 629 қазақ, 64 орыс, 15 татар, 35 қыз оқыды. Студенттердің 167-сі қазына есебінен (мемлекеттік қаражат есебінен), 541-сі өз қаражаты есебінен оқыды [3].

XIX ғасырдың аяғында патша үкіметі түрлі оқу орындарын белсенді түрде ұйымдастыра бастады. Бұратанастың қыздарын оқыту да қолға алынған. Алайда қазақ қыздарын оқытқысы келмеді. Соған қарамастан 1883 жылы Хан Ордасында бір сыныпты әйелдер мектебі ұйымдастырылды. Онда 24 қазақ әйелі оқыған. Оқытушылар негізгі пәндерден бөлек, негізінен екі сағаттың ішінде қыздар қолөнерді үйренетін оқу сабақтарын жүргізді.

1893 жылы Үлкен Ганюшкинода екінші екі жылдық мектеп, 1895 жылы Басқұншақта орыс-қазақ мектебі ашылды. 1895-1896 жылдары Орданың әр жерінде 14 орта мектеп жұмыс істеді. 1883-1891 жылдар аралығында бүкіл Ішкі Ордада Халық ағарту министрлігіне қарасты мектептердің саны тұрақты болды. Барлығы 8 мектеп бар, олардың жылдық саны 149-дан (1884) 189-ға (1890) дейін жетеді. Халықтың білімге деген мұқтаждығынан көптеген мектептер ашылды.

19 ғасырдың 60-жылдарының басында (1860 ж. 2 ақпандағы жарғы бойынша) бекіністер жанынан мектептер ашылды: Троицкіде (1861 ж.), Торғай мен Оралда (1864 ж.). Торғай мектебіне мұғалім болып Ю.Алтынсарин тағайындалды. Орал облысындағы орыс-қазақ мектептерінің дамуындағы кейбір өзгерістер 1871 жылдан басталды. Сонымен қатар бір сыныптағы орыс-қазақ мектептері пайда болды (немесе олар болыс деп те аталды): Гурьевте (1879), Симбертте (1881), Қараобеде (1882), Индерде (1884) және т.б. 1881 жылы Бөрте ауылында ашылды (1885 жылы екі кластық мектеп болып, Ақтөбе ауылына ауыстырылды). 1888 жылы Ырғызда орыс-қазақ қыздар мектебі жұмыс істей бастады. 1890 жылы Орал облысында 2 екі кластық, 10 бір кластық орыс-қазақ мектебі жұмыс істеді. Торғай облысында 4 екі кластық және 5 бір кластық орыс-қазақ мектебі болды. 1892 жылы Қостанай уезінің No4 ауылында алғаш рет ауылдық мектеп ашылды. Жазда мектептер киіз үйлерде, ал қыста үйлерде орналасты. Мектеп қажеттіліктеріне небәрі 324 сом, оның ішінде мұғалімнің жалақысына 180 сом бөлінді [4].

19 ғасырдың екінші жартысында Қазақстанды толық отарлап алған патша үкіметі ислам дініне тосқауыл қойып, мұсылмандық білім саласын реттеу арқылы ғана бұратана халық арасында орыс мәдениеті мен тілін енгізе алатынына нық сенді. Ресей империясының исламға қарсы ресми саясатын екі кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезеңде, яғни 19 ғасырдың бірінші жартысына дейін діни кітаптарды таратуға ақша жұмсалып, мешіттер мен медреселер ашылып, ислам діні нығая түсті. Сол жылдары патша үкіметі әрбір ашылған мектепке 500 сом бөлді [5]. Екіншісінде патша үкіметі ислам дінінің таралуына шектеу қойып, жергілікті халықты шоқындыру арқылы орыстандыруға кірісті. Сондай-ақ Түркістан өлкесіндегі орыс әкімшілігінің өкілдері ислам дінін фанатизммен байланыстырып, қаралай бастады, баспасөз беттерінде түрлі мақалалар жариялады. Мысалы: «Түркістан өлкесіндегі ұлттық тәрбие» мақаласында С.М. Граменицкий мұсылмандық білім беру тарихына тоқталып, Ресей үкіметінің стратегиялық ұстанымдарын нығайту қажеттігі туралы пікір білдірді. Автор ислам дінін мүмкіндігінше сынап, оның білімге еш пайдасы жоқ екенін айтып, «Ислам тек христиан дініне ғана емес, ғылымға да зиян» деп жазады [6].

1874 жылы 20 қарашада Халық ағарту министрлігі барлық мұсылман оқу орындарының бағыныштылығы туралы қаулы шығарды. Онда мектептер мен медреселерді мемлекеттік оқу орындарының инспекторлары басқаратын оқу бөліміне бағындырған инспекторларға «біріншіден, жергілікті мұсылман қауымдары өз қаражаттары есебінен медреселер мен мектептердің жанынан орыс сыныптарын ашуды; екіншіден, мұсылман қоғамдары есебінен жаңа мектеп пен медресе ашу үшін бұл оқу орындарына орыс тілі мұғалімін алу керек; үшіншіден, мектептер мен медреселерде шетелдік оқулықтарды пайдалануға тыйым салу; төртіншіден, медресенің жалпы санитарлық-гигиеналық жағдайын қадағалауды тапсыру. бұл мектептер» [7].

1891 жылғы 30 маусымдағы жарлыққа сәйкес жаңа мектептер мен медреселер ашу үшін мемлекеттік оқу орындарының директорларының рұқсаты қажет болды. Көп ұзамай 1893 жылы шыққан Халық ағарту министрлігінің ғылыми мекемелері мен оқу орындары туралы жарғыға сәйкес Түркістан өлкесінің халық ағарту басқармасының рұқсатымен жергілікті мұсылман мектептері ашылып, олардың жанынан инспекторлар мен директорлар қызмет етті. аймақтағы мемлекеттік мектептер бақылауға алынды. Орыс отаршылдарының келуімен барлық мұсылман мектептерінің оқу жүйесі күдіктеніп, олар полицияның да, оқу-ағарту бөлімі қызметкерлерінің де бақылауына алынды.

1893 жылы 1 қаңтарда мектептер мен медреселерде тек орыс цензурасы бекіткен баспа оқулықтар ғана оқылсын деген қаулы шықты. Мектептер мен медреселерде қолжазба кітаптар мен шетелдік басылымдарды оқытуға тыйым салынды [8]. 1892 жылы 10 шілдеде мұсылман мектептерінде тек орыс цензурасы бекіткен баспа кітаптары ғана пайдаланылсын, ал мұғалімдер Ресейде білім алған орыс субъектілері болсын деген ереже шықты. Халық ағарту министрлігінің 1892 жылғы 10 шілдедегі қаулысы 1895 жылдың 1 қаңтарына дейін күшінде болды.Өйткені Ресейде білім алған орыс азаматының Түркістан өлкесіндегі мұсылман оқу орындарында жұмыс істеуі мүмкін емес еді.

1898 жылы Түркістан генерал-губернаторының бұрынғы көмекшісі Иванов басқарған арнайы комиссия бұл мәселе бойынша жаңа ережелер мен нұсқауларды белгіледі. Оған сәйкес Түркістан өлкесіндегі мұсылман мектептері облыстық және уездік басқармалардың құзырына беріліп, оларға есеп, бақылау мектептері жүктелді. 1899 жылы Түркістан генерал-губернаторы Духовский жергілікті әкімшілікке барлық мұсылмандық мекемелерді: мектептерді, мешіттерді, бейіттерді және т.б., сондай-ақ олардың мүліктерін анықтауға бұйрық берді; Ол өзінің тұрғылықты жерін, бұйрықтары мен мүридтерінің санын көрсететін ишандардың тізімін жасауды ұсынды. Биылдан бастап Түркістан ҚБ-ның учаскелік бастықтары мен учаскелік сот орындаушыларына және барлық облыстардағы мемлекеттік оқу орындарының инспекторларына халықтың рухани дамуы, мектептер мен медреселер саны, ұстаздар даярлайтын орындар мен медреселер туралы мәліметтер жинау тапсырылды. мектеп басшылары. 1899 жылғы деректер бойынша Шымкент қаласы мен Сырдария облысы облысындағы діни мекемелер мен оқу орындарының мәліметі бойынша Шымкент уезіндегі 15 болыста 171 мешіт, 32 кесене; Шымкент қаласында 30 шағын мешіт пен Джами атты үлкен соборлық мешіт бар екені хабарланды [9].

Духовской Сырдария, Ферғана және Самарқанд облыстарында Сырдария, Ферғана және Самарқанд облыстарында ашылған 119 орыс оқу орындарына қарсы 5246 мектеп пен медресе, ал облыста 42 православ шіркеуіне қарсы 11964 мешіт бар екеніне назар аударды. бұл көрсеткішті теңестіру қажеттігін атап көрсетті. Оның айтуынша, ислам діні түркі халықтарын орыстандыру мен шоқындыру саясатына қарсы біріктіретін қуатты рухани күш екенін жазған [10]. Патша үкіметі Түркістан өлкесін жаулап алғанға дейін мұнда тек конфессиялық мектептер болған. XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласында солтүстікте татар молдалары мен оңтүстікте өзбек ишандарының көмегімен көшпелі мектептер тез тарала бастады. 1892 жылы Наливкин көшпелілер мектептері туралы баяндамасында: «Осындай мектептер жаз айларында Түркістан өлкесінде жүздеген, мүмкін мыңдаған болатын» деп хабарлайды. Бұл көшпелі мектептердің тіркелмегендіктен нақты саны көрсетілмеген. 19 ғасырдың аяғында қазақтар арасында мектептердің қарқынды таралуы отарлық езгінің ұлттық санасының өсуіне ықпал етті деуге болады.

Дәстүр бойынша мұсылман оқу орындарында молдаларға арнайы жалақы төленбеген. Ата-ана тұрмыс жағдайына қарай молдаға айына бір-екі теңгеден «кокон» (20 теңге жәрдемақы) төлеуге келіскен. 1889 жылғы мәліметтер бойынша Перовск уезінде ата-ана молдаға жылына бір түйе, әр оқушыға айына 30 тиын төлейтін [11]. Қазалы қаласындағы мектептер татар және сарт қауымдарының қаржыландыруына байланысты ақша төлемеген. Алайда, Қазалы ауданындағы мектептерде ата-аналар молдаларға қой, жылқы, сиыр, кейде шапан түріндегі басқа да сый-сияпаттарды беріп, байлардың көшпелі киіз үйлерінде дәрістер оқылатын.

Мемлекеттік мектептерді құру және қаржыландыру жергілікті мұсылман қауымдарына қалдырылды, үкімет араласпай, мектеп бағдарламасына бақылау жасамады, қаржы бөлді. Мектепті діни жетекшілер басқарды және оның қаржылық қолдауы қоғам беретін вакф мүлкінен түсетін табысқа немесе мектептің күнделікті шығындарына негізделген.

Осылайша, жергілікті отаршыл билік тек саяси және моральдық тұрғыдан дұрыс мектептер ашып, балаларды оқытуға рұқсат берді. Тиісті рұқсаттары жоқ мектептер жабылып, мектептерді бақылау және ережелердің сақталуын қадағалау жергілікті әкімшілік пен білім инспекциясына жүктелді. Мемлекет мұсылмандық оқу орындарын ешқашан бақылаудан тыс қалдырған емес. Патша үкіметінің жүргізген орыстандыру саясатына жергілікті мұсылман халқы бей-жай қараған жоқ. Олар өз бетінше «құпия» мектептер ашып, рухани отарлауға қарсы шықты.

**Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Васильев А.В. Материалы к характеристике взаимных отношений между татарами и киргизами. – Оренбург, 1898. – С. 197-198.
2. Тажибаев Т.Т. Просвещение и школы Казахстана во второй половине XIX века. Алма-Ата, Казгосиздат. 1962. – С.50-52.

3. Адельбаев Н.А. Иcторичекский опыт становления и развития школьного образования в Казахстане в XIX – начале XX веков. Дисс. д-ра ист. наук. Уральск, 2010. – С.185.
4. Адельбаев Н.А. Иcторичекский опыт становления и развития школьного образования в Казахстане в XIX – начале XX веков. Дисс. д-ра ист. наук. Уральск, 2010. – С.214.
5. ҚР ОМА. 33 қ. 1 т. 50 іс. 24-25 пп.
6. Туркестанские ведомости. 1897, 22 июля (4 июля). – № 45.
7. Мырзалиева Э.Қ. Қазақстандағы мұсылман ағартушылығының мәселелері. Алматы, 2001. – 26 б.
8. Елеукенов Ш., Шалғынбаев Ж. Миссионерлікмерез. // Ақиқат. 1999. № 1. 68 б.
9. Мырзалиева Э.Қ. Көрсетілген еңбегі. – 31 б.
10. Егембердиев М.Ш. Ресей империясының Оңтүстік Қазақстандағы орыстандыру саясаты (XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басы). Тарих ғыл. канд. дис. Алматы, 2007. – 53 б.
11. Мырзалиева Э.Қ. Көрсетілгененңбегі. – 37 б.

ӘОЖ37.02:069.01;

## ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВТІҢ ӨНЕРТАНЫМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ

**Қ.Е.Ералин**
Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Өнер және білім факультеті, Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері кафедрасы,
педагогика ғылымдарының докторы, профессор
(Қазақстан. Шымкент қ.).

***Резюме***

*В статье раскрыывается жизни и искусствоведческая деятельность общественного деятеля, этнографа, ученого У. Жанибекова. Определены деятельности искусствоведа по выявлению особенности казахского прикладного искусства с точки зрения художественных традиций казахского народного прикладного искусства. Указывается результаты по определению этапы развития деятельности народных мастеров прикладного искусства казахского народа средствами искусствоведческого анализа арт обьектов. В ходе анализа творчество мастеров прикладного искусства принимает процесуальные, результативные методы исследования. В ходе оценки художественных изделий созланные народными мастерами прикладного искусства выражены с применением принципов которые отражают параметры измерения как: необходимость, эстетичность, эргономичестность, технологичесность. В первым результатом изучения казахского прикладного искусства этнографом искуствоведом былы раскрыта приемственности художественных традиций прикладного искусства казахов, а вторым результатом является изучение формы и методов организации музеев на основе изучение декоративно-прикладного искусства казахского народа.*

***Summary***

*Art history of Uzbekali Zhanibekov. The article reveals the life and art history of a public figure, ethnographer, scientist U. Zhanibekov. The activities of the art critic to identify the features of Kazakh applied art from the point of view of the artistic traditions of the Kazakh people are determined. The results are indicated to determine the stages of development of the activities of folk masters of applied art of the Kazakh people by means of art history analysis. In the course of analysis, the work of masters of applied arts adopts procedural, effective research methods.In the course of evaluating the art products of masters of applied art, measurement parameters are expressed using the principles: necessity, aesthetics, ergonomicity, technologicality. In the first result of the study of Kazakh applied art by the ethnographer, the artisan of the past revealed the acceptance of the artistic traditions of applied art of Kazakhs, and the second result is the study of the form and methods of organizing museums based on the study of decorative and applied art of the Kazakh people. Key words: art history, acceptance of art traditions, museum-art history, ethnomuseum, museum design.*

**Кіріспе**. Қазіргі жаһандану заманында әр халық өз мәдениеті мен өнерінің ерекшелігімен тарих аренасына шығу мақсатын жүзеге асыруға талпыныс жасауда, ұлттық өнерді танып білудің орны ерекше. Қазақ халқы Өзбекәлі Жәнібековтің қоғам қайраткері, этнограф ретінде танығанымен оның өнертанушылық қырларын біле бермейді. Ө.Жәнібековтің өнертанымдық қызметін тану, талдау,

қажеттілігінің артуы мен оны өзіндік ерекшелікке толы ғылыми өнертанымдық еңбектерін зерттеу, өнертанушы ретіндегі көркемдік талдау өлшемдерінің анықталмауы арасындағы қарама-қайшылық бізге проблеманы "Өзбекәлі Жәнібековтің өнертанымдық қызметі" деп анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеудің мақсаты: Ө.Жәнібековтың өнертанымдық қызметін талдау, зерттеушінің қазақ қолөнерін өнертанымдық талдау өлшемдерін анықтау, қолөнер бұйымдарын талдау ұстанымдарын айқындау, көркемдік талдау әдістемесін қолданысқа ұсыну. Зерттеу нысаны: Ө.Жәнібековтың өнертанымдық қызметін тану үдерісі. Зерттеу пәні: Ө.Жәнібековтың өнертанымдық қызметін талдау әдістемесі.

**Әдістеме**.Әлемдік өнертану ілімінде өнерді зерттейтін адамды өнертанушы деген. Ол адамның өнердің қай саласын зерттеуіне байланысты, сол өнер түріне сәйкес белгілі бір атау берілген. Қол өнерді зерттейтін адамды – қол өнер зерттеушісі, немесе қолөнер - өнертанушысы деп атаған. Біз Өзбекәлі Жәнібеков өмірі мен өнертанымдық қызметін зерттеуді үдерістік тұрғыдан, нәтижелік тұрғыдан талдау әдістерін негізге алдық. Зерттеудің басты ұстанымы ретінде жеке дара тұлғаның өнертанымдық қызметті қарастырылды. Бұл жағдай Ө.Жәнібековтің өнертанымдық қызметін ұйымдастырушылық-көшбасшылық қызметтерінің сапалық өлшемдерін анықтауға мүмкіндік берді. Өзбекәлі Жәнібековті өнертанушы ретінде тануды негіздеу барысында біз психолог, өнертанушы, тарихшы ғалымдар Р.Арнхейм, М.С Коган, А.А. Алехин, Ә.Марғұлан, С.Мұханов еңбектерінде ұсынылған қолөнер бұйымдарының көркемдік басты белгілері туралы әдіснамалық қағидаларға сүйену орынды. Ө.Жәнібековтың өнертанымдық қызметін талдау өлшемдерін анақтау барысында Г.Пранкиннің метрологиялық еңбектеріндегі өлшемдер туралы ұстанымдар басшылыққа алынады. Ағылшын ғалымы Р.Арнхейм өнертанудың бастауы, сызықтарды, дақтарды, нүктені қабылдаудан басталатынын көрсеткен, олардың қозғалысынан біздің қабылдауымызға негіз болатын көркемдік өлшемнің бірі болатынын айтқан[1.78]. Өнер тарихының көрнекті зерттеуші М.С Коган қандайда бір өнер нысанын зерттеуде өнер шеберінің өмір сүрген қоғамымен, халықтың ой пікірлерімен, сол елдің территориясымен, географиясымен, шаруашылығымен, салт-дәстүрімен ұлттық өнердің даму тарихымен байланысты қарастыру қажеттігін көрсеткен [2.14].Бұл ұсыныстар жеке дара өнер шеберінің еңбегін бағалаумен қатар, өнертанушының еңбегін бағалауға бағыт бағдар беретіні сөзсіз. Өнертанушы А.Алехин: бейнелеу өнерінің көркемдік сипатын көрсететін өлшем бірлігі – суретшінің образ сомдау шеберлігі екендігін айтқан [3.82].Бұл пікір де өнер сарапшысының еңбегінің бағыт бағдарын сипаттауға мүмкіндік беретін жағдай. Өнертанушы С.Мұханов зерттеу еңбегінде шығармадағы қолданыс тапқан ою-өрнектер, көркемдік өлшемнің бірі қыры ретінде тануға болатынын ұсынған.[4.65]. Қазақтың көрнекті ғалымы Ә.Марғұлан қазақ қолөнерін зерттеудегі қолданылатын көркемдік іс-әрекеттер нысандары: қашау, тоқу, соғу, тігу, иіру, ою, пішу, шөку, т.б. іс-әрекеттері шеберлік деңгейін көрсететін көркемдік өлшемдер ретінде таныған [5.45]. Біз қолөнер бұйымдарының көркемдік ерекшеліктерін бағалау өлшемдері ретінде: зат пішінінің, түсінің көрерменге беретін эмоциялық әсері, ұстаның материал өңдеу шеберлігі, бұйымның қажеттігін – көркемдік өлшем бірлігі ретінде қарастырамыз [6.39]. Осы ой пікірлер мен ұстанымдарды сараптау нәтижесі бізге өнертанушының көркемдік талдау өлшемдері мен деңгейін көрсететін бірліктерді анықтауға негіз болатын тұғырлар ретінде тануға болатыны алынды. Осы тұрғыдан алғанда Ө.Жәнібековтың өнертанымдық еңбегін бірнеше бағытқа бөліп көрсету өажеттігі туындайды, олар: бірінші ежелгі сәулет этнодизайны нысандарын зерттеу; екінші, ұлтық киімнің этнодизайнын талдау; үшінші, ұлттық киіз үйдің эстетикалық, тұтынушылық, эргономикалық ерекшеліктерін тану; төртінші: қолөнердің форма, материал, түс, фактура, жасалу технологиясын зерттеу.

**Зерттеу нәтижелері** бойынша: ғалым Ө.Жәнібековтің еңбектеріне өнертанымдық, ғылыми әдіснамалық тұрғыдан талдау жасалды; зерттеушінің өнертанымдық қызмет өлшемдеріне негіз болатын тұғырлары: қоршаған ортаның өнерге деген әсері, өнердің өзінің қоршаған ортаға әсер ету құбылысы, халықтың дәстүрлі кәсібі мен қол өнерінің қажеттігі, халық шеберлердің көркем еңбегінің әсемдігі әсерін ашу бойынша анықталды; қолөнер шеберлерінің еңбектерін зерттеу барысындағы өнертанушының жұмыс стилі, бағыттары, нәтижелері айқындалды; өнер зерттеушісінің қазақ қолөнерін ұлттық құндылық ретінде қолданысқа ендірудегі ұсыныстары анықталды.

**Зерттеу нәтижелерін талдау**: Ө.Жәнібековтің өнертанымдық қызметін талдау бес бағытқа бөліп қарастырылды. Олар: қолөнер нысанын қазақ қолөнер тарихымен байланысты зерттеуі; зерттеушінің ежелгі қазақ сәулет өнерін талдау жасауы танып білуі; архитептік мұралардың мәнін көркемдік талдауы; ұлттық мұражайдың этноэкспонаттарын қалыптастыруға басшылық жасау еңбегі; қолөнер шеберінің еңбегін өскелең ұрпақ тәрбиесінде ұлттық құндылық ретінде қолданудың бағдарлау іс-әрекетін тану болып табылады. Ө.Жәнібеков қазақ қол өнерін, оның шығу тарихын зерттеуге ерекше үлес қосқан ғалымның зерттеу нысаны қазақ қолөнеріндегі көркемдік дәстүр жалғастығы. Зерттеушінің зерттеу пәні қолөнердің ежелгі және заманауи дамуы бағытын анықтау

әдістемесі. Этнографтың зерттеу нысаны, ежелгі көркемдік дәстүрдің заманауи көркемдік дәстүрге өту үдерісі. Оның зерттеуінің мән мазмұны: қазақ қол өнерінің пайда болуы, халық өнерінің шығу тарихын, халықтың шаруашылық, тұрмыстық, салтанаттық, аңшылық салт-дәстүрімен байланыстыра зерттеу әдістемесі. Ол қазақ қолөнерін ежелгі көркем бұйымдарының даму тарихын ашуға ерекше үлес қосқан. Ұлттық бұйымдарға зерттеуші этнокөркемдік, эргономикалық, кеңістіктік талдау тұрғысынан баға берген. Ұлттық көркем бұйымдардың тұрмыстағы қажеттілігін, кеңістіктік көрініс әсемдігін, пішінінің мәні мен қолданысқа қолайлылығын, шебердің материалдарды өндеудегі шеберлігін – зерттеуші Ө.Жәнібеков қолөнер нысанын қолөнер шеберінің деңгейін бағалаудың негізгі өлшемдері ретінде таныған. "Жаңғырық", "Жолайрықта" атты танымдық кітаптар жазу барысында осы көркемдік өлшем бірліктерін қолданған. Өнертану ілімі – өнер тарихы, өнер теориясы және өнер саны болып үш бағыттан құрамдалады. Осы тұжырымға сай біз Ө.Жәнібековтің зерттеу еңбектерін өнер тарихына байланысты мәселелерді қарастырған, қолөнер бұйымдарын бағалау бойынша зерттеу нәтижелері ерекше назар аударады.

Этнограф ғалымның "Қазақтың ұлттық қол өнері"(1982), «Уақыт керуені»(1992), «Қазақ киімі»(1996), "Жолайрықта"(1996), "Эхо"(1991) атты кітаптары қазақ қол өнерінің алғашқы нұсқаларының пайда болуы, қалыптасуы, дамуы проблемаларын зерттеу нәтижесінде жазылған еңбектер, қазақ қол өнері тарихына қосылған ауқымды үлес болып танылады. Осы тұжырым ұлттық қол өнер мен сәулет өнерінің өткені мен бүгінін зерделеген, өнер нысандарына, тұтынушылық, әсемдік, технологиялық, қолданыстық-бейімділік қырларына көркемдік өлшемдік тұрғыдан сипаттама берген. Ө.Жәнібековтің қазақ қолөнері саласындағы зерттеу қызметтерін сараптай келе зерттеуші қызметін "өнертанушы" қызметімен бірме-бір сәйкес келетін іс-әрекеттер деп танимыз. Сондықтан Ө.Жәнібековтің қазақ қолөнері саладағы өнертанушының бірі және бірегейі деп айтуымызға толық мүмкіндік береді. Егер осыған Ө.Жәнібековтің мұражай қолөнері дизайнын ұйымдастырумен байланысты еңбектерін қосатын болсақ, зерттеушінің өнертанымдық еңбегінің салмағы онанда арта түседі.

Өнертанушы ғалым қолөнер мен мұражай жүйесімен байланысты іс-әрекеттерімен айналысатын халық шеберлері мен этнодизайнердің басын біріктіріп, мұражай саласына топтастыра білді. Бұл орта сонымен қатар кезінде халқымыздың тұрмысында қолданған, қазір ел жадынан шығып, архитептерге айнала бастаған, жоғалған, ұлттық құндылықтарымызды археологиялық қазба жұмыстарынан табылған бұйымдардың көне пішіндерін тауып, оны жаңғыртып, қайта қалпына келтіруге басшылық жасау, кадрлар даярлау қызметін ұйымдастыру бағытындағы еңбектері ғалымның өз алдына жеке қарастыратын зерттеу проблемасы болды. Ө.Жәнібековтың осы бағытта ұлттық құндылықтарды зерттеумен қатар жаңа шеберлер есімдерін жарыққа шығарды. Қазақ халқының ою-өрнектерімен дәстүрлі үлгілерін ел ішінен іздеп тауып, оларды жинақтап заманауи тақырыптарға композиция жасаған, оларды халыққа ұлттық құндылық ретінде ұсынғандардың бірі Ғани Иляев болды. Осы кезде ежелгі Отырар пешін қалпына келтіріп, заманауи қазақ қыш өнерінің дамуына үлес қосқан белгілі шебер Кендебай Қарабдалов еңбегін ерекше атау орынды. Қазақстан мұражайының қалыптасуы мен дамуына үлес қосқан этнодизайнер, мұражай дизайнын қазақ елінде дамытуға шексіз үлес қосқан, этнодизайнер Аманжол Найманбаев болды. Мұражай дизайны шығармашылығының Қазақстан қалаларында дамуына Ө.Жәнібековтің өнертанымдық мұражайтанудағы басшылық ықпалы мол болды. Ол Алматы, Астана, Түркістан, Арқалық, Қостанай т.б. көптеген қалалардағы мұражайлардың безендіруін, ондағы ұлттық құндылықтарды халыққа өнертанымдық тұрғыда таныстыратын орынға айналдыру бағытында жасаған еңбектері ерекше назар аударатын нысан. Ө.Жәнібековтің бастаған ұлттық дәстүрлі қол өнерді заманауи талаптарға сай қайта жаңғырту идеясын қолдап, оны өз шығармашылығына арқау еткен даңықты өнер шеберінің бірі Дәркенбай Шоқпаров. Д.Шоқпаров кезінде қолданыстан шығып қалған, ұмытыла бастаған, ұлттық бұйымдарды қалпына келтірді. Көне бұйымдарды жаңа технологияларды қолданып жаңғыртып қайта жасап шықты. Дәстүрлі қол өнер мен заманауи қол өнер трансформациялық жалғастығы Ө.Жәнібеков есімімен байланысты. Қолөнерді ұлттық этноқұндылық ретінде халыққа көрсете білген, оны ел тарихымен байланыстырып таныткан халықтық қолөнердің өнертанушысы Ө.Жәнібеков болды. Қолөнер нысандарын ел ішінен іздеп табу, олардың кескін келбетін қайта жаңғырту, бұйымдар тарихын хатқа түсіру, бұйымдарға өнер нысаны ретінде көркемдік талдау жасау жолдарын көрсету - зерттеушінің басты ұстанымы болды.

**Қорытынды.** Қоғам қайраткері, этнограф, ғалым Ө.Жәнібековтің еңбектеріне ғылыми-әдіснамалық, өнертанымдық тұрғыдан талдау жасауға негіз болатын тұғырлары: қоршаған ортаның өнерге деген әсері, халықтың дәстүрлі тұрмысы, өнеркәсібі, қолөнерінің қажеттігі, халық шеберлердің көркем еңбегінің әсемдігі бағыттары бойынша анықтауға мүмкіндік берді. Осы істердің нәтижелерін

сараптау ғалымның еңбегін өнертанымдық тұрғыда тануға негіз болды. Ө. Жәнібековтің қолөнер шеберлерінің қызметін талдауы, қолөнер бұйымдарына берген сипаттамалары оның өзіндік өнертанымдық жұмыс стилин айқындады. Өнертанымдық жоба негізінде даярланған ұлттық құндылықтарды қолданысқа ұсыну іс-әрекеті мұражайтану қызметінің бастауына жол ашты. Өзбекәлі Жәнібековтың халықтың қолөнер шеберлерінің қызметтерін талдау нәтижелері, көркемдік білімдер көлемін қазақ сәндік қолданбалы өнер саласы бойынша толықтырды. Ө. Жәнібеков қазақ сәндік қолданбалы өнерін зерттеудің өнертанымдық өлшемдерінен құрамдалған талдаулар өнертанымдық талдау моделін анықтауға мүмкіндік берді. Соның негізінде Ө.Жәнібековтың қазақ қолөнер бұйымдарының эстетикасын, қажеттігін, эргономикасын қабылдауға негізделген, жеке өнер тұлғаның өнертанымдық қызметін талдау әдістемесі жасалды. Қолөнер бұйымдарын талдау тәсілдері мен ұстанымдарын айқындау, талдау әдістемесін даярлап қолданысқа ұсынуға жағдай туындады. Сондықтан этнограф, ғалым Өзбекәлі Жәнібековтің қызметінің бір бағытын өнертанымдық қызмет деп айту орынды.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Арнхейм Р. Искусство и визуальное восприятие. – М.; 1922. – 140 с.
2.Каган М.С. // Избранные труды: в 7 т. Проблемы теоретического искусствознания и эстетики. – Санкт-Петербург: ИД. «Петрополис», 2008. – Т., 5. – 897 с.
3.Алехин А.С.Об языке изобразительного искусства.М.Художник.1967.-127 с.
4. Мұханов С.Халық мұрасы:Тарихтық-этнографиялық шолу.Алматы:Жазушы,2005.–304 б.
5.Маргулан А. Казахское декоративно прикладное искусство.Алматы, Өнер, 1982 – 360 с.
6.Ералин Қ.Е. Бейнелеу шығармаларын бағалау. Түркістан, Ясауи университеті.2019- 220 б.

ӘОЖ(574)

## ҒҰНДАР ЖАЙЛЫ ЖАЗЫЛҒАН ДЕРЕКТЕРДІ САЛЫСТЫРУ

**Агулыкова У.А., аға оқытушы,тарих магистрі.**
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент,Қазақстан

***Резюме***

*В статье на основе анализа западных и восточных источников рассматривается не столько политическая история, а бытие и мировоззрение гунов, первоначально населявших территорию Монголии,угрожавших своими набегами государству Цинь, тем самым способствовавших строению Великой китайской стены, своим переселением до самой Европы ставших толчком Великого переселения народов, а также причиной распада Римской империи и кризиса рабовладельческого строя.*

***Summary***

*Based on the analysis of Western and eastern sources, the article examines not so much the political history, but the existence and worldview of the Huns, who originally inhabited the territory of Mongolia, threatened the state of Qin with their raids, thereby contributing to the construction of the Great Wall of China, their resettlement to Europe itself became the impetus for the Great Migration of peoples, as well as the cause of the collapse of the Roman Empire and the crisis of the slave-owning building.*

Әр халықтың тарихта алатын өзіндік орны бар.Халықтарды бір-бірінен ерекшелендіретін олардың өмір сүру жағдайы, дүниетанымы, менталитеті, мінез-құлқы, салт-дәстүрлері. Ежелгі гректер мен римдіктер антикалық өркениетті дүниеге келтірсе, Оңтүстік Америкадағы үндіс тайпалары мен египеттіктер құпиясы ашылмаған өнерімен небір таңғажайып сәулет туындыларын - алып ескерткіштерді кейінгі ұрпақтарға мұра етіп қалдырды. Бір халық жаугершілігімен белгілі болса, енді бірі жихангерлігімен , үшіншілері медицина , астрономия, математика ғылымдарындағы жетістіктерімен аты қалған. Меніңше белгілі тайпаның адамзат тарихындағы қол жеткізген табыстарға жетуіне әйтеуір бір сәйкестіктің, түрлі жағдайлардың салдарынан гөрі сол тайпаның өзіндік дүниетанымы, менталитеті, белгілі бір саладағы қабілеті мен бейімділігі жетелеп, ықпал

ететін факторға айналады. Халықтардың Ұлы көшін тудырып, сонау Азия кіндігінен шыққан ғұндар туралы не білеміз? Әрине ғұндардың саяси тарихы көпшілік қауымға мәлім. Сондықтан ең алдымен деректердің тілімен ғұндардың дүниетанымына, өмір сүру салтына тоқталайық. Ғұндар қытай жазба деректерінде алғаш рет б.з.б.XYIII ғ. кездесіп, одан кейін б.з.б. 822 ж. мен б.з.б. 304ж. сөз етілген. Мұндағы ғұн деп отырғанымыз Азия хұндары, ал ғұн Европаға қоныс аударған хұндарға еуропалықтардың берген атауы екендігі белгілі. Соның ішінде б.з.б. 822 ж. ғұндар алғаш рет қытай «Жыр кітабында» ғұндардың өздеріне жасаған шапқыншылығында суреттеледі.Бұл ғұндардың алғаш бас көтеруі еді. Қытайлықтар өлеңде өздерін мақтағанымен өлең жырларынан соғыстың оңайға түспегенін көреміз.Сол кездегі қытай прозасында ғұндар «тәңірінің тәкаппарлары» және «жауыз тұтқындар» деп аталды. Қытайлықтардың Ұлы қорғанды салуының өзі ғұндардың қауіпті көрші болғандығының айқын дәлелі.Ғұндармен болған бір шайқасты қытай жыр өлеңіндегі мына жолдар былай сипаттайды: «Пыхн - Ченнің түбінде қасіреттен қамалдық, жеті күн бойы дәм татпай садақты да ата алмадық.» Сарматтардың соққылау тактикасына ғұндар дұшпанды әбден титықтату тактикасын қарсы қойды. Олар қолма - қол айқасты қабылдамайды, бірақ соғыс даласын тастап кетпейді де, дұшпанға оқ жаудырады немесе оларды алыстан арқан тастап, сүйрей жөнеледі. Сонда олар соғысуын бір сәтке де тоқтатпай, «ажал аранын күллі кеңістікке жайып жіберді.», - деп жазады деректер[Гумилев Л.Н. «Хұндар», " Қазақстан " 1998ж. 42-78 бб.] YIғ. өмір сүрген гот тарихшысы Иордан «аландарды тынымсыз күрес тартыспен қалжыратып барып, жаулап алғандығын » баяндай келе ғұндардың жеңімпаз болуының себебін былай түсіндірген: «Мүмкін олардың жеңіске жетуде соғыстан гөрі қорқынышты түрлерімен үлкен үрейді тудыруы себеп болған шығар; олардың қаһарлы сырт көрінісі қатыгез руһтарын білдіртіп тұрды... Бойлары онша биік емес, бірақ іс - әрекеттері шапшаң әрі атқа салт мініп жүруге өте бейім; кең жауырынды , садақ атуда епті және мойындарының мықты болуының салдарынан үнемі паң, тік жүреді. Адам кейпінде бола тұрып жануарлардың жабайылығында өмір сүреді.» [Непомнящий Н.Н. «Тайны Древнего мира»-М.:Вече,2006ж. 128-132 бб.] Ғұндардың ысқыратын жебені пайдаланғанын және шебер садақшы болғандығын қытай деректері де растайды. Соғыс даласына байланысты қабылданған ғұндардың хұқық жүйесінде мынадай мәселелер қамтылған: «Ұрлық жасап, кінәлі болған адамның жері алынады. Шайқаста жаудың басын шауып алған немесе оны тұтқынға алған адамға бір кеспек шарап сыйланады, қолға түсірілген олжа соған беріледі, ал тұтқынға алынғандар соның құлдары мен күңдері етіледі.Ұрыс даласында қаза тапқан адамның сүйегін әкелсе, оның отбасының бүкіл мүлкін сол алады.» [Таскин В.С. «Скотоводство у сюнну по китайским источникам.»//Вопросы истории и историографии Китая. М.,1968 ж. 31-32беттер] Сонымен бірге кімде - кім ұрлық әлде басқа қылмыс жасайтын болса, бетін тілетін болған . Тілген жер өмір бойы тыртық болып қалатын. Ғұндардың 24 тайпасын б.з.б. 209ж. біріктірген, ғұн мемлекетінің күшеюіне үлкен үлесін қосқан Мөденің билік басына қалай келгендігін қытай тарихшысы Сыма Цяньның еңбегінен білеміз. [Қазақстанның өткені: деректемелер мен материалдар бойынша, І-жинақ, 125 б.] « Мемлекеттің негізі - жер» деген Мөденің сөзі бүкіл ғұн мемлекетінің өмір сүрген кездегі ұстанымына айналды. Л.Н.Гумилев Мөденің билік басына келіп, мемлекетті біріктіргеннен кейін енгізген өзгерістерін Шыңғыс ханның реформасынан кем санамады.Мөденің әскерді ондыққа , жүздікке, мыңдыққа бөліп, реттеп қатаң тәртіп орнатқаны белгілі. Сонымен бірге Л.Н.Гумилев жалпы көшпелі мемлекеттер тайпалық одақ немесе әскери тәртіпке бағынатын орда, адам нөпірі деген тұжырыммен келіспей, ғұндар руларға бөлінген тайпа деді. Қытай деректері ғұндарды «Бірде үлкейіп, бірде кішірейіп отыратын мемлекет» деп сипаттаған. Деректерге сүйенсек б.з.б. І м.ж. ғұндар отырықшы шаруашылықтан гөрі көшпелі шаруашылықпен айналысқан.Б.з.б.330 -400 ж.ж. өмір сүрген рим офицері мен тарихшысы Аммиан Марцеллин «Іс-қимылдар» деген еңбегінде былай жазған: «Ғұндардың шыныққаны соншалық, оларға оттың , адамның тәбеті шабатын етіп әзірлеген тамақтың да керегі жоқ, олар жабайы өсетін шөптердің тамырымен , қандай малдың болса да шала піскен етпен қоректенеді, етті олар аттарының сауырына , өздерінің беліне байлап жүріп, оны аздап кептіріп алады.»[Тарих-адамзат ақыл ойының қазынасы, 2-том,257-288беттер,Астана,Фолиант,2005ж.] Н.Непомнящий «Тайны Древнего мира» еңбегінде Аммианның бұл сөзімен келіспейді. «Хұндар, - деп жазады Н.Непомнящий,- мал шаруашылығымен айналысты, сондықтан қойдың, жылқының піскен етімен беймарал қоректене алатын еді. Ал «аттарының сауырына қоятын кепкен еті» туралы айтатын болсақ онда тарихшы көшпелі тайпалардың көпшілігі ер-тұрманнан қажалған аттарының арқаларын осындай әдіспен емдегендігін білмеген болса керек.» [Непомнящий Н.Н. «Тайны Древнего мира»-М.:Вече,2006ж. 128-132 беттер.] «Ғұндар, - деп жазды Аммиан,- ешқашан қандай болса үйді паналамайды. Олар таулар мен ормандар арасында көшіп жүреді, суыққа, аштық пен шөлге төзуге бесігінен бастап

үйренеді... Ешқандай қалыпқа салмай тігетін аяқ киім олардың жүруін қиындатады. Сондықтан жаяу соғысқа жарамайды; оның есесіне оларды өздерінің төзімді, бірақ көрер көзге сүйкімсіз көрінетін аттарына құйып қойғандай деуге болады...Олар күндіз-түні аттан түспейді, сауда-саттығын да ат үстінде жүріп жасап, сонда отырып ішіп-жейді, аттың иілген мойнына еңкейіп ұйықтайды және қатты ұйықтайтыны сонша, тіпті түс те көреді.Олар мәслихатты да ат үстінде отырып жүргізеді. Олар өздеріне қатаң патша билігін жүргізу дегенді білмейді, бірақ өздерінің қайсыбір ақсақалдарының кездейсоқ басшылығына көніп, жолында кездескендердің бәрін қиратып кетеді...Олардың ешқайсысы егін екпейді және ешқашан соқа көрмеген. Белгілі тұрақты мекені де, үйі де, заңы да немесе тұрақты тұрмыс салты да жоқ, олар мәңгілік қашқындар сияқты, киіз үйлерімен көшіп, өмірін соларда өткізеді;Соларда әйелдері киім-кешектерін тоқиды, балаларын есейгенше емізеді. Қайда туғанын сұрасаң олардың ешқайсысы жауап қайтара алмайды: ол бір жерде бойға бітеді, ол жерден қашықта туған, одан да қашықта өскен.» Бірақ ғұндар егіншілікпен мүлде айналыспады деуге болмайды. Себебі Қытай қорғанының маңында ғұндардың қоныс еткен аймақтан археологтар дәнді уатқыш құралдар тапқан.Сонымен бірге ғұндардың сусыны тек қымыз, шұбат қана болмай, олар астық өнімдерін пісіріп , ашытып, ашытқылар яғни көже дайындаған. Дәнді- дақылдардан ең көп пайдаланғаны-тары еді. Сонымен қатар б.з.б. IIIғ. ғұндар сұңқармен аң аулауды білген.Көшпелі өмірде арбалы киіз үйі - баспанасы болған.Жалпы көшпелі өмірді таңдаған халықтың менталитеті, дүниетанымы отырықшы тайпалардан өзгеше болады.Олар байлыққа, сән-салтанатқа құмар болмайды. Тіпті бүкіл варвар тайпаларын өзіне бағындырған Аттила рим тарихшысы Присктың сөзіне жүгінсек жаулап алынған қалалардан гөрі, ағаш тақтайшалардан жасалған дуалмен қоршалған ауылды аймақты өзінің тұрағына айналдыруды жөн көріпті. [Тарих- адамзат ақыл ойының қазынасы,2-том,257-288беттер,Астана,Фолиант,2005ж.]Ғұндар деректер бойынша жаңадан туған ұл баланың сақал өсетін жерін яғни иегінің терісін тіліп тастайтын болған.Мұндағы мақсаты есейген кезде соғыс барысында сақалын қырып, сәнденіп, уақытын босқа кетіріп, назарын аудармас үшін. Г.Дерфердің айтуы бойынша, ғұндар баласын «kutu» деп атаған. Бұл түркі тіліндегі «құт» (байлық, дәулет) деген сөзбен дыбыстас сөз. Мағына жағынан алғанда да бұл өзінен туған ұрпағын қара шаңырағының құты, байлығы есептейтін ата-баба дәстүріне сәйкес келеді.Яғни ғұндардың ұрпағына деген көзқарасы айқындалып тұр. Жалпы бесік бөлеу, көкпар тарту, алаша тоқу, бәйге шабу, қойдың басын сыйлы қонаққа беру ғұндардан жеткен дәстүр.Тіпті еуропалықтарға, ат үстінде отыруға ыңғайлы болатындай етіп жасалған шалбарды таныстырған да осы ғұндар. «Жер-Ананың» төсін ауыртпау ниетімен ғұндар өкшелі аяқ киім кимеген.Бұдан біз ғұндардың Жер-Анаға деген ыстық ықыласын, жерін құрметтегенін білеміз. Осы уақытқа дейін ғұндардың әскери техникасы, қару жарағы, қолөнері,бейнелеу өнері, әдет-ғұрпы ғылымда түпкілікті зерттелген жоқ. Ғұн өнеріне, соның ішінде қолөнері мен бейнелеу өнеріне археолог С.И.Руденко, қол өнерін И.П.Засецкая сияқты Ресей ғалымдары мен әйгілі тарихшымыз , академик Ә.Х.Марғұлан көп көңіл бөлген болатын.Әттең, ол кісі осынау аса игілікті істі аяқтай алмай кетті.Ғұндар зергерлік өнерде полихромдық әдісті пайдаланды. Олардың зергерлік туындалардан бізге жеткен асқан шеберлікпен жасалған 92 бұйымы Санкт-Петербургтегі Эрмитажда сақтаулы. Ғұндарды кейде «күн балалары» деп те атаған.[ Қыраубайқызы А. «Ғасырлар мұрасы» А.,1998ж.]Олар Көк тәңіріне, Күнге табынған. Л.Н.Гумилев ғұн тәңірқұты күніне екі рет таңертең – күнге, кешке айға сыйынған деп жазады. [Гумилев Л.Н. «Хұндар», " Қазақстан " 1998ж. 42-78 беттер.] Деректерде ғұндардың жылына үш рет «Айшықтарға» жиналу дәстүрі қалыптасқан еді деп жазылған. Яғни бірінші, бесінші, тоғызыншы айдың «сюй» деп аталатын күндері аспан рухына құрбандық шалатын еді, бұл жиындарда билеушілер мемлекет істерін талқылап, ат бәйгесін , түйе бәйгесін қызық көріп уақытын өткізетін. [Бичурин И.Я. «Собрание сведений о народах обитавших в Средней Азии в древние времена» Т.-II. М.-Л., 1950ж. 119 бет.] Құмалақ ашып жоритын ерекше өнер де қыпшақ мәдениеті арқылы ғұндардан бізге жеткен өнер болатын. Белгілі тарихшылар Приск, Иордан және басқалар бұл туралы көп жазды. Аттила әрбір шайқастың тағдырын балгерлеріне құмалақ аштыртып, күні бұрын біліп отырған.[С.Өтенияз. «Аттила» А., 2000ж.] Сондай-ақ ғұндар қойдың жауырын сүйегімен де жоритын болған.Жаңа іске кірісерде ғұндар айлар мен жұлдыздарға қарап жоритын. Кәрі жілікті киелі сүйек деп есептеген.Абель Ремюза, Г.Дерфер, Пельо сынды ғалымдар ғұндардың тілін түркі тектес тілдерге жатқызады. Қарап отырсақ көп деректер ғұндарды тек соғысуды ойлайтын жабайы халық ретінде суреттеген

Ғұндардың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүріндегі кейбір ерекше түрлерінің бұл күндегі бірден-бір мұрагері қазақ халқы.

Қорыта айтсақ, ғұндардың көшпелі өмірдің негізінде қалыптасқан дүниетанымы қызығушылықты тудыратын, зерттеуді қажет ететін бөлек бір дүние.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1.Гумилев Л.Н. «Хұндар», " Қазақстан " 1998ж. 42-78 бб.
2.Непомнящий Н.Н. «Тайны Древнего мира»-М.:Вече,2006ж. 128-132 бб.
3.Таскин В.С. «Скотоводство у сюнну по китайским источникам.»//Вопросы истории и историографии Китая. М.,1968 ж. 31-32бб.
4.Сыма Цянь. Избранное.-М., 1956 ж.
5.«Қазақстанның өткені: деректемелер мен материалдар бойынша»I- жинақ, 120-135 бб.
6.Тарих- адамзат ақыл ойының қазынасы,2-том, 257-88беттер,Астана,Фолиант,2005ж
7.Қыраубайқызы А. «Ғасырлар мұрасы» А.,1998ж.
8.Бичурин И.Я. «Собрание сведений о народах обитавших в Средней Азии в древние времена» Т.-II. М.-Л., 1950ж. 119 бет.


ӘОЖ 94 (574)

## ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МӘДЕНИ ЕСКЕРТКІШТЕРДІҢ ҚОРҒАУШЫСЫ ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫСЫ


**Алдаберген М.Н.**
т.ғ.к.,қауымдастырылған профессор(доцент).
**Көбелдесова Ұ.А**
тарих магистрі, Шымкент қаласы
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті


Өзбекәлі Жәнібековтің тарихи – мәдени ескерткіштерді қорғаудағы жұмыстарға оның мәдени орындарға жанашырлығынан да байқалады. Торғайдағы облыстық әуезді драма театрының, облыстық тарихи өлкетану мұражайының, Республикалық халық аспаптары мұражайының Өзбекәлі Жәнібеков есімімен байланысты.

Белгілі қоғам және мемлекет қайраткері Өзбекәлі Жәнібек – ірі музейтанушы болатын. Музейтанушы дегеніміз де ол кісінің бұл саладағы сан – салалы еңбегін бағалауға тараңдау ұғымы секілді. Ол кісі, шындығында, Қазақстана музей ісінің ірі ұйымдастырушысы бола білген еді.

Музей – әрі мәдениет, әрі ғалым, әрі өнер. Осы үшеуінің бірлігінен барып туатын музей – әрбір қлттың, әрбір мемлекеттің бетке ұстар мәденитет үлгісі, ғылыми ордасы болып табылады.

Өзбекәлі Жәнібек – тарихи өлкетану бағытындағы іргелі музейлерден салалық музейлерге дейін ұлттық сипат дарытып, ұлттық музей жасаудың ғажап үлгісін көрсеткен мәдениет қайраткері. Ол – музейдің концепциясын жасаған теоретик. Қазақстандағы музей Өзбекәлі Жәнібектің ғылыми – теориялық концепциялық ойының жемісі.

Мәдениет министрлігінде музей ісіне ресми басшылық жасаған Қараман Сәлменұлы былай деді: «Қазақстанда жасалар музейдің басшы – қосшы – ұйымдастырушыларын Өзекең өзіне алдын – ала жинайтын, мәдениет министірінің орынбасары ретінде олардың пікірін тыңдайды. Асықпай тыңдап алып, соңынан бұл музей меніңше мына бағытта жасақталуы керек деп өз пікірін айтатын. Шет елдердегі музейден мысалды молдап келтіретін. Мынандай әдебиеттерді оқып шығуларыңызды өтінемін деп белгілі, белгісіз бірсыпыра ғалымдар еңбегін айтатын. Музей концепциясын осыларға сүйеніп жасайық. Ол мына бағытта жасалсын – дейтін. Музейдің концепциясын қолмен қойғандай анықтап, айтып беретін – дейді, - Жоба жасалып келген соң өзі оқып, өңдейтін. Өңдеуі де қызық.

Музей – қазақ халқының тұрмыс – салтына кейіндеп келіп, кенжелеп енген мәдениет үлгісі. Әрине, қазақтың тұрмыс толы экзотика, өмір – тіршілігі көшпелі сипатта өрістеген қазақ халқы бүгінгі күн ұғымына сай айтылатын, бүгінгі күн талабына жауап берелік музей жасамағаны белгілі. Осы жайларды оқып біліп те, күнбе – күндік қызметте бетпе – бет келіп қалып жүріп те айқын сезінген Ө. Жәнібек қазақтың материалдық заттық игіліктерін белгілі бір шаңыраққа жинақтап, түрлі музейлер жасады. Комсомол музейі, Торғай облыстық өлкетану музейі, С. Мұқановтың мемориалдық музей – үйі, Жамбылдың әдеби – мемориалдық музейі, Жамбыл ауданындағы әдеби кешендер, Абай атындағы академикалық опера және балет театры, М. Әуезов атындағы академикалық драма театры жанындағы

музейлер, Ұлттық саз аспаптар музейі, Отырар кешенді археологиялық қорық музейлері тікелей Өзбекәлі Жәнібектің жанашырлық қамқорлығымен (идеясымен) жасақталған болса, Қазақстан бойынша Республикалық Орталық музейі, облыстық өлкетану музейлерінің жаңа экспозициясы – тақырыптық – экспозициялық жоспарынан бастап, қайта жасақталуына дейін аталмыш айтулы азаматтың тікелей қамқорлығы арқылы жүзеге асты. Өзбекәлі Жәнібек Мәдениет министрінің орынбасары болып келген кезінде Қазақстанда небәрі отыз шақты музей болса, ол кісі өзге салаға қызметке ауысқан шағында республикада музей саны жетпіс тоғызға жетті, филиалдарын қосқанда жүзден асып жатты. Өзбекәлі Жәнібек – министрдің орынбасары болып қызмет атқарып тұрғанда иесіз қалған музей ісіне ие пайда болды. Ол музей ісінің иесіне, тіпті бір киесіне айналды. Музей ұғымы ескі – құсқыны жинақтаушы орыннан ұлт мәдениеті үлгісі ұғымына айналып жаңа өмір бастады.

Сол кезеңнің үздік жетістіктерінің бірі Түркістандағы «Әзірет Сұлтан» қорығындағы Ахмет Иасауи сәулет ғимараты болып табылады. Алты ғасыр бойы бұл құрылыс жұрттың өзінің көлемімен, құрлымының мінсіздігімен, сөзбен жеткізе алмайтын бірегейлігімен, қайталанбас әшекейлі нақыштарымен таң қалдыруда. Аспанымен тірескен көк күмбез, мүлтіксіздіктің шегіне көрінетін қырлы күмбез, эпиграфиялық бас құр, полихромды плиталарданқұрастырылған төсем, айрықша безендірілген гүлдаста бағаналар күнмен шағылысып ерекше әсер қалдырады.

«Әзірет Сұлтан» қорық мұражайының қорындағы ортағасырлық құнды жәдігерлерді зерттеу мен зерделеу жұмысына соңғы жылдары барынша назар аударылып, оларды халқымыздың рухани игілігіне айналдыруда біршама игілікті істер атқарылуда. Оларың ішінде Қожа Ахмет Ясауи бабамызға қатысты жазба ескерткіштерімен қоса, сонымен қатар заттай да тарихи құнды материалдар бар.[1.70-72]

Әулие бабамыздың атымен байланысты мұражай қорындағы ортағасырлардан сақталған қола (Тайқазан, шырағдандар, Лауха мен Есіктер) және ағаш бұйымдармен қоса және де бір Ясауидің атымен байланысты көне құнды жәдігер Қабіржапқыш ӘСММ КП № 64 (көне инв. №.ТК 655 ҚР ООМ) сақтаулы. Қабіржапқыш ортағасырлық қолданбалы өнердің озық туындысы болып табылады. Ол жасыл түсті барқыт, не беті аздап түктелген қолдан тоқылған түйе жүн матаның бірнеше бөліктерінен құралған да, бетіне өте жұқа да сапалы иленген тері мен жібек матадан жапсырма өрнектер салынып, олардың жиектері алтын, күміс жіптермен зерленіп кестеленген өрнектер салынған. Өрнектер бетіне араб жазбалары өсімдік тектес өрнекпен әсемделіп, сульс қолтаңбасымен түсірілген. Қабіржапқыштың сақталған жалпы көлемі 318х210см., ал өзінің толық өлшемі шамамен 360 х 260 см. болуы мүмкін, себебі жапқыштың бір қанатындағы жалғама бөлігінің тек ішінара бөлшегі ғана сақталған.[2]

Қабіржапқышты Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне, яғни әулие бабаның құлпытасына қашан, кім әкеліп жапқаны туралы және оның қай жерде дайындалып кестеленгендігі, шеберлері туралы ешқандай деректер кездеспейді. Қорық мұражайының кіріс кітабында ол 1978 жылдың 18 тамызындағы №3 актісі бойынша қабылданып, КК№ 64-ші тіркеу номерін алған. Акт бойынша Қабіржапқыш Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің 1978 жылғы 5 сәуірдегі №106 Бұйрығы бойынша Қазақстанның Орталық мемлекеттік мұражайы қорынан алынған, яғни Ахмет Ясауи кесенесін музейлендіру ісі жүргізіліп жатқан кезде, сол кездегі Мәдениет министрінің орынбасары, ұлттық мәдениетіміздің шын жанашыры Өзбекәлі Жәнібековтің ұйымдастыруымен алынған, көне тіркеу номері №655. Орталық мұражайдың қор сақтаушылары да Қабіржапқыштың мұнда қашан, қандай жағдайда, кім әкеліп тапсырғандықтары туралы мәлімет бере алмады. 1951-52 жылдары кесененің Кітапхана бөлмесіндегі XII ғ. екі керемет мұқабалы ерекше алтындалып зерленген қасиетті Құран кітабы мен басқа да кітаптардың Алматы қаласындағы Ұлттық кітапхана қорына алынғандығы белгілі. Сол уақытта кесененің басқа да біршама мүліктері, соның ішінде Қабіржапқыш та, Орталық мұражай қорына алынған болуы керек, деп болжанған болатын. Бірақ, ОММ қорындағы тіркеу кітаптарын ақтарғанымызда, жапқыштың 1946 жылы 24 сәуірдегі инвентарлы № 657 болып тіркеліп, 25 рубльге сатылып алынғандығын көрдік. Орталық музейдің сол кездегі бас қор сақтаушысы Балқыз апайдың айтуынша, жапқыш өте көне болғандықтан есептен шығарылатын жәлігерлердің қатарында болған, Өзбекәлі ағамыз Қожа Ахмет Ясауи кесенесін музейлендіру үшін экспонат жинап жүріп, жапқышты көрген де, құндылығын ескеріп, өткізу құжаттарын жасап, кесенеге қайтып әкелген және оны со кездегі «Казмузейреставрация» деп аталатын мекемеде қайта қалпына келтірген көрінеді, өкінішке орай ол мекеме қазір жоқ, таратылып кеткен, мұрағат қоры кімнің қолында қалғаны белгісіз болып отыр, дегенмен алдағы уақытта бұл бағытта да деректер жинақталатын болады .

Сондай-ақ, қорық мұражайы қорындағы жәдігерлердің 1958 жылдан бастан тіркеуге алына бастағанын ескерсек, онда Қабіржапқыш кесенеден 50-ші жылдарға дейін-ақ немесе онан да бұрынырақ Орталық мұражайға алынып кеткен болып отыр, себебі орталық музейдің өзіне жапқышты 1946 жылдағы инвентарлы кітапқа қайа тіркеуден басқа қабылдау актісі табылмады Кесене тарихының

Кеңес кезеңіндегі тарихына келетін болсақ Орталық Мұрағат қорындағы деректерде тек 1932-33 және 1962-63 жылдары кесене негізінде музей ашу жұмыстарын ұйымдастыру қолға алынған.

Қабіржапқышты, 1980-ші жылдары Алматы қаласындағы Ғылыми-зерттеу және жобалау институтының басшысы Б.Т.Тұяқбаева Мәскеу қаласындағы зертханада, қайта қалпына келтіру үшін қордан алған болатын, бірақ, белгісіз себептермен ол іске аспай, қайтарылған. Міне сол уақыттан бері Қабіржапқыш XIVғ. заттай мәдени мұрағаты ретінде қорда сақтаулы. 1996 жылы қорық аймағындағы тарихи орын «Қылует» жер асты мешіт-музейі ішіне, Қабіржапқыш, Ахмет Яссауи бабамыздың атымен байланысты көне де құнды, тарихи мұра ретінде, оның экспозициясына шығарылған болатын.

Яссауи мұрасын зерттеулерде, қорық мұражайындағы Қабіржапқыш туралы белгілі бір зерттеулер жоқ, тек Алматы қаласы «Өнер» баспасынан 1988 жылы шыққан Н.Б.Нұрмұхаммедовтың «Ахмет Яссауи сәулет ғимараты» атты кітапшасында Қабіржапқыш фотосуретінің бөлігі көрсетіліп, онда ол Қожа Ахмет Ясауи сағанасына жабылған қабірпұш деп берілген екен. «Қабірпұш» немесе «қабірпош» екі сөзден құралған, «қабір» және «пош» немесе «пұш». Бұл жердегі «пош» сөзі парсы тілінде жапқыш, тысы, қабы деген ұғымдарды береді сонда бұл «Қабіржапқыш» деген сөз .

2009 жылдың қыркүйек айында Қабіржапқышты алғаш рет зерттеуге ниет білдірген Украинаның В.Н.Каразин атындағы Харковь ұлттық университетінің ғылыми қызметкері Т.Н.Крупа болатын. Ол мұражай қорында болып, жиырмадан астам матадан жасалған қолөнер бұйымдарымен (кестеленген ұлттық киімдер мен тұрмыстық заттар) танысып, оларға ғылыми сипаттамалар жасады. Соның ішінде Қабіржапқыштың құнды да, сирек кездесетін тарихи мұра, қолөнер туындысы екендігін айтып, оның бетіндегі алтындалып, күмістелген кестелі жіптері үгіндісінің микропробасын жасауға зертханаға алып кеткен болатын. 2010 жылдың маусым айындағы қорытынды зерттеу есебінде, Қабіржапқыштың өте сирек кездесетін тарихи мұра, матасы жасыл түсті бархыт (бұрынғы сипаттамада сукно деп жазылған), бетіндегі күмістелген өрнекті жіптері XYI-XYII ғасырларға тән екендігі дәлелденген. Дегенмен, зерттеуші ғалым жапқышты толық ашып көрмей, тек үгіндісін ғана алған да, оның бетіндегі теріден жасалған жапсырмаларды көрмеген. Сондықтан, жапқыштың жасалу мерзімін анықтау үшін арнайы өнертану мамандарының сараптаулары қажет болды.[3]

Өмір бойы қазақ мәдениетіне, өнеріне қатысы бар дүниені тірнектеп жинап жүрген.Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі қасиетті Тайқазанды-Тайқазан қайтса ынтымақ артып,ырыс толады, ұлтымыздың қасиеті қайтады,елдігіміз артады-дей жүріп тарихты айтып ұрымтал әрекетімен Эрмитаждан қайтарған. Эрмитаждан Түркістанға Тайқазанды қайтарып алмағанда тарихымыздағы үлкен жәдігерді өзгенің мұражайынан тамашалап жүруіміз мүмкін еді.[5.2].

Андрей Вознесенский өтпелі кезеңде жарық көрген публицистикалық кітабын «Рух прорабтары» деп атағаны мәлім. Ояну дәуірі деп біз отырмыз. Оның себебі бар. Қазақ ұлты халық ретінде XX ғасыр басында бір оянды. Дүр сілкінді. Ол сырт күштің жауыздығымен басып жаншылды. Содан кейінгі қазақтың тұтас ұлт ретінде оянған сәті – XX ғасыр аяғы. Нақтылай түссек, 80-90- жылдар. Ұлттың рухани оянуы, биліктен ақырып теңдік сұрауы – идеологиялық ұстанымға байланысты емес. Міне, осындай кезеңде Өзбекәлі Жәнібек идеологиялық жетелі жетекшінің тарихи міндетін атқара білді. Ақтаңдақтарды ақтаудан бастап, тарихи әділеттілікті қалпына келтіруді асқан білімділікпен ұлтты ояту құралына айналдыра тарихи әділеттілікті қалпына келтіру сипатында кешенді жүргізді. Айналасына рухтас азаматтарды тартып, оларды ұлттық рухты оятуға жұмылдыра білді. Олар Өзекеңмен бірге қайраткерлік санатқа көтерілді. Бұл жерде біз Өзекең атқарған барша тірлікті санамалап жатпадық, алайда 80-90-жылдардағы – тәуелсіздік алдындағы бүкіл рухани жаңарудың алғышарттарын жасауда ұлттық болмысты бас идеолог райында Өзбекәлі Жәнібек *тарихи міндет атқарды. Бәлкім, ол ұлттың ояну дәуіріндегі ұлықпаны.[6.18.]*

Ұлтын сүген асыл азамат жайлы қалай айтып, қалай жазсақ та аздық боларын сенімімізмол. Ұлт жанашыры туралы талай ғұламалар мен ғалымдар сөз сөйлеп, небір даналар мен кемеңгерлер бағасын беріп, ойларын айтқан. «Өзбекәлі Жәнібеков өзіндік ізі бар, өзіндік ісі бар, өзіндік жәдігері бар, құрыштап сомдалып құйылған батыр, ғалым қайраткер, өнерпаз азамат ретінде қазақ тарихында есімі қатталады» деп жазған екен академик Манаш Қозыбаев. Ал жазушы Әбіш Кекілбаев : «Ұлттық мемлекетіміздің қайтадан қалпына келтіріп, тәуелсіз даму жолына түсуіне де Өзбекәлі ағамыз сіңірген ерекше еңбегін тізбелеп шығу үшін ғана үлкен кітап жазу керек. Ол киелі адам» - деп бағалапты.[7.45]

Өзбекәлі Жәнібеков қазақ халқының дарынды екенін, оның бай өнері, ғасырлар тереңінен бастау алатын салт – дәстүрі бар екенін дәлелдеуге қызмет етті, оның ұмытыла бастаған беттерін қалпына келтіруге тырысты, өзіндік пайымдаулар айтты. Сондықтан да оны қазақ деген қабырғалы ұлттың, Алаш деген жұрттың қамын жеп, бар білімін, бар ғұмырын соның іргелі елдер қатарына қосылуы үшін сарп еткен Азамат деп айтуға болады.

**Пайдаланылған әдебиеттер**

1.Жәнібеков Ө. Уақыт керуені А, Жазушы . 1992.
2. Н.Б . Нурмухаммедов.Ахмед Ясауи Сәулет ғимараты , -А .,1988.
3.Т.Н. Крупа . Краткий отчет о научной работе .
4. Жәнібеков .Ө. Тағдыр тағылымы 1 том А., 1996 .
5.Нармаханова Ж. Нағыз қазақ қандай болу керек?.- //Ұлан газеті . 20.03.2012
6. Ерғөбек Құлбек. Құлаған кайраткерді демеген.-/Рух сарбазы 17б. Алматы. 2011.
7. Кекілбайұлы Ә. Өмірлі өнеге.-/Рух сарбазы...45б. Алматы. 2011.

ӘОЖ 94(574):929

## ҰЛТ МӘДЕНИЕТІН ЖАҢҒЫРТҚАН – ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ

**Исабек Б.Қ. т.ғ.к., доцент**
**Абилаханова А.М. PhD докторант**
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті
Шымкент, Қазақстан

***Резюме***

*В статье рассматриваются труды и мысли государственного и общественного деятеля, этнографа, кандидата исторических наук Озбекали Жанибекова по возрождению праздника Наурыз.*

***Summary***

*The article examines the works and thoughts of the statesman and public figure, ethnographer, candidate of historical sciences Ozbekali Zhanibekov on the revival of the Nauryz holiday.*

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбатында тарихи тұлғалар туралы «Ел тарихында ерекше орны бар тұлғаларға құрмет көрсету дәстүрі еліміздің жалпыұлттық бірегейлігін нығайта түсуге зор септігін тигізеді» [1] деп атап өтті.

Тарихтың терең қойнауында халқымыз үшін тер төгіп, ар-намысын қорғаған, қиын- қыстау заманда еліне жол көрсетіп, ұлы күрестерде көшбасшы бола білген қаншама ұлы тұлғаларымыз өтті. Олардың жүріп өткен өмірі, жолы, халқы үшін жасаған ерен еңбегі мен батырлығы біз үшін өнеге болмақ.

XX ғасырдың 60-80-ші жылдарындағы кеңес дәуірінің азулы ықпалында жүрсе де ұлтына адал қызмет жасаудың үлгісі болған төлперзенттерінің бірегейі, мемлекет және қоғам қайраткері, этнограф, тарих ғылымдарының кандидаты – Өзбекәлі Жәнібеков болды. Ол қазақтың әрбір қолөнер бұйымдарын көздің қарашығындай сақтап, жоғын түгендеген, қазақтың ұмыт қалған салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын жаңғыртқан, ұлттық жәдігерлерді жинап, ескерткіштерін бүтіндеген, ұлтым деп еңбек етіп, кеңестік кезеңдегі тоталитарлық жүйенің қағидаларына қарсы тұрған тарихи тұлға. Оның қазақ халқының өткені мен мәдени мұрасын, халық сәулеткерлігін, ою-өрнегін, ұлттық киім-кешегін зерттеп, осы бағытта жазған ғылыми еңбектері қазақ елінің тарихы мен мәдениеті бойынша зерттеулерді дамытуда үлкен маңызға ие. Мемлекет қайраткерінің осындай маңызға ие еңбектер қатарына «Қазақтың қолтума мәдениеті» (1982), «Жаңғырық ... Алтын домбыра жайлы аңыздың ізімен» (1990), «Уақыт керуені» (1992), «Жолайырықта» (1995), «Қазақ киімі» (1996), «Ежелгі Отырар» (1997), «Тағдыр тағылымы» (1996,1997) деген кітаптары мен көптеген ғылыми мақалалары кіреді. Сонымен қатар Өзбекәлі Жәнібековтың қылышынан қан тамып тұрған кеңестік дәуірде қызмет жасай жүріп, басын бәйгеге тігіп халқымыздың жауһарлы ұлттық мұраларын сақтауға, жаңғыртуға барынша күш салды. Сол игі істерінің бірі 1926 жылдан кеңестің әкімшіл-әміршіл саясатының салдарынан тыйым салынған «діни мейрам», «ескілік сарқыншағы» деп тоқтатылған Наурыз мейрамын, ұлттық руханиятын қайта жаңғыртуға сүбелі үлес қосуы еді.

Наурыз мерекесінің тереңде жатқан тарихына азырақ тоқталып өткенді жөн көрдік. Наурыз (парсыша «нау» - жаңа, және «руз» - күн) - жаңа жылдың бірінші күні, көктемнің басы, жаңару күні. Наурыз мерекесі ежелгі Грекияда, Римде, Ұлыбританияда XVIII ғасырға дейін тойлап келген. Б.з. 3-5 мың жылдан бері Балқан түбегінде, Орта Азия мен Таяу Шығыста тойланады[2,11б.].

Алаш партиясының органы «Қазақ» газетінің 1913 ж. №15-ші санында: «Наурыз-қазақша жыл басы...Рустың жаңа жылы қыс ортасында, нағыз сақылдап тұрған суықта келеді, біздің Жаңа жылымыз – Наурыз марттың басында болсын, ортасында болсын, әйтеуір мартта келетін болса, шын мағынасымен Жаңа жыл деп айтуға лайық. Күн жылынып, қар еріп, жан-жануар жаздың жақындағанын сезіп көңілденген кез. Шаруа адамдарының бейнеттен қолы шешіліп, алты ай баққан арықтарын үмітті күнге жеткізіп демалып отырған кез. Ағаш, шөптер қар астынан сілкініп шығып, гүлденіп жасаруға даярланып, күн де қыстай бір бүйірлеп жүруін қойып жоғары көтеріліп, бүтін ғаламға нұрын шашып үйсізді үйлімен теңгеріп, бай мен жарлыға бірдей сәуле беруге тұрған кез», деген мәлімет берілген [3, 131б.].

XX ғасыр басында Алашорда мемлекетінің басшысы Әлихан Бөкейханов 1915 жылдан бастап Наурыз мерекесінің уақытын 22 наурызға белгілеп, қоғамдық ортада бекітеді. Түркістан республикасының Атқару комитетінің төрағасы болған Тұрар Рысқұлов 1920 жылы 26 наурыздағы №406 бұйрығымен юлианша күнтізбесімен 9 наурыз, григорианша 22 наурыз бүкілхалықтық «Көктем мерекесі», «Наурыз» болып бекітілсін деген шешім шығарып, ресми түрде бекітті. Алайда кеңестік билік 1926 жылдан мерекені діни мереке деп санап, ресми тойлауға тыйым салды. Кеңес елінде большевиктік темір тәртіп босаңсып, жариялылық, қайта құру кіргеннен кейін қазақ елінде өткен ғасырдың 80 -ші жылдардың соңында бұл мейрамды қайта тойлау жаңғыртылды. Өзбекәлі Жәнібековтың тікелей атсалысуымен 1988 жылдың 22 наурызынан бастап Наурыз мерекесі елімізде ұлттық мереке күні болып белгіленіп, республика көлемінде тойлана бастады. 1991 жылғы 15 наурызда ҚазКСР-нің бірінші президенті Н. Назарбаев «Көктемгі халық мейрамы — Наурыз мейрамы туралы» Қаулысы жарияланды[4].

Наурыз – Ұлыстың ұлы күнің ежелден қалыптасқан тарихы тереңде жатқан жыл бастау мейрамы. Бұл мереке күн мен түннің теңелгені, түннен күнге бет бұрған, табиғаттың барлығы гүлденген, өскен, күллі дүние қайта түлеген кез.

Өзбекәлі Жәнібеков: «Күн мен түннің теңесуі қарсаңында жұрт өзінің тұрғын жайын ретке келтіріп, тіптен (үме) асар жора–жорғысын пайдаланғанның өзінде де, үй мүлкін, кебеже-сандығын, ат-әбзелдерін тазартып, өзгеге берешек қарызын өтеп қоюға тырысытын. Көнекөз қарттардың айтуына қарағанда тек осылай еткенде ғана жаңарған үйге наурыз кіретін де ондағы кесел-кесапаттың, тұрмыс тауқыметінің бәрі кететін болған» [5]-деп наурыз мерекесі қарсанында адамдардың тазаруы туралы мәліметті береді.

Адамдар мереке қарсаңында өзінің үй-жайының ішкі-сыртқы бейне-болмысын ғана емес, өзінің рухани жан-дүниесін тазартуға тырысатын болған. Наурызда әр адам бір-біріне болған ескі өкпе-араздықтарын міндетті түрде кешірісіп, төс соғыстырып көрісіп, қайта татуласатын болған. Сондықтан бұл мереке ынтымақ-бірліктің де мерекесі болып есептеледі. Бір-бірін кешіріспегендерді көрсе: «Бұл күні Самарқанның көк тасы да жібіді, сен тастан қаттысың ба?, - деп татуластырады екен[6,164б.].

Күн мен түн теңелгенде бүкіл аспан денелерінің бәрі бастапқы орындарына келіп, айналадағы тіршіллік атауының бәрі жанарады деп есептеген. Күннің алғашқы күркіреуі, ағаштың бүршік жаруы, көк–ыраңның көтерілуі жаңарудың нышаны болған. Халықтың наурызға деген еркеше ықпалын байқататын тағы бір жайт- көктемнің күн мен түннің теңеліу сәтінде туған ұлын Наурызбай, Наурызбек, ал қызын Наурызгүл, Наурыз деп атағандығы[5].

Ия, ырымшыл қазақ халқы жыл басы наурыз айында жарық дүние есігін ашқан сәбилерге ырымдап жоғарыда Өзбекәлі ағамыз келтіргендей есімдер қойғандығын және Наурызгүл, Наурызбай деген адам есімдерін қазақ халқының арасынан бүгінде жиі кездестіреміз. Бүгінде қайта жаңғырған күллі түркі халықтарына ортақ мереке жыл басы – Наурыз мерекесі Қазақ елінде жылда тойланып келеді. Осылайша бүкіл республикаға әз-Наурызды жаңғыртып, халық дәстүрін қайта түлетіп, еліне оралтты. Жастарды үлкенге ізетті, кішіге ілтипатты болуға баулу – осы Наурыз мерекесімен тығыз байланысты екенін егжей-тегжейлі айтқан кісі де Өзбекәлі Жәнібеков[7].

Бұрын қазақта көктемгі ауа –райының әр жерде әрқилы болуына байланысты, мейрам 22 –де басталғанымен, бұл күні жұрт өзінің наурыз көжесін ішетін де, мейрам «қызғалдақ, «жауқазын» мерекесі болып жалғасып кете беретін. Қазір де солай етуге болады. Сәуірге, мамырға созылған мерекені көктем мейрамы «қызғалдақ, деген атпен неге өткізбеске? ...Наурыз әкелген бір жақсылық – бұрын ұмытыла бастаған ұлттық тағамдардың дастархан мәзіріне қайта оралуы, Қазақстанның Оңтүстігінде, Сыр бойында жеті қоспадан тұратын наурыз көжесімен бірге жеті түрлі тағам дайындалатын дәстүр де қалыптаса бастаған сияқты[5].

Қазіргі күні Наурыз күні көже дайындауды халық үйренген сияқты, бірақ Наурыздың тағамын әлі түгендеп бола алмай жатырмыз. Ертеде берекелі бәйбішелер Наурызға дайындықты бір жыл бұрын бастайды. Ең алдымен Наурыздың басты тағамы жент дайындалады. Қыс бойы тас қайрақтай қатып

тұрған қарын-қарын жентті бәйбішелер «Самарқанның көк тасы жібіген күні біздің жент те балқып, босады» деп дастарханға алып шығады. Сары май, қазы-қарта Наурыз дастарханының басты белгілері[8].

Өзбекәлі Жәнібеков өзінің мақаласында мынадай мәселелерге тоқталған: «Наурыздың басқа да тәрбиелік маңызы бар жақтарын ұмытуға болмайды. Бұрын наурыз күні бүкіл ел болып таң шапағатын қарсы алатын. Таң сәріден ерлер жағы алдын –ала дайындалған атыз арықты тескенді, бұлақ көздерін аршитын, карттар артында мал қалғанша, ағаш қалсын», « бір ағаш кессен, он ағаш ек» деген леппен жаппай ағаш отырғызуға басшылық ететін, ал әйелдер болса жер анаға деген сый құрмет белгісі есебінде жаңадан отырғызылған шыбықтарға сағасы аршылған бастауларға мал ағын жағатын»[4].

Наурыз мейрамының рухани бейнесі Қыдыр ата болып табылатына барша жұрт тәнті. Сондықтан 21- ші наурыздан асып 22-ші наурызға қараған түні бүкіл халық оның келуін тағатсыздана күтеді. Қыдыр ата бүкіл халықтың қамқоршысы, жақсылық әкелуші, отбасына ырыс, құт, несібе, бақыт, береке, жақыс өмір сыйлаушы қасиет иесі ретінде ел есінде мәңгі жаңғырмақ. Тіршілік көзі суды қастерлеген қазақ халқы наурыз мейрамында ел болып арықтарды тазартып, су жіберген. Көкті киелі санаған ел-жұрт ағаш отырғызған. Ондағы халықтың пейілі Қыдыр ата бата береді сенімі еді. Қай заманда болмасын ақ бата қастерлі саналған. Наурыз мейрамында ауыл ақсақалдары ақ батасын аямаған. Қазақ халқында батаның түрлері көп болған. Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамында «Ұлысың оң болсын, Ақ мол болсын, Қайда барсаң да жол болсын! Ұлыс береке берсін, Бәле-жала жерге енсін!»[9,25б.] - деп бата беріледі.

Кей деректерде, Алматыда көп жылдардан кейін 1988 жылы алғаш тойланған мейрамда жиналған халықтың саны өте көп болған екен. Осы мерекенің тойлануын қарап, бақылап жүрген Ө. Жәнібеков пен Г. Колбин мерекені тойлауға жиналған халықтың көптігін байқаған. Г. Колбин сонда тұрып мынау мерекені тойлауға жиналған халық санының көп екендігіне таң қалып, 1986 жылғы желтоқсандағыдай көтеріліс болып кетпей ме деген күдік туған. Сол кезде Ө. Жәнібеков Наурыз мерекесін тойлауға деген халықтың көптен күткен сағынышымен қатар салт-дәстүріне деген ерекше құрметі және билік басындағыларға ризашылығы» деп жауап берген екен. Сонда Генадий Колбин ондай болса тағы да халықтың қандай салт-дәстүрін жаңғыртуға болатындығын сұрағанда, осы мүмкіндікті пайдаланған Ө. Жәнібеков тіл мерекесін, яғни қазақ тілінің қолдану аясын кеңейтуді көбейтсек дегенінде, Генадий Колбин жарайды деген келісімін беріп жіберген деген мәліметті Құлбек Ергөбектің «Айқын» газетіне берген сұқбатында айтқан[10].

*Қортынды*. Наурыз мерекесі бүгінде Қазақ елінде кеңінен тойланып келеді, бұл мейрамның тәуелсіз Қазақстанның болашағы – жастардың таным деңгейін кеңейтуде, оларға патриоттық тәрбие берудегі мәні ерекше.

Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы 2001 жылғы 13 желтоқсандағы N267-II Заңының 3-ші бабында Мемлекеттік мерекелер қатарында 21-23 наурыз – Наурыз мейрамы аталып көрсетілген [11]. Тәуелсіздігімізбен бірге біте қайнасып біздің мемлекетімізде төл мейрамымыз 21-22-23-ші Наурыз күндерінде еліміздің бүкіл аумағында тойланып келе жатыр. Қымбат құндылықтарымыздың бастысы, татулық символы Наурыз мерекесінің шынайы маңызын түсінген кезде қазақ жерінде тұратын барлық этнос өкілдерінің бойындағы өзара түсіністік пен төзімділік, отаншылдық пен ел тағдыры үшін азаматтық жауапкершілік арта түсетіні анық. «Бірлік бар жерде – тірлік бар» дейді дана халқымыз. Көпұлтты халқымыздың ынтымақтастығы, бірлігі - мемлекетіміздің басты жетістігі, байлығы. Ал Наурыз сынды төл мерекеміз бірліктің бастауы – Мәңгілік ел төрінде барлық қоғамды, барлық этносты біріктіреді.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. https://egemen.kz/article/355466

2. Калыш А.Б., Бильтаева А.Ж. К особенностям празднования наурыза// «Ұлыстың ұлы күні – Әз Наурыз» атты республикалық ғылыми конференция материалдары. – Астана, 2017. – 249 б.

3. Субханбердина Ү. Қазақ. Алаш. Сарыарқа: мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш/Ү. Субханбердина. – Алматы: Ғылым, 1993.

4. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Президентінің 1991 жылғы 15 наурыздағы «Наурыз мейрамы көктемінің халықтық мерекесі туралы» № 285 Жарлығы.

5. Жәнібеков Ө. Еңкейгенге еңкей, шалқайғанға шалқай (Наурыз мейрамына байланысты кейбір ойлар)//Қазақ әдебиеті. -1991., 22 наурыз.

6. Өмірбекова Н.С, Наурыз-халық мейрамы// Ұлыстың ұлы күні – Әз Наурыз» атты республикалық ғылыми конференция материалдары. – Астана, 2017. –163-166 беттер.

7.Смаханұлы Ғ.Ұлт мәдениетін жаңғыртқан тұлға// https://aqiqat .kazgazeta. kz/news/11949

8. Артықбаев О.Ж. Наурыз қазақтың төл мерекесі// Ұлыстың ұлы күні – Әз Наурыз» атты республикалық ғылыми конференция материалдары. – Астана, 2017. –7-11 бб.

9. Сайлаубаева Н.Е.,Көне наурыз мейрамы/// Ұлыстың ұлы күні – Әз Наурыз» атты республикалық ғылыми конференция материалдары. – Астана, 2017. –24 -28 беттер.

10. Литпин Д., Наурызды бізге қайтарған адам//Адырна ұлттық порталы https://adyrna.kz/post/63204

11.Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы N 267-II Заңы.3-бап.

УДК 371.4

## ВКЛАД ТРУДОВ У. ЖАНИБЕКОВА В ПОПУЛЯРИЗАЦИЮ НАЦИОНАЛЬНЫХ ТРАДИЦИЙ

**Ортаева А.С.** PhD доктор

**Шоханкызы Б**. Студент 4 курса

Южно-Казахстанский педагогический университет имени Узбекали Жанибекова,

Шымкент, Казахстан

***Түйін***

*Мақалада ұлттық дәстүрлерді ұлықтаудағы ғалым Ө Жәнібеков еңбектерінің үлесі зерделенген. Ол ұлттық мәдени құндылықтарды жандандыруға белсенді қатысқандықтан, қазіргі ұлттық дәстүрлер оның құндылықтарын сақтай отырып, ұлттың тәрбиесіне айтарлықтай әсер ететінін атап өткен жөн.*

***Summary***

*The article explores Zhanibekov's role in promoting national traditions. Highlighting his active involvement in revitalizing cultural heritage underscores the significant influence of contemporary national customs on shaping the identity of a nation while upholding its core values.*

Важность воспитания молодежи не вызывает сомнений, но необходимо учитывать нашу историю, сохраняя культурные обычаи, такие как уважение к старшим и младшим, гостеприимство, справедливость, и уважение к национальному наследию. Это также включает умение общаться, взаимодействие с другими культурами, и богатство культурного, духовного и морального наследия. Анализ исторических корней проблемы показывает, что вопросы формирования моральности и духовности молодого поколения всегда были одними из важнейших проблем общества.

С годами увеличивается важность усилий одного из выдающихся деятелей страны - государственного деятеля, известного этнографа и ученого-историка Узбекали Жанибекова, который, изучая прошлое, анализировал быт и обычаи, традиции нашего народа, проявлял смелость и единение, оставляя непереоценимые достижения и наставления для будущих поколений. О. Жанибеков, автор таких произведений, как «Казахское национальное ручное искусство» (1982), «Эхо» (1991), «Караван времени» (1992), «Жолайрық» (1996), «Қазақ күні» (1996), «Древний Отрар» (1997), «Тағдыр тағылымы» (1996, том 1, 1997, том 2), оказал существенное воздействие на возрождение, обновление и расширение национальной культуры, языка и обычаев казахского народа.

Сильное волнение за культурное наследие своего народа, его язык, обычаи и традиции, не давало покоя Узбекали Жанибекову. В начале 90-х годов он стал главой общества по сохранению историко-культурного наследия «Аркас», занимался вопросами реставрации культурных памятников и выпуском научно-популярной литературы. Его научные интересы включали проблемы традиционного искусства казахов, народного промысла, музыкально-песенного творчества, ювелирных изделий и национального костюма.

Он написал кандидатскую диссертацию по этой теме, которую успешно защитил в Новосибирске. В ходе исследования устного музыкального творчества казахов была выдвинута гипотеза о наличии элементов плясового соревнования в айтысах.

Узбекали Жанибеков лично создавал эскизы национальных костюмов. Для него понятие «семья» охватывало не только его родных, но и всех, с кем он работал и общался. Когда он был учителем, он заботился о каждом ребенке: как им живется, что они носят, что едят, он всегда о них беспокоился, вспоминает его супруга. Он стремился, чтобы все достигали высоких результатов в учебе. Он целиком

и полностью отдавал себя своей работе.

Узбекали Жанибеков написал множество книг и собрал несколько сборников. В недавнее время была выпущена серия историко-познавательных произведений, включая такие работы, как «Эхо...», «Культура казахского ремесла», «По следам легенды о золотой домбре», «Караван времени» и многие другие.

Он предпринял благородное усилие по восстановлению утраченных элементов народного искусства, выпустив альбомы «Казахский костюм» и «Мангышлакские узоры». В этих изданиях были представлены все известные разновидности казахского костюма, включая те, которые хранятся в музейных коллекциях городов СНГ.

В процессе своих поездок по Казахстану Жанибеков активно общался с представителями старшего поколения, изучая традиции казахского народа: их методы создания одежды, использованные узоры, а также способы строительства юрт и многое другое. Вопреки ограниченности времени, он выделял свое время на научные исследования в области казахской этнографии, основательно изучая разнообразные тома исторических материалов.

При активном участии Узбекали Жанибекова в республике начался процесс реабилитации репрессированных в прошлом выдающихся деятелей казахской литературы и искусства, таких как Ахмет Байтурсынов, Магжан Жумабаев, Шакарим Кудайбердиев и другие.

Узбекали Жанибеков был пионером в возрождении отечественной культуры, став инициатором процессов реставрации, исследования и изучения казахской истории, культуры, архитектуры, а также памятников археологии и палеонтологии. Его врожденная любознательность, глубокое уважение к своим корням, умение находить тонкие подходы и вступать в диалог с опытными старейшинами в деревнях помогли ему обнаружить уникальную информацию о замечательных сооружениях прошлого и о редких артефактах, которые удалось уцелеть благодаря чудесам сохранности.

Во время неспокойных социальных изменений стали заметны проблемы, касающиеся духовной сферы общества. С одной стороны, возросла интенсивность эмоциональных реакций при решении текущих проблем, а с другой – уменьшилось взаимопонимание и сочувствие между людьми.

Противоречивые направления могут быть обусловлены не только характерными чертами социально-экономической системы, но и отсутствием эмоционально-ценностных ориентиров в обучении школьников. Сегодня важной проблемой становится формирование основ сострадания и приобретение детьми эмоционально-нравственного опыта.

На пути утверждения общечеловеческих ценностей значительную роль может сыграть народная педагогика. Изучение традиций и обычаев предыдущих поколений является одним из ключевых способов обогащения духовного потенциала личности. Для возрождения духовно-нравственных традиций и обычаев важно внедрение идей народной педагогики в учебно-воспитательный процесс школы. В устном народном творчестве, его обычаях и традициях содержится значительный объем информации по вопросам воспитания.

Моральные нормы и опыт нравственного воспитания, сформированные народом, способствуют гармоничному развитию молодого поколения. Источниками формирования нравственных качеств являются фольклор, обычаи и традиции, представляющие многообразную культуру народа. Народное воспитание ставит перед собой различные цели в области нравственного развития. Оно направлено на формирование тех черт личности, которые способствуют ее саморазвитию. Его целью является духовное и практическое освоение реальности личностью, что способствует выработке ее позитивных характеристик.

У каждого этноса присутствуют свои уникальные обычаи и традиции, передаваемые из поколения в поколение, что способствует становлению национальной культуры на определенном этапе исторического развития. Восстановление национальной культуры и укрепление моральных основ человеческого развития являются весьма значимыми задачами. Молодое поколение, вникнув в опыт предшествующих поколений, формирует свои собственные нравственные стандарты, убеждения, приобретает новые знания и развивает навыки этического поведения. Все вышеперечисленное является фундаментом нравственной культуры индивида. Процесс воспитания, начиная с раннего возраста и продолжаясь на протяжении всей жизни, способствует развитию моральности. Это неотъемлемая составляющая человеческой жизни, поскольку без развития моральных ценностей невозможно обеспечить основы личного существования и активности человека.

Каждая культура стремится сохранить свое глубокое духовное наследие - богатство знаний и мудрости, накопленных за века. Носители этого богатства - родные выражения, устные поэтические произведения и традиционное народное искусство - являются ценным наследием каждого общества.

У каждого народа были свои методы формирования молодого поколения. Среди наиболее

эффективных способов воздействия на детей можно выделить труд, традиционную речь, устное поэтическое наследие, музыкальное наследие и контакт с природой.

Идеи и образы, прогрессивные и передовые, отраженные в множестве устных народных произведений, имели значительное влияние на формирование моральных качеств современного индивида.

Принципы, накопленные за многие века в традициях народного морального воспитания, остаются актуальными и в современной эпохе.

Прогрессивные нормы, поведенческие стандарты и традиции находят широкое признание, углубляются и развиваются, получая более глубокое осмысление в обществе и успешно внедряясь в процесс воспитания нового поколения.

Из перспективы научной педагогики важно провести анализ народных взглядов на различные аспекты морального воспитания с целью более эффективного использования передовых принципов народной мудрости в современной практике воспитания детей. Это способствует развитию индивидуальности, развитию её креативного потенциала, формированию взглядов на мир на основе общепризнанных ценностей и развитию гуманистического общения.

**Литературы**


1. Жәнібеков, Өзбекәлі. Ата-баба мұрасы, уақыт пен өнер таланттары тұрғысынан: [этнограф-ғалым, өнертанушы Ө. Жәнібековтің мұралары туралы] / Өзбекәлі Жәнібеков // Егемен Қазақстан. – 1992. – 3 қазан. – Б. 4
2. Ұлтын ұлықтаған азамат: [құраст.; Г. К. Сейтқожина ; шығарылымға жауапты К.Б. Борибаева ; ред. Ә.Қ. Ахметжанова]. – Арқалық: [б.б.], – 44 б. сурет. – қазақ тілінде.
3. Абильдина С.К. Становление и развитие этнокультурного образования школьников в Казахстане: автореф. … дисс. докт. пед. наук. Караганда,2012. - 42 с.


## ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВТІҢ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ ЖӘНЕ РУХАНИ МӘДЕНИЕТІ ЖАЙЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ҒЫЛЫМИ МАҢЫЗЫ


**Ілесхан Сманов. п.ғ.д., профессор**

**Сыдыков М.Е. п.ғ.к., аға оқытушы**

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті

Шымкент, Қазақстан



***Резюме***

*В статье рассматриваются научное значение трудов Узбекали Жанибекова о материальной и духовной культуре казахского народа*

***Summary***

*The article examines the scientific significance of Uzbekali Zhanibekov's works on the material and spiritual culture of the Kazakh people*


Өзбекәлі Жәнібековтің қазақ халқының материалдық мәдениетін зерттеу, оның үлгілерін қалпына келтіру жолындағы ізденістері және рухани мәдениет жайындағы зерттеу еңбектерінің маңызы зор.

Қазақ халқының материалдық және рухани мәдениетінің өзіне тән өсу жолы, даму тарихы бар. Халқымыз – еліміздің аумағында қалыптасқан көне мәдениеттің тікелей мұрагері әрі, сол дәстүрлерді дамытушы, жаңғыртып байытушы. Өзбекәлі Жәнібековтің «Қазақ қолөнерінің мәдениеті», «Жаңғырық», «Уақыт керуені», «Жолайырықта», «Қазақ киімі» атты кітаптары қазақ халқының материалдық мәдениетін ғылыми жағынан дәйектеп, зерттеу арнасына бұрады. Олар уақыттық жағынан мейлінше ауқымды. Кез келген халықтың түрлі кезеңдегі мәдениетін түсіну үшін сол кезеңнің тілін, ділін түсіну, жүрекпен сол кезеңге кірігу керек.

Ө. Жәнібековтің ұлттық қолөнерді зерттеудегі ерекшелігі – ол тапқан, ашқан жаңалығын өндіріске енгізе білді. Өзі бұл туралы “Қазақтың дәстүрлі өнерін тарихи-этнографиялық тұрғыдан зерттеу” жөнінде КСРО ҒА арнайы кеңесінде жасаған баяндамасында: “…қазақтардың дәстүрлі өнері біртіндеп жойылып бара жатқан дәстүрлі-тұрмыстық мәдениет түріне жатады. Сондықтан жүйелі түрде

хронологиялық сипатта дәуір, мәдениет, дәстүрлердің өзара байланысын сақтай отырып, кеңістіктегі орнын анықтап, асыл мұраларымызды әлеуметтік даму жолындағы халқымыздың болашағына жаратуымыз қажет" [1, 1-п.], - дейді. Ө. Жәнібеков ғылыми зерттеулерінде қолөнердің кілем тоқу өнеріне ерекше тоқталады: "Бізде қалыптасқан кәсіпшіліктің шоқтығынан саналатыны – кілем тоқу. Қазақ кілеміне тән ерекшелік оның шаршысында міндетті түрде сызықша - "сумен" ажыратылатын қорған-қоршауы, этнографиялық әдебиетте "көл" деген атпен белгілі орталық алаңында қатарластыра орналастырылатын, мазмұнынан ою-өрнектің тіке сызықты немесе нәубетаты сарыны көрінетін табақшаларының болатыны. Оларды Сарыарқада "түр", Сыр бойында "күмбез", "төбе", Оңтүстік Қазақстанда "табақ", "жұлдыз", Жетісуда "ою" деп атаған [2, 50-51-бб].

Сұлу ойдың, жүйрік қиялдың шығармашылық жемісі ою-өрнектің қоғам талғамымен тікелей сәйкестікте дамитындығын зерттеп, ғылыми дәлелдеген ғалымдардың бірі – Өзбекәлі Жәнібеков. Оның ою-өрнек жайлы жазғандары танымдық жағынан да, зерттеушілік зерделілігі жөнінен де өте құнды. "Қазақ оюының өзіне тән жүйесін қалыптастыруға айналадағы ортадан алынған, киелі, ғұрыптық белгілермен біте қайнасып, ұрпақтан ұрпаққа ауысып келген заттар мен құбылыстар себеп болған. Олардан мақұлұқаты, ғарыштаты, нәубетаты, тіке сызықты сарындарға негізделген әуендер кездеседі. Бір қызығы – өрнектің бізге белгілі әдістермен айқындауға көне бермейтіндігі. Мысалға алсақ, оның қайсы біреулері тіке сызықты өрнектер болып көрінгенімен шын мәнінде оюдың мақұлқаты түріне жатады. Ал кейбіреулері мақұлұқаты тектес болып келгенімен ғарышты немесе нәубетаты әуеніне жататын өрнектер болып шыға келеді. Мұның өзі ою-өрнектің тұтастық заңына бағына бірін-бірі толықтырып, бір-бірімен қатаң байланыста болатындығын көрсетеді" [3, 53-б.] - деп жазады Ө. Жәнібеков қазақ оюының жүйесі туралы.

Халық сәулеткерлігі жайлы айтқанда жылжымалы және тұрақты мекен жайдың қай-қайсысын алсақ та елдің шығу тегіне, өмір салтына, кәсібіне, күнкөрісіне, ой-өрісіне, ғасырлар бойы қалыптасқан құрылыс мәдениетіне меңзейтін құбылыс екеніне назар аудару қажет. Өзбекәлі Жәнібеков алғашқы аңшының қосы мен жер кепесінен зәулім үйге дейін, арбаның үстіне тігілген үйден алты қанат ақ боз үйге дейін, қоржын тамнан бүгінгі үй үлгілеріне дейін сабақтастыра сан алуан зерттеулер жасап, "Жолайырықта" атты ғылыми еңбегін арнады. Қазақтың тұрғын үйін зерттегенде Ө. Жәнібеков үш сала деректерді: бірінші – экспедиция материалдарын, екінші – антикалық деректер мен ортағасырлық саяхатшы-жиһанкез ғалым жазбаларын, үшінші – археологиялық қазба материалдарын пайдаланады. Сондықтан Ө. Жәнібековтің өзге зерттеулері секілді қазақтың үйі жайындағы еңбектері де методологиялық жағынан кешенді болып шығады. "Жолайырықта" кітабына алғысөз жазған Х. Арғынбаев: " Өзбекәлі Жәнібековтің бұрын-соңды жүргізілген тарихи, археологиялық және этнографиялық зерттеулерге, өзі жинаған мәліметтерге сүйене отырып, қазаққа тән жылжымалы баспананың түрлерін – қос, күрке, абылайша, туырлық үй, ақүй, қараүй, отау, орда деп, тұрақты мекен жайдың үлгілерін – шошала, қоржынүй, тоқалтам, тіркеспе, шарбақүй, дүкен, қыстық деп жіктегені өте орынды әрі ғылыми тұрғыдан қисынды" [4, 7-б], - деп баға береді ғалым еңбегіне.

Қазақтың ұлттық киім үлгілері – Өзбекәлі Жәнібеков қызыққан, зерттеген сала, ол "Қазақ киімі" аталатын екі кітаптан тұратын еңбектің авторы. Ол ұлттық киім үлгілерін зерттеп қана қоймай, жазғандарын іске асырып жүрді. Бұл жайлы Ш. Елеукенов естелігінде былай дейді: "Адырна" ансамблінің ойынын көргенде байқағаным: артистердің кигендері бұрынғыдай, оюлары баттиған қарадүрсін бірдеңелер емес, "қазағың да ине ұстай білетін халық екен ғой" дегізетін киімдер. "Тамақша", "кемер белбеу", "алтын тәжі", "сұлама", "күндік", "орама", "көксауыр", "мұрақ" деген атауларды қосып айтқан сөздері құлақтан кіріп-шығып жатты, миға кірмеді" [5, 168-б].

Ө. Жәнібековтің ұлттық киімге қосқан үлесінің бірі – қасаба. Ғалым оған былай анықтама береді: "Үйлену тойына қалыңдық кейде сәукеленің орнына көнетүркі (қыпшақ) бас киімінің негізгі элементтерін бойына сіңірген қасабаны ("алтын зерлі" деген мағына береді - Ө. Ж.) да киген. Қасаба – тұрпаты дөңгелек, желкесіне қарай ойыңқылау, биіктігі іс тапсырушының қалауымен әр түрлі болып келетін бас киім. Камзолға жаратылған материалдан тігіп, айдынының айналасын, тігісін зерлі жолақпен әдіптеп жапқан. Алтын зерлі жіптермен кестеленіп, металл шытырлармен әсемдеген. Маңдайына әр түрлі шытырлардан, інжу-маржан, перуза сияқты тастардан тізіп, дөңгелек табақшалармен бекітілген әткеншектер ілген. Қасабаның оң жағына, самайдың үстіне маңдайдағыдан ұзынырақ, күміс қоңыраушылармен бекітілген бес-алты тізбектен тұратын әткеншек қыстырылған. Бұл – келін боп түскен қыздың жүйкесін жұбатады-мыс деген ескі ұғымнан туған. Төбесіне қадалған үкі

бас киімге ерекше көрік берген. Қасабаны келіншек тойдан кейін үкісіз, желексіз, сыртына жаулық салып немесе орамалдың үстіне киген” [5, 61-62-бб.].

Ө. Жәнібеков салт-дәстүрлердің, әдет-ғұрыптардың әр адамға әсер етіп мақтаныш сезімін оятатындығы, отан сүйгіштікке тәрбиелейтіндігі жайлы былай дейді: “Адамның қайсы ұлтқа жататындығының өзі халықтық дәстүрлермен байланыстылығынан көрінеді. Өйткені, отаншылдық, инабаттылық сезім ұлттық мақтаныштан, туған жер топырағының иісінен, балалық шақтың ертегі-аңыздарынан, жастық дәуреннің әуендері мен билерінен, ұлттық ойындардан басталады” [6, 1 п.]. Ғалым Наурыз мерекесін 62 жылдан соң халқымен қайта қауыштырып қана қойған жоқ, оның тарихын, өткізу сипатын, дәстүрін, композициялық шешімін, аса білгірлікпен жазды. Ө. Жәнібеков қазақта ертеден келе жатқан ғұрыптың бірі – тасаттыққа да тоқталады: “әдетте жауын-шашын болмаса жұрт өзен жағасына, көл немесе бұлақ басына жиылып, құрбандыққа шалынатын ортақ малды тәңірден жауын-шашын “тілеп” су үстіне бауыздайтын. Кейде тасаттық бергеннен кейін іле-шала жауын жауатын кездер де болған” [5, 18-б.]. Ө. Жәнібек баланың тұсауын кескенде ырымдап сыйлы кісіге кестіру, жастар үйленгенде ырымдап елге сыйлы, өсіп-өнген кісіге бата бергізу, кішкентай сәбидің қадірлі, ұзақ өмір сүрген кісінің төсегіне аунатып алу, аузына түкірту сияқты жоралғылар жайлы жазды.

Ө. Жәнібеков қазақ халқының наным-сенімі жайлы, ертедегі халық сенімімен бірге кейін келген ислам дінінің ажырамастай болып, халық санасына кірігіп кеткендігі туралы жан-жақты зерттеп жазды. Қазақтағы әруақты қастерлеуде де мұсылмандық сипатпен қатар, оған дейінгі ескі нанымның белгілері кездесіп отырады. “Қазақтың дүние салғандарға деген ниеті өлікті жерге беру, еске алу үшін ғана емес, бүгінгі және болашақ ұрпаққа арналған. Ата-баба әруағын сыйлау, қазақ ауылындағы үлкенге ізетті, кішіге инабатты болу дәстүрі ең алдымен имандылық, әдептілік және ізгілік қасиеттерден нәр алған. Ол ел басына күн туған қилы-қилы заманда халықтың тұтастығын сақтап қалуға да кепіл болды” [5, 23-б.] - деп жазады ғалым жерлеу дәстүрі жайлы.

Халық аспаптарының зерттелуі жайлы Ө. Жәнібеков: “Халық аспаптары жайлы алғашқы жазба деректер Шығыстың әлемге әйгілі ғұламасы әл-Фарабидің еңбектерінде, X-XIY ғасырларда бізде болған араб-парсы, еуропа саяхатшыларының жолжазбаларында кездеседі” [5, 83-84-б.б.], - деп жазады. Ол Болат Сарыбаевтың талдауларына сүйене отырып, тембрлік-дыбыстық қасиеттерін, ойнау тәсілдерін ескеріп, қазақтың халық аспаптарын ұлттық (домбыра, қобыз, сыбызғы) және фольклорлық (уілдек, сазген, дабыл, даңғара, шаңдауыл, дауылпаз, дудыға, желқабыз, желбуаз, тоқылдақ, тұяқтас, асатаяқ, керней, адырна, сақпан, дүңгіршек) деп екі топқа бөледі [5, 85-б.]. Ө. Жәнібеков халқымыздың музыкалық-аспаптық мәдениетінің ерте заманнан қалыптасқанын біреу білсе, екіншісінің білмейтінін, тіпті, “қазақта қобыз бен домбырадан басқа аспап болмаған деген қасаңқы пікірдің кеңінен тарағанына жауап ретінде Алматыда қазақтың халық аспаптары музейін құруға басшылық етті. Көп ізденістің нәтижесінде музейге келгендерге өнер көрсететін, көне әуез аспаптарынан құралған “Сазген” ансамблі дүниеге келді. Ансамбль мүшелері тек аспаптарда ойнап қоймай, оларды дыбыстандырумен, дағдыға ендірумен айналысты [7, 126-б.]. Музей халық аспаптарының тарихынан, ойнау тәсілдерінен толық мағлұмат беретін әуездік кешенге айналды.

Қазақ халықының дәстүрлі өнерінің тарих қойнауында қалып қойған немесе із-түзсіз құрып бітуге айналған салалары да бар. Уақыт өткен сайын оларды зерттеу де, жаңғырту да қиындай түседі. Сондай салаға би өнерін жатқызуға болады. Егер ауыз әдебиетіне, заттық мәдениет ескерткіштеріне, ою-өрнектерге, жазба деректерге, қазақ тілінің лексиконына сүйсенсек, би өнерінің де ата-бабадан қалған мәдени мұраның аса маңызды бөлігі ретінде қазақ қоғамымен бірге жасасып, оның рухани өміріне азық болғандығын аңғаруға болады. Ө. Жәнібековтің пікірінше, “қазақ билерінің ғұрыптық-салттық (“Айқосақ”, “Жезтырнақ”), еңбектік (“Өрмекби”), аңшылық (“Құсбегі”, “Бүркіт пен қоян”), салтанаттық (“Шалқыма”, “Айда былпым”), көпшілік (“Ұтыс би”, “Алқа қотан”) болып бірнеше топқа бөлінуінде де үлкен мән бар. Ал жануарларға еліктеуден туған “Ортеке”, “Тепеңкөк”, “Қара жорға” секілді билерден халықтың ұшқыр қиялы, асқақ ойы көрінетіндігіне күмәндануға болмайды” [5,151-б.]. Ө. Жәнібеков қазақтың би өнерін зерттеп, ұлттық би арқылы қазақ халқын дүние жүзіне танытуға көп үлес қосты. Ө. Жәнібековтің қамқорлығымен құрылған “Алтынай” би ансамблінің әлемдегі талай сахналарда қазақ биінің мәртебесін көтеріп, ұлтымыздың мерейін өсірді.

Ө. Жәнібеков академик М. Қозыбаевтың жетекшілігімен 1991 ж. 22-сәуірде Одақтық Ғылым академиясының Сібір бөлімшесіндегі Тарих, филология және философия институтының арнаулы

кеңесінде қазақтың дәстүрлі өнерін тарихи-этнографиялық тұрғыдан зерттеу жөнінде ғылыми баяндама жасап, тарих ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесіне ие болды.

Қорытындылай келе айтарым, қоғам құндылықтарына көзқарас қайта екшеліп жатқан бүгінгі қоғамда қызметі сынға ұшырамаған тұлғалардың бірі – Өзбекәлі Жәнібеков. Ол Қазақстан жастарының жалынды жетекшісі, ұлт мәдениетінің ірі ұйымдастырушысы, халық арасынан шыққан қоғам және саяси қайраткері, сонымен бірге тарихшы ғалым, яғни, кешегі кеңес заманындағы еңсесі биік ел басшыларының алдыңғы қатарында болды. Ол кеңестік дәуірдің қайраткері болса да, өз ұлтының тарихы мен болашағын еш уақытта есінен шығармай, кеңестік саясаттың аясында да ұлты үшін аянбай еңбек етті. Ақын Мұхтар Шахановтың сөзімен айтқанда, "Ө. Жәнібеков аса жауапты, мүмкіндігі шектеулі, ой ауқымы сірескен атқа мінерлік қызметтердің өзін де ұлт игілігіне бұрудың тамаша үлгісін көрсеткен" [8, 377-б.] ұлтжанды азамат бола білді. Ол сан ұрпаққа кететін өнеге, әр буын ұрпақ зерттеуіне жететін мұра қалдырды. Оның қаламынан туған зерттеу еңбектері бүгінде жас ұрпақты тәрбиелеудің рухани құралына айналды.

**Пайдаланған әдебиеттер:**


1. ҚР ОММ. 2238-қ., 1-т., 103-іс.
2. Ө.Жәнібек. Уақыт керуені. – Алматы: Жазушы, 1992. – 192 б.
3. Джанибеков У. Культура казахского ремесла. – Алма-ата: Өнер, - 144 б.
4. Арғынбаев Х. Алғысөз // Өзбекәлі Жәнібеков. Жолайырықта. – Алматы: Рауан, 1995. – 7-8 бб.
5. Ө.Жәнібек. Жарияланбаған жазбалар мен ол туралы естеліктер. – Алматы: Арыс, 1999. – 240 б.
6. ҚР ОММ. 2238-қ., 1-т., 115-іс.
7. Ө.Жәнібек. Тағдыр тағылымы (естеліктер) – Алматы: Рауан, 1997. – 192 б.
8. Рух сардары (Өзбекәлі Жәнібековтің туғанына 75 жылдығына орай өткен ғылыми теориялық конференция материалдары) / Құрастырған: Баян Адырбек. – Түркістан: Тұран, 2006. – 240 б.

ӘОЖ37.02:069.01;

# ӨМІР КӨРІНІСТЕРІН ШЫНАЙЫ БЕЙНЕЛЕУ

**Қ.Е.Ералин, Т.С.Бүркітбаев, Ғ.Қ.Ералина**

*Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Өнер және білім факультеті, Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері кафедрасы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор*

*(Қазақстан. Шымкент қ.).email:Kuandikbei@mail.ru*

*Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Өнер және білім факультеті, Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері кафедрасының меңгерушісі педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент м.а.*

*(Қазақстан. Шымкент қ.).*

*Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетіні педагогика ғыллымдарының кандидаты, аға оқытушы*

*(Қазақстан. Шымкент қ.) email: aika. erali @mail.ru*

***Резюме***

*В статье представлены результаты искусствоведческого исследования творчество художника Амангельды Турсунова. При анализе произведений раскрыта понятия приемственность художественных традиций, реалистический метод изображения, критериев художественного анализа. Определены четыре этапа развития творчества художника. Первый этап: пробуждение у будущего художника желания рисовать природу в селе ущелья горы Огем. Второе: зарождение стремления и творчества будущего художника к художественному образованию. Третий этап: выставление работы художника, на городских, республиканских, зарубежных выставках. Четвертый этап – образ трудовых людей художника в казахском изобразительном искусстве, начиная с первого десятилетия двадцать первого века. Современные произведения художника Амангельды Турсунова, связанные с историей страны и его людей.*

***Summary***

*The article presents the results of an art history study of the work of the painting artist Amangelda Tursunov. When analyzing works, the concepts of the acceptability of artistic traditions, the realistic method of image, and the criteria for artistic analysis are revealed. Four stages of the development of the artist's work have been identified. The first stage: awakening the future artist's desire to paint nature in the village of the gorge of Mount Ogem. Second: the emergence of the desire and creativity of the future artist for art education.The third stage: exhibiting the artist's work, at city, republican, foreign exhibitions. The fourth stage is the image of the artist's labor people in Kazakh fine art, starting from the first decade of the twenty-first century. Modern works of the artist Amangelda Tursunov, related to the history of the country and its people.*

*Key words: acceptance of artistic traditions, realistic image, criteria of artistic analysis, artistic ideal, compositional structure, color, performing skill.*

**Кіріспе:** Зерттеу мақсаты: Суретші А.Тұрсыновтың кескіндеме және мүсін шығармаларының өнертанымдық өлшемдерін негіздеп, шығармашылық бағдарын анықтап, шеберлік өлшемдерін көрсетіп, ізденіс бағыттары мен ұстанымдарын ашу болып табылды. Зерттеу пәні: суретші А.Тұрсыновтың шығармаларының өнертанымдық өлшемдерін анықтау; Зерттеу нысаны: суретші А.Тұрсыновтың кескіндеме және мүсін шығармаларының өнертанымдық талдау;

**Зерттеу әдістері:** Өнер туындыларын талдау әдістері: шебердің шығармашылық қызметі тұрғысынан талдау, жеке туындының көркемдік өлшемдерін анықтау тұрғысынан талдау болып бөлінеді. Жеке картинаны көркемдік талдау: эмоциялық деңгейін талдау, пәндік деңгейін талдау, сюжеттік деңгейін талдау, символдық деңгейін талдау бағыттарын қамтиды.

**Зерттеу нәтижелері**: шығармашылық бағдары, шығармашылық іс-әрекеттері, бейнелеу заңдылықтары, шығармашылық үдерістегі қолданған ізденіс ұстанымды қамтитын, төрт бағытты көрсетеді: 1.Суретші А.Тұрсыновтың шығармаларын өнертанымдық тану: картина идеясы, композициясы, түстік шешімі, орындау шеберлігі кескіндемелік-реалистік бейнелеу тұғырлары болып анықталды; 2.Шебердің мүсіндік шығарма образын құрастырудағы шығармашылық бағдары: форманы реалистік бейнелеу тұрғысында сомдау, кейіпкердің өмірін ескеру, қоршаған ортасынан белгі беру, өмір сүрген заманынан бір үзік сыр ашу, мүсіндік композиция құраудағы басты бағдарлар болып танылған; 3.Суретші өзіндік кескіндеме шығармаларын жазу үдерісіндегі қолданған шығармашылық іс-әрекеттері: композиция құрастыру, жарықтану, түстану, кеңістіктану (перспектива) заңдылықтарын бейнелеу үдерісінде қолдану шеберлік деңгейінен көрсететін өлшем болып алынды. 4.Шығармашылық үдеріске суретші бейнені құрамдау, түстік шешім немесе көлемді табу, жоғары орындау шеберлігінің образ сомдау іс-әрекетіне бағынуы, шығармашылық үдерістегі қолданған ізденіс ұстанымы болды.

**Зерттеу нәтижелерін талдау.** Өнертанымдық әдебиеттер мен кескіндемеші-мүсінші А.Тұрсыновтың еңбектерін талдау нәтижелері бізге шебер шығармашылығы екі бағытта өрбігенін көрсетті: біріншісі- кескіндемелік-реалистік бейнелеу бағыты болса, екіншісі, мүсіндік-реалистік пішінқұрау бағыты болды. Кескіндемелік-реалистік бейнелеу дегеніміз – көрерменге эмоциялық әсер беретін, нұсқаның көрінісін айнытпай шынайылық тұрғысында бейнелеу іс-әрекетінің нәтижесі танылады. Кескіндемелік-реалистік бейнелеу әдісі мен мүсіндік-реалистік пішін құрау әдістерін қолданудың интеграциясы - суретшінің шығармашылық дара ерекшелігін көрсетеді. Кескіндемелік-реалистік бейнелеу бағытын қамтитын әдістер: кеңістік пен заттардың визуалдық өлшемдерін шынайы көрсетумен, бейнелеудің жарықтану, түстану, кеңістіктану заңдылықтарын қолданудың жоғары шеберлік деңгейімен көрініс табатын, жоғары орындаушылық шеберлік өлшемдерінің көрінуімен сипатталады. Мүсін шығармаларын сомдауда пішінді шынайылық тұрғыдан бейнелеу әдісі болып табылатын: дара дененің жеке бөлшектерінің тұтастығы, нұсқа көлемінің барлық қырынан қарағандағы тартымдылығы, кіші бөлшектер мен сызықтар қозғалыстары әсемдігінің басымдықпен көрінуі.

Суретші Амангелді Тұрсыновтың туындыларына тән ерекшелік шынайы өмір көріністерін бейнелеу. Суретші мүсінші А.Тұрсыновтың шығармалары дәуір тынысы. Шынайы өмірді табиғи қалпында бейнелеген реалистік туындылар. Оның кескіндеме туындыларының басты тақырыбы бар, олар: салт-дәстүр, табиғаттың әсемдігі, замандастар бейнелері. Оңтүстік Қазақстанның кескіндемесі мен мүсінін дамыту мен қалыптастырудың бастауында тұрған шебер Қазақстан Республикасы еңбек сіңірген өнер қайраткері, суретші және мүсінші, Амангелді Тұрсынов 1943 Өгем тауының бөктерінде дүниеге келген. Ташкенттегі П.Бенков атындағы Көркемсурет училищесін бітірді. Бұдан кейін аз уақыт орта мектепте ұстаздық етіп, 1969 жылы сол кездегі одақта суретшілерді даярлайтын ең беделді оқу орнының бірі Ташкенттегі Н. Островский атындағы (қазіргі Камеледдин Бекзат атындағы) театр-көркем сурет институтының кескіндеме бөлімін Амангелді Тұрсынов институтты үздік дипломмен бітіріп шыққан.

1975 жылы арнайы жолдамамен Ә.Қастеев атындағы Шымкент көркемсурет училищесіне жұмысқа келді. Осы кезден бастап ол шығармашылық жұмысымен бірге ұстаздықты да қатар алып жүрді. 1979 жылы ол КСРО суретшілер одағына мүшелікке қабылданды. «ХХ ғасыр суретшілері» Құрметі кітабына есімі енген жерлесіміздің шығармашылық





Шабандоздар. Жайлауда

туындылары қазір ТМД және республикамыздың мұражайларында, көрмелер дирекциясында сақтаулы тұр. А.Тұрсынов 1984 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Суретшілер одағына төраға болып сайланды. Өмірінің соңғы жылдарында ол Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің өнер факультетінде студенттерге кескіндеме сабағынан дәріс берді. Суретшінің «Шабандоздар» атты кескіндемелік шығармасында қазақ халқының ұлттық ойындарын бүгінгі күні жалғастырып жүрген замандастардың бейнелері сомдалған. Композиция ортасында шоғырланып тұрған жастардың бейнелері көз тартады. Композициядағы негізгі элементтер: аттылардың бейне қозғалыстары қараған көзді жалықтырмайды, қайта тартымдылық күші арта түседі.

Адамдар мен көкпар аттарының аяқтары мен дене қозғалыстар композициясы бірін бірі қайталамайды, бірі мен екіншісі композициялық тұрғыда өзара байланысты даралық қозғалыстық сиатта берілген. Бояу түстері ашық жылы колоритке құрылған. Жазғы мезгіл. Түстің кезі. Тау бөктері. Жазық дала. Суретші жақындағы тұрған кеәпкерлердің түсін ашық түстермен анық айқын етіп жазса, алыстағы түстердің қанықтық өлшем салмағы солғындау болып алынған. Картина форматы дәстүрлі қолданыстағы өлшеммен берілген. Туындыны жазу шеберлігіне келетін болсақ: жарық пен көлеңке арқылы зат формасының көлемін шығару деңгейі жоғары жазу шеберлігін көрсетеді. Түстердің қолданысында ашық түстерге басымдық берілген. Таңғы мезгілді білдіреді. Перспектива заңдылығын суретші қатаң сақталған. Көкшіл түстерді басымдық беру арқылы суретші шабандоздардың көңіл күйін, рухани болмысындағы шешімділікті, қайсар мінезді көргендей әсер береді.





Қажмұқан мүсіні Қапал батыр ескерткіші

Өнер шебері Амангелді Тұрсынов өмірінің соңғы кезінде мүсін өнеріне ерекше ден қойды. Қазақтың белгілі тұлғаларының қайталанбас мүсіндік образдарын жасады. Қаламыздың орталық көшелерінің біріндегі алыстан көзге шалынатын Қапал батыр ескерткіші батырдың нағыз ерге лайық тұлғасы, келбеті, көзқарасы, барлығын даралық шеберлік шығармашылық әрекеттермен бейнеленген мүсіндік шығарма болды. Орталық стадионның алдына орнатылған Қажымұқан ескерткішінің авторы да Амангелді Тұрсынов. Суретші бұл туындыны жасау арқылы қазақ елінің даңқын шығарған дара тұлғаның образын сомдаумен қатар, келер ұрпаққа үлгі өнеге беретін, ұлттық рухани құндылық ретінде танылатын, ұрпақтан ұрпаққа жететін өшпес мұра қалдырды. Одан бөлек талай тұғырлы тұлғалардың ескерткіштерін жасады.



Біздің ауыл әйелдері. Арқау тарту. Майлы бояу.



Плэнер практикасы

Суретшінің «Өрмек тоқу» атты, майлы бояумен жазылған кескіндеме туындысы. Суретшінің негізгі идеясы халқымыздың қол өнерінің басты өлшемі өрмек өруді көрсету, осы көріністі келер ұрпаққа жеткізу болған. Композициядағы әйелдер бейнелері, олардың қозғалыстары бірін бірі қайталамай терең ерекше қызғылықты композицияны құрамдаған. **Қорытынды:** Зерттеу нәтижесінде суретші Амангелді Тұрсыновтың кескіндеме шығармашылығын өнертанымдық өлшемдер берілді. Шығармаларды талдау барысында көркемдік дәстүр жалғастығы, реалистік бейнелеу әдісі, көркемдік талдау өлшемдері ұғымдарына түсініктер беріліп, зерттеу нәтижелері өнертанымдық айналымға ұсынылды. Суретші шығармашылығы дамуының төрт кезеңі айқындалды. Бірінші кезең: болашақ суретшінің табиғат суретін салуға деген құштарлығының оянуы. Екінші: көркемдік білім мен шығармашылығының бастау алуы.Үшінші кезең: суретшінің шынайы табиғат көріністерін бейнелейтін кескіндеме туындыларының көрмелерге қойылуы. Төртінші кезең - суретшінің жиырма бірінші ғасырдың алғашқы онжылдығынан бастап, мүсін туындыларымен танылуы. Бесінші кезең - академиялық кескіндемені болашақ өнер мамандарына академиялық білім беруді мақсат тұтқан - суретші-педагог ретінде танылуы.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1.Герчук К. Язык изобразительного искусства. Учеб.литер.:, М. -2006. С.-286

2..Birlesik Dunya Arastirma BDOCENTER. Innovasyon ve Yayincilik Merkezi Word journal on Educationai Volume 13, Issue 4, (2022) 900-993 WWW.wj-et, eu Suggested Citation: Umralieva, L., Tanirbergenov, M., Yeralin, K., Bolysbaev, D., Makhabbat, D., & Zhanar, S., (2021). Evaluating creative drama studies in virtual museums with teacher opinions. *World Journal on Educational Technology: Current Issues*. *13*(4), 980-993. https://doi.org/10.18844/wjet.v13i4.6286

ӘӨЖ 7.035

# ӘЛІМБЕК ҚОНЫСБЕКОВТЫҢ КҮЙШІЛІК МЕКТЕБІ – ХАЛЫҚТЫҚ ӨНЕРІМІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫ

**Аққали Ұ.Ж.** – 1403-13 тобының студенті
**Ғылыми жетекшісі: Арыстанова Ш.С.** - ҚР мәдениет саласының үздігі, аға оқытушы
**Ахметова Ж.О.** – магистр, аға оқытушы
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент қ.

***Резюме***

*В этой статье рассказывается о творчестве Алимбека Конысбекова и его мастерстве в создании кюев и песен.*

***Summaru***

*This article tells about the legacy of kui Alimbek Konysbekov and his skill in creating kuis and songs.*

Әлімбек Қонысбеков 1947 жылы дүниеге келген, Өзбекстан Республикасы Әндіжан облысының тумасы. Әкесі Қонысбек Тұрсынбекұлы - Созақтың мұсылман медресесінде білім алған зиялы азамат. Голощекиннің солақай саясаты малын, дүниесін кәмпескелетіп, Сібірге айдатып жіберген Әлекеңнің тума-туыстары көп қиындықтар көріп, отыз жылдай Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстанда бас паналауға мәжбүр болды. Ұлы Отан соғысы басталғанда әкесі әскерге аттанып, екі рет ауыр жараланып, көрсеткен ерлігі үшін ІІІ-дәрежелі «Даңқ» орденімен, бірнеше ерлік медальдарымен марапатталған.

Әлімбек Қонысбеков - Күнгей мен Теріскей өңірінің күйшілік мектебі мен дәстүрлі ән өнерін қабат альш жүрген шоқтығы биік бірегей тумалардың бірі. Қарт Қаратау баурайының ән өнері, күй өнері дегенде алдымен ауызға түсетіні - осы салалардың бұлақ-бастауында тұрған Әлекең сияқты сирек таланттар. Қолына қара домбыраны ұстағанда оны бірде дүлей дауыл жерден көтеріп әкетіп, күй біткенше аспандата шарықтатып отырғандай, енді бірде Сарарқаның салқын самалы баяу тербетіп, сабаңа түсіріп, мұңсыз бір қиялға жетелейтіндей көрінеді. Жанына байланып, айрықша сезімге бөленіп, жадау тартып отыра бересің. Ол күйді айрықша бір шабытен нұрлана тартады. Оның домбыра шертісі біз білетін бұрынғы-соңғы күйшілердің бірде-бірінікіне ұқсамайды. Өнердің ең үлкен ерекшелігі де сол ұқсамауда. Ешкімге ұқсамағандығынан да ел-жұрт Әлекеңе дереу көңіл бөледі. Көп күйшінің ішінен ол жарқ етіп жаңаша, оқшау көрінді. Содан да болар, өнерінің де өзінің де бағы жанды.

Әлекеңнің бұл өнерге келуі үлкен бір жетістік болды. Тіпті, сол кезде ұлтық консерваторияның өзінде қазақтың, дәстүрлі күйлерін орындайтын мамандар әзірлейтін мамандық жоқ болатын. Міне, осы тұста Әлекең сияқты ел ішінен қайнап шыққан тума таланттар сол кездері орнын басты. Әлекеңнің негізгі үлкен еңбегі Сүгір шығармашылығының жаңаша бағытта қайта тірілтуінде еді. Теріскей өңірін айтпағанда, сол тұстағы Қаратауды мекендеген өнерпаздардың көбісі Сүгірдің күйлеріне еліктеп өсті. Егер Ергентай, Самар сияқты күйші ағаларына ілесе жүріп, Әлімбек Кентау қаласына келіп, Сүгір шығармаларын халық аспаптар оркестіріне түсіріп, бүкіл Қаратау өңіріне жаймағанда, мүмкін Сүгір де сол Созақ өңірінің төңірегінен аспай, жай ғана халық жанындағы көп күйшілердің бірі больш қалған болар ма еді, кім білсін? Сүгірдің қоңыр күйлері бар салмақты өнерпазды табиғаттың өзі бізге сыйға тарту тегіннен-тегін болмаса керек [1].

Әлекеңді Сүгір шығармашылығын жаңа ғасырдағы жаңа жалғасы деп айтсақ та болады. Дәстүрлі күй өнерін халқына сіңіріп, мектебін қалыптастырып кеткен осы өңірдің тумалары Генерал Аскаровты, Төлеген Момбековты, Ергентай Борсабаевты, Самар Сүйіндіковты айтпағанда, кешегі Құрманғазы мен Тәттімбет бастаған күйшілер шоғыры біздің ұлттық өнеріміздің мақтанышы. Әлімбек шерте күйді орындаушылардың хас шебері ғана емес, өзі де әдемі күйлерімен елді тамсантып жүрген күйші-композитор. Оның ересек орындаушыларға арналған «Ана құдіреті», «Өттің дәурен», «Жігер», «Бірлік басы - Ордабасы», «Наурыз», «Аңсар», «Сейдолла сарыны», «Шаттық думан» күйлері, ал балаларға арналған «Ақ тайлақ», «Алақай», «Көксерек», «Мектебім», «Сырғанақ», «Бозжорға», «Ақша қар», «Ортеке», «Қошақан» сияқты 40-қа жуық күйлері мен күй-толғау, күй-поэмалары бүгінде саз мектептерінің репертуарынан берік орын алған.

Кейінгі жылдары Әлекең халық қайнарынан бастау алған әдемі лирикалық әндер жазып жүр. «Сен бар жерде» (сөзі Ж.Егінбаевтікі), «Алыста жүрген бауырлар» (сөзі У. Қонысбекованікі), «Аяулы ана» (сөзі Б.Оспановтікі), «Өзің едің» (сөзі Р.Балабиевтікі), «Майдангер жыры» (сөзі Е. Байтудікі) сияқты 20-ға тарта әндері бар.

Зайыбы Ұлтуар да - көмейіне бұлбұл қонған тамаша әнші. Әлекеңнің көптеген әндеріне қазір осы Ұлтуар сөздер жазып жүр. Ұлдары Сұлтанбек, Өмірбек, Мейрамбектер де әке жолын қуып, оңтүстік өңіріне белгілі өнерлі өрендерге айналған.

Оңтүстік өңіріне «Қонысбековтер отбасылық ансаблінің» көркемдік жетекшісі ретінде танымал болды. Әлекең Асанәлі Әшімов, Райымбек Сейтметов білім алған Алтынсарин мектебінін түлегі. П.И.Чайковский атындағы саз училищесін, Құрманғазы атындағы Мемлекеттік консерваторияны бітірген. Ұзақ жылдар Кентау қаласындағы № 1 балалар саз мектебінің халық аспаптар бөліміне жетекшілік етті. Облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтында бөлімді меңгерді. ҚР білім үздігі, жоғары дәрежелі мұғалім, кезінде «Халық оркестрі» атанған Кеншілер мәдениет сарайы халық аспаптары оркестірің ұйымдастырушылардың бірі. І-ші Бүкілодақтық халықтар шығармашылығын фестивальдерінін лауреаты.

Ұзақ жылдар бойы ансамбль жетекшісі болып, әлемнің және қазақтың төлтума өнерін оңтүстік өңіріне танытып жүрген белгілі сазгер-күйші, педагог-ұстаз Әлімбек Конысбеков. Оркестр туралы жиі естіп жургеніміз болмаса, ансамбль туралы түсінігеніміз толыққанды емес екені даусыз. Себебі, бұл өнер тобы, онын репертуары жайлы- жазылған зерттеу енбектері өте сирек. Шын мәнінде әлем музыка аспапатары мен қазақтың көне аспаптарынын қоңыр үні мен күңіренген, сықырлаған, дабыл қаққан у саздары үндесіп, ансамбль репертуарымен тоғыса келе, қанымызды буырқантып, халыққа ерекше рух беріп жүргені рас. Біз шетел ансамбльдерінің репертуарымен сусындағанымызбен, арыстарымыз Ахмет Жұбанов, Болат Сарыбаев, Өзбекәлі Жанібековтер келер ұрпаққа кажет болар ұлттық ансамбльдер құруын тапсырып кеткен-ді. Музыкантар арасында «жаман аспап жоқ, оны орындай алмайтын адам болуы мумкін» деген сөз бар. Сондықтан қазақтың ұлттық аспаптарының тек өзіміздің музыкамызды ғана емес, өзге ел халықтардың музыкасын орындай алатындай мүмкіндігі бар екенін осы ансамбльдер сезінтіп, дәлелдеп жүр.

Біз ғасырлар бойы саф қалпын бұзбай жеткен түрлі халықтардың түрлі әуендерінің заман әуенін өз бояуында беретіндей күшті екенін білдік. Сырлы сазға еліктеген тыңдаушы шағын құрамды шығармашылық топтарға - ансамбльдердің репертуарына сусап жүр.

Өнер сүйер қауымға Еуропа, Азия ансамбльдерін қоспағанда, өзіміздің «Тұран», «Серпер», «Сазген сазы», «Тұмар» сияқты этно-фольклорлық, «Салтанат», «Шалқыма» «Айбибі» сияқты би, «Дос-Мұқасан», «МузАРТ», «Айгул» сиякты эстрадалык, Дарібаевтар, Алтаевтар, Конысбековтер сиякты отбасылык ансамбльдер жаксы таныс. Заманауи шағын ансамбльдердің тағы бір түрі ЭККО: Домбыранын электронды компьютермен күй орындауы) «Улытау», «Тарту» А.Енсеповтың репертуарындағы шығармалар.

Ә.Қонысбеков бұған дейін «Яссауи толғау», «Ана құдіреті», «Ғұмыр перзент» сияқты бірнеше ән-күй жинақтарын шығарып, елге танымалы еткен. Жинақ үш бөлімнен тұрады: «Фортепиано суйемелдеумен домбыраға лайықталған шығармалар», «Домбырашылар ансамбльдеріне өнделіп лайықталған шығармалар» жане «Домбыраға лайықталған этюдтер» т.б. еңбектері бар.

Күй өнері - қазақтың рухани қазынасының бірі де бірегейі. Халықтың болмысын, тарихын, рухын қасиетті домбыраның үнімен жеткізген күйшілер артына өшпес із қалдырғаны белгілі [2].

Әлімбек Қонысбеков күйшілік өнеріміздің мақтанышы. Оның күй шерту, ән шығару үлгілері шеберлігі жағынан да, тақырыптық-мағыналық маңыздылығы жағынан да үйренуге, насихаттауға лайық деп санаймын.

**Пайдаланған әдебиеттер**

1.Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2005 ISBN 9965-26-095-8

2. «Күй құдіреті» бойды балқытты // Салтанат Қажыкен. Мамыр 2019ж.

ӘОЖ (37.7)

# ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ - ЖАНСЫЗҒА ЖАН БІТІРЕТІН ӨНЕРДІҢ ЖАНАШЫРЫ

п.ғ.к., профессор **Д.Қ.Пошаев**,
аға оқытушы **А.К.Рыскулов**,
оқытушы **Әбибуллақызы Ә**.
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан.

***Резюме***

*В статье раскрывается принципы науки придерживающей Өзбекәлі Жәнибековым согласно которому трудно достичь ценности настоящего, предсказать будущее. Это ведет к научной объективности степной философии, диалектике национальных ценностей, содержательным и процессуальным аспектам образования в контексте культуры.*

***Summary***

*The article reveals the principles of science that adheres to Ozbekali Zhanibekov, according to which it is difficult to achieve the value of the present, to predict the future.This leads to the scientific objectivity of steppe philosophy, the dialectic of national values, and the substantive and procedural aspects of education in the context of culture.*

Тарихты білмей тұрып қазіргінің қадіріне жету, болашақты болжау қиын дейтін ғылымның өз қағидасы бар. Ол – өмірлік өсиет, ұлағатты сөз. Бұл тарих тағылымының тәрбиелік үлгісі, еңбек етудің алғы шарты.

Өміріміздің даму барысын дұрыс түсініп оның ішінде ғылымның, тәрбиенің, бүгіні мен ертеңін танып, бағдарлап отыруда тәрбие мен еңбек бөлінбестей берік, маңызды да мәнді рөл атқарады. Ендеше, «Еңбекке баулу» оқу пәні әр түрлі өнер түрлері мен көркемдік әрекеттер мазмұнының кешені болып табылады. Мұнда білім алушылар әр түрлі өнер шығармаларын көріп, қабылдау, зерделеумен қатар, дербес көркемдік шығармашылық әрекеттермен айналысады. Оқу материалына халықтық дәстүрлі және заманауи сәндік қолданбалы өнердегі ұлттық мәдени мұралар тәжірибесі негіз болып табылады. Мектептің еңбекке баулу пәнінің басты мақсаты – білім алушылардың еңбекке деген оң көзқарастарын қалыптастыру, әр түрлі бұйымдарды дайындау барысында эстетикалық талғамын қалыптастыру, оларды құрастыруға және безендіруге үйрету, сәндік-қолданбалы қолөнер туралы түсінік қалыптастыру.

Бұл 5-10 ғасырлардағы үшінші дәуірде ежелгі қазақ жерін мекен еткен түркі тілдес тайпалардың материалдық мәдениетінен бастау алатыны белгілі.

Өйткені, сол заманда-ақ халықтар кен қазып, оны қорытып, өңдеумен айналысқан, алтын, күміс, темір, қола сияқты металл түрлерінен еңбек құралдарын, тұтыну заттарын, зергерлік, сәндік бұйымдар жасаған. Сөйтіп олар көмірші, темірші, қалаушы, т.б. кәсіп түрлерін, *металл қорыту технологиясын* жақсы игерген. Мұны археологиялық қазба жұмыстарының барысында үлкенді-кішілі әйел және қыз балаларының сәндік қолөнер бұйымдарының табылуы дәлелдейді.

Олардың жасалу технологиясына қарап ежелгі халықтардың шеберлік, іскерлік, ісмерлік қабілет-машығына таңданбауға болмайды. Олар ой-қиялына, өмірлік тәжірибесіне сүйене отырып, ерлерге қолөнер құралдарынан – тоқпақтар, темір құятын қалыптар, ұста көріктері, күректері, семсер, қылыш, қанжар, сауыт, сүңгі, жинамалы садақ жебелерін, аң аулайтын қақпан, балық, құс ұстайтын құралдар, пышақ, ұстара, қырықтық жасады. Бұл аспаптар арқылы металдың әр түрінен әшекей, сәндік заттарын жасап, қазақ қолөнерінің дамуына мүмкіндік берді.

Қазақ халқының өткендегі мәдениетіне үңілсек, күнделікті тұрмыс қажетін өтейтін қолөнерінің жете дамыған түрлі салалары болғандығын көреміз. Айталық, асыл тастардан сәндік бұйымдар жасау (зергерлік өнер), қара темірден тұрмыстық, шаруашылық құралдарын жасау қолөнердің тамаша туындылары болды. Бұлардың бірсыпырасы қазіргі дәуірімізде де өз маңызын жоймай аз да болса сабақтастық табуда.

Осы тұрғыда, Өзбекәлі Жәнібеков шебердің қолы ортақ, өнердің жолы ортақ болатынының бар сыры, «жансызға жан бітіретін» адамның болмысын көркемдік сезімге, мүлтіксіздігіне, мінсіздікке бейімдейтін құдыретінде жатыр - деген ұстанымды алға тартады. Олай болса, қазіргі қазақ педагогика ғылымының қалыптасуы мен дамуының әдіснамалық негіздемесін жасау ізгілендіру мен парасаттылықты, адамгершілік пен адами құндылықтарды жоғары қоятын қазақ педагогикасын әлемдік педагогиканың құрамдас бөлігі ретінде анықтауға негіз береді.

Өзбекәлі Жәнібеков, Оңтүстік топырағының Ұлы дидактарының бірі ретінде және оның еңбектеріндегі педагогикалық идеялар мен тағылымдарының бүгінгі таңдағы құндылығын, көкейкестілігін дәлелдей отырып, олардың ауқымын кеңейту қажет. Яғни, ғалым, этнограф, педагогтың әдіснамалық тұжырымдамалары әлемдік педагогикадағы жаңаша көзқарастың қалыптасуына ықпал етуі тиіс.

Ұлы дидактың – «Шашағын сым күмістен төгілдірген зергер бұйымдарын бойына ілгеннен кейін қызды сымбаты мен сәулетіне келтіріп, келбетін жан тойғысыз етіп көрсетеді» - деген пікірі, еңбекке баулу, көркем еңбек мазмұнында дала философиясының ғылыми объективтілігі, ұлттық құндылықтарымыздың диалектикасы, білім берудің мәдениет контекстіндегі мазмұндық және процессуалдық аспектілеріне алып келеді.

Мысалы, зергерлік бұйымдардың бірі, қыз балаларының сәндік бұйымы болып табылатын – шолпысын атауға болады. Шолпы тек қыздардың сәндік бұйымы ғана болып қоймай, сонымен қатар, бірнеше физиологиялық, хореографиялық, психологиялық және т.б. қызметтерді атқарады.

Яғни, физиологиялық тұрғыда қыз баласы бойын түзу ұстауға дағдыланса, хореографиялық тұрғыдан әдемі жүрісті таңдауға үйренеді, физиологиялық тұрғыдан омыртқа жүйесінде орналасқан нерв талшықтарының түзу болуын және жұмыс қабілетін жоғарылататын болады.

Ал енді, шолпыны жасау мен сәндеу тақырыбына келсек, бұйым бірінші кезекте күмістен (жұқартылып) жасалады, оның себебі күміс зиянды зат молекулаларын жояды, ол осындай химиялық қасиетке ие.

Шолпының, қыз баласы бойын түзу ұстауы арқасында оның сыңғырын, дауысын (әуенін) әдемі жүрісі арқылы реттеп отырады. Себебі, шолпы денеге тікелей жанасатын болса, оның әуені жанасқан денеге (киімге) физика заңына сәйкес жұтылатын болады.

Шолпыдағы сәндік оюлар, оны сәндеп қана қоймай, қыз баласы жүрісінің қозғалысының әсерінен олар арқылы және ортасында орналасқан шариктер (онда да сәндік оюлар бар) арқылы өтуіне байланысты ырғақты әуен естілетін болады. (Мысалы: Қорқыт ата кесенесіндегі қобыз моделіндегі сияқты дыбыстар) Осы әуенді қыз баласы сұлу жүрісімен реттеп отырады.

Осындай үлгідегі бұйымдар жасау қазақ ұлтының табиғаты мен шеберлігін дәріптейді. Яғни, қазақты танығың келсе, оның таңдау тарихын біл! - деген осы.

Аталмыш мәселе бойынша зерттеу проблемасы көп жақты, әрі өте күрделі. Бұл – өміршең мәселе, ұзақ уақыт пен қажымас еңбектің еншісі, өйткені артына өлместей мұра қалдырып кеткен Өзбекәлі Жәнібековтың ілімі – таусылмас қазына. Сондықтан келешекте, Оңтүстік топырағының Ұлы дидактары және олардың еңбектеріндегі педагогикалық идеялар мен тағылымдарын қазіргі қазақ педагогика ғылымының мазмұнын жетілдіру бағытында терең зерттеу қажет. Мұның өзі білім берудің мазмұны мен тәжірибесін жетілдіруге мүмкіндік беріп, жаңа заманның ізгі адамдарын тәрбиелеуге жол ашады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Өзбекәлі Жәнібеков, Тағдыр тағылымы. Екінші кітап, Алматы «Рауан» 1996. -192 б.

2. Пошаев Д.Қ. Мамандыққа кіріспе. Оқу құралы 2-толықтырылған басылым. Шымкент, Нұрлыбейне, 2011, -200 б.

3. Пошаев Д.Қ. Педагогика, педагог және заман талабы, Оқу құралы, 2-толықтырылған басылым. Шымкент, «Әлем» баспаханасы, 2016, -132 б.

ӘОЖ37.02:069.01;

# БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНЕ ОҚЫТУ МАҚСАТЫ-ӨНЕРДІ ТАНУ

**Қ.Е.Ералин, Т.С.Бүркітбаев**
Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Өнер және білім факультеті, Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері кафедрасы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор
(Қазақстан. Шымкент қ.).email:Kuandikbei@mail.ru

Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Өнер және білім факультеті, Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері кафедрасы,педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент м.а.
(Қазақстан. Шымкент қ.).email: Talgat.62@inbox.ru

***Түйін***

*Мақалада бейнелеу өнері пәні және оның оқушыларға көркемдік білім мен эстетикалық тәрбие берудегі мәні, бейнелеу өнері пәні бойынша жүргізілетін әңгіме сабақтарын жүргізу әдістемесі мәселелері қарастырылған.*

***Summary***

*The article discusses the subject of Fine Art and its meaning in the art education and aesthetic education of students, the methodology of conducting conversation classes on the subject of Fine Art.*

Бейнелеу қызметінің адам өміріндегі қажеттіліктің бірі екендігі дәлелдеуді қажет етпейтін шындық екені белгілі. Бейнелеу өнері қоғамдық сана формаларының бірі ретінде өнердің үлкен бір саласы. Бейнелеу өнері қоғам дамуымен бірге дамып келе жатқан әлемдік өркениеттің құрамдас бөлігі болып табылады. Ол көпшілікке көркемдік білім мен эстетикалық тәрбие берудегі басты құрал болып қала береді.

Бейнелеу өнері жалпы білім беретін пән ретінде оқу жоспарына салыстырмалы түрде алғанда кештеу енгізілді және оған бөлінген сағаттар саны да аздау болды. Осы себептерге байланысты және бейнелеу өнері пәнінің оқытылуының өз дәрежесінде болмауы оқушылардың, онан кейін өз кезегінде жалпы көпшіліктің өнертану мәдениетінің төмен болуына алып келеді. Біз бұл олқылықтың уақыт өте келе қоғамның дамуына, адамдардың материалдық игіліктерден рухани байлықтарға қарай бетбұрыс жасауына байланысты бірте-бірте жойылатынын түсінеміз. Бұл айтылғандарға дәлел ретінде қазіргі дамыған елдердегі өнерге деген көзқарасты айтуымызға болады. Бейнелеу өнері туындылары олар үшін күнделікті қажеттілік дәрежесіне жеткен, жалпы рухани ләззат алатын обьект ретінде қарастырылады. Өнер туындылары әрбір үйдің интерьеріне көрік беріп тұратын жанды бұйымына айналған.Үлкен қалалардың әрбір ауданында екі- үштен көрме залдары бар. Бұл залдар көрермендерден босамайды, олар туралы өнер зерттеушілері жамырап жазып жатады. Өнер туындыларын сататын дүкендер мен галереялар әрбір таяқ тас тастам жерден табылады. Өнер туындыларының көптеп сатылып, сатып алынуы суретшілердің жақсы өмір сүруіне де жәрдемдеседі.

Біздің елімізде де осындай жағдай қалыптастыру үшін не істеуіміз керек. Мұндағы алғашқы қадам мектептерде бейнелеу өнеріне оқытуды жаңа деңгейге көтеру деп білеміз.Ұлттық білім жүйесінің негізі тарих, ана тілі, әдебиеті, музыка, бейнелеу өнері сияқты эстетикалық-гуманитарлық бағыттағы пәндерді оқып-үйрену барысында қаланады. Ұлттық тәлім- тәрбие, рухани мәдениетіміз бабалар дәстүрімен бірге осы пәндер арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отырады. Ұлттық мәдениетті оқып-үйрену әлемдік мәдениетті меңгерудегі алғашқы қадам емес пе?

Әрбір мектеп оқушысы төл ұлттық өнеріміздің керемет үлгілерін танып, оның байлығын сезіне біліп, онан рухани азық алатындай болса. Өткен ғасырдың 20-жылдары өзінің күмбірлеген күй үнімен Парижді таңдандырған Әміре домбырасын халық шеберлері жасаған. Жеткіншек ұрпақ темір шыбықтан дөңгелетіп жасалған үй үлгілерінен не көреді, не сезінеді. Осы ретте Ө.Жәнібековтың қазақтың киіз үйі туралы жазған мақалалары ойға оралады, ол киіз үйден табиғи ағаш пен киіз үйдің иісі шығып тұратындай таза ағаш пен қой жүнінен тоқылған бұйымдармен әшекейленуі қажеттігін көрсетеді.

Неге құран өзге тілдерде оқыла бермейді, себебі құранның ырғағы, мәні жойылатын көрінеді. Тіпті құранға тән ырғақты американ астронавтары айға қонған кезде естігендігі туралы баспасөз

беттерінде жарияланды да. Әнді теледидардан немесе ұнтаспадан тыңдау әншінің өз дауысын тікелей тыңдағандай әсер бере алмайды.

Осы келтірілген мысалдар ешқандай көшірме немесе репродукция нағыз түпнұсқаны алмастыра алмайтындығын көрсетсе керек. Ал түпнұсқа бұйымдардан ләззат ала білу үшін адамның өзі оны қабылдауға даяр болуы шарт. Бұл біршама білімді талап етеді. Бұл білімдердің негізгі бөлігі орта мектептердегі бейнелеу өнері пәнін оқыту барысында қаланады. Осы кезеңге дейін бейнелеу өнерінің негізі нұсқадан сурет салу деп басты назарды оқушылардың бейнелеу қызметіне аударып келдік те, бейнелеу өнері туралы әңгіме сабақтары екінші кезекте қалып қойды. Оқушылардың нақты бейнелеу қызметінің маңызын еш төмендетпей, әңгіме сабақтарын жүргізудің жаңаша әдіс-тәсілдерін қарастыруымыз қажет. Терең теориялық білімсіз бейнелеу өнерінің құдіретін тұсіну мүмкін емес, қазіргі бейнелеу өнерінің даму деңгейі, ондағы түрлі бағыттардың көптігі, оны арнайы оқып-үйренуді қажет етеді.

Еліміз егемендік алған соңғы жылдары орта мектептердегі оқу мазмұнын қайта қарап оны сапалық жаңа деңгейге көтеруде көптеген игі іс- шаралар іске асырылды. Олардың бастылары-орта мектептердегі оқу мерзімін 12 жылға ұзарту жобасы, жаңа үлгідегі оқулықтардың дүниеге келуі дер едік. Өте жақсы жазылған және керемет көркемдеген оқулықтар қатарына бейнелеу өнері пәні оқулықтарын да жатқызуға болады. Мазмұны және көркемделуі жағынан осы кезеңге дейін шығарылған бейнелеу өнері пәні оқулықтарының алды болды деп толық айта аламыз. Дегенмен де, көш жүре тұзіледі дегендей бейнелеу өнері пәні бойынша жүргізілетін сабақтар тақырыптық сурет, нұсқадан сурет салу, мүсін сабақтары, сәндік сурет салу және әңгіме сабақтары деп бөлінетінін ескерсек, бұл оқулықтарда әңгіме сабақтарына қажетті оқу материалдарының тым аз екендігін байқаймыз. Әрбір сыныпта әңгіме сабақтарына бөлінетін сағат саны алты-жеті сағат көлемінде болады. Осы сабақтарға қажетті материалдар оқулыққа толық енгізілетін болса, оның мазмұны баий түсер еді.

Бұл мәселені шешудің біздіңше екі жолы бар. Біріншісі -әр сыныпқа қажетті теориялық материалды сол сынып оқулығына толық енгізу. Екіншісі - орта мектеп бейнелеу өнері бағдарламасына сай, өнертану мәселесіне қатысты материалдардан арнайы бейнелеу өнері хрестоматиясын шығару. Бейнелеу өнеріне оқытуды сапалық жаңа деңгейге көтерудің қажеттілігін өмірдің өзі дәлеледеп отыр. Себебі әрбір ұлт әлемде жетекші орын алуға ұмтылады, ол әрбір елдің экономикалық даму деңгейімен, рухани мәдениетке қосқан үлесімен байланысты болады. Осы жерде мына төмендегідей жағдайларды айта кеткен орынды болар еді.

Ислам діні адам бейнесін салуға тыйым салғаны белгілі, бірақ, бейнелеуге, бейнелеу өнеріне деген құштарлық адам табиғатымен біте қайнасып жатқан табиғи қажеттілік болып табылады. Дарынды аталарымыз қоршаған ортадағы оқиғалар мен құбылыстарды түрлі формаларға айналдырып тұспалдап бейнелеуді үйренді. Форма жасау, бейнелеу өнері саласындағы әрекет-дағдыларының дамуы нәтижесінде жүйеленген, эстетикалық құндылығы жоғары ою-өрнектер дүниеге келді. Стильденген ою -өрнектер арқылы өз ойларын жазықтық бетінде (тас, ағаш, қағаз, кесте бетінде т.б.) көрсете білді. Осы бейнелеу үлгілеріне қарай отырып олардың интеллектуалдық деңгейінің, ақыл-ойының қаншалықты тереңдігіне таң қаласыз. Мысалы, тұрмысқа шыққан қыз-бала ешқандай сөз айтпай-ақ үйіне өз қолымен тоқылған кестені жібереді, ондағы бейнелер мен бояу түстеріне қарай отырып ата-анасы қызының жағдайынан хабардар болады екен.

Белгілі француз суретшісі А.Матисстің “Өсімдік тектес өрнек” /Растительный орнамент/ деп аталатын картинасы бар. Мұндай өрнек түрлерін біздің халқымыз бірнеше ғасыр бұрын дүниеге келтіріп қойған, өсімдік тектес ирек өрнектер өмірдің мәңгілігін, шексіздігін бейнелейтін символдар ретінде қарастырылады. Қазіргі ғалым-философтар өмір, қоғам ирек бойымен, спираль тәріздес дамиды деп жүрген пікірлері осы өрнектерде көрініс тапқан. Дүние жүзіне белгілі сәулет өнерінің туындысы Қ.А.Яссауи мавзолейі сыртындағы өрнектерден өмірдің мәңгілігін, шексіздігін, үнемі қозғалыста болатындығын бейнелейтін өрнектерді кездестіреміз. Осы символдарды қазіргі кездегі көптеген эмблемалардан, фирмалық белгілерден кездестіреміз. Мысалы, Кока-Кола, БМВ, Мерседес т.б., мысалдарды көптеп келтіруге болады. Осылардың барлығы біздің дана халқымыздың рухани мәдениетінің қаншалықты биікте екендігінің дәлелі. Орта Азияның, шығыстың жазу үлгілерінің, әдебиеті, фольклорының, ғылымының даму деңгейі туралы түсініктер беру әдебиет, тарих, тіл білімі т.б. оқу пәндерінің үлесіне тисе ұлттық өнерімізді дәріптеу бейнелеу өнері пәнінің басты проблемаларының қатарына жатады. Бейнелеу өнері пәнінің әрбір бөлімінің шешуге тиісті мәселелері бар екенін ескерсек, бұл көтеріліп отырған мәселелердің негізі әңгіме сабақтарының үлесіне тиеді.

Сонымен, әңгіме сабақтарын оқыту әдістемесін жетілдіру мақсатында арнайы зерттеу, іздену жұмыстарын жүргізу қажеттілігі туындайды. Өйткені, орта мектеп бағдарламасын толық қамтитын теориялық материал жинақтау үлкен ізденіс жұмысын қажет етеді. Біз әлі де болса көпшілікке белгісіз

қолөнер туындыларының бар екенін, қаншама қолөнер шеберлерінің шығармашылығы көпшілікке белгісіз екенін және қазіргі бейнелеу өнері шеберлерінің шығармашылығы туралы зерттеу материалдарының мардымсыз екенін ескерсек, бұл саладағы жұмыстың қаншалықты қомақты екендігі айқындала тұседі.

Біздің жас мемлекетіміздің экономикасы аршындап дамып келеді, ешкімнен кем емес, мақтан етуге тұрарлық тарихымыз, салт-дәстүрлеріміз, әлемге белгілі Әл-Фараби, Яссауи, Абай сынды тарихи тұлғаларымыз бар. Ұлттық мәдениетімізді мақтан етеміз десек- қол өнері, бейнелеу өнеріміз осы рухани мәдениетіміздің бір кірпіші екенін естен шығармауымыз керек.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1.Асылханов Е.С. Казахское прикладное искусство в школе. //Учебное пособие (на каз. языке) – Алматы: Изд-во "Эверо", 1999. – 90 с.

2. Басенов Т.К. Прикладное искусство Казахстана. – Алма-Ата, 1958 г.
3. Ералин К. Казахстан коркем мадиниетинин кыскаша тарихы – Шымкент, 1994. – 56 с.
4. Козыбаков М.Ж. Проблемы профессионально-методической подготовки учителей художественного труда. – Алматы,1996.
5.Сабырова Ә.Қ., Ералин Қ.Е. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін арт білім беруге даярлаудағы өнертанымдық-әдістемелік ұстаным. // Көркемдік білім берудегі арт аренаның коллаборациясы мен инновациясы атты халықаралық онлайн конференциясының материалдар жинағы. 21 сәуір 2022ж. Алматы. Абай атын. ҰМПУ, 509 б. ISBN 978-601-298-771-3. 3-9 бет.

ӘОЖ 372.878

## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ МУЗЫКАЛЫҚ ӨНЕРІН КЕЛЕР ҰРПАҚҚА МҰРА ЕТУ

**Р.Т.Сырайлова аға оқытушы**
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

*Резюме*

*Рассматриваемый в данной статье вопрос обьесняет важность наследования музыкального искусства казахского народа следующим поколениям*

*Summary*

*The issue discussed in this article explains the importance of inheriting the musical art of the Kazakh people to the next generations*

Адамның өнеріндегі, өміріндегі әсемдікпен сұлулукты танып, ұғынып және ажыратып рухани әспеттеп қабылдай білуі ол санасының жетілу деңгейі болып келеді. Көріктілікті және көркемдікті халқымыз ежелден – ақ қастерлеп сұлулуққа көз тимеу үшін түрлі тұмар сияқты қорғандар жасаған. Көркем өнердегі құндылықтарды танып, одан ләззат алып рахаттану тұлғаның әсемдікті түсінуі мен біліміне қатысты және әсері мен ықпалы адамның арман мұратына, түрлі әрекеттер жасауына күш береді. Әсердің барысында ұғым, түсініктерін бойына дарытуға ұмтылады. Ықпалды әсер баланы ешуақытта бейжай қалдырмайды, әрекеттендіреді, бұл белгілі деңгейдегі қозғаушы күшке айналады. Адам іздену барысында өнердегі, өмірдегі құбылыстар мен болмыстағы әрекеттерді саралап, болжап өзінің білімінің деңгейіне қарай баға береді, арман мүддесіне үйлесімді сараптама жасайды.

Қазақ халқының дәстүрлі музыкалық өнерін зерттеу мәселесі өте тереңінен басталған. Осы мәселемен айналысқан зерттеушілер совет заманында қатты көтерілді. Бұл зерттеудің мәселесіне себеп болған дәстүрлі әндер мен күйлердің жаңа нота жазбасы себеп болды. 1958 – 1959 жылдары Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының ұстаздары мен білім алушылары Ақсеуіл, Алакөл, Саркан және басқада Талдықорған облысының аймақтарын зерттеді. Фольклорлық зерттеуде Е.Рахмадиев, Т.Базарбаев, Ж.Нажмеденов, С.Кузембаева, Д.Мусиров және басқалар болды.

Еңбек кіріспеден басталды, онда ән орындау ерекшеліктерінің бар екенін нақтылап жазып және ән орындау ерекшеліктерінің ескертулері көрсетілді. Жетісудың өзінің ән шығармашылығының орындау ерекшелігін әле жұрт білмейтіндігін және сол күнге дейін аз зерттелгенін айта кеткен.

Зерттеу өңірі ол СРО Қазақстанның оңтүстік-шығысы болды: Балхаш өзенінің солтүстік жағы, Сасыққөл мен Алакөлдің солтүстік-шығысын, Жонғар Алатаудың шығысын және Нарын өзенінің оңтүстігі болатын.

XIX ғасырдың  1840 – жылдары Орта Азия және Қазақстан жерлерінде Ресей мемлекетінің қатты ықпалы болды. Бұл кезеңде үлкен саяси оқиға болды деген менездеме берілді. Ресейге қосылған Қазақстан алға тартарлық ресей мәдениетіне жақындай түсті, демек ұлы халық ресейліктерге қазақ халқының жақын араласуы болды.

Осыған орай, қазақ халқының бай дәстүрлі өнері бар рухани құндылығы оның дәстүрлі жыр, дастан, термелері мен әндерін ресей ғалымдары зерттеп-зерделеп нота жазбасына түсіріп, жинақтап еңбектер шығарды.

Қазақтың музыкалық-поэтикалық мәдениеті мен шығармашылығы және алғашқы ағартушы-ғалымдары – Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин, Шоқан Уалихановтың тарихи еңбектері жинақталды.

Орта Азия және Қазақстан жерлерінде музыкалық-этнографияляқ материалдарды алғашқы жинақтаған осы маманның иесі А.Эйхгорнның еңбектері үлкен қызығушылықты таныттады. «Живая старина», «Вестник Европы», «Провительственный вестник» журналдарында әр кез басылып шыққан мақалаларында, РГО - Ресей географиялық ұжымы еңбектерінде және газет басылымдарынан алынды.

1880 жылдары мына тақырыпта: «Қырзыз трубадуры», «Шу мен Сырдария даласының көшпенді халықтары», «Қырғыз және сарт әндері туралы» қазақтың әндері жөнінде ерекше мақалалар жарияланып шықты.

Бұл мақалалар мен қысқаша жазбалардың қазақ халқының сол кедегі поэтикалық шығармашылығын және музыкасын, кейбір дәстүрлі әндердің дауыстық жазбасы бар.

Алғашқы нота нұсқасын жазған В.Н.Шнитников, «Қырғыз және татар әндері» мақаласында. Ол 1910 жылы Қапал уездінің  бірнеше қазақ әндерін сол жерде жариалап содан соң Петербугте сол әндерді сәл өңдеді.

Қазақ халқының дәстүрлі әндерінің ерекше колориті және қайталанбайтын тамашалығы ол ладтың алуандық типіне және осы мәдениеттің мнезіне байланысты. Диатоникалық ладтар, пентатоникалық ладтар, пентатонно-диатоникалық ладтар, хроматикалық лартардың өрбуіне байланысты шығады.

Қазақ халық әндері өз өңірінің едәуір нақты және терең ұлттық сезімде орындалады.

Қазақтың әннін тыңдағанда мелодиясында керемет мінездемесі суреттелетінін байқаймыз, Б.В.Асафьев осылай өз пікірін білдірген.

Бұл мелодиялық әуен халық табиғи әуезінен туындап шығып отыр.

Алғашқы қазақтың халық әннің әуені қарапайымречетативті характермен жазылған, жеті, сегіз және онбір буынды өлеңмен құрылған.

Мысалы: «Айтамын жарамазан еліңізге» - деген жарамазанға назар аударайық бұл жерде өлеңі онбір буынды, ырғағы әр жолағында соңғы буыны созылған. Екінші бөлімінде акценттің алмасуы, тактінің қатты үлесі мен онша қатты емес үлесінің ырғақтық ұзаруы сияқты.

Қазақ халық әндерінде кең дамыған формасы ол, әннің әуені, яғни шумағының соңғы жағының қайталануы сонымен қатар буындарының орындалуы.

Буындарының орындалуы ол сөзге жалғауларымен: «ай», «ей», «ахау», «игай», «гай», «аридай», «шіркінай» және т.б.

Осындай буындар әннің соңында немесе ортасында келуі мүмкін, онбір буындық өлеңнің төртінші немесе жетінші буындарында:

4+«ау»+3+4

4+3+«ау»+4

4+3+«ау»+4+«ау»

4+3+4+«айдай»

3+4+4 «япырай, айдай»

Өлеңнің екінші қатары кемде-кем аяқтайды:

4+3+4

4+3+4-«ләл-ләйлім»

4+3+4

4+3+«аймандай, жай қандай»++ай

Қазақтың халық әндерінің жанры алуан, ладтық, мелодиялық, ырғақтық жақтары ерекше бай құрылымда жазылған. Онда қазақтың ұлттық ерекшелігі өте анық көрсетіледі. Әсіресе ладдық құрлысы өте ауқымды көрініс тапқан.

Қазақ халқының дәстүрлі музыкалық өнерін келер ұрпаққа мұра ету үшін, әуелі қазақ музыкасын кімдер шығарған, кімдер орындаған, бізге кімдер әкеліп жеткізді? Осындай сұраққа

жауапты тарихтан үңіліп, жауабын алып, содан оны қалай орындау керек екенін, яғни аудио және басқа да электрондық жазбаларда тыңдаған жөн.

Бүгінгі және келер ұрпақ қазақ халқының дәстүлі әндерін ұмытпау үшін, оған әркез сүйеніп, әндетіп тұруы қажет, себебі өз ұлтын, өз тілінде, әрі өз әуезінде орындалу тиіс.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Алма Темірбекова. Казахские народные песни. А., Жазушы. 975
2. Эйхгорын А. Музыкальная фольклористика в Узбекистане. Т., 1963
3. Очерки по истории казахской советской музыки. Казгослитиздат. А., 1962


ӘОЖ 004.932.2

## СУРЕТШІ АМАНГЕЛДІ ТҰРСЫНОВТЫҢ БЕЙНЕЛЕУ ТУЫНДЫЛАРЫН КӨРКЕМДІК ТАЛДАУ


**Ералин Қ.** п.ғ.д.,профессор Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан, E-mail: Kuandikbei@mail.ru

**Рустемова С.И.**, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, 1-курс докторанты, Шымкент, Қазақстан, E-mail: Salta-8888@mail.ru



***Резюме***

*В статье раскрывается жизнь и творчество художника Амангельды Турсынова. Сделаны художественные анализы к живописным работам художника.Критерием анализа произведения выбраны: творческая мысль художника, композиционная структура, цветовое решение, образность, исполнительское мастерство.*

***Summary***

*The article reveals the life and work of the artist Amangelda Tursynov.The paintings of the artist zhasalgan are made artistic analyses.Criteria for the analysis of the work: the artist's creative thought, compositional structure, color scheme, imagery, performing skills.*


Амангелді Тұрсынов 1943 жылы Өгем тауының бөктерінде дүниеге келген. Бәлкім оның сұлулыққа құмар болып өсуіне көркі көздің жауын алатын Өгем тауының табиғаты әсер еткен шығар. «Тау баласы тауға қарап өседі» дейді, бала кезінен қылқаламды серік еткен Әбекең алдына таудай мақсат қоя білді. Табиғат берген талантын ұштау үшін көп ізденді. Алдымен Ташкенттегі П.Бенков атындағы Көркемсурет училищесін бітірді.



**Кескіндемеші-мүсінші Амангелді Тұрсынов**

Бұдан кейін аз уақыт орта мектепте ұстаздық етіп, 1969 жылы сол кездегі одақта суретшілерді даярлайтын ең беделді оқу орнының бірі Ташкенттегі Н. Островский атындағы театр-көркем сурет

институтының кескіндеме бөліміне түсті. Аталған оқу орнында атақты суретшілер, кескіндеме өнерінің хас шеберлері дәріс берген. Солардың тәлімін алған Амангелді Тұрсынов институтты үздік дипломмен бітіріп шықты. 1975 жылы арнайы жолдамамен Ә.Қастеев атындағы Шымкент көркемсурет училищесіне жұмысқа келді. Осы кезден бастап ол шығармашылық жұмысымен бірге ұстаздықты да қатар алып жүрді. Ұстаз болу, шәкірт тәрбиелеу Әбекеңнің бойына біткен ерекше қасиеті еді. Шәкірттері оны әлді күнге толғаныспен еске алады. -Оның дәріс беру тәсілі өзгеше болатын, студенттердің бәрі оған үйір болып, құрмет көрсететін. Өзінің салмақты, ұстамды, өте бай ішкі жан дүниесін сырларын сыртқа шығара бермейтін, - Өз ісіне деген адалдығының арқасында Әбекең 1984 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Суретшілер одағына төраға болып сайланды. Ол суретшілер одағын басқарып тұрған кезде Оңтүстіктің сурет өнері жоғары өрледі. Сол жылдары суретшілер одағының мүшелерінен құралған «Қызыл трактор» деп аталатын шығармашылық топтың жасаған жұмысы әлі күнге қызу әңгіме болады. Оңтүстік суретшілерінің брендіне айналған осы топта В.Симаков, М.Нарымбетов, С.Атабеков сынды белгілі суретшілермен бірге Амангелді Тұрсынов еңбек етіп, еліміздің атын әлемге танытты. Өмірінің соңғы жылдарында ол Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Өнер» факультетіне дәріс берді. Кәсіби маманның оқу ордамызға келгеніне бәріміз қуандық. Осында жүріп ол доцент атағын алды. Амангелді Тұрсынов қазақтың белгілі тұлғаларының қайталанбас мүсіндерін жасады. Қаламыздың орталық көшелерінің біріндегі алыстан көзге шалынатын Қапал батыр ескерткіші міне, осылардың қатарына жатады. Орталық стадионның алдына орнатылған Қажымұқан ескерткішінің ашылу салтанаты өткізілді.

Тұрсынов Амангелді белгілі қазақстандық суретші және мүсінші. ҚР еңбек сіңірген өнер қайраткері. Оңтүстік Қазақстанның кескіндемесі мен мүсінін дамыту мен қалыптастырудың зор үлес қосқан шебер. «ХХ ғасыр суретшілері» Құрметі кітабына есімі енген жерлесіміздің шығармашылық туындылары қазір ТМД және республикамыздың мұражайларында, көрмелер дирекциясында сақтаулы тұр. Ол қызмет еткен жылдарында көптеген марапаттауларларға, сый құрметтерге ие болды. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері атағын Амангелді Тұрсыновқа Елбасының өзі тапсырды. Қазір оның ұл-қыздары да әке жолын қуып, өнер саласында еңбек етуде. Қызы Жұпар қолөнердің тоқыма саласында, ұлы Ғалым кескіндеме саласында республикалық және халықаралық көрмелерге қатысуда. Оның шәкірттерінің алдағы уақытта Амангелі Тұрсыновтың есімі көшеге, мектепке берілсе деген ұсыныстары бар.

Зерттеу нәтижелерін талдау: Зерттеу барысында суретшінің кескіндемелік қолтаңбасын айқындайтын үш картинаға талдау жасалды.

«Үш жүздің бірігуі» 1991 ж., к.м., 180х220 шығарманың негізгі ойы қазақ халқының үш жүзінің Төле би Әйтеке би, Қазыбек билерінің бірігуін көрсеткен. Туындыны жазудағы суретшінің басты ойы –ұлттық құндылықты көрсету. Шығарма композициясында ақ киімде тұрған ұлы жүз Төле би одан кейін қасында қызыл шапан киіп тұрған кіші жүз Әйтеке би содан соң қасында жасыл шапанда отырған орта жүздің биі Қазыбек би бейнеленген. Шығарманың түстік шешіміне келер болсақ, шығармада көк түспен ашық жазық кең байтақ жерді бейнелеген [1;56]. Суретші мұнымен шығарманың перспектива тереңдігін көрсеткісі келгендей. Суретші ашық жасыл, көк, сары, қызыл түстерді қолданған. Ұлы жүз Төле биді барынша ашық түстермен композицияның центрі ретінде алуға тырысқан. Шығармаға қарағанда көрерменнің көзі бірден осы ақ киімдегі Төле биге көз түседі. Шығарманың перспективасы бойынша сызықтық перспективасы және ауа перспективасы арқылы шығарманың түстері мен сызықтарын шебер берген. Жарық көлеңке құбылысы арқасында жарық шығарманың алдынан түсіп тұрғандай көрінеді. Осы өлшемдерді біріктіре қарастырсақ суретші – кескіндемешінің образ сомдау шеберлігі айқындала түседі.

Зерттеу нәтижелері: Суретшінің кескіндеме шығармаларын көркемдік тұрғыда зерттеу негізінде көркемдік талдау өлшемдері: суретші ойы, композициялық құрылымы, түстік шешімі, орындау технологиясы, образ сомдау болып анықталды: өнер шеберінің мүсін шығармаларының көркемдік пішінін құрамдауы, кеңістіктегі орналасуы болып айқындалды [2;35].

«Қос мақта» 1969 ж., к.м.шығарманың ойы мақталы маусымда қос ғашықтардың бір бірінен көз алмай тұрғанын көрсетіп қана қоймай арттағы фонда еңбекқор жастардың тіршілігін көрсеткен. Суретшінің көркемдік ойы – замандастар бейнесін сомдау. Шығарманың композициясында жұмысшылар мақта теріп жұмыс істегенмен, қос ғашықтар бір бірімен қимастық сезімде тұрғандай көрінеді. Шығарманың түстік шешімі ашық қызыл, көк, ақ, сарғылт қызыл түстермен берілген. Шығарманың бейнелеу әдісінде шығарманың басы көк түспен басталса, аяқ жағы мақтаға жақындағанда ашық ақ сары түспен бітеді. Яғни суретші картинаның қанық түстен ашық түске ауысқанын көрсетті. Шығарманың перспективасында алыста мақта теріп тұрған әйелдер бейнесі

көрінеді және мұнда ауа перспективасы арқылы әйелдер бейнесінің үстіндегі киген киімі қанықтан бірден ашық көгілдір және қызғылт түстерге ауыса түсетінін байқауға болады. Шығарманың жарық көлеңке құбылысын байқайтын болсақ шығармада жарық шығарманың сол жағынан түсіп тұрғандай көрінеді. Картинадағы суретшінің ұстанған басты бағыты реализм. Реалистік бейнелеу әдісін қолданған суретші бейнелеудің заңдылығына негізделген [3;68].

«Алаша тоқушы шеберлер» 1980 ж., к.м. шығарманың ойы қазақта дәстүр болып келе жатқан жас қыздан бастап жасы үлкен әйелге дейін алаша тоқумен айналысып жатқанын көруге болады. Суретшінің ұстанған идеясы – қазақ халқының салт-дәстүрінен бір үзік көрініс әсемдігін көрсету болған. Суретші бұл шығармада қолөнердің анадан қызына беріп жатқанын көруге болады. Шығарманың композициясында әйелдердің шеңбер жасап қолдарында бір бір иірілген жіп ұстап тұрып, алаша тоқуға дайындалып жатқанын көре аламыз [4;21]. Жас қыздарды ашық сары және сары қызғылт түстермен бейнелеп, ал қызыл көк түстермен үлкен әйелдерді бейнелеген. Суретші шығармада осылай түстік гаммасы арқылы жас қыздармен үлкен әйелдерді бөліп көрсеткен. Шығарманың бейнелеу әдісі ашық әртүрлі түстермен дақтық шешімде бейнелеген. Сызықтық перспективасында келер болсақ шығармада сызықтар анық көрініп тұрғанын байқауға болады, жарық көлеңке перспективасы арқылы шығарманың бейне пішіндерін көре аламыз.

Қорыта айтқанда суретші Амангелді Тұрсыновтың шығармашылығы кескіндеме мен мүсін өнерінің біріктірген – шығармашылық иесі. Оның кескіндеме шығармасы болсын, мүсіні болсын реалистік бейнелеу әдісін берік ұстап, қоршаған орта әсемдігін бейнелеу суретшінің басты қағидасы болған. А.Тұрсынов Қазақстан бейнелеу өнерінің дамуына үлес қосқан суретші. Елдің бейнелеу өнерінен шынайы кескіндемелік бейнелеу мен шынайы мүсіндік бейнелеу әдістерін жоғары деңгейде меңгере білген шебер. Өзінің көркемдік білім берудегі эстетикалық тәрбие берудегі қолтаңбасы қалыптасқан педагог. Замандастарының көркем образдарын жасаған өнер шебері.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Алехин А.А. Об языке изобразительного искусства -М.Художник. 1967г. -127с.
2. Соколов А.С. Орнамент почерк эпохи. -М. Искусство, 1961г. -143 с.
3. Ералин К.Е. Бейнелеу шығармаларын бағалау. Түркістан Ясауи университеті 2019ж. 220 б.
4. Анализ и интерпретация произведения искусства.Художественное сотворчество: Учебное пособие под ред.Н.А.Яковлевой. -3-е изд., стер. –СПб.: Издательство Лань; Издательство ПЛАНЕТА МУЗЫКИ, 2018. -720 с.


ӘОЖ37.02:069.01;

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ КЕСКІНДЕМЕ ӨНЕРІНДЕГІ ТҰРМЫСТЫҚ ЖАНРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУ ҮРДІСТЕРІ

**Ерназарова Ж.А**
Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Өнер және білім факультеті, Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері кафедрасы,
магистр оқытушы
(Қазақстан. Шымкент қ.).
**Жексенәлі М.Ж**
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Мәдениет және өнер факультеті, Бейнелеу өнері және дизайн кафедрасы, 1 курс магистранты
(Қазақстан. Шымкент қ.).

***Summary***

*We distinguish two main factors in the formation and development of the painting art of Kazakhstan, the first is exogenous – External: the direct influence of Russian realists, the indirect influence of World fine art, etc. The second is endogenous-internal: historically formed skills, Indigenous symbols, national adaptability and talent, etc. As a result of the unity of such influences, the development and formation of the art of painting was carried out intensively. This is due to the fact that the main creation, the genesis of this industry, has been realized for a century. It is not such a big term for the art of painting, since this branch of art has been honing in Western countries for hundreds of years on the experimental field[1].*

*The ongoing changes in Kazakh society during this period, the new cultural life and socio-economic conditions expanded the range of diverse themes in the art of painting, motivating the Masters of the brush to actively start building a new life, a bright future. That is, since Kazakhstan was part of the Soviet Union since the October Revolution, political and ideological influence in it covered the spiritual sphere of society, including art, in order to ideologically justify the establishment of a socialist society. Therefore, it is true that the Fine Arts in our country also developed within the framework of this ideology in certain positions of development orientation.*

ХХ ғасырдың отызыншы жылдары кеңес заманының кескіндеме өнері – өзгеше тұрмыс-тіршілік, ондағы жаңа алып өндірістер мен зауыттар салу, еңбек, дене тәрбиесі тақырыптарымен байытылып, сонымен қатар, ондағы сюжеттер шеңбері кеңейтіліп, табиғат көріністері кеңінен енгізіледі. Яғни, қоғамдағы болып жатқан өзгерістер мен жаңалықтардың бәрі сол кездегі жас кәсіби қазақ бейнелеу өнерінің қылқалам шеберлерінің шығармашылық туындыларында өз орнын тауып отырған. Осы кезде қазақ бейнелеу өнерінде халық арасынан талантымен көзге түсіп бөлініп шыққан және әрқайсысы өзіндік қолтаңбаларымен ерекшеленген, жоғарыда атап өткеніміздей, тарихи (ұлттық) және саяси (идеологиялық) бағдарлардың арналастығы негізінде дамып жетілген ұлттық қылқалам шеберлерінің шағын ортасы қалыптасады. Бұл өнер рухындағы ортаның негізін қалағандар: ағайынды Х. Қожықов пен Қ.Қожықовтар, Ә. Қастеев, Ә. Исмаилов, А. Ташбаев, Б. Сәрсенбаев және т.б. болатын.

Қазақ кәсіби бейнелеу өнерінің тарихында толыққанды жанрлық кескіндеме туындыларын дүниеге әкелген алғашқы суретшілердің бірі – Ә. Қастеев. Шебердің туындыларының ауқымдылығы мен шығармашылық ой ағымының кеңдігіне байланысты ол туралы еліміздегі өнертанушы ғалымдар мен зерттеушілер арасында бүгінгі күнге дейін жалғасын тапқан танымдық дискурс алаңы қалыптасқан еді. Бұны шартты түрде: ерте және кейінгі буын өкілдерінің зерттеу аймағына ажыратып алуымызға болады. Мәселен, ХХ ғасырдың 50-ші жылдарынан бастап қалыптасқан Е. Микульская, Е. Вандровская, Г. Сарықұлованың ізденістерін ерте буын ретінде, ал Р. Ерғалиева, Д. Шарипова сынды ғалымдардың зерттеулерін кейінгі буын түрінде көрсетуімізге болады. Бұлар Ә. Қастеев шығармашылығының да тарихи-ұлттық сипаты мен әлеуметтік-саяси бағдарының бірлігі туралы құнды нәтижелер ұсынған.

Суретшінің 1938 жылы орындалған «Колхоз тойы» туындысында халық өміріндегі маңызды сәттер баяндалған сюжеттің тұтастығын тереңдетілген көптұлғалылық, көлемділік пен көпқырлылық қисындар айғақтап тұр. Қылқалам шебері колхозшылардың ұлттық болмысын, олардың жаңа тұрмыс-тіршілігін қазақ жерінің қайталанбас ерекшелігіне кіріктіре бейнелейді. Туындының негізгі көрінісіндегі – бас қосып қымыз ішіп отырған бір топ колхозшылар, мың бұрала билеген қыздар, қызыл киіз үй ішінде газет-журнал оқып, көрген білгендерімен сұхбаттастық құрған кохозшылардың тобы бейнелерінің аясында тұрмыс-тіршіліктің мән жайы хақында ой бөліскен ақсақалдар мен қазақ даласына енген сол дәуірдің техника жетістіктерінің бірі – велосипед т.б. нақыштар төгілген ән-күй мен көтеріңкі көңіл-күй рухының экзальтациялық сәтіне сыйғызылған.

Кенеп бетіндегі тұтастықтың барлық бөлігіндегі әрбір элементтің нақтылығы, олардың көрнекілікпен айшықталуы, асқан талғампаз ыждағаттылықпен жазылуы олардың бейнебір халық ертегілеріндегідей әсем көрінісін елестетеді. Суретші өзінің туындысында барлық бөліктерге бірдей көңіл бөлгенімен, ол жаңа уақыттың нышанына тақырыптық негізде назар аудартатын элементтерге айрықша маңыз береді. Яғни, суретші нақты осы құрылымдар арқылы халықтың жаңаша тұрмыс-тіршілігін көрсете отырып, өзін қоршаған табиғи және әлеуметтік ортасына, демек, өзі өмір сүрген заманына деген сезімдік қатынасын білдіреді. Суретші бұл туындыда композицияның негізгі сюжетіне құрылған орталық нысаны мен ең басты көріністерін арнайы айқындамайды, бір қарағанда туынды жүйесіз, бірегей ой-түйіні анықталмаған болып көрінгенімен, ондағы кеңістіктің берілуінің өзі күн нұрына толы дала табиғатымен астасқан шексіз көкжиек аясындағы халық мерекесінің кең пейілді сипатын, оның қуанышқа толы көңіл күйін дәл жеткізеді. Яғни, бұл тұста кеңістік халық рухының шабытты сәтін бейнелеуге арналады деп те айтуымызға болады. Олай болса, бұл шығарманың құрамы бір-бірімен тығыз байланысып, бір-біріне себепші болып отырғандықтан, туынды біртұтастық пен бірегейлікке ие. Байланыстар мен арақатынастар жалпы мен жекенің, себеп пен салдардың, уақыт пен кеңістіктің бірлігін сақтауға құрылған. Осы логикалық жүйенің мазмұны сезімдік деңгеймен үстемеленеді. Мұндағы кейіпкерлердің барлығы бірегей өзіндік ішкі дүние әлемінің тұңғиығымен шартталған. Олардың шынайы тіршілігі мен болмысы тікелей көңіл-күй өрісімен

орталықтандырылады. Демек, сюжеттің психологиялық арнасы да туындының басты мазмұндарының бірі.

Қазақстан бейнелеу өнерінің эволюциясы 1950 жылдарда ұлттық мәдениеттің дамуының өркендеу үрдісімен жалғасын табады. Бейнелеу өнерінде осы уақыттан бастап жаңа және өте маңызды кезең басталады. Қазақ өнерінің дамуының өн бойында тақырыптық туындылар кеңістігі үшін өзара үзіліссіз жүріп отырған күрес жалғаса түседі. Алайда нақты осы бір уақыт – жанрлық кескіндеме өнерін дамытушы өкілдердің өмір шындығына, тұрмыс-тіршілікті бейнелеуге аса қызығушылық танытып, заманауи тақырыптар төңірегін кеңінен тарқатып, өзінің өрістеуі бойынша сан алуандылық бағыттарымен ерекшеленген маңызды кезең болатын. Бұл, әрине, бірінші кезекте суретшілердің кәсіби шеберліктерінің деңгейінің жоғарылауымен қатар – сол шеберлікке деген талаптың күшейтілуіне және оның заманауи түсініктегі кескіндеме өнерінің тек қана кәсіби техникалық жақтарын меңгеруімен ғана емес, сонымен бірге көркемдік таным көзқарасын, эстетикалық ойдың күш-қуатын туындыдағы әлем бейнесімен бірегейлендіре білуіне байланысты болды. Яғни, ең алдымен туындылырының мазмұнында ұлттық өнердің өзіндік ерекшелігінің нышандарымен айқындалған бұл кезеңнің жанрлық кескіндемесі халық өмірі мен дүниетанымын, дәстүрлі ұлттық тағылымдарды түбегейлі, әрі тереңінен зерттеуге негізделеді. Алайда суретшілер сюжеттік-тақырыптық туындылар жасау жолына бірден-ақ қол жеткізген жоқ, «алғышарт – ізденіс – басталу – даму – өркендеу» тәрізді сатыларды бастан өткерді деп айта аламыз. Мәселен, 1950-ші жылдардың орта шеніне дейін кескіндемешілер терең психологиялық мазмұны ашылған толық мәнді сюжеттерге бойлай бермеген. Осы уақыт аралығында суретшілер өнердегі биік рухани кеңістік аймағына шығар алдындағы тәжірибелік алаңнан қысқа мерзімдік этюдтық, эскиздік жұмыстарын көрерменге ұсыну арқылы өткен болатын. Мұндай жұмыстарда документалды материалдар тәрізді сол кездегі уақыт тынысын дәлме-дәл көрсету мүмкіндігімен бірге, қылқалам шеберлерінің табиғаттағы түстер түзілімінің сан алуандығын көру дарындылығы, жоғары көркемдік талғамдарын ашуы және олардың қоршаған әлемді эмоционалды, яғни, көңіл-күй сезімталдығы деңгейінде қабылдауы өлшеніп, таразыланып отырылды. Қорыта айтқанда, бұл кезең суретшілердің тәжірибе жинақтау мен ізденіске бетбұрыс жылдары болды. Суретшілер осы уақытта күрделі композициялық шешім ізденістері барысында тақырыптық-сюжеттік немесе жанрлық туындылар жасау жолында үлкен табандылық көрсетеді. Яғни, еліміздегі тұрмыстық жанрдың «басталуы» мен «дамуы» сатыларына осылай жол ашылды.

Сол уақыттағы кеңес өкіметі кезеңі өнеріндегі орын алған «қатаң стиль» құбылысы қазақ жанрлық кескіндемесінде, әсіресе, ішкі мәні жағынан мүлдем бөлек сипаттағы лирикалық-романтикалық арнада орындалады. Нақтырақ айтқанда ұлттық романтикалық әуендегі тақырып төңірегін қамтыған көптеген кескіндемешілеріміз ұлтымыздың тұрмыс-тіршілігіндегі салт-дәстүрлерімізді, ондағы халық дүниетанымындағы байырғы тұрақты пішіндерді тек ұлттық, этнографиялық сипаттаушылықпен шектемей, оның жалпы халықтық эстетикалық-философиялық мән-мағыналық маңыздылығын айқындауға назар аударады. Бұл, бір қырынан алғанда, өнердің идеологияға бағындырылған жағымсыз сипаты болғанмен, екінші қырынан алғанда, саяси тұрғыдан тұншықтырылған, бүркемеленген ұлттық рухтың барынша айқындалған мүмкіндігі, үшіншіден, ұлттық болмысты және Қазақстан өнерін бүкіл Одаққа және әлемге танытудың өзіндік тәсілі, төртіншіден, мәдени сұхбаттастық пен тәжірибе жинақтап әлемдік бейнелеу өнерінің тылсым жетістіктерін игеруге ұмтылыс деп айта аламыз.

Осы туындыдан кейін суретші өзінің шығармашылық қызметін «Жамал», «Әмина апа» және т.б. еңбектерін жазумен жалғастырады. «Жамал» картинасына зерделей қарап, оған талдау жасасақ, шексіз дала көрінісінде ошақ басында ойға шомып отырған жас шопан қыздың бейнесі терең психологизммен айшықты сомдалғандығын аңғарамыз. Қазақ кескіндемесіндегі тұрақты көрініс шексіз дала, табиғи кеңістік бейнесі дәстүрлі мазмұнды қамтығанмен, оның аяқталмайтын шетсіздігі мәңгіліктің асқақтығын айшықтайтын, тура қабылдау сәтінде адамның өзінің «ұлылық» алдындағы дәрменсіздік сезімін ұғындырады. Осы тұста шексіз даланың көркемдік-ойтолғамдық шарттарын ұсынған Қ. Қабрахмановтың: «Мен даланың бос кеңістігін ұнатпаймын, бірақ даланың ұшы-қиырсыздығын жақсы көремін. Бұл екі ұғымның арасында айырмашылық та бар… Мен даланың бос кеңістігін ұнатпағаныммен, оны теріске шығармаймын, өйткені мен дала адамымын. Даланың бос кеңістігін білмеген болсам, даламның ұшы-қиырсыз екендігін де сезінбеген болар едім. Ол – дала адамының, яғни менің өмірім»[2] деген толғанысы да қазақ сахарасының табиғи берілген әсемдігін, асқақтығын, үрейлілік пен тұңғиықтылығын айғақтайды, әрі асқақтық пен шынайлықтың осы шексіздікке сыйғызылған нұсқасын білдіреді. Картинадағы далада көз алдыңызға елестеген даланың

самал желі бетіңді аялағандай болса, шырылдаған бозторғай үнін әлемдегі ең керемет әуенге теңестіресің. «Қазаққа туған жердің мал-жанымен қатар торғайы да сүйкімді көрінеді. Оған құндылықтың бәрі де бірдей. Оның ыңғайға деген құмарттығы оңды жағдайда артты, сол жағдайға бейімделуінде өсті»[3],-деп халқымыздың дала философиясын сараптаған ой-пікірлер де біздің осы пікірлерімізді қуаттай түседі.

Туындыдағы негізгі бейне мен тылсым табиғат біртұтас үйлесімділікті құраған. Композицияның өн бойында қолданған жеңіл, ашық нәзік түстік түзілім көңілге жылылық ұялатып, өзіндік сыр шертетін әсер қалдырады. Қылқалам шеберінің шығармашылығы жыл өткен сайын шыңдала түсіп, суретші кейіннен өзекті тақырыптар мен күрделі сюжеттерге ден қояды. Қ. Телжанов туындыларындағы осындай астарлы ойлар, бейненің мән-мағыналық, пластикалық шешіміне күрделі мақсаттар қою, тақырып таңдауы мен бейне шешімінің сипаты оның шығармашылығының негізгі маңызын, көңіл-күй сәтін, ұлттық ерекшелігін анықтайды.

Ол 1957-58 жылдар аралығында осы романтикалық тақырып әуенін жалғастыра түседі. Оның сол кездегі қазақ жастарына арнаған «Домбыра үні», «Қарлығаш» атты туындыларындағы жігерлі күш-қуат пен көтеріңкі көңіл сәттері жастар гимні іспеттес болып нақышталған, яғни, тұтастай алғанда, рухтандырушылық мазмұнды жамаған. Ал олардың формалық көрінісіне назар аударсақ, «Домбыра үні» композициясындағы түстердің түзілісінде суретшінің бұған дейінгі туындыларында кездесе бермейтін ашық, қанық, айқын декоративтік түстер пайда болғандығын аңғарамыз. Халқымыз бұрыннан-ақ «күнмен талас» деп атап көрсеткен эстетикалық көрініс, жарқыраған мөлдір, таза түс реңктері композиция құрылымындағы негізгі бейнелердің бедеріне қуанышты сезімді таңса, көркемдік мәнеріндегі динамикалық екпінділік, еркін жазу қолтаңбасы жігерлілік пен күш-қуат рухының дәлелі.

Қорыта айтқанда Қазақстандағы тұрмыстық жанрдың қалыптасуы мен дами бастауының жалпы өткелдері мен сатыларын таразылай келе, ол кезеңдегі суретшілердің туындыларындағы тұтастық, көпқырлылық, тарихилық пен әлеуметтік болып құрылған екі арнаның кіріктірілгендігін, ұлттық сипаттың астарлы көріністерін, шындық өмірдің көркемдік тұрғыдан сәйкестенген нышандарын ұғынуымызға болатындығын көрсеттік. Осыған орай, бұл жанрдың елімізде одан әрі дамуы мен өркендеуін дәйекті зерттей түсу қажеттілігі туындайды. Бұл мәселе О.В. Батурина атап көрсеткендей: «Проблемы самоидентификации были напрямую связаны с поиском образного выражения ментальности, в изобразительном искусстве в том числе»[4] болатын болса, ендеше біз қарастырып отырған тұрмыстық жанрдың ерекшеліктерін тарихи тұрғыдан ашып көрсету ұлттық рухты, мәдениетімізді қайта жандандыру мен нығайта түсудің шарты болмақ.

**Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Бытовой жанр. Истоки: Материалы из Википедии – свободной энциклопедии: Версия 11451024, сохран. В 12:40 UTC 15 октября 2008// Википедия, свободная энциклопедия.-Электрон. дан.- Сан-Франциско: Фонд Википедиа, 2008.-Режим доступа: http://ru. Wikipedia. org/? Oldid=11451024

2. Әлемдік мәдениеттану ой-санасы. Қазақстанның қазіргі заманғы мәдениеттану парадигмалары // 10 томдық. – Алматы: Жазушы, 2006. – 10 Т. – 496 б.

3. Молдабеков Ж. Төлтуманың рухани бастаулары// Проблема духовности в современном мире. Сборник материалов международной научно-теоретической конференций, посвященной 70-летию К.Ш. Шулембаева. 16-17 марта 2007 года. КазНПУ им. Абая, ИФиП МОН РК, АСНК, Алматы.-Издательство «СаГа».-2007.-560с.-58-63 бб.

4. Батурина О.В. Пейзажная живопись Казахстана.-Алматы: Арекет, 2009.-163 с.

ӘӨЖ:37.07-077

# ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҰЛТТЫҚ ӨНЕРГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ЕҢБЕКТЕРІ

**Узахова А.С.-** п.ғ.к., аға оқытушы
**Байбатшаева А.Е.** – п.ғ.к., доцент м-а
**Толыбаева Э.Т.-** №79 жалпы орта білім беретін мектептің көркем еңбек пәні мұғалімі
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент Қазақстан.

***Резюме***

*В статье анализируются научные труды Узбекали Жанибекова «Казахская одежда», «Жолаирикта», которые дали первый вдох возрождению казахской культуры, активно участвовали в возвращении казахов как нации, заняли главное место в ее пропаганде. современной молодежи. А преподавание их молодежи по-новому описывается путем введения нескольких предметов в содержание образовательной программы «Подготовка учителей художественного труда и рисования».*

***Summary***

*The article analyzes the scientific works of Uzbekali Zhanibekov "Kazakh clothes", "Zholairikta", which gave the first breath to the revival of Kazakh culture, actively participated in the return of the Kazakhs as a nation, and occupied the main place in its propaganda. modern youth. And teaching them to young people is described in a new way by introducing several subjects into the content of the educational program "Training of Art and Painting Teachers."*

Адамдар ежелден бері жайлы тіршілік ету ортасын құру мүмкіндігін зерттегені белгілі. Айналасындағыларды өзгертуге және кемелдікке ұмтылуға, рухани материалдық байлыққа, сәндік өрнектерге, жалпы ұлттық киім үлгілеріне негізделген адамдар сәндік өрнектер өнері де жетілудің, өмір сүру жасының, өтудің, мәдени деңгейдің, адамдардың өсуінің көрсеткіші болып табылады. Сондықтан адам ойының тереңдігін осы өміршең туындыларға қарап бағалауға болады [1].

Нағыз өнер туындысы, біз адам қолының жаратылысын атаймыз. Бірақ ол өнерге ие болса да, ол аспанға қарамайды және өз жұмысын ойдан шығарады. Бұған белгілі бір орта, табиғат әлемі әсер етеді. Сондай өнер иесінің біріне Өзбекәлі Жәнибековті жатқызуға болады.

Өзбекәлі Жәнібекұлы - өз халқының тарихын білетін және жақсы көретін, Қазақстан мәдениетінің жандануына алғашқы тыныс берген. Ол қазақ халқына қатысты барлық нәрсені құрметтеді: орасан зор қазақ даласы мен қонақжай халықтан бастап ұлттық киімнің өрнектері мен ою - өрнектеріне, ежелгі билердің элементтеріне дейін зерттеп шықты.

Ө.Жәнібековтың өмірінің басты қағидаты өнерге құрмет ретінде ұқыптылық болды. Ол әрқашан жасанды мен шынайы арасындағы айырмашылықты айта алады. Сол кезеңде өмір сүрген адамда мен өзінің құрдастары Жәнібековтың қолға түскен ісінен нәтиже шығармай қоймайтының жақсы білген. Оның бұрын-соңды жүргізілген тарихи, архиологиялық және этнографиялық зерттеулерге, өзі жинаған мәліметтерге сүйене отырып, қазаққа тән жылжылмалы баспананы бірнеше түрлерге жіктеуі ғылыми тұрғыдан қисынды болып саналады. Оның ойынша адамдар үшін бір нәрсе маңызды болуы керек. Онсыз оның өзінің арман-мақсатына жетуі қиын болады. Жәнібековтың еңбектері, адамның айналадағы ортаны әлеуметтік және эстетикалық тұрғыдан игерген іс-тәжірибесімен тікелей байланысты өнегелі тұстарын қазіргі тұрмысқа пайдалану арқылы халқымыздың өткен өміріне, тұрмыс-салтына, наным-танымына, талғамына, өндіргіш күштеріне ілтипатпен қарауға ынталандыратынымен де құнды. Мысалы, «құнды зат» мағынасын түсіну өте күрделі құбылыс. Заттардың мағынасы адамда әртүрлі тәсілдермен көрінеді: практикалық, әлеуметтік, әлеуметтік, аналитикалық және т.б. Сондықтан ұғымдарды заттардың мағынасын білдіру формалары - деп түсіну керек.

Ө.Жәнібековтың еңбектеріне Л.Н. Гумилев «Адам меңіреу табиғаттың жөнге салуға көне бермейтін сан алуан қисынында өмір сүрегімен, ауыздықтауға болмайтын құбылыстардың, апаттардың алдын алуға болатыны белгілі пікір, тұжырымды ой, қызығылықты деректер таба алады» деп баға берген.

Баршаға мәлім, қазіргі жастар оқу мен жазуды үйреніп жатыр. Басқаша айтқанда, жастардың күнделікті жүріс-тұрысы, киім-кешектері мен баратын жерлері олардың білім деңгейі бұрынғы тұжырымдармен сәйкес келетінін көрсетеді. Дегенімен, мұнда жеке тұлғаны дамыту элементтері ретінде оқыту процестері мен өмір бойы білім беру теориялары жеткіліксіз болып көрінеді. Оларды негізге ала отырып, сұрақ туындайды: адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына тағы қандай факторлар әсер етеді? Бәлкім, ұлттық мұрат, ұлттық рух болуы керек пе? – деген сұрақ туындайды.

Қазақтың ұлт болып қайта оралуына белсене қатысып, ат салысқан Ө.Жәнібековтың «Қазақ киімі», «Жолайрықта» және с.с.с еңбектері 1991-1997 жылдары жарық көрді. Міне, осы жылдардан бастап, ұлттық көзқарасқа бет бұрылып қазақтың ұлттық киімдерін кию, жастарға насихаттау кең қанат жайды. Мысалы, «Қазақ киімі» альбом-кітабында XIX-XX ғ.ғ. [2] Қазіргі таңда Қазақстанның орталық мұражайында тұрған қалыңдық киімінің этникалық үлгідегі бейнесін көруге болады (сурет 1.).




**Сурет 1. Этникалық үлгідегі ұлттық киімдер**
**Сол секілді үкілі тақия, қыздардың киім-кешегі XIX ғ. Жетісу Орта жастағы отағасының киімі жайлы айтпай кетуге болмайды.**




**Сурет 2. Тақия түрлері**

Әсіресе, зер кесте барқыт шапан мен ерлер тақиясының алатын орны ерекше. Бұл бағыт ең әдемі киім-ұлтыңның киімі екеніне түсінік береді.

Ө.Жәнібеков ұлы даланың әр қиыры шетін аралап, көптің көзі түсе бермейтін жұрт бағысына жете қоймаған тың дүниелерді халықтың өзіне қайтарған ұлттың болмасын өзіне таныстырған қазақтың бағына туған этнограф деп тарихшы, қолөнерші болғандықтан өзінің әрбір еңбегінде ұлттық мәдениетті насихаттайтын мәліметтер кездеседі.

Сонау ықылым заманнан осы уақытқа дейін өзінің құнын жоймаған құнды мәліметтерді оқу процесін ұйымдастыруда алушылардың бойында үлкен білім деректермен жұмыс істеудің икемді дағдыларын қалыптастыруда қолданылып келеді.

Қазіргі кезде Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау бойынша білім алушыларына «Костюм тарихы» деген курс өтіледі. Осы пәнді оқытуда көбіне шет ел ғылымдарының аудармасынан алынған әдебиеттер қолданылады. Өкініштісі сол, оның мазмұнында қазақ халқының киім үлгілері жайлы бір ауыз сөз кездеспейді. Керісінше басқа елдердің киімдеріне тарихи мәліметтерді тереңінен беріп, сонау 17-19 ғ.ғ. бастап, 20 - ғасырға дейін бүге – шігесіне дейін талдау жасайды.

Ал, қазіргі кезде білім беру мазмұнында мәдени контексті жандандыру қолға алынғалы, білім беру бағдарлама мазмұнына жоғарыда аталған пәннің сипаттамасы қазақ халқының этникалық үлгідегі киімдерін оқып-үйренумен толықтырылды. Ерлер мен әйелдердің, қыздардың киім үлгілеріндегі сұлулыққа құштарлығы, қолданылатын маталары, бас және аяқ киімдері, олардың жүз-жүзге байланысты үлгісіндегі ерекшеліктері, ою-өрнектері жөнінде құнды мәліметтер қарастырылады.

Қазақ халқының киім киісін кең даланың үскірік аязымен, аңызақ желінің әсерімен бар өмірі аттың үстінде өткен көшпелі қауымның, таңның атысы мен күннің батысына дейін тізе бүкпей диқанның іс-әрекетімен байланысқан заттық мәдениетінің көрінісі деп сипаттаған Ө. Жәнібековтың туындыларын көркем қолөнерінің классикалық туындылары ұлттық ерекшелікті бейнелейтін мәдениетін үлгісі деп санауға әбден болады.

Қазақ халықтың әсемдік талғамы,  өмір сүру салты, өткен әлеуметтік тарихи тәжірибесінен айқын байқалады. Қазақтың киімдерінің атаулары көп. Кейде ұлы жүз, орта жүз, кіші жүз үлгілері деп, кейде жүздегі рулардың аттарымен де ерекшелінеді. Мысалы, тымақтың түрлерін арғын, найман деп бөлсе, бөріктерді адай, қызай, ноғай деп бөлген. Кейде географиялық мекен атына қарай  қоңырат, Жетісу, Арқаның үлгісі деп қарастырған. Бұндай бөліп атау кимінің кеңдігіне, ықшамдылығына, бойға қонымдылығына, әшекейлеріне қарай да ажырытылған.

Ерте заманда құрастырылған киімді, тұрмысы нашар адамдар киген киімді, бертін келе оны құрақ өнері деп атап, оны бас киім, бесік жасауларын, көрпе, ат жабуларын тігудеқолданған.  Көне дәуірде құрастырып тігілген бұйымдарға киелі қасиеттер тән деп санаған. Неғұрлым қиық көп болса, оның мал-мүлкі, бала-шағасы көбейіп үлкен отбасына айналады деген сенім болған.

Ө. Жәнібековтың Арқас өрбіту қорының кітапханасы 1995 жылы басып шығарған «Жолайырықта»  [3] атты еңбегінде қазақ халқының қыпшақ атанып жүріп, төрт түлік мал ұстап, көшпелі өмір кешкен тұсындағы негізгі баспанасы киіз үй болғанын айта келіп, автор оның көшпелі халықтардағы баспананың қай-қайсысынан болса да шоқтығы жоғары, жылжымалы тұрғын үйдің ең жетілдірілген түрі болған деген пікірді өрбіткен, осылайша жолайырыққа тірелген тығырықтан шығудың жолдарын қарастырған жөн деген ойын білдірген. Дәстүрлі өнеріне, мәдениетіне, имандылыққа, тіптен қазақтануға қатысты өзекті мәселелерге көңіл аударған.

Қазіргі кезде «Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері»  кафедрасында осы мәліметтерді жаңаша көзқараста дамыту мақсатында «Үй мәдениеті және тұрмыстағы техника» деген пән оқытылады.

Бұдан, қай халықтың болса да рухани әлемі, ең алдымен оның дәстүрлі өнерінен көрінетіні мәлім екені байқалады. Кезінде қазақ халқы өзіне кәсіптен-шекпен тоқу, зерлі оқа тігуден, күдері ұқсатудан, көнді таптаурындаудан көзжазып қалған болатын.
Осыларды Ө. Жәнібековтың, С.Қасимановтың қажырлы еңбектері арқасында түгелдеп алғанымызбен, оның сапасын жақсарту әліде болса баяу жылжуда.

Осы мәселені аз болса жастардың бойын сіңіруге бағытталған «Сәндік - қолданбалы өнер» оқу пәні сала бойынша оқытылады, яғни қыздар мен балдар болып екіге бөлініп білім алады.

Өмір мен қоғам талабы бір орында тұра бермейді, күнде пайда болып жататын жаңалықты меңгеруге тырысып жатқан жастарды әрбір затты жаңаша қабылдауға үйретуге «Hand made және «Fast cloth»»  пәні ендірілген.

Қорыта айтқанда, өткенге қарап, бүгінге көпір салған Өзбекәлі Жәнібекұлы сияқты мықты тұлғалардың өмірін талдай отырып, қазақ халқының болашағы жайлы еріксіз ойланасыз. Себебі, бізге ұмтылатын көп нәрсе бар, біз жаңа Қазақстанның болашағымыз, сондықтан ұлттық өнерімізді сақтап қалу және оның лайықты жалғасы болу үшін қолдан келгеннің бәрін жасауымыз керек.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Джанибеков У. Ата – баба мұрасы: Уақыт пен өмір талаптары тұрғысынан. Алматы, рауан, 1996.-143 с.
2. Жәнібеков Ө. Қазақ киімі. - Алматы: Өнер, 2005.-160 бет.
3. Жәнібеков Ө. Жолайрықта. Алматы, Рауан. 1996 – 110 б.

ӘОЖ:37.07-077

## ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ  ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ОЮ-ӨРНЕГІНІҢ  МОТИВТІК ӨЗГЕШІЛІКТЕРІ

**Узахова А.С.** -п.ғ.к., аға оқытушы
**Байбатшаева А.Е.-** п.ғ.к., доцент м-а
**Егембердыев Н.А.-**магистр оқытушы
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент Қазақстан.

***Резюме***

*В статье национальные ремесленные модели рассматриваются как одно из основных направлений казахской народной культуры, а мотивные отличия казахского орнамента Жанибекова сравниваются с работами ученых, изучавших другие ремесла Казахстана.*

**_Summary_**

*In the article, national craft models are considered as one of the main directions of Kazakh folk culture, and the motivic differences of Zhanibekov's Kazakh ornament are compared with the works of scientists who studied other crafts of Kazakhstan.*

Өзбекәлі Жәнібеков қазақ халқының ұлттық өнерін, табиғатын жан-жақты этнографиялық тұрғыдан зерттеп, ғылым үшін де, өмірлік тәжірибе үшінде маңызы бар екендігін дәлелдеп, үлестерін қосқан зерттеуші ғалымның бірі. Ұлттық қолөнер үлгілері жалпы қазақ халық мәдениетінің ішіндегі негізгі саланың бірі болып саналады.

Қоғам өмірінде терең жүріп жатқан саяси-экономикалық өзгерістер халқымыздың тілі мен тарихы, өнері мен табиғи ортасы секілді баға жетпес байлықтарын жаңа мазмұмен байытуда. Дегенмен, этносқа ғана тән біртұтас ұлттық ерекшелік бар деп кесіп айту қиын.

Қазақ халқы салт-дәстүр мен қолөнер түрлеріне өте бай ел. Бұл – оның мәдениетті, әрі тәрбиелі ел екендігінің айғағы. Белгілі қоғам қайраткері, заңгер: Н. Шайкенов [1] «Ұлт дәстүрі заңнан биік» – деген.

Демек мәдениет күнделікті өмірде әрекет арқылы жүзеге асып жатады.

Кез келген әрекет – белгілі бір мотивке жауап береді.Ол субьект тарапынан танылса да, жалған түрде танылса да, мотив бір қызметті басқасынан ажыратып тұрады, ерекшелік сапасын анықтайды.

Осыған байланысты адамның қоршаған орта мен түрлі қатынастары тұлғамен тұрақты мотивациялық саласына қатысты көрінеді. Бір ғана мотивке ізденімпаздық көмегімен қол жеткізуге болады. Біздің жағдайымызда, мотив, ұлттық өнер туындыларын қолданылатын ою-өрнектердің мазмұндық дамуына әсері жайлы болмақ.

Ө. Жәнібеков қазақтың ою-өрнегін көркем ойдың және оның икемді баламасы ретінде ғасылар бойы белгілі бір тәртіппен дамып келгеніне байланысты өзіндігі мен өзгешіліктеріне аса мән берген. Ол ою-өрнекті «қазақтың» сөзі орынына «қазақ ою-өрнегі» деген сөз қолданған. Онда елдің тектестік жағынан қалыптасу кезеңіне меңзейтін жайттар да жоқ емес. Мысалға алсақ, көне түркілердің түсінігі бойынша құс-көктің, балық-судың, ағаш-жердің белгісі болған. Ал олардың қазақ ою-өрнегінің мақлұқты, нәубататы, ғарыштаты, тікесызықты, нышандық, танымдық т.с.с сарындарының мазмұнын байта түскені белгілі.

Мұны жете түсінген халық шеберлерлері ою-өрнектегі тепе-теңдікті қолтума өнердің түр-түріне пайдалануда қалыптастқан айқындықты қатаң сақтапмінсіздікке жеткен болса, сәлеткерлер, тоқымашылар, тігіншілер мен қолөнешілер оған жеңіл-желпі қарайтын болған. Үйлесімі келсін-келмесін «қошқар мүйізін» - құрылыстан, киім кешектен, тікесызықты – ыдыс-аяқтан, ғарыштаты әуендерін-текеметтен, тұскестеден көрініс табатыны сондықтан.

Ою-өрнектердің дамуына Ө.Жәнібековпен қатар Қазақстандық бірқатар ғалымдар С.Қасиманов, Т.К Бәсенов өз үлестерін қосып отырған. Және олардың бейнелеріндегі өрнектеу тәсілі әр алуан.

Мысалы: *С. Қасимановтың бейнелерінде* мүйіз тектес ою-өрнектер басымырақ келеді (1-сурет). Қазақтың ою-өрнектерінің түрлері де, атаулары да көп. Біз сол ою-өрнектердің 200 шамалы түрлерімен жұртшылықты кеңірек таныстырып және ою-өрнектердің кейбір заттық ұғымдарын еске салып, олардың кейінгі жастар үшін де түсінікті болу жағын қарастырдық. ...Ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа, бір шебердің ұсталық, іскерлік мәнерінен екінші біреуге үнемі ауысып отырғандықтан осы күні кейбір жерлерде «қошқар мүйіз» өрнегі бастапқы бейнесінен өзгеріп кеткен.

| С.Қасиманов бойынша дамуы | Т.К Бәсенов бойынша дамуы |
|---|---|
|  1-мүйіз; 2-қошқар мүйіз; 3-арқар мүйіз; 4-қырық мүйіз; 5-қос мүйіз; 6-сыңар мүйіз; 7-сынық мүйіз; 8-төрт құлақ; 9-түйе табан; 10-өркеш мүйіз; 11-сыңар өкше; 12-кос алқа; 13-құс қанаты; 14-қазтабан. |  |

| Көне түркі түсінігі бойынша | Ө. Жәнібеков бойынша |
| --- | --- |
|  |  |




1-сурет. Оюөрнектердің даму ерекшеліктері

Соның ішінде Ө. Жәнібековтың зерттеуіндегі қазақтың аспан әлемі жөніндегі түсінігінің ағаш шекпесіндегі көрінісінде асадалдың қақпағындағы бітпес желісіне құрылған бәйтеректі (өмір ағашы) бейнеленгенде аты-жөні белгісіз шебер әлемдегі шексіз қозғалысты, мәңгілік өмірді, өзара байланыстылықты, үйлесім мен реттелген тәртіпті көрсету үшін күн шұғылысына малынған гүл шырағын, қазақ ою-өрнегінде сирек кездесетін ілтипаттық белгісі-лотос гүлін, ежелден келе жатқан мейірмандық, тілектестік нышаны-қырғауыл суреттерін алған. Төменгі суырмаларының әшекейінде «құпияға» толы әлем кеңістігінің белгісі-шеңбердің қисынын айқындай түсу үшін беймәлім тұңғиыққа, алыс қашықтыққа меңзейтін күрік, ерсілі-қарсылы жол, толқын, табиғатты жандандыратын күн, күн нұры, бұл, жауын-шашын нышандарын пайдаланған.

Сондай-ақ Қазақстанның орталық мұражайында тұрған бау-шу, текемет, қоржын, қаршы, керме, тұскиіз, тақыр кілем, алаша өрнектеріне мән берген. Мысалы, 18 ғ. аяғы Сырбойының отырықшы, жартылай отырықшы халқы қалыптастырған, бұрын құрып кеткен деп есептелген қоңырат кілемін былайшасипаттайды. Түкті кілемнің бұл түрін кейде «Сыр кілемі» деп те атайды. Төсемі төрт және сегіз бұрышты табақшалардан, сегіз «тісті» қосалқы өрнектерден, қоршауы "ала құртпен" (су орнына) ажырасатын жолақтардан тұрады. 18 түрлі бояудың болғаны анықталған. Қайта қалпына келтірілгенде, Алматыдағы кілем фабрикасының мүмкіндіктеріне орай, өрнектері толығымен сақталғанымен, бес түрлі ғана бояу пайдаланылған [2].

Қазақ қолөнері ескі заман дәуірінен сөнбес мұра боп, ұрпақтан-ұрпаққа, әкеден балаға жалғасып беріліп отыратын ұлттық мұра. Біздің көптеген шеберлердің аттары белгісіз болып қалғанымен олардың асқан дарынды үлкен өнер иелері болғаны анық. Олар ғасырлар бойы үй тұрмысында қолданатын әр түрлі бұйымдар жасап, оларды көркемдеп, сәндегені анық. Әдемі, шебер жасалған қолданбалы қолөнер бұйымдары қазірде баршылық.

Атап айтқанда, тұскесте өнері. Мұнда да Жәнібековтың ұсынған өрнектеріндегі көгеністер бағыты байқалады. Жайқалған жауқызын гүлінің түстері керемет көз тартады.

Киіз үйлерді суреттеуде киіз үй жасауын, уық пен керегелердің сәндеуде төрт гүл, тұмар геометриялық өрнектері көбірек қолданған.

Ө. Жәнібеков М.Әуезовтың «Абай» эпопеясы мен «Өскен өркен» еңбегіндегі күнделікті тұрмыста қолданылатын қолөнер түрлерін әрқилы көріністе суреттелген мотивтерге де мән берген. Мысалы: «Қарауытып түн туып келе жатқан тәрізді. ...Жидебай қыстауының ең үлкен бөлмесі кілемді, текеметті, алашалы, көрпелі меймандос үй». («Абай» Алматы: Жазушы.1 т. 1980-69 б.) деп

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Шайкенов Н. Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті. Алматы. 2015ж.
2. Жәнібеков Ө. Жолайрықта. Алматы, Рауан. 1996 – 110 б.
3. Кибалова Р. Қазақтар ою-өрнек әлемінде өмір сүреді // Жоғары оқу орнында сапа мен менеджменті жүйесін енгізу мәселелері және оларды шешу жолдары. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 28-29 сәуір. – Алматы: Экономика, 2015. – 206-212 бб.

СОЖ37.02:069.01;

# ЖАРНАМАДАҒЫ ҮЛКЕН ӘРІПТЕР ДИЗАЙНЕРЛІК ЖОБАЛАУДЫҢ БІР САЛАСЫ

**Қ.Е.Ералин, Ғ.Қ.Ералина, З.К.Мыралбаева**
Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Өнер және білім факультеті, Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері кафедрасы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор
(Қазақстан. Шымкент қ.).
Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетіні
педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы
(Қазақстан. Шымкент қ.)
Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетіні
Магистр-оқытушы
(Қазақстан. Шымкент қ.)

***Резюме***

*В статье раскрывается большие по размеру говоритные буквы как одним из современных видов рекламного дизайна. Определяется особенности понятий плоские и обьемные буквы. Указывается принципы и методы проектирования композиции в группе буквы. Предлогается система упражнения для обучения будущих специалистов рекламного дизайна*

***Summary***

*The article reveals large talking letters as one of the modern types of advertising design. It is determined by the fullness of the concepts of flat and large letters. Specify the principles and norms of composition design in the letter group. There is an excuse for an exercise system to train future advertising design specialists.*

**Кіріспе**. Үлкен әріптер туралы көпшілік білгенімен оның қыр сырын толық біле бермейді.Үлкен әріптердің қажеттігін білгенімізбен оны дизайн нысан ретінде жобалау диагностикасын, жобалау әдістерін, жобалық эскиздерін біле бермейміз. Осы жарнамалық үлкен әріптердің қажеттігінің болуы мен оны жобалаудың әдістемесінің жоқтығы арасындағы қарама-қайшылық бізге зерттеу проблемасын «Жарнамадағы үлкен әріптер дизайнерлік жобалаудың бір саласы" деп анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеудің мақсаты: үлкен әріптерді дизайнерлік жобалаудың теориялық өнертанымдық тұрғыдан негіздеу, жобалаудың жаңа шешімін табу, иннлвациялық әдістемесінің ұтымдылығын тексеру.Зерттеу міндеттері: жарнамадағы үлкен әріптерді дизайнерлік жобалауды теориялық тұрғыда негіздеу; үлкен әріптерді дизайнерлік тұрғыда жобалау моделін жасау; жобалау әдістемесінің талдамаларын шығару.Зерттеу пәні: жарнамадағы үлкен әріптерді дизайнерлік жобалау әдістері.

**Зерттеу нәтижелері**: жарнамадағы үлкен әріптердің дизайнерлік жобалауы теориялық тұрғыдан негізделді; үлкен әріптерді дизайнерлік жобалаудың теориялық өнертанымдық моделі жасалды; үлкен әріптерді жобалау мен материалда орындаудың талдамалары жасалды, оның ұтымдылығы тексеріледі.

**Зерттеу нәтижелерін талдау**: жарнамадағы үлкен әріптердің бұрын да болғандығы, бірақ қазіргі кезде олардың дамудың жаңа сатысына өткендігі, олардың визуалдық ұтымдылығы туралы, пікірлер бар.Бірақ жарнамадағы үлкен әріптерді дизайнерлік жобалау мен материалда орындау, Жарнама кеңістігіне орналастыру мәселелері зерттеу нысаны болған емес. Жарнама дизайнының бір саласы - үлкен әріптер. Үлкен әріптер жарнама дизайнының жаңа саласы. Себебі үлкен әріптер көлеміне, материалына, тұтыну- әсемдік, тұтыну-кеңстіктік функциясына байланысты өнертанымдық мәселелер шешімін тапқан жоқ. Үлкен әріптер - көлемді үлкен әріптер және көлемді жұқа көлемді әріптер болып екі түрге бөлінеді. Үлкен әріптер - заманауи жарнама мүмкіндігі болып табылады. Үлкен әріптер кеңістік сипатына қарай көлемді әріптер және жазық бетке орналасқан әріптер болып екіге бөлінеді.Үлкен әріптер мен қалаға кіре берістегі арт нысанды, қаланың, ғимараттардың, сауда компанияларының, дүкендердің атаулары жазылады. Қаланың кіре бергісі шекарасында орналасқан қаланың эмблемасы, қаланың паспорты іспетті көрініс пен танылады. Үлкен әріптер- арт нысан ретінде ақпараттық, танымдық, эстетикалық функциялар атқарады. Олар белгілі танымдық тәрбиелік ақпарат берумен қатар, әсемдеу функцияларын атқарады. Қаладағы оқу орындарының, сауда ғимараттарының үлкен әріптермен жазылған атаулары қала көрінісіне сән салтанатты энергетикалық

толқын береді.Үлкен әріптердің басты міндеті - өнім өндірушінің ақпаратын халыққа жеткізу. Дизайн өнімді жарнамалау.Өнім шығаратын өндіріс орнының географиясын жарнамалау жеткізу міндетін атқарады.Жарнама дизайнының бір саласы - көлемді әріптер өндірістік өнімді сату іс- әрекетін жарнамалаудың басты мүмкіндігі. Дизайн – өндірістік өнер. Өнімді насихаттау жарнама дизайнның басты міндеті.Жарнама дизайны қазіргі кездегі заманауи маңызды ақпарат көзіне айналған.Көлемді әріптер товар өндірушінің жарнама жасау құралы.Көлемді әріптер мен өнімнің аты мен өндірушінің телефон номері жазылады. Көлемді әріптердің көлемінің үлкен болуы жарнамалық арт нысанды қабылдауға мүмкіндік береді. Көлемді әріптердің өзіндік ерекшеліктері бар. Олардың бірі арт нысанның алыстан анық көрінуі. Онан соңғы тағы бір ерекшелігі әріптердің түстерінің қанық болған сайын алыста көз тартуы.Үлкен әріптер – дизайнердің шығармашылық қызмет үдерісі және шығармалық қызмет нәтижесі ретінде танылады. Үлкен әріптер жасау үдерісі – тапсырыс қабылдаудан басталады.Тапсырыс берушінің ой пікірі, тапсырыс нысанның формасы, өлшемі, материалы, кеңістіктегі орны, нысанның орнатылуы туралы пікірлерді мұқият зерттеліп, тапсырыс нысанның ерекшелік қасиеттері елестететін эскизін кейіннен оның моделі жасалады Онан соң жазу орнатылатын жердің өлшемдерін, нысан орнатылатын кеңістіктің қасиетін, қабылдауға қолайлы болу жағын зерттейді. Мұнан кейінгі кезең – үлкен әріптердің сол қоршаған орта мен сәйкес болатын өлшемдер пропорциясы іздестіріледі. Әріптердің кеңістікті- көлемді немесе көлемсіз- жазықтық беттің қабырғаға жапсырылатын сипаты анықталады. Қолданылатын материалы таңдап алынады. Онан соң әріптер дизайн нысан ретінде қабылданатын көлемінен, түстік шешімінен хабар беретін, әріптердің кеңістікте орналасу эскизі жасалады. Эскиз жасау үлкен әріптер дизайнын жобалаудағы маңызды үдеріс.

*Үлкен әріптерді жобалау және жобалау ісін ұйымдастыру.* Жоспары: жобалау кезеңдері; жобалау құжаттары;нысанды жобалау ерекшеліктері;дизайндағы пішінді ұйымдастырудың негізгі тұжырымы;жобалаудың мақсат-міндеттері. Үлкен әріптерді жобалау – шығармашылық іс-әрекет. Жаңа шығармашылық жұмыстың белгілі дәрежеде адамға эмоциялық әсер беретін жаңа іс-әрекеттің нәтижесі. Үлкен әріптерді жобалау дәстүрлі және шығармашылық жаңа жоба деп екіге бөлеміз. Үлкен әріптерді жобалаудың жаңа модельін жасау кезеңдері шартты түрде үш кезеңге бөлінеді: диагностика жасау. Диагностика кезеңінде үлкен әріптерді жобалауда қандай формаларға сұраныс жоғары болатыны, қандай пішінге, силуетке, әріп түрлеріне өлшемдеріне, бөлшектеріне басымдық берілетіні ескеріледі. Эскиздер реалистік тұрғыда немесе гиперреалистік тұрғыда жасалуы мүмкін. Үлкен әріптерді жобалау үдерісінде дизайнер көркемдеу элементін міндетті түрде қолданады. Әріп өлшемдерін, формаларын үлкейтіп-кішірейтеді, түстерін өзгерте алады.

*Үлкен әріптерді жобалаудың ерекшеліктері*: үлкен әріптерді жобалауда форма құраудың ерекшеліктері; үлкен әріптерді жобалау үдерісінде жаңашылдық;үлкен әріптерді жобалаудағы ұлттық ерекшелік; үлкен әріптерді жобалаудағы климаттық, территориялық ерекшеліктерді ескеру; үлкен әріптерді жобалаудағы форма бөлшектері, түрлері, каркасы; үлкен әріптерді жобалаудағы тұтыну қажеттілігі; үлкен әріптерді жобалаудағы эрганомика талаптары. Үлкен әріптерді жобалау шығармашылығы дегеніміз – адамға эмоциялық әсер беретін бейнелеудің заңдылықтарын сақтай отырып өндірістік негізде орындалатын көркем іс-әрекеттердің нәтижесі. Үлкен әріптерді жобалау үдерісінде негізгі ұстанымның бірі – жаңашылдық. Жаңашылдықтың бағыттары материалға, түстік үйлесімге, композициясына, тұтынушылығына, безендіруіне, қоршаған ортасына байланысты болуы мүмкін.

*Үлкен әріптерді жобалауға қойылатын талаптар:* қолжетімділік, тұтынушы сұранысына бейімделу; нысанның элементтерін, бөлшектерін жобалаудағы тұтастық; үлкен әріптерді жобалаудың конструктивтік сұлбасы; үлкен әріпті жобаны бағалау. Жобаның қолжетімділігі – жоба жасау алдында бізге жобаның маңызды белгісі жоба жасауға қажетті пластикті арзан материалдың қолжетімділігі, табылатындығын ескеру маңызды. Үлкен әріптерді жобалаудағы талаптың бір бағыты тұтыну қажеттігін ескеру болып табылады. Жобаның салмағы – безендіруде және тағы басқа жағдайларда эргономикалық қырлары ескеріледі. Тұтынушының сұранысы – үлкен әріптерді жобалау барысында заттың мәні, формасы, қоғамдық орындарында пайдалануға ыңғайлы болуы бағыттарын қамтиды. Жобаланатын нысанның элементтері – үлкен форма және кіші форма, ұсақ бөлшектер бойынша құрстыру элементінен құралады. Үлкен әріптерді жобалау барысында біз адамның нысан мен ара қатынастарын сақтау қажеттігінен туындайды. Үлкен әріптердің конструктивтік сұлбасын жасау барысында адамның әріптерді толық қабылдау мен материалда орындау жағдайы ескеріледі.

*Дәстүрлі өнім және жаңа өнім:* Үлкен әріптерді жобалау барысында дәстүрлі өнімнің ерекшеліктері; Үлкен әріптерді жобалау бойынша жаңа дизайнерлік өнімнің ерекшеліктері; жаңа өнім

мен дәстүрлі өнімді бағалау. Дәстүрлі өнім дегеніміз – бірнеше ғасырдан бері қолданыста болып келе жатқан өнім. Сәулет ғимараттары, жиһаз дәстүрлі өнімдер қатарына қосуға болады. Үлкен әріптерді жобалаудың өзіндік ерекшеліктері болады. Жаңа өнім дегеніміз – жобалау процесінде, материалды орындау кезеңінде, безендіру кезеңінде, жаңашылдық элемент қолдану нәтижесінде орындалған көркем бұйым немесе көркемдік нысан. Үлкен әріптерді жобалау жаңа дизайнерлік өнім тұтынуға деген сұранысы мен формасындағы түстік шешіміндегі, орындау шеберлігінде ерекшеліктерімен айқындалады. Жазықтық ретінде бейнеленген үлкен әріптерді жобалау эскиз жасаудан басталады. Үлкен әріптерді көркемдік талдау бірнеше бағыттарға бөлінеді. Үлкен әріптер өлшемдері негізгі өлшемдер және қосалқы өлшемдер болып анықталады. Бұл жаңа бұйымның бөлшектерінің формасына байланысты алынады. Үлкен әріптерді көркемдік талдаудың бір бағыттары: биіктігі, ені, тереңдігі, мағынасы, түсі, орындау шеберлігі бағыттарын қамтиды.

*Үлкен әріптер жоба жасауда қолданылатын заңдылықтар;* композиция заңдылығы;түстану заңдылығы; жарықтану заңдылығы;перспектива заңдылығы; симметрия заңдылығы; жобаны безендіру заңдылығы. Дизайнердің үлкен әріптермен жаңа жобаны жасау туралы ойлары бірнеше бағытты қамтиды. Ол суретшінің ойы, суретшінің жаңа жобаны елестетуі, суретшінің визуалдық көріністі бейнелеу бағыттарын қамтиды. Үлкен әріптермен жобалау үдерісінде дизайнер композиция, коллористика, перспектива, ритм заңдылықтарын қолданады. Үлкен әріптермен жобаның суретін салу барысында жарық пен көлеңке заңдылықтарын қолдануы тиіс. Сонымен қатар үлкен әріптермен композиция заңдылықтарын қолдана отырып эскиздер жасалады. Композициялық элементтердің идеяға бағыну заңдылығын қолданады. Композициядағы негізгі және қосалқы элементтер көрсетіледі. Табиғаттағы және адамның қолымен жасалған әсемдік үлкен және кіші бөлшектерден құралады. Жоба жасау кезінде дизайнерлік безендіру жұмыстары маңызды рөл атқарады. Көркем безендіру жұмыстары әріптер формасының образын күшейтіп көрсетеді.

*Үлкен әріптер нысанының қаңқасы.* Үлкен әріптер нысаны және оның мәні. Үлкен әріптер нысанының тұтастығы. Үлкен әріптер құрылымы. Үлкен әріптер және оның қоршаған ортамен үйлесімділігі Үлкен әріптер дегеніміз –дизайнерлік жаңа өнім. Үлкен әріптер өнімнің қаңқасы дегеніміз екі бағытта танылады. Біріншісі горизанталь, екіншісі вертикаль. Вертикаль бағытта орындалған нысандарға күбі, келі-келсап, бәйтерек, ал горизанталь бағытта бесік, сандық, диван жатады. Қандай да нысан болмасын ол бірнеше бөлшектерден құралады. Бұл үлкен әріптер дизайндық нысанды құрамдау ұстанымына жатады.

Қорыта айтқанда үлкен әріптер жарнама дизайндағы басты бағларды қалыптастыратын нысан. Үлкен әріптердің басты өлшемдері оның әсемдігі, ақпараттық мәні, жарнамалық функциясы болып табылады.

Зерттеу нәтижесінде: жарнамадағы үлкен әріптерді дизайнерлік жобалау теориялық тұрғыда негізделді; үлкен әріптерді дизайнерлік тұрғыда жобалау моделін жасалды; жобалау әдістемесінің талдамалары жасалды .

**Пайдаланылған әдебиеттер**

1.Ералин К.Е.Дизайн негіздері.Алматы.Эверо.2019-220 б.
2. Нешумов Б.П.Художественное конструирования.М.:Просвещение.1983.-С 258.

## ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ КЕСТЕСІ

**Саймбетова Ж.Т. PhD философия докторы**
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан
**Мыңбаева Н.К. магистр аға оқытушы**
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

***Резюме***

*В статье рассказывается об особенностях и воспитательном значении искусства вышивания, одного из древнейших ремесел казахского народа. Индивидуальность творческого процесса, относительная сложность техники исполнения этот вид рукоделия, давший широкую волю воображению, пользуется современным спросом. Рассмотрены вопросы решения барьеров, с*

*которыми мы сталкиваемся в современном развитии традиционных ремесел, прославляющих наши забытые национальные ценности.*

**Summary**

*The article describes the features and educational significance of the art of embroidery, one of the oldest crafts of the Kazakh people. The individuality of the creative process, the relative complexity of the technique of execution, this type of needlework, which gave free rein to the imagination, is in modern demand. The issues of solving the barriers that we face in the modern development of traditional crafts that glorify our forgotten national values are considered.*

Қолданбалы шығармашылықтың барлық түрлерінің ішінен кесте тігу қазақ әйелінің көркемдік көрінісінің ең қолжетімді тәсілі болған. Шығармашылық процестің даралығы, орындау техникасының салыстырмалы түрде күрделілігі қиялға кең ерік берген. Түрлі-түсті сәндік қасиеттерімен, түрлі технологиялық әртүрлілігімен дәстүрлі қазақ кестесі әркез ерекшеленіп келеді. Мамандардың пікірінше, «кестенің» семантикасы ежелгі ирандық кэштен, каштадан (сөзбе – сөз аударғанда «боялған») басталады деседі. Дәстүрлі қазақ өнерінің өңірлік ерекшеліктері туралы атап өтсек, Семей және Талдықорған өңірлерінің қолөнершілері қараңғы фонда кестелеуді жөн көрген, ал оңтүстік облыстарда олар көбіне ашық түс, жарқын фонды бейнелеген. Сонымен қатар, Батыс Қазақстанның ою-өрнек кестесі негізінен геометриялық мотивтермен ерекшеленіп отырған [1,2].

Қолөнершілер негізінен жұмыс үшін ағаш құрсауды пайдаланады – қазақ әйелдерінде олар көбінесе тікбұрышты пішінді және сүйексіз ілмек болған. Бүгінде шеберлер сүйек құралының орнына металды қолданып жүр.

Дәстүрлі қолөнершілер кестелеудің бірнеше техникалық әдістеріне ие болды: «ирек» тігіс – баспа немесе бастырмадағы тігіспен біріктірілген иирек тігісі онда жіп зигзаг тоқуды қалыптастырады, бұл оған ашық жұмыс береді. Сондай – ақ, негізінен әйелдердің бас киімдерін безендіру кезінде қолданылатын «жөрме» кестесі. Кестешілер жұмыс барысында әртүрлі жіптерді қолданады: жүн, жібек, күміс және алтын бұйымдарды да қосып кестелейді. Күміс пен алтынмен кестелеу элиталық өнер ретінде қарастырылған «алтындап тігу және зерделеу» деп аталады. Бұл әдіс салтанатты киімдерді, барқыт етіктер мен аяқ киімдерді безендіру үшін қолданылды, әдетте мұндай заттар жоғары билік өкілдеріне арналып отырған.



Кестеленген бұйымдардың ассортименті өте кең. Бұл, ең алдымен, қабырға кілемдері – түскиіз (плистен, барқыттан, жібектен және басқа да маталардан тігілген кілемдер, декорда медальондар мен өсімдік-гүл өрнектері басым), Сүлгілер – сүлгі немесе екі кестеленген шеті бар сүлгілер – жаулық, жамылғы – жапқыш, жастық, перде және киім бөлшектері, орамалдар және басқа да көптеген бұйымдар [3].

Қазақ қолөнершілерінің шеберлігінің ең жарқын үлгісі – қабырғалық кілем, оның негізінде дөңгелек тісті және қырлы мотивтер, өте күрделі және күрделі формалар, қосымша бөлшектердің көптігі кездеседі. Әртүрлі өсімдік мотивтері бар күн шеңберлері басым болатын классикалық пішінді композиция қазіргі кестелеу өнерінде өте жиі кездеседі.

Кестеленген кілемдердің ою-өрнектерінде бүршіктер, үлкен медальондар, гүлдер, гирляндалар және т.б. басқаша айтқанда, кестеленген кілемдердің ою-өрнектерінде өсімдік, зооморфты, геометриялық, және космогониялық мотивтер немесе олардың тіркесімі, яғни қоршаған әлемнің объектілері мен құбылыстары, кейде сиқырлы рәсімдер белгілерімен байланысты болып отырған.

Кестеленген кейбір үлгілерді талдай отырып, мамандар олардың ерекше құрылымын, бейнесі мен эмоциялық әсерінің күшін ерекше атап өтеді. Әдетте, кестеленген түскиіздің ою-өрнегі мақта немесе жібек матаға немесе барқытқа қолданылатын үлкен айқын контурларға ие. Өрнектің контурын нақты белгілеу үшін «біз кестеге» ирек тігісі қолданылды, ал ішкі беті жай тігіспен кестеленді. Қымбат өнімдерде алтын жіптермен кесте тігу де қолданыста бар[4].

Дәстүр бойынша түскиізді өнердің сабақтастығының белгісі ретінде аяқталмай қалдыру, оны анасынан қызына беру әдетке айналған. Ою-өрнек композициясы өмірдің, отбасының, отбасының өркендеудің, бақыт пен молшылықты қалау идеяларын білдірді, бұл өнімнің функционалды мақсатымен түсіндіріледі.

Кестемен киімдерді де әшекейленген. Әйелдер киімінен – көйлектің бөлшектері (жеңдер, етектер, кеуде бөлігі, қақпалар), камзолдар, шапандар, белдемше бұралмалы белдемшелер, сәукеле бас киімдері, кимешек және т. б. Ерлерде шалбар, шапан және т. б. кесте тігумен бай безендірілген.




Қазір Қазақстанда тіпті кесте тігу бизнесі де қарқынды дамып келеді. Дегенмен, қолмен кесте тігу, әсіресе дәстүрлі – сирек кездесетін құбылыс. Осылайша, соңғы жылдары шеберлер өнердің осы бірегей түрін кеңінен жандандыруда.

Бүгінде Қазақстан бүкіл әлемге ашық және біз мақтануға лайықты  көп нәрсе бар. Уақыт өте келе жоғалмаудың, азаймаудың жалғыз мүмкіндігі – ол біздің кім екенімізді білу.

Деседе, проблемалық мәселелерге назар аудару керек. Біріншіден, елде отандық қолөнерді дамыту саласында нормативтік - құқықтық базаның жоқтығы байқалады, ол қазіргі әлемде мәдени мұраның маңызды элементі, Ұлттық экономика мен креативті индустриялардың табысты секторы, сондай-ақ адами ресурстар мен туризмді дамыту әлеуеті ретінде қарастырылады. Тарихи дәстүрлі қолөнер – бұл соңғы жылдары қазақтардың «мәдени коды» деп аталатын қазақтардың шығармашылық қызметінің негізгі түрі (басқа бейнелеу өнерінен айырмашылығы) екенін ұмытпауымыз керек.

Сондықтан Қазақстан осы мәселе бойынша жүйелі және ойластырылған мемлекеттік саясатты әзірлеп, іске асыруы және, ең алдымен, «қолөнершілікті дамыту және қолөнершілерді жан – жақты қолдау туралы» заңды қабылдауы қажет, ол осы саланың басқа да маңызды салалары сияқты осы сектордағы жұмыстың әртүрлі бағыттарында-ашық Инвестициялар тетіктерін әзірлеу, кадрлар даярлау, қолөнер секторында бизнес-оқытуды ұйымдастыру, кешенді далалық зерттеулер негізінде қолөнершілердің өзекті тізілімін жасау және басқа да көптеген мәселелер.

Екіншіден, бас уәкілетті органның жанынан қолөнер жөніндегі республикалық көркемдік-сараптамалық кеңес, ал өңірлерде – облыстық кеңес құру қажет. Бұл органдарға бұйымдарды сертификаттауды қоса алғанда, әлеуметтік-экономикалық мәселелердің кең ауқымын немесе басқа жолмен шебер атағын беруге дейін шешуге өкілеттік берілуі керек.

Үшіншіден, олардың базасында нақты қолөнер мектептерін құра отырып, ірі қалаларда ғана емес, Қазақстанның облыс және аудан орталықтарында да қолөнерді дамыту орталықтарын құру саясатын жалғастыру қажет.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Жукенова Ж. Д. Художественная вышивка казахов // Journal of Clothing Science. – 2019. – № 2. – 1–11 p.
2. Тохтабаева Ш. Ж. Серебряный путь казахских мастеров. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 474 с. 44.
3. Тохтабаева Ш. Ж. Шедевры Великой степи. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 240 с.
4. Арғынбаев Х. Қазақ халқының колөнері. – Алма-Ата: Өнер, 1987. – 128 б.

ӘОЖ37.02:069.01;

# КЕСКІНДЕМЕ ТУЫНДЫЛАРЫН ТАЛДАУ ӘДІСТЕРІН ЗЕРТТЕУ

**Қ.Е.Ералин, Н.Ж. Саттар**

*Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Өнер және білім факультеті, Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері кафедрасы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор*

*(Қазақстан. Шымкент қ.).email:Kuandikbei@mail.ru*

*Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Өнер және білім факультеті, Бейнелеу өнері және сызу педагогін даярлау мамандығының докторанты*

*(Қазақстан. Шымкент қ.).email:gulnur.sattar@bk.ru*

*Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Өнер және білім факультеті, Дизайн мамандығының 3 курс студенті*

*(Қазақстан. Шымкент қ.).email:mereimedeubek04@mail.ru*

***Резюме***

*В статье определены методы анализа произведений живописи: анализ с точки зрения творческой деятельности мастера, анализ с точки зрения определения художественных параметров отдельной картины. Художественный анализ индивидуальной картины характеризуется: анализом эмоционального уровня, анализом предметного уровня, анализом сюжетного уровня, анализом символического уровня. Методы анализа: анализ со стороны творчества художника; методы анализа со стороны визуального представления; методы анализа со стороны специфики картины; методы сравнительного анализа нескольких картин. Методы анализа произведений искусства в зависимости от возраста обучающихся: особенности анализа для учащихся, анализ для студентов, анализ для зрителей в целом.*

***Summary***

*The article defines methods for analyzing works of painting: analysis from the point of view of the creative activity of the master, analysis from the point of view of determining the artistic parameters of an individual painting. Artistic analysis of an individual picture is characterized by: analysis of the emotional level, analysis of the subject level, analysis of the plot level, analysis of the symbolic level. Methods of analysis: analysis by the artist's creativity; Visual analysis methods methods of analysis on the part of the specifics of the picture; methods of comparative analysis of several paintings. Methods of analyzing works of art depending on the age of students: features of analysis for students, analysis for students, analysis for viewers in general.*

**Кіріспе.** Кескіндеме шығармаларын танып білу күрделі үдеріс. Бұл іс-әрекет үшін белгілі деңгейде даярлық қажет. Әдетте өнертанудың білімін меңгермеген білім алушыға белгілі бір картинаны көрсететін болсақ, ол көріп тұрған көріністерді айтумен шектеліп бізге оның көркемдік мәні туралы түсінік бере бермейді. Сондықтан болашақ өнер білімгерлерінің кескіндеме шығармаларын талдап түсінуге деген даярлық қажеттігін заманауи тәжірибені зерттеулер нәтижелері көрсетуде. Болашақ мамандарға кескіндеме шығармаларын көркемдік талдау қажеттігі мен оның талдау әдістерінің жоқтығы арасындағы қарама қайшылық бізге зерттеу проблемасын «Кескіндеме туындыларын көркемдік талдау әдістерін зерттеу» деп анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеу мақсаты: кескіндеме шығармаларын көркемдік талдауды өнертанымдық тұрғыда негіздеу, өнертанымдық тұрғыдан талдау әдістерін жасап шығару, он оқыту бағдарламасының ұтымдылығын тексеру. Зерттеу міндеттері: кескіндеме шығармаларын көркемдік талдауды өнертанымдық тұрғыда негіздеу; кескіндемені өнертанымдық тұрғыдан талдау әдістерін шығару; оны оқыту бағдарламасының

ұтымдылығын тексеру. Зерттеу пәні: болашақ кескіндеме өнерінің білімгерлерінің кескіндеме шығармаларын талдау әдістемесі.

**Әдістеме.** Кескіндеме шығармаларын көркемдік талдау әдістерін танып білу мүмкіндігі өнертанымдық өлшем, метрологиялық өлшем тұрғысынан қарастырылды. Көркемдік талдау негіздерін анықтауда өнер туындыларын қабылдау теориялары негізге алынды. Көркемдік талдау негіздеріне эмоциялық деңгей, пәндік деңгей, сюжеттік деңгей, символдық деңгейі алынды. Өнертанымдық өлшем деңгейіне кескіндеме шығармасының идеясы, композициясы, колориті, орындау шеберлігі алынды.Зерттеу барысында болашақ кескіндеме өнерінің білімгерлерінің кескіндеме шығармаларын талдап түсінуге деген даярлықтың қажеттігін зерттелді. Зерттеу проблемасы болып табылатын көркемдік талдау проблемасы үдерістік және нәтижелік тұрғыдан қарастырылды. Зерттеу барысында Қазақстанның халық суретшілері Ә.Қастеев, Қ.Телжанов, А.Ғалымбаева, М.Кенбаев, С.Мәмбеев, Н.Нұрмұхаммедовтердің кескіндеме шығармаларын талдау үдерісі зерттелді. Олардың көркемдік өлшемдері нәтижелік тұрғыдан қарастырылды.

Іздену барысында, Қазақстанның халық суретшілері кескіндеме туындыларын талдау бағыты: шебердің шығармашылық қызметі тұрғысынан талдау, жеке картинаның көркемдік өлшемдері тұрғысынан талдау әдістері қолданылды. Жеке картинаны көркемдік талдау үдерісінде: шығарманың эмоциялық деңгейін талдау, пәндік деңгейін талдау, сюжеттік деңгейін талдау, символдық деңгейін талдау тәсілдері жүзеге асырылды. Шығарманы талдау әдістері: суретші еңбегі тарапынан талдау тәсілдері; визуалдық көрініс тарапынан талдау тәсілдері; картина ерекшелігі тарапынан талдау тәсілдері; бірнеше картиналарды салыстырмалы талдау тәсілдері қолданысқа ендірілді. Өнер туындыларын білім алушылардың жас ерекшелігіне қарай талдау: оқушылар үшін талдау, студенттер үшін талдау, жалпы көрермендерге арналған талдау болып бөлінді.

**Зерттеу нәтижелері** кескіндеме шығармаларын көркемдік талдау өнертанымдық тұрғыда негізделді; кескіндемені өнертанымдық тұрғыдан талдау әдістері шығарылды; кескіндемені талдауға оқыту бағдарламасының ұтымдылығы тексерілді.

**Зерттеу нәтижелерін талдау:** Зерттеу үш кезең бойынша жүзеге асырылды. Бірінші кезеңде болашақ өнер мамандарының кескіндеме шығармаларын талдау туралы түсініктері, кескіндеме шығармаларын талдау дағдыларының деңгейлері анықталды. Екінші кезеңде болашақ кескіндеме өнерінің білімгерлерінің кескіндеме шығармаларын талдап түсінуге деген даярлықтарын қамтамасыз ететін өнертану теориясы мен кескіндеме шығармаларын талдауды қамтамасыз ететін бағдарлама бойынша тәжірибелік зерттеу жұмыстары жүргізілді. Үшінші кезеңде ұсынылып отырған болашақ өнер мамандарының кескіндеме шығармаларын талдау бағдарлама мен әдістеменің ұтымдылығы тексерілді.

Ізденіс барысындағы кескіндеме өнері туындыларын талдау әдістері: шебердің шығармашылық қызметі тұрғысынан талдау және жеке картинаның көркемдік өлшемдерін анықтау тұрғысынан талдау болып екі бағытты қамтиды. Шебердің шығармашылық қызметі тұрғысынан талдау бойынша өнертанушы кескіндеме шеберінің шығарма идеясын табу бағытындағы қызметін талдауы, композицияны құрастыру дағдыларын меңгергендігі, түстік шешім табуы, кескіндемелік жазу шеберлігін көрсетуі бағыттарын қамтиды.

Жеке картинаның көркемдік өлшемдерін анықтау тұрғысынан талдау бойынша өнертанушы кескіндеме шеберінің жеке картинаны эмоциялық деңгейін талдау, пәндік деңгейін талдау, сюжеттік деңгейін талдау, символдық деңгейін талдау болып сипатталады. Жеке картинаны эмоциялық деңгейін талдау картинаның көрерменге деген әсері тұрғысынан қарастырылады.

Пәндік деңгейін талдау картинаның мақсаты, суретшінің көркемдік ұстанымдарын қолдануы тарапынан анықталады. Сюжеттік деңгейін талдау, кескіндеме шеберінің сюжетті құрастыру шеберлігі анықталады. Символдық деңгейін талдау болып сипатталады өнертанушы картинадағы пішіндердің, түстердің, жарық пен көлеңкенің мүмкіндіктерін пайдалана отырып кескіндеме шеберінің өмір шындығын беру әдістері көрсетіледі. Талдау әдістері: суретші еңбегі тарапынан талдау тәсілдерінен; визуалдық көрініс тарапынан талдау тәсілдерінен; картина ерекшелігі тарапынан талдау тәсілдерінен, бірнеше картиналарды салыстырмалы талдау тәсілдері жиынтығынан құрамдалады. Өнер туындыларын білім алушылардың жас ерекшелігіне қарай талдау: оқушылар үшін талдау ерекшеліктері, студенттер үшін талдау, жалпы көрермендерге арналған талдау болып көрініс тапты.

Зерттеудің соңында болашақ өнер мамандарының кескіндеме шығармаларын талдау бағдарламасы мен әдістеменің ұтымдылығы тексерілді. Кескіндеме шеберін көркемдік талдауға даярлаудың дәстүрлі бағдарламасы мен әдістеменің кескіндеме шеберін көркемдік талдауға даярлаудың инновациялық бағдарламасы мен әдістеменің айырмасы анықталды. Арту айырмашылығы он сегіз пайызды құрады

**Қорытынды:** Зерттеу нәтижесінде өнер туындыларын талдау әдістері: шебердің шығармашылық қызметі тұрғысынан талдау, жеке картинаның көркемдік өлшемдерін анықтау тұрғысынан талдау болашақ кескіндеме мамандарын өнерді тануға жақындатты. Жеке картинаны көркемдік талдау: эмоциялық деңгейін талдау, пәндік деңгейін талдау, сюжеттік деңгейін талдау, символдық деңгейін талдау кескіндеме шығармаларын бағалауға мүмкіндік берді. Талдау әдістері: суретші еңбегі тарапынан талдау; визуалдық көрініс тарапынан талдау әдістері; картина ерекшелігі тарапынан талдау әдістері; бірнеше картиналарды салыстырмалы талдау әдістері болашақ мамандарды өнертануға даярлауға қолдануға қажетті әдістеме болып табылды. Өнер туындыларын білім алушылардың жас ерекшелігіне қарай талдау әдістері: оқушылар үшін талдау ерекшеліктері, студенттер үшін талдау, жалпы көрермендерге арналған талдау болып көрініс тапты.

**Пайдаланылған әдебиеттер**

1.Галымжанова А.С. Концептуальные модели мировосприятия в работах казахских художников-постмодернистов: учебное пособие.–Алматы: КазНАИ им. Т. Жургенов, 2010. – 82 с.
2.Халықов Қ.З. Адам мәнінің бейнелеу өнеріндегі көрінісі: – Алматы, 2006. – 188 б.
3.Ералин Қ.Е. Өнертанымдық дайындық.Алматы.Эверо.2019.130 б.

ӘОЖ 811.512.122

# «ҚАЗАҚ ӘЙЕЛІ» КОНЦЕПТІ АЯСЫНДАҒЫ БАС КИІМ АТАУЛАРЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ МӘНІ

**Байғұтова А.М., Танабаев Ғ.Ө., ф.ғ.к.**
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

***Резюме***

*В данной статье раскрывается этнокультурное значение наименовании головных уборов, вербализущие концепт «казахская женщина».*

***Summary***

*This article reveals the ethnocultural meaning of the name of headdresses, verbalizing the concept of «Kazakh woman».*

Қазақтың ерлері мен әйелдерінің киімінде әлеуметтік айырмашылықтар айқын көрініп отырған. Қазақ еркектері шашын түгел алғызып тастап, үйде де, түзде де бас киім киген. Ер адамның бас киімі оны киген адамның дәрежесі мен беделін танытқан. Қазақ қыздары мен тұрмысқа шыққан әйелдерінің бас киімдері мен шаш үлгілері қатты ерекшеленген.

Бойжеткен қыз бен тұрмысқа жаңа шыққан жас әйелді, дүниеге сәби әкелген ананы, өмірден көргені мен түйгені мол салиқалы бәйбішені ата-бабаларымыз, ең алдымен олардың баскимінен ажыратқан. Қыздар үкілі тақия, кәмшат бөрік киген.

*Өтіп бара жатқан бес қыздың тап ортасында, жібек жал ақ жорға атқа мінген Тоғжан екен... Басында* ***жап-жаңа кәмшат бөрік*** (М. Әуезов.Абай жолы).

***Қаратаудың сусар бөркін*** *киген сұңғақ бойлы, бота көз аққұба бойжеткен алдынан көлденең тарта берді* (І. Есенберлин. Көшпенділер).

Қыздардың бөркі елтірімен әдіптеліп, төбесіне қорғаушы қызмет атқаратын үкі қауырсыны тағылады. Көкті тәңір тұтқан ата-бабаларымыз құсты аспан белгісі санап, оған деген құрметін өз тұрмысында кеңінен қолдану арқылы білдірген әрі төлтума өнерінде кескіндеп отырған. Қауырсынын бала мен бойжеткен қыздың, сал-серінің баскиіміне, сәбидің бесігіне, төрдегі кілеміне, бәйге атына, шешен домбырасына, жас келіннің шымылдығына т.б.ырымдап тағатын халқымызда «үкі – киесі бар құс, одан жын-шайтан қорқады» деген түсінік қалыптасқан [1, 21-б.].

– ***Бөркіңді*** *бөгіребасқа айналдырып салып ем,* ***үкісі*** *ғана ұйысып қалыпты* (Ғ.Мүсірепов. Ұлпан).

*Мен көзімді ашып қалғанымда, керегенің басында ілулі* ***тұрған үкілі шақпақ бөрікті*** *көрдім. Таң алдында ашылған қызғалдақтай қызыл барқыттан тігіліп, айналасына сыңғырлаған күміс теңгелер қадалыпты* (Д.Исабеков. Гауһартас).

Этнографиялық деректерге қарағанда, Солтүстік, Батыс Қазақстан аумағында тұратын жас келіншектер ***қасаба*** киген. Шошақ төбелі болып келетін баскиім (ҚТТС; 6, 123 б.) – ***қасаба*** В.В. Радлов еңбегінде де кездеседі: *«касаба (kkir.)* – головной платок у женщин» [2, с. 349].

***Қасабалы қатыннан*** *қай жерің артық екен, шіркін! Қол-аяғы байлаулы адамды бас-көзіне қарамай тепкілеп, қорғансыз жетім-жесірге әңгір таяқ орнату ма сенікі?* (Ж. Шаштайұлы. Жала мен нала).

Ал Ө. Жәнібековтің көрсетуінше, **қасаба** – дөңгелек, бірақ желке тұсынан аздап төмен қарай қисайып келген ежелгі бас киім түрі. Ол күміспен оқаланып, мақпалдан тігіледі, айналасы алтынмен кестеленіп, ұсақ металдармен әшекейленеді. Маңдай жағы нақышталған, көгілдір ақықтан (бирюза), асыл тастардан тұратын және теңге тәріздес салпыншақпен безендіріледі. Бөріктің оң жақ самай жағына ұшына күміс қоңыраушалары бар бес-алты моншақтан жасалған ұзын салпыншақ қадалады. Төбесіндегі қауырсын да бөріктің сәнін күшейте түседі. Осы бөріктің әшкейіне сай алқа, білезік, сырға, жүзік, шолпы тағылады [3, 44-б.].

Осы орайда ұлт мәдениетінің жанашыры, ұлт ұстазы, мемлекет қайраткері, мәдениеттанушы ғалым Өзбекәлі Жәнібековтің болмысы қарапайым болғанымен, жұмысқа келгенде, талапшыл болғаны туралы көп айтылады. Ол кісінің әртістердің киімдеріне талғампаздықпен қарайтыны соншалық, матасына, оюына, тіпті тігісіне дейін қатты мән берген. Белгілі айтыскер ақын Надежда Лушникова өз естелігінде бұл туралы былай деп толғанады: «Өзағаң Кенен Әзірбаевтың 100 жылдық тойына арнап ұлттық киім тіккізді. Сонда бір таңғалғаным, әрқайсымыздың бет-пішінімізге қарап қандай киімнің қай түсі жарасады, соған қатты көңіл аударды. Төрткенге сәукеле, маған үкілі тақия берді. Бірақ маған тақия ұнамады, басқасын тіккізуді сұрандым. Сол кезде облыстық атқару комитетінің төрағасы бола тұра, біреуді жұмсамай, Орталық музейге өзі ертіп апарды. Сол жерден өзі таңдап, асыл таспен көмкерілген ең әдемі бас киімді алып берді. Өзағаң әперген сәукеле алқызыл көйлекпен керемет үйлесті. Көйлектің үстінен алтын жіппен әдіптелген қара камзол кидім. Айтайын дегенім, Кенен атаның мерейтойына қатысушылардың барлығына арнайы киімді, тіпті аяқ киімге дейін өзі қадағалап, қалада арнайы дайындатты. Мұндай басшыны бұрын-соңды көрмедім» [4].

Тағы бір баскиімнің бірі – **сораба.** Бұл «қыздар киетін, тақия тәріздес, бірақ артында салпыншағы, төңірегінде шашағы бар баскиім» [5, 578-б.]

Ұзату тойын бастаудың бір дәстүрі қалыңдыққа арналып жасалатын баскиім – **сәукеленің** жасалып бітуі. Ұзатылар қыздың әлеуметтік жағдайын білдіретін сәукеленің негізі – оның төбесі. Төбе не талдырма етіп қозы жүнінен арнайы басқан ақ киізден немесе арасына қыл салып сырыған асыл матадан істеледі. Содан кейін төбені кестелеген, шет-шетіне құндыз жұрын ұстаған не алтын, күміс оқамен зерлеген тыспен тыстайды. Сәукеле төбесінің биіктігі екі сүйем, кейде одан да биік болады. Төбенің өн бойын алтын, күміс, меруерт, маржанмен, асыл тастармен өрнектеп, алтын жіппен әшекейлейді. Сәукеленің төбесінде алтынмен, күміспен әшекейленген қатырғы болады. Тізілген моншақты, асыл матадан, ақ жібектен жүргізген желекті осы қатырғыға бекітеді. Мұны бергек деп атайды. Кейде бергекке тоты құстың бірер тал қауырсынын тігінен қыстырып бекітіп қояды, оны қарқара дейді. Сәукеленің арт құлағы шашқап тәрізді белге дейін жетеді. Сәукеленің ең сыртынан жауып қойған шашақты әшекейлі жібек мата бар, ол көйлектің етегі құсап, жерге сүйретіліп жүреді [6, 164, 165-бб.]. Мұның тілдік дәйегі төмендегі мәтіннен көрінеді:

*Сыртынан өңіріне сары зер бастырған жасыл қамзол киіп,* ***үкілі биік сәукеле*** *киіп, шытыра тағып, шолпысы шылдырап сызыла басып сыртқа шыққанда Ақшилі бойында отырған үлкен ауылдың кәрі-жасы түп-түгел жас келіншекке сұқтана қарап көз тігіп қалатын* (Ә. Нұрпейісов. Қан мен тер).

Сәукеленің екі жақ самай тұсынан бетке жеткізе шолпы секілді бірнеше қатар маржан тізілген салпыншақтарды ***бетмоншақ*** немесе сәукеленің ***бетмоншағы*** деп атайды.

*Гүлдарайым –* ***бетмоншағын салбыратып, жібек жамылғышын желбіретіп сәукеле*** *киген – Бекболаттың сұлу тоқалы* (С. Сматаев. Елім-ай).

Қазақта жас қалыңдықтың абайсызда бетмоншағын үзіп алуы ұят, масқара саналған. Бетмоншақ жас келінді бөгде ниет, жат көзден, сұқ көзден құрайтын негізгі құрал болған секілді. Сонымен бірге ол арулықтың, ар-ұяттың символы десек те болады. Қазіргі кездегі «бетмоншағы үзілді» деген тұрақты тіркестің мағынасы да сонымен байланысты болса керек.

**Желек** – «жас келіншектің басына жамылатын шәлі. Жаңа түскен келінге жыл өткен соң сәукелесі алынып, *желек* кигізіледі» (ҚТТС; 4, 62 б.). Қазақ әйелдерінің баскиімдері практикалық қызметінен өзге әйелдердің отбасылық жағдайының көрсеткіші саналған. Олар *желекті* тұңғыш баласы, кейде екінші баласын туғанға дейін киген.

*– Ауылдағы енелер мен абысындарға қосылып Ділдә келініне кимешек-шаршы,* ***қалың жібек желек*** *кигізіп жіберіпті* (М. Әуезов. Абай жолы).

**Кимешек** – «ақ матадан тігіліп, омырауы мен арқасын жауып тұратын, беті ойылып жасалған әйелдің ұлттық бас киімі» (ҚТТС, 5, 34 б.). Қазақ әйелдері тұңғыш баласын туған соң басынан желегі алынып, кимешек кигізіледі. Оның шылауышына төбелдірік, маңдайына бергек, түйреуіштер қадайды. Бірнеше балаға ана болған орта жастағы әйелдер көзге түсерліктей әшекейі жоқ шалаң кестелі кимешек киіп, ақ жаулық (шылауыш) тартады.

Ұзатылар қыздың төркінінде тігілген, кейде қыздың өңіршесінен алынған әшекейлермен безендірілген алғашқы кимешек ең салтанаттысы саналған. Кимешектің өңіріне күміспен оқаланған кесте тігіліп, оған інжу-маржан сияқты асыл тастар қадалады. Олардың саны мен түрі әйелдің жасына қарай ерекшеленеді. Ә. Марғұланның көрсетуінше, кимешекті 25-40 жастағы әйелдер киген. Ал В.В.Радлов: «*кімäшäк» [kir.]* – головной убор старых женщин» [2] деген түсінік береді. Кәрі әйелдер мен кемпірлер бастарына кимешек үстінен байланатын үлкен ақ шаршы орамал – шылауыш тартады немесе кимешектің үстінен сәлде сияқты, бірақ жалпақ етіп орайтын ақ мата – күндік киеді.

***Ақ шаршы, кестелі кимешектерін*** *әсем ғып салған күлкіші келіншектер де көп* (М. Әуезов. Абай жолы).

*Басына қыр елінің салтымен, оқалы жағы бар,* ***аппақ шатырдай кимешек-шаршы*** *тартатын болыпты* (Қ. Жұмаділов. Тағдыр).

*Баяғыда* ***басына мың қабаттап күндік*** *салған Сусарды мен көргенмін* (Ш.Мұртаза. Ай мен Айша).

Қоғам алға жылжып, заман өзгеріп, материалдық және рухани құндылықтар өзгерген сайын қазақ әйелдерінің киім үлгілері де ауысып, соған сәйкес киім киюге деген көзқарас та өзгеріп отырғаны даусыз. Мысалы:

*Мұғалім Арайдың басындағы* ***күндікке*** *қарап біраз тұрды.* ***Кемпірдің ақ матаны қаттап басына орай бергені*** *ерсі, ал* ***мұғалім әйелдің жұқа көгілдір орамалмен бір тарта салғаны*** *Арайға ерсі* (Ш. Мұртаза. Мылтықсыз майдан).

**Жаулық –** әйелдер басына тартатын орамал (ҚТТС, 4, 20 б.). В.В.Радловтың пікірінше, тұрмысқа шыққан әйелдер басына тағатын ақ орамал [2]. Ал XIX ғасырдың соңынан бастап әйелдер киетін кимешек сәннен шығып, әйелдер оны гүлді шәлімен, түрлі-түсті орамал-шаршымен алмастырды. Бұл өзгеріс көркем мәтіндер арқылы былайша дәйектелген:

***Ақ жібек жаулық*** *жас келіншектің онсыз да үлбіреген аппақ жүзін айқындап ашып, қасы, кірпігі қап-қара боп қиыла қалыпты* (Ә. Нұрпейісов.Қан мен тер).

*...басына* ***жібек шашақты бөртпе шәлісін*** *бүркенді* (Қ. Жұмаділов. Тағдыр).

*Сәукелесін тастап****, жібек шаршыны*** *алқымынан түйрей салды да, Есенейдің тізесін шынтақтады* (Ғ. Мүсірепов. Ұлпан).

*Бетін масадан қорғап* ***түссіз газ орамал*** *салып алыпты* (Ш. Мұртаза. Мылтықсыз майдан).

Қазіргі таңдағы әйелдердің киім кию үлгісінен оларға тән әлеуметтік, жасына байланысты ерекшеліктерді ажыратуға болмайды. Әйтсе де, әсіресе оңтүстік өңірлерде, көбінесе ауылдық жерлердегі жиын-тойларда тұрмысқа шықпаған әйел затының орамалсыз, жалаңбас жүруі, ал келіндердің орамал тартуы, ал жасы келген әйелдердің жаулық тартып, кейде кимешек киюі қалыпты жағдай болып есептеледі. Осыған байланысты ұлттық-мәдени стереотиптерді де кездестіруге болады. В.А. Рыжкова стереотипті этностың коммуникативті бірлігі ретінде танылып, тұлға санасында әлеуметтің маңызды мәнін аша алатын, сол мазмұнға уәжделген типтік әсердің негізіндегі бірлік ретінде түсіндіреді [7, с. 178]. А. Әмірбекованың пікірінше, «стереотиптер ақиқат дүние туралы күнделікті қолданыста кеңінен танылған, сол зат не құбылысты, сол ситуация мен әрекетті, тұлға мен әлеуметті (дүниені) танудың санадағы қарапайым бейнесі, яғни дүние туралы таным-түсініктің қайталануынан тұрақталған адам санасындағы алғашқы сигналдар, яғни әрекеттер мен құлықтар шаблоны» [8, 33, 34-бб.]. Түрлі маңызды жағдайларда жиі кездесіп, қайталанғандықтан, адам санасындағы дағдылы түсінікке айналып, тұрақталған стереотиптер аса көп ойлануды керексінбейтінімен, сол түсінік әбден қалыптасып, беркіген ұжым мүшелерінің ойына бірден келетінімен ерекшеленеді. Мысалы:

*Өзге жақты көріппіз бе, біздің ауылда* ***қыздар тек қып-қызыл орамал тартып жүретін.*** *Кей* ***қыздар*** *әлдебір* ***әуестікпен сәл ақшылтым, ақ гүлі басымдау орамал*** *тартса, үлкендер қатты сөгіп тастайды.* ***Ақ орамал*** *мен* ***қызыл орамалдың*** *аралығы айқын, шекарасы берік. Күйеуге ұзатылған қызды* ***«басына ақ орамал салды», «ақ орамал жарасады екен»,*** *тағысын-тағылар дейтін* (М. Байғұт. Ақ орамалды қыз).

Сонымен, ұлттық мәдениеттің көрінісі болып табылатын киім-кешек үлгілерінен халқымыздың ұлттық дүниетанымы, халықтық болмысы, әсемдікке құштарлығы, эстетикалық талғамы мен тұтыну қажеттілігін ұштастыру қабілеті, әлеуметтік ерекшелігі т.б. айқын байқалады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1 Ғабитханұлы Қ. Қазақ мифологиясының тілдегі көрінісі. – Алматы: Арыс, 2006. – 166 б.
2 Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречии. т. II, ч.1. – Санкт-Петербург, 1999. – 1052 с.
3 Жәнібеков Ө. Культура казахского ремесла. – Алматы: Өнер, 1982.
– 144 с.
4 https://kyzylorda-news.kz/ruhaniat/nadezhda-lwshnikova
5Қазақ тілінің сөздігі / ред. Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк- Пресс, 1999.
– 774 б.
6 Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы: Өнер, 1987 –128 б.
7 Рыжкова В.А. Языковое сознание: стереотипы и творчество.– М., 1999.
– 269 с.
8 Әмірбекова А.Б. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшеліктері: филол. ғыл. канд. дис.: 10.02.02. – Алматы, 2006.
– 122 б.

ӘӨЖ 373.1

# ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫН ДАМЫТУ ФАКТОРЛАРЫ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПРАКТИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРІ: СТРАТЕГИЯЛЫҚ АСПЕКТ

**Ахметова Г.К. магистр**
**Исманова Р.Ж. п.ғ.к**
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті
Шымкент, Қазақстан

***Резюме***

*В статье рассматриваются основные факторы, оказывающие влияние на формирование позитивного психологического климата в рамках инклюзивного образования для учащихся с особыми образовательными потребностями. Также раскрывается педагогическое значение инклюзивного образования, которое определяется как процесс совместного воспитания и обучения учащихся с особыми образовательными потребностями и обычно развивающихся ровесников, способствующий наиболее полному прогрессу в их социальном развитии. Отдельно рассматривается каждый фактор, влияющий на инклюзивное образование, и приводятся их характеристики.*

***Summary***

*The article examines the main factors influencing the formation of a positive psychological climate within the framework of inclusive education for students with special educational needs. It also elaborates on the pedagogical significance of inclusive education, defined as the process of joint upbringing and education of students with special educational needs alongside their typically developing peers, promoting their fullest progress in social development. Each factor influencing inclusive education is individually discussed, along with their characteristics.*

**Кіріспе**. Қазіргі білім беру контекстінде инклюзивті білім беруге басымдық беру олардың жеке қабілеттері мен қажеттіліктеріне қарамастан барлық оқушылар үшін тең білім беру мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге бағытталған жалпыұлттық міндетке айналды. Білім беру мекемелерінде инклюзивті ортаны дамыту бірнеше себептерге байланысты жоғары өзектілікке ие.

Біріншіден, инклюзивтілік білім берудің жағымды атмосферасын қалыптастыруға ықпал етеді, мұнда әр оқушы, оның ішінде денсаулығына байланысты ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар сапалы білім алуға тең мүмкіндіктерге ие. Бұл әділ білім беру кеңістігін құруға ықпал етеді.

Екіншіден, инклюзивті білім беру білім алушылардың арасындағы айырмашылықтарды төзімділікке, құрметтеуге және түсінуге ықпал етеді, бұл оқу орнында достық және қолдау ортасын қалыптастыруға ықпал етеді.

Үшіншіден, инклюзивті орта оқытудың жеке тәсілдерін дамытуға ықпал етіп, барлық оқушылар үшін білім сапасын арттыра алады.

Сонымен, инклюзивті білім оқушыларға нақты әлемде сәтті бейімделу үшін маңызды болып табылатын әртүрлі адамдармен ынтымақтастық, бейімделу және өзара әрекеттесу дағдыларын дамытуға көмектеседі [1].

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Инклюзивті білім беру тұжырымдамасы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар мен қалыпты балаларды бірлесіп оқыту мен тәрбиелеуді қамтиды. Алайда, ресурстардың шектеулілігі, ұйымдастырушылық қиындықтар, қаржылық шектеулер, қоғамдық көзқарас және оқытушылар құрамының менталитеті сияқты бірқатар мәселелер көбінесе концепцияның сәтті жүзеге асырылуына кедергі келтіреді. Инклюзивті білім – дамып келе жатқан тұжырымдама, оған сәйкес барлық оқушылар, олардың жеке мүмкіндіктеріне қарамастан, жас ерекшеліктеріне сәйкес сыныптарға біріктіріліп, жоғары сапалы білім мен табысты оқу үшін қолдау алады. Оқушылардың инклюзивті білім беруге қатысуы жүйелі тәсілді және инклюзивтілікке ықпал ететін барлық факторларды үйлестіруді талап етеді.

Ерекше денсаулық мүмкіндіктері мен инклюзивті білім берудегі ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың қатысуының негізгі факторларын келесі топтарға бөлуге болады:

1.Отбасымен байланысты факторлар:

* Ата-аналардың білімге және «мүгедектікке», «шектеулі мүмкіндіктерге», «ерекше қажеттіліктерге» деген көзқарасы ерекше денсаулық мүмкіндіктері мен ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың сәтті интеграциясы үшін өте маңызды. Ата-ананың баласына деген оң көзқарасы және оның инклюзивті білім беру әлеуеті олардың осы процесте оларды қолдауға дайын болуына едәуір ықпал етуші. Дегенмен, кейбір ата-аналар балаларының білім беру ортасына қатысты алаңдаушылықты сезінуі, инклюзияға кедергі болуы мүмкін.

* Құқықтар мен жеңілдіктерді білу балалардың инклюзивті білім алуға қол жетімділігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Мемлекет және басқа мекемелер ұсынатын құқықтар мен мүмкіндіктер туралы ақпараттың жетіспеушілігі инклюзияға кедергі болуы мүмкін.

2. Әлеуметтік-экономикалық контекст:

* Отбасында да, білім беру ортасында да әлеуметтік және экономикалық жағдайлар инклюзивті процеске айтарлықтай әсер етеді. Қоғамды қолдау және ресурстарға қол жеткізу мүмкіндігі денсаулықтың ерекше мүмкіндіктері мен білім берудің ерекше қажеттіліктері бар балалардың қатысуын жеңілдетуі мүмкін.

3. Оқушыларға қатысты факторлар:

* Инклюзивті сыныптардағы оқушылардың білімге қатынасы табысты кіріктірудің негізгі факторы болып табылады. Теріс стереотиптер, кемсіту, буллинг денсаулығына байланысты ЕБҚ бар оқушылардың қалыпты оқушылармен бірге оқуына теріс көзқарасын тудыруы мүмкін.

Нәтижесінде, «мүмкіндігі шектеулі» балаларға арналған білім беру мүмкіндіктері көбінесе денсаулығына байланысты ЕБҚ бар оқушылардың басқа балалармен бірге оқитын мамандандырылған оқу орындарымен шектеледі. Бұл балалардың инклюзивті білімге қосылуы үшін білім алушылардың инклюзия процесіне оң көзқарасын дамыту қажет.

Ерте қолға алу және көмек көрсету ерекше қажеттіліктері бар балалардың инклюзивті білім беру процесіне сәтті интеграциялануын қамтамасыз етуде маңызды және ажырамас рөл атқарады. Барлық балалар инклюзивті білімге қол жеткізуге құқылы болса да, бірқатар кедергілер, соның ішінде олардың қажеттіліктері мен қабілеттері туралы хабардар болмауы қатысудан бас тартуға себеп болуы мүмкін. Балалардың күшті және әлсіз жақтарын ерте анықтау және талдау оларды білім беру ортасына біріктірудің тиімді стратегияларын жасауға ықпал етеді. Инклюзивті білім беру әрбір баланың ерекше қажеттіліктері мен қабілеттеріне қарамастан сапалы білім алу үшін тең мүмкіндіктерге ие болуын қамтамасыз етуге тырысады. Алайда, бұл тұжырымдаманы жүзеге асыру әр баланың қажеттіліктерін ерте анықтаудан басталатын жүйелі тәсілді қажет етеді [2,116]. Балалардың ерекше қажеттіліктерін ерте анықтау бұл баланың дамуының алғашқы кезеңдерінде оның қажеттіліктері мен қабілеттерін анықтауға мүмкіндік беретін процесс. Бұл дамудың бұзылуының әртүрлі түрлерін, сөйлеудің баяу дамуын, аутизмді, назар тапшылығының гиперактивтілігінің бұзылуын және басқа физикалық, эмоционалдық және когнитивті ерекшеліктерді анықтауды қамтуы мүмкін. Ерте анықтау тек ықтимал проблемаларды анықтауға байланысты емес. Бұл сонымен қатар баланың даму жолдарын анықтауға және оның қабілеттерін жүзеге асыруға қолдау мен ынталандыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін күшті және әлеуетті анықтауды қамтиды. Сәтті ерте анықтаудың негізгі аспектісі-бұл әр түрлі профильдегі мамандардың қатысуын қамтитын кешенді тәсіл: педиатрлар, психологтар, логопедтер, ерте қолға алу (раннее вмешательство) мамандары және баланың дамуының әр түрлі аспектілерін бағалай алатын басқа мамандар.

Ерте қолға алу – қажеттіліктер анықталғаннан кейінгі келесі кезең. Ол әр балаға арналған жеке қолдау бағдарламалары мен стратегияларын әзірлеуді және жүзеге асыруды қамтиды. Араласу медициналық емдеуді, терапевтік әрекеттерді, сөйлеу және мінез-құлық терапиясын және баланың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып жасалған әртүрлі білім беру бағдарламаларын қамтуы мүмкін. Ерте қолға алудың негізгі мақсаты – балаға оның әлеуетін дамыту, білім беру ортасына бейімделу және құрдастарымен және тәрбиешілерімен өзара әрекеттесу үшін барлық қажетті ресурстар мен мүмкіндіктерді қамтамасыз ету [3].

Инклюзивті білім беру барлық балалардың ерекше қажеттіліктеріне қарамастан білім беру процесіне толық қосылуын қамтамасыз етуге арналған. Ерте анықтау және араласу осы мақсатқа жетуде шешуші рөл атқарады, өйткені бұл баланың қажеттіліктерін ерте бастауға және оның білім беру ортасына сәтті енуіне жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, ерте қолға алу баланың ұзақ мерзімді даму болжамы мен болашағын жақсартуға ықпал етеді. Баланың өмірінің алғашқы кезеңдерінде қолдау мен ресурстармен қамтамасыз ету

олардың болашақта табысты оқу, әлеуметтену және өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігін айтарлықтай арттыруы мүмкін. Алайда, ерте анықтау мен қолға алу тек кәсіби көзқарасты ғана емес, сонымен қатар қоғам мен мемлекеттің назарын қажет ететіндігін атап өткен жөн. Тиімді ерте анықтау және араласу жүйесі әлеуметтік мәртебесіне, қаржылық жағдайына және тұрғылықты жеріне қарамастан барлық балаларға қолжетімді болуы керек. Сондықтан ерте анықтау мен араласуды қолдау инфрақұрылымы мен бағдарламаларын дамытуға ықпал ету және осы процестің маңыздылығы туралы қоғамның хабардарлығын арттыру маңызды. Бұл әр баланың дамуы үшін неғұрлым қолайлы жағдайлар жасауға және оған білім алуға, дамуға және табысты әлеуметтенуге тең мүмкіндіктер беруге мүмкіндік береді [4,708].

Құрдастардың қатысуы мен қолдауы инклюзивті білім беруді сәтті жүзеге асырудың ажырамас бөлігі болып табылады. Инклюзивті практика жүзеге асырылатын білім беру мекемелерінде құрдастар ерекше қажеттіліктері бар балалардың оқу процесіне белсенді қатысуына ықпал ететін қолайлы атмосфераны қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Құрдастар ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін маңызды ортаны ұсынады, өйткені олар дос қана болмай, сонымен қатар қолдау, шабыт және түсіністік негізі бола алады. Олардың қосылуы және даму ерекшеліктері бар балалармен белсенді өзара әрекеттесуі оқу ортасында өзара түсіністік пен ынтымақтастықты қалыптастыруға ықпал етеді.

Ерекше қажеттіліктері бар балалармен құрдастарының өзара әрекеттесуі тек оқу процесімен шектелмейді. Ол сабақтан тыс жұмыстарда, үзіліс ойындарында, спорттық іс-шараларда және әртүрлі мәдени іс-шараларда көрінеді. Құрдастарды қосу және олардың қолдауы ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім беру ортасына интеграциялануына ғана емес, олардың әлеуметтік бейімделуі мен дамуына да ықпал ететінін түсіну маңызды [5,96-98].

Инклюзивті білім беру контекстінде құрдастардың кірігуі мен қолдауын маңызды және тиімді ететін бірнеше аспектілер бар:

- қолдау атмосферасын құру: құрдастар ерекше қажеттіліктері бар балалар өздерін қабылдап, қосылғандай сезінетін достық және қолдау атмосферасын құруға ықпал ете алады. Құрдастарының оң көзқарасы балалардың өздерін жайлы және сенімді сезінуі үшін оқу жағдайларын жасауға көмектеседі;

-өзара түсіністік пен эмпатия: құрдастарды қосу өзара түсіністік пен эмпатияны қалыптастыруға ықпал етеді. Оқу ортасындағы әртүрлілік балаларға әр адамның өзіндік ерекшеліктері мен қажеттіліктері бар екенін түсінуге мүмкіндік береді. Бұл төзімділік пен айырмашылықтарды құрметтеуге ықпал етеді;

-әлеуметтік өмірге қатысу: құрдастар ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқу орнының әлеуметтік өміріне біріктіруде маңызды рөл атқарады. Әр түрлі іс-шараларға және тұлғааралық қатынастарға белсенді қосылудың арқасында ерекше қажеттіліктері бар балалар өздерінің әлеуметтік дағдыларын дамытуға және қоғамдық өмірге қатысуға мүмкіндік алады;

-оқу процесінде қолдау: Құрдастар оқу процесінде ерекше қажеттіліктері бар балаларға көмек пен қолдау көрсете алады. Олар материалды түсіндіре алады, тапсырмаларды орындауға көмектеседі, қиын жағдайларда қолдау көрсетеді және топтың жалпы табысына ықпал етеді;

-позитивті мінез-құлық үлгісін қалыптастыру: Психофизиологиялық дамуы қалыпты құрдастарымен өзара әрекеттесу ерекше қажеттіліктері бар балаларға олардың әлеуметтік бейімделуі мен дамуына ықпал ететін жағымды мінез-құлық үлгілерін байқауға және модельдеуге көмектеседі [6,76].

Құрдастарының кірігуі мен қолдауына негізделген инклюзивті білім беру әр қатысушы білім беру ортасының қалған мүшелерінен өз үлесін қосатын және қолдау алатын әртүрлі өзара әрекеттесу мен бірлескен қызмет үшін жағдай жасауды қамтиды. Құрдастарының инклюзивті білімге интеграциясы олардың жеке және әлеуметтік дамуының маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын айырмашылықтарды түсіну мен құрметтеуді қалыптастыруға ықпал етеді. Ерекше қажеттіліктері бар балалармен өзара әрекеттесу процесінде дамитын әлеуметтік дағдылар болашақ әлеуметтік және кәсіби Өмір үшін құнды ресурсқа айналады. Осылайша, құрдастардың қосылуы мен қолдауы инклюзивті білім беруді сәтті жүзеге асыруда шешуші рөл атқарады, әр баланың дамуына қолайлы жағдай жасайды және білім алуға, дамуға және табысты әлеуметтенуге тең мүмкіндіктер береді.

Мұғалімдерге қатысты факторлар ерекше қажеттіліктері бар балалардың сәтті бейімделуіне ықпал ететін инклюзивті білім беру ортасын құруда таптырмас рөл атқарады. Мұғалімдердің барлық оқушылармен, соның ішінде әртүрлі шектеулері мен қажеттіліктері бар оқушылармен қарым-қатынас жасауға дайындығы сыныптағы атмосфераны ғана емес, жалпы білім сапасын да сипаттайды. Кәсіби құзыреттілік және оқытудың әртүрлі стратегияларын қолдану әр баланың инклюзия процесі мен дамуына айтарлықтай әсер етеді. Мұғалімдердің әртүрлі қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеуге дайындығы сәтті инклюзияның негізін құрайды. Бұл оқу материалын бейімдеуге дайындықты ғана

емес, сонымен қатар сыныпта өзара түсіністік, құрмет пен қолдау атмосферасын құру мүмкіндігін де қамтиды. Осындай дайындықты көрсететін мұғалімдер әр оқушыға оның қажеттіліктері мен қабілеттерін ескере отырып, көзқарасты дараландыруға қабілетті. Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі ерекше қажеттіліктері бар балаларға сапалы білім беруде маңызды рөл атқарады. Бұл балалардың әртүрлі күйлері мен қажеттіліктерінің ерекшеліктерін білуді ғана емес, сонымен қатар әр оқушының жеке ерекшеліктеріне бейімделген әртүрлі оқыту әдістері мен әдістерін қолдана білуді қамтиды.

Оқытудың әртүрлі стратегияларын қолдану сәтті инклюзияның негізгі элементі болып табылады. Мұғалімдер әр баланың қажеттіліктеріне бейімделу үшін оқыту әдістерін қолдануда икемді және креативті болуы керек. Бұл көрнекі материалдарды, интерактивті сабақтарды, ұжымдық жұмысты және барлық оқушылардың тиімді оқуы мен өзара әрекеттесуіне ықпал ететін басқа да инновациялық әдістерді қолдануды қамтуы мүмкін. Мұғалімдер, мамандар және ата-аналар арасындағы ынтымақтастық инклюзивті білім берудің сәттілігін қамтамасыз етуде де маңызды рөл атқаратынын атап өткен жөн. Өзара әрекеттесу және тәжірибе алмасу әрбір бала өз әлеуетін ашып, жетістікке жете алатын қолайлы білім беру ортасын құруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, инклюзивті оқу бағдарламаларын әзірлеу және білім беру процесін оқушылардың әртүрлі қажеттіліктеріне бейімдеу сәтті инклюзияның ажырамас бөлігі болып табылады. Мұғалімдер әр баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу материалдары мен оқыту әдістерін өзгерте алуы керек, бұл олардың білімге қол жеткізуіне және қабілеттеріне сәйкес дамуына мүмкіндік береді.

**Талдау.** Инклюзивті білім берудің маңыздылығы барған сайын мойындалатын қазіргі білім беру контекстінде мұғалімдер әр баланың оқу мен дамуға тең мүмкіндіктері бар ортаны құруда шешуші рөл атқарады. Олардың бейімделуге дайындығы, кәсібилігі мен шығармашылығы табысты инклюзия мен білім беру кеңістігін құрудың шешуші факторлары болып табылады, мұнда әр бала өзінің әлеуетін ашып, қоғамның белсенді қатысушысы бола алады.

Оқу бағдарламаларын әзірлеу, сондай-ақ инклюзивті білім беруді ұйымдастыру мен басқарудың әртүрлі субъектілері арасындағы ынтымақтастық барлық оқушылардың білім беру процесіне тиімді интеграциялануына ықпал етеді.

Осы факторларды зерттеу және есепке алу инклюзивті білім беруді тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Инклюзивті білім беру бағдарламаларының көпшілігі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелейтін отбасыларды қолдауға бағытталған. Алайда, нормотиптік оқушыларды инклюзивті білім алуға және осындай оқушылармен өзара әрекеттесуге дайындауға аз көңіл бөлінеді. Нормативті жасөспірімдер көбінесе оқушылардың мінез-құлқы немесе медициналық ерекшеліктері туралы жеткілікті білімге ие болмайды, бұл олардың бірге оқудан қорқуын тудыруы мүмкін. Қоғамда кең таралған стереотиптер олардың мүгедектерге деген көзқарасына да әсер етуі мүмкін.

Әр адамға оның ерекшеліктеріне қарамастан білім алуға мүмкіндік беретін инклюзивті білім арнайы тәсілдер мен технологияларды қажет етеді. Инклюзивті білім беруді жүзеге асыру:

Білім беру процесінің барлық қатысушыларына және жалпы қоғамға толерантты қатынасты қалыптастыру.

Ым-ишара тілін білуді және әртүрлі мәдениеттер мен дәстүрлерді құрметтеуді қоса алғанда, табысты қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

Әр түрлі әлеуметтік орталар, өмірлік жағдайлар және қарым-қатынаста қиындықтарға тап болған адамдар туралы хабардарлық деңгейін арттыру.

Осы мақсаттарға жету үшін сабақтан тыс іс-шаралар аясында арнайы педагогикалық әдістерді енгізу қажет. Бұл процеске мұғалімдер мен білім беру ұйымдарының қызметкерлері белсенді қатысуы маңызды. Сонымен қатар, нормотиптік оқушылардың ата-аналарының ерекше денсаулық мүмкіндіктері мен ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға деген көзқарасын өзгерту шешуші рөл атқарады, өйткені олар балаларының оқу ортасынан тыс мінез-құлқының үлгісі болып табылады.

Толерантты көзқарасты дамыту танымдық әңгімелер, пікірталастар, эсселер, конкурстар және әлеуметтік акциялар сияқты жұмыстың әртүрлі формалары арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Сондай-ақ, тиімді әдіс - белсенді және интерактивті оқыту, рөлдік ойындар, пікірталастар мен фильмдерді қарау технологияларын қолдану.

Сабақтан тыс жұмыстар мен мектептен тыс курстарға әр түрлі санаттағы оқушылар мен олардың ата-аналары қатысатын ойын-сауық акциялары, фестивальдар, конкурстар мен концерттер сияқты түрлі іс-шаралар кіруі мүмкін.

Оқытудың жобалық және зерттеу әдістерін қолдану оқушыларға өз бетінше қоғамға ене білу тәжірибесін алуға және өздерін және айналасындағыларды тереңірек білу қажеттілігін, сондай-ақ қоғаммен өзара әрекеттесу тәсілдерін түсінуге мүмкіндік береді.

Оқушылардың мектеп ішінде де, одан тыс жерлерде де әртүрлі әлеуметтік топтардың өкілдерімен өзара әрекеттесуі маңызды. Оқушылар бай әлеуметтік тәжірибесі бар адамдармен үлкен қызығушылықпен қарым-қатынас жасайды, сондықтан тәрбие жұмысының әртүрлі формаларын жүргізу кезінде әртүрлі салалардың мамандарын, соның ішінде психологтарды, әлеуметтанушыларды, ғалымдар мен өнертанушыларды, сондай-ақ ерекше қажеттіліктері бар және қалыпты жағдайдағы табысты адамдарды тартқан жөн.

Тәрбие жұмысының әдістерін таңдау қойылған мақсаттарға, оқушылардың жасына, олардың қабілеттеріне, сондай-ақ педагог қызметкерлердің кәсіби құзыреттілігіне байланысты. Кез-келген әдістердің тиімділігі оларды жүйелі қолдануға байланысты. Сондықтан барлық іс-шаралар білім беру мекемесінің оқу жоспарына енгізілуі керек. Оқу пәндерінің жұмыс бағдарламалары ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерге бейімделуі керек және сабақтан тыс іс-шаралар мен сынып сағаттарының нақты жоспары жасалуы керек.

Позитивті қатынасты қалыптастыру процесі әртүрлі әдістермен күшейтілуі мүмкін:

1.Тренингтер-барлық білім алушылардың табысты өзара іс-қимылы үшін қажетті білімді, іскерлікті және дағдыларды игеруге, көзқарастарды түзетуге және қалыптастыруға бағытталған топтық психологиялық жұмыс түрі. Тренингтер әдетте ойындар мен ойын-сауық жаттығуларын қамтиды. Төменде білім алушыларды жақындастыруға және бірлескен іс-әрекетті орындау кезінде шиеленісті жеңілдетуге бағытталған кейбір технологиялар келтірілген:

- Пантомима немесе қолтырауын-сөйлеуді қолданбай сөздер мен сөз тіркестерін бейнелеу;
- Кім\не? - көздері байланған заттар мен адамдарды анықтау;
- Соқыр және бағыттаушы-көздерін жұмған адамға кез-келген затқа қалай қауіпсіз жетуге болатындығын сипаттау.

2. Әлеуметтік-психологиялық театр: бұл психология мен сахна өнерін біріктіретін әдіс. Мұндай театрдағы ойындар барысында оқушылар сахналық шеберлік дағдыларын дамытады, өзін және басқаларды таниды, сонымен қатар ұжымда үйлесімді өзара әрекеттесуді үйренеді.

3. Кино өнерін пайдалану: кино көрерменге эмпатия, эмпатия және ассоциативті ойлау сияқты қабылдаудың әртүрлі түрлері арқылы әсер етеді. Дұрыс таңдалған фильм оқушының мінезі мен дүниетанымын қалыптастыруға, сондай-ақ ерекше қажеттіліктері бар адамдармен қарым-қатынас кезінде толерантты мінез-құлық туралы хабардарлығын арттыруға қабілетті.

Бұл әдістерді барлық білім алушыларда позитивті қарым-қатынасты қалыптастыру мақсатында оқу және сабақтан тыс іс-шараларды ұйымдастыруға қосу маңызды.

**Қорытынды.** Қазіргі білім беру ортасы он-жиырма жыл бұрын байқалғандардан ерекшеленетін үздіксіз өзгерістерге ұшырайтынын атап өткен жөн. Алайда, білім беру процесінің мақсаты жеке тұлғаны оның жан-жақты аспектісінде қалыптастыру және дамыту, сондай-ақ әр адамның әлеуетін ашу болып қала береді. Осы зерттеу аясында инклюзивті білім берудің маңыздылығы қарастырылды, оның маңыздылығы ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар санының өсуіне байланысты. Сондай-ақ ерекше қажеттіліктері бар жолдастарына қатысты қалыпты дамып келе жатқан оқушылардың төзімділігін дамытуға ықпал ететін әдістер мен технологиялар қарастырылды. Мұндай тәсілдер осы жұмыста сипатталған тұжырымдамалар мен принциптердің нақты практикалық іске асырылуын қамтамасыз ете отырып, тікелей оқу процесіне сәтті енгізілуі мүмкін.

**Пайдаланылған әдебиеттер**


1. Габдуллина Гульмира Негматовна Развитие инклюзивного образования в школе // Наука и практика в образовании: электронный научный журнал. 2024. №1. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/razvitie-inklyuzivnogo-obrazovaniya-v-shkole (дата обращения: 11.03.2024).

2. Sapiets, S. J., Hastings, R. P., Stanford, C., & Totsika, V. (2023). Families' Access to Early Intervention and Supports for Children With Developmental Disabilities. *Journal of Early Intervention*, *45*(2), 103-121. https://doi.org/10.1177/10538151221083984

3. Weiszhaupt, K., Szente, J., Levin, J. *et al.* Exploring Parents' Perceptions of Early Intervention Services: A Multi-State Study. *Early Childhood Educ J* (2024). https://doi.org/10.1007/s10643-023-01622-4

4. Arzu, Brenda E., "Transitioning From Early Childhood Intervention to Early Childhood Special Education: A Phenomenological Study" (2023). Digital Commons @ ACU, Electronic Theses and Dissertations. Paper 708. https://digitalcommons.acu.edu/etd/708

5. Огольцова, Е. Г. Формирование толерантности у детей старшего дошкольного возраста в инклюзивном образовании как психолого-педагогическая проблема / Огольцова Елена Геннадиевна,

Палецкая Татьяна Витальевна // Сибирский педагогический журнал. - 2023. - № 3. - С. 90-98. - Библиогр.: С. 96-98 (22 назв.).

6. Берсенев, М. В. Инклюзивная культура в молодежной среде: от школы к вузу / М. В. Берсенев, В. И. Зиновьева // Современное образование: интеграция образования, науки, бизнеса и власти. Трансформация образования, науки и производства - основа технологического прорыва: материалы международной научно-методической конференции. В 2 ч., Томск, 26–27 января 2023 года. Том Часть 1. – Томск: Томский государственный университет систем управления и радиоэлектроники, 2023. – С. 76-81. – EDN TVKYUV.

# МЕКТЕП ОҚУЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМНІҢ КОННОТАЦИЯСЫ

**Мынбаева А.П. – PhD доктор**
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

***Резюме***

*В статье мы рассмотрели фразеологические выражения в художественном тексте, проанализировав учебник казахской литературы для общеобразовательных школ, изданный издательством «Жазушы". Попытались раскрыть коннотацию фразеологических выражений. Статья подготовлена в рамках грантового проекта AP15473614 – «Культурно-языковая компетентность в образовательной парадигме: метаязыковая коннотация», утвержденного Комитетом науки МОН РК.*

***Summary***

*In the article, we examined phraseological expressions in the literary text, analyzing the textbook of Kazakh literature for secondary schools, published by the publishing house "Zhazushi". We tried to reveal the connotation of phraseological expressions. The article was prepared within the framework of the grant project AP15473614 – "Cultural and linguistic competence in the educational paradigm: metalanguage connotation", approved by the Committee of Science of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan*

Р.Авакова фразеологизмдердің негізгі қасиеттері ретінде оны бөліп жаруға келмейтіні мен идиомалылығын, тұрақтылығын атаса [1], Г.Смағұлова: «...фразеологизмдер үшін ең басты анықтама – олардың тұрақты және даяр қалпында қолданылуы», [2] – дейді.

Р.Авакова тілдің бейнелілігін, байлығын арттыра түсетін сөздің ауқымды бөлігін құрап тұратын тілдік бірліктер – фразеологизмдер – төмендегідей түрлі бағыттарда зерттелгенін айтады:

– фразеологизмдердің теориялық, практикалық мәселелері;
– фразеологизмдердің стильдік қызметі;
– көркем шығармаларда қолданылуы;
– фразеологизмдерді мағыналық, тақырыптық тұрғыдан топтастыру принциптері;
– фразеологизмдердің жеке категориялары;
– фразеологизмдердегі диалектілік ерекшеліктер;
– фразеологизмдердің этнолингвистика тұрғысынан зерттелуі;
– фразеологизмдердің жеке тілдер деректері негізінде салыстырыла зерттелуі. [1, 21]

Г.Смағұлова фразеологияға қатысты парадигмаларды қарастыру барысында ХХ ғасырдың екінші жартысында қазақ фразеологиясының тақырыптық және лексика-семантикалық ерекшеліктерінің сипатталуымен құнды дейді де, ғылыми парадигмасын лингвистикалық компаративизм деп анықтап, ұстанымының басты ерекшелігі ретінде салыстыру арқылы тарихи зерттеуді атайды. Бұл кезеңде ғалымдар (Ә.Қайдар, Р.Жайсакова, С.Сәтеновалар) фразеологизмдерді таксономдық және классификациялық үлгіде деңгейлік модельдерін анықтаса, басты ұстанымы тұтастық пен жүйелілік болған құрылымдық жүйе парадигмасы бойынша тілдік құрылымдағы оппозиция, яғни «тіл-сөйлеу», «пардигма-синтагматика», «синхрония-диахрония» әдіснамасы жемісті ғылыми нәтижелер берді. [2, 21]

Ғылыми парадигмалардың қайсысы болмасын, тілдің табиғатын жан-жақты қарастыру үшін өте маңызды екені сөзсіз. Бірақ бір парадигманың орнына басқа парадигманың келуіне байланысты «Қазіргі кезде түрлі мәдениеттер диалогы әр ұлттың өзіндік ерекшеліктерін тек тілдік бірліктер арқылы

жай сипаттауды ғана емес, олардың этномәдени танымын нақты адамдық фактор арқылы «сөйлеуін» қажет етеді. [2, 22]

Г.Смағұлова антропоөзектілік парадигма бойынша адамның қабылдау, ойлау, тіл, есте сақтау, әрекет ету сияқты адамдар санасының когнитивті құрылымына назар аударылатынын айтады.

Фразеологизмдер қалай қалыптасты? Ғалымдардың айтуынша әуелі денотат (құбылыс не оқиғалар, деректер), кейін мазмұн, артынша бейне, кейінінен сигнификат, яғни басты белгілері мен сипаттарының жиынтығы, бұдан кейін сөз тіркесі, соңында фразеологизм. Мысал ретінде «Қорқыттың көрі».

Сөздікте коннотацияға: «тіл бірлігінің эмоциялық, бағамды немесе стилистикалық реңі» деп анықтама беріледі. [5, 109] Ал Говердовский: «Тілдің жаны» деп атаған екен. Р.Авакова айтуынша, коннотация – эмотивтік, ассоциативтік-бейнелі және стилистикалық семалардың жиынтығы болып табылатын, таңбалайтын объектілердің белгілерінен гөрі сөйлеушінің таңбаланушыға және сөйлеу шартына қатысын білдіретін номинативтік бірліктер мағынасы. Мысалы: түймедейді түйедей ету; аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығу; шыбын жаны шыққанша... Бұл номинативтік бірліктердің міндетті микрокомпоненті – эмосема болса, оған қосалқы, жанама қызметті ассоциативтік-бейнелі және стилистикалыұ микрокомпоненттер атқарып отыр. Осы жанама компоненттердің болуы коннотация бояуын күшейте түсіп, оларды денотативті мағынадан алшақтатады [1, 193]

Г.Смағұлова екі ұғымға тоқталады: бірі – концептуалдану, яғни жинақталған білім, тәжірибе, санада қабылданған ақпараттарды қалыптастыру және ұйымдастыру, ал екіншісі – категоризациялау, яғни жинақталған білім, тәжірибелерді сақтау, жалпылау, оларды бір жүйеге топтастыру [2, 32]7

Ал енді мектеп бағдарламасы бойынша жазылған «Қазақ тілі» мен «Қазақ әдебиеті» оқулықтарындағы көркем мәтіндерді көріп шығып, сөздікке сай мағынасын, антропоөзектілік парадигмаға сәйкес коннотациясына тоқталсақ.

Қызыл тіл. Оқулықтағы көркем мәтінде: «Қиуадан шауып, // қисыны тауып, // Тағыны жетіп қайырған – // Толғауы тоқсан қызыл тіл, // Сөйлеймін десең, өзің біл». [6, 18] Қызыл түсте түс мағынасымен бірге жүйрік мағынасы да бар: қызыл от, қызыл түлкі. «Фразеологиялық сөздіктегі» мағынасы: шешен, орамды, жүйрік тіл. [5, 204] Р.Авакова «тілді» адамның дене-мүшелеріне және қимыл қозғалыстарына байланысты фраземалар ішінде қарастырса, «қызылды» түске байланысты фраземалармен бірге мағынасын зерделейді. Ғалым айтуынша, қызыл тіл, қызыл сөз «шебер, көркем» мағынасын береді. [3, 174]

Алты малта ас болмау. Оқулықтағы көркем мәтінде: «Ереулі атқа ер салмай, // Егеулі найза қолға алмай,.. // Алты малта ас болмай,.. // Ерлердің ісі бітер ме?!» [3, 106; 9, 169] Малта сүзбеден сығып, дайындаған уақ құрт екені «Түсіндірме сөздікте» түсіндіріледі. Ал «Фразеологиялық сөздікте» басқа қиыншылық күн туып, жартымсыз тамаққа көніп деген мағынада айтылады, делінген. [5, 25] Г.Смағұлова ұйытқы сөздері сан есімнен болған фразеологизмдерге мысал келтіре отырып, алты малта ас болмаудың синонимі ретінде жарты малта ас болмауды атайды. Р.Авакова алты санының мағынасында өте көп сема бар дей келе, «аса зор, үлкен, тым ауыр» мағынасына мысалдар ретінде алты батпан азап пен «алты малта ас болмай» фразеологизмдерін келтіреді.

Он екі мүше. Көркем мәтінде: «Бері қара! Бұ кім өзі, мынау перің? // Білмеймін қайдан шыққан мұндай көрім?! // Он екі мүшесінің бірі оңды емес, // Көз салып, қарап тұрсам әрбір жерін!» [3, 162] Фразеологиялық сөздікте берілген мағынасы – дене бітімі, бар тұлғасы, тұтас дене. [5, 230] Сандардың символикалық мәнін жан-жақты сипаттаған Р.Авакова он екі саны бүтіндікті, жинақылықты, толысқандықты білдіретінін баяндайды.

Осы орайда он екі мүшелге қатысты «Түрік сөздігінен» мәлімет келтіре кетсек. Онда: «Барыс – Түріктердің он екі мүшел жылдардың бірі. Түріктер он екі түрлі хайуанның аттарын алып, он екі жылға ат берген. Балаларының жастарын, соғыс тарихтары мен сол секілді басқа жағдайларды сол жылдардың айналуымен есептеп шығарады. Оның келіп шыққан түп-тамыры мынадай: Түрік қағандарының бірі өзінен бірнеше жыл ілгеріде өткен ұрысты талдап үйренбекші болған, сөйтіп, ұрыс болған жылды анықтаған кезде жаңылысқан. Сол мәселе хақында қаған халқымен кеңесіп, құрылтайда: «Біз бұл тарихты анықтағанда қалай қателессек, біздің келешек ұрпақтарымыз да солай қателеседі. Сондықтан, біз енді он екі ай мен аспандағы он екі бұржыны негізге алып, әрбір жылға бір ат қояйық, бізден кейінгі жыл қайыру жылдардың айналысымен есептелсін, бұл біздің арамызда мәңгіге бір жәдігерлік болып қалсын», – депті», – делінеді. Халық қағанның айтқанын құптаған соң, қаған аңға шыққанда, барлық жабайы аңдарды Іле өзеніне қарай қууды бұйырған екен. Сонда өзеннен, ең алдымен, тышқан, ретімен айтсақ, артынша сиыр, барыс, қоян, тимсах (сөздікте нек, қазір ұлу), жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз өткен, деседі. [6, 403-404]

Р.Авакова он екі ай, он екі жыл тіркестері Ж.Баласағұнның «Құтты білігінде» он екі жыл (мүшел) қайыру таңбалары түрінде қолданылғанын айтады.

Көз тию. Көркем мәтінде: «Ертеде Абылай байдың жалғыз қызы болыпты. Ол қыз өте сұлу екен. Жанашыр ағайындары: «Жұртқа көрсете берме, көз тиеді, болмаса ұрлап кетіп жүрер», – деген соң, әкесі қызды кемпір сияқты киіндіріп қояды. Есімі Айнұр болса да, жұрт киім киісіне қарап Кемпір атап кетеді». [3, 188] «Көз тиді» фразеологизміне «Фразеологиялық сөздікте» берілген мағына – біреудің назары түсіп ауырды. [5, 144] Г.Смағұлова бұл фразеологизмді соматикалық фразеологизмдердің халық медицинасына байланысты тобына жатқызады [1, 208]. Р.Авакова «көз тиді», «тіл-көз тиді» фразеологизмдері халықтың наным-сенімімен, тұрмыс-тіршілігімен тікелей байланысты дейді: «Халық ырымы бойынша жақсы адамға, жас балаға, жүйрік атқа, сұлу қызға көз тиеді деген ұғым бар. Ондай адамдардың көзі бар немесе назар керде дейді... Жаңа туылған нәрестені қырық күнге дейін көз тиеді деп көп адамға көрсетпейді...» [1, 39].

Сегіз қырлы. Көркем **мәтінде**: «Кейбіреулердің өзі ұстаған ілімі төңірегінен аса бермейтініне ішімізден қабақ шытып қалатынымыз да бар. Ал Қаныш болса, Горький сөзімен айтсақ, «мүтін бір мекеме (Мұхаң «бүкіл, бүтін» дегенді осылай «мүтін» дейтін еді). Қазақ «сегіз қырлы» дейді ғой, бәлі, бұл сөз дарымайды, кем соғады» [3, 74]. Фразеологиялық сөздікте бұл фразеологизм «сегіз қырлы, бір (сексен) сырлы» түрінде келтірілген, мағынасы – өнері мол, байсалды, жақсы адам. [5, 254] Р.Авакова бұл фразеологизмді сегіз санының символикалық мәнін түсіндіруде мысал ретінде келтіреді.

Жүрегі жұмсақ. Көркем мәтінде: «Жүрегі жұмсақ, білген құл, // Шын дос таппай тыншымас. Пайда, мақтан – бәрі тұл, // Доссыз ауыз тұшымас». [3, 165] «Фразеологиялық сөздікте» түсіндірілген мағынасы – ізгі жүректі, адал көңілді, адал бейілді, рақымшыл. [5, 120] Р.Авакова жүрекке байланысты фраземалардың өте жиі кездесетінін айта келе, Абай қолданған мына фразеологизмдерді де келтіреді:




Қорытындылай келе «Жазушы» баспасынан шыққан мектеп оқулықтарын саралай келе, қазақ әдебиеті мәтіндері бойынша фразеологиялық тіркестердің коннотациясын, яғни контексте бағалауыштық мәнін анықтадық. Р.Авакованың фразеологиялық зерттеу еңбектеріне сүйене отырып, мағынасын ашуға тырыстық. Бұнда зерттеулер ұлттық құндылықты бедерлейтін тіл мен әдебиет үшін өте қажет деп ойлаймыз.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Авакова Р.А. Фразеосемантика. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – .246 б.

2. Смағұлова Г. Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда: монография. – Алматы: «Елтаным», 2020. – 256 б.

3. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: «Жазушы», 2019. – 240 б.

4. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: «Жазушы», 2019. – 296 б.Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 1998. – 304 б.

5. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: «ҚазАқпарат», 2007. – 356 б.

6. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: 3 томдық шығармалар жинағы (1-том). – Алматы: «ХАНТ», 1997. – 592 б.

ӘОЖ

# ШЕШЕНДІК ӨНЕР ЖӘНЕ ШЫНДЫҚ ПЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ

**Мыңбаева А.П., PhD; Ибрагимов Г.Г., 1-курс докторанты**
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

***Резюме***

*В данной статье изучается взаимосвязь риторического искусства с истиной и творчеством. Авторы рассматривают ценности и навыки, развиваемые у обучающихся на основе риторического искусства.*

***Summary***

*This article deals with the issues of relationship between the Art of Rhetoric and truth and creativity. The authors consider the values and skills developed in pupils based on the Art of Rhetoric.*

Шешендік өнер шындыққа негізделген шығармашылық болып табылады. ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың Қазақстан халқына «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Жолдауында Әділетті Қазақстан құру ісінде мұғалімдердің рөлі ерекше екенін атап өтті. Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында білім берудегі құндылықтарды дарыту негізінде дамуға тиіс қабілеттер ішінде әлеуметтік жауапкершілік және шешім қабылдай алу тілге тиек етіледі. Ал еліміздің әділетті болуы азаматтардың әлеуметтік жауапкершілігі мен дұрыс шешім қабылдай білуіне тікелей байланысты. Шешендік өнер шындық пен шығармашылыққа негізделгендіктен, оқушылар бойында аталмыш құндылықтарды дамытуға септігін тигізері сөзсіз. Бұл шағын мақалада біз шешендіктің шындық пен шығармашылыққа қатысын әлеуметтік психологияға (Э.Аронсон еңбегі бойынша) байланыстыра зерттемекпіз.

Біріншіден, шешендік өнер білім алушыны әділ де турашыл болуға жетелейді. Э.Аронсон әлеуметтік ықпалға реакциялардың үш түрін атап көрсетеді: бағыну, сәйкестендіру (идентификация) және интернализация [1, 42 б.]. Бағынудың маңызды компоненті билік болса, идентификацияда – тартымдылық, ал интернализация процесіндегі маңызды компонент – сенім [1, 45-46 бб.]. «Идентификация арқылы пайда болған әлеуметтік ықпал әсерінен құтылудың бір жолы – әділ болуға ұмтылу... Сондықтан интернализация – әлеуметтік ықпалға ең тиянақты жауап» [1, 44 б.]. Мектеп қоғамдық орын болғандықтан [2, 22 б.], оқушыларды шыншыл да әділ болуға баулу өте қажет. Қандай жағдай болмасын, оқушылардың өз шындығынан айнымай, әділ бола білуіне шешендік өнердің септігі тиері сөзсіз. Өйткені шешендік өнерде де әділдік пен шындық өте маңызды. Платон шешеннің парызы ретінде шындықты атаса [3, 80 б.], Аристотель де: «Платон – менің досым, алайда ақиқат қымбатырақ», – дейді [4, 116 б.]. Ал Квинтилиан: «Шешен сөзінің дәлелділігін оның әділдікті жан-тәнімен қолдап-қорғауы барлығына түсінікті болғанда айқын көруге болады», – деп айтады [4, 143 б.]. Бір сөзбен айтқанда, шешендік сөздің шынайы деңгейі шындықпен, әділдікпен өлшенеді. Б.Адамбаев шешендік күші шындықта, шындықты тартымды ой, шебер тілмен тыңдаушыларға жеткізе, ұғындыра білуінде екенін тілге тиек етеді [5, 80 б.]. «Белгілі халық шешендері мен аты белгісіз дана қарт, шешен әйел, тапқыр бала, кедей жігіт атынан айтылатын шешендік сөздерге тән бір қасиет шешендік, тапқырлығымен қатар әділдігі, ойының айқындығы» [5, 77 б.]. Ж.Дәдебаев: «Ойдың, пікірдің, көзқарастың шындыққа, ақиқатқа, әділетке қатысын анықтау даудың түйінін шешіп, әділ билік, шешім айтудың бірден-бір шарты болып табылады», – дейді [6, 110 б.]. Қорыта айтқанда, білім алушының дұрыс әлеуметтенуінде, жеке мүддені көздемей, қоғам мүддесін ойлап, шындықты темірқазық етуінде шешендік өнердің орны айрықша.

Екіншіден, шешендік өнер оқушыны, кімге нені қалай айтуды, сонымен қатар сөйленетін сөзді мақсатты аудиториясына қарай сөйлеуді үйретеді. Э.Аронсон да ақпараттың және сенімді әрекеттің тиімділігін арттыра алатын үш факторды атайды: «(1) ақпарат көзі (кім айтады); (2) ақпарат сипаты (қалай айтылады); (3) аудитория сипаты (кімге айтылады)» [1, 74 б.]. Қоғамдық ортада кімге нені қалай айту, жеткізу өте маңызды. Басқашалап айтқанда, сөйленетін сөз мақсатты аудиторияға сәйкес болуы қажет. Бөлтірік шешен: «Сөзіңді тіліңе билетпе, ақылыңа билет... Не сөйлейтініңді біл. Кімге сөйлейтініңді біл. Қай жерде сөйлейтініңді біл. Қай кезде сөйлейтініңді біл. Қалай сөйлейтініңді біл», – дейді [3, 27-28 бб.]. Шешендік өнер кімге нені қалай сөйлеуді ғана емес, айтар сөзін жоспарлауды да үйретеді. Ол үшін ойлап табу, орналастыру, сөздік бейнелеу, есте сақтау, сөйлеу риторикалық канондарын білу қажет [4, 19 б.].

Үшіншіден, шешендік өнер оқушыға сенімді сөйлеу, сендіре алу тәсілдерін меңгертеді. Өйткені шешендік өнер – иландыру өнері. Әл-Фараби шешендік өнердің, шешен сөзінің мақсаты тыңдаушылардың көңіліне сенім ұялатуда, деп санайды [6, 35 б.]. Алайда Э.Аронсон ақпарат беруші адамдардың бәріне бірдей әсер ете алмайтынын айтады [1, 76 б.]. Десе де, дұрыс ақпаратты дұрыс жеткізе білу қашан да өзекті. Ж.Дәдебаев шешен мен оның тыңдаушылары арасындағы қарым-қатынас нәзік те терең екенін түсіндіреді: «Шешеннің өз сөзінде әділетті қорғауы, өз тұжырымының дұрыстығын дәлелдеуі аса маңызды екені анық» [6, 48-49 бб.]. Сондықтан тұжырым дұрыстығын дәлелдеу үшін: а) шешен тыңдаушыларын өз дегеніне сендіруі, көндіруі керек; ә) шешен өз сөзімен тыңдаушылардың сезімін құрметтеп, жанын жадыратып, мейірін қандыруы қажет; б) шешен өз сөзімен тыңдаушылардың жамандықтан қашықтатып, жақсылыққа ынтықтырып, еліктіріп, баурап алуы қажет [6, 48 б.]. Өзі сенген шын тұжырымға өзгені дұрыс сендіре алу да шешендік өнер қалыптастыратын дағдылар негізінде дами түседі.

Төртіншіден, шешендік өнер білім алушыға ақиқатты айта білуді меңгертіп қана қоймай, тыңдарманға шындықты шынайы сезіммен жеткізуді игертеді. Э.Аронсон қандай (логикалық әлде эмоциялық) ақпарат адамдар үшін сенімдірек болатыны жайында айтып, эмоциялық үндеулер басым түсетінін ескертіп, әр түрлі эксперименттерден мысал келтіреді [1, 82 б.]. Шешендік өнерге қисынды ойлау да, сенімді сезім де қажет. Өйткені биікке бастар қанатты қиял, эмоциялық мазмұн жоқ жерде шешеннің сөзі жер бауырлағандай желбуаз, құрғақ, жадағай, тіпті сырдаң да сидаң көрінеді [6, 29 б.]. Сондықтан сөз сөйлеу үшін логикалық шымырлық, айғақ дәлелдер ғана емес, қиял, түйсік, сезім, эмоция қуаты, суырып салмалық қасиет қажет [3, 29 б.]. Бірақ дәлелсіз немесе дәлелі әлсіз сөзді сезіммен айтуға да болмайды. Айтылар әңгіменің қисынды болуы әрі орынды эмоциямен баяндалуы өте маңызды. Г.Қосымова: «Егер шешен қызықсыз, ойсыз әңгімені жоғары эмоциямен, көтеріңкі пафоспен сөйлесе, тыңдаушылардың ашуын туғызады... Керісінше, мазмұнды, логикалы сөзді ешбір қызығушылықсыз, эмоциясыз, бірдей үнмен баяндаса, тыңдаушыларын шешен жалықтырады» [7, 255 б.].

Бесіншіден, шешендік өнер білім алушылардың шығармашылық дағдысын дамытуға оң әсерін тигізері даусыз. Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында негізгі міндеттердің бірі білім алушылардың шығармашылық ойлау дағдысын дамыту болып табылады. Шығармашылық ойлау субъективтік жаңа өнім жасалуымен ерекшеленеді. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» креативтілік «адамның шығармашылық дарын деңгейі, шығармашылық қабілеті» деп түсіндіріледі [8]. Ахмет Байтұрсынұлы адам санасының үш негізге – ақылға, қиялға, көңілге – тірелетінін айтып, үшеуінің қызметі, яғни ақылдың ісі – аңдау, қиялдың ісі – меңзеу, ал көңілдің ісі – түю, талғау екенін нақтылайды. Ал тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау [9, 10 б.]. Білім алушының «өзінде ой» бар болуы үшін оның шығармашылық ойлау дағдысы дамуы өте қажет. Орайы келгенде, ұлттық шешендік үлгілерінен мысал келтірейік. Батырлығымен де шешендігімен де даңқы шыққан Сеңкібай шешеннің 13-14 жастағы бозбала шағында, Төле биге сәлем бере барған кезінде, мынадай бір дау үстінен түседі. Төле би алдына бір қырғыз жігіті қазақтың бір байының жылқылары бесіктегі бала өліміне себепші болды, деп құн сұрап келеді. Бай шұрқыраған, кісінеген қалың жылқысын қырғыздың киіз үйіне тақай дүбірлетіп өткізгендіктен, бесіктегі бала шошып жүрегі жарылып өлді, деп дауын айтады. Сеңкібай елеңдеп, орнында отыра алмай тыпырши береді. Мұны байқаған Төле би Сеңкібайға билікті айтуға рұқсат етеді. Сонда Сеңкібай бір отар саулықты сауғызып, сүтін бір қазанға пісіріп, айран ұйытуды бұйырады. Төле бидің өзі келіскен соң, халық, таңырқаса да, билікке тақ тұрады. Солайша, бұйрық орындалады. Төле би, Сеңкібай және мүдделі жұрт бір қазан ұйытылған айранды ашқанда, қалың қаймағы тұтасып тұрғанын көреді. Бозбала Сеңкібай үй жанынан қалың жылқыны тағы да айдап өтуді талап етеді. Қазанның қақпағы жабулы болады. Айғырлары арқырап, биелері кісінеп, құлындары шұрқырап қалың жылқы үй жанынан өтеді. Шаң басылған соң, жиналған жұрт қазан қақпағын ашқанда, ұйыған айранның шынтақ елі қалың қаймағы төрт жерден айрылып кеткеніне куә болады. Сонда Сеңкібай:

«Жас баланың жүрегі
Қатығы қою қаймақ емес пе?
Әншейінде теп-тегіс,
Шұбырып жылқы өткенде,
Қақ айрылғаны айғақ емес пе?» – деп Құдайдың кең жері тұрғанда, үй жанынан жылқы айдап өткен бай кінәлі санап, бала құнын төлеуге билігін айтады [10, 229 б.]. Бұл жерде Сеңкібай шешеннің жасын, шығармашылығы мен айтқан билігін байланыстыра талдау қажет. Психолог мамандардың айту бойынша бала жеткіншек шағында ғылыми ойлауға, болжам жасауға бет бұрады. Сондықтан ақылы

аңдап, қиялы меңзеп, көңілі түйген Сеңкібай іштей ғылыми болжам жасап, сол жасаған болжамын тексермекке «орнында отыра алмай, тыпыршып» асығады. Бұл – бір. Екіншіден, тәжірибе болжамына сәйкес келгенде, жас баланың жүрегін қаймаққа балап, жылқы дүбірі себепті төртке айырылғанын айғақ ретінде келтіреді. Үшіншіден, ғылыми әрі шығармашылық ойлау барысында туындаған дәлел негізінде ойға қонымды билік айтады.

Қорыта айтқанда, әділетті қоғамның әділ де турашыл азаматы болуы қажет білім алушы шешендік өнер негізінде:

– шешендік шындыққа негізделген шығармашылық екенін түсінеді;
– кімге нені қалай айтуды меңгереді;
– сенімді сөйлеу, сендіре сөйлеу тәсілдерін игереді;
– тыңдарманға ақиқатты орынды сезіммен жеткізуді үйренеді;
– шығармашылық ойлау дағдысын дамытады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1 Аронсон Э. Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе, 11-басылым. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 408 б.

2 Коменский Я.А. Ұлы дидактика. – Алматы, 1993. – 99 б.

3 Негимов С. Шешендік өнер. – Алматы: Ана тілі, 1997. - 208 б.

4 Қыдыршаев А.С. Шешендіктану: теориясы және практикасы. – Орал, 2012 - 230 б.

5 Адамбаев Б. Асыл қазына. – Алматы: Ана тілі, 2009 – 320 б.

6 Дәдебаев Ж. Шешендік өнер теориясының негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 286 б.

7 Қосымова Г. Қазақ шешендік өнерінің негіздері және тілдік танымы. – Алматы: Ғылыми, 2005. – 296 б.

8 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 8-том / Құраст.: Қ. Күдеринова, О.Жұбаева, М. Жолшаева және т.б. – Алматы, 2011. – 744 б.

9 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.

10 Төреқұл Н. Даланың дара ділмарлары. – Алматы: ЖШС «Қазақстан», 2006. – 592 б.



ӘОЖ 372.854


## ХИМИЯ ПӘНІНЕН ЭЛЕКТИВТІ КУРСТАРДЫ ДАМЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ


**Шенгелбай Қарлығаш Ауезханқызы –** М1504-22 топ магистранты
**Ғылыми жетекші: Битемирова Алия Еркегуловна –** х.ғ.к., доцент
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан



***Резюме***

*В данной статье рассматривается важность разработки факультативных курсов для повышения интереса учащихся к химии.*

***Summary***

*This article considers the importance of developing optional courses to improve the interest of students to chemistry.*


Білім ордасы - қазақ мемлекетіміздің қауымына үлкен бағыт-бағдар көрсетіп отыратын орта. Сондықтан, білім ошағының негізгі мақсаты мен міндеті мына нәрсеге келіп тірелмек: жеке тұлғаны мықты кәсіби құзіретті маман етіп тәрбиелеудің негізі ретінде білім алушыларды нәтижелі мақсатты оқыту арқылы жан-жақты шығармашылық қабілеттерін дамытуы тиіс.

Алдымен, химияның тіршілік үшін маңызына тоқталып өтелік. Бұдан бірнеше ғасырлар алдын өмір сүрген адамзат, әртүрлі табиғат өнімдерін мұқтаждығына сай пайдаланып, күнделікті өмір сүру стиліне сай қолданып отырған. Сол сияқты, қазіргі таңда адам өмірінің қай саласында болмасын, химияның атқаратын маңызы таулармен теңесердей күшпен қолданылуда.

Тіпті, өндіріс, шаруашылық салаларының барлығында да көшті бастап жүретін химияның маңызы қаншама?!

Қоршаған орта жалпы жаратылысты - ағаш, кен, мұнай сынды тек бастапқы шикізаттармен қамтамасыз етсе, сол заттарды химиялық әсер ету арқылы ауыл шаруашылығы салаларына, өндірістік процестерге қолдануға, тіпті тұрмысқа қажетті әртүрлі маңызы жоғары заттарды алу мүмкіндіктерін жоғарылатады. Осы химиядағы операциялар мен алгоритмдерді жүзеге асыру үшін де жалпы заңдылықтарды түсіну және білу керек. Әрине, бұл ілім жайында да химия тілі сөйлейді.

Жалпы, қазіргі таңда кең ауқымды айтылып жататын ғылыми-техникалық прогрестің жоғары деңгейде ілгерілеп дамуы химияның және химия өнеркәсібінің прогресімен өте тығыз байланыста. Яғни, онсыз ғылыми-техникалық прогресстің болуы да мүмкін емес десек те болады. Химия және оның жетістіктері қазақ мемлекетінің экономикасының өркендеп, мәдениетінің қалыптасуына, егеменді еліміздің тұрмыс-жағдайының өсіп-дамуына лайықты үлкен рөл атқарады. Біздің қоғамда, әр адам өзінің химияның дамыған бөлігінде өмір сүріп жүргенін өте жақсы түсінеді. Яғни, қазіргі біздің ғасырымызда барлық тұлға химияның қызметін әр сәтте көріп жатыр десек те болады. Себебі, химия адам баласын киіндіріп, тамақпен қамтамасыз етіп, әрі шипалы емдік заттармен де пайдасын тигізеді. Әр тұлғаның баспаналы болып, өмірінің одан сайын әдеміленуіне септігін тигізеді. Телефон қарау, теледидар көру, үйде қолданылатын әртүрлі жуғыш заттарды пайдалану, тіпті жазудан бастап, космонавттардың ғарышқа ұшқанға дейінгі процестің барлығы дерлік химияның өнімі болып табылады. Және, бұл жерде тұтынушы ол, әрине – адам.

Химиясыз, адам баласы жер тұңғиығына зер салып, теңіз бен мұхит тереңдіктеріне бойлай алмас па еді?! [1].

Негізі, химия пәнін оқытқанда білім алушылардың танымдық қызығушылығын ояту әрі арттыру жолдары өте көп десек те болады. Дегенмен, мұндай іс-әрекеттерді практикалық түрде қолданудың жөні бөлек.

Химия пәнін оқытуды ұйымдастыруда оның білім жүйесіндегі орнының маңыздылығын арттыру қызметін жетілдіру білім алушылардың танымдық белсенділігі мен ізденімпаздығының деңгейін жоғарылатуға негізделген. Оқу-танымдық қызмет барысында білім алушылардың әртүрлі білік-дағдылары қалыптасып қана қоймай, білімдерін жетілдіреді. Сонымен қатар, танымдық қабілетінің деңгейі мен шығармашылық ойлауын да жандандырады.

П.П.Блонскийдің - білімі, әдістемесі және сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдері бірдей екі түрлі пән мұғалімдерін қалай ажырату туралы ойы: «Жақсы ұстаз үшін білім алушылардың барлығы бірдей емес, олар әртүрлі, ал, нашар ұстаз үшін олардың барлығы бірдей көрінеді және олармен сол деңгейде қарым-қатынаста жұмыс жасайды».

Соған сәйкес, оқытушыға ақыл-кеңес ұсына келе ол: «Әр білім алушының, жеке тұлғаның жеке ерекшеліктерін зерттеп білу керек», - дейді.

Химия пәнінде ұйымдастырылатын танымдық қызығушылықты дамытуға зор әсер беретін нәтижелерді мынадай топтарға бөліп қарастыруға болады.

- Бірінші топ іс-әрекеті - оқу құралдарының мазмұнымен маңызды байланыста болуын жатқызуға болады.
- Екінші топ - оқыту әдістерінің түрлі жағдайлардағы қолданылатын тиімділерін жинақтап, қолдана отырып ұйымдастыру.
- Үшінші топ іс-әрекеті - білім алушылар мен оқытушылар арасындағы тығыз байланыстағы іс-әрекетке негізделеді. Бұл жерде білім алушылардың білік-дағдылары, педагогтің жұмысына деген махаббаты, ұстаздың балаларына деген үміті мен сенімі және жанашырлығын ескеріп айтып өтуге болады [2].

Элективті курс - мектеп балаларының әртүрлі танымдық ой-өрістерін дамытатын әрі қызығушылықтарын қанағаттандыратын кез-келген тақырыпта ұйымдастырылатын сабақ жоспарының нәтижелі элементі. Ұтымды әрі нық мақсатты ұйымдастырылған элективті курстардың әсері білім алушының белгілі талап-тілегіне сай мақсатына жетуіне, білімі мен көзқарасының кеңеюіне нәтижелі ықпал етеді. Білім ордасына элективті курстың маңыздылығын ескере отырып, оны оқыту процесіне жоспарлы түрде ұйымдастыру және арнайы бағдарлама мен оқу құралдарымен дерлік толықтырып, нәтижесінде оқытудың толық әдістемелік құралы қажет болатындығына көңіл бөлу қажет. Элективті курстарды ұымдастырудың этаптарына тоқталып өтелік.

1. Өтілетін пәндер мен ұйымдастырылатын элективті курстардың жоспары қарастырылады.
2. Білім алушы өзінің қызығушылығына, таңдау жасаған пәнімен байланысты етіп элективті курстарға сай өзінің талап-тілегін жазып, мектеп әкімшілігіне ұсынысын айтады.
3. Оқушы үшін және мектеп тарапынан атап өтілген алдыңғы екі ұсынысты ескере отырып, келесі оқу жылына арналған оқу жоспарын жасауға әрекетін бастайды.
4. Осы барлық пунктті қамтамасыз етіп болған соң, сабақ кестесін жасауға зейін қояды [3].

Элективті курс мазмұны оқушыға өзінің бейімділіктерін анықтап, пәнге қызығушылығын қалыптастыруға мүмкіндік береді. «Химия өмірімізде» атты элективті курстың басты міндеті - оқушыны химия пәніне қызықтыру, ғылымның практикалық маңызын түсіндіру (бір бағдарламаға мысал келтірілді).

Зерттеу бірнеше деңгейде жүргізіледі:

1. Теориялық саты: психологиялық-педагогикалық әдебиеттер бойынша анализ жасау, сауалнама мен элективті курс құрастыру.

2. Эксперименталды саты: элективті курсты ұйымдастыру және жүргізу, оқушыларда химияны оқуға мотивацияның қалыптасу деңгейін анықтау.

3. Қорытынды саты: педагогикалық зерттеу нәтижелерін жинақтау, өңдеу, сараптама жасау, жалпылау және қорытындылау.

Мамандыққа бағыттау функциясын «Химия ауылшаруашылығында», «Химия өндірісінде», «Химия өмірімізде», «Химиялық анализ негіздері» атты факультативтер және сыныптан тыс жүргізілетін жұмыс түрлері атқарады.

Кеңінен химия мамандықтары жайлы дәрістер, мамандармен кездесулер, кештер, диспуттар, конференциялар және сайыстар ұйымдастырылады.

Мамандыққа бағыттау әдістері де алуан түрлі. Маңызды рөлді химиялық эксперимент алады, оның ішінде, әсіресе, зертханалық тәжірибелер және сарамандық сабақтар, эксперименталды есептерді шешу - оқушыларға оқу материалына деген шығармашылық көзқарас қалыптастырады. Химиядан элективті курстың мақсаты мен міндеттері қандай болса да, ол міндетті түрде жалпы педагогикалық талаптарға сай болуы тиіс. Ең маңызды талаптар: қысқа мерзімді, оқытудың белсенді формалары, оң нәтижеге жетуге жағдай жасау.

Элективті курсты оқу барысында оқушылардың табысты нәтижелері келесі критерийлер бойынша анықталады:

1. Ағымдық бақылау - оқушының топтағы жұмысы, теориялық материалды өзіндік оқу, сарамандық жұмыстарды бағалау;

2. Оқушы жұмысының сапасын рефераттар мен презентациялар түрінде бақылау.

Зерттеу барысында «Химия өмірімізде» атты элективті курс ұсынылды. Аталған курс 8-сынып оқушыларына арналған, көлемі-20 сағат. Курс химияны оқуға мотивацияны дамытуға, оқушылардың білімін тереңдетуге, білімпаздықты дамытуға бағытталған. Ал оқушылар өздігінен табиғаттың құпияларын ашып және пәнге қызығушылықтарын арттырады. Химиялық эксперимент зат және химиялық реакциялар жөнінде білім көзі болса, білім мен біліктерді бекіту құралы және материалды меңгеру деңгейін тексеру әдісі болып келеді. Әр дәрістен кейін, оқушылар өздігінен тәжірибелерді орындауға негізделген сарамандық жұмыс өткізіледі.

Курс мақсаты:

- ✓ Оқушылардың химияға қызығушылығын арттыру;
- ✓ Оқушыларда негізгі теориялық түсініктерді қалыптастыру;
- ✓ Химиялық құбылыстарды нақты көрнекіліктермен көрсету;
- ✓ Оқушылардың зияткерлік дамуына, олардың сын тұрғысынан ойлауын дамытуға ықпал ету.

Курс міндеті:

- ✓ Оқушыларды экспериментті жоспарлауға үйрету;
- ✓ Индукциялық және дедукциялық қорытындыларды тұжырымдау біліктерін қалыптастыру, эксперимент тапсырмаларының мазмұнын және алынған нәтижелерді талқылау;
- ✓ Өзіндік бақылау және өзара бақылауды үйрету;
- ✓ Оқушыны жоғарғы сыныпта өздігінен мамандық таңдауға дайындау [4].

Ұйымдастырылған сабақ жоспарының даму кілтінің елеулі ерекшелігі - мектеп оқулығында көптеген баланың әрекетін шыңдайтын бақылау сұрақтары, жаттығулар мен тапсырмалар болғаны абзал. Өйткені, кітаптағы оқушының білім деңгейін анықтайтын тапсырмалар олардың ақыл-ой жұмысын жақсартудың негізінде жүйелі әрі мақсатты түрде жетілдіру қажет.

Оқыту процесінің жетістігін көбейту үшін оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін таңдап қана қоймай, білім беру жүйесіне тиімді технологияларды белсенді түрде ыңғайластыру керек екені белгілі. Сонымен қатар, оқушының білімге деген ынтасы мен ықыласы, ұмтылысы болмаса, оқу жүйесінің жетістігі де жоғары болмайтындығы мәлім. Осыған байланысты, француз жазушысы Анатоль Франс: «Тағам қорытылуы үшін үлкен тәбетпен тұтынылу тиіс дейді».

Ал, оқушының білім алуға деген мотивациясы - бұл оқуға, білуге, үйренуге әрі түсінуге жеткізетін «тәбет».

Қазіргі таңдағы жаңаша түрдегі педагогикалық технологиялар білімгерлердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға зор үлес қосып отыр. Жаңа технологияларды ұйымдастыру кезеңдер негізінде жасалып шығарылады: бірінші кезең - оқыту процесі, екінші кезең - игеру әрекеті, үшінші кезең - енгізу кезеңі, төртінші кезең - жаңа материалды әзірлеу болып табылады.

Білім беру процесін мынадай екі түрлі ой-пікірде мағына беріп өтетін болсақ: біріншісі, мектепте және жоғарғы оқу орындарында жалпы химияны оқытуға қатысты болса, ал, одан кейінгісі өмірді оқытуға, білімді жеке тұлғаны тәрбелеп шығарумен байланысты.

Оқыту процесі - білімгер білім алу барысындағы жүретін құнды процесс. Инновациялық технологияларды оқытудың әдістемелік жүйесі осы салада жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін танымдық қызмет түрлерінің мазмұнымен тығыз байланысты.

Білім беру үрдісінде инновациялық әдістерді қолдану қандай да бір деңгейде болмасын танымдық іс-әрекеттің прогресі болып табылады [5].

Химия пәнін оқытуда, оқу мазмұнын дәстүрлі емес қиын химиялық тапсырмалар мен әртүрлі есептерді шешумен байыту арқылы оқушылардың білімге деген қызығушылығы мен құштарлығының артуына жол ашуға болады. Ұйымдастырылатын сабақта зерттеу әдістерін ерекшелендіріп отыратын түрлі есептер шығартып, қызықты тапсырмалар орындатып әрі түрлендіру мен дәлелдеу пункттерін қоса сабақ өту, яғни, әр сабаққа өзіндік сипат беретін элементтер қосу арқылы оқушының білік пен дағдысын жан-жақты дамытуға болады. Егер, мұғалім оқушы үшін химия пәніне деген қызығушылықты арттыру әдіс-тәсілдері мен сол әдістердің құрылым топтарын мақсатты әрі нәтижелі пайдаланатын болса, сәйкесінше білім алушыларда білімге деген алға жылжуға мотивациясы артып, химия пәні - көңіл қойып оқитын пәндерінің бірі болады деген сенім мол.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Темірболатова Ә. Химияның тіршілік үшін маңызы [Журнал]. - Алматы : Мектеп, 2007 ж..
2. Жұмахан Г.Е. және Қуанышева Ж. Қ. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудағы химияның маңызы [Онлайн]. - https://infourok.ru/statya-po-himii-na-temu-oushilardi-shiarmashili-abiletin-damitudai-himiyani-maizi-3556180.html.
3. Ғылыми мақала [Онлайн] // Baribar. - 24 08 2015 ж.. - https://stud.baribar.kz/1758/orta-mektepte-elektivti-kurstardy-uy/.
4. Дюсекеева А.Т., Кездикбаева М.А. және Алтыбаева М.А., Бейіндік оқытуда химияны оқуға мотивацияны арттыру [Журнал]. - Қарағанды: Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің хабаршысы, 2019 ж.. - 1.
5. Алтынбекова М.О. және Бабажанова Г.И. Химиялық білім беруде ақпараттық коммуникациялық технологияны қолданудың мүмкіндіктері [Журнал]. - Түркістан : Ясауи университетінің хабаршысы, 2021 ж.. - 1.


ӘОЖ37.091.212.2

# ТЫҢДАЛЫМ ТЕКСЕРУ ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ СТУДЕНТТЕРДІҢ ТІЛДІК ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУЫНА ӘСЕРІ

**Тастанова Г.Ж**
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

***Резюме***

*Почти все навыки и способности ориентированы на концепцию когнитивных стратегий, одной из которых является аудирование или понимание на слух. Понятие аудирования в настоящее время широко используется в педагогических и психологических работах. Поскольку важность и роль навыка понимания на слух четко прослеживается в процессе обучения иностранным языкам, его неправильное или недостаточное использование приводит к некоторым трудностям. Имея это в виду, придумайте шесть проблем, которые могут помешать использованию навыков понимания на слух. На пике образования и науки появляется возможность по-разному интерпретировать навыки слушания, определяя при этом способности и силы каждого ребенка. Метакогнитивные стратегии и когнитивные стратегии открывают путь к этим возможностям, выявляют и решают проблемы, формируют основу качественных знаний.*

***Summary***

*Virtually all skills and abilities focus on the notion of cognitive strategies, one of which is listening or understanding. Currently, the use of the concept of "listening" in pedagogical and psychological work is widespread. Since the meaning and role of listening skills is clearly visible in the process of learning foreign languages, their incorrect or insufficient use leads to some difficulties. Based on six questions that likely interfere with the application of listening and understanding skills. At the height of knowledge and science, by determining the abilities and powers of each child, listening skills can be interpreted in a diverse way. Methodological strategies and cognitive strategies open up these opportunities, identify challenges, and create a foundation for quality knowledge.*

Коммуникативтік құзіреттіліктің маңызды бөлігі ретінде тыңдалым басқалармен бірдей қарым-қатынасқа лайық дағды болып табылады. Әртүрлі оқушылардың мақсаттары әртүрлі, бірақ оқыту жағдайында әдетте белгілі бір уақыт аралығында нені үйренуге болатыны үшін норманы құрайтын оқу бағдарламасы бар. Бағалау құралдары айтарлықтай өзгереді, кейбіреулері тек жазбаша тілге (оқу және жазу дағдылары және грамматикалық ережелерді білу) назар аударуы мүмкін, ал жеке тұлғаның бүкіл коммуникативтік құзыреттілігін қамтитын бағалау құралы ретінде қарастырылатын нәрсе кем дегенде төртеуін қамтиды. тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу дағдылары. Тыңдау – ағылшын тілін үйренудегі ең маңызды дағдылардың бірі. Ағылшын тілін тыңдаған кезде студенттер тыңдауда көптеген қиындықтарға тап болады. Университеттер мен мектептер жазуға, оқуға және сөздік қорына көбірек көңіл бөлетіндіктен студенттердің тыңдап түсіну қиынға соғады. Тыңдау көптеген курстық кітаптардың маңызды бөлігі емес және мұғалімдердің көпшілігі өз сабақтарында бұл маңызды дағдыға мән бермейді. Тыңдау қабілетін бағалау – бұл аз түсінілген, аз дамыған, бірақ тілдік тестілеу мен бағалаудың маңызды бағыттарының бірі. Демек, тілді бағалау әдебиетінде тыңдаудың негізінде жатқан нақты құрылымдар немесе қабілеттер, тыңдауды бағалау процедураларын қалай құру керектігі, тыңдау тесттерін қалай тексеру және бағалау керектігі туралы өте аз жазылғаны қызық. және тыңдап түсінуді тексеру әдістері оқушылардың үлгеріміне қалай әсер ететіні туралы.

Тыңдау дағдысына төрт тіл дағдысынан аз көңіл бөлінді. Бұл немқұрайлылық тыңдауды пассивті дағды ретінде қарастыру фактісінен туындауы мүмкін. Дегенмен, соңғы зерттеулер сөйлеуді қайта қарастырды - бұл өндіріске бағытталған бастапқы екпін студенттердің оқуына кедергі келтіріп, мақсатты тілді біріктіру және сақтау үшін маңызды ассоциация процесін бұзатыны анықталған кезде ғана бастапқы фокус болды.

Тыңдау – ағылшын тілін үйренудегі ең маңызды дағдылардың бірі. «Тыңдау» терминінің көптеген анықтамалары бар. Мысалы, тыңдап түсінудің мақсаты – тілді қалыпты жылдамдықта автоматты күйде түсіну.

Тыңдау дағдысы түсінікті кірісті алу үшін өте маңызды. Ешқандай кіріс болмаса, оқу болмайды. Ағылшын тілін шет тілі ретінде үйренушілер тыңдап түсінуде маңызды мәселелерге тап болады, өйткені университеттер грамматикаға, оқуға және сөздікке көңіл бөледі. Тыңдау және сөйлеу дағдылары көптеген кітаптардың маңызды бөлігі емес және мұғалімдер бұл дағдыларды өз сабақтарында қарастырмайды.

Тыңдап түсіну – адамның басқаны сезім, есту мүшелері арқылы тану және оны түсіну үшін хабарға мағына бөлу қабілеті.

Тыңдап түсіну сөйлеуді түсіну процесі болып табылады және ол фонемалар, сөздер және грамматикалық құрылымдар сияқты тілдік бірліктердің рөліне және тыңдаушының болжамының рөліне, жағдай мен контекстке, бұрынғы білімге және тақырыпқа шоғырланады.

Тыңдау дағдысы өз бетінше жеткілікті түрде қабылданбады, керісінше көмексіз дамитын пассивті дағды ретінде қарастырылды. Тыңдау мұғалімдер үшін де, оқушылар үшін де маңызды емес және мұғалімдер тыңдауды үйретпеу үшін тестілеуді және оқушылар тыңдап түсінуді емес, тыңдауды үйренеді. Демек, ол тіл үйретудің ең назардан тыс қалған жағы болып қала береді

Сөйлеуді түсіну оқушылар үшін өте қиын әрекет. Оқушылар тілді тыңдаған кезде көптеген қиындықтарға тап болады. Егер мұғалімдер тыңдаушылардың тыңдап түсіну қабілетін жақсартуға көмектесуі керек болса, олар ауызша үзінділерді түсінудегі тыңдау қиындықтарын түсініп, тыңдап түсіну мәселелерін шеше алу үшін тыңдап түсінудің тиімді стратегияларын үйретуі керек. Шетел немесе екінші тілде тыңдап түсінуге бірнеше сыртқы және ішкі факторлар әсер етуі мүмкін. Осы факторлардың бірі – оқушының қолданатын оқу стратегиялары. Оқушылардың жеке айырмашылықтары (сенімдері, бұрынғы оқу тәжірибесі) басқа жағдаяттық факторлармен (мақсатты

тіл, оқыту сипаты, тапсырмалардың сипаты) оқушылардың қандай стратегияларды қолдануды таңдайтынын анықтайды.

Тыңдап түсінуге кедергі болатын жеті ықтимал мәселе бар.

Біріншіден, жеткізу жылдамдығы тыңдаушылардың бақылауынан тыс. Көптеген тіл үйренушілер оқуды түсінуге қарағанда тыңдап түсінудегі ең үлкен қиындық тыңдаушының сөйлеушінің қаншалықты жылдам сөйлейтінін басқара алмайтындығы деп санайды.

Екіншіден, оқушылардың сөздерді қайталауы әрқашан мүмкін емес. Бұл оқу жағдайындағы басты мәселе. Сыныпта жазбаны немесе жазба бөлігін қайта ойнату қажет пе, жоқ па, оны мұғалім шешеді. Мұғалімге оқушылардың естігендерінің қандай да бір бөлігін түсінген-түсінбегенін анықтау қиын.

Үшіншіден, оқушының сөздік қорының аздығы тыңдап түсінуге жиі кедергі жасайды.

Төртіншіден, тыңдаушылар сөйлеушінің бір нүктеден екінші нүктеге ауысу, мысал келтіру немесе нүктені қайталау үшін қолданатын сигналдарын танымауы мүмкін. Ресми жағдайларда (яғни, біріншіден және одан кейін) қолданылатын дискурс маркерлері тыңдаушыларға салыстырмалы түрде түсінікті.

Бесіншіден, тыңдаушыларға шет тілінде зейін қою өте қиын болуы мүмкін. Тыңдау үзіндісінің тақырыбы қызықты болса, тыңдаушылардың зейінін шоғырландыру және үзіндіні қадағалау оңайырақ болуы мүмкін.

Алтыншыдан, әр сөздің мағынасын түсінуге деген ұмтылыс сияқты сыныпта баса назар аударылатын оқу әдеттері. Мұғалімдер көбінесе студенттердің кез келген сөзді түсінгенін қалайды.

Жетінші және соңғысы, оқушылардың контекстік білімдері жеткіліксіз болған кезде түсіну проблемалары туындайды .

Тыңдап түсінудің осы проблемаларын жеңу үшін оқушылар тыңдау стратегиялары деп аталатын әдістерді әзірлеуі керек. Бұл стратегиялар оқушылардың білімінің жеткіліксіздігіне қарамастан дыбыстық мәтінді түсінуге мүмкіндік беретін психикалық процестер болып табылады. Тыңдау стратегияларына қорытынды жасау, өңдеу және түсінуді реттеу және бақылау кіреді. Ерте тыңдау бойынша зерттеулер тек түсінікті енгізуге ұшырау тыңдау дағдыларын жақсартады және тілді меңгеруге ықпал етеді деген теорияға қызығушылық танытты және ол бұл енгізуді өңдеуді елемеді. Алайда соңғы жылдардағы тыңдау бойынша зерттеулер оқушылардың бұл енгізуді қалай өңдейтініне назар аударды. Сондықтан, тыңдау кезіндегі қиындықтарды жеңу үшін екінші тіл үйренушілер қолданатын стратегияларды түсіну тыңдау зерттеуінің ажырамас бөлігіне айналды. Тыңдап түсіну стратегияларына қызығушылық бірқатар зерттеулерде дамыды. Тіл үйрену стратегиялары мақсатты тіл ақпаратын пайдалануды жақсарту үшін оқушылар қолданатын әдістерді білдіреді. Когнитивті стратегиялар – оқушылар оқу тапсырмаларын орындау үшін және білім немесе дағдыны меңгеруді жеңілдету үшін қолданатын проблемаларды шешу әдістері. Когнитивті стратегиялар оқу тапсырмасымен тікелей байланысты және оқу материалдарын тікелей манипуляциялауды немесе түрлендіруді қамтиды. Тіл үйренушілер жаңа ақпаратты өңдеуге, сақтауға және еске түсіруге көмектесу үшін когнитивтік стратегияларды пайдаланады.

Танымдық стратегиялардың екі кең түрі тыңдалым зерттеуінің тақырыбы болды: төменнен жоғарыға және жоғарыдан төменге. Төменнен жоғарыға бағытталған стратегияларға сөзбе-сөз аудару, сөйлеу жылдамдығын реттеу, ауызша мәтінді қайталау, мәтіннің просодикалық ерекшеліктеріне назар аудару жатады. Екінші жағынан, жоғарыдан төмен стратегияларға болжау, қорытынды жасау, өңдеу және визуализация кіреді. Жетілдірілген оқушылар жаңадан бастаушыларға қарағанда жоғарыдан төмен стратегияларды көбірек қолданады.

Аудармай-ақ түсінуге тырысатын бірінші когнитивтік стратегия тыңдаушы ана тіліне аудармай-ақ кірісті түсінуге тырысқанда қолданылады. Бұл стратегия пайдалы, өйткені көбінесе көптеген сөздердің тілдердің бірінде баламасы болмайды, бұл түсіну процесін қиындатады. Демек, бұл стратегия тыңдаушының назарын аударылатын тілдің мағынасы мен құрылымына бағыттайды.

Екінші когнитивтік стратегия – жаңа сөздерді түсіну үшін негізгі сөздерге назар аудару. Тыңдаушы оқытылатын тілдегі сөздер туралы білімін сөйлемдерге қолдану арқылы мағына жасайды. Бұл стратегия, әсіресе, түсінігін қалыптастыру үшін өздерінің шағын сөздік репертуарына сүйенетін жаңадан бастаған тыңдаушылар үшін өте пайдалы.

Үшінші когнитивтік стратегия – мәтінді толық түсіну үшін негізгі идеяға сүйену. Бұл стратегия тыңдаушыларға алдымен тақырыпты, ал кейінірек мәліметтерді табуға көмектеседі. Бұл стратегияны қамтитын әдістердің бірі - скиминг. Бұл стратегияны қолданатын оқушы негізгі ойды тез табады және дыбыстық ақпаратты тез түсінеді.

Төртінші когнитивтік стратегия – кез келген анықтамаға (контекстік немесе лингвистикалық) сүйене отырып, мағынаны болжау. Тыңдаушылар бұл стратегияны барлық сөздерді білмегенде немесе

сөйлемнің жалпы мағынасын түсінбегенде қолданады. Бұл стратегияны ана тілінде сөйлейтіндер де, ана тілінде сөйлейтіндер де жеткілікті түрде тыңдамағанда немесе мағынасы анық болмаған кезде қолданады.
Метатанымдық стратегиялар – жоспарлау, бақылау, бағалау және түрлендіру арқылы оқуын бақылау үшін оқушылар қолданатын басқару әдістері.

Сөйлеушінің айтқанына назар аудару - тыңдаушыға назарын аударушылардың назарын аудармай сөйлеушінің хабарына аударуға мүмкіндік беретін стратегия. Бұл стратегия сабаққа қатысуда, теледидар қарауда, радио тыңдауда немесе басқа адамдармен сөйлесуде өте пайдалы.

Екінші метатанымдық стратегия не нәрсеге назар аудару керектігін алдын ала шешу болып табылады. Тыңдаушылар түсіну процесін жеңілдету әдісі ретінде таңдамалы зейінді пайдаланады. Мысалы, кейбір тыңдаушылар сөйлеу тілін әртүрлі екпінмен түсіну тәсілі ретінде айтылым мен екпінге назар аударуды таңдайды. Дегенмен, екпінге тым көп көңіл бөлу түсінуге теріс әсер етуі мүмкін, себебі ол алаңдаушылық туғызып, түсінбеушілікке әкелуі мүмкін.

Стратегиялардың соңғы санаты әлеуметтік-аффективті болып табылады, ол тіл үйренуге жағымды эмоционалдық реакциялар мен көзқарастарды құру және ынталандыру әрекеттерін қамтиды. Оқыту тәжірибесін бақылау үшін қолданылатын аффективті стратегиялар өте маңызды, өйткені оқу контексі мен оқушылардың әлеуметтік-психологиялық факторлары (яғни, оқушылардың оқу тәжірибесіне қалай қарайтыны) тікелей байланысты .
Тіл үйрену стратегияларын тікелей стратегиялар (есте сақтау, когнитивтік және өтемдік) және жанама стратегиялар (метатанымдық, аффективті және әлеуметтік) деп жіктеуге болады.

Тәжірибелі тыңдаушылар өздерінің фонын пайдалана отырып, естігендерін үнемі өңдеп, түрлендіре алады. жаңа ақпаратты олардың ағымдағы болжамдарымен біріктіру; олқылықтарды толтыру үшін қорытынды жасау; олардың болжамдарын бағалау; қажет болған жағдайда олардың гипотезаларын қайта қарау. Тәжірибелі тыңдаушылар түсінудегі сәтсіздікті тани алады және түсінуді қалпына келтіру үшін тиісті білімді белсендіре алады.
Оқушылардың біліктілігі жоғары немесе төмен оқушылар ретінде қалай жіктелетінін және бұл жіктеулердің жалпы тілді меңгеру деңгейіне қалай байланысты болуы мүмкін екенін тексеру маңызды. Зерттеушілердің оқушыларды қалай жіктегеніне қатысты көптеген өзгерістер бар.
Бұл тыңдау дағдысының стандартталған өлшемінің жоқтығы және кейбір зерттеулер мұғалімнің бағалауы сияқты таза субъективті өлшемдерге арналған. Бұған қоса, тыңдау өнімділігі оны бағалау үшін қолданылатын тыңдау тапсырмасының қиындық дәрежесіне қарай өзгеруі мүмкін.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Осада Н. Тыңдап түсіну зерттеуі: соңғы отыз жылға қысқаша шолу // Диалог. - 2004. - № 3(1). - 53-66 б.
2. Берн Дж. Тыңдап түсіну стратегиялары: әдебиеттерге шолу // Шет тілі жылнамасы. - 2004. - № 37. - 521-533 Б.
3. Бак Г. Тыңдауды бағалау. - Кембридж: Кембридж университетінің баспасы, 2001. - 290 б.

УДК 37.013:81

## МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

**Абдрахман Г.К. к.ф.н.**
**Ильяс У.С. магистрант**
Таразский региональный университет им.М.Х.Дулати
Тараз, Казахстан

***Түйін***

*Бұл мақалада инклюзивті білім беру философиясының мәселелері: парадигмалар, әдіснаманың негізгі бағыттары, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білімге қолжетімділігін қамтамасыз етудегі инклюзивті білім беру тәсілдері қарастырылады.*

***Summary***

*This article discusses the philosophy of inclusive education: paradigms, main directions of methodology, approaches to inclusive education in ensuring access to education for children with special needs*

Актуальные проблемы образования и воспитания всегда привлекают талантливых исследователей. К подобной когорте ученых относится и видный государственный деятель Өзбекәлі Жәнібеков, который много сделал для популяризации наследия Ахмета Байтурсынулы, Магжана Жумабая, Шакерима Кудайбердыулы и пропаганде лучших ценностей казахского народа.

Несомненно, что вопросы методологического основания инклюзивного образования не остались бы в не поля зрения ученого и государственного деятеля Өзбекәлі Жәнібекова.

В современном педагогическом и лингвопедагогическом образовании отмечается «парад парадигм образования» (В. В.Краевский). Данное многообразие парадигм связано с критериями индивидуализации, функциональности и эффективности, которые соответствуют требованиям обновленного содержания образования.

В условиях обновленного содержания образования изменился подход к составляющим учебно-воспитательного процесса: учитель – ученик. Сформирована новая концепция, которая потребовала пересмотру места, роли и взаимоотношений с учащимися.

Среди большого перечня образовательных парадигм выделяют следующие: традиционалистская, рационалистская и гуманистическая.

Суть трех парадигм образования заключается в следующем:

- традиционалистская парадигма - итог системы образования, которая активно применялась в XX веке, где сумма знаний и фактов передавалась от учителя ученикам. Учитель выступал инструментом передачи опыта прошлого, системы знаний, умений, навыка и ценностей молодому поколению. Роли учителя в учебно-воспитательном процессе отводилась решающая роль в формировании и поддержании определенной культурно- образовательной среды;
- рационалистская парадигма способствовала формированию суммы знаний, умений и навыков обучающихся, которые бы соответствовали конкретным условиям и обстоятельства, где приоритетным становилось собственная выгода ученика. Упор сделан был на эффективные способы усвоения обучающимися знаний, чаще всего учитель проводил работу по «натаскиванию» ученика по необходимой области знаний. Ученик в данной идеологии образования становился пассивным в учебном процессе, от которого не требовалось проявления таких качеств, как самостоятельность, индивидуальность и творчество;
- гуманистическая (феноменологическая) парадигма (А.Маслоу, А.Комбс, К.Роджерс и др.) «предполагает персональный характер обучения с учетом индивидуально-психологических особенностей обучающихся, бережное и уважительное отношение к их интересам и потребностям» [1, с. 4]. Основными характеристиками, на которые обращен контекст этой парадигмы, являются: внутренний мир обучающегося, межличностное общение и диалог, что указывает на личностный рост индивидуума и подлинную природу человека. Данная модель предполагает от системы образования создания благоприятных условий, способствующих процессу самопознания и саморазвития личности обучающегося.

Значение слова «феноменологический» (от греч. phainomenon — явление и logos — учение); (нем. Phänomenologie «учение о феноменах») указывает на философское учение о путях развития человеческого сознания, понимаемого как саморазвитие духа [2].

Отсюда следует, что феноменология рассматривает каждого ученика, как феномен, как уникальную личность. Все это позволило определить одно из главных направлений гуманистического образования – личностно-ориентированное.

В системе образования инклюзивная форма обучения - явление относительно новое, которое основано на гуманистических принципах, реализующих один из них: «научения жить вместе». В соответствии с этим требуется, чтобы было создано «комфортное адаптивное образовательное пространство» школы [3, с. 25], в которой представляются качественные профессиональные услуги всем обучающимся с учетом их различных образовательных потребностей.

Инклюзия – «это долгосрочная стратегия, рассматриваемая не как локальный участок работы, а как трансдисциплинарный подход в организации деятельности системы образования по всем направлениям в целом» [1, с. 10]. Инклюзия выходит за рамки образования, а затрагивает, прежде всего, затрагивает изменение мнения и взглядов общества по отношению к детям с ограниченными возможностями здоровья (ОВЗ).

В процесс инклюзии вовлекаются все участники образовательного процесса, в которые входят:

- дети с ограниченными возможностями здоровья (ОВЗ);
- родители, за которыми оставляется право выбирать форму получения образования;
- нормально развивающихся учащихся и членов их семей,
- интеграция работы учителей, квалифицированных консультантов и других специалистов,

непосредственно ведущих образовательный процесс;
- администрация организации образования и других организаций.

Существуют несколько форм для детей с особыми образовательными потребностями (ООП) – коррекционное, интеграционное, надомное образование (разновидность дистанционного образования) и инклюзивное (включенное) образование. Последняя форма предполагает обучение детей с ООП по месту жительства вместе со своими сверстниками без инвалидности в одних и тех же общеобразовательных учреждениях.

Инклюзивное образование – это совместное обучение (воспитание), включая организацию совместных учебных занятий, досуга, различных видов дополнительного образования лиц с ограниченными возможностями здоровья и лиц, не имеющих таких ограничений [3, с.5].

Цель инклюзивного образования - это образование для всех, обеспечивающее всеохватное и качественное образование с учетом индивидуальных возможностей и потребностей конкретного ребенка [4].

Перечислим основные направления методологии развития инклюзивного образования:
- формирование общества к пониманию и принятию статуса равноправия детей независимо от их особенностей, без дискриминации последних; ознакомление общественности через СМИ с целями, задачами, направлениями, проблемами инклюзивного образования;
- изменение философии образования: от дефектоориентированного подхода к развитию потенциала личности каждого ребенка;
- трансформация системы образования, как правило, школьного, учитывающей широкий спектр потребностей разных категорий обучающихся;
- применение эффективных концепций, технологий, прежде всего информационных технологий, методов и приемов обучения, внедрение дистанционного образования, для обеспечения равного доступа каждого к получению качественного образования;
- переподготовка и повышение квалификации педагогических кадров к работе в условиях инклюзивного образования с обучающимися независимо от их особенностей [5, с. 70].

Однако необходимо отметить, что до сих пор существуют различные мнения, содержащие недоверие, критику философии инклюзивного образования. К отрицательным моментам недоверия относят:
- постоянные изменения образовательной политики в государстве, связанные с процессами глобализации и изменениями образовательных стандартов;
- отсутствие отечественного опыта внедрения инклюзивного образования и внедрение зарубежных моделей, без корректировки теории и практики;
- внесения изменений в профессиональное мышление и сознание людей по отношению к человеку с ОВЗ.

Философия инклюзивного образования ориентирована на создание социальных и образовательных условий, которые позволят создать:
- во-первых, комфортную жизнь человека с ограниченными возможностями, в которой он сможет самостоятельно обслуживать себя;
- во-вторых, человек с ограниченными возможностями должен занять активную и ответственную жизненную позицию, стать равноправным членом общества, реализуя себя в этом обществе [3, с. 26 ].

В основу философии инклюзивного образования положены гуманистические начала, включающие три составляющие: бытие человека - самостоятельность - независимость жизни детей с ограниченными возможностями, которые определяют политику, цели, задачи содержание, направления инклюзивного образования.

Таким образом, в инклюзивном образовании упор сделан не ОБУЧАЕМОГО, усваивающий фрагменты социального опыта, а ЧЕЛОВЕКА, который «учащий и воспитывающий себя» [3, с. 27].

Обучающийся с ограниченными возможностями здоровья (далее - ОВЗ) – «физическое лицо, имеющее недостатки в физическом и (или) психологическом развитии, подтвержденные психолого-медико-педагогической комиссией и препятствующие получению образования без создания специальных условий» [6, с. 21].

Кроме термина дети с ограниченными возможностями здоровья используется понятие дети с особо образовательными потребностями (далее – ООП), обозначающее лиц, которые «испытывают постоянные или временные трудности в получении образования, обусловленные здоровьем и нуждающиеся в специальных, общеобразовательных учебных программах и образовательных программах дополнительного образования» [7].

В монографии Д.З.Ахметовой «Инклюзивное образование как педагогическая инновация» перечислены категории детей с ограниченными возможностями здоровья, которые обучаются в организациях образования:
- глухие обучающиеся;
- слабослышащие и позднооглохшие обучающиеся;
- слепые обучающиеся;
- слабовидящие обучающиеся;
- обучающиеся с тяжелыми нарушениями речи;
- обучающиеся с нарушением опорно-двигательного аппарата
- обучающиеся с задержкой психического развития;
- дети с расстройством аутистического спектра;
- умственно отсталые дети;
- дети со сложной структурой дефекта [8, с. 20].

Таблица 1 - Цель образовательного процесса с детьми ООП в системе образования

| Категории | Цель обучения |
|---|---|
| Дети с ОРВ | обеспечение доступности к полноценному образованию и социализации в обществе |
| Нормально развивающиеся учащиеся | конечный итог взаимодействия субъектов образовательно-воспитательного процесса, соответствующий идеальным результатам, компетенциями, знаниям, умениям и навыкам |
| Педагогический коллектив | использование инновационных технологий и методик, пропаганда новой философии образования «Образование для всех» |
| Школа | обновление образовательной среды согласно философии инклюзивного образования «Школа для всех», внедрение адаптированных образовательных и рабочих программ в учебно-воспитательную практику |
| Родители | ответственность, участие в учебно-реабилитационном процессе |
| Общество | принятие концепции равных возможностей |

Ученые и практики считают, что посредством одной из-за демократической формы социального подхода к инвалидности можно изменить отношение общества к человеку с ОВЗ, всю систему образования, где отсутствуют преграды и возможности для полноценной адаптации инвалида в обществе и академической среде. Человек с ОВЗ – это полноправный гражданин общества и академического сообщества.

Все это позволили теоретикам и практикам инклюзивного образования сформулировать некоторые положения:
- методология инклюзивного образования основана на общих нравственных гуманистических законах развития Бытия Человека – Общества – Природы - Морали;
- начало инклюзивного образования – это полная диагностика человека, включающая его социальную, профессиональную и индивидуально-личностную характеристики;
- анализ полученных преобразований человека с ОВЗ в обществе: его образ жизни и возможность познания и развития своих личностных качеств;
- на основе осмысления полученных результатов, положительных или отрицательных, можно сделать выводы о процессе включения ОВЗ в жизненное бытие во всех сферах жизни.

## Литература

1. Образовательная программа курсов повышения квалификации педагогов «Уроки русского языка и русской литературы в школе: фокусы и стратегии улучшений». Руководство для слушателя Рекомендовано к печати Методическим советомЦентра педагогического мастерства АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы». – Нур-Султан, 2022. – 89с.
2. [Электронный ресурс]: https://ru.wiktionary.org/wiki/%D1%84%D0%B5%D0%BD%D0%BE%D0%BC%D0%B5%D0%BD%D0%BE%D0%BB%D0%BE%D0%B3%D0%B8%D1%8F
3. Педагогика и психология инклюзивного образования: учебное пособие / Д.З. Ахметова, З.Г. Нигматов, Т.А. Челнокова, Г.В. Юсупова и др.; под ред. Д.З. Ахметовой. – Казань: Изд-во «Познание»

Института экономики, управления и права, 2013. – 204 с.
4. Михальчик Е.В. Инклюзивное образование: учебник и практикум для вузов / Е. В. Михальчи. - Москва: Издательство Юрайт, 2024. - 172 с. - (Высшее образование). - ISBN 978-5-534-16837-2. — Текст: электронный // Образовательная платформа Юрайт [сайт]. — URL: https://urait.ru/bcode/539870 (дата обращения: 10.03.2024).
5. Инклюзивное образование: проблемы совершенствования образовательной политики и системы: мат-лы междунар. конф., 19–20 июня 2008 г. – СПб.: Изд-во РГПУ им. А.И. Герцена, 2008. – 215 с.
6. Горностаева И. А. Инклюзия в ИЗО-студии «Палитра»//Инклюзивное образование: методология и практика: Материалы науч.-практ. конф. Красноярск, апрель 2017 г. / Под ред. Коноваловой Е. Ю. — Красноярск, 2017. —127 с.
7. [Электронный ресурс]: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319_ Закон РК «Об образовании», пункт 19-2)
8. Ахметова Д. З. Инклюзивное образование как педагогическая инновация / Д. З. Ахметова, А. В. Тимирясова, И. Г. Морозова и др.; под научной редакцией Д. З. Ахметовой; Казанский инновационный университет. – Казань: Изд-во «Познание» Казанского инновационного университета, 2022. – 228 с.

ӘОЖ 371.1

## STEM БІЛІМ БЕРУ БАҒЫТЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Есназар А.Ж. PhD, аға оқытушы**
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

***Резюме***

*В определении актуальности исследования проведен обзор методических рекомендаций по развитию образования и науки, исследований отечественных и зарубежных ученых, изучавших понятия «творческая деятельность», «STEAM образование», предложена определение на понятие «формирование творческой деятельности в условиях STEM образования». Цель статьи - формирование творческой деятельности младших школьников по направлению STEM-образования.*

***Summary***

*In determining the relevance of the study, a review of methodological recommendations for the development of education and science, research by domestic and foreign scientists who studied the concepts of "creative activity", "STEAM education" was conducted, a definition for the concept of "formation of creative activity in STEM education" was proposed. The purpose of the article is to form the creative activity of younger schoolchildren in the field of STEM education.*

**Кіріспе.** Білім беру процесін ұйымдастыруға бағытталған әдістемелік нұсқауда: «STEM - оқытудың біріктірілген тәсілі, яғни бұл тәсіл аясында академиялық ғылыми-техникалық тұжырымдамалар шынайы өмір контексінде зерттеледі» [1] делінген. Бұл мектеп пен қоғамды байланыстыра отырып бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруды көздейді.

Білім мен ғылымды дамытуға бағытталған тұжырымдамаларда білім беру процесіне заманауи технологияларды енгізуді талап етеді, сондықтан STEM-ді қолдану мәселесі бүгінде өзекті болып отыр.

Қазіргі таңда STEM бағытында оқыту білім жүйесінің жаңа трендіне айналып отыр. Өйткені, S - ғылым, T - технология, E - инженерия, M - математика ғылымдарын игеру нәтижесінде ғылым мен технологияны меңгеріп, сыни ойлау, креативті ойлау, ақпаратты өңдеу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ендеше, STEM контексінде білім беру процесін ұйымдастыру өзекті әрі әдістемелік тұрғыда жетілдіруді қажет ететін зерттеулердің бірі.

Отандық ғалымдар еліміздің білім беру жүйесіне STEM элементтерін енгізудің жолдары мен білім беру бағдарламаларын әзірлеуде белсенділік танытуда. Дегенмен де, әдістемелік тұрғыда әлі де жеткіліксіз екенін зерттеу барысында аңғардық. Осы орайда, біз өз зерттеуімізді STEM білім беру жағдайында оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру мәселесін қарастыратын боламыз.

**Әдістер.** Зерттеу барысында ғалымдардың еңбектеріне талдау жасап, зерттеу нәтижелерін салыстыру, жинақтау, сипаттамалық статистикалық әдістер арқылы талдадық.

**Материалдар.** «STEM білім беру» мәселесін педагогикалық және әдістемелік тұрғыда зерттеген ғалымдардың еңбектеріне талдау жасап кетсек. STEM білімін білім беру процесінде енгізу мәселелерін Л.Е.Агеева [2], А.Ахметсапа [3], Х.Абдрахманова [4] сияқты ғалымдар қарастырды. Сондай-ақ, STEM білімін білім беру мәселесін ғылыми тұрғыдан негіздеп, шығармашылық қызметін дамыту құралы ретінде әлі де аз зерттелінгенін атап өткен жөн.

Осы орайда, Қ.Е.Абдикаримова өзінің еңбегінде STEM білім берудің артықшылықтарын қарастырды. Атап айтсақ:

Бірінші - тақырыптарды біріктіре отырып оқыту;

Екінші - ғылыми және техникалық білімді өмірде қолдана алу;

Үшінші - мәселені шешу арқылы сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру;

Төртінші - командамен бірлесе отырып белсенділік қарым-қатынас орнату;

Бесінші - техникалық пәндерді игеруге деген талпынысты ояту;

Алтыншы - жоба барысында креативтілік пен инновациялық тәсілдерді игеру;

Жетінші - кәсіби тұрғыда даму;

Сегізінші - технологиялық инновациялық әзірлемелерді даярлауға дайындау;

Тоғызыншы - STEM бағдарламаларын әзірлеу [5]. Бұл артықшылықтар ғылым мен технологияны игеріп, жаңа инновациялық жобаларды әзірлеуге мүмкіндік беретіні сөзсіз деп білеміз.

Бұған сәйкес, Д.Р.Онтагарова және О.М.Жолымбаев STEM білім берудің компоненттерін: «пәнаралық - метапәндік - қолданбалы оқыту» [6] деп ұсынды. Бұл жағдайда *пәнаралық* - ортақ тақырыптар бойынша оқытуды көздейтінін; *метапәндік* - әмбебап оқу әрекеттерін дамытуға бағытталған әр түрлі пәндерге қажетті дағдыларды игеруге; *қолданбалы оқыту* - мәселені шешудегі сыни ойлау дағдыларын қалыптастыруға бағытталғандығын көрсетеді.

Орыс зерттеушісі А.А.Ощепковтың пікірінше, STEM технологияларының көмегімен білім алушылардың ғылыми-техникалық құзыретілігін қалыптастыруға, шығармашылық әлеуетін арттырып, кәсіби дамуына мүмкіндік береді [7]. Әрине, STEM-ді шығармашылық әлеуетті арттыруға ықпал ететін шығармашылық іс-әрекетін дамытудың құралы ретінде қарастырамыз.

Шетелдік ғалымдардың Raquel Sanz-Camarero [8], C.K.Alan, Aysun, Yildirim [9], Vega [10] және т.б. еңбектерінде көрініс тауып, STEM білім беру жағдайында оқытудың жолдары мен әдістемелік жүйелерін ұсынады.

Олай болса, отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулерін зерттей отырып, біз STEM білім беру бағытында шығармашылық қызметін енгізу қажеттілігі туралы қорытындыға келдік. Жаратылыстану және математикалық пәндерді интеграциялау тәсілі оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыруға ықпал етеді.

Біз өз зерттеуімізде, STEM білім беруді - білім алушылардың танымдық және шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастырудың педагогикалық процесінің бағытын анықтайтын категория ретінде қарастырамыз.

Осы орайда, зерттеуіміздің басты мақсаты - STEM білім беруде кәсіби жаңашыл болуда, жаңа идея ұсынуда, жаңа инновациялық өнім әзірлеуде, шығармашылық қабілеті қалыптасқан оқушы тұлғасын қалыптастыру болып табылады. Шығармашылықты дамытуда мотив, ұмтылыс, қозғалтқыш күш қажет. Шығармашылық идеяларды біріктіретін STEM технологиялары негіз бола алады. Бұл бағыттағы жұмыстар өзгермелі әлемде тез шешім қабылдауға, сыни тұрғыдан жауап беруге, шығармашылығы дамыған тұлға болып қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Шығармашылық - бұл жаңалықты іздеуге бағытталған күшейтілген қызмет, және осы тәсіл аясында STEM технологияларының негізгі педагогикалық идеясы болашақ маман ретінде тұлғаның шығармашылық әлеуеті мен шығармашылық ойлауын дамытуға ықпал ететін оқу процесін ұйымдастыру болып табылады. Демек, шығармашылық білім алушының өзіндік ерекшелік белгісі. Оны іске асыруда - еркіндік, өзіне деген сенімділік, белсенділік әрекеттер іске асады. Шығармашылық арқылы жобаға жаңа леп беріп, оның ашылмаған мүмкіндіктерін көрсетеді. Сондай-ақ, жаңа идеяның негізінде жаңа нәрсе ойлап табуға дағдыланады.

STEM білімінің идеалды моделін әзірлеуде проблемалық оқыту белгілері іске асып, оның шешімдері пәнаралық байланыс арқылы әрекеттесуді, индуктивті және дедуктивті зерттеу әдістерін қолдануды, арнайы әдістемелік ұстанымдарды негізге алады.

Ендеше, STEM білім беру жағдайында оқу процесін ұйымдастыруда мынадай ұстанымдарды негізге алдық: сабақтастық; саналылық пен белсенділік; жүйелілік; ынтымақтастық ұстанымдары.

STEM бағытында ұйымдастырылған сабақтардың негізгі ерекшеліктері:

- ортақ тақыптардың негізінде пәнаралық байланысты орнату;
- теориялық білімді тәжірибеде қолдана алу мүмкіндігі;
- ынтымақтастық қарым-қатынаста командада жұмыс жасау мүмкіндігі;
- өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі жетілдіруге мүмкіндігі, мұғалім бағыттаушы қызметін атқарады;
- цифрлық ортаны құру және қолдағы бар заттарды қолдана алу мүмкіндігі.

Олай болса, STEM білім беру жағдайында ұйымдасқан сабақтардың кейбіріне тоқталатын боламыз.

**Нәтижелер және талқылау.** Тәжірибелік-эксперименттік жұмысқа Түркістан облысы, Сайрам ауданы №93 Абылай хан атындағы жалпы орта мектебінің 2 сынып оқушылары қатысты. Оқушыларды бақылау сыныбы және тәжірибелік сынып деп іріктеп алдық. Оқушылардың шығармашылық іс-әрекеті *анықтау кезеңінде* «Сурет салу» әдістемесі арқылы анықталды. Оның нәтижесі төмендегі кестеде ұсынылды (кесте 1).

Кесте 1 - «Сурет салу» әдістемесі (анықтау кезеңі)

| Деңгейлері | БС | ТС |
|---|---|---|
| | n=24 | n=25 |
| жоғары | 4,2% (1) | 8% (2) |
| орта | 33,3% (8) | 40% (10) |
| төмен | 62,5% (15) | 52 % (13) |

Бақылау және тәжірибелік сыныптардың нәтижелерін салыстырмалы талдау нәтижесінде, шығармашылық қабілет екі сыныпта да жоғары деңгей аз пайызды көрсетті. Ендеше, анықтау кезеңінде алынған нәтижелер шығармашылықты дамытуға бағытталған тапсырмаларды қолданудың қажеттілігін көрсетіп отыр.

Сонымен, *қалыптастыру кезеңінде* - тәжірибелік сыныптың оқу процесінде арнайы STEM білім беруге негізделген шығармашылыққа бағытталған тапсырмалар қолданылды.

2-сынып. «Адамның тірек-қимыл жүйесі. Дұрыс дене сымбатын қалыптастыру» тақырыбы аясында STEM қызметінде «Роботты қол» жобасы әзірленді. Қарапайым құрал-жабдықтарды қайшы, картон қағазы, иірілген жіп, клей және т.б. қолдана отырып жасалынды. Мұндағы пәнаралық байланыс:

S - қаңқа мен бұлшықеттер туралы ғылыми білімді зерттеңіз (ащы шоколадтың ет жасушаларының өсуіне әсері қандай?);

T - «роботты қолдың» жасалу технологиясын зерттеңіз;

E - қарапайым құрал-жабдықтарды қолдану арқылы инженерлік қызмет;

M - өлшеу, салыстыру, модельдеу.

Міне, осындай бағыттағы тапсырмалар оқу процесінде 12 апта бойы іске асырылды. Оның нәтижесін *бақылау кезеңінде* көруге болады. Бақылау кезеңінде STEM білім беру қызметін анықтауға арналған арнайы тапсырма ұсындық, нәтижесі келесідей болды (кесте 2).

Кесте 2 - STEM білім беру қызметін анықтауға бағытталған тапсырма (бақылау кезеңі)

| Деңгейлері | БС (n=24) | | ТС (n=25) | |
|---|---|---|---|---|
| | ЭД | ЭК | ЭД | ЭК |
| жоғары | 4,2% (1) | 12,5 % (3) | 8% (2) | 24 % (6) |
| орта | 33,3% (8) | 50 % (12) | 40% (10) | 56 % (14) |
| төмен | 62,5% (15) | 37,5 % (9) | 52 % (13) | 20 % (5) |

Алынған нәтижелерден шығатын қорытынды: екі сыныптың арасында айырмашылық байқалды. Демек, тәжірибелік сыныпқа ұсынған тапсырмалардың тиімділігін көріп отырмыз. Тәжірибелік сыныптың жоғары және орта деңгейі 16 % артты, ал төменгі деңгейі 32 % төмендеді. Демек, қалыптастыру кезеңінде жүргізілген жұмыстар нәтижесін көрсетіп отыр.

**Қорытынды.** Зерттеудің нәтижелерін қорытындылай келе, STEM білім беру жағдайында шығармашылық іс-әрекетті қалыптастыру мәселесі өзекті екенін айқындап отыр. Бұл белгілі бір міндеттерді жан-жақты шешуге, пәнаралық байланыс пен инновациялық қызметті іске асыруға, сыни

және шығармашылық ойлау дағыларын қалыптастыруға мүмкіндік берді. Біздің түсінігімізше, «STEM білім беру жағдайында шығармашылық іс-әрекетті қалыптастыру - пәнаралық байланыстың негізінде ғылыми-технологияны меңгеру, практикалық дағдыларды игеру, ғылыми бағытта даму, технологиялық сауаттылықты қалыптастыру, мәселенің шешімін жан-жақты қарастыра отырып өз пікірі мен дәлелдемесін ұсыну, өзін-өзі дамытуға бағытталған кешен» деп қарастырамыз.

*Қаржыландыру туралы ақпарат Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2023-2025 жылдарға арналған «Жас ғалым» жобасы бойынша жас ғалымдардың зерттеулерін грантымен қаржыландырылған AP19175630 «STEM білім беру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының метапәндік білігін қалыптастырудың жүйесін әзірлеу» жобасы аясында жазылды.*

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023. – 107 б.

2. Агеева Л.Е., Агранович Е.Н. Образовательные программы в вузах как фактор совершенствования дополнительных компетенций студентов. Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Хабаршысы «Педагогика ғылымдары» сериясы, №1(77), 2023 ж.

3. Akhmetsapa A. et al. Шығармашылық бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби іс-әрекетінің компоненті ретінде //Pedagogy and Psychology. – 2023. – Т. 55. – №. 2. – С. 204-214. DOI: 10.51889/2077-6861.2023.30.2.017

4. Абдрахманова К.Х., Кудайбергенова К. Мектеп мұғалімдерінің STEM-білім беру әдісімен жаратылыстану пәндерін оқытуға дайындығы //Научный журнал «Вестник НАН РК». – 2023. – Т. 405. – №. 5. – С. 7-19.

5. Абдикаримова Қ.Е. STEM-білім беру технологиясы: әдістемелік нұсқаулық/Қ.Е. Абдикаримова. – Нұр-Сұлтан: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2022. – 60 б.

6. Онтагарова Д.Р., Жолымбаев О.М. STEM оқытудың әдістері мен формалары: оқу құралы. - Алматы:Қазақ университеті, 2023. - 103 б.

7. Ощепков А. А., Репин А. О. STEM-технология как средство развития творческой деятельности обучающихся //Проблемы современного педагогического образования. – 2019. – №. 65-4. – С. 246-249.

8. Sanz-Camarero, R., Ortiz-Revilla, J., & Greca, I. M. (2023). The Impact of Integrated STEAM Education on Arts Education: A Systematic Review. Education Sciences, 13(11), 1139. doi: 10.3390/educsci13111139

9. Yildirim, B., & Altun, Y. (2015). STEM eğitim ve mühendislik uygulamalarının fen bilgisi laboratuar dersindeki etkilerinin incelenmesi [Investigation of the Effects of STEM Education and Engineering Applications in Science Laboratory Course]. El-Cezeri, 2(2), 28-40.

10. Vega, T.M., Morales, S.G.S., Tintaya, R.D.T., Gonzales-Macavilca, M., & Iraola-Real, I. (2019). Results between STEM and non-STEM Teaching for Integral Learning in Primary School Children in Lima (Peru). In 2019 IEEE Sciences and Humanities International Research Conference (SHIRCON) (pp. 1-4). doi:10.1109/shircon48091.2019.9024744

## ОҚЫТУДЫ САРАЛАУ–ҚАЗІРГІ МЕКТЕПТІҢ ДАМУ МІНДЕТТЕРІН ШЕШУДІҢ БІР ҚҰРАЛЫ

**Жанысбек Ләззат Қасымқызы**
«Өрлеу» БАҰО» АҚ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша КДИФ «Мектепке дейінгі тәрбие және бастауыш оқыту» кафедрасының аға оқытушысы

***Резюме***

*В данной статье рассматривается что дифференциация образования выступает необходимым условием всестороннего и гармоничногог развития личности*

***Summary***

*This article considers that the differentiation of education is a necessary condition for the comprehensive and harmonious development of personality*

Бүгінгі таңда стандарт талаптарының орындалуын және оқушылардың жеке қабілеттерін, бейімділіктерін және қажеттіліктерін ескере отырып, сараланған оқытудың жақсы ойластырылған және дамыған жүйесінсіз мектептегі қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда білімнің сапасына қол жеткізуді біріктіру мүмкін емес.

Ғылыми зерттеулер мен қазіргі оқыту тәжірибесі көрсетіп отырғандай, әрбір баланың жеке ерекшеліктерін дамытуға барынша қолайлы жағдай туғызатын оқытуда сараланған көзқарассыз мұндай тұлғаны қалыптастыру мүмкін емес. Өйткені, мектепте қабілеттері мен қызығушылықтары әртүрлі оқушылар бар. Сондықтан, қазіргі білім берудің негізгі міндеттерінің бірі – әр баланың қабілеті мен бейімділігіне сәйкес ортаның қалыптасуына және өзін-өзі дамытуы үшін жағдай жасау. Осылайша, оқытуды саралау білім беруді ізгілендірудің белгілі бір факторы, тұлғаның жан-жақты және үйлесімді дамуының қажетті шарты ретінде әрекет етеді.

Сонымен қатар, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарын жоспарлау және оларды өткізу кезінде мыналарды байқауға болады: оқушылардың дағдыларын дамыту жүйесінің жеткілікті қалыптаспауы, «әлсіз» балаларды оқыту мәселесінің түбейгейлі шешілмеуі, түзету және дамыту бойынша оқыту шаралары жүйесінің болмауы, оқушылардың танымдық мүмкіндіктері мен дағдыларының деңгейін анықтау және пәнді оқытуды ұйымдастыруда оларды есепке алу әдістерінің жеткіліксіздігі.

Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы саралау дегеніміз – әр оқушы жалпы білім берудің белгілі бір минимумын игеретін, жалпыға бірдей қолайлы және үнемі өзгеріп отыратын өмір жағдайында бейімделу мүмкіндігін қамтамасыз ететін оқыту жүйесі, оның бейімділігіне сәйкес келетін бағыттарға басымдық беру құқығы мен кепілдендірілген мүмкіндігіне ие болатын оқыту жүйесі. Біз өте даулы терминологиялық мәселеге қысқаша тоқталамыз. Қазіргі педагогикалық әдебиетте саралауға қатысты келесі терминдер кеңінен қолданылады: «саралап оқыту», «сараланған тәсіл», «деңгейлік саралау», «оқытуды даралау», т.б.

Саралап оқыту, энциклопедияға сәйкес, «Орта мектептегі жоғары сыныптардарда оқу жоспарлары мен бағдарламаларын бөлу» [1, 760 бет], ал оқытуды даралау – «оқу үдерісін ұйымдастыру, онда оқыту тәсілдерін, қарқынын таңдау, оқушылардың жеке айырмашылықтарын, олардың оқу қабілетінің даму деңгейін ескереді» [2, 201].

Саралау (латынның differentia – айырмашылығы) дегеніміз – бүтіннің бөлшектенуін, бөлінуін, бөліктерге, формаларға, сатыларға бөлінуін білдіреді, содан кейін оқу процесіне қатысты біз саралауды оқытудың негізгі мақсатына жету және әр оқушының ерекшеліктерін ескере отырып оқу үдерісінде оқушыларды біріктіруге болатын әрекет ретінде түсінеміз.

Педагогикалық әдебиеттерде саралау тәсілі туралы пайымдау көбінесе оқытудың саралануымен байланысты. Бұл терминдердегі айырмашылықтар келесідей. Сараланған тәсіл мұғалімнің педагогикалық түйсігі арқылы оқытуды дараландыру ережесін жүзеге асыруға байланысты анықталады, бұл оның педагогикалық шеберлігінің нақты көрсеткіші. Біз бірқатар зерттеушілердің «сараланған тәсіл» ұғымының мәнін түсінуді ұсынамыз:

1.Бутузов И.Д.: «Сараланған тәсілдің негізгі мәні-оқушыларды оқытудағы жеке айырмашылықтарын біліп, ескере отырып, олардың әрқайсысын сабақта жұмыс істеудің ең ұтымды сипатын анықтауда»[ 3, 18].

2.Бабанский Ю.К.: «Жалпы сынып, топтық және жеке оқыту формаларының оңтайлы үйлесімін қамтитын оңтайландыру әдісі»[4, 21].

3. Кирсанов А.А.: «Мұғалімнің деңгейі әр түрлі оқушылардан құралған топтарға мазмұны, көлемі, әдістері-тәсілдері бойынша әр түрлі оқу жұмыстарын ұйымдастырудан тұратын ерекше көзқарасы» [5, 35].

4. Рабунский Е.С.: «сыныпты топтарға бөлуді көздейтін дидактикалық ұстаным. Сараланған тәсіл – жұмыс нысандары мен әдістерін оқушылардың жеке ерекшеліктеріне бейімдеу» [6,18].

Егер әңгіме сараланған тәсіл жайында болса, онда оқушылардың қа білеттері мен мүмкіндіктерінің деңгейін, бейіндік бағыттылығын, білім берудің барлық кезеңдерінде әрбір тұлғаның барынша дамуын анықтау мақсатында оларға жеке тәсіл технологиясы туралы айтылады. Егер саралауды жүйе ретінде қарастыратын болсақ, онда сараланған тәсілді саралап оқытусыз елестету мүмкін емес, яғни оқушылардың барлық буындарына жеке тәсіл технологиясының нәтижелілігі оқу-тәрбие ұйымына тікелей байланысты.

Оқушыларға жеке көзқарас оқу-тәрбие жұмысының мазмұнының жақын міндеттері мен жеке аспектілерін ішінара, уақытша өзгертуді, оның жан-жақты дамуын қамтамасыз ету үшін әр оқушының жеке басындағы жалпы және ерекше қасиеттерді ескере отырып, оның әдістері мен ұйымдастырушылық формаларын үнемі өзгертуін қамтиды.

Деңгейлік саралау дегеніміз, бір сыныпта, бір бағдарлама мен оқулық бойынша оқи отырып, оқушылар материалды әртүрлі деңгейде игере алады. Бұл жағдайда анықтаушы фактор – міндетті дайындық деңгейі. Оның жетістігі оқушының мазмұнды игеруге ең төменгі қажетті талаптарды орындағанынан көрінеді. Оның негізінде материалды игерудің жоғары деңгейлері қалыптасады.

Тұлға қасиеттерінің біркелкі дамымауына және басқа себептерге байланысты сыныпта үздік, жақсы және артта қалушылар пайда болады. Сондықтан біз оқушылардың сабақтағы жұмыстарын, оның барлық кезеңдерінде: жаңа материалды ұсынған кезде, бекітуде, қайталауда, білім, білік дағдыларды бақылауда деңгейлік саралауды ұйымдастырамыз. Ол үшін сараланған тапсырмалардың күрделілігіне қарай әр түрлі деңгейдегі үш түрге бөлінген тапсырмалар болады: « А», « В», « С».
Сараланған тапсырмалар екі маңызды аспектіні қарастырды:

1) білім, білік және дағдыларды меңгерудің белгілі бір деңгейін қамтамасыз ету (репродуктивтіден шығармашылыққа дейін);

2) балалардың оқу-жаттығуда белгілі бір дәрежеде дербестігін қамтамасыз ету (мұғалім тарапынан тұрақты көмектен бастап толық дербестікке дейін).

Тапсырмалар арасында қатаң сабақтастық бар, әр тақырыпқа міндетті минимуммен қамтамасыз етілген, бұл презентацияның ажырамас логикасын қамтамасыз етуге және негізгі идеялардың толық бейнесін жасауға мүмкіндік береді.

«С» тобының тапсырмалары базалық деңгей (стандарт) ретінде тіркелген. Оларды орындай отырып, оқушы тақырып бойынша білімге қол жеткізудің міндетті деңгейіне жету. деңгейінде игереді. Осы деңгейдегі материалды бастапқы игеру бойынша жұмыстың өзіндік ерекшеліктері бар. Ол бірнеше қайталауды, семантикалық топтарды бөліп көрсетуді, ең бастысы ажыратуды, есте сақтау әдістерін білуді талап етеді. Сондықтан материалдың мазмұнына қалай үйрету, нені іздеу керек, қайсысына қорытынды жасау керек екендігі туралы нұсқаулық енгізіледі. Әр оқушы осы топтың тапсырмаларын орындай алуы керек. Демек, үлгі бойынша жұмыс, ойын туралы кеңестер бар дәстүрлі тапсырмалар, алгоритм, ойын тураы кеңестері бар тапсырмалармен жұмыс жасайды.

«В» тобының тапсырмалары оқушылардың оқу жұмысы мен ақыл-ой әрекетінің жалпы және арнайы әдістерін меңгеруін қамтамасыз етеді, олар тәжірибелік іс-әрекетте қолдану мәселелерін шешу үшін қажет. Сондықтан, нақты тапсырмалардан басқа, біз, бірінші деңгейдегі материалды кеңейтетін, негізгі білімді дәлелдейтін, суреттейтін және нақтылайтын, ұғымдардың қолданылуын көрсететін қосымша ақпаратты енгіземіз. Бұл деңгей негізгі материалды тереңірек түсінуге көмектеседі. Мұнда оқу әдебиетімен өз бетінше жұмыс істеу қабілетін дамыту, жоғары деңгейге жету. Ішінара іздеу әдісі (кішігірім кеңестері бар) білімді талдау, жіктеу, жүйелеу.

«А» бағдарламасын орындау оқушыларды білімді, саналы, шығармашылық қолдану деңгейіне көтереді. Бұл тапсырмалар нақты материалды, оқу жұмысының әдістерін және ақыл-ой әрекеттерін еркін меңгеруді қамтиды. Олар оқушыны мектепте алған білім негізінде шешуге болатын мәселелердің мәніне енгізеді, ақпарат береді. Бұл деңгей балаға қосымша жұмыста өзін еркін көрсетуге мүмкіндік береді. Білімді кеңейту және тереңдету, дәстүрлі емес жағдайда білімді пайдалану қабілетін қалыптастыру, танымал ғылыми әдебиеттермен өз бетінше жұмыс істеу қабілетін дамыту, проблемалық әдіс құрастыру, түсіндіру, сыни талдау, іздеу қызметі. Әр деңгейдегі топ үшін қызметті ұйымдастырудың тиісті және тиімді әдістері таңдалады.

Қорыта айтқанда, сараланған тәсіл әрбір оқушыны мемлекеттік білім беру стандарты ұсынатын базалық дайындық деңгейімен қамтамасыз етеді, Оқытудағы сараланған тәсіл мұғалім мен оқушының жақындасуына, сенімді қарым-қатынас орнатуға ықпал етеді, мұғалімге әр баланың мінезі мен қабілеттерін жақсырақ және тез білуге көмектеседі.

Осыған байланысты оқу үдерісінде барысында білім алушыларға көрсетілетін сараланған көмектің маңызы зор.

**Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Взаимодействие педагогической науки и практики:дидактический аспект / под ред. Я.С. Турбовской. М.: Изд-во РАО, 1993
2. ВласенкоА.Н. Педагогические основы организации дифференцированного профессионального образования учащейся молодежи в условиях рынка труда : дис. . канд. пед. наук. -М., 1999. 130 с.
3. БатраковИ.С. Организация педагогического процесса в современной школе. С.-Пб., 1994. - 72 с.
4. БабанскийЮ.К.Оптимизацияучебно-воспитательного процесса: Методические основы. М.: Просвещение, 1999. - 192 с.

5. ВендеровскаяР.Б. Уроки дифференцированного обучения: из истории современной школы // Советская педагогика. 1991. — №11. - С.78-86
6. Внедрение информационных технологий в образовательный процессВУЗа / Современные педагогические технологии в образовательном процессе ВУЗа. М., 1998.

# BENEFITS AND CHALLENGES OF TEACHING ENGLISH IN PRIMARY SCHOOLS

**Izbassarova G**
Senior Lecturer
JCS "Orleu" National Center for Professional development"in Turkestan oblast and Shymkent city
Shymkent, Kazakhstan

**Estemirova D**
teacher of English language School named after O.Bopyshev
Maktaaral District, Kazakhstan

***Түйін***

*Берілген мақалада ағылшын тілін бастауыш сыныптарда оқытудың қиындықтары мен артықшылықтары қарастырылған.*

***Резюме***

*В данной статье рассматриваются преимущества и трудности преподавания английского языка в начальных классах.*

There is a tendency to teach English language from primary grades around the globe. The education of Kazakhstan accepts the same policy. According to the standards of education primary schools deal with young learners aged 6-12 years old and this period is believed as the best moment to gain knowledge. It is in line with the basic principle stating that young learners can learn English better [2]. Teaching English in primary schools provides both benefits and challenges. The benefits are reported by Moon [3], Singleton [4], and Read [5], and the problems are pointed by Copland, et.al. [6].

English has become a global language, essential for communication, commerce, and cultural exchange. As a result, the teaching of English in primary schools has gained significant importance worldwide. This article explores the benefits and challenges of teaching English at the primary level, highlighting its impact on students, educators, and the educational system.

In Kazakhstan the English language was taught from pre- school period of children. Due to changes in Education system, currently, children start learning English language from the third grade. The standardized needs of the learners can be observed on the Order of the Ministry of Enlightenment of the Republic of Kazakhstan of 31.10.2022 No. 399about curricular of general education subjects and elective courses for primary, basic and general secondary education [1].

During primary grades pupils learn to fulfil different tasks that develop analytical, evaluation and creative thinking. In addition, while doing those tasks, variety of oral and written resources will be covered. The teachers use different motivational and involving activities in order to make the children get A1 level at primary grades.

The content of the primary grade subject program is designed to establish learners' ability to use target language in everyday life communication, also build basic foundation to learn English language further is aimed. The purpose of the subject program of English language learning for primary grade schools is to establish and enhance communicative skills.

Primary grades are believed to be the most convenient period of time to learn target language. According to Dr. Eleonore Smalle, children learn language through the unconscious system. Conscious memory develops strongly from adolescence. Although these conscious learning mechanisms are important for complex intellectual activities, they tend to affect more natural learning processes, such as language acquisition [7].

Due to it, benefits of Teaching English in Primary Schools are following:

-Early language acquisition:

Introducing English at the primary level facilitates early language acquisition when children are most receptive to learning new languages. Exposure to English from a young age enhances language development and fluency.

- Global communication skills:

From primary grades children learn to communicate based on real life situations and playing games. Because playing games is main action of children and it comes by nature. Therefore, all teachers around the globe implement gamification in to the language learning process.

- Cognitive development:

As learners of young ages absorb the information, cognitive development is aligned with different activities to develop language skills (speaking, listening, reading and writing) by stimulating critical thinking, problem-solving, and analytical skills.

- Access to resources:

In order to teach English language for children demands wide variety of methods and techniques. Because, more than 50 % of information in Internet is used English language. The teachers are provided with a lot of educational resources, including literature, multimedia materials, and online learning platforms. And students can explore a wide variety of information and knowledge available in English.

English can be profitable at the same time destructive for young learners. It might be beneficial if the activities are exciting and related to young learners' life. It will also make them willing to learn English. In contrast, it can be destructive if the activities are not fun and related to young learners' life. Hence, it will make them dislike learning English.

Challenges of Teaching English in Primary Schools:

- A teacher qualification and training:

One of the primary challenges is ensuring that primary school teachers are qualified and trained to teach English effectively. Many educators may lack proficiency in English or specialized training in language instruction. Because, teaching children is not easy since the way how to teach young learners is different from how to teach adult learners.

- Limited resources:

Primary schools in certain regions may face resource constraints, including a lack of textbooks, audiovisual materials, and technology for English language instruction. This hampers the quality of English education provided to students.

- Language barrier for learners:

In contexts where English is not widely spoken outside the classroom, students may encounter a language barrier that affects their ability to practice and apply English skills in real-life contexts. This can be as a hinder language acquisition and motivation.

- Cultural sensitivity:

Teaching English in diverse cultural contexts requires sensitivity to local customs, beliefs, and language varieties. Educators must ensure that English instruction respects and reflects the cultural identities of students, avoiding cultural imposition.

- Assessment and evaluation:

Designing appropriate assessment methods to measure English proficiency in primary school settings can be challenging. Traditional standardized tests may not accurately capture students' language abilities or progress over time.

It is interesting to note that during the research about teaching primary grade leaners no teachers provided responses (during interview) related to the teaching process. There were no data generated from the teachers setting up and sequencing activities. Nevertheless, teachers highlighted two important dimensions of teaching young learner's pedagogy: the language and the learner. While only several teachers maintained the importance of the language dimension in teaching English for primary grades pedagogy, a great majority of the teachers upheld the vital importance of the learner dimension [8].

These findings are not to undermine the importance of the teaching process and the language dimensions for primary teaching. On the contrary, this suggests that in for teaching children both the language and teaching process need to be framed within the learner dimension. Taking into account all benefits and challenges it must be acknowledged that young language learners are in the primacy of their development of oral and literacy skills. These include aspects such as spelling, vocabulary, comprehension, phonics, phonemic awareness and oral reading fluency.

In conclusion, teaching English in primary schools offers numerous benefits for students, including early language acquisition, global communication skills, and cognitive development. However, educators and policymakers must address various challenges, such as teacher training, resource allocation, and cultural

sensitivity, to ensure effective English language instruction. By overcoming these challenges, primary schools can provide students with a solid foundation in English, empowering them for success in an increasingly interconnected world. In addition, mentioned benefits and challenges might be varied by demand of society and development of education system. To conduct the lesson teachers, create comfortable atmosphere and balance language skills that guarantee success.

**References:**


1. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029767#z169
2. Boughton G., Brumfit C., Flavel R., Hill P., and Pincas A. Teaching English as a foreign language. London: Rutledge, 2003.
3. Moon J. Children learning English: a guidebook for English language teachers. London: Macmillan, 2005.
4. Singleton D. Age and the acquisition of English as a foreign language. Great Britain: Cromwell Press, 2023
5. Read C. "Is younger better?" English Teaching professional, 2003, vol.28, pp.5-7.
6. Copland F., Garton S. and Burns A. "Challenges in teaching English to young learners", TESOL Quarterly, 2014, vol.48, no.4, pp. 738-762
7. Eleonore Smalle, Why do children learn languages more effortlessly than adults?, Ghent University (Belgium), 21/02/2022
8. Subhan Zein, The pedagogy of teaching English to young learners: Implications for teacher education, Indonesian Journal of English Language Teaching, 12(1), May 2017, pp. 61-77


## БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ТІРЕК–СЫЗБАЛАР АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНЫП, ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ


**Айдарбекова Гульдана Керимбайкызы**

Түркістан облысы Төлеби ауданының білім бөлімінің « №7 IT мектеп-лицейі» КММ директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, бастауыш сынып мұғалімі



***Резюме***

*В связи с тем, что технология В.Ф.Шаталова актуальна в обучении с использованием систематического непрерывного дублирования заданных опорно-чертежей, в начальных классах будет создана база электронных версий опорно-чертежей и изложен опыт использования проектной работы внутри школы.*

***Summary***

*This technology based on B.F.Shatalov`s reference drawing. And it is suitable to repeat through on primary school. It tells about project to use an experience of report in primary.*


Біз, ұстаздар қауымы, қазіргі таңда оқушы қызметін белсендіру негізіндегі педагогикалық технологияларды тиімді қолдануға тиістіміз. Қазақстан Республикасының «Білім туралы » Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеті-оқытудың жаңа технологияларын енгізу,»-деп атап көрсеткендей, әрбір мұғалімнің алдына қойып отырған басты міндеттерінің бірі-оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияларды жан жақты меңгеріп, балаға сапалы білім беру. Сапаға жету үшін «Білім сапасына жету жолдарын жоспарлауды қандай үлгіде құруға болады? Біздің негізгі мақсатымыз не? Міндеттеріміз ше? Көрсеткішіміз және оның мәні не болмақ?» - деген сұрақтарды басты назарға алып, барынша іздендім.

Білім сапасын арттыру - нәтижелі сабақтан бастау алады.

Олай болса, бастауыш сыныптарда бүлдіршіннің оқуға қызығушылығын қалай арттыруға болады? Зейінін бір жерде шоғырландырып отыра алмайтын оқушыға қалай сапалы білім береміз? Баланы жалықтырмай, білгенін есте сақтай алатындай оқытудың жолы қандай? Ол үшін қандай жаңа инновациялық технологияларды пайдалану тиімді?

Және бұл технологияларды пайдалану арқылы біз неге қол жеткіземіз? Қазіргі басты талаптардың бірі де бірегейі-алған білімдерін өмірде пайдаланаалу, яғни балаларды функционалдық сауаттыққа баулу.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда түрлі технологияларды

пайдалануға болады. Соның ішінде В.Ф.Шаталовтың технологиясына негізделіп жасалған бастауыш сыныптарда тірек - сызбалар арқылы оқытудың тиімділігін айтқым келеді.

Неге бұл тақырыптағы үдеріс мені қызықтырды?

Пандемия кезінде қашықтықтан оқыту форматы білім беру жүйесінде көптеген олқылықтар орын алғаны баршамызға аян. Соның салдарынан оқушы білімі төмендеп, ата-аналар ұстаз қадірін түсінсе, өз кезегінде ұстаздар қауымы нендей амал жасарын білмей қалғаны анық. Ал оқушылар мектепке қайта келгенде, ұстаздардарда қалай оқыту қажеттілігін таппастан дағдарыс басталды. Шындығында балада оқу дағдыларының төмендеп кеткенін айтпағанда партада отырғызудың өзі қиынға соқты.

Білім сапасы арту үшін бала оқудың қажеттілігін түсіну керек. Бала оқудың қажеттілігін түсіну үшін мұғалім сабаққа қызықтыру керек. Бала сабаққа қызығу үшін алдымен мұғалімді ұнату керек. Ол үшін мұғалім өз ісінің шебері болу керек. Ал мұндай мамандар барлық сыныптарға бұйыра бермейді. Сондықтан білікті мамандарды, яғни ішкі резервті пайдалану, медиатека, тірек-сызбалар жиынтығының базасын жасақтап пайдалануға ұстаздарымызды бағыттау, сол арқылы мұғалім жұмысын жеңілдетіп, білім сапасын көтеру біздің фокусымызға айналады деп топшыладым.

Осындай оқытудың тиімділігін арттырып, оқушының ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған В.Ф. Шаталов тірек-сызбаларының негізгі мақсаты–өз еңбектерінде айтып өткеніндей, «Егер есіңе сақтау үшін үйренсең ұмытасың, ал егер түсіну үшін оқысаң-есіңе сақтайсың» деген қағидасын енгізу.

Тірек-сызбаларды пайдалану оқушылардың қызығушылықтарын арттырып қана қоймай, болжам жасатып, мақсат қойып, толық мазмұндық ақпарат алуға жағдай жасайды.

Тірек-сызбалар оқушы қиялын дамыту мен өзін-өзі талдау, шығармашылығын дамытудың негізі екенін, сондай ақ тірек-сызбаны құрудың қағидалары мен артықшылықтарын ескере отырып, оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруға, соның ішінде мәтінмен сауатты жұмыс жүргізе білуге үйрету мақсатында 2-4 сынып аралығында қазақ тілі мен әдебиеттік оқу пәндерінен күнделікті сабақта қолдануға, оқушыларға ыңғайластыра отырып, пәндер бойынша тірек-сызбаларды жасап алдым.

Мәселен, кез келген әріпті өткенде пайдалана беруге болатын әмбабапсызбаны әуелі қолдан жасап алып, әр оқушыға жететіндей мөлшерде және оқушы аттарын жазып қойса, мұғалім қай баланың неден қиналатынын біліп,өзіне белгілеп алып, келесі қысқа мерзімді жоспарында осы жағдайларды есепке алып, жеке тапсырма береді. Онда мұғалімде іздену, кәсіби даму, одан әрі нәтиже көрсету процесі басталады.

В.Ф.Шаталов еңбектерінде көрсетілгендей, тірек-сызбаларды пән басталғаннан ақ бірден бастап жүргізе беруге болады. «Әліппе» пәнінде «У дыбысы сен әрпі», кейінгі сыныптарда оның емлесіне байланысты төменде көрсетілген тірек -сызбалар мен кестелер жасап, топтастырдым.

Мысал ретінде «у» дыбысына сызба сызып алып көрейік:

«Әліппе» пәнін бастағаннан бастап біртіндеп есте оңай сақталатындай осындай қарапайым сызбаны алғашқы әріптерді өте бастағанда пайдалана беруге болады. Яғни у дыбысы бар буындарды (-ау,-еу -,уа ), алғашқы 1,2 буынды сөздерді құратып, (ауа,тау, Алуа) сызбамен жұмысты бастай беруге болады. Алғашқыда қиындық туғызғанымен бала жақсы түсініп алса, келесі әріптерді өткенде сізге тіпті көмектесетін де болады. Кейіннен осы сызбаны удыбысы дауыссыз, әрі дауысты, сөз басында, сөз ортасында, сөз соңындакеледі деп топтастыру перфокартасы ретінде де пайдалана беруге болады.




1-тірек- сызба

Одан әрі «У» дыбысының дауысты, дауыссыз екенін ажыратқызып, алғашқытірек-сызбаларды

түсіндіріп, одан соң қайталатып жаттықтыру қажет. Бұл тірек-сызбаларды қолдан қиып перфокарта даярлап, тек басына әріпті жазыпберсеңіздер бала сол бойынша жұмыс жүргізе береді, яғни бір рет қана емес, барлық сабақта, барлық әріптерді, тіпті сөз таптарын өткенде де пайдалана беруге болады.

**2 тірек-сызба**

Тірек-сызба 2- сыныпта «У дыбысы мен әрпінің жазылуы» тақырыбын өткенде д қолданылады.




Балалар бұрынғы білімдерін пайдаланып,бұл тірек- сызбаны тез меңгереді. Ережені түсіндіру барысында (*у, у*) шартты белгілерді пайдаланып, алдында және соңындағы келетін әріптерді осылай белгілеп үйретіп, нақты мысалдарды келтіріп көрсетсе, үздіксіз тапсырмалар арқылы қайталатса, сөздерді тасымал жасауға, буынға бөлуден қате жібермейтін болады.

1-кесте

| | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 7 | 9 | 10 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| У.. | | | | | | | | | | |
| .у. | | | | | | | | | | |
| ..у | | | | | | | | | | |

« Сөз ойла, тез ойла », «Кім жылдам? »т.с.с . ойындары арқылы жүргізуге болатын келесі кестенің бұл түрі қай кезде де қажет. «У» дыбысының сөз басында, сөз ортасында және сөз соңында келетінін тірек-сызба арқылы білген оқушы енді бұл кестені пайдалану барысында 1 минутта қанша сөз тауып жазу арқылы жылдамдығы артып,уақытты үнемді пайдалануға дағдыланып, нәтижесінде сабаққа ынтасы, қызығушылығы артады.

2-кесте « Кім нүкте ?» ойыны

| | | |
|---|---|---|
| У.. | .у. | ..у |

| № | 1баған | 2 баған | 1 баған | 2 баған | 1 баған | 2 баған |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 қатар | . | | | | | . |
| 2 қатар | | | | . | | |
| 3 қатар | | . | . | | . | |
| 4 қатар | | | | | | |

Бұл ойында кесте арқылы әр оқушы өз орнын анықтатып үйретілгеннен кейін бала шапшаңдығын арттырып, теориялық білімдерін іс жүзінде көрсету кезінде ойлау әрекеттерін белсендендіріп, арнайы белгілер бойынша сөзді тауып айтуға бағытталады. Ойын шарты: Жоғарыда көрсетілген шартты белгілер бойынша қай оқушы нүкте ретінде көрсетілсе және қай арнайы белгі көрсетілсе, сол оқушы сөзді тез тауып айту қажет болады. Бұған келісім бойынша қосу, азайту таңбасы арқылы, сондай ақ балл беруге де болады.

**3-кесте**

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| аула | қауы | уақыт | Таубай | сау |
| тату | уылдырық | оқу | бұзау | қарау |
| аула | тоқу | бау | уыс | Аружан |

| У.. | .у. | ..у |
|---|---|---|
| | | |

Бұл тапсырманың шарты: Берілген сөздерді кестеге шартты белгі бойыншаорналастыру керек. Бұл қатар бойынша, топта, жұпта және қажет болса жеке жұмыс ретінде пайдалануға болады. Оқушы мұндай тапсырманы орындау кезінде өзін еркін сезінеді, ізденеді, тиісінше жетістікке жетеді. Нәтижесінде сабақта уақыт үнемделіп, көбірек тапсырма орындауға құлшыныс пайда болады. Осылайша, тірек-сызбаларды үздіксіз қайталй отырып пайдалануды жүзеге асырудағы төмендегіше үш өзіндік тәсілдер тауып, білім сапасын арттыруға әрекеттенудемін.

**1-тәсіл.** Бастауыш сыныптар бойынша материалдар жинақталып медиатека жасақталды. Соңғы жылдарда дайын сабақ жоспары, дайын слайдты пайдалану әдеті қалыптасты. Оның өзінде күнделікті сабақта емес, ашық сабақтарда ғана. Ал кей мұғалімдер тәсіл немесе әдіс қолданса тиімді боларын білмей адасып, қажетсіз кезде пайдаланып, сабақ мақсатына жете алмай, уақыттан ұтылуда. Көрнекілікті тиімді пайдалану-сабақ сапасын арттырады. Сондықтан бастауыш сыныптар бойынша қажет деп тапқан көрнекіліктерді сыныптар, пәндер бойынша жаңартып жасап, топтастырып, «Медиатека » деген атау бердік.

**2-тәсіл.** Гугл диск форматында 3 папка құрдым. Оларды төмендегіше жинақтадым: Нормативтік-құқықтық құжаттар; Әдістемелік папка; 1-4 сыныптарда негізгі пәндер бойынша тірек-сызбалардың Google Диск форматында электронды нұсқасының жиынтық базасы деп атадым. Түпнұсқа мектептің электронды почтасында және көшірмесі барлығына қол жетімді болу үшін QR код орналастырылдым. Күнделікті мұғалімдерге қажетін пайдалану үшін ватцап желісінде **«Медиатека»** тобы ашылды,оған кім қандай жаңалық тапса, бөлісіп отыратын болдық.

**3-тәсіл.** Осы құрылған базаны тиімді пайдалану үшін бір-бірімізге әдістемелік көмек көрсету мақсатында мектепішілік «Ашық сабақтар ағыны»жобасы жүзеге асырылуда.

В. Сухомлинскийдің “Егер сіз педагогикалық еңбек мұғалімге қуаныш әкелсін десеңіз күнделікті сабақ беру бірқалыпты жалықтырғыш міндетке айналмасын десеңіз, әр мұғалімді табысты зерттеуге жетелеңіз”,–деген екен. Осы жолдарды өз ұстанымыма айналдырып, тірек- сызбаларды жасап, оны бастауыш сыныптарда пайдаланғанда оқушылардың пәнге қызығушылығы артып, білімге деген белсенділік таныта бастады. Сонымен, білім сапасын арттыру–тиімді жоспарлау мен нәтижелі сабақтан бастау алады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы » Заңы,2011 жылғы 24 қазан.
2. Шаталов В.Ф. Педагогическая проза М., Просвещение, 1980.
3. Шаталов В.Ф. Точка опоры. М., Педагогика, 1987.


## ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ҮШІН МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ЖОЛДАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ


**Тастанова Лаззат Амзеевна**
"Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы" акционерлік қоғамының
"Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша КДИ" филиалының
аға оқытушысы
**Сеилбекова Толғанай Нурмановна**
Түркістан облысы, Келес ауданы
Ы. Алтынсарин атындағы №51 жалпы орта мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі



***Резюме***

*В статье рассматриваются эффективные пути работы с текстом для повышения грамотности чтения, одного из трех направлений, оценивающих функциональную грамотность учащихся в международном исследовании PISA. Показаны различные подходы к формированию грамотного чтения, эффективные способы работы с текстом.*

***Summary***

*The paper looks at effective ways of working with text to improve reading literacy, one of three areas assessing student functional literacy in the international PISA study. Various approaches to the formation of competent reading, effective ways of working with text are shown.*

Бүгінгі таңда қазақстандық білім беру жүйесінің алдында білім сапасының бәсекелестігін арттыру, шынайы өмірлік кезеңдерге бейімделендіру мәселелері — адам қоғамда түрлі өмірлік мәселелерге байланысты дұрыс шешімдер қабылдау үшін жоғары кәсіптілік пен интеллектуалдық әрекеттерді қажет ететін жағдайларда заман талабына сай өмір сүріп, қызмет ету керектігін көрсетеді.

Осыған байланысты еліміздің он бес жастағы оқушыларының білім жетістіктерінің деңгейін анықтауға байланысты PISA халықаралық зерттеуі жүргізілуде. PISA (Programme for International Student Assessment) зерттеуінің әрбір кезеңіне халықаралық контексте саралау жұмысы жүргізіледі. PISA халықаралық зерттеуінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын бағалау үш бағытта жүзеге асырылады: «математикалық сауаттылық», «ғылыми-жаратылыстану сауаттылығы», «оқу сауаттылығы».

«Сауатты оқу – бұл мақсатқа қол жеткізу, білім мен әлеуетті дамыту, қоғамға қатысу үшін жазбаша мәтінді түсіну, пайдалану, көрсету және жұмыс жасау». [1, PISA, 2009]

Мәтін – тілдерді оқыту барысында үлкен орын алатын оқыту нысаны. Біріншіден, тілден білім беретін материал оқыту мәтіндері түрінде болса, екіншіден, жаттығулардың тұтас мәтін түрінде берілуі де мәтінмен орындалатын жұмыстардың сараланып жүйеленуін қажет етеді. Мәтіннің қызметін таныту – оқушыға тіл бірліктерін функционалдық тұрғыдан танып-білуіне, сол арқылы логикалық ойлауы бірізді қалыптасуына мүмкіндік береді. Осыған байланысты мұғалім мәтінмен жұмысты жүйелі жүргізгенде және
оқушының сауатты оқу дағдысын қалыптастыра білгенде ғана нақты нәтижеге қол жеткізе алады. [4,5]

Оқырман сауаттылығының негізі — мәтінмен жұмысты толық қалыптастыру болып табылады. Бұл оқушылар шығармадан қажетті ақпарат алуына, нақты мәтіннен қорытынды шығаруына, негізгі кейіпкерлердің әрекеттерін интерпретациялауға, мәтін үлгісімен бекітуге және мәтін құрылымының бастапқы сараптамасын алуға көмектеседі.

PISA зерттеуінде оқушылардың жазбаша мәтіндерді ұғына оқу қабілеттілігі және оларға рефлексия, олардың мазмұнын өз мақсаттарына қол жеткізу үшін қолдануы, білімдері мен дағдыларын қоғамның белсенді өміріне араласуы үшін дамытуы. Оқу сауаттылығын тексеру оқу техникасы немесе мәтіннің мазмұнын нақты түсінуін бағалау емес, оқу барысында меңгерген білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білу ептіліктерін бағалауға бағытталған. [1, PISA, 2009]

Қазіргі мектептерде оқушылардың бойындағы функционалдық сауаттылық пен өмірге қажетті құзырлықтар жиынтығын дамытуға басты назар аударыла бастады. Сондықтан әрбір ұстаз жаңа кезең талаптарына сай болу үшін педагогикалық үрдістің бірізділігін және оқу мен тәрбиенің біртұтастығын сақтай отырып, оқушының рухани өсуіне жағдай туғыза алатын, жаңалықтарды қабылдауға ынталы, өз әрекетіне өзгеріс енгізе алатын, өзгермелі өмірге оқушыны да, өзін де даярлай білетін шығармашыл тұлға болуы тиіс.

Оқу сауаттылығы әр түрлі мәтіндерден ақпарат табу және алу, көркем, ғылыми-танымал, ресми мәтіндермен жұмыс істей білу, мәтіннен ақпаратты түсіну және барабар бағалай білу қабілеттерін қамтиды. Бұл мұқият оқу және мәтінді талдау арқылы мағынаға ену. Адам шын мәнінде ойланып оқыған кезде, оның қиялдары міндетті түрде жұмыс істейді, ол өзінің ішкі суреттерімен белсенді әрекеттесуі мүмкін. Бала мәтінмен жұмысты меңгерген кезде, ауызша сөйлеуі дамиды және дамудың келесі маңызды сатысы ретінде жазбаша сөйлеуі дамиды.

Оқу сауаттылығы — бұл адамның жазбаша мәтіндерді ұғынуға және оларға рефлексия жасауға, өз мақсаттарына жету үшін олардың мазмұнын пайдалануға, мәтін типтерін білуді дамытуға қабілеті.

«Мәтін» түсінігін кеңінен түсіндіру керек. Ол тек сөздерді ғана емес, диаграммалар, суреттер, карталар, кестелер, графиктер түріндегі визуалды бейнелерді де қамтуы мүмкін.

Мәтіндерді тұтас (визуалды бейнесіз) және тегіс емес (визуалды бейнелермен) деп бөлуге болады. Тұтас мәтіндердің түрлері:

· сипаттама (көркем және техникалық);
· әңгіме (әңгіме, есеп, репортаж);
· түсіндіру (ойлау, түсіндіру);
· аргументация (ғылыми пікір, негіздеме);
· Нұсқаулық (жұмысты орындауға нұсқау, ережелер және т.б.)

Толық емес мәтінге мыналарды жатқызуға болады:

· формалар (сауалнама және басқалар);
· ақпараттық парақ (кестелер және т.б.);
· кестелер мен графиктер, диаграммалар;
· карталар.

Сауатты оқуды қалыптастырудың әртүрлі тәсілдері бар. Біріншіден, бұл мәтіннің қарапайым бірліктеріне: сөзге, ұсынысқа, абзацқа назар аудару; екіншіден, мәтін құрылымын және оның логикалық байланыстарын талдаусыз мәтінді түсіну мен түсіндіру мүмкін емес. Оқушы оларды бекіте отырып, жоспар, тезистер, конспектілер, сызбалар мен кестелерді құрастыруды үйренеді; үшіншіден, мәтінді түсіну-бұл көптеген мәселені шешу деуге болады. Оқушыға сұрақтар қоя отырып, мәтінмен (автормен) диалог жүргізуді үйренеді.

Мәтінмен жұмыс үш кезеңді қамтиды. Олар:

I кезең. Оқуға дейінгі мәтінмен жұмыс. Антиципация (алдын алу, алдағы оқуды болжау). Мәтіннің мағыналық, тақырыптық, эмоциялық бағыттылығын анықтау, оның кейіпкерлерін шығарманың атауы, автордың аты, негізгі сөздер, оқырман тәжірибесіне сүйенген иллюстрацияның алдыңғы мәтіні бойынша бөлу.Оқушылардың жұмысқа дайындығын ескере отырып, сабақтың мақсатын қою.

II кезең. Оқу кезінде мәтінмен жұмыс.

· Мәтінді бастапқы оқу. Сыныпта өз бетінше оқу немесе оқу-тыңдау, немесе мәтіннің ерекшеліктеріне, оқушылардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес аралас оқу (мұғалімнің таңдауы бойынша). Алғашқы қабылдауды анықтау. Оқушылардың бастапқы болжамдарының оқылған мәтіннің мазмұнымен, эмоционалды бояуымен сәйкестігін анықтау.
· Мәтінді қайта оқу. Баяу «ойланып» қайта оқу (барлық мәтін немесе оның жекелеген фрагменттері).
· Мәтінді талдау (тәсілдер: мәтін арқылы автормен диалог, түсініктеме оқу, оқылған әңгімелесу, негізгі сөздерді, сөйлемдерді, абзацтарды, мағыналық бөліктерді және т.б. бөлу). Әрбір мағыналық бөлімге нақтылау мәселесін қою.
· Мәтін мазмұны бойынша әңгіме. Оқылғандарды жалпылау. Жалпылама сұрақтарды мәтінге қою. Мәтіннің жекелеген фрагменттеріне жүгіну (қажет болған жағдайда).
· Мәнерлеп оқу.

III кезең. Оқылғаннан кейін мәтінмен жұмыс

1. Мәтін бойынша тұжырымдамалық (мағыналық) әңгіме. Оқылған тақырыпты ұжымдық талқылау, пікірталас. Шығарманың авторлық ұстанымымен оқырман интерпретациясының (түсіндірмелердің, бағалардың) арақатынасы. Мәтіннің негізгі идеясын немесе оның басты мәндерінің жиынтығын анықтау және тұжырымдау.
2. Жазушымен танысу. Жазушы туралы әңгіме. Жазушының жеке басы туралы әңгіме. Оқулық материалдарымен, қосымша көздермен жұмыс.
3. Тақырып, иллюстрациялармен жұмыс. Тақырып мағынасын талқылау. Оқушылардың дайын иллюстрацияларға үндеуі. Суретшінің көзқарасының оқырман көрінісімен арақатынасы. Оқушылардың оқырман іс-әрекетінің қандай да бір саласына сүйенетін шығармашылық тапсырмалар (эмоциялар, қиял, мазмұнды ұғыну, көркем форма).

Қазіргі өмір ағымының техниканың қарқынды дамыған тұсында адамзат әлемі функционалды сауатты болса, өмір сүруге бейім, алған білімін өзіне тиімді қолдана алатын тұлға қалыптасары сөзсіз. Сондықтан уақыт талабына сай оқушының күнделікті тапсырмасына мәтінді таңдауда қажеттілігі мен қолжетімділігіне қарай сұрақ құрастыруда ойлау процесіне әсерін де ескеру қажет. Сонда ғана функционалдық сауатты тұлға болып толық қалыптасады.

**Пайдаланған әдебиеттер:**


1. PISA халықаралық зерттеулер: Қазақстандағы PISA-2009 халықаралық зерттеулер қорытындысы бойынша ұлттық есеп [Электронды ресурс]
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, Астана, 2015ж.
3. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру аясында «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша педагогика кадрларының арттыру курсының бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016 ж.
4. Бітібаева Қ. Тіл дамыту жұмыстарын жүргізу, Алматы, 2005ж

# БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН МӘТІН АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

**Карамурзаева Аякоз Намазовна**
Түркістан облысы, Келес ауданы №19 Бейімбет Майлин атындағы
жалпы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

***Резюме***

*Формирование речевых навыков - показатель степени обучения обучающегося. Овладение устной речью - расширяет и совершенствует познавательное мышление обучающегося.*

***Summary***

*The formation of speech skills is an indicator of the degree of training of the student. Mastering oral speech - expands and improves the cognitive thinking of the student.*

Қазіргі кезеңде білім беру салаларында жаһандану үрдісі жүріп жатыр. Әлемдік педагогиканың озық тәжірибелерін ұлттық педагогикада сапалы қолдану — бүгінгі күннің аса маңызды мәселелерінің бірі болып отыр.Осыған орай бастауыш мектеп оқушыларының сөйлеу дағдыларын интерактивті әдістер, диалогті оқыту және кейс стади технологиялары арқылы қалыптастыру мәселесі оқушылардың жеке тұлғалық қасиеттерін тәрбиелеумен, олардың пәнге деген қызығушылықтарын арттырумен сабақтасуда. Бастауыш мектеп оқушыларының сөйлеу тіліне,олардың тілін дамыту мәселесіне ежелден көңілбөлінуде.Бастауыш сынып оқушыларының тілін дамытудың ғылыми әдістемелік негіздері: С.Рахметова, Т.А.Ладыженская, М.Р.Львов,Г.Уаисова, Ә.Жұмабаева, М.Ермекбаев т.б. ғалымдардың еңбектерінде айқындалған. Дегенмен бастауыш мектеп оқушыларының сөйлеу дағдыларынқалыптастыру мәселесі әлі күнге дейін ғылыми тұрғыда қарстырылмаған.Осыған орай бастауыш мектеп оқушыларының сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың ғылыми негіздерін айқындаудың,ұтымды әдіс-тәсілдерді анықтаудың маңызы зор. Мұның барлығы зерттеу тақырыбының өзектілігін көрсетеді.

Сөйлеу мәдениетін меңгеру — әлеуметтік белсенді тұлғаны қалыптастыру үшін ең қажеттілердің бірі. Оқыту міндеттері мектепте әр түрлі. Ең бастысы, өз ойларыңызды еркін ауызша және жазбаша түрде анық айтуы,дұрыс сөйлеу, жақсы дауысқа ие болу, тиісті интонацияның көмегімен эмоцияларыңыз ең қажеттілердің бірі, сөйлеу мәнерін сақтауы,мәдени қарым-қатынас жасау қабілетін дамыту. Мәтінмен жұмыс барысында сөйлеу дағдыларын қалыптастыру арқылы көптеген жұмыстар жүргізіледі. Мысалы, мәтіналды жүргізілетін жұмыста тақырыбы бойынша мазмұнын анықтау, уәжделген сұрақтар, миға шабуыл болса, мәтінді оқу кезінде белгілей отырып оқу, мәтіндегі оқиғаның бірізділігін ашатын диаграммаларды толтыру, идеялар кәрзеңкесін толтыру, мәтінді оқыған соң атқарылатын жұмыстар барысында негізгі идеяны, ақпарат ойын бөліп алу, оқиға мен құбылыстардың себеп-салдарлық өзара байланысын анықтау, ақпараттың сенімділігі, жаңашылдығы мен маңыздылығына баға. Аталғандардың барлығы да сөйлеу әрекетімен тығыз байланысты.

Сөйлеу дағдысин қалыптастыру маңызды үрдіс, ол білім алушының оқу дәрежесінің көрсеткіші. Ауызша сөйлеуге дағдыландыру – білім алушының танымдық ойлау қабілетін кеңейтіп жетілдіреді.

Білім алушыларды сөйлеуге үйрету үшін мәтінмен жұмыста қажетті жағдаяттарды төмендегідей жағдайлармен беруге болады:

а) «көз алдыңа елестетіп көр», «осы жайлы қиялдап, ойыңдағыны айтып бер» деген сияқты т.б. тапсырмалар арқылы ситуациялар құру;

ә) белгілі бір жағдаятты бейнелейтін сурет немесе жағдаятты әрі қарай дамытатын, күшейтетін суреттер топтамасына қарап, соның көмегімен сөйлеу;

б) күнделікті өмірдегі болып жатқан жағдайға ұқсас нәрселерді сипаттау.

Мәтінмен жұмыс жасау барысында сөйлесімді қалыптастыру бей берекет болмайды, белгілі бір мақсатты көздейді. Адамдар қатысымға тек сұхбаттасу үшін түспейді, олар әрекет етеді. Олардың әрекет етуі, яғни сөйлеу әрекетінің мақсаттарын айқындап, сыртқа шығарады. Бұл дегеніміз қандай да бір ашық (эксплицитті) немесе жасырын (имплицитті), кейде тіпті көмескі ниетпен сөйлеуші қашанда өз мақсатына жету үшін бір нәтижеге ұмтылады.

Мәтінмен жұмыс барысында оқушының сөйлеу дағдысын қалыптастыру міндетті түрде сөйлесу, сұхбат құратын ортаға байланысты. Сөйлеу актісі кім (кімге) (нені) қандай тілдік бірліктерді қолдана отырып, (неге, не үшін) – қандай жағдайда- (қандай әсермен айту) факторларын есепке алады.

Мәтінмен жұмыс жасауда білім алушының сөйлеу дағдысын толық қалыптастыруға болады. Педагог оқу үрдісінде оқушының тілек-ынтасын ескере отырып бағыттай білуі қажет. Оқушының жас ерекшелігін ескере отырып, орынды ұйымдастырылған жұмыс өз нәтижесін береді.

Сөздік қордың дамуы көбіне мәтінмен жұмыс жасағанда, белгілі бір мәселені шешкенде дамиды. Сабақ – оқытудың барлық кезеңінде оқушы мен мұғалімнің бірлесіп істейтін тиімді әдістерінің жүйесі екендігі бәрімізге белгілі, сондықтан да менің ойымша пәнге қызықтыру арқылы сабаққа ынтасын арттырып, оны бірте-бірте тұрақтандырып, қалыптастыру қажет.Баланы субьект ретінде оқуға өзінше қызықтыратын, қабілетін арттыратын жағдай туғызу қажет.

Дидактикалық қатынастар – ерекше табиғаты бар, динамикалық күйде келетін, басқа әлеуметтік жүйелермен тығыз байланыста болатын құбылыс. Оның болмысын бір ғана модульді-интерактивтік технологиямен байланысты шешу мүмкін еместігі белгілі. Қазақ тілін оқыту барысында оқушылардың теориялық, практикалық ойлауларын дамыту дидактикалық қатынастардың ерекше түрін іздеуді емес, оның ішкі құрылымдық түрлерін тиімді қолдана отырып, қалыптастыруды қалайды. Сондықтан да сабақ барысындағы екіжақты қызметтің түрлері анықталуы керек. Модульді-интерактивтік технология арқылы қазақ тілін оқыту мынадай ұстанымдарға негізделеді:

1) Жаңа тақырып бойынша анықтамалық материал белгілі бір дидактикалық мақсатқа лайықталып беріледі.

Бұл базалық білім беруге тиімді. Егер игерген білімді ары қарай жетілдіру, кәсіби шеберлігін қалыптастыру қажет болса, онда, жаңа тақырып бойынша анықтамалық материал осы мақсатқа негізделіп құрастырылады. Анықтамалық материалдың мақсатына қарай модульді-интерактивтік технология арқылы оқытудың типі анықталады:
-мәтінді танымдық жағынан оқыту;
- мәтінге талдау тұрғысында меңгерту.

2) Басты мақсат, нақты мақсат, жеке мақсаттардың бір-бірімен сәйкестігі ұстанымы. Мысалы, мәтінді танымдық тұрғыдан модульді-интерактивтік технологиясына тән басты мақсат – жеке сөздерді, сөз тіркестерін теориялық негіздерін игерту. Соның негізінде дағды мен іскерлікті қалыптастыру. Басты мақсаттан нақты мақсат туындайды. Нақты мақсат сөйлем мүшелерін модульді-интерактивтік технологиясы арқылы меңгертуге негіз болады. Жеке мақсаттарға жету арқылы нақты мақсат орындалады. модульді-интерактивтік оқытудың құрылымдық үлгісі.

Адамның айтқан қандай сөзі де белгілі бір мазмұнды білдіреді және сөйлеушінің, жазушының осы мазмұнға қатынасын көрсетеді. Мұнан туатын қорытынды: сөйлеу ойды білдіріп, іштегі сезімді сыртқа шығарады. Сөйлеудің бұл сипаты – оның мәнерлілігі.

Әркім өзінің басындағы ойларын басқаға айтып, түсіндіру үшін оған лайықты сөз таба білуге тиісті. Егерде ондай сөз таба алмаса, ол ой иесіне де шала, түсініксіз болып қалады. Яғни, ойдың дамуы сөйлеудің дамуымен өте тығыз байланысты. Адам өзінің сөйлеу мәдениетін жетілдірмейінше, жоғары ақыл мәдениетіне жете алмайды.

Қорыта келе, оқушының сөздік қорын, тіл байлығын дамытуда ұстазбен қатар ата-ананың тәрбиесі ерекше ықпал етеді. Қандай пән, қандай сабақ түрі болсын тіл дамыту, сөздік қорды байыту үнемі жүргізіліп отыратын жұмыс.Оқушының ой-өрісін кеңейту, тілін дамыту, сөз байлығын молайту барлық пән мұғалімдерінің айрықша көңіл бөлетін мәселесі болу керек. Сондықтан мектепте түрлі әдіс-тәсілдерді, мүмкіндіктерді пайдаланып, оқушының тілін дамытуға, тіл байлығын, тіл мәдениетін арттырып, тәрбиелеуге үлкен мән берген жөн. «Өнер алды – қызыл тіл» дейді халқымыз. Мектепте берілетін бүкіл білім мен тәрбие ең алдымен сөз арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан да оқушылардың тілін дамыту – тек әдебиетші, тілшілер мақсаты ғана емес, ол бүкіл мектептің, барлық пән мұғалімдерінің де басты мақсаты, борышы, барлығына тән бірыңғай талап.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Байтұрсынов А. Тіл – құрал , 1992. 233-239 б.
2. Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал. Қазақстанның білім және ғылым әлемі. №3(75) Шілде, 2013ж. 157-163 б.б.
3. Қазақ тілі мен әдебиеті журналы. №3(157) Мамыр,2006ж.85-88 б.б.
4. Жапбаров А. Қазақ тілін оқыту арқылы тілдамытудың әдіснамалық және

# БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Жаркимбаева Рано Тузелбаевна**
Түркістан облысы, Келес ауданы,
Ы. Алтынсарин атындағы №51 жалпы орта мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі

***Резюме***
*В данной статье расматриваются формирование математической грамотности учащихся начальных классов*

***Summary***
*This article examines the formation of mathematical literacy of primary school students*

Білім беру жүйесі жыл сайын түрлі өзгерістерге ұшырап отыр. Бұл өзгерістердің басты мақсаты - өсіп келе жатқан ұрпақты жан-жақты дамыған, құзыретті азаматтарды тәрбиелеу. Бұл мақсатқа жетуге функционалдық сауаттылық көмектеседі. Функционалдық сауаттылық - оқушылардың сыртқы қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау қабілеті, өзгермелі өмірге бейімделуі, оқушылардың жеке қабілеттерін дамытудың тетігі, әлеуметтік дағдыларын дамытудың негізі, әлеуметтік-мәдени дамуының өлшемі, білім, білік, дағдыларының құзыреттілікке ұласу жолы. Ол оқушылардың коммуникативтік, ақпараттық, проблемалардың шешімін табу құзыреттіліктерінің бірлігінен құралады. Оқушылардың функционалдық сауаттылық мазмұнының құрамдас бөлігі - математикалық сауаттылық. Математикалық сауаттылықтың мақсаты -бүгінгі күн талабына сай, жан-жақты дамыған, белсенді, өмірге талпынысы, тұрақты қызығушылығы бар, алған білімді іс- әрекетте еркін қолдану дағдысы қалыптасқан тұлға.

Математика пәнінің басты мақсаты – оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту. Логикалық ойлау қабілетін арттыруда есептің атқаратын ролі зор. Себебі, есеп шығару – мидың “гимнастикасы”. Логикалық ойлау қабілетіоғары оқушы қай пәннің материалын болса да оңай меңгеріп тез түсінеді. Сондықтан бұл пәннен оқу үлгерімі жақсы оқушының басқа пәндерден де үлгерімі жақсы болады. Себебі әр пәннің оқу материалдары мазмұндары жағынан әр түрлі болғанымен оны игерудегі логикалық ойлау операциялары мен ой қорыту формалары бірдей болып келеді. Американдық педагог-математик Д.Пойа былай деген: «Математиканы білу деген не? Бұл есептерді шығара білу, онда стандарттық есептерді ғана емес, ойлаудың еркіндігін, сананың салауаттылығын, өзіндік болмысты, тапқырлықты керек ететін есептерді шығару». Сондықтан, математика курсының бірінші әрі ең басты міндеті – есеп шығарудың әдістемелік жақтарына назар аудару. Математиканың теориялық негізін есеп түрінде меңгеру оқушының ойын белсендіреді, икемділік, жинақылық, жүйелік, т.б. қажетті қасиеттерді қалыптастырады. Сонымен қатар, есептер - математикалық білім, білік дағды жүйесін қалыптастырудың маңызды құралы, ал есеп шығару - оқу және кәсіптік әрекеттің жетекші түрі. Әрбір есептің өзіндік әдістемелік мақсаты да бар.

Сондықтан оқушы есепті жылдам әрі қатесіз шығаруға, жаттыға түсуге ұмтылудан гөрі, оны шығармашылықпен шешуге, шешімінен тиісті қорытынды жасай білуге тырысуы қажет. Есеп шығару кезінде төзімділік пен табандылық қалыптасады. Тиімді шешімді іздеу жазудың, сызудың ықшамдығы мен мұқияттығын керек етеді. Есеп шығару, талдау есептер жүйесін құрудың мынадай әдістемелік ерекшеліктерін анықтауға жол ашты:

1) есеп мазмұнындағы мәліметтердің ғылымилығы;
2) есеп шығаруды үйретудің дамытушы сипаты;
3) есепті шығара білуді қалыптастыру мен дамытудың жүйелілігі және сабақтастығы;
4) есеп мазмұнында мәселе көтерілуі;
5) есеп мазмұнының бағыттылығы;
6) есеп шығаруды үйретудегі саналылық пен мақсаттылық;

Осының бәрінде де математикалық ойлаудың жеткілікті түрдегі жоғары деңгейін қалыптастыру қажет.

Математикалық сауаттылықтың әдістемесі мазмұнын кіші жастағы оқушыларға математиканы оқытудың әдістемелік ерекшеліктерін сипаттайтын ережелер, сондай-ақ оқытуда дамытушылық және тұлғалық-іскерлік тұрғыдан қарау әрекетті құрайды. Математика білім мазмұнының ең алғашқы бастамасы бастауыш буында жүзеге асатыны белгілі. Себебі, бастауыш буында жоғары сыныптарда

оқылатын бүкіл пәннің іргетасы қаланып қана қоймайды, сонымен қатар білім алуға талпынушылық, яғни балалардың оқу әрекеті, танымдық белсенділік, жеке бастың адами қасиеттерінің негізі осы кезеңде қаланады. Сонымен қатар, осы кезеңде баланың белсенділігі, оның рухани және дене күші де дами бастайды. Осы жасқа лайықты мазмұн мен оны оқытудың әдісін саралау, бала жанына жақын қарым-қатынас арқылы оларды дамыту мәселесін ғылыми жолға қою
оңай мәселе емес.

Оқушылардың математикалық сауаттылығы;математикалық құзыреттіліктің; дамуымен бағаланады. Математикалық құзіреттілік математиканы қолдануды қажет ететін әртүрлі мәселелерді шешуді қамтамасыз ететін;адамның математикалық білімі, дағдылары, тәжірибесі мен қабілеттерінің үйлесімі; ретінде анықталады. Функционалдық сауаттылық адам іс-әрекетінің, қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастардың әртүрлі салаларында өмірлік міндеттердің кең ауқымын шешу үшін өмірде үнемі алған барлық білімді, дағдыларды пайдалану мүмкіндігі ретінде қарастырылады.

Бастауыш сынып оқушының математикалық сауаттылығы функционалдық сауаттылықтың компоненті ретінде былай түсіндіріледі:

а) оқу және күнделікті өмір үшін математикалық білімнің қажеттілігін түсіну (не үшін, қайда пайдалы болуы мүмкін, алған білімді қайда пайдалануға болады);

б) күнделікті (күнделікті) жағдайларда математиканы қолдану қажеттілігі мен білігі: құнын, массасын, қажетті материалдың мөлшерін есептеу және қоршаған объектілері туралы математикалық ақпаратты табу, талдау, өлшемін есептеу (ұзындығы, массасы);

в) математикалық нысандарды (сандар, шамалар, фигуралар) ажырата ілу, математикалық қатынастарды орнату (ұзағырақ-қысқа, жылдам-баяу), тәуелділіктер (артық, кем), салыстыру, жіктеу.

г) іскерліктер жиынтығы: нұсқаулық (алгоритм) бойынша әрекет ету, өлшеуге, есептеуге, ретке келтіруге байланысты есептерді шешу, математикалық терминдерді, арифметикалық амалдардың қасиеттерін пайдалана отырып пайымдауларды тұжырымдау. Оқушылардың бұл білімнің не үшін қажет екенін түсінгені маңызды. Ауызша және жазбаша есептеулердің барлығы күнделікті өмірде қолданылуы керек. Мұндай тапсырмалар технология сабақтарында (сызбаларда), дүниетану, жаратылыстану және т. б. сабақтарда да болуы мүмкін.

д) 1-3 амалды есептер күнделікті өмірмен байланысты (сатып алу, өлшеу) Функционалдық математикалық сауаттылық арнайы есептер жүйесі арқылы қалыптасатын математикалық құзыреттіліктерді қамтиды:

1 топ - фактілер мен әдістерді таңдап, амалдарды орындау қажет ететін тапсырмалар;

2 топ – математиканың түрлі саласындағы материалдармен байланыс орнатып, біріктіруді қажет ететін есептер;

3 топ - өмірлік жағдайларда математика құралдарымен шешілетін мәселені бөліп көрсету, шешім моделін құру талап ететін есептер.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру құралы:

1. Жобалар технологиясы, түрлі жағдайларға бағдарлану, әртүрлі топтарда жұмыс істеу.
2. Проблемалық оқыту. Сабақта проблемалық тапсырмалардың қолдануы тапқырлықты, стандартты емес шешімдер қабылдау қабілетін, бұрын алған білім мен дағдыларды қолдануды табуға мүмкіндік береді.
3. Мәтінмен жұмыс, ақпаратты түрлендіру, диаграммалармен, кестелермен, сызбалармен жұмыс.

Тапсырмалар:

А) Мұғалім оқушылар сабақты босатқан кесте жасалды. Ең көп сабақтарды босатқан оқушылар санын анықта дүйсенбі сейсенбі сәрсенбі бейсенбі жұма сенбі

Б) Төмендегі диаграммада кинотеатр залының билет құны әр түрлі орындар белгіленген, ал бос емес орындар қара түспен боялған. Бес дос бір қатарға отырғысы келеді және ең арзан нұсқаны таңдайды. Олар қай қатарда отырады және неше теңге төлейді?

бос емес орындар

600 теңге

800 теңге

1000теңге

4. Ойын технологиялары (ребустар, сөзжұмбақтар, рөлдік ойындар) .Логикалық, алгоритмдік, зейінді дамытуға арналған ойын-сауық сипатындағы тапсырмалар. Олар объектіні әртүрлі тұрғыдан қарастыруға, талдау, жинақтау, бағалауға үйретеді, оқушылардың танымдық қызығушылығы мен белсенділігін артырады. Математикалық ребустар, басқатырғыштар, сиқырлы квадраттар, математикалық жұмбақтар, өлеңдер, ойындар ойлау процестерін жандандыруға көмектеседі,

танымдық белсенділігі мен зейінді, есте сақтау қабілеттерін дамытады, танымдық қызығушылықтарын оятады.
5. Тапсырмаларды модельдеу – тапсырмадағы жағдайды елестету және оны сурет, сегмент, сызба арқылы модельдеу.
Есептің шешімі қандай болуы мумкін?
Дархан мен Асанда барлығы 10 теңге бар. Дарханның Асанға қарағанда ақшасы артық болды. Кімде қанша ақша болды? ? = 10
Таңдау әдісі бойынша мәселенің барлық мүмкін шешімдерін қарастыруманызды (қосу – барлығы қанша, алу- қанша артық)
Мәтін есеппен жұмыс:
- Есепті талдау, себебі көптеген оқушылар есепті талдағаннан кейін ғана мәселенің шешу жолдарын түсінеді.
- Есепті түрлі тәсілдермен шешу.
- Есепті мағыналық бөліктерге бөлу. Сурет арқылы есепті модельдеу.
- Оқушылардың өздігімен есеп құрастыру: берілген жоспар бойынша қанша артық (кем) сөздерін қолдана отырып жетіспейтін және артық деректермен есептерді шешу.
- Есептің сұрағын өзгерту. Есептерді салыстыру әдісі.
- Басқа амалмен шығарылатындай есепті өзгерту.
- Кері есеп құрастыру.
- Стандарттан тыс есептерді шығару.
Мысалы:
1. 4 л және 6 л сыйымдылығы бар ыдыстардың көмегімен су құбыры шүмегінен 2 л су құюға болады? (практикалық әрекеттерді ұсынуды талап етеді)
2. Қанаттың портфелі Бахтиярдың портфеліне салуға болады, ал Бахтиярдың портфелін Саматтың портфеліне жасыруға болады. Бұл портфельдердің қайсысы ең үлкен? Портфельдердің көлемі туралы жанама түрде айтылады.
3. Цирк қойылымында 3 аю екі және үш доңғалақты велосипедтерде өнер көрсетті. Барлық велосипедтерде 8 доңғалақ болды. Екі доңғалақты велосипедтер қанша болды және үш доңғалақты велосипедтер қанша болды?
4. Оқу-танымдық және оқу-практикалық тапсырмаларды шешу.
Өлшем бірліктерін жаз:
Тік төртбұрышты мектеп пеналы - 180
Кілемшенің ұзындығы - 50
Ас үйдің ауданы - 12
Терезенің биіктігі - 145
Шегенің ұзындығы - 100
Үйдің биіктігі - 16
Оқушының бойы1 Күнделікті өмірде математикалық дағдылар мен білімді қолдана отырып, тапсырмаларды модельдеу және шешу. Біз 3 типтегі есептерге ерекше назар аударамыз – күнделікті өмірде кездесетін проблеманы математика арқылы шешілетін есептерді бөліп көрсету, шешім моделін құру. Сонымен қатар, сюжеттік математикалық есептер: қоршаған ортада туындайтын проблемалық жағдайларды математикалық құралдармен шешуге болатын көпбұрыш болып табылады. Осылайша, математикалық есептерді шешудің жалпы әдістері мен тәсілдерін құра отырып, біз балаларға күнделікті өмірде туындайтын жағдайларда математикалық білім негізінде белгілі бір жолмен әрекет етуді үйретеміз. 3-4 сынып оқушыларына өмірде практикалық әрекеттерді қажет ететін есептерді беру керек. Оқулықта берілген есептердің барлығы нақты өмірмен байланысты.

Тапсырма: Бақыт анасымен сағат 12: 50 минуттан сағат13:10 минутқа дейін сөйлесті. Әңгімеге 8 теңге жететіндей Бақыт қандай тарифті қолдану керек?
Тарифтің атауы
1 минут
сөйлесу төлемі
Қосымша шарттар
«Балалар» 50 тиын жоқ
«Сыйлық» 25 тиын
13 сағат 00 мин. кейін сөйлесудің бірінші

минутының бағасы 1 теңге 50 тиын, қалған
уақытта минутына 25 тиын.
«Достық» 15 тиын
13 сағат 00 мин. дейін минуттың бағасы 1
рубль, ал 13 сағаттан кейін 00 мин. - 1
минуттың бағасы - 15 тиын
13 сағат 00 мин. дейін минуттың бағасы 1
теңге, ал 13 сағат 00 мин кейін - 1
минуттың бағасы - 15 тиын

Бұл тапсырмада баға, сан, құн сияқты шамалар қарастырылады. Есепті шешу үшін кесте деректерін қолдана білу, нәтижелерді салыстыру, шамаларды өлшеу нәтижелері ретінде сандармен әрекеттерді орындау қажет. Байланыс компаниясының тарифтерін біле отырып, ең тиімдісін таңдауға әрекет етеді. Мұндай мәселені шешу үшін бала өз бетінше кесте құрып, барлық есептеулерді жүргізіп, қойылған шарттармен салыстыра алуы керек. Басқаша айтқанда, оқушы сабақта алған білімі мен дағдыларын шынайы өмірде қолдана алады.

Тапсырмаларды бізді қоршаған өмірден де алуға болады - мектепке бару-келу уақытын, көлік құны мен балалар саны белгілі болса, экскурсиялық сапардың құнын білу, есептегіштің көрсеткіштері бойынша электр энергиясының құнын есептеу. Өмірде сіз осы құбылыстармен немесе объектілермен қайда кездесесіз? Бұл білім мен дағдылар өмірде қайда пайдалы болады? сұрақтарды жиі қойғаны дұрыс.

Мұнда ата-аналардың практикалық тапсырмаларды ұсынуы өте маңызды: мысалы, 4-сыныпта, көптаңбалы сандармен математикалық әрекеттерді игерген кезде, балалар есептеулерді жүргізуге қызығушылық танытады: егер есептегіштердің көрсеткіштері мен киловатт электр энергиясының бағасы белгілі болса, электр энергиясы үшін қанша төлеу керек). Немесе тапсырма ұсынылады: Отбасында 5 жасқа толатын інісінің туған күнін атап өту керек. Ата-аналармен қанша өнім мен зергерлік бұйымдарды сатып алу керектігін келісу керек. Сусындар мен тәттілердің әртүрлі жиынтығы ұсынылады. Бірақ
шектеу бар: 1500 теңге. Жұппен жұмыс жасай отырып, әр жұп өз өнімдері мен әшекейлерін ұсынады. Балалар мұндай міндеттерді шешпеген шығар, өйткені өмірдегі мұндай міндеттерді ата-аналар шешеді, бірақ балалар іс жүзінде қолдана алатын практикалық тәжірибе алады.

Функционалдық сауаттылық принципін ашатын формуланы қолдану орынды: МЕҢГЕРУ = ТҮСІНУ+ БІЛІМДІ ПРАКТИКАДА ҚОЛДАНУ; Мұғалімнің мақсаты оқушыларды білім, білік, дағды алуға және оларды практикалық жағдайларда қолдануға, фактілерді, құбылыстарды, оқиғаларды бағалауға және алған білімдері негізінде шешім қабылдауға, әрекет етуге үйрету. Мұғалім қолданатын барлық әдістер танымдық, психикалық белсенділікті дамытуға бағытталуы керек, ол өз кезегінде әр оқушының білімін жетілдіруге, байытуға, оның функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Бастауыш мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын
қалыптастыру әдістемесі. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин
атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 41 б.
2. Оразахынова Н., Кенжебаева Г.М. - «Оқушылардың функционалдық
сауаттылығын қалыптастыру жолдары» ғылыми мақаласы, 2012. - Б. 42-47. 5. Б.
3. Баймұханов, З. Бекбаева «Оқушылардың математикалық тапсырмаларды
орындаудағы дербестігін арттыру» Алматы, 2006 ж

# САРАЛАП ОҚЫТУ – ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІҢ ТРЕНДІ

**Аринова Гульмира Конратбаевна**
Түркістан облысы, Келес ауданы
Ы. Алтынсарин атындағы №51 жалпы орта мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі

***Резюме***
*В данной статье расматриваются использование дифференциональных методов обучения*
***Summary***
*This article examines the formation of mathematical literacy of primary school students*

Қазіргі уақытта елімізде қоғамдық өмірдің барлық саласында, оның ішінде білім мен тәрбие беру жүйесінде де тиімді түрде модернизациялау мен трансформациялау процесі жүріп жатыр. Өйткені ұлттық білім мен тәрбие берудің салаларын жүйелі реформалау зор әлеуметтік-практикалық маңызға ие. Ұлттық құндылықтардың бірлігі негізінде білім беру жүйесін дамыту заман талабы мен ұлт мүддесін дамытуға бағытталады. Осы мақсатта оқытуды тиімді ұйымдастыру жаңаша түрлендіру педагогтардың жаңашыл идеялары арқылы жүзеге асады.

Саралап оқыту дегеніміз не?

Дифференциация сөзі латын тілінен (difference) шыққан және айырмашылық, бөлу деген мағынаны білдіреді. Осы тұрғыдан келгенде «дифференциация» – бұл оқулары әр түрлі жүзеге асатын жекеленген оқушылар тобын бөліп алу. Шындығына келгенде дифференциация түсінігі анағұрлым терең әрі кең.

Саралау («дифференциация» латынша айырмашылық) – білім беру мазмұнын табысты игеруге, оқушының қабілетін және икемін дамытуға барынша қолайлы білім беру ортасын құру.

Оқытудағы дифференциацияның негізгі мәні оқушылардың оқуындағы жеке айырмашылықтарды біле отырып және ескерту арқылы олардың әрқайсысы үшін анағұрлым оңтайлы болатын жұмыс түрін анықтау.

Оның негізгі міндеті оқушылардың қабілеттерін және бейімділігін дамытуға, білім мазмұнын табысты игеру мақсатында білім беру үдерісінде барынша қолайлы жағдай жасау.

Оқушыларды қолдау мақсатына байланысты саралауды қолданудың бес негізгі тәсілі бар:

Жеделдету
Күрделендіру
Тереңдету
Сын-тегеурін
Креативтілік

Бес негізгі тәсілге жеке түсінік беріп өтейік.

Жеделдету оқу материалын әртүрлі жылдамдықпен меңгеретін оқушыларды қолдау

күрделендіру оқушының ойлау дағдыларының деңгейін ескере отырып материалдың күрделенуі арқылы жүзеге асырылатын жақын арада даму аймағында оқыту. Тереңдету материалды зерттеу әр түрлі тұрғыдан жүзеге асырылған кезде оқылатын тақырыптың басқа тақырыптармен және оқу пәндерімен байланысын орнату. Сын-тегеурін – оқушылардың нақты мәселелерді шешуге қатысуын қарастырады. Білім алуға және алған білімін практикалық тұрғыда пайдалану тәжірибесін, талдау жүргізу дағдыларын, зерттеулерді орындау және жаңа шешімдерді жобалау дағдысин дамытуға әсер етеді сол арқылы оқушылардың зерттеу дағдысин дамытуға ықпал жасайды.

Креативтілік – оқушылардың шығармашылық, дербес және бірегей шешімдерді іздеу қабілеттерін дамыту мақсатында қолданылады.

Сын-тегеурін және креативтілік – оқушылардың зерттеу дағдылары мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған сараланған тәсілдер.

Оқу материалын әртүрлі жылдамдықта меңгеретін оқушыларды қолдау. Оқу деңгейі мен жылдамдығы баланың қажеттіліктеріне сәйкес келмеген жағдайда оның танымдық және жеке дамуына зиянын тигізеді. Жылдам түсіну, ақпаратты жақсы есте сақтау, жинақтау қабілеті, қызығушылық пен пайымдау тәуелсіздігі сияқты қабілеттер бұрыннан игерілген қызықсыз оқу бағдарламасының әсерінен төмендеуі мүмкін. Оң нәтижеге оқу бағдарламасының мазмұны мен оқыту әдістеріне бір мезгілде тиісті өзгерістер енгізілген кезде қол жеткізуге болады.

Саралау белгілі бір шарттарды орындау кезінде жұмыс істейді

– диагностика;

– оқу материалын талдау;
– оқуды «бағдарламалау»;
– сабақта өзара қарым-қатынасты ұйымдастыру;
– жедел кері байланыс;
– қызығушылықты ояту және қолдау;
– оқу нәтижесін бағалау.
Ұлыбританияның оқытуды саралау тәсілдері

Британдық білім беру жүйесі әлемдегі ең үздіктердің бірі саналады. Ол академиялық дайындықты, жеке қасиеттерді, зерттеу дағдыларды дамытуға бағытталған. Британдық мектептерде әріптік бағалау жүйесі қолданылады:
A* (өте жақсы)-дан U-ге дейін (қанағаттанарлықсыз).
Жеке оқу орындарында сабақтағы ынтасы үшін екінші баға қойылады:
1-ден (белсенді жұмысы мен пәнге қызығушылығы) 5-ке дейін (мүлдем тырыспайды). Екі баға қою оқушы үшін де, оның ата-анасы үшін де өте ыңғайлы. Себебі жоғары ынта-жігеріне қарамастан, кейбір пәндерді меңгеру қиынға түседі, ал төмен бағалар оқушылардың уәжін түсіретіні анық.

Оқушылардың диагностикалық нәтижелерін ескере отырып сабақты жоспарлау: оқуды ұйымдастыру формаларын, оқыту және бағалау стратегияларын, ресурстарды таңдау. Сабақта барлық оқушының оқу мақсатына жету үшін оқытуды ұйымдастырудың формаларын қалай таңдауға болады?

Сыныптың диагностикалау картасы

Әрбір оқушының қызығушылығы, қажеттіліктері мен қабілеттері болады. Мұны ескере отырып оқытудың табысты стилі анықталады. Егер қабылдау әдісін ескеретін болсақ, онда кинестетиктің сабақта қозғалыссыз отыру қиын екенін есте ұстаған жөн. Өйткені қозғалыс кезінде ол материалды неғұрлым берік есте сақтайды. Визуалға көрнекі материалдарды (сызба, сурет, карта және т.б. түрінде) ұсыну қажет. Алайда қабылдаудың бір стилі әрдайым басым бола бермейді, сондықтан алдыңғы сабақта айтылған диагностикалаудың әр түрлі әдістерін қолдану қажет.

Оқу жылының басында сынып оқушыларының диагностикалық нәтижелерімен танысып, оқу деңгейін анықтау үшін диагностикалық кесінді жұмыстар жүргізу, «Сыныптың диагностикалық картасын» құру маңызды, сондай-ақ соның негізінде әр оқушының оқу қабілетінің деңгейін анықтау, оқушылардың оқуын ұйымдастырудың әртүрлі стратегияларын таңдау.

Сабақты жоспарлау кезінде әр қабылдау типке байланысты оқушылардың күшті және деңгейі төмен, әлсіз жақтарын ескеру маңызды. Соған орай оқытудың әдіс-тәсілдерін таңдау керек. Сабақта қабылдауы әр түрлі оқушының оқуға қатыстыру мақсатында құрастырылған тапсырмалар мақсатқа сай анық, ұғынықты нұсқамалар беру маңызды;

*– Берілген тапсырманың уақыты мен орындау түрі оқушының таңдауына орай орындауына мүмкіндік берген маңызды;*

*– Тапсырманың түріне қарай оқушыға ауызша немесе жазбаша, топ ішінде, жұппен не жеке орындауына жағдай жасауымыз керек.*

Оқушылардың жеке физиологиялық қабылдау типтерін ескеру маңызды. Сабақты жоспарлау кезеңінде диагностика нәтижелерін ескере отырып, топтық өзара әрекеттесудің тиімділігін болжайды. Топтық жұмыс кезінде шағын топ ішіндегі оқушылар жалпы тақырып аясында бірдей тапсырмаларды орындайды, саралау топтардың әр түрлі тапсырмаларды орындауын қамтиды. Мұндай жұмыс белгілі бір мәселелерді бірлесіп шешу үшін сыныпты топтарға уақытша бөлуді қажет етеді. Оқушыларға мәселені талқылауға, оның шешу жолдарын ұсынуға және бірлескен жұмыстың қорытынды нәтижесін қарастыруға ұсынылады.

*Кэрол Энн Томлинсон* – американдық педагог, 300-ден астам мақала мен кітаптың, соның ішінде «Сараланған сынып: барлық оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру» кітабының авторы.

Сабақтың мақсаты жаңа көлемді материалды зерттеумен байланысты болса, онда сабақ уақытын тиімді пайдалану үшін топтық емес, жеке немесе жұптасқан жұмыс түрін жоспарлаған дұрыс. Егер сабақтың мақсаты білім мен дағдыларды бекітуге арналса, онда сабақтың кейбір кезеңдерінде топтық жұмысты жеке және жұптық жұмыспен кезектестіре отырып жоспарлауға болады, ал топқа бір-бірін дамытып, қолдау көрсету үшін әртүрлі ерекшеліктері мен қабілеттері бар оқушыларды кіргізуге болады.

Сабақты жоспарлау: оқыту және бағалау стратегияларын, ресурстарды таңдау
Дианостика нәтижелерін талдау мұғалімге топтарды және жұптарды (тұрақты және ауысатын) құруда, сондай-ақ оқу және бағалау стратегияларын, ресурстарын таңдауда әдістемелік жағынан сауатты қарауға мүмкіндік береді.Төрт оқушының диагностикалық нәтижелерінің мысалын қарастырайық. Оқу

және бағалау стратегияларын, ресурстарын талдау кезінде осы нәтижелерді талдау қалай ескерілетініне ерекше назар аударайық.
Оқушылар мәліметтерін талдай келе мынаны атауға болады:

Оны жұмыс формаларын, оқу әдістерін, ресурстарын таңдау кезінде ескеру қажет болады. Мысалы жеке жұмыс үшін бірінші оқушыға, ақпаратты ережелер көмегімен түрлендіруге бейім және фактілерді практикалық әрекетінде қолдану маңызды болатын оқушыға тұжырымдамалық картасын өз бетімен құрастыруды ұсынуға болады. Өйткені бұл жағдайда ол ақпаратты тез игереді.

Оқушылар мәліметтерін талдай келе мынаны атауға болады:

Сәйкестік. Жұптық жұмыс үшін тапсырмалар мен ресурстарды таңдау оқу мақсаты, күтілетін нәтижелер мен диагностика нәтижелеріне байланысты.
Бұл жағдайда, бірінші оқушының екіншісімен, ал үшіншісінің төртіншісімен өзара әрекеттесуі аса тиімді болады. Ал екінші және төртінші оқушыны жұпқа біріктіру арқылы біз тәуекелге барамыз. Типі бойынша үшінші оқушы төртінші оқушымен сәйкес келеді. Бұл оларға тапсырманы орындау үдерісінде бірлесіп, неғұрлым табысты өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді. Жұпта жұмыс істей отырып бірінші оқушы ережелерді білетін мұғалім рөлін атқара алады, ал екінші оқушы ережелердің қолдану тиімділігін мысалдармен дәлелдейді.
Темперамент типі бойынша «бірінші» және «үшінші» оқушыларды жұпқа біріктіруге болады, бұл кезде олардың әрқайсысы жалпы нәтижеге қол жеткізу үшін өзінің жұмыс бөлігін жасайды. Мұғалім әрбір өзіндік жұмысты анықталған нәтижелерді ескере отырып талдауы керек. Өзін-өзі бағалауды (өзара бағалауды) кілт бойынша, үлгі бойынша, критерий бойынша пайдалануға болады.

Пәнге деген қызығушылықты жоғалтудың басты себебі – материалды түсінбеу. Сондықтан рефлексия және кері байланысты қамтамасыз ету тәсілдерін жоспарлау өте маңызды (оқушы-мұғалім, оқушы-оқушы).

Сабақтың бейнежазбасын ұсынамыз. «Оқу серіктестері» – оқушылар бір-бірінің дағдысына сүйенеді.

«Әрқайсысы біреуді оқытады» – ешкім барлығын біле бермейді, бірақ әркім бір нәрсені білуі мүмкін. Тәсіл оқушылардың оқу тапсырмаларын шешуге қажетті қабілеттерін дамытуды қамтамасыз етеді.

Сабақты жоспарлау кезінде «оқушы-мұғалім», «оқушы-оқушы» өзара іс-әрекеттесудің ұйымдастыру тәсілін таңдау, яғни оқушылардың жеке ерекшеліктерін, қажеттіліктері мен қабілеттерін ескере отырып оқыту формасын (жеке, жұптық, топтық) таңдау маңызды.
Оқушылар жұбын құруға болады:

- бірдей және жеке ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі
- бірдей немесе әр түрлі оқу деңгейіне байланысты

Ерекшелігі мен білім деңгейі бірдей жұптар қарапайым тапсырмаларды жылдам орындап, күрделі тапсырмаларды орындауға көшеді.
Ерекшелігі мен білім деңгейі әртүрлі жұптар жаңа материалды бекіту, білімді тексеру кезінде тиімді жұмыс істейд
Барлығы әрқайсысын, әрқайсысы барлығын үйретеді (В.К.Дьяченко)
*Бағалау мақсаты:*
– келесі оқытуды жоспарлау;
– оқытудың белгілі бір деңгейлерінде оқушыларды кері байланыспен қамтамасыз ету;
– оқу жоспарларын әзірлеуге және оқу материалын бөлуге әсер етуі мүмкін оқу мен оқыту үдерісінің күшті және әлсіз жақтарын анықтау.
Бағалау уақтылы және жүйелі түрде, нақты критерийлерге негізделіп, әр оқушының шынайы оқу нәтижелерін анықтауы керек.
Бағалау не үшін қажет?
келесі оқытуды жоспарлау
кері байланыспен қамтамасыз ете отырып оқыту
үдерістің күшті және әлсіз жақтарын анықтау
Бағалау қандай болуы керек?
уақтылы және жүйелі
нақты критерийлерге негізделген
әр оқушының шынайы оқу нәтижелері көрсетілген
Бағалау критерийлерге негізделеді

Тапсырмалар білім мен фактілерді жаттап алу емес, онымен жұмыс істеу, оларды жоғары деңгейде қолдану, талдау, синтездеу және бағалау қабілетін дамытуға бағытталуы керек. Саралау кезіндегі басты критерий – жоғары деңгейдегі дағдыларды дамыту.

Бағалау құралдарын әзірлеу кезінде бағалау критерийлерін нақты айқындап алу қажет. Критерийлер тапсырманың мазмұнына қатысты нақтылануы керек. Жоғары деңгейді басқа деңгейлерден ажырату үшін критерийлерге деңгейлердің сипаттамасын жасау керек. Ең жоғары ұпай тапсырманы орындаудың ең жоғары деңгейі ретінде анықталуы мүмкін. Өзіндік және өзара бағалаудың тиімді тәсілдері бар.

Бағалаудың ерекшелігі

*– тапсырма мен бағалау деңгейлерінің сипаттамасының болуы;*

*– бағалау критерийлерінің болуы, тапсырманың мазмұнына бағытталуы;*

*– бағалау критерийлері тапсырмалардың мазмұнына, орындауды ұйымдастыруға, шешімнің креативтілігіне, тапсырманы орындау формасына бағытталуы;*

*– жақын арадағы даму аймағының ықпалын жүйелеу;*

*– оқу серіктестерінің өзара бағалауы.*

К.Ушинский: «Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатқанда оның мұғалімдігі де жойылады» деген екен. Қазақстанның әлемдік үрдістерге кіруі, дамыған елдердің стандарттарына деген ұмтылысы білім беру жүйесінің жаңа сапалық деңгейге өту қажеттілігін арттыруда. Біліктілікті арттыру жүйесінде мұғалімдердің функционалдық сауаттылығы – қазіргі білім берудегі жаңа және нақты жағдайға икемделу дегенді білдіреді.

Қорытынды

Қазақстандық білім жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар арқылы тұлғаны тәрбиелеуде және оқытуда саралаудың алар орны ерекше. Тұлғаның үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құру, экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін білім беру жүйесін жетілдіру өте маңызды. Білім беру моделін, оның құрылымын, мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеу тәсілі, білім жетістіктерін бағалаудың барынша жаңа жүйесін енгізу, білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы бүкіл іс-шаралар кешені тұлғаның үйлесімді қалыптасуы мен дамуына, қолайлы білім беру кеңістігін құруға бағытталған. Білім-бақтың жібермейтін қазығы атану, жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру мәселесіне қатысты жүргізіліп жатқан реформаның барлығы еліміздің әлемдік білім беру кеңістігіне еркін ену, қабілеттілік мақсатындағы нақты қадам.

**Пайдаланған әдебиеттер:**


1. Оқытуды саралау: тәжірибе, мәселелер, келешек даму./ Абишева Р.Б., Мамлеева С.Б., Темиргалиева У.Б. -Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы. – 71 б.
2. Қазіргі мектептегі оқыту мен оқудың саралау негіздері: оқу құралы/ Утегенова Б.М., Смаглий Т.И., Онищенко Е.А. – Қостанай: ҚМПИ. – 2017, 98 б.
3. Rachel Orr «Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған 100 идея: саралау», Нұр-Сұлтан, Ұлттық аударма бюросы – 2019 ж, - 132 б.
4. Қазіргі білім берудің трендтері – Алматы: ТОО «Bilim Media Group», 2017 – 326


## HOW CLIL IS IMPACTINTING ON TEACHING AND LEARNING


**Турсынбекова Жанар Умирзаховна**

Шымкент қаласы, "Болашақ" мектебі мекемесінің

ағылшын тілі пәні мұғалімі



***Резюме***

*В данной статье рассматриваются особенности преподавания используя методики CLIL и ее развитие в нашей стране.*

***Түйін***

*Мақалада CLIL методикасын қолдана отырып сабақ берудегі ерекшеліктер және осы методиканың еліміздегі даму өрісі жайлы мәлімет берілген.*

Education is one of the most importance in Kazakhstan. For families and for the nation, education has been and remains a priority. We are all responsibly to the education that our generation learning at schools and the quality of education is one of the main factor on way of development of new era. We are all aware of the fact that world is rapidly changing. Twenty first century is the century of new technology and information. Who owns information – owns the world. Human beings are trying to satisfy to the needs of modern society which is developing day by day.

Kazakhstani educational system is also changing from last year. Updated Curriculum is introduced and already making huge differences in educational system. The importance of Updated Curriculum is that all the attention paid to the learners and traditional method of teaching replaced with effective learning and teaching method where learners make more progress by themselves.

Another huge change can be said that learning English language is increasing by the demands of world. According to statistics, the most popular language is English. Approximately 90 per cent of information in internet can be found in English, English is the language of technology and science. By learning foreign language our mother tongue will never be forgotten. In contrast, our first language will develop furthermore and new generation will put more effort in development of our country as they will be able to learn modern standards of education.

Contemporary language learning and language use in the Republic of Kazakhstan is linked to the historical background of development of Kazakhstan's society. Kazakhstan has implemented the most liberal and unique language policy based on democratic values and the principles of tolerance and humanity. The study of international practice allows using international expertise and research findings for the development of bilingual, multilingual education in the context of trilingual education policy in the Republic of Kazakhstan. The main international trends in teaching subjects in English for non-native speakers include Content and Language Integrated Learning (CLIL), language immersion programs. CLIL is a method of integrating content and language in the learning process: through the use of foreign language, learners study subject specific content, while improving language skills and motivation to study the subject matter. Why is CLIL important? Even with English as the main language, other languages are unlikely to disappear. With increased contact between countries, there will be an increase in the need for communicative skills in a second or third language. Languages will play a key role in curricula across countries. Attention needs to be given to the training of teachers and the development of frameworks and methods which will improve the quality of language education.

JSC "National Center for Professional Development “Orleu", developed with involvement of international and domestic experts - educational professional development courses program "Formation of Subject-Matter and Linguistic Competences of Teachers in the Context of Learning in Three Languages" for high school “Physics”, “Chemistry”, “Biology” and ”Computer science” teachers, with a minimum A2 level of English language proficiency, according to Common European Framework of Reference (hereinafter – CEFR). Orleu offers a study materials, resources, handouts, combined into a single academic and methodological complex. The task is to provide teachers with educational tools according to interests in learning English and teaching subjects in English.

The aim of the Program is to improve the English language proficiency of teachers from level A2 to level B2 according to the Common European Framework of Reference (CEFR) and to develop their ability to teach science subjects in English language. The development of the Program and its practical implementation is impossible without studying international best practices of foreign language learning and teaching subjects in a foreign language [1].

There is no doubt that learning a language and learning through a language are concurrent processes, but implementing CLIL requires a rethink of the traditional concepts of the language classroom and the language teacher. The immediate obstacles seem to be:

Opposition to language teaching by subject teachers may come from language teachers themselves. Subject teachers may be unwilling to take on the responsibility.

CLIL is based on language acquisition, but in monolingual situations, a good deal of conscious learning is involved, demanding skills from the subject teacher.

There is little evidence to suggest that understanding of content is not reduced by lack of language competence. Current opinion seems to be that language ability can only be increased by content-based learning after a certain stage. Some aspects of CLIL are unnatural; such as the appreciation of the literature and culture of the learner's own country through a second language [2].

Until CLIL training for teachers and materials issues are resolved, the immediate future remains with parallel rather than integrated content and language learning. However, the need for language teaching reform to make CLIL a common feature of many country`s education systems in the future.

**References**

1. Academic and methodological complex of professional development course of pedagogical staff. Approved by Order of the Minister of Education and Science of the Republic of Kazakhstan from January 27, 2017 № 32.
2. Steve Darn. Content and language Integrated Learning. https://www.teachingenglish.org.uk/article/content-language-integrated-learning

## БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ЖАСТАН ДАМЫТУДАҒЫ ЖАҢАШЫЛ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ӘДІСТЕМЕЛЕРДІ ҚОЛДАНУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАС

**Онгарова Асель Бейбитбековна**
“ Шымкент қаласы, “Болашақ” мектебі мекемесінің
бастауыш сынып мұғалімі

***Резюме***

*В данной статье рассматривается применение инновационных технологий в развитии детей раннего возраста*

***Summary***

*In this article is considered to use of innovative technologies in the development of young children.*

Қоғамның дамып өркендеуіне байланысты қазіргі таңда білім саласында ең өзекті мәселенің бірі әлемдік білім кеңістігіне жол ашатын жаңартылған білім беру жүйесіне көшу болып отыр. Білім берудің бұл моделі әлемнің 80%-дан астам елдерінде қолданылады. Бұл – соңғы жиырма-отыз жылда ғылым мен техниканың орасан жетістіктерге қол жеткізіп, жаңа технологиялардың қоғам өміріне әр түрлі саласында кеңінен енгізілуіне байланысты туындаған жағдай. Білім саласындағы міндеттерді жүзеге асыру үшін мектепке дейінгі ұйымдағы әр педагог күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістерді оқу-іс әрекеттерінде енгізіп отыру қажет. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың заманауи әдістері мен технологияларын меңгермейінше жан-жақты сауатты маман болу мүмкін емес.

Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік және көптеген адами қабілеттің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектесетіні сөзсіз. Балаларды ерте жастан дамыту мәселесі мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Сондықтан мектепке дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеудің негізгі мақсаты – баланың жеке басының қалыптасуы мен дамуы деп есептеймін. Жаңа заман баласы – ертеңгі еліміздің болашағы. Жаңа заман баласын қалыптастырып, дамыту үшін баланың ішкі дүниесі мен оның қыр-сырын анықтап, қабілетінің дамуына қолайлы жағдай туғызу қажет. Әрине, бүгінде ол үшін мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балаларды ерте жастан дамуындағы педагогтардың педагогикалық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты. Яғни, педагогикалық технологияны қолдану негізінде келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, қабілетті, шығармашыл болуына жағдай жасау – қазіргі таңдағы әрбір педагогтың міндеті.

Осыған орай, мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеудің әр түрлі технологиялары жасалып, енгізілуде. Білім беру жүйесінде қолданып жүрген педагогикалық технологиялар балаларды ерте жастан дамытуға қолдану оң нәтижесін көрсетеді деп есептеймін. Ынтымақтастық педагогикасы, білім беру ізгілендіру, ойын арқылы оқыту, проблемалық оқыту, модульдік оқыту, тірек сигналдары арқылы оқыту, модульдік оқыту, тірек сигналдары арқылы оқыту, дамыта оқыту, түсіндіре басқарып оза оқыту, өздігінен оқыту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту, бағдарламап оқыту, деңгейлеп оқыту, т.б. Бүгінгі таңда тәрбиешілер өз тәжірибелерінде әр түрлі оқыту технологияларын қолдануда.

Педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдарды балабақшада балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктеріне сай пайдалануға болады. Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау үдерістері тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады.

Қазіргі жас ұрпақтың сапалы тәрбие мен білім алуының бірден-бір шарты тәрбие мен оқыту үдерісіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу болып табылады. Әдістемелік инновациялардың

көпшілігі интербелсенді оқыту әдістерімен байланыстырылған. Инновациялық әдіс-тәсілдерді ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы қолдану ұйымдастырылған оқу іс-әрекетті қызықты, эмоциялы байытылған, ашық, көрнекі өткізуге тиімді. Дәстүрлі жұмыстан кетуге мүмкіндік береді, білім берудің жекелік мүмкіндігін береді, оқытуға ынтасын арттырады, күрделі үдерісті жетілдіруде білім сапасы артады, баланың жалпы дамуы өседі, қиындықтарды жеңуге көмектеседі, баланың өміріне қуаныш әкеледі. Баланың білімге ізденісі, құштарлығы артады, оның бойында шығармашылық, еңбекқорлық, ізденімпаздық қасиеттер қалыптаса бастайды.

Қазіргі заман инновациялық қызметі – балабақшада балалармен жұмыс істеуде инновациялық технологиялар, әдістер, балалардың психологиясы мен педагогикасын терең білуі педагогтарға нақты бір жетістіктерге жетуге көмектеседі. Нақтылап айтқанда, балаға білім мен тәрбие беруді саналы-сапалы етіп, қызығушылықтарын арттырады деп айтуға болады. Жаңа технология 54 үрдісінің талабы ерте жастан балаларға білім беруде мақсатқа жету, іс-әрекеттері арқылы ойлау дағдыларын, таным белсенділігін арттыра отырып, баланың жан-жақты дамуына және жаңалықты тез қабылдауына әсер ету. Біздің заманымыз жаңа технология мен компьютер қолдану қажеттілігі туындап отыр. Балабақшалар мектепке дейінгі балалардың оқыту-тәрбиелеу іс-әрекетіне, денсаулығын нығайтуға барлық жағдайлар жасалып, тамаша кең ғимарат, замануи спорттық қауіпсіз құралдармен жабдықталған спорт зал, ән-күй залы, Монтессори кабинеті, интербелсенді тілдер кабинеті, спорттық алаңшалар, ойын бөлмелері болғаны абзал. Ең бастысы – осының бәрі балаға шығармашылық, махаббат, қамқорлықпен жеткізу қажет. Осыған байланысты біздің балабақшамыз жаңа инновациялық технологияларды, жаңа тың әдіс-тәсілдерді қазіргі заман талаптарына сай ұйымдастырып, оқу іс-әрекеттеріне жүйелі түрде енгізуде. Ондағы басты мақсат жаңа инновациялық технологияларды тиімді пайдалана отырып, баланың жан-жақты құзыреттілігін дамыту, білімді ұрпақты тәрбиелеу.

Атап айтатын болсақ, балабақшамызда балаларды ерте жастан дамытуға жүйелі қолданылып жүрген жаңа инновациялық технологиялар: - Мария Монтессори технологиясы; - денсаулық сақтау технологиялары; - жобалау технологиялары; - зерттеу технологиялары; - ақпараттық-коммуникативтік технологиялар; - тұлғалық-бағыттау технологиялары; - ойын технологиялары.

Балаға қазіргі заман талабына сай, мағыналы білім берсек қана, біздің бүлдіршіндеріміздің болашағы жарқын болмақ. Сондықтан, оқыту үдесінде жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану – әрбір ұстаздың міндеті.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Проектный метод в деятельности дошкольного учреждения: Пос. для руководителей и практических работ ДОУ. Автор-составитель: Л.С.Киселева, Т.А.Данилова, Т.С.Лагода, М.Б.Зуйкова. – М.: АРКТИ, 2005.

2. Образовательные проекты в детском саду. Пос. для воспитателей /Н.А.Виноградова, Е.П.Панкова. – М.: Айрис-пресс, 2008. (Дошкольное воспитание и развитие).

3. Е.А.Сыпченко Инновационные педагогические технологии. Метод проектов в ДОУ. – СПб.: Детство-пресс, 2012.

4. Г.Б.Абдраманова, Г.О.Байзулдаева Инновациялық технологиялардың білім берудегі рөлі // Молодой ученый. - 2015. №7. 1.,

5. И.Г.Захарова. Информационные технологии в образовании: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учебное заведений. – М., 2003. 7.

# МЕКТЕПТЕ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН ФОРМАСЫНЫҢ БІРЛІГІН, ЖАЗУШЫ ШЕБЕРЛІГІН ТАНЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ, ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Алимбаева Асем Бухарбаевна**
Түркістан облысы Қазығұрт ауданы Т.Рысқұлов атындағы мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

***Резюме***

*В данной статье рассматривается теоретико-методичесие проблемы, единства содержания и формы художественного произведения, писательского мастерства в школе*

***Summary***

*This article examines the theoretical and methodological problems, the unity of the content and form of a work of art, and writing skills at school*

Мектеп бағдарламасындағы пәндердің ішінде оқушыларға терең білім, жан-жақты тәрбие беруде әдебиет пәнінің алар орны өлшеусіз. Әдебиет адамзатты рухани құндылықтарға баулиды, жан сұлулығына тәрбиелейді, гуманизмге, рухани-адамгершілікке баулиды.

«Балалардың төртінші, бесінші сыныптан бастап құлақтарына мазмұн мен түр бірлігі жөнінде құя бастаймыз. Бірақ оның бірлігі қай ретте қалай жүзеге асады дегенге келгенде өзіміз тайғанақтай береміз. Көп адамның ұғымында мазмұн дегеніміз өмір шындығынан алынған құбылыс қана. Ол көркем шығармада көркемдік түр тапқан ба, гармониялық бірлік негізінде жарасымды қиысқан ба – ол арасы есепке алынбайды.» [1, 182 б.]. – дейді белгілі ғалым, сыншы *М.Қаратаев.*

Диалектика заңы бойынша жаңалық пен ескіліктің арасында үлкен бір меже жоқ. Ол өмірде аралас, жымдас келеді, оның жігін ажырату қиын-ақ. Жаңалықты ескіліктен ажырату үшін диалектикалық қайшылықтарды ұғынатын адамның философиялық- эстетикалық көзқарасы керек. Бізде осы жағын жете түсінбеушілік бар. Оның үстіне өмір құбылыстарын көркемөнер саласына, шығармаға түсірген уақытта өмір шындығы мен көркем шындықтың ұқсастығы мен айырмашылығын, көркемдік түрдің бірлігін танымаушылық тағы бар.

Форма мен мазмұн ажырамас бірлікте. Шығарма мазмұны сол шығарманың бүкіл құрамында қалыптасып шыңдалады, форманың әр элементі, әр компоненті – белгілі бір мазмұн иесі, әрқайсысы автор идеясына қызмет етеді, жазушының эстетикалық идеалын ашуға көмектеседі. Сондықтан көркем шығармада мазмұн мен форма, мазмұн мен бейнелілік, ой мен сезім, идея мен көркемдік біте жаратылған, бірінсіз бірі тұл дүние, бірінсіз бірін тануға болмайтын дүние деп қарауымыз қажет.

Ақын-жазушы тек өзіндік қолтаңбасымен, даралық суреткерлігімен, өз стилімен айқындалады. Демек, стилін таныту деген сөз – жазушыны таныту.

Стилді мектепте әр жазушының шығармашылық ерекшелігі ретінде қолданамыз. Ол ерекшелік шығарманың әр түрлі компоненттерінен көрінеді. Мысалы, бір жазушы шығармасында юморлық, сатиралық элементтер басым. (Н.Гоголь, Ғ.Мүсірепов), ал енді бірінде терең психологизм, лиризм басым (М.Әуезов)т.т. Осыдан біз әр жазушының өзіндік даралығын танимыз.

Біздіңше, көркем стилді шығарманың идеясынан, тақырыбынан, жанрынан іздемеу керек. Егер онан іздесек, онда біз біріншіден, әр ақын, жазушы дүниеге әкелген поэтикалық жаңалықты байқай алмаймыз, екіншіден, бір суреткер мен екінші суреткердің өзіндік қолтаңбасының ерекшелігін, өзіндік сапасын біле алмаймыз. Өйткені шығарманың идеясы, тақырыбы, жанры жағынан жалпы көтерген проблематикасы жағынан жазушыларда ұқсастық болуы заңды. Мәселен, С.Торайғыров пен С.Дөнентаев творчествосының тақырыптық-идеялық мотиві жөнінде ұқсастығы да айырмашылығы да бар...

Әр жазушының стиль ерекшелігін оның шығармасындағы көркем компоненттерін тану арқылы айқындаймыз... Олай болса, шығарманың көркем компоненттерін таныту – жазушы стилін танытуға апаратын бірден бір жол. Әрине, орта мектепте жазушы стилінің бүкіл ой- қырын ашып беру парыз саналмайды. Бірақ, орта мектептен әр оқушы әр суреткердің өзіне тән стильдік ерекшелігін аңғартып, соны мектеп бағдарламасы талабына сай талдап бере алатын болуы керек. Профессор Қ.Жұмалиев те өзінің «Стиль өнер ерекшелігі» деген еңбегінде стилге шығарманың формалық элементтерімен қатар жанрлық ерекшеліктерін, тақырыбы мен идеясын жатқызады. «Стиль ұғымы дейді ол, - жазушының тілі, сөйлем құрылысы, мәнері, шығарманың композициясы, оқиға дамыту әдістері, тақырып таңдаулары, жанрлық ерекшеліктері, т.б. компоненттері кіреді. Ең ортақ мәселе - идея» [2, 13 б.]. Осылайша, стиль сан алуан мағынада қолданылады. Стиль деген ұғым академик В.Виноградовтың «Стилистика. Теория поэтической речи. Поэтика» деген еңбегінде, Қ.Жұмалиевтің «Стиль өнер

ерекшелігі» деген еңбегінде жақсы қарастырылған. Солардың ішінен біз көркем әдебиет стилисткасының мақсаты, жазушы стилі деген мәселені аламыз. «Көркем әдебиет стилистикасының, – дейді академик В.Виноградов – басты мақсаты – ол әдебиеттің құрылымдық формасының эстетикалық табиғаты мен эстетикалық қуатын ашу және де әржақты ашу» десе, екінші бір жерде ғалым көркем стилистиканың мақсатын одан да айқындай түседі. «Көркем әдебиет стилистикасының мақсаты – дейді ол, – белгілі талдау арқылы әдеби шығарманы стильдік жағынан құрау тәсілдерінің заңдылығын, жазушының даралық стилін, әдеби мектептің, әдеби шығарманың құрылымдық жүйесінің ерекшелігін ашу» [3, 164 б.]. Көркем шығармадағы бүкіл идеялық-эстетикалық қат-қабат ой жүйесін, оның сан алуан көркемдік құрылымдарын лингвистикалық стилистика ашып бере алмайды. Өйткені ол көркем шығарманың бір ғана компонентін – тілін ғана зерттейді. Мысалы, ол көркем шығарма тілінің лексикасын, грамматикалық конструкциясын (морфологиялық,синтаксистік, фонетикалық құрылымын, сонан граматикалық стилистика деген ғылым саласы туады.), сөздің экспессивтік айшықтарын, жалпыхалықтық тілді кәдеге жарату, сөйлем, сөздерді орнын тауып қолдану сияқты мәселелерді зерттейді. Ол көркем шығарманың идеясын, тақырыбын, жанрын, композициясы мен сюжетін, кейіпкер характерінің қалыспасуын, жазушының дүниеге көзқарасын, шығарманың көркемдік ой дамуындағы орнын бере алмайды. Сондықтан академик В.Виноградов: «Сөздің – эстетикалық ойдың жалпы мақсаты және соған байланысты сөз зергерінің дүниетанымы лингвистикалық ғылымның құрал-тәсілімен шешілу мүмкін емес», – деп орынды түйін жасайды.

Мектеп бағдарламасындағы шығармалардың идеялық-эстетикалық мазмұнын тұтастықта тани білсе, ақыл-оймен, сезімімен тұшына қабылдаса ғана өздігінен қабылдайды. Көркем әдебиет туындысының эмоциялық-эстетикалық табиғатын түсінген шәкірт қана шығарманың ой-өзегіне тереңдей алады.

Сыншы С.Әшімбаев: «Көркем шығарма негізінен үш компоненттен тұрады Олар: ой-идея, тіл және образ немесе характер. Осы үшеуі бар шығарманың қашан да ғұмыры ұзақ әрі абыройлы. Бұларды ешуақытта бір-бірінен бөлуге болмайды. Бұл үш ұғымның аясы да кең, айтарлық ой деген сөз жазушы концепциясы, ал тіл бар жерде стиль бар немесе характердің жаңалығы – жаңаша тың форма таба біулу екені анық. Осы үш атаудың бір туындының бойынан табылуы жазушы шеберлігін ғана дәлелдеп қоймай, сол шығарманың келісті көркемдігін де айғақтайды. Біз көбінде шеберлік пен көркемдікті жалаң шығарма тілінен ғана іздейміз», [4, 80 б.]. - деген.

Жазушы тілі мен көркемдік әлеміне енгенде, сөз таңдауына автор тіліне, сондай-ақ кейіпкер тіліне қажетті лексика топтарын дұрыс, орынды, шебер қолдануына айрықша назар аударылады. Шеберлігіне: сөз таңдау, сөз қолданысы, сөз әрлеуі кіреді – деп қарастырады Р.Сыздық өзінің «Сөз құдіреті» атты зерттеу еңбегінде.Ол төмендегідей жіктейді:

«Сөз **қолданысы** дегенде, көркем шығарманың тілін танытудың ең бір өзекті тұсы, мұнда стильдік-шеберлік жайттары сөз болады. Мысалы, бір сөздің қайталануы, белгілі бір тұлғалардың жиі (актив) немесе сирек қолданылуы, синонимдердің қолданысы дегендерге барып тіреледі.» [5, 30 б.].

«Сөз **таңдауын** дегені жазушының көріктеу құралдарын жұмсауы, яғни поэтикалық – көркем тілі сөз болмақ.» [Сонда].

«Сөз ***әрлеу*** деп отырғанымыз да, айналып келгенде сөз таңдау, сөз қолданысы дегендеріміз сияқты, көркем шығарма тіліндегі жеке сөздердің (және тіркестердің) «қылығы»: қызметі, стильдік жүгі (орысша айтқанда «поведение слова в художественном тексте») деген тұтас құбылысқа кіреді. Әсіресе, «сөз әрлеу» дегенде сөздің көріктеу құралы ретінде келген, сөз-бейне болып көрінген сәттері талданады.» [5, 31 б.]. Осының ішінде бізге аса қажеттісі сөз қолданысына талдау жасау.

Қорыта айтқанда, мұғалім көркем шығарманы талдауға қандай да бір әдіс-тәсілді тиімділігіне қарай қолдануға ерікті. Бірақ, шығарманың бойындағы тұтастықты бұзбай, образдар жүйесіне сүйене отырып, оның идеялық-эстетикалық мазмұнын таныта алса, оқушыны өзіне жақын тарта бастаса сол әдісі оқушы үшін тиімді болмақ.

**Пайдаланған әдебиеттер**

1. М.Қаратаев Шығармалар жинағы, Алматы «Ана тілі» 2010. – 400 б.
2.Қ.Жұмалиев те өзінің «Стиль өнер ерекшелігі» «Жазушы» баспасы – Алматы, 1966, –228 б.
3. 9. В.Виноградов Силистика.Теория поэтической речи. «Поэтика» М.1963, ст. 164 .
4. 11.С.Әшімбаев «Парасатқа құштарлық» - Алматы: «Жазушы», 1985, –248 б.
5. Р.Сыздық «Сөз құдіреті» - Алматы «Атамұра» 2005, –272 б.

**О.БӨКЕЙДІҢ «АТАУ КЕРЕ» РОМАНЫНДАҒЫ БЕЙВЕРБАЛДЫ АМАЛДАР МЕН ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІ ОҚЫТУ**

**Жаппарова Гаухар Зиятбековна**
Түркістан облысы,Қазығұрт ауданы.
Т.Рысқұлов атындағы мектеп-лицейінің қазақ тілі және әдебиет пәні мұғалімі

***Резюме***
*В данной статье рассматривается обучение невербальным действиям и идиоомам в романе О.Бокея «Атау кере»*
***Summary***
*This article examines the teaching of non-verbal actions and idioms in O. Bokei's novel "Atau kere"*

Жазушы О.Бөкей шығармашылығы қазақ тілінің сөздік қорына өте бай. Қай шығармасын алсақ та, онда кездесетін түрлі тілдік құбылыстарды зерттеу нысаны етіп алуға болар еді. Дегенмен мектеп оқушылары қызығып оқитын «Атау кере» романындағы тұрақты сөз тіркестерін алып қарағанды жөн санадық. Фразелогизмнің романдағы грамматикалық ерекшеліктері қазақ тілінің жалғамалы (агглютинатив) сипатымен де астасып жатыр. Яғни, грамматикалық өзгерістер фразеологизмдердің синтетикалық тәсілмен де, аналитикалық (синтаксистік) тәсілімен де жасалуынан келіп шығады. Мұның өзі есім мен есім, есім мен етістік тізбектерінің қайсысы болмасын ортақ норма. Фразеологиялық бірліктерді сырт-сиқына қарай қарай, яғни белгілі бір қосымшаларды бойына дарыту қалпына қарап, синтаксистік қызметімен фразеологизмнің мағынасынан бойды аулақ сала талдасақ, формальды тұрғыдан еркін тіркесте болатын барлық бегілерді табуға болады. Олай болған күнде форма мен мазмұнды қарауға терең мән бермеген болып шығар едік, ішінара оларды біріктірмей жасанды тәсілге сүйенген болар едік. Бастапқыда атрибутив немесе адъектив, адвербиал, т.б. түрде келген фразеологиялық бірліктер қысқаша сөз етілген. Бұл сипатты тіркестердің басым көпшілігі лексикалық мағынасы жағынан еркін тіркес табиғатына жуық келеді: екі-үш компонентті тіркестің бірі қалайда негізгі мағынасын сақтап отырады. Осы айтылғандарды арқа сүйер өлшем етіп, фразеологизмдерді синтаксистік қатынасына қарай мына топтарға бөлуге болар еді:

а) бастауыш пен баяндауышқа бөлінетін «сипатты» фразеологизмдер: үрейі ұшты, жаны ашыды, күні туды, тауы шағылды, т.б. Мұндай фразеологизмдердің бірінші сыңары үнемі тәуелдіктің үшінші жағында тұрады да, етістік сыңары ашық райда кездеседі. Ал морфологиялық жағынан бұлар зат есім мен етістік тіркес;

ә) анықтауыш пен анықталғыш мүшеге бөлінетін «сипатты» фразеологизмдер: еңкейген шал, еңбектеген бала, сұқ көз, ақ жүрек, т.б.

б) пысықтауыш пен пысықталғыш мүшеге бөлінетін «сипатты» фразеологизмдер: күле қарады, күле кіріп, күңірене шықты, т.б.

в) тура және жанама толықтауыш пен толықталатын «сипатты» фразеологизмдер: сазайын тартты, намысқа шапты, сабасына түсті, т.б.

Фразеологизмдерді сөз таптарына қарай классификациялау да ең негізгі мәселелердің бірі. Бір ескертетін жәйт: бұл тізбектердің ішінді мызғымастай болып қалыптасқан сөз таптары бар деп нақты тұжырым жасауға болмайды. Сөз таптары туралы мектеп грамматикаларында айтылған қағидаларды фразеологизмдерге қалай болса солай қолдана берудің қажет жоқ. Олар зат есім, етістік, үтеу, т.б. сөз таптарымен тең мағыналы емес. Себебі фразеологизмдердің тұлғасы мен семантикасы жеке сөз табына тең келмейді. Белгілі бір сөз табының қызметіне жуықтайтын фразеологизмдер бар, ал фразеологиялық түйдек (идиом) болса, ол белгілі бір сөз табының қызметінен алыс жатады. Бұған мынадай мысал келтіруге болады. Зат есімге жуықтайтындары: көк өрім, бау кеспе, без бүйрек; етістікке жуықтайтыны: аузымен орақ орды, бармағын тістеді, ала көз болды; үстеуге жуықтайтындары: көзге шыққан сүйелдей, қас пен көздің арасында; сын есімге жуықтайтындары: бармағынан бал тамады, ит жанды, т.б.

Жазушы О.Бөкейдің шығармаларындағы бейвербалды амалдарға тоқталайық. Яғни, біз зерттеу нысаны етіп алып отырған шығармасы «Атау кереде» олар өте көп кездеседі. Оны қарастырмас бұрын бейвербалды амалдар туралы тіл біліміндегі тұжырымдарға тоқталып өтейік.

Бейвербалды амалдар туралы тіл білімінің Женева мектебінің өкілі Ш.Балли өзінің: «Общая лингвистика и вопросы французского языкознания» деген еңбегінде: «Ишара, дене қозғалысы, әсіресе, мимика басқа да тілдік белгілер сияқты белгілі бір мағынаға ие» [1, 46 б.] дейді.

В.М.Верещагин, В.Г.Костомаров бейвербалды амалдарды екіге бөліп қарастыруды ұсынады:

*Соматизм тілі*. Бұл топқа ишара, дене қалыбы, мимика, бет әлпет кескіні және әр түрлі адам жүзінде байқалатын психосоматикалық симптомдарды енгізеді.

*Ғұрыптық тіл*. Бұл топқа белгілі бір ұлттың әдет ғұрпы, этикетімен, салт дәстүрімен байланысты дене қимылдарын жатқызады.

«Атау кереде» бейвербалды амалдар мынадай негізде қызмет атқарады:

Айқай шу, дабыр кезінде:

Қатынның құлаққашты шуы қанша айқайласаң да анық естіртпей, тек шың шыңдаған үзік үзік үні ғана жетер еді. Бірақ, Ерік «атың кім?» деп және озаңдады. Қыз басын шайқады. Ести алмадым деген сыңай танытты.

Бейвербалды амалдар бір сөзбен беріледі. Мысалы, ыржию, тыржию, ажыраю, қыржию.

«Бұл тауып айтқаның емес, деді орнынан көтерем сиырдай созалаңдап тұрған Таған кіржиіп.

Есікте жүрген құлдың да бір аяқ астық құны бар емес пе? Деп шаптыға ежірейді» [2].

Оралхан Бөкей шығармаларындағы кейіпкерлердің дене қимылдарына, ишараларына байланысты тіркестер де көптеп кездеседі. Бұл ерекшеліктің Оралхан Бөкей қаламына тән екендігін де айта кеткеніміз жөн. Өйткені, күрделі қимылдық амалдарды білдіру, кейіпкерлердің қимыл-қозғалыстарын шығармада дәлме-дәл бере білу шын шеберлікті, қисындылықты талап етеді. Автордың анатомиялық түсінігінің кең екендігін де байқатар тұс - оның «Атау кереде» ишараларды, жалпы кинетикалық амалдарды үйлесімділікпен көрсетуі. Адамның мінез ерекшелігін ашу, психологиялық жан сезімін сыртқа шығару әр қаламгердің тәжірибесінде әр түрлі болатындығын ескерейік. О.Бөкей шығармаларында кездесетін ишараларды дара түркілік авторлық және жалпықолданыстағы деп ажыратуға болады. Жалпықолданыстағы ишаралар адамдардың бәріне түсінікті, тілде белгілі бір мағыналары қалыптасқан кинетикалық амалдар болса. Даратүркілік, авторлық ишаралар жазушы шығармашылығындағы белгілі бір кейіпкердің өзіне ғана тән және сол кинемалар арқылы кейіпкерлердің мінез құлқын, көңіл күйін аңғартатын авторлық қолданыстағы ишаралар. Даратүркілік авторлық ишаралардың кейіпкер мінез құлқын ашудағы қызметі зор. О.Бөкей бір кинеманы қайталап беру арқылы жеке кейіпкердің өзіне тән әрекетін, әдетін көрсетеді. Мысалы, сұқ саусағын шошайту, сол арқылы жанын мазалаған сұраққа жауап іздеу Тағанға ғана тән қимыл. Жазушы Тағанның іс әрекеті арқылы оның интеллегенет, шешен адам екендігін көрсетеді. Төмендегі мысалдардағы Тағанның кинемалары бұл пікірімізді дәлелдей түседі:

Жатқан қалпында сұқ саусағын шошайтып: «Неге біз осы... жанымызда жанып тұрған отты не су құйып өшіреміз, не болмаса май құйып лаулатып өртеп жібереміз. Неге біз осы ... деп, ежелгі әдетінше сұқ саусағын шошайтты. Мен осы бір нәрсеге таң қаламын, деді сұқ саусағын шошайтып.

Жазушы тағдыры ауыр, өмірде жолы болмаған адамның бір қырын «сұқ саусағын шошайту» арқылы жүзеге асырса, енді бірде «жеңін иіскеу» кинемасы арқылы маскүнем, араққа салынған адамның бейнесін дәл береді:

Сыраны сіміріп алған соң, жеңін әдетінше иіскеп жіберіп, аузын сол жеңімен сүртіп өткен Таған:

Ал, апа, енді мен қаракетке кірісейін, деді есікке қарай жылыстап.

Ақ баласын көруге жүрегі айнып тұрар Таған пісуі жеткен салқын қымыздың бір тостағанын сіміріп жіберіп, жеңін иіскеді» [2].

Оралхан Бөкей жеке адам психологиясын беруде ишараларды шебер қолдана білсе, тұтас бір халықтық менталитетті көркем тілмен жеткізуде де қазақ ұлтына тән салт-дәстүр көріністерін алға тартады. Өйткені, «қазақ халқының бірнеше ғасырлық өмір тәжірибесінде әр істің, салт-сананың реті мен жөн-жобасы болады және барлық жұмыс соған сәйкес атқарылады. Ол қалыптасқан ұлттық және исламдық салт-дәстүрлер негізінде жасалған. Ұлттық ырым-тыйымның, әдеп-үлгісінің топтасқан немесе жұптасқан құрамы – халықтың әдет-ғұрпын, жөн-жоралғысын құрайды. Осыдан барып, ел ішінде әдетке сай жөн-жосығы мен жолы шығады. Міне, осы жол арқылы халықтық қағида, мәдени-тұрмыстық, рухани-тәрбиелік үлгі-өнеге жиынтығы қалыптасқан. Мұның танымдық, тағылымдық, әдептілік қызметтері де өте зор екендігін тарих талай рет дәлелдеп берген. Олай болса дана халықтың өзі жасап қалдырған осы әдет-ғұрып пен жөн-жосықты біліп, үйрену және өмірде қолдану ағайынды адастырмас сара жол болып табылары анық» [2, 14 б.]. Жазушының осында айтылған қағидаларды терең меңгергендігі «Атау кередегі» салт-дәстүрге, адамгершілік ұстанымдарына байланысты тұстарда барынша аңғарылады. Мәселен, Нүрке кемпірдің ұлты орыс болғандығына қарамастан, келініне жөн-жобаны көрсетіп, үйретіп отыруы осындағы біртұтас фондық лексиканың шығарма тілінде қолданылуына келіп ұласады. Ислам дінін ұстанатын қазақ халқының бай тілдік қоры араб тіліндегі сөздердің көптеп енуімен тікелей байланысты. Бірақ, бұлардың жай ғана ене салған кірме сөздер емес, исламдық түсінікке тікелей қатысты лексика екендігін ескруіміз қажет.

**Пайдаланған әдебиеттер:**
1. Балли Ш. Общая лингвистика и вопросы французского языкознания. –Москва, 1956. -142 бет.
2. Бөкей О. Екі томдық таңдамалы шығармалар. 2-том. -Алматы, Жазушы, 1996. -380 бет.
2. Кенжеахмет С. Жеті қазына, 3 кітап. -Алматы, Ана тілі, 2003. -104 бет.

# БАСТАУЫШ СЫНЫПТА МӘТІН ТҮРЛЕРІН, КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫН АЖЫРАТУДЫҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІ

**Жолдыбаева Каламкас Шолбаевна**
Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы
"Ащыбұлақ" жалпы білім беретін мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі

***Резюме***
*В данной статье рассматривается эффективные методы различения типов текста и композиционного строя в начальной школе*
***Summary***
*Effective methods of distinguishing text types and compositional structure in elementary school*

Мектептің бастауыш сатысында (2-4 сынып) мәтін түрлерімен жұмыс жасалады. Мәтін түрлерін ажырату үшін оқушылардың жасерекшеліктеріне сәйкес сұрақтар қатарын, түрлі анықтамаларды көпірше ретінде ұсыну тиімді...

Ғалым Б.Шалабайдың зерттеу еңбектерінде мәтіннің құрылымына талдау жасаудың, зерттеудің маңыздылығы мен өзіндік ерекшеліктері былайша қарастырылған: «тексті стилистикалық талдау–мазмұнның формалану сипатын ашу, яғни текстің құрылымын ашу деген сөз. Ондай стилистикалық талдаудың әдістемесі де соған сай болуы тиіс: талдау жекелеген тілдік тұлғаларды табу, анықтау тұрғысынан емес, ал олардың байланыстарын, қарым-қатынастарын ашу тұрғысынан жүргізіледі» **[1, 7 б.].**–дей келе, оның себебін көркем мәтіндегі тілдік құралдардың өздігінен жеке тұрып, ешқандай мәнділікке ие болмайтынымен, ал олардың ұйымдасу тәсілдері мен бір-бірмен байланыс-қатынасының маңызды екендігімен байланыстырады.

Мәтіннің өзіндік тілдік бітім-болмысын, бір жағынан, тілдік тұлғалардың шындыққа қатынасымен айқындалса, екінші жағынан, шығарма мәтінін құрудың, ұйымдастырудың ерекшеліктерімен айқындалады.

Бұл айтылғандардан көркем ығармалардағы тілдік құралдардың, бір жағынан, өзара құрылымдық қатынаста болатынын, екінші жағынан, өздері бейнелейтін мазмұнға қатысты болатыныны аңғару қиындық тудырмайды.

Мәтінді стилистикалық зерттеудің әдістемелік негізі – мазмұн мен форманың бірлігі. Олар шығарманың тығыз байланысты екі жағы ретніде диалактикалық бірлікте қарастырылады.
Мәтіннің қай түрінде де, соның ішінде көркем мәтінде негізгі ой дамытылып, ол баяндау барысында ашылады.

Адамдардың талай ғасырлық тіл қолдану дәстүрінде қалыптасқан сөйлеу типтері (хабарлау, суреттеу, ойталқы) көркем шығарманың баяндау тәсілдеріне де негіз болады.

Сөйлеу формалары немесе баяндау тәсілдері шығарманың композициялық амалдарына сәйкес келетіндіктен, оларды талдау шығарманың көркем стилистикалық жүйесін түсінуге көмектеседі. Өйткені баяндау тәсілдері суреттелетін болмыстың, кеңістік және мезгілдік байланыстары мен қатынастарын бейнелеп, шығарма композициясының негізін құрайды.Бір бүтін тұтастық ретіндегі сөйлеу формасы өзін құрайтын сөйлемдердің мағынасы мен орналасуынан туындайтын өзіндік құрылымға ие болып, тілдің бейнелі-эстетикалық өзгеруіне негіз болады.
«Шындықтың адам санасында сәулеленуінің формалары сан алуан. Алайда, олардың ішінде негізгі екі құрылым айрықша ажыратылады, олар: кеңістік және мезгілдік құрылымдар, басқаша айтқанда, бірқалыпты созылыңқы (экстенсивті), және ширыққан, шиеленісті (интенсивті) құрылымдар. Бір қалыпты құрылым кеңістік бойында орналасса, шиеленісті құрылым мезгілдік ендікте орналасады. Бірқалыпты құрылым қатарлас объектілердің берік байланысынан тұрады да, шиеленісті құрылым себептестік, тамырластық байланыстармен сипатталады. Осы негізде монологтік сөйлеудің екі түрлі

формасы ажыратылады: **суреттеу** (бір қалыпты құрылым) және **әңгімелеу** (шиеленісті құрылым). Сөйтіп шындық кеңістік пен уақыт ішінде өмір сүрсе, оның көркем шығармадағы бейнесі *суреттеу* мен *әңгімелеу* түрінде көрініс табады. Бұл екеуінен тыс көркем шығарманың баяндау құрылымынан ойталқы ажыратылады.» **[1, 9 б.].**

Сонымен, «суреттеу, әңгімелеу, ойталқ**ы** (*пайымдау)*– монологтық сөйлеудің құрылымдық-стилистикалық типтерін құрайды. **Суретте**у – *бейнелеудің кеңістіктегі дамуы болса,* ***әңгімелеу****– мезгілдік дамуы, ал* ***ойталқы****–логикалық дамуы. Бұлардың көркем прозада таза күйінде кездесуі сирек. Осы баяндау типтерінің ерекшеліктері, бір-бірімен қатынасының сипаттары көркем проза тілінің дамуын белгілейді.»* **[2, 179- б.].**

Зерттеулер көрсеткендей, шығармадағы баяндау типтерін (хабарлау,суреттеу, ойталқы, диалог) бір-біріне сәйкестендіру формаларынан, баяндаудың даму және баяндау типтерінің ауысу ерекшеліктерінен, шығарма мәтінінің экспрессивті-стилистикалық ерекшеліктерінен және шығарманың жеке бөліктерінде орын алатын жазушының өзіндік дербес пікір, көзқарастары көрініс табады.

Осы баяндау типтерінің айырмашылығын Б.Шалабай төмендегідей ажыратып, айқындап көрсетеді. Бұлар көпірше ретінде ұсынуға таптырмас мүмкіндік.

***«Әңгімелеу****–*эпикалық үлгідегі көркем прозаның негізгі баяндау формасы. Бұл форма арқылы объективті де, субъективті де мазмұн беріледі. Әңгімелеушінің формалық, құрылымдық мазмұнын оқиғалардың ізбе-ізділігі, құбылыстардың бірін-бірі ауыстыруы құрайды. Осы мазмұн әңгімелеудің синтаксистік құрылысын ұйымдастырып, сөйлемдердің арасындағы байланыстырдың белгілі бір түрін, атап айтқанда, іліктестік байланысты алдыңғы орынға шығарады.» [1, 126 б.].Оқиғалар бірін-бірі толықтырып, дамытып, динамикалық баяндау үстемдік құрады. Ондай баяндаудың негізгі тұлғасы *өткен шақ, ауыспалы шақ формалары*, олар бірін-бірі ауыстырып отырады.

Әңгімелеу формасының заттық мазмұны шексіз кеңістікті, шексіз мезгілдік мерзімді алып жатады. Ол мазмұнның берілуі әңгімелеушінің композициялық-тілдік деңгейде белгілі бір «эпикалық қашықтықты» сақтауы арқылы жүзеге асады.

***Суреттеу*** –кеңістік қатынастағы құрылымның негізінде ұйымдасады. Ол қатынас арқылы заттардың белгілерінің кеңістікте бір-біріне қатарласа орналаласуы объектілердің ішкі байланыстары ашылмай-ақ беріледі. Осы тұста, автор оқырмандарда заттардың сөзде белгіленген образдарын нақтылы сезімдік, көрнекі тұрғыда қалыптастыруға ұмтылады.

***«Суреттеу*** болмыстың белгілі бір қалпын, күй-жайын толықтай беру үшін қолданылады. Зат, құбылыстар мен олардың белгілерінің бір мезгіл ішіндегі қатарластығы, салыстырмалылығы – міне, бұл форманың құрылымдық мазмұнын осылар құрайды. Бұл ерекшелік сөйлем аралық байланыстың сипатын да белгілейді: сөйлемдер қатарластық (параллель) байланысқа құрылады, ал олардың баяндауыштарының тұлғалары бірдей болып келеді, негізінен осы шақ, ауыспалы шақ тұлғаларында жұмсалады.

Суреттеу арқылы әңгімелеудегідей ширыққан оқиға емес, бірқалыпты, тұрақты күй, болмыс бейнеленеді.» [1, 127 б.].

Суреттеу формасының заттық мазмұнын шектеулі көрініс құрайтындықтан, ол тұйықталып келеді. Суреттеуші-автор эпикалық қашықтықты сақтай алмайды, оқиғалардың ішінде оған қатысушы басқа кейіпкерлермен бір қатарда тұрады Олардың ізбе-ізділігі заттың кеңістіктегі орнына, яғни бақылаушы –автор позициясына байланысты болады. Бақылау мен суреттеудің бір мезгілде өтуі баяндауды уақыт шеңберімен шектемейді. Зат белгілерінің мағыналық жағынан оқшаулығы тілдік формаларының үзіктігіне, оқшаулануына алып келеді. Әр сөйлемнің коммуникативтік мәні күшейіп, олардың олардың арасындағы байланыс жабық сипатқа ие болады. Сол себептен олардың шектері де анық ажыратылып, бір-бірінен бөлініп тұрады. Грамматикалық жағынан мұндай құрылым мәтін компоненттерінің қатарлас байланыстарымен беріледі. Сөйлемдердің басталуы, аяқталуы бірдей тұлғада, сөздердің орналасу тәртібі де біртектес, т.б. болып келеді.

***«Ойталқы*** түріндегі баяндау формасының заттық мазмұнын ойдың немесе белгілі бір күрделі тақырып-мәселенің логиғалық дамуы құрайды. Ал оның құрылымдық формасына логикалық ізбе-ізділік жатады.

Ойталқы (*біздіңше, пайымдау*)– әңгімелеу сияқты динамикалы форма, бірақ одан айырмашылығы – оқиғаның дамуы емес, ой, тақырып, мәселенің дамуы бейнеленеді. Сондықтан мұнда мезгілдік өрім болмайды. Сөйлемдер арасындағы байланыс іліктестік сипатқа құрылып, шарттастық, себеп-салдарлық, қарама-қарсылықты қатынастарды білдіреді .» [1,129 б.].

Суреттеу де, ойталқы да – негізінен, әңгімелеуге көмекші ғана баяндау формалары. Олар тұтас шығарманың келбетін айқындамайды, эпизодтық сипатта ғана болады. Бұл бізге мәтін түрлерін ажыратуға көмектеседі..

Мәтіннің композициялық құрылымы осы айтылған сөйлеу *формаларының (әңгімелеу, сипаттау, пайымдау) түрліше байланысып* қиысқан өрмегінен тұрады. Тілдік формалардың бір-бірімен араласпай «таза» кездесуі өте сирек кездеседі.

2-сыныпта мынадай мәтін түрлеріне анықтама (мысалдармен қоса) беріледі. Мұндай анықтамалар мен сұрақтар оқушыларға мәтін түрлерін ажырату үшін таптырмас көпірше бола алады. Яғни, мәтіндермен жұмыс жасаған кездерінде оқушыларға үнемі көпірше ретінде ұсынып отыру тиімді.

Бірінен кейін бірі болатын әрекет, оқиға баяндалатын, хабарланатын мәтін **әңгімелеу мәтіні** деп аталады. Әңгімелеу мәтініне не болды? не істеді? Сұрақтары қойылады.

Заттың немесе құблыстың сын-сипаты берілген мәтін **сипаттау мәтіні** деп аталады. Сипаттау мәтініне қандай? сұрағы қойылады.

**Пайымдау** мәтіні үш бөліктен құралады:

*Бірінші бөлікте* түсіндіруді, дәлелдеуді қажет ететін ой айтылады: Айболға мұғалім ескерту жасады;

*Екінші бөлікте* түсіндіру, дәлелдеу пікірі беріледі: Өйткені ол гүлді жұлып алып мұғалімге ұсынды;

*Үшінші бөлікте* қорытынды пікір беріледі: Ол кінәсін мойындап, мұғалімнен кешірім сұрады. Пайымдау мәтіні **неліктен?** сұрағына жауап береді.

Сынып оқушылары терезе алдындағы гүлдің топырағын қопсытады. Оған уақытылы су құйып тұрады. Құмырадағы гүл өте әдемі. Оның қып-қызыл гүлдері көздің жауын алады. Хош иісті гүлдері мұрныңды жарады.

**Әңгімелеу** Қандай да бір нәрсе туралы әңгімеленеді, хабарланады. Не? қайда? Қашан? Қалай болды?

**Сипапттау**. Адамның, жануарлардың, табиғаттың, оқиғаның көріністері сипатталады. Қандай? Қай?

**Пайымдау.** Құбылыстың, оқиғаның себептері туралы айтылады, түсіндіріледі; бір нәрсе жайлы дәлелденеді.

Осы ретте, Т. Әбдірахмановтың өлеңінен берілген үзіндіге тоқталайық.

Алуан бояу іріктеп алды,
Асықпай Марат суретті салды.
Үстелге жайып қағазды аппақ,
Сарымен сұлу жасады бақбақ.
Қызылмен кірпіш қағазға толды,
Зәулім үй келіп аулаға қонды.
Шатырын әсем бояды көкпен,
Жасылмен дуал жасады еппен.
Өз орнын тапты әртүрлі бояу,
Бәрінен шебер Мараттың ойы-ау!

Бұл мәтіннің бастапқы бөлігі баяндаудан басталып, суреттеуге, соңғы бөлігі пайымдауға ұласқан. Оны оқулықта берілген сұрақтарға жауап беру арқылы ажырату қиындық тудырмайды. Мәселен, соңғы : «Өз орнын тапты әртүрлі бояу, Бәрінен шебер Мараттың ойы-ау» бөлігі пайымдау мәтінге жатады.

**Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Б.Шалабай Көркем әдебиет стилистикасы, Алматы, Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 1999. – 197 б.

2. Шалабаев Б. «Көркем проза тілі» Алматы, «Білім», 1994. –128 б.

3. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің мектептің 2-сыныбына арналған оқулық. Ә. Е. Жұмабаева, Г.И. Уайсова, Г.Т. Сәдуақас. Алматы: Атамұра, –2017. – 127 б.

4. Әдебиеттік оқу. Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған оқулық. Б.Т. Қабатай. Ү.К. Зейнетоллина, В. А. Қалиева. Алматы: Атамұра,–2018. – 128 б.

# ФОРМИРОВАНИЕ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ УЧЕНИКОВ НА УРОКЕ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

**Кадирова Маржан Еламановна**
Түркістан облысы Қазығұрт ауданы
Т. Рысқұлов атындағы мектеп-лицейінің ағылшын тілі пән мұғалімі

***Summary***

*This article deals with the organization of pupils' Critical thinking and the critical person at English lessons.*

***Түйін***

*Бұл мақалада ағылшын тілі пәні бойынша оқушылардің сыни ойлау қабілетін қалыптастыру жұмыстарын ұйымдастыру жолдары қарастырылады.*

Критическое мышление является источником образования в жизни каждого человска и мощным ресурсом и в общественной жизни. Критически мыслящий человек: любознательный; хорошо-информированный; убедительный В доводах; С широким кругозором; гибкий, честный в оценке; без предубеждений, рассудительный в Претеннях; ясно выражающийся по поводу споров; аккуратный в сложных вопросах; Используя на уроках иностранного языка некоторые приемы формирования критического мышления, учащиеся получают большое удовлетворение от самого процесса обучения и от его результатов. Вовлеченные в процесс критического мышления, они самостоятельно добывают знания, вместе выдвигают идеи, используют приобретенные знания и умения в новых ситуациях повседневной жизни, творят, учатся формулировать собственные мнения и идеи, относиться с уважением к мнению других.

При организации педагогом занятия, используя технологию развития критического мышления, предусматривают ход работы в котором выделяют три стадии:

1. Стадия вызова

Здесь учитель сам создает проблемную ситуацию, вызывая у своих учеников воспоминания о данной теме, обращаясь к их собственному опыту. Эта стадия состоит из двух частей мозгового штурма и создания кластера. Мозговой штурм это умственная разминка, совместный поиск группового решения. Кластер это графический систематизатор, который показывает несколько различных типов связей между понятиями, явлениями, суждениями.

II. Стадия осмысления

На этом этапе предполагается знакомство с новой информацией. Здесь используется прием работы с текстом, информацией, который носит название инсерта. Инсерт от английского слова insert вставка, помещать, вносить. Инсерт это прием такой маркировки текста, когда ученики значками отмечают то, что уже знакомо,что противоречит их представлениям, и что является интересным и неожиданным, и кроме того, о чем хочется узнать более подробно.

III. Стадия рефлексии

На этой стадии подразумевается: размышление, анализ, творческая интерпретация. В ходе деятельности ученик должен развивает в себе ряд качеств, среди которых можно выделить:

Готовность к планированию. Мысли часто возникают хаотично, поэтому важно упорядочить их, выстроить последовательность изложения.

Гибкость. Когда учащийся не готов воспринимать иден других, он не сможет стать генератором собственных идей и мыслей. Гибкость позволяет подождать с вынесением суждения, пока ученик не обладает разнообразной информацией.

Настойчивость. Вырабатывая настойчивость в напряжении ума при выполнений трудного задания, ученик обязательно добьется гораздо лучших результатов в обучении.

Умение исправлять свои ошибки. Критически мыслящий ученик не будет оправдывать свои неправильные решения, а сделает выводы, воспользуется ошибкой для продолжения обучения. Осознание. Это важное качество, которое предполагает умение наблюдать за собой в процессе мыслительной деятельности, отслеживать ход рассуждений. Поиск компромиссных решений. Здесь важно, чтобы принятые решения воспринимались другими людьми, иначе они так и останутся на уровне высказываний.

Методические приёмы, формирующие критическое мышление:

> -кластер,концептуальное колесо,мозговой штурм,синквейн, ажурная пила,
бриллиант,Cluster-Method (гроздь), и.д.

Служит для стимулирования мыслительной деятельности. Спонтанность, освобождённая от какой-либо цензуры. Графический приём систематизации материала Мысли не громоздятся, а «гроздятся», т. е. располагаются в определённом порядке.
Технология составления:
> Ключевое слово;
> Запись слов, спонтанно приходящих в голову, записываются вокруг основного слова. Они обводятся и соединяются с основным словом.
> Каждое новое слово образует собой новое ядро, которое вызывает дальнейшие ассоциации. Таким образом, создаются ассоциативные цепочки.
> Взаимосвязанные понятия соединяются линиями.
> Возможности использования
A Кластеры могут стать как ведущим приёмом на стадии вызова (evocation)
> Систематизация информации, полученной до знакомства с основным источником (текстом) в виде вопросов или заголовков смысловых блоков,
CLUSTER,WRITERS,POETS, SINGERS, SCIENTISTS,The, MUSICIANS
Концептуальное колесо,POLITICIANS
Прием «концептуальное колесо» эффективно использовать на стадии вызова. Учащимся необходимо подобрать синонимы к слову, находящемуся в ядре понятийного «колеса», и вписать в секторы колеса. Например:
➤ Like
➤ Love
➤ to be fond of
➤ enjoy
➤To be keen on
➤ get pleasure with
A prefer
"BrainStorming" (Мозговой штурм)

Путем мозговой атаки учащиеся называют всё, что они знают и думают по озвученной теме, проблеме. Все идеи принимаются, независимо от того, правильны они или нет. Роль учителя роль проводника, заставляя учащихся размышлять, при этом внимательно выслушивая их соображения.
Teacher. What comes to mind when you hear the expression: What is a calendar? Example:Hol,Dat,Sea,Wee,Cale,Mon,Wee,Vaa...
> Этот приём применим для чтения или прослушивания лекции.
Learning together «Учимся вместе»
Возможности использования:
> При работе с текстом;
> При изучении грамматики.
> Как это делать при работе с текстом
Взаимообучение происходит в группах из 4-7 чел. Всем раздаются экземпляры одного и того же текста. Учащиеся по очереди играют роль учителя. После прочтения абзаца, «учитель» делает следующее:
> Суммирует содержание абзаца;
> Придумывает вопрос по тексту, просит на него ответить, > Растолковывает то, что для других осталось неясным,
> Даёт прогноз возможного содержания следующего абзаца
> Даёт задание на чтение следующего абзаца
Jigsaw - Ажурная пила
Возможности использования:
> При работе с текстом;
> При изучении грамматики.
> Как это делать при работе с текстом
> Учащиеся разбиваются на группы 4-6 человек, включая как сильных, так слабых учеников;
> Каждый получает для разработки подтему или часть текста (небольшой по объёму материал);
> Идёт обмен информацией в группе, каждый является экспертом в своём
вопросе; > Все слушают друг друга, задают вопросы, делают пометки, т.к. это единственный способ ознакомиться со всей информацией;
> По пройденной теме отчитывается вся команда, или один из её членов,общей итоговой оценке.

> Заинтересована вся команда, чтобы её члены знали всё, т.к. это отразится на
Зигзаг
> Ребятам предлагается рассчитаться на 1,2,3,4, у каждого члена группы появляется свой номер.
> Учитель предлагает обратиться к материалу урока.
> Кратко обсуждается тема, ставится задача разобраться в данном материале,
каждый член группы должен понять тему. Однако растолковать ее друг другу ученики будут по частям, в результате чего группа и сможет понять ее в целом.
> Весь материал данного урока делится на четыре части. Первые номера каждой группы будут отвечать за первую часть, вторые за вторую и так далее. Как только все поняли, ученики рассаживаются иначе: все первые номера собираются вместе, вторые тоже и.д.
> Теперь это уже экспертные группы, их задача: изучить материал, обсудить его и досконально разобраться, выбрать наиболее приемлемые методы и приемы для объяснения товарищам в кооперативной группе. По завершении работы экспертных групп они расходятся по своим группам
> и обучают других в группе

Во время чтения учащиеся делают на полях пометки; Заполняют таблицу, в которой значки являются заголовками граф.В таблицу тезисно заносятся сведения из текста.Diamond «Даймонд». При характеристике, сравнении двух противоположных понятий используется приём « Даймонд». В переводе с английского задании бриллиант, алмаз. Важный момент в встреча, столкновение, соприкосновение двух противоположных понятий. Здесь учащиеся высказывают свою точку зрения и суждения, исходя из жизненного опыта .

Работа на уроках развивает такие качества, как сотрудничество, доброжелательность, ответственность каждого и чувство коллективной ответственности, толерантности. В конце любого урока виден практический результат, т.е. насколько понят и усвоен материал каждым учеником.

**Список использованной литературы**

1. Критическое мышление в образовательном процессе З. У. Имжарова г. Актобе, 2010 г.
2. Кларин М. В. Развитие критического и творческого мышления// Школьные технологии. - 2004.- №2.- С. 7.
3. Ellis A.K., Fouts J.T. Research on educational innovations. -Princeton Junction, 1993,c. 56.
4. Загашев И.О., Заир-Бек С.И. Критическое мышление: технология развития. СПб.: Издательство «Альянс Дельта», 2003. - 389 с.
5. Paul R.W. Critical thinking and the critical person // Thinking: Report on research. Hillsdale (N.Y), 1987, c.12

# ФИЗИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

**Калубаева Камила Маделбаевна**
Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы,
Т.Рысқұлов атындағы мектеп-лицейінің
физика пәні мұғалімі

***Резюме***

*Главная цель преподавания физики развитие физической мысли у учеников, формирование физического миропонимания, знакомство с основами и методами науки физика. Учитывая необходимость связи учебного процесса с воспитанием, надо формировать и развивать в учащихся такие качества, настойчивость и трудолюбие.*

***Summary***

*Abstract The main objective of the teaching of physics the physical development of the students thought, the formation of a physical understanding of the world, familiarity with the basics of physics and methods of science. Taking into account the need to link the educational process with education, it is necessary to form and develop in students the qualities of perseverance and*

Оқу іс-әрекеті білім алушылардың өзін-өзі жетілдіруге, оқытудың субъектісі ретінде өздерін қайта құруға бағытталған іс-әрекеттер белсенділігінің ерекше түрі. Оку әрекеті оқытудың жүйе калыптастырушы факторы болады. Тек оқу іс-әрекеті аркылы эрек білім алушыларға құбылысты және олардағы өзгерістерді танытуға болады. Оқу іс- әрекетінің дамушылық ролі, міне осында. «Кез келген пән бойынша оқу тапсырмаларының талдамасында оган ең аз деген үш үлкен блок енеді: аналитикалык (Фактілерді, құбылыстарды, затттері мен қатынастарын туындау мақсатында талдау), интеллектуалдык (тапелік (таным объектісінін нақты жасау) бұл жерде ойдың жалпыдан жеке карай етіледі: басында білім ауаны барды сөзбен еместері мен катынасын бөліп алады, содан кейін шешуге болатын жеке объектілер, заттар) талдайды. Осы есептерді шешуіне қатарын құрады. (1) жалпы кағидаларын корытады, осы шығарылатын есептер топтарын» [1, 31б.].

Қазіргі таңда маманың касиби іс-әрекеті оның тек кәсіби құзыреттілігі ғана емес, ок бойындагы шығармашылық мүмкіндік пен стандартты емес ойлауының болуы ес арқылы кәсіби іс-әрекетте технологияларды еркін меңг ере білуімен де бағаланады. Бұл қасиеттердің болуына, білім алушылардың кәсіби салаларын калыптастыруда физика пәнін меңгерудің үлесі зор, Физика жалпы білім беретін пәндер цикліне жатады. Жалпы білім беретін пәндер циклінің мақсаты терең де іргелі білім делінетін, еңбек қатынастары мен технологиялардың өзгермелі талаптарына бейімді, ынталы, құзіретті, ұжымда жұмыс істей алатын маман даярлау. Физика сабактарында білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын, белсенділігін тудырып, оны ылғи дамытып отыру негізгі мақсат екенін есте ұстау керек. Ол үшін оқу материалдарын проблемалық, диалогтық тұрғыдан беру, құбылыстарды модельдеу, электрондық оқулықтар мен анимациялық көрсетілімдерді пайдалану, кәсіптік бағдарға негізделген есептер шығару арқылы білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырып, танымдық ойлау қабілеттерін жоғарылату әдісін қолдануга болады. «Мамандарды дайындау сапасын арттыру үшін олардың білім алу мен оны меңгеру үдерісін (әсіресе өзіндік жұмыстағы) дұрыс ұйымдастыру және басқару кажет. Бұл міндеттерді шешуде казіргі заманғы ғылыми негізделген оку әдістемелік құралдарды жасау және оқу үдерісіне енгізудің үлесі зор. Мұндай оқу құралдары ақпараттық, ұйымдастырушылық-қадағалау, басқару қызметтерін атқарады. Білім алушының өзіндік жұмысының тиімділігін арттыру үшін оқу құралдарынан басқа бағыттаушы және жетекші роль атқаратын әдістемелік құралдардың маңызы зор. Мұндай құралдардың мазмұнында оку материалын меңгеру реті, киындык туғызатын тақырыптардың сұрақтарына түсіндірулер, акпарат көздері, оку материалын игергенде неге басқа назар аудару қажеттігі, шығармашылық сипаттағы тапсырмалар көрсетіледі.» [2, 32]

Окытушы білім алушының өзіндік жұмысын жетілдіруде білім алушының жеке бас ерекшеліктеріне окытудың мазмұны, эдісі, формасын бейімдеу қағидасын сақтауы және оны өзіндік жұмыска барынша жоғары түрде бағыттауы тиіс. Бұл әр білім алушының жеке бас ерекшеліктерінің мақсатты түрде дамуына мүмкіндік береді, оларды өзін-өзі дамытуға ұмтылдырады, болашақ мамандардың бойында ұдайы өзін-өзі жетілдіру кажеттілігін қалыптастырады. Сондықтан, білім алушының орындау мүмкіндігі мен оқу орнының материалдық ресурстарын ескере отырып дайындаған оқытушының оқу-танымдық тапсырмалар жүйесі оларда танымдық іс-әрекетін қалыптастырудың, әрі оны одан әрі дамытудың басты құралы, әрі өзіндік жұмыстың мазмұны да болып табылады.

Оқу үдерісінде оқу-танымдық тапсырмаларын орындау арқылы білім алушы өзін окыту үдерісінің субъектісі ретінде сезінеді. Себебі, тапсырмалар бойынша теориялык білімді өзі іздейді, өздігінен менгереді, практикалық, зертханалық тапсырмаларға, бақылау және тест сұрақтарына 03 бетінше жауап әзірлейді, деңгейлік сараланган тапсырмалар арқылы шыгармашылык-ізденіс жұмыстарын жасауды үйренеді. Тапсырмалар мазмұны курстың басынан соңына қарай біртіндеп күрделеніп, онын шығармашылык элементтері арта түседі. Курстары жоғарылаған сайын да орындалатын «Өзіндік жұмыстың түрлері күрделене түседі. Алғашкы кездегі дәстүрлі реферат қорғау, Баяндама әзірлеу не үлгі бойынша орындау, практикалық сипаттағы то тапсырмаларды орындау енді іскер ойындар, диалог, пікірталас, ғылыми жоба сиякты топлен немесе ұжыммен орындалатын ортада студенттік жеке орындайты аналитикалық шолу, эссе, жоба сиякты шығармашылық сипаттағы тапсырмалар. Себебі, курс жоғарылаган сайын білім алушы жана оқу ортасына бейімделіп, ашылады, он еркін сезінеді, және психологиялық тұргыдан дайын болады». [3, 9]

Физика казіргі заманғы техниканың ғылыми негізі. Электротехника, радиотехника және техниканың баска да көптен салалары физиканы сәйкес бөлімдерінен өрістеп дамыған. Ғылым мен техниканың (технологиялардың) дамуы физика жетістіктерінін техника мен өндірістің түрлі салаларына терен енуіне жел соқтырады. Соған орай физика курсын окыту және оны менгеру коғамның әрбір мүшесіне қажетті бола түсуде. Қазіргі мектептер мен колледждер, жоғарғы оқу орындары өміріндегі өскелең талаптар осыны көздейді. Физика пәнін окытудың басты максаты білім алушыларда физикалык ойды дамытып, физикалық дүниетанымды калыптастыру. оларды физика ғылымының негіздері мен әдістерімен таныстыру, физиканы принциптері мен зандарын қарапайым, сонымен қатар жалпылама емес физикалык есептерді шығаруға үйрету.

Оқыту үдерісінің тәрбиемен ұштасып жатуы керектігі табиғи нәрсе екенін ескерте отырып, студенттерде табандылық пен еңбек сүйгіштік қасиеттерді дамыту кажет. Ол үшін білім алушылардың зерделеріне есеп шығару жұмысының шығармашылық үдеріс екендігін, оны іске асыру үшін белгілі бір ақыл-ой еңбегінің жұмсалу кажеттігін ескерте отырып, білім алушыларда есеп шығару мәдениетін қалыптастыру керек. Оқу үдерісі белсенді турде жолга койылып, студент өз бетінше білім алудың әдістерін менгеруі керек. Бул максатта физикалық процесстердің басты, негізгі маңызын анықтай алу жолдары мен эдістері үлкен роль атқарады. Сондай-ак стандартты емес, ерекше, баскаша тұрғыдан ойлап, карастыруды қажет ететін есептерді өз бетінше шығаруда физика пәнін оқып білудің ең тиімді әдісіне жатады.

Аталған бағыттарда жұмыс істеу шығармашылық үдеріс, жеке-дара аткаратын, кызыкты гылыми ізденіс болып табылады, оны есеп шығарудың жалпыға белгілі, эмбебеп нускауларымен алмастыруға болмайды. Оқытудың басты шарты студенттің физика пәніне деген тұрақты танымдылық қызығушылығын қалыптастыру. Бұл мақсатка жету үшін мына төмендегі әдістер қолданылады:

- Окытылатын физикалық құбылыстың ғылымдағы, техникадагы омірдегі маңызы жайлы алдын-ала қызықты әңгімелер айту,
- физикалық демонстрациялық тәжірибелер көрсету,
- материалды проблемалык жолдармен беріп, проблемалық жағдайларды қолдану,
- кәсіптік бағдары бар немесе өмірлік маңызы айқын физикалық есептерді теріп қолдану,
- оқытудың инновациялық (мультимедиялық, ақпараттық, теле коммуникациялық) әдістерін қолдану;
- физикада кездесетін кейбір «парадокстарды (қайшылықтар)» ғылыми тұрғыдан кызықты етіп талдау,
- физика пәні бойынша карастырылып отырган проблемаларды шешуге атсалыскан ғалымдардың өмірінен мысалдар келтіріп, олардың проблемаға қатысты айтқандары мен жазғандарынан үзінділер оқып беру, олардың қолданған әдістері жайлы мәліметтер беру, мерзімді басылымдарда физика пәніне қатысты матерналдарға жүйелі шолулар жасап отыру.

Әдістерді тандау әр оқытушының жеке ісі, сонымен қатар окытушының тәжірибесі мен шеберлігіне, такырып ерекшелігіне байланысты проблема. «Білім алушыларды физика пәні бойынша танымдық ойларын, іс-әрекетін дамыту олардын физикаға деген тұракты кызығушылығын калыптастыру мен тығыз байланысты, арі бұл екеуі бірге жүретін үдерістер.» [4, 23 б.] Білім алушылардың физика пәніне кызығушылығын тудырып, олардың танымдық іс-әрекетін белсендіру үшін алдын-ала карастырылатын кұбылысты өмірмен, гылыми-техникалык прогреспен байланыстыра отырып берген ұғымды болады деп есептеймін.

Жалпы физика табиғаттың жалпылама зандары жайлы ғылым болғандықтан, оны табиғат құбылыстарымен, колданбалы-техникалық гылымдардың көріністерімен байланыстыра карастыру тақырыпқа деген тың көзқарас тудырады. Мұндай қарастыруды жоспарлау барысында казіргі студенттің қосымша мәліметтерді көптеген жолдармен ала алу мумкіндігі бар екенін ескеру қажет. Білім алушы карастырғалы отырған такырып жайлы теледидар мен радиодан, ғылыми деректі немесе көркем фильмдерден кітаптар мен журналдардан немесе интернет арқылы хабардар болуы әбден мүмкін, сондыктан көп жағдайда тақырып студент үшін таныс, жаңалык болып шыкпауы ғажап емес. Оқытушы осыған дайын болып, тақырыпқа қатысты жетістіктер мен әлі шешуін күтіп турган проблемаларды білім алушы үшін әрі түсінікті, әрі қызықты тілмен жеткізе білуі керек. Қарастырылып отырған проблеманы жан-жақты, білім алушы күтпеген баска кырынан аша біліп, білім алушыға бұрыннан таныс сұрактарды тереңірек меңгеріп, ғылыми тұрғыға негізделген түсініктер бере алатын дәрежеде жеткізе білу қажет.

Алынған білімді бекіту мақсатында сабақтарда ой-елегінен өткізу арқылы есте сақтауға негізделген репродуктивті әдіс қолданылады. Ол үшін білім алушы өзіне берілген білімді, тапсырманы оқытушының бақылауымен әлденеше рет қайта ойластырып отыру қажет. Бұл әдістің білімді бекітуде алатын орны ерекше. Бірақ тек кана осы әдіспен шектеліп калу дұрыс емес. Есте сақтауды дамытуға негізделген бұл әдіс шығармашылық ойды дамытуға кері әсерін тигізеді. Оқытудың кредиттік жүйесі жағдайында шығармашылық ойды дамытып студенттің физика пәніне деген тұрақты кызығушылығын қалыптастыратын, оқытудың барлық кезеңдерін қамтитын, логикалық жағынан жетік, бірыңғай әдістемелік бағдарлама қажет.

Қорыта келе, білім алушылар физика пәнінің мазмұнын шығармашылық деңгейде меңгеру үшін оқытудың жаңа ақпараттық технологияларын (бейне таспаға жазылған дәрістерді, электронды оқу құралын, ғаламторды) пайдалана білу өте тиімді деп есептейміз.

**Пайдаланылган әдебиеттер**


1. Абылқасымова А.Е. Позновательная самостоятельность в учебной деятельности студента /учебное пособие. - Алматы: Санат, 1998. - 160 с.
2. Орманова Г.К., Кабылбекова К.А. Формирование и повышение устойчивого интереса студентов к физике путем проблемного изложения материала и Использованиицпрофессионально ориентированных задач// Высшая школа Казахстана. Алматы. 2007. № 2.-с. 170-175.
3. Андасова Б.З. Кредиттік оқыту жүйесі бойынша болашақ экономистердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың педагогикалық шарттары: автореферат кандидат педагогических наук Астана. 2007.
4. Орманова Г.К. Практика использования проблемного изложения материала для активации позновательного интереса студенттов к физике// Научные труды ЮКГУ им. М.О. Лусзова. Шымкент. 2006. 5


## АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ САБАҚТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДЫҢ РОЛІ


**Кулкараева Зулфия**
Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы
Т.Рысқұлов мектеп - лийеці ағылшын тілі пәні мұғалімі



***Резюме***

*Один из важнейших факторов в организации Внеурочная работа самостоятелной работы в обучении иностранному языку. В данной статье рассматриваются роль и пути организаций внеурочных работ в обучении английскому языку.*

***Summary***

*Extracurricular work is one of the important factors in the organization of independent works in teaching foreign languages. The article touches upon with the role and organization of extracurricular work in teaching foreign languages.*


Ағылшын тілі пәнін оқыту – мектептегі білім беру үдерісін бір тармағы ретінде Елбасының «Бала тәрбиелеу – болашаққа ең үлкен инвестиция. Біз бұл мәселеге осылай қарап, балаларымызға жақсы білім беруге ұмтылуымыз керек» пікіріне тікелей қатысты.

Шетел тілдерін үйде оқыту жұмыстарын ұйымдастыру әдісі мен теориясының маңызды бағыттарының бірі үйге берілген сабақ проблемасын шешудің ағылшын тілі пәні бойына білім алуше жумыс жасауга, басты талаптардың бірі- шығармашылык тұлғаны қалыптастыру. Білім алушымен сөздің айтылуы мен естілуі жұмыстарын ұйымдастырудың бір жолы оларды өз бетінше жұмыс жасауға үйрету. Бұл мақсатқа жету үшін сабақтан тыс жұмыстардың барысында білім алушылар маңызы зор.

Сабақтан тыс жұмыстар non class activities. Extra curricular Сабактан тыс жұмыстардың мынадай түрлері бар: бұқаралық work 1/ жеке 2/ топтык 3

Негізінен, шет тілін оқыту процесінде білім алушыларды бірігіп белгілі бір мәселені шешуге белгілі бір әрекетке өз жауапкершілігін сезініп, белсенді болуға және осы кезде өз қиялын, ой-өрісін, шығармашылығын көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен катар бұл жұмыс төмендегідей талаптарға сай келеді:

а)ақпаратты терең игереді, өйткені оны ой елегінен өткізеді;

б)білім алушы өзін-өзі еркін және ыңғайлы сезінетін өрісті калыптастырады, тілді оқып үйрену ниетін арттырады, білім алушының жеке тұлғасына тікелей әсер етіп, танымдық, шығармашылық қабілетін оятады;

в) топ білім алушылармен жасалатын жұмысты түрлі формада (жұптық, топтық, ұжымдық) өткізуді қамтамасыз етеді;

д)ойлауды белсендіреді,ынтымақтастықпен әрекет етуге үйретеді;

е)тыңдау дағдысын қалыптастырып, өзгені тыңдай алады.

Сонымен ойы терең, сезі өткір, өзіндік пікір болжамы қалыптасқан жеке тұлғаны тәрбиелеуде тіл үйренудің заман қажеттілігінен туындағаны анық, Енді сабақтан тыс уақытта ағылшын тілінен озім ұйымдастырған «The Star Hours » атты жарысты әріптестеріме ұсынып отырмын:

Glad to meet you, dear boys and girls! Today we are going to have

competition

"The Star Hours"

palace. Later it was a prison, now it is a museum and a Royal Treasury. 2. What is the home of the Queen? Birmingham Palace

3. What is there in the centre of London?

The centre of London is Trafalgar Square. It is the most beautiful place in London. In the middle of the square stands a tall column. It is a monument to Admiral Nelson There are two beautiful fountains in the square

4. What building has Big Ben?

The clock tower, which contains the hour-bell called Big Ben, is know the world over. You can hear the sound of Big Ben every hour in London. The bell is named after sir Benjamin Hall, the first commissioner of works when the Houses of Parliament were rebuilt in 1850 He was a tall man, Whose nickname was Big Ben. So people know the clock as Big Ben.

The second round

There are cards on the blackboard-the greetings with holidays

Easter

Holidays

Halloween

Christmas

St. Valentine's

The students must retell about any holidays and the participants may read the

poems about one of the holidays

1. Children usually make lanterns out of pumpkins, dress as witches and ghos and from house to house and say: "Trick or treat".

"Trick or treat".

Trick or treat, trick or treat.

Give us something good to eat

Give us candy, give us cake

Give us something sweet to take

Give us cookies, fruit and gum Hurry up and give us some

Or we'll surely play a trick

Trick or treat, trick or treat.

You had batter do it quick

Give us something good to eat

2. The day before this holiday we color to find that Bunny has left them a basket of eggs. On Sunday Children wake up candy. (The Easter)

3. We celebrate this holiday on Friday 14. It is a day love and brined stup We also decorate our classrooms with big red hearts and give red roses and chocolate our sweethearts, friends and family. (St. Valentine's Day)

For the add the most best students may read the poem

1. I have a little Valentine
2. That someone sent to me
3. It's pink and white
4. And red and blue
5. And pretty as can be
6. Forget me knots
7. Are round the edge

8. And tiny roses, too, and

Such a lovely piece of paper

The very palest blue And in the centre There's a heart As red as red can be And on it's written All in gold "to you With love from me". (By Mary Catherine Parsons.)

4. What is religious holiday ? (Christmas) and one of the happiest holidays of the year Who has the less stars will leave the game

The third round:

The students do the next tasks:

Resen day, today)

Past Simple, yowerday, last summer, some Future Simple (tomorrow, next year)

1. Name the forms of tepses years ago)

1. Do next tasks

a) repeat after teacher: "A famous singer comes to our classroom".

One of the students does the task with moving. Others must repeat the sentence one after another

b)-Say what is there usually today

Say, what will you do on Sunday? -

c) Say the phrase quietly, louder, thoughtfully, quickly:

"I am an excellent pupil"

The fourth round:

1. Game "Countdown"

On the definite time (e.g. at one minute) from the letters the students must make the words eg. b, y, l,e,c, I, m, a (bicycle)

2. The students must make a lot of words from the word 'Underground' They may give the next words: dog, rode, run, order, odd, go, god, under, ground our, do, done

The students who has the most stars becomes the winner and take the prize.

Қорыта айтқанда сабақтан тыс жұмыстардың ерекшеліктерін ескере отырып құрастырылған тапсырмаларды орындау білім алушыларға оқытылып отырған тілдің практикалык тұрғыдан қолдану нәтижесін, жемісін көруге мүмкіндік береді және осы жагдай олардың шетел тілін оқып үйренуге деген қызығушылығын арттырады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақстан мектебі. №1.2004 қаңтар. Ғылыми-педагогикалық журнал.
2. Республикалық әдістемелік педагогикалык журнал.№3(45), 2010.
3. Мектептегі шет тілі. №3(27), 2007.
4. Мектептегі шет тілі. №2(44), 2010.
5. Рогова Г.В. Методика обучения английскому языку. Москва, 1975.

## TEACHING CRITICAL THINKING SKILLS THROUGH PROJECT BASED LEARNING

**Муалова Айгул Махмутовна**

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы

Т. Рысқұлов атындағы мектеп-лицейінің ағылшын тілі пән мұғалімі

***Түйін***

*Бұл макалада сын тұрғысынан ойлауға үйретуде жобалау әдісін арқылы оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты жалпы сауаттылығын дамыту мәселелері қарастырылған.*

***Резюме***

*В статье рассматривается обучение учащихся критическому мышле через метода проектирования учитывая возростные особенности направленна повышение их качество знания.*

President of our country Nazarbayev N.A. said that: "... The primary task of the modern education system is training of people who involved in critical thinking and who are able to find themselves in the information flow". The crucial importance for human adaptation to complex realities of the modern society belongs not just to the institutional knowledge but the ability to acquire knowledge individually and apply itin

practice. Critical thinking is the intellectually disciplined process of actively and skillfully conceptualizing, applying, analyzing, synthesizing, and/or evaluating information gathered from, or generated by, observation, experience, reflection, reasoning, orcommunication, as a guide to belief and action". [1] Oliver and Utermohlen see students as too often being passive receptors of information. Through technology, the amount of information available today is massive. This information explosion is likely to continue in the future. Students need a guide to weed through the information and not just passively accept it. Students need to "develop and effectively apply critical thinking skills to their academic studies, to the complex problems that they will face, and to the critical choices they will be forced to make as a result of the information explosion and other rapid technological changes" [3].As mentioned in the section, Characteristics of Critical Thinking, critical thinking involves questioning. It is important to teach learners how to ask good questions, to think critically, in order to continue the advancement of the very fields we are teaching. "Every field stays alive only to the extent that fresh questions are generated and taken seriously". The oldest, and still the most powerful, teaching tactic for fostering critical thinking is Socratic teaching. In Socratic teaching we focus on giving students questions, not answers. «Questions that Probe Reasons and Evidence: What would be an example? Could you explain your reasons to us? Are those reasons adequate? Do you have any evidence for that? How could we find out if that is true?» [2] Questions that Probe Origin or Source Questions: Where did you get this idea? Have you been influenced by anyone? The media? Your peers? What caused you toeel this way? Questions about Viewpoints or Perspectives: How would other groups of people respond? Why? How could you answer the objection that would make? Can anyone see this another way? What would someone who disagrees say?

«A Socratic questioner should do following: keep the discussion focused, keep the discussion intellectually responsible, stimulate the discussion with probing questions, periodically summarize what has and what has not been dealt with and/or resolved, draw as many students as possible into the discussion». [2] Beyer sees the teaching of critical thinking as important to the very state of our nation. He argues that to live successfully in a democracy, people must be able to think critically in order to make sound decisions about personal and civic affairs. If students learn to think critically, then they can use good thinking as the guide by which they live their lives.

Teaching Strategies to Help Promote Critical Thinking with project based learning.

CATS (Classroom Assessment Techniques): Angelo stresses the use of ongoing classroom assessment as a way to monitor and facilitate students' critical thinking. An example of a CAT is to ask students to write a "Minute Paper" responding to questions such as "What was the most important thing you learned in today's class? What question related to this session remains uppermost in your mind?" [4, 6] The teacher selects some of the papers and prepares responses for the next class meeting.

Cooperative Learning Strategies: Cooper argues that putting students in group learning situations is the best way to foster critical thinking. "In properly structured cooperative learning environments, students perform more of the active, critical thinking with continuous support and feedback from other students and the teacher" [5,12] Classroom Discussion and Debates: McDade describes this method as the teacher presenting a case (or story) to the class without a conclusion. Using prepared questions, the teacher then leads students through a discussion, allowing students to construct a conclusion for the case or just allow your students to make their project work. Learners work in groups, Learners will discuss and there will be conflicting ideas [6]. Classroom discussion and debates can promote critical thinking. Various techniques are available. Bernstein developed a negotiation model in which students were confronted with credible but antagonistic arguments. Learners were challenged to deal with the tension between the two arguments. This tension is believed to be one component driving critical thought.

Postevaluation Questions: Daily newspaper clippings directly related to current classroom content also allow an instructor to incorporate discussion into the classroom. For example, an athlete who has been reported to have died as a result of heat illness could provide subject matter for classroom discussion or various written assignments. Such news also affords the instructor an opportunity to discuss the affective components involved. Students could be asked to step into the role of the ATC and think about the reported implications of this death from different perspectives [3].They could also list any assumptions made by the article or follow-up questions they would ask if they could interview the persons involved. This provides a forum to enlighten students to think for themselves and realize that not each person in the room perceives the article the same way. Whatever the approach taken, investigators and educators agree that assignments and arguments are useful to promote thought among students.

Investigating how to teach critical thinking skills in our English classroom through project method I found out that we should mention their levels, so I divided into three levels:
ILevel includes 1-4 th forms
2Level includes 5-7 th forms
3Level includes 8-11 th forms

In the first level I choose strategies and games to develop their thinking skill through easier activities. Such as, I used to my younger students "step the color" game. There are different colors around the board on the floor and the learners should step the colors by naming them but one thing that colors must be written wrong. For example, instead of black color must be written white, to the red color- green, learners should name what color they see. Also when, we revised with my first form the colors, numbers and classroom objects they worked in groups with posters. I gave them pictures which concerned to the reviewing theme. They put them in three right columns. Its suitable to the first and second form learners because they don't write anything at this period.

The second level includes more difficult strategies.

Zoom is a classic classroom cooperative game that never seems to go out of style. Learners must stand making a circle and the teacher must give each of learners a unique picture of an object, animal or whatever. You begin a story that incorporates whatever happens to be on your assigned photo. The next learner continues the story, incorporating their photo, and so on. They work in groups and the secretaries of each group should write the story and at the end they read themselves and know what kind of story they made. The learners can develop next skills: communicative; creative collaboration.

The benefits of this game: learners think critically, enrich their vocabulary, and learn to make sentences correctly.

The strategy world around. Learners should be divided into three groups.
Teacher gives them themes. For example, animals for one group; round and square things to the second group; food and drink to the last group. They begin to write after one minute teacher says "stop" learners will stop and changes their posters so they will correct each other's mistakes if they have, then they will continue each other's posters. Teacher continues saying "stop", at last learners will learn all vocabulary concerning to food and drink, round and square things animals, optinking skills this activity vocabulary and develop In all vocabulary development, students must know a word in three ways: by its form, its meaning, and its use. Critical thinking takes this concept even further itsudents should know a word as it relates to other words. For example, let's say that you are teaching students the following lexical set about forms of transportatioay t
Bicycle
Airplane
hot air balloon
Rocket
subway train
cruise ship
bus
Taxi
skateboard
If the learners have a solid understanding of the mentioned words, I'd suggest the following activity:

1. Divide the class into groups of four learners.
2. Ask groups to put the list of words in order from slowest to fastest.
3. Ask each group to discuss their list with another group. This activity develops learner's logical and critical thinking. For example, students decide that a skateboard is probably the slowest form of transportation on the list. However, it gets a bit more difficult after that. Is a bicycle faster than a sailboat? It depends on the wind speed. Therefore, does a sailboat move at the same speed as a hot air balloon, since they both move with the wind? Does a taxi move faster than a subway train? How about a cruise ship? Perhaps we can find the average speed of one on the Internet. Is a rocket the fastest form of transportation? Yes, everyone agrees that it is. Also you can just let them make a poster where their draw from slow one to the fastest one.

Brainstorm round a word. Take a word the class has recently learnt and ask the students to suggest all the words they associate with it. Write each suggestion. For example: clothes: jeans, sweater, trousers, skirt,

T- shirt, dress, jacket and so on. They will think and find the words which associate with it [7].The third level consists of the most difficult activities.

The Worst-Case Scenario.Fabricate a scenario in which students would need to work together and solve problems to succeed, like being stranded on a deserted island or getting lost at sea Ask them to work together to concoct a solution that ensures everyone arrives safely. You might ask them to come up with a list of 10 must-have items that would help them most, or a creative passage to safety. One week ago I gave the task as a home work. During the week they have been thinking and two groups with different decisions came up to the lesson. They did it as a project work. At the lesson they worked with posters drawing up and writing the 10 must-have items and proved their idea why they need those items.

Skills: communication, enriching vocabulary, problem solving, develop speaking, listening, writing and thinking skills.

Also you can do with them debates on various controversial themes. For example, say the students as a home task they should find information about plastic surgery. Divide them into two groups and one group should look through the advantages of plastic surgery the second group should prove that people don't really need it. Also here they can make a project work. They will discuss it themselves, developing their speaking, listening, writing thinking skills. They will be interested on your lesson. They will learn how to prove their ideas, at the same time learn other arguments. Especially they learn periodically how to solve the problems.Including all these strategies you can also use 6 thinking hats strategy. Give students one theme for instance, holidays. The class must be divided into six groups. Then they will discuss holidays up to their hats, they should prove their ideas. The results will be following: develop their speaking, thinking skills, learn to deal with each others' thoughts and prove own ideas. It helps learners to cope with problems and have their own decisions in their future life. Concluding my work, the learners are often being passive receptors of information. Oliver and Utermohlen said that learners need a guide to weed through the information and not just passively accept it. Students need to "develop and effectively apply critical thinking skills to their academic studies, to the complex problems that they will face, and to the critical choices they will be forced to make as a result of the information".Projects have to be planned around topics that lend themselves to thoughtful consideration, and students have to be provided with the tasks, supports and scaffolds needed to develop critical thinking tools and strategies. I think to make our students think critically we at first, should know ourselves what is the critical thinking, the ways, strategies to develop their thinking abilities on making projects. We should teach critical thinking to our students in order to get them ready to their future life. Critical thinking through project based learning can give students practice in brainstorming causes, forming specific hypotheses, testing these hypotheses at different points, discussing in small groups which hypotheses seem more explanatory at different points in time, crafting a well-reasoned argument and finally, preparing a public presentation based on that argument. I think that I'm in a very way and hope that have found some ways and shared actually with my experiences.

## REFERENCES

1. Paul, R. and Elder, L. Foundation For Critical Thinking. Handbook for Teacher Second (intermediate) level. Third Edition, 1997.
2. http://www.criticalthinking.org/pages/socratic-teaching/606
3. http://www.wikihow.com/Teach-Critical-Thinking
http://theconversation.com/lets-stop-trying-to-teach-students-critical-thinking
30321
4.//www.P21.org/news-events/P21 blog/1097 5. Cooper J. L. Cooperative learning and critical thinking. Teaching of Psychology, -1995, 22(1), 7-8 p. p.

6. McDade S. A. Case study pedagogy to advance critical thinking. Teaching
Psychology-1995, 22(1), 9-10p.
7. Penny Ur & Andrew. Five- Minute Activities. A resourse book of short activities - 2000.

# ФИЗИКА ПӘНІНДЕ ОҚУШЫЛАРҒА ҰЛТТЫК ТӘРБИЕНІ ДӘРІПТЕУ

**Исабекова Райса Сентрбаевна**
Түркістан облысы Қазығұрт ауданы Т.Рысқұлов атындағы мектеп лицейінің
физика пәнінің мұғалімі
**Егенова Балнур Жандосқызы**
Алматы қаласы, "Тұран" колледжінің физика пәні оқытушысы

***Резюме***

*В данной статье рассмотрено о популяризации национального воспитания учащихся на уроках физики*

***Summary***

*Summary In this article considered about popularising of national education of pupils at the lessons of physics*

Казақтың әдет-ғұрып, салт-санасында кездесетін кейбір элементтерді физика сабағында қолдануға болады. Біз осыдан жазу-сызуы болмаган халқымыздың табиғат құбылыстарын дұрыс түсіне білгендігін, көрегендігін, данантоидығын аңғарамыз. «Акустикалык резонанс» такырыбында резонанс құбылысы музыкалық аспаптары (рояль, домбыра, гитара, қобыз, сыбызгы және т.б) дыбысын күшейту үшін колданылады. Мысалы, домбыра шанагының меншікті тербелісі оның ішектерінің тербелісімен сәйкестендіріледі. Сондықтан шанақ резонатор болып табылады. Дыбысты тек домбыра шанағы ғана емес оның ішіндегі ауа да күшейтеді. Сондықтан домбыра шанағы ойықтың пішіні мен өлшемі де кездейсок жасалынбайды. Шанақ тербелісі аспап үнінің өзіндік бояуын-тембірін анықтайды. Аспап үні тембірге байланысты жағымды-жағымсыз болып шығады. Музыкалык аспап үнінің сапалы шығуы оның арнайы ағаштан, біліктілікпен шебер жасалуына байланысты болады. Ұлттық таным-талғам арқылы физикалық ұғымдарды таныстыру және менгеру үшін жаңа өміршең, мазмұнды, құнды, халықтың салт-дәстүрімен физика сабақтарын түрлі формада өткізуге тырысамын.

Сабақ өту барысында белгілі бір тақырыпты откен кезде мысал ретінде кажетті мақалды келтіре отырып, оның тәрбиелік және физикалық мәніне түсінік берген өте пайдалы. «Дән себілмей астық өнбейді, дария буланбай шық түспейді» мақалының тәрбиелік мәнін өмірдегі барлық құбылыстар өзара себеп-салдарлы байланыста болатындығынан болса, физикалық тұрғыдан астында да, жер бетіндегі судың температурасының артуынан ол буланып (кебу) ал температура томендегенде су тамшыларының суынып- конденсациялануынан ішкі энергия кемуінен шық пайда болатындығын түсіндіреміз. «Күн шыққан соң суарған суды күн жұтады. Күн батқан соң суарған суды жер жұтады» мақалының тәрбиелік мәні: егістіктің таңертең күн шықпай, не күн бата суару керектігі айтылады. Ал физикалық тұрғыдан күн шығып тұрғанда егістікті суарса, температуранын жоғарылағанынан кебу үрдісі жақсы жүреді. Жер тез кеуіп қалады, ал кеш бата суарғанда температура төмендегендіктен кебу үрдісі баяу жүреді де су толығымен жерге сіңіп үлгереді. «Отты үрлеген жағады, Шындықты іздеген табады». Отты үрлеген кезде, отқа жаңа таза ауа келеді, от жақсы жанады. «Теректің жануында мін жоқ. Бірақ жылуында мән жок». Терек жақсы жанады, оның меншікті жану жылуы аз болғандықтан тез жанып кетеді де, жылуды аз береді. «Азықсыз адам алысқа бармайды». Адам әр уақытта энергияны астан алады, сгер тамақтанбаса, адамның әл-ауқаты да болмайды, сондықтан күнделікті дұрыс тамақтану кажет. «Тонның жылуы терісінен емес жүнінен». Тонды әдетте қойдың, түйенің терісінен илейді, ал жүннің арасында ауа болады. Ауаның жылу өткізгіштігі нашар, сондықтан тон адамның жылуын сыртка, ал сырткы суықты адам денесіне нашар откізеді.«Нан піскенше күлше күйеді». Неғұрлым қыздырылған дененің массасы аз болса,оған соғұрлым аз жылу керек. Таба нан салғанда нан жұқа болса, әрі кіші болса, ол күйіп кетпеу үшін отты аз қалау керек. Осындай ұлттық тәрбиеге негізделіп жүргізілген жұмыстар аркылы гасырлар бойы жинакталган құнды тәжірибелер мен тәлімді тәрбиені, адамгершілік кагидаларын оқушылар бойына сіңірудің мүмкіндігі мол.

Киіз үйдің өзі тұнып тұрған физикалық өлшем гой! Киіз үйдің негізгі материалы - киіз болып табылады. Киіз жүннен жасалады, жүн ылғал мен температура әсерінен ширайды да, көлемі кішірейіп, тығыздығы артады. Киіздің жылу өткізгіштігі нашар, сондықтан осы киіз үй аптап шілдеде сая, ызғырықта жылы баспана болуын қамтамасыз етеді. Қандай ыстық болса да киіз үйдің ауасы таза салкын болуы конвекцияга байланысты Конвекцияда жылы ауа тығыздығы кеміген соң ауа салмағы жеңілдеп, жоғары көтеріледі, салқын ауа тығыздығы көп болған соң ауырлау болады да, жылы ауа орнын басады.

Физика пәндерін оқытудың жаңа әдістемелік жүйесі, мектептерде пәнді окытып үйретудің тиімді жолдарының бірі окушылардың іс-әрекеттерін белсендіру мен білім алуга куштарлыгын арттыру. Осы тұрғыда негізгі мектепте оқытуды ұйымдастыру мәселесіне, оқу-тәрбие жұмысыныц денгейін көтеруге және оның беделін жоғарылатуға көңіл бөлу қарастырылган. Қазіргі кезде оқытудың тиімді әдістерін зерттеп, оны іс жүзінде қолдануға ұсыну күрделі мәселелердің біріне айналды. Оқушыларды қоршаған орта заттарымен, құбылыстарымен таныстырып, олар жайында ғылыми ұғымдарын жүйелеп, көзқарастарын қалыптастыруда негізгі мектепте оқытылтын физика пәндерінің мәні зор. Негізгі білім беру мекемелерінің тәрбие беру мен оқыту адістемелерінің тура келеді. Қазақ халқының сан ғасырлар бойы жинақтаған мол тәжірибесін, танымдык мұрасын, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, аңыз ертегілері, жұмбақ, мақал-мәтелдер, өлең-жырлары, ұлттық ойындары ерекше тәрбиелік мәні бар баға жетпес асыл қазына.

Қорыта келгенде, ғасырлар бойы сақталып бізге дейін жеткен ата-бабаларымыздың ақылын гылыми тұрғыдан талқылап, ұрпақтарымызға жеткізе білу ұстаздық парызымы Халқымыздың асыл мұрасын физиканы оқыту барысында негізге алу окушылардың ұлттық дүниетанымдық көзқарастарын қалыптастырумен бірге, олардың ой - өрісін, пе деген қызығушылығын арттырады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1.Г.Б.Әлімбекова. Физика Понін халықтық педагогика тағылымдарымен байланыстыра отырып окыту. Оку құралы. Алматы. "Литера." 2001 ж.

2. "Математика және физика" журналы. 2006, №6.

3. "Ұлағат" журналы. 1999, №2.

4. "ИФМ" журналы. 2010 ж.


## ҚАЗІРГІ ТАНДАГЫ ЖАНА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ИНФОРМАТИКА ПАН САБАГЫНА ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ


**Оспанова Камшат Ержановна**

Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы,

Т.Рысқұлов атындағы мектеп-лицейінің информатика пәні мұғалімі



***Резюме***

*В данной статье рассматриваются пути эффективного использования новых информационных технологий в современном уроке.*

***Summary***

*This article focuses on the effective use of new information technologies in modern lesson*


Қазіргі уақыттағы білім беру қызметкерлерінің алдында тұрған басты мақсат- еліміздегі білім беруде халықаралық денгейге көтеру және білім сапасын көтеру, жеке тұлғаны қалыптастыру, қоғам қажеттілігін өтеу, оны әлемдік білім кеңістігіне кіріктіру болмақ. Біріккен Ұлттар Ұйымының шешімімен «XXI ғасыр ақпараттандыру ғасыры» деп аталады.

Заман талабына сай көштен қалмай қазіргі таңда педагогтан өз пәнінің терең білгірі гана болу емес, теориялық, нормативтік құқықтық, психологиялық педагогикалық, дидактикалық әдістемелік тұрғыдан сауатты және ақпараттық компьютерлік технология құралдарының мүмкіндіктерін жан жақты игерген ақпараттық, құзырлығы қалыптасқан маман болуын талап етуде. Көптеген жана технологиялармен қатар сонгы кездері информатика пәні сабақтарында акпараттық технологиялар жиі қолданылуда. Осыған байланысты күнделікті сабаққа: - мультимедия видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, электрондық оқулықтарды; компьютер компьютерлік бағдарламалар, интерактивті тақта, интернет және т.б. көрнекі материалдарды пайдалану айтарлықтай нәтиже береді.

«Технология» гректің «teche»- онер, шеберлік және «logos» гылым деген сезінен шыққан, яғни «шеберлік туралы ғылым» деген мағынаны білдіреді. Оқыту технологиясы мен әдістеме ғылымы бір-бірімен тығыз байланысты. Әдістеме ғылымы «Нені оқыту керек?», «Не үшін оқыту керек?», «Қалай оқыту керек?» деген сұрақтарға жауап іздесе, оқыту технологиясы «Қалай нәтижелі оқытуға болады?» деген мәселенің шешімін іздейді. Олардың мақсаты бір, яғни оқытудың тиімді жолдарын карастыру. Оқытудың тиімді жолдары оқытудың әр түрлі әдістері арқылы анықталады.

Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын ояту оқытушының сабақ өткізу тәсіліне де байланысты. Қазіргі таңда оқудың интерактивті әдіс-тәсілдері өте көп. Педагогикалық ғалым мен озық тәжірибенің бүгінгі даму деңгейінде белгілі болған окыту әдіс-тәсілдерінің бәрін де еркін игеріп, әрбір нақтылы жағдайларға орай ең тиімдісін тандап алу және олардың бірнешеуінің жиынтығын түрлендіре тиімді, үйлесімді әрі шығармашылықпен колдану- сабақтын сәтті өтуінің кепілі. Осы ретте мына мәселелерге баса назар аударғым келеді.

1. Оқушы сәтсіз өткен сабақтарға өзіндік талдау жасап өз кемшілігін іздеуге әрекет жасау керек.

2. Білім мен тәрбие беруді үйрене отырып, әдістемелік, тың ізденістерге сүйене отырып жанапшылдыққа талпыну қажет.

3. Оқытушы күнделікті әр сабағына дайындалуы керек. Өйткені сабак-оқытушының өнері, шығармасы. Сондыктан әр сабақты тиімді ұйымдастыру оқушыны жалықтырмайтын, қабілетін арттыратын жағдай туғызуға ықпал етуі керек деп ойлаймыз.

Ақпараттық технологиялардың бірі - интерактивтік тақта, мультимедиялык және онлайн сабақтары.

Ақпараттық технология негіздері тұлғаның информатика пәнінен алған білім сальм мен сауаттылығын кеңейтуге жәрдемдеседі, мысалы: интернет сайты аркылы жоғары деңгейдегі көрнекіліктерді пайдалануға болады. Заман ағымына қарай сабаққа видео, аудио кондырғылары мен теледидарды, компьютерді қолдану студенттің дүниетанымын кеңейтеді. Әсіресе, окулықтағы тарауларды қорытындылау кезінде студенттер косымша материалдар жинақтап, білімдерін кеңейтіп, танымдық белсенділігін арттырып кана коймай, қисынды ойлау жүйесін қалыптастырып, шығармашылығын дамытады. Тестік тапсырмалар орындайды. Компьютер көмегімен оқыту оң нәтижелер береді.

Жаңа ақпараттық технологияның негізгі ерекшелігі бұл студенттерге ез бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, вз жұмысының нәтижесін көріп, өз өзіне сын көзбен қарауы. Сабақтың сәтті етуі біріншіден, оқытушының біліміне, іскерлігіне, тәжірибесіне байланысты болса, екіншіден, сабақ материалына, ал үшіншіден аудитория типіне, төртіншіден оқытушы мен студенттің көңіл күйіне де байланысты. Сабақты тартымды әрі сәтті өткізе білу оқытушылар қауымынан көп ізденуді, білімділікті, қабілеттілікті және тапкырлыкты кажет етеді. Ақпараттық технологияларды жүзеге асырудағы тағы бір мүмкіндігі ол электронды окулық. Электрондық окулық бұл дидактикалық әдіс-тәсілдер мен ақпараттык технологияны қолдануға негізделген түбегейлі жүйе. Электронды оқулықпен оқыту оқытушының студентпен жеке жұмыс істегендей болады. Электрондық оқулық тек қана оқушы үшін емес, оқытушының дидактикалық әдістемелік көмекші құралы да болып табылады.

Қазіргі заманның даму қарқыны оқытушылардан шығармашылығын ғылыми-зерттеу бағытында құруды талап етеді. Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі студенттің жанаша ойлау кабілетін қалыптастырады. Бүгінгі таңдағы акпараттық қоғам аймағындағы студенттердің ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологиялардың тиімділігі жоғары болмак. Жаңа ақпараттық техникаларын пайдалану соңғы уақытта мектептегі білім беру жүйесінде манызды бағыттардың бірі болып табылады. Мультимедиялық технологиялар көбіне компьютерлік аудиторияларда қолданылады. Қазіргі уақытта сабақ материалына байланысты көптеген компакт-дискілер бар.

Келесі бір манызды жағдай уакытты үнемдеу. Осындай акпарат құралдарын пайдалана отырып, мен сабак барысында студенттердің кабілетіне, білім денгейіне, ынтасына карай топка беліп, өз бетімен еңбектенуге, ізденуге, шыгармашылыкка баулып, корытынды жасауга машықтандырамын, студенттің ақыл-ойын дамытып, өзіндік дүниетанымын қалыптастырамын, сабаққа ынтасын арттырып, тапсырманы орындау барысында жіберілген кателер мен кемшіліктерді уақытында анықтап түзетуге мүмкіндік беремін. Сабақ барысында студенттерді біліммен қаруландырып коймай оларды қисынды ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту үшін студенттердің шығармашылық ізденісін, тапқырлығын, зеректігін, ойлауга икемділігін, өмірге ғылыми көзқарасын дамытута өткізілген аудиториядан тыс жұмыстар: «Миға шабуыл», «Көнілді тапқыштар», «Тапкыр достар» сияқты танымдық ойындарын, түрлі тренингтерді қолданамын. Алынған өзекті тақырыпты басшылыққа ала отыра және істелінген жұмыстарды қорытындылай келе езін-өзі бағалай білетін, шығармашылық денгейі жоғары жан-жақты тұлға қалыптастыра отыра, студенттің білім сапасын көтеремін, алған білімдерін өмірмен ұштастыруға бағыт беріп студент кұзырлығын дамытамын. Осындай тәжірибем оқушылардың арқылы білімін, дағдыларын, ойлау қабілеттерін, шығармашылық ізденісін бакылау арқылы біршама нәтижеге жеттім.

Жалпы оқушылардың ақпараттық технология негіздерінен алған білімі арқылы:

1. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артады, құлшынысы оянады.
2. Шығармашылық қабілеттері артады.
3. Жылдам ойлауға машықтанады, білім сапасы артады.
4.Студент өз бетімен жұмыс жасауға дағдыланды.
5. Компьютерлік сауатты болуға үйренеді.

Қорыта айтқанда, ақпараттык технологияның оқытушы жұмысына ең тиімдісі оқушылардың білім олқылықтарына үнемі зерттеу жасап, түзету жұмыстарын жүргізуге пайдасы бар. Қазіргі заманның даму қарқыны оқытушылардың шығармашылығын жаңаша, ғылыми-зерттеу бағытында құруды талап етеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. «Информатика негіздері» журналдары.
2. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша кабілетті 50 елдін катарына кіру стратегиясы».
3. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы.
4. А. Салихова «Оқушылардың шығармашылығын дамыту» 5. Ғылыми-әдістемелік журнал, №5-2009 ж.
6. Ералиева М. Оқытудың қазіргі технологиялары / М. Ералиева // Бастауыш мектеп. -2006.-№5.


УДК: 372.8:54

## СОВРЕМЕННЫЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ СИСТЕМАХ


**М.Б. Анарметова[1], А.Е. Битемирова[2]**

[1]Магистрант Южно-Казахстанский педагогический университет имени Өзбекәлі Жәнібеков

[2]Кондидат химических наук доцент

Южно-Казахстанский педагогический университет имени Өзбекәлі Жәнібеков

(Қазақстан, Шымкент қ.), **e-mail: Anarmetova.m@mail.ru**



***Түйін***

*Қазіргі қарқынды дамып келе жатқан қоғамда білім беру қазіргі заманғы талаптарға сәйкес келетін кадрларды даярлауда шешуші рөл атқарады. Мақала білім мен біліктілік мазмұнын үнемі жаңартып отыру қажеттілігін баса көрсете отырып, әлемдік білім беру кеңістігіндегі өзекті тенденцияларды қарастырады. Жоғары білім берудегі реформалар білім беру ұйымдарының алдына қатынастар мен мамандықтардың жаңа салаларына бейімделу міндетін қояды.*

*Мақаланың негізгі бағыты жоғары білім беруді әлемдік стандарттармен үйлестіру принциптерін зерттеуге бағытталған, бұл білім беру процесіне инновацияларды басымдықпен енгізуді талап етеді. Қоғам дамуының инновациялық жолы шығармашылық ойлауға және тез өзгеретін әлемге бейімделуге қабілетті жаңа ұрпақты қалыптастырудың негізгі сәті ретінде қарастырылады.*

*Басты назар студенттің жеке басының дамуына, оның мәдени және коммуникативті дайындығына аударылады. Білімді өз бетінше игеру, ақпараттық және әлеуметтік дағдыларды дамыту сияқты аспектілер қамтылған. Мақала қазіргі заманғы сын-қатерлер мен қажеттіліктер контекстінде білім беру жүйесіне жаңа педагогикалық технологияларды енгізудің негізгі аспектілерін зерттеуге бағытталған.*

***Summary***

*In today's dynamically developing society, education plays a key role in training personnel who meet modern requirements. The article examines current trends in the global educational space, emphasizing the need for constant updating of the content of knowledge and qualifications. Reforms in higher education set educational institutions the task of adapting to new areas of relations and specialties.*

*The main focus of the article is on the study of the principles of harmonization of higher education with international standards, which requires priority implementation of innovations in the educational process. The innovative way of development of society is considered as a key moment in the formation of a new generation capable of creative thinking and adaptation to a rapidly changing world.*

*The main attention is paid to the development of the student's personality, his cultural and communicative readiness. Aspects such as the independent acquisition of knowledge, the development of information and social skills are highlighted. The article is aimed at researching the main aspects of the introduction of new pedagogical technologies into the education system in the context of modern challenges and needs.*

Современная образовательная парадигма действительно сосредотачивается на создании системы образования, которая способствует развитию компетентной творческой личности учащегося. Эта парадигма предполагает изменение акцентов в образовательном процессе, с учетом потребностей современного общества и быстро меняющейся информационной среды.

Президент Республики Казахстан К.К.Токаев в своем Послании народу в сентябре 2020 года четко отметил тенденцию: «переориентация всей системы профессионального образования на формирование компетенций, востребованных на рынке труда», где подчеркивается, что главным приоритетом организаций образования является качество образования [1].

Современные тенденции развития естественнонаучного образования предполагают пересмотр подходов к организации образовательного процесса, а также внедрение новых принципов создания образовательного опыта в школах [2]. Эти тенденции связаны с современной наукой и педагогикой, которые подчеркивают важность развития научного понимания и критического мышления [3].

В современном мире, ориентированном на инновации, образовательные учреждения играют ключевую роль в формировании подготовленности учащихся к восприятию и применению новых научных концепций и методологий. Функциональные особенности образования в контексте формирования инновационного общества включают:

- Актуализация знаний-образовательные программы должны быть ориентированы на последние научные исследования, обеспечивая студентов свежими и актуальными знаниями.
- Развитие критического мышления-обучение студентов критическому мышлению и анализу, что способствует более эффективному восприятию новых идей и подходов.
- Применение научных методов-стимулирование студентов к использованию научных методов в решении проблем и выполнении проектов, что способствует практическому использованию новых идей.
- Обучение технологической грамотности-интеграция технологий в учебный процесс, чтобы студенты освоили навыки работы с новыми инструментами и технологиями.
- Поддержка творческого мышления-обучение способам поощрения творческого мышления и инновационного подхода к решению проблем.
- Проектно-ориентированное обучение-недрение проектно-ориентированных методов обучения, что позволяет студентам применять полученные знания на практике.
- Самостоятельное обучение-развитие у студентов навыков самостоятельного обучения и исследовательской работы, чтобы они могли эффективно воспринимать новые концепции вне учебного класса.
- Гибкие образовательные подходы-использование гибких образовательных моделей, позволяющих быстро адаптироваться к изменениям в научных парадигмах и требованиях рынка.
- Междисциплинарность-содействие междисциплинарному обучению, что способствует пониманию взаимосвязей между различными областями знаний.
- Коммуникационные навыки-развитие у студентов навыков эффективной коммуникации, что существенно для обмена идеями и коллективной работы в инновационной среде.

Эти функциональные особенности образования сориентированы на формирование гибких, творческих и новых личностей, готовых к успешной адаптации в быстро меняющемся обществе.

Педагогическая практика требует создания относительно простого и в то же время наиболее универсального инструментария для осуществления личностного и профессионального развития студентов. Этот инструментарий должен раскрывать структуру этого развития и его динамику в новых технологиях обучения, в моделировании самой образовательной среды. В этом контексте следует пересмотреть основные компоненты образования: содержание, формы, методы, технологии обучения, методическое обеспечение (включая учебники), функции учителя.

Понятие "педагогические технологии" трансформировалось в новые понятия: образовательные технологии, педагогические технологии, технологии обучения. Образовательные технологии отражают общую стратегию развития образования, единое образовательное пространство, их назначение - прогнозирование развития образования, его конкретное проектирование и планирование,

прогнозирование результатов, а также определение соответствующих образовательным целям стандартов. Примерами образовательных технологий являются концепции образования, система образования. На современном этапе это гуманистическая концепция образования; система образования и т.д.

Если образовательные технологии отражают стратегию образования, то педагогические технологии воплощают тактику ее реализации в образовательном процессе путем внедрения моделей последнего и идентичных моделей управления этим процессом. Например, модель личностно-ориентированного развивающего обучения, модульного развивающего обучения, проблемного обучения и т.д. Итак, педагогическая технология отражает модель образовательных и управленческих процессов образовательного учреждения и объединяет содержание, формы и средства каждого из них.

Близкое, но не идентичное понятию педагогической технологии, понятие технологии обучения. Оно отражает способ усвоения конкретного учебного материала (концепции) в рамках соответствующего учебного предмета, темы, вопроса. Необходима особая организация содержания образования, адекватные формы и методы обучения. Но возможны и следующие варианты: содержание и методы обучения соответствуют формам преподавания или методам - формы и содержание обучения структурированы [4].

Например, это может быть предметное обучение, игровая технология, технология проблемного обучения (на методическом уровне), информационные технологии, технология использования вспомогательных схем, конспектов, классическое лекционное обучение, обучение с использованием аудиовизуальных технических средств или книг, консультирование, индивидуальное, дистанционное обучение, компьютерное обучение и т.д.

Педагогическая техника отражает уровень мастерства учителя. Степень развития субъектов обучения и воспитательной деятельности зависит от того, как и какими методами обучения и воспитания он владеет. Это означает, что понятие "педагогическая технология", несомненно, связано с понятиями "образовательная или воспитательная технология", "педагогическая технология", "образовательная технология".

Педагогическая технология должна соответствовать некоторым основным методологическим требованиям, критериям технологичности [5]: концептуальность (опора на определенную концепцию, содержащую философские, психолого-дидактические и социально-педагогические обоснования образовательных целей); системность (педагогическая разработка должна обладать всеми признаками системы); системность процесса, взаимосвязь всех его частей, целостность; управляемость (возможность планирования целей, проектирования процесса обучения, пошаговой диагностики, варьирования средств и методов с целью коррекции результатов); эффективность (оптимальность затрат, гарантированное достижение запланированного результата-определенного стандарта обучения); воспроизводимость (возможность использования в других условиях того же типа, другими предметами) и единство содержательной и процедурной частей, их взаимозависимость.

Современные педагогические технологии - это синтез достижений педагогической науки и практики, сочетание традиционных элементов прошлого опыта и того, что порождено социальным и техническим прогрессом и гуманизацией, демократизацией общества и технологической революцией. Источниками и компонентами новых педагогических технологий являются: социальные преобразования и педагогическое мышление; социальные, педагогические, психологические науки; современный передовой педагогический опыт; исторический отечественный и зарубежный опыт (накопленный предыдущими поколениями); народная педагогика [6].

Особая ценность интерактивного обучения заключается в том, что учащиеся учатся эффективно работать в команде (к сожалению, учащиеся не обладают навыками командной работы). При правильном, плановом и систематическом использовании интерактивных технологий эта проблема может быть решена. Интерактивные методы обучения являются частью личностно-ориентированного обучения, поскольку они способствуют социализации личности, осознанию себя как части команды, своей роли и потенциала.

Что означает термин “инновационное обучение”? Инновационное обучение - это постоянное стремление к переоценке ценностей, сохранению тех из них, которые имеют неоспоримую важность, и отказу от тех, которые уже устарели. Инновации в образовательной деятельности связаны с активным процессом создания и распространения новых методов и средств решения дидактических задач подготовки специалистов в гармоничном сочетании классических традиционных методов и результатов творческого поиска, использованием нестандартных, прогрессивных технологий, оригинальных дидактических идей и форм обеспечения образовательного процесса.

В современном мире необходимо эффективно и последовательно решать актуальные проблемы педагогики, причем в достаточно сжатые сроки, поскольку потребности реструктуризации образования и развития соответствующей учебно-материальной базы в нашей стране очевидны уже сегодня. Помочь в этом могут новые педагогические и информационные технологии. Невозможно отделить одно от другого, поскольку только широкое внедрение новых педагогических технологий позволит изменить саму парадигму образования, и только новые информационные технологии позволят наиболее эффективно реализовать возможности, заложенные в новых педагогических технологиях. Именно новые информационные технологии позволяют в полной мере раскрыть педагогические и дидактические функции методов, реализовать заложенные в них потенциальные возможности [7].

**Литературы**


1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2020 жылғы 1 қыркүйек. «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі». [Электронды ресурс]. URL: https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president.... (қаралған күні: 05.03.2023)
2. Maslova N V 2009 *Periodic system of education laws* (Moscow: Institute of Cold Dynamics) p178
3. Popova S V, Degtyaryov A V *Problems of modern science and practice. University named afte V.I. Vernadsky* 3(79) 162-70
4. Амбра, Ф., Ферраро, Ф. Жирарди, Ф. Иавароне, М. (2020) На пути к обучению, сокращающему дистанцию: первые результаты исследования влияния дистанционного обучения на учащихся средней школы. Превосходно. Инновации. Обучать. Учиться.
5. Awe, O.A. И Church, E.M. (2020), "Гибкость проекта и креативность: сдерживающая роль полезности обучения", Управленческое решение, Том. опережающий выпуск. опережающий выпуск. Бошамп Г. (2004) Использование учителями интерактивной доски в начальных школах: на пути к эффективной структуре перехода, Технологии, педагогика и образование, Том 3 (3), стр. 337-348.
6. Бингимлас К. (2009). Барьеры на пути успешной интеграции ИКТ в учебно-познавательную среду: обзор литературы. Евразийский журнал математического, научного и технологического образования, 2009, 5(3), 235-245.
7. Burkšaitienė, N. (2018) Как среда обучения в университете может способствовать развитию креативности студентов? Точка зрения литовских студентов, исследования креативности 11 (1): 162-171.


УДК 831.25.63

## ЗНАЧЕНИЕ ИЗУЧЕНИЯ ОКРУЖАЮЩЕГО МИРА ДЛЯ УМСТВЕННОГО РАЗВИТИЯ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

**Султанбекова А.А.**
Южно-Казахстанский педагогический университет им. У.Жанибекова
Шымкент, Казахстан

***Түйін***

*Мектеп жасына дейінгі балалардың психикалық дамуы үшін қоршаған әлемді зерттеудің маңыздылығы*

***Summary***

*Study of the surrounding world for the mental development of preschool children importance*

Ознакомление с окружающим миром обеспечивает формирование у детей целостной картины окружающего мира в его многообразии и взаимосвязях; экологической и культурологической грамотности, нравственно-этических и безопасных норм взаимодействия с природой и людьми; воспитание гармонично развитой, духовно-нравственной личности, гражданина, любящего свою Родину, уважающего образ жизни, нравы и традиции народов, его населяющих; личности, стремящейся активно участвовать в природоохранной и творческой деятельности.

Дошкольное детство - это период, во время которого у ребенка возникают первые представления об окружающем мире, его закономерностях и взаимосвязях. Полученные знания дети применяют на практике, используя их в своих играх и при выполнении обучающих заданий. Любовь к природе,

бережное отношение к результату труда человека, понимание отношений между людьми – фундамент этого закладывается именно в дошкольном возрасте.
Природа — важнейшее средство воспитания и развития детей дошкольного возраста. С помощью органов чувств ребёнок воспринимает многообразие свойств природных объектов: форму, величину, звуки, краски, пространственное положение, движение и т.д.

У него формируются первоначальные конкретные и яркие представления о природе, которые в дальнейшем помогают ему увидеть и понять связи и отношения природных явлений, усвоить новые понятия. Многие связи и отношения между природными явлениями дети познают в процессе наблюдений. Это дает возможность развивать у воспитанников логическое мышление.
На основе приобретенных знаний формируются такие качества, как реалистическое понимание явлений природы, любознательность, умение наблюдать, логически мыслить, эстетически относиться ко всему живому. Любовь к природе, навыки бережного отношения к ней, забота о живых существах рождают не только интерес к природе, но и способствуют формированию у них лучших черт характера, как патриотизм, трудолюбие, уважение к труду взрослых, охраняющих и умножающих природные богатства.

Влияние природы на развитие личности ребенка связано с формированием у него определенных знаний о ее объектах и явлениях. В процессе наблюдений, игр и труда в природе дети знакомятся со свойствами и качествами объектов и явлений природы, учатся замечать их изменение и развитие. У них развивается любознательность.

Природа — важнейшее средство воспитания и развития детей дошкольного возраста. Влияние природы на развитие личности ребенка связано с формированием у него определенных знаний о ее объектах и явлениях.
В процессе ознакомления с окружающим миром дошкольники получают элементарные сведения о неживой и живой природе, знакомятся с некоторыми производствами и трудом людей своей области (края), района, города, села. В содержание природоведческого образования и воспитания входит непосредственное изучение детьми объектов природы путем проведения наблюдений, постановки опытов с растениями и животными, ознакомления дошкольников с трудовой деятельностью, человека, а также практическое участие школьников в труде.

Природоведческий материал изучается детьми очень рано. При ознакомлении детей с окружающим миром накапливаются и формируются знания о многообразии предметов неживой и живой природы, их изменениях. В дошкольном детстве природоведческие знания расширяются, объекты природы изучаются в связи с сезонными изменениями, поэтому со многими явлениями в природе учащиеся знакомятся по временам года. Например, изучают растения в разные времена года. Особое место здесь уделяется наблюдению за изменениями в жизни растений осенью, зимой, весной.

Природоведческие знания дошкольники получают из самых разнообразных источников (природа, учебники, научно-популярная литература, сообщения воспитателя, родителей, периодическая печать, кино, радио, телевидение и т. д.). Такой широкий диапазон получения информации позволяет наиболее успешно решать учебно-воспитательные задачи.
Познавая мир, у малышей формируется и определенное отношение к окружающему: к людям, их поступкам, к природе, музыке, искусству. А отношению к окружающему дети учатся у нас. Они внимательно наблюдают за нашим поведением, реакциями и подражают нам.
По мере взросления малыши могут глубже понимать природу и ее закономерности.

К старшему дошкольному возрасту знания о мире значительно расширяются, формируется представление о существенных свойствах предметов и явлений, абстрактных понятиях.
Если не поддерживать и не развивать у дошкольников познавательную активность, она значительно снизится, что скажется негативно на дальнейшем овладении знаниями в детском саду и школе.
Ознакомление с окружающим обогащает чувственный опыт ребенка - учит его быть внимательным к тому, что его окружает. Обогащение чувственного опыта неразрывно связано с развитием чувственного познания - ощущений, восприятия, представлений.
Занятия по ознакомлению с окружающим включают в себя:
- Ознакомление с явлениями социальной жизни;
- Ознакомление с предметным миром, созданным человеком;
- Ознакомление с явлениями живой и неживой природы.

Во время занятий детей знакомят с определенным типом свойств, связей и отношений. Ознакомление с явлениями социальной жизни вводит детей в мир социальных отношений и формирует представления о человеке, о строении его тела, об основных функциях организма, о видах деятельности человека, о его чувствах и взаимоотношениях в социуме. В ходе ознакомления с предметным миром, созданным

руками человека, у детей формируется представление о функциональном назначении основных предметов, окружающих ребенка, и о способах действия с ними.

В процессе ознакомления с природой у детей формируется представление о живом и неживом мире, о взаимосвязи взаимозависимости объектов и явлений природы. Особое внимание обращается на зависимость жизни и деятельности человека от природных условий в постоянно меняющейся среде - дети учатся видеть понимать реальные причины зависимости.

Изучение природы, общества и человека способствует нравственному становлению личности, формированию гуманного отношения ко всему живому. Ребенок усваивает правила поведения, учится взаимодействовать с другими людьми, понимать самого себя, управлять своим поведением.

Важной стороной личности растущего ребенка является воспитание экологической культуры. Дети познают азбуку законов жизни природы, узнают о взаимодействии растительных и животных организмов, о необходимости бережного, рачительного и разумного отношения к природной среде. В процессе обучения формируется опыт оценки поведения человека в природе, развиваются умения и навыки ухода за животными, растениями, оказания им необходимой помощи как в искусственной, так и в естественной среде обитания. В основе эстетического воспитания младших школьников лежит образное, эмоциональное восприятие объектов, созданных природой и человеком. Разнообразие, яркость, динамичность объектов окружающего мира влияют на устойчивость эмоциональных впечатлений, а взаимосвязь между эмоциональным и познавательным становится условием развития эстетических чувств.

Изучение окружающего мира помогает формированию познавательных интересов детей. Они узнают о различных явлениях природы, исторических событиях, культурных традициях и других аспектах окружающего мира. Это помогает развить любознательность и желание узнавать новое.

Изучение окружающего мира способствует развитию различных навыков и умений детей дошкольного возраста. Они учатся анализировать информацию, делать выводы, решать проблемы, работать в команде и принимать решения. Также они развивают наблюдательность, критическое мышление и умение применять полученные знания на практике.

Формирование экологической культуры. Изучение окружающего мира помогает формированию экологической культуры дошкольников. Они узнают о важности сохранения природы, охраны окружающей среды и ответственного отношения к ней. Это помогает формированию экологического сознания и развитию экологической грамотности.

Изучение окружающего мира помогает детям понять взаимосвязи и взаимодействие различных компонентов мира. Они узнают о взаимодействии людей, животных, растений, природных явлений и других элементов окружающего мира. Это помогает им понять, что все в мире связано и взаимозависимо.

Развитие социальных навыков. Изучение окружающего мира способствует развитию социальных навыков детей. Они учатся работать в группе, слушать и уважать мнение других, выражать свои мысли и идеи, аргументировать свою точку зрения. Это помогает развитию коммуникативных навыков и способностей к сотрудничеству.

Ознакомление дошкольников с окружающим миром имеет огромное значение для их развития и формирования базовых знаний о мире, в котором они живут. В этом возрасте дети активно интересуются окружающими объектами, явлениями и процессами, и их познание окружающего мира является важным этапом их когнитивного развития.

Ознакомление с окружающим миром помогает развивать познавательные способности дошкольников, такие как наблюдение, сравнение, классификация, анализ и синтез. Дети учатся замечать и описывать различные объекты и явления, а также находить их общие и отличительные признаки. Это развивает их мышление, логику и способность к абстрактному мышлению.

Ознакомление с окружающим миром помогает формировать у детей представления о различных объектах, явлениях и процессах. Они узнают о разных живых и неживых объектах, их свойствах и функциях. Это помогает им лучше понимать и оценивать окружающий мир, а также развивать у них любознательность и интерес к новым знаниям.

Таким образом, изучение окружающего мира играет важную роль в развитии детей. Оно помогает им расширить свои знания, развить навыки и умения, формировать познавательные интересы, экологическую культуру и понимание взаимосвязей в мире.

**Литература**:

1.«Юный эколог» Николаева С.Н.; Программа экологического воспитания в детском саду: МОЗАИКА-СИНТЕЗ; Москва; 2010

2.О. В. Дыбина «Игровые технологии ознакомления дошкольников с предметным миром» / Педагогическое общество России, Москва 2008 год.
3. О. В. Дыбина «Ознакомление дошкольников с предметным миром»/ Педагогическое общество России, М., 2008 год.
4. Баряева Л.Б., Логинова Е.Т., Лопатина Л.В. Знакомимся с окружающим миром. – М.: Дрофа, 2009.

УДК 378.14

## МИКРОБИОЛОГИЯ ПӘНІН STEM –ӘДІСІМЕН ОҚЫТУДА IT - ТЕХНОЛОГИЯ МҮМКІНДІКТЕРІН ПАЙДАЛАНУ

**Э.Б.Жаппарбергенова, б.ғ. к., доцент;**
**Н.С.Алмағамбет, магистрант;**
**Ж.Б.Қосай, магистрант**
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

***Резюме***

*В данной научной статье представлены методы и результаты исследования педагогических компетенций будущих учителей-биологов при STEM – обучении предмета Микробиология с применением современных достижений в области IT- технологии. В работе исследована интеграция цифровизированного похода в проведении лабораторных занятий по Микробиологии, а также мониторинг достижений учащихся. Кроме того, использованы STEM –подходы в изучении проблемных задача по заданной теме, а также составлены критерии оценивания итогов лабораторных работ с учетом специфики изучаемых объектов.*

***Summary***

*This scientific article presents the methods and results of a study of the pedagogical competencies of future biology teachers in STEM education of the subject of Microbiology using modern achievements in the field of IT technology. The paper examines the integration of a digitalized hike in conducting laboratory classes in microbiology, as well as monitoring student achievements. In addition, STEM approaches were used in the study of problematic tasks on a given topic, as well as criteria for evaluating the results of laboratory work, taking into account the specifics of the studied objects.*

*Введение.* Заманауи педагогика саласының маңызды мәселелерінің біріне білім алушының қызығушылығын жоғарлату, оқу материалын тіршілік процесстерімен, экологиялық, экономикалық, әлеуметтік мәселелерімен байланыстыру болып келуде. Осыған орай, инновациялық педагогикалық көзқарастарды пайдаланып, болашақ жаратылыстану бағытының мамандарын дайындауда STEM-оқыту стратегиясы тиімділік танытады.

Мәселен, STEM-білім беру негізінде Микробиология пәнінің теориялық негіздерін және зертханалық, тәжірибелік тәсілдерін менгеруде білім алушылардың жеке жұмыс жасау, оқу материалын аналитикалық талдау, күнделікті тұрмыста кездесетің құбылыстарымен байланыстыру және салыстыруда аса маңызды болып келеді. Сонымен бірге, Микробиология саласының күрделі практикалық мәселелеріне шешім іздестіруде, өз бетінше тұжырымдар жасауда STEM-технологияның тәсілдері қажеттілік танытады.

Аталған маңызды мүмкіндіктерді пайдалану алдында біз бірнеше авторлардың жұмыстарына жүгіне отырып, келесіні анықтадық. Мәселен, Tanym и Jana Talap проектілер барысында орта оқу орындарына STEM – оқыту әдістері қарқында енгізіліп келуде. Аталған проектілерді орындау мақсатында арнайы STEAM-тренер аталатын мамандар айналысып келіп, кең көлемді іс шараның арқасында мектеп мұғалімдерінің STEAM-оқыту бағдарламасымен танысу динамикасы жоғарлап келеді [1].

Білім беру жүйесіндегі STEM-тәсілдер білім алушының түрлі мәселелерді жобалық зерттеуге құзыреттілігін қалыптастыратын және жан-жақты ізденісті терең жүргізетің, дербес ойлауды дамытатын дағдыларды қалыптастырады. Аталған кәсіби құзыреттілікпен дағдылар болашақ биолог мұғалімдері үшін аса маңызды, себебі, мәселен, Микробиология пәнің оқытуда теориялық негіздерін де, зертханалық, эксперименттік зерттеулерді де жан-жақты оқытуды білдіреді.

Аталған тұжырымды қазақстандық әріптестердің зерттеулері дәлелдейді. Мысалы, З.Т.Абилова басқарған бір топ зерттеушілердің еңбегінде оқу процессіндегі кәсіби құзыреттіліктың маңызы, әсіресе, рефлексивті құзыреттілігі қарастырылып, оны түзудегі жобалық технологиялар зерттелген.

Авторлар деректері бойынша жобалық технологиялар кәсіби дайындықты түрлі тәсілдер негізінде күшейтуге әкеледі. Жобаны қолдану нәтижесінде, мамандардың аналитикалық, ұйымдастырушылық және басқарушылық қабілеттері жоғарлап, кәсіби құзыреттілікті тиімдірек орындауға мүмкіндік береді. Авторлардың қорытындысы бойынша, мамандардың жобалық жұмыс нәтижесінде бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететіні дәлелденген [2].

*Зерттеудің мақсаты:* Микробиология пәнін STEM –әдісімен оқытуда IT - технология мүмкіндіктерін пайдаланудың тиімділігін зерттеу.

*Зерттеу объектілері мен әдістері. Зерттеу объектісі:* болашақ биология мұғалімдерін даярлау процесі; болашақ биология мұғалімдерін STEAM тәсілдерімен цифрландыру жағдайында оқытуды модельдеу.

*Зерттеу әдістері:* Оқытудың STEM-әдісі ретінде микробиологияның зертханалық сабақтарында берілген "проблемалық жобаны" шешуді қамтитын және шешу жолдарын құра отырып, кешенді әдістеме әзірленді. Цифрландырылған оқытуды өзектендіру мақсатында: био - және микробиологиялық объектілерді зертханалық зерттеу барысында тиімді "Mind Map" зияткерлік картасы", Google Forms бұлтты технологиялары интеграцияланды.

Сонымен қатар, STEM оқыту нәтижелерін талдай отырып, теориялық білімді, зертханалық дағдыларды, зерттеу құзыреттіліктерді бағалау мақсатында бағалау критерийлері жасалды.

*Зерттеу нәтижелері және талдау.*

Зерттеу жұмыстары екі топ білім алушыларда салыстырмалы тұрғыдан жүргізіліп, бақылау және тәжірибелік деп бөлінді. Бақылау тобында оқу процессі дәстүрлі әдістерімен өткізіліп, тәжірибе тобында жоғарыда аталған тәсілдер қолданылды. Оқу жетістіктерін, атап айтқанда академиялық үлгерімін, постэкспериментальды құзыреттілігін критериальды бағалау жұмыстары арнайы жасалған шкала негізінде екі топқа бірдей жүргізілді.

Тәжірибенің бірінші кезегінде "Mind Map" зияткерлік карта негізінде Микробиология пәнінің «Прокариоттар морфологиясы» тақырыбы бойынша "STEM-learning" әдіс негізінде дәріс өткізілді. Тәжірибеге барлығы 87 білім алушы қатысып, оның 44 бақылау тобымен, ал 43 тәжірибелік топпен қатысты. Төменде көрсетілген кестеде екі топтағы білім алушылардың пайыздық үлгерімі (кесте 1).

Оқу жетістіктерін талдай отырып, бақылау тобымен салыстырғанда тәжірибе тобыгдағы үлгерім жоғалы келгені анықталды, себебі дәстүрлі оқыту жолымен салыстырғанда Mind Map негізіндегі оқу процессі білім алушылардың қызығушылығын күшейтіп, оқу материалын тереңдетіп меңгеруге мүмкіндік берді. Мәселен, зияткер карта көмегімен бактериялардың морфологиялық ерекшеліктері визуальды зерттеліп, түр мен туыстар арасындағы өзгешеліктер жүйелі түрде салыстырылу арқылы меңгерілді.

Кесте 1

Үлгерім көрсеткіштің салыстырмалы нәтижесі

| Жалпы білім алушылар саны (87) | Успеваемость в группах, % | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 90%-100% | 75%-89% | 50%-74% | 0%-50% |
| Тәжірибелік топ (43) | 43% | 45% | 12% | 0% |
| Бақылау тобы (44) | 31% | 51% | 18% | 0% |

Тәжірибенің қорытынды кезеңінде зертханалық жұмыстарды бағалау мақсатында критерий шкаласы жасалды (кесте 2).

Кесте 2

Зертханалық жұмыстарды бағалау критерийлері

| № | Дескриптор | Зертханалық жұмыстың тақырыбы: «Прокариоттар морфологиясы» | Рейтинг, 100 балл |
|---|---|---|---|
| | Зертханалық жұмыстың мазмұны | Прокариоттардың микропрепараттарын жасау, микроскопиялау, микрофототүсірілім жасау, туыс, түр идентификациясы | 25 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Креативтілі | Креативный көзқараспен видеолабораторялық тәжірибені жасақтап, текст, анимация, визуальды элементтерін қосу, фотомикроскопиялауды компьютерлік бағдарлама арқылы өңдеу | 30 |
| | Техникалық дағдылары | Бинокулярлы микроскопқа орнатылған цифрлық фотоаппаратты пайдалану, редакциялау, фото және видеокөріністі күшейту, бактериялардың морфологиялық ерекшеліктерін айқындату, видеопроцесстердің сегменттерін қырқу, жалғау | 25 |
| | Кәсіби дағдылары | Ақпаратты жүйелеп жеткізу, талдау, салыстыру, кері байланыс түзе, тұжырымдау, бағалау | 20 |

*Қорытынды:* Зерттеу нәтижелерін қорытындылай келе, STEM-оқыту негізінде зертханалық сабақтарды модельдеу кезінде цифрлық әдістемелерді өзектендіре отырып, оқыту нәтижелері бойынша оң динамикаға қол жеткізілді. Сонымен қатар, цифрландыруды зертханалық зерттеулерде, соның ішінде прокариоттар морфологиясын микроскопиялық зерттеуде эксперимент нәтижелері туралы көрнекі түсінік алуға мүмкіндік айқындалды. Зертханалық сабақтарды модельдеу барысында үлгерімді бағалайтын дескрипторлар құрылып, педагогикалық құзыреттіліктер мен шығармашылық көзқарастың даму мүмкіндіктері анықталды.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Абдрахманова Х.К., Кудайбергенова К.Б. Мектеп мұғалімдерінің STEM- білім беру әдісімен жаратылыстану пәндерін оқытуға дайындығы. Bulletin of National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Volume 5. Number 405 (2023), 7-19 p., September-October. https://doi.org/10.32014/2023.2518-1467.572

2. З.Т.Әбілова, С.А.Ұзақбаева, К.Т.Жансугурова. Жоба технологиясы студенттердің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру құралы. Қарағанды университетінің хабаршысы. «Педагогика» сериясы. —2023. —No 4(112), 7-13 б. DOI 10.31489/2023Ped4/7-13ӘОЖ378.1



УДК 811.512.122


## АНТРОПОЦЕНТРИЗМ И АНТРОПОМОРФИЗМ В МИРОВОЗЗРЕНИИ НАРОДА И В ПОЭТИЧЕСКОМ ЯЗЫКЕ


**Баймусаева Б.Ш. к.ф.н., Ниетбай К.А., к.ф.н.**

Южно-Казахстанский педагогический университет им. У. Жанибекова

Шымкент, Казахстан



***Түйін***

*Мақалада әлемнің тілдік бейнесін сипаттауда соматизмдердің антропоморфтық образ жасау қызметі қарастырылған*

***Summary***

*The article examines the role of somatisms in creating an anthropomorphic image of the linguistic worldview*


Антропоцентризм и антропоморфизм в мировоззрении, когда названия частей человеческого тела употребляются для **обозначения** пространства, деятельности, чувств и т.д., уходит корнями в глубокую древность. В мифологическом сознании человек является центром **мироздания.** Древние видели в человеке антропоморфное воплощение вселенной: занимаемое им вертикальное положение - это его устремленность к небу, с чем связано его высокое положение, горизонтальное в человеке - это все земное, тленное («горнее» и «дольнее» в Библии) [1, с. 132].

В мифах народов мира создается антропоморфная модель Вселенной, зарождение **космоса** уподобляется человеческому рождению: так же есть Отец-Дух-Слово, Мать-**Материя-Бездна** и появление **Времени** и **Пространства** - результат их союза. **Взаимоотношения небесных** тел уподоблены взаимоотношениям людей (родственным, дружеским, враждебным). На окружающий мир человек смотрит через призму собственной **жизни, собственных** ощущений. К познанию внешнего мира человек идет через осознание самого себя. Поистине, тезис Сократа «Человек, познай себя» имеет глубокие **эзотерические корни,** ибо человек - микрокосм макрокосма.

**Человек - носитель национальной ментальности** - миросозерцания в категориях родного языка. **Влияние языка** на **способ, образ** мышления огромно, ибо язык своей **лексикой, структурой** в какой-то мере очерчивает границы сознания. Запас **мироощущения иарода** хранится в лексике, ею различаются **национальные культуры.** Национальный характер культуры находит отражение в языке посредством особого видения мира.

В описании картины мира этноса одно из главных **мест** занимает создание метафор с помощью названий частей человеческого тела. Различие в их употреблении говорит о **специфике осмыслення фрагментов мира** народом. Анализ образных выражеиий в казахском языке, которые созданы с участием таких частей тела, как голова, рука, глаза. ноги, лицо, позволяет сгруппировать их по степени сохранения внутренней формы - ближайшего этимологического значения (А. Потебня) слова, по степени связи смысла высказывания с данной частью тела.

Приведем **антропоморфные** метафоры со словом «бас» (голова) с **сохранением** его **лексического значения:**

1) басы ауырмайды - голова не болит (не волнует)

бас десе құлақ деу - вместо головы показывает ухо **(**ничего не смыслит)

басы ауырып балтыры сыздамау - болит голова, ноют икры - (приболеть)

басы жұмыр пенде - смертный с круглой головой (простой смертный)

басын жарып, көзін шығыру - голову расколоть, глаза выколоть (поступать необдуманно, наколоть дров)

басынан құс ұшырмау - не дать птице пролететь над головой (не надышится)

бас терісі келіспеген - кожа головы безобразная (некрасивый)

басынан жүгенін сыпыру - снять уздечку с головы (дать свободу, в данном - случае действие, дающее возможность животному свободно пастись, переноситься в мир человеческих отношений)

2) Определенное положение головы по отношению ко всему телу, ее действия символичны: метафоры показывают взаимоотношения между людьми:

бас ию - склонить голову (выражение почтения, преклонить колени)

бас көтеру - поднять голову (активно, уверенно действовать)

бас ұру - бить головой (бить челом)

басы ауған жаққа - куда голова повернет (куда глаза глядят)

В русском языке, как мы видим, в данных метафорах голове соответствуют другие части тела, например, чело, глаза, «бас сауғалау» - **просить пощады** голове (спасать шкуру**).** Как считает французский антрополог Клод Леви-Строс, принципы работы разума одинаковы во всех культурах, основное различие - в используемом при мышлении материале [2, с. 71].

3) Во многих выражениях голова - вместилище разума - является лексической заменой «человека разумного» - «гомо сапиенса». Например:

- басына іс түсу - быть втянутым в дело (судебное)
- басына бұлт үйірілу - над головой сгущаются тучи (попасть в беду)
- бас қосу - объединить головы, то есть умы (совещаться)
- басы аман, бауыры бүтін - голова жива, печень цела (голова цела, родные целы)
- басынан бағы ұшу - с гловы счастье улетело - (счастье покинуло) — отголосок древнего поверья о птице счастья, которая садится на голову выбранного ею человека, намек на капризы счастья, фортуны
- басын тігу - ставить на кон голову (рисковать жизнью), в данном примере реализуется имплицитное значение «головы» - жизнь, лишать ее - значит лишать жизни.
- басын тауға да, тасқа да ұру - биться головой о горы и об камень (метаться в поисках выхода в безвыходном положении). При сравнении с русским «биться головой об стенку» бросается в глаза разница в мироощущении: ощущении пространства замкнутого и открытого как результат разности культуры, оседлого и кочевого образа жизни. Хотя действие, основной мыслеобраз - обобщенное и абстрагированное представление, которое выступает как картинка; идентичны (биться головой обо что-то), у казахов открытое пространство, стены естественные, природные: горы и камень.

4) Лексема «голова» в значении «разум» как главное (головное) предводительствующее в человеческом теле переносится на социальное тело -общество:

- бас болу - быть головой (главой быть, **главенствовать)**
- әскербасы, қолбасы - **командующий** армией
- ел басы - глава страны

На универсальность такого мысленного переноса указывают и примеры прямого перевода: балык басыннан шіриді - рыба **гниет** с головы.

5) Помимо перечисленных групп значений в языке казахов слово «голова» имеет значение «начало», «истоки»

- басынан бастап - с начала
- бастан-аяқ - от начала до конца
- таудың басы, агаштың басы - вершина горы, дерева; тут мы видим уподобление по вертикальному в пространстве положению
- әр нәрсенің басын шалу - зацеплять головы чем попало (с пятого на десятое, т.е. не углубляясь в суть, поверхностно (верх - голова), опять уподобление по вертикали.

Следующая активно участвующая в прямом и переносном смысле этого слова в создании картины мира часть тела - рука, с помощью которой человек активно взаимодействует с предметным миром.

1) Это главное орудие труда человека, поэтому часто встречаются выражения, где слово «рука» имеет (или не имеет) отношения к труду.

- қолы қолына жұқпау - руки не касаются друг друга (работать споро)
- қолы тимеу - руки не доходят (некогда, много работы)
- қол қусырып отыру - сидеть сложа руки
- қолы алдына симау - руки некуда девать (нет работы)
- ақ саусақ - белые пальцы (белоручка)
- оң қолы - правая рука (в нашем правостороннем мире, где правая рука активнее левой, в данной метафоре часть тела разрастается до целой фигуры человека - до обозначения человека-помощника).

2) Разные движения рук, жесты выражают человеческие взаимоотношения, эмоциональное состояние:

- қол жаю - протянутая рука
- қолды бір сілтеу - махнуть рукой
- қол ұшын созу - подать руку (помощи)
- қол көтеру, қол жұмсау - поднять руку (рукоприкладство)
- қол қою - положить руку (подписать)
- қол байлау болу - руки связаны (мешать)

В этих выражениях сохраняется историческая память слова, этимологически они связаны с рукой. Встречаются образы, где не сразу уловишь соотношение внутренней формы слова и содержания образного выражения. Это связано с тем, что с развитием языка внутренняя форма (этимология) несколько размывается, постепенно связь её со смыслом утрачивается, но это не значит, что связи не было изначально. Лексема «рука» в сочетании с прилагательными обозначает моральные качества, материальное положение человека:

- қолы суық - холодная рука (нечист на руку), отсюда выражение «қолды болу» - быть украденным
- қолы қыска - руки короткие (бедный, не влиятельный)
- қолы ұзын - руки длинные (влиятельный)
- қолы алтын - золотые руки (мастер)
- қолы жеңіл - руки легкие (сноровистый)

4) В языке тюрских народов «қол» означает войско:

- қалың қол - несметное войско
- қолбасшы - глава войска (главнокомандующий)
- бір жагадан бас, бір жеңнен қол шыгару - высунуть голову из одного ворота, руки - из одного рукава (объединиться, собрать войско)

В поэтическом языке казахов рука дифференцируется, в создании образных выражений активное участие принимают такие части, как пальцы, кисть:

- ақсаусақ - белые пальцы (белоручка)
- бармагын шайнау - кусать большой палец (кусать локти)
- бармагынан бал тамған - мед сочится с большого пальца (большой мастер)
- бармақ басты, көз қысты - надавил большим пальцем, моргнул глазом (скрыто, тайно совершить неблаговидное дело. ср. «шито-крыто»)
- не встречается в языках других народов употребление в образных выражениях части руки от локтя до кисти - білек:

- білекті жігіт - сильный джигит,

- білек сыбану - закатать рукава, то есть действовать решительно, активно;

- ақ білек - один из признаков женской красоты у казахов.

Причину такого пристрастия к незамеченным другими народами части тела и у мужчин, и у женщин можно найти, «покопавшись» в особенностях кочевого образа жизни и даже национальной одежды. В полной опасности жизни воины-кочевники целиком полагались на физическую силу и выносливость, оружия, которыми они воевали, требовали силу рук (копье, лук, дубинка, меч), поэтому сильных джигитов называли «білекті», білегінің күші бар - есть сила в руках. Женская одежда закрывала все части тёла, но длинные рукава платья расширены книзу воланчиками, открывающими взору нижнюю от локтя **часть руки** - білек, которая в поэтической речи в сочетании с прилагательным ақ «белый» (белый цвет символ красоты у казахов) употребляется как эталон женской красоты.

Зрительное восприятие в **становлении** личности, **ее мировоззрении играет** огромную роль, поэтому часто встречаются выражения с **сохранением прямого значения** глаза - органа зрения.

1) көз салу - посмотреть, көз жүгірту - бегают глаза **(посмотреть бегло)**

- көзін сүзу - смотреть пристально, не отрывая глаз
- көзіне ілмеу - не зацеплять глазами (не замечать)

2) выражение глаз - взгляд - показывает отношение к другому человеку, эмоциональное состояние:

- көз карықтырар жарық - свет, ослепляющий глаз
- көзбен ату - стрелять глазами (злой взгляд)
- көзімен ішіп жеу - есть глазами
- көзі күлімдеу - улыбаться глазами (радостное состояние)

3) предметы внешнего мира становятся для человека объектом его действий, переживаний, дум, чувств через посредство глаз:

- көзге түсу - попасть на глаза (лезть на глаза)
- көзге ұрып тұру - бить в глаза (бросаться в глаза)
- көз жазып қалу - потерять с глаз (из виду потерять)
- көзге оттай басылу - запечатлеться как огонь (знакомый, родной предмет)
- көзге күйік болу - как ожог для глаз (доставлять страдание присутствием)
- көзге шыққан сүйелдей - как мозоль на глазу (как бельмо на глазу)
- көздің жауын алу - притягивать взор (ослеплять красотой)

4) Глаза как орган, воспринимающий свет, является мерилом света и теплоты:

- көз байланған уақыт - наступление темноты уподобляется завязыванию глаз
- көзге түртсе көргісіз - не видно, даже если ткнуть в глаза (хоть нет поэтического образа, но глубокую «культурную память» слова можно обнаружить)
- көз таныс - знакомый визуально (шапочное знакомство)
- көз көрген - глаза видели (старый знакомый)
- көзден таса жер - скрытое от глаз место (укромное место)
- бас-көз болу - быть глазами и головой (присматривать)
- көзді ашып-жұмганша - моргнуть не успеешь
- көз қылу - делать глаза (для отвода глаз)
- көз тию - попасть глазами (сглаз)
- көз бояушылық - красить глаза (пускать пыль в глаза)
- көзден бұл-бұл ұшу - от глаз улететь (не видать теперь)
- көз жұму - закрыть глаза (умереть)
- көз айым - глаза радуются (ненарадоваться)
- көзді жұмып - закрывать глаза (рискуя, надеясь на авось)

6) В современном языке почти полностью утрачена связь с внутренней формой слова «көз» в традиционных художественных тропах:

- көз ашпау - не открывать глаз (не давать перевести дух, об отрицательных явлениях)
- көзсіз батыр - герой без глаз (храбрый, отчаянно смелый)
- көзіне шөп салу — совать в глаза траву (ср. наставлять рога)
- көзі ашық - грамотный, образованный
- көзіндей көру — считать его глазами (как дорогая память о ком-либо)
- көзіне шел біту, көзінің еті өсу - глаза заплыли жиром (возгордиться)
- көзі тірі - глаза живы (жив, здравствует)

- қызыл көз - красные глаза (сварливый , неуживчивый человек)
- ақ көз - белые глаза (ничего не видеть, войти в раж)

Рассмотренные выше примеры фразеологизмов свидетельствуют о том, что антропоцентризм и антропоморфизм как принцип классификации картины мира присущ языкам всех народов, что говорит об универсальности этого принципа и логики размышления. Изучение его природы позволяет, как тонко подмечено У.М.Бахтикиреевой [4, с. 159], «более глубоко понять корреляции между «национальным духом» и «духом языка», поскольку факторы, определяющие внешнюю детерминанту языков, связаны с определенными сторонами жизни народа».

**Литература**

1. Маслова В.А. Лингвокультурология. – М.: Академия, 2001.- 204 с.
2. Коул М., Скрибнер С. Культура и мышление. - М.: Прогресс, 1977. – 264 с.
3. Казахско-русский фразеологический словарь./Под ред. А.С. Аманжолова. - Алматы, 1988. – 224 с.
4. Бахтикиреева У.М. Творческая билингвальная личность (особенности русского текста автора тюркского происхождения). – Астана, 2009.- 282 с.

УДК 591.1:373.5.091.214.18(073)

## ЖАНУАРЛАР ФИЗИОЛОГИЯСЫ

**Тулешова Жанар Нурмбековна**
педагог-шебер
№2 мамандандырылған үш тілде оқытатын мектеп
интернатының биология пәнінің мұғалімі
Шымкент,Қазақстан

***Резюме***

*Изучение физиологии животных важно для повышения биологической осведомленности учащихся. Он направляет узнать, что необходимо для подготовки к образовательным конкурсам и проведения творческих работ. Элективный курс «Физиология животных» направлен на критическое восприятие задач и предоставленной информации, развитие биологической грамотности, определение решений практических задач. При составлении годового плана факультативного курса предполагалось широко рассмотреть особенности преподавания физиологии животных. При создании программы на основе стандарта учебника биологии 7 класса главы учебника были взяты полностью и систематизированы последовательные темы. Его цель заключалась в том, чтобы предоставить студентам систематическое формирование знаний и навыков, а также последовательное всестороннее образование. В обучении переход от простых задач к сложным и задания систематизировались по возрастным особенностям. Были созданы задания, ориентированные на различные олимпийские задачи, уточняющие соответствие заданий теме.*

***Summary***

*Studying animal physiology is important for increasing students' biological awareness. He directs you to find out what is needed to prepare for educational competitions and conduct creative work. The elective course “Animal Physiology” is aimed at critical perception of tasks and provided information, development of biological literacy, and identification of solutions to practical problems.When drawing up the annual plan for the elective course, it was supposed to take a broad look at the features of teaching animal physiology. When creating a program based on the standard of a 7th grade biology textbook, the chapters of the textbook were taken in full and sequential topics were systematized. Its goal was to provide students with a systematic development of knowledge and skills, as well as a consistent, comprehensive education. In training, the transition from simple tasks to complex ones and tasks were systematized according to age characteristics. Tasks were created that focused on various Olympic tasks, clarifying the relevance of the tasks to the topic.*

**II. Оқу тақырыптық жоспар**

**Ұзақ мерзімді жоспар /аптасына - 1 сағат, жалпы – 36 сағат/**

| Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері | Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны | Сағат саны |
|---|---|---|
| **1-тоқсан** | | |
| **7.1.Экожүйелер бөлімі** | 1.Қарапайымдылардың түрлері және экологиялық таралу ерекшеліктері | 1 |
| | 2. Қарапайымдылардың географиялық таралу аймағын анықтау | 1 |
| | 3. Омыртқасыздар экологиясы. | 1 |
| | 4. Омыртқалылар экологиясы. | 1 |
| | **Практикалық тапсырмаларды шешу** | 1 |
| 7.2. **2-тарау. Тірі организмдердің системат икасы** | 1. Тірі организмдерің патшалықтарын салыстыру | 1 |
| | 2. Омыртқасыздардың сыртқы құрылысындағы ерекшеліктері | 1 |
| | 3. Омыртқалылардың сыртқы құрылысындағы ерекшеліктері | 1 |
| | **Олимпиадалық тапсырмаларды шешу** | 1 |
| **Жасушалық биологи .Су және органика лық заттар** | 1. Жануарлардың құрылыс ерекшеліктерін салыстыру | 1 |
| | 2. Микроэлементтер және макроэлементтердің организмдердегі маңызын анықтау | 1 |
| | 3. Органикалық заттардың жануарлар ағзаларындағы маңызын талдау | 1 |
| | **Практикалық жұмыс** | 1 |
| 7.4. **4-тарау. Заттард ың тасымал дануы** | 1. Жануарларда қан айналым мүшелері. | 1 |
| | 2. Буылтық құрттар, ұлулардың қан айналым мүшелері | 1 |
| | 3. Буынаяқтылардың қан айналым мүшелері | 1 |
| | 4. Омыртқалылардың қан айналым мүшелері | 1 |
| | **Олимпиадалық тапсырмаларды шешу** | 1 |
| **Тірі организмдердің қоректенуі** | 1. Жануарлардың қоректену мүшелерінің құрылысы мен қызметі | 1 |
| | 2. Буылтық құрттар, ұлулардың қоректену мүшелерінің құрылысы мен қызметі | 1 |
| | 3. Буынаяқтылардың қоректену мүшелерінің құрылысы мен қызметі | 1 |
| | 4. Омыртқалылардың қоректену мүшелерінің құрылысы мен қызметі | 1 |
| | | |
| **Тыныс алу** | 1. Омыртқалы жануарлардың тыныс алу мүшелерінің құрылысы | 1 |

| | | |
|---|---|---|
| | 2. Омыртқасыз жануарлардың тыныс алу мүшелерінің құрылысы | 1 |
| | 3. Тыныс алудың анаэробты және аэробты типтері | 1 |
| | | |
| 7.7. **7-тарау. Бөліп шығару** | 1. Омыртқасыз жануарлардың зәр шығару жүйелерінің құрылысы | 1 |
| | 2. Омыртқалы жануарлардың зәр шығару жүйелерінің құрылысы | 1 |
| | | |
| 7.8. **8-тарау. Қозғалыс** | 1. Омыртқасыз жануарлардың қозғалыс мүшелерінің құрылысы | 1 |
| | 2. Омыртқалы жануарлардың қозғалыс мүшелерінің құрылысы | 1 |
| | | |
| **Координация және реттелу** | 1. Жануарлардың жүйке жүйесінің типтері | 1 |
| | 2. Жүйке жүйесі және оның қызметі | 1 |
| | | |
| 7.10. **10-тарау. Тұқымқуалаушылық және өзгергіштік** | 1. Жануарлардағы тұқымқуалау ерекшеліктері | 1 |
| | | |
| **Көбею. Өсу және даму** | 1. Жануарлардың даму типтері (тура және түрленіп даму) | 1 |
| **Микробиология және биотехнология** | Бактериялардың формалары және түрлері | 1 |
| | 2. Вирустар | 1 |
| | **Олимпиадалық тапсырмаларды шешу** | 1 |
| | **Жалпы саны** | 36 |

Авторлық бағдарламада бөлімдер бойынша тақырыптар сындарлы оқытуға бағытталады.Оқушының пәнді терең түсінуіне байланысты, алған білімін кез-келген сайыстарда қолдана алуы қарастырылады.Оқушымен үздіксіз жұмыс жасауы нәтижесінде оқу мақсаттарына қатысты дескрипторлар беріледі.Қарапайымнан күрделіге өту арқылы дайындалатындай етіп , тапсырмалар құрастырылады.

Мысалы,1тапсырма: жалғанаяқтылар, кірпікшелілер, талшықтылар кластарының өкілдерінің суреттерін салып, аталу ерекшеліктерін латын тілінде жазылуын қарап, жазды.

Қолданылатын әдіс **“Зерттеушілік конференциясы” Дескриптор:**

1.Суреттер бойынша түрлерді ажыратады(2 ұпай)

2.Сыртқы ерекшеліктерін анықтайды(2 ұпай)

3.Физиологиясын салыстырады(2 ұпай)

4.Типтер бойынша классификациялайды(2 ұпай)

Бұл тапсырманы оқушы берілген мәтінге қарап талдады,тип өкілдерін ажыратты, ерекшеліктерін салыстырды.Типке біріктірілу себептерін айқындады.

**Сабақ 2**

***Қарапайымдылардың географиялық таралу аймағын анықтау.***

Сабақта қарапайымдылардың тіршілік ету ортасын анықтады.Тіршілік жағдайына бейімделгіштігін салыстыра дәлелдеді

**"Аялдама" әдісі** арқылы кесте бойынша топпен талдау жасап, өз пікірлерін деректермен дәлелдеді.Топтар берілген дәйектермен әр топ келесі топтың зерттеулеріне қосымша деректерді нақтылап толықтырды.Түрлердің географиясы, экологиясы,морфологиясы оқулықпен анықталды.Топпен бірлесіп жеке ерекшеліктерін салыстырды.

**Дескриптор:**

1.Топтасып жұмыс жасайды.(2 ұпай)

2.Тіршілік ету ортасын анықтайды. (2 ұпай)

3.Экологиясы, геогафиясы, физиологиясын салыстырады(2 ұпай)

Бағдарлама 7сынып оқушыларына арналады.

Бағдарлама төрт тоқсанға арналып жасалынды.

I тоқсан 9 тақырып, 9сағат

II тоқсан8 тақырып, 8сағат

III тоқсан 9 тақырып 9сағат

IV тоқсан 11тақырып 11сағат

Сабақ барысында теориялар мен практикалық тапсырмалар беріледі.Стандарттық білімдегі теорияларға қосымша мәліметтер мен практикалық тапсырмалар бірге беріледі.Бастысы сапа мен сыни ойлау дағдысын дамытуға бағытталған алдын-ала дайындалып, құрастырылған тапсырмалар беріледі.

№2 мамандандырылған үш тілде оқытатын мектеп-интернатында биология пәнін оқытудың негізінде мемлекеттік стандарт жүктемесі бойынша барлық сыныптарға элективті таңдау курстары берілген. Осыған орай, авторлық бағдарлама маңызды әрі өзекті тақырыптарды қамтиды.

**Бағдарламаның мақсаты:**

**1.**«Жануарлар физиологиясы» элективті таңдау курсына арналған авторлық бағдарламаның басты мақсаты оқушылардың шығармашылық ынтасын жоғарылата келе, жануарлар физиологиясын теориялық тұрғыда тереңдетіп оқыту.

2.Олимпиадалық тапсырмаларды шешу жолдары ұсынылып, оқушылардың білім деңгейінің сапасын арттыру және білім байқауларында жоғары нәтижеге қол жеткізу.

**Бағдарлама міндеттері:**

1.Білім байқауларына қабілетті тұлға қалыптастыру ;

2.Өз бетінше шешімдерді анықтай білу дағдысын дамыту;

3. Оқушының өз бетінше ақпараттарды талдай алу мен салыстыра білу мүмкіндіктерін арттыру;

4.Шығармашылық тапсырмалардың жүйелігі бойынша орындай білу іскерлігін қалыптастыру;

5.Ғылыми жобаларға қатысу арқылы ғылыми көзқараста болу мүмкіндігін күшейту.

**Бағдарламаның қажеттілігі:**

- Дайындалған мәліметтер мен деректер оқушының жеке ғылыми дамуына үлесін қосады.
- Оқу материалдары білім сайыстарына, жобаларға қатысу мен мақсатқа жетуді көздейді.

-Танымдық тапсырмаларды орындап, жануарлар әлемінің физиологисын, морфологиясын , анатомиясын салыстыра білу мен қолдануды жүзеге асыру арқылы зерттеп оқуына жол ашады.Биологиялық сайыстарда жеңістерге қол жеткізуге, ғылыми танымдылығын арттыруға, жан-жақты дамуына үлесін тигізеді.

**Бағдарламаның жаңалығы:**

«Жануарлар физиологиясы» элективті таңдау курсына арналған жылдық жоспар мен тақырыптарға арналған тапсырмалары дайындалды. Әрбір тарау мен тақырып 7сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға бағытталған және жүйеленген тапсырмаларда стандарттық білімді білім байқауы тапсырмаларымен байланыстыра алуға, терең биологиялық білімді қалыптастыруға бағытталды. Бағдарлама оқушылардың білім бәсекесіне сай дамуына ықпал етері сөзсіз.

Ғылыми бағытқа лайықталған және арнайы авторлық бағдарлама болып саналады. Әрбір ізденімпаз ұстаз үшін таптырмас әдістемелік көмек құралы болып табылады. Авторлық бағдарлама мұғалімнің теориялық және практикалық білімін ұштастыруға, оқушының биологиялық білімін жетілдіру үшін құнды деп есептеймін.

**Бағдарламаның өзектілігі.** Қазіргі таңда жалпы орта мектептерінде биология пәні бойынша таңдау элективті курс негізінде авторлық бағдарлама мен лайықталған тапсырмалардың жоқтығы қиындық тудырып келеді. Интернет желісіндегі көптеген бағдарламалар ЖОО-ның ұстаздарымен дайындалған материалдар орта білімді оқыту мекемелеріне сәйкес келмей, лайықты тапсырмалардың ғылыми терең бағытталғандығы оқу үдерісіне оңтайлы емес әсер етеді.

**Күтілетін нәтиже:**

- Өз бетінше ойлай дағдысы қалыптасады;
- Шешімдерді анықтауда биологилық сауаттылығы артады;
- Тапсырмаларды жылдам анықтай алады;
- Өзіне білімі бойынша сенімділігі арта түседі;
- Сайыстар мен жобаларға қатысу белсенділігі артады;
- Зерттеушілік және тиянақтылық қабілеті қалыптасады;

**Пайдаланған әдебиеттер**

1.ОчкурЕ.А.,Құрманғ алиева Ж.Ж

ОӘЖ 37.022

## МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДЫҢ КОНСТРУКТИВТІ ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ТӘСІЛДЕРІН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ: АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ МЕН КЕМШІЛІКТЕРІ.

**Нышанбаева К.У., докторант**
**Әмірбекұлы А. п.ғ.к.**
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

***Резюме***

*Данная статья проводит сравнительный анализ двух основных подходов к обучению математике - конструктивного и традиционного. Описываются преимущества и недостатки каждого из них с учетом их влияния на процесс обучения и результаты учащихся. Авторы статьи рассматривают ключевые характеристики обоих подходов и оценивают их преимущества и недостатки в контексте образовательной практики. Анализ основан на современных исследованиях в области образования и педагогики. Конструктивное обучение математике предлагает ряд значительных преимуществ и польз для обучающихся. Эти преимущества делают конструктивное обучение математике привлекательным и эффективным подходом к образованию, способствующим развитию не только математических навыков, но и широкого спектра ключевых навыков и качеств, необходимых в современном мире.*

***Summary***

*This article provides a comparative analysis of two main approaches to teaching mathematics - constructive and traditional. The advantages and disadvantages of each of them are described, taking into account their impact on the learning process and student outcomes. The authors of the article consider the key characteristics of both approaches and evaluate their advantages and disadvantages in the context of educational practice. The analysis is based on modern research in the field of education and pedagogy.*

*Constructive teaching of mathematics offers a number of significant advantages and benefits for students. These advantages make constructive mathematics teaching an attractive and effective approach to education, contributing to the development of not only mathematical skills, but also a wide range of key skills and qualities needed in the modern world.*

Болашақ педагог-математиктерді даярлау білім беру жүйесінің негізгі аспектісі болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін білім алушыларға математика және осы пәнді оқыту әдістемесі бойынша жан-жақты білім мен дағдыларды алуға мүмкіндік беретін оқытудың жаңа тәсілдері мен әдістерін қолдану қажет. Осындай тәсілдердің бірі - білім алушылардың білім беру процесіне белсенді қатысуына негізделген конструктивті оқыту. Бұл тәсіл білім алушыларға әртүрлі есептерді шешу, математикалық тұжырымдамаларды талдау және талқылау арқылы өз білімдерін дербес құруға мүмкіндік береді. Конструктивті оқыту білім алушылардың өз білімі мен дамуына белсенді қатысуына бағытталған, тек фактілер мен дағдыларды игеру ғана емес, сонымен қатар білімді практикада қолдану түсінігі мен қабілетін қалыптастыру міндетін қояды.

Математиканы конструктивті оқытудың тиімділігі көбінесе дәстүрлі әдістермен салыстырылады. Конструктивті тәсіл білім алушыларды кез-келген жағдайдың шешімін табуға, математикалық модельдер құруға, мәселелерді шешу әдістерін талқылауға және талдауға белсенді қатысуын қамтиды. Бұл логикалық ойлауды, шығармашылықты және мәселелерді өз бетінше шешу қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Математикадағы конструктивті оқытудың дәстүрлі тәсілдерден басты айырмашылықтарының бірі - конструктивті тәсілдегі білім алушылар есептерді шешудің өзіндік стратегияларын құруға, сондай-ақ математикалық есептерді шешудің өзіндік әдістері мен тәсілдерін жасауға мүмкіндік алады. Дәстүрлі оқытуда студенттерге әдетте мәселені шешудің бір "дұрыс" әдісі ұсынылады. Дәстүрлі тәсіл әдетте білім алушылардың білімі мен дағдыларын дәрістер, демонстрациялар және типтік есептерді шешу тәжірибесі арқылы жеткізуге бағытталған. Конструктивті тәсіл, керісінше, зерттеу, проблемалық есептер және ұжымдық талқылау арқылы білім алушылардың өздерінің математикалық түсініктерін құру процесіне белсенді қатысуына баса назар аударады.

Математиканы конструктивті оқыту - бұл білім алушылардың математикалық ұғымдар туралы білімдері мен түсініктерін өздері құруына баса назар аударатын тәсіл. Әдетте білім алушыларға ақпарат беруді мақсат ететін дәстүрлі тәсілдерден айырмашылығы, математиканы конструктивті оқыту білім алушылардың оқу процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз етеді.

Көптеген зерттеулер математиканы конструктивті оқыту дәстүрлі оқытуға қарағанда тиімдірек екенін көрсетеді. Біріншіден, белсенді және конструктивті оқытуға қатысатын білім алушылар көбінесе математикалық ұғымдарды тереңірек түсінеді. Олар көбінесе өз білімдерін іс жүзінде қолдана алады және зерттелген материалды қайталамай, нақты мәселелерді шеше алады. Сонымен қатар, математиканы конструктивті оқыту білім алушылардың өзіндік ойлау, проблемаларды шешу және ынтымақтастық дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Осы форматта оқитын білім алушылар көбінесе математикада ғана емес, білімнің басқа салаларында да маңызды болып табылатын талдау, абстракция және сыни ойлау дағдыларына ие. Бұл білім алушылардың мотивациясының жоғарылауына және соның салдарынан олардың үлгерімінің жақсаруына әкелуі мүмкін.

Тағы бір ерекшелік –математиканы конструктивті оқытуда білім алушылардың сыни тұрғыдан ойлау және математикалық ұғымдарды талдау қабілетіне баса назар аударылады. Дәстүрлі тәсілдер көбінесе фактілер мен ережелерді есте сақтауға бағытталған. Математиканы конструктивті оқыту оқытудың әртүрлі әдістері мен технологияларын қолдануды қамтиды, мысалы, топтық жұмыс, жобалық тапсырмалар, компьютерлік бағдарламаларды пайдалану және т.б. Дәстүрлі тәсілдер, өз кезегінде, көбінесе лекциялар мен жаттығуларға негізделген. Нәтижесінде, конструктивті оқыту білім алушылардың қарым-қатынас пен ынтымақтастық дағдыларын дамытуға бейім болатынын көреміз, өйткені ол топтық жұмыс пен идеялар алмасуға баса назар аударады. Ал дәстүрлі тәсілдер, керісінше, әдетте тапсырмаларды жеке орындауды көздейді.

Математиканы оқытудың конструктивті және дәстүрлі тәсілдерін олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін ескере отырып салыстырмалы талдауды ұсынатын кесте:

| Аспект | Конструктивті оқыту | Дәстүрлі оқыту |
|---|---|---|
| Білім алушылардың белсенділігі | Білім алушылар оқу процесіне белсенді қатысады, зерттеу, талқылау және тәжірибеде қолдану | Білім алушылар көбінесе оқытушыдан ақпарат ала отырып, |

| | | |
|---|---|---|
| | арқылы білім мен түсінік қалыптастырады. | пассивті тыңдаушылар ретінде әрекет етеді. |
| Терең түсіну | Білім алушылар материалды белсенді зерттеу және талқылау арқылы математикалық ұғымдарды терең түсінуді дамытады. | Көбінесе фактілер мен процедураларды үстірт есте сақтауға бағытталған. |
| Сын тұрғысынан ойлауды дамыту | Білім алушылар проблемаларды шешу және әртүрлі көзқарастарды талқылау арқылы сыни ойлау, талдау және бағалау дағдыларын дамытады. | Ол сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды аз ынталандырады, өйткені ол дайын білімді беруге бағытталған. |
| Білім алушылардың өзара әрекеттесуі | Материалды тереңірек түсінуге ықпал ететін білім алушылар арасында ынтымақтастық пен білім алмасуды күшейтеді. | Білім алушылар арасында ынтымақтастық пен білім алмасу мүмкіндігі жиі аз болады. |
| Нақты өмірде қолдану | Математиканың нақты жағдайларда қолданылуын көруге ынталандырады және өмірде қолдануға болатын дағдыларды дамытады. | Типтік есептер мен дерексіз ұғымдарға назар аудара отырып, нақты өмірде математиканы қолдануға азырақ назар аударылуы мүмкін. |
| Оқытуды даралау | Оқу процесін әр білім алушының жеке қажеттіліктері мен оқу стиліне бейімдеуге мүмкіндік береді. | Білім алушылардың жеке қажеттіліктеріне аз икемді және аз бейімделуі мүмкін. |

Сонымен, математиканы конструктивті оқытудың дәстүрлі тәсілдерден айырмашылығы – білім алушылардың оқу процесіне белсенді қатысуына мән береді, аналитикалық және сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытады, оқытудың әртүрлі әдістерін қолдануды көздейді.

Осылайша, математиканы конструктивті оқыту дәстүрлі тәсілдермен салыстырғанда тиімді екендігі дәлелденді. Бұл тәсіл математикалық ұғымдарды тереңірек түсінуге ғана емес, сонымен қатар өзін-өзі ойлау дағдыларын дамытуға және білім алушылардың мотивациясын жақсартуға ықпал етеді.

Қорытындылай келе, математиканы оқытудың конструктивті және дәстүрлі тәсілдерін салыстырмалы талдау олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Екі тәсілдің де оң және теріс жақтары бар және олардың арасындағы таңдау оқу процесінің мақсаттарына, білім алушылардың қажеттіліктеріне және қалауына байланысты. Алайда, білім берудің заманауи талаптарын ескере отырып, конструктивті оқыту перспективалы болып табылады, өйткені ол қазіргі ақпараттық қоғамдағы маңызды дағдылар болып табылатын білім алушылардың белсенділігін, сыни ойлауын және тәуелсіздігін дамытуға ықпал етеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Рудинский И. Д., Давыдов Н. А., Петров С. В. Компетенция. Компетентность. Компетентностный подход. М. Горячая линия. – Телеком, 2019.
2. Князева Е. Н. Конструктивистская эпистемология // Философские науки. 2010, № 11. С.88-103.
3. Самсонова М. В., Ефимов В. В. Технология и методы коллективного решения открытых задач. Учебное пособие. Ульяновск: УлГТУ, 2003. – 152 стр.
4. Сретенская Д. А. Конструктивная педагогика как основа повышения качества обучения в вузе // Саратовский научно-медицинский журнал. 2011. Т. 7, № 4. С. 988–991.
5. Шаталова Н.П. Конструктивное обучение математике / Н. П. Шаталова // Проблемы математического образования в школе и вузе : сборник трудов Всероссийской научно-практической конференции / отв. ред. С.С.Салаватова. – Стерлитамак :гос. пед. Академия, 2009. –с.157-162.

ӘОЖ (37.7)

# БІЛІМ ТУРАЛЫ БІЛІМ

п.ғ.к., профессор **Д.Қ.Пошаев,**
аға оқытушы **А.К.Рыскулов**,
оқытушы **Әбибуллақызы Ә.**
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан.

***Резюме***

*В статье рассматривается, что свобода, сохранность прав и безопасность человека сегодня признаются главной ценностью, а значит, все эти добродетели и обычаи, которые привили эти ценности, имеют место в контексте единства и гармонии не только религии, но и магрипата, основанного на моральном измерении нравственности.*

***Summary***

*The article discusses that freedom6 preservation of human rights and security are nowadays recognized as the main value and hence all these virtues and customs that inculcated these values take places in the context of unity and garmony not only of religion but also of maghripat based on the moral dimension of morality.*

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан соң қазақтың қоғамдық санасында орын алатын өзгерістер ұмыт болған ұлттық дәстүрлер мен құндылықтардың жандануымен сипатталады. Бұл ұлттық мәдениеттің жаңғыруы. Ол ғасырлар бойы отаршылдық пен тоталитаризмнің әсерінен ұлттық мәдениет деградация мен трансформацияға ұшырады. Осының салдарынан ұлттық идея, идеология негізін құрайтын құндылықтарға деген құштарлық ояна бастады.

Сонымен бірге, тәуелсіздік жылдарынан кейін еліміздің алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі, жаңа дәуірдің талаптарына жауап бере алатын ұлттық идеологияны қалыптастыру мәселесі, қазіргі заманғы модернизация жағдайында қоғамдық өмірдегі оның мәртебесін анықтау, ұлтымыздың рухани жетілуін қамтамасыз ету, оларды бір ұлттық идеологиялық бірлікте дамыту қажеттігі туды.

Сондай-ақ, тарихта ұмыт болған немесе тоталитарлық кезеңде тыйым салынған ұлттық құбылыстарды қайта қалпына келтіру және жандандыру процесі байқала бастады. Олай болса, қоғамдық, әлеуметтік өмірімізді реформалау мен демократияландыру ұлттық мәдениетімізді қалыптастыру қажеттілігі және заман талабы болып табылады.

Қазақтың тозатыныңды тоздырмайтынға, жоғалатыныңды жоғалтпайтынға бер, - деген ұстанымын ту етіп алған, жоқты емес, жоғалғанды іздеп өткен, Өзбекәлі Жәнібеков ұлттық құнылықтарымызға жанашырлығы, Ұлан даланың Ұлы топырағын ұлықтайтын, ұрпақ жайын ойлаған естияр жандар оның бір кесегін де қылау шығармай қорғаштап бағатынын, өткенін ұмытпайтын ұлтқа, атасын ұлықтайтын жұртқа, анасын ардақтайтын ұрпаққа айналатынын еске салады.

Бүгінгі таңдағы адамның еркіндігі, бостандығы мен құқының сақталуы мен қауіпсіздігі басты құндылық болып саналады. Осы тұрғыда, Өзбекәлі Жәнібеков қазіргі аумалы-төкпелі заманда ел арасында қыры мен сыры да мол имандылық деген моральдық өлшемді баянды етуде мұсылман дінінің, ғасырлар бойы мысқалдап жиналған ұлттық игі қасиеттерін орнымен пайдаланса, дәстүрлі әдет-ғұрыптың да өзіндік орны бар екендігін алға тартады [1]. Егер, біз адамгершіліктің моральдық өлшемі туралы айтатын болсақ, онда оның негізін тек діннен ғана қарастыру тым қысқа. Қазақ халқы бойына сіңірген барлық жақсы қасиеттер мен олардың ұстанатын әдет-ғұрыптары онымен тікелей байланысты екендігіне назар аударуды меңзейді.

Ол үшін бүкіл мұсылман қауымына тән наным-таным сатылары – шариғаттың, тарихаттың, мағрипаттың бірлігі мен үйлесімін табуы қажет-ақ –дейді [1]. Мұнда, бабамыз Қожа Ахмет Иасауидің:

Өтті ғұмырым, шариғатқа жете алмадым,

Шариғатсыз тарихатқа өте алмадым,

Хақиқатсыз мағрипатқа бата алмадым [2] – деген толғанысына сүйенеді. Бұл жерде, иман да, ар да, ұят та тек мағрипатқа (ғылым жолына) ғана жүгінгенде танылатыны, құндылығымыз ретінде қалыптасатынына дау жоқ. Дегенмен, бүгінгі заман бейнесін нақтылайтын философия - өз заманының квинтэссенциясы (ең маңыздысы) дейтін болса, осы пікірге лайықты қазіргі заманда, мұсылман қауымына тән наным-танымдарымыздың мағрипаттық негіздерін қалай қорытындылауға болады? - деген сұрақ та орынды екенін естен шығармаған ләзім.

Міне, осы сұрақ көптеген жағдайларда ашық қалып отыруы қоғамда бір дін аумағында сан түрлі ағымдардың пайда болуына алып келді және оларды адамзат баласы талдаусыз, талғамсыз қабылдап келеді. Бұл, діни наным-танымдардың ғылыми объектілігіне назардың жоқтығы немесе әлсіздігінен болып отыр. Тұжырымымыз дәлелді болуы үшін, мысалдар келтірелік: күнделікті жағдайда, сүннет деген ұғым көп қолданыла бастады (су ішсе отырып ішу, таспих аудару және т.с.с. әдетке айналды).

Аталған ұғым – әдет, іс, жол, белгілі бір мәні бар жол және т.с.с. мәндерге ие. Осыдан неге суды отырып ішу сүннет болады? - деген сұрақ туындайды. Негізінде су ішу ішкі ағзаны шаю, ал оны тұрып ішу мен отырып ішудің айырмашалығы да осында. Отырып ішуде, ішек-қарын, асқазан сығымдалынып жиырылады, ал, тұрғанда ағза қатпарларындағы вакуум насос рөлін атқарады, судың ағысын жылдамдатады , қысымын арттырады , шаю процесінің тиімділігін арттырады.

Енді таспих мәселесі. (Арабша – Алланы, пайғамбарды мадақтау, мойындау...). Ондағы 99 моншақ , сол Аллаларды мойындау, еске түсіру болса, оларды (моншақтарды) аудару нақтылы ережеге бағынады. Ол ереже 33 моншақты бір деммен аудару болып табылады. Мұның ғылыми негізі, 25 моншақты аударғаннан соң адамның демі таусыла бастайды, осыған байланысты жүрек соғысы артады, ол қанды қысыммен айдайтын болады, мұндайда адамдар терлей бастайды, тер медицинада қан құрамындағы «шлак» деп танылады. Олай болса, адам термен бірге қан құрамындағы шлак арқылы, ауру инфекциядан арылады (Қазіргі медицинада, бұл система салумен алмастырылады, онда тамырға дистилденген су жібереді, яғн қанды шаяды). Процесс бірнеше рет қайталанады (таспихты қанша көп аударсың сонша сауап) ол кездері өкпе де жылдам жиырылып қайта орнына келеді, осы жағдайда өкпеге қатқан, ұйыған қан (мұндай ауруды медицинада «құрт ауруы» дейді, бірақ өкпеде «тірі құрт» болмаса керек) одан ажырап қанға өтеді, термен сыртқа шығады. Осылайша «құрт ауыры» емделетін болған.

Енді, Құран мазмұнындағы, «Ай» аятына келейік. Құран кәрімнің математикалық құпияларына сүйенсек: аят, 1,2,0,4,1,9,6,1. –деген сандарды сипаттар екен [3]. Бұл не? - 12.04.1961ж.

«Ибрахим» аяты. Мазмұны: Адамзат өзгеден қорғану үшін, алапат күшті ойлап табады. Сол адам, одан да алапат күшті ойлап табады. Бұл күш адамзатқа қасірет әкелетін болғандықтан оны сол адам жояды [3].

Әңгіме атом бомбасы жайлы және алапат күшке ие сутегі бомбасы жайлы болып тұр. Ал, оларды физик ғалым А.Д. Сахаров (Кеңестік теориялық физик, КСРО Ғылым академиясының академигі, қоғам қайраткері, диссидент және құқық қорғаушы. Бірінші кеңестік сутегі бомбасын жасаушылардың бірі) ашқан. Ол, сутегі бомбасын сынақтан өткізсек, жер өзінің осьінен 1 см ығысатынын айтқан, сол себепті сынақтың өзі орасан апатқа алып келетінін, Кеңес Одағының соңғы съездінде дәлелдей отырып, оны тәжірибе жасауға, қолдануға қарсы болып, сол съезд трибунасында қайтыс болды.

Енді мазмұнды талдап көрелік: Ибрахим (Алланың атынан бөлек), Ибраһим - Абайдың аты, ол Семейде дүниеге келді, ал, Семейде атом бомбаларын сынақтан өткізетін айлақ болды. Сутегі атомы осында сынақтан өткізілмек болды. Пайымдасақ, бұлар Құран кәрімнің ғылыми жазба екенінің дәлелі.

Міне, Ө.Жәнібеков халқымыздың бойына сіңіретін жақсы қасиеттері мен олардың ұстанатын әдет-ғұрыптарын, адамгершілік, мораль жөніндегі өлшемдерін, тек діннен ғана қарастырудың тым қысқа екендігін алға тартатыны осыдан. Осындай объективті жағдайларға байланысты дін, білім саласындағы мамандарға білім туралы білімнің, біліктіліктің жетіспеушілігін өтеу қабілеті қажет, білімді қайдан және қалай табуға болатындығы туралы, яғни білім туралы білу қажет [4].

Білім туралы білім дегенде, біздің мәдениетіміз негіздері туралы білуді алға тартып отырмыз.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ө. Жәнібеков. Тағдыр тағылымы . Алматы «Рауан» 1996 .-192 б.

2. Иасауи Қожа Ахмет. Диуани Хикмет (Ақыл кітабы) / Жинақты баспаға әзірлеп, қазақшаға ауд.: М.Жармұхамедов, С.Дәуітұлы, М.Шафиғи. – Алматы: «Мұраттас» ғылыми-зерттеу және баспа орталығы , 1993. — 262 б.

3. ХАРУН ЯХЬЯ. ЧУДО КОРАНА Научные, исторические и математические феномены. И поистине он (Коран) – послание Господа миров. (Сура «Поэты», 26:192) , Москва.: Издательский дом «Культура Паблишинг» 2005. 144 с.

4. Пошаев Д.Қ. Мамандыққа кіріспе. Оқу құралы 2-толықтырылған басылым. Шымкент, Нұрлыбейне, 2011- 200 б.

UDC 81’23

# PSYCHOLINGUISTIC RESEARCH IN THE REGION THEORY OF CONSCIOUSNESS

**Artykbaeva F.I., Taitelieva M.A., Muratova M.A.**
Senior teachers of the department of foreign languages,
South-Kazakhstan Pedagogical University named after Uzbekali Zhanibekov
Shymkent, Kazakhstan

***Резюме***

*В данной статье говорится об анализе проблемы «языкового сознания» в исследованиях казахстанских и российских ученых.*

***Түйін***

*Бұл мақалада «Тілдік сананы» зерттеудегі проблемалалар жайлы талданған казақстандық және ресейлік ғалымдардың еңбектері жайлы айтылған.*

If we consider the Humboldtian postulate that “language is an organ that forms thought” [1] to be the starting point in studies of the relationship between language and thinking, language and consciousness [1], then it has indeed become the starting point of most modern linguo-philosophical studies seeking to “unravel the tangle” of complex relationships language and thinking, their interdependence and interdependence. Another well-known thesis in science that “language is practical, <...> real consciousness” [2] refers us to the idea of the correlation between consciousness as a philosophical and psychological phenomenon and language as a social system. This thesis brings researchers closer to studying the psychological content of consciousness, and this statement of Marx was best commented on by the famous psychologist A.N. Leontiev: “... that in which and with the help of which the consciousness of society exists is language.” And further: “... consciousness has a linguistic, speech nature... To have consciousness means to master language, to master language means to master meanings. Meanings are the unit of consciousness. <…> Consciousness in its immediacy is the picture of the world that opens to the subject, in which he himself, his actions and deeds are included.” Consciousness in this understanding is symbolic.

These considerations led to the interpretation by psychologists (L.S. Vygotsky, A.N. Leontyev, etc.) of the now generally accepted activity nature of consciousness, which at the same time is based on another classical Humboldtian postulate: “Language is not a product of activity (ergon), but the activity itself (energ e ia)” [3].

Humboldt presented language not as something static and mechanical, but as a continuous activity: development is the form of existence of language. This postulate subsequently served as a vector indicating the direction of development of Humboldt’s “philosophy of language” towards the emergence of a new branch of linguistics - psycholinguistics, which combined the research tasks of linguistics (the study of language) and psychology (the study of consciousness - the mechanisms of generation and perception of speech).

In general, these research tasks united the desire of scientists in related fields to seek an answer to the question of what consciousness is (and linguistic consciousness in particular - as its variety), what are the ontological prerequisites and principles for constructing a theory of consciousness, what is its structure and functioning mechanism. Thus, for the first time in the study of language and consciousness, scientists approached the multi-valued term “linguistic consciousness.”

Based on the opinion of A.A. Leontiev as the founder of Russian psycholinguistics and theory of consciousness, let us take as a basis his definition of linguistic consciousness, which he interprets indirectly from the standpoint of the image of the world: “If we understand language as a unity of communication and generalization, as a system of meanings that appears in both objective and verbal form existence, then “linguistic consciousness”, consciousness considered as mediated by meanings, turns out to be close to the understanding that modern Soviet psychology puts into the concept of “image of the world”.<...>I consider it necessary to emphasize that this concept is by no means identical to the concept of “linguistic picture of the world”, nor the concept of “cognitive picture of the world” [3]. On the polysemy of the term “linguistic consciousness” A.A. Leontyev pointed out in the same article: “...The epithet “linguistic” in the phrase “linguistic consciousness” should not mislead us. This epithet has no direct relation to language as a traditional subject of linguistics. To portray language (in its traditional linguistic interpretation) as something that mediates a person’s relationship to the world means to fall into a vicious circle” [3].

Without going into a detailed description of the complex structure of linguistic consciousness in the activity theory of the psyche, we will call its main layers and components (“formative”) in the interpretation

of the creators of this theory M.M. Bakhtin, L.S. Vygotsky, A.N. Leontyeva, A.A. Leontyeva, V.P. Zinchenko. Continuing the line of research by L.S. Vygotsky, A.N. Leontyev (1977) identified three structural components of consciousness, calling them "formative" of consciousness: the sensory fabric of perception (or image), meaning and meaning. Subsequently, V.P. Zinchenko proposed to supplement Leontief's diagram of the structure of consciousness with one more element, including movements and actions among those "forming" the biodynamic fabric. As a result, the theory of consciousness postulates the presence of a logically harmonious two-layer structure of consciousness, represented by the existential and reflexive levels of consciousness and four units of its analysis: the biodynamic fabric of movement and action, the sensory fabric of the image (existential layer), meaning and personal meaning (reflexive layer). Biodynamic fabric and verbal meanings are accessible to an outside observer; they can be recorded and analyzed. The sensory fabric and meaning are only partially accessible to introspection, but are not accessible to an outside observer. Sensual tissue partially manifests itself in biodynamic, and meanings - in meanings. Thus, individual consciousness is a very complex formation, in the structure of which the unity of the subjective and objective is given: sensory tissue and meaning are available to self-observation, and biodynamic tissue and meaning are available to an external observer. The layers of consciousness are, as it were, permeated by an "ontological vertical", which stands on the "foundation of activity" [4].

Another concept of the structure of consciousness is presented in the hypothesis of F.E. Vasilyuk [5], who proposes his own model of the image of consciousness - the "psychosemiotic tetrahedron", which is actively discussed in the Tver psycholinguistic school (see below) by A.A. Zalevskaya at one time noted that the theoretical significance of the concept of F.E. Vasilyuk has not yet been fully appreciated, although in fact he touched upon a wide range of fundamental problems of modern science, in particular, the connection between the body and human consciousness [5].

A special contribution to the development of the organization of the human internal lexicon and the theory of consciousness was made by the Tver psycholinguistic school under the leadership of A.A. Zalevskaya[ 6].

In order to identify the principles of organization of individual lexicon units A.A. Zalevskaya undertook an interlingual comparison of materials from associative experiments. During this study, associative pairs of words were discovered that can be interpreted as products of the manifestation of the specificity of the language and culture of the subjects, clearly visible against the background of universal trends in the actualization of associative connections between units of the lexicon [7].

Developing a theory of word meaning, A.A. Zalevskaya suggests that the leading directions in identifying and describing meaning as the property of an individual include associative, parametric, attribute, prototype and situational approaches. The problem of meaning has always been one of the most difficult in philosophy, psychology, and linguistics.

Even greater difficulties, notes A.A. Zalevskaya, arose from the psycholinguistic approach to this problem, "since the transfer of the specifics of meaning as the property of the individual to the focus of attention required a revision of the logical-rationalistic interpretation of meaning, which has become a familiar and stable tradition" [7].

When analyzing the problem of "linguistic consciousness" A.A. Zalevskaya notes that some researchers use concepts such as "linguistic thinking" and "speech thinking" as synonymous and interchangeable. According to A.A. Zalevskaya, in modern scientific literature there is no exact complete definition of the concept of "linguistic consciousness", therefore it is proposed to take the definition of G.V. as an option for a definition that requires comprehension and refinement. Yeager, who considers linguistic consciousness as one of the types of control of speech activity.

In the textbook A.A. Zalevskaya's "Introduction to Psycholinguistics" summarizes current issues of modern psycholinguistics in a synchronic and diachronic aspect, and presents various interpretations of the problem of linguistic consciousness. A.A. Zalevskaya believes that linguistic consciousness is the property of the individual, and therefore, when studying it, questions about the linguistic personality and language/speech ability of a person should be raised [8].

The key position that reveals the essence of the activity approach to consciousness was formulated, in our opinion, by E.F. Tarasov, arguing that "human consciousness is normally formed with the participation of language, which is a powerful means of generalizing images of consciousness that arise in activity" [9, 6–7]. In the studies of E.F. Tarasov considers the essential role and importance of culture in the formation and development of consciousness: "The richness of a person's consciousness depends on the volume of the appropriated culture, which allows a person to form himself within the framework of the appropriated culture" [cit.: 19]. Linguistic consciousness E.F. Tarasov associates it with images of consciousness as a set of perceptual and conceptual knowledge of an individual about an object in the real world, which require

externalities accessible to an outside observer. These externalities are necessary for the “transmission” of images of consciousness from one generation to another. “Images of consciousness as belonging to the consciousness of a particular person cannot leave his body, but similar images of consciousness can be formed by his immediate and distant descendants if they are presented with the externality of these images to “assign””, in other words, “linguistic consciousness is images of consciousness, externalized by linguistic signs..." [9, 10].

In the works of N.V. Ufimtseva characterizes linguistic consciousness as “human consciousness, recorded with the help of language,” and meanings become the most important components of consciousness. It is in the meanings that “are produced by society, but function in the activity and consciousness of a particular individual, that we can look for the peculiarities of the worldview and self-esteem of a representative of a particular culture... Linguistic consciousness cannot be an object of analysis at the moment of the processes that realize it, it can be investigated only as a product of former activity, in other words, can be an object of analysis only in its transformed forms, alienated from the subject of consciousness (cultural objects and quasi-objects). We consider language and consciousness as two related types of reflexive human existence” [10,243].

D.B. Gudkov distinguishes between linguistic and cognitive consciousness; depending on the degree of perception, categorization and assessment of the phenomena of reality among representatives of different communities, linguistic consciousness turns out to be a level of consciousness in which images, ideas, mental structures acquire linguistic design [11, 97].

In Kazakh linguistics and psycholinguistics, the relationship between the concepts of language and thinking, language and consciousness, language and culture is considered in line with the traditional views of classical linguistics. As for the interpretation and understanding of the term “linguistic consciousness” by Kazakh scientists, here we refer to the authoritative publication of E.D. Suleimenova and N.Zh. Shaimerdenova “Dictionary of sociolinguistic terms.” Linguistic consciousness is defined by the authors as “a mechanism for adaptation of an ethnic group to the surrounding world”, as “an image of the world determined by spatial, causal, emotional and other connections inherent in the language and culture of a given people”, as “an essential part of social consciousness” [12,290]. It follows that linguistic consciousness, as part of the social consciousness, is closely interconnected with national consciousness, i.e. ethnically marked.

**List of used literature**


1. Гумбольдт В. Язык и философия культуры [Текст] / В.Гумбольдт. – М.: Прогресс, 1985. – 370 с.
2. Маркс К., Энгельс Ф. Полн. собр. соч. [Текст]. – Т. 3.
3. *Леонтьев* А.А.. Языковое сознание и образ мира. // Язык и сознание: парадоксальная рациональность. М.: ИЯ РАН, 1993. – 174 с.
4. *Зинченко* В.П. Миры сознания и структура сознания. //Вопросы психологии, 1991, №2, с. 15-36.
5. *Василюк* Ф.Е. Структура образа //Вопросы психологии. 1993. №5. С. 5-19.
6. *Залевская* А.А. Ассоциативный тезаурус английского языка и возможности его использования в психолингвистических исследованиях // Психолингвистические исследования в области лексики и фонетики. Калинин, 1983.– С. 26-41.
7. *Залевская* А.А. Актуальные проблемы психолингвистики (Лекции). Лекция 3. Концепты и конструкты. Алматы: КазНУ, 2004. – 52 с.
8. Залевская А.А. «Рефлексия» и «языковое сознание»: вопросы терминологии [Текст] / А.А. Залевская // Вестник Тверского государственного университета. – Серия: Филология. – 2015б. – № 4. – С. 29–36.
9. Тарасов Е.Ф. К построению теории межкультурного общения. [Текст] / Е.Ф.Тарасов // Языковое сознание. Формирование и функционирование. – М.:1998, С.30-35.
10. Уфимцева *Н.В.* Языковая картина мира: проблемы моделирования [Текст] / Н.В.Уфимцева // Вопросы психолингвистики. – М.: 2016. – № 1 (27) . – С. 242–254.
11. *Гудков* Д.Б. Прецедентные феномены в языковом сознании и меж-культурной коммуникации. /Автореф. дисс. … д-ра филол. н. М.,1999 – 48 с.
12. *Сулейменова* Э.Д., Шаймерденова Н.Ж. Словарь социолингвисти-ческих терминов. Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 330 с.

ӘОЖ 372. 8:39

# ОҚУШЫЛАРҒА ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

**Кемешев Д.А.**
п.ғ.д., профессоры.
Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті
Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері және сызу кафедрасының

***Резюме***

*В статье рассматриваются эстетическое воспитание школьников средствами изобразительного искусства. Содержание философии,психологии и педагогики. Развитие культуры и наследие Казахстана.*

***Summary***

*This article considers the guest ions on education youth national valut. Scientific works and about the life of the historical heritage of the scientists of Kazakhstan. The development of culture and the heritage of the ancient civilzations of the Great Steppe.*

Оқушыларға эстетикалық тәрбие беруде қазақ мәдениетінің көркемдік ерекшелігін қазіргі философиялық ойы, психологиялық әсерлігі мен тәрбиелік мәні терең. Қазіргі таңда Қазақстанның мәдени мұраларын кеңінен баяндау бейнелеу өнер саласының орны ерекше. Көркем өнер туындылары мазмұны мен көркемдік ерекшелігі тұтас болуы шарт. Осы орайда кез келген өнер шығармаларының мазмұндық құндылығына әсер етеді. Шығарманың философиялық ойы, психологиялық әсерлігі мен тәрбиелік мәні терең болуы суретшінің ұтымды жақтары. Ал туындының көркемдік ерекшелігі шығарманы орындау шеберлігі. Әлемдік бейнелеу өнерінде өнер жауһарларын жан-жақты қарастыру. Қазіргі таңда ғалымдардың өзекті нысандарының бірі. Өйткені аңдар стилінің орындалу жағы мен композициялық үйлесімділік шешімі өте сауатты орындалған өнер туындысы. Әр образдың тікелей адамның ішкі сезіміне әсер етуі. Міне шығарманың ең құндылығы тәрбие десек қателеспейміз. Демек шығарма композициялық қағидаға негізделген көркем туынды.

Оқушыларға эстетикалық тәрбие берудің мағанасы көркем шығарманың мағанасы адам қиялына қанат бітіру, дүниені әсемдік тұрғысында қабылдау. Табиғаттың әсемдігін бояулар арқылы жеткізу шын суреткердің парызы. Әсемдік әлемін табиғаттан іздейміз, табиғаттың әр-бір қас-қығым сәті бір ғажап дүние. Суретші осы сәтті көре білуі қандай қуаныш десеңізші. Уақыт пен кеңістік шексіз, осы сәтті суреткер қағаз бетіне түсіруді армандамайтын кісі жоқ шығар сірә. Адам табиғат перзенті, табиғатты аялау әр адамзаттың паризы. Суретшіге берілген табиғаттың әсем құбылысын кенеп бетіне түсіру қандай бақыт. Адам өмірге табиғатты аялап ұрпақтан ұрпаққа мирас етіп қалдыру. Әсем өнер туындыларын жасап әлемді құбылту. Табиғаттың жасампаздығына нұқсан келтірмеу, әсемдік әлемінде өмір сүру. Демек, суретші әсемдік пен қуаныштың жаршысы.

Оқушыларға эстетикалық тәрбие беруде табиғат сұлулығын көрсету мағызды. Осы орайда сөзбен айтып жеткізу қиын дүниені оны тек көзбен көріп жан-дүниеңмен сезіну. Сондықтан кескіндеме өнерінің көркемдік ерекшелігін олардың функционалдық сауаттылықтарын кәсіби шеберлікпен ұштастыру. Оқушылардың эстетикалық талғамын қалыптастыратын, дамытатын процесс қажет. Басқаша айтқанда ересектерге арналған, жалпы және кәсіби білімнің қажеттілігін дамыту, ғылым, білім мен мәдениет жетістіктері арқылы адамдардың жалпы мәдениеті мен әлеуметтік белсенділікті дамытуға бағытталған танымдық іс-әрекетке ынталандыру үшін білім беру. Қазіргі білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді. Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру- оның философиялық , психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта карауды қажет етеді.

Сондықтан бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр.

«Адамға оқып – үйрену өмірде болу, өмір сүру үшін қажет» дегендей оқыту процесін технологияландыру, осыған сәйкес оқу бағдармаларын жасау, ғалымдар мен жаңашыл педагогтардың

еңбектерімен танысу жұмыстары мұғалімдердің үздіксіз ізденісін айқындайды. Жаңа педагогикалық технологиялардың негізгі мәні пассивті оқыту түрінен активті оқытуға көшу оқу танымын ұйымдастырудағы бастамашылдығына жағдай туғызу, субьективтік позицияны қалыптастыру.

Осы орайда суретшінің білім сапасын арттыру және нәтижеге бағытталған үлгіге беталуы барысында мұғалімдер мемлекеттік стандарт берілген нәтижелерге жетуде кәсіби шеберлікпен меңгерген зерттеу біліктері мен дағдылары нәтижесінде проблеманың шешімін таба алатын, ақпараттық – коммуникативті мәдениеті жоғары тұлғалық - дамытушылық функцияны атқарады. Қазіргі заман адамның осы құзыреттілікті меңгере отырып тек « кәсіби икемділігін оңтайландыруды қамтамасыз ету ғана емес, іске асырылу мүмкіндігін « үнемі оқып – үйрену және өзін-өзі жасау талабын қалыптастыра алады.

Шығашылықлық әрекет арқылы өмірлік мәселелерін шешуде қолдана алуын отырып психологиялық әсірді қолдана білу. Қазіргі студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмақ. Бұның өзі өз кезегінде қазіргі ұстаздардан шәкіртті оқытуда, білім беруде, тәрбиелеп өсіруде белгілі бір құзіреттіліктерді бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етеді. Кәсіби шығармашылықпен өзін-өзі дамытуы әр кезеңінде мұғалімнің кәсіби деңгейге көтерілуінің төмендегідей психологиялық критерийлерін анықтаған. Адамның мамандығы қаншалықты оның табиғатына, қабілеттері мен қызығушыларына сәйкес қаншалықты ол өз ісінен қанағат табатындығымен байланысты. Кәсіптің маңыздылығын , оның құндылығын түсіну, маман иесі ретінде өзіне позитивті көзқарастың болуын жатқызады. Шығармашыл ғылым жаңалығын түрлендіруде өз үлесін қосу арқылы жасаған нәтижелі жұмысы өзгелердің тәжірибесін толық көшірмей, жаңа ортаға икемдеп, өзіндік іс- әрекет жиынтығы арқылы айтарлықтай нәтижеге қол жеткізу керек.Қазіргі кәсіптік- педагогикалық қызмет қандай мұғалімді талап етеді. Мұғалім – оқушылардың жеке тұлғасын дамытуға басымдық беретін, күрделі әлеуметтік-мәдени жағдайларда еркін бағдарлай алатын, шығармашылық процестерді басқара алатын, адам туралы ғылымның жетістіктерін, оның даму заңдылықтарын, компьютерлік оқыту өнерін терең меңгерген жан- жақты дамыған шығармашыл тұлғаны талап етеді.Педагогика ғылымында баланы оқыту мен тәрбиелеудің мақсаты – жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру болса, оқытудағы негізгі мақсат - өздігінен дамуға ұмтылатын жеке тұлғаны қалыптастыру. Жеке тұлғаның дамуында маңызды роль атқаратын оқушының өз бетінше жұмысын тиімді ұйымдастыра білу; сол арқылы материалды саналы меңгертудің жүйесін жасау; оқушының түрлі дара қабілеттерін арттыру.Қазіргі жеке тұлғаны қалыптастыру және тәрбиелеуде, білім берудің приоритетін түбегейлі өзгертуде, яғни бұрынғыша оқушыны пәндік білім, біліктердің белгілі бір жиынтығымен қаруландыруды түбегейлі өзгертуде Шығармашылық жұмыстың негізгі мақсаты оқушылардың танымдық міндеттерін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттері мен қызығушылығын жетілдіру, білімге құштарлығын ояту. Мұғалім сабақта әдіс - тісілдерді пайдалана отырып, балалардың ұсыныс - пікірлерін еркін айтқызып, ойларын ұштауға және өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік туғызып отыру қажет. Әдіс – тәсілдер арқылы өткізген әрбір сабақ оқушылардың ойлануына және қиялына негізделіп келеді, баланың тереңде жатқан ойын дамытып оларды сөйлетуге үйретеді. Түрлі әдістемелік тәсілдер пайдалану арқылы қабілеті әртүрлі балалардың ортасынан қабілеті жоғары баланы іздеп, онымен жұмыс жасау.

Қазақ мәдениеті әлемдік көркемдік процестің ішкі жүйесі ретінде қарастыра отырып, адамдардың рухани туралы таным түсінігін, әдеп-парасатын да айтқандай боламыз. Адамзат өздерінің парасат-пайымын, дүниедегі орынын, әлеуметтік болмысын айғақтайды. Қазақ мәдениеті мифопоэтикалық кезеңде тірлік еткен бабаларымыздың діни құрсаудан ада болмаса да, әлеуметтік кіріптарлыққа түсе қоймағанын көреміз. Олар жалған дүние-тірлік парқын саралай отырып, әлем заңдылығына ұмтылған. Рухани болмыстың өрелі куәсі, дәстүрлі өнер, осыған даусыз дәлел бола алады, көне кезеңнің өнер туындыларынан ұлттың мәдени-рухани, моральдық-этикалық және діни-идеологиялық қасиеттерінің негізделуін де айқындап алып, ол туралы жазылған еңбектердің өзі жеткілікті.

Қорыта келе қазіргі таңда әр оқу ордалары оқушыларға эстетикалық тәрбие беру қажеттілігін арттыра түсіру. Қоғамымыздың түпкі нәтижесі жастардың рухани санасының сапасын дамыту болып табылады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Муканов С. Народное наследие (на каз. яз.). Алма-Ата, 1974.

2. Құнанбаев А. Шығармаларының толық жинағы. -Алматы: Жазушы.1961. Б. 465. - 492 б
3.Ауэзов М. Мысли разных лет. - Алма-Ата. - 1959.
4.Ж.Алтаев, Т.Ғабитов, А.Қасабеков Философия және мәдениеттану Алматы, Жеті жарғы 1987

ӘОЖ 1433

## ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ДЕҢГЕЙІНДЕ БИОЛОГИЯДАН ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕЛІК ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

**Жархын Б.Ә.. -** магистрант
Ғылыми жетекші**: Пошаева Г.С.. -** биология ғылымдарының кандидаты,
доцент Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент

***Резюме***

*В статье показаны проблемы применения и использования проектного метода обучения на уроках биологии, описана взаимосвязь и взаимовлияние методов обучения, связанных с развитием и формированием у учащихся критического мышления и основных компетенций.*

*Этот метод основан на развитии у учащихся познавательного интереса: умения самостоятельно систематизировать свои знания, свободной ориентации в информационном пространстве, демонстрации всех видов умений (творческих, коммуникативных, познавательных) в вопросах, связанных с темой проекта; умение критически мыслить.*

***Summary***

*The article shows the problems of applying and using the project method of teaching in biology classes, describes the interrelationship and mutual influence of teaching methods related to the development and formation of students' critical thinking and main competence.*

*This method is based on the development of students' cognitive interest: the ability to independently systematize their knowledge, free orientation in the information space, demonstrate all types of skills (creative, communicative, informative) in issues related to the project topic; develop the ability to think critically.*

Мақалада биология сабақтарында оқытудың эксперименттік әдісін қолдану және қолдану мәселелері көрсетіліп, оқушылардың сыни ойлауы мен негізгі құзыреттілігін дамыту мен қалыптастыруға байланысты оқыту әдістерінің өзара байланысы мен өзара әсері сипатталған.

Бұл әдіс студенттердің танымдық қызығушылығын дамытуға негізделген: өз білімін жүйелей білу, ақпараттық кеңістікте еркін бағдарлану, жоба тақырыбына қатысты мәселелерде дағдылардың барлық түрлерін (шығармашылық, коммуникативті, ақпараттық) көрсете білу; сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамыту.

Қазіргі биология ақпараттық технологиялар, медицина, биоинженерия және химия сияқты сабақтас пәндерде маңызды рөл атқара бастады. Биологиялық әдістерді математика, информатика, физика және басқа пәндермен біріктіретін зерттеулердің саны айтарлықтай өсті. Биотехнологиялық әдістеменің механизмін түсіну қазіргі жоғары сынып оқушыларының биология пәнінен білім беру нәтижелерінің сапасын арттыру үшін, әсіресе жоғары білім беру жүйесінде оқуды жалғастыру және одан әрі кәсіби қызмет үшін мамандық таңдау кезеңінде қажет.Өмір туралы ғылым саласындағы ең маңызды жаңалықтарды ескере отырып.Нәтижесінде тірі жүйелер мен биомедициналық технологиялар туралы қазіргі ғылымның жетістіктері мен орта мектептерде биологияны оқыту әдістемесі арасында алшақтық бар.

Біздің зерттеуіміз қолданыстағы әдістемелік тәсілдер жоғары сынып оқушыларын ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне адекватты түрде ынталандырмайтынын және оларға дұрыс кәсіптік таңдау жасауға көмектесетінін көрсетті. Виртуалды және толықтырылған шындықта биологиялық молекулаларды, объектілерді және күрделі процестерді визуализациялау әдістемесін қолдана отырып, алынған нәтижелерді кейін интерпретациялаумен экспериментті жоспарлау және өз бетінше жүргізу мүмкіндігі бар эксперименттік семинар оқушылардың қызығушылығын арттыруға және оларға көмектесуге көмектеседі деп сенеміз. мамандық таңдау.Қолдану маңыздылығы әдебиеттерде талай рет талқыланған эксперименттік шеберханаларды оқу процесіне қосумен қатар, білім берудің мультимедиялық

элементтері биологиядан қазіргі оқу процесінің маңызды элементтеріне айналуда. Оларды сабақ барысында да, сабақтан тыс жұмыстарда да оқу үдерісіне енгізуге болады.

Әдебиеттерді талдау, кәсіби қоғамдастықтың сауалнамасының нәтижелері және эксперименттің салыстырмалы кезеңі:

- биологияны оқыту үдерісін жетілдіруге мүмкіндік беретін эксперименттік шеберханалардың қазіргі деңгейі мен әлеуетті мүмкіндіктері және орта мектепте биологияны оқытудың эксперименттік және тәжірибелік ортасын құрудың теориялық негіздерінің жеткіліксіз дамуы;
- орта жалпы биологиялық білім беруде тәжірибелік-бағдарлы оқытудың қажеттілігі және биологияны оқытудың эксперименттік және тәжірибелік жағдайында оқу қызметін ұйымдастырудың әдістемелік әзірлемелерінің жоқтығы.

Зерттеу мәселесі орта мектепте биологияны оқытудың эксперименттік және тәжірибелік жағдайында оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың әдістемелік жүйесін құрастыру және енгізуде жатыр.

Мәселенің өзектілігі, практикалық маңыздылығы және жеткіліксіз әдістемелік әзірленуі зерттеу тақырыбын анықтады: «Орта жалпы білім беру деңгейінде биологияны оқытудың эксперименттік және тәжірибелік ортасын жобалау».

Зерттеудің мақсаты – биологияны оқытудың эксперименттік және тәжірибелік жағдайында оқу процесін ұйымдастыру арқылы орта жалпы биологиялық білім беру сапасын арттыру.

Зерттеу объектісі – орта жалпы білім беру деңгейіндегі биологиядан оқу үрдісі.

Зерттеу пәні 10-11 сыныптарда биологияны оқытудың эксперименттік және тәжірибелік ортасы болып табылады.

Зерттеу болжамы 10-11 сыныптардағы биология пәнінен білім сапасы жоғарылайды деген болжамға негізделген, егер

• молекулярлық биология, генетика және эволюция негіздері бойынша тәжірибелік семинарларды өткізуге арналған оқу-әдістемелік жинақтарды жасау;

• дәстүрлі және заманауи интерактивті оқыту құралдарын біріктіру негізінде биологияны оқытудың эксперименттік және тәжірибелік ортасында оқу үдерісін ұйымдастыру әдістемесін жобалау;

• биологиядан пәндік білім беру нәтижелеріне жетуге, оқушылардың жеке тұлғасының мотивациялық және танымдық ресурстарын дамытуға бағытталған биологияны оқытудың эксперименттік және тәжірибелік ортасында оқу процесін ұйымдастыру.

Мақсаты мен болжамына сәйкес зерттеудің міндеттері анықталды:

1. 10-11 сыныптарда биологиядан эксперименттік практикумдарды әзірлеу және өткізу мәселесі бойынша әдістемелік, психологиялық, педагогикалық және биологиялық әдебиеттерге талдау жасау.
2. 10-11 сыныптарда биологияны оқытудың эксперименттік және тәжірибелік жағдайында оқу процесін ұйымдастыру әдістемесін ғылыми негіздеу және әзірлеу.
3. 10-11 сыныптарда биологияны оқытудың эксперименттік-практикалық ортада оқу-тәрбие процесінің тиімділігін тәжірибе жүзінде тексеру.

Зерттеуде қойылған мәселелерді шешу және гипотезаны тексеру үшін келесі зерттеу әдістері қолданылды:

• теориялық: зерттелетін мәселе бойынша әдістемелік, психологиялық, педагогикалық, биологиялық әдебиеттер, білім беру саласындағы заңнамалық және нормативтік актілер, бағдарламалық және әдістемелік құжаттар, диссертациялар, жалпы білім берудің федералдық мемлекеттік білім беру стандарттары зерттелді;

• эмпирикалық: биология пәні мұғалімдерінің жұмыс тәжірибесін зерттеу, бақылау, сауалнамалар, тестілеу, сауалнамалар, ашық сабақтар, өзін-өзі бағалау және сараптамалық бағалау, педагогикалық эксперимент жүргізілді.

**Пайдаланылғанен әдебиеттер:**


1. Стерхова Н.С., Разливинских И.Н., Милованова Л.А. Использование возможностей интегрированного обучения в образовательном процессе начальной школы // Современные проблемы науки и образования. – Москва, 2022. – № 3.
2. Кульневич С.В. Анализ современного урока. Практическое пособие. – Ростов-на-Дону, 2006.
3. ПайгусовА. И. Технология подготовки и проведения интегрированного урока: Учебно-методическое пособие / А. И. Пайгусов. –Чебоксары: ЧГПУ, 2002. –С.46-48.
4. Знагирова Л.Н.Открытый интегрированный урок биологии и географии// Научный журнал «Биология в школе».–Алмыты, 2007.- № 4. -С.41-44.

ӘОЖ 378.091.3:37

# КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Маханов Т.Ш. п.ғ.к., аға оқытушы**
**Сарыбаев Ғ.М. магистор., аға оқытушы**
**Жанбиршиев С.Н. п.ғ.к., доцент м.а.**
Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

***Резюме***

*В статье рассматривается аспекты развития профессиональной компетентности специалистов профессионального образования. Компетентность знания и опыта необходимые для эффективной деятельности в определенной предметной области. Было данно понятие профессиональные компетентности педагога как ключевые, базовые и специальные компетентности.*

***Summary***

*The article examines aspects of the development of professional competence of vocational education specialists. Competence of knowledge and experience necessary for effective activity in a certain subject area. There was a concept of professional competencies of a teacher as key, basic and special competencies.*

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына сәйкес кәсіптік білім беру саласы – білім алушыларға белгілі бір салада, сонымен қатар кәсіптік қызметті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін білімдерді, іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталған білім беру түрлерін немесе өзіне тиісті мамандық бойынша жұмыстарды орындау болып саналады. Білім алушылардың кәсіби құзіретілігін динамикалық жүйе негізінде құзіреттіліктердің, әлеуметтік, жеке және кәсіби маңызды тұлғалық қасиеттердің, сондай-ақ білім алушының саналы жауапкершілікпен кәсіби қызметті жүзеге асыруға дайындығын қамтамасыз ететін белгілі бір жүйелік идеялардың жиынтығы ретінде анықтаймыз. [1]

Құзіреттілік көзқарас, ең алдымен, кәсіптік білім берудің мақсаттары мен нәтижелерін бағалаудың жаңаша көзқарасына бағдарлана отырып, өз талаптарын білім беру процесінің басқа копененттеріне – мазмұнына, педагогикалық технологияларына, бақылау және бағалау құралдарына қояды. Бұл жерде, ең бастысы, білім алушыларды әр түрлі іс-әрекет түрлеріне (қарым-қатынас, туындаған мәселелерді шешу, пікір талас, диспут, жобалар) тартуға жағдай жасайтын оқыту технологияларын жобалау және енгізу болып саналады.

«Құзіреттілік» түсінігін әр түрлі жағдайда қарастырып көретін болсақ: *Құзіреттілік* – берілген белгілі бір пәндік салада тиімді қызмет үшін қажетті білім мен тәжірибенің болуы.

*Кәсіби құзіреттілік* – маманның бар тәжірибесіне, білімі мен құндылықтарына (құзіреттіліктеріне) сүйене отырып, әр түрлі кәсіптік мәселелер мен міндеттерді шешу қабілеттері.

*Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі* – педагогикалық іс-әрекетте көрінетін дайындығы, оның еңбекке қатынасы, жеке қасиеттері, сондай-ақ өз жұмысын жаңаша, шығармашылықпен түсіну ұмтылысы болып табылады. Сонымен қатар, бұл күрделі және көп қырлы құбылыс болуы мүмкін. Бұл құбылыс мұғалімнің кәсіби базалық білімі, іскерліктері және дағдыларымен ғана емес, сондай-ақ оның құндылық бағдарламаларымен, іс-әрекетінің мотивімен, өзін және қоршаған әлемді түсінуімен, өзі жұмыс жасауға қабілеті мол адамдармен қарым-қатынас стилімен, оның жалпы мәдениеті және шығармашылық әлеуетін дамыту қабілетімен анықталады. Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігінің құрамдас бөліктеріне кілтті, базалық және арнайы құзіреттер жатады.

*Кілтті құзіреттіліктер* (әлеуметтік-құқықтық, ақпараттық, тілдік) қазіргі өзгермелі әлемде кез келген кәсіби қызмет үшін қажет.

*Базалық құзіреттілікке,* ең алдымен, педагогикалық іс-әрекетті ұйымдастыруға қажетті психологиялық-педагогикалық білім саласындағы құзіреттер жатады.

*Арнайы құзіреттіліктер* әдістемелік дайындық кезінде шешіледі. Мәселен, тіл мұғалімінің ерекше құзіреттілігі тек лексикология, морфология, синтаксис т.б саладағы білімі ғана емес, сонымен қатар оны мектеп білім алушыларына үйрете білуі. Бұл құзіреттіліктердің барлығы өзара байланыста және маманның тұтас бейнесін жасайды. [2]

*Білім сапасын арттыру* – уақыттың өзекті мәселелерінің бірі болып саналады. Осы мәселені шешу жолы болып білім беру мазмұнын жаңартумен, оқу процесін ұйымдастырудың әдістері мен

технологияларын оңтайландырумен және білім беру саласының мақсаты мен нәтижесін қайта құрумен байланасты болады.

«Құзірет» және «құзіреттілік» ұғымдарын түсіндіру арқылы осы ұғымдардың қалай анықталатынына және олардың өзара сәйкестігіне байланысты құзіреттілік көзқарастың мазмұнын түсінуге болады. Латынша: compitentia – тұтастық бөліктерінің біріздiлігі, пропорционалдылығы, бәсекелеске сәйкес келетіндігі, profession – ресми түрде көрсетілген кәсіп.

Құзыреттілік төменде көрсетілген салалар бойынша анықталады:

• бір нәрсені жақсы немесе нәтижелі орындау қабілеті;
• жұмысқа орналасуға қойылатын талаптарды сақтау;
• арнайы еңбек функцияларын орындау қабілеті.

Жоғарыда көрсетілген ұғымдарды анықтау барысында құзіреттіліктердің практикалық бағыттылығына баса назар аударылғаны жөн болады. «Яғни, құзіреттілік – бұл адам тәжірибесінде білім мен іс-әрекет арасындағы қарым-қатынастар саласы», ал «құзіреттілікке негізделген тәсіл білім берудің практикалық бағытын айтарлықтай күшейтуді көздейді».

Дегенмен, «дайындық», «білім беру», «жалпы мәдениет» «тәрбие» секілді ұғымдарды білім алушылардың «құзірет», «құзіреттілік» ұғымдарына күрт қайта бағдарлауы байқалады. Демек, білім беруде құзіреттілікке негізделген тәсілге айтарлықтай мән беріледі. Құзіреттілік дегеніміз – берілген пәндік салада тиімді әрекеттке қажетті білім, іскерлік және дағдының болуы. Құзырлы адам – бұл кез келген нәрсені меңгерген, сол нәрседен жақсы хабардар адам, дегенмен, құзіреттілік, әдетте, кез келген кәсіптік салада жан-жақты білімі бар маманнның біліктілігімен байланысты болады.

Қазіргі таңда «кәсіпкерлерге және олардың көзқарасы бойынша тым жиі материалдық сипаттағы белгілі бір операцияларды жүзеге асыру қабілетімен байланысты біліктілік қажет емес, дегенмен, әрбір жеке тұлғаға тән дағдылардың маңызы ретінде қарастырылатын құзіреттілік, бұл сөздің қатаң мағынасында біліктілікті біріктіретін, әлеуметтік мінез-құлық, топта жұмыс жасай білу, бастамашылық және тәуекелге деген сүйіспеншілік». Құзіреттілікке негізделген тәсілдердің жалпы қағидалары:

• Білім берудің мағынасы – білім алушылардың өз тәжірибесіне сүйене отырып, өз бетінше шешім қабылдау қабілетін дамыту.
• Дағдыларға байланысты әрекеттер мен операцияларға айналуы үшін, белгілі бір саланы оқытудың мазмұны меңгерілуі қажет.
• Білім алушылардың өз бетінше есептерді шығару тәжірибесін дамытуға жағдай жасау қажет.
• Оқыту нәтижелерін бағалау білім алушылардың қол жеткізген білім деңгейін талдауға негізделген.

Құзіреттілік тәсілдің негізгі міндеті – білім алушының алған білімін еңбек жасауда қолдана білуге, сонымен қатар әртүрлі өндірістік және әлеуметтік мәселелерді шешуге үйрету.

Құзіреттілік көзқарас тұрғысынан білім берудің мақсаттарына мыналар жатады:

• Білім алуға үйрену, яғни танымдық іс-әрекеттің мақсаттарын анықтауға, ақпараттық көзқарасын таңдауға, мақсатқа жетудің оңтайлы жолдарын табуға, нәтижелерді бағалауға және өз әрекеттерін өз бетінше ұйымдастыруға үйрету.
• Сәйкес ғылыми аппаратты қолдана отырып, шындық құбылыстарын, олардың мәні мен себептерін түсіндіруге үйрету.
• Қазіргі заманның негізгі мәселелерінің (экономика, саясат, мәдениетаралық өзара әрекеттестікті және т.б.) бағыттарын үйрену.
• Рухани құндылықтарының бағыттарын үйрену.
• Әртүрлі әлеуметтік рөлдерді жүзеге асырумен байланысты мәселелерді шешуді үйрену.
• Кәсіби қызметтің әртүрлі түрлеріне ортақ мәселелерді шешу жолдарын үйрену.

Дегенмен, оқыту процесі мүлдем жаңа формаға ие болды. Құзіреттіліктің бірнеше түрі қарастырылады.

*Құндылық-семантикалық құзіреттер:* қоршаған әлемді көру мен түсіну, оны шарлау, өз рөлі мен мақсатын жүзеге асыру, таңдау және шешім қабылдау қабілетінен тұрады. Осы құзіреттер білім беру, сонымен қатар басқа да іс-әрекеттер жағдайында білім алушының өзін-өзі анықтау механизмін қамтамасыз етеді.

*Жалпы мәдени құзіреттер:* ұлттық және жалпыадамзаттық мәдениет саласындағы біліммен тәжірибе; адам өмірі мен адамзаттың, жекеленген халықтың рухани-адамгершілік негіздерін; әлеуметтік құбылыстар және дәстүрлер; ғылым мен діннің адам өміріндегі рөлі; күнделікті, мәдени және демалыс саласындағы құзіреттілік, мысалы, бос уақытты ұйымдастырудың тиімді тәсілдерін меңгеру.

*Оқу-танымдық құзіреттіліктер:* логикалы және жалпы білім беру іс-әрекетін қамтитын білім алушының өзіндік танымдық іс-әрекет саласындағы құзіреттеліктерінің жиынтығы. Зерттелетін объектілерге қатысты білім алушы келесі дағдыларды меңгереді: қоршаған шындықтан тікелей білім алу, оқу-танымдық мәселелерді шешу тәсілдерін меңгеру, стандартты емес жағдайларда әрекет ету.

*Ақпараттық құзіреттіліктер:* заманауи ақпарат құралдарын (теледидар, магнитофон, телефон, факс, компьютер, принтер, модем, және т.б.) және ақпараттық технологияларды (аудио-бейне жазба, электронды пошта, интернет) меңгеру. Қажетті ақпаратты іздеу, талдау сонымен қатар таңдау, оны түрлендіру, сақтау және беру.

*Коммуникациялық құзіреттер:* түрлі тілдерді білу, қоршаған адамдармен (оқиғалармен) қарым-қатынас жасау тәсілдері; топта, ұжымда жұмыс жасау дағдылары. Білім алушының өзін таныстыра білуі, хат, өтініш жазу, форманы толтыру, сұрақ қою, пікірталас жүргізе білуі керек. осы құзіреттіліктерді меңгеру үшін оқу үдерісінде нақты қарым қатынас объектілерінің қажетті және жеткілікті саны және олармен жұмыс жасау тәсілдері бекітіледі.

*Әлеуметтік-еңбек құзіреттері:* білім алушы экономика мен құқық мәселелерінде, кәсіби өзін-өзі анықтау саласында құзіретті болуы керек. Еңбек нарқындағы жағдайды талдай білу, жеке және қоғамдық пайдаға сәйкес әрекет жасау, еңбек пен азаматтық қатынастар этикасын меңгеру.

*Жеке тұлғаның өзін-өзі жетілдіру құзіреттіліктері* - физикалық, рухани, сондай-ақ интеллектуалдық өзін-өзі дамыту әдістерін игеруге бағытталған. Білім алушы өз мүддесіне және мүмкіндігіне сай әрекет жасау тәсілдерін меңгереді. Осы құзіреттіліктерге жеке бастың гигиенасы ережелері, өзінің денсаулығына деген қамқорлық, ішкі экономикалық мәдениет пен қауіпсіз өмір сүру әдістері жатады.

*Кәсіби құзіреттілік* – белгілі бір кәсіптің, тиісті мамандықтың, біліктілік стандарттарының, орындайтын немесе атқаратын қызметтік лауазымның қажеттіліктеріне, талаптарына психологиялық, физикалық және рухани сәйкес келуін қамтамасыз ететін маманның сапасы немесе жағдайы. [3]

Педагогика ғылымында кәсіби құзіреттілік ұғымы төменде көрсетілгендей болып қарастырылады:

• еңбек өнімділігін айқындайтын білім және іскерлік жиынтығы;
• берілген тапсырманы орындау дағдыларының көлемі;
• жеке қасиеттер мен сапаның үйлесімі;
• білім мен кәсіби маңызды тұлғалық қасиеттердің кешені;
• еңбекке теориялық және практикалық дайындықтың бірлігі.

Негізінен, зерттелген тәжірибелерге сүйене отырып, кәсіби құзіреттілік кәсібилік, біліктілік, кәсіби қабілеттілік, кәсіби көзқарас секілді ұғымдарды біріктіретініне көз жеткіздік. Осы үдерістердің барлығы кәсіптік қызметте қолданаыстағы білім, іскерлік және дағдыларда көрінеді, сонымен қатар дипломдарда, бұйрықтарда, нұсқауларда, атқарылатын қызметі мен кәсіби қызметінде көрінеді.

Дегенмен, кәсіптік білім беруде құзіреттілікке негізделген әдіс-тәсілдерді енгізу мақсаты – жоғары кәсіби деңгейдегі тиімді, құзіретті маманды қалыптастыру.

Құзіреттілікке негізделген әдіс-тәсілдерді енгізудің арқасында білім алушы қандай деңгейде болу керек екені төмендегі тізімде көрсетілген:

• сұраныс пен бәсекеге қабілетті;
• нәтижелі кәсіби қызметтеке дайын;
• әртүрлі жағдайларда шешімді әрекет ете алады;
• өндірістік мәселелерді тиімді шешу.

Құзіреттілікке негізделген әдіс-тәсілдердің артықшылықтары:

• білім алушылардың кәсіби дайындығын арттыру;
• білім алушы мен білім берушінің өзара әрекеті;
• жас мамандардың өндіріске тез икемделуі;
• қазіргі таңдағы заманауи құрал-жабдықта жұмыс жасау білімін меңгеру;
• өндірістегі мәдениет, кәсіби көзқарас, таңдаған мамандығына деген құрметті қалыптастыру;
• білім алушы сабақтас мамандықтар бойынша жұмыс жасай алады.

Мысалы, токарь фрезерлеуші, ағаш ұстасы, кесте және кілем тоқушы.

Кәсіптік білім беруде құзіреттілікке негізделген әдіс-тәсілдерді ұтымды қолдану үшін қолданыста жүрген белгілі әдіс-тәсілдерді қолдану қажет болады. Бұл үдеріс әртүрлі болуы мүмкін, біз өз сабақтарымызда мынандай әдіс-тәсілдерді қолданамыз:

• жасалатын бұйымның технологиялық құжаттамасын (эскиз, технологиялық карта) сызып көрсету;
• болашақ бұйымды жасау барысындағы технологиялы операциялардың жасалуын жеке көрсету, сонымен қатар осы үдерісті компьютерде анимация негізінде көрсету;

• білім алушылардың практикалық және өзіндік жұмыстарын қолдану;
• пәнге арналған тест сұрақтарын, технологиялық құжаттамаларды пайдалану;
• пәнге қарасты өндірістерде білім алушылармен топ серуен өткізу;
• өтілетін пәнге байланысты шеберхананы көрнекі және әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету;
• білім алушылардың тиісті бұйымға деген технологиялық операцияларды орындауын қадағалау.

Бұл әдіс-тәсілдер «Дизайн және технология» пәні негізінде кәсіби құзіреттіліктерді жетілдіруге ықпалын тигізеді:

• кез келген тақырыпқа сай, оның теориялық негіздерін меңгеруі: тақырыпта қарастырылатын ұғымдар, практикалық тұрғыда жасалатын бұйымның технологиялық құжаттамасын сызу, орындалатын технологиялық операцияларға сәйкес керекті құрал-саймандарды таңдап алу, технологиялық картада көрсетілген операциялардың реттілігін сақтай отырып жұмысты орындау;
• практикалық жұмысты орындау барысында әр білім алушы еңбек қауіпсіздігінің ережелерін білуі;
• сабақты өту барысында білім алушы тақырыпқа сәйкес теориялық мағлұматтарды және практикада кәсіптік білімді меңгеру жолдарын игеруге негізделген өзіндік танымдық әрекетті білуі;
• қазіргі таңдағы қолданыста жүрген жаңа заманауи технологияларды меңгеру мен оларды сабақта қолдану мүмкіндіктерін түсіну;
• кәсіби сауаттылық, демек білім алушы дәлелді пайымдаулар жасау қабілетін дамыту қажеттілігі;
• білім алушыларда стандартты емес жағдайларда алған білімдері, іскерліктері мен дағдыларын қолдану қабілетін дамыту: жасалған іске сай  шешім қабылдай білу, әлеуметтік және болашақ кәсіби салада бейімделу;
• орындалатын жұмыстың мәселелерін шешу және топта жұмыс жасау, шамадан тыс жүктемелерге, стресстік жағдайларға дайын болу және олардан дер кезінде шығу жолдарын білу. [4]

Демек, білім беру мекемелерінде кәсіптік білім беруде құзіреттілік тәсілінің тиімді әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы, мұғалім түптеп келгенде өздігінен, кез келген уақытта өз-өзіне сенімді тұлға тәрбиелеуге сенімді болуы керек. Тәрбие алған тұлға келешек өмірде, маман ретінде өзінің білімін жүзеге асыруға, сонымен қатар әлеуметін ашуға жеткілікті құзіреттіліктері бар болуы қажет.

**Пайдаланылған әдебиеттер**

1 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Қазақстан Республикасының 2011 ж. 24 қазандағы №487-IV.Заңы.
2 Совершенствование профессиональной компетентности педагога профессионального обучения [Электронный ресурс]: Режим доступа: https://aticlekz. com/article/12765/ (дата обращения: 04.06.2019).
3 Печеркина. А.А. Развитие профессиональной компетентности педагога: теория и практика  [Текст]: монография. Урал. гос. пед. ун-т. – Екатеринбург: [б.и.], 2011.233 с.
4 Чокушева А.И. Совершенствование профессиональной компетентности педагога как фактор устойчивого развития образования // Международный журнал экспериментального образования, 2015. №7. С. 131-132.

ӘОЖ 372.853

## КӨРКЕМ ЕҢБЕК САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОЙЛАУЫН ДАМЫТУ

**Сарыбаев Ғ.М. магистр, аға оқытушы,**
**Маханов Т.Ш. п.ғ.к., аға оқытушы,**
**Буркитбаев Т.С. п.ғ.к., доцент м.а.,**
**Қасмырзаев Б.Н. магистр, оқытушы.**
Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

***Резюме***

*Данная статья посвящена проблемам развития творческого мышления школьников на уроке художественного труда. В целях изучения данной проблемы уточняется творческое мышление в зависимости от творческого мышления студентов. В статье представлены организационно-педагогические условия, способствующие благоприятному развитию творческого мышления учащихся на уроках.*

***Summary***

*This article is devoted to the problems of developing creative thinking of schoolchildren in the fine arts lesson. In order to study this problem, creative thinking is clarified depending on the creative thinking of students. The article presents organizational and pedagogical conditions that contribute to the favorable development of students' creative thinking in the classroom.*

Еліміздегі білім беру процесінің қазіргі мақсат, міндеті - баланың бойына іскерлік рухын ояту, өнертапқыштық ойлау қабілетін, қойылған міндеттерге шығармашылықпен жауап таба алатын және де өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын сақтай алатын жеке тұлғаның дамуына қолдау көрсету болып табылады. Білім берудегі мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес бағдарламалар шығармашылық пен зерттеушілік сипаттағы мәселелерге жауап беру, іздеу әдістерін көрсетуі керек. Осы мәселелердің шешімін табу жөнінде көптеген психологтар мен педагог ғалымдар айналысты: Я.А. Пономарев, А. Рошка, Л.С. Выготский, Д.Б. Эльконин, С.А.Жолдасбекова т.б. Осы ғалымдардың әрқайсысы «ойлау», «шығармашылық», «креативті ойлау» ұғымдарына өзіндік түсініктеме берді. Осы қызығушылыққа қарамастан зерттеушілерді осы мәселеге, сонымен қатар оның жекелеген аспектілерін бөліп көрсете отырып, бұл тұжырымдаманың мәнін жұмыста алға қойылған мәселе контекстінде белгілеу қажет. Ал енді «шығармашылық ойлау» терминін қарастыруға көшсек.

А.Рошканың айтуына қарасақ, «Шығармашылық ойлау ол шығармашылық процестің элементін құрайтын ойлаудың бір түрі, оның өнімдерінің өзіндік ерекшелігі мен әлеуметтік маңызы бар».

Ал, Я.А.Пономарев пікірінше, «Шығармашылық ойлау көркемдік тәжірибенің орталық психологиялық өзегі».

А.В.Брушлинскийдің айтуынша, «...тұтастай алғанда: шығармашылық – адам тәжірибесінен тонның және оқшауланудың негізгі формасы» [2,4,5].

Зерттеу мәселесі әсіресе, балаларға қатысты өзекті, себебі «мектептегі баларда алғаш рет барлық жағынан шығармашылық ойлау туралы айтуға болады, бірақ ол нақты жағдайда және көріністердің стихиялылығында көрінеді». Бұл біздің сәндік қоланбалы өнер сабақтарында көрініс табады. Мысалы, ағаштан қазақтың қолөнер бұйымдарын жасау барысында дәстүрлі ою-өрнектермен нақышына келтіріп жасау барысын айтсақ бесік, асатаяқ, қобыз, сандық, кебеже т.б.бұйымдарды жасау кезінде баланың шығармашылық ойлауы тереңдей түсері хақ.

Осы мақаладағы зерттеу тақырыбымыз бойынша әдебиеттерді талдай отырып, біз мектеп оқушыларының шығармашылық ойлаудағы ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайлардың мүмкіндіктерін теориялық негіздеуде біз сүйенген «шығармашылық ойлау» ұғымының жұмыс анықтамасын нақтыладық.

Көркем еңбек сабағына қатысты шығармашылық ойлауды біз ерекше мәселелерді шешу барысында субъективті жаңа көркем бейне мен шығармашылық өнімді жасау ретінде қарастырамыз. Өкінішке орай, кейде білім беретін мектептерде көркем еңбек сабақтары басқа негізгі пәндердің тасасында елеусіз қалып қояды. Бұл келесідей қарама-қайшылықтарды тудырады:

- Оқушылардың шығармашылдық ойлауын дамытудағы қажеттілігі мен қазіргі білім беру жүйесін формализациялауға бағыттаушылығының төмендеуі;

Біз, жалпы педагогика мен психологияда шығармашылық ойлауды дамыту үшін қалыптасқан ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайлар, сондай-ақ шығармашылық білім беруде оқушылардың ойлауын дамытудың жеткіліксіз дамыған шарттары мен әдістерін көреміз. Осыған байланысты мектеп оқушылары тиісті білім ала алмай отыр. Жалпы білім беретін мектептердегі оқушылардың білімдері мен дағдылары олқылықтарын негізге ала отырып, оқушылардың шығармашылық ойлауын дамыту мақсатында көркем еңбек сабағында енгізуге болатын ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттарын анықтадық.

Мектептегі көркем еңбек сабақтарында ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары педагогикалық жүйенің сипаттамасы, кеңістік білім беру ортасының мүмкіндіктері, оларды жүзеге асыру педагогикалық жүйенің тиімді қызмет етуін, сонымен бірге дамуын қамтамасыз етеді. Осыған байланысты біз келесі шарттарды анықтаған болатынбыз:

1. Шығармашылық ойлауды кезең-кезеңімен дамыту жағын қарастыру.
2. Қолайлы дамыту ортасын жүзеге асыру жағын қарастыру.
3. Шығармашылық әрекеттерді ұйымдастыруы.
4. Көркем шығармаларды қабылдауға эмоционалды көңіл-күйді қалыптастыру.

Зерттеуде анықталған ұйымдастырушық-педагогикалық шарттар мектеп оқушыларының күрделі шығармашылық мәселерді шешуге өзінің қабілеттері мен білімдерін қолдануын қамтамасыз етуге, топта жұмыс істеу және ұжымдық, жеке дара шығармашылық жұмыстарды жасауға үйренуге

бағытталған. Демек осылайша, ұйымдық-педагогикалық шарттар анықталды. Анықтамада көрсетілген шығармашалық ойлаудың барлық элементтерін дамытуға бағытталған.

Белгіленген ұйымдастырушық-педагогикалық шарттар шеңберінде қолданылатын педагогикалық әдістерге кезек беретін болсақ:

1. Шығармашылық ойлауды кезең-кезеңімен дамыту.

Шығармашылық ойлаудың тиімді дамуына қол жеткізу үшін мұғалім баланың сол жасалатын бұйымның эмоционалді ойлау кезеңінен өтуі керек. Мысалы балаға берілетін тапсырманы әңгіме түрінде баяндап, содан кейін оларды қабылдау кезінде қандай сезімдер болғанын сұрап, талқылайды. Бұл кезеңде алған әсерлерді толықтыруға және шығармашылыққа қызығушылықты арттыруға арналады. Содан кейін бағалау кезеңдерінде рефлекция мен құндылықты өз орнымен реттеу керек. Бірінші кезеңде оқушылар Қазақтың дәстүрлі құндылықтарына, әдет-ғұрыптарымызға қарап отырып білім алатын болса, ал екіншісінде шығармашылық туындыларға жеке құндылық ретінде көзқарастары қалыптасады. Демек, шығармашылық қабілеттерін талдау арқылы мектеп оқушылары көркем шығармамен қарым-қатынас жасауға үйренеді.

2. Оқушының қолайлы ортасын ұйымдастыру.

Көркем еңбек сабағында мұғалім баланың шығармашылық қабілеттерін ашуға және танымдық, эстетикалық қызығушылықтарын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін даму ортасын ұйымдастыруға шақырады. Мұғалім ұйымдастыратын орта балаға белгілі дәрежеде еркіндік беріп, қабілетін ашып, оның дүниетанымына әсер етуі қажет. Сондықтан да, мұғалімге сабақ барысында өз бетінше зерттеу әрекетін дамыту үшін қолданылатын эвристикалық әдісті қолданғаны жөн. Мысалы сабақта «Көркем шығармадан қазақы музыкалық аспап - асатаяқты жасаудың және сол туралы аңыз әңгімелерді баяндау арқылы алған әсеріңді сал» деп тақырыбын қоюға болады. Бұл тапсырмада бала еркіндік танытып жұмыс атмосферасына еніп, өзінің қолайлы ортасына келіп, жұмысын орындайды[1].

3 Шығармашылық әрекеттерді ұйымдастыру.

Бұл үшінші әрекетте мұғалім көркем еңбек сабағында проблемалық ізденісті құруға талпынады. Олар шығармашылық ізденістерді іздестіруді ұйымдастырады, ойлаудың, қиялдың шыңдануына, іскерліктер мен дағдыларды меңгеруге ықпал етеді. Мұндай жағдайлар балалардың білуге деген құмарлығын, жанды реакциясын оятып, белсендіреді.

4. Оқушылармен көркем шығармаларды қабылдауға эмоционалды көңіл-күйді қалыптастыру.

Мұғалімнің басты міндеті – баланың бойына қолайлы және өнімді жұмыс жасау үшін эмоционалды көңіл-күйді ұйымдастыру. Бұл оқушыларға жақсы көңіл-күй жағдайын жасау арқылы жүзеге асады. Белгілі бір жұмысты сезім мен эмоцияның көрінуіне мұғалімнің жылы сөзі мен мақтауы оқушыларға үлкен серпіліс беріп, кедергілерді жеңіуге көмектеседі және өзіндік образ жасау үшін эмоцияоналды көңіл-күйді де көтереді[3].

Проблемалық іздестіру мәселелерін де жүзеге асыруға толығырақ тоқталатын болсақ. Оларды мұғалім көркем еңбек сабағында ғылыми білімінің нәтижелерін меңгеру үшін және оқушының өзіндік іс-әрекеті процесінде жаңа бейнені құру процесін белсендіру үшін пайдаланады. Мысал ретінде мектеп оқушыларына сәндік қолданбалы өнер бөлімінде қазақы дәстүрлерімізді дәріптеу ретінде «бесік» тақырыбындағы аңыз әңгімелер айтып көркем еңбек сабағының қысқаша мазмұнын әзірлесек. Оқушыларға бесіктің сюжеттік композициясын бейнелеу ұсынылады – аңыз әңгімелер арқылы суреттеу үшін, бірақ сонымен бірге мұғалім белгілі бір шартты қосу арқылы тапсырманы анықтайды – аңыздың желісі арқылы оқушы көзімен бейнеленеді. Бұл мысал оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыруға көмектеседі. Демек, шығармашылық өнімді жасау барысында өзіндік шығармашылық шешім табуға көмектесетін жеке ізденіс әрекетінің әдісін көрсетеді деп қорытынды жасауымызға болады[6].

Көркем еңбекте проблемалық-ізденушілік жағдаяттарды қолданудың жағымды қасиеттерін бөліп көрсетуге болады, олар:

1. Оқутудың ішкі мотивациясын ынталандыру.
2. Оқушының бойындағы жан жақты ойлаудың қалыптасуы.
3. Оқушыдағы шығармашылық ойлау мен қиялды дамыту.
4. Оқушыдағы қарым-қатынас дағдыларын дамыту.
5. Оқушының зерттеу дағдыларын меңгеруі.
6. Көркем еңбек сабағына деген қызығушылығын арттыру.

Тәжірибелік тұрғыдан біз, оқушылармен сауалнама жүргізіп, нәтижелерін талқыладық. Сауалнамаға қатысқандар «Педагогикалық білім» оқыту бағыты, «Көркем еңбек пәні бойынша оқушылар, барлығы 20 оқушы қатысты. Респонденттерге көркем еңбек сабағына деген көзқарасын,

мұғалімнің өз жұмысында қолданатын әдіс-тәсілдерін және олардың оқушыларының шығармашылық ойлауын дамытуға қалай әсер ететінін білу, анықтауға бағытталған 5 сұраққа жауап беру ұсынылды.

«Сіздің ойыңызша, мектептегі көркем еңбек сабағының негізгі мақсаты не?» деген бірінші сұрақ оқушының шығармашылыққа бейімделу жағдайына қатысуына жеке көзқарасына бағытталды. «Рухани мәдениетті қалыптастыру, сәндік қолданбалы өнердегі қазақы көркем мұраны таныстыру және өнер туындыларымен қарым-қатынас жасау қажеттілігін дамыту жайы» - 73% дауыс жинаған ең танымал жауап болды.

Екінші сұрақ: «Сіздің ойыңызша, көркем еңбек сабақтары мектеп жасындағы балалардың дамуына қалай әсер етеді?» Жауаптың екі нұсқасының 100% пайызы дерлік қажет екенін атап өтті.

Көркем еңбек сабақтары оқушыларға жақсы әсер етеді, себебі есте сақтау, қиялдау, ойлау, сөйлеу мәдениеті, зейін және т.б.

«Мектеп оқушыларының шығармашылық ойлауын дамытудағы оқытушының рөлі қандай?» деген үшінші сұрақты қарастыра келе, сауалнама нәтижелері қатысушылардың 95%-ы оқытушының рөлін маңызды екенін анықтады. Яғни, көркем еңбек сабақтары арқылы оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытудың ажырамас бөлігі ретінде қарастыруға болатынының дәлелі деп айтуға болады .

**Пайдаланылған әдебиеттер**

1.Андреев В.И. Педагогика: Учебный курс для творческого саморазвития // Центр инновационных технологий, Казан, 2000.
2.Брушлинский А.В. «Мышление и прогнозирование» - Психология мышления и проблемное обучение. Знание. Москва, 1983 с.6-78.
3.Жолдасбекова С.А. Еңбек технологиясы және кәсіпкерлік мұғалімдерін даярлау. Монография. - Алматы: Әрекет-Print, 2008-330 бет.
4. Пономарев Я.А.Творческое мышление. Пути его определения и развития. – Наука. Москва, 1976. 302 с.
5.Рошка А. Творческое мышление. Пути его определения и развития. – Наука. Москва, 1971. (дата обращения: 03.05.20).
6.Эльконин Д.Б. О структуре учебной деятельности // Электронная библиотека МГППУ, 2007

## КӘСІПТІК ОҚЫТУ ПЕДАГОГІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚЫЗМЕТІ

**Ахмадалиева О. Р. –** М1406-12 тобының магистранты
**Байбатшаева А. Е. – п.ғ.к, доцент м.а.**
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан
**Байбатшаева М.Е.**
Қазыбек би атындағы14 жалпы білім беретін мектеп Көркем еңбек пәнінің мұғалімі

***Резюме***

*В данной статье рассматривается классификация и анализ теоретических аспектов и особенностей методической деятельности педагога профессионального обучения, а также методической работы с точки зрения инновационного характера деятельности.*

***Summary***

*This article discusses the classification and analysis of the theoretical aspects and features of the methodological activities of a vocational training teacher, as well as methodological work from the point of view of the innovative nature of the activity.*

Кәсіптік оқыту педагогінің жобалау, ғылыми-зерттеу, оқу-әдістемелік және тәрбиелік қызметімен бірге оқу іс-әрекетінің барысын басқаруға және өзгертуге бағытталған әдістемелік процесстің маңызды тұстарының бірі болып табылады.

Әдістемелік қызметтің теориялық аспектілерін қарастыра отырып, кәсіптік оқыту педагогінің қызметі саласындағы оның кейбір өзіне ғана тән белгілерін атап өту маңызды. Әдістемелік қызметтің мәнін қарастыра отырып, бірнеше негізгі анықтамаларды атап көрсету керек:

1. Нақты әрі анық белгілі бір пәнді оқыту әдісі болып табылады;
2. Бұл – өзін-өзі тану мен тәрбиелеу, білім мен біліктілігін арттыру, дидактикалық оқу құралдарымен жұмыс жасау, қысқаша айтқанда, әдістемелік іс-әрекет яғни әдістемелік қызметпен пара-пар;
3. Кәсіби-педагогикалық қызмет барысындағы іс-әрекеттің құрылымы мен тәртібінде анық көрінетін нақты айырмашылықтары бар жеке дағдылардың жиынтығын белгілейді.

Оқыту және білім беру тәжірибесіне қызмет ету – әдістемелік қызметтің негізгі мақсаты болып табылады. Бұл негізгі мақсатқа жету үшін кәсіптік оқыту педагогі әдістемелік қызметті орындаушы ретінде талдау, жоспарлау, жобалау, дайындау, салу, стандарттау және тағы басқа осы сияқты бірқатар іс-әрекеттерді жүзеге асырады. Сонымен бірге, іс-әрекет объектісі құзыреттіліктерді дамыту процесі болса, пәні кәсіптік оқыту педагогінің жеке жұмыс әдістерінің жиынтығы, іс-әрекеттерді жүргізу әдістері және педагогикалық процестердің жұмыс жиынтығы болып есептелінеді. Бұл жағдайда субъект – педагог, жеке өкіл немесе педагогикалық ұжым ретінде. Әдістемелік қызметтің мақсатына жетудің сипаттамасы – нәтиже, яғни жалпы алғандағы нәтижені көрсететіндер: педагогикалық процесте қолданылатын оқу материалы, әртүрлі алгоритмдер, оқыту құралдары, оқыту әдістері мен тәсілдері, оқу бағдарламалары және оқу барысында қолданылатын басқа да материалдар [1].

Мақсатқа жету және одан әрі жүзеге асырып даму үшін білім алушылардың оқу-тәрбие жұмысын оңтайлы ұйымдастыруға керекті оқу-әдістемелік құралдарды дайындау арқылы нақты әрі анық оқыту нәтижелеріне жетуге бағытталған педагогикалық іс-әрекет саласындағы ең маңызды бағыттарының бірі ретінде әдістемелік қызметті қарастырған жөн. Атап өту қажет бұл зерттеудің аясында авторлар кәсіптік оқыту педагогінің әдістемелік қызметіне негізгі назар аударылған. Әдістемелік қызмет түсінігін қарастыра отырып, көптеген зерттеушілер кәсіби қызметтің бұл түрі мұғалімнің жеке тұлғасын қалыптастыру және дамыту, білім және біліктілігін арттыру ғана емес, сонымен бірге білім алушылар арасында бірнеше қандай да бір байланысты ұсынады. Бұр тұрғыда әдістемелік іс-әрекетке тән типтік функциялардан басқа (жобалау, конструкциялау, әзірлеу сынды) соңғы жаңа инновациялық функциялар қалыптасады. Сонымен, әдістемелік қызмет барысында қалыптасатын типтік функциялардың (оқу мақсаттары және оның мазмұны, формалары, әдістері, қолданылатын құралдары) инновациялық дамумен байланысын қарастыра отырып, белгілі бір пән бойынша оқу қызметінің нәтижесіндегі инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану дәрежесінің әсерін атап өту маңызды. Педагогикалық тәжірибе білім мен дағдыларды, құзіреттіліктерді неғұрлым толық түрде қалыптасқандығын дұрыс ұйымдастырылған және жобаланған оқыту процесі арқылы жүзеге асатынын дәлелдейді, бұл процесс барысында тек жоғары сапалы жаңа инновациялық әдістер ғана емес, сонымен бірге білім мен білікті дамыту мен жетілдіруге бағытталған көптеген оқыту құралдары қолданылады. Бұл жердегі маңызды сипаттама – пәннің мазмұнына ғана емес, сонымен қатар білім алушының оны меңгеру тиімділігінің дәрежесіне тікелей әсер ететін уақыт шектеуі ретінде анықталған шарт болып табылады. Бұл процесті толығырақ қарастыра отырып, жоғарыда атап көрсетілген факторлармен бірге кәсіптік оқыту педагогінің қолданатын әдістемесі мен жаңашыл педагогтің өз әдістемелік жүйесіне арнап жасаған әдістемелік тәсілдерінің де ықпалы кең көлемде екенін атап өткен жөн. Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру кезінде кәсіптік оқыту педагогі болашақ мамандарды әр түрлі қызмет позициясынан дайындау жүйесін қарастырады – ғылыми-зерттеу, оқу-тәрбиелік, ұйымдастырушылық-қызметтік, мазмұндық, жүйелік. Әрбір құрамдас бөлікті зерттеп және ол бойынша әдістемелік оқу материалдарын құрастыра отырып, педагог іс-әрекет тәжірибесіне инновациялық әдістерді енгізеп, күшейтілген және уақыт сынынан өткен әдістерді алмастырып, нақты оқу пәнінің шеңберіндегі ең соңғы және білім алушының оқу-әдістемелік траекториясына сай аспектілер бойынша жұмыс істеп оқу материалдарын құрастырады. Авторлар атаған пайымдаулар білім алушы тұлғасын, оның білімін, дағдысын, қабілетін, сонымен бірге құзіреттілігін қалыптастыру процестерін үйлестіру жүйесінде педагогтің әдістемелік қызметі ерекше орын алатынын дәлелдейтіні сөзсіз [2, 3].

Әрине, кәсіптік оқыту педагогі білім алушының даму процестеріне, оның жеке тұлғасының қалыптасуына, кәсіби шеберлігіне әсер етумен қатар, әдістемелік қызмет барысында әр түрлі оқу құралдарымен жұмыс жасайды, сол арқылы нақты пәндік сала шеңберінде өзін-өзі тәрбиелеу және жетілдіру процестерін белсендіреді (әдістемелік іс-әрекет түріне, бағыттылығына, пәніне байланысты) [4]. Кәсіптік оқыту педагогі осы қызмет саласының негізгі субъектісі ретінде әдістемелік қызметті ұйымдастыру арқылы жеке тұлғаның кәсіби дамуының өзіндік траекториясын қалыптастырады. Қызметті ұйымдастыру барысында әдістемелік қызметтің нәтижесіне әсер ететін педагогтің негізгі маңызды қасиеттері мақсат қою, бастамашылық, белсенділік, көшбасшылық, субъективтілік сияқты қасиеттер болып есептелінеді. Осы қасиеттерді ескере отырып, педагогтің тұлғалық кәсіби дамуын қамтамасыз етуге бағытталған субъективтілігін ерекше атап өту маңызды. Кәсіптік оқыту педагогінің

тұлғалануы (персонификация) бірнеше кезеңнен тұрады, оның нәтижелері арқылы басқа да педагогтердің қолдауын, бүкіл педагогикалық ұжымға әдістемелік қызмет жоспарын құруды, сонымен бірге әдістемелік іс-әрекет өнімін көрсетуді ескере отырып, кәсіби даму траекториясы анықталады. Осы жерде педагогтің әдістемелік қызметі ғылыми, қолданбалы және инновациялық жобаларды жүзеге асырумен қоса отырып, әртүрлі іс-әрекеттерге дайындық арқылы кәсіптік оқыту педагогінің білім мен біліктілігін арттырудың тікелей шартына айналатынын атап өту керек [5]. Сонымен, кәсіптік оқыту педагогі өзінің жеке тұлғалық қасиеттерін дамыта отырып, әдістемелік қызмет барысында оқу жағдайына инновацияларды енгізу арқылы барлық білім беру жүйесінің дамуының шартты көрсеткіші болып табылатын соңғы инновациялық жаңалықтарды жасайды. Осы жерде педагогтің әдістемелік қызметінің өзіндік біліктілігін арттырудың, білім алушылардың үйлесімді даму процестеріне әсер етудің, сонымен қатар білім беру жүйесіне ықпал етудің тәсілі ретінде нақты байланысын анықтайтынын атап өту маңызды. Әдістемелік қызмет аясында инновациялық процестерді қалыптастыра отырып, кәсіптік оқыту педагогі субъект ретінде бірнеше объектілерге әсер етеді:

- әдістемелік қызметті жүзеге асыру арқылы оқу, білім беру процестерін үйлестіру;
- кәсіби білім, білік, дағды мен құзыреттіліктерді қалыптастыру;
- қызметке жаңа инновациялық өнімдерді енгізу арқылы кәсіптік оқытуды дамыту.

Осы ретте кәсіптік оқыту педагогінің әдістемелік қызметінің кәсіби білім беру ұйымындағы іс-әрекетті ұйымдастыру ерекшеліктерімен байланысты өзіндік айырмашылықтары бар екенін ескере кету қажет. Бұл ерекшеліктердің кейбіреулері төмендегілерді қамтиды:

- талаптарды ескере отырып, білім берудің теориялық және практикалық аспектілерінің тығыз байланысын қамтамасыз ету;
- кәсіпті меңгеруге бағытталған білім беру процесінің оқу-өндірістік бағыттарын біріктірумен байланысты кәсіптік оқыту педагогі қызметінің интеграциялық сипаты;
- біртұтас білім беру кеңістігін қалыптастырып, оның шеңберінде оқу іс-әрекетінің субъектілері арасында бір-бірімен ішкі өзара әрекеттестік орын алып, білім беру үдерісі барысында білім алушының ғана емес, сонымен қатар педагогтің де жеке тұлғасының дамуына алып келеді;
- кәсіби мамандарды даярлау кешенімен, атап айтсақ оның ішінде оқу, кәсіптік, ғылыми-зерттеу, ұйымдастырушылық, шығармашылық, инновациялық, сонымен қатар әдістемелік қызметпен тығыз байланысты басқа да қызмет түрлерімен байланыс;
- кәсіптік оқыту педагогінің жеке және кәсіби қабілеттерін қалыптастырып, құзыреттіліктерді дамыта және білім беру бағдарламаларын қанықтыра отырып, ақпараттың үлкен көлемін игеруге бағытталған өзін-өзі тәрбиелеу қызметін көрсету.

Кәсіптік оқыту педагогінің әдістемелік қызметін қарастыра отырып бұл құбылыстың оқу-тәрбие процесінің сабақтастығымен өте тығыз байланысын атап айту қажет. Әдістемелік қызметті ұйымдастырудың әртүрлі бірнеше схемаларын ажырата көрсете отырып, көптеген зерттеушілербұл қызметтің ерекшеліктері мен қазіргі білім беру тенденциялары арасындағы байланысын қарастырмайды, олар сипаты мен мәні бойынша оқытудағы инновациялық процестер болып табылады. Кәсіптік оқыту педагогінің инновациялық әдістемелік қызметінің үлгісін қалыптастыру уақытында анық жағдайларға байланысты шарттарды, сонымен бірге инновация қандай қызмет пен рөл атқаратынын және ең бастысы оның мәні неде екенін түсіну маңызды. Кәсіптік оқыту педагогінің әдістемелік қызметі іс-әрекетті жүзеге асырудың өзі, объекті мен пәні, іс-әрекетті ұйымдастыру тәсілдері мен принциптері, ұйымдастырылған жұмыстың мақсаттары мен міндеттері, нысандары мен функциялары арасында тығыз байланысты қалыптастыруда жатыр. Бір компонентті өзгерту басқа процестер тізбегіне және жұмыс механизмдеріне әсер ететінін түсіну керек [6].

Сонымен, кәсіптік оқыту педагогінің әдістемелік қызметінің теориялық аспектілері мен ерекшеліктерін талдау, жалпы алғанда, әдістемелік қызметті зерттеушілер әр түрлі позицияда қарастыратынын көрсетті, дегенмен бұл ұстанымдардың көбінде бір-біріне жақын түрде көрсетілген нақты оқыту процесімен байланысы ортақ белгілер де және әр түрлі жағдайда педагог қызметінің ерекшеліктерін көрсететін жеке көріністер бар. Атап өту маңызды, әдістемелік қызметті ұйымдастыруға деген көзқарас қандай болса да, нәтиже әрқашан ортақ болады. Кәсіптік оқыту педагогінің әдістемелік қызметінің нәтижесін біртұтас объект ретінде көрсетуге болмайтынын ескеру қажет. Бұл әдістемелік қызметтер орындалатын рөлдер мен функциялардың кең көлемін қамтитындығына және нәтиженің жүйелілігін аңғартатын бірегей мақсат қоюына байланысты. Кәсіптік оқыту педагогінің әдістемелік қызметінің кейбір маңыздылығы мен ерекшелігін сезіну маңызды екені сөзсіз, өйкені ол басқа қызмет түрлерімен бірге жетекші болып табылады және білім беру процесі механизмдерінің әрекет етуінде басты рөл атқарады.

Қорыта айтқанда, кәсіптік оқыту педагогінің әдістемелік қызметі – іс-әрекетке жаңа өнімдерді енгізу арқылы білім беру үдерістерін үйлестіруге және кәсіптік оқытуды дамытуға байланысты кәсіптік білім, білік және дағдыларды қалыптастыру. Әдістемелік қызметтің педагог іс-әрекетінің бағыты сипатында инновациялық жағдайлармен тығыз байланыста болатын бірқатар инновациялық сипаттамалары бар. Оқыту процесінің сабақтастығы мен оның барысы, соңғы білім беру тенденцияларымен байланысы инновациялық әдістемелік қызметті қалыптастырып, ұйымдастырумен тығыз байланысты. Бұл жердегі маңызды аспект әдістемелік қызметтің мәні, мақсаттары мен функциялары жаңашыл сипатта болуы қажет, әйтпесе, кәсіптік оқыту педагогінің инновациялық жұмысының мәні жоғалады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Хижная А.В., Цыплакова С.А., Пасечник А.С. Содержание и модель методической деятельности педагога колледжа // Проблемы современного педагогического образования. – 2019. - №63-3. – С. 225-229.
2. Маркова С.М., Горлова В.Г. Подготовка педагога профессионального обучения к проектной деятельности // Russian Journal of Education and Psychology. – 2015. – №4 (48). – С. 21-29.
3. Маркова С.М., Цыплакова С.А. Технологическая подготовка будущих педагогов профессионального обучения как социально-педагогическая проблема // АНИ: педагогика и психология. – 2016. - №1 (14). – С. 79-81.
4. Цыплакова С.А., Мурыгин Н.С., Тимофеева Ю.С., Уракова Е.А. Значение самостоятельной работы в профессиональном образовании // Проблемы современного педагогического образования. – 2018. - №60-3. –С. 379-382.
5. Прохорова М.П., Седых Е.П. Методическое обеспечение инновационно-проектной деятельности будущих педагогов профессионального обучения // Наука и школа. – 2017. - №3. –С. 77-83.
6. Пошаев Д. Қ. Ғылыми-педагогикалық зерттеу негіздері. Оқу құралы. Шымкент, Нұрлы Бейне, 2011 – 184 б.
7. https://google.kz


## МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ЭТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ ЖОЛДАРЫ


**Кенжегулова Акнур Танирбергеновна**

Түркістан облысы, Отырар ауданы,

«Болашақ» бөбекжай-бақшасы МКҚК тәрбиешісі



***Резюме***

*В данной статье рассматривается о привитии эстетических качеств у детей в дошкольных организациях*

***Summary***

*In this article is considered the instilling aesthetic qualities in children in preschool organizations.*


Қазіргі кезде білім беру ісінде, жеке тұлғаны жан – жақты жетілдіріп, танымдық іс-әрекеті мен ой - санасын дамытып, қалыптастыру барысында білім берудің ұлттық, педагогикалық, психологиялық негізін айқындау керек. Елімізде болып жатқан әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени өзгерістерге байланысты оқу – тәрбие процесін ұлттық сипатта ұйымдастыру – өмір талабы.

Кейбір зерттеушілер этикалық тәрбиені ұрпақтан – ұрпаққа берілген өзгеріссіз, ал өзгерген жағдайда ұзақ уақыт қызмет ететін мораль элементтерінің тұрғысынан қарастырылады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды этикалық тәрбиелеу – белгілі бір категориялар мен нормаларды, моральдық құндылықтарды, мәдениетті, әдеп пен дағдыларды, адамгершілік құндылықтар мен заңдылықтарды балаларға меңгерту арқылы балалардың эткалық тәрбиесін қалыптастыру процесі болып табылады.

Этикалық тәрбие – тәрбиеленушілерде әдептілікті, мінез-құлық және қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруды көздейтін тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің мақсатты ықпалдасуы.

Этикалық тәрбие – бұл тәрбиеленушілердің қоғамдық мораль тарапына сай санасына, сезіміне, әдет-қылығына, мақсат-бағытына жүйелі түрде ықпал ету.

Этикалық тәрбиеінің негізгі міндеттері:

- ✓ ізгілік сана қалыптастыру;
- ✓ инабаттылық сезімдерге тәрбиелеу;
- ✓ этикалық әдет-қылықтың ептіліктері мен дағдыларын қалыптастыру.

Этикалық тәрбиенің жалпы міндеті мектеп жасына дейінгі балалардың мінез-құлқы мен тәртібін, адамгершілік сезімі мен сана нышандарын, адамгершілік түсініктері мен мінез-құлқын қалыптастыру болып табылады. Этикалық сезім адамгершілік түсініктерді меңгерудің негізінде туып, балалардың іс-әрекеті мен мінез-құлқынан, тәртібінен көрініс табады. Эткалық тәрбиеінің міндетін жүзеге асыру барысында баланың бойында енді дами бастаған сезімдерін пайдалана отырып, үлкенді сыйлауға, мәдени мінез-құлықтың қарапайым ережелерін, әдеті мен дағдыларын моральдық сапаларын, мінез-құлықтарын, өзін және өзгелерді әділ бағалай білу қабілетін дамытып, қарапайым да күрделі сезімдер мен қарым-қатынастар қалыптастыруға ықпал ете білуге үйрету көзделеді.

Балабақшадағы этикалық тәрбие тым сан алуан және оның нәтижелері қилы-қилы әрекет барысында көрініс табады. Бұл жұмыстардың көздейтін мақсаттары – тұрмыста, еңбек, ойын барысында қоғамдық және табиғи құбылыстармен таныстыру арқылы айналадағы ортаға әдептілік қасиеттерге тәрбиелеу.

Мектепке дейінгі жаста балаларда бастапқы әдептілілік сезімдер мен ұғымдар, адамшылық мінез-құлықтың ең қарапайым дағдылары қалыптасады. Баланың мектеп жасына дейінгі кезде қалыптасқан мінез-құлықтарының және ересек адамдармен, құрбы-құрдастарымен қатынастарының формалары, адамгершілік білімдері мен сезімдері негізінде адамгершілік көзқарастардың, мінез-құлықтың, сезім мен сананың жаңа формалары одан әрі дамытылады.

Этикалық тәрбие ісінің ең басты мақсаты - адамгершілік мінез-құлықтарды қалыптастыру, тәрбие ісінің күнделікті өмір жағдайындағы адамгершілік іс-әрекет бірлігінен құралады. Өз қылықтарымен адам айналамен байланысып, ондағы жағдайлармен қарым-қатынас бейнелейді.

Балалардың этикалық тәрбиесін, әсіресе адамгершілік сезімін оятатындай, белгілі бір жүйеде, әр топтағы баланың жасына, түйсігіне лайықты етіп, барлық тәлім-тәрбие жұмыстарымен ұштастыра жүргізгенде ғана нәтижеге жетуге болады. «Атымды адам қойған соң, қайтіп надан болайын», - деп ұлы атамыз Абай айтқандай: халқымыз бәрінен жоғары қойған адам бойындағы ең асыл қасиет – ар, ұят-имандылықтан бастау алып, мейірімділікке, адалдыққа, қайырымдылыққа, жомарттыққа, ынтымаққа, бір сөзбен айтқанда адамгершілікке апарар тура жол болып табылады.

Халық педагогикасының тәрбиесі арқылы балалардың этикалық тәрбиесін қалыптастыру үшін жүйелі де кешенді жұмыстар жүргізу керек, педагогикалық мүмкіндіктерін қажет.

Балалар бойында өнегелік тәрбие арқылы этикалық қасиеттер қалыптастыру үшін, ең алдымен балабақша өмірін педагогикалық жүйе, яғни тұтас педагогикалық үрдіс ретінде қарастыруға қол жеткізу керек.

**Сөйлеу тілі мәдениеті**

Сөйлеушінің ұлтына қарай, әр түрлі қаратпа сөзді қолдана білу, қазақ тілінде: ағай, апай, ата, әже; қазақ тілінде амандасып, қоштасады.

Адамдарды бір-біріне таныстыра білуге үйрету: Апа, танысып қойыңыз..., Балалар танысындар!; жасы кішілерді үлкендерге, ұл балаларды қыз балаларға таныстырады.

**Сөйлесе білу мәдениеті**

Сыпайы қарым-қатынас сөздерін («Сәлеметсіз бе», «Сау болыңыз», «Рақмет», «Мархабат») пайдалана білуге үйрету.

Балаларды «Кешіріңіз», «Кіруге рұқсат етіңіз», «Шығуға бола ма» деген сыпайыгершілік сөздерді қолдануға үйрету.

Тәрбиешіні мұқият тыңдап, сұрақтарға жауап беруге үйрету.

Сыпайыгершілік сөздерді: «Қайырлы таң», «Қайырлы күн», «Қайырлы кеш», «Қайырлы түн» қолдануға үйрету.

Сөйлесіп тұрған адамның көзіне тура қарап, сыпайы сөйлесу.

**Қалай дұрыс тұру керек**

Бүкіреймен, денені тік тұру керек.Қолды кресло мен орындықтық арқасында қойып тұруға болады. Сөйлеп тұрғанда, иықты көтеру ылайықсыз қылық.

Сөйлесіп тұрған адамдардың арасы жарты метрден кем болмауы керек.

**Қалай дұрыс отыру керек**

Басыңды жан-жаққа шайқамай, түзу ұста. Дененді дұрыс ұста. Кресло, орындық шетіне отырма, шайқалма, аяғынды аяғыңа қойма. Қолынды кеудеңде айқастырма, деңене жабыстырма, шынтағынды алысқа қойма, бармақтарыңмен ойнама, үздіксіз шашыңды немесе көйлегіңді жөндеме.

Аяғынды қатар немесе айқастыра ұста. Үлкен кресло немесе диванда аяғын сәл алға қарай созып отыруға болады.

**Қоғамдық орындардағы тәртіп мәдениеті**

Қоғамдық орындарда, көшеде ластамау (шемішке қабығын, қағаз, кәмпит қағаздарын және т.б. лақтырмау) дағдысын қалыптастыру. Үй қабырғалары мен дуалдарға сурет салмау, жазбау керек.

Балаларды көшеде жүруге үйрету. Көшеде қатты айғайлап, күлуге болмайтынын түсіндіреді. Аяқ жолдың оң жағымен жүреді. Егер балалар тобы келе жатса, аяқ жолдың бәрін алмау керек. Егер таныс адам кездессе, сөйлесу үшін шеткерек шығып тұрады.

**Сыртқы түр мәдениеті**

Балабақшадан келген соң ескертусіз-ақ киімін ауыстыруға, киімі мен аяқ киімін таза, ұқыпты ұстауға үйрету.

Үйден ұқыпты, таза аяқ киіммен шығұға үйрету.

Әдеміленіп киінуге үйрету.

Өз қол орамалын жууға үйрету.

Баланың алғашқы этикалық түсініктерді аңғарып, мінез-құлқы мен тәртібін қалыптастыруда мектепке дейінгі шақ – ең жауапты кезең. Балалар үй ішіндегі жақындарымен қарым қатынасында, оқу-тәрбие ісінде, тікелей өмір тәжірибесінде ненің жақсы, ненің жаман екенін байқайды, жақсы мен жаманға үлкендер тарапынан берілген бағаны меңгереді.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. А.А.Айдарбекова Тәртіп мәдениеті сабақтарын ұйымдастыру және өткізу (көмекші мектептерге арналған байқау бағдарламасы) Алматы 2005 ж.
2. Жұмабекова Ф.Н. Мектепке дейінгі педагогика – Астана, 2000.
3. В.И.Ядышко, Ф.А.Сохина Мектепке дейінгі педагогика – Алматы,1999.


## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУДЫҢ ЖОЛДАРЫ


**Тасыбекова Зульфия Абдиманаповна**
Шымкент қаласы, №122 Ақжар жалпы орта білім беретін мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі



***Резюме***

*В данной статье рассматриваеюся пути развития языковых навыков учащихся начальных классов*

***Summary***

*This article discusses ways to develop language skills of students primary classes*


«Қазақ тілі» пәні бастауыш мектепте гуманитарлық білім берудің бастапқы өзегі болып табылады. Оқушылардың дүниетанымы мен ұлттық болмысын қалыптастыру үшін ана тілінің мүмкіндіктері мен сөз өнерінің әлеуеттерін терең меңгеруі қажет. Бастауыш мектепте «Қазақ тілі» пәнін оқыту мақсаты – сөйлеу әрекетінің түрлерін: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды дамыту арқылы тіл туралы бастапқы білімді меңгерту және оны тілдік нормаларды сақтай отырып оқу әрекеті мен күнделікті өмірде қолдану. Оқушының сөйлеу және ойлау әрекетін, түрлі сала мен қарым-қатынас жағдайында тілді еркін игеруді қамтамасыз ететін коммуникативтік іскерліктер мен дағдыларды қалыптастырады. Оқушылардың сөздік қорын жаңа сөздермен толықтыруды, оқығаны бойынша пікір білдіруді және оны дәлелдеуді, белгілі бір тақырыпқа байланысты өз ойын толық, жүйелі, түсінікті етіп ауызша және жазбаша жеткізе білуге дағдыландыруды, мәтін бойынша сұрақтар құрастырып, мүмкін болатын жауаптарды болжап, өзін-өзі бағалауды, мәтін бөлімдері арасында мағыналық байланыс орнатуды, жоспар құруды, сөйлеу мәдениетін қалыптастыруды қамтиды.

Сөздің мағынасына байланысты туатын қателер. Оқушылар өз ойын жеткізуде, сөйлем құруда кейбір сөздердің мағынасын түсінбей қолданады. Мысалы: көңілсіз қара суық қырда жүрсең деген сөйлемдегі «қара» сөзіне оқушылар мән бермейді. Өйткені бұл сөйлемдегі «қара» сөзі-түсті білдіретін сын есімді сөз емес, қарсыз суықты білдіретін сөз. Осы сияқты контекстегі сөздің мағынасын жете түсінбеген соң оқушылар ол сөзді қолданбайды. Сөздердің беретін мағынасын анық түсінбегендіктен де, оқушылар қате жібереді. Мысалы: Көпір мен шалға құс пен аңның етін толтырып береді де Төстік ағасын іздеуге кетеді. Кенжекей үйді басқа келіндерінен бұрын құрады. Махамбет елге арнап өлең айтты, халықты ерлікке шақырады деген сөйлемдердегі «толтырып», «құрды», «өлең» деген сөздер орнын тауып тұрған жоқ.

Сөздің көп мағыналылығына байланысты қателер. Қазақ тіліндегі кейбір сөздер мен сөз тіркестері ауыспалы мағынада жұмсалады. Бастауыш сынып оқушыларында кездесетін кейбір стильдік қателері осы сөздердің көп мағыналылығын, ауыспалы мағыналылығын аңғармай қолданылудан туады. Мысалы: бір елге келсе, ас беріп жатыр екен. Асанды әкел, ұйықтап жатқанда жеп алайық, - деп қағып алды. Алдар үйге келгенде қолдарындағы астарын жасырып қояды. Төстік ата-анасына асты көп етіп жиып береді,- деген сөйлемдегі ас сөзінің көп мағыналылығы көрінеді. Окушылар бұл сөйлемдердегі ас сөзін бірде дұрыс қолданса, бірде стильдік қате жібереді. «Тамақ»» сөзінің орнына «ас» сөзін қолдана береді. Әсіресе оқушылар теңдеу қызметінде қолданылған сөздерге байланысты қателерді көп жібереді. Мысалы: Аюдай денесі қорбандап көп арасынан көрініп тұрды деген сөйлемде «қорбаңдап» деген сөзді алып тастасақ, сөйлемнің беретін ойы ауысады. Өйткені ол сөзді қолданбасаң теңелетін заттың үлкендігі ғана беріліп, икемсіздігі берілмей қалады. Сөздің көп мағыналылығы ол сөздің стильдік жұмысының аясына байланысты сияқты. Сондықтан сөздердің ауыспалы мағынада қолдануында тура мағынасына қарағанда экспрессивті-эмоциялы әрі стильдік рең, өрнек көп болады.

Оқушылар кейде өз ойын, пікірін жеткізуге қажетсіз, басы артық сөздерді қосып, қатыстырады. Немесе сөйлемдерінде бір сөз тіркесін қайталап қолдана береді. Ол ойды жеткізуде көркемдікке нұқсан келтіреді. Мысалы: Төстік еліктің ішіндегі сандықты алмақшы болып суатқа келеді. Еліктер суатқа жоламайды. Еліктер адамның иісін сезіп қояды. Алма мектептен келсе болды, анасына жәрдемдесетін болады деген сөйлемдегі елік, болды сөздері екі-үш реттен қайталанып, сөйлемнің көркемдігіне нұсқан келтіріп тұр. Кейде сөйлемді шұбалаңқы жасап, айтайын деген ойын шашыратып жібереді. Мысалы: балапан құлап түсіп, сұр жылан жұтайын деп жатыр екен. Ер Төстік жоғалып кеткен сегіз ағасын іздеп шығып, ағаларын тауып алып еліне қайтпақшы болып, ертіп шығады.

Тұрақты сөз тіркестеріне байланысты жіберетін қателер. Оқушылар тұрақ-ты сөз тіркестерін күнделікті тәжірибелік жұмыстарында өте аз қолданады. Қолдана келген жағдайда оның әдеби тілдегі баламасын түсіндіріп бере алмайды, кемшіліктер жібереді. Окушылар мына сияқты тіркестерді көбірек қолданады: жаны ашу, төбе шашы тік тұру, зәресі ұшу, тісінен шығармау, шексілесі қату т.б. кейбір тұрақты тіркестердің беретін мағынасын білмегендіктен, қолдана алмайды. Тіпті ол сөздің тура мағынасымен шатастырады. Сөздің экспрессиялығы мен эмоциялылығын ескермей қолданады. Өз ойын жеткізуде оқушылар синоним сөздерді талғап, мақсатына ыңғайлап қолдана алмайды. Сөз тандау дағдылары дұрыс дамымаған. Сөздердің мағыналық реңдерін ажырата алмайды. Мысалы, оқушылардан жазба жұмыстарында мына сияқты сөйлемдер кездеседі; Жәңгір хан мен оның туыстары шаруалардан жерін тартып алып, қапа қылды. Бұрынғы хандықтар бір-бірімен жерге таласып жауласатын деген сөйлемдердегі «қапа», «таласып» сөздер орынды қолданылып тұрған жоқ, Бірінші сөйлемдегі «қапа» сөзінің орнына «ыза» намесе «наразылығын» деген сөзді қолдану қажет еді де, «жерге таласып» деген сөздің орнына жер үшін т.б. сөздерді қою тиімді болар еді.

Оқушылардың тіліндегі мұндай қателердің кездесуінің өзіндік себептері бар. Олардың ең бастысы мыналар:

- оқушылардың сөздік қорының тапшылығына байланысты жіберілетін қателер: сөздің мағынасын білмеуден, түсінбеуден, оған байланысты сөздің қолданылуындағы стильдік реңдерін ескермеуден жіберетін қателер;
- баланың тілінде қалыптасқан жергілікті тіл ерекшеліктеріне байланысты қателер.

Тіл дамыту жұмысы мектепте лексика туралы білім беруде, тіпті қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда осы сияқты кемшіліктерді түзетуге байланысты жүргізіледі. Грамматикалық және әдеби материалдармен байланыстыра отырып, оқушының сөздік қорын байыту, сөздің қолдануынан дағды беру мәселелерін әдебиет тілінде нормасында қарастыру көзделеді. Мектеп курсында оқушыларға лексика бөліміне саналы білім беру үшін бағдарламаға енген, тақырыптардың

теориялық және тәжірибелік, жағынан мәні анықталуы қажет. Оқушының білетін сөз саны әр түрлі, беруі аз, біреуі көп біледі.

Оқушылардың сөздік қорын байыту жөнінде жаңартылған бағдарламада нақты көрсетілген. Үйренетін жаңа сөздер әр бөлімде көрсетілген, жүйеленген. Әрбір тақырып, өз мазмұнымен мәнін ашады. Сондықтан сабақты түсіндіруші мұғалім де осы сөзбен жеке-жеке тақырыпты бөліп-бөліп түсіндіруі тиіс. Сонда ғана сабақ барысында оқушылар лексика бөлімінің, лексикаға байланысты оқушылардың тілін дамытудың мазмұнын толық аша алатын болады. Яғни, сөздік қорды байыту жыл бойында жүргізіліп отырылуы тиіс.

**Пайдаланған әдебиеттер:**


1. Көккөзова М. Әдіскер тағылымы. Алматы, 2000.
2. Исабаев Ә.Қазақ тілін оқыту методикасы. Ташкент-2003.
3. Болғанбаев Ә., Қалиев Ғ. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы мен фразеоло-гиясы. Алматы: Санат, 1997. – 255 б.


## МЕКТЕПКЕ ДЕЙНГІ ҰЙЫМДАРДА ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫН ЖАНДАНДЫРУ


**Алтыбаева Меруерт Куанышбаевна**

Түркістан облысы, Созақ ауданы Таукент кенті

"Болашақ"бөбекжай бақшасы МКҚК әдіскері



***Резюме***

*В данной статье рассматриваются роль семьи в формировании нравственных качеств дошкольнивов*

***Summary***

*This article discusses the role of the family in the formation of moral qualities of preschoolers.*


Ойлау негіздері, ақыл-ой мен шығармашылық қабілеттер, жаңа дағдылар сонау бала кезден қалыптасатыны белгілі. Қай ата-ана баланы кішкентай кезінен-ақ халқымыздың ұлағатты сөздерімен сусындатып ұрпақтан балаға үлгі болатын сөздерін құлақтарына құйып жүректеріне жеткізіп көңілдеріне орнату керек –ақ. Ұрпақты тәрбиелегенде ұлды ұлша еліне қорған болар, қызды қызша ертеңгі ұрпақты тәрбиелейтің ұлттың анасы ретінде тәрбиелеу керек. Бүгін қалай тәрбие берсең ол ертеңгі күні оның тағдырына болашағына міндетті түрде әсер етеді емес пе? Тәрбие барысында қазақы тиым сөздерімізді айтқанда балалардың кішкентай кезінен ата-аналарына, туған туысқандарына қоятын «Мынау не?»,« Мынау кім?», «Неге олай?», «Неге бұлай?» деген сұрақтарына дұрыс та нақты жауап беріп оның неге деген сұрақтарына тиянақты жауап беріп, оның танымдық сұраныстарын қанағаттандыра отырып, жан-жақты тәрбиелеудің негізгі осы өзін-өзі тануда жатыр. Тәрбие барысында ата-ананың бала алдындағы парызы, ал баланың ата-ана алдындағы қарызы туралыда айтпаса болмас. Жаста берген тәрбие тал шыбықты игендей деп ата-бабаларымыз айтқандай барлық асыл құндылықты, жақсы тәрбиені осы кезден –ақ қабылдап қояды емес пе? Ал иірімді қисық жолға түскен баланы бостан-босқа қисық бұтақ демеген шығар. Осы орайда қазақтың баланы «5 жасқа дейін патшадай күт, он беске дейін құлындай жұмса, он бестен кейін досындай сырлас» деген сөзін мысал келтіріп айтатын болсақ баланың тәрбиесінде еңбекпен тәрбиелеудің де өзіндік орны бар екенін ұғынамыз. Бұл орайда бүгінгі таңда мемлекетімізде талапқа сай жағдайлар жасалып жатыр. Балаға дене тәрбиесі сабағы шахмат олардың ой еңбегімен қатар дене еңбегін де қатар алып жүруі көзделген. Бала үздіксіз ой еңбегімен шұғылдануына болмайтын сияқты үздіксіз дене еңбегімен де шұғылданса оның ойлау қабілеті қалай шыңдалады.

Мектепке дейінгі жастағы баланың рухани-адамгершлік дамуы балабақшасы мен отбасы арасындағы қарым-қатынастың тығыздығы артқан сайын ойдағыдай жүзеге асады. Әрбір бала қандай да болмасын бір міндетті орындау үшін, өзіндік ерекше жағдайлар жасалады. Мәселен, ойында ұнамды әдеттер, өзара қарым-қатынастар, адамгершілік сезімдер қалыптасады, еңбекте-еңбек сүйгіштік, үлкендер еңбегін құрметтеу, сондай-ақ ұйымшылдық, жауапкершілік, парыздың сезімі сияқты қасиеттер, патриоттық сезімдер жайлы мағлұматтар. т.б. қалыптасады. Мектепке дейінгі жаста балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі міндеттері мына жайлармен түйінделеді: ізгілік бастамасымен тәрбиелеу, балалар мен үлкендер арасындағы саналы қарым-қатынас/тұрмыстың қарапайым ережелерін орындау (кеңпейілдік, қайырымдылық, жақын адамдарға қамқорлықпен қарау

және т.б.). Ұжымға тәрбиелеу, балалардың өзара ұжымда қарым-қатынасын қалыптастыру, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, әр түрлі ұлт өкілдеріне қадір тұту және сыйлау. Осылайша мейірімділіктің негізі қаланады, немқұрайдылықтың пайда болуына, құрбыларына, төңіректегі үлкендерге қалай болса солай қарауға мүмкіндігі жасалмайды.

Қарапайым әдеттерді тәрбиелей отырып педагог балдырғанннның бар істі шын пейілмен әрі саналы атқаруына қол жеткізеді, яғни сыртқы ұнамды мінездері оның ішкі жан дүниесін, оның ережеге деген көзқарасын айқындайды. Атақты педагог Сухомлинский; «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады. «Жақсымен жолдас болсаң - жетерсің мұратқа, жаманмен жолдас болсаң- қаларсың ұятқа...», «Жаман дос, жолдасын қалдырар жауға» - деген мақалдардан көруге болады. Мақал-мәтелдер, жұмбақ, айтыс, өлеңдер адамгершілік тәрбиенің арқауы. Үлкенді сыйлау адамгершіліктің бір негізі. Адамзаттық құндылықтар бала бойына іс-әрекет барысында, әр түрлі ойындар, хикаялар, ертегілер, қойылымдар арқылы беріледі.

Адамгершілік-адамның рухани байлығы, болашақ ұрпақты ізгілік бесігіне бөлейтін руханиет дәуіріне жаңа қадам болып табылады. Адамгершілік тәрбиенің нәтижесі адамдық тәрбие болып табылады. Ол тұлғаның қоғамдық бағалы қасиеттерімен сапалары, қарым-қатынастарында қалыптасады. Адамгершілік қоғамдық сананың ең басты белгілерінің бірі болғандықтан, адамдардың мінез-құлқы, іс-әрекеті, қарым-қатынасы, көзқарасымен сипатталады. Олар адамды құрметтеу, оған сену, әдептілік, кішіпейілдік, қайырымдылық, жанашарлық, ізеттілік, инабаттылық, қарапайымдылық т. б. Адамгершілік-ең жоғары құндылық деп қарайтын жеке адамның қасиеті, адамгершілік және психологиялық қасиеттерінің жиынтығы.

Адамгершілік тақырыбы - мәңгілік. Ол ешқашан ескірмек емес. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру- ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы- халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс - тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді.

Жас өспірім тәлім-тәрбиені, адамгершілік қасиеттерді үлкендерден, тәрбиешілерден насихат жолымен емес, тек шынайы көру, сезім қатынасында ғана алады. Жеке тұлғаның бойындағы жалпы адамзаттық құндылықтардың қалыптасуы осы бағытта жүзеге асады, сөйтіп оның өзі-өзі тануына, өзіндік бағдарын анықтауына мүмкіндік туғызатындай тәлім-тәрбие берілуі керек. Жақсы адамгершілік қасиеттердің түп негізі отбасында қалыптасатыны белгілі. Адамгершілік қасиеттер ізгілікпен ұштастырады. Әсіресе еңбекке деген тұрақты ықыласы бар және еңбектене білуде өзін көрсететін балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу басты міндет болып табылады. Өз халқының мәдениетін, тарихын, өнерін сүю арқылы басқа халықтардың да тілі мен мәдениетіне, салт-дәстүріне құрметпен қарайтын нағыз мәдениетті азамат қалыптасады. Қазақ халқының әлеуметтік өмірінде үлкенді сыйлау ұлттық дәстүрге айналған. Отбасында, балабақшада, қоғамдық орындарда үлкенді сыйлау дәстүрін бұзбау және оны қастерлеу әрбір адамнан талап етіледі.

Қазіргі кезде өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеуде қойылған мақсаттардың бірі қоғамға пайдалы, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру. Халық педагогикасы-нәрестенің сезімін ананың әуенімен оятатын бесік жырлары, даналыққа толы мақал-мәтелдер, жұмбақ-жаңылтпаштар, қиял- ғажайып ертегілері, ойындары, тәрбиелеп өсіру негіздері адамгершілік ниеттерге баулиды. Олай болса, адамгершілік тәрбие беру кілті — халық педагогикасында деуге болады. Ұлттық асыл қасиеттерді жас ұрпақтың ақыл парасатта азық ете білуде. Баланы жастайынан отаншылдыққа, әдептілікке, достыққа, тазалыққа, ұқыптылыққа, мейірімділікке, табиғатты сүюге, отбасын сыйлауға, ұйымшылдыққа үйретеді.

Адам бойына кішіпейілдік, сыпайлық, рақымшылық, жанашарлық, сыйластық, тілектестік сияқты қасиеттерді дарыту және өзгелерді қадірлей, сыйлай, құрметтей білу, тыңдай білу, қолынан келгенше адамдарға көмектесу, кешірімді болуды үйрету.

Әр баланың жас ерекшелігіне, қабілетіне қарай тәрбие жұмыстарын жүргізу міндеті күтіп тұр. Күйбің тірліктің арқауында жүріп, баларымыздың өміріне балта шауып қоймайық. Ізденіс, шын жанашырлық, мейірімділік секілді қасиеттер – тәрбиешінің бойынан табылу тиіс қасиет болуы шарт. М.Жұмабаев: «Жас бала – жас бір шыбық, жас күнде қай түрде иіп тастасаң, есейгенде сол иілген күйінде қатып қалмақ», – деген екен. Демек, халық педагогикасына сүйене отырып, баланы патриоттыққа тәрбиелеу, отансүйгіштік пен ұлттық намысын ояту – ең басты мәселелердің бірі. Ендеше ұрпақ тәрбиесіне бүкіл халық болып жұмылғанымыз жөн. Сонда ғана көтерер жүгіміз жеңілдеп, көкжиегіміз кеңеймек.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Бала тәрбиесі №2, 2006 ж., №4, 2008 ж.
2. «Өзіндік таным» №2, 2007 ж., № 5-6 2006 ж.

## ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫН АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗДІК ҚОРЛАРЫН ДАМЫТУ

**Вапаева Дилноза Каримжановна**
Түркістан облысы, Сауран ауданы,
«Шамшырақ» бөбекжай-бақшасы МКҚК тәрбиешісі

***Резюме***

*В данной статье рассматривается применение инновационных технологий в развитии детей раннего возраста*

***Summary***

*In this article is considered to use of innovative technologies in the development of young children.*

Егеменді еліміздің талабына сай мемлекеттік тілді меңгеру, оқыту, қазіргі заманға сай білімді де, тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу педагогтар еншісінде. Мектепке дейінгі балаларға тәрбие мен білім беру жұмыстарын ұйымдастыруда олардың сөйлеу, тілін дамыту, байланыстырып сөйлеу мәдениетін жетілдіруге, құрастыра сөйлеуге, сөздік қорының молаюына баса көңіл бөлген жөн. Сәбилердің дүниетанымын кеңейтіп, ойын өрістетіп, тіл байлығын жетілдіруде көркем әдебиеттің алатын орны ерекше. Дайындық тобында балаларды дұрыс сөйлей білу мәдениетіне айнала қоршаған ортамен, сондай-ақ көркем әдебиетпен теңестіру арқылы жүзеге асыруға болады. Әрбір ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде дидактикалық ойындарды қолдану арқылы балалардың қиялын шарықтатып, ойлау қабілетін ұштауға болады. Дайындық тобындағы тәрбиелеу-оқыту жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын дамыту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, әрі оны күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген. Мектеп жасына дейінгі кезеңдегі балалармен сөздік жұмысын жүргізу ісі- тіл дамытудың негізгі бір міндеттері болып есептелінеді. Біз балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр-түсі және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйретеміз. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорларын дамыту ісінде тәрбиешінің:

- балалардың сөздік қорларын дамыту;
- жаңа сөздерді меңгерту;
- үйренген сөздерін тиянақтап, анықтап, әрі байытып отыру басты міндет саналады.

Осы аталған міндеттерді тәрбиеші үнемі сөздік жұмысын жүргізуде басшылыққа алып отыруы тиіс. Балалардың сөздік қорын дамытуда ойын, тапсырма, жаттығулардың орны ерекше. Соның ішінде ойын – баланың шын тіршілігі. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады. Сөздік қорды дамыту ісін ұйымдастыру жұмысында ойын сабағы ең негізгі орын алады.Тәрбиеші бақылау, заттарды қарау, сурет қарау, жұмбақ шешу және құрастыру, саяхат, ойын-сабақтарын ұйымдастыру барысында балалардың сөздік қорларын дамытады. Арнайы ойын-сабақ және сабақ мазмұнына қарай танымдық, дамытушы ойындарды, тапсырмаларды қолдану, балаларды заттарды бір-бірімен салыстыруға, оларды қасиетіне қарай ажыратуға және оны танып білуге үйретеді. Сөйтіп бала топтағы жасына сәйкес бағдарламалық міндетті меңгереді. Ойын ұйымдастыруда тәрбиеші өзі жетекші бола отырып, балаларды ойнай білуге, ойын ережесін сақтауға, әрі оларды ойната отырып, ойлануға бағыттайды, заттың атын немесе қасиетін есінде сақтап қалуға жол ашады, ойынға қызықтыра отырып зейінін, қиялын дамытады. Сонымен қатар ойын барысында бала үлкендермен, өз құрбыларымен қарым-қатынас жасайды. Әр бала өз жетістігіне қуанып, мәз болады. Сондықтан да ойын-тапсырмаларды таңдауда және іріктеуде балалардың жас және жеке ерекшелігін ескерген жөн.

Тәрбиеші балалармен ойынды (заттармен, үстел үсті және сөздік ойын) үш түрлі етіп өткізуіне болады. Заттармен ойналатын ойын ойыншықтарды, табиғи заттарды қолдану арқылы өті леді. Мысалы: «Дәл осындайды тауып ал», «Салыстыр да, атын ата», «Қай ағаштың жапырағы», «Бірдей ойыншықты тап», «Қайсысы көп, қайсысы аз», т.б. Үстел үсті ойынын ұйымдастыруда домино, лото, суреттер қолданылады. Мысалы: «Суретті құрастыр», «Қандай затқа ұқсайды?», «Қай сурет тығылды?», «Бір сөзбен ата», «Кім байқағыш», «Қиылған суреттер», «Ұқсасын тап», «4-ші не артық?», «Есінде сақта». Ал сөздік ойын арқылы сөзді орынды қолдана білуге, дұрыс жауап айтуға, сөз мағынасын түсінуге, орынды сөйлеуге үйренеді. Мысалы: «Сөз ойла», «Сөз құра», «Жұмбақ ойла», «Жақсы-жаман», «Жалғастыр», «Үш сөз ата». Сонымен қатар балалардың сөздік қорларын дамыту жұмысына ойындарды қолданумен қатар, «Пішіндер көрмесі», «Өрнекті есіңде сақта», «Қиын жолдар», «Суретті жалғастыр», «Биші адамдар», «Көңілді таяқшалар» тәрізді жаттығу тапсырмаларды да пайдаланып отыру өз нәтижесін берді. Бұл аталған жаттығу, тапсырмалар балалардың сөздік қорын дамыта отырып, таным белсенділіктерін және саусақ бұлшық етін дамытады. Жалпы ойынды ұйымдастыру ойынды өткізуге әзірлік, ойынды өткізу, ойынды талдау сияқты үш бағытты қамтиды. Ойынға қажетті құрал, заттарды даярлау ойынды өткізуге әзірлік болып табылады. Балаларды ойынның мазмұнымен таныстыру ойынды өткізу болып табылады. Ойынды талдау, бұл ойынның өз мақсатына жетуі, балалардың белсенділігі және олардың іс-әрекеті болып табылады. Сонымен балалардың сөздік қорларын дамытуда ойындарды, тапсырма-жаттығуларды қолдану үлкен нәтиже береді. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығын игереді, таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, ақыл-ойы өсіп жетіледі, әрі адамгершілік қасиеттер бойына сіңіреді.

Өз тәжірибемде ойындық сабақтардың көмегімен балаларға білім беріп қана қоймай, оларға қалай ойнауды да үйретемін. Бір мезетте оқытушы және ойынның мүшесі ретінде де балаларды ойнатуға талпындырамын. Ал балалар ойнай отырып үйренеді. Сондай-ақ ойын өзіндік ойын нәтижесінде де қалыптасады. Өзіндік ойын әрекеті балалардың ойынға деген қызығушылығы артқан кезде ғана іске асады. Балалар ойын ойнағанды ұнатады және өз ынталарымен беріліп ойнайды. Тапсырмаларымды балалар өз беттерімен орындап және ойынды ұйымдастырып, бір-біріне әділ баға беруді үйренеді. Жиі қолданатын дидактикалық ойын түрлерін төмендегі жүйе бойынша өткіземін: 1. Ойыншық пен ойналатын ойындар. 2. Үстел үстінде ойналатын ойындар. 3. Сөздік ойындар. Ойын ережелерге сүйенеді. Ережелер әр баланың ойындане істеу керектігін, қалай істеу керектігін, мақсатқа жету жолдарын көрсетеді және ақыл-ой қабілеттерін дамытады. Әсіресе кішкентай топтағы балалар өзін-өзі ұстауға, өздерінің мінез-құлықтарын қадағалауға үйренеді. Сонымен бірге психологиялық жағдайларын жақсартады. Көңіл аударғыштығын, байқағыштығын және мейірімділікке, кішіпейілділікке үйретеді. (Дауыстап санау дидактикалық ойыны). Ойынның мақсаты: дауыстап санауға, қорытынды санды есте сақтауға үйрету.

І-нұсқа. Тәрбиеші үстелді бірнеше рет соғады. Балалар іштерінен санайды. Тәрбиеші екі-үш баладан қанша рет соғылғанын сұрайды. Балалар тақтаға цифрмен көрсетеді. Егер жауаптары әртүрлі болса, тағы да соғып қайта санатады.

ІІ-нұсқа. Балалар жауап бермейді. Дыбыстың санына байланысты цифрды көрсетеді. Тәрбиеші балаларға екі түрлі үйдің суретін көрсетеді.

- Үйлердің бір-бірімен қандай айырмашылығы бар? (биік-аласа, тар-кең, үлкен-кіші). Осы арқылы балалар сандарды есте сақтайды және дауыстап санауға үйренеді. Балалардың зейіні, қабілеті дамиды. «Зат неге ұқсайды?» дидактикалық ойыны. Тәрбиеші сопақшаның бөлме ішіне жасырынып қалғанын айтады. Балалар бөлме ішінде сопақша пішіндегі заттарды атайды. Дидактикалық ойынды қолдану үшін үлкен педагогикалық шеберлік қажет. Ойынды таңдап алған соң ойынның көмегімен қандай тапсырманы орындайтынын анықтаймын және ойынды өткізу үшін алдын-ала дайындаламын. Сонымен қатар балаларға ойын түсінікті анық жас ерекшеліктеріне сай болуы тиіс. Мысалы: табу, көрсету, белгілеу естияр топқа лайықты. Ал ересек балаларды салыстыру басым болады. Мінез-құлықты тәрбиелеуде ойынның ролі маңызды болып есептеледі.

Қорыта айтқанда ойын баланың жан серігі. Ойын сырттай қарағанда ешқандай қиындығы жоқ. Оп-оңай көрінуі мүмкін. Ал іс жүзінде бала ойынға қатысу үшін басқалармен тіл табысып, өзінің ойлаған ойын іске асыру мүмкін емес. Баланың рухани жетілуімен табиғи өсуінің, денесінің дамуы мен ой дүниесінің өркен жаюы ойынға тікелей тәуелді.

# ҮШ ТІЛДІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Омарбекова Нургуль Жусипалиевна**
Шымкент қаласы, "Болашақ" мектебі мекемесінің
ағылшын тілі пәні мұғалімі

***Резюме***

*В этой статье предусмотрены качественные образовательные и воспитательные пути, сочетающие национальное духовное достояние с передовым мировоззрением нынешнего поколения для воспитания граждан страны с высоким будущим, широким мировоззрением.*

***Summary***

*This article provides for high-quality educational and educational ways that combine the national spiritual heritage with the advanced worldview of the current generation to educate citizens of the country with a high future, wide worldview.*

«Мұғалім – мәңгі нұрдың қызметшісі. Ол барлық ой мен қимыл әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз лаулаған жалын иесі. Оларға тамаша қызмет тапсырылған, күн астында одан жоғары ешнәрсе болмақ емес» – деген екен дей келе мен бүгінде үш тілді оқыту жүйесіне қатысты мұғалімдердің ой пікірлерін білу мақсатында «Үш тілді білім үмітімізді ақтай ма?» тақырыбында пікір талас жүргізгім келіп отыр.

Қазіргі таңда қоғамның ойы екіге бөлінгені рас бірақ осы үш тілді білім балаларға не берет және болашақта пайдасы бар ма?.

Біреулер аталған бастама мемлекеттік тілдің қолдану аясын қысқартып, онсыз да ақсап тұрған қазақ тілі мәселесін өршіте түседі деп дабыл қағуда. Үш тілді оқыту жүйесін қолдайтындардың да сөзін жоққа шығара алмаймыз. Себебі ондай жүйе болашақ ұрпақ үшін ғылым-білім саласы былай тұрсын, жалпы өмірде көптеген мүмкіндіктерге жол ашады. Біз біржақты ұстанымға бой алдырмай, осы саладағы әлемдік тәжірибені зерделеп, оның бізге қаншалықты пайдалы екенін білу.

Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе – білім беру, ғылымды дамыту. Өркениет біткеннің өзегі, ғылым, тәрбие екендігіне ешкімнің таласы жоқ. Осы орайда білім ордасы – мектеп, ал мектептің жаны – мұғалімдердің басты міндеті - өз ұлтының тарихын, мәдениетін, тілін қастерлей және оны жалпы азаматтық деңгейдегі рухани құндылықтарға ұштастыра білетін тұлға тәрбиелеу. Осы орайда «Жеті түрлі білім біл, жеті жұрттың тілін біл!» деген аталы сөзді негізге алып, қазіргі таңда басты мәселеге айналған үш тілділікті де өз тәжірибемізде қолдану, бала болашағына жақсы жол салары сөзсіз.

Үштілділікті оқыту барысында мнемотехникалық әдісі балалардың сөз материалын есте сақтауда қалдыру үшін қолайлы. Сонымен қатар дыбыстық және көру қабілеттері де дамиды. Есте сақтаумен жұмыс әдістерін қалыптастырады. Сөйлейтін суреттер, сипаттау сызбалары қызығушылық тудырады және проблеманы шешуге көмектеседі. Мнемотехникалық әдістің міндеті: шет тіліне тән дыбыстардың дұрыс айтылуын жаттықтыруы, сөз қорының байытуы, белсенуі мен бекітуі, сөйлеудің грамматикалық дұрыстығын жүзеге асыруы және тілдің дамуы. Заман талабына сай мнемотехникада ақпараттық технологияны тәжірибеге енгізу негізінде «бейнекөрсетілім» әдісі, интерактивті – мультимедиялық әдістерді қолданудың пайдасы зор. Интерактивтік жаттығулар-балаларға жаттағуларды дұрыс жасауға және өзін-өзі тексеруге қажетті құрал.

**Халықаралық тәжірибе нені көрсетті?**

Әлем бойынша 1,5 миллиард адам ағылшын тілінде сөйлейді. Европалық одаққа кіретін 28 елдің ішінде 17-сі шет тілдерін балабақшадан бастап оқытады. Сол сияқты Экономикалық ынтымақтастық ұйымына кіретін мемлекеттердің (олардың ішінде Еуроодақ елдері де бар – авт.) жартысы ағылшын тілін бастауыш мектептің бағдарламасына енгізген. Басқалары 6-7 сыныптан бастап оқыта бастайды. Соның арқасында европалықтардың 54 пайызы кем дегенде бір шет тілін біледі, 25 пайызы екі шет тілін білсе, 10 пайызы үш тілде сайрап жүр.

«Education First» атты ағылшын тілін білу деңгейін анықтайтын халықаралық рейтингте Эстония мен Польша сияқты мемлекеттер оқ бойы озық келеді. Қазақстан болса, 63 елдің ішінде 54-ші орында тұр. Ал «English First» деген рейтингтік агенттіктің хабарлауынша, ағылшын тілін білетін халықтың кіріс көзі өсіп, жұмыссыз жастардың саны аз болады. Адам капиталы жоғары. Сондай-ақ бұл мемлекетте бизнес-климат жақсы, яғни кәсіпкерлік жүргізуге қолайлы болады.

**Бізге ол жүйе не береді?**

Бүгінде отандық мектептерде ағылшын тілін оқыту соңғы сыныптарда басталады. Мамандардың айтуынша, бұл тым кеш. Соның салдарынан өзге пәндерді ағылшын тілінде оқыту мүмкін болмай жатыр. Ал төрт бірдей сабақты ағылшын тілінде беру үшін оны меңгеруді бірінші сыныптардан бастау қажет. Осы мәселе бастауыш мектептің жаңа бағдарламасына енгізілді. Енді, 2-сынып оқушылары ағылшын тілін 102 сағат (бұрын 34-ақ сағат болған) бойы үйренеді. Осыны іске асыру үшін мұғалімдерді ғаламтор арқылы ағылшын тіліне жаппай оқыту қолға алынбақ. Дегенмен, ағылшын тілін білетін педагогтарды даярлау жұмысына негізгі басымдық берілмек.

Бүгінде әлем бойынша ағылшын тілінде таралатын ақпараттың көлемі неміс, испан, қытай, тіпті басқа тілдерді қосып алсақ та, басым болып тұр. Ғылым-білім саласындағы соңғы жаңалықтар осы тілде жазылады. Ағылшын тілін білетін адамдар оны бірден оқып-біліп жатады. Кітаптарды аударып, оған қыруар қаржы жұмсаудың қажеті жоқ.

Қазақстанның білім және ғылым министрлігі оқыту жүйесін жеңілдету үшін терминологиясы латын тілінде келетін пәндерден бастауды ұсынып отыр. Ол жағынан биология мен информатиканы алған жөн.

**Мамандар не дейді?**

Бүгінде халықаралық қатынас тілі болып саналатын ағылшын тілін білу аса қажет. Қазақстандық оқушылардың ағылшын тілін білмеуі IT-технологиялар, робот жасау, биомедицина, кибернетика және тағы басқа салалардың соңғы жаңалықтарын оқып-білуге қолбайлау болып отыр. Үш тілді оқыту жүйесі мемлекеттік тілді еш шектеп жатқан жоқ. Қайта қазақ тілді оқушылар орыс тілін оқыса, орыстілділер қазақ тілін меңгере бастайды. Сөйтіп, ақпараттық алмасу, одан кейін әлеуметтік араласу процессі басталады.

Жаңыл Жонтаева, білім және ғылым министрлігі ақпараттық технологиялар, орта және мектепке дейінгі білім беру департаментінің директоры:

– Бүгінде ата-аналардың көбісі өз балаларын қосымша курстарға беріп жатады. Соның ішінде ағылшын тіліне беретіндер баршылық. Дегенмен, қаржы мәселесіне байланысты ондай курстарға бара алмай жүргендер де бар. Ал үштілді оқыту жүйесін енгізу арқылы біз бәріне бірдей жағдай жасаймыз. Балалар ағылшын тілін тегін оқиды. Меніңше, өз балаңның Қазақстанда ғана емес, шет елде де бәсекеге қабілетті бола алатындығын білсең, еш алаңдамайсың. Олардың жұмысы жақсы, табысы мол болатынына сенімді боласың. Жалпы, қазақ халқы тілге бейім келеді ғой. Міне, сол қасиетті тиімді пайдалана білу керек.

**Жаңа жүйе халықты біріктіре ала ма?**

Жақында этносаралық қатынастар және этносаясат саласындағы ғылыми зерттеулерге арналған семинарда Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Ералы Тоғжанов өзге ұлттар тығыз қоныстанған жерлерде қосымша төртінші тіл оқытылады деп мәлімдеген. «Мәселен, ұйғырлар оқитын мектепте төртінші тіл – ұйғыр тілі, өзбек мектептерінде өзбек тілі болады», – деді Е.Тоғжанов. Оның сөзіне қарағанда, саяси тұрғыда бұл мәселе шешілсе де, кәсіби, яғни ондай мектептерді қажетті мамандармен қамтамасыз ету жұмысын жетілдіре түсу керек. «Бұрын бізде өзге ұлттар тұратын жердегі жағдай неге ушығып тұрды? Себебі таза ұйғыр немесе таза өзбек мектептері болды. Ол жерде басқа ұлт өкілдері болған жоқ. Соның нәтижесінде халықтың санасы бір тіл, бір мәдениеттің аясында ғана қалыптасып келді. Қазір біз ол мәселені шештік. Көптеген мектептерде бірнеше тілде оқыту жүйесі енгізілді. Оған кез келген ұлттың өкілі келіп, білім ала алады. Әрине, сол жерлерде, әсіресе, кейбір аймақтарда проблемалар болады. Осыны ескеру керек. Соның шешу жолдарын дер кезінде таба білу қажет», – деп атап көрсетті Ассамблеясы төрағасының орынбасары.

Сонымен, халықаралық тәжірибеге сүйенсек, Еуропа елдерінің жартысынан көбі балаларға ағылшын тілін ерте оқытады екен. Польша мен Эстония ағылшын тілін білу жағынан оқ бойы озық тұр. Соның арқасында ғылым-білім саласындағы соңғы жаңалықтарды бірінші болып біліп жатады. Алайда біз оларды техника мен технологияда озық деп айта алмаймыз. Сонда «Жапония, Оңтүстік Корея, Германия қайда?.. «Олар өздері тапқан ғылыми жаңалықтарды алдымен туған тілінде жазатын шығар. Ал басқалар оны жалпыға ортақ ағылшын тіліне аударғанша, авторлық құқығын алып, өз жерінде іс жүзінде қолға алып үлгереді» деген ой еріксіз санаға оралады. Сондықтан болашақта Қазақстан да өз жетістіктерін алдымен өз тілінде жазады деген үміт бар. Жаңа жүйенің тағы бір жағымды жағы – ұлт біріктіруші фактор дейміз. Шынымен де, еліміздегі ұлттар бір-бірінің тілін жүйелі түрде үйренсе, олардың мәдени-рухани жағынан жақындай түсетінін жоққа шығара алмаймыз. Бастысы, қазақ халқының мемлекет құраушы ұлт екенін естен шығармасақ болғаны.

Көп тілді білім беру бағдарламасы аясында үштілді меңгеру тәжірбиесін жинақтап, әлемдік деңгейге көтерілуіміз керек. Бұл оқушылардың халықаралық жобаларға қатысуын кеңейту, шетелдік

әріптестермен ғылыми байланыстарын нығайтуға, шетел тілдеріндегі ақпарат көздеріне қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Елдің ертеңі өрісі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой-пікірін ұштастырған сапалы білім мен тәрбие беру.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Халықова К.З. Информатика оқыту әдістемесі. – Алматы.: «Білім», - 2000.
2. Өстемиров К., Исаева Г.Б. «Методика использования технических средств обучения на базе новых информационных технологий» учебно-методическое пособие – Алматы, 2009.
3. Ермеков Н. Ақпараттық технологиялар. Оқулық. 2-басылым. – Астана: Фолиант, 2011. – 208 б.
4. Бочкин А.И. Методика преподавания информатики: Учеб.пособие. - Мн.: Выш. шк.,2001. - 431 с.
5. Михайлов А.И, Черный А.И. Основы информатики. - М.: Наука, 2002.
6. Jonathan Marks Computers and information technology. 2007


## КІРІКТІРУ ТӘСІЛДЕМЕСІ НЕГІЗІНДЕ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ТҰЛҒАНЫ ТӘРБИЕЛЕУ


**Жанділдаева Айнұр Уалиханқызы**
Шымкент қаласы, "Болашақ"мектебі
мекемесінің бастауыш сынып мұғалімі



***Резюме***

*В статье расматриваются пути развитие информационной компетентности учащихся начальных классов через эффективное использование информационно-коммуникативных технологий на уроке.*

***Summary***

*This paper considers the ways of developing information competence via effective using ICT during classes by primary students*


Тұлға дегеніміз – эстетикалық талғамы жоғары, өрісі кең, рухы биік, өзін-өзі дамыта алатын, әлеуеттік белсенділігі жоғары азамат. Оның өсуі мен қалыптасуы ортасы мен қоғамдық өмірге тәуелді. Қай кезде де ұрпақ тәрбиесін қазақ халқы ең өзекті мәселе ретінде бағалаған. Қазіргі кезде Қазақстанда білім беру үрдісінің ұлттық үлгісі орнығып, жаңа мазмұндағы оқыту жүйесі қалыптасуда. Дүниежүзілік білім ғаламына ену мақсаты көзделіп, ғылым-білім саласында нақты өзгерістер енгізілуде. Бұл өзгерістер білім беру жүйесінің даму бағыттарын жаңа сапаға қарай дамыту қажеттілігін міндеттейді. Ұстаздар міндеті – оқыту әдістемелерін саралап, ғылым табыстарын сын көзбен бағалау; оқушыларды болашақта жан-жақты дамыған жеке тұлға ретінде қалыптастыра отырып іс-әрекетін, кәсіби шеберлігін жаңаша қалыптастырып, жаңаша ұйымдастыруды жолға қою.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында да білім беру жүйесінің негізгі міндеті – баланың даралығын дамыту, тәрбиелеу және оқыту үшін жағдайлар жасау арқылы интелектісін байыту, бала тұлғасының рухани және дене мүмкіндіктерін ашу екендігін ерекшелеген еді. Осы мақсатта мектеп қабырғасынан басталатын жеке тұлға қалыптастыру бәсекеге қабілетті болудың қайнар көзі. Жалпы айтқанда адам тәрбие негізінде жетіліп қалыптасады. Адамның болашағын шешетін де тәрбие екендігі ежелден белгілі, көңілімізде жатталған ұлы түсінік болғанымен, оны педагогикалық-психологиялық тұрғыдан келгенде «қалай жүргізу керек, қалай ұйымдастыру керек» деген мәселе күн тәртібінен түспейтіні ақиқат. Адам өмірінде тәрбие мәңгілік категория болса, оны ұйымдастыру, жүзеге асыру еш уақытта ескірілмейтін, қайта күннен күнге жаңарып, әрбір кезеңнің өз талабына сай жетіліп отыратын үздіксіз үрдіс деп түсінеміз.

Осы үрдісте жеке тұлғаның психологиялық даму ерекшеліктеріне көңіл бөлу қажет екендігін ғалымдар дәлелдеп отыр. Қазіргі таңда мектеп тәжірибесінде оқушыны тапсырманы айнытпай орындаушы ретінде тәрбиелеу басым бағыт алып отыр.

Қазіргі таңдағы қоғамдағы жаңа әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, ондағы бәсекелестің артуы білім беру саласының алдына үлкен міндеттер жүктеп, жаңа білім кеңістігіне өтудің қажеттілігін қойып отыр. Білім беру, қоғам және ғылым – біртұтас жүйе. Бұл жүйемен кез-келген өзекті мәселе (проблема) білім беруге де өз әсерін тигізетіні белгілі.

Білім беру қоғамдық проблемаларға мән беріп, басқа элементтердің дамуына ықпал етуге қабілетті және міндетті. Білім берудің қоғамның рухани негізі ретіндегі тәрбиелік қызметі құнды. Біз

білім беру – тек білім, білік, дағды қалыптастырып қана қоймай, ол өз міндетін, қызметін атқармайтынын түсінуіміз керек.

Ең алдымен адамның санасындағы жаңа идеялардан, қоршаған әлемінен, тәрбиеден басталатынын түсіну керек. Біз өзіміздің тарихымыз бен жарқын болашағымыз бар еуразиялық байтақ елміз. Адам – қоғамның ажырамас бір бөлігі. Өзімізді тану, өзгені тану, салыстыру нәтижесінде ұлттық құндылықтарымызды байыту, әлемдік өркениетте ұлттық құндылықтарымызды байыту, әлемдік өркениетте тиісті орнымызға ие болу үшін шыңдалу, бүгінгі талапқа сай қазақы дәстүрді қалыптастыру міндеттерін іске асыруға тиіспіз. Бүгінгі таңда білім беру жүйесі алдында оқушыны ойлауға, қй жаста болсын алдынан шығатын түрлі мәселелерді шешуге қажетті әрекет тәсілдерін үйрету міндеті тұр. «Бүгінгі жастар – ертеңгі ел болашағы» - деп Елбасымыз айтқандай, бүгінде жас ұрпақ тәрбиесіне ерекше назар аударылуда. Баланы патриоттыққа тәрбиелеу, отансүйгіштік пен ұлттық намысын ояту – бастауыш тәрбиесінен бастау алады. Бәсекеге қабілетті дамыған 50 елдің қатарына қосылу үшін де бұл мәселенің маңызы өте зор. Олай болса ұрпақ тәрбиесіне бастауыштардан бастап көңіл аударғанымыз жөн.

Білім берудің ұлттық моделіне көшу қазіргі мектепке ойшыл, зерттеуші, тәжірибелік қызметте педагогикалық үйлестіруді шебер меңгерген іскер мұғалім қажет екендігі аз айтылып жүрген жоқ. Қазіргі кезде білім беру қызметкерлерінің алдында тұрған басты мақсат – еліміздегі білім беруде халықаралық деңгейге көтеру және білім сапасын көтеру, жеке тұлғаны қалыптастыру, оны әлемдік білім кеңістігіне кіріктіру болмақ.

Бүгін ең бастысы – білім сапасы десек, осы білім сапасын арттырудың тиімді жолы – білім беру жүйесінде түрлі ақпараттық технологияларды қолдану. Келешек қоғамымыздың мүшелері – жастардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру қоғамның алдында тұрған ең басты міндет. Жалпы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда оқу бағдарламасындағы әрбір пәннің рөлі зор.

Адамға тәрбие беруші алдымен, ата-ана, сонан соң ұстаз, мектеп, қоршаған орта екені баршамызға белгілі. Педагог оқушының назарын аудару үшін сабақ кезінде әртүрлі тақырыптық, пәнаралық, сынып аралық байланыс орнатып, қызықты әңгімелерді сахналық көрініс ретінде өтуді ұйымдастыра білуі қажет. Түрлі көрнекілік құралдарын қолдану, сұрақ-жауап, талдау, жинақтау, ажырату, тақтаға жазу, айтқан ойды мысалдармен дәлелдеу, сөздікпен жұмыс, проблемалық мәселелерді шешу, нақтылы және жалпылама тапсырмалар беріп, шағын шығармашылық жұмыстарды орындату, оқушының бірін-бірі сынауы, өзіндік пікір білдіруі, т.б. сан түрлі әдіс-тәсілдерді қолданған жөн. Осындай әдіс-тәсілдерді түрлендіріп, жүйелі түрде пайдаланатын педагогтың шәкірттері өздігінен жұмыс істеуге тез үйренеді.

Қазіргі білім беру саласындағы проблема – әлеуметтік педагогикалық, ұйымдастыру тұрғысынан, білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді, жаңа әдістерін іздестіру, оларды жүзеге асыра алатын педагогты даярлау.

Қазіргі мектеп жағдайындағы білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, инновациялық педагогикалық технологияны игерген, нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік дағдылы жол салуға икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл педагог болуын қажет етеді. Оқыту технологиясы мен әдістеме ғылымы бір-бірімен тығыз байланысты. Әдістеме ғылымы «Нені оқыту керек?», «Не үшін оқыту керек?», «Қалай оқыту керек?» деген сұрақтарға жауап іздесе, оқыту технологиясы «Қалай нәтижелі оқытуға болады?» деген мәселенің шешімін іздейді. Олардың мақсаты бір, яғни оқытудың тиімді жолдарын қарастыру. Осыдан оқытудың тиімді жолдары оқытудың әр түрлі әдістері арқылы анықталады. Білім беру ісінде ақпараттары даярлап, оны білім алушыға беру процесі жаңа ақпараттық технологиялар деп аталады. Осы процесті іске асырудың негізгі құралы компьютер болып табылады, сондықтан да қазіргі мектепке шығармашылық ізденіс қабілеті дамыған, жаңа педагогикалық технологияларды жете меңгерген, мамандық шеберлігі қалыптасқан, жаңа ақпараттық технологиялардың тілін білетін педагог қажет.

Қазіргі заман талабы кіріктіру тәсілдемесі оқушыларды бастауыш сыныптан бастап, ақпаратты коммуникативті технологиясын пайдаланудың тиімділігімен таныстыру қажет. Ол үшін педагог компьютерлік технологияларды жетік меңгеруі керек.

Заман талабына сай ашық сабақтарды беру барысында көрнекіліктерді интерактивті тақтамен көрсетуге тиімді. Педагог пен оқушылар арасындағы жұмыстарды қызықты етіп, баланың ойлануына, үлкен нәтижеге жетуіне бірден бір жол табады.

Оқушының сауатты жазуына да көмегін тигізеді. Жіберген қателерін көзбен көріп, қолмен жазып түзете білуге үйретеді.

Қорыта айтқанда Еліміздің мәртебесін асқақтататын тұлға тәрбиелеп шығару үшін педагог алдымен өзі өзгеруі керек. А.Байтұрсынов айтқандай, «Мұғалім әрқашан ізденісте болғанда ғана шәкірт жанына нұр құя алады». Ел болашағы - білімді ұрпақта. Сондықтан білім беру саласында жасалып жатқан жаңа реформаларды жүзеге асыру жолында ұстаздар аянбай еңбек етуі тиіс.

**Әдебиеттер:**


1.Мектепке дейінгі жалпы білім беру бағдарламасы. Алматы кітап баспасы, 2009. – 224б.
2.Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауынан
3.ҚР «Білім туралы» Заңы // Егемен Қазақстан, Тамыз, 2007.
4.Қазақстан Республикасында 12 жылдық жалпы орта білім беру Тұжырымдамасының жобасы. 2001 жыл


## М.МОНТЕССОРИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ


**Медетбекова Гулбакыт Абдижалиловна**
Түркістан облысы, Кентау Қ.Ә., «Жұлдыз» бөбекжай бала бақшасының тәрбиешісі



***Резюме***

*В данной статье рассматривается использование методики М.Монтессори в воспитании и обучении детей дошкольных организаций*

***Summary***

*In this article is given method of M.Montessory in training for preschool organizations*


Итальян психологі М.Монтесори түсіндіруінше баланың туғаннан азамат болғанға дейін барлық өмірі - оның еркіндігі мен дербестігінің дамуы болып табылады. Бұл технологияның ерекшелігі оқытудың бірыңғай бағдарламасы болмайды, әркім табиғат берген даму жолымен жүреді. Балабақшада сабақ болмайды әр күн жалпы жиыннан басталады және жиыннан кейін әркім өз еркімен қалаған жұмысымен айналысады. Әр баланың іс-әрекеті өз еңбегіне қарай үлкендермен бағаланады. Мұндағы басты мәселе, бала өз-өзін бағалайды. Балалар, әртүрлі жастағы топ болып жұмыстанады, мысалы 2 жастағы баланың қасында 4 жасар бала жұмыстанады, олар бір-біріне кедергі келтірмейді, керісінше бір-біріне көмектеседі.

Мария Монтессори 1870 жылдың 31 тамызында орталық Италияның Анкона провинциясында дүниеге келген. Ол Италияның тарихындағы медицина курсын бітірген, ғылым докторы дәрежесіне қол жеткізген алғашқы әйелдердің бірі болған. Монтессори өзінің әзірлеген педагогикалық жүйесі арқылы бүкіл әлемге танылды. Ол өзінің жұмысын алдымен ақыл есі төмен балаларды оқытудан бастап, соңынан арнайы педагогикадан жалпы педагогикаға көшті.

Монтессори педагогикасының басты мақсаты, баланы өзіне-өзі қызмет жасауға үйрету болып табылады. Мысалы: өз бетінше киінуге, жуынуға, дастархан жасауға, оны жинауға т. б. үйретеді.

Монтессори жүйесі мынадай мақсаттардан тұрды:

- баланың психофизиологиялық дамуына мүмкіндік жасау;
- барлық сыртқы сезімді дамыту;
- жоғары интеллектуалдық көңіл-күйді, сонымен қатар этикалық және эстетикалық сезімді тәрбиелеу;
- тілді дамыту және сөздік қорларын молайту;
- дағдыларды дамыту, жұмысты өз бетінше орындауға ынталандыру, өз-өзіне қызмет көрсетуді дамыту.

М.Монтессори әдісінің негізі - әдейі даярланған дамытушы ортада баланың өзін-өзі дамытуы болып табылады. Оның өзге жүйелерден айырмашылығы да осында. Мұнда бала өз бетінше қозғалуға, дамуға мүмкіншілік алады, ал ересектер тек баланы дамытушы ортаны құру мәселесімен ғана шұғылданады. Өйткені бала кішкентай болғандықтан ортаны құра алмайды, ересектер үшін бұл мүмкін. Әрі ересек адам балаға кез-келген затпен қалай әрекет ету қажеттігін түсіндіреді.

Монтессори әдісінің мағынасы – баланы өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі оқытуға, өзін-өзі дамытуға ынталандыру. Монтессори сабағында балалар сабақ сайын өз бетінше іс-әрекетті қалайды және өзіне жайлы жылдамдықпен сол іс-әрекетті орындайды. Жұмыс жасау барысында баланың осы түрдегі оқуы

назар салуды, дәлелдеуді, өзін ұстай білуді, оқуға ынтамен карауды талап ететін қызықты зерттеу процесіне айналады. Монтессори әдісінің мәні- алдын ала дайындаған ортада педагогпен бірлесе отырып жасаған балалардың еркін жұмысы.

М.Монтессори педагогикасының дәстүрлі педагогикадан ерекшелігі.

- Жұмыс бөлмесінде тек қана дидактикалық материалдар жинақтаулы басқа да заттар мен ойыншықтар ойын бұрышында тұрады;
- Топтағы балалардың жасы әртүрлі;
- Баланың жеке қызығушылығы мен қабілеті ескеріледі;
- Тәрбиеші тек қана көрсетуді, айтуды, тексеруді қажет ететін балаға назар аударып бағыт береді

Қарапайым, қолдануға ыңғайлы Монтессори-материалдарды балабақшада қолдану көп қиыншылық тудырмайды.

Монтессори жүйесіндегі сенсориканы дамытуға бағытталған жаттығулар күнделікті қолдануға өте ыңғайлы, себебі оның материалдар әр отбасында табылатын қарапайым заттар болып табылады. Жаттығулар жүйесі баланың бойында белгілі бір іскерлік пен дағды қалыптастыруға, заттардың формасы, салмағы және түсі бойынша айыруға, алуан түрлі дыбыстар мен иістерді ажырата білуге бағытталған. Егер кәдімгі балабақшада педагог баланың өзіндік дамуын жүзеге асыру бағытында қызмет етіп жүрген болса, оны Монтессори қағидалары негізінде жұмыс істеуде деп айта аламыз. Бірақ педагог әрдайым: «баланы өз бетінше білуге үйрету үшін не жасау керек және қалай жасау керек. Мен даярлаған заттар баланың өз бетінше білім алуына түрткі бола ала ма, жоқ па» деген сұрақтар төңірегінде ойлануы қажет. Ал бұл сұрақтың жауабын тапқан педагог баланың оқу үрдісіне қол сұқпастан тек оның өзін-өзі тәрбиелеуіне себепкер болатын жағдайды ұйымдастыру керектігін түсінеді.

Дәстүрлі топтармен салыстырғанда, Монтессори педагогының баланың тілінің дамуына көмектесу мүмкіншіліктері әлдеқайда көбірек. Өйткені бұл жерде балаларға дербестік беріледі. Олар бір-бірімен араласып, өз беттерінше келісімге келуге үйренеді. Әрине бұл жерде педагогтың көмегі қажет болса, ол тек бақылаушы болып қала алмайды.

Монтессори әдістерін математика, сауат ашу және жазу, тіл дамыту, сенсорика, бейнелеу өнері оқу іс-әрекеттерінде, сонымен қатар күнделікті өмір жаттығуларында қолдануға болады. Математика іс-әрекетінде «қоңыр баспалдақтарды» пайдаланып, балаларға 10-ға дейін санауды және жуан-жіңішке ұғымдарын енгізуді қалыптастыруға болады. Балаға ол баспалдақтарды қалай дұрыс тасымалдауды, қалай орналастыру керектігін көрсетіп, соңынан өз бетінше жасауды ұсынамыз. Баспалдақты ең жуан кесектен бастап, ретімен кілемше үстіне орналастырады. Балаға баспалдақты дұрыс орналастырғанын тексеріп көру үшін ең жоғарғы кесектен төмен қарай допты дөңгелетіп көруді ұсынамыз, егер дұрыс орналастырылмаса доп соңына дейін дөңгелемейді. Бала кесектерді біртіндеп тасыған кезде олардың қалыңдығын жақсы сезініп, жуан-жіңішке ұғымдары қалыптасады. Ал, «қызыл штангаларды» пайдаланып, балалар 10-ға дейін санауға үйренеді, ұзын-қысқа, биік-аласа ұғымдары қалыптасады. Балаға штангаларды бүйірінен тасуды ұсынған жөн, сонда ол ең ұзынынан бастаған кезде қолының ара-қашықтығы біртіндеп кемігенін түсінеді. Штангаларды жатқызып және тұрғызып орналастыру арқылы, балалардың ұзын-қысқа, биік-аласа ұғымдарын қалыптастырамыз.

Монтессори жүйесі көп орталықтардан тұрады. Бала сезімін дамыту орталығы. Баланың сезім тәрбиесі, баланың қабылдауын дамыту және қоршаған әлемдегі заттардың қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру: пішіні, көлемі, түсі, салмағы, кеңістіктегі орны, иісі, шығаратын дыбысы, т.б. болып табылады. Бұл орталықта балалар өздерін күтуге арналған заттар орналасады. М.Монтессори балаға өзбетімен жұмыстануға үйрету, баланың инттелектуальдық қабілеттерін дамыту, өз-өзін тәрбиелеу және жоғарғы баға беру күшті түрткіш болып келеді деп тұжырымдайды. Сонымен қатар практикалық жаттығулар орындау арқылы бала өзінің қимылын жетілдіреді. М.Монтессори әдісі балада өзінің мүмкіндіктеріне сай дамуға деген қызығушылық, жаңа білімді тануға деген құштарлығын оятады. Бала не істегісі келеді емес, неге дайын соны істейді. Ересектер ереже ұсынады, балалар өз бағытымен сол ережелерді орындап, дамиды. Сонымен бала өз әрекетінің нәтижесіне жауапкершілік сезіммен қарайды.

Қорыта келе мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру үдерісінде Монтессоридің педагогикалық жүйесін қолдану дағдыларын дамытуда теориялық, практикалық білімдермен қамтамасыз ету. Мектепке дейінгі білім беруді жаңғырту жағдайында мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілері мен педагогтарында өзіндік білім алу қажеттілігін қалыптастыру.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. ҚР мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие үрдісіне М.Монтессоридің педагогикалық жүйесін енгізу бойынша әдістемелік нұсқаулық. Алматы, 2013.163б

2. Бабаева Сабет Балтабайұлы. Кемел адам –тұлға қалыптасуы. Педагогикалық теория негіздері. Монография., 2010- 371 бет.
3. Монтессори детский сад. Ю.И.Фаусек. Издательский дом «Карапуз»-Москва, 2OO8 г.
4. Монтессори әдісі бойынша 3-6 топтарына оқу бағдарламасы. Борисова О.Ф, Пермякова Л.В., Смирнова Н.Н. – Снежинск, 2OO9 ж.
5. Монтессори-педагогикасына кіріспе (философия,психология, педагогика) Орал мен Сібір-Монтессори – педагогтар Ассоциациясы, Снежинск 2O10ж.

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ БАЙЛАНЫСТЫРЫП СӨЙЛЕУГЕ ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕРІ

**Кунпайсова Гульнара**
Түркістан облысы, Сауран ауданы,
«Құлыншақ » бөбекжай бақшасының тәрбиешісі

***Резюме***

*В данной статье рассматриваются методы и приемы развития речи детей в дошкольных организациях*

***Summary***

*This article discusses methods and techniques for developing speech of children in preschool organizations*

Бүгінгі таңда еліміздің білім беру жүйесінде оқыту үрдісін тың жаңалықтарға негізделген жаңа мазмұнмен қамтамасыз ету міндеті тұр. Соның бірі – қоғамдық-саяси өмірге белсенді араласуға қабілетті, өзіндік пікірін ауызша және жазба түрде тиянақты, анық, жүйелі жеткізе алатын жеке тұлғаны қалыптастыру.

Мектепке дейінгі балаларды байланыстырып сөйлеуге үйретуде балаларға сөз бен сөз тіркесін білу жеткіліксіз. Олай дейтініміз, баланың өз ойын байланыстырып жазу әрекеті жеке сөз бен сөйлемдерден тұрмайды, ол бір-бірімен логикалық және грамматикалық байланысқа түскен сөйлемдер бірлігі болып табылатын тұтас мәтіннен тұрады.

Жеке тұлғаның байланыстырып сөйлеуін меңгеруі шындықты танумен тығыз байланысты. Адамның дүниені тану жолы екі деңгейде, теориялық және эмперикалық білім көздері болады. Теориялық таным барысында кез келген құбылыс ақыл-ой арқылы ұғынып түсіндірілсе, эмперикалық таным түйсіну, қабылдау, көріп сезу, елестетуге құрылады. Осымен байланысты мәтіннің ақпараттық мазмұнында да теориялық және эмперикалық таным іздері болады. Теориялық таным мектепке дейінгі балаларына мәтін жайлы ұғымды саналы түрде қалыптастыруға, сол арқылы олардың теориялық ойлауын дамытуға негіз болады.

Оқыту белгілі бір ұстанымдарға негізделетіні белгілі. Баланы жазбаша байланыстырып сөйлеуге үйретуде теориялық білім беру ұстанымын басшылыққа ала отырып, тұтас бір ойды білдіретін сөйлемдерді байланыстыру жолдарын теориялық мәліметтерге сүйеніп орындау көзделеді. Мәтіннің сөйлемнен айырмашылығы, оның бөліктерге жіктелуі, негізгі ой мен тақырып байланысы, мәтіндегі сөйлемдер байланысы т.б. теориялық білім беру мәтін құрастыру үрдісіндегі ерекше кезең болып табылады. Мәтінді мағыналық, құрылымдық жағынан теориялық талдау тілдік ерекшеліктерді танып білуге септеседі, мәтіннің ақпараттық бағытын түсінуге, мәтіндегі тұтастықты қамтамасыз ететін элементтердің арасындағы байланысты саналы түрде ұғынуға мүмкіндік ашады.

*Байланыстыра сөйлеудің түрлері.*

Байланыстыра сөйлеудің екі типі, яғни екі түрі бар. Оладың бірі – диалог, ал екіншісі – монолог. Бұларды диалогтық сөйлеу және монологтық сөйлеу деп те атайды.

Диалог – екі не оданда көп адамның сөйлесу барысында туындайтын әңгіменің мақсаты, әдетте, бір нәрсе жайында сұрап, оған жауап беруге, белгілі әрекетке түрткі болуға шақыру. Міне, осы себепті де байланыстыра сөйлеуге үйретуде әңгімелесу әдісі көп қолданылады. Диалог сұрау мен баяндау, баяндау мен мәжбүрлеу барысында түзіледі.

Ал, монолог мүлде басқаша. Ол, әдетте, кітаби стилге жатады. Себебі, монолог қоршаған ортаға әдейі әсер ету болып саналатын ойды жеңілдетіп сөздік формаға келтірген жүйе.

Сонымен монолог – бір адамның байланыстыра сөйлеген сөзі. Монологтың мақсаты – белгілі бір факт жөнінде баяндау.

Бір нәрсені суреттеу, баяндау кезінде бір нәрсе жөнінде пікір білдіруде тілдің монологтық формасы пайдаланады. Монолог нақты фактілер жөнінде хабарлайды, ал нақты фактілер бір-бірімен әрқашан

мезгілдік немесе себеп-салдарлық байланыста болады. Мезгілдік байланыс немесе кезектесіп келуі мүмкін.

Бір мезгілде болатын фактілер туралы айту суреттеу деп аталады. Ал, бірінің соңынан бірі келетін фактілер туралы айту баяндау деп аталады. Сонымен қатар себеп-салдарлық қатынаста болатын фактілер туралы айту деп аталады.

Монологтық тілде сөзді байланыстырып әдеби тілге жай ғана және күрделі синтаксистік құрылымдардың балық түрлері пайдаланылады: біріңғай мүшелі сөйлемдер, салалас құрмалас және сабақтас құрмалас сөйлемдер. Бала жайылма сөйлемдер мен құрмалас сөйлемдер құрастыра білмейінше, оның тілі байланысты түрдегі тіл бола алмайды. Ендеше монологтық тілдің әртүрлі типін үйрету тәрбиеші үшін үлкен міндет.

Балаларды байланыстыра сөйлеуге үйретудің мақсаты мен міндеті оларды дұрыс дыбыстауға, сөздерден сөйлем құрастыра білуге, сөз тіркестері мен сөйлемдерді мағынасына сай дұрыс байланыстырып әңгіме айта білуге үйрету болып табылады. Мектепке дейінгі кішкене балаларды байланыстыра сөйлеуге үйретуді ерте жастан бастап қолға алған жөн. «Қына тасқа бітеді, ақыл жасқа бітеді» деп дана халқымыз айтқандай әлі мектеп жасына толмаған балаларды есі толық жетілмеген, толыспаған деп салғырт қарамай, сол кезден бастап дұрыс, мағыналы, ең бастысы жүйелі сөйлеудің қаруымен жарақтандырған жөн болады. Ал, олардың байланыстыра сөйлеу дағдысын жітілдіру тікелей ата-ана мен балабақша тәрбиесінің қолында. Ата-ана баламен көбінесе диалог түрінде сөйлеседі. Осылайша олардың сұрақ пен жауап арасын байланыстыра сөйлеу дағдысын жетілдіру тәрбиешінің жемісі.

Монологты мектепте оқыта бастау кеш: монологтық тіл дағдыларын алдын ала мектепке дейін жетілдіру керек. Сонымен, балалар бақшасы тәрбиешісінің жауапты міндеті – балаларға монологты, сереттеуді, баяндауды, пікір айтуды үйрету үшін, мақсатқа сәйкес дидактикалық материалдар табуға күш салу, яғни, тәрбиеші баланың байланыстыра сөйлеуін дамыту үшін көптеген әдіс-тәсілдерді қолданған жөн. Ал, әдіс-тәсілдері дұрыс, тиімді пайдалану үшін тәрбиеші шебер, сонымен қатар, ізденгіш болуы керек.

*Мәтін арқылы байланыстырып сөйлеуге үйретуге арналған жаттығулар мен тапсырмалар кешені.*

Мәтін арқылы байланыстырып сөйлеуге үйретуге арналған жаттығулар мен тапсырмалар кешені былайша топтастырылды: танымдық талдау жаттығулары; түзету жаттығулары; шығармашылық ізденіс жаттығулары.

Еліктеу әдісінде үйретуші мен үйренуші екеуі де бір сөзді бірақ әр түрлі етіп айтады, үйретуші ересек адамдармен сөйлеседі. Сөзінің дыбысын артикул деп және сөзінің дауыс ырғағын мәнерлеп сөйлейді, ал үйренуші тыңдайды да, қайталайды, оның сөзіне еліктейді, сөйлеу қимылын үйренуге және мағынасын түсінуге тырысады.

Ойыншықтармен ойын ойнау кезінде балалар оларды бір орыннан екінші орынға ауыстырады, лақтырады, кәрсетеді, итереді, бұрайды, шұқылап көреді, бұрайды, заттарды бақылайды және олардың қимылын атайды. Мұнда тәрбиеші немесе ата-ана баламен сөйлесуге, оны жетелейтін сұрақтар қоюға тиіс. Мына машина жүре ме? Шар қандай? Паравоз, машина қандай дыбыс береді? Осындай сұрақтарға жауап бере отырып, баланың тілі сөйлеуге үйренеді.

Сюжетті драмалық, рольдік режиссерлік, драматизациялық ойындарда балалар таныс ертегідерден, бір кейіпкердің ролін алып, ойын процесінде өз кейіпкерлерінің сөзін қайталайды сол арқылы бала өзінің сөзін байытады. Сюжетті ойындар үйренген тілдік құралды бекіте түсуде тамаша жаттықтыру болып табылады. Баланың ойын кезіндегі сөйлеу мөлшері оның жас шамасына байланысты, тәрбиешінің кейбір тұрмыстық, әрекеті орындау кезінде айтқан сөзіне балалардың еліктеуі мүмкін.

Балалардың тілін үйрету әдісі - сөйлеу әдісі, сұрақ пен жауап әдісі, әңгімелесу деп те аталады.

Әңгімелесу әдісі үйретушінің сұрауынан, ал үйренушінің жауап беруінен тұрады. Демек олардың екеуі де сөйлейді, бір-ақ бір сөзді емес еліктеу әдісіндегідей, әр түрлі сөздер сөйлейді, тәрбиеші немесе ата-ана өзінің сұрағымен баланың өзіне таныс сөздерді, дыбыстарды немесе тақырыпты еске түсіруге және оны орнымен қолдануға итермелейді. Бұл әдіс заттар мен немесе дидактикалық, логикалық ойындармен, ойыншықтармен шектеледі. Мысалы: Ойын-сабақтың белгілі бір ойынның ережесімен таныстырады. Содан соң балалардың өз беттерімен ойнауға мүмкіндік береді. Дидактикалық ойындарда баланың тілін дамытатын үлкен мүмкіндіктер бар, өйткені дидактикалық ойын арқылы берілетін кез келген білімді бала сөйлеу түрінде үйренеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту» Л.П.Федеренко,

Г.А.Фамичева, В.К.Латарев М-1984 ж.
2. «Развитие речи детей» Н.В.Новоторцева Я-1997ж
3. «Воспитание правельной речи» В.И.Городилова, Е.И.Родина М-1981ж

## СЫНДАРЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМЫТУДАҒЫ РОЛІ

**Умарова Юлдузхан Исламбековна**
Шымкент қаласы, С.Көбеев атындағы 56 ЖОББМ
география және тарих пәні мұғалімі

***Резюме***

*В данной статье предусмотрена роль критического обучения в развитии функциональной грамотности на уроке географии*

***Summary***

*This article provides for the role of critical learning in the development of functional literacy in a geography lesson*

Функционалдық сауаттылығы дегеніміз - адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделу болып табылады. Болашақ азамат өз ұлтының асыл мұрасымен сусындау арқылы туған халқының тарихымен, мәдениетімен жете танысып, білімін кеңейтеді. Географияны терең меңгерген оқушы, қоғамның кез келген саласында қиналмай жұмыс істеп, өзінің функционалды сауаттылығын көрсете алады. Жалпы білім беретін орта мектептегі оқушыны жеке тұлға ретінде және оның ұлттық сана-сезімін, өзіндік, дүниетанымын, азаматтық ұстанымын, рухани құндылықтарын қалыптастыруға негіз болатын әлемдегі аса бай, география *пәнін жүргізудің өзіндік қыры сан қилы.* География – оқушыға беймәлім өмірді танытатын қуатты құрал. География арқылы біз оқушыларға дүние жүзі халықтарын, олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын, шаруашылығын. Адамға тәрбие беруші әуелі, ата-ана, сонан соң ұстаз, мектеп, қоршаған орта *танытамыз* екені баршамызға белгілі.[1] География адамға өмірді танытып қана қоймайды, ол *адамды тәрбиелейді*. Адамның өмірге көзқарасын танытады, мінез-құлқына ықпал етеді, күллі тіршілігіне әсер етеді. Пән мұғалімі оқушының назарын аудару үшін сабақ кезінде әртүрлі тақырыптық, пәнаралық, сыныпаралық байланыс орнатып, қызықты әңгімелерді сахналық көрініс ретінде өтуді *ұйымдастыра білуі қажет*. Сонымен қатар, түрлі көрнекілік құралдарын қолдану, сұрақ-жауап, талдау, жинақтау, ажырату, тақтаға жазу, айтқан ойды мысалдармен дәлелдеу, сөздікпен жұмыс, проблемалық мәселелерге жауап беру, нақтылы және жалпылама тапсырмалар беріп, шағын шығармашылық жұмыстарды орындату, оқушының бірін-бірі сынауы, өзіндік пікір білдіруі, баяндама жасауы, ғылыми зерттеу жазып қорғауы т.б. *алуан түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануы керек*. Осындай әдіс-тәсілдерді түрлендіріп, жүйелі түрде пайдаланып мұғалімнің шәкірттері өз бетімен жұмыс істеуге тез үйренеді. Орта буын оқушыларының арнайы ереже дәптерлері, альбомдар, сөздіктері, хронологиялық кестелері болуға тиіс. *Сонымен бірге, шығармашылық дәптері бөлек болғаны дұрыс.* Оған оқушы өздеріне ұнаған мақал-мәтелдерді, сөзжұмбақтарды, эсселерін жазып алып жүруге баулу керек. Осы ретте, шығармашылыққа жақын кейбір оқушылар сол дәптерге қыса әңгіме, мақала, күнделік, пікір жазып үйренуіне мүмкіндік туады. Қазіргі заман талабына сай білім беру саласындағы жаңашыл ұстазға қойылатын талап та жаңаша болатыны сөзсіз. [3] Ұстаздар алдында басты міндет – оқытудың әдіс – тәсілдерін үнемі жетілдіріп және жаңа педогогикалық технологияларды меңгере отырып, еліміздің жарқын болашағын жасайтын білімдіде білікті, тәрбиелі де бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру. «Сабақ беру жәй ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер», деп Ж.Аймауытов айтқандай, бүгінгі оқыту жүйесінде әр түрлі жаңа технологияларды пайдалану тәжірибиеге еніп, жақсы нәтижелер беруде.Бұрын дәстүрлі оқыту жүйесінде менің міндетім тек түсіндіру болатын.[6] Түсіндіруде тек бір сана, бір обьект, сөз түрі монолог болып келетін. Білімді дайын күйде бере салатынмын. Сыни тұрғыдан ойлаудың әдіс -тәсілдерін қолдана отырып, оқушылар өз бетінше білім алып, жұмыс істеуге дағдыланады. Демек, мұғалім сабағын баланың қабілет-қарымына, психологиялық ерекшелігіне сай байланыста жоспарлау керек. Сонда ғана сабақ тартымды, жеңіл болады, оқушыларды жалықтырмайды. Сыни тұрғыдан ойлау «ойлау туралы ойлану» деп

сипатталған. Ол маңызды мәселелерді талқылау және тәжірибені ой елегінен өткізуді қамтиды. Мұғалімдер педогогикалық білімі бар және қосымша оқыту мен өз біліктілігін арттырушы субьектілер болғандықтан, олар бұл дағдылар дамыған және іс-тәжірибеде қолданылады. Бұл модуль оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдануын көздейді. Сыни тұрғыдан ойлау бағдарламасының әдіс – тәсілдерін пайдалану барысында қорқу –қуану, қиналу қатар жүрді. Әр сабақтан соң «Қай жерде қателестім?», «Қай әдіс нәтиже берді?», «Нені қалай жасау керек еді?» деген сұрақтар төңірегінде ойлана отырып, тек формаға емес, философиясына терең үңілу керектігін түсіндім. Мәселен, географияны үйренуде қолданылатын үдерістер мен дағдылар:

- суреттер, фотосуреттер, естелік жазбалар сияқты дәлелдерді жинақтау және топтастыру,
- негізгі дереккөздерді бағалауды және соларға сәйкес сұрақтар қою,
- негізгі дереккөздерді жағдаяттық қорытындылармен және уақытша жинақтаулармен салыстыру және талқылау т.б

Сыни ойлаудың дәстүрлі оқытудан айырмашылығы - өзіне тән сабақ құрылымы жасалған, әр кезеңге сай әдіс-тәсілдері, стратегиялары берілген. Мұнда да мұғалімнің шеберлігі, әр әдіс- тәсілдерді өз орнына ұтымды қолдана білуі де аса қажет. Сабақты бастамас бұрын сыныпта психиологиялық ахуал орнату арқылы оқушылардың қызығушылығын ояту керек. Оқушылардың көңіл –күйлеріне байланысты фигуралар таңдатып, әр фигураға түсінік берулері керек. Осы таңдаған фигуралар арқылы оқушыларды топқа бөлуге болады. Топтық ереже құруда оқушыларға ұйымшылдық, тәртіп сақтау, үнемі жетістікке жету, уақытты тиімді пайдалану, топ мүшелерімен бірге шешім қабылдау, берілген тапсырманы сапалы орындау керек деген сияқты ережелер түсіндіріледі, кейіннен оқушылар бұл топтық ережені өздігінен орындайтын болады. Енді сыни тұрғыдан ойлаудың бірнеше әдіс – тәсілдеріне тоқтала кетейік. Қызығушылықты ояту әдісі. Бұрынғы білетінімен жаңа білімді ұштастыру. Үйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі. Оқушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы біліммен ұштастырады.[4]

Оқушылардың танымдық қызығушылығының деңгейін көтерудің тағы бір белсенді тәсілі проблемалық тапсырмалар беру. Мысалы, 8 сыныптағы «Алаптар бойынша ірі өзендерге сипаттама» тақырыбын өткен кезде Ертіс өзенінің шатқалында Бұқтырма сағасынан төменіректе салынған биіктігі 96м орасан зор Бұқтырма бөгеті туралы айта келіп, оқушыларға: «Осындай құрылысты салу неге керек болды? Бөгетті жеңіл, арзан тәсілмен салуға болатын жол табуға болмады ма?» деген проблемалық сұрақ қою арқылы оқушылардың осы бөгеттің құрылысын салуға деген жалпы қызығушылығын ояттым. Осы арқылы оқушыларды топ - топ болып бірігіп, карта арқылы жұмыс жасап жол табуға шақырдым. Оқушылар жер бедері, өзен ерекшелігі, соған сәйкес құрылыс материалдарын таситын жағдайларды ескерген барлық мүмкін нұсқаның сызбасын салып, оны әр топ бір - бірімен салыстырып, одан кейін оны Бұқтырма бөгетінің сипаттамасымен салыстырып өздерінше қорытынды - түйін жасады.

Міне, бұл сабақта оқушылардың бәрі де ізденісте болып, бәрі де қызу жұмыс жасап, сабақтың өн бойында қызығушылық танытты. Сондықтан да оқушының айтқан көзқарасын қолдайтын немесе оны жоққа шығаратын элементтері бар сабақ - өзінен өзі оқушылардың танымдық қызығушылықтарын тудырады.[3]

Ой толғау әдісі. Бұл кезеңде оқушылар жаңа ақпаратпен танысып, жаңа тақырыппен жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Мысалы: 7- сыныптағы сабақ барысында 1492 жылдан Атлантиканы кесіп өткен саяхатшылардың тізімін жасауға тапсырма беріп, оқушылардың бұрын алған білімдерін естеріне түсірдім. Бұл тізімді сабақта алған білімдерімен салыстырып жазуды сұрап, жаңа алған білімнің мәнін ұғуға жетеледім. Сөйтіп өз білімімен жаңа берілген білімнің ішінен негізгісін алып, өз беттерінше қорытындылауға мүмкіндік бердім. Сабақ соңындағы 10 минуттық эссе жазу, оқушылардың ойларын жалғастыруға Х. Колумб туралы бұрыннан білетіндерін жаңа игерілген материалдармен қосып, ой толғау жасауына мүмкіндік берді.

Шпаргалка әдісі. Бұл әдісте оқушылар шпаргалка жасауды үйренеді. Мысалы, Жапония тақырыбында оқушыларға мәтінді бөліп беремін. Бірінші топқа мемлекет тарихын, екінші топқа табиғат жағдайларын, үшінші топқа халқын. Оқушылар мәтінмен жұмыс жасай отырып, ең керекті мәліметтерді ақ параққа жазады.Оларды санмен, пайызбен, жылдармен көрсетсе де болады. Неғұрлым көбірек мәлімет беруге тырысады. Сондан соң оны топтармен ауысады. Ауысқан топ шпаргалканы оқи отырып постер жасайды, әрі оны қорғайды.

Кластерлерге бөлу әдісі. Бұл әдісте алдымен тақтаның ортасындағы дөңгелекке немесе дәптердің ортасына сөз не сөйлем жазу сұралады. Мысалы 7- сыныпта «Географиялық зерттеулер» тақырыбында саяхатшылардың ішінен Марко Поло деген сөз. Сосын «ол не істеді?» деген сұрақ

тастауға болады. Ол сөзді оң жағына дөңгелекшенің ішіне жазып негізгі сөзбен екеуінің арасын тіке сызықпен қосамыз. Енді біз оқушыларды оның не істегені туралы өз көзқарастарын айтуға шақырамыз. Бұл пікірлерді «ол не істеді» деген дөңгелектің айналасына топтастырып, жаңа дөңгелектерге жазып онымен қосуларын сұраймыз. Егер оқушы «ол саяхатшы болған» десе, «саяхатшы» деген сөз жаңа дөңгелекшеге жазылады. Егер оның саяхаты туралы жаңа мәлімет (қайда барды және т. с. с) болатын болса, онда ол сөздер «саяхатшы» сөзінен айналып жүретін серік - сөздер болады. Оқушылар кластерді орналастырып болған соң, олардан қай жерде ақпарат аз екенін көрсетуді сұраймыз. Егер олар бір нәрсеге күдіктенсе, сол жерге үлкен сұрақ белгісін қою керек. Содан соң ненің дұрыс болғанын, қай жері дұрыс емес екенін, қандай тұстары анықталды соған көңіл бөлуін сұраймыз.

Сонымен, біздер тәрбиелеп жүрген бүгінгі ұрпақ – тәуелсіз еліміздің ертеңгі иелері. Ал олар тек біліммен ғана сусындап, ғылым мен техниканың жаңа үрдісіне ғана ілесіп жүретін болса, рухани дамуда ізгілікке, өнерге ұмтылу болмаса, біздің тәрбиеміз біржақты ғана болар еді. Демек өскелең ұрпақтың жан-жақты болып өсуіне ұстаз еңбегі орасан десек, өз мамандығына шексіз берілген, баланы сүйе білетін, оларды дәрісімен қызықтыра білетін ұстаз ғана заманына лайық шәкірт тәрбиелей алады. Сонымен қатар, ол- шәкірттердің білімділік және танымдық мазмұн қасиеттерін, шығармашылық іс-әрекеттері мен тәжірибе жинақтауларын дамыта отырып, олардың география білімінің ауқымдылығы мен құндылығын жан-жақты түсінуіне және оны жете сезінуіне ой салады. Өйткені, географиялық білім қорлары жастарымыздың салауатты өмір сүруіне жағдай туғызып, оларға патриоттық – интернационалдық және рухани –мәдени тәлім –тәрбие беріп, әрі экологиялық, экономикалық, өлкетанушылық, тарихи, саяси, картографиялық және т.б сауаттылықты жандандырады Ендеше, үйрету мен үйренудің қызығушылығынан туатын бұл әдістер оқушыны білім теңізіне жетелеумен бірге мұғалімнің де тынымсыз ізденісін қамтамасыз етеді. Білім беруді жаңарту – қай қоғамда да педогогика ғылымының алдындағы өзекті мәселе. Біз жасап жатқан жаңа ғасыр – жаңа заман, жасампаз қоғам, озық идеялар мен жаңа технологиялар дәуірі. Сол себепті білім беру салаларында жаңа технологияларды пайдалана отырып, оқушының дүние танымын жаңаша көзқарас пен сыни тұрғыдан ойлау арқылы қалыптастыру – заман талабы. Осы әдіс –тәсілдерден кейін оқушының қызығушылығы артады; тіл байлығы артып,ойлау қабілеті дамиды; белсенді әрекет иесі болады; ізденуші, зерттеуші тұлға болады; дискуссия жүргізе алады; орта оқушыларды спикер қатарына шығара алады.

**Пайдаланылған әдебиеттер**


1. Боранбаев С. «Табиғатқа тіл бітсе». Өлеңдер мен поэмалар. Алматы,1980.
2. Паркер С. және Уильямс Б. «Сұрақ және жауап» энциклопедиясы. Алматы, 2006.
3. Тұрғынбаева Б. «Дамыта оқыту технологиялары». Алматы, 2000.
4. Тасболат Б., Әділбекова С. «Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлау технологиясы». 2005.
5. Тасболат Б., Әділбекова С. География пәнінен ойындар, ашық сабақтар. 2005.
6. Бейсенова Ә., Каймулдинова К. Дүние жүзіне аймақтық шолу. Алматы «Мектеп» 2007.


## БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДАҒЫ ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ТИІМДІЛІГІ


**Балапанова Сапаш Арапбаевна**

Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы

"Ащыбұлақ" білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі



***Резюме***

*В данной статье рассматриваются виды и эффективность дидактических игр в начальных классах.*

***Summary***

*This article discusses the types and effectiveness of didactic games in elementary grades.*


Қазіргі әлеуметтік жағдай жеткіншек ұрпақ тәрбиесіне қатысты мәселелерді ағарту саласында бірінші орынға шығарады. Әсіресе, баланың әлеуметтік бейімделуі, ересектермен, өз қатарластарымен қарым қатынасты тиімді жасауы педагогикалық психологиялык теория мен практика үшін аса мәнді.

Балалардың жас ерекшеліктеріне қатысты психологиялық дамуы, осыған қатысты оқыту-тәрбиелеу жолдары, мінез-құлық, жүріс-тұрыс қалыпты болмағанда жүргізілетін коррекциялық жұмыстар, зерттеу әдісі-тәсілдерін негіздеген құнды еңбектер баршылық. Ойын сонау ата-бабалар заманынан бері мазмұн жағынан толысып дамып, дәстүрлі жалғасып келеді. Ойын еш уақытта дамудың бір сатысына жеткенде тоқтап қалмайды, жетіле түседі. Ойын теориясы мен практикасын отандық және шетелдік педагоктар, психологтар, социологтар зерттеуде. Мысалы, Иоган Хейзингтің «Ойыншы адам», Д.Б. Элькониннің «Ойын психологиясы», Эрик Берннің «Адамдар ойнайтын ойындар» атты еңбектері жазылған. Ойын теориясын зерттеуші Ресей ғалымдары: А.В. Вербицкий, Т.В. Кудрявцев, И.П.Пидкасистый. Қазақстандық Галымдар: Н.К.Ахметова, Ж.С. Хайдаров А.Е. Абілқасымова Елубаева А.Е т.б. Сонымен катар ойын проблемасымен шұғылданған көрнекті ғалымдар: М.И.Мора, Т.Ж. Жигалкина, И.Я.Лернер, Ш.А.Амоношвили, Т.Сабыров, Г.Розметова. Ойын баланың жеке басын дамытуда қоғамдық мәні бар іс-әрекеттің мақсат бағдарлы, кажеттілікті қанағаттандыруға негізделген белсенділік формасы деп бір жағынан, екіншіден, баланың танымдық, шығармашылық, жеке басы қасиеттерін, ақыл-ой сапаларын жетілдіретін тәрбие және оқыту құралы ретінде түсіндіріледі.

Балалық шақ ойыннан бөлінбейді. Мәдениетте балалық шақтың мәні көп болган сайын, соғұрлым ойын да қоғам үшін маңызды болады. Балалықты танудың оған әсер етудің және балалық шаққа енудің бірден-бір әдісі ол ойын. Ойын баланың жеке басын дамытуда қоғамдық мәні бар іс-әрекеттің мақсат бағдары, қажеттілікті канағаттандыруға негізделген белсенділік формасы деп бір жағынан, екіншіден, баланын танымдық шығармашылық, жеке басы касиеттерін, ақыл-ой сапаларын жетілдіретін тәрбие және оқыту құралы ретінде түсіндіріледі. Балалармен жұмыс істеу ойындарында ойынмен әсер ету арқылы баланы басқаруға немесе оны өзгертуге көп күш кетпейді. Ойынмен әсер етудің мақсаты баланың өзін- өзі тану мен озін-өзі баскарудан тұрады. Балалар үшін өз тәжірибелерімен сезімдерден шығару табиғи динамикалық және денсаулык жақсартушы іс- әрекет. Ойын әсері психикалық іс-әрекеттің басқа формаларын дамыту үшін де үлкен маңызы бар. Мәселе, қиял тек ойын жағдайларында және соның әсерімен ғана дами бастайды. Ойын әсері арқылы адам баласының белгілі бір буыны қоғамдық тәжірибені меңгереді: өзінің психикалық ерекшеліктерін қалыптастырады. Дидактикалық ойын математика сабақтарында ғана қолданылып қоймайды, табиғаттану, коршаған ортамен таныстыру мақсаттарында да қолданылады. Дидактикалық ойын оқыту процесінде мынадай екі түрлі мақсатта қолданылады: оқу (танымдық) мақсатта, екіншісі ойын ойнау мақсатында. Мұғалім өзі де ойынға қатысады, баланы үйретеді. Бала ойнап отырып үйренеді.

Математика сабағында есептеуге үйрету, математикалық диктант пен жұмыс, сұрақ-жауап әдістерін қолдану кажет. Өтілетін такырып бойынша әртүрлі ойын түрлерін жүргізуден басқа анаграмма, ребустан, сөзжұмбактар, қазақтың қара есептері, тақпақ есептер, елең есептер қолдану. Дидактикалық материалдарды пайдалану оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттырады. Сол сияқты қимылды ойындардың да тиімділігі бар. Қимылды ойындарда бала ағзаларын жетілдіріп, ақыл-ойының дамуына үлкен әсер етеді. Көңіл-күйі артып, жүйкелері жақсарады. Басты мәселе, мұғалім сабақта ойын элементтерін жүргізбес бұрын, оның міндеті мен мақсатын, жүргізу тәртібін балаларға айтып, дайындауы тиіс. Ойынға қажетті құралдарды, күні бұрын дайындау қажет. Оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытуға сөзжұмбақ, ребус, анаграмма, ұйқасын тап ойындардың әсері мол. Сондықтан да әр пәнге, сабаққа көрнекілікті дұрыс пайдалана біліп, ойындар жинақтап, әр сабаққа, есепке дұрыс үйлестіріп, тартымды сабақпен тиімді ойынды ұштастыра отырып, әр баланың жеке ерекшеліктеріне қарай үлестірмелі қағаз, тапсырмалар, сұрақтар дайындаған тиімді. Дидактикалық ойындардың оқыту мазмұнына сәйкес түрлері:

1. Ойын саяхаттар. Олар ертегілерге ұқсас. Олар фактілер немесе оқиғаларды белгілейді, бірақ олар ерекше түрде ашып көрсетіледі; карапайым жұмбақ арқылы; қиындық оңай жолмен; қажеттілер кызық жолмен беріледі;

2. Ойын тапсырмалар. Бұл ойындардың негізін заттар мен әрекет, сөздік тапсырмалар құрайды. Ойын міндеттері мен әрекеттері бір нәрсені болжауға негізделеді.

3. Ойын болжамдар. Бұл ойындар «Не болар еді...?», «Мен не істер едім,

егер...» деген сұрақтарға негізделеді. Ойынның дидактикалық мазмұны балалардың алдына проблемалық міндет пен ситуацияны қоюда ерекшеленеді. Мұндай ойындар білімді нақты жағдайда ұштастыра байланыс тапсырмаларын белгілеуді талап етеді.

4. Ойын жұмбақтар. Жұмбақтың негізгі ерекшелігі логикалық астарының болуында. Олар баланың ой әрекетін белсендіреді. Жұмбактар салыстыру, тенеу және сипаттау арқылы ұғымның қасиеттерін ажыратуға тәрбиелейді, оқушы қиялының дамуына әсер етеді. 5. Ойын әңгімелер. Ол мұғалімнің балалармен, балалардың мұғаліммен және балалардын балалармен қарым-қатынасына негізделеді. Бұл қарым-қатынас ойын мазмұнында ерекше сипатқа ие болады. Ойынның құндылығы- олар

эмоциональдық түрде белсендіруге, бір сөздікке, өзара әрекет жасауға, бірлесіп ойлануға мүмкіндік туғызады. Математиканы оқытуды қолданылатын ойындарға ерекше мән беріледі. Өйткені бағдарламаның негізгі тақырыптарын оқып үйренгенде қолданылатын ойындар оқушылардың математикалық ұғымдарын кеңейтеді. Оқушылардың ойлау қабілетен арттырады, есептеу дағдыларын шыңдай түседі. Баланың тапқырлығын арттырып, қызығушылығын туғызады, теориялық мәселелерді меңгеруге және оларды тәжірибеде қолдануға машықтандыруға септігін тигізеді. Яғни ғылымға жол ашып, болашағын меңзейді. Математикадан үлгермеудің бір себебі оқушылардың пәнге аз қызығатындығы. Оқытудың жаңа технологиясын таңдай біліп, жаңашылдар еңбегін дұрыс пайдаланып, тартымды сабақ пен ойынды ұштастыра білсе, нұр үстіне нұр болар еді. Баланың бар мүмкіндіктерін ашар еді. Оқушылар сабақта, ойын немесе жұмыс үстінде ойлау, өлшеу, есептеу, табу, зерттеу сияқты процестермен (әрекеттермен) кездеседі. Оларды ұштау, жетілдіру мұғалім міндеттерінің бірі. Сондықтан мұғалім мынадай математикалық өлең есеп, математикалық жұмбақ және тақпақтар, ребустар, математикалық ойындар жазылған қаттамалар жасаудың маңызы зор. Оқушыларды еліктетіп, жігерілендірмейінше, тәрбиенің нағыз өз мәнінде болуы мүмкін емес. Міне, сондықтан да сабақ үстінде іздену мәселесін мінде етіп қойып, оны шешуде түрлі ойындарды тиімді пайдалана білудің маңызы зор. Әдістемелік әдебиеттерде берілген және бастауыш сынып мұғалімдерінің тәжірибесінде пайдаланып жүрген дидактикалық ойындар өте көп. Алайда, олардың барлығы бірдей бүгінгі күннің талаптарынан туындап отырған білім мазмұнының өзгерістеріне, сондай-ақ, оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес келе бермейді.

Қорыта айтқанда, ғылыми тұрғыда негізделген дидактикалық ойын түрлерін сұрыптап, ой елегінен өткізе отырып, ойындар жүйесін және оларды пайдалану әдістемесін ұстану қажет.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Л.С.Выготский игра и ее роль в психологическом развитии ребенка.- М:Педагогика - 1986.- 145стр.
2. А.Е.Әбілқасымова. Т.С.Садықов. Қазіргі дидактика. Алматы: Ғылым, 2007-260 бет.
3. А.Е.Елубаева, Математиканы оқыту әдістемесі. Алматы: Атамұра, 1998- 249 бет.
4. М.И.Моро, Н.Ф.Вапняр Математикалық ойындар мен тапсырмалар жазылған карточкалары. Алматы: Рауан, 1991-62бет.


## ЕРЕКШЕ БІЛІМ АЛУҒА ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУДЕГІ ОТБАСЫНЫҢ РОЛІ


**Маженова Қарлыгаш Қасымханқызы**

Шымкент қаласы, "N2 Психологиялық педагогикалық түзету кабинеті" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің педагог-дефектологі



***Резюме***

*В данной статье рассматриваются о ролье семьи в образовании и социализации детей с особыми образовательными потребностями*

***Summary***

*This article discusses the role of the family in the education and socialization of children with special educational needs*


Тұлғаның әлеуметтенуіндегі негізгі байланыстары ретінде қоғамдағы отбасы ұйытқысы болып. Отбасылық жағдайлар, әлеуметтік жағдайларын қосқанда, айналысатын кәсіп түрлері, материалдық жағдайлары мен ата-анасының білім деңгейлері баланың өмірлік жолына үлкен әсерін тигізеді. Әрбір адамның өмірінде Отбасы үлкен роль атқарады. Бала отбасында өсіп, өмірінің алғашқы күндерінен адами қатнастар нормасын, бірлесіп өмір сүру қағидаттарын, отбасындағы мейірімділікті, кейде зұлымдықты бойына сіңіріп өседі. Есейген соң балалар отбасындағы алған тәлімін өз өмірінде қайталайды. Егер отбасында қоршаған ортаға деген қатнасы реттеліп отырған болса, моральдық нормалар сипаттамасын, рухани тәжірибе жинақтайды. Егер жасөспірім кезеңінде баланың ата-анасы екінші шепке шегінген болса, көптеген жастар үшін, әсіресе анасы осы жастағы эмоционалды ең жақын адам болып қала береді. Осылайша отбасы баланың әлеуметтенуі мен жеке тұлға болып дамуы мен қалыптасуындағы жетекші институт ролінде болады.

Отбасының негізгі қызметі: жемісті, экономикалық, тәрбиелік, коммуникативтілік, бос уақыт пен демалысты ұйымдастырушы. Олардың арасында өзарабайланыс, өзараынтымақтастық, бірін бірі толықтырып отырушылық бар.

Отбасы– бұл отбасының әрбір мүшесінің өз орнын табудағы, (өзін өзі құрметтеу) өзін өзі сақтау (ұрпақ жалғастығы) қажеттілігін белсенді қанағаттандыруға бағытталған әлеуметтік-педагогикалық адамдар тобы.

Отбасы адамда:

-оны түсінетін, бағалайтын, қорғайтын, жақсы көретін, күтетіндігін сезінетін орын,

-юаланың өмірлік ұстанымдарын, танымдық бастамаларын қалыптастырады,

-тұлға ретінде жояды немесе жасайды,

-отбасы мүшелерінің психикалық саулығын бекітеді немесе бұзады,

-жеке қажеттіліктерін қанағаттандырады немесе кеседі,

-өзін көрсетіп, қанағаттанып, қауіпсіздікте болу мүмкіндіктерін құрады,

- өзіндік «МЕН» қасиетін дамытып, шектеулер белдемесін қояды

Отбасының әсері әсіресе баланың өмірінің басында басқа тәрбиелік прцестерге қарағанда көп әсерін тигізеді. Зерттеулер көрсеткеніндей, отбасы мектепті де, бұқаралық ақпарат құралдарын да,қоғамдық ұйымдарды, еңбек ұжымдарын, достарды, өнер мен әдебиеттің жоғарғы пікірін келтіре алады. Бұның барлығы мұғалімді бірқатар тәуелділікті анықтауға әкеледі: тұлғаның сәтті қалыптасуы бірінші кезекте отбасымен анықталады. Отбасы қаншалықты жақсы болса, сонщалықты тұлғаның еңбек, дене, танымдық тәрбиесінің нәтижесі жоғарылайды. Тұлға қалыптасу барысында көбіне отбасылық тәуелділік байқалады: отбасы қандай болса, сондай адам тәрбиеленіп шығады. Тәжірибелі педагог оқушымен бір рет қана сөйлесіп, көз жүгірткенде оның қандай отбасында тәрбиеленіп келе жатқанын нақты басып айта алады. Дәл сол сияқты, ана-аналармен қарым-қатнас жасағанда, олардың отбасында қандай бала өсіп келе жатқанын біле қояды. Отбасы мен бала-бір бірінің айнасы.

Отбасылық әлеуметтену мен отбасы тәрбиесінің негізгі мақсаты- көпшіл, көппен тіл табыса алатын, ұжымшылдық қасиетке ие икемділіктерін қалыптастыру. Себебі бала өмір ағымымен болашақта ұйымдар мен топтарды тілтабыса өмір сүруі керек. Бұл жағдайда баланың әлеуметтенуі түрлі ұжымдар мен топтарға әлеуметтік-психологиялық бейімделудің күрделенген әрі кеңейтілген үдеріс ретінде қарастырылады. Денсаулығында мүмкіндігі шектеулі балаларды психофизакалық дамытудың ерекшеліктері бейімделу мүмкіндіктерін әлсіретіп, олардың қоғамдық өмірге бейімделуі қоғамдық өмірін шектейді. Бұндай балалардың отбасылық әлеуметтенуі бейімделудің бейтараптануына әкеледі, себебі тұлғаның тәрбиесі қоғамдағы қалыптасқан талаптар мен арасында айырмашылықтар пайда болады. Сол себептерден мүмкіндігі шектеулі бала ерекше ортаға бейімделіп, қоғамдық өмірде, білім беру саласында әлеуметтік кірігуге кедергі болады. Сонымен қатар мұндай балаларды тәуелсіз өмірге икемдеп, әлеуметтік қиындықтар болатынын ескеру керек. Бұл жерде денсаулығында мүмкіндігі шектеулі баланың сәтті өлеуметтенуіне қолдаушы да отбасы болады. Ғалымдар денсаулығында мүмкіндігі шектеулі балалардың қоғамға әлеуметтенуінде отбасының оң, кей жағдайда кері әсер де беретінін ескертеді. Зерттеу анықтағанындай мүмкіндіг шектеулі балаларды асырап отырған отбасылар басым жағдайда толық емес, сәтсіз отбасылар. Мұндай отбасылардың дамуында ауытқушылығы бар балаларды мектепке келгенде ғана анықтайды. «Қауіпті топ» отбасының балалары өзімен өзі болып, үлкендердің аялы алақаны мен назарынан тыс қалып қояды. Бұл санатқа әлеуметтік-педагогикалық қараусыз қалған балалар жатады. А.С.Спиваковская өз еңбектерінде дамуы тежелген балалары бар отбасылар уәдешілдігімен, енжарлығымен, ашуланшақтығымен ерекшеленетінін көрсетеді. Бұл позициялар бүгінгі күнгі бала өмірінің проблемаларына айналып, дені сау бала тәрбиеленіп отырған отбасыларына ескерту секілді мысалға алынады.

Ата-аналар бала тәрбиелеуде қопал қателіктер жіберіп, баланың жанын жаралап, психикасына сызат түсіреді, баланы ашушаңдыққа әкелетін бұрыс тәрбие әдістерін сауатсыз пайдаланады. Осы мәселелерді зерттеу барысын саралау барысы көрсеткендей, денсаулығында даму мүмкіндігі шектеулі балаларға ана-анасының қантасының әртүрлілігі, ата-ана мен бала ара қатнасы, әсіресе ата-ананың балаға кері қатнасы олардың бойында бар ауытқушылыққа, олардың әлеуметтенуіне кедергісін келтіреді. Отбасының әлеуметтену потенциалы отбасы мен ата-ана қандай позицияда екендігінен бірінші кезекте тәуелді болады. Е. Ю. Бикметов, З. Л. Сизоненко, О. Н. Юлдашева мүмкіндігі шектеулі отбасындағы мінез-құлықты бөр жүйеге бөледі:

1. қашқақтау немесе салғырт автаркия — қоғаммен тікелей байланыстан қашу;

2.күрес немесе агрессивті автаркия — қоғамдық нормалар мен құндылықтар әрдайым сыналады;

3.бөліну менесе сұрыпталу —отбасы тек өздері дұрыс деп қабылдаған құндылықтарды ғана мойындайды;

4.жұмсақтық немесе или көнбістік — отбасы қоғамда қабылданған нормалар мен құндылықты қабылдау қажеттілігін мақұлдайды.

А. С. Спиваковская ата-аналар позициясын үш санатқа бөледі:
-салмақты- ата-аналар баланың ерекшелігін түсінеді,
-өзгермелі –баламен қарым-қатынас тәсілі мен формасы секілді, ата-ананың көзқарасы да өзгергіш,
-бағдарлаушы-балалармен өзара әрекеттестігін қайта құруға, әрі карайғы өмірлік перспективаларға икемді

О.Н.Юлдашева оқушының әлеуметтену моделін ата-аналар позициясымен сәйкестендірді:
бірінші модель- стигмамен туылғаннан өзінің мүшкіл халі мен стандарттарына көндіккен;
екінші модель-өз баласын қорғау қабатын жасап алған әлеуметтік құрылымға бейім, қоғам мен оның стандарттарына ара-қашықтық сақтайды;
үшінші модель – өзінде стигамның туа бітті бар екендігін кейіннен білген, жеке тұлғаға қатысты сипаттамалық әлеуметтену. Мұндай тұлға үшін бұрыннан өзінің ұрыс деп санап қалған тұлғасынан ауысу қиынға түседі, ал оны қоршағандар үшін —бұрынғы қалыптан таймаған қатнаста болу;
төртінші модель-жаңа өмір дағдысына үйренуіне тура келетін тұлғалар, өзін қоршаған дұрыс және шынайы қатнастар.

Денсаулығында мүмкіндігі шектелген балалардың әлеуметтену проблемаларына баланың әлеуметтенуі үдерісмен қатар ата-анасының әлеуметтен шетелу үдерісі қатар жүріп отырады. Бұл үдерістер биологиялық (мүгедектендіру патологиясының сипаттамасын қоса алғанда, функционалдық бұзылу деңгейі т.с.с), әлеуметтік ( әлеуметтік-қоршаған орта жағдайын есепке алғанда) және психологиялық (ата-аналарды қажеттілігі мен жеке ерекшеліктерін есептегенде) факторлар.

Өте көп жағдайларда, денсаулығында мүмкіндігі шектелген балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларда баланың әлеуметтену үдерісіне кері әсерін тигізетін ата-аналардың әрекеттері байқалады. Мұндай құбылыстың мысалына санаасты баланы «сыртқа тебу» бола алады. «Сыртқа тебу» түсінігі балаға деген қызығушылықтың жоғалғанымен, онымен байланыстың кемеюі, дөрекі қарым-қатнас, жазалау арқылы білінеді. Басты назарды баланың өзін «жаман», «ата-ана махаббаты мен назарына лайықсыз» деп сезініп, психологиялық теріс айналғанынан байқалады. Бұлардың нәтижесінде балада өзіне деген сенімсіздік, көңіл күйдің төмендеуі, өзін төмен санауы секілді сипаттамалар қалыптасады. Шектен тыс қамқорлық пен ауру баланың даму психикасына кері әсер етеді. Көптеген ата-аналар баласының алдында өздерін кінәлі санап, оны аяйды, ол үшін барлығын өздері жасап, оның барлық тілектерін орындауға тырысады. Бұндай жағдайларда балалар енжар, өз беттерінше амал дасай алмайтын, өздеріне деген сенімділігі жоқ болып өседі. Бұл олардың қоғамдық әлеуметтенуіне кедергі келтіріп, психикалық-әлеуметтік өсіп, жетілуінің тежелуіне соқтырады.

Денсаулығында мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар үшін ортақ сипаттамалар бар, баланың функционалдық бұзылу тәуелділігіне қарай (ақыл есі кем, тірек-қимыл әрекеттері аппараты, көруі, т.б бұзылған и т.д.).

Есту қабілеті бұзылған балалардың ата-анасын екі топқа бөлуге болады: Жақсы еститін ата-аналар мен өз балалары секілді есті қабілетінің функциясы бұзылған ата-аналар. Ата аналар қай топқа жататынына орай, саңырау балаға деген қарым-қатнастарымен де ерекшеленеді: толық қабылдау, шектен тыс қатнас, немкеттілік пен шектен тыс өбектеу.

Баланың әлеуметтік қарым-қатнас жасау мүмкіндіктері алдындағы қиындықтарды жеңу шарттарын азайтады. Кейбір отбасындағы мұндай ата-аналар мүмкіндігі шектеулі баласының болашағын бұлыңғыр деп есептеп, ешқандай да сәтті болашаққа болжау жасауға талпынбайды. Аутист балалардың ата-анасын осы дертке шалдыққан перзентін орналастыратын арнайы мекеменің жоқтығы қынжылтады.

Сонымен, отбасы, баланың әлеуметтенуіндегі маңызды фактор бола отырып, баланың болашақта қоғамның белсенді мүшесіне жол ашумен қатар, оның жолына өзбойындағы сенімсіздікті жария етпесе де, кедергі бола алады. Ата-аналардың денсаулығында мүмкіндігі шектеулі балаларымен жұмысын зерттеу негізінде анықталғандай, бала қоғамға бейімделуі үшін психологиялық-педагогикалық және медициналық-әлеуметтік қолдаудың маңызы өте зор екендігін сезінулері керек. Отбасындағы қарым қатнастың қаншалықты үйлесімді болуынан денсаулығында мүмкіндігі шектеулі балалардың қоғамға бейімделіп, әлеуметтеніп кетуіне тигізер ықпалы өте зор.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ата-ананың қолынан келмейтін іс болмайды… Как много могут родители… – Алматы: «Ашық мектеп» ҚББ, 2014. – 224 бет

2. Аккерман Н. Балалардың ауытқушылығы пайда болғандағы отбасының ролі . Хрестоматия: Отбасылық психотерапия. – Спб.: Питер, 2000. – 410 б.
3. Бикметов Е. Ю., Сизоненко З. Л., Юлдашева О. Н.Мүмкіндігі шектеулі балалардың отбасындағы әлеуметтенуі : жағдалар мен факторлар. – Уфа: Аркаим, 2012. – 171 б.

## МЕКТЕПАЛДЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАНОЙЫНДАР МЕН ЖАТТЫҒУЛАР

**Жекеева Кенжегул Рзагазиевна**
Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы
Бозой жалпы орта білім беретін мектебінің
мектепалды сынып мұғалімі

***Резюме***
*В данной статье рассматриваются использование игровых упражнений для развития речи учащихся*
***Summary***
*This article discusses the use of game exercises to develop student speech*

Қазіргі таңда еліміздегі білім беру жүйесінің барлық саласы адамның жеке тұлғасын дамытуды көздейді. Жеке тұлғаны тәрбиелеуде ана тілін жетік меңгертудің маңызы зор.

Қазіргі заман талабына сай үш тілді білу – әркімнің дербес табыстылығының міндетті шарты. Ал үш тілді білудің алғышарты ана тілінің ережелері мен нормаларын меңгеру негізімен тікелей байланысты.

Тіл – ұлттық тәрбиенің негізі. Туған тілдің тағдырын ойлағанда ең бірінші көз алдымызға бүгінгі жас ұрпақ елестейтіні орынды. Өйткені тіл үйрену - балабақшада, бастауыш сыныптарда дыбыс үйретуден басталады. Фонетикадағы дыбыстарды дұрыс айтылуын білмеген бала сөзді сезбейді, түсінбейді. Ол үшін сол дыбысты, сөзді тыңдау, есту, көру, сезу керек. Сонда ғана сөздің мазмұнын эмоция, ым-ишара, бейне арқылы түсінеді.

Кіші жастан-ақ баланың тіл үйренуге деген қызығушылығы пайда болады, сөзбен «тәжірибе» жасай бастайды. Тілдің мағыналық, әрі грамматикалық құрылымын бағдарлай отырып, жаңа сөздер құрады. Дегенмен бала тілінің өз-өзінен дамуы барысында олардың тілдік дағдылары жоғары болмайды, сондықтан педагогикалық-психологиялық тұрғыдан арнайы зерттеу, жаттығу және оқыту қажет.

Біздің ана тіліміз - қазақ тілінің келешегі балалардың сөйлеу мәдениетінің деңгейімен байланысты. Осы тұрғыда әр баланың тілін жетілдіру, олардың сөйлеу мәдениеті қоғамдық қажеттілік болып табылады.

Қазақ мәдениеті мен білім-ғылымында ана тілі - сөз мәдениеті туралы едәуір зерттеулер жарық көрді. Бірақ тіл сияқты халқымыздың ғасырлар бойы жиналған асыл мұрасын дұрыс, әсем жұмсаудың жөн-жосығын көрсету, дұрыс-бұрысын ажыратып отыру, жалпы сөз мәдениетін насихаттау жағы әлі де жеткіліксіз. Тілдің қызметі қандай күрделі болса, оны үйретудің әдістері де сондай күрделі.

Кез келген деректі адамның ынтасын оятып, санасына жеткізе білу – нағыз шеберлік. К.Д.Ушинский «адамның ынтасы – оның санасының есігі», -деген екен. Педагог өз сөзінің басында сол есікті сәл ашып, қалған уақытта жабылып қалмауы үшін баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, әр түрлі құралдар мен әдістерді қолданады. Қандай жолды таңдаса да, ол шеберлігі арқылы сол жолдың тиімділігін, әсерлілігін арттыра түседі. Балаға берілген үлгі-өнеге оның санасына сіңіп, ой ұшқырлығы, тіл көркемдігі арқылы ортаға шығады. Олай болса, жас ұрпаққа өнеге боларлық ұстаздың да тіл біліміне, сөйлеу мәдениетіне, тіл үйрету біліктілігіне қойылар талаптар да жоғары болмақ.

Тіл дамытудың басты мақсаттарының бірі балалардың ана тілінің ережелері мен нормаларын меңгеруі негізінде тілдік құзыреттілігін қалыптастыру болып табылады. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін балалардың тілдік құзыреттілігін қалыптастыру жолдарына баса назар аудару қажет.

Балалардың тілдік құзыреттілігін қалыптастыру жолдары деп біз тілдік жаттығуларды, саусақ ойындарын, сондай-ақ сөздік жұмысқа бағытталған өлең жолдарын айтып отырмыз.

Тілдік жаттығуларға тыныс алу жаттығуларын, артикуляциялық жаттығуларды, фонетикалық жаттығулар мен дикциялық жаттығуларды жатқызамыз.

Жаттығуларды жүйелі қолдану ана тілінің ережелері мен нормаларын игеруге, оларды нақты жағдайларда қолдана білу іскерлігін қалыптастыруға көмегін тигізері анық.

Баланың тілін дамытуда «саусақ» ойындарын дидактикалық және дамытушы материал ретінде қолдана отырып, оның қызықты, әрі пайдалы құрал екендігіне көз жеткізесіз.

Өз тарапымыздан жүргізген тәжірибе жұмыстарымыздың барысында ойындар мен жаттығуларды тілдік құзыреттілікті қалыптастыру мақсатында тиімді пайдалануға болатынын аңғардық. Әсіресе, сөздің дыбыстық мәдениетін тәрбиелеуге бағытталған жаттығулар және қимылмен үйлестірілген өлең жолдары балалардың сөйлеу дағдыларын орнықтыра түсетінін көрсетті.

Олай болса, ойындар мен жаттығуларды бірге орындайық!

Тіл – адамның рухани айнасы. Мемлекетіміздің ұлттық тілі неғұрлым бай болса, оның рухани дүниесі де соғұрлым жоғары болмақ.

**Тілдік жаттығулар**

Сөйлеу кезінде пайда болатын тілдік тыныс алудың маңызына ерекше көңіл бөлген жөн. Сөзіміз түсінікті болуы үшін қарапайым тәжірибе жасап көрейік: алақаныңызды ауызыңызға жақындатыңыз және кез келген бір дыбысты айтыңыз. Сіз ауа ағымы алақаныңызға тигенін сезесіз. Тыныс алып дем шығарғанда дыбыс шығады, ал дыбыстар тілдік ағымға қосылады, бірнеше дыбыстан сөз, әрі қарай сөйлем туындайды және осының бәрін анық не көмескі, жәй не қатты айтуға болады.

Демек, айтылған сөз дәлдігі, тазалығы және әсерлілігі тілдік тыныс алуға байланысты. Сондықтан да тілдік тыныс алуды басқара білуге үйрету қажет. Осы орайда тыныс алу гимнастикасы бойынша арнайы жаттығуларды ұсынуға болады.

Тыныс алу жаттығуларының мақсаты баланың тілдік тыныс алуын дамыту.

Алғашқы жаттығулар дене бітімін дұрыс қалыптастыруға бағытталады: тілдік тыныс алу өз жолында бұлшықет кедергілеріне, қыспаққа түспеуі тиіс. Егер біз иық және мойын бұлшықеттеріне қысым түсірмей, басымызды тік және еркін ұстап, дұрыс тұрсақ, онда еркін тыныс алып, сөйлей аламыз. Сондықтан да ең алдымен сымбаттылық әліппесіне көңіл бөліңіз.

Балалар тілдік тыныс алу барысында дем алудың қысқа, дем шығарудың ұзағырақ боларын түсінуі тиіс. Бірқатар жаттығулар тілдік тыныс алуды ретке келтіруге көмектеседі: сөзді, сөйлемді дұрыс айту үшін ауаны үнемді «шығындауға», үзіліс кезінде жұмсақ, естіртпей ауа «жинауға», жеңіл, әрі шынайы тыныс алуға үйретеді.

Осы жаттығулардың негізі – тыныс алуды реттеу, яғни дем жұтып, дем шығаруды дұрыс кезектестіре білу, ерікті түрде ақырын дем шығара білу.

Алдымен дұрыс дем алу және дем шығаруға үйретеміз:

мұрынмен дем не ауа жұту – ауыз арқылы дем шығару,

қысқа терең дем алу – ақырындап дем шығару,

ақырын терең дем алу – қысқа шұғыл дем шығару

Тыныс алу жаттығуларын жақсылап желдетілген бөлмеде және сабақтың бастапқы сәтінде өткізген жөн. Балалар тұрып, қымсынбай-қысылмай денесін тік ұстайды. Жаттығуларды орындау үшін ауаны мұрын арқылы жинап, ал шығарғанда алдымен беске дейін (хормен) санаймыз, кейін біртіндеп (сабақтан сабаққа, жаттығудан жаттығуға көшкенде) санауды онға дейін ұлғайтамыз. Кері санауға да болады.

Егер тыныс алу жаттығулары ойын элементінен тұратын болса (яғни, жеңімпаз анықталса), онда жаттығу жүргізушінің (тәрбиеші ғана емес, жаттығудың орындалуын дұрыс түсінген бала да жүргізуші болады) белгісімен орындалады. Тәрбиеші балалармен бірге жаттығуды бір мезетте бастауы үшін қолданылатын белгілерді (жаттығудың басталуы – жүрісі - аяқталуы) алдын-ала келісіп алады.

Артикуляциялық жаттығулар. Тіл дыбыстарын жасауда дыбыстау мүшелерінің қызметін артикуляция деп атайды. Біздің міндетімізге дикция ақауларын түзету емес, дыбыстардың анық, дұрыс айтылуын қадағалау жатады. Демек, артикуляциялық жаттығуларды қолдану баланың дыбыстау (сөйлеу) мүшелерінің қызметі арқылы дыбыс шығару дағдысын қалыптастыруға ықпал етеді.

Бұл жаттығуларды орындағанда әр бала өзінің сөйлеу мүшесінің жұмысын бақылай алуы үшін міндетті түрде айнаны қолданады. Гигиеналық талаптарға сай, кезекті жаттығуларды орындаған соң қолданатын, балаларда қол орамал болуы тиіс.

**Артикуляциялық жаттығуларды өткізуге арналған нұсқау:**

1. Педагог жұмысты төмендегідей ұйымдастырады:

- ойын тәсілдерін қолдана отырып, алдағы орындалатын жаттығу туралы әңгімелейді;
- оның орындалу ретін көрсетеді;

- жаттығуды барлық балалар орындайды;
- педагог жаттығудың дұрыс орындалуын тексереді (жаттығуды отырып орындайды).
Балаға жаттығуды дұрыс орындамағанын айтудың қажеті жоқ, оған қалай дұрыс жасау керектігін көрсетіп, жетістігін айтып, көтермелеу қажет.
2. Күн сайын 2-3 жаттығуды 3-5 минуттан өткізу қажет.
3. Жеңілден күрделіге қарай жүргізіледі.
4. Ойын түрінде ұйымдастырылады.

Ең алдымен тіл бұлшықеттеріне, кейін ерінге арналған жаттығулар жүргізіледі. Артикуляциялық жаттығулардың басым бөлігі тіл бұлшықетін созуға есептелген, өйткені баланың дикциясының анықтығы тіл ұзындығымен байланысты.

Аталған жаттығулар сөздің дыбыстық құрамын анықтауға және анық айтуға көмектеседі, ұйқас пен ырғақ сезімін дамытады, анық дикцияны қалыптастырады, сөздің, сөйлемнің түрлі интонациялық сипаттамасын беру ептілігін жетілдіреді. Осы күрделі тілдік дағдыларды қалыптастыру үшін фонетикалық жаттығуларды жүйелі өткізу қажет.
Фонетика тіл дыбыстарының жасалу заңдылығын, ерекшелігін зерттейтін тіл білімінің бір саласы. Қазақ тілі фонетикасына тән тіл дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету мақсатында алуантүрлі жаттығуларды қолдануға болады. Бұл жаттығуларды фонетикалық жаттығулар деп атаймыз.

Фонетикалық жаттығуды орындау барысындағы басты міндетіміз баланың накты дыбыстарды дыбыстауы барысында дұрыс тыныс алуын және артикуляциясын қадағалау болып табылады.

Мәселен, тіл дамыту, сауат ашу сабақтарында «А», «Ә», «О» дауысты дыбыстарына көңіл бөле отырып, келесі жаттығуларды орындауға болады:
Әженің әлдиі. Әжеміз кішкентай бөбекті ұйқтатарда «Ә...ә...ә...әлди-әлди ақ бөпем...» деп әндетеді. Кәне, бізде әндетейік.
Аюдың ақыруы. Аюдың тісі сарнап ауырды. Ол «А-А-А» деп аңырап отыр. Кәне, аю қалай дыбыстады?
Баудағы кім?
Ара болсаң, ызыңда
З-з-з, ж-ж-ж, з- з-з, ж-ж-ж
Жұмыс істе, тығылма.
- Ара қалай дыбыстайды?
(з- з-з) - қатты\жай
Жыланның ысылы.Жылан қалай дыбыстайды?
Ыс-с—ыс-сссс....
Шалқан. Шалқан үлкен болып өсіп қалған екен. Оны көрген атай: «О...о...о!» деп таң қалды.
Кім қалай дыбыстайды?
(баламен жеке жұмыс - түрліше темврлік құбылыста айту)
- А, аа, аа, а, а, аааааа ..... (қуанышты дауыспен).
- Ааа, аа, а, а, ааа .... (аянышты дауыспен).
- А, аа, аааа, а, ааа ........(таң қалған дауыспен). 1 минут жұмыс істеңіз.
Екінші баламен (и), үшінші баламен (о) дыбысымен жұмыс істеуге болады.
Фонетикалық жаттығуларды екінші тілді (орыс тілі, ағылшын тілі, француз тілі т.б) үйрету мақсатына қарай да қолдануға болады. Ол үшін педагог қандай дыбысқа аса мән беру қажет екендігін анықтап алуы тиіс.
Дикциялық жаттығу барлық жоғарыда аталған міндеттерді кешенді шешеді. Балалар қандай да бір сөйлемді, жаттамақты, жаңылтпашты айтқанда, дұрыс тыныс, дем ала білуі, дәл артикуляция жасауы және жеке дыбысты, сондай-ақ буынды, сөзді анық айтуы қажет.
Жаңылтпаш арқылы бала жылдам ойлауға, жаңылмай тез қайталап айтуға, кекештенбей, қысылмай, анық сөйлеуге үйренеді.
Халық ауыз әдебиетінде жаңылтпаштар топтамасы молынан жинақталған. Мәселен, бірқатар жаңылтпашты айтып көрелік.
Суда сең келеді,
Сегіз серке тең келеді.
Ақ тайлақ ақ па? Қара тайлақ ақ па?
Үміт түбіт түтті, Торта қойдым,
Түбітті түтіп бітті. Орта қойдым,
Есет атам ет асатар, Орта қойдым
Ет асатса, бес асатар. Жорта қойдым.
Тілалғыш Бек*

- Тіл алғыш, - деп
Мақтасақ біз
Біл алғыс деп.
Осы жаңылтпаштарды баланың жас шамасына, тіл үйрену деңгейіне қарай іріктеп алуға болады. Барлық жаттығу түрін бір сабақ барысында өткізу міндетті емес және де қажет емес. Олардың біреуін не екеуін қолданса да жетіп жатыр. Жаттығуларды өткізу уақыты 3-5 минут, оны қай жерде қолдану қажеттігін тәрбиеші анықтайды.
Барлық жаттығулар топпен, кейін таңдаулы түрде жеке орындалады.
Тілдік жаттығулардың құндылығы сол, ол балалардың тілдік аппаратын жетілдіреді, жақсы дикциясын қалыптастырады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Үйсінбаева З. «Дұрыс сөйлеуге үйрету» Үйелмен және балабақша №2 1992 ж
2. Жанабілова А. Мұқашева Е. «Тіл дамыту жұмыстарын жүргізу» қазақ әдебиеті №8 2002 ж
3. 5. Еденбаева З. «Мектеп алды балалардың отбасында және балабақшада бала тілін дамыту» Білім журналы №2 2001 ж.
4. Керімбаева Р, Керімбаева Б. «Дидактикалық ойындар» Қазақстан мектебі №1 2006 ж
5. Кәкенбаева Ш. «Тіл дамыту жұмыстары бойынша метотикалық нұсқаулар» Алматы 1991.

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ОҚЫТУДА АКТ ҚОЛДАНУ

**Курманбаева Эльмира Алменовна**
Түркістан облысы, Кентау Қ.Ә., «Жұлдыз» бөбекжай бала бақшасының тәрбиешісі

***Резюме***
*В статье рассматривается возможности применение информационно-коммуникационных технологий в дошкольных организациях.*
***Summary***
*The article considers the possibility of using information and communication technologies in preschool organizations.*

Бәсекеге қабілетті білім кеңістігін құруға бағытталған қазақстандық білім беру реформасының басты мақсаттарының бірі – инновациялық технологияларға сүйене отырып, баланың бойында шығармашылық ойлауды дамытуға мүмкіндік жасау болып отыр. Мұндай күрделі міндеттерді шешуде мектепке дейінгі мекемелердің алатын орны ерекше. Бүлдіршіндердің білім берудің кейінгі сатыларында нәтижелі дамуын анықтайтын негіз – балабақшадан қаланатындығы баршамызға мәлім.

Қазіргі кезеңде еліміздің білім беру ұйымдарында оқыту процесін ізгілендіру мақсатында көптеген жұмыстар жасалуда. Оларды ғылыми тілмен айтқанда «инновациялық процесс» немесе «педагогикалық жаңалықтарды енгізу» деп аталады. Инноватика ұғымының мәні латынның «in-novus» деген сөзінен шыққан, «жаңарту, өзгерту, жаңашылдық» деген мағынаны білдіреді. Яғни, педагогика ғылымында жаңа әдістерді, тәсілдерді, құралдарды, бағдарламаларды пайдалану.

Инновациялық білім беру құралдарына: аудио-видео құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, компьютер – мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешен, инновациялық ақпараттық банк, инновациялық сайт және тағы басқалары жатады. Сондықтан да қазіргі таңда көптеген интерактивтік бағдарламалық бөлімдер, қозғалмалы объектілер құруға мүмкіндік беретін векторлық және графикалық жабдықтар көптеп шығып, қолданыс табуда. Осындай құралдардың бірі – мультимедиялық оқулықтарды балабақшада кеңінен пайдалану оқу іс-әрекеттерін жоғары дәрежеде жүзеге асыруға мүмкіндік туғызары анық. Бұл жағдайда тәрбиеші әр оқу іс-әрекеттерін өткізер алдында жиі-жиі көрнекіліктер ауыстырмаған болар еді. Ал мультимедиялық оқулықтар арқылы тәрбиеші уақытты тиімді және ұтымды пайдаланары айқын.

Мультимедиялық оқулықтар біріншіден балалардың қызығушылығын арттырады, екіншіден зейін қойып көрумен қатар түсінбеген жерлерін қайта көруге, тыңдауға және алған мағлұматты нақтылауға мүмкіндік береді, сонымен қатар бүлдіршіннің білім алу кезеңінде оқу іс-әрекетіне

белсенділігін арттыра түседі. Мультимедиялық оқулықтар балабақша бүлдіршіндеріне арналған таптырмас құрал. Себебі, бұл кезеңдегі балалардың зейіні әдемі түстерге, әдемі ойыншықтарға, әдемі суреттерге, яғни, әдемілікке, әсемдікке әуес болады. Кез келген сабақта әр түрлі әдемі, ұнамды, жағымды суреттер, сызбалар, тәсілдер арқылы графикалық иллюстрациялар негізінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану тәрбиеленушілердің танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды.

Қазіргі уақытта ақпараттық-коммуникативті технологиялар мектепке дейінгі жастағы балаларға білім берудің ең тиімді құралы болып келе жатыр. АКТ – бұл сандық және коммуникациялық технологиялардың кеңінен таралған түрлері. АКТ-ын пайдалану мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу әрекетінің мақсаттылығын дамытуға және жекелеп оқытуға мүмкіндік береді. Балабақша сабақтарында АКТ-ын пайдалану педагогқа бірден бірнеше педагогикалық міндеттерді орындауға мүмкіндік береді:

- Фонематикалық есту қабілетін дамытады;
- лексикалық сөздік қорын дамытады;
- қарапайымсөйлеудағдыларындамытады.

Қазіргі уақытта білім берудің мейлінше өзекті міндеті мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік мәдениетін қалыптастыру болып табылады. Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар (АКТ) қазіргі заманғы балабақшаның білім беру кеңістігін кеңейтуге мүмкіндік беретін мейлінше тиімді құралға айналып келеді.

АКТ – бұл ақпаратты жасау, беру және тарату үшін пайдаланылатын сандық және коммуникативтік технологиялар жиынтығы (компьютерлік құрал-жабдық, мультимедиялық құралдар, аудио және бейне техника, әртүрлі коммуникациялық технологиялар).

Менің пікірімше, ең өзекті ақпараттық және коммуникациялық технологиялар бұл: аудио, бейне күйтабақ ойнатқыштар, мультимедиялық құралдар, сондай-ақ әртүрлі ойындар, онда балалар бірнеше тілді қатаралып жүруге үйренеді. Оқу іс-әрекетінде АКТ-ын пайдалану екі түрлі мотивацияны дамытады: өзіндік мотивация, онда беріліп отырған материал өзбетінше қызық және мектепке дейінгі жастағы балаға үйреніп жатқан тілді түсіне алатынын көрсетуарқылықолжеткізілетін мотивация. Бұл қуаныш сезімін және өзін-өзі одан әріжетілдіруге күшін есенімділік пен ниет тудырады.

Балаларға оқытубағдарламасынқарағаннангөріертегі, әңгіме немесе танымдық фильм көрген немесе тыңдаған әлдеқайда қызығырақ. Олар тілдің семантикалық негізін жылдам ұғып алады және өздері сөйлей бастайды. Әсіресе, оқыту кезінде толық ену әдісі пайдаланылса, әсері көп болады. Бұл баланың қазақ тілімен тұрақты және терең байланыс жасауын білдіреді. Бала санасының астары өте алғыр және айқын нәтиже дәл қазір көрінбесе де, бір-екі жылдан кейін баланың өте дамыған лингвистикалық қабілеттерін әбден байқауға болады.

Мектепжасынадейінгібалалардыңтікелейбілім беру қызметінде қолданылатын барлық ақпараттық құралдарды төмендегідей бөлуге болады:

- аудио;
- бейне;
- мультимедиялыққұралдар.

Ақпараттық қоғамның негізгі талабы — оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық — құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу.

Ақпараттық – коммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді.

Ақпараттық – коммуникациялықтехнологияның келешек ұрпақтың жан – жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жолашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Мазур И.И., Шапиро В.Д. Управления качеством: Учебное пособие для вузов. -М.: Учебное пособие для вузов. -М.: Омега, 2006.- 399с.
2. Основы стандартизации, метрологии, сертификации и менеджмента качества. Учебное пособие под ред. Мырзабая М.М. - Алматы: Казахстанская ассоциация маркетинга. Алматы, 2003ж.

3. Әубәкіров Ғ.О. Метрология, стандарттау және өнім сапасын басқару / Ғ Әубәкіров; ҚР білім м-гі.- Алматы: Респ. бас. каб., 1996.- 139, [1] б.
4. Әубәкіров Ғ.О. Метрология, стандарттау және өнім сапасын басқару. - АЛМАТЫ: Рбк. - 140 с. Алматы, 2003ж.
5. Жетесова Г.С., Жүнісова А.Ш. Квалиметрия негіздері. Алматы, 2003ж.
6. Розова Н.К. Управление качеством. Санкт-Петербург: Питер, 2003г.

## ҚИЫН БАЛАЛАРМЕН ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

**Колбаева Жулдыз Агадиловна**
"Өркен"балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми практикалық институты,
Жамбыл облысы бойынша академиялық бөлімнің аға оқытушысы

***Резюме***
*В данной статье рассматриваются организация воспитательной работы с трудными детьми.*
***Summary***
*This article discusses the organization of educational work with difficult children.*

Тәрбие отбасынан басталады.

Қиын балалардың отбасындағы беріктігі және өнегелі отбасында өнегелі ұрпақ тәрбиеленетіні сөзсіз. Қиындықты шешудің негізгі жолы - отбасында қарым-қатынастарды орнату.

В.Сухомлинский тәрбиені отбасы жағдайын зерттеуден бастайды. Ол баланың сабақ үлгерімінің жақсаруымен қоса денсаулығының мықты болуына, ой-өрісінің кеңеюіне көңіл бөлді.

Отбасының қоғам мен мемлекет, тіпті күллі адамзат алдындағы атқаратын қажеті сан қырлы. «Отан отбасынан басталады» десек, адам тәрбиесі – Отанды сүю, өмірге құштарлық, сұлулықты тану бала кезден жанұяда басталатыны баршаға аян.

А.С. Макаренко: «Тәрбие –баламен сөйлесумен, оған ақыл-кеңес берумен ғана шектелмейді. Тәрбие-тұрмысты дұрыс ұйымдастыра білуде, балаға әркімнің өз жеке басы арқылы үлгі - өнеге көрсетуінде», - деген ғой. Баланы жас кезінен бастап сыйлап, қадір-қасиетін, ар-намысын бағалап, дұрыс сөйлеп, дұрыс қарым-қатынас жасаған абзал.

Баланың айтайын деген өтінішін, ақылдасқысы келген мәселесін ата-анасы тыңдап, ақыл-кеңес беруі керек.

Ата-ана отбасындағы үлкендерді сыйлап, құрметтесе, кішілерге қамқор болса, бала да сондай болуға ұмтылады. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының әсері мол екені белгілі.

Л. Керімов қиын балалар тәрбиесі мәселесіне арналған зерттеулерінеде «қиын» оқушыны зерттеуді, ең алдымен ,отбасынлағы тәрбие жағдайын білуден бастауды ұсынады. Баланың жетіліп қалыптасуында отбасының орны ерекше екенін түсіндіре келе, оұушыға қиын атануға алып келетін ата-аналардың балалармен, мұғалімнің оқушылармен қарым-қатынасындағы бірнеше кемшіліктерді көрсетіп берген. Бұл қиындықты шешудің негізгі бірден-бір жолы-отбасындағы ізгілікті қарым-қатынастарды орнату.

Баланы дұрыс тәрбиелеу үшін отбасы қоғаммен тығыз байланыста болуы керек. Ғалым-педагог И.Гребенников отбасы қызметін 5 топқа бөледі: ұрпақжалғастырушылық, экономикалық, тәрбиелік, қарым-қатынастық және бос уақытты демалуды ұйымдастыру.

Демек, отбасында ата-ана осы қасиеттерді барынша бірігіп, жақсы ұйымдастыра білсе және педагогикалық жағынан білімлі, психологиялық әдіс-тәсілден хабардар болса, отбасындағы ахуал ерекше болмақ.

М.Жұмабаев «Педагогика» ғылыми еңбегінде «жас бала –жас бір шыбық, жас кезінде қай түрде иіп тастасаң,есейгенде сол иілген күйінде қатып қалмақ» деп түйін жасайды.

Қиын балаларды тәрбиелеудегі ұстанымдар.

Оқушының жан-жақты тәлім-тәрбие алуға, олардың ішкі қасиеттерін анықтап, дарынын шыңдап, сол арқылы өздері көздеген тәрбие бұлағына жағдай жасауымыз қажет.

Оқу-санқырлы рухани өмірдің тек бір ғана құрамды бөлігі. Егер ұжым ішінде идеялық, азаматтық, интеллектуалдық, еңбектік, эстетикалық қарым-қатынастар болған жағдайда оқушылар толық мәнді рухани өмір сүре алады.

Тәрбие күшіне ену дегеніміз- өз жұмысына, ісіне сену. Себебі, нағыз сенім бар жерде ғана, нағыз талашылдық, еңбек тәртібі болады.

Қазіргі жас ұрпақтардың –болашақтағы еліміздің ертеңі болып табылатын балалардың сана-сезімін, мінез-құлығын, ақыл-ойын дамыту үшін өзін-өзі басқаруды нығайтып, ұжымдық шығармашылық істерге дағдыландырудың тәлім-тәрбиелік маңызы үлкен.

Мектепте оқудан тыс уақытта оқушының таңдауына сәйкес келетін, олардың қабілеті мен ішкі қажеттілігін қамтамасыз ететін іс-әрекеттерді ұйымдастыру көзделеді. Соған сай олардың қабілетін ашуға мүмкіндік туғызатын спорт, дене еңбегі, қолөнер, техникалық шығармашылық, т.б.іс-әрекетті үйрету үйірмелері мен секциялар ұйымдастырылады. Әр оқушы кез-келген үйірмеге, секцияға, клубқа өз жүрегінің қалауымен қатынасып, өзінің жеке басына тән қасиетін, яғни өзіндік «менгің» басқаларға танытуға мүмкіндік алады.

Әсіресе, тәрбиеші мен баланың өзара түсіністігі, балаға сенім көрсету, іс-әрекетке ерік беру, көтермелеу, адамгершілік қасиеттерін танытуда, өзін-өзі тануға, өзін-өзін тәрбиелеуге жағдай туғызу.

Ең бастысы, тәрбие ісінің нәтижесін бағалап, оны іске асырудың сұрақ-жауап, дәстүрлі бағалау, ұстазбен оқушының пікірлесуі арқылы іске асыру.

Қиын балалардың пайда болуына себепті факторлар.

1) Отбасы тәрбиесінің дұрыс ұйымдастырылмауы, яғни тұрмыстағы ұрыс – талас, даужанжал, баланың табиғи психологиялық ерекшеліктерін ескермеу, ата – ананың біреуінің болмауы, т. б. Жағдайлар себепті болады.

Қоғамдық ұйымдар мен жұртшылықпен жүргізілетін жұмыстың әсіресе, оқушылар тұратын микроаудандарда күрт төмендеуі. Қиын балалардың пайда болуына бірден – бір себепті болатын және жағымсыз жағдай туғызатын – отбасы тәрбиесі. Оның басшылары: баланың күнделікті жүріс – тұрыстарын қадағаламау; оның көзінше арақ – шарап ішу, дау – жанжал, ұрыс – керіс туғызу. Екіншіден, тәрбиенің көзі, баланы киіндіру, тамақтандыру, мұң – мұқтаждын қамтамасыз етуі деп санаушылық.

Жастайынан еңбектену әдет – дағдыларын қалыптастырмау, баланың жан дүниесіне көңіл аудармау, отбасындағы ажырау және жаңа адамның отбасы мүшесі болып етуіне себеп болады. Мысалы: зерттеулердің қорытындысы дәлелденгендей тәртібі нашарлаған оқушылардың көбі ата аналардың моральға жат қылықтарымен өз балаларына теріс әсерлер жасаған. Баланың тәрбиесіне кері әсер ететін келеңсіз жағдайларда (ұрыс – керіс, дау – жанжал), бірін – бірі сыйлау сияқты қасиеттердің сезбейтіндігі аян.

Қиын балалардың жұмыс істеудің негізгі шарттары:

1) Әрбір қиын баланы жан – жақты зерттеп, мінез – құлықтарының бағыт – бағдарын айқындау, оның ішіндегі адамгершілік типтегі қасиетін іріктеп алу.

2) Әрбір оқушының адамгершілік сынды тәжірибелердің құра біліп, соның негізінде тәртіпті, айналасындағы өмірге көзқарасты, ұжымдық қарым – қатынас дағдыларын қалыптастыруды ұйымдастыру.

3) Әрбір жеке тұлғаның ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне және творчестволық талап – тілектеріне орай, қабілеті мен икемдектерін дамыту, қоғам жұмыстарына қатыстыру.

4) Кейбір қиын оқушылардың оқу – тәрбие процесінде ұжымдық өмір қарым – қатынастарында ұсқынсыз ауыткушылықтар болса, деп кезінде өол үшін беріп, одан сақтандыру, оны туғызатын әрекеттерді жою. Әңгімелеу оқу – тәрбие процесінде ең қажетті құралы. Оқушының жеке басына түскен жағдай, оны ортаға салуға болмайтындай болса, онда мұғалім тәжірибелі педагог баламен жеке сырласу арқылы көздерін жеткізеді.

Қиын балалармен тәрбие жұмыстарын жүргізу кезінде таланттар қойылуы қажет. Одан педагогикалық тәжірибелерге сүйене отырып, әрбір оның баланың бейім қабілетіне, мінез – құлқына сай онды шығармашылық қасиеттерін ұйымдастырып отыру қажет. Қиын балалармен жұмыс істеудің тағы бір әдісі – олардың, көше жолдастарымен жағымсыз байланыстарын құру. Осы әдісті іс жүзіне асырудың бірнеше жолдары бар. Соның бірі тұрақты мектебін ауыстыру, мектебін алмастыру, Сондай – ақ ата – ана, мектеп инспекция қызметкерлерінің күшін біріктіре отырып, көшенің жолдастарының теріс ықпалдарынан бөліп әкету қажет. Сонымен бірге қиын баланы тәрбиелеуде моральдық тұрғыдан әсері әрекет ету.

Сонымен бірге қиын баланы тәрбиелеуде моральдық тұрғыдан әсерлі әрекет ету. Қиын баланың әрбір теріс қылығын, істерін, тәртіпсіздігін т.б. Оқушының арына тигізбей айыптаса, бұл істер өз нәтижесін береді.

Тағы бір әдіс – қиын баланың бағдарын, мақсаты мен міндетін қайта құру. Бұл әдістің құндылық мәні – оқушы қателігін түсіну өзін - өзі тәрбиелеудің бағдарламасына колма береді. Мектептегі нерв жүйесі нашарлаған қиын балалармен тәрбие жұмысын жүргізу көптеген қиындықтар туғызады. Өйткені, әрбір оқушының өзіндік ерекшеліктері мен қатар, сырқаттарына байланысты өзгешіліктері бар. Ескеретін мәселелердің, бірі қиын оқушыларды тәрбиелеу процесіндегі әдістік – тәсілдерді әдістемелік жағынан қолданудағы тәрбиелеу жүйесінің кезеңдері:

- дайындық кезеңі;
- қиын баланың тәртібінің төмендеуіне себепті болған жағдайларда аңықтау;
- екінші кезең – қиын оқушылар мен көш жора – жолдастары арасындағы байланыстырудың дәрежесін тереңдігін аңықтау.

Үшінші кезең өзгеріс кезеңі. Көптеген қиын оқушылардың ішкі жан дүниесінде өзгерістер тұл бастайды. Жеткіншіліктердің мінезіндегі теріс қылықтар, әдет дағдылар мен қалыптаса бастаған жаңа адамгершілікті сапалардың арасында күрес басталады.

Соңғы кезең бекіту кезеңі, әрбір қиын оқушы мінез құлқындағы адамгершілік мәнді өзгерсітер болған сайын, өзін - өзі тәрбиелеуге талаптанып, оңды қасиеттерді дамытады. Қиын балаларды қайта тәрбиелеу, алдын ала олармен бірге атқарылатын іс шараларын мектеп ұжымдар мен жұртшылық нақты аңықтап, оларды дұрыс жолға түсіндіре отырып, аяқтай күрес жүргізулері керек.

Қазақ халқы-ғажап тәлімгер.

Халықтық педагогиканы оқыту үрдісінде пайдалана отырып, ұлттық тәрбие беруде жеткіншектерге тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп, салт-дәстүрін меңгерту-оқушыға қажет.

Халқымыздың рухани мұраларының бірі-салт-дәстүр. Сол арқылы ұрпаққа адалдық, ақыл-ой, еңбек, эстетика, отбасы тәрбиесіне байланысты тәлім-тәрбие беретіні ежелден белгілі. Жасөспірімдерді, нашақорлықтан, ұрлықтан арашалауда, олардың санасына кісілік, адамгершілік қасиеттің рухын ұялатуға берері көп Ата-бабаларымыз әдептілігімен, өнерпаздығымен отбасы мүшелерінің бір-біріне деген өзара достық қарым-қатынасымен, ерең еңбегімен балаларына үлгі өнеге көрсеткен. Тілі енді шығып келе жатқан нәрестенің дұрыс анна тілінде сөйлеуіне де зор мән берілген, әртүрлі жаңылтпаш, мақал-мәтелдер үйрететін, ертегілер айтып беретін ата-аналарының «Бала біздің болашағымыз» деп карауы болашақ ел ұрпағының жақсы адамзат болып өсуіне зор ықпалы тигізері анық.

«Елдің көркі тіл десек, тілдің көркі сәби ме деп қаласың», -деп Қ. Мырзалиев тегін айтпаған. Сондықтан отбасы мүшелері арасында жақсы қарым-қатыныс қалыптасқан болса.олар өз анна тілінде сөйлесе, ол жанұяда мәдениетті азамат өсіп шығатыны сөзсіз.

Бүгінгі XXI ғасыр талабында жан-жақты ел тарихын жетік білетін , заман талабына сай азаматтарды тәрбиелеу - басты міндет.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1.Қазақстан мектебі 2002 ж.№1
2.Мектептегі сыныптан тыс жұмыстары .2007 ж. №5
3. М.Жұмабаев «Педагогика»

# МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАР АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ- ҚАТЫНАСТЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ОЙЫННЫҢ ЫҚПАЛЫ

**Матекова Бақыткуль**
«Өрлеу» БАҰО» АҚ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша КДИ филиалының аға оқытушысы
**Тоқсанбай Айдана Каппарқызы**
Түркістан облысы, Сауран ауданы, «Алтын сақа»
бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі

***Резюме***

*В данной статье рассматриваются применение игровой деятельности для развития комуникативных способностей детей.*

***Summary***

*This article discusses the use of gaming activities to develop the communicative abilities of children.*

Қарым-қатынас - жалпы адам өмір сүруінің негізгі жағдайы. Адам қалыпты өмір сүру үшін, өзінің психикалық қасиеттерін дамыту үшін, жеке тұлғалық ерекшеліктерін жетілдіру үшін, сондай-ақ білім меңгеріп тәжірибе жинақтау үшін адамдармен қарым-қатынас жасайды. Қарым-қатынас арқасында ғана адам өзінің кім екенін танып, өзін өзгелерден ажырата алады, өзін басқалармен салыстыру арқылы басқа адамдағы қасиеттерді меңгереді. Қоғамнан тыс адам өмір сүре алмайды. Адам психикасының дамуындағы қарым-қатынастың ролі ерекше. Сондықтан адам өзгелермен қатынасқа түсу арқылы ғана қалыпты өмір сүре алады.

Адам дүниеге шыр етіп келіп түскеннен бастап-ақ айналасындағылармен қатынас жасай бастайды. Өмірінің алғашқы кезеңінде биологиялық сипаттағы қарым-қатынас болса, одан әрі оның қарым-қатынас сипаты әлеуметтік сипатқа түсе бастайды.

Мектеп жасына дейінгі балалардың ересектермен қарым-қатынасы туралы М.И.Лисина зерттей келе балалардың әлеуметтік мінез-құлқы мен жеке басының дамуын тек ересектермен қарым-қатынасымен ғана түсіндіруге болмайтындығын атап өтеді. Баланың жасы ұлғайған сайын оның жеке басының дамуында қарым-қатынас ерекше орын алатындығын айтып өтеді. Өз құрбыларымен қарым-қатынас жасай отырып, өзінің ішкі жан дүниесіндегі тұйықтықты аша алады, өз құрбылырымен өзара әрекеттесе отырып, өз көзқарастарын жеткізе алады.

Тек балалардың қарым-қатынас ерекшеліктерін зерттеу ғана олардың арасында туындаған қиыншылықтарды басқаруды жеңілдетеді, топтағы барлық балалармен өзара қатынасты толық құруға жол ашады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың өз құрбылары арасындағы қарым-қатынас сипаты көбінесе ойын әрекеттерінде көрінеді. Ойын барысында туындаған кейбір келіспеушіліктер мен конфликтілер баланың топтан оқшаулануының бір себебі болып табылады. Осыған орай психологиялық конфликтіні олардың ойын іс-әрекеті жағдайында зерттеу, сонымен қатар еңбек іс-әрекетінде бақылау арқылы топтан оқшауланатын баланы зерттеу оңайырақ.

Баланың кез келген ойынында өзара қарым-қатынас орнайды. Ойынды ересек ұйымдастыратын және онымен бірге ойнайтын жағдайда, бұл - ересектермен өзара қарым-қатынас, балалар бір-бірімен ойнағанды қалайтындықтан, көбіне бұл – құрбыларымен өзара қарым-қатынас. Қарым-қатынастың құрамдас бөліктері – коммуникацияны, өзара әрекетті, өзара түсінушілікті атай отырып, біз өзара қарым-қатынасты жай ғана өзара әрекетті ұйымдастыру ретінде ғана емес, қарым-қатынастың осындай барлық құрамдас бөліктерін біріктіруші ретінде атап көрсетеміз. Осылайша, қарым-қатынастың екі түрін айыруға болады: ересектермен қарым- қатынас (Б—Е) және құрбысымен қарым-қатынас (Б—Б1). Осы салалар өзара бір-бірімен тең бе? Жоқ әрине. Бала дүниеге келісімен ересектермен қарым-қатынаста болады, бірақ оның мазмұны мен бағыты барған сайын өзгерістерге ұшырап отырады /1/. Құрбысымен қарым-қатынас кейіннен үш жасқа таман пайда болып, мектепке дейінгі шақта өз кемеліне жетеді /2/. Балалық шақ кезеңінде ересектермен қарым-қатынас ересектердің әсерінің мазмұнымен қатар формасы бойынша ажыратылатын түрлі іс-әрекет барысында пайда болады. Іс-әрекеттің негізгі үш түрін бөліп көрсетуге болады. Біріншіден, ересек қоршаған ортаға деген қатынасын баланың өзіне алған рөлі арқылы жанама түрде қатысатын *ойын.* Ойында баланың мінез-құлқы, ойын барысында (басқа адамдардың міндеттерін атқаратын) өзінің достарына деген қатынасы анағұрлым беделрі түрде ересектің бағыттаушы бейнесі арқылы жанамаланады. Ойында бала түрлі рөлдерді орындау арқылы бір жағынан әдеп нормаларын меңгереді, екінші жағынан тұлғалық мінез-құлық механизмдері, яғни өзінің мінез-құлқын шынайы елес түрінде берілетін үлгіге

бағындыру механизмі қалыптасады. Ойынға бір табан жақын, формасы жағынан түрліше болатын баланың өнімді іс-әрекеті – сурет, илеу, құрастыру. Екіншіден, ересек баланың іс-әрекетін берілетін тапсырмаларды ұғыну арқылы басқаратын, ұйымдастырылатын сабақтар. Бұл жерде педагог түпкі ойы бойынша орындауға қызықты нәрсе ұсынатын, түпкі ойды орындауға көмектесетін және оның қорытындысын бағалай алатын адам ретінде тікелей қатысады. Үшіншіден, бала мен педагог қатынастары жанама түрде берілетін күн тәртібін орындауға байланысты іс-әрекет.

Ересек пен баланың осындай жаңа қатынастарының орнауы мектепке дейінгі бала тұлғасын қалыптастыру үрдісі болып табылады. Бала тұлғасының дамуында қарым-қатынас басты рөл атқарады. Себебі, өзінің ең қарапайым тікелей эмоционалдық түрінде ол қоршаған ортадағы адамдармен байланыс орнатуға алып келеді және тұлға мәнін құрайтын қоғамдық өзара қатынастар үйлесімдігінің немесе жиынтығының бірінші компоненті болып табылады. Қатынастардың көрсетілген түрлері бір-бірінен оқшау емес, керісінше бала өзін басқалар арқылы танитын, ал кейде айнаға үңілгені секілді «үйлесімділікті» құрайды; ересектерге заттар арқылы қатынас жасайды, ал заттық әлемге деген қатынасы өзіне және басқа адамдарға қатынасымен жанамаланады /3/.

Мектепке дейінгі жастың елеулі жағы құрбыларымен қарым-қатынастың пайда болуы мен «балалық қоғамның» құрылуы болып табылады. Балалар құрбыларымен қарым-қатынасты балаға өзінің тұлғалық сапаларын дамытуға мүмкіндік беретін ойын барысында айқын байқауға болады. Бірлескен ойын іс-әрекетінде бала өзінің әрекеттерін басқа балалардың әрекеттеріне сәйкестендіруге үйренеді. Балалалар тобындағы басқа мүшелерімен нақты қатынастары ұжымдық сапаларды қалыптастырып қана қоймай, баланың өзіндік санасын да дамытады. Құрбыларына, жаңадан қалыптасып келе жатқан ұжымның пікіріне ден қою оның бойында әлеуметтік сезімдерді: дербестікті, топқа еру қабылетін, жан ашу қабілеттерін қалыптастырады. Егер ойын сюжеті балаға ересектердің қызметімен және өзара қарым-қатынастарымен танысуға мүмкіндік беретін болса, онда нақты өзара қарым-қатынастар оны түрлі жағдайларда өзін ұстауға үйретеді. Бұл кезінде А.П. Усова (1981) көрсеткен қатынастардың екі түрінің негізін, ал кейде ойын мен нақты қарым-қатнастар арасындағы алшақты құрайды. Мектепке дейінгі барлық жас кезеңінде ойынның мазмұны мен түрі елеулі өзгерістерге ұшырап отырады. Кіші жастағы балалар ойының негізгі мазмұны - ересектердің өмірдегі шынайы заттармен жасалатын әрекеттерін (еден сыпыру, нан кесу және т.б.) ойын заттарымен орындау. Бұл жаста балалар әдетте жалғыз ойнайтынын атап өткен маңызды. Тіптен ойынды ересектер ұйымдастырып, ойын заттары ортақ болған күннің өзінде де балалар бірге емес, қатар ойнайды. Ал ересек балаларда рөлдерді орындау қажеттілігінен бірлесіп ойнауға қызығушылық туындайды. Балалардың шынайы қарым-қатынастарын дамыту тұрғысынан маңыз алатын рөлдік қарым қатынас пайда болады. Мектепке дейінгі жастың соңына қарай ойын мазмұнының ең бастысы ережелерге бағыну. Психикалық дамудың осы кезеңінде ережелер бала үшін бір жағынан балалардың бір-бірімен қатынастарын қалыптастыру мен дамытудың бастапқы механизмі, ал екінші жағынан шектері болып табылады.

Ойында балалар өз әрекеттерін жеңіл үйлестіреді. Рөлдік бағыну мен әрекеттерін үйлестіру сатысы құрбыларының біріне деген ұзақ қызығушылығының пайда болуына сәйкес келеді. Ойын белсенді қарым-қатынасқа себеп бола бастайды. Қарым-қатынастың арнайы дағдыларынсыз басқа баламен бірлесіп әрекет жасау оңайға түспейді. Осыған орай бала қарым-қатынасты орнату мен құрбыларының өзіне деген ықыласын жоғалтып алмас үшін өзара түсіністік жолдарын іздестіреді. Қарым-қатынастардағы кейбір «жеңілтектік», ойында серіктесін жиі ауыстыру баланың адамдар арасындағы түрлі өзара қарым-қатынастарды меңгеруге тырысуын білдіреді. Достық қарым-қатынастарды әлсін-әлсін жаңарта отырып, бала мінез-құлықтың көптеген формаларымен танысады, осылайша құрбылары арасында еркін әрекет етуіне мүмкіншілік туады.

Балалар іс-әрекетін күрделендіру көбіне досының пікірін, оның мүдесін ескеру қажеттігінің пайда болуына алып келеді. Балаларға өзара қарым-қатынас ережелерін меңгеру оңайға түспейді, және көбіне олар алғашқы кезде осы нақты жағайдың ерекшеліктерін түсінбестен оларды үстүрт қабылдайды. Өзара қарым-қатынас ережелерін меңгеру тек осы ережелерді өзгерту, бұзу және қалпына келтіру тәжірибесінде жинақтайтын балалардың тәжірибесі нәтижесінде жүзеге асады.

Басқа балалармен өзара қарым-қатынас ережелерін меңгеру орта және ересек балалық шақта алдыңғы қатарға шығады. Мінез-құлық үлгілері мен мінез-құлық ережелерін меңгеруде балаларды өздерінің қылықтарын ересектердің бағалауы мен үміттеріне сай келуге итермелейтін балалардың мақтаныш сезімі мен ар-ұят сезімінің дамуы үлкен маңыз алады.

Мектепке дейінгі жаста баланың ересек адамға эмоционалдық тәуелділігі сақталады. Ересектердің мінез-құлқы баланың мінез-құлқы мен іс әрекетінің белсенділігін тұрақты түрде шарттастырып отырады. Егер ересек адам балаға шын көңілімен қарап, оның табысына бірге қуанатын

және сәтсіздігі үшін бірге күйзелетін болса, онда бала өзінің жақсы көңіл күйін, әрекетке даярлығын және сәтсіздікке ұшырағанның өзінде де кедергілерді жеңуге даярлығын сақтайды. Ересектермен жағымды өзара қатынасты орнатқан жағдайда, бала оларға сеніммен қарап, қоршаған ортадағылармен жеңіл қатынас орнататын болады. Ересектердің балаға деген немқұрайлы қатынасы оның әлеуметтік белсенділігін төмендетеді: бала тұйықталып, шырмалып қалады, өз-өзіне сенімсіздікпен қарайды және өзінің агрессиясын құрбыларына көрсетеді. Ересектер тарапынан немқұрайлы қатынас жағдайында балалардың бір бөлігі бастаған іс-әрекетін тоқтатады, ал басқалары, керісінше жұмыс екпінін ұлғайтуы мүмкін, бірақ іс-әрекеттің өнімділігі бәрібір дереу төмендейді.

Мектепке дейінгі бала тұлғасының дамуында құрбыларымен жасалатын қарым-қатынас әсері ерекше рөл атқарады; құрбыларымен қарым-қатынас жасау қажеттілігі пайда болады. Балалар қоғамында бала ұжымдағы мінез-құлықтың, ұстаз емес, іс-әрекетке өзімен теңдей қатысушылар болып табылатын қоршаған ортадағылармен өзара қарым-қатынас орнатудың алғашқы дағдыларын меңгереді.

Осылайша, ойын ересектермен де, құрбыларымен де өзара әрекеттесуге (қарым-қатынас) мүмкіндік береді. Ойынның кез келген түріндегі қарым-қатынаста ересек адамның позициясы өзгеріп отырады. Ересектермен ұйымдастырылатын кез келген ойын түрлері, оның ойынға жетекші және серіктес ретінде қатысуын анықтайды. Дидактикалық ойында, ережелі ойындарда, дамытпалы ойындарда ересек - ұйымдастырушы, ойынның жетекшісі ретінде танылатындықтан, ойынның осындай түрлерінде бірінші орынға балалармен қарым-қатынастың амалдық жағы шығарылады. Құрбысымен ойнау көпшілік жағдайда серіктестік өзара қарым-қатынасты білдіргенімен, кейде құрбылары арасында да амалдық өзара қарым-қатынас нұсқалары да орын алуы мүмкін.

Қарым-қатынас жағдайлары мен өлшемдері бала дамуының барлық сатысында байқалады әрі әрбір жасқа өзінің ерекшеліктері тән. Осындай сәттер оқыту барысында ескерілуі тиіс. Мектепке дейінгі сала педагогтары мен психологтарының кәсіби білімінің баламалы үлгілерінде басты қағида – тәрбиелеу мен білім беру үрдісіндегі педагог ұстанымын өзгерту. Бұл жерде басты мәселе бала болуы, ал ересек ойын арқылы оны оқытып және тәрбиелеп қана қоймай бірқатар білім беру міндеттерін шешуге тиіс.

Осылайша, мектепке дейінгі жастағы балаларды оқытуда ойын мен қарым-қатынастың ара қатынасын қарастыра отырып, біз өзара әрекет ретіндегі қарым-қатынастың басымдылығын байқаймыз. Мұндай көзқарас осы саладағы көптеген авторлардың мақалаларынан қолдау табады. Мысалы, Н.Ж.Баримбаеватың мақаласында қарастырылатын халықтық ойындар да, Т.И.Суркованың, И.Н.Коволеваның мақалаларында қарастырылатын түзету ойындары да, Г.М.Қасымованың дамытпалы ойындары да басты орынға баланың ересектермен қарым-қатынасын шығарады, яғни мектепке дейінгі жастағы балаларды оқытуда ең бастысы өзара әрекет (қарым-қатынас), ал ойын, ойын тәсілдері білім беру процесі жүзеге асатын құрал ретінде танылады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. М.И.Лисина, 1974ж.
2. А.Г. Рузская, Е.О. Смирнова, 1986ж.
3. Леонтьев А.Н. Личность. Деятельность. Сознание М.: «Политиздат», 1975ж.

# МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАНЫҢ ЖАЗУ МЕН ОҚУҒА ДАЙЫНДЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Ыбырай Тоғжай Нұрмағанбетқызы**
Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент кенті "Таукент гүлдері" бөбекжай бақшасы МКҚК әдіскері

***Резюме***

*В данной статье предусмотрены пути формирования подготовки детей дошкольных организаций к школе.*

***Summary***

*This article provides ways to form the preparation of children of preschool organizations for school.*

Мектепке дейінгі мекемелерде білім беру ортасы мен оның тәрбие және білім беру мазмұнын дамыту сауатты ұйымдастырылмаса, баланың оқу мен жазуды игеру мәселесін түпкілікті шешу мүмкін емес.

Кез келген мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің ортақ мақсаты – балаларды мектепте оқуға даярлау және оларды әлеуметтендіру.

Бала мектепте жақсы оқуы үшін, оған белгілі білік пен дағдылар қажет (алғашқыда саналы орындауды қажет ететін іс-әрекет бөліктерінің қайталап жаттығудың нәтижесінде автоматталануын *дағды* деп атайды)

Мектепте оқуға қажетті білік, дағдылардың белгілі бір пәндерге қажет арнайы (қосу, азайту, оқу, жазу, сурет салу және т.б.) және кез келген сабақтарға қажетті жалпы түрлері бар. Бұл дағдылар толыққанды кейінірек қалыптасады, бірақ олардың алғышарттарын осы мектепке дейінгі кезеңнен бастап қалыптастыруды бастаған жөн.

Оқушының жетекші іс-әрекеті – оқу іс-әрекеті. Балабақшада жүйелі түрде ұйымдастырылатын сабақтарда балалардың алған білімдері мектептегі оқу іс-әрекетінің біршама элементтерін игерудің негізін құрайды. Мектепке даярлауда балабақшада ересек топ балаларын симметриялық формаларды салуда орталық сызықты салуға үйретеді. Бұл өз кезегінде, 1-сыныпта бейнелеу сабақтарында негізгі сызықтан бастап вертикальді, горизонтальді, қиғаш сызықтарды, симметрияның осі, заттың көрінбей тұрған бөлігін салуға үйрету болып табылады. Балабақшадағы сурет, жапсыру, мүсіндеу сабақтары мектептің бейнелеу, математика, еңбек сабақтарына дайындауға септігін тигізеді. Жазу мен сурет салуда балада денесін тік ұстау, қаламды дұрыс ұстау дағдылары қалыптасады. Балабақшада балалармен жұмыс жасауда оларға білім беріп, дағдыларды қалыптастыруға ерекше мән беріледі.

Балалардың сауатын ашу және математикалық білім беру арнайы ұйымдастырылған сабақтарда жүзеге асырылады. Олардың басты мақсаты - балаларда жазу мен санауды үйретудің алғашарттарын қалыптастыру.

Жазу келешекте бүкіл оқу үдерісі құрылатын базалық дағды. Жазуға үйрету тек мақсатты түрде ұйымдастырылған оқыту барысында жүзеге асырылады.

Сауат ашу – баланың көптеген психикалық қызметтерінің жетілуін талап ететін, күрделі ақыл-ой әрекеті. Жазу – психологиялық және физиологиялық тұрғыдан алғанда өте қиын күрделі үдеріс, сондықтан да жазу дағдысын игеру үдерісінің көпкомпонентті психофизиологиялық құрылымы бар. Бір сөзді жазу үшін балаға көптеген амалдар жасау керек, сол себепті баланы жазуға үйретуді жазудың барлық функцияларын жүзеге асырудан көп бұрын бастау қажет.

Жазуға үйретудің негізгі міндеттері:

- фонематикалық есту және сөздің дыбыстық құрамын талдау білігін дамыту;
- қолдың және саусақтардың майда бұлшық еттерін дамыту;
- ішкі және сыртқы сөйлеуді, сөздік-логикалық ойлаудың бастапқы кезеңдерін дамыту;
- есте сақтау қабілетін дамыту;
- жазу құралдарын еркін ұстай білу дағдысын дамыту;
- парақтың бетінің кеңістігін бағдарлауды қалыптастыру.

Балабақшадағы интеграциялық сабақтар:

1. естігенді тез ой елегінен өткізіп, жылдам жауап қайтару (доппен ойын – «Сұрақты қағып ал да, жауапты бер», «Ертегіні ата», және т.б.);
2. сөзге дыбыстық талдау жасау, оларды модельдің көмегімен жазу, жеке әріптерді құрастыру (пластилиннен, таяқшалардан, қағаздан және т.б.);
3. парақтың бетінің кеңістігін бағдарлау («Графикалық диктант», «Нүктелерге қарап заттың суретін сал» және т.б. жаттығуларды орындау);

4. қолдың саусақтарының қимылы мен синхронды сөйлеу (саусақтық имитациялар, доппен ойын және т.б.);
5. қолдың қимылдарын бақылау ( «Ережеге сай ою-өрнекті салуды жалғастыр», «Суретті шрихта» және т.б.);
6. жазу жазатын құралды дұрыс ұстау білігі, - жазуға дайындалып жүрген балаға көп көмеген тигізеді.

Баланы жазуға үйрету интеграциялық сабақтармен қатар арнайы сабақтарда, жүйелі жаттығулар мен ойындардың көмегімен жүзеге асырылады. Баланың қолын жазу дағдыландыру жаттығуларымен қатар, оқу іс-әрекетінің дағдыларын қалыптастыру міндеті де қойылады: үлкендерді мұқият тыңдау білігі, оолардың нұсқауы бойынша әрекет жасау, өз бетінше алдына қойынған ақыл-ой міндеттерін шешу, өз әрекетін бақылау және т.б.

Балабақшада 5-6 жастағы балаларды сауат ашуға дайындауда келесі міндеттер қарастырылады:
1. көргенді, естігенді, сезінгенді түсініп, оның мазмұнын айтып беру білігін қалыптастыру;
2. айтылатын нәрсенің, әңгіменің логикалық жүйесін құру білігін қалыптастыру: жоспар түзу, әңгімені неден бастайтынын анықтау, оны немен аяқтау, бір ойдан келесі ойға бірізділікпен өту;
3. балалардың сөздің қорымен жұмыс жасау (жаңа сөздер мен ұғымдарды синонимдерді, антонимдерді игеру, кітап суретерімен және көркем әдебиет тілімен танысу);
4. сөйлеудің дыбыстық жағын дамыту: дыбысты таза айту, дауыстың ырғағы мен күшін реттеу, мәнерлілік, фонематикалық есту.
5. Балаларды ауызша және схемалық жазбаша сөйлеуден сөйлемдерді анықтауға үйрету, берілген сөздерден сөйлем құрау, сөздерді буынға бөлу, балаларды сөздің дыбыстық құрылымымен таныстыру.

Баланың мектепке дайындығы немесе дайын еместігі оның сөйлеу қабілетінің даму деңгейімен анықталады. Себебі, бала мектепте оқу барысында игеретін білім жүйесі ауызша және жазбаша сөйлеу арқылы жүзеге асырылады. Егер ауызша сөйлеуді ол мектепке дейін игерсе, ал жазбаша сөйлеуді алда үйренетін болады. Жазбаша сөйлеуді толыққанды үйрену үшін, мектепке дейін кезеңде баланың ауызша сөйлеу қабілеті жоғары деңгейде дамуы қажет.

Баланы оқу мен жазуға үйрету - мектептің міндеті, бірақ көптеген дағдылар мен біліктерді бала мектепке келіп, алдына оқу мен жазудың нақты мақсаты қойылғанға дейін игере алады. Сонда ғана оның мектепке келгеннен кейін оқу мен жазуды толыққанды игеруі жеңіл болады. Ал мектепке даярлау барысында игерген дағдыларын ол өзіне жаңа іс-әрекет барысында жүзеге асырады дегіміз келеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. А.Алексеева. О взаймодействии специалистов ДОУ/ Дошкольное воспитание. 2007ж. №6
2. Нартова-Бочавер С.К., Мухортова Е.А. «Скоро в школу!», - М.: 1998
3. «Білім – Образование» журналы, 2010, №2, 49-51 б.


## «КӨРҰҒЛЫ» ДАСТАНЫ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНА ОРТАҚ МҰРА


**Оқушы: Құттыбай Жанелия Бердібайқызы** 10 «Д» сынып
Жетекшісі: **Кенжеханова Индира Абди-Ахметовна**
Шымкент қаласы, Саттар Ерубаев атындағы №24 IT мектеп-лицейінің
қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі



***Резюме***

*Ученик, который работал над научной работой, изучая сказание в песнях о богатырях, исследовал песню "Коруглы". Он изучал историю создания произведении, искал смысл имени главного героя и причину. Он всесторонне изучал строение стихов и использование разных художественных приемов в них, постарался дать характеристику каждому герою произведении.*

***Summary***

*The student who worked on the research work, studying the story in the songs of the heroes who explored the song "Korugly." He studied the history of the work, searching for the meaning of the name of the hero and the reason. He thoroughly studied the structure of poetry and the use of different art award in them, tried to characterize the product of each hero.*

Ғасырлар бойы жырланып, бүкіл түрік халықтардың сүйікті шығармасына айналған эпостың бірі - «Көрұғлы» эпосы. Орта Азия халықтарынан түрікмен, өзбек, тәжік, қарақалпақ және қазақ халықтарында Кавказ халықтарынан - әзірбайжанда, армянда, грузинде, абхазда құмық халықтарында, Балқан түбегін мекен еткен елдерде, шет елдерден-арабта, түрікте кездеседі.

Көрұғлы кім? Ол қашан, қай жерде болған адам? Әзірбайжан тарихын зерттеуші ғалым И.П.Петрушевский өзінің бір еңбегінде: XVIғ сұлтаны Мюрид (1574-1595 жж.) әскер басы Мұстафа паша 100 мың әскермен Әзірбайжанның оңтүстігінде кавказдықтармен соғысқан. Бұл соғыста кавказдықтардың жағында армяндар, әзірбайжан, грузин және сол оңтүстік әзірбайжан мен түрікмен елін мекен еткен халықтардың өкілдері түгел дерлік қатысқан сол соғыста Көрұғлы деген батыр болған,- деп жазды.

Бұл жырдың «Мирбабаұлы Хасен», «Хикаят Көрұғлы сұлтан», «Хикаят ға Азхан» деп аталатын нұсқалары Қазанда 1885, 1890, 1905, 1906, 1909 1915 жылдары басылған. 1923 жылы баспа көрген «Көрұғлы» кітабына жырдың қазақша жеті түрлі нұсқасы енген. Олар:

1) «Раушанбек» ( Р.Мәзқожаев)
2) «Көрұғлының көрде туу» ( Р.Мәзқожаев)
3) « Көрұғлының Шағдатпен соғысы» ( Р.Мәзқожаев)
4) «Көрұғлының Райхан арабпен соғысы» ( Р.Мәзқожаев)
5) Қисса «Көрұғлы» ( Өтетілеуұлы)

«Көрұғлы» жырын көптеген зерттеуші ғалымдар зерттеген. Мәселен, Арахел Тебризский 1662 жылы жасаған «Тарих» деген кітабында XVI ғасырда парсы шахы Аббас кезінде болған шаруалар мен қала кедейлерінің көтерілісі туралы хабарлай келіп, сол көтерелістің көсемдері қатарында «Көрұғлының» да есімін атайды

«Көрұғлы дастанының нұсқалары негізінен түрікмен саласы мен әзірбайжан саласы боп бөлінеді. Азірбайжан саласына азірбайжан, армян, грузин, куру нұсқалары жатады. Ал түрікмен нұсқасында - өзбек, тәжік, қазақ, қарақалпақ, Бұхар арабтары жатады [13, 100-115]. Алайда әзірбайжан нұсқасы мен түрікмен нұсқаларының негізгі сюжеттік желісі бар.

**Әзірбайжан саласында:** Стамбулдың патшасы Мюрид ат сыншысы Али-Кишинің көзін ойдырады. Содан соң оның он жасар баласын (Көрұғлы)деп атайды. Шығарманың негізгі сюжеті Көрұғлының он екі жасынан басталып, ерлік сапарлары баяндалады.

**Ал түрікмен нұсқасында** бала көрде туады, содан оның атын көрде туған Көрұғлы атайды. Шығарманың сюжеті батырдың тууы, тәрбиесі, одан ерлік сапары болып өрбиді. Түрікмен эпосындағы «арабтан кек алу» деген дастан қазақ эпосында «Райхан араб» болып келеді. «Түрікмен эпосының екінші саласы «Гүроглының үйленуі» деп аталады.

**Жамбыл жырлаған «Көрұғлы» туралы бірер сөз.**

Жамбыл «Көрұғлы» эпосына айтатын кіріспе жолдарында өзінің ежелгі әдеті бойынша хандарды халықтық қас дұшпаны деп қарайды. «Жер бетіндегі халықтың, күн астындағы жарықтың бәрін билесем» деп арман етіп, өз қамы үшін соғыс ашып, халық ұлдарының жазықсыз қырып жойған Бозайханның іс-әрекеті арқылы хандардың зорлықшыл, қатыгез екенін, жазықсыз жандарға істеген озбырлығын әшкерелейді.

**Жамбылдың ерекше қасиеті:** ол - қандай тақырыпты жарласа да адамзатқа, халқына өте қажетті мәселелерді көтереді, елдікті ерлікті, азаматтықты ардақтайды.

Ханға кемпірдің айтқаны:

Жетпіс үшке сен келдің,
Хан болғаннан бері қарай.
Бес жүз жорық жасадың,
Кемпіршалды сорлатып.
Жердің бетін қандатып,
Түгел маған теңгердің.

Осылайша Бозайхан «мен әлемнің қозғалысын тоқтатамын, күн мен айды жерге түсіремін, адамзатты аң-құсқа айналдырып жіберемін» деп ойлайды.

«Көрұғлының» қазақ нұсқасында айтылатын Шаадат, Қалдар хан, Көнхар, Бозайхан секілді жауыз хандардың образы жағымсыз, тұрпайы төрде бейнеленген.

Хан аямас қараны,
Ханнан қайғы тартқан ел.
Жүректері жаралы,
Хандар ашу шақырса.
Халықтан өшін алады,-

деген Жамбылдың өлеңі- орта ғасырдағы Иран, Туркия және Орта Азия жеріндегі хандардың сұрқиялық сұмдық істерінің суреті болып саналады.

Жұмысымды «Көрұғлы» жырының еларалық нұсқаларындағы осындай мотивтердің түрлері мен таралу ерекшеліктеріне қарай төмендегі салыстырмалы кесте-көрсеткіш арқылы зерттедім, салыстырдым.

| № | Нұсқалар<br>Басылымдар<br>Мотивтер | қазақ | түрікмен | тәжік | өзбек | қарақал-пақ | әзірбайжан |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Көрде туылу | + | + | + | + | + | - |
| 2 | Түс көру | + | + | + | + | + | + |
| 3 | Ат тану (баптау) | + | + | + | + | + | + |
| 4 | Қу бас | + | - | - | - | - | - |
| 5 | Ғажайып көмекшілер | + | + | + | + | + | - |
| 6 | Аттың сөйлеуі | + | + | + | + | + | - |

Осы негізде «Көрұғлы» жырындағы мотивтер жүйесі жырдың еларалық нұсқаларының барлығынан бірдей көрініс таппағаны, жырдың батыстық (әзірбайжан) және шығыстық (қазақ,түрікмен, тәжік, өзбек, қарақалпақ) нұсқаларындағы мотивтердің айырмашылықтары елеулі екені анықталды

**Дастандағы кейіпкерлер әлемі.**

Тәжік эposындағы Көрұғлы романтикалық кейіпкерлердің бейнесінде беріледі. Бақыт, Қуаныш, Жеңіс- жырдың негізгі лейтмотиві болып келеді.

«Көрұғлы» жырында бірнеше кейіпкерлер бар.

1. Раушанбек (Мұңлыбек)- Көрұғлының әкесі.
2. Ақанай (Алтыншаш) –Көрұғлының анасы.
3. Бабалы-Ғәждембектің құлы.
4. Күләйім- Ғәждембектің құлы.

**Қисса Көрұғлы бойынша**

1. Толыбай-Жағалы- Мұңлыбек- Көрұғлы
2. Алтыншаш- Көрұғлының анасы
3. Бозұғлан- Алтыншаштың бауыры
4. Ақбілек –Бозұғланның әйелі

***Дастанның жанрлық ерекшелігі***

Бұл дастан поэзия жанрында жазылған, яғни өлең түрінде, кейде қара сөзбен араласып жазылған.

**Дастанның көркемдік ерекшеліктері**

«Көрұғлы» жырының көпшілігі 11 буынды жыр үлгісімен жарланған. Ол «түрікмен күйі өлшеуі» деп аталады. 7-8 буындық жыр өлшеуіне құрылғаны-«Түрікмен Қасымхан» оқиғасы ғана.

Қорыта айтқанда «Көрұғлының» қазақша Жамбыл жырлаған нұсқаларында жырдың негізгі шыққан тегі түрікмен елі де танылады. Көрұғлының солардың батыры еді де ашық айтылады. «Көрұғлы» туралы эposты бүкәл Шығыс, Кавказ елі, Балкан түбегінің жыраулары үш ғасырдан астам уақыт жырла бір ұрақтан екінші ұраққа жеткізеді. Біздің дәуірімізге жеткізуде, халыхтың арман - тілегін көркем тілмен айтып қалдыруда жыраулардың еңбегі өте зор. Әр ғасырда өмір сүрген ашуг, бахши, жыраулар «Көрұғлы» эposының негізгі сюжетін сақтаған. Үйренуші жырау дарынды болса ұстазының үйреткенін ғана айтып қоймай, ерте ғасырдан келе жатқан жақсы дәстүрлерді сақтай отырып, әр дайым өңдеп, ілгері дамытқан. Ал қазақ ғалымдары бұл жырды әлі де болса зерттей қоймаған. XX ғасырдың бас кезіндегі аға буын әдебиетшілеріміздің еңбектерінде «Көрұғлы» туралы пікірлер тапшы. М.Әуезов, Ә.Марғұлан еңбектерінде де мардымды мәліметтер кездесе қоймайды. Анығын айтар болсам, бұл жырға арнап ғылыми мақала жазған ғалым екеу-ақ бірі- Ә.Қоңыратбаевта, екіншісі- М.Ғұмарова мен Р.Бердібай еңбектерінде жыр аталғанымен арнайы қарастырылмаған.

Қорыта келсем ғалымдардың зертеулеріне сүйене отырып мен бұл жырды ғашықтық, көне, тарихи, батырлық жырға жатқызамын. «Көрұғлы» - қазақ ғалымдарының көп зерттемеген тақырыбы. Сондықтан оны зерттеу, зерделеудің мен үшін маңызы зор деп білемін. Мен бұл ғылыми жұмысымды келешекте одан әрі жалғастырып, жырдың осы күнге дейін зерттелмеген тұстарын зерттеп ашсам деген ойдамын.

**Пайдаланатын әдебиеттер**

1. Қазақ әдебиеті энциклопедиялық анықтамалық.«Аруна» баспасы, Алматы.,2005 ж.276-278 б.
2. Ахмет Алияз. Көрұғлы дастаны түрік әдебиетінде.\\ Заман –Қазақстан газеті\\.1999ж 8 қыркүйек, №5.6-7б.
3. Каррырев Б.А. Эпические сказания о Кер-оглы у тюркоязычныхнародов. Москва.,1968-74б.
4. Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы, Алматы.,1975.10-14б.
5. Қазақ халық әдебиеті .Батырлар жыры. Алматы., «Жазушы»,1989ж-10-14б.
6. Чернышевский Н.Г.Полное собрание сочинений. Москва., 1953 ж -647-649б.
7. Березин И.Н. Турецское хрестоматия. Москва., 1962ж.
8. Записи восточного отделения русского археологического общества.Москва., 1920ж.-208-210б.
9. Садырбаев С. «Фольклор және эстетика». Алматы,1975ж.-13-20б.

## БОРСЫҚ, БОРСЫҚ МАЙЫНЫҢ ПАЙДАСЫ

**Оқушы: Тлектес Нұрайым Сапарғалиқызы 9 «Ғ» сынып оқушысы**
**Жетекшісі: Раймбекова Айгул Абдуовна**
Шымкент қаласы, Саттар Ерубаев атындағы №24 IT мектеп-лицейінің
география пән мұғалімі

***Резюме***

*Основной целью исследовательской работы является формирование к научно-иссследовательской трудом. Воспитывать у подростающего поколения любовь к природе и бережное отношения к окружающей среде. Формирование творческой развитой личности школьника,развитие учебно-воспитительного процесса с помощью патриотического, экологического воспитания, охраны окружающей среды.*

***Summary***

*The main aim if the research works is in the formation if cognitive interest if school children to the scientific – research work.development if creative abilities. Educate podrostayushego generation a love for nature and respect fir surrounding environment.*

Борсық - сусар тұқымдасына жататын жыртқыш аң. Дене тұрқы 60-90см,салмағы 8-16 кг-дай. Олардың үлкендігі кішігірім иттей. Олардың түсі ақшыл-сұрдан қара-қоңырға дейін өзгеріп отырады. Жүні қылжақты, салалы, сирек. Тұмсығынан желкесіне дейін созылған қара жолағы бар. Бауыры, төбесі, табандары қара, аяқтарында сәл иілген, ұзын тырнақтары бар.

Борсық терең інде тіршілік етеді. Інде тіршілік еткендіктен, маусымдық көшуі байқалмайды. Күзге қарай бойына май жинайды да, қысқы ұйқыға кетеді. Олар наурыз-мамырда мауығып, ұрғашысы 1 жылдан кейін қыстын аяғында 2-3 күшік табады.

Борсық бізде тундрадан басқа барлық жерде тіршілік етеді. Олар іңір тісімен қорек іздеуге шығады. Борсық қорек таңдамайды. Ұсақ кеміргіштермен, құстармен олардың жұмыртқаларымен, жыланмен, кесірткелермен, көкбақалармен, ұсақ жәндіктермен, жеміс және бақша дақылдарымен де қоректенеді. Олар зиянды насикомдарды қырып, шарушылыққа үлкен пайда кетіреді.

Қазақстанда борсықтың 4 түрі кездеседі:

Ферғана борсығы

Тянь-Шань борсығы

Құм борсығы

Сіббір борсығы

*Борсық майының емдік қасиеттері*

Қазақ халқының емдік сипаттары ғасырлар бойы жылдар жылжыған сайын дамуда. Борсық майы ертеден бері халықтық емде кеңінен қолданылып келеді. Әсіресе борсық майы өкпе туберкулезі, өкпенің қабынуы мен созылмалы бронхит, асқазанның ойық жарасы, он екі қарыс ішек аурулары секілді көптеген қауіпті ауруларды емдеуге жақсы нәтижелер береді.

Борсық майының пайдалы болуы, олардың қыс бойындағы ұйқы кезінде бойларына көптеген пайдалы заттарды май түрінде жинауы екен. Ол майдың құрамында:
— Жартылай құнарланған май қышқылдары (ол ағза тіндерін тамаша қоректендіреді);
— Қатерлі ісікті болдырмайтын олеин қышқылдары (зат алмасуды жақсартады); — Түрлі минералды заттар
— А дәрумені ( онкологиялық ауруларды ескіртеді, шаш пен терінің, тырнақтың қалыпты жағдайын сақтайды);
— В дәрумені (ағза үшін ең қажетті өмірлік қуат көзі).
Туберкулез, өкпенің қабынуы, іріңді бронхит кезінде борсық майының қолдану ережесі: — Ересектер үшін: 1-3 ас қасық борсық майын тамақтануға дейін 1 сағат алдында ішке қабыдау керек.
Емдеуді 1 ай бойы жалғастырған жөн. Содан кейін 2-4 апта үзіліс жасап, дерттің ауырлығына байланысты емдеуді тағы да жалғастыру қажет. Туберкулезді емдеу үшін борсық майы ұзақ қабылданады. — Борсық майы күйгенге, терең жарақат алғанда, буын ауруларында теріге жағу арқылы қолданылады. — Есіңізде болсын, бауыр, өт жолдары, ұйқы безі ауыратын және жасы 6-ға толмаған балалар үшін қолдануға мүлде болмайды. Жанама әсері ретінде бөртпелер пайда болып, жүрек айнып, іш өтуі мүмкін.

**Борсық майынан жаңа дәрі-дәрмек ойлап тауып, қолданысқа енгізу.**

Борсықтың майы, терісі де емдік қасиетке ие. Оның майын көбіне суық тиіп, тұмауратып қалғанда, өкпе қабынуына, ангина, бронхитке, дене құрысқанға, ішке жел қармасып, іш қатқанда, балалардың іші кепкенде, асқазан кірнеленгенде, асқа тәбет тартпағанда қолдануға болады. Суық тиіп, жөтеліп қалғанда борсықтың майын ашқарынға 1 ас қасық ішіп отырса пайдасы мол. Сонымен қатар дене құрысып, аяқ-қолдар сырқыраса, борсықтың майын сырқыраған жеріңізге жағып, уқаласаңыз оң әсерін береді.

Ал оның терісі буын ауруларына таптырмайтын ем. Жаңа сойылған борсықтың терісін аяқ-қол буындары қақсағанда, бел ауырғанда оған жылыдай 1 апта немесе 10 күндей орап, терлейді. Бұл кезде жылы киініп жүрген абзал».

Бұл зерттеліп отырған борсық майында көптеген ауруларға қолданылып отырған. Борсықтың қаны, майы, еті, ішегі, қарны, өті, терісі және ішкі мүшелері түгелдей қымбат бағалы дәрілік материал.

Борсықтың терісі буын жансыздануына емдік рөлі өте жоғары,мысалы:қол жансызданып бір нәрсе көтере алмай қалғанда, жана сойылған борсық терісін жансызданған қолдың буынына ыстықтай орап қойса жазылып кетеді.

Борсық қанынының да пайдасы зор. Қан аздық, әлсіздік, асқазан жарасы, асқазан, өңеш, рак ауруларына өте шипалы, әсіресе борсықты жаңа ұстап өлтірерде мұрнынан бір шаншып ағызып, қалған қанның дәрілік рөлі өте жоғары.

Әлсәз ревматизм,тамақ іше алмайтын адамдаарға борсық етінен сорпа қайнатып ішкізсе,адамдардың қуаттандыыру күші едәуір жоғары болады.

Мен зерттеп отырған борсық майының да адам денсаулығына тигізетін пайдасы көп. Ол 10 табиғи компненттерден тұрады. Бұл теңдесі жоқ май.

- Жүрек-қантамыр жүйелеріне
- Тірек-қимыл қозғалысына
- Орталық жүйке жүйесіне
- Ас қорыту жүйесіне
- Тыныс алу жүйесіне
- Иммуниитетті арттыру
- Тері қабаттары ауруларына
- Көздің көруінің бұзылуы

Қорытындылай келе, **м**ен борсық туралы зерттей келе оның шығу тарихы мен емдік қасиетін толықтай түсіндім деп ойлаймын. Борсықтың тек қана майы ғана емес сонымен қатар оның ішкі құрылыстарының да емдік қасиеттері мол екендігін білдім.

Борсықтан өте пайдалы дәрілер жасалса елімізде халқымыз аман—сау болып, денсаулықтары мықты болса деп ойлаймын. Өз білімімді ары қарай жетілдіріп тағы да ізденемін. Қазақстан жерінде борсықты көбейтіп, оның жойылып кетуіне жол бермеу керек, керісінше адам өміріне қажетті дәрі-дәрмек шығару.

Келешекте түрлі қауіп-қатерлі ауруларды оңай жеңе білетін борсықтың еті, ішкі құрылысы және майыан дәрі дәрмек ойлап табуға тырысамын.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**
1. Қазақ ұлттық энциклопедиасы
2. Ол кім? Бұл не? Энциклопедиасы 1-том
3. Айғақ қоғамдық газеті 17.2013ж 7 бет
4. Ә.Бірмағамбетов, Н.Нұғманов оқулығы 2010жыл

# ТҮРЛІ ТІЛ КЕМШІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРДЫ ТҮЗЕТУДЕ ЛОГОРИТМИКАНЫҢ РӨЛІ

**Шораева Диана Анарбековна**
Шымкент қаласы Тұран ауданы 122 Ақжар жалпы орта білім беретін мектебінің логопеді

***Түйін***

*Соңғы жылдары балалардың түрлі деңгейдегі тіл кемістіктері белең алып бара жатыр. Бұл мақалада балалардың тіл кемістіктерін жою үшін әсем әуендерді әдемі сөзбен және оны қимылмен біріктіру – логопедиялық ритмиканы сабақтарда пайдалану жолдары қарастырылған. Логопедиялық ритмиканы мектептерде ашылған инклюзия сыныптарында қолдану балалардың музыкаға деген сүйіспеншілігін, қызығушылығын арттырумен бірге өз тілінде де өзге тілдерде де еркін сөйлей алуына мүмкіндік береді.*

***Summary***

*In the last years, there has been seen an increase of speech disorders of different levels among children. This article describes the ways of using speech therapy rhythms in the classroom – a combination of colorful melodies with beautiful words and movements to eliminate the shortcomings of children's speech. By using speech therapy rhythms in inclusion classes, opened in schools, children learn to freely communicate both in their own language and in other languages, instilling a love to music.*

Түрлі дәрежедегі тіл кемістіктері бар балаларды емдеу – сауықтыру, түзету үшін кешенді де, тиімді жұмыс түрлерінің керектігі қазіргі таңда көкейкесті мәселеге айналып отыр. Өйткені, түрлі тіл кемістіктері бар балалар саны өкінішке орай, күн санап артып келеді және тіл кемістіктері бар балаларды түзету үшін кешенді жұмыс түрлерін жүйелі жүргізілуді қажет етеді.

Тіл кемістіктері бар балаларға логопедиялық жұмыс түрлерін жасаумен қатар, музыканы пайдалану – ұзақ жылғы іс-тәжірибиеде оң нәтижесін берді. Бұл емдеу шараларының бір түрі ретінде дұрыс тыныс алудан бастап, артикуляциялық жаттығулар жасату, ойындар ойнату, музыканың сүйемелдеуімен айтылатын әуендер, әуенді ойындар, релаксациялық жаттығулар, саусақ жаттығулар, дене жаттығулар музыканың сүйемелдеуімен көркемдей отырып, балаға музыканы тыңдау, әнді айту арқылы олардың есту қабілетін арттырады, ритмді ұстай отырып дауыс мүмкіндіктерін жетілдіреді.

Музыка – баланың жан-дүниесіне, сезіміне әсер етіп, түрлі тіл кемістіктерін жоюдың басты құралы. Бесік жырын естіп өскен әр бала, оны есінде сақтай отырып тұрмыстық тілі дамиды. Өйткені, музыка тілі – жеке тұлғаның эстетикалық мәдениеттін қалыптастыратын үдеріс. Оның ішінде логоритмика арқылы әсем сөз бен әуенді қосқанда, балалардың өздеріне деген сенімі күшейіп, әуенге байланысты сөздерін анықтап, келтіре айтуға және ритмге(ырғаққа) еруге тырысады. Ол музыканы тілі арқылы қимыл-әрекеті біріктіре қолдана отырып, балалардың сөйлеу тілінің дұрыс дамуына және ойлау қабілеттерінің артуына да тікелей әсер етеді. Балалардың неғұрлым қол-қимыл әрекеттері жоғары дамыса, онда логикалық жағынан анық ойлай алатын, сенімді де нық, есте сақтау қабілеттері жоғары, тыңдаған нәрсені өз сөзімен шебер қиыстырып айта білетін, сөйлеу тілі бай, өз іс-әрекеттеріне жауап бере алатын, жан- жақты дамыған оқушылар болмақ.

Ал, егер баланың ұсақ моторикасы, қол-қимыл әрекеттері дер кезінде толық дамымаса, оқушылық кезеңде оқуға, жазуға икемділіктері аз, қызығушықтары төмен, түрлі қиыншылықтарға төтеп бере алмайтын, әлсіз болса сабақтағы үлгерімі нашар оқушыларға айналады. Сондықтан да, қол-қимыл жаттығуларына күнделікті уақыт бөле отырып ұсақ моториканы, сөйлеу тілін, ойлау қабілетін, тапқырлық, шапшаңдық сияқты қажетті дағдыларды дамытады.

Балалардың түрлі тіл кемістіктерінің пайда болуы мен себептері белгілі бір жағдаяттардың аясында болғандықтан логопедиялық ритмиканың маңызы зор. Логопедиялық ритмика – балардың түрлі тіл кемшіліктерін түзету мен жоюға арналған әдіс-тәсіл.

XX ғасырдың басында логоритмика әдісін алғаш рет ойлап тапқан Швейцар педагогы және музыкант Э. Жак-Далькроз болды. Ол арнайы сөз бен әуенді (музыканы), қимыл-қозғалысты біріктіре

отырып, балалардың музыкалық есту қабілетін, есте сақтауын, ырғақты сезіне отырып, дұрыс ұстай алуын, жалпы қимыл-қозғалыстың жеңіл, музыкаға сай қозғалуын жетілдірді [1].

Осы әдісті емдік-сауықтыру мақсатында шет елдерде де, бізде де бірте-бірте қолданылып, арнайы бағыты – «логопедиялық ритмика» пайда болды. Өзінің «Логопедическая ритмика» деген мақаласында (1938) В.А. Гринер мен Ю.А. Флоренская алғаш рет балалардың дұрыс, анық сөйлеуі үшін логопедиялық ритмиканы арнайы сабақ ретінде жүргізуді талап етті [2].

1950-70 жылдар аралығында логоритмиканы тұтығу ауруына шалдыққан балаларды емдеу мақсатында пайдаланып келді.

Логопедтердің тәжірибиесінде әдіс – сөз, ән, қимыл бірлігі немесе логопедиялық ритмика деп кірді. В.И. Рождественская өзінің «Игры и упражнения для исправления заикания» атты еңбегінде логоритмиканың балалардың өмірінде алатын орны жетік көрсетілген [3].

Логоритмика – өзіне балалардың түрлі тіл кемістіктерін олардың қимыл-қозғалысы мен музыканы тыңдай отырып, түсіне алуына жағдай жасайды. Пайдаланылатын әндер балалардың жас және дара ерекшеліктеріне сәйкес, қысқа, әуені құлаққа жағымды, жеңіл, ырғақтары нақты, үйлесімді болулары шарт. Әндерді сөз үйлесімдеріне орай, музыкалық дыбыс жоғарылығын дұрыс сақтай алу маңызды болып табылады. Балалардың қимыл-қозғалыстары әуеннің сөзі сәйкестендірілуі басты назарда болып, орындалатын тактілер алдын ала түсіндіріледі. Мысалы, «Машина» әнін сабақта қолдану ретін көрсетелік (Кесте 1).

Кесте 1 – «Машина» әнін (Әні: К. Қуатбаевтікі, Музыкасы: Т.Тұяқбаевтікі) сабақта қолданудың реттілігі.

«Машина» әнінің сөзі Қолдану реттілігі
«Бип-бип- бип», - дейді,
«Жолдан былай кет»,- дейді Әнді алдымен балаға логопед өзі орындап, сөзін асықпай анық айтады. Музыка жетекшісі әннің көңілді, сезіммен орындалатындығын түсіндіреді, қимылдарын көрсетіп, орындайды.
Күшікті басуға, басуға.Ән балаларға өте ұнайды.
Болмайды, болмайды машина. 1-2 тактіде қолды сигнал берген сияқты алға созып, қолындағы ойыншық рулін басып көрсетеді.
Бип-бип-бип, 3-8 тактіде саусақты шайқап, көрсетеді.
Бип-бип-бип, Қайтадан сигнал берген сияқты, қолдарын алға созып-жинау керек.
«Бип-бип-бип»- дейді, 2 шумақта сөзіне қарай, баланың жеке ерекшеліктеріне қарай, қимыл-қозғалыстарын өзгертулеріне болады.
«Жол шетінде күт» -дейді
Көшеде жүруге асыға,
Болмайды, болмайды машина
Бип-бип-бип,
Бип-бип-бип.
Бип-бип-бип
«Машина» әнінің (Әні: К. Қуатбаевтікі, Музыкасы: Т.Тұяқбаевтікі) нотасы төменде көрсетілген.

Осы әдіс-тәсілдер балалардың тіл кемістіктерін түзетуде логоритмиканы пайдалану кезінде өзінің оң нәтижесін беретініне, жан-жақты емделу, түзету процесінде нақты өз орнын алатынын көрсетеді. Балалардың толыққанды, жан-жақты дамуына отбасы, тәрбиешілер, логопед-педагогтер, мектеп педагогтер өздерінің үлестерін бөлісіп, көрсете алады. Өйткені, балалар сапалы білім ала отырып, адамгершілік, мейірім болып өсуі ересектердің қолдауы арқылы жүзеге асады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Далькроз Э.Ж.. Музыка, ритмика и толпа. - «Жизнь искусства», 1924, N1-13, с.12
2. Гринер В.А., Флоренская Ю.А. Логопедическая ритмика. - Журнал «Невропатология, психиатрия и психогигиена». М., 1936, т.5, в.6. – С. 32.
3. Рождественская В.И. и Павлова А.И. Игры и упражнения для исправления заикания. - «Просвещение», М. 1978.- 64с.

## ГЕОГРАФИЯ ПӘНІҢ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ТҮРЛЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ

**Арыстанова Гауһар Ақылбайқызы**
Шымкент қаласы, №122 Ақжар жалпы орта білім беретін мектебінің
география пәні мұғалімі

***Резюме***

*В статье рассматривается использование эффективных форм и методов обучения предмета географии*

***Summary***

*The article discusses the use of effective forms and methods of teaching the subject of geography*

Оқу үдерісінің тиімділігін арттыру көп жағдайда сабақ барысында оқушылардың танымдық белсенділігін дамытатын және оқу үдерісін күшейтетін оқыту түрлері мен тәсілдеріне байланысты.

География оқыту тәжірибесінде сабақ, дәріс, практикум, экскурсия, конференция, қосымша факультативтік сабақтар арқылы оқыту түрлері және келесі тәсілдер кеңінен қолданылады: әңгімелесу, сұхбат, кітаппен жұмыс істеу, бақылау, эксперимент, экрандық оқу құралдарын пайдалану, тәжірибелік жұмыс, жоба жұмысы. Сонымен қатар, қазіргі кезде сабақтарда модельдеу әдістері, ойша модель құрастыру, математикалық модельдеу әдістері де кеінен қолданылады.

***Сабақ*** – сыныпта оқу үдерісін ұйымдастырудың негізгі үлгісі болып табылады. География сабақтарында сабақтың келесі түрлері қолданылады: жаңа білімді игеру сабағы, білімді тәжірибеде қолдану сабағы, өткен тақырыпты пысықтау және қайталау сабағы, білімді бақылау және жинақтау сабағы, аралас сабағы. Сабақтың түрі сабақтың дидактикалық мақсаттарына байланысты таңдалады. Жеке, жұптық, топтық, және қайталау сабағы, білімді бақылау және жинақтау сабағы, аралас сабақ. Сабақтың түрі сабақтың дидактикалық мақсаттарына байланысты таңдалады. Жеке, жұптық, топтық және ұжымдық оқу жұмысы арқылы оқыту түрлері сабақтың барлық түрлеріне ортақ болып табылады:

- жеке – оқушының тапсырманы өздігінен орындауы;
- жұптық – «оқушы-оқушы», «мұғалім-оқушы» режиминдегі жұмыс;
- топтық – топ мүшелерінің санына қарай шағын топтағы (3-5адам) жұмыс және жалпы сыныптық жұмыс (бүкіл сынып) түрінде өтуі мүмкін, мұнда барлық оқушы бір тапсырманы (тақырыпты) немесе оның бір бөлігін орындайды;
- ұжымдық, яғни құрамы ауысып отыратын жұптардағы жұмыс, мұнда әр оқушы жеке тақырыпты немесе тапсырманы орындайды және әр серітесіне оны түсіндіреді.

Пәндерді оқытуда ***әңгімелеу әдісі*** кеңінен қолданылады. Әңгімелеу мазмұндаудың негізгі тәсілдерінің бірі болып табылады. Мұғалім әңгімелеу арқылы материалдың мазмұнын түсіндіреді. Географияны оқытуда әңгімелеу арқылы материалдың мазмұның түсіндіреді. Географияны оқытуда әңгімелеу сабақ уақытының аз бөлігін алып, әдістемелік талаптарға сай келуі тиіс:

1) әңгіме қысқа болуы керек (5-15минут);
2) әңгімелеу барысында жаңа терминдерге арнайы тоқталып, тақтаға жазу және қажет жағдайда оқушылардың дәптеріне жазып алуларына мүмкіндік беру керек;
3) сабақта қолданылатын көрнекіліктер мен карталарды алдын ала дайындап, көрінетін жерге іліп қойған дұрыс;
4) мұғалімнің сөздері түсінікті және сөздрді орынсыз қайталау, бұрмалау болмауы керек;
5) мұғалімнің әңгімелеуі эмоционалдық тұрғыда әсерлі юолуы тиіс;
6) мұғалім оқулықта берілген мәтінді сол күйінде қайталап айтуына болмайды.

***Семинар.*** Оқушылар сұрақтарға алдына ала дайындалған жоспар бойынша, әртүрлі әдебиеттермен және дереккөздермен жұмыс істеу арқылы дайындалады. География пәні бойынша семинар сабағында оқушылар берілген сұрақтарды жан-жақты талдап, өздерінің көзқарастарын білдіреді. Бұл оқушылардың зияткерлік әлеуетін дамытып, қосымша әдебиеттермен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Оқу үдерісінде мұғалім семинарға оқушылармен бірге қатысады, ол әртүрлі жолдармен және тәсілдермен олардың оқу- танымдық қызметін ұйымдастырады.

«География» пәндерін оқытуда төмендегідей әдістер қолданылады:

1) Білім берудің ауызша және жазбаша түрі. Оған; ауызша баяндау, сұхбат, оқулық және материалдармен жұмыс істеу жатады.

2) Көрнекілік әдісіне оқушының өз бетінше бақылау, тәжірибе жүргізуі мен көрнекі құралдар жасауы жатады. Сонымен қатар, карталарды және басқа да картографиялық құралдармен жұмыс істеуді жатқызуға болады.

3) Тәжірибелік оқытуға оқушылардың өздері орындайтын оқу әрекеттерін жатқызуға болады. Географияны оқытуда жиі қолданылатын тәжірибелік жұмыстарға жергілікті жерді түсіруде жүргізілетін тәжірибелік жұмыстар, жергілікті жердің жоспарын сызу, белгілі бір нысанды суретке түсіру, абсолюттік биіктіктікті анықтау, өзеннің ені мен тереңдігін анықтау

т.б. Географияны оқытуда әрбір әдістің өзіндік ерекшеліктері бар. Сондықтан мұғалім сабақ өтуде бұл әдістерді қажеттілігіне қарай қолданып отырады. Мысалы, сабақ өткенде ауызша баяндау, сұхбат және картамен жұмыс істеу әдістерін бірге қолданған орынды.

***Географияны оқытудағы тәжірибелік және көрнекілік әдістер***

*Географиялық бақылау.* Географияны оқытуда бақылау әдісін қолданудың маңызы зор. Географиялық бақылауды қолдану арқылы оқушылардың іскерлігі мен дағдылары қалыптасады. Сонымен қатар, бақылау оқушылардың табиғат құбылыстары мен шаруашылық сипаттары жөніндегі білімдерін де тереңдетуге көмектеседі. Әдетте, географиялық бақылаулар сыныптан тыс уақытта өткізіледі. Көп жағдайда географиялық бақылау экскурсия кезінде орындалады және топтық сипатта жүргізіледі. Экскурсия кезіндегі топтық бақылау барысында төмендегідей мәселелерге назар аударылады: өзен режимі; құдықтағы судың деңгейі; таудағы топырақ түрлері; ауыл шаруашылық жұмыстары т.б.

Мектеп жанындағы географиялық алаңдарда: ауа райын бақылау; күннің биіктігін анықтау; күннің шығысы мен батысын белгілеу; поляр жұлдызының орнын анықтау т.б. бақылаулар жүргізіледі.

Бақылаудың кейбіреулері оқу бағдарламасына енгізіліп, оқушылар оларды кезекпен орындайды. Ал басқалары сыныптан тыс уақытқа жоспарланып өткізіледі. Оқушылар географиялық бақылауды мұғалімнің тапсырмасы бойынша орындайды. Әр бақылаудың өзіндік бағыты мен мақсаты болады. Бақылау жүргізу барысында жинақталған материалдарды өңдеп, сабақтарда пайдалануға болады.

***Географиялық иллюстрация және олармен жұмыс істеу әдістері***

Географияны оқытуда қолданылатын көрнекі құралдарға суреттер, карталар, көріністер,әртүрлі пейзаждар жатады. География оқулықтарында иллюстрациялық материалдар өте көп беріледі. Көбінесе көркем суреттер тақырып мазмұнына орайластырылып беріледі. Мысалы:

- саяхатшылар мен зерттеушілердің жүрген саяхаттары;
- әр материктің ашылу тарихы;
- материк бедерлері;
- өсімдіктер;
- жануарлар;
- мұхит ағыстары;
- вулкандар және т.б.

***Жергілікті жердегі тәжірибелік жұмыстар***

Тәжірибелік сабақтардың мазмұны ілгеріде игерген білімді бекіту, меңгерген білімін тәжірибеде қолдану дағдыларын дамытуды қамтиды. Мұндай сабақтарда оқушылар әртүрлі географиялық көрнекі құралдармен жұмыс істеу арқылы тақырыпты меңгереді. Мұғалім сабақты жоспарлау барысында оқушылардың танымдық мүмкіндіктері мен талаптарына сәйкес тапсырмаларды іріктеуді ойластыру керек.

Оқушылар оқуда жоғары жетістіктерге жетуі үшін мұғалімдер сабақта белсенді оқуды қолдайтын тиімді әдіс-тәсілдерді қолданады.

Географияны оқытуда тәжірибелік жұмыстар жиі қолданылады. Көп жағдайда бұл тәжірибелер физикалық күй мен биологиялық бағытқа қатысты өткізіледі. Табиғатта болатын үдерістер мен оқиғаларды зерттеуде география пәніндегі тәжірибелердің маңызы зор.

Мәселен, мектеп географиясында кең тараған тәжірибелердің бірқатары төмендегідей:

1. Ауаның құрамын анықтау;
2. Ауаның ылғалдылығын білу т.б.
3. Судың жылдамдығын өлшеу;
4. Судың шаю уақыты мен процесін анықтау;
5. Сарқырамалардың пайда болуын білу;

«География» пәнін оқытуда физикалық география пәніне қатысты әртүрлі тәжірибелік жұмыстар жүргізіледі. Мұндай тәжірибелік жұмыстарды орындау барысында оқушылардың бойында білім мен іскерлік дағдылары қалыптасады. Географияны оқу барысында оқушылар топографиялық тәжірибелік жұмыстарды орындайды: тұсбағар, поляр жұлдызы, жергілікті

жердің белгілі бір нысандары арқылы бағыттарды анықтау, арақашықтықты көз мөлшермен және рулетканың көмегімен өлшеу, төбелердің абсолюттік биіктігін өлшеу, жергілікті жердің планын сызу, жергілікті жердің географиялық ендігі мен бойлығын өлшеу т.б. жатады.

***География сабағында картамен жұмыс істеу дағдыларын дамыту***

Оқушының география сабағында оқу мақсатына жету үшін өзін-өзі реттеу арқылы ойлау және іс-әрекетін жоспарлау дағдыларын дамытудың маңызы зор.

Оқу барысында географиялық картамен жұмыс істеу үшін оқушылардың бірқатар білім, дағдылары қалыптасуы керек:

- бағдарламаға сәйкес географиялық номенклатураны және нақты картографиялық түсініктерді білу;
- картада бейнеленген нысандар мен құбылыстарды түсіне білу;
-географиялық нысандарды картадан көрсете білу.

Картаны оқи білу оқушылардың төмендегідей дағдыларын қамтиды:

- шартты белгілер мен таңбаларды ажырата біліп, сол арқылы нысандар мен құбылыстарды оқи білу;
- карта арқылы түспеген жерлерді анықтай алу.

***Экскурсия*** сабағы оқу әдісі және сабақты ұйымдастыру үлгісі ретінде география мен жаратылыстануды оқытуда маңызды орын алады. Экскурсия мектептің немесе сыныптың аумағынан тыс, табиғи немесе өндірістік нысандарға саяхат арқылы жүзеге асырылатын оқыту тәсілі және оқу үдерісін ұйымдастыру түрі болып табылады. География мен жаратылыстануды оқытуда экскурсия оқу-тәрбие жұмысының бір түрі болғандықтан, оқушылар топтық экскурсияны табиғат аясында, далада, мұражайларда, өзен аңғарында т.б. өткізеді.

Экскурсия алдын ала белгіленген тақырып бойынша және белгіленген мерзімде бағдарлама бойынша өткізіледі. Мазмұнына байланысты тақырыптық экскурсия, кешендік экскурсия, кіріспе экскурсия, қорытынды экскурсия түрінде болуы мүмкін.

Тақырыптық экскурсия география не жаратылыстану пәнінің нақты бір тақырыбына арналады. Кешенді экскурсия мазмұндық жағынан ұқсас тақырыптар бойынша бірнеше пән көлемінде ұйымдастырылады, мысалы, география, жаратылыстану, биология. Бұл пәнаралық байланысты көрнекі көрсетуге мүмкіндік береді. Кіріспе экскурсия тақырыпқа кіріспе жасау мақсатында ұйымдастырылады; қарастырылатын тақырыптың тәжірибелік маңызын көрсетіп, оқушыларды сабаққа қызықтыруды көздейді. Қорытынды экскурсия оқушылардың белгілі бір сала бойынша оқып үйренгендерін қорыту, өмірмен байланыстыру мақсатында ұйымдастырылады.

Экскурсия теориялық білімді тәжірибемен байланыстырумен қатар белгілі бір сала мамандарының жұмысымен танысуға да мүмкіндік береді. Оқушыларға экскурсиядан соң танысып-білгендері бойынша таныстырылым дайындау, баяндама жасау, т.б. түрінде ойтүйіндеу тапсырмаларын беруге болады. Экскурсияны қорыту үшін саяхаттан алған білімдері мен орындаған жұмыстарын бағалауға мүмкіндік беретін пікір алмасу, талқылау түрінде қорыту сабағын өткізуге болады.

**Әдебиеттер:**

1. Алимов А.К. Использование активных форм обучения. Методическое пособие /АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» Центр педагогического мастерства, 2014. – 188 с.
2. Бартенева Т.П, Ремонтова А.П. Использование информационных компьютерных технологий на уроках естественных наук /ИТО-2003. mht
3. Каратабанов Р. Методические рекомендации и сборник заданий по развитию функциональной грамотности на уроках географии. Учебное пособие//АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» Центр образовательных программ, 2014.-58с

# МЕКТЕПТІҢ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫНЫҢ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ АДАМГЕРШІЛІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫН ДАМЫТУДАҒЫ ТӘРБИЕЛІК ӘЛЕУЕТІ

**Манабаева Алина**
Шымкент қаласы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университетінің магистірі

***Резюме***

*Статья посвящена проблеме формирования нравственных отношений учащихся-подростков в образовательной среде общеобразовательной школы. Дано теоретическое обоснование акутуальности проблемы формирования нравственных отношений учащихся подросткового возраста. Отмечаются особенности и сложности нравственного формирования школьников подросткового возраста. Дается характеристика образовательной среды современной школы с точки зрения создания нравственно-психологической атмосферы формирования нравственного сознания и поведения подростков.*

***Summary***

*The article is devoted to the problem of the formation of moral relations of teenage students in the educational environment of a comprehensive school. A theoretical justification for the akutuality of the problem of the formation of moral relations of teenage students is given. The peculiarities and difficulties of the moral formation of schoolchildren of adolescence are noted. A characteristic of the educational environment of a modern school is given in terms of creating a moral and psychological atmosphere for the formation of moral consciousness and behavior of adolescents.*

Қазіргі қазақстандық қоғамдағы түбегейлі өзгерістер гумандық құндылықтарды адамдар өмірінде алдынғы қатарға шығаруды қажет етеді. Отандық орта білім беру ұйымдарында оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу оқу-тәрбие процесінің басымдық міндеттерінің бірі болып табылады [1].

Адамгершілік құндылықтар, олардың ерекше бір көрінісі – адамгершілік қарым-қатынастар тәрбиеліліктің мәнді белгісі, әрқашанда адамдар арасындағы қатынастардың бағдары болып келген. Адамдар арасында өзара сыйластық, бір-біріне деген құрмет, ынтымақтастық, өзара жәрдем, жауапкершілік, өзара түсінушілік барша замандарда құнды бағаланып келінгенімен, бүгінгі таңда да адамгершілік қарым-қатынастар мәселесі өз өзектілігін жойған жоқ. Цифрлы қоғамда, жаһандану процестері жағдайында оқушы-жастар мен ересектердің адамгершілік қарым-қатынастары мәселесінде шешімін күтетін әлеуметтік-психологиялық, педагогикалық мәселелер аз емес. Қоғамда жиі кездесіп отырған келеңсіз жағдайлардың түбі адамдар арасындағы қарым-қатынастағы теріс бағыттардан бастау алатындығы мәлім.

Адамгершілік нормаларды жете білмеу немесе біле тұрып оларды ұстанбау техникасының дамуы жоғары, ақпараттық қоғамға тән ерекше сапа болуда. Қазіргі таңда біздің қоғам заңға бағынушылыпен қатар адамгершілік нормаларды ұстанатын, оларға негізделе айналадағылармен толыққанды қарым-қатынастар құра алатын адамдарға мұқтаж. Адамгершілік нормалар әсерін тігізбейтін адами қатынастардың бірде-бір саласы жоқ. Бұл айналадағы адамдармен қарым-қатынас, отбасылық өмірі, оқу немесе еңбек әрекеті, Отанға немесе өз жеке басына қатынас – осының бәрі адамгершілік қатынас ережелерін, яғни қоғамдағы жазылмаған, бірақ қоғамдық пікірмен қорғалатын қағидаттармен реттеледі. Қабылданған адамгершілік ережелерді білу және оларды саналы түрде ұстану – адамгершілігі мол, гуманды тұлғаның ерекше қасиеті.

Жасөспірімдерді адамгершілікке тәрбиелеуде балалық шақтың басқа кезеңдерінен айрықша қырлар аз емес. Жасөспірімдер физиологиялық, психикалық және әлеуметтік дамуындағы ерекшеліктер олардың адамгершілік бейнесінің қалыптасуына сөзсіз ықпалын тігізеді. Балалық шақтан ересектікке қарай қадам тастайтын жасөспірім адамгершілік нормаларға өзіндік қатынастарды таныта бастайды. Ол бастауыш сынып оқушыларының мұғалім немесе ересектердің адамгершілікке тәрбиелеу әсерлерін қарсылықсыз қабылдайды. Жасөсіпірмнің адамгершілік нормаларға сындарлы көзқарасы қалыптасады. Ол бұл нормаларды меңгеру барысында өз алдына түрлі сұрақтар қоя бастайды.

Мектептің білім беру ортасы жасөсіпірмдерді адамгершлікке тәрбиелеуші әлеуметтік-психологиялық орта. Білім беру ұйымындағы тәрбиелік атмосфера әрбір оқушының санасы мен адамгершілік мінез-құлықына әсерін тігізері анық. Мектептің білім беру ортасы педагогикалық процесс субъектілері мен нысандарының өзара адамгершілік әрекеттесуі деуге болады. Сабақтар мазмұны мен процесі, сыныптан тыс іс-шаралар кешені, сабақтан тыс кездегі әртүрлі қарым-қатынастар жасөсіпірмдердің санасына адамгершілік нормаларын енгізудің құралдары болып табылады. Адамгершілікке тәрбиелеу – мектептің стратегиялық міндеттерінің бірі, мектеп және сынып

тәрбие жүйесінің маңыздысына қарамастан орын алған және тәрбие жұмысының әрқашанда өзекті бағыты. Мектепте ересектер мен балалардың қарым-қатынастары адамгершілік нормалары шеңберінде болуы, бұл әрекеттесуден жасөспірімдер адамгершлік құнды білімдер мен тәжріибелер алуы тиіс. Педагогтар, оқушылар ұжымдары, мектептегі материалдық, моралдық-психологиялық орта, құндылықтар жасөспірімнің адамгершілік бейнесіне әсерін тігізеді.

Дегенмен, шынайы педагогикалық іс-тәжірибеде жасөспірімдер адамгершілік тәрбиесімен байланысты күрделі мәселелер айқын байқалады. БАҚ мен әлеуметтік желілер беттерінен жасөспірімдер арасында әртүрлі келеңсіз жағдайлар жиі кездесіп отырғандығын, бұл жағдайлар тіпті мектеп қабырғасында да кездесетіндігін оқу мүмкін. Егер мәселеге тереңірек қарайтын болсақ, шынайы күнделікті мектеп өмірінде де «өтпелі кезең» дәуірін бастан кешіретін оқушылардың адамгершілік қарым-қатынастары мәселесі ойдағыдан күрделі, байыппен қарайтын педагогикалық мәселе екендігін анықтау мүмкін.

Педагог-ғалым Г.Р.Шафикова қазіргі мектепте жасөсіпірімдердің адамгершілік қатынастарын қалыптастырудағы қарама-қайшылықтарға тоқталып, былай жазады: қазіргі таңда мектептегі білімдік орта «арақашықтыққа, монологиялыққа, кері байланыстың және ынтымақтастықтың болмауына тән ақпараттық-трансляциялық функцияны орындауға бағытталған; адамгершілік қасиеттерді дамытудың практикалық қажеттілігі арасында қоғамның адамгершілік құндылықтарға бағдарланған және адамгершілік қатынастарды орнатуға қабілетті мектеп түлегіне деген қажеттілігі мен оқушылардың қарым-қатынастарының мектептің әлі де сақталып отырған бағыты мен психология ғылымында жеткіліксіз көрінуі арасындағы қайшылықтар байқалады» [2].

Автор бойынша мектептің білім беру ортасында «жасөспірімдердің адамгершілік қатынастарын дамыту мына жағдайларда тиімді болады:

- жасөспірімдердің адамгершілік қатынастарын дамытудың ғылыми проблемасының, мақсаттың және жетекші идеяның теориялық-әдіснамалық негіздемесін қамтитын, жасөспірімдердің осындай қатынастарын қалыптастыру моделін әзірлеу тәсілін (тұжырымдама) белгілейтін практикаға бағдарланған моделі әзірленіп іске асырылса;

- жеке адамның адамгершілік қатынастарының жасына қарай дамуының заңдылықтары мен факторлары ескерілсе;

- - білім беру процесі субъектілерінің оқу-педагогикалық ынтымақтастығы негізінде оқу және оқудан тыс қызметте оқушыларды гуманистік құндылықтарға баулуды қамтамасыз ететін педагогтар жұмысының арнайы ұйымдастырылған жүйесін қамтитын мектептің осындай білім беру ортасы құрылса;

- мектептің білім беру ортасында әмбебаптандыру, дамытушы оқыту, адамгершілік құзыреті, субъектілік қағидаттарына және иерархиялылық, тұтастық, белсенділік, акмеологиялық, доминанттылық, модельділік, орнықтылық сияқты жүйе белгілеріне сәйкес педагогикалық білім берудің осындай ортаның педагогикалық әлеуметтік-мәдени, психологиялық, дидактикалық компоненттерін ерекше ұйымдастыру арқылы білім берудің әлеуметтік-коммуникативтік, ақпараттық-таратушы, мәдени бағдарлаушы функциялары іске асырылса;

- педагогтың жұмыс жүйесінің компоненті болып табылатын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бағдарламасы іске асырылса, ол білім беру ортасы субъектілерінің гуманистік өзара іс-қимылын жандандыра отырып, оқушыларға өзін және басқаларды бағалау критерийлеріне айналатын құндылықтарды беруді, қоршаған шынайылықпен байланыстарды әмбебаптандыру және гуманистік құндылықтарды саралау бағытында адамгершілік мінез-құлық тәжірибесін және мағыналық бағдарлымдарды қалыптастыруды қамтамасыз етеді" [2].

Психологиялық педагогикалық әдебиетерде жасөсіпірімдердің адамгершілік қатынастарын қалыптастырудың түрлі аспектілері зерттелінген. Оқушылардың адамгершлілік тұрақтылығын қалыптастыру (И.П.Павлова[3]), әртүрлі типтегі жасөспірімдердің адамгершілік қатынастарын диагностикалау (Е.А.Плеханова, Г.Р.Шафикова[4]), спорттық іс-әрекет арқылы жасөсіпірімдердің адамгершлікі қатынастарын қалыптастыру (И.Л.Журкина[5]), білім беру мекемелерінде девиантты мінез-құлықты жасөспірімдердің адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу (М.Багишева[6]) т.б.

Мектептің білім беру ортасының жасөспірімдердің адамгершілік қарым-қатынастарын дамытудағы тәрбиелік әлеуеті айқындалады:

- жалпы білім беретін мектептегі білім беру мазмұнының тәрбиелік бағыттылығымен. Қазақстан Республикасы жалпы білім беру ұйымдарында жаңартылған білім беру мазмұны жалпы және пәндік оқу мазмұны арқылы оқушылардың адамгершілік тәрбиесі міндетеріне ерекше бағыт-бағдар береді.

- Оқу пәндері бағдарламаларында адамгершілке тәрбиелеу әлеуеті, негізінен қоғамдық-гуманитарлық пәндерде көбірек көрініс тапқан болса да, бұл бағыттағы міндеттер барлық пәндер мазмұнының зейін ортасынан орын алғандығы мәлім [7].

- оқу процесінде оқушыларды адамгершлік қатынастарға қосу, оқытудың тәрбиелік міндеттерін іске асыру әдістері мен тәсілдерін пайдалану (оқуға деген жауапкершілік, танымдық белсенділік, командалық оқу жұмыстарындағы пайдалы қарым-қатынас, өзара көмек пен ынтымақтастық);

- адамгершлілік ағарту жұмыстары (жасөсіпірімдерге адамгершлікі нормалары туралы түсініктерді іс-әрекеттің түрлі тәсілдері арқылы беру. Мысалы, викториналар, танымдық және рөлдік ойындар т.б.);

- арнаулы тәрбиелік жағдаяттарды модельдеу және іске асыру (сабақтарда, сыныптан тыс іс-әрекет түрлері арқылы жасөспірімдерді адамгершілік қатынастарға кірістіру);

- оқушыларды шынайы жағдайларда адамгершілік қатынастарға ендіру (қоғамдық пайдалы іс-әрекет, еріктілік жұмыстары арқылы құрдастары, ересектермен адамгершілік қатынастарға кірісуі).

Қорыта келе, мектептің білім беру ортасының жасөспірімдердің адамгершілік қарым-қатынастарын дамытудағы тәрбиелік әлеуеті жалпы білім беру мазмұны, пәндік оқу бағдарламаларында көрініс тапқан адамгершлікке тәрбиелеу идеялары, оқу процесіндегі «педагог-оқушылар», «оқушы-оқушы» қарым-қатынас жүйелерінің адамгершілік нормаларына негізделуіне, әртүрлі тәрбиелік жағдаяттар, қарым-қатынас формаларын ұйымдастыру мүмкіндіктері, сыныптан тыс тәрбие жүйесінің, мектептен тыс тәрбие жұмыстарының адамгершілік құндылық бағдарлануымен сипатталады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат //http://106.alschool.kz/attestacija/normativtk-zhattar/3936.
2. Шафикова Г.Р. Развитие нравственных отношений подростков в образовательной среде школы // Дисс... канд.пед. наук.- Казань, 2014.-515 с.
3. Павлова И.И. Формирование нравственной устойчивости у подростков //ИТС,2006.-№2./https://cyberleninka.ru/article/n/formirovanie-nravstvennoy-ustoychivosti-u-podrostkov.
4. Плеханова Е.А., Шафикова Г.Р. Диагностика нравственных отношений у подростков разных личностных типов //Педагогический журнал Башкортстана, 2011.-№4 //https://cyberleninka.ru/article/n/diagnostika-nravstvennyh-otnosheniy-u-podrostkov-raznyh-lichnostnyh-tipov
5. Журкина И.Л. Формирование нравственных отношений подростков в спортивной деятельности // Автореф...дисс. канд.пед.наук.- Магниттогорск, 2000 /http://www.dslib.net/obw-pedagogika/formirovanie-nravstvennyh-otnoshenij-podrostkov-v-sportivnoj-dejatelnosti.html.
6. Багишева М. Воспитание нравственных качеств у старших подростков с девиантным поведением в образовательных учреждениях //https://znanio.ru/media/vospitanie-nravstvennyh-kachestv-u-starshih-podrostkov-s-deviantnym-povedeniem-v-obrazovatelnyh-uchrezhdeniyah-2631925.
7. Развитие нравственной сферы личности подростка средствами социально-психологического тренинга //https://dogmon.org/razvitie-nravstvennoj-sferi-lichnosti-podrostka-sredstvami-soc.html?page=2

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ОЙЫН АРҚЫЛЫ ЖЕТІЛДІРУ

**Алдан Сауле Нәзірқызы**
Түркістан облысы, Ордабасы ауданы
Ө. Тұрманжанов жалпы білім беретін мектебі КММ
мектепалды сынып педагогі

***Резюме***

*В данной статье рассматриваются развитие познавательной деятельности учащихся начальных классов через игры*

***Summary***

*In this article is given information the development of cognitive activity of primary school students through games.*

Рухани жаңғыру адама баласының оның ішкі әлемінің жаңаруы, сана-сезімі жаңа өзгерістерді қабылдай білуі. Рухани жаңғыруды өркениеттің өрге жүзуімен байланыстырамыз. Тарих сахнасына көз жүгіртсек өскен ұлттың өрби түсуіне осы «рухани жаңғыру» дәлел. Көне замандағы көрікті қалаларымыз, сән салтанатты таласқан озық ескерткіштеріміз, мәдени мұраларымыз бұртартпас айғақ болып табылады.

Мектепалды даярлық топтарында оқытуды жетілдірудің жаңа технологиясын іздестіру жолында ғалымдар, жаңашыл педагогтар, мұғалімдер еңбек етуде. Олардың ғылыми еңбектерін зерттеу жұмыстарын саралағанда берік білім берудің, оқу белсенділігін арттырудың маңызды жолдарының бірі ойын элементтерін тиімді пайдалану екендігін байқатады. «Баланың ынтасын тарту үшін оқылатын нәрседе бір жаңалық болуы керек», - деп жазады Ж.Аймауытов.

Ойын түрлерін сабақта тиімді пайдалану қазақ тілінен беріліп отырған білімді аса зор ықыласпен тыңдап, білімді берік меңгеруіне көмектесті. Өйткені бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне байланысты олар ойынға өте ынталы келеді. Ойын барысында балалар тез сергіп, тапсырманы жылдам, дәл орындауға тырысты. Ойынның негізгі мақсаты – баланы қызықтыра отырып білімді берік меңгерту болса, мұғалімнің міндеті – сол ойын түрлерін пайдалана отырып, оқушыларды өздігінен жұмыс істей білуге, ой белсенділігі мен тіл байлығын арттыра түсуге түрлі дағды мен шеберлікті меңгертуге қол жеткізу. Оқу үрдісінде ойын түрлерін пайдалануым – бағдарламада анықталған білім, білік және дағдыларды қалыптастыру, тиянақтау, бекіту немесе тексеру болып табылды. Сондай-ақ ойын түрлерін балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес түрлендіре отырып, жаңа тақырыпты өткенде, өтілген материалды қайталағанда, білімді тиянақтау және тексеру кезінде, яғни сабақтың кез келген сәтінде оқыту әдісінің құралы ретінде пайдаланып отырдым.

*Дидактикалық ойындар* арнайы мақсатты көздейді және нақты міндеттерді шешеді. Мұндай ойындарды ұйымдастыру төмендегідей екі мақсатты көздейді:

-*танымдық,* яғни балада тану, іздену әрекетін дамыту;

-*тәрбиелік*, яғни үлкендермен немесе өз тұрғыластарымен қарым-қатынас жасағанда қажетті негізгі дағдыларды, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру.

Дидактикалық ойындарды құруда мына негіздерге сүйендім:

1. Балалардың іс-әрекетінде ойын түрлерімен оқуды байланыстыру және біртіндеп қызықты, жеңіл ойындардан ойын тапсырмалар арқылы оқу-тәрбие мәселесіне көшу.
2. Ойынның шарты мен оқу міндеттерінің біртіндеп күрделенуі.
3. Берілген тапсырмаларды шешуде баланың ақыл-ой белсенділігінің күшеюі.
4. Оқу мен тәрбие мақсаттарының бірлігі.

Я.А.Каменский «Ұлы дидактика» деген еңбегінде 6 жастан 12 жасқа дейінгі жас кезеңін өнерлі және қамқорлық тәрбие мектебі деп атайды. Бұл кезеңдерде балаларды нақты, түсінікті ана тілінде білім беру керек. Сонымен қатар білім балалардың есінде қалатындай болуы тиіс. Бұл кезеңде балалар қиындықты сезінбейді, сол себептен оларға оқу әрекеті жеңіл болып көрінеді. Осыған орай бастауыш сынып оқушыларының оқу әрекетін жеңілдетудің бірден-бір құралы ретінде ойынды айтуға болады. Өзім сабақта жиі қолданатын ойындары назарларыңызға ұсынып отырмын.

*Ойын – саяхат.* Бұл әртүрлі танымдық материалды қарастырады. Әртүрлі іс-әрекетімен ашық бейнелермен қызықтырады. Ойындар арнайы дайындықты қажет етпейді. Ойын-саяхат табиғат мезгілдері, табиғат құбылыстары «ауыл», «қала», «көлік» сияқты ұғымдар туралы белгілерін бекітіп, ертегілер мен мультфильмдерге қызығушылықтарын дамытады. Бұл этюдтерде балалар тәтті

жемісті, нанды, ғажайып ағашты кезіктіреді. Педагог балалардың қабылдауын қалыптастырып сөздерін іс-қимылмен байланыстыра білуге үйретеді. Балалар шыршаны әшекейлеп, торт пісіреді. Бұл тұрмыстағы этюдтерді әртүрлі сабақтарда пайдаланамыз.

*Ойын - әңгіме.* Бұнда бала жанды немесе жансыз затқа айналады. Осы образда әртүрлі мәселе жағдайларды шешіп, кеңес беріп, айналадағы орта туралы сұрайды. Ойын арқылы еске сақтау қабілеттері диалогтік сөйлеу және ойлау қабілеттері дамып, мұқият болуға үйретеді. Дидактикалық ойындардың оқыту мазмұнына, танымдық іс-әрекет сипатына, ойын құрылымына сәйкес жіктемелері бар.

*Халық ойындарының* педагогикалық мүмкіндіктеріне сәйкес мынадай жіктемесі бар:

1. Білім беретін ойындар.
2. Тәрбиелейтін ойындар.
3. Дамытатын ойындар.
4. Жеке тұлғаны әлеуметтендіретін ойындар.
5. Диагностикалық ойындар.

Жоғарыда көрсетілген жіктемелердің барлығының мазмұны өте қызық және өзіндік ерекшеліктерге толы. Олар дидактикалық ойындардың жалпы мақсаты мен мазмұнына сәйкестендірілген. Бұл ойынның түрлерін бастауыш сыныптың оқыту үрдісінде кеңінен пайдалануға болады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1.Мемлекеттік мектепке дейінгі тәрбие және оқыту негізгі ережелері. Астана, 2008 ж.
2. «Отбасында баланы тәрбиелеу бағдарламасы».
3. Мектепалды дайындық бағдарламасы. Астана 2009жыл.
4. Тәжімұратова Ә. Шебердің қолы ортақ. Алматы Қазақстан 2010ж

## ТОПЫРАҚТЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

**Егенова Назгул Атаевна**
«Өрлеу» БАҰО» АҚ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша КДИ филиалы
«Психология, инклюзивті білім беру және кәсіби даму» кафедрасының аға оқытушысы
**Жуматаева Толганай Базартаевна**
Шымкент қаласы, №58 ЖОББМ география және тарих пәні мұғалімі

***Резюме***
*В статье рассматривается экологическое состояние почвенного покрова*
***Summary***
*The article deals with the ecological state of the soil cover*

Жер беті толық дерлік жұқа қабат топырақпен жабылған. Топырақ дегеніміз жердің аналық жынысы, өсімдіктер және жануарлар дүниелері қатысуымен, климаттың әсерінен мыңдаған-миллиондаған жылдар бойы қалыптасқан табиғи күрделі зат.

Мәңгілік мұздар, қарлар басқан, жанартаулар атқылаған жерде, жартастарда, құмда, қиыршық тастарда топырақ болмайды.

Жердің аналық жынысы мен топырақ қабаттары адамдардың, жәндіктердің, өсімдіктердің, жануарлардың тұратын, өсетін, өмір сүретін орны.

Топырақтың ерекше қасиеті - оның құнарлылығы. Осы қасиетімен ол жердің аналық және тау жыныстарынан айрықша тұрады. Құнарлық деп топырақта өсімдіктерге қажетті қоректік заттардың болуын айтады. Құнарлы топырақ сумен, ауамен және күн сәулесімен қосылып өсімдіктер өсуіне қажетті жағдай жасайды.

Топырақ адамдар үшін негізгі ауылшаруашылық өнімдерін беретін, оларды азық - түлікпен қамтамасыз ететін орын.

Қаншама техника алға басқанымен адамдар өздеріне керектің бәрін дерлік топырақтан алады. Теңізден, өзеннен, су қоймаларынан алатын қоректік заттар мөлшері онша көп емес.

Халықтың әл-ауқаты мен ауылшаруашылық өркендеуі топырақтың құнарлылығына байланысты.

Қазір адамдар өздеріне керек қоректік заттардың 88% егістік жерлерден, 10% ормандар мен жайылымдардан, 2% теңіз бен мұхит суларынан алады.

Топырақтың экологиялық жағдайын анықтайтын жалпы қасиеттерге:

1) топырақтың механикалық құрамы;

2) құрылысы;

3) ылғалдылығы;

4) қышқылдылығы жатады.

Топырақтың механикалық құрамы онда балшықтың, ұсақ тастардың, құмдардың, гендік және антропоидтық қосылыстардың болуымен сипатталады. Оның құрылысы өмір сүру процестеріне қажетті (тыны салу) тығыздылық пен ауаны анықтайды. Топырақтың ылғалдылығы өсімдіктің минералдық қоректенуіне себепші болады және барлық топырақ организмдері үшін қажетті қоршаған орта факторы болып табылады. Топырақтағы ылғалдылық ауаның антогонисті болып табылады, сондықтан ылғалдылықтың шектен тыс мөлшері, сондай-ақ оның аздығы зиянды болып келеді.

Топырақтың қышқылдылығы - ең негізгі экологиялық фактор. Ол жоғарғы сатыдағы өсімдіктердің және топырақ организмдерінің өмір сүру шартын, сондай-ақ топырақтағы ластаушылардың қозғалысын (бірінші орында металдар) анықтайды. Жоғарғы қышқылдылық кезінде ауыл шаруашылық өсімдіктерінің көп түрлерінің өсуі және дамуы баяулайды, микроорганизмдерінің өмір сүруі бұзылады. Жоғарғы қышқылдылық кезінде әк жұмыстарын жүргізу керек. Тұз ерітіндісінің pH көрсеткішін өлшеген кезде, топырақтың қышқылдығын анықтайды.

Топырақта тұздардың көп мөлшерде болуы, тез еритін минералдық тұздардың құрамының жоғарылауымен сипатталады. Бұл процесс топырақтың физикалық және химиялық қасиеттеріне кері әсерін тигізеді және өсімдіктің өсіп даму жағдайына қолайсыз жағдай туғызады.

Негізінде ащы (қатты тұзды) топырақ ауыл шаруашылық дақылдарын өсіруге жарамсыз болып табылады. Ащы топырақтарда өсірілген өсімдіктерде тұқымның бұғуы, гүлдеу, өсу, өнім төмендейді. Тұздың жоғарғы концентрациясы кезінде өсімдіктің өлуі мүмкін. Аса үлкен қауіп төндіретіндер: карбонаттар, хлоридтер, сульфаттар.

Тез еритін тұздар концентрациясын химиялық анализ жүргізу арқылы (карбонаттар, хлоридтер, сульфаттар) тұзды ерітіндіде анықтайды. Ауыл шаруашылық жерлерінің топырағы көп мөлшерде тұзды болса, арнайы гидромелиораторлық шараларды (жерді суландыру, дренаж, жуып тазарту) өткізу қажет. Антропогендік ықпал көбінесе топырақтың құрамының және құрылысының, сондай-ақ агроэкожүйе функциясының бұзылуына әкеледі. Бұл олардың табиғи жағдайынан мүлдем басқа жағдайға әкеледі.

Топырақ құнарлылығын төмендететін, жер ресурстарын бұзатын және ауылшаруашылық жер көлемін төмендететін процестер мен құбылыстарды төрт топқа бөліп қарастыруға болады:

1) топырақ жамылғысына қолайсыз әсерін жоюға болмайтын табиғи процестер. Олар: жер сілкінісі, жанартаулардың атқылауы, топырақ құламасы және т.б.;

2) топыраққа жағымсыз әсерін бірқатар жағдайда адам көмегімен тоқтатып немесе азайтуға болатын табиғи процестер. Кейбір жағдайларда адамдардың шаруашылық іс-әрекеттері бұл процестердің пайда болуын тежейді. Мысалы, су эрозиясы, теңіз, көл және су қоймаларының жағасын судың шайып кетуі, тау жыныстарының шөгінділері, су көшкіндері, сонымен қатар, топырақ құнарлылығын және шалғынды жерлердің беткі қабатын шайып кетіп, топырақты жарамсыз жағдайға әкелетін су тасқындарын тоқтату;

3) көп жағдайда адамдардың ретсіз шаруашылық іс-әрекеттерінің нәтижесінде туындайтын табиғи процестер. Яғни, бірінші кезекте су тасқындарының топырақтың беткі жер үсті қабаттарын қарқынды шайып кетуі, эрозия өнімдерімен құнарлы топырақты көму. Қозғалмалы құмның топырақты басып қалуы. Грунтты сулардың жоғары минерализациясында қуаңшылық жерлерде, дренажсыз артық суғаруға байланысты топырақтың екінші қайтара тұздануы. Су қоймаларының толуымен, жер асты суларының көтерілуі және тағыда басқа себептерге байланысты топырақтың балшықтануы;

4) антропогендік фактордың нәтижесінен, яғни толығымен адамдардың іс-әрекеттерінің нәтижесінен туындайтын құбылыстар. Бұл бірінші кезекте, көлік және ірі өндірістік кәсіпорындар жұмыстарының нәтижесінде атмосфераға түсетін уытты заттармен топырақтың ластануы.

Топырақты шамадан тыс, әсіресе қуатты, күшті техниканың көмегімен өңдеудің нәтижесінде топырақ қабаттарының өте қатты тығыздалуы және топырақ құрылымының бұзылуы. Пестицидтермен тыңайтқыштарды дұрыс қолданбаудан топырақ құнарлығының төмендеп, құрамының бұзылуы. Ірі қара-малды қарқынды ретсіз жаюдың нәтижесінде жайылымдық жерлердің бұзылуы. Қазба байлық кен орындарын өндіруден топырақ жамылғысының бұзылуы. Құрғату мелиорациясын бұрыс жүргізу нәтижесінен топырақтың шамадан тыс кебуі. Өндіріс қажеттігі үшін,

кәсіпоры жұмысының мақсатына бағалы сапалы жерлерді жұмсау. Адамдардың антропогендік іс-әрекеттерінің нәтижесінен топырақ жамылғысының бұзылуы бірнеше зардаптарға әкеледі, олар:

1) жер және топырақ деградациясы;
2) жердің химиялық заттармен ластануы;
3) қоқыс және зиянды қалдықтармен топырақтың ластануы;
4) қалдық қоқыстарды төгуге рұхсат етілген жерлер көлемінің артуы.

Жер және топырақ деградациясы төмендегі әрекеттердің нәтижесінде пайда болады:

1) ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы;
2) құрылыс және тау-кен өндіру;
3) рекреациялық жерлер және т.с.

Топырақтың химиялық заттармен ластануының негізгі себептері:

1) әртүрлі қауіптілік кластарына жататын қалдықтарды ретсіз төгу;
2) ағызынды суларды және және әртүрлі химиялық заттарды топыраққа төгу;
3) ластанған су көздерінен ауыл шаруашылық жерлерін суғару;
4) топыраққа, құрамында зиянды химиялық заттармен ластанған жауын-шашынның түсуі.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ю.С. Юсфин, Л.И. Леонтьев Промышленность и окружающая среда, М. 2002 год
2. Асқарова У. Б. Экология және қоршаған ортаны қорғау А. 2004
3. Молдахметов З.М., Газалиев А.М., Фазылов С.Д. «Экология негіздері». Қарағанды, 2002
4. Дарибаева А.О., Оразбаева Р.С. «Экология негіздері». Астана, 2001
5. Ә.Бейсенова, А. Самақова «Экология және табиғатты тиімді пайдалану» Алматы, 2004
6. Оспанова Г.С. Экология А. 2002ж.

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА АТА-АНАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСТЫҢ ФОРМАСЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

**Молдабаева Балжан Анарбековна**
Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолоққорған ауылы "Ертөстік "бөбекжай бақшасы МКҚК әдіскері

***Резюме***

*В данной статье рассматриваются методы и формы взаимодействия педагогов дошкольных организаций с родителями воспитанников*

***Summary***

*The article is given information the methods and forms of interaction between teachers of preschool organizations and parents of children.*

Мектепке дейінгі білім беру жүйесін жаңарту, ондағы гуманизациялау және демократияландыру үрдістері мектепке дейінгі ұйымның отбасымен қарым-қатынасын белсендіру қажеттілігіне әкелді.

Отбасы – балаға «эмоционалдық тылда» психологиялық қорғау беретін бірден-бір алғашқы социум. Отбасының маңызы мектепке дейінгі жастағы балалар үшін ерекше. Әрбір бала өз ата-анасынан, әжесі мен атасынан, бауырларынан ерекше сүйіспеншілік күтеді: яғни оны үлгілі тәртібі мен қылығы үшін емес, қандай болса солай сүйгенін қалайды.

Бала үшін отбасы – бұл қоғамдық тәжірибенің көзі. Отбасында ол өзі еліктейтін үлгілер табады, мұнда ол әлеуметтік туылады. Егер біз адамгершілігі зор, дені сау ұрпақ тәрбиелегіміз келсе, онда бұл мәселені «бүкіл әлеммен»: балабақша, отбасы, қоғам болып шешуіміз қажет.

Мектепке дейінгі ұйымдардың басты мақсаты – отбасында баланы тәрбиелеуге кәсіптік көмек беру, оны ауыстырмай, тәрбиелік функцияларын жүзеге асыруды толықтыру және қамтамасыз ету арқылы жүргізу. Бұл:

- баланың қызығушылығы мен қажеттілігін дамыту;
- бала тәрбиесіндегі тұрақты өзгеретін жағдайларда ата-аналар арасындағы міндеттер мен жауапкершіліктерді бөлу;
- отбасындағы әртүрлі ұрпақ арасындағы қарым-қатынастың ашықтығына қолдау көрсету;
- отбасы өмірінің бейнесін жасау, отбасылық дәстүрлерді формалау;
- баланың жекелігін қабылдау және түсіну, балаға бірден-бір жеке тұлға ретінде сену және сыйлау.

Жоғарыда айтылған отбасылық қатынастарды жүзеге асыру үшін келесі тәрбиелік міндеттерді орындау бойынша жұмыстар жүргізілу қажет:

- біріншіден, баланы және ата-ананы сыйлауға тәрбиелеу;
- екіншіден, ата-аналармен олардың отбасылық шағын ортасын зерттеу үшін біріге әрекет жасау.

Мектепке дейінгі ұйым мен отбасы арасында сенімді қарым-қатынас құру үшін педагогтың бала отбасына үнемі зерттеу жүргізгені жөн. Бұл үшін ата-аналар жасындағы айырмашылықты, олардың білімін, ортақ мәдени деңгейлерін, сондай-ақ, ата-аналардың жеке ерекшеліктерін, олардың тәрбиеге көзқарастарын, отбасылық қатынастардың мінездемесін, т.б. білу қажет.

Сонымен бірге, балабақшаның отбасына үнемі ашық, яғни олар қалаған кезінде өздерінің мәселелерін талқылауға, консультация мен көмек алатындай болғаны жөн.

Педагогтың жұмысы ата-анамен және балалармен жұмысқа үйлестірілген болуы міндетті.

Тәрбиешілер мен ата-аналар арасында іскер әріптестік үшін жағымды қарым-қатынас орнағаны жөн. Педагог ата-аналармен жұмыста олар қызыға қатыса алатын, бала бейнесінің жағымдылығын қалыптастыратын жұмыстар өткізуі қажет.

Ата-аналарда баланың жағымды бейнесін формалау үшін отбасында айтылмайтын, ата-анасы күтпеген, олар үшін қызықты ақпаратты хабарлайды. Бұл баланың құрбыларымен тіл табысудағы ерекшелігі, оның еңбекке деген қатынасы, іс-әрекеттерінің жетістіктері болуы мүмкін.

Педагогты бала тәрбиесіндегі отбасы мәселелерімен таныстыру өте маңызды. Бұл кезеңде тәрбиешілер ата-аналармен диалог жүргізеді, отбасымен сөйлескенде тек жағымды жақтарын емес, бала қылығындағы қиыншылықтар, кедергілер туралы да айтады.

Ата-аналармен жұмыс формалары:

Бүгінгі күні ата-аналар педагогикалық білімін ағартудың дәстүрлі емес, жаңашыл деп саналатын әртүрлі әдістері мен формалары қолданылып келеді: көрнекі насихаттау; on-line бақылау; отбасына қатынау; консультациялық пункттер; ата-аналар жиналысы; әңгімелесу мен консультациялар; ата-аналар конференциялары; ауызша журналдар; сауалнама жүргізу; ашық есіктер күні; дөңгелек үстелдер; клубтар ұйымдастыру; біріккен бос уақыттар; іскер ойындар ұйымдастыру және т.б.

Мектепке дейінгі ұйымның ата-аналармен жұмыс қабылдауы әртүрлі: жанды сөз, тәрбие жұмыстарын көрсету, ата-аналар үлгісі және т.б. Ата-аналармен жұмыстың барлық түрлері ұжымдық, жекелік және көрнекі-ақпараттық болып бөлінеді.

Ата-аналармен ұжымдық жұмыс түріне өздеріңізге таныс белгілі іс-шаралар жатады.

Біріншіден, бұл - ата-аналармен жұмыстың тиімді формасы болып табылатын ата-аналар жиналысы. Ата-аналар жиналысында топтың тіршілік әрекетінің мәселелері талқыланады. Ата-аналар жиналысына дайындық кезінде келесі ережелерді ұстану қажет:

- жиналыс мақсатқа бағытталған болуы;
- ата-аналардың өтініші мен қызығушылығына жауап беру;
- нақты белгіленген тәжірибелік мінездеменің болуы;
- диалог түрінде өткізілуі;
-жиналыста бала кемшілігін және бала тәрбиесіндегі ата-аналардың қателіктерін жарияламау керек.

Ата-аналармен жұмыста педагогикалық консилиумдарды қолдану керек. Консилиум құрамына меңгеруші, негізгі қызмет бойынша меңгерішінің орынбасары, тәрбиеші, педагог-психолог, мұғалім-логопед, бас медбике, ата-аналар комитетінің мүшелері. Консилиумда отбасының тәрбиелік потенциалы, оның материалдық жағдайы және отбасындағы бала статусы талқыланады. Консилиум жұмысының қорытындысы бала тәрбиесінде ата-аналарға көмек мөлшерін анықтау, ата-аналар әрекетінің жеке коррекциясына қарай бағдарламалар әзірлеу болуы мүмкін.

Бүгінгі күні зерттеу – жобалық, рөлдік, имитациялық және іскер ойындар сияқты ата-аналармен жұмыс формаларына көп мән берілуде. Бұл ойындар үрдісінде белгілі бір білімді меңгеріп қана қоймайды, әрекеттің, қатынастың жаңа моделдерін құрастырады. Талқылау үрдісінде ойынға қатысушылар мамандардың көмегімен жағдайларды бар жағынан сараптауға және тиімді шешім қабылдауға тырысады.

Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыратын формалардың бірі – ата-аналар конференциясы. Бұл форманың бағалылығы, мұнда ата-аналармен бірге қоғамдастық та қатысады. Конференцияға педагогтар, аудандық білім бөлімінің қызметкерлері, медициналық қызмет өкілдері, бастауыш сынып мұғалімдері, педагог-психолог және т.б. қатыса алады.

Ата-аналармен жұмыстың бір формасы - тренингтер. Тренингтік ойын жаттығулары мен тапсырмалары баламен іс-әрекеттің әртүрлі тәсілдеріне баға беруге, жағымсыз формаларды

конструкциялыққа ауыстыруға көмектеседі. Ойын тренингіне тартылған ата-ана баламен сөйлесуді бастайды, жаңа шындыққа жетеді.

Заманауи кезеңдегі тағы бір қызықты формалардың бірі – әртүрлі конкурстарды – сұрақтар мен жауаптар кештерін өткізу болып табылады. Бұл форма өзінің педагогикалық білімін нақтылауға, оларды практикада қолдануға, жаңалықты білуге, бір-бірімен білімін толықтыруға, бала дамуындағы кейбір мәселелерді талқылауға мүмкіндік береді.

Ата-аналармен жұмыстың маңызды сәті – үй педкеңестері, лекциялар, ауызша журналдар, ашық есік күндері, әкелер, әжелер, аталар клубы, практикумдар және т.б. болуы қажет.

Отбасы мен балабақша өзара іс-әрекетінің басты формаларының бірі әрбір ата-анамен жеке жұмыс болып табылады. Бұл форманың артықшылығы, отбасын зерттеу, ата-аналармен сұхбат (әрқайсысымен жеке-жеке), ата-аналардың балалармен топта, үйдегі әңгімелесуін бақылау арқылы педагогтардың баламен біріккен іс-әрекеттің нақты жолдарын белгілеуінде.

Тәрбиешінің ата-аналармен сұхбаты – педагогтың отбасымен байланысының қолжетімді формасы. Сұхбат келесі талаптарды қамтуы қажет: нақты және мазмұнды болуы; баланы тәрбиелеу мен оқыту сұрақтары бойынша ата-аналарға жаңа білім беру; педагогикалық мәселелерге қызығушылығын ояту; бала тәрбиесіне жауапкершілік сезімін арттыру.

Ата-аналармен дифференциалдық жұмыстың бір формасы консультациялар болып табылады. Консультациялар сұхбатқа ұқсайды. Айырмашылығы, әңгімелесу – бұл тәрбиеші мен ата-ана диалогы, ал консультация жүргізе және ата-ана сұрағына жауап бере отырып, педагог кәсіптік көмек беруге тырысады.

Педагогтың ата-анамен жұмыста көрнекілік насихаты да маңызды рөл атқарады. Мақсатқа бағытталған және жүйелі қолданылған көрнекі құралдар балабақшадағы тәрбиелеу әдістерімен, мазмұнымен, міндеттерімен ата-аналарды таныстыруға және отбасына практикалық көмек беруге ықпал етеді. Педагогикалық практикада көрнекіліктің әртүрлі түрлері қолданылады: натуралық, бейнелеушілік, сөздік-бейнелік, ақпараттық.

Ақпараттық насихаттаудың мысалы - ата-аналар бұрышы. Ата-аналар бұрышының материалдарын мазмұны бойынша екі бөлімге бөледі:

- ақпараттық сипаттағы материалдар (ата-аналарға арналған ереже, күн тәртібі, әртүрлі сипаттағы хабарландырулар)
- балабақша мен отбасында бала тәрбиесі сұрақтарын жариялайтын материалдар.

Онда баланы дамыту мен тәрбиелеу бойынша ағымдағы жұмыс көрінеді. Ата-аналар балаларының бөлмесін немесе бұрышын қалай жабдықтауды көрнекі түрде көре алады, сұрақтарына жауап алып, жақын арада қандай консультациялар болатындығы туралы біле алады.

Ата-аналармен жұмыстың тиімді формасы әртүрлі көрмелер болып табылады. Мысалы, балалар жұмыстарының формасы: бала суреттері, қолдан жасалған ойыншықтар, балалар кітаптары, альбомдары және т.б. Көрмелер сонымен бірге ата-аналарға бағдарламаның маңызды тарауын жариялау үшін мысалы: «Отбасы мен балабақшада балалардың бейнелеу іс-әрекеті», «Ойыншықтар және оның тәрбиелік рөлі» тақырыбында өткізілуі мүмкін

Балабақшада бейне бақылаулар жүйесін орнату ақпараттық технологиялардың жаңа формасы. Балабақшада On-line бақылаудың қажеттілігі – қазіргі уақыттың шындығы. Баспа жолдарында балалармен өрескел қарым-қатынастар, қызметкерлердің жағымсыз қылықтары жиі жарық көреді және олардың қылмыс әрекеттері сот залына дейін жетіп жүргені шындық...

Мұндай жағдайда ата-аналар балаларын толық күнге педагогтарға қалдыруға сенімсіздік танытады. Қазақстанда балабақшаларға бейне бақылау камераларын орнатудың инициаторлары білім беру басқармалары болып табылады. Балабақшада бейне бақылау камераларын орнатудың көмегімен үш негізгі мәселе шешіледі:

- бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету – балабақшаның ішкі және сыртқы территорияларын бақылауға болады;
- педагогтармен даулы жағдайларды шешу. Камерада сақталған жазбалар даулы сәттерде ата-анаға бала немесе педагог жағына шығуға мүмкіндік береді;
- білім беру шарттарын ұсынудың сапасын бақылау. Бұл балабақшалардың көпшілігі ақылы негізде болғандықтан бүгінгі күні өзекті. Ата-аналар не үшін ақы төлейтіндігін білуге тиіс!

Ақпараттық параққа ата-аналарға арналған жаднамалар, ата-аналардың өздері көрнекілейтін қабырға газеті де жатады. Газетте ата-аналар отбасы, бала өмірінен қызықты оқиғаларды белгілейді, бала тәрбиесі туралы тәжірибелерімен бөліседі. Мысалы, «Отбасының демалыс күні», «Менің анам», «Менің әкем», «Мен үйдемін» және т.б.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ата-аналарға арналған консультациялық пункттің қызметін ұйымдастыруға қойылатын талаптар: әдістемелік нұсқаулық, – Астана, 2013. – 20 б.
2. Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналармен жұмыс формалары мен заманауи модельдері: әдістемелік ұсынымдар. – Астана, 2013. –26 б.

## ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХИ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ ДАМУЫНА ЫҚПАЛЫ

**Шалтаев Берік Сейтбатқалұлы**
Алматы қаласы, №149 ЖББ мектебінің
тарих және құқық негіздері пәні мұғалімі

***Резюме***

*В данной статье рассматривается влияние великого шелкового пути в развитии городской культуры Казахстана*

***Summary***

*In this article is given information the influence of the Great Silk Road to development the urban culture of Kazakhstan*

Азия мен Еуропа арасын жалғаған көпір тәрізді болған Ұлы Жібек жолының тарихи рөлі тек басты сауда жолы болуымен ғана шектелмейді. Көне керуен жолдары арқылы бейбіт сауда керуендерімен қатар саяхатшылар да, айналасына ажал уытын сеуіп, гүлденген қалаларды тып-типыл еткен шапқыншылар да өткен, әлемдік діндердің қатарына енетін ислам мен христиан, буддизм таралған. Сондай-ақ қазіргі кездегі ғылыми зерттеулер бұл күретамыр жолдың мәдени, ғылыми ақпараттарды алмасу құралы ретінде Еуразия халықтарының рухани мәдениетін дамытуда аса маңызды қызмет атқарғанын дәлелдейді.

Тарихи деректер бойынша, Ұлы Жібек жолы арқылы алғаш рет император У-Дидің тапсыруымен Батыстың белгісіз елдеріне аттанған қытайлық дипломат Чжан Цянь (б.з.д. 103 жыл) жүріп өткен. Ол қытайдың ішкі аудандарынан Орталық Азияға қарай өтіп, одан қазіргі Ауғаныстан жеріне дейін жеткен. Қытай елшісінің соңынан іле-шала жібек артқан керуендер Батысқа қарай бет алған. Қайтар жолында Жерорта теңізі жағалауындағы елдерден, Таяу Шығыс пен Орта Азия жерінен өздеріне таңсық тауарларды тиеп қайтқан.

Осы жолмен жүріп өткен саяхатшылардың тағы бірі — қытайлық тақуа Сюань Цзянь (б.з. ІІІ ғасыр). Ол буддизмді тарату мақсатымен Орта Азияны басып, Үндістанға дейін барған. Кейін сол жолмен қайтып оралған. Оның жолжазбасына сүйене отырып талдау жасаған көптеген зерттеушілер саяхатшының қазіргі Ыстыккол, Тоқмақ, Мерке, Тараз аркылы Ташкентке бет алғанын жазады.

569 жылы жібек жолының Оңтүстік Қазақстан жеріндегі тармағымен Византия императоры ІІ Юстианның түрік қағаны Дизавулге жіберген елшілігі жүріп өткен, оны Земарх басқарған. Земархтың бағыты Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалауымен Орта Азияға өткен. Елшілердің Тараз қаласына тоқтағаны жөнінде жазбалар бар.

Орта ғасырда алғашқылардың бірі болып, саяхатшылар легін бастаған қытайлық діндар Чань-Чунь (1220-1224 жж.) оз жазбаларында географиялық деректер келтірген. Ол Шу мен Талас өзендерінің аралығын мекендеушілер егіншілікпен қоса жібек құртын өсірумен, шарап жасаумен айналысатынын айтады.

XIII ғасырдан бастап монғолдар жаулап алған мемлекеттерде экономикалық және саяси-әкімшілік ахуалдың жақсара бастауы Қытай мен Еуропа арасындағы қатынастардың қайта жандануында себепші болған. Ендігі жерде Еуропа елдерінен "Ұлы ханға" елшілер легі ағыла бастайды. Олардың маршруттары талай сынды көрген байырғы Жібек жолы арқылы өткен.

Көне тарихтың куәгері тәрізді бағалауға болатын заттық мәдениет үлгілерінің де ғылыми-танымдық маңызы зор. Ұлы Жібек жолының бойындағы ежелгі қалалардың орнынан халықтардың тұрмыс-тіршілігінен, сол кездегі қоғамдық-экономикалық жағдайынан сыр шертетін бағалы бұйымдар табылуда. Мысалы, Қазақстан жерінен табылған мұралардың арасында Қытайда жасалған тиын ақшалар, жібек маталардың қалдықтары, фарфор ыдыстар кездеседі. Бұл Жібек жолы бойындағы халықтар арасында мәдени ақпарат алмасу болғанын дәлелдейді.

Сан ғасырлық керуен қатынасы жол бойында сауда мен қолөнердің, суармалы егіншіліктің күшті дамуына себепші болды. Егіншілікті шұраттар жергілікті халықты ғана емес, сауда керуендерін де азық-түлік түрлерімен қамтамасыз еткен. Сол кездегі ауыл шаруашылығы географиясын талдасақ, көптеген тарихи деректер оның маманданған тауарлы сипаты болғанын дәлелдейді. Мұның өзі — Жібек жолы бойындағы елді мекендерде нарықтық шаруашылық-сауда қатынастары керуен жолдары бойындағы қалалардың мамандану сипатын анықтап берді. Сонымен, Ұлы Жібек жолы Қазақстанның Оңтүстік өңірінде феодаддық-қалалық мәдениеттің дамуына шешуші ықпал етті деуге болады.

Ұлы Жібек жолы бізге белгісіздеу болып келген еліміздің тарихи шежіресімен қатар көне тарихының беттерін қайта ашуға және ұмыт бола бастаған геофафиялық атаулар арқылы байырғы табиғаттың өзгеру тарихын қазіргі экологиялық аймақтармен салыстырып, олардың заңдылығын білу де маңызы зор. Жібек жолы жер тарихы мен ел тарихының сабақтастығын ашады.

Сонымен, қорыта келгенде, б.з.д. I мыңжылдықтың орта кезеңінен "Дала жолы" деген жол болғаны әлемге белгілі. Тарих атасы Геродоттың жазбаларына қарағанда бұл жолдың торабы Қара теңіз жағалауынан Дон жағасына дейін, одан әрі савроматтар мекендеген Орал тауы етегінен Ертіске, Алтайға, содан Жоғарғы Ертіс пен Зайсан көлін мекендеген афиппийлер еліне қарай созылады. Бұл жолмен былғарылар мен терілер, иран кілемдері, құнды металдардан жасалған бұйымдар ерсілі-қарсылы тасылған.

Ол кезең жібек жасап шығару және онымен сауда жасау кезеңі еді. Әсіресе біздің дәуірімізге дейінгі VI—V ғасырларда қытай жібегі басқа елдерге, оның ішінде Батысқа да шығарылған. Бағалы жібектерді тарату ісіне сақтар мен скифтердің көшпелі әулеттері де атсалысады. Қымбат тауар Орталық Азия мен Жерорта теңізіне дейін тарайды.

Керуендер Жібек жолымен Испиджабтан Таразға, Шараб, Будухет, Керуен-Сарай, Тамга (Тамтадж), Абартат (Абардадж) қалалары арқылы жүрген. Тараз қаласына сол арқылы керуендер жететін. Тарихи деректерде Тараз "көпестер қаласы" деп те аталады. Сонымен бірге Тараз кейін қарлұқтар мен қарахандардың да сауда-саттық орталығы болған .

Ұлы Жібек жолы - Жерорта теңізінен Қытайға дейін Еуроазияны көктей өтіп жатқан керуен жолдарының тоғысқан тоқсан торабы. Орта ғасырдағы осы аймаққа орналасқан елдердің сауда және мәдени байланыстарының аса маңызды қарым-қатынас жолы.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Гумилев Л.Н. Көне түріктер. Алматы. "Білім". 1994.
2. Дәулетханов Әбілғазы. Түркеш қағанаты. Авторефераты. Алматы. 2002.
3. Комеков Б.Е. Қыпшақ қағандығы. "Қазақ тарихы". 1993. N1.
4. Қоңыратбаев Ә. Қазақ халқының этногенезі. Ақиқат. 1992-МІ.
5. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. Алматы. "Атамұра". 1999.
6. Аманжолов К. Р. Түркі халықтарының тарихы. 1-том. Алматы. "Білім". 2002.


## ОЙЫН ӘРЕКЕТІ АРҚЫЛЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАНЫҢ ОЙЛАУ ПРОЦЕСІН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ


**Нуржаувова Салтанат Адилхановна**
Түркістан облысы, Сауран ауданы,
«Алтын ұя» бөбекжай- балабақшасы МКҚК тәрбиешісі
**Егенова Айгуль Атаевна**
Алматы қаласы, КГУ "Арнайы N°13 бөбекжай-балабақшасы"тәрбиешісі



***Резюме***

*В данной статье рассматривается понятие игра и ее влияние на развитие способностей детей дошкольного возраста*

***Summary***

*This article discusses the concept of play and its influence on the development of the abilities of preschool children*


Ойлаудың негізгі принциптері мен амалдарын пайымдай білу тек логикалық ойлауды ғана емес, сондай-ақ басқа да ойлау дағдыларын дамытып, жетілдіруге көмектеседі. Логика ғылымның өз

заңдары, дәстүрлері мен дау-дамайлары, бар өзіндік бір ерекше дүние деуге болады. Логика – дұрыс ойлаудың заңдары туралы, жүйелі де дәлелді түрде пайымдауға қойылатын талаптар туралы ғылым. Анықтама, жіктеп-саралау, дәлелдеме, бекерлеу, жалпылау, сияқты логикалық амалдарды әрбір адам өзінің ойлау қызметінде ұдайы қолданып отыр.

Ойлау – құпиясы мол дүниені әр қырынан тануға, мәселені тереңнен түсінуге мүмкіндік беретін аса күрделі жан қуаты. Сөйлеумен тығыз байланысқан ойлау ми қызметінің нәтижесі.

Ойлау – сұраққа жауап қайтарудан, мәселені шешуден, оның мәнісіне түсіне білуден жақсы байқалады.

Ойлану – түрлі тәсіл, амал-операциялардан тұрады. Олар: анализ (талдау), синтез (жинақтау), жалпылау, нақтылау, абстракциялау, жүйелеу т.б.

«Ойлау», «ой», «ойлану» ұғымдары - әрқайсымыз күнде айтатын «ақыл» деген сөздің синонимі. Ақыл – ойлау процесіндегі ұғымдылық пен тапқырлыққа байланысты қасиет. Ойлану үшін білім керек. Бірақ білім бардың бәрі бірдей ақылды боп келе бермейді. Ақылдылық білімді тәжірибе жүзінде дұрыс пайдалана, қорыта білумен байланысты. [1]

Халық ұғымында ақылдылық – ерен еңбектің жемісі. Ақылды болу үшін көп үйреніп, көп оқып, оны миға тоқып, көп білу қажет. Білім мен ақыл – егіз, ақылдылық қымбат қасиет, оны ерекше қадір тұтқан абзал.

Ақылдың жақсы қасиетінің бірі – оның ұшқырлығы. Бұл мәселені тез шеше алу, ойға сергектік, белсенділік. Мұндайлар орынсыз асып-саспайды, ылғи да жағдаймен санасады, үнемі жаңаны аңғаруға, заттың әр қырынан көруге дайын тұрады. Дамытатын танымдық ойындарға психологиялық талдау көрсеткіші арқылы ішкі теориялық іс-әрекет қатарының жалпы күші мен сыртқы практикалық іс-әрекеттің жеке құрылымдық элементтер арқылы бір-біріне әсер етіп отыратындығы дәлелденеді. Мұнда, А.Н.Леонтьевтің сөзімен айтқанда, “Сыртқы практикалық іс-әрекет пен ішкі іс-әрекеттің арасындағы бірлік құрылымына ешқандай шек қойылмайды. Психологиялық мәнділігі жағынан олар бір-бірімен тең болады, бірақ әрбір жеке адам оларды қоршаған ортамен әр түрлі байланыстырады, ол байланыстыру сол адамның зат пен құбылыстың мәнділігін түсіну процесіне негізделіп қабылданды”. [2]

Адамдар өз ұрпағын бесікке салғаннан бастап, оның ақыл-ойын ойдағыдай қалыптастырып, ойлау-сөйлеу жүйесін дамыту жолында өзіндік әдіс-тәсілдерді (ертегі, аңыз, жұмбақ, айтыс, терме т.б.) шебер пайдаланып отырған. Халық осы мақсатқа орай мақал-мәтелдерді де, кісіні ойлантып, толғантатын даналық сөздермен уағыздарды, жаңылтпаш, санамақтарды, шешендік толғаныстарды ұтымды пайдаланған.

Бұл түзету-дамыту бөлімнің мазмұнын меңгертуде мектепке дейінгі балалардың ойлау процесін ойындардың психологиялық ықпалы арқылы төмендегідей міндеттерді жүзеге асыру көзделеді:

- мен және менің сезімдерім, жауапкершілік, әдептілік, сүйіспеншілік, адамгершілік нормалары туралы түсінік беру;
- «Ойлану, ой салу» деген алғашқы түсінігін қалыптастыру;
- адамның эмоциялық сезімдері (қорқу, қуану, тыныштық) туралы түсінік беру, көңіл-күйді бет-әлпепт, ым-ишара арқылы жеткізе білуге үйрету;
- баланың өзі туралы, күнделікті өмірде кездесетін кейбір жағдайлар жайында айтып, әңгімелей білуін, бейімділік дағдыларын дамыту;
- баланың тілдік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру, ойлау ұшқырлығын, логикалық ойлауын, еске сақтау, көз алдына елестете алуын, ой-қиялын дамыту;
- өзара сыйластық және сенімді қарым-қатынас, әдептілік әліппесінің қарапайым негіздерін қалыптастыру.

Осы жоғарыдағы міндеттерді шешу мақсатында біз тәжірибе тобына ойындарды ерекше қолдану арқылы түзету-дамыту жұмыстарын жүргіздік. Ол күнделік сабақпен байланыстыра және сергіту сәттерінде жүзеге асырып отырды. Жүргізілген ойындардың да тақырыптары әр түрлі.

***«Көп және біреу» ойыны.***

Мақсаты: Ойлаудың жылдамдығы мен зейінді дамыту.

Нұсқау: Балалар шеңбер бойына отырады. Жүргізуші, допты лақтырар алдында, көпше түрдегі бір сөзді айтады, ал балалар оны жекеше түрге ауыстырулары қажет.

Нұсқаудағы сөздер:

Мысықтар, тырналар, ормандар;

Қатарлар, көпірлер, ағаштар;

Ыдыстар, үйлер, құстар;

Пілдер, кеселер, тауықтар;
Ауыздар, сағаттар, болттар;
Шкафтар, шарфтар;
Мұрындар, столдар, көздер.

***«Поъезд» ойыны***

Мақсаты: Баланың танымдық белсенділігін ояту, логикалық ойлауын, қабілетін дамыту.

Ойынның шарттары:Бұл ойын үшін көлемі бірдей 10 суретті картиналар қажет. Әрбір сурет поъезд вагоны. Суреттерді бес-бестен екіге бөліп береді де алма кезек поъезд құрастырады. Поъездың вагондары жүріп бара жатқанда ажырамас үшін бір-біріне бекітілетінін біз білеміз. Суретті вагондар да қандай бір логикалық байланыспен бекітілуі қажет.

Мысалы: Қасықты тарелкамен байланыстыруға болады, өйткені, қасықта, тарелкада ыдыс болып табылады. Тарелкадан кейін вазаны қоюға болады, өйткені вазаға да машинаға да су құяды т.б. ең бастысы ол баланың өз «байланыстыруын» түсіндіре алғанда. Поъезд дайын болғанда вагондардың қалай байланыстырғанын ескертіңіз. Ойынды бірнеше рет қайталауға болады. Суреттер мен олардың орналасуын ауыстыруға болады. Керекті құралдар: 10-12 сурет /10х10/

Мысалы: 1) көбелек, гүл, ваза, піл, балық, өзен.
2) қар, шана, бала, баскиім, мысық, сүт

***«Төртіншісі артық» ойыны.***

Мақсаты: Логикалық ойлауды, есте сақтауды, зейінді дамыту.

Балалар шеңбер бойына отырады. Жүргізуші балаға доп лақтырып төрт заттың атын айтады, бірақ оның біреуі артық болады. Соның артығын бала анықтауы қажет.

Сөздердің нұсқасы:

1. Үстел, орындық, төсек, шәйнек;
2. Шырша, аққайың, емен, бүлдірген;
3. Қияр, сәбіз, қоян, шалқан;
4. Қоян кітапшасы, газет, дәптер, сөмке;
5. Ат, мысық, шортан, ит;
6. Қияр, қарбыз, алма, доп;
7. Қасқыр, түлкі, аю, мысық;
8. Қуыршақ, машина, доп, кітап;
9. Поъезд, ұшақ, сырғанақ, кеме;
10. Шаңғы, коньки, кеме, шана;
11. Қарға, бүркіт, ара, балға;
12. Орындық, балта, ара, қарлығаш;
13. Қар, аяз, мұз, қапырық;
14. Шие, жүзім, картоп, троллейбус;
15. Автобус, трамвай, ұшақ, троллейбус:
16. Көл, орман, асфальт, жазықтық;
17. Карта, тақта, оқушы, кірпі;

***«Талдап қорыту» ойыны.***

Мақсаты: Балада логикалық ойлауды дамыту.

Нұсқау: Балаларға жолақ таратылады және талданатын түсініктерді нақтылауда мысалдар жазу ұсынылады:

Жеміс-бұл....
Жидек-бұл....
Гүлдер-бұл...
Көлік-бұл....
Өсімдік-бұл...
жабайы жануар-бұл.

Ойын әрекеті - оқытуда заттар мен құбылыстардың өзіне тән жаратылыс бітімін, сыр-сипаттарын сезім мүшелері арқылы көзбен көріп, қолмен ұстап, құлақпен естіп қабылдауға баулыйтын дидактикалық үрдіс. Ойын тәрбиешінің шығармашылық ізденісі мен әдістеме жаңалықтарына сергек қарап, сабақ барысында шебер пайдалана білуді талап етеді.

Оқыту процесінде сөз бен іс, теория мен практика өзара байланысты болады. Әртүрлі ойында көрнекілікті қолданудың нәтижесінде сабақ әрі түсінікті, әрі қызықты болып өтеді. Сонымен, ойынның оқыту материалдарын, әсіресе, теориялық және практикалық тұрғыда тиімді қолданудың алатын орыны ерекше.

Бала мектепке барғанша тек ойынмен айналысып жүреді. Енді оқу оның күнделікті қызметіне айналса да, бала ойнауын бірден тоқтатпайды. Бала әлі де бұрынғысындай ойнағысы келеді. Бірақ жағдай өзгерілгендіктен оның осыған бұрынғысындай көңіл бөлуге мұршасы жоқ. Осының нәтижесінде ойын оның өмірінде бірінші орыннан екінші дәрежедегі әрекетке ысырылады. Осыған қарай мектепке дейінгі бала оқушысының ойыны бұрынғысынан өзгертіліп, көбінесе басқа мазмұнда кездеседі. Әрине, осы жастағының ойыны бұрынғыдай пәлендей маманның (малшының, машинистің, дәрігердің) ролін ойнайды. Бірақ осы ойынның бұрынғысынан өзгешелігі мынадай, сол рольдердің азаматтық қасиетінің сапасына, қайраткерлігіне, ептілігіне, батырлығына т.б. мән береді. [3]

Балалардың ойлауын дамытуға байланысты тәрбиешілерге әдістемелік ұсыныстар:

- тәрбиешілер балалардың зейінін ұйымдастыра отырып, ең алдымен, қазір олардың не нәрсеге назар аударулары қажет екенін айтып олардың зейінін бір нәрседен екінші нәрсеге аудара білуі арқылы ойлау процесін дамытуға ықпал ету керек.
- тәжірибелі тәрбиеші ойынды сабақта бірін-бірі ауыстырып отыратын және балаларды шаршатпайтын әдістердің әр алуан түрлерін қолдануы керек.

Тәрбиеше балалармен жұмыс істеу тәжірибесін байыта отырып, олардың бет әлпетіне, дене қалпына қарап зейіннің басқа жаққа ауа бастағанын дер кезінде байқауға дағдылануы және олардың сабақ барысынан тыс қалуына жол бермей бағыт сілтеп отыруы қажет.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Әбішева А. Ойын элементтерін пайдаланудың педагогикалық ерекшеліктері. //Бастауыш мектеп. №3, 2003.-8б.
2. Бүркітбаев Ә. Спорттың ұлттық түрлері мен оның тәрбиелік мәні. А., 1985.54б.
3. Джакупов С.М. Психология познавательной деятельности.- А.: КазГУ, 1992.95б.


## І.ЕСЕНБЕРЛИННІҢ «КӨШПЕНДІЛЕР» ТРИЛОГИЯСЫНДАҒЫ ШЕНДЕСТІРУ ТӘСІЛІ НЕГІЗДЕ БЕРІЛГЕН ЭТНОНИМДІ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ


**Байзакова Улжан Байжановна**

Шымкент қаласы, №122 Ақжар жалпы орта білім беретін мектебінің

қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі



***Резюме***

*В данной статье рассматривается применение языковых единиц в виде антитеза из трилогии И.Есенберлина «Кочевники»*

***Summary***

*This paper considers the application of language units in the form of antithesis from the trilogy of I.Yessenberlin "The Nomads"*


Е.Жанпейісов осы зерттеу нысаны болып отырған тұрмыстық лексика туралы «Этностың өткені оның этномәдени лексикасынан айқын көрінеді. Этномәдени лексикаға ол этнос мекен еткен аймаққа тән табиғат құбылыстары, заттық мәдениет лексикасы, рухани мәдениет лексикасы жатады» – дейді. Ғалым пікірінен тұрмыстық лексиканың халық өмірімен тікелей етене байланысты екеніне көз жеткізуге болады[1, 7 б].

Ж.А.Манкеева өз еңбектерінде тұрмыстық лексика жайында құнды деректерді қамтығанына толық көз жеткіземіз. Ғалым тұрмыстық лексикаға өзіндік бағасын былайша береді: «Сонымен, көне тамырлы этнолексика халықтың этномәдени тарихы және тілдік шығармашылығы туралы баға жетпес «ақпарат» көзі болып табылады.Оның негізін құрайтын тұрмыстық лексиканың дені –ұлттық материалдық мәдениеттің деликті, әрі рухани байлығымыздың түбірі. Себебі, бұл жүйедегі сөздер тек атауыштық қана қызмет атқармайды. Қазақ тіліндегі заттық мәдениетке қатысты атаулар немесе тұрмыстық лексика қазақ халқының матариалдық өндірісінің деңгейін, сипатын, түрлерін және шаруашылық пен тұрғын үй мүліктері, киім мен тұрмыс бұйымдарын әшекейлеуге қажет мұқтаждықты қамтамасыз етуге бағытталған қазақтың халықтық қолөнер бұйымдарын бейнелейді. Ал олар – қазақ халқының материалдық қана емес, рухани да байлығының көрсеткіші» [2, 5-13 бб].

І.Есенберлиннің «Көшпенділер»трилогиясында шендестіру немесе контрастық жағдайдағы антонимдер қатарының түрлі комбинациясын молынан кездестіреміз. Олар көркемдегіш тәсіл ретінде мәтінге ерекше экспессивтік-эмоциялық бояу, ырғақтылық, интонациялық тұтастық беруге, сөйлемдердің көркем бейнелі табиғатын ашуға жұмсалып тұрғанын байқаймыз. Жазушы сол кезеңдегі өмірдегі сан алуан кереғарлықтарды жіті көзімен байқап көре білген және астарлы суретке айналдырады, аз сөзбен көпті ұғындырады, т.б.

Сондықтан Әбілхайыр Орда маңына қазақтың Қаптағай, Бөрібай, Қарақожа секілді ерлігі үшін әр ру аттарын *ұран ғып көтерген аңғал батырлардан* гөрі, *өзі тәрізді*, дәулеті шалқыған сұлтан, әмір хакімдердіжинайтын[3,14б].

«Тағдырдың жазғанын көріп алармын, – деді ол, – егер ажалың келсе, алтын сандық ішінде тығылып жатсаң да, табады. Ал ажалың жоқ болса, жаңбырдай жауған оқтан да адам тірі қалады» [3,18б].Кешегі ақ майды аяғымен тепкен ел енді құлазыған қу даладан, жаужұмыр, алғыр, қозықұйрық секілді нәрі бар шөптермен қоректенді [3,325б].

Жоғарыдағы сөйлемдерде контраст жасалған. Осындағы «*Кешегі ақ майды аяғымен тепкен ел енді құлазыған қу даладан, жаужұмыр, алғыр, қозықұйрық секілді нәрі бар шөптермен қоректенді.*» сөйлеміндегі «*құлазу*» сөзіне үңіліп көрейік. Қазақ тілінде «құлазу», қаңырау. Иесі болмай, пайдаға аспай бос қалу. Кешегі бар нәрсе бүгін жоқ...[3,365б].Сөйлемдегі қолданылымындағы мағынасына келер болсақ, осы көрсетілгендей өзінің тура мағынасында қолданылған. Ал тіліміздегі екінші бір мағынасы адам баласының көңілі құлазиды, жаны жабығады, торығады мағынасында кездестіреміз.

Ал, осы сөйлемдегі «*жаужұмыр*» –ұлттық тағам. Сойылған малдың өз қарнына түгелдей салып, су құймастан, қоламтаға пісірілген қой еті. Кейде оны «*жаубүйрек*» деп те атайды. Сөйлемде ол шөптесін өсімдіктер қатарында тұр.

Күшің жетпей жаудан жеңілсең– бұл өлім. *Күшің жете тұрып жауыңды босатып жіберсең – бұл жомарттық. Ал артынан сол жауыңнан қастық көрсең – бұл өкініш*[3,319б].Тағдыр деген қызық, біреудің жолына өзінің жасыл жібек кілемін төсейді, ал енді басқа біреудің барар жері, басар тауынқалақай мен тікенек етеді.(антитезалық параллелизм) [3,333б].Бұрынғы *тақыр дала* енді *аттың шашасына дейін* көмілген құмға айналып, жайылысқа үйренген жүйріктер жүдеп-жадап, сегізінші күн дегенде сырдың терiскей тұсына, Ақмешіттен *бір күндік жергекеп* тоқтады[3,353б].

Алысып-жұлысып жатқан қос арланның қайсысын қалайды?40-бет.«Қуаныштың теңізі, адамгершіліктің күні» [3,44б].Егер Қыпшақ – қыран болса, арғын – аққу көл көркі.Алыс-жұлысқа жаратылған қанды балақ қыран құс ұясын күзетіп отыра алмайды[3,57б]. *Қорқыту, қорғансыз елді тек найзаның ұшымен, айбалтаның күшімен бағындыру – бұлардың негізгі саясаты еді.*Қандай мықты хан болса да, өздері жоқта Орданы шабатын *жаужүрек*қастары табылатын шақ [3, 78б].

Антонимдік қатарларға құрылған сөйлемдерді де молынан кездестіреміз. Бірі теңеулер арқылы жасалса, енді бірқатары – тұрақты сөз тіркестерінен жасалған... Бұл қатарлардағы сөйлемдерде де этнолексемалар қатарын молынан кездестіуге болады. Осындай мағынадағы сөйлемдерді де түрлендіріп қолданғанына төмендегі мысалдар арқылы көз жеткіземіз.

...Ақсақ темір ұрпақтарына қыз беріп, қыз алып, әбденқандасып кетті[16,42 б]. Әбілқайырға *қыз алып, қыз беріп* хан жағына ауып кеткен [3,75 б].

Осы сөйлемдердегі «қыз беріп, қыз алып», яғни құдандасу, яғни құда болу ұғымын білдіреді. Тіліміздегіқұда// қоза//құдағи//қозағи сөздері қазақ, қарақалпақ, өзбек, ұйғыр, бащқұрт, азербайжан, тува, алтай тілдерінде үйленген жігіт пен күйеуге шыққан қыздың туыстарының бір-біріне туыстық қатынасын білдіретін атау. Түркі тілдерінде де бұл сөздің басқа түсінігі жоқ. Тек осы мағынада қолданылатын құдаша, құдағи, (құдағай) құдандалы, құда түсу, құда болу сияқты туыстыққа қатысты сөздер бар[3, 131 б].

Хан саясаты тынып жатқан көл секілді, қай жері тұңғиық, қай жері тайыз, білмейсің[16,45б]. Мұндағы «*хан саясаты тынып жатқан көл секілді*» тіркесі теңеу. Көл үстінде күндіз-түні тынбаған құс қиқуы... [3,46 б].

Сондықтан да Арғынаты төңірегінде *қырғауыл, дала қазы секілді* суы аз жерде үйреншікті құстар мен арқар, бөкен, киік көп кездесетін[3,21 б].

Көк шалғынның арасындағы бармақтай-бармақтай боп өскен бүлдірген мен жидектен *көз тұнады*. Осынау қызылды-жасылды өрнекпен *безелген* жасыл кілем ұшы-қиыры жоқ кең даланың ортасында төңкерілген күміс кеседей жарқырап, ақ айдын Аққөл жатыр[3,46 б].

Бұлардың араларындағы маңғыт, бүркіт, барлас руларының көп елі *Қанды көрген қасқырдай*, қазақты қыруға әбден *құнығып* алған жоңғар қонтайшысының бұл бұйрығын орындар ма еді қайтер еді, кенет солтұстық жақтан «*Әруақ*!», «Әруақ!», «Ақжол!» «Ақжолдаған!» *айбарлы ұран* шықты.

Осындағы «««*әруақ*!» –қазақтың жалпы, Алаштың ұғымы бойынша, жер көкті байланыстырып тұрған ұғым. Ата- бабаларымыз солай деп ұққан. Ел басына күн туған сұрапыл жылдарда жауға шапқан батырларымыз өз бабаларының әруағына сыйынып, солардың аттарын ұранға айналдырған.

Мұндағы *«ақжол»*– ақ тілек, ақ жол, ақ сапар тілеу, жақсылық, амандық тілеу. Қыста қой қыстап шыққан қораның қиы ойылмай қора астында қалса, қи жаз бойы шіріп, өңі қап-қара, қара қоңыр болып өзгереді. Күзде осы қара қиды аударғанда оның арасында түсі ақ, тұз тәрізді ақ жолақтар болады. Сол ақ түсті жолақты қазақ ақжол дейді. Сол ақжолы шығып тұрған қиды және ақжолдың өзің өте ептілік пен жинап алады. Жиналған қи мен ақжолды суға салады да, бір қайнатып қойып тұңдырады. Сол кезде қи құрамындағы ақжол еріп су бетіне шығады. Содан соң өте ұқыпты тұнған суды бөліп алып сол суды қайнатады. Су бір сағат қайнағанда судың бетіне әдеттегі ши өсімдігінің бөлшектерін тастайды,қайнап жатқан су бетіне тасталған шиге тұз тәрізді зат байланады, сол зат ақжол деп аталады. Ал су буланып болған кезде ыдыс түбінде тұз тәрізді талқан қалады, Сол талқан *ақжол* деп аталады. Міне, осы әдістермен ақжол – жарылғыш зат болып шығады. Қазақ халқы осы ақжолды мол дайындап, оған тоқсан пайыз арша көмірінің талқанын қосып, араластырып, әдеттегі мылтық оғының дәрісін жасайды. Қазақта қорғазын оқты мылтық пен бытыралы құс мылтығы оғының дәрісі осылай жасалды[3, 268 б].

Осының арқасында Әбілқайырдың өзінде де қазақ руларына деген қырғи *қабақтық* пайда болған[3,75 б].

Осы тұстағы сөйлемдегі «*қырғи қабақтық»*тіркесі ұнатпау, жақтырмау, жек көре бастау ұғымын білдіреді.

Жұмақ күнді дозаққа айналдырған, о сөлекет дүние! [3, 83б]. Хан ауылының жайлауға шығуы тек жазың жақсы-жамандығынан, шөптің шығым-шығымсыздығымен ғана байланысты емес-ті[3,80 б].Жақсы көрер адамның сілтеген таяғы жау таяғынан анағұрлым ауыр тиеді[16,88б]. Тәуке хан екі елдің *қыз-бозбаласын*, батыр-балуанын, игі жақсыларын шақырып, тағы ұлан-асыр той жасаған [3, 306 б].Бірақ арлан біреу...- қасқыр көп[16,323б].Жаңа ғана Ақторғынды көргенде лаулап тұтана қалған жалыны да лып етіп қайта сөнгендей[3,326 б.].Жасы сексеннен асып кетсе де, әлі ат жалын өзі тартып мінетін қуатты қарт. Бірақ, *қыс бойы* аңға салған бүркіттерін ол *жаз шыға*түлетуге кіріскен... [3,19 б.].

Қорыта айтқанда, ұлттық дүниетанымы мол, өз ұлтының жанашыры, ұлттық лексемаларды көзінің қарашығындай көріп, қолымен қойғандай құрмалас құрылымда (көбінесе аралас құрмалас) эпитет, метафора, теңеу болмасын күрделі сөз оралымында түрлендіру ерекшелігі, яғни сөз тіркестерінің түрлі» комбинациясын құру шеберлігі байқалады.

**Пайдаланған әдебиеттер**

1.Жанпейісов Е. Этнокультурная лексика казахского языка (на материале произведений М.Ауэзова). – Алма-Ата, 1989. – 206 с.
2.Манкеева Ж.М. Этнос тілі табиғатының ерекшеліктері\\ Тіл тарихы және сөз табиғаты. Ғылыми мақалалар жинағы-Алматы, 1977 -235б.
3.. Есенберлин І. «Көшпенділер» «Көшпенділер»баспасы, А -2005,-908б.

## ТЫНЫМБАЙ НҰРМАҒАНБЕТОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЗМ

**Хауспай Әселя Асылбекқызы**
Шымкент қаласы, Ziyatker-Turan мектебінің
қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі

***Резюме***
*В данной статье расматриваются психологизм в творчестве Тынымбая Нурмаганбетова*
***Summary***
*This article examines psychologism in the work of Tynymbai Nurmaganbetov*

Т.Нұрмағанбетовтің шығармаларындағы «««иіс» аса маңызды, «туған үйдің түтінінің иісі», «Ата қоныстың, кіндік қаны тамған жердің» атрибуты ретінде алынады.Баланың иісі, әке иісі, әке үйінің иісі, (нан, ананың киімі, оның қабірінің бір уыс топырағы) – бұлардың барлығы кейіпкер жан дүниесінің тереңіне бойлап, көмескіленген анаға деген махаббатты қайта жаңғыртады. Иіс мотиві өзіндік авторлық ремаркамен беріліп «туған үйдің иісі» бүгінгі замандастарға адамның қасиеті туралы ой түсіріп, жан әлеміндегі тылсым, тұнық сезімдердің оянуына түрткі болады» [1,83].

«Шағын жанр шебері», «Ауыл өмірінің шынайы суреткері» деп бағаланып жүрген Тынымбай Нұрмағанбетовтың шығармаларының дені ауыл өміріне арналған. «Балалық шақтың әндері» повесі»

өз бағасын өз кезінде алған және бүгінгі таңда да өзіндік талдауды қажет ететін туынды екенін көрсетеді. Бұл шығарма оқушы, ата-ана, мұғалім арасындағы нәзік қарым-қатынастың қымбат екенін көрсете білген шығарма болғандықтан психологизм басым түсіп отыр. Басты кейіпкер 4-сыныптың оқушысы Томпақ өз қасындағы оқиғаны қалтарыссыз бірінші жақта баяндандап отырады. Құлық-сұмдықты әлі үйренбеген, өмірден тауы шағылмаған, адал да таза бала. Ол жан досы, сыныптасы, өзінен небәрі екі жас үлкен немере ағасы, Бураның бастан кешкендерін боямасыз жеткізеді. Пәк көңілмен, мейлінше әділ бағалай отырып баяндайды. Оқиға желісінде Ұлы Отан соғысы жылдарының зардаптары көрініс берген. Бура – мықты, батыр жігіт Шойынның ұлы. «Артық әжесінен кейінгі жақыны – біз. Мен оған шөбере туыспын. «Екеуің де Жұрқабайға шөбере боласыңдар», – деп отырады әкем. Сол «Жұқабайға шөбере боласыңдар» деген сөз бізді, расында да, жақындатып жіберген [3,5]. Бураның шешесі Мәзігүл күйеуі қаза болған соң, Найзабек ағайдың Күйіктегі жиеніне тұрмысқа шығыпты. Осы бір жайға орай Бураның әжесі: «Келінімді азғырды... Қолымнан алып кеткен осы... Бұл ісін мен ақиретте де кешпеймін», - деп, Найзабек ағайды сыртынан сыбап отыратын кездері бар. Сол әдетін кемпір-шалдардың бас қосқан жерінде өкпесін талай айтқан. Тіпті мұғалімнің көзінше де айтқан. Әжесінің арасындағы салқын қатынастан Найзабек ағай да Бураны жаратпайтын. Әсіресе оның қайсарлығын, алған бетінен қайтпайтын өжеттігін-ақ ұнатпай, қит етсе Бураға ұрсуға, оны кеміте сөйлеуге әзір тұрады. Тақтаға шығарып, сілейтіп қоятын кездері де бар... Бұл Найзабектің өзгелерден гөрі Бураға көбірек қолданатын әдістері. Бураның пеш түбіндегі ескі партада, әрі жұрт соңында жалғыздан жалғыз отыруының өзі де мұғаліміміздің әлгіндей көзқарастарынан туғандығын қасында жүрген Томпақ та аңдап жүреді. Әлдеқашан далаға шығарып тастайтын партада Бура жалғыз отыруы да қиындықтарға бетпе-бет тұруы. Оның мінезі бірге оқып жүрген басқа балалардан бөлекше. Сабақты білетіндігін жауап берген кезде ғана көрсетіп, пеш жанындағы ескі партада үн-түнсіз терезеден сыртқа қарап, болмаса мұғалім берген тапсырманы жазып, оқып, өзімен-өзі болып отырады. Оның өзгелердей елпілдеп тұрмайтын осы мінезін Найзабек ағайжақтырмайды. Ол ойлы, қайтпас күрескер. «Елуінші жылдардың ортасында Бура екеуміз Бөрлідегі бастауыш мектептің төртінші сыныбында бірге оқыдық. «Бастауыш мектеп» деп ауыз толтырып айтып отырған мектебімізде сол жылы жиырма алты бала оқитын да, төртінші сыныпта төрт бала едік... Көзіне қалың көзәйнек киетін Найзабек деген жас шамасы елудің шамасындағы мұғаліміміз бар еді. Сол кездегі көзәйнек киетіндердің сиректігінен болар, оның жөні түзу өз атын өзіне қимағандай жұрт «Көзәйнек» дейтін. Сыныпта отырғанда «ағай-ағайлағаны» болмаса, оқушылардың өздері де мектептен ұзап шыға бере «Көзәйнек» дейді. Тіпті, осы момақан- ау де ген мен сияқтылардың ауыздарынан шығатын сөз де ала-құла... Кейде «Көзәйнек» ағай, кейде «Найзабек ағай»[3,4]. Бөрлінің бастауыш мектебінде бір мұғалім. Әрқайсысы 7-8 үйлі ауылдар шоғыршоғыр, әр жерде. Мектеп басқа бір жерде. Бала саны аз. Төрт сынып мұғалім қаласа – екі бөлек, қаламаса – бірге оқиды. Найзабек ағай өзі би, өзі қожа. Осы бір мұғалімге жат қылықтан шыңдалған Бураның бейне сін т амаша көркемдік құрал әдебиеттегі психологизмді Тынымбайдың осы «Балалық шақтың әндері» хикаятынан табамыз. Жұмбақ әлемі сөз өнерімен бірге өріліп, өмір сүруі заңды емес пе деген сауалдың туы тағы да табиғи. Олай болса, біздің ұғымымызда кез келген сөз өнерінің шебері «адам жанының инженері», яғни психолог жазушы. [3,7]. Ұлы суреткер М.Әуезов айтқандай нағыз көркем прозаға психология араласпаса өзгенің бәрі сылдыр су, жабайының тақ-тақ жолы» екендігі күмәнсіз. Шынында да көркем шығармада кейіпкердің әр түрлі қалыптағы ішкі ой-толғаныстары әрдайым өзгеріп, іс-әрекет, сезім қайшылықтарын тудыратын психологиялық құбылыстарды тереңдетіп, күрделендіре бейнелеу психологизмнің табиғатын айқындап берері хақ. Белгілі әдебиет танушы ф.ғ.д., Б.Майтанов: «..психологизм сөз өнерінің тектік белгісі ... каһарманның рухани әлемін, жан сырын жеткізудің амал – тәсілдерінің жиынтығы...» - дейді. Жалпы көркем әдебиеттегі кейіпкердің ішкі жан дүниесін бейнелеу барлық жанрдағы шығармаға тән құбылыс [3,8]. Психологизм екі түрге бөлінеді, Бірінші, кең мағынадағы психологизм (универсальное). бұл барлық әдеби шығармаға т ән. Екінші, т ар ма ғынада ғы (узко е ) психологизм, жеке адам тағдырына тереңірек үңіліп, рухани әлемді егжей-тегжейлі бейнелеуге ерекше көңіл бөледі. Олай болса психологизм дегеніміз – кейіпкердің, ойы мен іс-әрекеттерінің кереғарлығы, сана қақтығысынан тұратын ерекше көркемдік жүйе. Алайда осы жерде ескерер бір жәйт – әдеби психологизмде автор мен кейіпкердің ой-толғанысы мен ой ағымдары, сана қақтығыстары қайшылыққа толы болса да жүйелілік сақталады [3,9]. «Қоқымет Найзабектің жақын ағалары еді... Бура өзіне е себін тауып тиісіп, мұғалімдігін, сол жылдардағы қазақтың балаларының үлкенді тыңдағыштығын пайдаланып, кемсітіп, ар-намысын аяққа басуға тырысатын Найзабектің де сыбағасын беріп отыруы осы себептен. Айталық, «қойдың кезегіне неге барасың, кемпір шешең бақпай ма», «Аяғы сырқыраса, қара есектің беліне неге таңып жібермейсің? Қара есекте де ақыл бар, кешкісін қайтып алып келеді ғой», - деп тиіскенде. Бура да бір қызарып, бір бозарып отырып, мұғалімге тіктеле қарап: «Сіздің үйде де бір есек бар ғой. Қойдың кезегі келгенде өз

шешеңізді солай таңып жіберерсіз» деуі осы себептен. Найзабек шыдай алмай, иығынан жұлқып, оң аяғынан тепкенде де Бура ықпады. Кім жеңді? Әрине. Бура. «Дәл сол сәтте бүкіл сынып ішін мұғалімнің емес, Бураның мысы басып тұрғандай еді...». Бураның күпәйкесін әжесі түсін таңдамай жамай беретін. Найзабек ағай жазалаудың жөні сол екен деп аяғын көтерту үшін оң аяғынан тепкен сәттегі Бураның кескінінен күдік алғанымен әуелгі райынан біржола қайтқысы келмей, күпәйкесінің жамауын көрс ету үшін теріс қаратып тұрғызады. Бірақ бұған балалардың ешқайсысы батылы жетіп күле алмаған соң, Қыздаркүл де әкесінің бұл әрекетіне ұзақ күле алмайды. Дәл сол сәтте бүкіл сынып ішін мұғалімнің емес, Бураның мысы басып тұрды. Мұнда да мұғалім оқушыны жазалауын жалғастыру үшін пешке от жақтырмақ болады. Бура мұғалімнің әйелінің жұмысын орындаудан бұрын осы іс әрекетімен мұғалімді жазалауға кірісіп кетеді. Сыныпты көк түтін етіп, көзәйнегін жоғалтады... Тағдыр тағы да Бураның басына ауыр салмағын тастап жіберді. Артық әжесі ауырып қайтыс болып, мүлдем жалғыз қалды. Осы повестің жазылуына себеп болып, бәрін баяндап отырған Томпақ пен аз болса да саз көрінген Сияш қыз болмысы да жақсы ашылған, жан нұры айналасына шашылған кейіпкерлер. Бұған қоса кемелдікке өтіп, сызғаны – сурет, жазғаны –жанды өмір, түрткені – тірі түр-тұрпат болып, қағаз бетіне түсе қалатын шеберлікке жеткен суреткер Тынымбай Нұрмағамбетовтің қайсыбір эпизоды, әңгімесі де, хикаят, романы да дарқан дүниелер, классикалық үлгілер бола қалатынын бұрын да айтылып жүр. Соның дәлел-белгісіндей осы повесте сирек көрінген, екінші-үшінші дәрежедегі Бадырақ, Батық, Шашбике Белбармақов, Мәзгүлдер де жақсы дараланған характерлер. Өзгеге ұқсамас кісілер, пенделер, адамдар екенін айтуға болады.

Бура өзгелердің сөздеріне тосылмай өз сөзін айтады. – Әжеммен бірге мен үшін қызық атаулы бірге кетті. ... – Мен ауылды да, мектепті де жек көріп, ел-жұрт білмейтін бір жерлерге қаңғырып кеткім келетін. Сондықтан өткен жылы жиһангез боламын деп... Өздеріңіз білесіздер. Осы тұста оның жылап жіберердей даусы дірілдеп кетті. – Демалысқа барған сайын қаңыраған бос үйіме кіргенде көңілім құлазиды. Біреудің үйінде жүру, тамақ ішу, мұнда интернат, асхана... Осының бәрі маған жетімдігімді есіме сала берді. Мен өмірде өз үйімнің болғанын армандадым. Күттім... – Әй, айналайын... Осылай сөйлемесең, Шойынның баласы болармысың... Қой енді, айта берме... жетімдігіңді... – деп, Ақыптың қорқ-қорқ еткен даусы естілді. Ақыптың жылауы менің де көңілімді босатты. – Өстіп жүргенде менің әкемнің суреті табылды... Маған бұл өмірде одан өткен куаныш болған жоқ. Бура енді шын жылады. Бетін айғыздап омырауына тамған көз жасын ол сүрткен де жоқ. – Сосын Сияш ... Сіздер кешіріңіздер... Менің оған бірден үйленгім келген емес-ті. Әкемнің соғыста жүріп құда түсуі. Мен әкемнің ұйғарып кеткен ісін орындағым ғана келді. Солай ету парызым деп... тіпті қасиетті арман-борышым деп ойладым. Жо-жоқ, одан да емес... Сияш менің жанымда жүргенде, мен өзімнің жетімдігімді ұмытатын болдым. Сияш жанымда жүрсе... бәрі де көңілді секілді... Маған одан өзге жанның керегі жоқтай. Сіздер-р... білмейсіздер... Мен Сияшты жанымдай жақсы көремін. Сіздер бізді бұзылған деп ойлайсыздар. Ал біз түк те бұзылған жоқпыз. Бар болғаны бір-бірімізді жақсы көрдік... Сөйлестік... Жүрдік... Бура әлі көз жасын тыйған жоқ. Тіпті оны өзінің осылай жылауынан ләззат алып тұр дерсің. – Сосын менің үйленгім келді. Сияш екеуміз біздін ескі үйдің іші-сыртын сылап, ақтап, жан-жағын сыпырып, мұнтаздай етер едік. Мейлі... Сіздер ұрса беріңіздер... Біз бәрібір үйленеміз. Солай келістік. Ол бір сәт үнсіз тұрып қалды. Бура осыншалық ебіл-дебіл жылағаннан кейін, мұғалімдер жағы да аңтарылысып қалғандай. – Маған оқудың да керегі жоқ. Мені бүгіннен бастап шығара беріңіздер мектептен. Мен колхоздан жұмыс істеймін. Өткен жылы да істегенмін. Мен Бөрліге бүгін-ақ кетемін. Біржола. Кесектеріңізді өздеріңіз құйып алыңыздар. – Шырағым-ау, біз сені әлі мектептен шығарған жоқпыз ғой, – деп директор орнынан тұрып кетті. – Бәрібір шығарасыздар. – Жоқ, шығармаймыз. – Сенбеймін. – Жетінші класты бітірген соң, не істеседе еркің, айналайын [3,185]. Томпақ бураның мінезін ішкі ой толғанысы арқылы тамаша жеткізе білген. Бура енді үнсіз қалды. Көз жасы да тыйылған. Осы тұрысында ерегіскенде сазара қалатын өзінің кәдуілгі мінезін қайта тапқандай. Директор оған жалынғандай болып әлі сөйлеп жатыр. Әлгінде ғана ебіл-дебіл жылап, өзін-өзі төмендеткен Бура қайта жоғарылап шыға келді. Қуанышт ан е сім шығып, іштей мақтанып енді Сияшқа бұрылсам, қыз жүзін төмен с алып жылап отыр екен. Ұзын кірпіктерінің бойымен домалаған көз жастары партаның қақпағына тырс-тырс тамып жатыр. Бірінші жақта баяндаушы Томпақ қасында жүрген Бура мен Сияштың бейнесін оқырманға тамаша ішкі монолог арқылы жеткізгенін байқаймын. Жан тебіренткен сөздер қасарысып тұратын Бураның жасына ерік берді. Өзінің сөздерін айтып болысымен бұрынғы сазара қалатын өзінің кәдуілгі мінезі әжесінің қасында жүрсе де шешесіне деген сағыныш араласқан қызғанышы шығар «Тынымбай Нұрмағамбетовтің қайсыбір әңгімесінің де заты игі, қандай бір повестері де талғамға татиды. Солардың ішінде жазушының жеке әдеби әлемінде ғана емес, қазақ әдебиеті, керек десеңіз, әлем әдебиетінде де сыңары жоқ, ақиқаты дөп, айтары көп тамаша туындысының бірі – «Балалық шақтың әндері» повесі» –деп көрсетеді. Бұл шығ арма біріншіден, 1950

жылдардың ортасындағы қазақ ауылы тыныс-тіршілігін қаз-қалпында қарапайым, бірақ қарабайыр емес, карымды жеткізуімен құнды. Шынайы да әдемі бейнелеуімен танымдық тұрғыдан өте қызықты. Көркем дүниемен емес, сол уақыттағы өмірдің накты көріністерімен кездескендей, тіпті оқырман да соларды бастан кешкендей, куә болғандай болатының бар. Бұған бақсақ, аталмыш шығарманың тәлімдік тәрбиелік сипаты да күшті

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Балтабаева Г.Тәуелсіздік кезеңдегі қазақ прозасының көркемдік әлемі. – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС: «Дәстүр», 2016 -288 бет
2. Нұмағанбетов Т. Балалық шақтың әндері. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Балауса, 1994 -352 бет

## ҚАЗАҚ ДАЛАСЫ – АДАМЗАТ ӨРЛЕУІНІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

**Рыскелдиева Фарида Асылхановна**
Алматы қаласы, №149 ЖББ мектебінің тарих пәні мұғалімі

***Резюме***

*В данной статье рассматриваются казахская культура – прямая наследница древнетюркской цивилизации.*

***Summary***

*his article considers the Kazakh culture - the direct heiress of the ancient Turkic civilization.*

Ұлы даланың жеті қыры – бүкіл әлем мәдениетіне әсер етті, әлемдік өркениетке негіз болды. Ал, Қазақстан – сол Ұлы даланың қара шаңырағы. Демек, қара шаңырақ атымызға сай, тарихи санамызды жаңғыртып, ұлы даланың тарихын ұлықтайтын ұл мен қыз тәрбиелеуіміз керек. Ұлы дала, яғни, өз ата-бабасының төл тарихын білген ұрпақтың оны мақтан етері сөзсіз. Ол – жас ұрпақтың рухын көтереді, патриоттық сезімін өсіреді болашағына сенімді етеді. Еуразияның кіндігінде орналасқан Ұлы даламыз Шығыс пен Батыстың арасындағы қақпа, өркениеттер мен мәдениеттер тоғысқан алтын көпір. Әлемдік сауда жүйесінің дамуына, бүгінгі транзиттік «дәліздердің» пайда болуына тікелей ықпал еткен Ұлы Жібек жолының біздің жерімізден өтуі Қазақстан туралы осындай анықтама жасауға мүмкіндік береді. Ұлы дала төсінің күллі түркі дүниесінің ата жұрты саналатынына бүгінде әлемдік өркениеттің ажырамас бөлігіне айналған алма мен қызғалдақтың да «тарихи отаны» қазір біздер өмір сүріп отырған қоныс екеніне айрықша назар аударған. Мінеки, бүгінде жер-жаһанның ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына қосылуды мақсат тұтқан Қазақстан әлемдік өркениетке не берді деген сауалға ауыз толтырып айтатын жауап осындай. Яғни, қазақ даласы – адамзат өрлеуінің қайнар көзі. Демек, біз тарихымызды қайғы-қасіретпен, жауапкершілік заманмен және үрейлі жылдармен ғана емес, бүгін өзіміз бір бөлшегі болып отырған әлемнің қалыптасуына, ғылым мен білімнің дамуына, өркениеттің өріс алуына сүбелі үлес қосқан халық екенімізбен байланыстыруымыз қажет. Ең бастысы, қазақ деген елдің барын білмейтін, білсе де әдейі көзге ілгісі келмейтін базбіреулер үшін еліміздің кім екенін тайға таңба басқандай етіп таныстырып береді. Ғибратты ғұмырын дәріптеп қана қоймай, айдай әлемге жар салып, мақтан тұтарлық тұлғаларымыз да жетерлік. Аспан астын билеген Күлтегіннен бастап, адамзаттың екінші ұстазы болған әл-Фараби, тұтас түркі әлемінің ғұламасы – Яссауи, Мысырға әмірін жүргізіп, әлемдік қақтығысқа тосқауыл болған Бейбарыс сұлтан сияқты ұлы есімдерімізді ұлықтау жаһанның бізді тағы бір қырымыздан тануына жол ашады. Сонымен бірге мұндай тың бастамалардың түркі әлемін одан әрі біріктіре түсетін тиімді тетік екенін де атап өткен жөн. Осындай игі істер тарихи санамызды жаңғыртып, өткенімізді тағы бір ой елегінен өткізуге мүмкіндік береді. Ал, тарихи сананы жаңғырту – ұлттық сананың оянуына, оның жаңа заман талаптарына сай қалыптасуына жол ашады. Ең бастысы, біз Ұлы далада өмір сүріп отырған бүгінгі халық, өзімізді адамзат өркениетіне өлшеусіз үлес қосқан өр тұлғалардың ұрпағы және мәңгілік дамуға тың серпін берген мәдениеттің мұрагері екенімізді сезіне білуіміз керек. Осылайша қасиетті ұғымдар алыс ғасырлардан жетсе де, бір-бірінен шалағай өңірлерде жырланса да үндес, сарындас. Міне, осы түркі кодындағы сабақтастықтың сырын сақтаған алып кеңістік – Ұлы дала, ал, уақыт ата-бабадан жалғасқан ұрпақтардың өмірі деуге де болады.

Тарихымыздағы жеті ерекшелік туралы ойларында тарихи мұрамыздың мол екеніне мән беріліп отыр. Уақыт тұрғысынан айтылып отырған мәдени жетістіктердің қазақ халқының ұлт болып қалыптасуына ықпал етті және олардың осы Ұлы Дала елінде пайда болғаны анық. Осының бәрі, әсіресе, оның ішінде тарихи жәдігерлер, өз уақытындағы өркениетті дамудың негізгі қозғаушы күші

болғанын және технологиялық дамуға айтарлықтай септігін тигізген дәлелдер мақалада жан-жақты айтылған. Нақты ғылыми деректердің негізінде қазақ тарихының бүкіләлемдік тарихтағы өзіндік ерекше орны бар екенін мақтанышпен айта аламыз.Ұлы даланың жеті қыры қазақ елінің өміріндегі ерекше мұра. Атқа міну мәдениеті, ежелгі металл өндіру мен өңдеу технологиясы, өз жазуы мен мифологиясы бар озық мәдениетті Қазақ Елінің рухани байлығының айшықты белгісі – «аң стилі өнері», бүкіл әлемді тамсандырған Дала өркениетінің жәдігері - «Алтын адам» жауынгері, түркі әлемінің бесігі саналатын Алтайдан бастау алатын Түркі тарихы, әлемдік экономиканың өркенденуіне септігін тигізген - Ұлы Жібек жолы жүйесі, Қазақ Елінің ұлттық брендіне лайықты алма мен қызғалдақтар, еліміздің аумағында орын алған тарихи жәйт қана емес, сонымен қатар әрбір Қазақ үшін де аса қымбат құндылықтар болып табылады. Жаһандану кезеңінде, ұлт тарихының мәдениеті мен құндылықтарын білу, насихаттау, әрі сақтау елді бекемдеудің тікелей кепілі.

Түркі әлемі ежелден Қазақстанды - күллі түркі халықтарының қасиетті «Қара шаңырағы» ретінде мойындайды. Ал, Түркістан халқымыздың рухани орталығы ғана емес, сондай-ақ, бүкіл түркі әлемі үшін киелі орын болып саналады деген сөздер әрбір қазақтың жүрегіндегі мақтаныш сезімін оятады деп ойлаймын. «Түркі өркениеті: түп тамырынан қазіргі заманға дейін» атты жобаның аясында Түркістан қаласында, тарихи мұраларымыздың негізінде Түркі әлемінің орталығын – музейін ашу, өткенмен қазіргі уақыттың тығыз байланысын көрсетумен қатар, келесі ұрпақ үшін де маңызы зор болар еді. Көпшіліктің санасында тарихи үдерістер, негізінен, тұлғаландыру сипатына ие болатыны белгілі. Көптеген халықтар өз елінің ерекше елшісі сынды ұлы бабаларының есімдерін мақтан тұтады.Мысалы, өткен дәуірлердегі Тутанхамон, Конфуций, Ескендір Зұлқарнайын, Шекспир, Гете, Пушкин және Джордж Вашингтон сияқты дүние жүзіне белгілі тұлғалар бүгінде «өз мемлекеттерінің» баға жетпес символдық капиталы саналады әрі сол елдердің халықаралық аренада тиімді ілгерілеуіне септігін тигізіп отыр.

Ұлттық сана тарихи сана арқылы қалыптасады десек, XXI ғасырда кескін-келбетімізді сақтап, ұлттық код, ұлттық мәдениет, тарихи жадыны жаңғырту – еліміздің рухани өміріндегі тың белес. Ендеше бұл бағдарламалық мақала тарихшылар үшін жаңа мүмкіндіктер мен ізденістерге ауқымды жол ашып отыр. Ендігі жерде біздің алдымызда тұрған маңызды міндет – мақалада айтылған бағыт-бағдарлар мен ұтымды ұсыныстарды, кешенді жобаларды жайдақ жиындарға айналдырмай, жүйесін тапқан мазмұнды жұмыс жүргізу болмақ. Осы жеті қырымызды жіліктеп, бүгінгі қазақтың рухын танып, өзегін болаттай мығым ету мақсатында жазылған бағдарламалық мақаладағы міндеттерді орындау Мәңгілік Ел шаңырақ – платформасының кезекті бір керегесін кеңейтумен айқындалмақ. Қорыта келе елбасының көрсеткен барлық бағыттарының маңыздылығы жоғары. Біз өзіміздің шығу тегімізді, тарихымызды етене танып-білудің арқасында қазіргі заманғы әлемдегі орнымызды жақсы түсінеміз. Біз ата-бабамызды, қазақ халқының этногенезі қалай пайда болғанын, біздің елде тұратын этникалық топтардың этногенезін танып білеміз. Біз, шын мәнінде, осы мемлекеттердің ұрпақтары, әлемдік мәдениетті, әлемдік өркениетті қалыптастыруда үлкен рөл атқарған дана ұлттардың ұрпағымыз. Сондықтан біздің әлемдік экономикада, әлемдік саясатта, әлемдік қоғамдастықта лайықты орынға ие болуымыз маңызды қадамдардың бірі деп түсінемін. Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі дегеніміз осы.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Ерімбетова Қ.М. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру Страгиясына тарихи шолу //«Қоғам және дәуір» журналы 2013 жыл, № 4
2. Источник: https://e-history.kz/kz/contents/view/kazakstannin_alemdegi_basekege_kabiletti_50_eldin_katarina_kiru_strategiyasi_algisharttari_men_negizgi_bagittari__2030
© e-history.kz

# ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ТІЛДІК БІРЛІКТЕРДІҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРДЕ КӨРІНІС ТАБУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Қаратева Жұлдыз Бақытжанқызы**
Шымкент қаласы, Ziyatker-Turan мектебі ағылшын тілі мұғалімі
**Жарылқасын Жанерке Нұралықызы**
Шымкент қаласы, "Болашақ" мектебі мекемесінің
ағылшын тілі пәні мұғалімі

***Резюме***

*В данной статье рассматриваются особенности проявления культурно-речевых традиций при переводе текста на английский язык.*

***Summary***

*This article discusses the peculiarities of the manifestation of cultural and speech traditions when translating the text into English*

Бүгінгі ғаламдастыру, жаһандандыру саясатының аясында ғылымдардың даму көкжиегін жаңа бағыттармен кеңейту, қайсыбір ғылым саласы болмасын, оны «адами факторлармен, адами құндылықтармен» бірлікте қарастыру-адамзат өркениеті мен замана керуенінің алға тартып отырған кезекті талабы. Әлемдік қолданбалы және теориялық ғылымдардың ішіндегі негізгі қоғамдық, әлеуметтік коммуникацияның жетекші идеяларын жүзеге асыруда мақсат еткен тіл ғылымының қазіргі бағыт-бағдары ғасыр талабына толық жауап бере отырып, «адам-тіл-мәдениет» үштігінің аясындағы тың міндеттердің шешілуін көздейді.

Қазіргі тіл біліміндегі өзара туыс және туыс емес тілдерді салыстырмалы-салғастырмалы тіл білімінің ұстанымдары мен әдістемелерін кең қолдана отырып зерттеу - отандық және шетелдік тіл біліміндегі ерекше дамып келе жатқан жаңа бағыттардың бірі.

Әр халықтың тілі – ұлттық бітімнің өзгелерге ұқсамайтын айрықша нышанын ғасырдан ғасырға ұластырып, тұтас күйінде жеткізетін қуатты құрал [1]. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдердің мағына-мәні осы тілдерде сөйлейтін ұлттың ерте уақыттан бергі өмірін жан-жақты айқындайды.

Халықтың күнделікті өмір сүру негізінде пайда болып қалыптасқан фразеологизмдерді қос тілден жиналған деректерімізден кездестіруге болады. Бұл фразеологизмдер тілдік қолданыста әр уақыттың салт-дәстүріне, әдет-ғұрыптарына, мәдениетіне, тарихына күнделікті тұрмыс-тіршілігіне байланысты қалыптасып, тілдік қолданыста дамып өрбіген. Сондықтан да олар әр халықтың ерекшелігіне байланысты өсіп-өрбіп, сол халықтың ғасырлар бойы жинаған байлығының бірі болып табылады.

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдердің беретін ұғымы әр ұлттың өзіне ғана тән рухани өмірін суреттейді. Яғни, қос тілдегі фразеологизмдер ұлттық сезім, ұлттық мінез, ұлттық салт-дәстүр негізін, лингвомәдени аспектілерін айқындайды.

Әр ұлтты тілі арқылы танысақ, сол ұлт тіліндегі фразеологизмдер алғашқы баспалдақ ретінде қызмет етеді. Себебі, кез келген фразеологизмнің мағыналық астарында сол ұлттың тұрмыс-тіршілігі мен мәдени ақпараттары жатады. Осыған орай ағылшын және қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерін және мәдениетін айқындайтын келесі тақырыптарға топтастырылған фразеологизмдерді қарастырамыз:

**1) әдет-ғұрып, салт-дәстүрге байланысты фразеологизмдер:**

Адамзат өмірінің кез келген сәті, оның тұрмыс-тіршілігі, күн көрісі, салт-дәстүрі, өмір сүру мәдениеті – барлығы тілінде көрініс табады. Жер бетіндегі ұлттар мәдениетінің бір-біріне ұқсамайтыны заңдылық. Себебі әрбір ұлттың өзіне тән әдет-ғұрып, салт-дәстүр секілді ұстанымдары болады.

Осыған байланысты қазақ халқына тән қалыптасқан фразеологиялық бірліктер: *шашбауын көтеру, жыртысын жырту, қонақасы, қонаққәде, шаңырақ құру, қара шаңырақ; мал жан аман болсын, ат шаптыру; ауылдың алты ауызы, шаңырақ түйе, бастаңғы.* Ал ағылшын халқына тән фразеологиялық бірліктер: *by (немесе with) bell, book and candle, baker's dozen, good wine needs no bush, Rob Peter to pay Paul, sit above the salt, sit below the salt, an aunt Sally, put smb. in the cart, a strange bedfellow.*

**2) ұлы ақын шығармаларынан:**

Жергілікті ағылшын тілі фразеологизмдерінің көпшілігі көркем әдебиет шығармаларынан, әсіресе, Шекспирдің шығармаларынан алынған фразеологизмдер бірінші орында тұрады. Олар: *A fool's*

*paradise, The green-eyed monster, A rose by any other name would smell as sweet, A foregone conclusion, A ministering angel shall my sister be, Come what come may, Milk of human kindness, Truth will out, What a piece of work is man;* ал қазақтың ұлы ақындарын еске алатын болсақ, ойымызға бірінші болып Абай түсетіні рас.

Абай тіліңдегі фразеологизмді жалпы халықтық тілден, сонымен бірге өзіне дейінгі ауызша әдеби тілден алып қолданған және ақынның өзі жасаған тіркестері деп бөліп қараған абзал. Ғасырлар бойы сұрыпталып, тұрақталған тіркестерді пайдалану жалғыз Абайдың емес, әрбір қаламгердің әдісі, бірақ, мұнда әр ақын-жазушының фразеологизмдерді таңдауы, құбылтуы, қолдану орны, жиілігі т.б. жағынан өзіне тән қолтаңбасы көрінеді. Мыс: *көңілдің жайлауы, көңілге ажым салу, бойды ұрлау, иман жүзін тоздыру, жүрегін ұстап сату, ант шайқау, ардан кету, тілге сөз түспеу, өтірікті судай ағызу, көңілі тірі, жан жалдау, көздің майы, сөздің майын аямау.*

**3) Тарихи ұғымдарға байланысты фразеологизмдер:**

Жалпы, ұлттық деректерге сүйенетін лингвомәдениеттік талдау үшін мәдениет ұғымы ең негізгі болып табылатындықтан, ұлттық мәдени ерекшеліктерді қамтитын тұрақты тіркестерді талдап түсіндіруде осы мәдени негіздерге сүйену қажет. Өйткені тіліміздің көркем құралы болып табылатын тұрақты тіркестердің қай-қайсысының да пайда болуында терең тамырлы тарихы бар халқымыздың ұрпақтан-ұрпаққа мирас болған ежелгі мұралардың келбеті бары анық.

Қазақ халқының тарихын еске түсіретін фразеологиялық бірліктер: *Ақтабан шұбырынды, алакөл сұлама; Тар жол-тайғақ кешу; Ондай ондай ханның қызында да болады; Абылай аспас асу жоқ; Есімханның ескі жолы, Қасымханның қасқа жолы; Хан сыртынан жұдырық; Хан талау; Сын сағат; Көк найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен.* Ал ағылшын халқының тарихына қатысты фразеологиялық бірліктер: *As well be hanged (немесе hung) for a sheep as a lamb, the curse of Scotland, The three tailors of Tooley Street, meet one's Waterloo* [2].

**4) күнделікті тұрмыс-тіршілікке байланысты фразеологизмдер:**

Әр халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігі, күн көрісі, өмір сүру мәдениеті – барлығы тіліндегі фразеологизмдерден көрініс табады. Олай болса, қазақ халқына тән күнделікті тұрмыс-тіршілікке байланысты фразеологизмдер: *жаман айтпай жақсы жоқ, қабырғамен кеңесу, кімді айтсаң сол келеді, адам қатарына қоспау, көзге шыққан сүйелдей, жымқырып кету, шөп сындыру, бәрін айтта, бірін айт.* Ал ағылшындардың күнделікті тұрмыс-тіршілікке байланысты фразеологизмдері: *to be born with a silver spoon in one's mouth, to make a clean sweep of something, to hit the nail on the head, a dark horse, see how the cat jumps.*

**5) мезгіл, ай, апта, күн аттарына байланысты фразеологизмдер:**

Табиғаттың әрбір маусымы ерекше болатыны белгілі. Осыған байланысты қазақ халқы әр мезгілге байланысты өз ойларын жеткізу кезінде фразеологизмдерді қолданған. Тіпті апта күндеріне де ерекше көңіл бөлгенін айтуға болады.

Мысалы: *жексенбіден жел өтпес, қара күз, алтын күз, қыстың көзі қырауда, қыстың күні қар бермеу, наурыз көже, сәуір болмай тәуір болмас, қасиетті жұма, сәтті күн сәрсенбі, қыстың бір күні қалса қорық, жексенбі күн – базар күні.* Сондай-ақ, келесі тізімдегі ағылшын тіліндегі апта, ай аттарымен байланысты фразеологиялық бірліктер ағылшын халқының ой-санасы мен тұрмысын көрсетеді: *April fool, as mad as a March hare, May queen, Blue Monday, Black Friday, girl Friday, man Friday, a month of Sundays, Sunday best / Sunday clothes, when two Sundays come together* [3].

**6) жан-жануарлар аттарымен байланысты фразеологизмдер:**

Қазақ халқының күнделікті тұрмыс-тіршілігінде зор маңызға ие, бүгінде ұлттық болмыс пен танымын танытатын төрт түлікке қатысты тілдік бірліктер сөздік қордан қомақты орын алған. Бүгінгі кезеңде төрт түлік лексикасы этномәдени лексика; заттық мәдениет, рухани мәдениет лексикасы құрамында ұлттық мәдениеттің тілдік релеванттары ретінде зерттеліп, лингвомәдениеттанымдық, символдық мәні бар этнографизмдер ретінде танылады. Қазақ халқының көшпелі заманда негізгі тіршілік көзі – төрт түлік мал болғандықтан, төрт түлік атауларының қатысымен фразеологизмдер аз тумаған. Төрт түлік деп түйе, жылқы, сиыр, қой малдарын айтады.

Мысалы: *ат құлағында ойнайды, қойдан қоңыр, жылқыдан торы, ақ түйенің қарны жарылды, өгізге туған күн бұзауға да туады, нар жолында жүк қалмас, атан жілік жігіт, бота көз ару, сиырдың сүті тілінде, қой аузынан шөп алмайды.*

Төрт түлік мал тек қазақ халқының төл тұрмыс-тіршілігіндегі мәдениетін айқындаса, ағылшын халқы жан-жануарларға қатысты келесі фразеологиялық бірліктерді қолданған*: cat's pajamas, barking up the wrong tree, raining cats and dogs, three-dog night, dog days of summer, a dog's breakfast, dog's dinner, dog in the manger', 'Flogging a dead horse', 'For donkey's years', 'Like giving a donkey strawberries, Bull in a china shop.*

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. А. Алдашева, Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер, Алматы, 1998, 213-б.
2. Кунин А.В. “Фразеология современного английского языка” - Москва, 1972
3. Robert J. Dixson “Essential Idioms in English, New Edition” Longman, 1994

## БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІНДЕГІ КЕМШІЛІКТЕРДІ АНЫҚТАУДЫҢ ТӘСІЛДЕРІ

**Түзел Диана Дінмұхамбетқызы, Закарияева Айдана Нұрланқызы**
Шымкент қаласы, "N2 Психологиялық педагогикалық түзету кабинеті" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің педагог-дефектологтары

***Резюме***
*В данной статье рассматривается методы определения дефектов речи детей*
***Summary***
*This article discusses methods for determining speech defects in children.*

Сөйлеу тіліндегі ақаулықтарды дұрыс түсініп және тиімді ықпал жасау үшін оны жоюдың ең ұтымды және үнемді жолын таңдау керек. Сөйлеу тіліндегі мүкістіктің ішкі сырының ерекшелігін және оның ауқымдылығын анықтай білу қажет. Сөйлеу тіл жүйелерінің қайсы бөлігінің ақауланғанын талдай білу қажет. Сөйлеу тілнің мүкістерінің ерекшелігі мен оның күрделілігіне байланысты әрбір нақтылы жағдайға сәйкес тапсырмаларды пайдаланып тексеру ішінара жекеленген болу керек. Бірақ қандай жағдай болмасын кейбір негізгі талаптарды естен шығармау қажет.

Мүкістіктер сөйлеу тілінің фонематикалық, лексикалық және грамматикалық жақтарын да қамтитыны белгілі. Бұл сөйлеу тілінің фонематикалық барысын, сөздік қорын, грамматикалық құрылысын жан-жақты тексеру деген сөз. Сонымен бірге мектеп оқушыларының оқуы мен жазуын да тексеру қажет.

Сөйлеу тілінің мүкістерін талдауға жүйелі тәсілді қолданудың, сөйлеу тілінің қайсы бөлігінің бұзылғанын анықтап қана коймай, сонымен бірге оның басқа бөлімдерімен де қандай байланысының бар екенін шамалауға мүмкіншілік беретін ерекшелігімен маңызды. Мысалы, сөйлеу тіліндегі дыбыстардың бұзылуы өз бетімен дербес болып келуі белгілі, бірақ ол көп жағдайларда сөйлеу тілінің фонетикалық жағын, ал кейде, тіпті фонетика-фонематикалық және лексика-грамматикалық жақтары сияқты жалпы дамуын да қамтитын бұзылудың күрделі нышанын білдіретін ақаулықтарға сай келуі мүмкін. Осының барлығы тексеру барысында ашылуы керек.

Бірақ, логопедиялық жұмыста бұл әрдайым ескеріле бермейді, осы уақытқа дейін ақаулыққа қолданылатын әрекеттер оның ең жиі көрінетін сыртқы белгісіне қарап белгіленеді, оның басқа бөлімдерімен байланысы ашылмайды, нәтижесінің қандай болатыны, қандай зардапқа әкеліп соғуы мүмкін екені ескерілмейді. Мысалы, сөйлеу тілі дыбыстарын естіп қабылдауының, ажыратуының жеткіліксіз дамуы жекелеген дыбыстардың айтылуындағы бұзылуына және баланың фонематикалык түсінігінің кешеуілдеп қалуына себепші болуы мумкін. Сондай-ақ ол сөйлеу тіліндегі дыбыстардың талдауының қалыптаспауына, демек оқуы мен жазуын менгеруіне де әсер етуі мүмкін. Жоғарыда көрсетілгендей, сөйлеу тілі бұзылуының әрбір көрінісі бір мезгілде басқа да бұзылулардың шығуына себепші болуы мүмкін. Бұл жағдай сөйлеу тілі мүшелерінің қайсы бөлігінің бұзылғанын анықтағаннан кейін, соған қатысты басқа мүшелері қандай жағдайда екенін байқап көріп, тексерген кезде назарда болу қажет.

Сөйлеу тілі құрамын, дыбыстардың айтылуын, сөздік қорын, грамматикалық құрылысын, жазуы мен оқуын тексерген кезде қолданылатын тәсілдерге және нақтылы әдістерге тоқталамыз. Тәсілдің немесе әдістің қайсысын болмасын әйтеуір біреуін қолданғанымен сөйлеу тілі бұзылуының ерекшелігі туралы бірден қорытынды жасауға болмайды. Тек тексерудің нәтижесін салыстыру және талдау арқылы сөйлеу тілінің ақаулығы туралы анық айтуға болады.

Сөйлеу тілін тексермес бұрын ата-аналармен әңгіме өткізу қажет. Әңгімелесу барысында баланың қандай аурумен ауырғаны, жара-қаттанғандығы және сөйлеу тілінің дұрыс қалыптасуына зиянын тигізетін тәрбие жағдайы анықталады (анамнез жинақтау). Ата-аналардың берген мәлімдемелері баланың сөйлеу тілі бұзылуының көрінісін түсінуге жәрдемін тигізеді.

Сөйлеу тілі ақаулыктарының шығу себептерін дұрыс анықтау үшін, логопед баланың сөйлеу тілінің қалай дамығандығын көз алдына келтіру керек. Сондықтан, баланың тілі қай жасынан бастап шыққаны, бірінші сөзді қашан айтқаны және сөздің басын құрап сөйлеуді қашан бастағаны, одан ары қарай сөйлеу тілінің қалай дамығандығы, мектепке барардың алдында оның сөздік қорының және грамматикалық құрылысының шамасы қалай қалыптасқандығы туралы мәліметтерді ата-аналардан сұрай отырып жинау қажет.

Ата-аналармен әңгімелесу кезінде баламен күнделікті қатысып, араласып жүрген адамдардың тілдерінің дамуындағы деңгей шамалары туралы, олардың арасында сақаулары және бірнеше ұлтттың тілдерін араластырып сөйлейтіндерінің бар-жоктығын, сонымен бірге, баланың сөйлеу тілінің дұрыс дамып қалыптасуына ортаның қандай ықпал тигізгендігін анықтайды. Ең маңыздысы, бала өзінің сөйлеу тілінің ақаулығын түсіне ме және оған баланың көзқарасы қандай, яғни уайымдайма соны білу керек. Сонымен бірге ата-ананың логопедтен бұрын кеңес алғанын және қандай нәтиже бергенін анықтау керек. Егер бала бұған дейін балалар мекемелерінің қайсы біреуінде тәрбиеленген болса, онда ата-ананың берген мәліметтері педагогикалык мінездемемен толықтырылады.

Сөйлеу тілінің бұзылуы есту қабілетінің нашарлауына көп байланысты. Бұл екі келеңсіздіктің бірімен-бірі тығыз байланысты екеніне ата-аналар көңіл аудармайды, сондықтан да логопедтің алдына өтінішпен барған кезде баланың нашар еститінін көбінесе ескертпейді. Сондықтан сөйлеу тілін тексермес бұрын оның есту қабілетінің дұрыстығына көз жеткізіп алу керек. Егер баланың есту қабілеті жөнінде отоларингологтан анықтама болмаса, онда оны логопед өзі тексереді. Есту қабілетін сыбырлап сөйлегенді ұғынуын талдау арқылы тексереді. Жеке сөзді немесе қысқа сөйлемді баланың құлағының түбінен бастап бірде қатты, бірде ақырын, бірде сыбыр дауыспен кезек-кезек біртіндеп алыстатып айта отырып есту қабілетінің шамасын әр түрлі қашықтықтан тексереді.

Тексеруге кірісерде логопед ең алдымен баланың сөйлеу тілінің толықтығы, анықтылығы, ырғақтығы, жатықтығын толығымен түсініп алуы керек.

Мектеп жасына дейінгі немесе мектеп жастағы балалардың сөйлеу тілінің жалпы жағдайынан түсінік алу үшін қарапайым жеңіл әңгімесу өткізіледі. Атың кім? Әкеңнің аты кім? Анаңның аты кім? Қайда тұрасың? Әпкең, қарындасың, сіңлің, інің, ағаң бар ма? Олар туралы айтып бер. Мектепте кіммен достасып жүрсің? Бұл жерге немен келдің? Тағы қандай көлікті білесің? Сен хайуанаттар паркінде болдың ба? Қандай аңдарды көрдің? Солардың ішінде саған көбірек ұнағаны қандай аң болды? және т.б.

Әңгімені тек қана сұрак-жауаппен шектеп жүргізуге болмайды. Балаға бейнелі сурет бойынша қысқа әңгімені ауызекі айтып беруді ұсынады. Берілетін тапсырманың түрі мынандай болуы керек. «Мына бейнедегі суреттелген көріністерді айтып бер». Бала окиға желісін еркін әңгімелей алатындай етіп сюжетті суреттер баланың жас ерекшелігіне сай арнайы іріктеліп алынады.

Тексеру құралдарына сонымен бірге нақты бір оқиғаның желісіне құрылған жалғаскан бірнеше сюжетті сурет болуы керек. Әрбір сюжетті сурет оқиға желісінің үзіндісін көрсетеді. Ілеспелі сюжетті суреттер баланың алдына рет-ретімен жайып салынады немесе қалай болса солай ретсіз тасталынады. Бала оларды оқиға желісіне лайықтап реттейді де тізіп жаяды, сосын оларға қарап отырып өз сөзімен қиыстырып, бүтін бір әңгіме құрастырып айтып шығады. Жалғасқан бейнелі суреттерді окиға желісінен реттеп тізіп жаюына қарап, олардан салихалы әңгіме құрап, жатык тілмен айтып беруіне карап, баланың ақыл-ойының деңгейін шамалауға болады.

Сюжетті сурет бойынша әңгімелеумен бірге, ертегі немесе бала өзі күнделікті естіп жүрген қарапайымдылығымен ерекшеленетін жеңіл әңгімені айтқызу тәсілін қолдану қажет.

Сұраққа жауап беру, бейнелі сурет бойынша әңгімелеу, ойға токыған әңгімесін еркін сөйлеп беру кездерінде логопед баланың сөйлеу тіліндегі дыбыстардың айтылуында ақаулықтың бар-жоқтығын және сөйлеу тілінің жалпы анықтылығын, оның шапшандығын, жатыктығын, естіген әңгімесін өз сөзімен қайталап айтып бере алатындығын, әңгімелеу кезінде сөйлемнің қандай түрлерін пайдаланатындығын, сөйлем құрастыруда, сөз тандауда оларды орнымен қалай дұрыс пайдаланатындығын, сөйлемнің грамматикалық құрылысьнда сараланбаушылықтың (аграмматизм) бар жоғын, сонымен қатар баланың ой-өрісінің дамуы туралы да, мағлұмат алынып, болжау жасалады.

Баламен алдын-ала әңгімелесу кезінде оның дыбыстарды айтуын қаншалықты меңгергенін және қандай ақаулықтардын бар екенін алдын ала білуге мүмкіндік береді. Бірақ сөйлеу тіліндегі

дыбыстардың айтылуындағы ақаулар ерекшеліктерін дәл анықтау үшін оларды арнайы және егжей-тегжейлі тексеру қажет.

Дыбыстардың айтылуын зерттемес бұрын баланың сөйлеу тілі мүшелерінің жағдайын тексеріп алу керек. Сөйлеу тілі мүшелерінің құрылысындағы немесе қозғалту қызметіндегі болмашы ақаулықтардың өзі сөйлеу тілінің дұрыс қалыптасуын тежеуі мүмкін. Кейде бұл бұзылулар басқа жағдайларда онша білінбейді, олар негізінде сөйлеу мүшелерінің құрылысын және қимылдарын мұқият тексергенде анықталады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Нуркежанова А. Балалардағы сөйлеу тіл бұзылымдарының себептері /А. Нуркежанова // Дефектология . – 2014 . . – № 10
2. Өмірбекова Қ. Логопедия: оқу құралы /Қ. Өмірбекова, Қ. Серкебаев . – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1996
3. Шогельбаева Г. Логопедтің жеке түзету жұмысының технологиялық картасы / Г.Шогельбаева // Дефектология. – 2013 . – № 3


## ҮШТІЛДІ БІЛІМ БЕРУДЕ ПӘН МЕН ТІЛДІ КІРІКТІРІП ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ


**Егізбекова Гулмира Берікханқызы**

Шымкент қаласы, №122 Ақжар жалпы орта білім беретін мектебінің

ағылшын тілі пәні мұғалімі



***Резюме***

*В данной статье рассматривается использование эффективность интегрированного обучения*

***Summary***

*The article is given information the effectiveness of subject and language learning.*


Ағылшын тілі әлемдегі ең кең тараған тіл. Шамамен бұл тілде жер бетінде бір миллиардтан астам адам сөйлей алады. Әлемдегі экономикасы дамыған мемлекеттер - Ұлыбритания мен АҚШ-тың мемлекеттік тілі. Сонымен қатар, ондаған мемлекеттердің ресми тілі. Дүниедегі барлық аударма шығармалардың, ақпараттардың 33%-ы ағылшын тілінен аударылса, 15 % – француз тілінен, ал 1%-ы ғана неміс тілінен аударылады. Бұл статистикалардан-ақ, ағылшын тілін меңгерудің қаншалықты маңызды екенін, ақпарат пен білімнің барлығы да сол тілде екенін түсінуге болады. Ағылшын тілін білетін адам, жер жүзінде бір миллиард адаммен еркін коммуникацияға түсе алады деген сөз.

Шет тілдердің арасында ағылшын тілі ешкімге шаң жұқтырмай, алғашқы орынды бермей келеді. Бизнес, туризм, ғылым, білім беру жүйесі, интернет, кинемотограф т.б. әлемнің түрлі саласында дәл осы ағылшын тілі қолданылып, көптеген әлемдік жобалар, саяси кездесулер мен жиындар, спорттық жарыстар мен олимпиадалар ағылшын тілінсіз өткен емес. Сондықтан, еліміздегі білім мен ғылымды т.б. саланы дамытамын деген әрбір жас, әрбір патриот ағылшын тілін білуі міндетті. Оның пайдасы да шаш етектен.

Ағылшын тілін білген адам, болмаса кадрдың еңбек нарығындағы бағасы өседі. Бүгінде елімізде жұмысқа қабылдағанда ағылшын тілін білетін жастарға ерекше құрметпен қарайды. Ал, кейбір шетелдік компанияларда бұл тіпті талап ретінде қарастырылып жатқаны өтірік емес. Бесаспап, яғни әмбебап маман болам десеңіз, өз ісіңіздің іскері болам десеңіз оған ағылшын тілінсіз айналып бару мүмкін емес.[1]

Сол лингвистика ғылымының тілімен сөйлейтін болсақ, екі тілді білетін адамды «қостілді», ал 3 немесе одан да көп тілді білетін адамды «полиглот» дейді. Дүние жүзі тарихына көз жіберсең, жаһанға атағы жайылған дара тұлғалардың, ғалымдар мен ақындардың барлығы дерлік кемінде 2 немесе 3 тілді меңгергенін байқауға болады. Мәселен, шығыс ғұламасы, Аристотельден кейін екінші ұстаз атанған, қазақ топырағынан шыққан Әбу Насыр Әл-Фараби 70-ке жуық тілді меңгерген. Бүгінде бұл ғалым тарих парақтарынан өшпестей орын алған. Ал, орыстың классигі, ақыны А.С.Пушкин француз, ағылшын, неміс, итальян, испан, латын, грек, славян тілдерін білген. Тіпті, көне еврей тілін зерттеп үлгеріпті. Бүгінде орыс десең – Пушкин, Пушкин десең – орыс есіңе түседі. Яғни, Пушкин Ресейді жер жаһанға танытуда ақындығымен қатар, бірнеше тілді меңгергенінің көмегі де болған.

Қазақ поэзиясының атасы - Ұлы Абай орыс-қазақ тілдерімен қатар парсы, араб тілдерін меңгеріп, сол тілдерде бірнеше кітаптарды оқыған. Орыс тілін орта жастан асып барып, кеш меңгерген. Дегенмен, ештен кеш жақсы ұстанымын ұстанған ұлы данамыз, ғылым игеруде тіл білудің маңыздылығын өте жақсы ұққан. Сонымен қатар, қазақ халқының ұлы перзенті, Абылай ханның немересі Шоқан Уәлиханов араб, шағатай және түркі тілдерінің біразын білген екен. Кадет корпусында оқып жүргенде орыс тілін жетік біліп үлгерген. Сол тұстарда қазақтан шыққан жалғыз зерттеуші ғалым Шоқан болғанына ешкім күмән келтіре алмас. Оның ғылымға, зерттеушілікке деген қызығушылығы көптілді меңгергенінен кейін пайда болғаны да жасырын емес. Көптілді адам білім мен ғылымға құштар болатыны бүгінгі күнде де талай дәлелденіп отыр

Пән мен тілді кіріктіріп оқыту әдісі негізінде сабақта берілетін тапсырмалар мен жұмыстар тілді дамыту бағытында жүреді. Яғни тілдік емес пән оқытушылары тек пәннің мазмұнына ғана емес, сонымен қатар сол пән арқылы оқушылардың тілдік дағдыларын дамытады. Бұл әдіс арқылы бірден екі мақсатқа жетуге болады: ағылшын тілі арқылы сабақ мазмұнын түсіндіру және пәндерді меңгеру арқылы ғылыми тіл дағдыларын дамыту.

Бала оқытып, тәрбиелеумен айналысатын барша педагог қауымының басты міндеті - әр оқушының қабілетін ашуға жағдай жасау, жеке тұлға қалыптастыру. Ал оқушы жеке тұлға ретінде қалыптасу үшін міндетті түрде білім негіздерін өз еркімен үйреніп, іс-әрекеттің мақсатын, міндетін, түрін, тәсілін, жағдайын өзінше түсініп, алған білімін өмірде қолдана алатындай жағдайға жетуі тиіс. Ол үшін, менің ойымша, әрбір шәкірт төмендегідей психологиялық талаптарға ұмтылуы керек.

1. "Мен істеймін" деу арқылы өзінің көңілі ауған адамдарға ұқсауға тырысып, еліктеу, яғни, өз ортасында жақсы қасиеттерімен көрінуге тырысу, осылайша, жіберген қателіктер мен жетістіктеріне талдау жасау, атқаратын жұмысының тетігін табу.

2. "Мен үшін керек" деп талаптану арқылы өз іс-әрекетін бағалай білу, іздене, оқыса өзі қойған мақсатына жете алатынына көзін жеткізу, өзіндік түйсігін ояту.

3. "Мен істей аламын" деу арқылы өз іс-әрекетіне сенімділікпен қарау, қоғам талабына бағыну керектігін сезіну, өзін және өзгені сыйлау қажеттігін ұғыну. Алға қойған мақсатына жету үшін өзін төзімділікке тәрбиелеу.

Ұсынылып отырған тұжырым үлгісін басшылыққа алған жағдайда, оқытушының басты педагогикалық міндеті орындалып, оқушылардың дарындылыққа еліктеу, жіберілген кемшіліктің себебін табу, қоғамдық тәртіпті сыйлау және оған бағыну, жан-жақты даму мақсатында талаптану және төзімді болу сияқты тұлғалық қасиеттері қалыптасады деп ойлаймын.

Жалпы қабілеттілікті дамыту үшін көп жағдайлар керек. Мен олардың бастыларына мыналарды жатқызамын:

- туа біткен қасиетін дамыту;
- отбасының жағдайы, ата-анасының қолдауы;
- оқушы мен оқытушы арасындағы қарым-қатынас;
- ұстаз біліктілігі;
- оқу ордасындағы оқыту мен тәрбиелеу деңгейі.

Міне, осы айтылғандар ұштасқан кезде ғана қабілетті, дарынды, талантты оқушылар жетіле түседі, күш-қуатын толық жұмсап, тынымсыз еңбек етеді.[2]

Үш тілде оқытудың тиімділігі Халықаралық зерттеулері бойынша үш тілде жүргізетін оқу бағдарламалары бойынша білім алатын оқушылар:

- жұмысқа ұқыпты, мотивациялары жоғары, бірнеше тіл білудің артықшылықтарын түсінеді;
- бір тілде ғана білім алатын оқушыларға қарағанда, үш тілді қосқанда барлық пәндерден үлгерімі жақсарады;

Зерттеу жүргізген мұғалімдердің пікірінше, аталмыш бағдарлама оқушылардың білім алу дағдылары мен үлгеріміне кері әсерін тигізбейді.

Сонымен қатар, оқушылардың бойында мынадай дағдылар дамиды:

- Оқушылардың коммуникативтік дағдылары дамиды;
- Оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдысы дамиды;
- Оқушыларды өмір бойы білім алып үйретуге ықпал етеді;
- Оқушылардың бойында функцияналдық сауаттылықты дамытуға бағыт бағдар береді;
- Мұғалімдерге әртүрлі оқыту ресурстарын қолдануға мүмкіндік береді;

Пән мен тілді кіріктіріп оқыту – сабақта берілетін тапсырмалар мен жұмыстарда тілді дамыту қамтылады, яғни тілдік емес пән мұғалімі тек пәннің мазмұнына ғана жауап бермейді, сонымен қатар сол пән арқылы оқушылардың тілдік дағдыларын дамытады. Пән мен тілді кіріктіріп оқыту әдісі

арқылы 2 мақсатқа бірдей жетуге болады: **пән екінші немесе үшінші тіл** арқылы оқытылады және де пәндерді меңгеру арқылы **ғылыми тіл** дамиды.

Қорытындылай келе, Қазақстанның азаматы, атақты қазақстандық аудармашы, публицист, әдебиеттанушы, қазақ тілінің дамуына өлшеусіз үлес қосып жүргені неміс ұлтының өкілі Г.Бельгер: «Неміс тілі, қазақ тілі, орыс тілі – шабытымның үш қайнар бұлағы» - деген екен. Қазақ халқының «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл» деген мақалы – Елбасымыздың «Үш тұғырлы тіл» саясатын жүргізудің негізі бола алады. Ал, А.П.Чеховтың «Шет тілін білмеген адам өзін паспортсыз жандай сезінеді» деген қанатты сөзі, бір тілмен шектелген адам өзін еркін, бостандықта жүргенін сезіне алмайтынын нұсқап отыр. Ендеше, «Үштұғырлы тілді» меңгеру – еркіндіктің, бостандықтың, бүкіл әлем бойынша жүріп-тұрудың кепілі.

Үштұғырлы тіл өмірдің қажеттілігі. Бұл бүгінгі елдің тыныс-тіршілігін айқындайды және жалпыға ортақ қалыпты норма болып саналады. Үш тілді қатар меңгеру бәсекеге қабілетті ел азаматының міндеті. Қазақстанның білікті, білімді әр азаматын ғаламдық ақпараттар мен инновациялық ағынына ілесу ағылшын тілін үйренуге жетелейді.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Д. Аязбеков. «Үш тұғырлы тілді» меңгеру – еркіндіктің, бүкіл әлем бойынша жүріп-тұрудың кепілі, 2013ж
2. Сарсенбаева А.С. Шымкент қаласы физика-математика бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебі биология пәнінің магистрі

## АҒЫЛШЫН ТІЛІН ПӘНІН ҮЙРЕТУДЕ ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІН ПАЙДАЛАНУ

**Абылкасымова Марианна Асылхановна**
Шымкент қаласы, №122 Ақжар жалпы орта білім беретін мектебінің
ағылшын тілі пәні мұғалімі

***Резюме***

*В данной статья рассматривается использование игровых элементов на уроках английского языка*

***Summary***

*The use of game elements in English lessons is considered*

Шетел тілін үйрету қиын да, қызықты жұмыс. Қазіргі кезде ұстаздарға қойылып отырған талап жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып сапалы терең білім беру, оқушылардың ойлау, есте сақтау көру қабілеттерін жетілдіру. Мектептерде жаңа технологиялар арқылы оқыту шет тілін үйренудің сапасы мен маңызын арттырады. Шет тілін оқыту процесінде тілді дұрыс үйрету ауызша сөйлеу, сауатты жазу, мәнерлеп оқыту өте маңызды. Шетел тілін оқытудағы білімділік мақсаты - шетел тілінде сөйлеуді үйрету, байланыста бола алу мен ортақ тіл табысып, қарым - қатынасты нығайтуға ұмтылу болса, тәрбиелік мақсаты - өзге адамдарды тыңдау мәдениетін қалыптастыру негізінде өз пікірін айта алу және қорғауға үйрету.

Жаңа ақпараттық технологиялармен қатар, өз сабағымда интербелсенді оқытуды пайдалана отырып, ойын әдіс-тәсілін қолданамын. Ойын арқылы ұстаз қойған мақсаттарына жетеді деп ойлаймын. Ойынға қатысушы оқушылар мұғалімдермен өзара қарым-қатынастарын көтереді, әрі өздерінің қабілеттерін тексеруге мүмкіндік тудырады, сонымен қатар ұйымдастыру қабілеттерін арта отырып сабақ кезінде қуаныш сезімін оятады. Оқу үрдісінде тиімді ойындардың бірі төмендегідей:

1. Рөлдік ойындар.
2. Іскерлік ойындар.

А) Іскерлік оқу ойындары: саяхат ойындары; блиц ойындары.
Ә) Өндірістік ойындар.

Рөлдік ойындар - интербелсенді әдістердің тиімді бір түрі. Рөлдік ойындар екіге бөлінеді:

1. Әрбір оқушы рөлде ойнайды.
2. Оқушылардың шағын топтары рөлде ойнайды.

Іскерлік оқу ойындарға келсек, мысалы, сабақ тақырыбы бойынша жазылған сценарийлерге қысқа жағдаяттар ойнау.Ал саяхат ойындарында оқушылар күнделік жүргізеді немесе достары мен туыстарына хат жазады.Блиц оқу ойындары туралы айта кетсек, олар шағын ойындар, оқушылардың нақты біліктері мен дағдыларын дамытуға бағытталады.мынадай түрлері болады:фотосуреттерді баяндау(отбасы мүшелерін, достарын, өз үйінді, бөлменді), сұхбат алу (мерекелер тақырыбы бойынша), шындық детекторы (дұрыс, қате), т.б. Өндірісті ойындарда әлеуметтік және экономикалық маңызы бар күрделі мәселелерді шешуге болады. Мысалы, «Қоршаған орта немесе қоқысты қайта жіберуге болады.»деген тақырыптарда.

Мектептегі шетел тілін оқыту әдістемесі бойынша ойындарды екі түрге бөлуге болады. Олар: дайындық ойындары және шығармашылық ойындары. Дайындық ойындарына грамматикалық, лексикалық, фонетикалық және орфографикалық ойындар жатады. Грамматикалық құрылымдарды есте сақтау қиындау және оқушыны жалықтырып жібереді. Сол себептен ойын бұл тапсырманы жеңілдетеді. Мысалы, затты тығып қойып, ағылшын тілінде «Менің көзілдірігім қайда?» немесе «Мынау не?» деп сұрақ қою. Сөз орын да есте сақтау оңай емес болғандықтан, ойын ойнатқан жөн деп есептеймін. Мысалы, «Домино», «Бинго»ойындары, қызықты геометриялық фигураларды сызып, оның әр бұрышына сандарды немесе әріптерді эстетикаға сай, ретсіз жазып қойып, атап беру. Фонетикалық ойындар сөзді дұрыс айтуға арналған. Ал орфографикалық ойындардың мақсаты сөзді қатесіз жазу.

Әдеттегідей ойынға оқушылар 2-3 топқа бөлінеді. Бұл ойындарға дайындықтың қажеті жоқ, тек қана оқушыларды ойынның шарттарымен таныстырамын. Бұл ойындарды шығармашылық ойындардың қатарына қосуға болады.

Мектептерде ағылшын тілін оқытудың негізгі элементтерінің бірі - сөздік жұмысын жүргізу. Ол оқушылардың сөздік қорын байытуда ерекше орын алады.Оқушының сөздік қорын тексеру әдістері бар. Олар мыналар.

1.Әңгімелесу, әңгіме құрату - өзін қоршаған орта туралы: үй іші, мектебі, сыныбы, ата-анасы, оқу-құралдары, т.б.

2. Оқушының күнделікті жиі пайдаланатын заттарын көрсету арқылы оны атату (киім-кешек, ыдыс-аяқ, үй жиһаздары т.б.).

3. Сөзді түсініп айту дәрежесін тексеру (таныс емес заттарды көрсету, т.б.).

Сөздік жұмысын ұйымдастырудың басты қағидасы - оқушының лексикалық материалды белсенді түрде меңгеріп, сөйлеу тілінде оларды бекітіп, сөйлеуде белсенді түрде қолдана білуге үйрету негізінде қалыптастыруды жүзеге асырамын.

Сөздік жұмысын ұйымдастырудың қағидаларын біліп алу қажет. Олар игерілуге, білуге қажетті сөздер, жиілік, ахуалдың - тақырыптық негізінде сөз ірітіледі. Ағылшын тіліндегі сөздер тек лексикалық түрінде ғана оқушыға меңгеріп қоймай, ол лексика-грамматикалық бірлікте іске асырылу қажет. Мысалы, «оқушы, оқы, кітап»деген сөздерді жеке бермей, оны сөз тіркесімен берген жөн. Бұл сөздік жүргізудің бір қағидасы болып саналады.

Ұстаз жан-жақты ізденісті қажет етеді». Орта мектепте шетел тілін оқытудың басты мақсаты коммуникативтік мақсат болуға тиіс, яғни орта мектепті бітіруші бағдарламада белгіленген көлемде оқыған шетел тілін қатынас құралы ретінде меңгеруге тиіс. Демек сөз әрекетінің негізгі түрлерін: монолог және диалог түрінде сөйлеу ауызша айтылған сөзі тыңдап, түсіну, жазбаша мәтіндерді оқып, ондағы ақпаратты қабылдай білу іскерліктерін меңгеруге тиіс.

Шетел тілін оқытуда қолданылатын әдістердің ішінде ойын элементтері маңызды роль атқарады. Оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда, жаңа сөздерді меңгеруде, тілге деген қызығушылығын арттыруда, білім деңгейін тексеруде ойын элементтерін пайдаланған жөн. Мұғалім ойындардың сабақ кезінде қолдануға ыңғайлы, өткізілуі жағынан қарапайым түрлерін таңдап алғаны жөн. Таңдап алынған ойындар оқушылардың жас ерекшелігіне, сөз байлығына, білім деңгейіне сай болуы керек. Сабақ барысында ойын элементтерін пайдалану үшін мұғалім алдын-ала жоспар құрып алуы керек. Жоспар әдістемелік тұрғыдан қарағанда мынандай шарттарға жауап беруі тиіс:

-ойынның өтілетін сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сәйкес болуы;
-ойынға бөлінетін уақыттың нақты белгіленуі;
-ойынның ойналу түрінің нақтылануы (топпен ойын немесе жекелей ойын);
-ойынға қажетті материалдардың дайындалуы;
-қолданылатын сөздер, сөз тіркестері, мақал-мәтелдер, тақпақтардың таңдалынып алынуы;
-пысықталатын грамматикалық, лексикалық, фонетикалық материалдардың анықталуы;
-ойынның өту барысының жоспары жасалуы.

Сабақта қолданылатын ойындар алуан түрлі. Олар оқу ойындары және коммуникативтік ойындар болып екіге бөлінеді. Бұл ойындардың шетел тілі сабақтарында әрқайсысының пайдалану орны, мақсаты, атқаратын қызметі жағынан айырмашылықтары бар. Шетел тілін оқытудың бастапқы сатысында оқу ойындарын немесе коммуникативтік ойындарды қолдану оқушылардың білім, білік дағдыларына байланысты шешіледі. Тілді жаңадан үйреніп жүрген оқушылар еркін қарым-қатынас жасап, сөйлесе алмайды, сондықтан мұғалім тек коммуникативтік ойындарды қолдана алады. Ойынды бастар алдында түсініктеме ана тілінде жүргізіледі. Ойын жарыс түрінде өткізілсе барлық оқушылар басынан аяғына дейін ықыласпен қатысады. Ойын элементтері оқушыларды жалықтырмайды, керісінше қызықтырады. Ойын соңынан оқушылардың пікірі, көзқарасы талданады, баға беріледі. Ойын арқылы оқушылар белсенділікке, өз бетінше жұмыс істеуге, қорытынды жасауға дағдыланады. Бастапқы және кейінгі этаптарда шетел тілін оқытудағы бір негізгі аспект ол ойын элементтерін тиімді пайдалану болып табылады. Ойын арқылы бала қоғамдық тәжірибені меңгереді, сондықтан әр сабақ үрдісінде қандай ойын қолдануға болатынын сабақтың мақсатына, жас ерекшелігіне сәйкес таңдау керек.

Ойындар бес негізгі түрге бөлінеді:

1) стол үсті ойындары
2) дидактикалық ойындар
3) қозғалыс ойындары
4) іскерлік ойындар
5) интеллектуалдық ойындар

I. Стол үсті ойындары.

Оқушылардың зейінділігін дамытатын, ой-өрісін кеңейтетін құрал. Сыныпта стол үсті ойындарын топтық және дара жұмыста қолдануымызға болады. Бұған ребус, кроссвордтар жатады, оларды тақтада, ватман қағазында, қима қағаздарда немесе компьютерде орындауға болады. Бұл ойындарды қорытынды, білімді тиянақтайтын сабақтарда қолданған тиімді.

II. Дидактикалық ойындар.

Оқушылардың таным белсендігін жандандыратын, өздігінен ойлауын дамытатын тәсілдердің бірі. Олар кез-келген оқу материалын қызықты да тартымды қылып, оқушылардың көңілді күйін көтеруге, өздерінің жұмыстарына қанағаттануға және білім үрдісін жеңіл меңгеруге көмектеседі.

Мысалы: «Алфавит ойыны». Бірінші оқушы: «Apple...» деп, «A» әрпінен басталатын сөзді айтады , келесі оқушы бірінші оқушының сөзін қайталап, «B» әрпінен басталатын сөз айтады (ex : box) т.с.с

III. Қозғалыс ойындары .

Бұл ойындар оқушылардың іс-әрекеттерін бір түрінен басқа түріне тез ауысуға көмектеседі және ешқандай арнайы дайындықты талап етпейді. Бұларды жабық бөлмеде немесе ашық аланда да өткізе аламыз.

IV. Іскерлік ойындар.

Оқушылардың оқу мазмұнын терең меңгеруге және пысықтауға ықпал етеді. Олар саяхат сабақтарда белсене қатысуымен, ауызша мәлімдеуімен, күйзелуімен білімдерін жандырады. Іскерлік ойындар оқушылардың қиялын дамытады, салыстыруға және дәлелдеуге үйретеді.

V.Интеллектуалдық ойындар.

Бұл ойындар оқушылардың зор белсендігін оятады. Бұл категорияға «ұғымталдыққа, жүйріктікке, зеректікке» бейімделген тапсырмалар – шарадалар, жұмбақтар, бас қатырғыштар жатады.

Кез келген ойынды қолданғанда келесі мәселелерді естен шығармау керек:

- әр-түрлі ойындарды ойнаған cneltyn шығармашылдыққа дайын;
-ойын, оның түрі, мазмұны оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай болуы;
-жарқын көрнекілік ойынды талапқа сай өткізуге ықпал етеді;
-ойынның қызықты материалы тақырыппен тығыз байланыста болуы.

«Telephoning»ойыны. Бұл ойын сан есімдерді жаттап, жаттығуға арналған. Бір оқушы телефонмен сыныптағы оқушының телефон номерін теріп, сандарды ауызша айтады. Қоңырау шалған оқушы қоңырауға жауап беріп, қысқаша реплика құрып, диалог жасау керек. Нәтиже

1. Әр оқушының шығармашылығы артады.
2. Жылдам жұмыс істеуге дағдыланады
3. Оқушының жеке қабілеті анықталады
4. Оқушы топ жаруға ұмтылады.
5. Оқушының ойлау қабілеті дамиды
6. Әр оқушы өз деңгейімен бағаланады

Оқушыларға берілген анаграмманы шешуге ұсынамын:

woruyehaohellohowareyouIamfineseeyougoodbye

“Kim`s Game” ойыны. Оқушының сумкасындағы заттарды оқыту үшін бәрін партаның үстіне жинап қойып, оларды қайталату керек. Содан соң бір-бірден тығып, өздеріне таптыру керек. Мысалы: Close your eyes! Open your eyes! What“s missing?.Қорыта келе: Ойын арқылы оқушының:

өздігінен жұмыс істеуге үйренеді;

сөздік қоры баийды, тілі дамиды;

зейіні қалыптасады;

байқампаздығы артады;

өзара сыйластыққа үйретеді;

ойынның ережесін бұзбау, яғни, тәртіптілікке баулиды;

бір-біріне деген оқушы сенімі артады;

сабаққа қызығушылығы артады.

Атақты американдық жазушы Е. Градин «You cannot effectively learn a foreign language until you make a million mistakes in that language. So hurry up and made your million mistakes» деп айтқандай, кез-келген адам ағылшын тілин сөйлеу әрекетінде миллиондаған қателерді жіберу арқылы үйреніп, шыңдалады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Қазақстан мектебі 2001 №7
2. Бастауыш мектебі №7-8 2008
3. Мектептегі шет тілі №1.2009


## ДҮНИЕЖҮЗІ ЕЛДЕРІНЕ АЙМАҚТЫҚ ШОЛУ


**Баймуратова Эльмира Алдашовна**

Шымкент қаласы №137 ЖОББМ тарих-география пәнінің мұғалімі



***Резюме***

*В даннной статье рассматривается краткый обзор региональных стран мира*

***Summary***

*This article discusses a brief overview of the regional countries of the world*


Дүниежүзі елдерін даму деңгейі бойынша топтастыру. Елдердің даму деңгейін сипаттайтын негізгі көрсеткіштер.

Қазіргі кезде жекелеген елдер мен аймақтар әлемдік экономикада алатын орны жөнінен бір-бірінен үлкен айырмашылық жасайды. Сондықтан елдердің нақты әлеуметтік-экономикалық даму деңгейлерін салыстырып, сипаттауда сандық көрсеткiштер жүйесі кеңінен пайдаланылады. Жеке елдің дүниежүзілік шаруашылықтағы орнын және әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктерін сипаттауда:

1) ел экономикасының типі;
2) жерінің ауданы және оның игерілу деңгейі;
3) халқының саны мен еңбек ресурстарының құрылымы;
4) жалпы жиынтық өнімнің (ЖЖӨ) көлемі мен құрылымы;
5) халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасы;
6) елдің халықаралық еңбек белінісіндегі орны сияқты маңызды көрсеткіштердің жиынтығы пайдаланылады.

Аталған көрсеткіштердің біріне қарап, елдің типін анықтау жаңсақтық болады, сондықтан еларалық салыстырулар жүргізуде өте көп мөлшерде сандық деректер ескеріледі. Ел экономикасының ауқымы, ең алдымен, жалпы жиынтық өнім көлемімен анықталады. Жиынтық өнімнің екі түрі бар: жиынтық ішкі өнім (ЖІӨ) және жиынтық ұлттық өнім (ЖҰӨ). ЖІӨ жыл ішінде белгілі бір аумақта өндірілген тауарлар мен көрсетілген қызметтің жалпы құнын көрсетсе, ЖҰӨ көлемін анықтауда аумақтағы шетелдік кәсіпорындар үлесі есептелмейді. Әдетте, географтар салыстырулар жүргізгенде ЖІӨ көлемін ғана есепке алады. Әртүрлі елдердегі ЖІӨ көлемінің көрсеткйптері алшақтық жасамас үшін бірыңғай бірлік — АҚШ доллары пайдаланылады. XX ғасырдың соңына қарай дүниежүзі елдері арасында ЖІӨ көлемі жөнінен АҚШ жетекші орынға ие болды.

Елдің экономикалық даму деңгейін анықтауда жиынтық ішкі өнімнің жан басына шаққандағы көрсеткіші де ескеріледі. Бұл көрсеткіш бойынша дүниежүзі елдері арасында үлкен алшақтық байқалады.

**Шаруашылық құрылымының аумақтық айырмашылықтары**

Ресей географтары дүниежүзі елдерін экономикалық даму деңгейіне, әлемдік экономикадағы орнына қарай экономикасы дамыған елдер, өтпелі экономика тән елдер және дамушы елдер деп үлкен үш топқа бөледі. Дамыған елдер тобына нарықтық экономика тән, Экономнкалық ынтымақтастық пен даму ұйымына ("Париж клубы") мүше елдер енеді. Бұл елдерге жиынтық ішкі өнімнің және энергияны тұтынудың жан басына шаққандағы көрсеткішінің жоғары болуы, адамның өмір жасының ұзақтығы, қызмет көрсету саласының басымдылығы, экономикасының "ашықтығы", ауыл шаруашылығы үлесінің төмендігі тән. Аталған елдер экономикалық дамудың постиндустриялық кезеңіне аяқ басқан; олардың үлесіне дүниежүзілік жиынтық өнімнің жартысынан астамы тиесілі. Постиндустриялық елдердің экономикасының ашық сипатта болуына "көрінбейтін экспорт" (көлік және қаржы қызметі, туризм, байланыс, ақпараттық қызмет көрсету) әсерін тигізеді. Бұл елдерде байланыс жүйелерінің күшті дамуы ірі фирмалардың қызметкерлерінің үйінде жұмыс істеуіне (АҚШ-та олардың саны 4 млн адамға, ал Ұлыбританияда 1,3 млн адамға жетті), жеке филиалдардың жұмысын үйлестіру мақсатында бейнеконференциялар ұйымдастыруына мүмкіндік береді. Кейбір ғалымдар постиндустриялық елдер тобына халықаралық мамандану ерекшелігіне байланысты экономикасында қызмет көрсету саласы басым болатын дамушы елдерді (Панама, Либерия, Джибути және т.б.) де енгізеді. Дегенмен бұл елдердің жалпы әлеуметгік-экономикалық даму деңгейі дамыған елдерден әлдеқайда төмен екендігі ескерілуі қажет.

Экономикасы дамыған елдер тобын: жоғары дамыған елдер Батыс Еуропаның шағын капиталистік елдері және "қоныс аударған капитализм" елдері деп жіктейді. Жоғары дамыған АҚШ, Жапония, ГФР, Франция, Италия, Ұлыбритания және Канада әлемдік экономиканың басты үш орталығын (еуропалық, американдық және азиялық) қалыптастырады. Бұл елдер арасында соңғы жылдары, әсіресе Жапонияның даму қарқыны айрықша көзге түседі, ол қазіргі кезде аса ірі халықаралық қаржы және өнеркәсіп орталығына айналған. Батыс Еуропаның шағын капиталистік елдері экономикасының даму деңгейінің ғана емес, халықтың әл-ауқатының да жоғары болуымен және саяси жағдайдың тұрақтылығымен ерекшеленеді. Әлемдік экономикада өзіндік орны бар бұл елдердің ЖІӨ құрылымында банк қызметі мен туризмнің үлесі едәуір жоғары.

Бұрын Ұлыбританияның отары болған Аустралия Одағы, Израиль, Жаңа Зеландия және Оңтүстік Африка Республикасы "қоныс аударған капитализм" елдері болып табылады. Экономикасының даму ерекшелігіне байланысты бұл топқа жоғары дамыған елдер қатарына енетін Канаданы да жатқызуға болады. Аталған елдердің экономикасында әлемдік деңгейдегі экономика алпауыттары жетекші рөл атқарады. Басқа дамыған елдерге қарағанда бұл елдерде тау-кен өнеркәсібінің үлесі жоғары, экспортында шикізат пен ауылшаруашылық өнімдері басым.

Өтпелі экономика тән елдер тобын кезінде социалистік даму жолында болған елдер (Шығыс Еуропадағы және бұрын КСРО құрамында болған елдер, Қытай, Моңғолия, Вьетнам, Лаос, Куба) құрайды. Экономиканың өтпелі сипаты бұл елдерде айқын көрінеді; оларда орталықтан жоспарланатын социалистік экономикадан нарықтық экономикаға өту жүзеге асырылуда.

Дамушы елдер тобын саны жағынан көп, өте ала-құлалығымен ерекшеленетін елдер құрайды, олардың барлығы дерлік Азияда, Африка мен Латын Американда орналасқан. Бұл елдерге экономиканың көпсалалылығы, әлеуметтік және аумақтық айырмашылықтар, халықаралық еңбек бөлінісінде шикізатты өндіру мен сыртқа шығаруға маманданyы, отарлық экономика сарқыншақтарының сақталып қалуы тән. Дамушы елдер экономикасының ала-құлалығы, әсіресе қазіргі заманғы индустриялық елдер мен әлеуметтік-экономикалық дамуы жағынан артта қалған мешеу елдер экономикасындағы айырмашылықтардан айқын көрінеді. Дамушы елдерді экономикасының ауқымына, халықаралық еңбек бөлінісіндегі орнына, әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіне байланысты алты топшаға жіктейді.

Кейбір алдыңғы қатарлы дамушы еддер жиынтық ішкі өнімнің жан басына шаққандағы көрсеткіші мен әлеуметтік даму деңгейі, өнеркәсіптің даму қарқыны жөнінен жоғары дамыған елдерге жақындайды. Әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі төмен дамушы елдердің көпшілігінде демографиялық, экологиялық жағдайдың асқынуы байқалып, халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуге қатысты проблемалар туындауда.

Соңғы жылдары алдыңғы қатарлы елдерде ақпараттық экономиканың басым бола бастауыдамығанелдер мен дамушы елдердің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіндегі айырмашылықтарды одан әрі тереңдете түсті. Дамушы елдердің басты артықшылығы болып

есептелетін шикізат қоры мен арзан еңбек ресурстарына сұраныс азаюда; бұл дамыған елдерде шикізатты аз қажетсінетін және ақыл-ой еңбегіне негізделген экономиканы дамыту мен байланысты түсіндіріледі.

Сонымен, қазіргі заманғы дүниежүзілік шаруашылық қай елдердің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінің әр түрлілігінен айқын көрінетін аумақтық айырмашылықтар тән болады.


**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. География: Дүниежүзіне жалпы шолу. ТМД елдері. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық/ Ө. Бейсенова, К. Каймулдинова, С. Әбілмажінова, т.б. — Өңд., толықт. 2-бас. — Алматы: Мектеп, 2010. — 304 б.,
2. «Казахстан - 2030». Послание Президента страны народу Казахстана. – Алматы:



ӘОЖ 372.8:51


# ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫСЫНЫҢ МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ҚАЛЫПТАСҚАН ТАНЫМДЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІ


**Жетпісбаева Гүлжан Оразбекқызы**
**Арисланова Айнур Турабековна**



***Резюме***

*В статье рассматривается, что опыт самостоятельной познавательной деятельности старшеклассника, формирующийся в процессе обучения математике, определяется рядом факторов, общих для всех учебных предметов*

***Summary***

*The article considers that the experience of independent cognitive activity of a high school student, which is formed in the process of learning mathematics, is determined by a number of factors common to all academic subjects*


Біз оқушының өзін-өзі реттейтін танымдық іс-әрекет саласындағы жеке тәжірибесі, жоғары сынып оқушысы тұлғасының интегралды сапалық сипаттамасы, оның өз бетінше танымдық іс-әрекет саласында өз әлеуетін жинақтау және жүзеге асыруға деген ұмтылысы мен қабілетін бейнелейтінін түсінеміз.

*Жоғары сынып оқушысының танымдық құзыреттілігін қалыптастырудың мақсатты қойылуы* - жеке және әлеуметтік маңызды мақсаттарды жүзеге асыру үшін дербес танымдық әрекетке қабілетті және дайын, яғни өзін-өзі жүзеге асыруға дайын және қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

Математиканы оқыту процесінде қалыптасатын жоғары сынып оқушысының өзіндік танымдық іс-әрекетінің тәжірибесі барлық оқу пәндеріне ортақ бірқатар факторлармен анықталады: ішкі мотивация, эмоционалды-ерікті және тұлғалық ерекшеліктері, танымдық қабілетін сыртқы ынталандыру сипаты. белсенділік және т.б. Сонымен қатар нақты факторларды анықтауға болады, факторлар: математикалық қабілеттер, қызығушылық, жеке қажеттілік пен математикалық іс-әрекеттің эмоционалды - ерікті компонентін сезіну, осы қызмет түрін сыртқы ынталандыру, математика саласындағы дербес танымдық әрекеттің жеке тәжірибесі және т.б.

Математиканы оқыту процесінде танымдық және функционалдық құзыреттіліктердің алғашқы дамуымен және өз бетінше танымдық іс-әрекет тәжірибесімен танымдық құзіреттіліктің барлық құрамдас бөліктері нақты дамуға ие болады. Атап айтқанда, әлеуметтік-коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру «математиканың қалыптасуының әлеуметтік, мәдени және тарихи факторлары туралы идеялар», «жалпы адамзат мәдениетінің бөлігі ретіндегі математика туралы идеялар, жалпы ғылым тілі , бұл нақты процестер мен құбылыстарды сипаттауға және зерттеуге мүмкіндік береді. Метақұзыреттіліктің қалыптасуы және когнитивтік құзыреттіліктің құрылымдық құрамдас бөліктері арасындағы жеке сипаттамалар мен қатынастардың дамуы логикалық, алгоритмдік және математикалық ойлау негіздерінің қалыптасуымен бірге жүреді, «алған білімдерін әртүрлі есептерді шешуде қолдана білу». Орта жалпы білім берудің мемлекеттік білім беру стандартында [2] ұсынылған математиканы оқудың пәндік нәтижелеріне қойылатын талаптардың жоғары сынып

оқушыларының дербес танымдық іс-әрекет саласындағы тәжірибесінің құрылымдық құрамдастарына сәйкестігі болып табылады. Мектептегі математика курсында қалыптасқан орта мектеп оқушысының танымдық құзыреттілігінің ерекшелігі мынада көрінеді:

- дербес танымдық іс-әрекет пен математикалық мәдениет тәжірибесін қалыптастыру процестерінің параллельділігінде;
- осы дербес танымдық іс-әрекет тәжірибесінің қалыптасу ерекшелігінде, өйткені математикалық ұғымдарды меңгеру және математикалық есептерді шешу әдістері дербес танымдық әрекеттің стратегияларына сәйкес келеді;
- математика мазмұнының «супрасубъективтілігімен» анықталатын дербес танымдық іс-әрекет тәжірибесінің «супрасубъективтілік» және «субъект аралық» жағдайында [3];
- мектеп математикасы курсында танымдық құзыреттілікті қалыптастыру процесінің белгілі бір дәрежеде «шамадан тыс субъективтілігі» және әмбебаптығы, өйткені бұл процесс көптеген оқу пәндеріне тән талаптарға сай және процедураларды қамтиды;
- танымдық құзіреттіліктің барлық ішкі құрылымдарының мазмұнының ерекшелігінде;
- ғылым және оқу пәні ретінде математиканың мәні алдын ала анықталған когнитивтік және функционалдық құзыреттіліктердің ерекшелігінде.

Талданатын өз бетінше танымдық іс-әрекет тәжірибесінің мазмұны жоғары сынып оқушысының танымдық құзыреттілігінің құрылымдық компоненттерінің мазмұнымен анықталады. Сондай-ақ:

- *жеке қасиеттер мен тұлғалық қасиеттер блогын* анықтау: жеке қасиеттер мен тұлғалық қасиеттердің даму деңгейін; алға қойылған әлеуметтік мақсаттарды ескере отырып, өзін-өзі жүзеге асыру және өзін-өзі тәрбиелеу қабілеті мен ұмтылысы; математикалық қабілеттер; когнитивтік қажеттілік деңгейі; берілген танымдық тапсырмаларды орындау үшін белгілі бір жеке өмірге және автономияға ұмтылу; ізденімпаздық танымдық іс-әрекетті жүргізуге қажетті өзіне деген сенімділік және өзінің мүмкіндіктері; ерікті өзін-өзі реттеу, зейінді, мотивацияны, эмоцияны өзін-өзі бақылау дағдылары, сыртқы әсерлерді жеңу және т.б.;
- *метақұзыреттілік* олар: өз бетінше танымдық әрекетте өзінің жеке ерекшеліктерін (биологиялық анықталған қасиеттер, психикалық қасиеттер мен күйлер, әлеуметтік детерминацияланған сапалар, тәрбиелік мәнер, ырғақ және т.б.) есепке алу қабілеті мен қабілеті, өзінің мінез-құлқын басқару және бағытты есепке алу. тәуелсіз таным; уақытты ұтымды бөлу, жұмылдыру, өзіндік рефлексия дағдылары, танымдық процесті өзін-өзі түзету және өзін-өзі реттеу, шығармашылық дағдылар және т.б. қабілеті;
- *когнитивтік құзыреттілік* - мәні: математика саласындағы ішкі білімнің болуы және жалпы білім беретін білім мен дағдыларды меңгеру; білімді меңгеру жолдарын білу (соның ішінде математика саласында); әртүрлі ақпаратты өңдеу құралдарының мүмкіндіктері туралы білім және т.б.;
- *функционалдық құзыреттілік* қоршаған шындықтағы тапсырманы (мәселені) анықтау, дерек көзі мен қажетті мәліметтерді анықтау және оның математикалық моделін құру қабілетінде көрінеді; танымның мақсаты мен міндеттерін қоя білу, мәселені шешу үшін білімді меңгерудің ең тиімді көздерін таңдау негізінде таным мен оқу процесін жоспарлау және жүзеге асыру; әртүрлі құралдарды пайдалана отырып, әртүрлі символдық формадағы ақпаратты өңдеу дағдыларын меңгеру; алған білімдерін жаңарту, талдау және жалпылау және қолдану әдістерін меңгеру; БАҚ-қа қызмет көрсету дағдыларын меңгеру;
- *әлеуметтік-коммуникативтік құзыреттілік* -бар: өзін-өзі анықтау үшін дербес танымның тұлғалық маңызын түсіну; өз бетінше танымдық іс-әрекетте адамгершілік және имандылық заңдылықтарын сақтау қажеттілігі, дайындығы және қабілеттілігі; өзін-өзі жүзеге асырумен және өзін-өзі жүзеге асырумен байланысты дербес танымдық әрекеттің ұзақ мерзімді жоспарларының болуы; танымдық әрекетті дербес және ұжымдық жүргізу қабілеті мен дағдысы, ынтымақтастық қажеттілігі; қарым-қатынас жасау, өз пікірін қорғау, алынған нәтижелерді ұсыну және қорғау қабілеті;
- *өзара байланыс жүйесі* танымдық құзіреттіліктің ішкі құрылымдары арасында жоғары сынып оқушысының өз бетінше танымдық іс-әрекет тәжірибесінің тұтастығын белгілейді және математикалық мәдениетті қалыптастыру процестері мен қарастырылатын құзіреттілік компоненттерінің теңгерімді дамуы арасындағы байланысты қамтамасыз етеді.

Математиканы оқыту процесінде қалыптасатын жоғары сынып оқушысының танымдық құзыреттілігінің құрамдас бөліктерінің мазмұны «танымдық дербестік» интегративті тұлға сапасының қасиеттері мен ерекшеліктерінің мәні болып табылады. Жоғары сынып оқушысының өз бетінше танымдық іс-әрекетінің осы тәжірибесін қалыптастырудың негізгі құралы мен шарты оның жеке

қасиеттерімен анықталатын процесс болып табылатын және оқушының қоршаған ортаны танып-білуінің өзін-өзі анықтайтын, мазмұнды әрекетін қамтитын оның өздігінен реттелетін оқуы болып табылады. Сонымен, жоғары сынып оқушысының математиканы оқыту процесінде қалыптасатын танымдық құзыреттілігі оның танымдық дербестігімен шартталған оқушы даралығының интегралды сапалық сипаттамасы болып табылады.

*Жоғары сынып оқушысының математиканы оқыту процесінде қалыптасқан танымдық құзыреттілігі нақты* оның барлық ішкі құрылымдарының мазмұны. Көбінесе когнитивтік және функционалдық құзыреттер ерекше сипаттамаларға ие. Бұл құзіреттіліктің ерекшелігі көбінесе математика саласындағы дербес танымдық іс-әрекеттің жеке тәжірибесімен, білім алушы тұлғасының математикалық мәдениетінің деңгейімен және математиканың оқу пәні және ғылым ретіндегі мазмұнының ерекшелігімен анықталады.

Жоғары сынып оқушысының математиканы оқыту процесінде қалыптасқан өз бетінше танымдық іс-әрекет тәжірибесі адам өмірінің барлық салаларында көрініс табады. Ол білім алушы өмірінің әлеуметтік-мәдени жағдайларымен анықталады және жеке боялады. Қарастырылып отырған тәжірибенің негізі білім алушының жеке танымдық әрекеті болып табылады, ол тұлғаның интегративті сапасының «танымдық дербестігінің» көрінісі болып табылады.

Танымдық құзыреттілік, дербес танымдық іс-әрекет және танымдық дербестік арасындағы көрсетілген байланыс когнитивтік дербестіктің мәнін қарастыруды қажет етеді.

Математиканы оқытудың гуманистік бағыттылығы әуел бастан-ақ алдын ала белгіленген, өйткені пәнді оқытудың мақсаты оқушы тұлғасын дамыту болып табылады. Математиканы оқыту процесінде жоғары сынып оқушысының танымдық құзыреттілігін қалыптастыруға аксиология идеяларының сынуы оқушының өздігінен реттелетін оқуын педагогикалық қамтамасыз етудің жеке траекториясын құруды көздейді. Бұл жағдайда қажет: білім алушының ерекшеліктерін барынша ескеру; кейбір абстрактілі жоғары сынып оқушыларының танымдық құзыреттілігін дамытудан әрбір нақты оқушының танымдық құзыреттілігін дамытуға көшу; өз бетінше танымдық іс-әрекеттің бағытын, мазмұнын, әдістері мен формаларын таңдауда оның ерік-жігерін тану; әрбір жоғары сынып оқушысы үшін оның дербес танымдық іс-әрекет тәжірибесін қалыптастыруға ықпал ететін барынша қолайлы және барабар жағдайлар жасау. Бұл хабарламалар математиканы оқытудағы ізгілендіру процестерінің негізін құрайды.

Көрсетілген интеграцияны түсіну негізінде математиканы оқыту процесінде жоғары сынып оқушысының танымдық құзыреттілігін зерттеу мен қалыптастырудың интегративті тәсілі, бір жағынан, оның көп өлшемді өмірлік іс-әрекетінің оқушының өз бетінше әрекет етуінде бейнеленуімен анықталады. танымдық іс-әрекет, екінші жағынан, танымдық құзіреттіліктің күрделі құрылымы бойынша, үшіншіден – оқушы тұлғасының өз бетінше танымдық әрекеті мен математикалық мәдениеті саласындағы тәжірибені қалыптастыру процестерінің бірлігі, төртіншіден – қажеттілік. педагогикалық процестің барлық мүмкіндіктерін белсендіру негізінде қарастырылып отырған білім алушы тәжірибесін қалыптастыруды педагогикалық қамтамасыз ету.

Жоғары сынып оқушысының осы танымдық құзыреттілігін қалыптастыру процесін түсінудегі тұтастықты оқушының тұлғалық семиотикалық «Мен-кеңістіктері» мен оқу әрекетінің басқа субъектілері арасындағы мақсатты өзара байытатын өзара әрекеттесу жағдайында қарастыруға болады; математикалық мәдениетті сіңіру ретінде. Танымдық құзіреттілікті зерттеудегі тұтастық оны антропологиялық мәні бар, идеялық идеяларды, қалыптасқан әлеуметтік-мәдени тәжірибені және оқушының математикалық мәдениетін көрсететін құбылыс ретінде қарастырудың мәні болып табылады. Танымдық құзіреттілікті қалыптастырудағы тұтастық – оқыту үдерісінде жоғары сынып оқушысының танымдық дербестігін тиімді дамыту үшін барабар жағдай жасау мақсатында барлық субъектілердің күш-жігерін және мектептің  білім беру кеңістігінің мүмкіндіктерін біріктіру. математика.

Математиканы оқыту үдерісінде жоғары сынып оқушыларының танымдық құзыреттілігін қарастырудағы жүйелілік пен өзара әрекеттестік ұғымы, бір жағынан, математикалық мәдениетті қалыптастыру арқылы оқушылардың өзіндік танымдық іс-әрекет тәжірибесін қалыптастыру үдерісін қарастыруда көрінеді, екінші жағынан, жалпы мәдениетке кіріспе ретінде математиканы оқыту процесін түсінуде адамгершілік. Мектептегі математика курсының «мәдени сәйкестігі» математикалық білім беруді ізгілендірудің негізгі идеяларының бірі болып табылады.

Жоғары сынып оқушысының математиканы оқыту процесінде қалыптасқан танымдық құзіреттілігі әлеуметтендірілген және мәдениетке сәйкес келеді, білім алушының жеке маңызды мәселелерді шешуі (соның ішінде мектеп математика курсының мазмұнын меңгеруі) нәтижесінде қалыптасқан мектеп оқушысының өзіндік танымдық іс-әрекет тәжірибесі жеке тұлғаның жеке деңгейінде болып жатқан

әлеуметтік-мәдени өзгерістердің әсерінен қоршаған әлеммен қарым-қатынасы кезінде динамикалық түрде өзгереді. Танымдық іс-әрекеттің басқа субъектілерімен қарым-қатынас жүйесіне кіре отырып, әрбір білім алушы өзін-өзі реттейтін танымның нақты мақсаттарын қояды, өзіндік танымдық әрекетті ерекше мағынамен толтырады: қызығушылықты қанағаттандыру, танымға деген қажеттілік, белгілі бір мақсатқа жету және т.б. сонымен бірге жоғары сынып оқушысының өзін-өзі реттейтін оқуы мазмұны бойынша да – мәні бойынша да, мәдениеттің белгілі бір бөлігін меңгеру және онымен танысу, ал когнитивтік стратегияларда – белсенділікке, қарым-қатынасқа деген қажеттілікті қанағаттандыру және т.б. Өзін-өзі реттейтін оқыту шындықты танудың ғылыми, ұтымды тәсілдері мен күнделікті білімді біріктіру жағдайында өтеді, оның ішінде «алдын-ала білімнің ғылыми және ғылымнан тыс нысандары мен түрлері», оның ішінде танымның иррационалды тәсілдері (интуиция, түсіну және т.б.). Математикалық ұғымдарды меңгеру және математикалық есептерді шешу әдістері дербес танымдық іс-әрекет стратегияларына сәйкес келетіндіктен, жоғары сынып оқушысының танымдық құзыреттілігін қалыптастырудың оңтайлы ортасы мектептің білім беру кеңістігі болып табылады.

**Пайдаланылған әдебиеттер**


1 Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Бастапқы білім. Негізгі орта білім. Жалпы орта білім. Негізгі ережелер. - Астана, 2008 ж.

2 Пустовойтов В. Н. Особенности проявления наследуемых психиче-ских и социальных качеств старшеклассниками / В. Н. Пустовойтов, О. В. Семенцова // Актуальные проблемы науки и образования: Труды и материалы XII международной научно-методической конференции, г. Новозыбков, Брянская обл., 23-24 апреля 2009 г. / Ред. кол. : В. Н. Пустовойтов, С. Н. Стародубец, А. В. Шлома. - Брянск : РИО БГУ, 2009. - 355 с.

3 Кенжебеков Б. Маманның кәсіби құзыреттілік мәселесі. Ұлт тағылымы, №3, 2004 ж.



ӘОЖ 372.8:51


## БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР


**Жетпісбаева Гүлжан Оразбекқызы**

**Шайменова Әсем Дамирланқызы**



***Резюме***

*В статье рассматривается, что критическое мышление подразумевает всестороннее понимание и осознание собственной психической деятельности, способность найти тщательно продуманное, взвешенное решение, а также позволяет ему задавать новые, значимые вопросы, разрабатывать различные подтверждающие или опровергающие доказательства*

***Summary***

*The article considers that critical thinking implies a comprehensive understanding and awareness of one's own mental activity, the ability to find a carefully thought-out, balanced decision, and also allows him to ask new, meaningful questions, develop various confirmatory or refuting evidence*


Математика ерекше айқындылыққа, ұғымдардың, тұжырымдардың дәлдігіне ие болғандықтан, математиканы оқыту процесі сыни ойлауды дамыту процесімен тығыз байланысты. Бір айта кетерлігі, математиканы жаттаумен меңгеру мүмкін емес. Ол зейінді, еңбексүйгіштік пен шыдамдылықты қажет етеді, ал оқушылардың ой-өрісін дамыту – математиканы оқытуда жоғары нәтижеге жетудің жолы.

Математикалық ойлау дағдылардың тұтас кешені ретінде түсініледі: объектілерді жіктеу, заңдылықтарды ашу, біртектес емес болып көрінетін құбылыстар арасында байланыс орнату және шешім қабылдау. Ойлаудың бұл түрі адамның мінез-құлқына да әсер етіп, көмек пен итермелеуді күтпей-ақ өз бетінше шешім қабылдауға, өз пікірін дәлелдеуге, өзін және басқаларды сыни тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді.

Бірақ математика курсының мазмұнын меңгеру автоматты түрде сыни ойлауды қалыптастырады деген тұжырым қате. Ойлау қабілетін арнайы оқыту, студенттерді курсты меңгеруді қамтамасыз ететін психикалық әрекеттердің мазмұны мен реттілігі туралы біліммен қаруландыру қажет. Сонымен қатар оқыту үрдісін және ойлауды дамытуды ең бастысы курс мазмұнын меңгеру ғана емес, сонымен қатар білімді меңгеру үрдісін меңгеру болатындай етіп ұйымдастыру қажет.

Әрі қарай, есептерді шешудегі әрекет құрылымын сипаттай отырып, оның келесі кезеңдерін белгілейді:

- тапсырманы талдау, оның барысында тапсырманың пәндік аймағы белгіленеді, оның барлық элементтері, әрбір элементтің сипаты: белгілі немесе белгісіз, сонымен қатар элементтердің өзара байланысты барлық қатынастары анықталады, ең соңында, оператор мен тапсырманың талабы белгіленеді;
- тапсырманың мақсатына жетудің мүмкін жолы туралы ойдан немесе идеядан тұратын мәселені шешу жоспары;
- мәселені шешу жоспарының орындалуы және алынған нәтиженің мәселенің талабын қанағаттандыратынын дәлелдеу;
- шешімді талқылау (талдау).

Мәселен, мәселені шешудің бірінші сатысы мәселені көре білуге, болжау қоюға ықпал етеді. Екінші және үшінші кезең дәлелдемелерді құра білу, өз ойының барысын талдау, іс-әрекеттерді дәлелдеу сияқты дағдыларды қалыптастыруға көмектеседі. Төртінші кезең жіберілген қателіктерді сезінуіне сәйкес өз пікірін қорғау немесе қайта қарау қабілетін қалыптастыруға ықпал етеді.

Сонымен, математиканың адамның ақыл-ой қабілеттерінің дамуына қол жеткізуде беретін мүмкіндіктерін ескере отырып, біз есептер шығару арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту жеке тұлғаның дамуына ғана емес, сонымен қатар кәсіби дайындық сапасын айтарлықтай жақсартады деп есептейміз. Шынында да, проблеманы көру, гипотезаны дәлелдеу, тәуелсіздік, рефлексия, бағалау және т.б. сияқты қасиеттердің болуы сыни ойлау, ғылыми-педагогикалық құзыреттілік дамуының жеткілікті жоғары деңгейін бағалауға мүмкіндік береді.

Жоғары оқу орнының білім беру кеңістігінде болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлаудың мәні туралы осы тармақта келтірілген теориялық ұстанымдар кәсіптік оқыту оны қарастырудың әртүрлі тәсілдеріне негізделетінін және мақсатты, пәндік мазмұнды қамтитынын көрсетеді.

Соңғы жылдардағы психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде ойлауды дамытуға көп көңіл бөлінуде. Ойлау – ғылыми танымның негізгі элементі. 20-ғасырдың басынан бастап ойлау психологиясы зерттеуде қолданылатын әдістер бойынша да, қол жеткізілген кейбір нәтижелер бойынша да ұзақ жолдан өтті. Дегенмен, ол әлі күнге дейін көптеген шешілмеген мәселелер бар ғылымның ең күрделі салаларының бірі болып қала береді. Барлық білімдердің, деректердің, фактілердің, мәселенің әсер еткен аспектілерінің ішінен біз алға қойылған міндеттерді шешу үшін ең маңызды болуы мүмкін нәрселерге ғана тоқталамыз, бұл келесі ұсыну логикасын анықтауға мүмкіндік берді:

- психологиялық-педагогикалық категория ретінде ойлаудың жалпы теориялық негіздерін;
- ойлаудың құрылымы мен түрлерінің ерекшеліктерін;
- тәрбие мен оқытудағы ойлауды дамыту теорияларына талдау жасау;
- оқу үрдісі субъектілерінің сыни тұрғыдан ойлауының мәні мен ерекшеліктерін;
- мұғалімнің кәсіби ойлауының мәнін;
- сыни тұрғыдан ойлау болашақ математика мұғалімінің кәсіби ойлауының негізі ретінде.

Демек, ойлауды сезімдік қабылдаудың, теориялық ойлаудың және практикалық шындықтың бірлігі ретінде қарастырылатын адамның танымдық әрекетінің бір түрі ретінде қарастыруға болады. Біздің зерттеуімізде сыни тұрғыдан ойлауды дамыту оқу-танымдық әрекетте жүзеге асатындықтан, біз бұл ұғымды осылай түсіндіруді негізге аламыз.

Егер ойлау әрекетінің түрі ретінде айтатын болсақ, онда іс-әрекеттің жалпы теориясына сүйене отырып, белсенділік білім беру процесінің белсенді құрамдас бөлігі болып табылады деп айтуға болады. Сонымен, ойлау – сыртқы практикалық іс-әрекеттен туатын ішкі әрекеттерді жүзеге асыру процесі; бұл процесс субъектінің объективті шындықтың заттары мен құбылыстарын тануына бағытталған. Операциялар әрекеттердің «техникалық құрамын» құрайды.

Дамыған ойлаудың және психикалық әрекеттің көрінуге дайындығының көрсеткіші тек білім жиынтығы ғана емес, сонымен қатар іс-әрекет субъектісі иеленетін танымдық әрекеттер (дағдылар) жүйесі болып табылады.

Сыни тұрғыдан ойлаудың ерекше сипаты ойлаудың басқа түрлерімен белсенді әрекеттесуінде екенін атап өткен жөн. Оны біз бұрын келтірген белгілерге сүйене отырып, түр ретінде қарастыруға болады.

Сыни тұрғыдан ойлаудың бірінші сипаты – өзіндік ерекшеліктері бар құралдар мен әдістерді қолдану.

Екінші сипаттама – шешілетін тапсырмалардың түрлері. Ойлау әрекеті субъектінің проблемамен кездесуінен туындайды. Проблемалық жағдайдың психологиялық құрылымына адамды психикалық әрекетке ынталандыратын қажеттілік кіреді. Осылайша, сыни тұрғыдан ойлау нақты негізделген проблемалық тапсырма болған жағдайда ғана туындайды.

Үшінші сипаттама – пәндік білімнің түрі. Сыни тұрғыдан ойлау, мысалы, математиканы оқуда, математикалық есептерді шешуде, теоремаларды дәлелдеуде, тиісті пәндік пәндер саласында кәсіби дайындықта, атап айтқанда математика пәні мұғалімдерін даярлауда және т.б.

Ақырында, төртінші сипаттама – психикалық операцияларды сезіну дәрежесі, яғни сыни тұрғыдан ойлау субъектінің өзінің психикалық іс-әрекеті мен алынған ақпараттан хабардар болуымен сипатталады.

Жоғарыда аталған сипаттамалардың барлығы бірге сыни ойлауды ойлаудың жеке түрі ретінде, соның ішінде біз егжей-тегжейлі қарастыратын психикалық әрекеттің бұрынғы жетілген түрлерін бөліп көрсетуге негіз береді.

Сыни тұрғыдан ойлау адамның өзінің психикалық әрекетін жан-жақты түсінуі мен хабардар болуын, мұқият ойластырылған, салмақты шешім таба білуін білдіреді. Ол сондай-ақ жаңа, мағыналы сұрақтарды қоюға, әртүрлі растайтын немесе жоққа шығаратын дәлелдерді әзірлеуге мүмкіндік береді.

Бұл ойлауды дамытуды кезең-кезеңімен жүзеге асыруға болатынын, олардың сыни тұрғыдан ойлауын дамытуға бағытталған мұғалімдерді даярлау жүйесін құру кезінде ескеретін боламыз.

Сонымен, адам ойлауын зерттеу мен дамытуда қол жеткізілген нәтижелерге қарамастан, қазіргі заманғы зерттеушілер біржақты жауап бере алмайтын көптеген сұрақтарға тап болады. Осылайша, ойлаудың әртүрлі түрлерін, оның ішінде әлі де өзекті болып табылатын сыни ойлауды дамыту мәселесіне үлкен көңіл бөлу керек.

Сыни тұрғыдан ойлаудың мәнін анықтай отырып, біз оны шығармашылық ойлауға қарсы қоюға болмайды деп есептейміз, өйткені жаңа шешім мақсатқа жетудің бар жолдарын түсіну нәтижесінде ғана емес, сонымен қатар қателер мен кемшіліктерді анықтау нәтижесінде құрылады. Осылайша, шығармашылық ойлау сыни тұрғыдан ойлауды қамтиды.

Д.Клустердің пікірінше, сыни тұрғыдан ойлау біздің зерттеуімізде қолданатын келесі қасиеттермен сипатталады:

1. даралық және тәуелсіздік;
2. ақпарат сыни ойлаудың бастапқы нүктесі;
3. сұрақтар қою және мәселелерді түсіндіру;
4. нанымды дәлел;
5. әлеуметтілік [2].

Біріншіден, әрбір студент өзінің болашақ кәсіби іс-әрекетінде ешкімге тәуелсіз, өз сенімі мен бағасын дербес тұжырымдай алуы керек. Д.Клустер студенттер тіпті ең күрделі мәселелерді де өз бетінше шешуге және өз бастарымен ойлауға жеткілікті еркіндікке ие болуы керек, сонымен қатар, ойлау жеке болған кезде ғана сыни болуы мүмкін екенін айтады.

Екіншіден, Д.Клустердің пікірінше, білім мотивацияны тудырады, онсыз адам сыни тұрғыдан ойлай алмайды. Күрделі ойды тудыру үшін көптеген фактілерді, идеяларды, мәтіндерді, теорияларды, мәліметтерді, тұжырымдамаларды өңдеу керек. Бірақ сыни тұрғыдан ойлауды фактілерді дәстүрлі зерттеумен сәйкестендіруге болмайды, мұғалімнің жұмысы сыни тұрғыдан ойлауға үйретумен шектелмеуі керек.

Үшінші қасиет - сұрақтарды құрастыру және мәселелерді нақтылау. Танымдық процесс кез келген кезеңде оқушының өз мүдделері мен қажеттіліктерінен туындайтын мәселелерді шешуге және сұрақтарға жауап беруге ұмтылуымен сипатталады. Д.Дьюидің пікірінше, проблемаларға назар аудару оқушылардың табиғи қызығушылығын оятып, сыни тұрғыдан ойлауға итермелейді [3]. Сонымен, сыни тұрғыдан ойлауға үйрету міндеті – ішінара болашақ мамандарға шешуді қажет ететін сұрақтар мен мәселелерді анықтауға және тұжырымдауға көмектесу. Бұл жағдайда оқыту мақсатты, мазмұнды әрекетке айналады, оның барысында оқушылар нақты интеллектуалдық жұмыс жасайды, мәліметтер жинайды, мәтіндерді талдайды, ұжымдық талқылау мүмкіндіктерін пайдаланады, өз сұрақтарына жауап іздейді және табады.

Келесі қасиет - нанымды дәлелдеу. Сыни тұрғыдан ойлайтын адам мәселенің шешімін өзі табады және сол шешімді ақылға қонымды, дәлелді дәлелдермен қуаттайды. Сонымен бірге ол мәселенің басқа шешімдерінің де мүмкін екенін біледі және өзі ұсынған шешім басқаларға қарағанда қисынды және ұтымды екенін дәлелдеуге тырысады.

Дәлелдің орталығы - мәлімдеме, ол өз кезегінде бірқатар дәлелдермен расталады. Әрбір дәлел дәлелмен дәлелденеді. Аргументацияның осы үш элементінің барлығының астарында – бекіту, дәлелдеу және дәлелдеу – төртінші: негіз. Іргетас барлық аргументтердің қажеттілігін көрсететін ортақ бастапқы нүкте болып табылады. Аргументация күшейеді және егер ол даулы немесе рұқсат етілген деп танылған ықтимал қарсы дәлелдердің болуын ескерсе, жеңеді.

Және, сайып келгенде, сыни ойлау – бұл әлеуметтік ойлау. Кез келген маман, атап айтқанда, мұғалім қоғамда жұмыс істеуге мәжбүр болады, ол өз пікірін қорғай білуі, басқаларды тыңдай білуі керек, яғни нәтижелі пікір алмасу үшін қасиеттерді дамыту қажет.

Д.Галперннің еңбектерін зерттей отырып, қарастырылып отырған құрамдас бөліктерге оған бөлінген басқарушылық, негізділік және мақсаттылық сияқты қасиеттерді қосуға болады деп есептейміз [4].

Кез келген адам ойлау процестерін басқара алады, әрекеттер мен шешімдерді негіздей білуі керек. Мақсаттылық дегеніміз адамның, әсіресе маманның белгілі бір мақсатты көздей отырып, мәнді әрекет етуінде, оған жетуден сыни ойлауды дамыту туындайды.

Сонымен, ұсынылған қасиеттер сыни тұрғыдан ойлаудың кез келген басқа ойлау түрінен артықшылығын береді және болашақ мамандарды, атап айтқанда математика пәні мұғалімдерін кәсіби даярлауда оны дамытудың қажеттілігін дәлелдейді деген қорытынды жасауға болады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. – Алматы., 2004
2. Клустер Д. Что такое критическое мышление? [Текст] / Д. Клустер // Перемена. - 2001. - №4. - с.32-39.
3. Жидова Л. А. Умения критического мышления как средство повышения качества профессиональной подготовки будущих учителей математики [Текст] / Л.А. Жидова // Вестник Том. гос. пед. ун-та. - Томск, 2009. - Выпуск № 4. - с. 42-45


ӘОЖ 37. 015.3

## БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫ

**Оразимбетова К.Ш. ф.ғ.к., Сыдыков М.Е. п.ғ.к.**
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті
Шымкент, Қазақстан

***Резюме***

*В статье рассматривается значение психолого-педагогического сопровождения образовательного процесса для повышения качества образования.*

***Summary***

*The article examines the importance of psychological and pedagogical support of the educational process to improve the quality of education*

Психолог мамандығы біздің қоғамда, жалпы алғанда, жақында ғана пайда болған жас мамандық деуге болады. Соған қарамастан, қазіргі қоғамның даму ерекшелігін ескерсек, психолог мамандығы біздің күнделікті өміріміздің маңызды бөлігіне айналып отыр, соның ішінде мектеп өмірінің. Бұл зерттеудің негізгі нысаны – мектептегі психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу. Қоғам дамуының кәзіргі кезеңінде білім беру жүйесінің гуманистік векторымен қатар, білім беру үрдісінің барлық тұлғаларын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бағыты қарқынды дамуда. Психологиялық сүйемелдеудің түрлі аспектілері бойынша көптеген жариялымдар шығып жатқанымен, әліге дейін теориялық және практикалық материалдарды жалпылау және жүйелеу қажеттілігі бар. Зерттеу әдістері: осы тақырып бойынша педагогикалық-психологиялық және әдістемелік әдебиетті теориялық талдау, Зерттеудің ғылыми жаңалығы келесіде:

- «психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу» ұғымының мәні анықталған;
- психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің ролі негізделген;
- оқу үрдісін сүйемелдеуде педагог-психолог қызметінің негізгі бағыттары белгіленген.

Мектептегі психолог – бұл әкімшілік бірлік, мектеп директоры мен оқу ісі жөніндегі орынбасарымен қосылып оқу және тәрбие үрдістерін дұрыс ұйымдастырады. Білім берудің жаңа мемлекеттік стандартының шығуымен психологтың қызметтік міндеттері кеңейді. Мұғалімдер, ата-аналарға кеңес беріп, оларды қолдау мен қатар мектеп әкімшілігімен біргелікте барлық оқушыларды білім беру үрдісіне қатыстыру бойынша бағдарламалар жасайды. Психологтың қызметінің жауапкершілігі жеткілікті дәрежеде жоғары, өйткені ол барлық оқушылармен, мұғалімдермен, мектеп әкімшілігімен, ата-аналармен жұмыс жүргізеді. Ол бірінші және бесінші сынып оқушыларының бейімделу үрдісін бақылауы керек, балаларды емтихандарға моральды дайындау керек, жоғары сынып оқушыларына болашақ мамандығын таңдауға жәрдем беру керек, сонымен бірге әрбір сыныптың, отбасының және жалпы мектептің атмосферасын есінен шығармауы керек.

Ғылыми әдебиетті талдау «психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу» ұғымының мәнін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл білім беру үрдісінде оқушы тұлғасына көмек пен қолдаудың ерекше мәдениеті. Көптеген ғалымдардың пікірінше, білім беру үрдісінде оқушы тұлғасын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу баланың үздік оқуы мен тұлғалық дамуына әлеуметтік-психологиялық жағдай қалыптастыру, соның ішінде, жаңа білім стандарттарының талаптарына жауап беретін тұлғалық қасиеттерді тәрбиелеу. Жалпы білім беру мекемелерінің мақсаты – дер кезінде әр баланың дамуына, тәрбиесіне және толық мөлшерде білім алуына қажетті жағдайлар қамтамасыз ету. Кәзіргі кезде психологтың жұмысы мектеп жүйесінің қажетті бөлігіне айналған. Мектепте білім беру сапасын бағалауға бірқатар міндетті критерийлер бойынша мұғалімнің іс-әрекет нәтижелерінің бағасымен бірге психологтың да іс-әрекет нәтижелерінің бағасын қосқан (тұлғалық, коммуникативтік және регуляторлық қасиеттерінің даму деңгейін). Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің негізгі міндеттері:

- оқушының психологиялық қалыптасуы мен психологиялық-педагогикалық статусының динамикасын бақылау;
- талаптарға сәйкес оқушының тұрақты оқу мотивациясын қалыптастыру негізінде жеке білім траекториясын жасау;
- оқушылардың бойында өзін-өзі анықтау, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі танып білу қабілетін тәрбиелеу;
- ерекше білім беруге мұқтаж балалардың дамуына психологиялық-педагогикалық жағдай жасау;
- оқушылардың ата-аналары мен мұғалімдерге психологиялық және педагогикалық қолдау көрсету;

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің басты қызметтері:

- ақпараттық қызметінің мәні білім беру үрдісінің тұлғаларын сүйемелдеудің жаңа түрлері мен әдістері жайында хабардар ету;
- бағыттаушы қызметі білім беру үрдісін сүйемелдеуге мүдделі субъектілірінің іс-әрекеттерін реттеуді қамтамасыз етеді;
- дамытушы қызметі сүйемелдеу үрдісіне қатысушылардың бағытын анықтайды.

Ол мұғалімдер мен психологтар арқылы қамтамасыз етіледі. Педагогикалық ұжым өз іс-әрекетінде оқыту мен тәрбиелеудің дамытушы технологияларын пайдаланса, психологтар – оқушылармен дамытушы жаттығулар жасайды. Ғалымдардың айтуынша мектептегі психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің негізгі идеясы – мамандардың оқушының толық мағынада дамуымен байланысты мәселелерді шешуде баланың дербестігінің маңызын түсіну. Білім беру мекемесіндегі оқушыны психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу келесі басты принциптерге сәйкес жүргізіледі:

- оқушының мүддесін ескеру принципі. Психолог кезкелген мәселені баланың игілігін көздеп шешу керек. Оқушыға жәрдемнің тиімділігі көбінесе психологқа немесе психолог пен оқушының ата-анасының өзара әрекеттесуіне байланысты болады.
- үздіксіздік принципі. Бұл принцип оқушының оқу барысының барлық деңгейлерінде сүйемелдеу көрсетілетінінің және белгілі бір мәселенің шешілуінің кезкелген кезеңінде қолдау болатынының кепілдемесі. Сонымен қатар, бұл принцип қауіп тобына жататын балалардың үздіксіз сүйіемелдеуге ие болатынын білдіреді.
- сүйемелдеудің жүйелілігі принципі. Сүйемелдеуді жүйелі жобалау келесі бағыттар бойынша жүргізіледі: білім беру жүйелерін дамыту бағдарламаларын жасау және жүзеге асыру, жаңа типті білім беру мекемелерін жобалау, алдын алу және түзету-дамытушы бағдарламаларын жасау. Оқу үрдісін сүйемелдеу барысында психолог іс-әрекетінің негізгі бағыттарына жатады:
- диагностикалық жұмыс;
- кеңес беру жұмысы;
- ағартушылық жұмысы;
- түзету-дамытушы жұмысы;
- профилактикалық жұмыс;

- ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыс.

Психолог жұмысының аталған бағыттары жылдық жұмыс жоспарына ендірілуі керек. Диагностикалық жұмыс балалардың интеллектуалдық дамуының деңгейі туралы мәлімет алуға, білім беру үрдісіне қатысушылардың жеке ерекшеліктері мен проблемаларын айқындауға бағытталады.

Кеңес беру жұмысы тұлғалық мәселелерді шешуден, тұлғааралық конфликттер санын азайтудан, отбасындағы микроклиматты жақсартудан, отбасылық тәрбие мәселелері бойынша ата-аналарға кеңес беруден тұрады. Психологиялық кеңес беру өзін дұрыс түсінуге, өз ойлары мен әрекеттерін дұрыс бағалауға, өзінің мықты және осал жақтарын танып, оларды ізгі істерге пайдалануға, дұрыс шешім қабылдап, олар үшін жауапкершілікті мойнына алуға, өмірді барынша тиімді басқаруға және оны жақсартуға мүмкіндік беретін істерді жүзеге асыруға жәрдем береді.

Ағартушылық жұмыс мұғалімдерде, оқушыларда, ата-аналарда психологиялық жәрдемге, практик-психологтың іс-әрекетіне оң көзқарас қалыптастыруға және психологиялық сауаттылығы мен мәдениетін арттыруға бағытталады.

Түзету-дамытушылық қызмет оқуда немесе ортаға бейімделуде қиындықтарға ұшыраған оқушылармен жүргізілетін жұмыстар жүйесін құрудан тұрады. Бұндай жұмысты жеке оқушымен немесе диагностикалау кезеңінде айқындалған мәселелердің ұқсастығының негізінде қалыптастырылған микротоптармен жүргізуге болады. Сонымен қатар жағдайды түзету мақсатында оқушының ата-анасымен және мұғалімдермен де арнайы жұмыс жүргізіледі.

Оқытудың тиімділігінің өлшемдеріне жатады:
- оқушының алаңдаушылығының деңгейін төмендету;
- топтық ынтымақтастықты арттыру;
- баланың эмоционалдық дамуының оң динамикасы.

Алдын алу жұмысы білім беру үрдісіне қатысушылардың дамуы мен өзара әрекеттесуіндегі мүмкін болған мәселелерді болдырмауға бағытталады. Жалпы іргелі білім беру деңгейінде алдын алу жұмысы оқушыларға жаңа әлеуметтік ситуацияны және білім берудің жаңа талаптарын эмоциялық қабылдауға, оқу саласында өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыруға бағытталады. Бұның ең тиімді және ең әсерлі әдісі – тренингтер немесе дамытушы жаттығулар циклын ұйымдастыру.

Ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыс сабақтарды, оқушылар мен ата-аналар жиналыстарын жүргізуде қолдау көрсетуге, әдістемелік базаны дамытуға, кәсіптік құзыреттілікті арттыруға бағытталады. Мұғалімдерді сүйемелдеу бағдарламасы оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамыту әдістері мен амалдарын үйретуді көздейді. Білім беруде сүйемелдеудің әрбір бағдарламасы – бұл бірінші кезекте даму мәселелерін шешу технологиясы. Бұндай бағдарламалардың маңызды нәтижесі – түрлі салада өзара әрекеттесуде жинақталған тәжірибе, ол ұқсас мәселелерді шешуде басқа ситуацияларда қолдануға мүмкіндік береді. Сүйемелдеу бағдарламаларының мақсаты – даму субъектісіне бастапқы кезеңдерде (мысалы мектепке енді келген кезде), оқытудың ерекше күрделі және өтпелі кезеңдерінде жәрдем беріп, қолдау көрсету. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу - бұл білім беру үрдісіне қатысушыларды психологиялық қолдаудың бүгінгі талаптарына барынша сәйкес келетін практикалық жұмыс әдісі.

Психологиялық-педагогикалық ағарту жұмысын жүргізгенде объектілердің жас ерекшеліктері мен әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін ескеру қажет. Сондықтан оқушылар үшін бұл мәселелерді білім беру үрдісінің өзіне ендірген тиімді. Оқушылардың өздері, мұғалімдер және ата-аналар белсенді қатысушылар болса оқытудың тиімділігі артады. Сонымен бірге, алдын алу-ағартушылық қызметті тек мектеп қабырғасымен шектеп қоймау керек. Жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарын, желілік ресурстарды кеңінен пайдалану қажет. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс түрлері өзара байланысты болып тұтас үйлесімді жүйені құру керек. Сол арқылы ата-аналарды теориялық білімнің негіздерімен, педагогика және психология саласындағы негізінен балалармен жүргізілетін практикалық жұмыстың кәзіргі заманғы идеялармен таныстыру көзделеді. Бұл мақсатта психологиялық-педагогикалық ағартушылықтың дәстүрлі түрлерімен (ата-аналар жиналысы, лекциялар, сұрақ-жауап кештері, дискуссиялар және т.б.) қатар дәстүрлі емес (іскерлік ойындары, ата-аналық тәжірибесімен алмасу және т.б,) түрлерін қолдануға болады.

Көріп отырғанымыздай, кәзіргі білім беру талаптарына жауап беру үшін білім беру мекемелерінің психологтарының белсенді әрі мазмұнды жұмысы өте маңызды. Психологиялық сүйемелдеу жүйесінің негізінде мектепте, отбасында қоғамда балаға қойылатын талаптардың бірлігі жатыр. Оқу үрдісіндегі оқушылардың дамуын педагогикалық және психологиялық сүйемелдеу жүйесіндегі педагог-психологтың бүкіл жұмысының тиімділігі мектептің психологиялық және әдістемелік қызметтерінің мақсаттары мен міндеттерінің сәйкес келуіне және сонымен қатар, мектеп әкімшілігімен олардың өзара әрекеттесуіне байланысты. Қорытындылай келе мектептегі психологтың

қызметі тек мұғалімдерге жеке оқушының немесе бүкіл сыныптың психологиялық сипаттағы мәселесін дер кезінде анықтауға жәрдем беру және оның кәсіби құзыретті шешімін ұсыну ғана емес, жалпы оқу үрдісін ұйымдастыруға жәрдем беру екенін айтуға болады. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу - мектептік өмірдің барлық сатыларында баланың білім беру үрдісінің субъектісі ретінде толыққанды дамуын қамтамасыз ететін көмектің ерекше түрі.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Цукерман Г.А. Введение в школьную жизнь: Программа адаптации детей к школьной жизни. М., 2010. -130 с.

2. Битянова М.Р. Практикум по психологическим играм с детьми и подростками. 2-е изд. 2021. Питер, 305 с.

ӘҚЖ 7.036

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

**Шамшидинова Айдана - 1403-42** тобының студенті

**Ғылыми жетекшісі:Байбатырова У.А**. – Қ.Р.Мәдениет саласының үздігі,магистр-аға оқытушы

Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті Қазақстан

E-mail:baybatyrova72 @bk.ru

***Резюме***

*Формирование культуры слушания и понимания музыки, основы воспитания с детства.*

Бұл мақалада жалпы болашақ мамандарда қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мәселесі «мәдениет», «қарым-катынас мәдениеті» ұғымдарының бірлігі мен ерекшеліктерін қарастырумен тығыз байланысты. Жеке тұлғаның мәдениетін қалыптастыру және дамыту үшін оның ғылыми әдебиеттерде қайнар көздерін, түпкі нәтижелерін анықтау қажет екені байқалды. Яғни психологиялық, педагогикалық тұрғыдан қарым-қатынас мәдениетінің мәні және құрылымы ашып көрсетілуі тиіс.

Философиялық сөздікте «мәдениет-сана мен болмыста адамзаттың әлеуметтік мазмұнына қарай адамның әлеуметтік индивид ретінде дамуы; оның таным, қарым-қатынас, іс-әрекет субъектісі ретінде өмір сүру әдісі; жекелік, шығармашылық, әлеуметтік, адамгершілік, эстетикалық жетілуі» деп көрсетілген.

Қарым-қатынас адамда шындықтың объектісін танып білудің нәтижелерін, қатынасын психикалық ерекшелік ретінде түсінуге мүмкіндік береді.

Мәдениет компоненті ретінде білім өз кезегінде мәдениеттің тасымалдаушысы, оның өмір сүруінің, сақталуының, кеңеюінің басты шарты.

Этикалық сөздікте мәдениет рухани өмірдің барлық формаларын біріктіру деген сөз.

Педагогикалық бағытта әдебиет дегеніміз адамдардың бірлескен ғылыми, моральдық-әлеуметтік, көркем және техникалық құндылықтар жасаудағы қарым-қатынас жиынтығы адам тұлғасына бағытталған өзін-өзі танып білу немесе рухани белгісі.

Мәдениет иесі деп танылатын тұлғаның өзегі оның руханилығы болып есептеледі. Рухани даму негізінде адамдарға қызмет ету, жақсылық жасау, өзін-өзі тұрақты жетілдіріп отыру арқылы объектіден субъектіге айналуға деген қажеттілік жатыр. Сондықтан жоғары мәдениетті мұғалімнің ерекше сапасы - оның өзін-өзі дамытуға қабілеттілігінде жатыр. Оған қолы жеткен педагог өз оқушыларының шығармашылықпен өзін-өзі дамыту стратегиясын болжай, түзете алады.

«Мәдениетті адам» ұғымы педагогикалық тұрғыдан алғанда, адамдардың абыройын жоғары ұстау, өзін-өзі сыйлау, өз күшіне өзі сену, жалтақтамау, сондай-ақ басқалардың пікірін сыйлау секілді бір-бірімен байланысты қасиеттерді тәрбиелеу деп түсінуге болады.

Қазіргі таңдағы жаңа педагогикалық технолгиялар және қазақ ұлттық педагогикасы негізінде оқушылардың музыкалы эстетикалық талғамын қалыптастырудың маңыздылығы және нәтижелігі арта түседі, егер:

- қазақ ұлттық педагогикасы арқылы оқушылардың музыкалық білімін дамыту ерекшеленсе;
- музыка пәні мұғалімінің ғылыми теориясы мен педагогикалық идеяларын қазақ ұлттық

негізде ұштастыратын болса;

- қазақ ұлттық педагогикасын дамыту талдаулар .

Оқу-тәрбие үрдісінде қазақ ұлттық педагогикасы құралдары арқылы оқытуда сабақ мазмұндарын халық педагогикасымен байланыстырып демократиялық бағытта оқушыларының музыкалық білімін дамыту басты идеяға алынды [1].

Демек, музыкалық білім беру тұжырымдамасындағы мәдениет өз табиғатында әмбебапты, өйткені онда әртүрлі көркем өнер бағыттары мен ағымдар ұштасқан, ол өз мезгілінде музыка өнерінің коммуникативтік қызметін айқындайды.

Басқаша айтқанда мәдениет тұжырымдамасы көркемдеу эмоциялау тәсілдері мен жолдарын анықтап, саналы да бағытты әрекеттер заңдылықтарын айқындап, оқыту мен тәрбие беру үрдісін танытады да тұлғалық іс-әрекетті дамыта отырып, өнердегі шығармашылықтың бастамасы болмақ.

Жасөспірімдерді ән айту өнеріне тәрбиелеу неғұрлым ерте басталса, соғұрлым нәтижелі болатыны дәлелденген шындық. Ән салу адам жанының сұлулығына, ой мен ақыл кабілетінің арта түсуіне тікелей әсер етеді, тіпті баланың физиологиялық дамуына да септігін тигізеді.

Ән үйретпес бұрын, оқушыларды денесін бос, тік ұстауға, басты қалай ұстап, ауызды қалай ашу керектігін, яғни денені ұстау қалпын анықтап үйрету қажет. Сосын демді қалай дұрыс алу керектігі айтылуға тиісті. Әннің түрі мен екпініне байланысты іштен дем алу өнерінің еркін қалыптасуы ұстаздың тиянақты еңбегіне байланысты дамиды. Демді әннің аяғына дейін жеткізе білу, яғни ауаны үнемді пайдалану - әнші шеберлігінің негізі деуге болады. Демді ұзақ шығаруға сүйене отырып, дауысты дыбыстарды дөңгелете алуға дағдыландыру - әнші тәрбиелеудің басты мақсаты. Ән үйрету кезінде дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтып үйретіп, дикцияға көп мән берілгені жөн.

Әнді таза, анық айту үшін оқушыларға арнайы жаттығулар беру керек.

Жаттыгулардың негізгі екі түрі бар

1) Жеке өз бетімен дайындалғандары.

2) Нақтылы әдіс-тәсілге, әннің белгілі қиындығын меңгеруге арналғаны.

Оқушылардың жаттығуға деген қызығушылық көзқарастарын қалыптастырып, оларды нақтылы максатқа қолдану керек.

Ән айту алдында оқушы даусын арнайы жаттықтырып алу керек (распевания). Әуендік және ырғақтық тұрғыдан қарапайым, тез жатталатын әуенді жай екпінде, модуляциялы секвенция ретінде жарты тон бойынша жоғары-төмен айтқызып үйрету өте тиімді. Жаттығулар арасында бірдей ұзақтықта тыныс алып отырса (паузалар), ол әуенді қайталауға, ән айту шеберлігін дамытуға зор мүмкіндік береді.

Әнді түрлі аспаптармен (баян, фортепиано) сүйемелдеп айтқан оқушының музыкалық дамуына зор әсер етсе, әннің өзін жеке айтып жаттыққан да әуендік, гармониялық және ладтық сезімнің өсуіне көп көмек береді.

Музыкалық мәдениет. Егер мәдениет-адам қоғамының жасаған материалдық және рухани құндылықтарының жиынтығы десек, музыка мәдениеті, бір жағынан жалпы мәдениеттің бір бөлшегі, екінші бір жағынан осы жалпы мәдениет деңгейінің көрсеткіші.

Біз қандай қоғам болмасын, оның өркениет дәрежесіне қатыссыз музыкалық мәдениет туралы айтамыз. Өзіндік музыкалық мәдениетке халықтар, тіпті қазіргі заманғы әлем өмірінен алшақ жатқан тайпалар да ие. Егер олардың әндері мен билері, тіпті өте қарапайым музыка аспаптары болса, бәрі олардың музыкалық мәдениеті.

Музыкалық мәдениет – бұл, мысалы экономика сияқты өте нәзік құрылым. Онда бәрі өзара байланысты. Егер оның бір тізбегі бұзылса, бүкіл мәдениет «ауырады». Мысалы, қалада филармония, орындаушылар, тыңдаушылар болса, бірақ жарнамасы болмаса, концерттік өмір дағдарысқа ұшырайды [2].

Оқушылардың музыкалық мәдениетін қалыптастыру бағдарламасы баланың музыка өнерінің бай тәжірибесіне қол жеткізу барысында рухани күштерін арттыру мен дамытуға бағытталған. Мұнда келтірілген методикалық ұстанымдар балалармен жұмыстың нақты шараларымен бекітіледі. Біз ұсынып отырған бағдарламада оқушылардың музыкалық мәдениетін дамытудың басты шарты-ұғынудың дәлдігі емес, мазмұны көрініс пен дыбыс үндестігінен тұратын музыкаға ену тереңдігі.

Оқушылардың музыкалық мәдениетін қалыптастыру процессін музыкадағы балаға маңызды өмір мәнінің пайда болуы, тереңдеуі және көрініс беруімен сипаттауға болады. Бұл мағына музыка мен өмірді қатар түсінудің даңғыл жолы ретінде алынды. Бұл жол музыкалық тәрбиені бір концептуалдық негізде сыныпта және сыныптан тыс формаларда біріктіруге

мүмкіндік береді. Сондықтан да бағдарламаның теориялық негізі ретінде адамзаттың мәдени мұрасын игеру алынды. Өнер мен өмірді ұғыну олардың бала үшін тұлғалық маңызына байланысты. Бағдарлама балалармен музыка сабағын жоспарлау мен ұйымдастыруды екі бағытта қарастырады.

Біріншісі әлемдік образдар мен дыбыстың бірігуіне қол жеткізуді өнер мен өмір бірігуі ретінде қарастырады. Бұл бағытты жүзеге асыру өмір көріністерін музыкада көрсету мен көптеген қабылдаудың эмоциялық мазмұндарын мағыналы беру принципі негізінде құруға байланысты.

Екінші бағытта туған жердің дәстүрлі музыкалық мәдениеті мен басқа халықтар мен елдердің музыкалық мәдениетінің ұлттық өзгешелігін қарастыру көзделеді. Бұл бағытқа музыкалық-мәдени дәстүрлердің жалпылылық принципі келеді.

Композитордың ойына сай музыканы түсіну мүмкіндігін қамтамасыз ететін адамның музыкалық қабілетінің ерекше құрылымдық-функционалдық ұйымдастыруы ретіндегі музыкалық қабылдау мәдениеті ұғымын енгізуге көңіл бөлу керек. Осыған байланысты қабылдаудың әртүрлі әлеуметтік және тарихи факторларға қатыстылығы мәселесі туындайды.

Мектептегі музыка сабақтарының мақсаты-окушылардың музыкалық мәдениетін тәрбиелеу. «Музыкалық мәдениет» ұғымы кең, оған:

1. әдептілік-эстетикалық сезімдер мен сенімдер, музыкалық талғам мен сұраныс;
2. музыка өнерін игеру үшін қажетті білім,дағды мен икемділік (қабылдау, орындау);
3. музыкалық іс-әрекеттің жетістігіне қол жеткізетін музыкалық шығармашылық қабілеттер кіреді.

Музыка сабағында мұғалім балаларды халық музыкасының, орыс және шет ел классикалық туындыларының, сондай-ақ қазіргі заманғы музыканың озық үлгілерімен таныстырады. Классикалық мұраны игеру оқушылардың музыкалық мәдениетін тәрбиелеудің негізі болып табылады.

Әртүрлі музыкалық әрекет балалардың музыкалық қабілетін жан-жақты дамытудың шарттарының бірі. Мектептегі музыкалық тәрбиенің маңызды міндеті-оқушылардан музыка мәдениетінің тыңдаушыларын қалыптастыру, өйткені бүгінгі оқушы болашақта өз қызығушылығымен талғамы бар тыңдарман. Тыңдаушылық музыкалық мәдениетінің қалыптасуына қарай, адамның өнермен араласуында өзінін ішкі әлемін одан ары дамыта ала ма, жоқ па көруге болады [3].

Музыкалық қабылдау музыкалық әрекеттің басқа түрлерімен де дамиды. Сондықтан да, оқушылардың ән айту, ритмика, балалардың музыкалық аспаптарында ойнау дағдылары мен икемділіктерді үйренуі, саналы анық түрде ән айтуға, билеуге, ойнауға көмегін тигізетін музыкалық сауатқа қол жеткізуі өте маңызды. Орындаушылық әрекет барысында музыкалақ шығармашылық қабілет жылдам дамиды, музыканы белсенді қабылдаудың мүмкіндіктері ұлғаяды. Осылайша оқушылардың музыкалық мәдениетінің қалыптасуы білім беру және дамыту мәселелеріне қатысты. Біз іс жүзінде көбіне оқудың методикасы мен формасына тәрбиелеуге көп көңіл бөлеміз, ал оқушылардың музыкалық мәдениетінің дамығандығын айқындауда нәтижеде қиындықтарға кездесеміз. Осыларға қарай отырып бізді дәстүрлі білім деңгейі, балалардың музыка теориясынан үйренген ұғымдары, балалардың ән айту дағдыларын игеру деңгейлері қанағаттандырмайтыны белгілі.

Оқушылардың музыкалық мәдениетінің дәстүрлі көрсеткіші ретінде негізгі музыкалық қабілеттердің дамуы, музыкалық даму үшін маңызды болғанымен, басты шарт бола алмайды.

Бағдарламада музыкалық қабылдауды дамытуға әсер ететін әртүрлі музыкалық әрекеттер көрсетіледі. Өкінішке орай, әлі күнге «музыканы қабылдау» және «музыканы тыңдау» ұғымдарын ұқсастыруды кездестіруге болады.

Көптеген педагогтар, ғалымдар тәжірибе жүзінде оқушылардың көркемдік-эстетикалық дамуы бала-бақшада немесе мектептен тыс кішкентайлар мен оқушылар бірге оқитын эстетикалық тәрбие орталықтарында басталатынын, онда тәрбие мен оқытудың жалғастылығы табиғи түрде жүзеге асатындығын дәлелдейді. Онда жүйелі білім алу, адамгершілік және жалпы тәрбие, айнала мен өзіңе деген эстетикалық қатынастардың негізі қаланады.

Бірақ бұл дұрыс емес. Музыканы қабылдау музыкалық іс-әрекеттің кез-келген түрінің көрінісінің ішкі болмысы. Г.М. Коганның айтқанын еске алсаң: «Кез-келген мәдениет негізінде қабылдау мәдениеті жатыр. Ол дамымаған немесе жоғалған жерде, мәдениет болуы мүмкін емес. Оқи алмаған жерде жаза алмайды, тыңдай алмаған жерде-орындай алмайды».

Сондықтан да Д.Б.Кабалевскийдің оқушылардың музыкалық мәдениетін қалыптастыру олардың музыкалық қабылдауын бірте-бірте дамыту арқылы болады деген концепциясы өте маңызды. Осылайша, музыка мәдениетін жалпы рухани мәдениеттің бөлшегі

деп айтсақ, онда баланың, оқушының жаратушы, суретші ретінде қалыптасуы есту өнері, көру өнері, сезіну өнері, ойлау өнері сияқты негізгі қабілеттерді жетілдірмей мүмкін болмайды. Адам тұлғасының дамуы оның гармониясынсыз, көремін, естимін, сеземін, ойлаймын, әрекет етемін сияқты индивидулдық әлемінсіз мүлдем мүмкін емес [4].

Оқушылардың музыкалық мәдениетінің деңгейін оның қабілет, білім, икем, дағды, бағалау сияқты көріністерінің жиынтығынан көруге болады.

Бұл формалардың бәрі немесе оқушының музыкалық-эстетикалық мәдениеті оның музыкалық іс-әрекеті мен дамыған музыкалық санасының негізінде пайда болады.

Оқушылардың музыкалық мәдениеті белсенді музыкалық әрекеті процессінде қалыптасады. Ән айту, музыка тыңдау, ритмика сабақтарында, балаларға арналған музыка аспаптарында ойнау барысында оқушылар шығармалармен танысады, оларды түсінуді үйренеді, білім алады, оларды эмоционалдық-саналы қабылдау мен анық орындауға қажетті дағдылар мен икемді қабылдайды. Сондықтан да олардың музыкалық және шығармашылық қабілеттерін дамыту, қызығушылықтарын, талғамын, сұранысын қалыптастыру жан-жақты және белсенді түрде жүзеге асырылады.

Оқушылардың музыкалық-эстетикалық мәдениеті қабілеттердің, музыкалық-эстетикалық білім, дағды, мінез-құлық, сезім, бағалау жиынтығы ретінде көрінеді. Оны:
1. музыкалық қабілеттердің болуы мен дамуынан;
2. баланың эстетикалық қабілетінің мазмұнынан, музыкалық-педагогикалық қызметтің нұсқауларынан;
3. музыкалық білімнің жүйелілігі мен тереңдігінен;
4. музыкалық-педагогикалық шығармашылыққа қажетті икемділік, дағды сияқты элементтерден көрінетін музыкалық эстетикалық белсенділіктен;
5. музыкалық құндылықтардың сан түрлілігінде бағыт таңдауға жол беретін сезімдік-бағалау қатынастары мен көркем ойлаудың дамуынан, қабылдау, әсерленушілік, бағалау, талғам, идеалдар мен көзқарастар секілді құндылық механизмдері арқылы қалыптастыруды дамытуынан көруге болады.

Мәдениетті сезінуді өнердегі дәстүрлер мен жаңашылдықты түсінбей, тарихи бейнелеусіз, жалпы принциптерді, «дәстүр» түрінде стильдерді дамыту заңдарын орнату; музыкалық ойлаудың ерекшеліктерін айқындаусыз арқылы дамыту мүмкін емес. Ол ең алдымен даму принциптерінің жалпылылығына жетуде, қандай да бір мәдениеттің, стильдің материалының түрге енуіне әсер етеді. Музыкалық мәдениеттің басты белгілері ән айта алу және вариация.

Оқушылардың музыкалық мәдениетін тәрбиелеу музыкалық әрекет барысында дамитын музыкалық қабілеттерді дамытпай мүмкін емес. Ол белсенді және әртүрлі болған сайын музыкалық даму процесі жемісті болады. Яғни музыкалық тәрбиенің мақсаты сәтті болады. Осылайша, музыкалық қабілеттерді дамыту музыкалық мәдениеттің табысты қалыптасуының маңызды алғышарты [5].

Музыкалық мәдениет. Егер мәдениет-адам қоғамының жасаған материалдық және рухани құндылықтарының жиынтығы десек, музыка мәдениеті, бір жағынан жалпы мәдениеттің бір бөлшегі, екінші бір жағынан осы жалпы мәдениет деңгейінің көрсеткіші.

Ол үшін оқушыны, ең алдымен, сезім байлығын дамытуға, есту, есте сақтау, қиялды ұштау және шығармашылық еңбекке үйреткен тиімді.

Музыканы дұрыс тыңдап, одан ерекше ләззат алу үшін музыкалық шығарманың талғамдық деңгейі, оқушыға беретін сезімдік ассоциациясы маңызды орын алады.

Қорыта келе Оқушыларды музыканы қабылдаудың сапалы жағына қызықтырып отыру ұстаздың басты борышы.

Музыкалық қабілеттердің дамуының мәнін оның оқушыларға музыкалық әрекеттің әр түрінде сәттілікке жетуіне мүмкіндік беріп, музыка тілінің ерекшеліктері мен музыка тілінің құрылымын түсінуге камтамасыз етуінен көруге болады. Бұл өз кезегінде музыкалық талғам, қызығушылық, сұраныстардың қалыптасуына негіз болады.

Музыкалық қабілеттер кез-келген музыкалық әрекетті орындауға қажетті жалпы және арнайы болады. Музыка мұғалімі үшін ең алдымен оқушылардың жалпы музыкалық қабілеттері маңызды:

1. музыкалық - есту көріністерін өз бетінше орындау қабілеті;
2. ырғақтық сезім; (үйлесімділік сезімі)
3. музыкалық - ритмикалық сезім.

Музыкалық - есту түсініктерін өз бетінше орындау қабілеті. Музыкалық есту қабілеті - музыка толық қабылдау қабілеті, сазгерлік және орындаушылық қызметінің алғышарты; музыкалық ойлау мен музыкалық-бағалау әрекеттерінің негізі.

Нотаға дейінгі кезеңде музыкалық сауаттық элементтерін үйрену оқушылардың есту қабілетін дамытуға, музыкалық-есту түсініктерін шектелген диапазон әуендеріндегі дауыс биіктігін (жоғары, төмен, бір орында), динамиканы (ақырын-қатты), жылдамдықты (тез-баяу-қалыпты), қарама-қарсы регистрларды (жоғарғы және төменгі дыбыстар) айыру барысында көрген нәрселермен қосуға арналған. Сондай-ақ ырғақтық есту қабілеті дамуы негізінде: бірте-бірте нотаға дейінгі кезеңнен ноталық кезеңге өту, қабылдау және ән айту, пластикалық ырғақ, балаларға арналған аспаптарда ойнау, инсценировка, ритмикалық және вокалдық импровизация сияқты балалық музыкаға әуестену процессі барысында музыка тілінің ырғақтарын сезіну арқылы нота жазуының белгілерімен танысу; ноталық сауаттың негізгі түсініктерін, олардың мелодиялық және ритмикалық көркемделуін бекіту орындалады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Сағынтаева П. Шәкірбаева А. Бастауыш кластарға музыка тәрбие беру әдістемесі.-Алматы, 1996 .
2. Дмитриева Л.Г. Методика музыкального воспитания в школе.-М.: «Просвещение», 1996 г.
3. К.Гроос өзінің. Баланың жан дүниесі. 1916ж.
4. Рубинштейін Л.С.Психологияның жалпы негіздері. 1946 ж.
5. Қазақ орта мектебі 3-сынып ән-күй сабағының хресхоматиясы. Сорос Қазақстан қоры / Ш.Б.Құлманова, Б.Р.Сүлейменовамен авторлық бірлестікте. - Алматы: Өнер, 1997.

МРНТИ 14.35.09
УДК 378.2

# ПРИНЦИПЫ ОРГАНИЗАЦИИ ПРОЕКТНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ШКОЛЬНИКОВ В МЕТОДИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ МУЗЫКИ

**Сыдыкова Р.Ш.** д.п.н., профессор [1]
**Какимова Л.Ш., Батырбекова У.А**. [2]
Южно-Казахстанский педагогический университет им. Ө.Жәнібекова, Шымкент, Казахстан [1]
Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан [2]

***Резюме***

*В различных теоретических и практических материалах, посвященных теме проектной деятельности и методу проектов, можно найти самые разнообразные ее определения. В мировой практике есть примеры попыток разработать и виды проектов, применительно для педагогического образования.*

*Фактически неразработанная проблема органиации проектной деятельности школьников и практическая ее нереализация на уроках музыки в школе определила выбор темы исследования, которая указывает на ее безоговорочную актуальность. Умение организовать проектную деятельность школьников, как одного из педагогических технологий XXI века, и инновационной методики адаптированной к стремительно изменяющимся условиям жизни, является показателем высококвалифицированного специалиста.*

*В статье поднимается проблема методической подготовки будущих учителей музыки к организации проектной деятельности школьников. Разработаны критерии оценивания проектной деятельности школьников на уроках музыки. Сделаны предварительные выводы по констатирующему эксперименту.*

***Summary***

*In various theoretical and practical materials devoted to the topic of project activity and the project method, one can find a wide variety of its definitions. In world practice, there are examples of attempts to develop and types of projects in relation to teacher education.*

*In fact, the undeveloped problem of organizing schoolchildren's project activities and its practical non-implementation in music lessons at school determined the choice of the research topic, which indicates its unconditional relevance. The ability to organize project activities for schoolchildren, as one of the pedagogical technologies of the 21st century, and an innovative methodology adapted to rapidly changing living conditions, is an indicator of a highly qualified specialist.*

*The article raises the problem of methodological training of future music teachers to organize project activities of schoolchildren. Criteria for assessing the project activities of schoolchildren in music lessons have been developed. Preliminary conclusions have been drawn from the ascertaining experiment.*

**Введение.** Одним из частных вопросов, рассматривающий методическую подготовку к проектной деятельности является – организация проектной работы и ее эффективность в педагогической деятельности.

Современное состояние модернизации образования предполагает ориентацию не только на усвоение обучающимися знаний, но и с выдвижением новых подходов и методов обучения, направленных на развитие личности, его познавательных, творческих способностей, развитие практических навыков и работы в команде. Если центральным звеном в традиционном формате обучения была система передачи знаний и формирования соответствующих им умений и навыков, то в настоящее время отдается предпочтение развитию навыков и компетенций: самостоятельно учиться, действовать в командной работе, развивать нестандартное мышление, мыслить критически. И в этом значении становится важным развитие не просто умений, а компетенций сопряженных с опытом их применения в практической деятельности.

Одним из таких методов и форм организации учебного процесса, в научном обиходе выступает метод проектов. Идея по началу зарожденная философами гуманистического направления гласила, что эта деятельность заключающаяся в привлечении каждого ученика в активный, познавательный, самостятельный, творческий процесс, с приоритетом на сотрудничество, совместную работу в команде в процессе общения, коммуникацию (Дж.Дью, В.Х. Килтпатрик) [1]. Позднее метод проектов трансформировалась в обычную деятельность с выходом на определенный практический результат к той или иной деятельности, к примеру, тематическое мероприятие, создание альбомов, викторин и т.д.

В настоящее время методу проектов отводится достаточно пристальное внимание и связа это с тем, что организация проектной деятельности на уроке связывается с интерактиной формой обучения.

**Основная часть.** Исследователи установили, что нежеление и немотивация к урокам музыки обозначается с более низким уровнем успешной учебной деятельностью. Они рассмотрели результаты выполненных проектов школьниками и установили, что необходимо пересмотреть организационную содержательность структурной деятельности школьников, направив ракурс их внимания на современные подходы активизации познавательной деятельности, каким является метод проектов.

Е.С. Полат, достаточно долго и скурпулезно изучавшая данную область, рекомендует не смешивать понятия «проект как результат деятельности» и «проект как метод познавательной деятельности». Она утверждает, что в методе пректа всегда должна присутствовать наличие **проблемы**, требующая ее исследования и поиск ее результативности. В связи с чем, под этим понятием, она понимает «организованную поисковую, исследовательскую деятельность, которая предусматривает не просто достижение результата, но организацию процесса достижения этого результата» [2].

Таким образом, ученый указывает, что в основе метода проекта лежит развитие познавательных навыков. Говоря о проектной деятельности, она приравнивает ее с «посильной активной познавательной деятельностью», где во главе угла стоит не простое усвоение содержания, а решение определенной проблемы на основе этого содержания. Важно, отмечает ученый, это организовать «активное применение полученных заний для получения новых знаний, для получения практического результата на основе применения полученного знания». Ученый отмечает, что метод проектов является компонентом системы образования и выделяет следующие показатели:

- стимулирует интерес к решению проблемы;
- предполагает свободное владение суммой знаний;
- предусматривает решение одной или ряда проблем;
- показывает практическое применение полученных знаний.

Опираясь на исследование Д.А.Дорожкиной, в анализе исследовательских работ ряда ученых (Н.В. Матяш, В.А. Моляко, Н.Ю. Похомова и др.), она констатирует, что проектную деятельность они тесно связывают с творческой, и в некоторых трудах, данные виды деятельности выступают аналогом друг друга. Так, В.А. Моляко, объединяя в единую фразу «творческую» и «проектную» деятельности указывает, что именно «творчество трансформируясь развивается в процессе проектной деятельности [3]. В понятие «проектная деятельность» Н.В. Матяш комбинирует синтез игровой, познавательной, ценностно-ориентационной, преобразовательной, учебной, коммуникативной и творческой деятельности обучающихся [3].

Такую форму деятельности зачастую связывают с творческой деятельностью и другие ученые. По отношению, когда работая в команде, возможно открытие что-то нового, кративного, идеи, например, что, на наш взгляд, несовсем корректно в виду того, что сама творческая деятельность имеет свою структуру и модель, которая решает поистине свои приоритетные задачи, как развитие креативности, познавательности, инициативности, самостоятельности и прочее. И в первую очередь, она должна в конечном итоге иметь свой творческий результат, продукт этой творческой деятельности.

С проектной деятельностью дело обстоит немного иначе. И в этом необходимо обратиться к историческому прошлому, которое демонстрирует, что ключевыми компетенциями в проектной деятельности является исследование, поиск, исследование в действии, инновационное преобразование самой деятельности. Отсюда, по мнению ученых, проектная деятельность может выступать, с одной сторны, как метод обучения, с другой стороны – как сам процесс обучения. Попробуем вкратце раскрыть проектную деятельность с точки зрения методической подготовки к ее организации.

Практика организации проектной деятельности рассматривается в достаточно широком аспекте. И в этом отношении проектная деятельность может выступать как инструмент организованной деятельности школьников, сичтает Д.А. Дорожкина [3]. Главная задача разработка проектной деятельности школьников в том, чтобы дать понять ее участникам, как шаг за шагом продвигаться к цели. Работа над проектом не предполагает готовый план действий и ее решения, а призывает создавать свой собственный подход и поиск решения. Этической нормой считается безоценочное суждение, никакого отрицательного вывода. Вместо этого работа над проектом, сама проектная деятельность помогает разнообразить действия и определить, какой способ действий для достижения поможет конечному результату. Кроме того, именно в проектной деятельности старшеклассники могут узнать самого себя в действии, - считает исследователь. И продолжает - очень важно согласованная коллективная работа, гармоничное отношение к друг к другу, охватывающее эмоциональный, социальный, коммуникативный, когнитивный, познавательный, творческий акпекты деятельности.

Попытка интегрировать проектную деятельность в школьной практике попытались сделать ряд исследователей, в начале столкнувшиеся с проблемой – недостаточно методически разработанной организацией процесса применения проектной деятельности на уроке. Одним из таких исследований является организация проектной деятельности на уроках музыки, исследованная Д.А. Дорожкиной, попытавшаяся осуществить интеграцию учебной и поисковой деятельности школьников, определить критерии, показатели и уровни сформированности проектной деятельности школьников, методы их диагности и показать значимость предполагаемых результатов [3].

Анализ проектного метода в научно-исследовательской литературе показал, что метод проектной деятельности – это «интегративное дидактическое средство развития, обучения и воспитания, которое позволяет вырабатывать и развивать специфические умения, навыки и компетенции обучающихся». И главным его показателем является решение указанной проблемы. С точки зрения участников – проект выступает как поисково-исследовательская деятельность решаемая в коллективной форме, направленная на достижение общего результата. Отсюда типологизация проектов на образовательные и учебные позволило разделить их на способы достижения дидактической цели, которые и формируют ключевые компетенции, такие как поисковые/исследовательские, коммуникативные, рефлексивные, управленческие, презентационные и навыки, умения работать в команде. В деятельности школьников такие компетенции могут формироваться в зависимости от типа самого проекта, его сосдержании и методов организационной работы. В таблице № 1 мы указали на навыки, умения и компетенции, которые формируются при организации образовательного проекта и учебного проекта, с той лишь разницей, какими функциональными действиями оперируют все участники данного процесса.

**Таблица № 1- Функциональные действия в организации проектной деятельности.**

| Тип проектной деятельности | Роль учителя музыки | Роль школьников на уроке музыки |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| Образовательный проект | Наблюдатель.<br>Консультант.<br>Поощряет успехи и достижения школьников.<br>Руководит общим проведением проектной деятельности. | Самостоятельно формируют тему проекта.<br>Самостоятенльно выбирает варианты решения проблемы, обосновывает принятое решение.<br>Выявляют, ставят и решают задачи.<br>Свободно коммуницииируют между собой.<br>Планируют и организует свою деятельность на уроке и во внеурочной работае.<br>Интегрируя новое знание и приобретая новые навыки и умения, получают опыт.<br>Приобретают навык саморегуляции, ответственности и организационных умений.<br>Учатся быть лидерами и управлять коллективом.<br>Креативно мыслят.<br>Проектируют свою дальнейшую деятельность после подведения решения. |
| Учебный проект | Специально организует деятельность школьников.<br>Позволяет осмыслить теоретические знания и направить их на практическое применение.<br>Подготовит методический материал к обсуждению и дискуссии.<br>Подберет методы работы.<br>Позволит школьникам самостоятельно сформировать цель и задачи и найти выход на результат.<br>Скоординирует командную работу школьников (поможет подыграть на инструменте и т.п.).<br>Сформирует аналитический отчет по итогам презентационных работ школьников. | Самостоятельно формулирует учебную проблему.<br>Осуществляют сбор информации, подбирают учебно-музыкальный материал.<br>Работают в сотрудничестве.<br>Работая в команде проекта, приобретают коммуникативные умения.<br>Развивают у себя исследовательские навыки. |

Данные, указанные в таблице, позволяют отметить, что в деятельности школьников в организации образовательного проекта присутствует максимально активный вид деятельности.

Таким образом, в методическую функцию будущего учителя музыки входит:

1. подобрать типологию проектов, направленные на содержательность и результативность проектной деятельности школьников на уроке музыки;
2. разработать методический материал оснащения проектов, направленный на познавательную, учебную, исследовательскую виды деятельности школьников на уроке музыки.

**Методика и методология.**

В эксперименте участвовали студенты выпускного курса образовательной программы «6В01402-Музыкальное образование» Казахского национального педагогического университета имени Абая в количестве 23 человек. Первый этап эксперимента был направлен на выявление роли и значимости

проектной деятельности школьников на уроке музыке. Анализ констатирующего эксперимента показал слабую методическую подготовку в организации проектной деятельности школьников, что послужило для нас отправной точкой для ее реализации. Для нас было важно знать, какой эффект дает проектная деятельность для старшеклассников на уроке музыки. Поэтому мы для начала составили алгорит поэтапной работы в его организации.

Главная задача разработка проектной деятельности школьников в том, чтобы постоянно давать понять ее участникам, что следует организованно действовать продвигаясь к конечной цели, выбрать способы действий для достижения результата с учетом того, что проект это не только групповая или командная работа. Это метод, в первую очередь, успешно применющийся в практике развития личного, профессионального, творческого потенциала, развития определеных способностей предполагает совместное организованное участие в решении проблемы и поиска решений. Для этого мы опираясь на бытующие в практике учебного процесса алгоритма классического варианта организации метода проектной деятельности, составленного по мнению специалистов.

Задание №1. Объединиться в группы от 4-5 до 5-10 человек. Обсудить вопросы, возникшие по поводу темы проекта, ее актуальности, новизну; предложить на обсуждение видение ее конечного результата. Составить поэтапный план его реализации; распределить ответственные моменты в решении проекта. При затруднении обратиться к друг другу и преподавателю.

Задание № 2. Выписать ключевые принципы по организации темы проекта и его отличия от других аналогов. Записать решение по одной из проблем и обсудить в групах его понятие. Составить список вопросов и выписать несколько решений. Проанализировать работу над проектом.

Задание № 3. Подготовить одного из членов группы к презентации результатоы обсуждения. Заслушать выступления всех групп. Провести рефлексию и обратую связь; сделать выводы и подвести итог.

Второй этап эксперимента – формирующий, был направлен на организацию проектной деятельности школьников на уроке музыки. Студенты проводили занятия в организации проектной деятельности на итоговых уроках в качестве обощения учебного материала за четверть. Темы подбирались в зависимости от предпочтений и интересов самих школьников. В целом в эксперименте были задействованы контрольные и экспериментальные классы из учащихся 5-6 классов, и связано это было с распределением педагогической нагрузки на студентов-практикантов.

Оценивается проектная деятельность на уроке музыки по следующим критериям:

❖ *Полнота информативности, актуальность и достижимость результатов проекта:*
- 8-10 баллов: логичность, структурность, четкость, полнота и доступность, актуальность цели и задач, дотижимость результатов проекта;
- 5-7 баллов: частично логическая структурность, хорошиая цели и задачи, актуальность, но слабо выраженная достижиомсть результатов проекта;
- 2-4 баллов: отсутствие анализа и сформированности цели, размытые результаты, недостижимость, неактуальность;
- 0-2 балов: неорганизованность, неосведомленность, недостижимость проекта.

❖ *Командная работа в проектой деятельности:*
- 8-10 баллов: эффективно сотрудничают, хорошая коллабарация между участниками, активно взаимодействуют между собой, обмениваются опытом;
- 5-7 баллов: хорошее сотрудничество, обмениваются опытом, но слабо выражена коллаборация;
- 2-4 баллов: некоторые признаки эффективного сотрудничества, хорошая взаимодействие, но не ярко выражена коллаборация; слабая роль взаимодействия, отсутствие обмена опытом;
- 0-2 балов: неэффекетивнос сотрудничают, отсутствует коллаборация и обмен опытом.

❖ *Качество и валидность проектной деятельности*:
- 8-10 баллов: творческий подход и отличное использование технических ресурсов в презентационной форме, применение интерактивных методов в решении проекта, практическая ценность;
- 5-7 баллов: слабое использование технических ресурсов для презентационности, но хороший творческий потенциал и практическая ценность в оформлении проекта;
- 2-4 баллов: низкое качество творческого уровня проектной деятельности, среднее качество проекта в оформлении технических аспектов и практической ценности проектной деятельности, требующая улучшения;
- 0-2 балов: отсутствие технических сторон в оформлении проектной деятельности, включая творческий подход и практическую ценность решения проекта.

**Дискуссия.** Специфическая значение проектной деятельности в том, как сделать, чтобы состояние за которым стоит коллективное, творческое, креативное сотрудничество стало их текущей реальностью. Для этого, как полагают эксперты, необходимо раскрыть принципы организации проектной деятельности, кототрое позволит сделать эту работу методически выверенной, и где можно будет узнать как:

- стать активным участником проектной деятельности;
- повысить результат составленного вложения;
- повысить практику коммуникации;
- улучшить свои навыки общения и управления в коллективной работе;
- планировать проектную деятельность в своей ежедневной профессиональной работе.

Следует указать и на отрицательные стороны проектной деятельности, которые могут мешать методически правильно выстрованию этой методической подготовки:

- относиться к проектной деятельности как хобби;
- не понимать, как следут работать в проектой деятельности;
- ставить на неуспех в слабой осведомленности, незнании, неумении, слабых недостатков;
- нечувствовать коллективную поддержку, сплоченность;
- неумение повышать доверение к своей профессиональной работе.

Но вместе с тем, следует указать и на приницицы, которые во много раз приблизят к успешному решению проекта и эффективной ее деятельности. Это такие принципы, когда все участники проектной деятельност на уроке:

- ✓ понимают вызовы и запросы проектной деятельности;
- ✓ показывают инструменты, с помощью которых можно организовать и управлять действиями;
- ✓ разворачивает мышление для чувства собственной умпешной деятельности;
- ✓ помогает стать сильным, успешным в любой деятельности;
- ✓ позволяет смотреть в глубь проблемы и видеть возможности ее решения;
- ✓ работать так, что всего в жизни можно достичь, занимаясь проектной деятельностью.
- ✓ быть примером того, чтобы видеть истину.

**Заключение**. Результаты исследования подкрепляют предположение о том, что эффективное применение проектной деятельности на уроках в школе обеспечит мотивационность и действенно актиную познавательную деятельность школьников. Проектная деятельность в конечном итоге, приводит:

- ❖ к повышению мотивации в процессе школьного обучения;
- ❖ готовности к самостоятельному решению проблемы;
- ❖ развивает личностный потенциал;
- ❖ организовывает деятельность, ответственность, приобщает к самореализации целей обучения.

С итоговыми результатами организации проектной деятельности школьников на уроках музыки в методической подготовке будущих учителей музыки можно будет ознакомиться в следующих публикациях авторов.

**Литература:**


1. Метод проектов [Электронный ресурс] – 2024. – URL.: https://ru.wikipedia.org/wiki/ – (Дата обращения: 01.03.2024).
2. Полат Е.С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования / Е.С. Полат, М.Ю. Бухаркина, М.В. Моисеева, А.Е. Петров. – Москва, Академия, 1999. – 2005с.
3. Дорожкина Д.А. Проектная деятельность школьников на уроках музыки. [Электронный ресурс] – 2024. – URL.: https://nsportal.ru/kultura/muzykalnoe-iskusstvo/library/2017/12/03/proektnaya-deyatelnost-shkolnikov-na-urokah-muzyki7 – (Дата обращения: 01.03.2024).

**ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДАҒЫ PISA ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ РӨЛІ**

**Смайлова Гулнур Турегелдиевна**

Түркістан облысы Ордабасы ауданы
«Мұхаметқұл Исламқұлов атындағы жалпы білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

***Резюме***

*Чтобы интегрировать задания в ежедневный план урока, задания PISA должны совпадать с целью урока. Функциональная грамотность ученика, выполняющего одно задание в ходе ежедневного урока, повышается.*

***Summary***

*Tasks daily lesson to integrate into the plan, PISA tasks for the purpose of the lesson it should be the same. Daily one task during the lesson functional responsibilities of the student literacy increases.*

2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары (бұдан әрі – Ұлттық жоспар) ҚР Үкіметінің Қаулысымен бекітілді. Ұлттық жоспар Қазақстан Республикасындағы білім сапасын жетілдірудің негізгі бағдары ретінде мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту іс-қимылдарының мақсаттылығын, біртұтастығы мен жүйелілігін қамтамасыз етуге бағытталып, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үдерісін мазмұндық, оқу-әдістемелік, материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар кешенін қамтиды. Функционалдық сауаттылық бұл, адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. .

Бүгінгі таңда қазақстандық білім беру жүйесінің алдында білім сапасының бәсекелестігін арттыру, шынайы өмірлік кезеңдерге бейімдеу мәселелері тұр, өйткені адам қоғамда түрлі өмірлік мәселелерге байланысты дұрыс шешімдер қабылдау үшін жоғары кәсіптілік пен интеллектуалдықты қажет ететін жағдайда заман талабына сай өмір сүріп, қызмет етуде. Осыған байланысты еліміздің 15 жастағы оқушыларының білім жетістіктерінің деңгейін анықтауға Қазақстан PISA 2015 халықаралық зерттеулеріне қатысты. PISA (Programme for International Student Assessment) зерттеуінің әрбір кезеңінде халықаралық контексте саралау жұмысы жүргізіледі. Бұл әрбір қатысушы елге білім беру жүйесінің стратегиялық мақсатын анықтауға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында оқушылардың халықаралық зерттеулерге қатысуының мақсаттық индикаторлары анықталған. Олар: PISA бойынша — 40-45 орынға қол жеткізу.

Біздің еліміз үшін бұл бағдарламаға қатысу білім берудің бақылау бағалау жүйесін реформалаудың қажеттігін ескертетін бірқатар факторлар, атап айтсақ қазақстандық білім беру жүйесінің әлемдік білім беру кеңістігіне кіруі негізгі себеп болды. Еліміздің PISA — 2015 зерттеулеріне қатысуы, өзін өзі дамытуды максималды түрде іске асыру мен қоғам өміріне орынды қатысуы үшін өздігінен іздену, талдау жасау, құрылымдау ақпараттарды дұрыс пайдалануға мүмкіндік береді.

Оқушылардың білім жетістіктерін бағалау бойынша PISA Халықаралық бағдарламасы оқушылардың оқу барысында алған білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білу машықтарын, нақты бір оқу пәндерімен тікелей байланысты емес мәселелерді шеше білу құзіреттіліктерін бағалауға бағытталған.

Бұл зерттеу Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымымен (ЭЫДҰ) жүзеге асырылады. PISA зерттеуі 2000 жылы басталып, үш жылдық кезеңмен өткізіледі. Бұл қатысушы-елдерге оқушылардың білім жетістіктерінің нәтижелеріндегі қозғалысты, білім беру жүйесіндегі болып жатқан өзгерістерді бақылауға, жүргізілген реформалардың салдарын анықтауға мүмкіндік береді.

Қазақстанда зерттеу жұмысын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің, білім беру органдары мен аймақтық білім беру ұйымдарының көмегімен «Ұлттық білім беру сапасын бағалау» орталығы жүргізеді. Зерттеуді ұйымдастыру және өткізуге көмек көрсету үшін аймақтарда облыстық

үйлестірушілер, сонымен қатар зерттеу өткізетін білім беру ұйымының үйлестірушілері анықталып, тағайындалады.
PISA халықаралық зерттеуі барлық білім беру ұйымдарындағы 15-жастағы оқушылардың оқу, математика және жаратылыстану бағытындағы пәндерден білім жетістіктерін анықтауды мақсат етеді. Зерттеу оқушылардың қабілеттерін емес, ол оқу барысында меңгерген білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білуептіліктерін бағалауға бағытталған.
Көптеген елдерде жасөспірімдер 15 жаста негізгі білім беру сатысын аяқтап, ересек өмірге дайындалады, осыған сәйкес зерттеудің негізгі міндеті он бес жастағы оқушылардың өз беттерінше өмір сүрулеріне қажет білім, білік, дағдыларын анықтау болып табылады.
Зерттеу құралдарына мыналар кіреді:

- Тест тапсырмалары бар буклеттер;
- Білім беру ұйымдарының оқушыларына арналған сауалнамалар;
- Білім беру ұйымдарының басшылығына арналған сауалнамалар;
- Тест және сауалнаманы жүргізушіге арналған нұсқаулық;
- Білім беру ұйымының үйлестірушісіне арналған нұсқаулық;
- Тест тапсырмаларын бағалау, мәліметтерді енгізу және өңдеу бойынша нұсқаулықтар.

Әрбір тапсырма бір мәселені суреттеген мәтінді қамтиды және мәтінмен қатар төрт немесе бес нұсқада жауабы бар сұрақтар, немесе таңдау бойынша қатар екі жауабы болуы мүмкін жорамалдар мен нақты бекітулер қалыптарында көрсетілген қиындық дәрежесі әртүрлі бірден алтыға дейін сұрақтарды қамтиды. Сұрақтардың қалған бөлімдеріне оқушылар өз жауаптарын құрастырулары керек, олардың кейбірі қысқа жауапты, қалғаны толық жауаптарды талап етеді. Соңғысы тест тапсырушылардан жеке өзіндік пікірді талап етеді және өз көзқарасын айқындауға мүмкіндік береді. Өзге кейбір сұрақтар оқушылардан шеңберде шектелген жауаптар нұсқаларын таңдауын талап етеді, дұрыс немесе бұрыс болып бағаланады.
PISA зерттеуінде бағаланатын ғылым жаратылыстану білімдері, машықтары мен дағдылары ғылыми жаратылыстану циклі пәндері – физиканы (астрономия элементтерімен), биологияны, химияны, географияны оқуда қалыптасады.
Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін, күнделікті сабақта жаңа тақырып сайын PISA тапсырмаларын қосып дайындау керек.Сонда оқушы бойында әртүрлі тапсырмаларды орындау арқылы функционалдық сауаттылығы артады.
География пәнінен кесте толтыру, ия немесе жоқ, картамен жұмыс, нысанды анықтау,сызбалар,шартты белгілер, тесттер түрінде кездеседі. Оқушылар логикалық ойлау қабілетін қалыптастырып, теориялық алған білімдерін практикада қолданады. Осы орайда география пәнінен мынадай тапсырмалар түрлерін ұсындым.
**Географиялық тапсырмалар**
**1. тапсырма**. «Жер асты суларын жер бетіне шығару және жер сілкіністері» туралы төмендегі ақпаратты оқып, сұраққа жауап беріңіз.
Жартас қыртысы – жердің ең жоғарғы қабаты. Қыртыс ішінара балқитын жыныс қабаттары бойынша жүретін тектоникалық тақталарға бөлінген. Тілімдер жарықтар деп аталатын жарылған жерлерден тұрады. Жарықтың бойында жиналған қысым босап шыққан кезде, жер сілкінісі болады, оның нәтижесінде қыртыстың бөлшектері араласып кетеді.
Жарықты бойлай қозғалу мысалы төменде көрсетілген.
Жарық жағдайында табиғи себептермен қысым пайда болады. Неліктен?




**2-тапсырма**.Төмендегі картада белгілі бір аудандағы Жердің қыртыс қабатындағы қысымның деңгейі көрсетілген. Осы аудандағы 4 жер телімі *A, B, C, D* деп белгіленген. Әр жер телімі аймақ арқылы өтетін жарықта немесе жарыққа жақын жерде орналасқан.
Жер телімдерін жер сілкінісінің ең төмен қаупінен ең жоғары қаупіне қарай ретімен қойыңыз.




3-тапсырма. Шолпан жұлдыздарға қарағанды ұнатады.Бірақ қалада тұрғандықтан ,ол түнде көп жұлдыздарды көре алмайдыАлдыңғы жылы Шолпан ауылға барғанда, қалада көрінбеген көптеген жұлдыздарды көрді. Неліктен ауылдық жерде қалаға қарағанда көбірек жұлдықдарды көруге болады?

-Қалада ай жарығырақ, сондықтан ол көптеген жұлдыздардың жарығын жауып тастайды.

-Ауылды жерлерде қалаға қарағанда көбірек шаң-тозаң бөлшектері бар. Сондықтан ол жарықты қамтып көрсетеді.

-Қала жарығының молдығынан көптеген жұлдыздарды көру қиынға соғады.

-Көлік және үйлерден жылу бөлінетіндіктен, қаладағы ауа айтарлықтай жылы

**4-тапсырма**. Мұнайдың төгілуі теңіз құстарына атарлықтай зиян келтіруі немесе тіпті олардың өліміне әкелуі мүмкін. Құстарды мұнайдан тазартудың дәстүрлі әдісі-жылы су мен синтетикалықжуғш затты қолдану.
Жуғыш зат құстардан мұнайды қалай кетіреді?

А.Ол қауырсындарды мұнайдың әсеріне тұрақты етеді

В.Ол мұнаймен әрекеттесіп, оның суда ерігіштігін арттырады

С.Ол мұнайды сіңіріп, оны қауырсындардан шығарады

Д.Ол мұнайды ыдыратып, оны қауырсындардан ағызып шығарады

**5. тапсырма** Баламалы энергетика туралы айтылғанда ең алдымен қалпына келетін энергия көздері – күн энергиясы мен жел энергиясы туралы айтылады.

Электр энергиясының мұндай түрі, яғни күн энергиясы келесі бөліктерден тұрады: күн батареясы (тұрақты токтың генераторы), тұрақты токты ауыспалы токқа айналдыратын зарядты бақылайтын қондырғысы бар аккумулятор, инвертор. Күн батареялары күн энергиясын электр энергиясына айналдыратын күн элементтерінің жинақтарынан тұрады.

**1- сұрақ** Күн энергиясын алуды қазба отын (көмір не мұнай) қолданылатын электр энергиясын өндірумен салыстырып, бір артықшылығы мен кемшілігін сипатта.
Артықшылығы___________________ __________________________________________________
Кемшілігі_______________________________
__________________________________________________

**6. тапсырма.** Жанартаудың атқылауы және жер сілкіністері әлемнің көп бөлігінде адамдарға әсер етеді. 1-картада жанартаулардың орналасқан жері көрсетілген. 2-картада жер сілкіністерінің орналасқан жері көрсетілген. Жанартау белдеуі деп аталатын аймақ екі картада да көрсетілген







1-карта - Жанартаулар




2-карта - Жер сілкіністері

Төмендегі картадан жанартау белсенділігінің немесе жер сілкінісінің болу ықтиалдығы аз жерді таңдаңыз

**Қорытынды** Оқушылардың пәндік білімдеріне, ептіліктеріне және дағдыларына (БЕД) сүйене отырып, оқу пәндері арқылы функционалдық сауаттылықты дамыту үдерісі ойлау дағдыларын қалыптастыру негізінде жүзеге асады. Ойлау дағдыларын қалыптастыру және дамыту құралдарына тапсырма түрінде берілген пәндік БЕД жатады, ал ұйымдастыру формасына – проблемалық жағдайлар жатады. Осыған байланысты, ойлау дағдыларының өзі БЕД-тердің құзыреттілікке көшуінің құралы ретінде қызмет атқарады, яғни олардың функционалдық сауаттылығы.

Мұғалім өзі жаратылыстану-ғылыми сауаттылықты құрайтын құзыреттіліктерді игеруі тиіс, ал ол көп жағдайда орын ала бермейді. Тек осы жағдайда ғана ол жаратылыстану-ғылыми сауаттылықты оқу процесінде мақсатты түрде қолданады, тіпті өздігімен осындай тапсырмаларды әзірлей алады.

PISA тапсырмаларын күнделікті сабақ жоспарына кіріктіру үшін, тапсырмалар сабақ мақсатымен бірдей болуы керек. Күнделікті сабақ барысында бір тапсырма орындаған оқушының функционалдық сауаттылығы артады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Назарбаев Н.Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам.// Егемен Қазақстан.10 шілде 2012.
2. «Білім туралы» заң.// Егемен Қазақстан.15 тамыз 2007.
3. Интернет желісі

ӘОЖ (37.7)

**БОЛАШАҚ КӘСІПТІК ОҚЫТУ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МӘНІ**

**Узахова А.С. п.ғ.к, аға оқытушы**
**Байбатшаева А.Е, доцент м.а.**
**Ахмадалиева О. Р. М1406-12 тобының магистранты**
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

***Резюме***

*В статье наряду с содержанием образования будущих учителей профессионального обучения описываются различные теории методической деятельности на основе педагогических взглядов казахстанских и зарубежных ученых.*

***Summary***

*Along with the content of the education of future teachers of vocational training, the article describes various theories of methodological activity based on the pedagogical views of Kazakhstani and foreign scientists.*

Бүгінгі таңда болашақ мұғалім мамандарынан жалпы білім беретін орта мектептерде заманауи өзгерістерге бейім, оқыту мен тәрбиелеудің жаңаша әдістемелік тәсілдерін ізденуге бағдарланған және ізденіс жұмыстарын шығармашылықпен жүргізе алу талап етіледі.

Мұндай жағдай оқыту үдерісінде болашақ мамандарды әдістемелеік іс-әрекеттеріне де ықпалын тигізбей қоймайды. Бізге белгілі жағдайдың бірі, оқыту үдерісінің барлық талаптарының батамасын білім мазмұнынан алады. Бұған қосымша ретте дүние жүзілік талап болашақ мұғалімдерді даярлау жағдайында да интеграциялау жұмысын жүргізу қажет болып отыр. Бір сөзбен айтқанда, білім беруді жаңарту, XXI ғасырдағы адамзат дамуының жаңа кезеңі ретінде білім алушыларға жан-жақты білім берудің ауқымды мәселелерінің бірі ретінде саналып келеді. Осы мәселелер кәсіптік оқыту саласына әсерін тигізеді. Себебі, адам өмірінің, ойының ерекше жоғары дәрежеде дамуына жағдай туғызатынүдеріс ол – кәсіптік оқыту. Олай болса Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы болашақ кәсіптік мұғалімдері ғылымның әр саласынан жалпы білім алуымен бірге белгілі бір дәрежеде кәсіби әдістемелік іс-әрекетпен қарулануы тиіс. Бұл жоғары мектептегі білім беру мазмұнын дамытудың педагогикалық мәселелерімен қатар, қоғам талаптарына сәйкес кәсіптік оқыту үдерісінің әдістемелік жүйесін орынды пайдалануды талап етеді. Қазіргі жағдайында Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі өзгерістер әдістемелік іс-әрекетердің бағыттары мен ұстанымдарына байланысты болып отыр.

Білім беру мазмұнынан туындайтын *әдістемелік іс-әрекеттер*, негізгі өзекті мәселе болып саналады. Білім беру мазмұны жеке тұлғаны жан - жақты дамытудың үйлесімді құрылымына бағынышты жоба ретінде көрініс табуы мүмкін. Ол қолданыстағы оқу жоспарлары, оқу бағдарламалары мен оқулықтарды педагогикалық теориямен біріккен түрде, әдістемелік іс-әрекетке әсер етеді. Сонымен қатар оқыту үдерісінде жоғары мектептің талаптарын қанағаттандыра алатын әдістемелік іс-әрекеттерді практикада пайдалануға қызмет етеді. Осыған байланысты жоғары мектептерде бірқатар зерттеу жұмыстары жүргізіліп, Қазақстан Республикасының нақты мамандық бойынша болашақ кәсіптік оқыту саласында оқыту түрлеріне қарамастан қолданылатын және қатаң сақталатын міндетті стандарттар [1] негізге алынды.

Педагогика ғылымында білім мазмұны нақты ұсынылған оқу жоспарлары, оқу бағдарламасы, оқулықтар ғылыми негіздегі шешімдерді талап ететін күрделі мәселелерді туындатады. Теориялық құндылықтар үшін практикалық түрде өткізілген оқу материалдары біртіндеп жинақталады. Практикаға тиімді теориялық ережелер сақталынып, ал жарамсыздары оның құрамынан алынып тасталынады. Білім мазмұны бізге білім беру мазмұны мен оқыту үдерісінің үйлесімділігін зерделуге мүмкіндк туғызды, олардың бірнеше шарттарын анықтау реттілігіне маңызды болып саналды.

Білім беру мазмұнының көп жақтылығы ең алдымен қоғамның мектеп алдына қоятын мақсаттары мен міндеттері негізінде анықталады. Оқытудың мақсаттары мен міндеттерін анықтауда дидактика талаптарымен бірге әдістемелік іс-әрекеттер да ескеріледі, себебі соның негізінде ғана қай курста, қандай көлемде, қандай пәндерді оқытуға болатындығы дұрыс шешімін табады. Табылған шешім қоғам дамуының әртүрлі сатысындағы білім беру мазмұнының ғылыми-техникалық даму қажеттіліктеріне сай талқыланып келеді.

Аталған теориялық мәліметтер біздің зерттеуімізге сәйкес болашақ кәсіптік оқыту мұғалімінің әдістемелік іс-әрекетін қалыптастырудың құрылымдық моделын жасауға оңтайлы жол болды. Себебі, зерттеу барысында барлық оқытылатын пәндердің негізгі мәнін білу арқылы ортақ мәліметтер жинақтау болашақ маманның әдістемелік іс-әрекетін қалыптастыруды жүзеге асыратын негізгі мақсат. Жалпы оқытудағы мәндік тұғыр жаратылыстану, гуманитарлық және техникалық ғылымдар ситезін құрайды. Оқытудағы мәндік ұстаным-бұл оқытушылардың қабілетін дамыту бағытында пәнаралық байланыс негізігінде олардың (пәннің мазмұны) мәнін жүйелі ұғынуға жағдай жасайды.

Білім беру мазмұны туралы тарихи мәліметтер педагогика ғылымында Я.А. Коменский дәуірінен бастап белгілі. XVI-XVII ғ.ғ Я.А. Каменский [2] оқытудың мақсаты – ғылыми білімді меңгеру және өмірге пайда келтіру деп білді. Ол білім беру мазмұны мен оқу көлемін де жаңа бағытта шешті. Мектеп оқуында тек көне тілдерге үйрету, сыңар жақты формалистік грамматика мен риторикаға негізделген классицизм кең тараған дәуірде ол жастарға әр салалы жан-жақты білім беруге шақырды.

Қазақстандық ғалымдар К. Бержанов пен С. Мусин [3] авторлығындағы педагогика тарихында көрсетілгендей білім беру мазмұнымен қатар әдістемелік іс-әрекеттер жөнінде әртүрлі теориялар орын алып келді.

Көптеген теориялар болашақ кәсіптік оқыту мұғалімдерінің қазіргі жоғары мектептегі әдістемелік іс-әрекетін қалыптастырудың мәнін талдап, талқылауда О.А.Абдуллинаның [4] ой-пікірі келесі түрде болды: «Бүкіл тәжірибемен жинақталғанды сындық тұрғыдан қайта ойластыру,

педагогикалық пәндерді оқыту практикасын терең талдау, жинақталғанның көп жылдық практикадан тексеріліп өзінің мәнін сақтағанды, жаңа үдерістердің ықпалымен ненің өзгеруі немесе жаңаруы тиістілігін анықтау міндеті тұр».

Аталған теорияны талқылай отырып, біз болашақ кәсіптік оқыту мұғалімдерінің әдістемелік іс-әрекетінің қалыптастырудың нақты және шынайы сипаттамасын бір жағынан оның қазіргі жоғары мектептегі құрылымын, мазмұны мен әдістерін талдау негізінде, ал екінші жағынан жас мұғалімдердің - жоғарғы педагогикалық оқу орнын бітірген түлектердің жұмыс сапасын талдау негізінде беруге болады деген ой түйдік.

Бізге белгілі жағдай болашақ кәсіптік оқыту мұғалімнің әдістемелік іс-әрекетін талқылау педагогикалық пәндер бойынша бізге тиімді келеді. Олар оқу жоспарымен, оқу бағдарламаларымен анықталады. Оқу жоспарлары оқу пәндері арқылы өз нәтижесін беріп жатады. Осы тұрғыда Ю.К. Васильев [5] өз пікірі мен ақыл-ойын былайша білдіреді: «Студенттердің педагогикалық оқу орнындағы әдістемелік іс-әрекетін, осы уақытта дейінгі пайдаланып жүрген оқу-әдістемелік құжаттары бойынша білуге болады».

Бізге белгілі болғандай оқу-әдістемелік құжаттарға Қазақстан Республикасының жалпыға міндетті білім беру стандарты жатады және ол ең білім берудің қайнар көзі болып саналады [1, б.11]. Білім стандартында кәсіптік оқыту мұғалімінің мынандай іс-әрекет түрлері қарастырылады: білім беру (оқыту, тәрбиелеу, педагогикалық); ұйымдастыру - технологиялық, өндірістік - басқарушылық, жобалау, ғылыми зерттеу. Біз зерттеп отырған болашақ мұғалімнің әдістемелік іс-әрекеті стандарттағы мына үш әрекеттің синтезі болып табылады: білім беру, жобалау және іс-әрекет. 1-суретте көрсетілгендей іс-әрекеттің басқа түрлері берілген іс-әрекетке қатысты көмекші қызметтер атқарады.




**Сурет 1 - Білім беру стандарттындағы іс-әрекеттер мазмұны**

Біздіңше кәсіптік оқыту мұғалімінің әдістемелік іс-әрекетін қалыптастырудың дидактикалық негізіне оның категориялары жатады. Дидактиканың негізгі категорияларына: білім беру, оқыту, сабақ беру, оқу және оқыту қағидаттары, оқыту үдерісі және оның компоненттері, міндеттері, мазмұны, формалары, әдістері, құралдары, оқытудың нәтижесі жатады.

Біздің ойымызша іс-әрекет – оқушылардың әрекет мотивтеріне мотивациялық тұрғыда басшылық жасау нәтижесінде туындайды. Оқушылардың мектепте білім алуы мен жетілуі, дағдыларының дамытылуы оларды шығармашылықпен еңбек етуге үйретеді.

Білімгерлерге іс-әрекеттің бастауын «тал бесік» - тен алу қажет. Бұл жерде «тал бесік» деп отырғанымыз жылдар өткен сайын қанатын кең жайып, озықтарын бүгінге ұқыптап жеткізіп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып жататын қимыл-қозғалыстар. Сонымен біз, жоғарыдағы теориялық мәліметтерді басшылыққа ал отырып, «әдістемелік іс-әрекетті әрекеттің адам санасында мақсатты және белсенді түрде бейнелену үдерісі» болып табылады деп ойлаймыз. Философиялық тұрғыдан қарағанда, әдістемелік іс-әрекет кезінде білім берудің бірнеше айқын түсініктері кездеседі. Білім берудің сыртқы және ішкі мәні, қоршаған орта құбылыстары, сонымен қоса адамның санасында іс-әрекеттердің субъектісі - адамның қызметі болып зерттеледі.

Мектеп жағдайында кәсіптік оқыту сабақтарында оқушылардың іс-әрекетін жетілдіруді зерттеу осы дамуға әсер ететін факторлар жөніндегі иделарды негіздеуге мүмкіндік береді. Бұл факторлар мыналар: оқушылардың сабаққа деген іс-әрекетін қалыптастыру үшін, шығармашылық қабілеттілік қажет. Біздің зертеуімізде шығармашылық ізденісін оқу-танымдық әрекеттетр арқылы беріліп отыр. Оқыту үдерісінде іс-әрекетті қалыптастырудың негізгі бес кезеңге бөлінуі 2-суретте берілді.

| Кезең | Мазмұны |
|---|---|
| I кезең<br>Мұғалімдердің теориялық білімін жетілдіру | Кәсіптік оқыту пәні мұғалімдерінің уақыт талабындағы жеке тұлға тәрбиелеуге бағытталған даярлығын жетілдіру мақсатында кәсіптік оқыту пәні бойынша тәжірибелерді сабақ |
| II кезең<br>Оқушылардағы білім, ептілік, дағдыны жетілдіру | Әлемдік тәжірбиелерін әдіс тәсілдері арқылы оқушылардың теориялық білім, ептілік, дағдыларын жетілдіру. |
| III кезең<br>Оқушылардың танымдық іс-әрекеті | Оқушылардың танымдық іс-әрекетін іздеу, тақырып табу мақсатында кіріспе сайыс - сабақ өткізу. |
| IV кезең<br>Оқушылардың өз бетінше жұмысы | Оқушылардың таңдаған немесе ұсынылған тақырып бойынша жұмыстары: ізденушілік-зерттеу, |
| V кезең<br>Оқыту арқылы әдістемелік іс-әрекетті жетілдіруді жүзеге асыру | Оқушылардың танымдық іс-әрекетін жетілдіру нәтижесін бағалау, түзетулер енгізу, ұсыныстар әзірлеу |

дегі о

Осы тұста өз дәуінде К.Д. Ушинскийдің [6] оқытудың догматикалық әдістері арқылы мектепте жаттауға негізделген оқуды сынағандығын айта кету қажет. Ол оқытушының да, білім алушының да жұмысын, іс-әрекетін шығармашылық үдеріс деп қарастырды. Ал оның негізі – ойдың, ақылдың жұмысы.

Оқу – еңбек және күрделі еңбек болуға тиіс, бірақ оқудың мүддес, терең ақыл-ой жұмысына байланысты болатындай толық мәндегі еңбек болатын болсын деген талап қойды.

**Әдебиеттер**


1.ҚР МЖМБС 5.04.019–2011 «Жоғары білім. Бакалавриат. Негізгі ережелер». - Астана, 2011. 17 б.

2. Коменский Я.А. Избранные педагогические сочинения/ Я.А. Коменский. - В 2-х т. Т.1. -М.: Педагогика, 1982. Содержание, формы и методы нравственного воспитания по Я.А. Коменскому.

3. Бержанов Қ., Мусин С. Педагогика тарихы. Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық. Алматы. Мектеп, 2003.- 228 б.

4. Абдуллина О.А. Общепедагогическая подготовка учителя в системе высшего педагогического образования. – М.: Просвещение, 1984. –208 с.

5. Васильев Ю.К. Нравственное воспитание учащихся в учебной деятельности. - Л., 2003.

6. Ушинский К.Д. Научно - практическое назначение педагогики // Антология педагогической мысли России второй половины XIX - начала XX в.-М.,1990. - С. 44 – 45.

ӘӨЖ 372.8:78

# ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫ

**Смаилова М. С. ҚР мәдениет саласының үздігі, п.ғ.м.**
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті
**Танашев М.С.**
№2 Балалар саз мектебі, домбыра сыныбының педагогы
Шымкент қаласы, Қазақстан

***Резюме***

*В данной статье рассматриваются содержание современного дошкольного музыкального образования и его переориентация на участие во всех основных направлениях развития личности ребенка*

***Summary***

*This article discusses the content of modern preschool music education and its reorientation to participation in all major areas of development of the child's personality.*

XX ғасырдың екінші жартысында электронды ақпарат құралдарының дамуы біздің күнделікті өмірімізде музыкаға қол жеткізу мен оны пайдалануда төңкеріс жасады. Музыка адамдардың көпшілігінің өмірінде, әсіресе жасөспірімдер арасында маңыздырақ болды және әдетте эмоциялар мен көңіл-күйді өзгерту үшін қолданылады.

Қазіргі уақытта музыкалық жаттығулар мидың дыбысты ерте кодтауын жақсартатыны туралы көптеген дәлелдер бар, нәтижесінде тыңдау мен естуді өңдеудің әртүрлі салаларында өнімділік жақсарады. Балалық шақтағы музыкаға белсенді қатысу мида дыбысты өңдеумен байланысты анатомиялық өзгерістерді тудырады. Бұл өзгерістер аз уақыт ішінде болуы мүмкін. Музыкалық дайындықтың көлемі және белгілі бір аспаптарға қойылатын талаптардың сипаты естуді кодтау деңгейіне байланысты. Ми қыртысының сыртқы әсерлерге жауап ретінде қалай ұйымдастырылатыны және оқу процесі неврология зерттеулері барысында анықталған. Ми музыкалық белсенділікке бірден жауап береді, бірақ ми функцияларын қайта құру өте маңызды және ұзақ уақытты қажет етеді. Музыка белсенді түрде араласқанда мидың құрылымы мен қызметіне қатты әсер етеді. Өзгерістер не үйренгенін және оның қалай үйретілгенін көрсетеді және жақсы дамыған қабілеттердің қаншалықты пайдаланылғанына әсер етеді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік-коммуникативтік дамуы үшін музыкалық білімге негізделген білім беру жүйесінің бағдарламасы мен оқу-әдістемелік құралдары бойынша оқу процесінде оның аксиологиялық (яғни құндылық) мәні басымдыққа ие.[3] Бұл рухани-адамгершілікті дамыту мен тәрбиелеуде тұжырымдалған қазіргі ұлттық тәрбие идеалына сәйкес музыкалық өнер материалдары мен құралдарының көмегімен жеке тұлғаның рухани-адамгершілік құндылықтары мен идеалдарын қалыптастыру және дамыту үшін педагогикалық жағдайлар жасайды. Музыкалық білім беру жүйесі мазмұнының аксиологиялық контексі баланың жеке басының рухани-адамгершілік және көркемдік-эстетикалық қалыптасуының музыкалық тәрбиесі процесінде қайшылықты, көбінесе агрессивті қарым-қатынаста қайшылықтарды жеңу факторы болып табылатынын атап өткен жөн.

Бұл контекст музыкалық өнер арқылы бала бойындағы сананың мәдени-тарихи психологиясына жат адамгершілікке жатпайтын және көркемдікке қарсы бейнелер мен идеалдарды басып, оларды ұлттық көркем мәдениеттің озық бейнелері мен мұраттарымен алмастыруға ықпал етуге арналған.

Бағдарламаның мазмұны табиғаттың, фантастикалық кейіпкерлердің, адамдардың, адамдардың таңдамалы музыкалық бейнелеріне мақсатты түрде негізделуі кездейсоқ емес. Орындауға және тыңдауға ұсынылатын музыкалық шығармалардың көркемдік-шығармашылық мазмұны Отанға, Табиғат-Анаға, халқына, өз отбасына деген сүйіспеншілік сияқты адамгершілік құндылықтарды көрсетеді. Тыңдауға, ән айтуға, қарапайым музыка жасауға, музыкаға көшуге арналған өнер туындылары дәстүрлі мәдениетті, адам бейнесі мен мұраттарын және шынайы және ертегі кейіпкерлерінің мейірімділік, даналық, сұлулық, батылдық, адалдық, әділдік, тапқырлық сияқты қасиеттерін қамтиды. , тапқырлық, еңбекқорлық, жанашырлық пен мейірімділік және т.б.

Музыкалық білім беру жүйесінің мәдени-тарихи, этномәдени [2] және ақпараттық-логикалық контексттері танымдық дамуға ықпал етеді. Мәдени-тарихи контекст мұғалімдерге балалардың музыка

мәдениетінің бір бөлігі ретіндегі, музыка өнерінің әртүрлі елдер мен халықтардың тарихымен байланысы туралы алғашқы білімдерін дамыту үшін қосымша білім беру жүйесін енгізуге көмектеседі. Этномәдени контексттің арқасында балалар музыка сабақтарында халық мәдениетінің негіздерімен, халық ойындарымен, фестивальдармен, халық өнерінің алуан түрлерімен, әртүрлі халықтардың және әлемнің басқа елдерінің өмірінің кейбір басқа да аспектілерімен таныса алады. Ақпараттық-логикалық контекст балаларға музыкалық ақпараттың заманауи көздері мен құралдарын, соның ішінде Интернетте білуге көмектеседі.

Қосымша білім беру жүйесі арқылы тұлғаның көркемдік-эстетикалық дамуы оның көркемдік-эстетикалық контекстін қамтамасыз етеді. Ол музыканың өнердің басқа түрлерімен және жалпы көркем мәдениетпен байланысын ашудан, балалардың өнердегі және өмірдегі әсемдік туралы түсініктерін, эстетикалық қажеттіліктерін, қызығушылықтары мен талғамдарын қалыптастыру үшін музыка сабағына бағыттаудан тұрады. Көркем-эстетикалық дамудың тиімділігін арттыру үшін мектеп жасына дейінгі балалар «Музыка әлемінде» жүйелік-белсенділік тәсілін қолдануға үлес қосады. Бұл жүйеде хормен ән айту, шу мен оркестр ұжымында қарапайым халық музыкалық аспаптарында ойнау, музыкалық-театрлық іс-шаралар, табиғат бейнелеріне негізделген ырғақты және пластикалық импровизация, ертегілер және т. музыкалық сауаттылық негіздерімен таныстыру[4].

Музыкалық білім 3-7 жас аралығындағы балалардың физикалық дамуына ықпал етеді [1]. Ол психосоматикалық аурулардың алдын алу мақсатында қалыпты мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс істеуге мамандармен бейімделген тыныс алу, дыбыс, вокалдық арт-терапия, ойын терапиясы, халық терапиясы және т.б түрлі жаттығулар мен тапсырмаларды қамтиды. Музыкаға ырғақты-пластикалық импровизация үйлестіру мен икемділікті дамытуға көмектеседі, дененің бұлшықет және сүйек жүйелерінің дұрыс қалыптасуына ықпал етеді, тепе-теңдікті дамытады, музыкалық аспаптарда ойнау қолдың ұсақ моторикасын дамытуға көмектеседі. Сондай-ақ балалардың физикалық дамуы музыкалық әлемде қарастырылған құралдардың көмегімен, музыкаға қимыл-қозғалыспен (жүру, жүгіру, секіру, бұрылу, т.б.), әнмен, бимен және т.б. Музыкаға көшу үшін музыкалық-хореографиялық және музыкалық импровизациялар, еліктеу дыбыстары, сондай-ақ біріктірілген музыкалық және бейнелеу өнері әртүрлі көру-есту және пластикалық бейнелер ұсынылады. Мысалы, көрнекі және есту бейнелері: сылдырлаған ағыс, сыбдырлаған жапырақтар, ысқырған жел, шашыраған толқын, баладай жылаған дауыл, т.б.

Қазіргі уақытта бірқатар зерттеулер музыкалық оқу мен кеңістіктік қабілет арасындағы байланысты зерттеді. Кейбіреулер кеңістіктік пайымдауды музыкалық жаттығулар арқылы жақсартуға болады деп санайды, өйткені нотаның өзі кеңістіктік, ноталар белгілі бір биіктіктер сызықтар мен кеңістіктер қатарындағы нақты орнымен белгіленеді [5], [6]. Басқалары музыка мен кеңістікті өңдеуге қатысатын ми аймақтарының жақындығы трансферттік әсерлерге жауапты болуы мүмкін деп санайды. Л. Хетланд жүргізген 15 эксперименттік зерттеулердің мета-талдауы музыкалық жаттығулардың кейбір кеңістіктік тапсырмалардағы өнімділікті жақсартатынын көрсетті, бірақ стандартты Raven прогрессивті матрицаларында емес, кейбір көрнекі-кеңістіктік элементтері бар вербалды емес ойлау сынағы. Хетланд сонымен қатар музыканы үйрену мен кеңістіктік нәтижелер арасындағы байланысты тексеретін зерттеулердің нәтижелері туралы хабарлады: 13 зерттеудің бесеуі музыканы үйрену мен кеңістіктік нәтижелер арасындағы оң байланыс екенін айтқан, ал сегізінде теріс, нөлдік немесе аралас нәтижелер болды.

Дамудағы осы жақсы нәтижелердің барлығы сауатты музыкалық білім беру қажеттілігін көрсетеді. Мұғалімдер мен ата-аналар баланың бейімділігі мен қабілетіне қарай музыканың бір бағытын таңдауы керек. Музыка мен тіл арасындағы параллельдер музыкалық жаттығулар ауызша дағдыларды нығайта алады деген гипотезаны қолдау үшін пайдаланылды. Музыка да, жазба тіл де солдан оңға қарай оқылатын ресми белгілерді қамтиды; ноталық жазба дыбыс (диапазон, гармония, әуен) және уақыт (ритм, метр) туралы ақпаратты бейнелейтін таңбалардан тұрады, ал музыканы да, сөйлеуді де тыңдау тез өзгеретін акустикалық оқиғалардың уақытша тәртібіне назар аударуды талап етеді.[7]

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, біз келесі қорытындыларды жасай аламыз: қазіргі жағдайда мектепке дейінгі музыкалық білім берудің біржақты (көркемдік-эстетикалық) бағыттылығынан және оны бала тұлғасын дамытудың барлық негізгі бағыттарына қатысуға қайта бағдарлау қажет етеді; қазіргі заманғы мектепке дейінгі музыкалық білім беру мазмұны музыканың мәдениетпен, тарихпен, мәдениетаралық коммуникациямен, заманауи ақпараттық және компьютерлік денсаулық сақтау технологияларымен, тұлғаны дамытудың басқа да бағыттары мен құралдарымен байланысын аша отырып, өзара байланысты бірнеше контексте дамуы керек.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**
1. Т.И. Бакланова, Емдейтін музыка (Хантымансийск, 2004)
2. Т.И. Бакланова, Халық орындаушыларының музыкалық мұрасы: сабақтастық мәселесіне (БГИК, Белгород, 2011)
3. Бақланова Т.И. Материалдарды қалыптастырудағы инновациялық қызмет (МАНПО, Мәскеу – Пушкино, 2010)
4. Т.И. Бақланова, Г.П. Новикова, Музыкалық әлем (IROT, Мәскеу, 201)
5. Хетланд Л. 2000) Музыканы үйрену кеңістіктік ойлауды жақсартады. J Aestet Educ 34: 179–238.
6. Раушер Ф.Х., Зупан М.А. (2000) Сыныпта пернетақтаны оқыту мектеп жасына дейінгі балалардың кеңістік-уақыттық көрсеткіштерін жақсартады: далалық эксперимент. Ерте жастағы балалар сұрақтары 15:215–228.
7. Foxton JM, Talcott JB, Witton C, Brace H, McIntyre F, Griffiths TD (2003) Оқу дағдылары акустикалық үлгілерді жергілікті емес, ғаламдық қабылдаумен байланысты. Nat Neurosci 6: 343–344.

ӘОЖ (16.03.031)

## ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ МУЗЫКА-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

**Исабекова Г.Т. магистр оқытушы**
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент қ.

***Резюме***

*В данной статье рассматривается музыкально-педагогические технологии в инклюзивном образовании и урок музыки является эффективным и действенным средством коррекционной работы в инклюзивном классе, способствующим развитию положительного состояния ребенка с ограниченными возможностями здоровья*

***Summaru***

*The relevance of the study is due to the increased attention to the individual characteristics of students in modern society. Such features include health disorders and malformations of children. The main direction of inclusive education is the unconditional right of every child to education aimed at effective development and implemented through co-education with peers, a music lesson allows every child to discover and express himself regardless of health status, learn to understand and love music, actively participate in activities, overcoming deviations in physical and emotional state.*

Қазіргі педагогиканың ғылым мен практика ретіндегі өзекті мәселелерінің қатарында инклюзивті білім беруді оңтайлы ұйымдастыру проблемасы бар екені сөзсіз. "Инклюзивті" ұғымы (лат. include-қорытындылаймын, қосамын) ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды жалпы үлгідегі оқу орындарының мәдени және білім беру кеңістігіне қосуды көздейді. Инклюзия-бұл күрделі және көп компонентті процесс, ол мүмкіндігі шектеулі бар адамдармен отбасылық-тұрмыстық, қоғамдық-тәрбиелік, әлеуметтік-бейімделу және кәсіби бағдарлауға қатысты мәселелерді қозғайды, оған музыкалық шығармашылық кіреді. Музыкалық білім беру педагогикасы осы кезеңде инклюзивті тәсілдерді тиімді жүзеге асырудың объективті және дәйекті түрде хаттамаланған тәжірибесіне негізделген өте қарапайым зерттеулерге ие, ал кәсіби музыкалық білім беруде бұл зерттеулер мүлдем жоқ.

Сонымен қатар, қазіргі заманғы мәліметтерге сәйкес, ОПП-мен ауыратын адамдардың саны білім алушылардың жалпы санының шамамен 10% құрайды (оның ішінде музыка саласында) және олардың саны үнемі артып келеді, бұл тұқым қуалайтын ауытқуларға, өмір сүру дағдысының өзгеруіне байланысты психологиялық жүктемелердің күшеюіне, экологиялық және әлеуметтік-экономикалық факторларға байланысты. Білім берудің инклюзивті нысандарын енгізу бүгінде қоғамдық өмірдің көптеген салаларында болып жатқан нәсілдік, діни, гендерлік, жас ерекшелігіне немесе денсаулық жағдайына байланысты мүмкіндіктері тең емес адамдарды бөлетін шекаралар мен кедергілерді жою аясында жүзеге асырылады. Осы әлеуметтік-гуманитарлық міндеттерді іске асырудағы маңызды фактор ғылыми негізделген әдістер мен технологияларды әзірлейтін және практикада іске асыратын ғылыми-әдіснамалық орталықтарды ұйымдастыру және ерекше қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған практикалық ұсыныстарды қалыптастыру болып табылады. Микроклимат, оның психофизикалық проблемаларын ескере отырып, жеке кәсіптік даму процесінде әрбірлік білімнің

ашуды көздейтінін ерекше, арнайы құрылған әлеуметтік психология-педагогикалық орта. Инклюзивті білім берудің ғылыми-практикалық мәселелері саласында музыкалық-білім беру инклюзиясының тақырыбы, яғни ауытқуы бар білім алушыларды кәсіптік және кәсіптік музыкалық даярлау процесінде инклюзивті музыкалық оқыту, тәрбиелеу және әлеуметтік бейімделу аз зерттелген. Ауытқуы бар адамдар үшін инклюзия - бұл құрдастарымен бір ортада болу мүмкіндігі, бұл білім алу және оларды әлеуметтік өмір мен еңбек қызметіне тең қатысатын мамандық алу мүмкіндігі. Ауытқуы бар адамдарды жалпы типтегі оқу орындарына ресми қабылдау тиімсіз, өйткені олардың едәуір бөлігі жалпы стандартты бағдарламаларға дайын емес және көбінесе оқу процесінен тыс болады. Осылайша, қоғамдық және білім беру құрылымдарының сәтті инклюзивті музыкалық білім беру жүйесіне сұранысы мен осы процестің нақты құрылған және сыналған педагогикалық моделінің болмауы арасында өткір қайшылық бар. Ауытқуы бар адамдардың білімі көбінесе музыкалық инклюзияның әр қатысушысының жеке психофизикалық деректерін ескере отырып, оны модернизациялаудың орнына күрделі контингентті жалпы жүйеге бейімдеу әдісімен өздігінен жүреді. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, зерттеудің негізгі проблемасын сұрақ түрінде көрсетуге болады: инклюзия жағдайында музыкалық-білім беру процесінің тиімді педагогикалық моделін құрудың ғылыми, эмпирикалық, мәдени және тарихи алғышарттары мен шарттары қандай және біз мұндай модельді құрудың жолдарын көреміз.

Батыс Еуропа мен АҚШ елдеріндегі жалпы үлгідегі білім беру мекемелерінің сәрсенбісінде "ерекше" оқушыларды белсенді қабылдау XX ғасырдың 40-жылдарының соңында басталды. Инклюзивті білім берудің теориялық тұжырымдамасы 1994 жылы Саламанкада "оқуда қиындықтары бар балаларға білім беруге арналған Дүниежүзілік конференцияда" баяндалған және Дакардағы (2000) "Барлығына арналған дүниежүзілік білім беру конгресінде" расталған. Осы халықаралық форумдардың шешімдеріне сәйкес инклюзия субъектілеріне денсаулық мүмкіндіктері шектеулі адамдар, сондай-ақ балалар үйінің тәрбиеленушілері, табиғи апаттар мен соғыс қимылдарының құрбандары, оқыту жүзеге асырылатын тілге байланысты елеулі кедергілерді сезінетін шетелдіктер кіре бастады. Инклюзия теориясындағы осы санаттардың өкілдері "ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар" (мүмкіндігі шектеулі) деп атала бастады. Жекелеген мемлекеттер шеңберінде қабылданатын осы Ережелер мен заңнамалық актілерге сүйене отырып, бірқатар елдердің педагогикалық қоғамдастығы білім беруде алға қойылған идеяларды жүзеге асырады және көп жағдайда бұл айтарлықтай жетістікпен, соның ішінде музыкалық өнерді оқыту саласында да жүреді.

Көрнекті философтар мен ғылым мен мәдениеттің қайраткерлері музыканың адам өміріндегі рөлі туралы және "дыбыс өнері" тек қолөнер емес екендігі туралы бірнеше рет айтқан. Бұл көбінесе жеке тұлғаны қалыптастыру мектебі, психомоторлық және моторлық функцияларды ұйымдастыратын, интеллекттің белсенді дамуына, сондай-ақ адамның терең шоғырланған іс-әрекетке қабілеттілігіне қызмет ететін кәсіп. Музыканың адамға әсері психологияда, физиологияда және медицинада зерттелген. Бұл салада отандық ғалымдар да зерттеу жүргізді. В. М. Бехтерев, И. М. Догиль, И.М.Сеченов, А.В. Торопова, С.В. Шушаржан және т. б. Балалар мен жасөспірімдерді музыкамен таныстыру мәселесіне философтар, педагогтар, мәдениет және өнер қайраткерлері, шетелде де Я. А. Коменский, К.Орф, М. Монтессори, Ш.Сузуки және Ресейде К. Д. Ушинский, А.Г. Макаренко, И.С.Белик, Т.Б.Юдовина - Галперина, сонымен бірге кәсіптік оқу орындарында мүмкіндігі шектеулі бар адамдарды даярлау проблемаларына аз көңіл бөледі. Біз өкінішпен айтамын мәселе, бүгін, XXI ғасырдың екінші онжылдығында тұрақты нәтиже беретін инклюзивті кәсіби музыкалық білім берудің әдіснамалық негізделген жүйесі жоқ. Сонымен қатар, бұл білім беру процесіне "қосылу" және бірқатар танымал музыканттардың кәсіби дайындығы (мүмкіндігі шектеулі) санатына жататынына қарамастан, олардың табысты өмірлік перспективасын анықтайтын шарт болды. Бұл фактілер Музыкалық білім берудегі инклюзияның орындылығын көрсетеді және сонымен бірге "дәстүрлі" білім беру жүйесінің ауытқуы бар адамдарды тәрбиелеуге, оқытуға, кәсіптік даярлауға және әлеуметтендіруге байланысты мәселелерді шешуге дайын еместігін көрсетеді. Ресейдегі "ерекше білім беру қажеттіліктері" ұғымын түсіндіру Н.М. Назаровтың ғылымына енгізілді, Е.Л.Гончаров және О.И. Кукушкин. Инклюзия ұғымын түсіну жолындағы елеулі қадам денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту тәжірибесі болып табылады Н.Н. Малофеев. Инклюзияның маңызды әдіснамалық негіздерінің бірі А.А. Ухтомскийдің "доминант туралы" тұжырымдамасы деп санауға болады, ол қолайсыз психологиялық жағдайларға қорғаныс реакциясы ретінде адамның белсенді әрекетін білдіреді.

Ресей ғалымдарының қазіргі еңбектері С.В. Алехина және Т.В.Фуряева инклюзивті процестердің генезисі мен әдіснамасын талдауды қамтиды; С.А. Расчетина (ауытқуы) бар адамдардың мәдени және білім беру құндылықтарынан әлеуметтік иеліктен шығару тақырыбын көтереді. Инклюзияның музыкалық-педагогикалық дамуына И.С.Белик ("Саңырауға қарсы Музыка") және т. б.

Юдовина-Гальперина ("мен балалар мұғалімімін"), "күрделі" балалардың музыкалық біліміне арналған психосоматикалық бейіні бар балаларды оңалтуда оқытушы-музыканттың жұмыс тәжірибесі А.В. ғылыми еңбектерінде көрсетілген. Денсаулық шектеулерімен байланысты жеке психологиялық тапшылықтарды анықтау негізінде осы мәселені шешу мүмкіндігі қарастырылады. Бұл тәсіл саладағы инклюзияны түсіндіруге ықпал етеді. Басқа дәлелдермен қатар, бұл жол білім беру маршруттарын дараландыруды, білім алушыларды психологиялық-педагогикалық саралауды қарастыруға ықпал етеді және инклюзивті білім беру мәселелерін шешуге мүмкіндік беретін технологияларды іздеуге әкеледі.

Зерттеудің өзектілігі қазіргі қоғамда білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне назар аударудың артуына байланысты. Мұндай ерекшеліктерге балалардың денсаулығының бұзылуы және дамуындағы ақаулар жатады. Инклюзивті білім берудің негізгі бағыты-әр баланың тиімді дамуына бағытталған және құрдастарымен бірлесіп оқыту арқылы жүзеге асырылатын білім алуға сөзсіз құқығы.

Музыка сабағы осындай бірлескен оқытудың ерекше перспективаларын ашады, өйткені ежелгі заманнан бері музыкалық өнердің адамға, оның ішінде оның физикалық және психикалық жағдайына пайдалы әсері белгілі. Сонымен бірге, музыка мұғалімдерінің көпшілігі инклюзивті білім беру процесінде жұмыс істеуге дайын емес – дені сау балалар мен мүмкіндігі шектеулі балалардың бірлескен іс-әрекетін ұйымдастырудың тәсілдерін білмейді, жеткілікті әдістемелік және психологиялық-педагогикалық дайындыққа ие емес. Осылайша, музыка сабағы әр баланың денсаулығына қарамастан өзін ашуға және көрсетуге, музыканы түсінуге және сүюге үйренуге, физикалық және эмоционалдық күйдегі ауытқуларды жеңе отырып, іс-шараларына белсенді қатысуға мүмкіндік береді. Музыка сабағы мүмкіндігі шектеулі баланың оң психоэмоциналды жағдайын дамытуға ықпал ететін инклюзивті сыныпта түзету жұмыстарының тиімді құралы болып табылады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1.Дюжева Е.И. Музыка сабақтарында инклюзивті білім беру. [Электрондық ресурс].
2. Королькова Е.А. Музыкалық сабақ мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі түзету дамуының құралы ретінде // Инновациялық педагогикалық технологиялар: IV халықаралық материалдар. ғылыми. конф. - Қазан: Бук, 2016. — Б. 87-90.
3. Мүмкіндігі шектеулі балаларға музыка үйрету: әдістемелік материалдар жинағы./ Құрастырушы: Т.В.Васильева [Электрондық ресурс].

ӘОЖ 78.087.68

## МУЗЫКА САБАҒЫНДА ӘНДІ ДҰРЫС АЙТУДЫ ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕРІ

**Балабекова А.А.**
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

***Резюме***
*В статье рассматриваются методы обучения правильному пению на уроках музыки.*

***Summary***
*The article discusses the methods of teaching proper singing in music lessons.*

Баланы ән айтуға үйреткенде ең бірінші дұрыс отыруына, бастың тұлғасын дұрыс ұстануына, ауыз қуысының дұрыс ашылуына көңіл бөлу керек. Дұрыс отыру қалпын сақтасақ, балалардың дем алу диафрагмасы дамиды. Ән айтқанда ерінді сәл жымия ұстану керек. Әнді жаттау кезеңінде отырғызып жаттаған дұрыс. Басты тік ұстап, мойнын созбай еш кедергісіз отырғызу. Вокалды қойылым бұл ашық, таза, еш кедергісіз, мәнерлі ән орындау үшін, дұрыс қалыпты сақтау.

Балалар өзіндік жоғары, ашық дауыспен ән шырқайды. Әнді айғайсыз, қысылмай орындауы керек. Дұрыс дыбыс шығару үшін дауыс аппаратымен өте нақты жұмыс жасалуы тиіс. Олар: астыңғы жақ пен ерін, жұмсақ кішкене тіл. Әр балаға өзінің қалыпты ашық дауысымен ән орындап, айғайсыз, соза ән орындауға үйрету. Ән айту кезінде астыңғы жақты түсіріп, ауызды толық ашу керек. Дыбыстың дұрыс шығуына кішкентай тілдің жұмсақ төбесі көмектеседі.

Ерінмен жаттығу (еріннің үстін және астын тістеу,ерінді алға бүрістіру, көңілді кейіпке ену, астыңғы ерінді түсіру - көңілсіз кейіпке ену т.б. Артикуляциялық жаттығулар балаларға өте қызықты және түсінікті. Артикуляциялық жаттығулардан соң, интонация-фонетикалық жаттығуларды орындаймыз. Бұл жаттығу әсіресе, балалардың тіл шорқақтығын жойып, дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айта алуына көмектеседі. Дауысты дыбыстарды әндеткенде келесі дауысты дыбысқа кедергісіз, жайлы әндете қосылуы тиіс (уууаааооо). Сонымен қатар (у) жиі қолданылуы тиіс.

Дикция – бұл берілген шығарманың әрбір сөзінің анық, мәнерлі дыбысталуы. Ән орындауда бұл үлкен орын алады. Сөйлеу тілімен ән айтудағы дикцияның айырмасы өте зор. Дикцияның дұрыс болуы үшін, қысқа, ұзақ дыбысталу ән қайырымдарын орындаймыз. Көптеген ғалымдар әннің әрбір сөзінің әуенге үйлесімді, дұрыс орындалуында дикцияның орны ерекше екенін атап өткен.

Әнді дұрыс дикциямен орындауда әр халықтың өзіне тән тілдегі заңдылықтары да ескеріледі. Олар: екпінді дұрыс қою, орфоэпия (дауысты, дауыссыз дыбыстардың айтылуы) және ойдың тиянақтылығын жеткізе білу ерекшеліктері.

Музыкалық сабақтарда дем алу жаттығулары жүргізілмейді. Дем алу ән айту кезінде қалыптасады. Дем алу ән айтардың алдында жүргізіледі және музыкалық шумақтан кейін жүргізіледі. Сөз ортасында дем алу

Әрбір адамның есту сезімінен басқа, музыкалық қабілеттің болуы міндетті. Музыкалық есту қабілеті, ол әр дыбысты дұрыс қабылдау, жоғары, төмен дыбыстарды ажыратуы, естуі, әуенді есте сақтауы. Музыкалық есту қабілетін сақтау және дамыту керек.

Вокалдық жаттығулардың түрлері жеңіл, түсінікті, әрі қысқа болуы керек (га-га, ду-ду, ко-ко, ля-ля) буындармен аяқталуы өте маңызды. Интонация тазалығын дамыту үшін ең алдымен баланың жас ерекшелігіне сай дем алуға оңай, баланың дауыс диапазонына лайық ән таңдалып алынады.

Балалардың музыкалық қабілетін дамытуда ән орындау ерекше орын алады. Балалардың музыкалық тәрбиесін дамытушы құрал – ән орындау. Ән орындау балалардың жанына жақын, әрі тиімді. Әнді қабылдаудың тиімді жолы шапалақпен, саусақ басын тигізіп, тізені соғып, аяқ топылдатып әуеннің ырғағын соғу тиімді деп тұжырымдаған. Вокалды ән орындауда кеңінен пайдаланатын әдістердің бірі «Іштей әндету». Бұл әдіс балалардың әуенді іштей сезініп, зейінін тұрақтандыруға көмектеседі. Сондықтан, әр мұғалім ұлттық ән орындау ерекшеліктерін ескере отырып, балалардың дауысымен есту қабілеттерін дамытуға арналған қысқа ән жаттығуларын топтастыруы қажет. Ән орындау арқылы балалар ішкі ой-күйзелісіне түсіп, әннің әуеніне сай, қиялы, сезімі дамиды. Әнді орындаушыдан әннің әуенін естігеннен гөрі, дауыс әуенін естіген өте тиімді. Балалар бірден дауыс әуенінен әнді қабылдап, ой түйсігінде сақтайды.

Адамның дауыс құралы өзінше бір күрделі жүйе. Дем алу жолдары – дауыс құралының бір бөлшегі болып табылады. Олар өкпе, дауыс дірілін көрсететін дауыс шымылдығы, жақтың ашылу, жабылу бұлшық еттері, барлық дауыс шығару құралдары бір-бірімен өте тығыз байланысты. Ән орындау кезінде осы аталған дауыс құралдары жұмыс жасап тұрады. Баланың дауыс құралдары, ересек адамдарға қарағанда, әлдеқайда нәзік және үнемі даму үстінде болады. Сондықтан, үнемі әдемі, нәзік бала дауысына қорғаныш керек. Осыған орай, мектепке дейінгі балаларды вокалды ән орындау ерекшеліктеріне үйретіп, қазіргі заман талабына сай, дауысы ашық, кішкентай жұлдызшаларды музыкалық тәрбиеге баулу [1].

Ән айту саласында бірінші сынып балаларының мүмкіншіліктері осыған дейінгі дайындықтарына байланысты. Олардың дауыс диапазоны 2-3 дыбыстардан, немесе бірінші октаваның көлемінде болуы мүмкін. Сонымен қатар, бұл жастағы балалардың дауыс аппараты қалыптаспаған, нәзік болады. 7 жастағы балалардың жұмыс диапазоны 1-ші октаваның «ре-ля» дыбыстарының аралығы, оны әрі қарай кеңейтуде біртіндеп, 1октаваның «си», 2-ші октаваның «до», «ре» дыбыстарын қосамыз. 1-ші октаваның «до» дыбысын орындау бірінші сынып балаларына қиындық тудырады. Өйткені, «до» дыбысын орындауда балалардың дауыстарына күш түседі. Бұл жастағы балалардың дауысының үні жеңіл, ашық, таза болады.

1-сынып балаларына шығармашылық саласындағы мүмкіншіліктерін атауға болады. Арнайы зерттеулер мен тәжірибелерге сүйенсек, бұл жастағы балалар шығармашылық тапсырмалармен қызыға айналысады. Олар музыкалық аспаптарда ырғақтық және әуендік импровизациялар жасайды, музыкаға әуен шығарады.

1 және 2-сыныптардың оқушыларының мінез-құлықтарында, түсініктерінде ортақ ұқсастықтар болғанымен (олар ойындар арқылы музыкалық материалдарды жақсы қабылдайды, есте сақтау қабілеттері дамыған, қиялшыл болып келеді), соның өзінде олардың арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар. Ең әуелі 2-сынып баласы «тәжірибелі» оқушы. Өйткені ол мектептің тәртібіне, сабақтарда қойылатын талаптарға үйренген, оның зейіні тұрақталған болып келеді. 1- сынып баласына

қарағанда 2-сынып баласының абстрактылы ойлау қабілеті дамыған, өзінің қабылдаған фактілерде, жайларды талдап, қорыта алады. Берілген тапсырмамен, материалмен қызыға айналысып, күрделі қиындықтарды жеңе біледі. Олардың жалпы ақыл-ойларының музыкалық ой-өрістерінің дамуына, кеңеюіне басқа сабақтардан алған дағдылары да себебін тигізеді.

2-сынып баласының музыкалық дамуы тек айналасындағы қоршаған ортаға (жанұяға) ғана емес, сонымен қатар 1-сыныптағы сапалы, әрі пайдалы өткен музыка сабақтарына да байланысты болады.

3 - ші сынып оқушысы алдыңғы сынып балаларына қарағанда әлдейқайда қалыптасқан оқушы. Бұл сынып балаларының дене құрылысы күштірек, қуаттырақ болып келеді. Балалардың денесінің жылдам өсуі, олардың үздіксіз қозғалыста болуына әсерін тигізіп, бұл жастағы балалар тынымсыз болады. Ақыл-ойларының дамуы бірінші, екінші сыныптың балаларына қарағанда әлдеқайда жоғары. Олар абстрактылы ойлауға бейімделген. Олардың назарлары мен есте сақтау қабілеттері еркін болады.

4-сынып оқушыларының ақыл-ойының, музыкалық ой-өрісінің кеңеюіне байланысты, олармен музыка жайында әңгімелесіп, сұрақтарға жауцап алуда білімдерін, музыкалық қабілеттерінің дәрежесін білуге болады. Бұл жастағы бала еркін қысылмай өз - ойын, пікірін айта алады. 4-сыныптағы ән репертуарының тақырыптарының мазмұны күрделеніп, әндерінде әртүрлі ырғақтар, ұзақтықтар пайда болады. Бұл жастағы балаларға екі дауысты вокалды - хор жаттығулары мен әндерді еркін үйретуге болады, себебі олар оны сапалы түрде, өздерінің музыкалық есту қабілеттеріне сүйене отырып қабылдайды және олардың есте сақтау қабілеттерінің жүйрік болуына байланысты естерінде ұзақ сақтайды. Балалар ән айтуда әннің мазмұнын, ойын дұрыс түсініп, оны мәнерлеп орындауға көп көңіл бөледі. Кез-келген мұғалімнің берген тапсырмаларын уақтылы орындауға үлкен жауапкершілікпен қарайды. Бұл жастағы балалар өздерінің қалаған үйірмесіне өз еріктерімен қатысады. Олардың табиғатында мектептегі жүргізілетін тәрбиелік іс-шаралардың барлық түрлеріне белсенді қатысады, ұмтылыстары бар болады. Мінеки, бұл жастағы оқушылармен жұмыс жасау қызықты, әрі мұғалімнің жақсы дайындығын қажет етеді. Оқушылардың осындай ұмтылыстарын, белсенді бағалай отырып, оларға дұрыс бағыт сілтеп, музыка сабағында олардың осы қасиеттерін әрі қарай жандандыра түсу мұғалімнің парызы.

Музыка пәні мұғалімі осы ұсынылып отырған мақсаттар мен міндеттерді іс- жүзінде іске асыруы үшін өзінің музыкалы - педагогикалық шеберлігін, музыка пәнін оқытудағы әдіс - тәсілдерін, іскерлігін, білімін әрдайым ғылыми - әдістемелік, музыкалы - орындаушылық, шығармашылық ізденіспен толықтырып, әрі жетілдіріп отыруы тиіс [2].

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. https://mail.kz/kz/news/interesting/vokaldyk-en-aitu-kabiletin-zhetildiru
2. https://dereksiz.org/tankeshova-f-s-primkulova-sh-n-afabekova-s-s.html


УДК 786.2;

## ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ МУЗЫКАЛЬНОЙ ОТЗЫВЧИВОСТИ УЧАЩИХСЯ МЛАДШИХ КЛАССОВ НА ЗАНЯТИЯХ ДЕТСКОГО ХОРОВОГО КОЛЛЕКТИВА


**Сыдыкова Р.Ш. д.п.н.**
Южно-Казахстанский педагогический университет им. У.Жанибекова,
**Тобагабылова А.Ж.** магистр педагогических наук,
Международный казахско-турецкий университет им. Х.А.Ясави,
**Досбаганбетова А.Т.** магистр педагогических наук,
Южно-Казахстанский педагогический университет им. У.Жанибекова



***Түйін***

*Әлеуметтік-мәдени және білім беру кеңістігіндегі қоғам дамуының қазіргі кезеңі жас ұрпақты рухани-адамгершілікке тәрбиелеумен байланысты мәселелерді белсендіреді. Сондықтан қазіргі заманғы жалпы білім беретін мектептердегі тәрбие жұмысы білім берудің мәдени-шығармашылық парадигмасы тұрғысынан музыкалық сезімталдылықтың терең мотивацияларын іске асыруды қамтамасыз ететін барлық өмірлік көзқарастардың, дүниетанымдардың, әлем туралы түсініктерін, дүниетанымдардың құндылық өзгерістерін оқыту призмасы арқылы тұлғаның рухани-адамгершілік дамуын дамытуға бағытталуы керек. Шынында да, тәрбиенің жаһандық мақсаты -*

*жауапты шешім қабылдауға қабілетті және шығармашылықпен ойлауға қабілетті, білім мен рухани құндылықтарды иемдену әлемінде еркін бағдарланған, басқаларға жанашырлық пен көмек көрсетуге қабілетті еркін тұлға. Осыған байланысты адамның жеке басын және оның эмоционалды дамуын қалыптастырудағы эмоционалды-адамгершілік және музыкалық жауаптылықтың рөлін зерттеу мәселесі қазіргі уақытта өзекті болып табылады. Отандық педагогика ғылымындағы білім берудің жаңа парадигмасы контекстінде білім беру мазмұнын, білім беру - тәрбие процесін жаңартуда ізгілендіру және демократияландыру талаптарына байланысты балалардың эмоционалды даму мәселелері, сондай-ақ өскелең ұрпақты тәрбиелеуді және оның ішінде эстетикалық тәрбиелеуді сапалы жетілдіру зерттеледі. Бұл өзгерістер жалпы музыкалық білім беруді жаңғыртуға ықпал етеді (көркемдік-білім беру орталықтары, оның ішінде мамандандырылған музыкалық мектептер) кәсіби сапаны үнемі арттыруды, оның өмірінің мазмұны мен ұйымдастырушылық формаларын жаңартуды талап етеді.*

***Summary***

*The current stage of development of society in the socio-cultural and educational space activates problems associated with the spiritual and moral education of the younger generation. Therefore, educational work in modern secondary schools should be focused on the development of spiritual and moral development of the individual, through the prism of knowledge of value transformations of all life attitudes, worldviews, worldviews, worldviews, ensuring the implementation of deep motivations of musical responsiveness from the position of the cultural creative paradigm of education. Indeed, the global goal of education is a free personality, able to make responsible decisions and capable of thinking creatively, freely navigating the world of knowledge and appropriation of spiritual values, capable of empathy and helping others. In this regard, the problem of studying the role of emotional, moral and musical responsiveness in the formation of a person's personality and his emotional development is currently relevant. In the context of the new paradigm of education in domestic pedagogical science, issues of the emotional development of children are studied related to the requirements of humanization and democratization in updating the content of education, the educational process, as well as the qualitative improvement of education and, in particular, the aesthetic education of the younger generation. These changes contribute to the modernization of general music education (art and educational centers, including specialized music schools) requiring constant improvement of professional quality, updating the content and organizational forms of its life.*

Современный этап развития общества в социокультурно-образовательном пространстве активизирует проблемы, связанные с духовно-нравственным воспитанием подрастающего поколения. Воспитательная работа общеобразовательной школы должна быть целенаправленна на формирование духовно-нравственного развития личности, которая, меняя характер взаимоотношений человека через трансформацию всех жизненных установок, миропонимания, обеспечивает интериоризацию эмоционально-нравственных ценностей и их реализацию в поступках и жизнедеятельности человека.

В своем послании Глава государства поделился своими соображениями по решению актуальных проблем отечественной системы образования и науки. Задача педагогов и, конечно, родителей – воспитание достойных граждан нашей страны. Достойный гражданин – это человек, обладающий суммой необходимых знаний, которые будут использованы на благо нашего Отечества. Достойный гражданин – это патриот Казахстана. Другой Родины у нас нет! Мы должны опираться на юное, подрастающее поколение, чтобы передать им в руки судьбу нашего государства, – сказал Касым-Жомарт Токаев [1].

В связи с чем, важнейшим компонентом воспитательной работы школы выступает развитие эмоционально-нравственной отзывчивости личности, определяющей содержание и логику индивидуального поведения, направленного на утверждение высоких идеалов гуманности, красоты и добра, внимательного и чуткого отношения к другому человеку.

Проблемой развития эмоционально-нравственной отзывчивости занимались ученые философы, психологи и педагоги: В.А. Сухомлинский, Т. Рибо, А. Кунанбаев, И.Г. Песталоцци, К. Роджерс, А.А.Калыбекова, подчеркивают серьезность развития сферы эмоций младшего школьника в аспекте проявления внимательности, добросердечия и доброжелательности, на которую, несомненно, влияет адекватное эмоциональное состояние социальной среды.

Ученые современности объясняют первостепенное значение эмоциональных переживаний учащегося в актуализации закономерностей многофункциональности активности личности, а также в формировании мировоззренческих и духовно-нравственных установок модели гуманного поведения (Д.И. Фельдштейн, Ю.П. Азаров, Ш.А. Амонашвили, Л.И. Божович, Ж.И.Намазбаева и др.).

Сфера гуманных чувств личности в младшем школьном возрасте, в работах О.С. Богдановой, Б.И. Додонова, Г.Т. Мусабековой рассматривается сквозь призму интеграции музыкальных знаний в процесс формирования ценностных духовно-нравственных и личностных качеств, таким как нравственность, эмоционально-нравственная отзывчивость.

В целом, применительно к художественно-педагогическому образованию труды Болдырева И.П., Балтабаева М.Х., Джердималиевой Р.Р., Р.К.Дюсенбинова и др. посвящены изучению проблем нравственного воспитания младших школьников и мнения ученых едины в том, что формирование эмоционально-нравственной отзывчивости у школьников младшего возраста должно опираться на накопление художественно-аналитического опыта восприятия произведений искусства и на освоение классических образцов, эталонов художественного творчества.

Взаимосвязь и взаимозависимость прогрессивных трансформаций индивида и музыкально-эмоционального развития, а также значение музыки в эстетическом, интеллектуальном и нравственном развитии ребенка обоснована исследователями в сфере педагогики, психологии, музыковедения, теории и практики музыкального воспитания (Л.С. Выготский, Б.М. Теплов, Б.В. Асафьев, Р.Ш.Сыдыкова, Л.Ш.Какимова и др.). Мнения ученых едины в том, что формирование эмоциональной отзывчивости средствами музыки следует проводить средствами стимулирования музыкальной деятельности детей к творчеству. Известно, что разнообразные положительные внешние влияния расширяют сферу деятельности ребенка, создают предпосылки для его разностороннего развития и совершенствования. Еще А. Дистервег отмечал, что «развитие и образование ни одному человеку не могут быть даны или сообщены. Всякий, кто желает к ним приобщиться, должен достигнуть этого собственной деятельностью, собственными силами, собственным напряжением. Извне он может получить только возбуждение» [2, с. 264].

Исследователи С.М. Каргапольцев и А.Б. Орлов определяя важность развития эмпатии, как психолого-педагогического механизма переживаемого понимания внутреннего мира другого человека, обосновывают способности личности адекватного проявления эмоционально-нравственной отзывчивости. Образуя мотивационно-ценностное ядро личности, в своем становлении к вершинам духовности, человечности и любви, данные качества проявляются в со-переживании, со-чувствии, со-радовании, насыщая определения данного личностного качества, как: «нравственная чувствительность», «моральная чувствительность», «морально-эмоциональная восприимчивость», «нравственная отзывчивость» «эмоционально-нравственная отзывчивость», которые в целом, образуют смысловое ядро «музыкальной отзывчивости».

С позиции внедрения личностно-ориентированной парадигмы образования в учебно-образовательный процесс школьного образования остро востребованными встают вопросы недостаточной разработанности воспитательно-методических технологий, направленных на развитие эмоционально-нравственной отзывчивости, в том числе и музыкальной отзывчивости. В плане сказанного, следует отметить, что система личносто-ориентированного образования основывается на новых подходах к взаимоотношению действующих лиц образовательного процесса. Так, В.А. Крутецкий считает, что «в современной системе образования начального общего образования большое внимание уделяется коммуникативным универсальным учебным действиям, одним из которых является умение работать в сотрудничестве». По мнению автора «Педагогика сотрудничества предполагает установление контакта не только учеников между собой, но и рассматривает систему отношений учитель-ученик, базирующейся на взаимном уважении и доверии, на принятии друг друга. Педагог и ученик являются равноправными субъектами, а отношения между ними носят подлинно субъектно-субъектный характер» [3 с. 25].

Важно отметить, что все сказанное выше характерно и для музыкально-педагогической деятельности учителя музыки. Большое внимание развитию эмоционально-нравственной отзывчивости средствами музыки уделяли такие педагоги, как Н.А. Ветлугина, Т.С. Комарова , Э.Б. Абдуллин. Они подчеркивали, что активность эмоциональной сферы личности ребенка раннего возраста выступает условием его благополучного музыкально-творческого развития. Мнения ученых совпадают в том, что формирование эмоционально-нравственной отзывчивости средствами музыки должно происходить на базе активизации эмоциональной сферы детей, начиная с раннего возраста. В общении с музыкой дети легко находят выход своей эмоциональной активности и творческой инициативе. Особую важность имеют выводы ученых о том, что активность эмоциональной сферы ребенка раннего возраста выступает условием его благоприятного музыкально-творческого развития.

Сыдыкова Р.Ш. считает, что «эмоциональная активность предоставляет детям возможность проявлять музыкальные способности, делается средством эмоционального общения и главным

условием развития эмоционально-нравственной отзывчивости на музыку у детей раннего возраста [4, с. 8].

В разработанной Б.М. Тепловым структуре музыкальных способностей эмоциональная отзывчивость делится три главные музыкальные способности, формирующие ядро музыкальности: - ладовое чувство (эмоциональный элемент слуха); - способность к слуховому представлению (репродуктивный элемент слуха); - музыкально-ритмическое чувство (способность чувствовать эмоциональную выразительность музыкального ритма, активно переживать и точно воспроизводить его). Основным признаком музыкальности Б.М. Теплов считает переживание музыки, в процессе которого усваивается ее содержание. «Поскольку музыкальное переживание по своему существу – эмоциональное переживание и иначе как эмоциональным путем нельзя понять содержание музыки, центром музыкальности является способность человека эмоционально отзываться на музыку» [5, с. 64].

Таким образом, понятие «эмоционально-нравственная отзывчивость», а в дальнейшем, применительно к музыкальному образованию, как «музыкальная отзывчивость» младшего школьника, являясь системообразующим эмпатийно-эмоциональным ядром личности, сочетающаяся такие элементы как: принципы, содержание образования и педагогические условия музыкально-образовательного процесса уроков музыки.

Следовательно, процесс развития музыкальной отзывчивости на уроках музыки требует реализации комплекса музыкально-педагогических технологий, нацеленная на продуктивную интеграцию хорового искусства в гуманитарное содержание учебного предмета «Музыка». В плане сказанного, следует отметить мнение С.М. Каргапольцева, который считает, что «уроки музыки в свете всесторонней гуманизации образовательного процесса, должны становиться прежде всего уроками человековедения, часами духовного впитывания мировых музыкальных сокровищ человечности и любви. На этих уроках осуществляется гуманизирующее влияние музыки на личность младшего школьника, происходит, музыкальная гуманизация личности учащегося, суть которой – воспитание любящего понимания другого человека как высшей социальной ценности, развитие небезразличного, чуткого отношения к другому в широкой гамме музыкально-обусловленной ответной эмоциональности [6, с. 689].

Рассматривая педагогический инструментарий содержания внутренних механизмов процесса формирования эмоционально-нравственности, как «симпатии» и «антипатий» в ретроспективном подходе М.С.Каргопольцев выделяет «построителей» составляющих (сочувствие и сорадовании) лежащих в основе феномена «отзывчивости». По мнению М.С.Каргопольцева: «эстетическая компонента в педагогической инструментовке процесса становления и развития симпатических чувствований играет определяющую роль в формирующей диалектике двух генерализированных образовательных методов, точнее, метод – «от внутреннего – к внешнему» и «через внешнее – к внутреннему», которые определяют видовое разнообразие методов обучения и воспитания, раскрывая основополагающую логику образовательного становления (взрослеющего) человека как педагогически инициируемого процесса образотворчества, образодарения и образообретения» [6, с. 71]. Следовательно, педагог должен целенаправленно подходить к процессу развития эмоционально-нравственной отзывчивой личности – в соответствии с выявленным ее внутренним потенциалом, на основе творческого взаимодействия педагога и ученика в учебном процессе.

По нашему мнению, следует учитывать индивидуальные потребности учащегося, его способности, интересы. Детское музыкальное творчество (сочинительство, импровизация, музицирование) является средством музыкального образования и обладает воспитательной ценностью. В связи с этим, важно выделить основные виды музыкальной деятельности: музыкальное информирование (восприятие музыки и музыкально-образовательная деятельность), музыкально-практическое участие (пение, музыкально-ритмическая деятельность, игра на детских музыкальных инструментах) и музыкальное творчество (сочинение и исполнение музыки, создание научных трудов по музыкальному искусству). Все виды музыкальной деятельности, выступая средствами музыкального воспитания, непосредственно влияют на все сферы жизни школьников младших классов. Огромное значение она имеет и для развития их эмоционального становления. Показателями музыкальной отзывчивости являются наличие внимания, интереса, влечения к определенному виду деятельности. Музыкальная отзывчивость младших школьников развивается в процессе формирования музыкальных способностей (музыкально-слуховые представления, музыкальный слух, музыкальная память), в данном случае на хоровом коллективе.

В заключении отметим, что основная задача музыкальной деятельности учащихся младших классов на уроках «Музыки» заключается в формировании и развитии их эмоционально-чувственного

мира, миропостижения, миропонимания, заключающие в себе ценнейшие возможности для развития музыкальной отзывчивости. Изменения личности взаимосвязаны взаимозависимы с изменениями роста музыкальной отзывчивости развития личности младшего школьника реализуемые в деятельности.

Творчество как вид музыкальной деятельности базируется на овладении субъектом некоторых музыкально-практических умений и навыков, на поиске отличительных способов воплощения музыкально-художественного замысла и т.п. Он способствует творческой самореализации личности, развитию музыкального опыта и музыкальных способностей.

Специфика творческих способностей школьника в психологическом понимании заключается в том, что учащиеся не открывают новых законов, явлений, связей между ними, а под руководством учителя приобретают умения и навыки применять уже известные знания на практике. Деятельность ученика можно считать творческой, если он проявляет инициативу, самостоятельность, смекалку, умение быстро оценивать ту или иную ситуацию и ориентироваться в ней.

Развитие музыкальной деятельности определенным образом влияет и на развитие музыкальной отзывчивости и на эмоциональное состояние учащихся. Последние исследования в области музыкатерапии доказывают, что все виды музыкальной деятельности способны выполнить функцию психотренинга: развитие метро-ритмического чувства в музыкальных играх влияет на формирование волевых качеств личности, развитие организованности и мобильности; воздействие на эмоциональную сферу учащихся при пении в хоре способствует формированию его эмоциональной чувствительности и устойчивости; активная музыкальная деятельность, влияя на все смысловые компоненты музыкальной (эмоционально-нравственной) отзывчивости, способствует психологическому раскрепощению, творческой раскрепощенности личности, повышая уровень самооценки, самоопределения в социуме, принятию себя и чуткого отношения к другому человеку.

**Литература**


1. https://kazpravda.kz/n/klyuch-k-razvitomu-gosudarstvu-kachestvennoe-obrazovanie/
2. Гуманистическая педагогика Адольфа Дистервега [Electronic resource]. : https://www.bibliofond.ru/view.aspx?id=37589
3. Крутецкий В.А. Психология обучения и воспитания школьников [Текст]: Книга для учителей и классных руководителей. – М: Просвещение, 1976. – 300 с.
4. R.Sydykova, L.Kakimova, B.Ospanov, A.Tobagabylova. A Conceptual Approach to Developing the Creativity of a Music Teacher in Modern Educational Conditions // Thinking Skills and Creativity. December 2017. DOI: 10.1016/j.tsc. 2017.12.007 https://daneshyari.com/en/article/6851908
5. Теплов Б.М. Психология музыкальных способностей. – Избранные труды. – Т.1. – М.: Педагогика, 1985. – 326 с.
6. Каргапольцев С.М. Эмоционально-нравственная категория симпатии: историко-педагогический аспект // Вестник Оренбургского государственного университета. Педагогические науки. Оренбург, 2017 №10 (210). С. 70-72.


ӘОЖ 378: 786.8 (574)

## МУЗЫКАЛЫҚ САУАТЫ ЖОҚ СТУДЕНТТЕРГЕ АСПАПТЫ ҮЙРЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Тұрдалиев А.М. аға оқытушы**

**Байбатшаева Сауле ҚР мәдениет саласының үздігі, магистр аға оқытушы**

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті

Шымкент, Қазақстан

***Резюме***

*В статье проведен анализ одного из начальных компонентов форм преподавания исполнительских навыков на музыкальном инструменте.*

***Summary***

*The deep analysis of one of initial components of forms of teaching is lead (carried out) to dissertations u executive skills on a accordion process of development of products of a folk music. With reference to our work the given problem is actual.*

Музыкалық аспапта ойнау аспапта ойнап үйрену, педагогикалық үрдістің жеке дара оқыту түріне жатады. Музыка кәсібінің ерекшелігіне байланысты тарихи солай қалыптасқан. Музыкалық аспап класында орындаушылық мәселесі әр қашанда өзінің өзектілігімен ерекшеленеді. Сондықтан біз, музыкант орындаушының қалыптасуының төрт үлкен міндетін бөліп көрсетеміз:

1. Жалпы мәдениетінің қалыптасуы (адамның қалыптасуы).

2.Музыкалық мәдениетін тәрбиелеу, есту қабілетін дамыту, музыканың эстетикалық және танымдық құндылықтарын түсіне білу (музыканттың қалыптасуы).

3.Аспаптық-орындаушылық шеберлігін тәрбиелеу, өз музыкалық аспабы арқылы (ойдағысын) айтайын дегенін жеткізе білу біліктілігі.

4.Өз бойында арнайы кәсіби қасиеттерді тәрбиелеу, музыкаға берілу қабілетінің бар болуы, тыңдап отырған тыңдаушының назарын аудару, көрермендерімен кездесуге тәрбиелеу.

Аспапты меңгеру мен орындаушы-музыканттың жеке дамуы арасындағы тығыз байланыс маңызды болып келеді, өйткені есту тәжірибесін байыту, орындау қозғалыстары шеңберін кеңейту, аспапта ойнауда барынша көп еркіндікке ие болу жақсы нәтижелерге алып келеді. Шығарманы жақсы шебер ойнағанда ғана оның қажеттілігі туады. Орындалып жатан шығарманың мазмұнының тереңдігі - кешенді ойлау - қозғалыс біліктіліктері мен дағдыларына тепе-тең. Студенттің баян аспабында техникалық шеберлікті игеруі - ең алдымен келесі біліктіліктер мен дағдыларды игеру (1-ші схема) нәтижесінде іске асырылады.

Музыкалыққа аспапта (баян) техникалық шеберлікті игеру

1. Отыру және аспапты (баян, аккордеон) дұрыс ұстап отыру дағдыларын игеру. Баян (аккордеон) аспабында ойнау күрделі процесс. Баян аспабында музыкалық шығарманы орындау - студентке үлкен ауыртпалықты (тез шаршап қалу, дене, бұлшық ет күшін көп жұмсауы және т.б.) түсіреді және ойнау кезінде бірақтар қолайсыздықты (баян аспабының салмағының ауырлығы, көріктің созылып кетуі, сол қолдың мәселесі және т.б.) тудырады. Осыларды болдыртпау үшін, біз студентке барынша қалайлы жағдай жасаумыз керек. Аспап пен студенттің арасында жақсы «ара-қатынас» болуы үшін: отыру және аспапты дұрыс ұстап отыру дағдыларын игеру; ойнау аппаратының еркіндігін; қолдың дұрыс қойылуы және клавиштерді басу тәсілдері - студенттің рациональдік қимыл әрекеттеріне сәйкес болуы керек.

2. Көрікті (мех) жүргізу дағдыларын игеру.

Көрікті бір қалыпты, жұлмай, музыка желісін бұзбай жүргізу қажет. Көрікті ауысу кезінде өте мұқият болу, дыбысты үзбей музыкалық ой-толғанысын сақтап отыру. Орындаушы көрікпен жұмыс жасаған кезде сол қолға үнемі назарын аударып қадағалып отырғаны жөн.

3. Техникалық дағдыларды игеру.

Техникалық дағдылардың дамуы көп ұақытты және әр түрлі іс-әрекетті талап етеді. Ең алдымен орындаушы (студент) негізгі апликатуралық принциптерімен мен дәйекетіліктерді білу керек.

4. Дыбыс шығаруды игеру.

Педагогикалық тұрғыдан алғанда музыкалық аспапта ойнауға (дыбыс жасауға) мыналар әсер етеді:

1) студенттердің сенсорлық дамуы;

2) олардың дыбыс тудыру принциптерін сезінуі, өйткені адамның музыкалық аспапта әсерінсіз дыбыс шығару мүмкін емес;

3) белгілі бір өзгеруші жағдайларда осы аспаптың өзіндік дыбысталуы туралы дыбыстық түсінікті қалыптастыру (штрих, динамика, нюанстарда өзара байланыстыра және үйлестіре орындау).

Болашақ музыка мұғалімдерін университет қабырғасында сондай үлкен орындаушылық тұрғыға көтерілсін деп тәрбиелеу әрине дұрыс, бірақ, ол біздің / педагогтардың/ мақсатымыз емес. Біздің алға қойған мақсатымыз жалпы білім беретін мектептерге білікті музыка мұғалімдерін даярлау. Болашақ музыка мұғалімдерінің халықтық музыка шығармалары арқылы орындаушылық дағдыларын қалыптастыруындағы ең маңызды мәселе – ол музыкалық аспапты меңгеру.

Болашақ музыка мұғалімінің халықтық музыка шығармаларын игеру арқылы баян аспабында ойнау кезіндегі кәсіби іс-әрекеті

| Аспапта ойнау кезіндегі атқаратын іс-әрекеттер түрлері | Теориялық білімі | Біліктіліктер мен дағдылар |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |

| | | |
|---|---|---|
| Жеке-дара орындаушылық | Әр түрлі бағыттағы және түрлі мектептер тәрбиелеген композиторлар шығармаларының орындалу стилистикасы мен заңдылығын білу | Өн күй сабағы бағдарламасына сәйкес қосымша бөлек халықтық музыка шығармаларын /ХМШ/ іріктеп – жақсы туындыларын таңдау; кәсіби жоғары деңгейде орындап көрсету |
| ХМШ-мен өз алдына жұмыс жасау | Музыкалық шығармаларды жаттау кезіндегі әр кезеңнің әдістемесін білу; дауысқа бөліп орындау; әр түрлі стильдегі, жанрдағы шығармалардың дыбысымен, әсерімен және екпінімен жұмыс жасау ерекшеліктері; техникалық қиындықтардан өту | Шығарманы-жазған композитордың мәтінінен айнытпай, жазылған түп нұсқасын сақтап, тиянақты орындау; ХМШ-рын өте аз уақыт ішінде эскиз ретінде танысып иемдеу |
| Сүйемелдеу | Балалар хорына, жеке аспаптарға, жеке әншіге сүйемелдеудің ерекшеліктерін білу | Сүйемелдеумен жұмыс жасау: дауысқа және хорға арналған ХМШ фактураларын тез ара ажырата алу; өзіне-өзі сүйемелдей білу; сүйемелдеу партияларын жеңілдете және қиындата білу; сүйемелдеу кезінде жаңа әуенді қоса білу; сүйемелдеу кезінде бүтін музыкалық бейнені жасау |
| Мәтінге қарап ноталарды лезде орындап оқи алу | Нота мәтініне қарап жеке және ансамбльдерге арналған шығармаларды лезде орындап оқи алу тәрлерін білу; әр түрлі фактуралар типтерін – олардың әуезділік заңдылықтарының ерекшеліктерін ажырату | Музыкалық есту қабілетіне сүйеніп, музыкалық ой- сананың даму логикасын алдын-ала таба білу; шығарманың екпіні мен әсерлеуінің даму бағытының негізін сол мезетте табу; шығарманың әуезділік негізін көрсету |
| Бір тональдықтан екінші тональдыққа ауыстыру /транспонирование/ | Гаммалар, аккордтар, арпеджиолар–олардың негізгі аппликатураларының принциптерін білу | Ішкі есту қабілеті сезімі арқылы шығарманың бастапқы тональдығын табу; шығарманың фактуралық және әуезділік ерекшеліктерін тез арада тауып, басқа тональдыққа ауыстыру; күрделі музыкалық фактураны жеңілдете білу |
| Ансамбльде ойнау | Жеке және сүйемелдеу партияларының заңдылықтарын білу | Шығарманың екпіндік, әсерлілік көркемдік біртұтастығын сақтау; негізгі жґне қосалқы әуенін естіп ажырата білу; қасында отырған серігін естіп, сезіп отыру және сонымен бірге екпіннен шықпай дұрыс орындау |
| Музыка тарту шығармашылығы | Музыкалық суырып салудың арнайы стильдерін оның заңдылықтарын білу | Есту арқылы таныс әндерді, әуендерді олардың сүйемелдеуін ойнай білу; шағын үзінділерді ойнай білу; берілген тақырыпқа суырып салу элементтерін қосып – екпінді және фактураларды өзгертіп ойнауды игеру |

Біздің зерттеулерімізде студенттердің аспапта ойнау, аспапты игеру үрдісінде жиі кездесетін негізгі қиындықтар - **техникалық** (саусақтар мен көріктің-мехтің бір-бірімен үйлесімдік іс-әрекетінің ретсіздігі; баянда - көрікті жүргізудің мүмкіндіктерін әлсіз пайдалану; баянның сол клавиатурасының өзіндік орналасу ерекшеліктеріне байланысты, көріктің үнемі (қысу, созу) қозғалыста болуы әсерінен

дыбыс шығару мүмкіндігіне тигізетін қиындығы) және **теориялық** (аспапта ойнау кезіндегі дыбыс шығару тәсілдерін әдістемелік тұрғыдан қарастыруда ортақ пікірдің болмауы – штрихтар, динамика және тағы басқалары; аспаптың конструктивтік, орындаушылық және шығарманың көремдік мәселелеріне біржақты қарау; аспапта дыбыс шығарудың сынақтан өткізілген әдістері мен тәсілдері қалыптастыру құралдарының жоқтығы; баян аспабында ойнаудың тұрақты, нақты жүйесінің болмауы) қиындықтар болып табылады.

Соңғы жылдары, біздің елімізде, Қазақстанда өз халқымыздың рухани салт-дәстүрлері мен музыкалық мәдениетіне көңіл аудару ерекше маңыздылыққа ие болуда.

Осы аталған мәселе біздің зерттеу жұмысымызға қатысты болып келеді. Қазақ халқының және басқа да халықтардың үздік музыкалық шығармаларын баянда және қыл қобызда ойнау әрбір музыка мұғалімі үшін өте маңызды болып саналатын ұлттық өзіндік саналық, азаматтық және патриоттық тәрбиенің қалыптасуына ғана емес, сондай-ақ музыкалық аспапта (баян) ойнаудың шығармашылық дағдыларын жетілдіруге де ықпал етеді.

Сонымен, осы жағдайға байланысты ғылыми жұмыстарға жасаған талдау бойынша музыкалық аспапта, соның ішінде баян ойнаудың орындаушылық дағдыларын халықтық музыкасы арқылы жетілдіру мәселесін қарастыратын, ал басқа бір авторлардың олардың білімін дәстүрлі музыка өнеріне бағдарлаудың дұрыс екендігін дәлелдейтінін көрсетті.

Біздің көзқарасымыз бойынша, осы жұмыстардың барлығы жекелей әр түрлі сипатқа ие, олар біз белгілеген келесі маңызды сауалдардың бейнесі болып табылады:

- музыкалық аспапта ойнаудағы халықтық музыка шығармалары негізінде көркемдік-орындаушылық дағдылардың сапалық жоғары деңгейін қамтамасыз ететін жағдайлар қандай болуы тиіс;

- егер білім мазмұны (баян-аккордеон) класы бойынша орындаушылық репертуары, тарихи-теориялық пәндер циклы және т.б.) дәстүрлі музыка шығармаларына бағытталатын болса, болашақ мұғалімдерінің бойында аспапта ойнаудың көркемдік-орындаушылық біліктіліктері мен дағдылары қалай қалыптысатын болады.

Баян педагогикасының генезисі осы аспаптардың өзіне тән, арнайы әлеуметтік-мәдениеттік статусынан бастау алады. 19 ғасырдың 30-шы жылдарындағы тұрмыстық-фольклорлық музыкамен әуестеніп шұғылданудан бастап, қазіргі кезеңнің академиялық-концерттік өнер тұрғысына шықты. Музыкалық аспапты үйрету кезінде дыбыс бойынша жұмыс істеу біліктіліктері мен дағдыларын қалыптастыру - күрделі кешенді және динамикалық құбылыс. Оларсыз толыққанды музыкант даярлап шығару мүмкін емес.

Музыкалық аспапта ойнау үрдісі - әрқашанда студенттің жалпы тәрбиесімен тығыз байланыста болады. Яғни, музыкалық аспапта ойнау - жеке-дара оқыту түріне жатса, студентті тәрбиелеу негізі де, жеке-дара болып келеді. Музыкалық - орындаушылық пәндерді оқыту үрдісінде, оқу-тәрбиелік жұмысының негізі болып сабақ өтудің жеке дара педагогикалық түрі қолданылады. Музыкалық-педагогикалық іс-әрекет-ол педагогикалық және музыкалық-орындаушылық (көркем шығармашылық) іс-әрекеттерінің синтезі болып саналады.

Біздің көзқарасымыз бойынша, музыка мұғалімінің музыкалық орындаушылық дағдылары - олардың маңыздылығы және мазмұны жүйелі түрде болу керектігін көрсетеді. Студент тұлғасының музыкалық қалыптасуына ең алдымен халық музыкасының әсері, одан соң музыкалық орындаушылық дағдылырын қалыптастыру заңдылықтары, дағдының атқаратын бақылау және бағалау әрекеті, дағдының қалыптастыру ерекшеліктері студенттің есінде болып жадында сақталып отыруы оқытудың бүкіл үрдісінде өзекті болып табылады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1.Акимов Ю. Некоторые проблемы теории исполнительства на баяне.- М.: Советский композитор, 1980.- 108 с.

2.Жұбанов А.Қ. Ғасырлар пернесі.- Алматы: Өнер.-445б.

3.Туякбаев Д.Х., Гайсин А.М. Прогрессивная школа игры на баяне. –Алма-Ата: Өнер.-135 с.

4.Тұрдалиев А.М. Баян аспабында музыкалық шығармалардың дұрыс, тиянақты орындау негізі. /Методикалық өңдеулер.-Шымкент КазХТИ баспасы, 1992.- 34 б.

5.Мұстафин Б. Инструментальная подготовка учителя музыки /баяниста/ для казахской школы. /Методические рекомендации для преподавателей.-Алма-Ата., 1989.-48 с.

## БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ХАЛЫҚ ДӘСТҮРІНІҢ РӨЛІ

**Адырбекова Гүлжазира Айнабекқызы**
Шымкент қаласы, МКҚК№69 "Еркебұлан" бөбекжай- бақшасының тәрбиешісі

***Резюме***
*В статье рассматривается роль народных традиций в воспитании детей*
***Summary***
*The article discusses the role of folk traditions in raising children*

Отбасы баланың ең жақын әлеуметтендіру ортасы. Осы ортада баланың өмірдегі мақсаты, оның құндылықтары, не біліп, өзін қалай ұстау керектігі туралы алғашқы мағлұматтар меңгеріледі және онда басқалармен қарым-қатынас орнатуға дағдыланады. Сөйтіп, өзінің «кім» және «қандай» екенін, басқалардың «кім» және «қандай» екенін тәжірбиеде сынап байқап көреді. Балалар отбасында әртүрлі жағдаяттар мен төтенше ахуалдарда өзін ұстаудың нормаларын, мінез-құлқын реттеудің өлшемдерін меңгереді.

Отбасы нақты қоғамда өмір сүреді, сондықтан отбасының жалпы сипатымен қатар өзі өмір сүретін қоғамдық қатынастардың мазмұнына сәйкес ерекше белгілері де болатыны түсінікті. Әр елдің, ұлттың отбасын құру жолдары әртүрлі. Соған байланысты бала тәрбиесі де ерекше. Отбасы тәрбиесі өмір өзгерісіне ұшырап отырады. Мәселен, қазақтың ертедегі, кеңес заманындағы және бүгінгі бала тәрбиесіндегі өзгешіліктер осындай. Бала тәрбиесі – отбасының жүйелі түрде жүргізілген жұмысының нәтижесі. Өйткені баланың уақытын дұрыс ұйымдастыра білу, оның мектепте алынған тәлім - тәрбиенің қалыптасып, отбасыда жалғасын табуы бәрі де ата - анасының басшылығы арқылы жүзеге асады.

Ата - ананың әсерлі болуына қажетті жағдайдың бірі - олардың баламен әділ сөйлесіп, ашық пікірлес болуы. Осылай өзара қарым-қатынас баланы еріксіз ата - анаға жақындатып, олардың айтқандарын шын ықыласпен қабылдауға мәжбүр етеді. Балаларды ізеттілікке, адамгершілікке, еңбек-қорлыққа және т.б. қасиеттерге тәрбиелеуде отбасының мүмкіндіктері ерекше.

Отбасы ғасырлар бойы өмір сүріп келе жатқан адам баласының әлеуметтік ортасы. Халықтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының сақтаушысы. Сондықтан, отбасы тәрбиесі халықтың ой-арманымен, әр түрлі іс-әрекетімен, мол тәжірибесімен және ұлттық дәстүрімен байланысты дамып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жеткен тарихи мұра. Отбасы ең алғашқы жастарды тәрбиелеу ұясы. Оның негізгі мақсаты – балалар тәрбиесі. Отбасындағы ең бас тұлға ана мен әке, ата мен әже. Оларды қазақ халқы өте жоғары бағалайды, сыйлайды, ізет етеді. Мұның мәні – үлкен кісілердің даналығын, олардың ғасырлар бойы тұрмысын, өміріндегі еңбек және қоғамдық іс-әрекетінің барысында жинақталған мол тәжірибесін бағалау. Қазақ жастары өз білімін, тәжірибесін байыта отырып, бұл дәстүрді одан әрі дамыта түсті.

Балалараға тән тағы бір қасиет - еліктегіштік. Олар ересек адамдардың жақсы ісіне де, жаман ісіне де еліктейді. Егер жасөспірімнің өскен ортасында өрескел қылықтар мен балағат сөз орын алатын болса, онда бала өзінің еліктегіштік қасиетіне байланысты жағымсыз қылықтарды дағдысына айналдырады. Олай болса, баланы кішкентайынан бастап ізгі адамгершілік мінез-құлықтарға баулуға әрбір ата-ана міндетті. Отбасындағы тәрбие ісін негізінен ата-ана басқарады және бұл үшін халық пен мемлекет алдында, балаларының келешек өмірі алдында – жауапты.

Салт-дәстүр дегеніміз – халықтардың кәсібіне, сенім-нанымына, тіршілігіне байланысты қалыптасқан, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын қоғамдық құбылыс. Ол отбасылық тәрбиеде қалыптасады. Жеке адам жаңа салтты ойлап шығара алмайды. Бүкіл халық, ел-жұрт уақыт озған сайын салт-дәстүрге жаңалық енгізіп, оны қоғамдық болмыс көріністеріне бейімдеп өзгертіп отырады. Ал жаңа қоғамдық қатынастарға қайшы келетіндері жойылып, өмірге қажеттілері жаңа жағдайда ілгері дамиды. Мәселен, қазақтың жаугершілік заманында құрдас батыр жігіттердің ұлы жорыққа аттанар алдында ақ қой сойып, қанына найзаларын малып, «өлсек бірге өлеміз, опасызды ант атсын» деп төс түйістіріп анттау немесе әке – шешенің асырап алған баласы мен туған балаларының саусақтарын ақ қойдың бауыздау қанына малғызып, «қаны бір бауырмыз» деп ант ішкізіп, құшақтастырып сүйістіру ырымдары бүгінде ұмыт болған. Ал бұрын болмаған ақ шашты қариялардың алтын – күміс неке тойларын жасау бүгінгі салт-дәстүрден тұрақты орын алды.

Халық: «Дәстүрдің озығы бар, дәурені өткен тозығы бар», «Әдет-әдет емес, жөн-әдет» деп заман талабына сай дәстүрлерді дәріптеп, тәлім-тәрбиенің пәрменді құралы ретінде пайдаланып келген. Әрбір отбасының қалыптасқан әдет-ғұрпы, ата дәстүрі болады. Сонымен бірге жалпы қазақ отбасына ортақ дәстүрлер де бар. Оларды атап өтсек мыналар: жасы кішілер үлкендердің атын атамай, ата, әже,

әпке, аға, әке, көке деп сыпайы қарым-катынас жасауы, сондай-ақ жасы кішілер үлкендердің, әсіресе қариялардың алдын кесіп өтпеуі, отбасы мүшелерінің бірін-бірі ренжітпеуі, үлкеннің тілін кіші – нің алуы, елгезек, тілалғыш, қолғанат болу, ал отбасы мүшелері үлкендерінің өзінен кішілерге қамқоршы, ақылшы болуы, еңбекті үй-ішінде жұмыла істеп, әрқайсысы – ның өз шама – шарқына іс атқаруы.

Қасиетті ана қызының тәрбиелі жан болып өсуі үшін жасынан ақ шашты қарияның алдынан аттатпай өсіреді. Халқымыз «келіннің-аяғынан, қойшының-таяғынан» дегенде, жаңа отаудың береке-құтын, ағайын-туыс, ауыл арасындағы беделін, болашақ ұрпағына дұрыс тәлім-тәрбие беруін келіннің жақсы-жаман қасиеттерімен өлшеген. Қазақ халқы келіннің келген жерінде жақсы жар, абзал ана, ұқыпты әйел болуы, біріншіден, оның өскен ортасына байланысты десе, екіншіден, келген жеріне де байланысты деп қарайды. Жаңа түскен жас келінге енелері қонақ күту, ас ұстау, бала күту, т.б. мәселелерде үнемі ақыл-кеңес беріп үйретіп отырады. ”Келіннің жақсы болмағы қайын ененің топырағынан” деп, ененің жас келінге қамқоршы болуын талап еткен.

Ата-бабамыз ұлды өздеріндей еңбек сүйгіш, малсақ, жауынгер, әнші, күйші, аңшы, құсбегі – бесаспап азамат етіп тәрбиелеуді мақсат еткен. Жігіттің бойына өнер мен еңбекті, ізгі адамгершілік қасиеттерді қатар сіңірген. Ер баланы бес жасынан бастап ат жалын тартып азамат болғанға дейін мал бағу мен аң аулауға, отын шабуға, қора салуға, ағаштан, теріден, темірден түрлі тұрмысқа қажетті бұй - ымдар жасауға яғни қолөнер шеберлігіне баулыған. Әсіресе әкелері мен аталары ұл- дарға мал жаюдан бастап, шаруаның алуан тәсілдерін үйретіп баққан. Мысалы, малды ерте өргізу, саулатып қоя бермей, алдын кес-кестеп қайырып, тоқтатып жаю, шаңқай түске дейін жусатпауды тапсырған. Отбасындағы ұл тәрбиесіндегі әке мен аталардың рөлі ерекше. Әке үйелменнің басшысы, отбасы мүшелерінің тірегі, асырап сақтаушысы, қамқоршысы. Әкенің мінез – құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнер-білімі ұл баланың көз алдындағы үлгі-өнеге алатын, соған қарап өсетін нысанасы. Қазақта біреудің баласы жақсы, өнегелі азамат болса: «Оның әкесі немесе атасы жақсы кісі еді, өнегелі жерден шық-қан ғой» деп мадақтайтыны сондықтан. «Әкеге қарап ұл өседі, шешеге қарап қыз өседі», «Әке – бәйтерек, бала - жапырақ», «Жас – кәрінің көзі, кәрі – жастың тезі», «Ата – балаға сыншы» деген мақалдар да осы пікрді халықтың қуаттауынан туған. Отбасында әкелері немесе атадары өз өнерлерін балаларына үйретіп, олар – дың өзіндей мерген, аңшы, құсбегі, қолөнер шебері немесе әнші, күйші, ақын етіп тәрбиелеуге көңіл бөлген. Ата өнерін баласының қууы, оны мирас етуі ежелгі ел дәстүрі болған.Қазақ халқының өмірінде жеті атасына дейін мергендік, аңшылық немесе ұсталық, күйшілік, емшілік өнерді қуып өткен адамдар жиі кездеседі. Осын – дай әке мұрасын жалғастырушы өнерлі жастарды дәріптеу қазақ ауыз әдебиетінен өзекті орын алған. Мысалы, Құламергеннің баласы Жоямерген, Тобықбай сыншының баласы Толыбай туралы ертегі – аңыздар осы пікірді дәлелдейді. «Атадан ұл тумас болар ма, Ата жолын қумас болар ма,» деген мақал да сол пікірдің айғағы.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Сманов І., Оңғарбай Ә., Оразымбетова Б. Отбасы мен мектептің ынтымақтастығы. Шымкент, 2005. -60б.

## БАЛАБАҚША ТӘРБИЕШІСІНІҢ АДАМ ӨМІРІНДЕГІ РӨЛІ. АТА-АНАЛАРМЕН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАТЫН ЖҰМЫСТАР.

**Аширбекова Жанат Кайрановна**
Шымкент қаласы, МКҚК №95 "Алтын дән" бөбекжай- бақшасы ның тәрбиешісі

***Резюме***
*В данной статье рассматриваются роль воспитателя в жизни детей. Работа с родителями*
***Summary***
*This article discusses the role of the educator in the lives of children. Working with parents*

Тәрбиеші тәрбиеленушілердің күнделікті оқу-тәрбие жұмысын, демалыс уақытын ұйымдастырады. Ал бөбекжай мен балабақша тәрбиешісі мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелейді, мектепке даярлайды, отбасына көмектеседі. Тәрбиеші балалардың жақын досы болуы керек, ал еркелетуге сақтықпен қараған жөн. Бір баланы еркелету басқа балалардың қызғанышын тудырады. Дегенмен, балаларды еркелету де қажет. Тәрбиеші өз талабына ұқыпты болуы қажет. Бала тек адамның жеке басының тікелей тигізетін әсері арқылы ғана тәрбиеленеді. Балабақша тәрбиешісі

жас ұрпақты жан-жақты дамытып тәрбие беру, оны өмірге еңбекке даярлауда педогогикалық білімді көпшілік арасына насихаттау сияқты әрі жауапты , әрі қадірлі қоғамдық міндеттер атқарады.

*Балабақша тәрбиешінің міндеттері:*

а) Балаларды дұрыс тәрбиелеуді қамтамасыз етеді;

б) Өз тобындағы әрбір баланың қызығуы мен қажетіне ұқыптылықпен, қамқорлықпен қарайды;

в) Балалардың денсаулығын сақтауға , қорғауға байланысты дәрігер талабын орындайды;

г) Балаларды отбасында, балалабақшада тәрбиелеу мәселелері туралы ата-аналармен жұмыс жүргізеді;

д) Аудандық, қалалалық әдістемелік бірлестіктерде, балабақшада педогоикалық кеңестің жұмысына қатысады;

е) Балалармен жүргізілетін өз жұмыстары туралы жоспар құрады, есеп береді, әрбір сабаққа ұқыпты дайындалады.

Балалар тобын тәрбиеші мектепке шығарып салғанға дейін жетелейді.

Тәрбиеші жас ұрпақтың бойына тәрбиенің алғашқы негіздерін қалыптасытра алатын, адамгершілік жоғары, мәдениетті, ғылым жетістіктерін дұрыс бағалай алатын, әдебиет пен өнердің, техниканың даму жайын жақсы білетін, оның түсіндіре алатын адам болуы керек. Тәрбиешінің мәдениеттілігінің көрсеткіші- әдептілі, қоғамдық орындарда өзін сыпайы, еркін ортаға лайықты ұстай білуі, өнегелі тәртіпті, сүйкімділігі, адамдармен өзара сыйластыққа, адалдыққа негізделген қарым-қатынасы. Ондай тәрбиешіні балалар жақсы көреді, сыйлайды, құрметтейді, оған жақын жүргісі келеді, оның балалар арасында беделі зор болады. Тәрбиешінің жеке басының үлгісі- жас ұрпақ тәрбиесінде ең әсерлі әдістердің бірі, өйткені балалар тәрбиешіге барлық жағынан еліктейді. Сол себеппен де ол үнемі жинақты, таза, ұқыпты жүріп, сөйлеген сөзі мәнді, ойлы әдемі, салмақты келіп, асықпай, байыппен сөйлеуі керек. Бала еліктегіш болғандықтан, жақсыны да, жамандыда тез қабылдайды.

*Тәрбиешіге қойылатын талаптар:*

1. Тәрбиеші болатын адам өзінің мінезін, жүріс-тұрысын жөнге салып, балалар іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыра білуі керек;

2. Арнаулы білім, білік пен іскерлік- дағдыны менгеруі керек;

3. Баламен еркін, жақын тарта сөйлесе білуі керек;

4. Ол өзінің көзқарасымен, ым-ишарасымен де өз ойын балаға жеткізіп, түсіндіре алуы керек;

5. Жұмысты ұйымдастыра білет, тиісті жерінде қатал талап қоя алатын болуы, кейде әзілдесіп, тиісті жерде көңіл аудара алатын болуы шарт;

6. Тәрбиешінің әрбір қимылы, жүріс-тұрысының өзі балаларға өнеге, тәлім –тәрбие берерліктей болуы тиіс.

Жаңашыл педогог Ш.А.Амонашвили тәрбиешіге төмендегідей талап қояды: педогог- тәрбиеші әріптестеріне мейрімді, жылы шырайлы, ықыласты болуы керек, әріптестерімен қарым қатынас жасаудың әдебін, дауыс сарынын, жылы үнін игеру керек, әріптестерінін табысына қызғанышпен, күншілдікпен қарауға құқы жоқ, әріптестерімен өз тәжірибесін бөлісуге міндетті, әріптестерінен үйренуге ұялмауы керек, әріптестерінежоғарыдан менсінбей қарауға құқы жоқ, әріптестерінің ар-намысын, атақ-даңқын сақтауы керек, балаға байланысты отбасы құпиясының бәрін білу керек, бірақ оны ешкімге шашпауы тиіс.

*Тәрбиеші –педогогтың бейнесі:*

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен білім беру мазмұны, әдіс-тәсілдерін жетік білуі. Материалды түсінікті жеткізе білу. Сабақты өткізу әдістемесі. Балалардың оқу тәрбие жұмыстарын дұрыс ұйымдастыра білуі және баланың іс-әрекетін дұрыс бағалай білуі; Тәжірибелік білім-білік дағдыларды қалыптастыра білуі.

*Өзінің іс-әрекетін сыни тұрғыдан бағалай білу қабілеті:*

Кәсіби біліктілікті жетілдіре білу қабілеттілігі;

Балалармен дұрыс қарым-қатынас орнықтыра білу;

Ата-аналармен тіл табыса білу; Сөйлеу мәдениеттілігі.

*Балаларды арнайы қарапайым білім негіздерімен қаруландыру және дұрыс сөйлей білуге үйрету:*

Өзінің эмоциялық көңіл күйін басқара алуы;

Байланыстырып сөйлеуге үйрете алу;

Балалардың сөздік қорын молайтуға көмек көрсете алуы;

Педогоикалық терминдерді дұрыс, тиімді пайдалана білу дағдысы.

*Жас ерекшелігі психологиясы туралы білімі:*

Балалардың басым көпшілігінің қызығушылығын туғыза білу ;

Балалардың өздігінен дербес әрекет ету дағдыларын қалыптастыру;
Жеке-дара оқытудың әдіс-тәсілдерін пайдалана алуы.
*Жаңа технологиялады пайдалана білу:*
Қазіргі іс-тәжірибелерді пайдалана білуі;
Білім беруді дамыту бағыттарын айқындау білуі.
*Тәрбиешінің өз қызметінде жетістікке жетуінің шарттары:*
1.Сабақтан тыс пәндер туралы ақпараттармен қамтамасыз етуі
2. Сыртқы кескін-келбеті.
3. Мінез-құлық және пайымдау мүмкіндіктері.
4. Оқу тәрбие процесіндегі қарым-қатынас мәдениетін сақтай білу.
5. Педогоикалық талаптарды орындай білу.
6. Әзіл-қалжыңға мән бере білу.
7. Балалардың жеткен жетістігін мақұлдай, қолдай білуі.
8. Балалармен қарым-қатынас мәдениетінің болуы.
9. Шыдамдылық және төзімділік.
10.Басқалардың пікірін сыйлай білу.
11.Балалардың құпия сырын сақтай білу.
12. Басқа адамдарды түсіну және сөзіне білу қабілеттілігі.
13.Еркіндік, икемділік.
14.Табан астындағы тосын іс-әрекетке әдіс-тәсіл қолдана білуі.
15.Байқампаздығы, бақылампаздығы.
16.Кез келген жағдайда қарым-қатынас жасай алуы.
17.Балалардың қызығушылығына қарай әрекет ете білу дағдысы.

Тәрбиешінің бойында болатын маңызды сапалары: ақылдылығы, қайрымдылығы, мәдениеттілігі, білімділігі, кәсіби шеберлігі, балаларға деген сүйіспеншілігі,тәртіптілігі,шығармашылық қабілеттілігі, белсенділігі, жан жақты қызығушылығы, ұйымдастырушылық қабілеті, бір нәрсемен шұғылдану, зиялылығы, әзіл-қалжынға бейімділігі, басқаны тыңдай білуі, талдау жасай білу қабілеті, еңбексүйгіштігі, мейрімділігі, әділдігі, ашықтығы, шыншылдығы, әділеттілігі, әдептілігі, жақсылық жасай білуі.

Тәрбиешінің педогоикалық шеберлігі тәрбие жұмысының әрбір кезеңінде не істейтінін, не үшін істейтінін, қандай нәтижеге жеткісі келетін саналы, анық және дәл білуіне байланысты болмақ. Шебер тәрбиешінің бөлмелерді педагогикалық және эстетикалық талаптарға сай жабдықталуы, тәрбие жұмысына қажетті көрнекі құрадарының түгел болуы, педогоикалық мақсатқа сәйкестелінген болуы шарт. Олардың өз орнында тұруы жемісті еңбек етуге жағдай жасайды. Шебер тәрбиешінің негізгі қасеттерінің бірі- педогоикалық әдептілік. Педагогикалық әдептілік бала психологиясын және оның жас ерекшеліктерін жете білуді талап етеді. Әдептіліктің қайнар көзі- балаларды сүю және қадірлей білу. Педагогикалық әдептіліктің бір көрінісі – шамамен сезу қасиеті. Сонда тәрбие әдістерінің көпшілігі нәтижелі болады. Қолайлы әдісті таба білу шеберлік пен әдептіліктің көрінісі. Шеберлік үйретумен, үйренумен, өз ісіне деген сүйіспеншілікпен, тәжірибемен, жұмысқа ұқыпты қараумен саналы, ойлы еңбекпен қалыптасады.Тәрбиеші қызметінің ерекшелігі: педагогтік әдепті игеру, ел үшін ерлікпен еңбек ету, педогогтік бедел, педагогтің артистігі, педагогтік оптимизм, кәсіби шеберлікті үнемі шыңдап отыру, т.б.

Тәрбиешінің ата-аналармен жүргізетін жұмыстарының мазмұны. Ата аналармен жүргізілетін жұмыстардың мазмұны, формасы. Әдістеріне тоқталамыз. Отбасы –бұл баланың өмір сүру ортасы: қамқорлықтың тұрақты көзі, тәрбиелеумен, қарапайым біліммен қаруландыру және шешім қабылдай білуге үйрететін ең жақын адамдардың мейірім шуағын сезінетін орыны. Отбасына барлығы жақсы болған жағдайда-балалар жақсы жетістіктерге жетіп, өзінің даму әлеуметіне көтеріле алады. Отбасымен педагогикалық ынтымақтастық- баланың қанағаттану деңгейі мен тәрбиешінің жұмысының сапасын арттырады, ол төмендегі жағдайларға негізделеді: өзара сапалы қарым-қатынас, өзара сыйластық,әлемге деген түсіністік көзқарас және оның тиімділігі ықпалын ұзақ уақыт бойы сезіну, бір-біріне серіктестік барлық қатысушыларға жағымды әсер ететіндей болуы тиіс, сонда ғана тәрбие мен білім беру өз нәтижесіне жетеді. Осы орайда, балабақшаның ата-аналармен жұмысының мазмұны төмендегідей:

а) Ата-аналармен педагогикалық, психолоиялық біллімдерін көтеру; (дәрістер оқу, семинарлар ұйымдастрыу, жеке және топтық кеңестер, тәжірибелік жұмыстар, т.б.);

б)Ата-аналарды оқу-тәрбие жұмыстарына қатыстыру; (ата-аналар жиналысы, бірлескен шығармашылық жұмыстар, материалдық-техникалық база жасауға көмектесу);

в) Балабақшаның әкімшілігімен бірлескен жұмыстар (ата-аналар комитеті , ата-аналар кеңесі, аталар алқасы, әжелер клубы).

Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың формасы мен әдістері олардың пеагогикалық мәдениетін көтеруге балабақша мен отбасының өзара ынтымақтастығына және тәрбие жұмысының әлеуметін арттыруға бағытталған болуы керек.

Ата-аналармен жұмыстың әдістері: бақылау, әңгіме, пікірлесу, тест жүргізу, сауалнама жүргізу. Психологиялық-педагогикалық білім беру формалары

Педагогикалық білім беру - бұл бала тәрбиесінің көкейкесті мәселелерімен ата-аналарды таныстырады және оларды негізгі педагогикалық мәдениетін қалыптастыруға көмектеседі. Дәрістер-бұл бала тәрбиесінің мәні мен маңызына жан жақты терең талдау жасау. Дәрістегі ең басты көңіл бөлетін мәселе-ол белгіленген жағдайға немесе құбылысқа талдау жасау болып табылады.Коференция-бұл бала тәрбиесі туралы терең жан-жақты қарастыру және оны бекіту. Ата-аналарға арналған конференциялар - балабақшаның тәрбиелеу мен білім беру жүйесніде ерекше маңызды орын алады. Ата-аналарға арналған конференцияларда орын алады. Ата-аналарға арналған конференцияларда болашақ қоғамның азаматтарын тәрбиелеуді өзекті мәселелері қозғалып, оны тәжірибеде жүзеге асырудың жолдары нақты қарастырылады. Ата-ананың рөлі, бала тәрбиесіндегі қиындықтар, отбасы тәрбиесінің маңызы, т.б. тақырыптар болуы мүмкін.

Ата-аналар конференцияларына өте мұқият дайындық қажет. Мұнда белгілі ғалымдар, психологтар мен педагогтар, әлеуметтік педагог, дәрігер, т.б. міндетті түрде қатысалы. Мұндай конференцияларға ата-аналар белсенді түрде қатысулар қажет. Олар өз іс-тәжірибелері тұрғысынан мәселеге талдау жасайды. Конференцияның ерешелігі –белгілі бір мәселенің жай-жапсарын шешудің нақты жолдары қарастырылуда. Практикумдар –ата-аналардың бала тәрбиесі жайында, педагогикалық жағдаяттардан шығуда олрды педагогикалық ойлауларын жаттықтыру.

Ашық сабақтар- ата-аналарды бағдарлама бойынша қол жеткен жетістіктермен таныстыру, тәрбиешінің талаптарына ден қоюға бағыт беру. Мұндай сабақтарға ата-аналардың қатысуға балабақшадағы оқу-тәрбие жұмыстары жайында ата-аналардың педагогикалық сауаттылығын арттырады, баламен қарым-қатынас жасадың жолдарын үйренеді. Жеке тақырыптық кеңестер-бұл ата-аналарменөзінің баласы жайында, балабақша тыныс-тіршілігі туралы ақпараттармен қамтамасыз етуде, пікір алысуда маңызды. Жеке кеңестердің тәрбиешінің отбасымен тығыз байланыс орнықтыруында маңызы зор. Әсіресе, топты жаңадан жинақтағанда, мерекелік іс-шаралар қарсаңында жиі өткізіледі. Оған тәрбиеші алдын ала дайындалғаны абзал, ол үшін ата-анаға алдымен қандай сұрақтар қою керектігін ойланып, жоспарлап алғаны дұрыс. Жеке кеңестер таныстыру сипатында және ата-ана мен тәрбиешінің арасында тығыз байланыс орнықтыратындай бағытта болуы шарт. Тәрбиеші ата-аналарды өзінің кәсіби жұмысындағы төмендегідей маңызды мәліметтермен таныстыру мүмкін:

Баланың денсаулығының ерекшеліктері;
Оның қызығушылығы мен іс-әрекетіндегі жетістіктері;
Отбасындағы қарым-қатынас мәдениеті;
Мінез-құлқындағы эмоционалдық әсерленуі;
Мінез сипатынын ерекшелігі;
Ойын іс-әрекетіндегі белсенділігі;
Құбылыстармен қарым-қатынас ерешеліктері, т.б.

Үйге бару – мұнда тәрбиешінің ата-аналармен жеке жұмысы және баланың отбасындағы жағдаймен танысу. Ата –аналар жиналысы- тәрбиелеу мен білім беру жұмыстарына талдау жасау және тәжірибені педагогика ғылыми негізінде ой елегінен өткізу. Жалпы ата-аналар жиналыс-жылына екі рет өткізіледі.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ата-аналарға арналған консультациялық пункттің қызметін ұйымдастыруға қойылатын талаптар: әдістемелік нұсқаулық, – Астана, 2013. – 20 б.
2. Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналармен жұмыс формалары мен заманауи модельдері: әдістемелік ұсынымдар. – Астана, 2013. –26 б.

# МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫН ОЙЫН АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ

**Байгонысова Айжан Куралбековна**
Шымкент қаласы, МКҚК № 66 "Болашақ" бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі

***Резюме***

*В данной статье рассматривается формирование словарного запаса у детей дошкольного возраста через игры и упражнения*

***Summary***

*This paper considers the formation of the word-stockof children of the pre-school age via games and exercises*

Баланың өмірге қадам басқандағы алғашқы қимыл әрекеті – ойын, сондықтанда оның мәні ерекше. Жас баланың өмірді тану, еңбекке танысы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын түрінде қалыптасады. Мектеп жасына дейінгі балалардың қоғамдық құбылыстарды, қоғамдағы ересек адамдардың іс - әрекетін өз түсінігінше әрекеті арқылы бейнелеуі ойын болып саналады. Ойынның шығу тарихына шолу жасауда көңіл аударатынымыз ол еңбекпен, өнермен, қоршаған ортамен тығыз байланыста дамыған, яғни ойынды өмірден ажыратып қарай алмаймыз балалар тек ойнап қана қоймайды, сонымен бірге ойлайды, аңғарады көп нәрсені білуге, зерттеуге талпынады. Олар бірдеңе жасап қана қоймайды, сондай - ақ заман ағымына да белсене қатысады.

Балабақшаларда оқыту – тәрбиелеу жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын молайту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, одан әрі күнделікті іс - әрекет кезіндегі тілдік қарым - қатынаста қолдана білуге жаттықтыру. Ойын дүниеге ашылған үлкен жарық терезе іспеті. Ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады. Адамды өжеттілікке, шапшаңдыққа, ептілікке, батылдыққа, байсалдыққа, тапқырлыққа үйрететін де ойын. Бала үшін ойын өзін - өзі жетілдіру мен өзін - өзі көрсетудің құралы. Баланы ойынға қызықтыра отырып оқу іс - әрекетін ойын түрінде күрделендіре түсу керек. Ойын баланың ойлау қабілетін жетілдіре отырып, оның қиялын дамытады. Ойын арқылы бала қоршаған ортаны өз бетінше зерделейді. Бала жалғыз ойнағанды ұнатпайды, ол қатар құрбыларымен бірлесіп ойнай отырып бір - бірімен қарым қатынас жасайды. Оқу ісі - әрекетінде қолданатын ойын түрлері мынадай топтарға бөлінеді. Ойынның түрлері: ұлттық ойындар, сюжетті рольді ойындар, педагогикалық ойындар, дидактикалық ойын, шығармашылық ойын, қимылды ойындар.

Педагогикалық ойын технологиясы дегеніміз - педагогикалық жұмысты ойын түрінде ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы. Дидактикалық ойындар арқылы оқу іс - әрекеті барысында балаларды қызықтыру мақсатында қолданылады және мектеп жасына дейінгі ұйымдардың барлығында да, оқу іс - әрекеті ойын түрінде өткізіледі. Оқу іс - әрекеті барысында ойын түрлері жас ерекшеліктеріне байланысты қолданылады.

Тәрбиеші ойынға тек қана баланы қызықтырып қоймай, бес салаоны білім берудің негізгі құндылығы деп түсінсе ғана өз мақсатына жете алады.

Ойын түрлерінің тәрбиелік мәні зор, ол әрбір адам денесінің дамып жетілуіне пайдасы мол. Ойын үстінде балалардың бойындағы барлық дерлік психологиялық процестері, сезімдері мен эмоциялары, ерік - жігер қасиеттері шыңдалады, мінез - құлық айқындала түседі.

Бала өзіне жаңалық болып сезілген әрқилы нәрселерге еліктегіш келеді. Бала осы қасиетімен өз қабілетімен ерекшеліктерін аңғартады. Баланың жағымсыз мінезінің байқалатыны да осы тұста. Тәрбиеші ойын барысында тілдің дыбыстық мәдениетінің барлық жақтарын жетілдіруге, сұраққа толық жауап беруге, баланы үйретіп отыруы керек.Үлкендер өзіне тән ерекшеліктерін еңбектену барысында көрсетсе, мектеп жасындағы балалар сабақ үстінде, ал мектеп жасына дейінгі балалар өз психологиясын ойын үстінде байқатады. Балалар ойын арқылы күрделі әрекеттерді, білімді үйренеді және үлкендер де үйретуге тиісті. Ойынның өз мақсаты, жоспары болады. Ойын мен еңбектің бір - біріне ұқсас сипаттары көп, кейбір педагогтар, ғалымдар «Жақсы ойын - жақсы жұмыс сияқты да, ал жаман ойын - жаман жұмыс сияқты» деген. Баланың қуанышы мен реніші ойын арқылы байқалады. Ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшеліктері: бала ойланады, эмоциялық әрекетке ұшырайды, белсенділігі артады, ерік қасиеті, қиял елестері дамиды. Мұның бәрі баланың шығармашылық қабілеті мен дарынын ұштайды. Ойын үстінде бала бейне бір өмірдің өздігіндей қуаныш, реніш сезімге бөленеді. Ойын арқылы балалардың сөйлемдерді айту,

сөйлем құрай білу, сурет бойынша әңгіме құрап айта білу, сондай - ақ әр баланы сөйлете отырып өз ортамен қарым - қатынасқа түсіп ашылуына себеп болады. Ойындарда күтілетін нәтижелер:

1. Ойын - тәрбие құралы, ақыл - ойды, тілді ұштастырады, сөздік қорды молайтады, өзін қоршаған ортаны танып, мейрімділік сезімге тәрбиелейді.

2. Еркін мінез – қасиеттерін бекітеді, адамгершілік сапаны жетілдіреді.

3. Ұжымдық сезім әрекеттері өсе түседі.

4. Эстетикалық тәрбие беру құралына айналады.

5. Еңбек тәрбиесін беру мақсаттарын шешуге мүмкіндік береді.

6. Дене күшінің жетілуіне көмектеседі.

Демек, ойын баланы жан - жақты жарасымды тәрбиелеудің психологиялық және физиологиялық негіздері болып табылады. Ойын баланың көңілін өсіріп, бойын сергітіп қоймай, оның өмір құбылыстары жайлы танып түсінуге де әсер етеді. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып бір – бірімен жақсы қатынаста болады. Ойын үстінде де бала өз денсаулығын қимыл арқылы нығайтады. Ойынның қандай түрі болмасын атадан балаға яғни ұрпақтан ұрпаққа ауысып отырады. Халық ойындары өмір қажеттіліктерінен туады. Психологиялық жақтан денсаулықты нығайтуға негізделген.

Ұлы педагог В.И.Сухомлинский «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, фантазиясыз, шығармашылықсыз толық мәндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды»,- дейді. Демек, ойынның тілді дамытуда орны ерекше. Рөлдік ойындарда барлық балаларға бірдей рөл тиеді де олар бір - бірімен қарым - қатынасқа түсіп сөйлеседі. Балалар белсенді жұмыс істеп, бір - біріне жәрдем беріп, жұмыстарын мұқият тыңдап, өздерін және бір - бірлерін бақылайды, тәрбиеші тек бағыттаушы болады. Ойын барысында тәрбиешінің рөлі үнемі өзгеріп отырады. Рөлдік ойындарға топ болып қатысқан жөн. Бала рөлде өзін неғұрлым еркін сезінетін болса, соғұрлым қызыға ойнайтын болады. Бастапқы кезде тәрбиешінің балалардың ынта - жігерін бақылағаны жөн. Біртіндеп ол бақылаушы бола бастайды. Кейде тәрбиешінің өзі де басты рөлден басқа кез - келген рөлде ойнауына болады. Тек ол рөл топтағы тіл қатынасын дұрыс бағыттап отыратындай болсын. Тәрбиеші көмек қажет ететін балаға жақындап, оның жұмысына жәрдем беруіне болады. Ойын барысында тәрбиеші баланың қатесін бірден түзетпейді, тек білдіртпей, өзіне ғана түртіп алады да келесі сабақта осындай қателермен жұмыс жасайды. Рөлдердің сипаттамасы түсіндіріледі. Бала өзінің ойнайтын бейнесін тез елестету үшін ойын шарты дұрыс, нақты түсіндірілуі қажет. Рөлде ойнап тұрған бала өзін сол кейіпкерге теңеп (мәселен батырға немесе шешенге), кейіпкердің жақсы қасиеттерін бойына сіңіреді, мақал - мәтелдерді пайдалану барысында әдеби сөйлеуге дағдыланады, сөздік қоры молаяды, халқымыз асыл - маржанын меңгереді. Рөлдік ойындар баланың тілін дамытуда, сөйлеу мәдениеті мен ақыл - ойын, дүниетанымын жетілдіруде тиімді нәтиже береді. Драматизациялық ойындар балаларға керекті сөздер мен сөйлемдерді меңгеруді, интонацияны дұрыс пайдалануды, мәнерлеп және көркемдеп оқытуды дамытуға үлкен әсер етеді. Драматизациялық ойындардың түрі басқа ойындарға қарағанда күрделірек, себебі ол ертегілерден және әдеби шығармалардан құралады. Рөлдік ойындарды меңгергеннен кейін балалар бұл ойынның түрін тез меңгереді. Мысалы, драматизациялық ойындарды екі түрлі дайындауға болады: шығарманы өзгертпей, түпнұсқасында сахнада қою; мәтінге шығармашылық өзгерістер енгізіп, сахнада қою. Драматизациялық ойындардың белгілі, айқын мақсаты бар:

1. қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Тілдік қарым - қатынасқа түсу дағдыларын қалыптастыру;

2. Балаларды сөйлеуге үйрету;

3. Өмірдегі кез - келген оқиға туралы естігенін айтуға және іс - әрекет жүзінде көрсете білуге машықтандыру.

Ойынды қолдануда оның күнделікті жаттығу жұмысына айналмауын ескеру керек, ондай кезде баланың қызығушылығы төмендейді. Қандай да болсын ойынды таңдауда баланың жеке психологиялық қабілетін де ескерген дұрыс. Бүлдіршіндер сахнада шағын рөлдерде ойнау арқылы байланыстыра сөйлеуге, үлкендермен және өзге де балалармен тіл табыса білуді үйренеді. Ата - аналар мен тәрбиешілер баланың тілін дамыту мен тәрбиелеуде ойын түрлерінің маңызы зор екенін ұмытпаулары қажет. Сөйлесу қызметі - белсенді әрі мақсатты үрдіс. Бұл қызмет түрі серіктестің болуын талап етеді. Онда бірі сұрақ қойса, екіншісі жауап береді. Мектеп жасына дейінгі мекемелердің басты мақсаты - бүлдіршіндердің диалогтық қарым - қатынасы болып табылады. Балалар өз құрбыларымен сөйлесу арқылы тілін дамытады.

Ойынның мәні - баланың дербес әрекеті мен төңірегіндегі өзгерістерді танып - білуіне жол ашу. Ойын халықтық педагогиканың ең бір көне және тиімді құралдарының біріне жатады. Бала

ойын арқылы өзінің өмірден байқағандарын жүзеге асырып, айналасындағы адамдардың іс - қимылдарына еліктейді. Соның нәтижесінде өзі көрген жағдайларды, отбасылық тұрмыс пен қызмет түрлерін жаңғыртады. Ойынның тәрбиелік маңызы мынада: ол баланы зеректікке, білгірлікке баулиды, ұлттық ойындар, оның ішінде ата - бабаларымыздың баға жетпес құнды қазыналарына деген көзқарасын құрметтеуге, сөз әсемдігін сезінуге үйретеді, сөздік қорын байыта түседі. Сабақтарды ұлттық ойындармен байланыстыра түсіндіру тақырыптарды тез, жылдам меңгеруге ықпал етеді. Халқымыздың ұлы перзенттерінің бірі, аса көрнекті жазушы Мұхтар Әуезов: «Біздің халқымыздың өмір кешкен ұзақ жылдарында өздері қызықтаған алуан өнері бар ғой. Ойын деген менің түсінуімше көңіл көтеру, жұрттың көзін қуантып, шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір ерекше мағыналары болған»,- деп тегіннен тегін айтпаса керек. Балабақшаларда ұлттық ойындар ұтымды пайдаланылса, онда тәрбиеленушілердің тілін дамытуға, білімге деген құштарлығын арттыруға және қазақ халқының мол мұрасын бойына сіңіріп, ұлттық сананы қалыптастыруға болады. Қазақтың белгілі ғалым - ағартушылары Абай Құнанбаев, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин халық ойындарының балаларға білім берудегі тәрбиелік мәнін, өткен ұрпақтың дәстүрі мен тарихын құрметтеп, эстетикалық, адамгершілік қасиеттерінің дамуына, сөздік қорының баюына қосатын үлесін жоғары бағаласа, біртуар ақын Мағжан Жұмабаев ойындарды халық мәдениетінің бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігінің, тілдік тәрбиенің негізгі ажырамас бөлшегі деп тұжырымдайды. Тілді дамыту мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру жұмыстарының негізгі болуы тиіс, өйткені баланың сөздік қорының нығаюы оның танымдық қабілетін арттырып, сана - сезімін кеңейтеді.

Қорыта келе, ойын мектепке дейінгі балалардың негізгі іс - әрекеті. Ойын балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғы шарты. Ойын арқылы балалар қоғамды тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады.

Бір сөзбен айтқанда, ойын баланың жан - жақты дамуын көздейтін, оның тілін жаттықтыратын, қимыл - қозғалысын жетілдіретін, белсенділігін арттыратын, басқа адамдармен қарым - қатынасын реттеп, құрдастарымен ұйымшылдығын арттыруға негіз болып табылады. Ойын - бала үшін біліктіліктің қайнар көзі. Сондықтан жас өрендер ойнай отырып ойлай білсін.

**Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Мектепке дейінгі педагогика. «Мектеп», 2006 ж.
2. «Өзін-өзі тану» пәні бойынша жалпыға міндетті мемлекеттік стандарты. Алматы: «Бөбек» ҰҒПББСО, 2006 ж.

## ЕРТЕГІ ТЕРАПИЯСЫ АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРІН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

**Даулетова Балжан Пангереевна**
Шымкент қаласы, МКҚК №29 "Ай-Керім" бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі

***Резюме***

*В статье рассматриваются аспекты и проблемы использования современных технологий в дошкольных учреждениях*

***Summary***

*The article deals wih aspects and problems of using modern pedagogical technologies in teaching computer science*

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту – баланың жас шамасын және өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, оның жеке адам ретінде қалыптасуы мен дамуына жағдай жасайтын Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінің бірінші деңгейі.

Тәрбиенің кілті халық педагогикасында деуге толық негізі бар. Өйткені халқымыздың тәлім тәрбиелік мұрасы адамгершілікті, қайырымдылықты, мейірбандылықты дәріптейді. Жас ұрпақты жастайынан тәрбиелеудің маңыздылығын қазақ халқы ерте түсінген, ешқандай жоғары білімсіз-ақ дана халқымыз тәрбиенің небір оңтайлы әдістерін бесіктен бастаған. Әңгімелер, ертегілер баламен қатынасының ең нәтижелі құралы болып табылады. Атақты педагог Ы.Алтынсарин: «Бала кезде үш

жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады»,- деп атап айтқан.

Ертегілер арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі құзыреттіліктерін білім салаларының өзара байланысы арқылы қалыптастыру ды мақсат еткен бұл ғылыми жұмысымның негізгі міндеттері: ертегілерді іріктеу және айлық оқу іс-әрекеті тақырыптарына сай ертегі кейіпкерлерімен дамытушы ортаны жабдықтау; ертегі кейіпкерлерін білім салалары мазмұнына сай дидактикалық көрнекіліктер ретінде пайдалану; ертегіні 5 білім беру саласы мазмұнына сай бөлімдерге бөлу, балалармен бірлесе отырып тақырыптар қою; білім салаларының байланысы негізінде ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінде СТО стратегияларын тиімді қолдану; ертегілер арқылы балалардың құзыреттілігін қалыптастырудың білім салалары бойынша нәтиже көрсеткіштерін шығару.

Алдымен «Ертегі дегеніміз не, оның құрылымы қандай?» - деп, ертегінің пайда болу тарихына талдау жасап көрейік.

Ертегі – фольклордың негізгі жанрларының бірі. Ертегі жанры – халық прозасының дамыған, көркемделген түрі, яғни фольклорлық көркем проза.

Ертегі жанрының пайда болып, қалыптасу тарихы өте ұзақ. Солардың бірі – миф жанры. Мифтің ертегіге айналу процесі бірнеше кезеңнен өткен

Құзыреттілік – балалардың іс-әрекеттің әртүрлі тәсілдерін меңгеруінен көрінетін білімнің нәтижесі, оны өмірде қолдана алу қасиеті. Құзыреттілік адамдардың қарым-қатынас жүйесін игеріп, өзара іс-әрекетке қосылу барысында қалыптасады. Сонымен қатар, құзыреттіліктер арқылы жеке тұлғаның өмір байлығы, ақыл тереңдігі, күйіну-сүйіну қалпы, қиялдауы, ерік-жігері, икемділігі мен мінез-құлық сипаты ашылады.

Жалпы құзыреттіліктердің негізі мектепке дейінгі жаста қалыптасатын болғандықтан, тәрбиешілердің алдында тұрған басты міндеттерінің бірі – тұлғаның танымдылық құзыреттіліктерін қалыптастырудың теориялық, практикалық шарттарын негіздеу болып табылады.

Танымдық құзыреттілік – бұл жеке басына маңызы бар және әлеуметті қажетті танымдық мәселелерді шешудегі баланың өзі басқара алатын, сол мәселені шешу барысында бала белгілі бір білім, білік дағдыларға ие болу.

Танымдық құзыреттіліктерді қалыптастыруда ертегілердің алатын орны ерекше.

Тәрбиеші еңбегінің объектісі – бала, ол табиғаттың бір бөлігі, бір жүрегі. Баланың да өзіндік пікірі, көзқарасы, психологиялық ерекшеліктері бар, олар педагогикалық ықпалды өзінше қабылдайды. Сондықтан да, ертегілер арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыруда жаңа педагогикалық технологиялардың атқаратын орны бөлек.

Ғалым академик В.М.Монаховтың пікірінше «Технология – оқушы мен ұстазға бірдей қолайлы жағдай тудырушы оқу процесін ұйымдастыру және жүргізу, бірлескен педагогикалық әрекетті жобалаудың жан-жақты ойластырылған үлгісі»

Педагогикалық технология – педагогтің кәсіби қызметін жаңартушы және сатыланып жоспарланған нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін іс-әрекеттер жиынтығы. Педагогикалық технологиядағы басты міндет – баланың оқу-танымдық әрекетін жандандыра отырып, алға қойған мақсатқа толықтай жету.

Мен «Сорос-Қазақстан» қоры арқылы 1990 жылдан мектеп тәжірибелеріне ене бастаған «Сыни ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту» халықаралық жобасы технологиясын қолданып келемін. Тәжірибені жүйеге келтірген: Джинни Стилл, С.Мередит, Чарльз Темпл. Жобаның негізі Ж.Пиаже, Л.С.Выготский теорияларын басшылыққа алады.

«Сыни ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту» технологиясының мақсаты: мектеп жасындағы балаларға кез-келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарымнан бір пікірдің біреуін таңдап, саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету.

Бол жобаның ерекшелігі сабақ барысында қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой толғаныс кезеңдерінде, көп ақпаратты талдай, жинақтай отырып, ішінен қажеттісін алуға үйрететін стратегиялар бойынша ұйымдастырылады. Негізінен, стратегиялар мектеп оқушыларының жас кезеңдеріне арналған, ал оларды мектепке дайындық тобы балаларының жас ерекшеліктеріне бейімдеп қолдану тәрбиешіден терең теориялық, психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті, балалардың жан дүниесіне терең үңіліп, оны ұғына білуді талап етеді.

Ертегілер арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі құзіреттіліктерін қалыптастыру бағытында СТО стратегияларын қолдана жүргізіп отырған жұмыстарға талдау жасасам:

1. Ертегілерді іріктеу және айлық оқу іс-әрекеті тақырыптарына сай ертегі кейіпкерлерімен дамытушы ортаны жабдықтау.

Пәндік дамытушы ортаны ұйымдастыру талаптарында орта көп функционалды, вариативті, қарқынды, жасына сай дамуының ерекшелігін және мектепке дейінгі балалардың іс-әрекеттерінің ауысып отыратындығын есепке алып құрылуға тиіс. Сондықтан да, дамытушы ортаны ертегілер кейіпкерлері арқылы жасақтау балаларға қуанышты көңіл-күй сыйлап, өздерін ертегі әлемінде жүргендей сезіндіреді.

Дамытушы ортаны ұйымдастыруда театр түрлері ерекше рөл атқарады. Театр әр балаға қуаныш, ұмтылмас әсер сыйлайды, оның көркемдік талғамын, еліктеуі мен қиялын дамытады.

2. Ертегі кейіпкерлерін білім салалары мазмұнына сай дидактикалық көрнекіліктер ретінде пайдалану.

Көрнекілік әдісі. Әл-Фараби "Оқытудың негізгі әдісі – көрнекілік" деп, оның мақсаттарын, тәсілдерін (түсіндіру, әсерлендіру, есте қалдыру) ұсынады. Көрнекілік әдісі оқытудың сөздік және тәжірибелік әдістерімен өзара байланыста қолданылады және құбылыстармен, ертегілермен балаларды таныстыру, олардың сезім мүшелеріне әсер етіп, алуан түрлі ертегі кейіпкерлерін табиғи күйінде қабылдайды.

Ертегі кейіпкерлерін білім салалары мазмұнына сай дидактикалық көрнекіліктер ретінде пайдалануда «Егер де мен…» стратегиясын қолдандым. Бұл стратегия бойынша көрнекілік ретінде алынған ертегі кейіпкерлерінің орнына өздерін қойып «Егер де мен «Алтын балық болсам …» деп, ертегінің соңын өз еркінше аяқтау баланы қиял әлеміне самғатып ойлануына мүмкіндік береді, шығармашылыққа жетелейді.

3. Ертегіні 5 білім беру саласы мазмұнына сай бөлімдерге бөлу, балалармен бірлесе отырып тақырыптар қою.

Ертегінің өзіндік құрылысы, көркемдік ерекшелігі бар. Қандай ертегіні алсақ та, ол белгілі бір сюжетке құрылады, оқиғаның желісінің басталуы, оқиғаның өрбуі, аяқталуы, өзіндік шешімі болады. Ертегі баяу басталып, оқиға желісі күрделене түседі. Әсіресе адам өміріне байланысты іс-әрекет өткір сықақ-мысқылмен беріліп, бала сезімін селт еткізіп, күлкіге мәз етеді. Бала кейіпкердің жағымсыз әрекетінен бой тартып, жақсылыққа құмартады. Ертегінің әр жақты сырын қызықты, тартымды, бала санасына лайықтай жеткізу тәрбиешінің шынайы шеберлігіне тікелей байланысты.

«Бауырсақ» ертегісі мазмұны бойынша бөлімдерге бөліп, тақырыптар қоюда «Ой шақыру» стратегиясында ертегі мазмұны суреттері бойынша сұрақ-жауап қолдану арқылы ертегінің баяу басталып, оқиға желісі күрделене түсетінін, яғни ертегіде оқиға желісінің басталуы, оқиғаның өрбуі, аяқталуы, өзіндік шешімі болатынын түсініп ажырата алады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ғабдуллин. М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы., 2011
2. Әбілова З. «Этнопедагогика».-Алматы, 1997
3. «Қазақтың ұлттық ойындары» Базарбек Төтенаев, Алматы «Қайнар» баспасы 1994 ж.

## БАЛАБАҚША – ТӘРБИЕ БАСТАУЫ

**Есенбаева Сабила Кенжебаевна**
Шымкент қаласы, МКҚК № 44 "Жанар" бөбекжай- бақшасының тәрбиешісі

***Резюме***

*В данной статья рассматривается особенности виляния детского сада на привития национальных ценностей*

***Summary***

*In tihis article is written aboutnational values that influence to younq children at the kinderqarden*

Қазақ халқы қай уақытта болмасын, ұрпақ тәрбиесін ұлттың тағдыры, ұлттың болашағы деп білген. Сондықтан тәрбие мәселесіне көңіл бөліп, оған тиімді әдіс-тәсілдерді қолданып, қарастыру әрбір ұжымның тапқырлығы мен іскерлігін, ізденімпаздығы мен шығармашылығын талап етеді. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, тәрбиесіз берілген білім адамзатқа апат әкеледі» деген ғұлама ғалым Әбу Насыр Әл-Фараби ойын әр бір ұстаз, әрбір ата-ана өздеріне қағида ретінде ұстанса нұр үстіне нұр болар еді. Оқу мен тәрбие — бір-бірінен бөлек алынып қаралмайтын күрделі процесс. Жаңа заманның жаңашыл ұстазы осы екі үрдісті бірдей теңестіріп алып жүру оның шеберлігі мен іскерлігін көрсетеді. Біз қанша дамып басқа

өмір саласындағы жетістіктерге жетсек те, бала тәрбиесі бір сәтте назардан тыс қалмауы тиіс. Бала жас тал болса, ал ересектер оған бағбан болуы ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан іс. Сәби жанын небір жақсылық нәрімен суару – оны өсіруші, тәрбиелеуші тәрбиешінің міндеті. Бүлдіршіндердің сезімдері өте нәзік, әсершіл келеді. Оларға айтқан, көрсеткен нәрселердің бәрі – шындық, сұлу, әсем, жарасымды болуы керек.Тәрбие – қалып тәрізді, егер қалып қисық, олпы-солпы болса, сол қалыпқа салынған зат та оңды болмайды. Бала тәрбиесі де дәл сол сияқты. Сондықтанда бала бойына жас кезінен бастап рухани құндылықтар, мейірімділік, инабаттылық, сұлулық, жақсылық, еркіндік сияқты қасиеттерді қалыптастыру – тәрбиешінің міндеті. Сонда ғана бала бой көтеріп, бәйтерекке айналады.

Ұлы Мағжанша айтар болсақ, балаға тәрбиені беруде адам ең бірінші өз тәжірибесіне сүйенеді. Адамның өз тәжірибесі – оның жүріп өткен жолы, көрген-білгені. Бірақ әр адамның жолы тура жол, бала тәрбиесінде қатып қалған осы жолмен жүру керек деуге де болмайды. Ол жолдың тек дұрысын ғана таңдап алу керек. Балаға міндетті түрде өзіңді қайталату мақсат емес, өзіңнен асырып түсіру мақсат. Бала кейде сенің ойлағаныңнан да артық затты немесе қиялына ерік берсе ешкімнің ойы түгіл түсіне де кіре бермейтін идеяларды дүниеге әкелетіні рас. Сондықтан педагогтың өз тәжірибесіне сүйенуі аздық етеді.

Екінші жағынан, ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып тәрбиелеу. Халқымыздың баға жетпес құнды қасиеттерін жастайынан санасына сіңіріп өскен бала өскенде ұлтжанды, халқының намысын қорғайтын азамат болмасына кім кепіл?

Бала үшін дүниеде ең жетілген, білімді де, мәртебелі адам – оның ата – анасы. Ал, ең әдемі де жарық үй – оның туылған үйі. Жас баланың дамуында ата-ананың орыны ерекше, сондықтан ата-ана өз отбасында қолайсыз жағдайларды баланың көзінше тудырмауға тырысуы қажет. Отбасындағы ұрыс-керіс баланың жүйкесін тоздырады. Кейбір ата-аналар өз перзентін шектен тыс еркелетіп, баланың бетінен қақпай, көңіліне қарап тәрбиелейді. Ата-аналар балаға отбасылық өмірдің алуан түрлі, қыры мен сырын дүние жұмбақтарын танытып, тағылым талғамға, әдептілікке баулуға тиіс. Себебі, ата-ананың күнделікті өмір тіршілігіндегі еңбегі, адамның бейнелері, жақсы мінез-құлқы, дұрыс қарым-қатынасы – балаға үлгі. Баланың алдында барынша сабырлы әрі ұстамды болуға тырысу керек, ата-ана өзі үлгі бола отырып, баласын сабырлылыққа тәрбиелейді. Әрбір ата-ана өз баласы үшін-басты тұлға. Сондықтанда да кез-келген бала алдымен үлгіні ата-анасынан алады. Бала әкеден ақыл, анадан мейір алады. Ата-ана баласымен пікірлесуде бейауыз сөздерді қолданбай, дөрекілікпен жеке басын қорламай, мейірімді, табиғи, жылы ақылды сөздер айтып өнеге бола білсе, тәрбие де табысқа жетеді, өйткені, жақсы сөз жан семіртеді.Сонымен қатар мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық ұжымы ата-аналармен бірлесіп, баланы өсіріп тәрбиелеудегі басты мақсат қоғамдық өмірге түзу кірпіш қалау екенін ескере отырып, ал осы мақсатты жүзеге асыру үшін, алдындағы қандай болмасын қиындықтарын жеңу, соған сәби кезінен төмендегі мынадай көзқарастарды негізгі ұстанылым ретінде қабылдау. Көзқарастар мыналар: баланы сәби ол әлі ештеңе білмейді, ұқпайды деп жай көзбен қарамау керек, өйткені ол да өсіп келе жатқан тұлға. Баланы әр уақытта шындыққа үйрету. Еш уақытта алдамай, шындықты ашып айтып сол жағдайға дұрыс көзқараспен қарауға жағдай туғызу. Баланың өз ісін уақытымен күнде қадағалау, бақылау. Баланың ана тілін толық меңгеруі, ұлттық-сана сезімін тәрбиелеу, денсаулығын түзету, бала тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін білу жөніндегі дағдыларын қалыптастыру мектепке дейінгі мекемелерге берілген. Тәрбиенің сан алуан келелі мәселесін шешетін, қарапайым дағдыларды бала санасына орнықтыратын алғашқы білім баспалдағы – балабақша. Балабақшада халық педагогикасын бала бойына сіңіре отырып имандылыққа, адамгершілікке тәрбиелейміз. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартының бес саласының әр бөлімдеріндерінің ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінде салт-дәстүрдің барлық түрлерін баланың бойына сіңірудеміз. Мысалы: тұсау кесу, бесікке салу, тілашар т.б. Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілер өз тәжірибелерінде халық ауыз әдебиетінінің ішінен жиі мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, санамақтар, ертегілерді оқу іс-әрекеттерінде пайдаланады. Бүгінгі күнде жас ұрпақтың сана сезіміне өз елінің, жерінің тарихы мен мәдениеті туралы алғашқы ұғымдарды кішкентай кезінен қалыптастырамыз. Сондықтан тәрбиенің сан қилы дағдыларын бала бойына дарытатын алғашқы білім баспалдағы – балабақша, жол сілтеп, жетелеп, үйретуші — тәрбиеші. Балабақшадағы тәрбие – қазақи ұлттық сана, ұлттық психология қалыптасқан парасатты, адамгершілік қадір – қасиеті мол, физикалық және моральдық жоғары белсенді жеке адамды қалыптастырып шығару процесі болып табылады. Тәрбиелеу мен білім берудің әрекеті практикалық процесс үстінде қалыптастырылады. Тәрбиелеу мен оқытудың міндеттері баланың осы іс-әрекет түрлерін қалыптастыру және оны белгілі бір мақсатқа бағыттап отыруды көздейді. Ойнау, еңбек ету, және білім алу барысында ақыл-ой, адамгершілік, физикалық және көркем тәрбие, даму процесі қатар жүреді.

Қазақ халқы бала тәрбиесіне ешқашан да бей-жай қарамаған. «Ұрпақ тәрбиесі — ұлт болашағы», — деп бала тәрбиесіне аса зор жауапкершілік жүктелген. Оны ел ішінде айтылатын қанатты сөздерден де көруге болады. Бала – болашағың, әрі өсіріп, баптап отырған бәйтерегін. Бүгінгі бүлдіршин – еліміздің байрағын желбіретер ертеңгі азамат. Адам баласы шыр етіп дүниеге келген сәби кезінен бастап берілетін тәлім – тәрбиенің маңызы өте зор Бірақ, бала тәрбиесі оңай іс емес. Ал, сол сәбилердің қызығы мен шышығын көріп, еркелігін көтеріп, анасындай бауырына басқан, тәрбиеші қауымның атқарар ісі мен көтерер жүгі ауыр да жауапты. «Еккенің тікен болса, орғаның балауса болмас»,- деп қазақ халқы бекер айтпаған. Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің маңызы өте зор. Әрбір баланың мінез –құлқы ата-анасының, тәрбиешісінің жағымды іс-әрекетінен үлгі алу барысында қалыптасады. Отбасы мен балабақша бірлесіп тәрбиелеген бала жеміс берген ағашпен тең. Балабақша – баланың жүйелі түрде білім – тәрбие алатын ең алғашқы қоғамдық ошағы. Балабақшаның балаға беретін тәлім – тәрбиесінің қаншалықты мықты болуы, сол балабақшада қызмет ететін тәрбиешіге байланысты. Бала тәрбиесімен айналысатын әрбір тәрбиешінің алға қойған мақсат-міндеті мен өзіндік ұстанымы болуы керек.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Баймбетова Айгул Байшымыровна «Бала тәрбиесіндегі балабақшаның рөлі»
2. Картаева Таншолопан Сериковна «Балабақша − бала тәрбиесінің іргетасы»


## МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ


**Кемелбаева Загипа Саулебековна**
Шымкент қаласы, МКҚК № 44 "Жанар" бөбекжай- бақшасының тәрбиешісі



***Резюме***
*В данной статье рассматривается экологическое воспитание детей дошкольного возраста*
***Summary***
*In this article is given information the environmental education for preschool children*


Мектепке дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру экологиялық тәрбие жұмысын жүргізу, оқытудың негізгі формалары- бақылау, қызықтау, серуен. Тәрбиешінің табиғи нысандары мен табиғат құбылыстарын бақылауды ұйымдастыруы, балаларды табиғатпен таныстырудың негізгі мәселесі болып есептеледі. Қызықтау кезінде балаларды таза ауада, көз тартар әдемі гүлдер мен ағаштар арасында болуы көтеріңкі көңіл-күймен қатар, табиғат сұлулығын сезіне білуіне әсер етеді. Ал серуен кезінде, тәрбиеші балаларды табиғатпен таныстырып, өсімдіктерге су құю, қураған жапырақтарды бірге жинау, ағаш түптерін тазалау т.б сияқты қарапайым еңбек түрлеріне қатыстырады. Мұндай еңбек түрлерін орындау, балалардың еңбекке деген жауапкершілік сезімдерін дамытып, ынтасын арттырады [1]. 4-5 жастағы балалардың үлкендермен және өз қатарындағы балалармен қарым-қатынасы күрделеніп, іс-әрекеті нығайа түседі.

Өзінің жас шамасына сәйкес тапсырмаларды ынталылықпен орындау нәтижесінде қоғамдық еңбек мотиві ерекше сипатқа ие болады. Табиғаттағы пайдалы жұмыс түрін орындауда ынталанушылық көрініс табады. Табиғат аясында тәрбиеші ұсынған әр түрлі тапсырмаларды өздігінен орындау дағдыларының дамуы баланың оқу ісіне, білім алуға бейімделуіне ықпал етеді. Сәби топтағы балаларға қарағанда 4-5 жастағылардың ұғыну, қабылдау әрекеті неғұрлым мақсатты сипатқа ие болып, табиғаттағы бейнеленген нәрсені немесе заттың түсіне қарай, тәрбиеші көрсеткен көрнекіліктерге ерекше назар аудара алады. Бұл жаста балалар ауаның, судың, ағаштың қажеттілігін, өзен, көлдің, тау-тастың қайдан пайда болатыны туралы түсініктерді тәрбиешілердің көмегімен түсініп, табиғаттың байлықтарына құрметпен қарауды мысалыға суды үнемдеп жұмсау дағдылары пайда бола бастайды. Күз, қыс айларында топ бөлмесіндегі ауладан әкеліп қойған ағаштың жапырақтарымен бұтақтарын бақылау барысында жасанды түрмен бүршіктер, жапырақтардың түсінің өзгеруіне мән береді, құбылыс жөнінде түсінік қалыптасады. Бақша жағындағы өсіп тұрған гүлдерге, ағаштарға олардың пайдасы, емдік қасиеті туралы мағлұмат беріліп, зиянына тоқталып, өсіп тұрған жерін қоршап қою сияқты іс-әрекет түрлерін атқара алады.

Балабақшадағы экологиялық тәрбиенің мақсаты – табиғатты аялап, оны қамқорлыққа алып күту, табиғат жөнінде қарапайым білім бере отырып, тірі және өлі табиғаттағы құбылыстар жөнінде қарапайым ұғымдар қалыптастыру. Балаларға өсімдіктер мен ағаштар туралы түсініктен бөлек жануарлар дүниесіндегі ғажайып құбылыстарды, орман жануарлары, үйжануарлары, ағашқа өрмелеп тіршілік ететін қалталы кішкентай аю, тиін, кенгурудің суретін көрсете отырып әңгімелеу арқылы балалардың қиялына қанат бітіру.

Балабақшадағы экологиялық тәрбие жұмысы, тәрбиешінің негізгі салалары болып есептелетін адамгершілік, эстетикалық, еңбек тәрбиелерінің желісінде және халықтық педагогиканың қайнар бұлағын пайдалана отырып жүргізсе, айналадағы орта, табиғат жайындағы жалпылама ұғымдар нақтыланып, қалыптаса береді. Экологиялық тәрбие жұмысына орай көрнекіліктерді қолдана отырып, табиғат бұрышының жабдықталуына байланысты сайыстар ұйымдастырылып экология мәселелері туралы, жағымды-жағымсыз әрекеттер бейнеленген суретте пайдаланылғаны, ата-аналар мен тәрбиешілердің бірлескен жұмысының нәтижесінде табиғат туралы шағын кітапхананы өлі және тірі табиғатпен жабдықтау арқылы көрме ұйымдастырылғаны дұрыс. «Алтын күз», «Құстар күні», «Табиғатты сүйеміз» т.б. ертеңгіліктер баланың ата-анасымен бірге жасаған жемістер мен өсімдіктерден фигуркалар (формалар) жасаумен ұштасады. [2]

Жыл мезгілінің ерекшелігіне орай күзгі табиғат құбылысы (жаңбырдың жаууы, адамдардың пайдалы іс-әрекеті, ауладағы жапырақтарды жинау, жылы жаққа ұшатын құстарды бақылау т.б). Қыстап қалған құстарға қамқорлық, табиғат бұрышындағы өсімдіктер мен құстарды күту, балыққа жем беру. Ерте көктемде ұшып келетін құстарға үлкендер көмегімен дайындаған ұяларға жем шашу, ауладағы гүл, көкөніс өсімдіктерін өсіруге жәрдем беру. Бүршік жарған ағаш бұтақтарын (бұтақ, бүршік, өсімдік т.б) мағынасына сай түсіндіру. Наурыз мерекесінің қарсаңында жас шыбықтар отырғызып, оны күтуді күнделікті әдет-дағдыға айналдыру. Көктемнің әдемі келбетін жырлайтын өлең жолдарын жаттау, дидактикалық, рольдік қимылды ойын түрлерін пайдалану, өз ойларынан табиғат көрінісінің суретін салып, әңгімелеп айтып беру.

Балаларды мектепке дайындауда экологиялық тәрбие жұмысы мынадай міндеттердің негізінде жүзеге асырылады.

- Балаларды өсімдіктер мен жануарды күтіп баптауға баулу, олардың бойында қабілет пен икемділікті орнықтыру.
- Табиғаттың сан-алуан сырларымен байлықтары жөнінде эстетикалық және ұлт жандылық сезімдерін дамыту.
- Табиғатта барлық нәрсенің бір-бірімен өзара байланыста болатынын түсіндіру және осы байланысты күнделікті өмірде ескеру қажеттігін үйретіп отыру.
- Балабақшада табиғат жөнінде қарапайым білім бере отырып,осының негізінде тірі және өлі табиғаттағы құбылыстар жөнінде жалпылама және нақты түсініктерді меңгерту. Балабақша өміріндегі экологиялық тәрбиені отбасында қалыптасқан дәстүрлі тағылымдарды басшылыққа ала жүргізу.

Міне, осы міндеттердің барысында балалардың экологиялық таным-түсінігін тереңдетіп, олардың табиғатқа деген жаңа мәдени қарым-қатынасын бекіту.

Мұндай жұмыс түрі балалардың физиологиялық даму, психологиялық жас ерекшеліктерін ескеріп, әдіс-тәсілдерді шебер пайдаланып, шығармашылықпен жұмыс істейтін тәрбиеші басшылығымен жүргізіледі. Оқу жоспарында экологиялық тәрбие жұмысын аптасына бір рет, айналамен таныстыруды бір рет өткізілу көзделген. Экологиялық тәрбиенің психологиялық аспектілеріне орай бала табиғатқа жанашырлық, қамқорлық және еңбекқорлық, белсенділік, ұқыптылық сияқты дағдыны меңгереді. Экологиялық тәрбие тақырыбына сай іріктеліп, бала жасына лайықтап алынуы тиіс, мұндай шығармаларды тәрбиешінің қарапайым тілмен жеткізе білуі баланың табиғатқа деген жауапкершілік қарым-қатынасын арттырып, әрекет түрлерін меңгеруге мүмкіндік береді. Тәрбие жұмысы кезінде ұлттық ерекшелікті сақтай білу, ертегіні кейіпкерлендіру, қызықты сәттер, проблемалық жағдайлар, ойын түрлерін, ырым-тыйым сөздерді пайдалану,баланың обал-сауап туралы түсінігін кеңейтіп, өз бетінше дербес шешім қабылдай білуіне баулиды.

Табиғат - біздің ортақ үйіміз. Табиғатқа деген сыйды жоғалту адамзаттың адамгершілік құндылықтарын жоғалтуға әкеліп соқтырады. Қазіргі уақыттағы әлемдегі экологиялық жағдай адам көзқарасының өзгеруін талап етеді. Өсіп келе жатқан ұрпақта жаңа экологиялық сезім қарастырылуы керек деп санаймыз.Келешекте балалар кім болса да, олар қоршаған ортада рөльдерін бөліп , табиғат заңдылықтары бойынша өз түсініктері болуы керек.

Экологиялық тәрбие мен білім беру –қазіргі таңдағы айқын бағыттардың бірі. Экологиялық мәдениеттілікке тәрбиелеу неғұрлым ерте басталса, соғұрлым оның болашағы зор болмақ. Баланың сәби кезінен экологиялық мәдениеттілік санасын тәрбиелеу –осы мәселелердің шешілу жолдарының

бірі болып табылады. Мектепке дейінгі ұйымдардағы экологиялық тәрбие берудің маңызды міндеті-балалардың табиғаттың әсемдігін көріп түсіне білуге, тірі табиғатқа қамқор бола білуге үйрету және экология саласы бойынша нақты білім беріп, аймақта қолданылатын ресурстары шектеулі екенін түсіндіру керек . Біз баланы табиғатты пайдаланып қана қоймай, оған қамқор болуға, оны күтіп аялауға үйретуіміз керек.

Экологиялық білім берудің басты міндеттері өсімдіктермен жануарларды күте білу дағдыларын қалыптастыру, қоршаған ортада алған әсерлерін жеткізе білу,эмоциялық көңіл-күйлерін басқара білу дағдыларын жетілдіру және табиғатты қорғай білуді жүйелі түрде жүзеге асыру[3].

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері кезінде балаларға табиғат туралы жұмбақтар, мақал-мәтелдер, тыйым сөздер, табиғат туралы ертегілер де оқуға болады.

Осы атқарылып жатқан жұмыстардың барлығы балаларға қоршаған ортаға саналы, мейірімді көзбен карауға, табиғат аясында ережелерді сақтауға, дұрыс қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу, туған өлкесінің сұлулығына,табиғат тіршіліктеріне деген сүйіспеншілігін, махаббатын ояту. Мүмкін сонда ғана бүлдіршіндеріміз құмырсқа илеуін бұзбауға, тірі жәндіктерді сақтап, оларды әлсіз тіршілік иесі ретінде аяушылықпен қарап, оларға қамқорлық жасап қол ұшын беруге даяр болар.

**Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Ж.Әлиев, С.Бабаев, А.Құдиярова «Педагогика» Алматы 2009 ж.
2. И.В.Гребенников «Семья өміріндегі әдеп және психология» Алматы «Мектеп» 2008 3. 3. Тілеуова С.С. «Этнопедагогика» Шымкент 2003 ж.

## МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ РУХАНИ АДАМГЕРШІЛІККЕ ҮЙРЕТУ

**Сарсенбаева Лаура Омархановна**
Шымкент қаласы, МКҚК №43 "Алмаз" бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі

***Резюме***

*В данной статье рассматривается духовно нравственное воспитание детей дошкольного возраста*

***Summary***

*This paper considers spiritual education of children inpre-school educational institutions*

Адамгершілік тәрбиесінің жалпы міндеті мектеп жасына дейінгі балалардың мінез-құлқы мен тәртібін, адамгершілік сезімі мен сана нышандарын, адамгершілік түсініктері мен мінез-құлқын қалыптастыру болып табылады. Адамгершілік сезім адамгершілік түсініктерді меңгерудің негізінде туып, балалардың іс-әрекеті мен мінез-құлқынан, тәртібінен көрініс табады. Адамгершілік тәрбиесінің міндетін жүзеге асыру барысында баланың бойында енді дами бастаған адамгершілік сезімдерін пайдалана отырып, үлкендерді сыйлауға, мәдени мінез-құлықтың қарапайым ережелерін, әдеті мен дағдыларын моральдық саналарын, мнез-құлықтарын, өзін және өзгелерді әділ бағалай білу қабілетін дамытып, қарапайым да күрделі сезімдер мен қарым-қатынастар қалыптастыруға ықпал ете блуге үйрету көзделеді.

Баланың алғашқы адамгершілік түсініктерін аңғарып, мінез-құлқы мен тәртібін қалыптастыруда мектепке дейінгі шақ – ең жауапты кезең. Балалар үй ішіндегі жақындарымен қарым-қатынасында, оқу-тәрбие ісінде, тікелей өмір тәжірибесінде ненің жақсы, ненің жаман екенін байқайды, жақсы мен жаманға үлкендер тарапынан берілген бағаны меңгереді.

Психология ғылымы да баланың айналадағы болмысты дұрыс түсінуі мектеп жасына дейін қалыптасатын, олар өз айналасындағы адамдардың көзқарасы мен талпынысынан, мұраттарынан жастайынан-ақ үлгі алатынын дәлелдеді. Бірақ бұл өзгерістердің бәрі де өзінен-өзі немесе жүйкенің туа біткен заңдылық күші арқылы емес, әдейі мақсат көздеп ұйымдастырылған оқу-тәрбие үстінде іске асады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің нақты міндеттері:

1) балалардың үй-ішіне, жақындарына, құрбы-достарына, жалпы адамдарға, Отанға деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу;
2) адамгершілік ережелеріне сай балалардың мінез-құлқын, ұйымдасқан тәртібін, мәдениеттілігін, жақсы әдеті мен дағдысын қалыптастыру;

3) балалардың адамгершілік түсініктері мен қасиеттерін тәрбиелеу

Адамгершілік тәрбиесінің мазмұнына баланың Отанға, адамдарға деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу жатады. Ол үшін алдымен балалардың ата-анасына, үйіне, туған жеріне, оның табиғатына, өз ауылына, қаласына, туған-туысқандарына, дос-құрбыларына, балабақшаға деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу қажет.

Елге сүйіспеншілікті тәрбиелеудің пәрменді құралы – халықтың тілі, мәдениеті мен көркемөнері. Ана тілі – халықтың тілі, мәдениеті мен көркемөнері. Ана тілі – халықтың тарихы, шежіресі, халықтың ең зор ақылшысы, ұстазы деп бағалаған. Осы орайда, дана Абай: «Өнер алды – қызыл тіл», - деп толғаса, Ғ.Мүсірепов: «Тілден биік асқар жоқ, тілден асқан байлық жоқ, тілден терең теңіз жоқ», - деп тілдің құдіретін ерекше бағалаған. Ал кемел жазушы М.Әуезов: «Кімде-кім қазіргі уақытта ана тілін, өзінің әдебиетін сыйламаса, бағаламаса, оны сауатты, мәдениетті адам деп санауға болмайды», -деген. Ендеше, ерте сәбилік кезеңнен бастап баланы ана тілінде сөйлеуге үйрету, ауыз әдебиеті үлгілерімен сусындату ең маңызды мәселе. Бала әдеби шығармаларды: өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтел, батырлар жырын тыңдау арқылы ана тілінің байлығы мен әсемдігін меңгерумен қатар, оны сүюді үйренеді. Балаларды халықтың қолөнерімен, қазіргі композитордың сан түрлі азаматтық тақырыптарға арналған әндерімен таныстыру балалардың қуанышын, көңілді сезімін дамытып, еліне, туған жеріне, Отанға, т.б. сүйіспеншілік сезімін тәрбиелейді.

Адамгершілік тәрбиесінің мазмұнына балаларды интернациональдық рухта тәрбиелеу де жатады, өйткені ол адамгершілік тәрбиесінің негіздерінің бірін құрайды. Балабақшада көптеген ұлттың балалары бар, олардың бәрі бірдей тәрбиеленіп, бірдей қамқорлыққа бөленеді. Осының өзі-ақ балалардың бір-біріне жолдастық, достық сезімін тәрбиелеудің ең қолайлы жағдайы.

Тәрбиеші суреттерді, көрке әдеби шығармаларды, әр ұлттың балалар әдебиетін пайдалана отырып, Қазақстанды мекендейтін сан ұлттың өмірі, тұрмысы, еңбегі, өнері жөнінде әңгімелейді, соның негізінде ұлттарға, халықтарға, жалпы адамзатқа деген сүйіспеншілік сезімін дамытуға мүмкіндіктер туады. Балалар арасында дұрыс қарым-қатынасты тәрбиелеу, тату балалар ұжымын құру – балабақша педагогінің негізгі міндеттерінің бірі. Балалар ұжымын тәрбиелеуде тәрбиеші адамгершілік принциптеріне сүйенеді.

Адамгершілік тәрбиесінің мазмұнына баланың адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу жатады, әсіресе олардың үлкендерді сыйлау сезімін тәрбиелеу сәбилік шақтан басталады. Үлкендерді сыйлау – асқаралы да асыл сезім. Үлкендердің беделін мойындау, тыңдау, көңіл бөлу, құрметтеу, қамқорлық жасау сияқты балалардың, іс-әрекеттерін ұйымдастыру, бұл сезімнің көрініс табуы – жақсы тәрбиенің белгісі.

Тәрбиеші өмірдегі барлық материалдық және рухани байлық үлкен адамдардың еңбегімен жасалғанын, оны өздері күнделікті өмірде пайдаланып жүргендерін нақты мысалдар келтіріп түсіндіреді. Үлкендердің білімі, еңбегі біздің шаттық өмірімізді қамтамасыз етіп отырғанын, әсіресе өзін қоршаған адамдардың: тәрбиешінің, дәрігердің, күтушінің, аспазшының, даяшылардың еңбегін айтып, оларды бағалауды және үлкендерді қалай құрметтеу, сыйлау керектігін үйретеді. Кейде балалар үлкендерді сыйлау керек екенін біле тұрса да, оны орындамайды, себебі бала білімін, тәртібін, іс-әрекетін байланыстыра алмайды, өзін жақсы алып жүргісі келеді, бірақ оны қалай орындауды білмейді, ал кейде баланың қызығушылығы сана тұрақтылығын басып кетеді, кейде бала сөзі мен ісін бірлікте алып жүре алмайды. Әрине, баланың білімі бірден оның мінез-құлқы мен тәртібіне айналмайды, оған ұзақ уақыт дағдылану, үйрену керек, тәрбиеші осыларды шыдамдылықпен қалыптастырғаны абзал.

Адамгершілік тәрбиесіне қарапайымдылыққа тәрбиелеу де жатады. Балаларды жөнсіз көп мақтау, артық бағалау зиянды ықпал етеді. Бұл кейде балалардың мақтаншақ, өркөкірек, жалқау болуына әкеп тірейді, әсіресе қабілетті балалардың іс-әрекетін әділ мадақтай отырып, оларға талап пен тапсырманы күшейте түскен жөн. Қарапайымдылыққа тәрбиелеудің негізі – баланың адамгершілік қасиетін дұрыс, әділ бағалау.

Адамгершілік тәрбиесінің мазмұнына баланың мінез-құлқын тәрбиелеу жатады. Мінез-құлық дегеніміз – адамдардың өзін қоршаған ортаға, қоғамға, басқа адамдарға деген қарым-қатынасынан көрініс табатын тұрақты психикалық ерекшелігінің жиынтығы.

Бұл ерекшелітердің ең бастысы- сана мен ерік. Мінез құлық өте ерте жастан бастап қалыптасады және саналы, ақылды ұйымдастырылған тәрбие ісіне бағынады.

Еріктік сапаға: қажыр-қайрат, өзін меңгере алу, сабыр, төзім, мақсаттылық, шешімділік, тұрақтылық, ұстамдылық, батылдық, белсенділік жатады. Бұл қасиеттер балалардың іс-әрекет, еңбек, ойын, оқу-тәрбие жұмыстары үстінде көрініс тауып, қалыптасады. Қалыптасу балалардың ақыл-ойының дамуымен байланысты.

Мектеп жасына дейінгі балалардың даму ерекшелігін ескере отырып, мектепке дейінгі педагогика төмендегі әдістерді белгіледі:

1) тәрбиеші мен ата-ананың үлгісі, күнделікті өмірден үлгі-мысалдар келтіру;
2) балаларға жақсы мінез-құлық пен адамгершілік ережелерін үйрету, соған сай балалардың іс-әрекеттерін ұйымдастыру;
3) сендіру, түсіндіру;
4) мадақтау, кінәлау, айыптау, жазалау;
5) бағалау.

Үлгі ету – адамгершілік тәрбиесінің негізгі әдісі. Тәрбиеші мен ата-ананың үлгісі адамгаершілікке тәрбиелеудің әдісі ретінде басқа әдістермен бірлікте елеулі рөл атқарады.

Үлгінің тәрбиелік күші баланың еліктегіштігіне негізделеді. Әсіресе мектеп жасына дейінгі балаларға үлгі ерекше сенімді ықпал етеді, өйткені лоар өзін қоршаған құбылыстарға, адамдардың іс-әрекетіне сын көзбен қарауды білмейді.

Балалар көбінесе ата-анасы мен тәрбиешілеріне, жақсы көретін, құрметтейтін адамдарға, бір-біріне еліктейді.

Балаларды адамгершілікке тәрбиелеуде сөзбен түсіндіру, сендіру, үйрету қажет. Тәрбиеші балаларға жағымды, жағымсыз қасиеттерді түсіндіріп, жаман іс-әрекеттерге қарсы тұра білу қабілетін тәрбиелейді.

Түсіндіру – балалардың тәртібіне қойылатын талаптарды, олардың қажеттігінің себебін, оны орындаудың жолдарын ұғындырады.

Сендіру – баланың санасына, сезіміне, еркіне мақсат көздей отырып әсер ету арқылы жағымды әрекеттерге, моральдық қасиеттерге баулиды.

Ескерту – баланың жасаған кемшілігінің оңай жөндеуге болатын кезде қолданылады.

Қорыта келе, мектепке дейінгі кезеңде адамгершілекке тәрбиелеуде жағымды сезім мен сананың алғашқы элементтерін қалыптастырып, біртіндеп қарқындап дамытуға ықпал жасау көзделеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Жұмабекова Ф.Н. Мектепке дейінгі педагогика. Оқу құралы. Алматы. 2012 ж.
2. Ж.Қоянбаев. Педагогика. – Астана, 1998
3. Ж.Әбиев, А. Құдиярова, т.б. Педагогика. – Астана, 1998
4. В.С. Мухина. Мектеп жасына дейінгі балалар психологиясы. – А.: Мектеп, 1986

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТІ МЕН ОЙ – ӨРІСІН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

**Тайбекова Диляна Сеилхановна**
Шымкент қаласы, МКҚК №43 "Алмаз" бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі

***Резюме***

*В данной статье рассматривается развитие умственных способностей детей через познавательные деятельности*

***Summary***

*This article discusses the development of children's mental abilities through cognitive activities*

Баланың ой – өрісін дамытуға, қиялына қанат бітіріп, тіл байлықтарының молаюына балабақша тәрбиешілерінің сіңірер еңбегі орасан зор. Кеше ғана аяғын аттап басқан жас сәбидің алғашқы рет қоғаммен араласу балабақшадан басталады емес пе? Осы орайды пайдалана отырып, жас тәрбиешілер тәжірибе алмасып, балалардың ой – өрісін кеңейтуге бағыт сілтер сан қилы білім үлгілерін паш етіп, балалардың шығармашылық қабілеттерін жан – жақты дамыта отырып, логикалық ойлау қабілеттерін арттыруға жол сілтер мүмкіндік деп ойлаймын. Мектепке дейінгі шақ балалардың сезімдік тәжірибесінің орасан молайып, ретке келу, қабылдау мен ойлаудың балаға тән түрлерін игеру, қиялдың күшті дамуы, ырықты зейін мен мағыналы естің бастамаларының қалыптасу кезеңі болып табылады. Мектепке дейінгі балаларды айналамен таныстыру – бұл олардың санасына қоршаған орта, табиғат туралы сезілетін тәжірибесіне

негізделген шындық тұрғысындағы білім қалыптастыру және оған деген дұрыс қарым – қатынасқа тәрбиелеу әдісі. Әрбір бала өзінің қоршаған ортасын айналадағы құбылыстарды тану арқылы сана сезімі дамып, ой – өрісі артады. Олар ортада өзінің аты – жөнін, жасын, ата – анасының аты – жөнін біліп, ары қарай білуге деген құштарлығы артады. Ұйымдастырылған оқу іс – әрекеті арқылы да баланың танымын кеңейтуге болады. Мысалы: балабақшаның ішкі құрылысымен таныстыру: топ бөлмелер, асхана, дәрігер бөлмесі, тігінші бөлмесі, спорттық және ән залдары, дәліздегі бағдаршам бұрышы, экология бұрышы т.б айырмашылықтарын ажыратып олардың жұмыс түрін, қажетті құралдырын, олар не үшін керек, неден жасалған, ол жерлерде кімдер жұмыс жасайтыны туралы көздерімен көреді, ойланады, түйсігіне түйеді. Сондай – ақ, көлік түрлері, жеміс – жидектерді алар болсақ: жемістердің пайдасын, оларда адам ағзасына қаншалықты керек екенін, түр – түсін, дәмін, пішінін ажыратса, көлік түрлерінің атын, олардың пішінін, олардың пайдасын, оларды кімдер жүргізетінін біледі. Ал, табиғат туралы алар болсақ, бала табиғатты танып білуге деген қызығушылығы оянып, өсімдіктер мен құстарға қамқорлық жасау керегін, олардың тыныс – тіршілігі туралы біліп, табиғатты аялауға, оған қамқор болу керек екенін түсінеді. Серуен кезінде ауа – райын бақылату арқылы да табиғат құбылыстарын айтады, еңбекпен ұштастыру арқылы танымын кеңейтуге болады. Мектепке дейінгі балалық шақ кезеңінде баланың танымдық даму эмоцияналдық қызығушылықпен қабылдайтын қарым – қатынастар арқылы қалыптасады. Әрбір жеке бала қоршаған ортаны кішкентай зерттеуші. Бала белсенді әрекеттерге талпынады. Күнделікті өмір барысында шындық дүниенің құбылыстары мен заттарды анықтай білуге, адам баласының жинақтаған бай тәжірибесін үйренуге талаптанады және тілі дами түседі. Баланың бір нәрсені құмартып білуге талаптануын таным ынтасы дейді. Балалар өте байқағыш, еліктегіш, әр нәрсеге үңіле қарайды, көп нәрселер оларды ойлантады. Ойларын айтып жеткізгісі келеді. Сондықтан ересек адамдар бала сұрағын жауапсыз қалдырмауға тырысқан жөн. Себебі, сұрағына жауап ала алмаған бала келешекте сұрақ қоюдан жасқаншақтайды және бұл баланың дүниені тануына кері әсер етуі мүмкін. Күн сайын олардың алдында жаңа сұрақтар туады. Сол сұрақтың жауабын олар ересектерден күтеді. Мұндай ерекше сұрақтар баланың ақыл – ой еңбегімен шұғылданудағы ниетін, ықыласын сипаттайды. Мектепке дейінгі жас баланың ой – өрісінің дамуының қарқынды кезеңі. Сондықтан тәрбиеші баланы ертеңгі болашағына дұрыс көз қараспен қарай отырып, баланың сана – сезімінің жетілу дәрежесін, таным үрдістерін ( түйсігі, қабылдауы, ес, ойлау, сөйлеу, зейінінің ) дұрыс бағытта қалыптасып дамуын қадағалап, әрі дұрыс бағдар беру керек. Мектеп жасына дейінгі балалардың бойына оқу қызметін меңгерту, ол танымдық белсенділікті дамытудың басты бағыты болып саналады. Танымдық белсенділікті психологиялық – педагогикалық құбылыс ретінде анықтау балалардың тұлғалық сапасының ерекшелігіне талдау жасауға, тәрбиелеу мен оқыту үрдісін қалыптастыру жағдайлары мен құралдарын қарастыруға мүмкіндік береді. Себебі меңгерілген білімнің сапасы мен беріктігіне тек балаларды оқыту, дамыту және тәрбиелеудің нәтижесі емес балалардың өзіндік танымдық іс – әрекетіне қатынасының қатысуымен тәуелді болып келеді. Танымдық белсенділік баланың психологиялық – деңгейлік дамуының алғы шарты мен нәтижесі болып табылады. Осыған байланысты балалардың жоғары психикалық үрдісін қабылдау, зейін, ойлау ерекшеліктері анықтайды. Демек оқыту үрдісінде ынталандыру – бұл ең алдымен бала ойлауын дамыту болып табылады. Ойлау адам өмірінде аса қымбат орын алады. Ойлау арқылы ғана заттардың, көріністердің араларындағы байламды белгілеп, оларда бар себептерді табады, келешекті болжай алады. Сондықтан тәрбиеші баланың дұрыс ойлап үйренуіне көп күш жұмсауы керек. Өйткені дұрыс ойлау ұрпақтан – ұрпаққа табиғи түрде беріледі. Адамдарда тану екі негізгі формада жүзеге асады: сезімдік тану формасы және абстракциялық ойлау формасы. Сезімдік тану, түйсік, қабылдау, елестету сияқты жолдармен көрініс табады, оның көмегімен біз заттардың жеке қасиеттерін ажыратамыз. Абстракциялық тану – бұл тек ойлаудың бастапқы сатысы, адам дүниені түсіне отырып қабылдайды. Сондай - ақ баланың ой - өрісін дамытатын құрал - тіл. Ұлы педагог К.Д.Ушинский: «Кімде кім баланың ой – өрісін дамытқысы келсе, ең алдымен оның тілін дамыту керек» - деген. Әрбір ұйымдастырылған оқу іс – әрекеттерін өткізуде тәрбиешінің шығармашылығы, әдіс – тәсілдерін тиімді пайдалану, оқу іс - әрекетін түрлендіріп ұйымдастыруда ойындарды мақал – мәтелді, жұмбақтарды қолдану балалардың қиялын шарықтатады. Білімді меңгеру үстінде баланың ойлау қабілеті ұштасады. Кішкентай балалар тез еліктегіш жан – жағына алаңдағыш келеді. Сөзді мәнерлеп айтуда болсын, балалар тәрбиешіге, үлкендерге еліктейді. Тіл дамыту, көркем әдебиет оқу іс – әрекеттерін ойын арқылы өткізу адамгершілік мінез – құлықты қалыптастыруға ықпал етеді. Сәлемдесуге баулу, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеуге бейімдейді. Балалар тілін дамытуда, ой – өрісін кеңейту мақсатында мына жобаларды негізге ала отырып жұмыс жасаудамыз.

- Тілді дұрыс меңгеру
- Ауыз екі сөйлей білу
- Сөздік қорын молайту
- Дыбыстарды анық айтуға үйрету

Осы жобаларды меңгерген бала келесі топқа өтуге емін – еркін сөйлей алатын деңгейге жетеді. Бала көзбен көріп таныған затты дұрыс қабылдап, елестете алады. Сондықтан баламен сөйлескенде, әдеби шығармаларды оқығанда оларға суреттеп көрсетіп әңгімелеу өте әсерлі болмақ. Шығарманың мазмұны, көркем суреттер баланың сана сезіміне, жүйелі сөйлеуіне жол ашады. Бала оқыған әңгімені, ертегі мазмұнын сурет арқылы тез қабылдап түсінеді.

Сондай – ақ, ойын арқыла да балалардың айналадағы өмірден алған білімдерін, әсерлерін, жинақтаған тәжірибелері танымдық қабілеттерін аша түседі. Ойын барысында берілген тапсырмаларды шешуде балалардың ақыл – ойы дамиды. Міне осыдан баланың логикалық ойлау, қиялдау қабілеті шыңдалады. Балалардың ойлау қабілетін дамытатын, қызығушылығын арттыратын жұмыс түрі – логикалық ойындар. Бұл ойын баланы тапқырлыққа, логикалық ойлауға баулып, ойының ұшқырлығына, өздігінен шешім қабылдауға, салыстыруға, дәлелдеуге әсер етеді. Балалардың қызығушылығын арттыруда, танымдық қабілеттерін дамытуда мақсат:

- баланың зейінін, ойлау, зерде үрдістерін дамыту;
- қиялдарын ұштау; тапқырлыққа жетелеу;
- қызықты ойындар мен тапсырмаларды орындауға қызығушылығын арттыру.

Міндеттер:

- балалардың ойлау әрекетін дамытуға ықпал ету
- логикалық ойындар арқылы білім, білік, дағдыларын қалыптастыру
- балалардың математикалық тілде сөйлеу қабілеттерін жетілдіру

Баланың бойындағы қабілетті ашу шығармашылық бағытта дамуына жетелейді. Баланың ақыл – ойының дамуы тек белгілі бір білім көлемінде емес, танымдық іс – әрекет амалдары мен тәсілдерін игерумен бірге есте сақтау, ойлау, елестету, танымдық шығармашылық қабілеттерінің дамуын тұтас қамтиды. Бала дамуы үшін есте сақтауы мен қалыптасуы, есте сақтауы және ойлау қабілетімен тығыз байланысты. Ойлау үрдісі анализ, синтез, салыстыру, топтастыру жалпылау, тұжырымдау логикалық амалдардан тұрады. Логикалық ойлауы дамыған бала шығармашылыққа, ойлана әрекет етуге, өзінің іс – әрекетін талдауға үйренеді.

Логикалық ойлау: ойлау белсенділігі дамиды, сөздік қоры молаяды, қабілеті артады, қорытынды жасай алады, ойын жүйелей алады, эстетикалық талғамы артады, өз ойын еркін жеткізе алады, суретке қарап әңгіме құрай алады.

Балалардың ойлау қабілеті артып, олардың сөйлеу тілі жақсарады, іскерлік дағдылары қалыптасады, өз күштеріне сенімділіктері артады, ерік – жігер қалыптасады, баланың ашылуына себебін тигізеді. Сәбилер тобында бүлдіршіндерді сенсорлық тәрбиемен шыңдау үшін олармен тәрбиеші бір – біріне киілетін ойыншықтарды, геометриялық пішіндерді, ірі ұсақ фишкаларды қолдану арқылы, сенсорлық тәрбиенің, сезім мүшесінің дамуына әрекет жасап, бүлдіршіннің ойлау қабілетін жетілдіруге үлкен үлес қосады. Тәрбиеші балалармен бірге ойнау арқылы баланың санасына сіңдіре алады. Ал жоғары топ балаларына жұмбақты есептер, нүктелерді қосу арқылы таңбаны тану, математикалық диктанттар, таяқшаларды қозғау арқылы әр түрлі заттардың бейнесін жасау, мазайкалар, дамино ойындары, жұмбақ шешу арқылы танымдық ойлау қабілеттері жоғары деңгейде дамиды.

В.А.Сухомлинский айтқандай: «Ойын баланың алдынан өмір есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін дамытады, ойынсыз ақыл – ойдың қалыптасуы мүмкін емес» делінген. Жалпы ойын арқылы баланың жеке басын дамытуда, сөздік қорын молайтуда, қоршаған ортамен танып – білуіне, өздігінен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыруда ерекше орын алады. Жаңа стандартқа сәйкес мектеп жасына дейінгі балаларға арналған пәндік – дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылатын талаптардың бірі ретінде заттар мен ойыншықтарды еркін қолдану мүмкіндігін қамтамасыз ету керек. Бала үшін ойын өзін – өзі жетілдіру мен өзін – өзі көрсетудің құралы.

Оқу әрекетіне қолданатын ойын түрлері: дидактикалық ойын, желілі ролді ойын, қимыл – қозғалыс ойындар, үстел – үсті ойындар, логикалық ойындар, құрылыс ойындар, сенсорлық ойындар, жұмбақ ойындар, ұлттық ойындар, театрландырылған ойындар.

Ойындар оқу іс – әрекеті барысында балалардың қызығушылықтарын арттыру мақсатында, жас ерекшеліктеріне қарай қолданылады. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз, өзін еркін ұстайды. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі, ойлауы, қиялы қалыптасады. Ойын барысында

бала өзін үлкендер сияқты, өзінің сүйікті әңгімелері мен кейіпкерлері сияқты әрекет жасайды. Ойындардың негізгі мақсаты: балалардың ықылас зейінін, сөздік қорын, байқампаздығын, есте сақтау, қабылдауын дамытуға, икемділікті арттыруға, өзінің жеке құрбылырының іс – әрекетін бағалай, құрметтей, өз ісінің дұрыстығын дәлелдей білуін анықтау, қалыптастыру.

Ойын: жеке тұлғаны қалыптастырады, білім береді, тәрбиелейді, дамытады, еңбек әрекетін үйренеді, шыдамдылыққа үйретеді, ойын жинақтайды

Қорыта келе, аталған жұмыс түрлері, бала үшін, оның танымын, логикасын арттыру үшін өмірде қажетті екенін көрсетеді, яғни олардың шығармашылық деңгейін көтереді, қызығушылығын арттырады. Баланың ойлауын қалыптастыруға бағыттау оның оқу әрекетімен байланыста жүзеге асады. Сонымен қатар білім беру мазмұны кейбір пәндерде теориялық материалдарды ірілендіріп ұсыну арқылы да баланы ойлай білуге бағыттауды көздейді. Балаға нақты білімді хабарлау, ақыл – ой әрекетін ұйымдастыру, ақыл – ой қабілетінің дамуына қажетті шара болып табылады. Ойлау – сырттан әсер ететін заттар мен құбылыстардың мида жалпы және жанама түрде ұғым арқылы бейнеленуі.

Мектепке дейінгі балалардың танымдық ой – өрісін дамытуда көптеген талаптар мен ізденушіліктерді талап етеді. Егер осы мақсаттармен жұмыс атқарар болсақ: балаларды білімді, ұшқыр, талапты, білімді ұрпақ тәрбиелеп, жетілдіреміз.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Ә.Меңжанова. Мектепке дейінгі педагогика. Алматы 1992
2. В.И. Ядэшко Ф.А.Сохин. Мектепке жасына дейінгі педагогика. Алматы 1982ж.
3. Ә.Меңжанова, Г.Исмағұлова, Е.Дайрабаев. Мектепке дейінгі педагогика. Алматы 1982
4. Ф.Н. Жұмабекова. Мектепке дейінгі педагогика Астана-2008
5. В.Н.Логинова,П.Г.Саморукова Дошкольная педагогика Москва-1988


## МЕТОД ПРОЕКТОВ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ


**Морозова Марина Александровна**
г. Шымкент, воспитательница ГККП "Ясли-сад № 44 "Жанар"



***Түйін***

*Мақалада жобалау әдістемесін білім беру процесінде тиімді қолдану жолдары қарастырылған*

***Summary***

*The article is considered the effective ways to use of the methodology of the project in the educational process.*


Метод проектов можно представить как способ организации педагогического процесса, основанный на взаимодействии педагога и воспитанника, способ взаимодействия с окружающей средой, поэтапная практическая деятельность по достижению поставленной цели.

Тезис современного понимания метода проектов «Все, что я познаю, я знаю, для чего мне это надо и где и как я могу эти знания применить».

Метод проектов – это форма организации образовательного пространства и метод развития творческого познавательного мышления.

Проект - слово иноязычное, происходит оно от латинского — projectus. Уже его буквальный перевод объясняет многое — «брошенный вперед».

Цель. Стимулировать интерес детей к решению проблемы через практическое применение полученных знаний

Структура: определение цели–разработка–выполнение-итог (презентация)

| **Виды проектов по целевой установке (доминирующе** | **По предметно – содержательной области** | **По характеру координации** | **По количест ву участников** | **По продолжител ьности** |
|---|---|---|---|---|

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **й деятельности)** | | | | |
| **Эмпирические** – предполагают проведение собственных наблюдений и экспериментов в приобретении новой информации о мире природы, животных и человека.<br>**Исследовательские** – ориентированы на изучение и обобщение фактов, явлений природы, содержащихся в разных теоретических источниках.<br>**Творческие** - ориентированы на творчество детей по разработке модели, макета, сочинения сказок, рисование рисунков.<br>**Фантастические** – ориентированы на разработку несуществующих объектов и явлений.<br>**Информационные** – предполагают нахождение и сбор информации по определенной теме | **Монопроекты** (в рамках одного предмета)<br>• **творческие**<br>• **естественно-научные**<br>• **экологические**<br>• **спортивные**<br>• **географические**<br>• **исторические**<br>**Межпредметные** (в рамках нескольких предметов, например по тематическому плану работы ДОУ) | **С открытой координацией** (координатор руководитель проекта направляет и координирует работу участников: организовывает этапы, договаривается о встрече, и т.д.)<br>**со скрытой координацией** (координатор не обнаруживает себя, он участник проекта) | **Личностные**<br>**Парные**<br>**групповые** | **Краткосрочные** (для решения небольшой проблемы,1занятие, 1неделя)<br>**Средней продолжительности** (от недели до месяца)<br>**Долгосрочные** (от месяца до нескольких месяцев). |

Деятельность педагога и детей в работе над проектом

| Этапы проекта | Деятельность педагога | Деятельность детей |
|---|---|---|
| **1 этап**<br>**ОПРЕДЕЛЕНИЕ ЦЕЛИ** | 1. Формулирует проблему (цель). При её постановке определяется и продукт проекта.<br>2. Вводит в игровую (сюжетную) ситуацию<br>3. Подводит детей к формулировке задачи. | 1.Вхождение в проблем<br>2.Вживание в игровую ситуацию.<br>3.Принятие задачи. Дополнение задач. |
| **2 этап**<br>**Разработка проекта** | 1.Помогает объединиться детям для решения задач (шагов), выбрать ответственных.<br>2. Помогает спланировать деятельность.<br>3. Организует деятельность. | 1. Объединение в микрогруппы по желанию.<br>2. Распределение амплуа.<br>3. Участие в работе одной из групп. |
| **3 этап**<br>**Выполнение проекта** | 1.Практическая помощь при необходимости.<br>2.Направляет и контролирует осуществление проекта.<br>3. Проводит «круглые столы» с обсуждением результатов деятельности. | 1.Формирование специфических знаний, умений, навыков.<br>2.Обсуждают результаты деятельности, вносят коррективы. |
| **4 этап**<br>**Подведение итогов, презентация**. | 1.Подведение итогов (алгоритм - п. 6)<br>2. Подготовка к презентации.<br>3. Руководит презентацией. | 1. Обсуждают и отмечают успехи и неудачи.<br>2. Продукт деятельности готовят к презентации.<br>3. Представляют продукт деятельности. |

Проект- -это «пять П»: - проблема; - проектирование (планирование); - поиск информации; - продукт; - портфолио проекта – папка в которой собраны все рабочие материалы; - презентация.

Советы воспитателю по работе над проектом:

- глубоко изучить тематику проекта, подготовить предметно-пространственную развивающую среду;
- создавать игровую мотивацию, опираясь на интересы детей и их эмоциональный отклик;
- вводить детей в проблемную ситуацию, доступную для их понимания и с опорой на их личный опыт;
- заинтересовать каждого ребенка тематикой проекта, поддерживать его любознательность и устойчивый интерес к проблеме;
- при составлении совместного плана работы с детьми над проектом поддерживать детскую инициативу;
- тактично рассматривать все предложенные детьми варианты решения проблемы: ребенок должен иметь право на ошибку и не бояться высказываться;
- соблюдать принцип последовательности и регулярности в работе над проектом;
- в ходе работы над проектом создавать атмосферу сотворчества с ребенком, используя индивидуальный подход;
- развивать творческое воображение и фантазию детей;
- творчески подходить к реализации проекта; ориентировать детей на использование накопленных наблюдений, знаний, впечатлений;
- ненавязчиво вовлекать родителей в совместную работу над проектом, создавая радостную атмосферу совместного с ребенком творчества;
- заключительный этап проекта тщательно готовить и проводить его презентацию всеми участниками.

**Литература:**

1. Веракса Н. Е., Веракса А. Н. Проектная деятельность дошкольников. М.: Мозаика-синтез,2008.

2. Пахомова Н. Ю. Метод учебного проекта в образовательном учреждении. М.: АРКТИ, 2005.
3. Полат Е. С. Современные педагогические и информационные технологии в системе образования. М.: Академия, 2010.

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫ ЖАҢАРТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ПАЙДАЛАНУ

**Тилеулиева Мулдир Серикбаевна**
Шымкент қаласы, МКҚК" №24 "Алма" бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі

***Резюме***

*В данной статье рассматриваются применение инновационных образовательных технологий в дошкольной образований*

***Summary***

*The article is given information about to use of innovative educational technologies in preschool education.*

Өзіне-өзі сенімді, тәуелсіз, өзін сыйлайтын тұлға тәрбиелеу М.Монтессоридің алға қойған мақсаты. Монтессори педагогикасының ерекшелігі балаға деген көзқарас пен қарым-қатынас. Қайталанбайтын өзіндік көзқарасы, алға қойған мақсат - мүддесі бар тұлға ретінде қарау. Монтессори өзінің педагогикалық жүйесін бала табиғатына байланысты құрды. Баланың өсіп жетілуіне не қажет? Оның қажеттілігі өзіне қызмет атқаруға деген ұмтылыс екендігінде екені өзі ашқан мектептерінде дәлелдеп берген.

Әрбір ата-ана, білім ұйымдары, балаларға саналы тәрбие сапалы білім бергісі келеді. Осы орайда бұдан 100 жылдан астам пайда болған итальян гуманист педагогы Мария Монтессори педагогикасын ендірудің маңызы зор екендігі дәлелденуде.

Педагог-психолог, әрі дәрігер-гуманист Мария Монтессори 1870-1952 жылдары өмір сүрген. Италия елінде ол заманда әйел-дәрігер деген болмағандықтан Мария ем көрсету мекемелерінде жұмыс таба алмай дамуында кемістігі бар балалар ауруханасында жұмыс атқарған. Бүгінгі күні Мария Монтессори өз елінің мақтанышы тіпті, мемлекеттің кейбір банкнотында Марияның суреті бейнеленген.

Өзі ойлап тапқан материалдарды бірінші психикалық дамуында ауытқуы бара балаларға қолданып, ол жерде оның оң көрсеткішінін көре отырып дені сау балаларға сезім тәрбиесін және баланы өзіне қызмет етуге , тәртіпке тәрбиелеу мақсатында қолданды. Бүгінгі таңда Монтессори материалдары өзінің актуалдығын жоғалтпай келеді. Монтессори педагогикасы неге негізделіп құрылды деп айтатын болсақ , оның негізі әрбір баланың қажеттілігін, оның жекелік қабілеттерін есептей келе қолдану болып табылады.

Монтессори жүйесінің ерекшелігі бұл жерде баланы жазалау, ерекшелеп мақтау тәсілдері қолданылмайды. Балалар ішкі бостандық пен өз бетінше қызмет атқару мүмкіндігіне ие болады. Монтессори балабақшасының девизіне тоқталатын болсақ: «Маған өзім атқаруыма көмектес» - яғни бала үшін үлкен тапсырманы орындамайды. Бала көмек сұраған жағдайда ғана үлкендер көмектесе алады.

Монтессори балабақшасында барлық дамыту материалдары балалардың бойына айықталып, көзінің тұсында орналасады. Олардың өзінің орналасу реті бар, мысалы балаларды еңбекке үйрету материалдары бір жерге жинақталса, балалардың қол қимылын дамыту материалдары екінші орталыққа орналасады. Ол жерде байлау, түймелеу, тесіктен өткізу, ілмектеу қимылдарына байланысты материалдар жинақталуы тиіс. Ал Монтессори мектебіндегі (балабақшасындағы) «бостандық» деген ұғымды қалай түсінуіміз қажет дейтін болсақ, ол жерде парта деген түсінік жоқ, оның орнына баланың жасы мен бойына лайық үстел мен орындықтар, бала қай жерде, кіммен ойнағысы, немен айналысқысы келетінін өзі таңдайды.

Монтессори педагогикасы пайда болдуы. Балалардың ойынға деген қажеттілігі. Мария Монтессориге баланың даму заңдылықтары туралы түсінігі.

Баланың өзі-өзі дамытуға ұмтылысы туралы Монтессори пікірі (адами жағдай). Монтессори және Э.Сегеннің ғылыми еңбектері. Э.Сегенннің зерттеуі бойынша балалардың көрнекі-бейнелі ойын пайдалана отырып сөйлемейтін баланың да сенсорлық қабілетін дамыту теориясы мен практикасы.

Балаға жүргізген зерттеулері. Балалардың ойлау қабілетін қол моторикасын дамыту арқылы дамитыны жағдайы бойынша психология ғылымындағы белгілі психологтар Фрейд, Эльконин өз ғылыми еңбектері.

Мария Монтессоридің бала тәрбиесіне қосқан үлесі ол баланы жан-жақты дамытуға мүмкіндік беретін түрлі монтессори материалдар.

Монтессори мектебіндегі ережелер: «әр заттың өз орны бар», «біз бір-бірімізге кедергі жасамаймыз», «кілемше төселген жерді айналып өтеміз», деген ережелерді барлық балалар түйсіндіріледі. Жұмыс барысында тәрбиешімен бірге балалар жай сөйлейді, басқаларға кедергі жасауға болмайды.

Оқу құралдары дайындалуы, орналасу реті, пайдалану жолдары.

Балабақшадағы негізгі және көмекші дамыту орталары:

«іс-тәжірибе аймағы».

«Сенсорлық орта» баланың логикалық және абстрактылы ойын, есту, көру, сипап сезу, дәм сезу қабілеттерін жеткілікті дәрежеде дамуына мүмкіндік береді.

Осы жерде тіл дамыту, оқуға үйрену, жазу, қол майда қимыл қозғалысын дамыту материалдары орналасады. Бала сонда аты аталған іс-әрекетпен айналысады.

Космостық аймақта жер шарын бейнелейтін глобус, материктерді бейнелейтін карта, әрбір континенттің түймелер бойынша алынып салынатын материалдар орналасады.

Бұдан 100 жылдан астам уақытта М. Монтессори адам өмірге өз тапсырмасымен келеді, егер ғылыми педагогика жеке адамды зерттеуден туатын болса, онда ол зерттеу тәуелсіз баланы зерттеуден басталуы тиіс»,- деп айтып кеткен екен. Сол тәуелсіздік пен бостандықтың нәтижесі төмендегідей :

- жекелік;
- өзіне бақылау жасай білу;
- бір затқа барлық зейіні тұрақтандыра білу;
- оқу ісінде алға игерілеушілік;
- тәртіпке бағыну;
- еркіндік сезімін тәрбиелеуй білу;
- жауапкершілік:
- өз бетінше таңдау жасай білу;
- тәуелсіздік және
- қуана білу.

Н.Зайцев технологиясы туралы. Технологияның мақсаты. Кестенің құрылымы. Кестемен таныстыру. Зайцев технологиясын пайдалану әдістері. Кесте бойынша санау әдістері. Тура сануға және кері санауға үйрету жолдары. Ондықтармен, тақ сан бойынша және жұп сан бойынша санау. Айналаны бағдарлауға үйрету жұмысын жалғастыру. Санның құрамы туралы түсінік беру. Жеке баламен жұмыс. Топтық жұмысты ұйымдастыру.

Есептеуге үйрету әдіс-тәсілдері. Педагогикалық процесті сапалы ұйымдастыруда жаңашыл технологиялардың алатын орны.

Мектепке дейінгі жастағы баланы оқыту, дамыту тапсырмалары мазмұны. «Біз мектепке барамыз» бағдарламасындағы «Сауат ашу» бөлімі тапсырмалары. Балалардың сауатын дәстүрлі әдіс-тәсілдермен ашу әдіс-тәсілдері.

Ә. Жүнісбеков әдісі мазмұны. Жүнісбеков әдісінде қолданатын материалдар туралы. Кестенің құрылымы, текшелердің түрлері. Текшелермен таныстыру, кесте туралы мағлұмат. Құрақтардың түрлілігі туралы түсінік. Әріп құрақтар мен және буын құрақтармен таныстыру жолдары. Дыбыстар мен таныстыру. Дыбыстарды кесте бойынша ажыратып, талдау.

Кесте бойынша оқуға дайындық жұмысы. Кестемен оқу. Текшелерді сұрыптау, текшелермен баланы оқуға үйрету әдістері. Бірнеше дыбыстан құралатын әріптермен таныстыру. Текшені оқу тәртібі туралы.

Сауат ашу сабағын тіл дамыту, көркем әдебиет сабақтарымен байланыстыру. Жуан және жіңішке сөздер жазу. Сингармонизм ережесіне бағынбайтын сөздермен таныстыру. Жазылуы мен оқылуында айырмашылығы бар сөздер туралы түсінік беру.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. М.Монтессори. Помоги мне сделать самому . М.Изд дом «Карапуз» 2011г.

2. Н.В.Пятибратова. Логопедические занятия с элементами методики М.Монтессори, творческий центр «Сфера» 2010 г.
3. Н.Зайцев «Развивающие занятия вместе с мамой» 2013 г.

## БАЛАБАҚШАДА ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

**Усманова Шахноза Фахриддиновна**
Шымкент қаласы, МКҚК №69 "Еркебұлан" бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі

***Резюме***

*В данной статье рассматривается использование инновационных технологий в дошкольных организациях при обновленных процессах обучения*

***Summary***

*This paper considers the usage of innovative technologiesin pre-school educational institutions*

Қазақстанның ұлттық сананы қалыптастыру ,қазақстандық жаңартылған білім беру моделін құру, білім берудің жаһандану жағдайында педагогикалық кадрларды кәсіби дайындаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін қарастыру, ғаламдық бәсекелестік ортадағы заманауи білім берудің жаңа парадигмалары аясында зияткер тұлғаны қалыптастыруда инновациялық озық іс-тәжірибені үйрету, педагогтың шығармашылық әлеуетін жетілдіру, оқытудың ғылыми-әдістемелік деңгейін және білім сапасын арттыру жолдарын қарастыру. Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін, заман талабына сай білім қажет. Жаңа білім берудің негізгі мақсаты - білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Қазіргі таңда мектепке дейінгі орындарда инновациялық технологияны ендіруге көптеп күш жұмсалуда. Сол себепті мектепке дейінгі ұйымдарда педагогтардың негізгі міндеті: әдіс тәсілдерді дұрыс таңдау, жаңаша педагогикалық технологияларды дұрыс қолдана білу, жеке тұлғаның дұрыс дамып қалыптасуы үшін ыңғайлы жағдай жасау. Мектепке дейінгі білім беру орындарында, педагогикалық технологиялар мектепке дейінгі білім беру стандартын жүзеге асыруға бағытау. Сонымен қатар, мектепке дейінгі мекемелерде инновациялық білім беру құралдарын қолдану . Бүгінгі таңда білім беру мазмұнын жаңарту өте маңызды өзгерістердің сатысында тұр. Білім беру мазмұнын жаңарту - сапалы білім,жарқын болашаққа негіздеп, бірқатар жетістіктер формуласын ұсынған үлгі және оқу-тәрбиелік үрдісті жан-жақты жаңа әдіс-тәсілдермен ұштастыру болып табылады. Жаңа ғасыр табалдырығын білім мен ғылымды инновациялық технология бағытымен дамыту мақсатымен атауымыз үлкен үміттің басты нышаны болып табылады, «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрппақа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру- бүгінгі күннің басты талабы. Сонымен біздер тәрбиелеп жүрген бүгінгі ұрпақ-тәуелсіз еліміздің ертеңгі иелері. Ал олар тек біліммен ғана сусындап,ғылым мен техниканың жаңа үрдісіне ғана ілесіп жүретін болса,рухани дамуда ізгілікке, өнерге ұмтылу болмаса, біздің тәрбиеміз бір жақты ғана болар еді. Демек өскелең ұрпақтың жан-жақты болып өсуіне тәрбиеші еңбегі орасан десек, өз мамандығына шексіз берілген, баланы сүйе білетін, оларды сабағымен қызықтыра білетін тәрбиеші ғана заманына лайық бүлдіршінді тәрбиелей алады.Сонымен қатар ол-тәрбиеленушілердің білімділік және танымдық мазмұн қасиеттерін, шығармашылық іс-әрекеттері мен тәжірибе жинақтауларын дамыта отырып, олардың білімінің ауқымдылығы мен құндылығын жан-жақты түсінуіне және оны жете сезінуіне ой салады. Өйткені, білім қорлары балаларымыздың салауатты өмір сүруіне жағдай туғызып, оларға патриоттық-интернационалдық және рухани-мәдени тәлім-тәрбие беріп, әрі сауаттылықты жандандырады. Ендеше үйрету мен үйренудің қызығушылығынан туатын бұл әдістер баланы білім теңізіне жетелеумен бірге тәрбиешінің де тынымсыз ізденісін қамтамасыз етеді.

Әрине ол үшін мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуында педагогтардың педагогикалық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты. Яғни, педагогикалық технологияны қолдану негізінде келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау қазіргі таңдағы әрбір педагогтың міндеті. Қоғамдағы қазіргі даму кезеңінде мектепке дейінгі мекемелердегі білім беру жүйесінде оқыту тәрбие беру үрдісін технологияландыру –басты мәселенің бірі, осыған орай мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеудің әр түрлі технологиялары жасалып енгізілуде. Білім беру жүйесінде педагогикалық технологияны қолдану

келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау әрбір педагогтың міндеті болып табылады. Білім беру жүйесінде қолданылып жүрген педагогикалық технологиялар, ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру, ойын арқылы оқыту, проблемалық оқыту, тірек сигналдары арқылы оқыту, дамыта оқыту, түсіндіре басқарып оза оқыту, өздігінен оқыту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту, оқытудың компьютерлік технологиясы, бағдарламалап оқыту ,деңгейлеп оқыту т.б. Білім берудің алғашқы деңгейлері балабақшадан басталмақ. Мақсаты мектепке дейінгі білім балалардың білім алуына бірдей бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету. Кез келген оқыту технологиясы тәрбиешіден терең теориялық, психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді педагогикалық шеберлікті, балалардың жан дүниесіне терең үңіліп оны ұғына білуді талап етеді. Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде қолданатын педагогикалқы технологиялардың бірнеше түріне тоқталайық.

*1. Ойын арқылы оқыту* технологиясының мақсаты дидактикалқы, тәрбиелік, дамытушылық, әлеуметтендірушілік мақсатқа жету. Ойын технологиясының ерекшелігі ойындық іс-әрекеттің психологиялық механизмі жеке бастың өзіндік талап-талғамдарына сүйенеді. Баланың бойындағы білімділік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түсуді көздейді. Ойын балалар үшін оқу да еңбек те. Ойын айналадағы дүниені танудың тәсілі. Сонымен қатар ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймайды, олардың ұйымдастырушылық қабілеттерін де қалыптастырады. Ойын-әлеуметтік қызмет. Ол баланың жасына қарай өзін қоршаған ортаны танып білуге құштарлығын арттырады.

*2. Дамыта оқыту технологиясы* - баланы оқыта отырып,дамыту. Бала бойында еркіндік, мақсаткерлік, ар-намыс,мақтаныш сезім, дербестік, адамгершілік, еңбексүйгіштік, белсенділік т.б қасиеттер дамыту болып табылады. Оқытуда интерактивті кешендерді пайдалану сапалы,қызықты және оңтайлы болып келеді.

*3. Проблемалық оқыту технологиясы* - баланы өз бетімен ізденуге үретіп қана қоймай, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытад Яғни, балалардың белсенділігін арттыру, оқу материалына баланы қызықтыратындай мәселе тудыру, бала материалды сезім мүшелері арқылы ғана қабылдап қоймайды, білімге деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында меңгереді. Бұл технологияда бала оқытуды өмірмен және еңбегімен байланыстырады.

Қорыта келгенде аталған педагогикалқы технологиялар мен инновациялық құралдар балабақшада балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктеріне сай пайдалануға болады. Жаңа технологияларды балабақшада енгізу оңай болады. Бүгінгі жаһандану заманында жас ұрпаққа әлемдік стандартқа сәйкес білім беру мәселелері мемлекетіміздегі педагогикалық тұрғыда әлемдік жинақталған тәжірибені және отандық озат тәжірибені саралай отырып, оқыту мен тәрбиелеуді заман талабына сай жаңашыл ұстаз, жаңашыл, құзырлы тұлға қалыптастыруға болады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология /оқулық/2003ж.
2. Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиелеу-оқыту жұмысында инновациялық технологияларды енгізудің талаптары: әдістемелік ұсыным.– Астана, 2014, – 36 б.


## БАЛАБАҚША – ТӘРБИЕ БАСТАУЫ


**Тулеева Динара Амирхановна**

Шымкент қаласы, МКҚК №29 "Ай-Керім" бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі



***Резюме***

*В данной статья рассматривается особенности виляния детского сада для формирования национальных ценностей у детей.*

***Summary***

*In tihis article is written aboutnational values that influence to younq children at the kinderqarden*


Қазақ халқы қай уақытта болмасын, ұрпақ тәрбиесін ұлттың тағдыры, ұлттың болашағы деп білген. Сондықтан тәрбие мәселесіне көңіл бөліп, оған тиімді әдіс-тәсілдерді қолданып, қарастыру әрбір ұжымның тапқырлығы мен іскерлігін, ізденімпаздығы мен шығармашылығын талап етеді. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы,

тәрбиесіз берілген білім адамзатқа апат әкеледі» деген ғұлама ғалым Әбу Насыр Әл-Фараби ойын әр бір ұстаз, әрбір ата-ана өздеріне қағида ретінде ұстанса нұр үстіне нұр болар еді. Оқу мен тәрбие — бір-бірінен бөлек алынып қаралмайтын күрделі процесс. Жаңа заманның жаңашыл ұстазы осы екі үрдісті бірдей теңестіріп алып жүру оның шеберлігі мен іскерлігін көрсетеді. Біз қанша дамып басқа өмір саласындағы жетістіктерге жетсек те, бала тәрбиесі бір сәтте назардан тыс қалмауы тиіс. Бала жас тал болса, ал ересектер оған бағбан болуы ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан іс. Сәби жанын небір жақсылық нәрімен суару – оны өсіруші, тәрбиелеуші тәрбиешінің міндеті. Бүлдіршіндердің сезімдері өте нәзік, әсершіл келеді. Оларға айтқан, көрсеткен нәрселердің бәрі – шындық, сұлу, әсем, жарасымды болуы керек.Тәрбие – қалып тәрізді, егер қалып қисық, олпы-солпы болса, сол қалыпқа салынған зат та оңды болмайды. Бала тәрбиесі де дәл сол сияқты. Сондықтанда бала бойына жас кезінен бастап рухани құндылықтар, мейірімділік, инабаттылық, сұлулық, жақсылық, еркіндік сияқты қасиеттерді қалыптастыру – тәрбиешінің міндеті. Сонда ғана бала бой көтеріп, бәйтерекке айналады.

Ұлы Мағжанша айтар болсақ, балаға тәрбиені беруде адам ең бірінші өз тәжірибесіне сүйенеді. Адамның өз тәжірибесі – оның жүріп өткен жолы, көрген-білгені. Бірақ әр адамның жолы тура жол, бала тәрбиесінде қатып қалған осы жолмен жүру керек деуге де болмайды. Ол жолдың тек дұрысын ғана таңдап алу керек. Балаға міндетті түрде өзіңді қайталату мақсат емес, өзіңнен асырып түсіру мақсат. Бала кейде сенің ойлағаныңнан да артық затты немесе қиялына ерік берсе ешкімнің ойы түгіл түсіне де кіре бермейтін идеяларды дүниеге әкелетіні рас. Сондықтан педагогтың өз тәжірибесіне сүйенуі аздық етеді.

Екінші жағынан, ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып тәрбиелеу. Халқымыздың баға жетпес құнды қасиеттерін жастайынан санасына сіңіріп өскен бала өскенде ұлтжанды, халқының намысын қорғайтын азамат болмасына кім кепіл?

Бала үшін дүниеде ең жетілген, білімді де, мәртебелі адам – оның ата – анасы. Ал, ең әдемі де жарық үй – оның туылған үйі. Жас баланың дамуында ата-ананың орыны ерекше, сондықтан ата-ана өз отбасында қолайсыз жағдайларды баланың көзінше тудырмауға тырысуы қажет. Отбасындағы ұрыс-керіс баланың жүйкесін тоздырады. Кейбір ата-аналар өз перзентін шектен тыс еркелетіп, баланың бетінен қақпай, көңіліне қарап тәрбиелейді. Ата-аналар балаға отбасылық өмірдің алуан түрлі, қыры мен сырын дүние жұмбақтарын танытып, тағылым талғамға, әдептілікке баулуға тиіс. Себебі, ата-ананың күнделікті өмір тіршілігіндегі еңбегі, адамның бейнелері, жақсы мінез-құлқы, дұрыс қарым-қатынасы – балаға үлгі. Баланың алдында барынша сабырлы әрі ұстамды болуға тырысу керек, ата-ана өзі үлгі бола отырып, баласын сабырлылыққа тәрбиелейді. Әрбір ата-ана өз баласы үшін-басты тұлға. Сондықтанда да кез-келген бала алдымен үлгіні ата-анасынан алады. Бала әкеден ақыл, анадан мейір алады. Ата-ана баласымен пікірлесуде бейауыз сөздерді қолданбай, дөрекілікпен жеке басын қорламай, мейірімді, табиғи, жылы ақылды сөздер айтып өнеге бола білсе, тәрбие де табысқа жетеді, өйткені, жақсы сөз жан семіртеді.Сонымен қатар мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық ұжымы ата-аналармен бірлесіп, баланы өсіріп тәрбиелеудегі басты мақсат қоғамдық өмірге түзу кірпіш қалау екенін ескере отырып, ал осы мақсатты жүзеге асыру үшін, алдындағы қандай болмасын қиындықтарын жеңу, соған сәби кезінен төмендегі мынадай көзқарастарды негізгі ұстанымым ретінде қабылдау. Көзқарастар мыналар: баланы сәби ол әлі ештеңе білмейді, ұқпайды деп жай көзбен қарамау керек, өйткені ол да өсіп келе жатқан тұлға. Баланы әр уақытта шындыққа үйрету. Еш уақытта алдамай, шындықты ашып айтып сол жағдайға дұрыс көзқараспен қарауға жағдай туғызу. Баланың өз ісін уақытымен күнде қадағалау, бақылау. Баланың ана тілін толық меңгеруі, ұлттық-сана сезімін тәрбиелеу, денсаулығын түзету, бала тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін білу жөніндегі дағдыларын қалыптастыру мектепке дейінгі мекемелерге берілген. Тәрбиенің сан алуан келелі мәселесін шешетін, қарапайым дағдыларды бала санасына орнықтыратын алғашқы білім баспалдағы – балабақша. Балабақшада халық педагогикасын бала бойына сіңіре отырып имандылыққа, адамгершілікке тәрбиелейміз. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартының бес саласының әр бөлімдеріндерінің ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінде салт-дәстүрдің барлық түрлерін баланың бойына сіңірудеміз. Мысалы: тұсау кесу, бесікке салу, тілашар т.б. Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілер өз тәжірибелерінде халық ауыз әдебиетінінің ішінен жиі мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, санамақтар, ертегілерді оқу іс-әрекеттерінде пайдаланады. Бүгінгі күнде жас ұрпақтың сана сезіміне өз елінің, жерінің тарихы мен мәдениеті туралы алғашқы ұғымдарды кішкентай кезінен қалыптастырамыз. Сондықтан тәрбиенің сан қилы дағдыларын бала бойына дарытатын алғашқы білім баспалдағы – балабақша, жол сілтеп, жетелеп, үйретуші — тәрбиеші. Балабақшадағы тәрбие – қазақи ұлттық сана, ұлттық психология қалыптасқан парасатты, адамгершілік қадір – қасиеті мол, физикалық және моральдық жоғары белсенді жеке адамды қалыптастырып шығару процесі болып табылады. Тәрбиелеу мен білім берудің әрекеті

практикалық процесс үстінде қалыптастырылады. Тәрбиелеу мен оқытудың міндеттері баланың осы іс-әрекет түрлерін қалыптастыру және оны белгілі бір мақсатқа бағыттап отыруды көздейді. Ойнау, еңбек ету, және білім алу барысында ақыл-ой, адамгершілік, физикалық және көркем тәрбие, даму процесі қатар жүреді.

Қазақ халқы бала тәрбиесіне ешқашан да бей-жай қарамаған. «Ұрпақ тәрбиесі — ұлт болашағы», — деп бала тәрбиесіне аса зор жауапкершілік жүктелген. Оны ел ішінде айтылатын қанатты сөздерден де көруге болады. Бала – болашағың, әрі өсіріп, баптап отырған бәйтерегің. Бүгінгі бүлдіршін – еліміздің байрағын желбіретер ертеңгі азамат. Адам баласы шыр етіп дүниеге келген сәби кезінен бастап берілетін тәлім – тәрбиенің маңызы өте зор Бірақ, бала тәрбиесі оңай іс емес. Ал, сол сәбилердің қызығы мен шышығын көріп, еркелігін көтеріп, анасындай бауырына басқан, тәрбиеші қауымның атқарар ісі мен көтерер жүгі ауыр да жауапты. «Еккенің тікен болса, орғаның балауса болмас»,- деп қазақ халқы бекер айтпаған. Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің маңызы өте зор. Әрбір баланың мінез –құлқы ата-анасының, тәрбиешісінің жағымды іс-әрекетінен үлгі алу барысында қалыптасады. Отбасы мен балабақша бірлесіп тәрбиелеген бала жеміс берген ағашпен тең. Балабақша – баланың жүйелі түрде білім – тәрбие алатын ең алғашқы қоғамдық ошағы. Балабақшаның балаға беретін тәлім – тәрбиесінің қаншалықты мықты болуы, сол балабақшада қызмет ететін тәрбиешіге байланысты. Бала тәрбиесімен айналысатын әрбір тәрбиешінің алға қойған мақсат-міндеті мен өзіндік ұстанымы болуы керек.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1.Баймбетова Айгул Байшымыровна «Бала тәрбиесіндегі балабақшаның рөлі»
2. Картаева Таншолопан Сериковна «Балабақша − бала тәрбиесінің іргетасы»

## БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ОТБАСЫ МЕН БАЛАБАҚШАНЫҢ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

**Узахова Салтанат Наурзбаевна**
Шымкент қаласы, МКҚК №43 "Алмаз" бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі

***Резюме***

*В данной статья рассматриваются взаимодействие семьи и дошкольной образовательной организации по воспитанию детей дошкольного возраста*

***Summary***

*This article discusses the interaction between family and preschool educational organization in raising preschool children*

Бүгінгі таңда ата-ана мен тәрбиеші арасындағы ортақ мәселе - бала тәрбиесі екені баршамызға мәлім. Ата-ана үшін бала өмір жалғасы, көздің нұры, үміт күткен шырағы, келешек қызық көрсетер болашағы десек, тәрбиеші үшін еңбегінің нәрлі жемісі болып табылады.

Қай халық болмасын үмітін ең алдымен ұрпағымен байланыстырады. Міне, сондықтанда: «Ана үйдің берекесі, бала үйдің мерекесі», «Бала болсаң болғандай бол, айналаңа қорғандай бол» деген қағиданы берік ұстанған ата-бабаларымыз өз ұрпағын «Адам, азамат» деген атқа лайық етіп өсіруді мақсат еткен. Бала тәрбиесінің қай саласында болсын, ата-ананың өнегесі үлкен рөл атқарады. Егер баланың ата-анасы үйді таза ұстап, өздерін күте білсе, жақындармен сыпайы қарым-қатынаста болса, жақсы кітап, кино шығармалар жайлы әңгімелеп отырса баланың эстетикалық танымын күшейте түсері хақ. Отбасы-бұл баланың өмір сүру ортасы қамқорлықтың тұрақты көзі, тәрбиелеу мен қарапайым біліммен каруландыру және шешім қабылдай білуге үйрететін ең жақын адамдардың мейірім шуағын сезінетін орын.

Отбасында тұрақты, жылы жағдай қалыптасқан болса, ондай ортада тәрбие алып өскен бала да жақсы жетістіктерге жетіп, өзінің даму әлеуетіне көтеріле алады. Алайда, заманауи отбасылары қоғамдық дамудың сапалы және қарама-қайшы жағдайында қалыптасады.

1. Қоғамның қарқынды жіктелуі (материалдық байлығының деңгейі және әлеуметтік мәртебесі бойынша)
2. Балалардың психикасына кері әсер тигізетін ажырасулар санының артуы.
3. Бір ата –анаға тәрбие беретін отбасылар санының өсуі.
4. Бұқаралық ақпарат құралдары мен интернет жаһандық желісінің қуатты озбырлық ықпалы.

Сапалық тұрғыдан алғанда отбасын нығайту жөнінде кешенді бағдарламалар әзірленіп жүзеге асырылуда. Ал отбасындағы қарама қайшылық мәселелерді шиеленістіруге әкеліп соқтыратын жағдайлар.

Отбасымен педагогикалық ынтымақтастық баланың қанағаттану деңгейімен тәрбиеші жұмысының сапасын арттырады. Осының барлығы отбасымен қоғамдық мекемелердің бірігіп жұмыс жасауының нәтижелі болатындығына көз жеткізеді. Ол үшін алдымен баланың отбасылық ортасы зерттелуі керек. Зерттеу әдістері: бақылау, әңгімелесу жеке және топтық, сауалнама іскерлік ойын арқылы балалардың отбасылық ортасына зерттеу жүргізіледі.

Отбасылық орта мынадай параметрмен анықталады:

1. Әлеуметтік мәдени орта, ата-аналардың және отбасының басқа мүшелері, ата-аналардың білімділік деңгейі, қоғам өміріне, балабақша істеріне қызығушылығы.
2. Техникалық-гигиеналық орта: тұрмыс тіршілік жағдайлары, үй жайдың жабдықталуы, тұрмыс салтының ерекшеліктері.
3. Демографиялық орта: Отбасы құрылымы, оның жасқа байланысты құрамы.

Отбасы тәрбиесін ұйымдастыруға қойылатын жалпы талаптар

1. Баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуының физикалық, психикалық, адамгершілік саулығының негіздері.
2. Отбасы баланы әлеуметтендірудің қалыптасуының алғашқы институты.
3. Баланың қоғамда өмір сүру даярлығын реттеу және бақылау.
4. Ата-аналардың баланың денсаулық жағдайларына дене бітімінің даму деңгейіне отбасы мүмкіндігіне сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарды таңдауға құқы бар.

Отбасы тіршілігін, дәстүрі мен рухани бағдарын зерттеу арқылы баланың мінез-құлық жағдайларын анықтауға болады. Отбасындағы тәрбиелеу жұмыстарымен танысқаннан кейін алынған ақпарат ата-аналарды балабақша жұмысына қызықтыратын оңтайлы жағдайда құрылу керек. Яғни, ата-ана балабақшада өздерінің балаларына деген құрмет пен махабатты сезінуі керек.

*Ата-аналармен жұмыстың түрлері:*

| *Дәстүрлі* | *Дәстүрден тыс* |
|---|---|
| 1. Ата-аналар жиналыстары.<br>-Жеке топтық және балабақшаның жалпы конференцияларын ұйымдастыру.<br>- Тәрбиеші-педагогтың жеке кеңесі;<br>- Балалардың үйінде болуы;<br>- Ашық есік күндері;<br>- Отбасы жөнінде мәліметтер дәптерін толтыру;<br>- Ата-аналарға арналған ақпараттар бұрышы;<br>- Әр түрлі тәрбиелік шараларға, мерекелік ойын-сауық ертеңгіліктерге қатысу;<br>- Оқу-тәрбие үрдісін жоспарлауға қатыстыру;<br>- Сауалнама жүргізу,әңгімелесу. | *2.* Ата-аналармен тренингтер өткізу.<br>- Пікір сайыстар жүргізу;<br>- Психологиялық демалыс сәттері (разминка);<br>- Ауызша журнал;<br>- Ата-аналар кештер;.<br>- Ата-аналар оқулары;<br>- Ата-аналар рингі;<br>- Ашық сабақтар.<br>«Менің жанұям газетін»шығару. |

*Отбасы тәрбиесін ұйымдастыруға қойылатын жалпы талаптар:*

Отбасы баланы әлеуметтендірудің алғашқы институты ретінде қалыптасуының физикалық, психикалық адамгершілік саулығының негіздерін қалайды. Баланың жетістіктерін қажеттілігін қалыптастырады. Ресми және бейресми ереже, ұстанымдар нормалар мен белгілер кешенін анықтайды. Баланың қоғамда өмір сүруге даярлығын реттейді және бақылайды. Баланың әлеуметтік байланыстар туралы ұғымын қалыптастырады. Баланың мінез құлқының жалпы адамзаттың моральдық және мәдени стандарттарына үйретеді. Ата-аналардың немесе заңды өкілдердің баланың жеке қабілеттеріне, денсаулық жағдайларына дене бітімінің даму деңгейіне отбасы мүмкіндіктеріне сәйкес мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын таңдауға құқығы бар.

*Отбасы тәрбиесінің міндеттері:*

Баланың дене және танымдық дамуы үшін максималды қауіпсіз жағдайлармен түрлі мүмкіндіктер жасау. Баланы эмоционалдық қолдауды қамтамассыз ету. Баланың жақын және басқа адамдармен қарым-қатынас жасауы, олармен берік қарым-қатынас орнатудағы жеке талаптарын қанағаттандыру, тіршілік іс әрекеттерінде қауіпсіздік туралы алғашқы білімін қалыптастыру, өзіне-өзі қызмет етуге және жақындарына көмектесуге бағытталған қолданбалы дағдылар мен іскерлікке үйрету, тілдік қатынастық дамуын қамтамассыз ету, отбасы мен қоғамның дәстүрлерімен құндылықтарына тәрбиелеу, бейімімен қызығушылығын дамыту. Отбасы тәрбиесін ұйымдастыру шарттары; отбасы бала тұлғасын дамытуда оның алғашқы қоршаған ортасын құрады.

*Ата-Ана топтары:* Балалары үлгілі отбасылар тобы. Барлық мүмкіндігі бар тек бала тәрбиесіне кері (әртүрлі себептерге сай) әсер ететін отбасылар.
Отбасындағы қарым-қатынастар: Түрлі себептерден туындаған отбасындағы қайшылықты қарым-қатынас. Ортақ мүддеге негізделген бірыңғай қарым-қатынас. Ынтымақтастық қарым-қатынас (отбасы мүшелерінің өзара түсіністікпен көмекке бағытталған қарым- қатынасы).
*Отбасы мен балабақшаның өзара әрекетінің басты қызметтері:*
- ақпараттық;
- тәрбиелік-дамытушылық;
- қалыптастырушылық;
- қорғау-сауықтырушылық;
- бақылаушылық;
- тұрмыстық

Отбасы мен балабақша ынтымақтастығын өзара ұйымдастыру жолдары;
Отбасының тәрбиелік мүмкіндігі мен балабақша ынтымақтастығын өзара ұйымдастыру жолдары: отбасының тәрбиелік мүмкіндігі мен күш қуатын айқындау мақсатындағы зерттеу, адамгершілік бағыттылығына қарай топтастыру, бірлескен әрекеттерінің ағымдық және соңғы нәтижелерін талдау.

Тәрбиешінің жүргізген жұмысынан хабарлы болу үшін ата – аналарға топта «Сіздер үшін ата - ана» бұрышын жасау. Онда ата – аналар «Бізбен бірге оқыңыз» айдарынан күнделікті жүргізілген тәрбие жұмыстары бойынша толық мағлұматтар алады. Сонымен қатар балабақша күн тәртібімен танысады. Мұнда ата – ана баласының жетістіктерін немесе қиындықтарын көреді, жәнеде балада қиындық тудыратын мәселелерді, үйде ұйымдастыру бойынша тәрбиешіден әдістемелік нұсқаулар, дидактикалық ойындар пайдаланатын әдебиеттер секілді кепілдемелер алады.

Ата-анамен балабақша арасындағы тығыз қарым-қатынас, бірлік, ынтымақ жарасым тапқан жағдайда оның бала тәрбиесіне тигізетін ықпалы да нәтижелі болмақ.Біздің мақсатымыз XXI ғасыр талабына сай жаңашыл, шығармашыл, мәдениетті, жан-жақты сауатты жеке тұлға тәрбиелеу.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Н.К. Крупская, Мектепке дейінгі тәрбие туралы.-Алматы: «Мектеп», 1988
2. ҚР «Неке және отбасы» заңнамасы.- Астана: Елорда, 2011
3. Ф. Жұмабекова. Мектепке дейінгі педагогика.-Астана, 2008.- Б.149, Б. 151
4. Детский сад и семья //Т.А. Маркованың редакциясымен.- Москва: Просвещение», 1986.-Б 19
5. Бала тәрбиесі// №12, 2009.- Б. 17

.

## БАЛАБАҚШАЛАРДА ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ҚОЛДАНУ

**Торегелдиева Сагдат Ерсаиынкызы**
Шымкент қаласы, МКҚК №69 "Еркебұлан" бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі

***Резюме***
*В данной статье рассматривается применение национальных игр в детских садах*
***Summary***
*This article discusses the use of national games in kindergartens*

Қазақ халқының жылдар бойы атадан балаға жалғасып, қалыптасқан ұлттық дәстүрі, әдет-ғұрпы, тәрбие мектебі бар. Баршамызға белгілі, ойын арқылы баланың дене құрылысы жетіліп, өзі жасаған қимылына сенімі артады. Баланың бойында ойлау, тапқырлық, ұйымдастырушылық, шыдамдылық, белсенділік қасиеттер қалыптасады. Ойын дегеніміз – жаттығу, ол арқылы бала өмірге әзірленеді.

Баланың өмірге қадам басардағы алғашқы қимыл-әрекеті – ойын, сондықтан да оның мәні ерекше. Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» деп айтқандай баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Жас баланың өмірді тануы, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады. Ойынды зерттеу мәселесімен тек психологтар мен педагогтар ғана емес, философтар, тарихшылар, этнографтар және өнер қайраткерлері мен бала тәрбиесін зерттейтін ғалымдар да шұғылданды. Көптеген балалар жазушылары бала ойынының психологиялық мәнін және ойынға тән ерекшеліктерді көркем бейнелер арқылы суреттегені де мәлім.

Халық жасаған мұралар сан алуан. Аға ұрпақ өз білгенін, өз көкейіне тоқығанын кейінгі буынға мирас етіп, іс-әрекет үстінде көзін қанықтыра беруден бастаған. Солардың бірі – ұлт ойындары халықтың сәби шағымен бүгінгі өскелең дәуірінің куәсі ретінде, адам баласының фантазиялық ой-жүйесінің заңды жалғасы ретінде оны үйретудің тәжірибеде пайдаланудың үлкен білімділік, тәрбиелік маңызы бар.

Ойынға тек ойын деп қарамай халықтың асыл қазынасы, бір жүйеге келтірілген тамаша тәрбие құралы деп қараған орынды. Бұл пікіріміз жалаң болмас үшін заманымыздың заңғар жазушысы, ұлы ойшылдарымыздың бірі Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің мына бір пікірін еске ала кетейік: «Біздің заманымыздың өмір кешкен ұзақ жолында өздері қызықтаған алуан өнері бар ғой. Ойын деген менің түсінуімше, көңіл көтеру, жұрттың көзін қуантып, көңілін шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір мағыналары болған». Халқымыз ұлт ойындарында ұрпақ қамын ойлаған, бір жүйеге келтіріліп өрнектелген ой мен әрекеттің, құпия философияны түсінуге жетелейтін адамгершілік үлгі-өнегенің желісі бар. Жас бала ойынға алдымен үйренуші, көруші өсе келе соған белсенді қатынасушы келесі кезеңді үйретуші, жаттықтырушы, ұлғая келе көруші жанкүйер ретінде қатынасады. Кейінгі кезде ұлт ойындарына көңіл бөлмеу нәтижесінде, көбі ұмыт болып, мүлде жоғалуға жуық.

Ұлт ойындарын жанұя тәрбиесінен бастап, балабақшада түрлі тәрбиелік шараларда қосымша материал ретінде пайдаланып келеміз.

Ұлттық мұраның бай қазынасының бірі – халықтың ұлттық ойындары көп салалы, көп қырлы құбылыс, ол тек ойындық сала емес, мәні жағынан да балабақша тәрбиеленушілерінің рухани өресі кең өсіп – жетілуіне, эстетикалық мәдениетін қалыптастыруға тәрбиелейтін негізгі құралдардың бірі. Ұлы педагог В.Сухомлинский «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, шығармашылықсыз, қиялсыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды» дейді, демек, шәкірттің ақыл-ойы, парасаты ұлттық салт-сананы сіңіру арқылы байи түспек. Фольклортанушы ғалым Ә.Диваев «Қазақ балаларының ойындары» деген еңбегінде адамның жас ерекшелігін үш топқа бөледі: «...өмірге келгеннен бастап жеті жасқа дейінгі бала, жеті жастан он бес жасқа дейінгі балалар, он бес пен жиырма жас аралығындағы жастар...». Осының негізінде қазақтың ұлттық ойындарын үш топқа бөліп қарастырып, бірінші топқа, сол жастағыларға лайықты: «санамақ, тәй-тәй, айгөлек, соқыр теке, қуырмаш, алақан соқпақ, ақ серек-көк серек» т.б. ойындарын, ал одан кейінгі топқа: «тақия тастамақ, тартыс, сиқырлы қоржын, бәйге, көкпар, асық, хан талапай, теңге алу, қыз қуу, орамал тастамақ, ақсүйек, күрес» т.б. ойындарын жатқызуға болады. Мұндай ойындар баланы тез ойлауға, тапқырлыққа баулып, жаңа тақырыптарды жылдам меңгеруге ықпал етеді, сөз тіркесіне, ұйқастыруға дағдыландырады. Мысалы, «Соқыр теке» ойыны арнайы сызылған шеңбердің ішінде ойналады. Жүргізуші «Тентек текені» ортаға шығарып, көзін таңа бастағанда, ол былай деп әндетеді:

Қараңғыда көзім жоқ,
Маған жақын келіңдер,
Тиіп кетсем сөзім жоқ,
Бір қыз ұстап беріңдер!..

Көзі байланған «Соқыр текені» айнала қоршап тұрғандар мазақтап:

Соқыр, соқыр, соқырақ,
Тотияйын салайын,
Оң көзіңе топырақ,
Ал, ұстап көр, батырым,
Топырағын алайын,
Міне, келе жатырмын!

деп өлеңді айтып болысымен әр жаққа қашады, ал «Соқыр теке» олардың бірін ұстауға тырысады. Ұстаған баласы оның орнына тұрады, сөйтіп, ойын жалғаса береді. Ұлт ойындары – ата-бабамыздан бізге жеткен, өткен мен бүгінгіні байланыстыратын баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз, сондықтан оны күнделікті оқу-тәрбие үрдісінде пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор екендігі сөзсіз. Ұлттық ойындардың адамға тигізетін пайдасын халық ертеден-ақ білген. Алғашқы қауымдық құрылыс, ертедегі тайпалардың одаққа біріккен дәуірлері ұлт ойындарының едәуір дамыған кезеңі болды. Көшпелі өмір кешіп, мал баққан тайпалардың көзін ашқаннан көрген театры да, өнері де, көңіл көтерер қызығы да осы ұлт ойындары еді.

Халық арасында «Денсаулық – зор байлық» деп тегін айтылмаған. Бұл арқылы халық даналығы тіршіліктің негізгі көзі осы денсаулық екенін тағы ескертеді. Адамның денсаулығы жас кезінен бастап қалыптасуы керек. Демек, кезінде ойындарды көп ойнап, жүгіріп, далада, таза ауада жүру – жас организмнің дұрыс та сергек өсуінің көзі. Онымен бірге бүлдіршіндер ойын ойнаған кезде көпшіл, Отанның болашақ азаматы болуға, халқына адал қызмет етуге бағыт алады.

Қазақ халқының сонау, көне заманнан бергі негізгі кәсібі мал шаруашылығы болғандықтан, мал өсіру, мал басын көбейтуі өндіріс процесінің негізгі мақсаты, сондықтан да «халықтың бар байлығы малда болды». Қазақ халқының тіршілігінде төрт түлік (қой, сиыр, жылқы, түйе) мал шешуші орын алған. Бүкіл өмірі мал өсірумен өткен қазақ халқының этнографиялық даму ерекшеліктері, той-думан, қуанышы мен реніші де осы малмен байланысты болды.

Амандасқанда да жан амандығын сұрамай, мал-жан амандығын сұрауы, қазақтың тіршілігінің тірегі, көзі малға деген көзқарасының ерекше бір сезіммен қалыптасуы болды. Оларды халық ауыз әдебиетінде мақұлықтар дүниесінің өкілі деп ұқпай, адамның өмір сүруінің негізгі тірегі мен жан серігі екендігін шабыттана жырлаған.

Осындай экономикалық құрылыстың негізінде төрт түліктің қасиеті тек қазақ ауыз әдебиетінде ғана жырланып қоймай, барлық мәдениет пен өнердің, соның ішінде ұлт ойындарының дамуының да негізі болды, келе-келе негізгі бас кейіпкерлері осы төрт түліктен тұратын «ақбайпақ», «көк сиыр», «түйе-түйе», «соқыр теке» т.б. сияқты ұлт ойындары да дами бастады.

Бұл ойындардың барлығы дерлік қазақ халқының төрт түлікті аса бір сүйіспеншілікпен дәріптеп, қадірмен тұтып, жануарлардың бойында адам баласының қасиеттері бар, сондықтан жан-жануарлардың бәрі бірдей деген ұғымнан барып шыққан ойындар болды. Ондай қасиеттерді бірі осы ойындардың көпшілігінде дерлік төрт түліктің қай-қайсысы болмасын, аналықтарының өз төлдерін өлімге қимайтындығын аңғартады. Сондай «Ақбайпақ» ойынында, жоғалтқан ботасын іздеген інген қатты күйзеледі. Ақырында ботасын көріп, жаны жай тауып, ботасымен әңгімелесе келіп өзін тыққан ұрылардың кімнен жақсылық, кімнен жамандық көрдің деп, содан ботаның айтуы бойынша інгеннің бұйрығымен ойнаушылар жазасын алады.

Қазақ халқының малды соншалықты қадірлейтін себебі сол, халықтың саяси әлеуметтік және экономикалық жағдайының даму процесінде осы төрт түлік арқасында жеке адамның қай-қайсысы болмасын өмірден мұқтаждық көрмеді. Сондықтан да төрт түлік қазақ халқының ауыз әдебиетінің, өнерінің, мәдениеті мен ұлт ойындарының негізгі кейіпкері.

«Бесік жырынан» бастап ұлт ойындарының барлығы халық тәрбиесінің көзі. Қай дәуірдің ұрпағына болмасын тіршілік жолына бағыт сілтеп, өмірге аттандырады. Халық жырлары ата-ананың балаға қойған бірінші сенімі, тілек-талабы. Мұның бәрі баланы ойната, көңілдендіре, бойларын сергіте жүріп айтылады да, өміріне рухани азық болатын өнегелі де ілтипатты сөздерді жас кезінен құлақтарына құя береді. Ал ойындар болса баланың осы айтылған өнеге-өсиет сөздерін күнделікті тіршілікте тәжірибе жүзінде іске асырудың құралы болды. Айталық, ойын үстінде осы айтылған өнеге-өсиет бастан аяқ қолданылады, осы негізде оның бойында адамдық қасиеттер қалыптаса бастайды. Демек, ойын әр түрлі әрекетке қозғалысқа, денешынықтыруға ғана төселдіріп қоймай, өмірдің рухани азығы – үлкеннің барлық қасиетін, яғни баланың жан-жүйесіне әсер ететін этикалық, эстетикалық тәрбиені қабылдауға қалыптастырады.

Ұлттық ойынның бірі – «Ұшты-ұшты». Бұл ойынға ересек балалар мен кішкентай балалар да қатысса қызықтырақ болады.

Ойын ережесі : Бір бала ортаға шығып жиналғандарды дөңгелете, өзіне қаратып бір қатарға отырады. Содан кейін ойынның ойналу тәртібін түсіндіреді. Сөйтіп ойынды бастайды. Ойын жүргізуші «Ұшты-ұшты бөдене ұшты» деп қолын көтереді. Сол кезде ойнаушылар тыңдап отырады да ұшатын затқа олар да қолдарын көтереді. Ұшпайтын затты ұшты қолын көтерсе, ойын жүргізушімен бірге қолдарын көтерген ойыншылар жазасын тартады. Ал ұшатын затты айтқанда, қолдарын көтермей қойса онда да жаза тартады. Сондықтан ойын жүргізушінің әр айтқан сөзіне өте сақ болу, қырағы болу керек.Ойын жүргізуші ұшатын зат пен ұшпайтын затты ұйқастырып айтып ойыншыларды ылғи да жаңылдырып отыруға тырысады. Тіпті көпшілікке таныс емес құстардың атын айтып та, ұшатын жәндіктердің атын айтып та жаңылдыруға болады. Мысалы, ұшты-ұшты кекілік ұшты, ізінше кекілік ұшты, қарға ұшты – сырға ұшты, көбелек ұшты – ебелек ұшты, тауық ұшты, уық ұшты, қаршыға ұшты, қанжыға ұшты деп жалғаса береді.

Алданған ойыншылардың жазасы өлең айтып би билеп, мақал-мәтел, жаңылтпаш, тақпақ айтады. Алданушылар көбейген сайын ойын қыза түседі, ендеше ойын жүргізуші мен ойнаушылардың арасындағы бірін-бірі аңдаушылық та күшейе түседі.

Бала ойындарының мазмұны байып, түрі өзгеріп отырады. Ата-ананың ойлау, қиялдау, армандау қабілетін қалыптастыру үшін халық ауыз әдебиетінің жанрларын – ертегі, жаңылтпаш, жұмбақтар, санамақтарды айтып үйреткен.

Халық мұғалімі Байтоғайұлы Малқай бала өміріндегі ойынды және ермекті «ол - баланың еңбегі»,- дейді, демек бұл жай ермек емес, бала әлеміндегі кәдімгі еңбек. «Сондықтан да бала еңбегі – ойын. Ендеше, ойын балалардың күнделікті тіршілігі адамның басынан өтетін өмірінің әр

уақытындағы жазғы, күзгі, қысқы істелетін кәсібі сияқты. Тіршіліктің түрі бар. Сол сияқты балалардың да өзіне меншікті бала кезінде істейтін істері бар. Ол іс – жас уақытындағы ойын». Сондықтан да қазақ балаларының негізгі ойындары асық, құмалақ (түйенің, қойдың), бес тас, доп міне мұның бәрі осы балалар еңбегінің құралдары болады. Өмір мен өнерге деген талаптың түп негізінің өзі осы асық, доп, құмалақ, ләңгі, қуыршақ, мәшине, үй болып т.б. ойнауларда жатыр. Ендеше халықтың бұл дана сөзін тура мағынасында түсінуге болмайды.

Ойын баланың көңілін өсіріп, бойын сергітіп қана қоймай, оның өмір құбылыстары жайлы таным-түсінігіне де әсер етеді. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып жақсы ұғысады, бірінен-бірі ептілікті үйренеді. Оның үстінде дене қимылы арқылы өзінің денсаулығын нығайтады. Халқымыз ойындарға тек балаларды алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай оларды көзқарасының, мінез - құлқының қалыптасу құралы деп ерекше бағалаған. Қазір бізге жеткен ойындарымыз: тоғызқұмалық, қуыршақ, асық ойындары. Қазақтың көне жыр- дастандарында ұлттық ойындар балаларды тәрбиелеуде ерекше орын алғандығы айқын көрінеді. Мәселен «Қобыланды», «Алпамыс», «Ер Тарғын» сияқты эпостық жырларда елін сүйген батырлардың, жұртшылық сүйіспеншілігіне бөленген ер жігіттердің ең алдымен ұлттық ойындарда сайысқа түсіп, одан кейін көп кісі қатысқан ойын-сауықтарда өздерінің мергендік, палуандық, шабандоздық шеберліктерін көрсеткендері айтылады. «Домбырамен күй шерту», «Аттың құлағында ойнау», «Аударыспақ», «Күлкі ойыны», «Балалар ойыны», «Ақсүйек», «Тоғызқұмалақ», «Жұмбақ айтыс», «Асық ойнау» өте ерте заманда пайда болған. Мұның өзі біздің ата-бабаларымыздың ұлттық ойындарының ғасырлар бойы өмір сүргендігін айқын көрсетеді. Балалардың жиі ойнайтын «Ақсүйек» ойыны байқағыштыққа, қырағылыққа, бытылдыққа, ерлікке, шапшаңдыққа баулиды. Баланың ақыл-ойын дамытатын тәжірибелік маңызы зор тағы бір ойынның түрі – «Он бір қара жұмбақ». Оның басты ерекшелігі есеп сұрақтарын қою арқылы балаңың ойлау қабілетін дамытады. Бөбектерді тәрбиелеуде де ұлттық ойындардың берері мол. «Санамақ», «Жылдам айт», т.б. тартымды ойындарды үйрету,тіл өнеріне негіз салады деп есептелген. Балалар негізінен ойын үстінде бір-бірімен тез тіл табысады. Ойынына қарап баланың психологиясын аңғаруға болады. Бес саусақ бірдей емес дегендей, әр отбасынан шыққан балалардың мінез-құлқы бірдей емес.

Балалар ойынында кейде өлең-тақпақтар жиі кездеседі. Ол өлең-тақпақтардың негізгі мақсаты тапқырлыққа, шапшаңдыққа, ептілікке баулу, қиялына қанат беріп,ойын ұштау, өз бетімен іскерлікке, қысылған жерде дұрыс шешім қабылдауға тәрбиелеу. Бұған қоса кез-келген ойынның аяғында жеңу бар да, жеңілу бар. Жеңгендер әрі қарай өз биігінде қалуға тырысса, жеңілгендер айып тартады. Ол көбінесе тақпақ айту, ән салу, би билеу түрінде болады. Бұдан қай ойынның да түпкі нысанасы - балалардың бойында өнердің, білімнің, тәрбиенің нұрын себу, өлең, тақпақ айтуға төселдіру екенін аңғару қиын емес.

Жалпы ойынның қандай түрі болмасын, атадан балаға, ұрпақтан- ұрпаққа ауысып отырады. Халық ойындары өмірлік қажеттіліктен туады да, психологиялық жағынан денсаулық сақтауға негізделеді. Тапқыр да алғыр, шымыр да епті, қайратты да қажырлы бала өсіруді армандамайтын отбасы жоқ. Демек ойынның өзі бала үшін біліктің, тәлімнің қайнар көзі болып табылады. Балаларға ұлттық ойындарды үйретіп, оған өзгеше әр беріп, жаңартып өткізіп отыруды ата-аналар, тәрбиешілер бір сәт те естен шығармағандары абзал. Өйткені жас өндір бүлдіршіндер ойнай да, күле де, ойлай да білсін!

**Пайдаланған әдебиеттер:**


1. «Казахские детские игры» кітабы авторы: Молдагаринов Аскар Алма-Ата «Жалын» 1987 г.
2. «Қазақстан мектебі» журналы № 9-10 2005 ж.
3. «Қазақтың ұлттық ойындары» кітабы авторы: Базарбек Төтенаев Алматы «Қайнар» баспасы 1994 ж.
4. «Шынашақ» кітабы. Құрастырушылар – М. Әлімбаев, Қ. Баянбаев. Алматы «Балауса» 1992 ж.

# ГЕОГРАФИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ БІЛІМ АЛУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

**Оспан Айнагүл Тағанқызы**
Түркістан облысы, Шардара ауданы,
"Қазақстан жалпы білім беретін мектеп " география пәні мұғалімі

***Резюме***
*В статье рассматриваются роль практическских работ на уроках географии*
***Summary***
*The article discusses the role of practical work in teaching geography in education*

Қазақстан Республикасы егемендіктен соң тарихи тамыры бір, тілі мен діні және ұлттық санасы мен тілі бір Орталық Азия елдерінің ішінде, тіпті ТМД құрамындағы елдер арасында экономикалық өркендеудің жаңа үлгісін көрсете білді. Бұл өркендеу тек қана экономикалық жақтан ғана емес, мәдени, рухани, әлеуметтік және дінаралық, сондай-ақ халықаралық саяси деңгейден де көрініс тапты. Ел ішіндегі халықтар достығы жақсы сақталды.

Қазіргі қазақстандық білім беру кеңістігіндегі түбегейлі өзгерістер — тарихи объективті процестер. Білім беру саласын реформалаудағы мақсат - білім беру жүйесін қайта қарап, оқушылардың шығармашылық бейімделуіне қарай бағдарлы, сатылы білім алуларына жағдай жасау болып табылады.

География ғылымы өзінің даму жолында үш кезеңнен өтті.

1. Баяндаушы (описательный) кезең.
2. Түсіндірмелі (объяснительный) кезең.
3. Қазіргі конструктивті өзгертуші (конструкгивно-преобразовательный) кезең.

Конструктивті география — табиғат пен қоғам арасындағы әрекетті түсіндіретін, табиғатты ұтымды пайдалану жолдарын қарастыратын бағыты. Географияның бұл бағытын зерттеген ғалымдарға И.Г.Герасимов, В.С. Преображенский, В.В. Максаковский, В.М. Лаппо, т.б. жатады. Конструктивті географияның зерттеу сферасы бүгінгі танда кешенді физикалық географиямен тығыз байланысты. бұл дәстүрлі жоспарлау алдындағы картографиялау және табиғи ландшафтардың инвентаризациясы (тізімге алу), олардың қайта өзгеруі, қолданылуы, сақталынуы, территориялық жіктелу іс-шаралар сияқты негіздері.

Кейінгі кезде географтар тораптар, қалалар, рекреациялық аудандар, табиғатты қорғауға бағытталған іс-шаралар жүйесін жобалауға арналған көптеген әдістемелер, нұсқаулар, кепілдемелер, нормалар және ережелер әзірлеуге кірісті. Мұндай жобалаудың мысалы ретінде табиғатты қорғаудың аймақтық кешенді сызбанұсқаларын қарастыруға болады.

Конструктивті географиялық зерттеулерде маңызды орынды бағалау алады. Кез келген шаруашылық іс-әрекеті үшін геожүйенің пайдалылық дәрежесін анықтауды технологиялық бағалау деп атайды. Мұндай бағалау географиялық жоспарлау мен жобалауда кеңінен қолданылады.

Антропогенді әсер етудің салдарына қатысты экономикалық және экономикадан тыс бағалау бар. Экономикалық бағалау деп экономикалық іс-әрекет ауқымындағы салдарды бағалауды, сондай-ақ түрлі салдардың бүтіндей айқындалуын (мысалы, шығынның алдын алу немссс орнын толтыру, адам денсаулығын, табиғатты қорғау іс-шараларына жұмсалған шығын) түсінеміз. Түрлі әрекеттерде пайда болатын салдардың экономикадан тыс бағамы бағалаудан басқа (аурудың көбеюі немесе азаюы) кез келген түрде анықталады. Ол әлеуметтік, медициналық, биологиялық және биоэкологиялық салдарды қамтиды.

Географиялық жоспарлау мен жобалаудың барлық кезендері үшін географиялық болжаудың рөлі зор.

Болжау — географиялық жүйелердің болашағы, олардың негізгі қасиеттері мен ауыспалы күйлері туралы ғылыми ұсыныстар. Болжау болжанатын геожүйелердің тарихын білу мен оның болашақ даму тенденцияларының сараптамасына негізделген.

Қазір болжау тәжірибесі гидрология, метеорология және климатология сияқты гсографиялық ғылымдарда кеңінен тараған. Олар геофизикалық үрдістерді сандық анализге негізделген әдістер жүйесін құрайды. Географиялық болжау практикасына аса қажет кешенді болжау әдістері, яғни болашақ табиғи кешендер, аймақтық өндірістік кешендер, аймақтық жүйелердің даму болашағын алдын ала айту.

Болжауды құруда жалпы географиялық зерттеулер мен (салыстырмалы, тарихи және т.б.) қатар жеке әдістер де қолданылады, мысалы аналогиялар (ұқсастық) әдісі мен экстраполяциялық әдісі.

Математикалық модельдеудің жаңа әдістері маңызды болып келеді. Болжау жасау үшін кең әрі нақты ақпарат қажет. Сондай-ақ болжанатын геожүйелердің элементтерінің арасындағы байланысты жетік білу, олардың өзгеру зандылықтарын да жақсы білу қажет.

Соңғы жылдары географтардың айрықша зейіні мониторинг жүйесін жасауға, яғни, геожүйелердің жағдайларын бақылау мен бағдарлауға бағытталып отыр. Мониторинг деректері жобаланған, жоспарланған сипаттамалардың даму жүйесінің қатты ауытқуларын уақытында байқауды немесе оның қызмет ету режиміндегі қауіпті бұзылуларды дер кезінде анықтауға арналған. Жүйеге әсер ететін факторлар деректері мұндай ауытқулардың себебін табуға немесе ұсыныс жасауға мүмкіндік береді.

Бүгінгі танда жер бетіндегі болып жатқан өзгерістерге, экологиялық апаттарға әсер етуші басты фактор — антропогендік фактор. Ландшафтқа антропогендік әсердің артуына байланысты ландшафтанушылардың алдында тек теориялық-методологиялық жағынан емес, табиғатты дұрыс пайдалану мәселесі қойылып отыр.

Қазақстан жерінде антропогендік әсерлер салдарынан ландшафтың табиғи келбеті түбегейлі өзгеріп, ландшафтаралық ішкі байланыстар бұзылуда. Ландшафтаралық байланыстардың бұзылуы адам өміріне, оның денсаулығына, жергілікті жер климатының өзгеруіне әкеліп, экологиялық проблемаларды туғызып отыр. Бұл өз кезегінде қоршаған ортадағы табиғи кері әсерлердің күрт өсуіне, топырақ эрозиясына құм көшуіне, олардың тұздалуына, жайылымдардағы өсімдіктер жамылғысының күрт нашарлауына және т.б.жағдайларға әкелді. Мұндай ауыр экологиялық жағдайдың қалыптасуы, негізінен, бұл жерлерде антропогендік әсерлердің шамадан тыс дамуының нәтижесінде, соны мен қатар табиғатты үнемді пайдаланудың ғылыми тұрғыдан қарастырылмауы, ауыл шаруашылығының күрделі де тез дамып отырған салаларына және де кен өндіруде интенсивті жолдың дамуын дұрыс баға берілмеуінен болып отыр. Сондықтан біз жер ресурстарын бағалаудың ландшафтық-экологиялық тәсіліне көңіл бөлуіміз керек.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қожахмет М. «Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік географиясы»: Оқу Құралы. Қарағанды, 2006ж.

2. Қожахмет М. «Экономикалық және әлеуметтік географияға кіріспе»: Оқу құралы. Қарағанды: Қарму баспасы, 1997ж.

## МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ТАНЫМДЫҚ-ТІЛДІК ДАМЫТУДА ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

**Шеринбетова Ботакоз Темирбаевна**
Шымкент қаласы, МКҚК № 66 "Болашақ" бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі

***Резюме***

*В данной статье рассматривается развитие познавательной и речевой активности у детей дошкольных возрастов*

***Summary***

*This article discusses the development of cognitive and speech activity in preschool children*

Қазіргі өмірдің өзінен туындап отырған талаптарды орындау, жаңашылдыққа жаршы болу үзіліссіз тәрбие негізінің бастау бұлағы - мектепке дейінгі ұйымдардан басталған орынды. Бала тәрбиесі отбасынан бастау алады десек те, ғылымға негізделген әдіс - тәсілмен берілетін тәлім – тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, жан - жақты педагогикалық өрісін табады. Әсіресе балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы ізгілікті, мағынасына өшпейтін із қалдырады. Баланы мектеп алды даярлау үздіксіз білім беру жүйесіндегі маңызы мен өзектілігі ерекше мәселелердің бірі болып саналады. Сонымен қатар, мектепке дейінгі мекемелерде инновациялық білім беру құралдарын қолданудың да маңызы зор.

Инновациялық білім беру құралдарына: аудио, видео, құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар, мен оқу әдістемелік кешендер, инновациялық ақпараттық банк, инновациялық сайт және тағы басқалары жатады. Қазіргі таңда

көптеген интерактивті бағдарламалық бөлімдер, қозғалмалы объектілер құруға мүмкіндік беретін векторлық және графикалық жабдықтар көптеп шығып, қолданыс табуда. Осындай құралдардың бірі - мультимедиялық оқулықтарды балабақшаларда кеңінен пайдалану. Бұл жағдайда тәрбиеші әр оқу іс-әрекеттерін бастар алдында жиі көрнекіліктер ауыстырмаған болар еді. Ал, мультимедиялық оқулықтар арқылы тәрбиеші уақытты тиімді және ұтымды пайдаланар еді.

Өмір талабына сай жаңа технологияларды оқу процесі мен тәрбие аясында шебер қолдана білу тәрбиешінің міндеті болса, ертегілерді оқу іс - әрекетінде өз ретімен қолдана білсе тәрбиеленушілерді жан-жақты дамытуда ертегінің аса зор мәні бар екенін айқындайды. Оқу іс-әрекеті барысында ертегі кейіпкерлерінің жан - жақты мінез - құлықтарын айыра білу бойынша жақсы деген немене, жаман деген немене екендігіне көзін жеткізеді.

Барлық оқу іс-әрекетінде ертегілерді қолдану арқылы негізгі педагогикалық дәстүр пәнаралық байланысты жүзеге асыруға болады. Ертегінің өзіндік құрылысы, көркемдік ерекшелігі бар. Қандай ертегіні алсақ та, ол белгілі бір сюжетке құрылады, оқиғаның желісінің басталуы, аяқталуы, өзіндік шешімі болады. Ертегі баяу басталып, оқиға желісі күрделене түседі. Әсіресе адам өміріне байланысты іс-әрекет өткір сықақ - мысқылмен беріліп, бала сезімін селт еткізіп, күлкіге мәз етеді. Бала жағымсыз кейіпкердің жексұрын әрекетінен бой тартып жақсылыққа құмартады. Ертегінің әр жақты сырын қызықты, тартымды, бала санасына лайықтай жеткізу айтушының шынайы шеберлігіне тікелей байланысты. Бақшада ертегі оқу, сабақта және сабақтан тыс уақыттарда өтіледі. Оқу жұмысы баланың жас ерекшелігіне орай жоспарланады. Сәбилер тобында ауызша әңгімелеп беру тәсілі қолданылады. Сәбилер тобында оқығанды тыңдату және әңгімелеп беру қатар жүргізіледі. Мұндай мақсат – ертегіні ауызекі әңгімелеуге төселдіре отырып оқылғанды шыдамдылықпен тыңдай білуге үйретеді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың ерте зияткерлік дамуы – бұл үлкен мен бала арасындағы ортақ болмыс; жаратылыс.

Дәстүрлі оқытуда балаға дайын өнімді, әрекет дағдыны үйренуге ұсынылады. Ойын техникалары арқылы оқытуда бала қандай да бір пікірге өздігінен, өз әрекетінен мәселенің талданған нәтижесінен шешімге келу керек.

Балабарға білім беру саласын жүзеге асырудағы пайдаланылатын ғылыми педагогикалық амалдар 3-7 жас аралығында қазіргі Воскобович, Никитин, Дьенеш және Кюзенердің технологияларын, ойын, ақпатарттық, жобалау, бейнелеме –таңбалық.

Мектепке дейінгі кіші және ортаңғы жас кезеңдерінде ойын әдістері мен дамытушы ойындарды пайдалану лайықты.

Воскобовичтің ойындары – ойын ерекшелігін, ойлана отырып нақты түрде орындауға мүмкіндік береді, ойын ерекшелігі - көпатқарымдылық. Бір ойынның өзінде бірнеше тапсырмалар орындалады. Сан мен әріптерді байқатпай игереді. Түстерді біліп есіне сақтайды, ұсақ моторикалары дамиды, тілін жетілдіреді., кеңістік ойлауы, зейіні, есте сақтауы, қиялы дамиды.

Сандар құрамы бала үшін қиын, бірақ оны игеруге Кюизенер технологиясының көмегі зор. Кюизенер таяқшалары – түстер саны, қол арқылы әртүрлі дерексіз түсініктерді ұғынуға мүмкіндік беретін көпсалалы математикалық нұсқаулық болып табылады. Кюизенер таяқшалары санауға пішіндерді орналастыруда тиімді. Бірақ бұл тәсілді пайдалану кезінде баланың жас ерекшелігі мен қабілет дәрежесін ескеру керек.

Дьенештің логикалық ойындары баланың логикалық ойлауын, епшілдігін, талдау қабілетін, коммуникативтік дағдыларын логикалық тапсырмалар арқылы қалыптастырады, объектілердің әртүрлі қасиеттерін атауға, жоқ затты сөз арқылы көрсетуге, айқындауға үйренеді, есте бір мезгілде дерексіз заттың бірнеше қасиетін сақтап тұруға үйретеді.

Барлық әлем елдерінде венгер психологы және математигі Дьенеш, балалардың логикалық ойлау қабілетін дамыту үшін, ойлап тапқан «Логикалық блоктар» дидактикалық материалдары кеңінен қолданылады. Соңғы оң жылдықта бұл материалдар біздің еліміздің педагогтары және ата-аналары арасында үлкен ықласпен, қызығушылыққа ие болуда.

Борис Павлович Никитиннің дамытушы ойындары негізгі ережелерді оқытуды біріктіруге тартады – қабіліеттің жеңілден ауырға өздігінен шығармашыл әрекет етуінде ең қажетті қағидат. Ойын барысында балаға қиындықтың біртіндеп өскеніне қарамай өздігінен алға ұмтылуға жетелейді. Баланың алдына тапсырмаларды шешу көрнекі және айтарлықтай заттар сурет түрінде, өрнек, текшелерді орнатуда, конструкторлардың бөлшектері логикалық тапсырмалардың шешімі дерексіз нысанда көз алдына келеді. Бұл тапсырма мен шешімнің нақтылығын өзі тексеруге мүмкіндік береді.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында бір жас пен алты жас арасындағы балалардың дамуының сензитивті кезеңдерінің өзара байланысын қамтамасыз ету үшін заттық

дамытушы ортаны ұйымдастыру қарастырылған. Бұл идея М.Монтессори педагогикасының баланың дамуына жағдай жасайтын ортаны дайындауымен үндесіп отыр.

Баланың сенсорлық дамуы – бұл заттардың сыртқы қасиеттері туралы ойларының қалыптасуы және оны қабылдай білуі: олардың пішіні, түсі, көлемі, кеңістіктегі орналасуы, сонымен қатар иісі, дәмі т.б. мектепке дейінгі жаста сенсорлық дамудың мәнін бағалау қиын. Дәл осы жаста сезім мүшелерінің әрекетін жетілдіру, қоршаған орта туралы білімін жинақтауға қолайлы кез. Мектепке дейінгі педагогика саласындағы атақты шетелдік ғалымдар (Ф.Фребель, М.Монтессори, О.Декроли т.б.) толыққанды сенсорлық дамуды қамтамасыз етуге бағытталған сенсорлық тәрбие мектепке дейінгі тәрбиелеудің негізгі жағы болып саналатынын айтқан.

Сенсорлық даму, бір жағынан баланың жалпы ақыл-ойының дамуының іргетасын құрайды, бір жағынан өзіндік мәні бар, өйткені толыққанды қабылдау баланы балабақшада, мектепте оқыту үшін қажет. Қоршаған орта құбылыстары мен заттарын қабылдаудан тану басталады. Танудың басқа түрлері – есте сақтау, ойлау, елестету – қабылдау негізінде құралады. Сондықтан қалыпты ақыл-ойдың дамуы толыққанды қабылдауға сүйенусіз мүмкін емес.

Балабақшада бала сурет салуға, жабыстыруға, құрастыруға үйренеді, табиғат құбылыстарымен танысады, математика мен жазу негіздерін меңгере бастайды. Баланың мектепте оқуға дайындығы оның сенсорлық дамуына байланысты болады. Нәтижесінде әріптерді жазуда, суретті салуда қисықтық, еңбек сабағында жасаған заттарында дәлдік жоқ болады. Кейде бала ден шынықтыру сабағындағы қимылдарды қайталай алмайтын жағдай болады. Бірақ мәселе тек мұнда емес. Музыкант, суретші, құрастырушының табысын қамтамасыз ететін ерекшеліктерінің қатарында сенсорлық қабілеттер маңызды орын алады. Сенсорлық қабілеттің бастауында ерте жаста жежетін сенсорлық дамудың жалпы деңгейі жатыр. Сенсорлық тәрбиелеудің басты бағыты - баланы сенсорлық мәдениетпен азықтандырудан тұрады.

«Сенсорлық мәдениет» ұғымы мектепке дейінгі педагогикаға М.Монтессоридің жұмыстарының арқасында енді. Бірақ, ол мұндай мәдениетке қол жеткізу үшін баланың сезім мүшелерін заттардың түсін, көлемін, пішінін ажыра білуге жаттықтырып отыру жеткілікті деп санаған. Мұндай көзқарас қате еді. Баланың сенсорлық мәдениеті – адамзат жасаған сенсорлық мәдениетті меңгеру нәтижесі. (заттардың түсі, пішіні туралы жалпыға ортақ қабылдаулар).

Монтессори педагогикасының тиімділігі - балаларға жауапкершілікті сезінуге, өздігінен шешім шығара білуге, топта да, жеке де жұмыс жасай білуге таңдау жасауына, өз уақытын ұйымдастыра білуіне мүмкіндіктер береді. Міне, осындай тиімділіктің нәтижесінде - еркін, шығармашыл, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиеленеді.

Қорытындылай келе инновациялық технологияларды қолдана отырып мектеп жасына дейінгі балалардың жан-жақты дамуына мүмкіндік береді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. «1. Журнал «Балабақша» 2009 жыл.
2. Тіленбаева Н.Б. Дидактикалық ойынның маңызы// Отбасы және балабақша.- 2007жыл № 7
3. Меңжанова А.Н. Мектеп жасына дейінгі педагогика Алматы 1992

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

**Асилбекова Калдыкүл Токбергеновна**
Түркістан облысы, Байдібек ауданы
"А. Нысанов атындағы негізі орта мектеп" КММ бастауыш сынып мұғалімі

***Резюме***

*В данной статье рассматриваются пути формирования патриотических чувств младших школьников*

***Summary***

*The article is shown the ways of forming the patriotic feelings of younger students.*

Отаннына деген сүйіспеншілікті қалыптастыру мәселесі – бүгінгі күннің білім беру жүйесі алдында тұрған маңызды міндеттерінің бірі.

Отан дегеніміз – халық. Халық дегеніміз – адам. Адамды сүю – оған жақсылық жасау. Ендеше отаншылдық – сонау ерте заманнан қалыптасып келе жатқан қасиетті сезім. Халықтық құндылықтарға сүйене отырып, елдікке, ерлікке, азаматтыққа тәрбиелеудегі өлең - жырлар, мақал – мәтелдердің әсері ұтымды болатындығы туралы танымал педагогтарымыз айтып та, жазып та жүр.

Патриотизм мәселесі қай халықтың болмасын басты тәрбие бағдары болады. Патриоттық сезімді тәрбиелеуде түрлі құралдар пайдаланылады. Патриоттық сезімдер құралдарына:

1. Ұлттық құндылықтары – жер, ел, тіл жатады.
2. Ұлттық нышандары - Ел таңба, Ту, Әнұран.
3. Ұлттық мәдениеті – сөз, бейнелеу, саз, дене тәрбие және т.б.
4. Қазақ зиялыларының өнегелі іс - әрекеттері мен сөздері.

Халқымыздың отан сүйгіштік, патриоттық туралы, ұлттық мұрасының даму тарихына үгілетін болсақ, XY – XYIII ғасырлардағы Асан Қайғы бастаған, Ақтамберді, Доспамбет, Шалкиіз, Бұхар, Махамбет т.б. ақын – жыраулардың поэзияларындағы тәлімгерлік ой пікірлерінен көреміз.

Жас ұрпақтың оның ішінде төменгі сынып оқушыларының төл мәдениетінен нәр алуы ұлттық фольклорымен тығыз байланысты. Қазақ халқының өте әрідегі ата – бабаларының өмір сүрген кезінен (YI ғасыр, Түрік қағанаты) бастау алып, күні бүгінге дейін кәдесіне жарап келе жатқан рухани мұраның бірі – халықтық педагогика. Халық педагогикасының басты мәселелерінің бірі – ұлттық үрдістер тұтастығын сақтай отырып азаматтық, адамгершілік, патриотизмге тәрбиелеу болды. Қазақ халқының тәлімдік мәні зор ой – толғаныстары бесік жырымен батырлық эпостарда, ертегілер мен аңыздарда, шешендік сөздер мен айтыс - термелерде, жұмбақ - жаңылтпаштар мен мақал – мәтелдерде көптеп кездеседі. Мұндағы ұрпақ тәрбиесінің негізгі түйіні – адамгершілік – имандылық, ақыл – ой, еңбек, эстетика, дене, патриоттық тәрбиесіне байланысты мәселелерге келіп тіреледі. Қазақ халқы бала тәрбиесімен арнайы айналысатын қоғамдық орындар (балалар бақшасы т.б.) ашпаса да, өз ұрпағын бесікте жатқан кезіннен бастап - ақ өлең – жыр мен әңгіме, ертегі, тақпақ тәрізді мәтіндік ұлағаттармен санамақ, жаңылтпаш сияқты ойындар арқылы тәрбиелеп отырған. Ауыз әдебиетінің басқа түрлеріне қарағанда, мақал – мәтелдердің өзіне тән ерекшеліктері мен өзгешеліктері бар. Ол адам өмірінде, тұрмыс – тіршілікте, қоғамдық жайларда кездесетін әр түрлі құбылыстарға, тарихи мәні бар оқиғаларға берілген даналық баға, тұжырымды түйін есебінде қолданылады.

Отансүйгіштікке тәрбиелейтін мақал – мәтелдердің алатын орны өз алдына бір төбе. Мақал – мәтел ойды қысқа да ұтымды жеткізетін, өмір тәжірибесін қолдана айтатын сөздер. Онда ел, жер, халық, Отан жайында айтылған өнегелі сөздер өте көп. Мысалы, «Өз елім өрен төсегім», «Ел – жұрты бардың жұтамы жоқ», «Туған жердің күні де, күлі де ыстық», «Туған жер – тұғырың, туған ел - қыдырың», т.б. мән мағынасына зер салатын болсақ, ешқандай дәлелдеуді қажет етпейтін, жас ұрпақтың отансүйгіштік, патриоттық сезімін жетілдіру үшін қажетті қағидалар, бұлардың тәрбиелік мәнін түсіндіре отырып, бала тәрбиесінде кең пайдаланылды. Өзінің мақалдарында туған жер, ел – отанды аса жоғары бағалап ардақтаған халық енді оларды қорғау әрбір ер – азаматтың басты борышы деп біледі. Ел талап, ойран салуды көздеген шапқыншы жау болса, оған қарсы аттану, қасықтай қаны қалғанша, ақтық демі біткенше алысу, сөйтіп дұшпаннан Отанды қорғап қалу халқын сүйген әрбір ер жігіттің азаматтық борышы болатындығын көрсетеді. «Жат елдің жақсысы болғанша, өз еліңнің сақшысы бол», «Елін сүйген ер болар» деген мақалдар осының айғағы. Халық мақалдары ел қорғау, басқыншы жауды талқандап жену жолында ерлік жасаған, қара қылды қақ жарған, қиядан тартып жол салған, жау қамалын қиратқан, табан тірескен айқастарда тайсалып тартынбаған жігіттерді ардақтайды, абыройлы атақ пен даңққа бөлейді. Олардың халық сүйсінген ерлік істерін кейінгі ұрпаққа үлгі етеді.

Қазақ ауыз әдебиетінен орын алған және ерте заманнан бастап бүгінгі күнге дейін даму, өсу үстінде келе жатқан жанрлардың бірі – жұмбақтар.

Жұмбақ - өскелең ұрпаққа білім берерлік, тәрбиелік мәні бар құралдардың бірі. Мақал адамның логикалық ойын дамытса, жұмбақ, жаңылтпаш жас баланың тілін жетілдіріп, табиғат өмір жағдайындағы түсінігі мен қиялдау қабілетін дамытады. Жұмбақ ең алдымен жас бөбектерге үйретілген. Оның өзі көбіне ұйқасқан өлең түрінде айтылатын болған. Алдында айтылған мақал – мәтелдер тәрізді жұмбақтар да балаларды ерлікке отаншылдыққа, патриотыққа үндейтін маңызды құралдардың бірі. Өйткені көптеген жұмбақтардың астарында батырлық ел қорғаған ерлердің бойындағы бес қарулы жасырын түрінде айтылады. Мысалы: Белі қайқы, жоны тайқы. (қылыш).

Сүмбелі теректі,

Қызыл желекті.
Ерден қалмайды,
Жауда керекті. (найза)

Негізі, жұмбақты сөз образының кілті есебінде тануға болады. Жұмбақ ақындықтың ұрығы – дәні тәрізді. Жұмбақтардың шешуін іздеймін деген баланы ойына және қиялына әсер етіп қана қоймайды, сонымен қатар қылыш, найза тәрізді ер қаруын қолға ылып, елін жаудан қорғауға деген құштарлықтар пайда болады.

Аңыз әңгімелерде елдің мұңын мұңдап, жоғын жоқтайтын қаһармандар өскелен буынға тәрбиелі де ізгі ықпалын тигізеді. Мысалы, көпшілікке мәлім, ұлы даланың абыз жырауы атанған Асан Қайғы туралы айтсақ артық болмас. Асан Қайғының халқы уайым - қайғыны білмейтін, жан – жануары жылына екі мәрте балалайтын жазы самал, қысы шуақты Жерұйықты іздеуі баяндалады. Желмаяға мініп тынымсыз сапар шегетін, Алтай мен Атырау арасындағы жер – судың қадір – қасиетіне қарай сипаттама беретін дала даңышпаны қартайған шағында жарғақ құлағы жастыққа тимей жүрсе, ол халқы үшін жасаған қызметі.

Сол үшін де халқы да оны қадірлеген, оны кейінгі ұрпағына Асан Қайғының отаншылдығын, үлгі етіп ұсынған. Асан Қайғыдай ел ұлы болуға үндеген. Жалғыз Асан Қайғы емес, сонымен бірге Жиренше шешен туралы айтылған аңыз әңгімелерді де патриотизм туралы айтылған. Айталық, ұзақ мерзім бойы әз – Жәнібек ханның ақ ордасында болып, өзінің ұядай қосына анда – санда бір оралатын Жиреншенің екі тізесі сыртқа шығып жататын баспанасы жайлы «қайран менің өз үйім, кең сарайдай боз үйім» деп айтатын қанатты сөзінде патриоттық ой жатыр. Өйткені, ел деген ұғым осы шағын қостан басталатынын, туған жерге деген сүйіспеншілік осындай түсініктен нәр алатынын қиыр жайлап, шет қонып жүрген көшпелі жақсы білген. Сондықтан, оны ұрпақығына өнегелі жол деп көрсетті.

Ертегілерге бай елдердің бірі – қазақ халқы. Қазақ халқының ой – қиялының жемісі болып саналатын ертегілер балалардың патриоттық тәрбиесінде аса маңызды рөл атқарады. Өйткені, ондағы патриотизм шығарма қаһармандарының туған еліне, кіндік қаны талған жеріне деген құмтарлығы ауыз әдебиеті нұсқауларының басқа жанрларына қарағанда ертегілерде анық байқалады. Мәселен, «Ер Төстік» ертегісіндегі оқиғалар бас кейіпкер өзінің елден ауып кеткен ағаларын іздеп тауып әкелуі, өз басына, еліне қауіп төндірген перінің қызы Бекторы мен Жалмауыз кемпірден құтылып, кек алуы жалаң батырлық емес, ізгі пейілді азаматтығын да байқатады. Халық ертегілері өткенді ғана баяндаумен шектелмейді, болашақ, келешек туралы қатты ойланады. Қазақ ертегілерінің басым бөлігінде ерлік, батырлықпен қатар үлкен адамгершілік, қайырымдылық ақыл, тапқырлық, мейірімділік пен парасат мадақталып, өскелең ұрпаққа – үлгі ретінде ұсыналады.

Отаншылдық, ел – жұртын сүю, азаматтық борышын атқаруға болатын халықтық рухани құндылықтың бірі – ар – намыс. Бұл – борышты атқаруға итермелейтін әлеуметтік күш. Осы тұрғыдан алғанда ар – намыс қазақ халқының бойына туа біткен ұлттық әлеуметтік - психологиялық ерекшелік болмысы және ол азаматтық елін, жерін, тілін сүюге отандық ойлау жүйесінің негізі болмақ. Сондықтан баланың жасынан ар – намысын қалыптастыру үшін халықтық ертегілердің, ер – азамат бейнесін сомдап, үлгі етіп, мақтанышын, ерлігін мадақтап тәрбиелеудің маңызы зор.

Қазақ ауыз әдебиетінің ертеден кем жатқан күрделі саласының бірі – батырлар жыры. Бұл жырлардың көпшілігі халықтың Отанды сүю, басқыншы жаудан елді қорғау, халық үшін емес ерлік еңбек ету идеясынан туған. Дәстүрлі қазақ эпосы – ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығының айқын айғағы ретінде бүгінгі күні де халықтың жадында сақталып, ғасырдан – ғасырға, ұрпақтан – ұрпаққа асыл мұра болып жетіп отыр. Батырлар жыры бір ғасырдың ғана жемісі емес. Ол халықтың ертедегі тұрмыс – тіршілігіне, тарихына, қоғамдық өміріне байланысты туып, солармен бірге жасасқан. Елін, жерін қорғаған батырларды мадақтап жырға қосу арқылы халық жас ұрпақты ерлікке, өрлікке, мәрттілікке, ұлтжандылыққа үйретуге тырысқан. Мысалы, «Қамбар батыр» жыры ересектермен қатар, кіші сынып оқушыларының қабілетіне сай шығарма. Қамбар батырдың ерлік істері, халқына сіңірген еңбегі балаларды қажырлы өжет іске бастайды.

Ұлттық ойындардың да балаға тигізетін пайдасын халық ертеден – ақ білген. Бәйге аттың озып келуі баланың батылдық пен өжеттілікке, шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелейді. Жастайыннан ат құлағында ойнайтын қазақ баласы үшін бәйге ертеңгі әскери мектептің бір сынағы іспеттес. Қазақтың баласы жасы жетіге келгенде атқа мінгізіп үзеңгіні ұстатуы, ел болуға, өз ісіне жауапты болуға меңзегені де жақсы дәстүр. Бұл жерде баланың жетіге келгенде мектепке баруы да, оң – солын, танудағы алғашқы қадамы да кездейсоқтық емес.

Бастауыш сынып оқушыларының ұстаздары балаларды алғашқы боп Отанмен, қоршаған ортамен таныстыратындарын ұмытпаулары тиіс. Патриоттық сезімге тәрбиелеудің жолдары әр түрлі болады, ең бастысы оқушыларда Қазақстан Республикасының азаматығына деген, ең керемет сезімді қалыптастыру.

Қорытындылай келе ұрпақ тәрбиесімен айналысатын әрбір оқытушы өз тәрбие жұмысының негізгі мақсатын от жүрегі Отан деп соғатын жастар тәрбиелеу деп алса, ұлт болашағына, ел тыныштығына сеніммен қарауға болады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Байділдина К. Патриоттық тәрбие бастауы. – Бастауыш мектеп. 1986, №9.
2. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасының және оқыту әдістемесі. – Алматы, 2004.
3. Патриоттық тәрбие беруде ауыз әдебиетінің атқаратын рөлі – Бастауыш мектеп. 2005. №8.


## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҚАРАПАЙЫМ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ


**Еркінбекова Гулжамал Қуанышбекқызы**

Түркістан облысы, Созақ ауданы, "Балдырған" бөбекжай бақшасының тәрбиешісі



***Резюме***

*В даннной статье рассматриваются формирование элементарных математических представлений у дошкольников*

***Summary***

*The article is given information about the formation of elementary mathematical representations in preschool children*


Бүгінгі бөбек - ертеңгі азамат қоғам иесі. Балғын бөбектерге ең алғаш жол көрсетуші, бағыт беруші - балабақша тәрбиешілері. Өйткені, білім мен тәрбие негізге баланың жеке басын қалыптастыру негізі балабақщада қаланады. Мектепке дейінгі тәрбие беру ұйымдарында балалардың ой-өрісін логикасын, тілін дамытуда, белгілі бір затты қабылдауын, есте сақтауын, оны қайта жаңғыртып көзге елестеуін, дүниетанымын дамытуда қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастырудың маңызы ерекше. Балаларда бар түсініктер өздігінен ұғымдарға айнала алмайды. Ұғымдарды және оларды қолдануға негізделген ойлаудың логикалық формалаларын балалар ғылыми білімдерге негіздеу барысында меңгереді. Демек, мектепке дейінгі балалардың ақыл-ой қызметінің дамуы, логикалық ойлаудың дамуы қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру барысында жүзеге асырылады. Балаларды мектепке дайындауда математиканы оқыту тек санды және кеңістік, уақыт жайлы түсінік қалыптастырып қана қоймайды, сонымен бірге олардың ойлау үдерісін дамытуға (анализ, синтез, индукция, дедукция) ықпал етеді. Арнайы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде баланың танымдық қызығушылығымен бірге жалпы даму қамтамасыз етілді, яғни оқытудың дамытушылық қызметі жүзеге асырылып, баланың тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік ашылады. Балаларға қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру барысында оқытудың дамытушылық қызметіндегі бірқатар талаптар мен шарттар орындалуы қажет.

Біріншіден, дамытушы орта қажет, ол үшін мектепке дейінгі кезеңнің өзіндік ерекшелігі мен құндылықтарын сақтай отырып, қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру барысында ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті балалардың танымдық қабілетін дамытуға бағытталуы шарт. Балалардың танымдық қызығушылығын дамытудың негізгі факторы олардың білімі мен дағдыларының дәрежесі ғана емес, сонымен бірге баланың маңызды психикалық қызметтерін, ақыл-ой жұмысының тәсілдерін қалыпастыруға мүмкіндік беретін оқу үрдісі болып саналады. Ойлауға үйрететін сабақтар дамыта оқыту сабақтары деп есептеледі. Дамыта оқытуды ұйымдастыру, балаға ақыл-ой әрекетін меңгеруге жағдай жасайды. Педагог бұл жағдайда дайын білімді түсіндіріп қоюшы, бағалаушы емес, танымдық іс әрекетті ұйымдастыратын ұжымдық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана баланың интеллектісінің көзін ашып, шығармашылығын дамытады.

Екіншіден, соңғы жылдары бастауыш сынып пен балабақша арасындағы сабақтастық мәселесі жиі айтылып жүр. Бастауыш сыныпта математиканы оқытудағы қазіргі психологиялық зерттеуер балалар бақшасында да, мектепалды даярлықта да математикалық дайындықтың мазмұнын қайта қарауды талап етіп отыр. Бұған дейін көбінесе баланың психологиялық даму мүмкіншілігін ескермегендіктен, қолданылып жүрген көптеген әдіс-тәсілдердің ұтымдылығы аз екені байқалып отыр.

Бір ғана заттарды, көрнекілерді пайдалану арқылы арқылы қарапайым қосу мен азайтуды меңгерумен шектелсе, онда баланы алғашқы математикалық түсінігі кеңейтіндігі дәлелденген. Олай болса, бұл жерде де біздің зерттеуімізде қарастырылып отырған оқытудың дамытушылық қызметі ескерілмеген деуге болады. Үшіншіден, қазіргі таңда білім беру жүйесінің негізгі мақсаты - білім беру, тәрбиелеу, дамыту арқылы жеке тұлға қалыптастыру. Бұл мақсаттар өзара тығыз байланыста болғанда ғана нәтижелі болады. Олай болса, мектеп жасына дейінгі балалардың қарапайым математикалық түсінігін қалыптастыру барысында баланы жеке тұлға етіп тәрбиелеу, өмірге дайындау мақсатында білім берудің дамытушылық қызметі жүзеге асырылуы қажет. Бағдарлама әр түрлі ұйымдастырылған оқу қызметінің қарым-қатынасының көмегімен жүзеге асырылуы мүмкін: құрастыру, музыка тәрбие, бейнелеу өнері, дене шынықтыру. Негізгі міндет дамытушы ойындарды қолдана отырып, балалардың қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру кезінде балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ыңғайлы жағдай жасау. Бұл бағдарламада Б.Никитиннің, В.Воскобичтің, Овид Декорлидің, Золтон Дьенештің дамытушы ойындарын қолдану арқылы ұйымдастырылған оқу қызметтерінің жоспары берілген, бұл балалардың шығармашылық қабілетін дамытуға көп септігін тигізеді.

Мектепке дейінгі баларды қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру жұмысын ұйымдастыру толыққанды математикалық дамуды қамтамасыз етуде ұйымдастырылған мақсаты іс-әрекет, соның ішінде педагог баланың алдына танымдық тапсырма беріп оны шешуге көмектеседі. Ол ұйымдастырылған оқу-іс әрекетте және күнделікті өмірдегі іс-әрекетте жүзеге асуы тиіс.

Математикалық білім балаларға қатаң түрде белгілі бір жүйеде сонымен қоса жаңа материал балаға қолжетімді болуы тиіс. Әр бағдарламалық тапсырма әрбір кіші бөліктерге бөлінеді және тапсырманың шешімі жалғасып бірнеше сабақтарға ұласуы мүмкін. Бір тапсырмадан келесі тапсырмаға өткен сайын алдыңғы өткен тақырыпты оралған маңызды. Осы арқылы материалдың дұрыс сіңуін қамтамасыз етуге болады. Математика сабағындағы балалардың бойына қалыптастырудағы танымдық қызығушылық оқу-тәрбие үрдісінің барлық саласында көрініс табады. Қазіргі тәрбиелеп оқыту-ең көкейкесті, танымдық қызығушылық мәселелерін қарастырады. Оқу үрдісін белсенді түрде өткізу балалардың математика сабағына деген қызығшылығын, сол арқылы танымдық қызығушылықты дамытуды көздейді, сабақтың қай түрі болмасын қызығушылық пен уәждемелерге, яғни (мотивация) бағытталады. Жас баланың өмірді тануы, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. А. Б. Акпаева, Л.А .Лебедева. Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру. Алматы кітап баспасы .2012жыл
2. Ұ. Жұмаділдаева. Сандарға саяхат. Алматы 1997жыл
3. Б. М. Қосанов. Математикадан дидактикалық ойындар және қызықты жаттығулар .Алматы 1998 жыл
4. Никитин Б. П. Балабақшадағы математика – М; 2003


## ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕГІ РОЛІ


**Сейткасимова Арай Танирбердиевна**

Түркістан облысы, Созақ ауданы, "Балдәурен" бөбекжай бақшасының тәрбиешісі



***Резюме***

*В статье рассматривается роль национальных игр в воспитании подрастающего поколения*

***Summary***

*The article discusses the role of national games in the education of the younger generation*


Халқымыздың ұлттық ойындарының көпшілігі «ойлауды қажет ететін ойындарға» жатады. Балабақшада өткізілетін қимылдық ойын түрлері баланы ептілікке, зейінділікке, ұқыптылыққа баулиды. Балаларға арналған ұлттық ойын түрлері, мысалы: «Айгөлек», «Қанталапай», «Арқаласпақ», «Тақия тастамақ», «Түйілген орамал», «Арқан тартыс», «Аударыспақ», «Асық ойын», «Хан», «Бес тас», «Тартыс» т.с.с. ойындар - балалардың дене бітімінің ғана емес, ақыл-ойының жаттықтырушысы. Дене қимылының төмендеуі балаларға өте қауіпті. Ондай жағдайда бала бойында иммунитеті едәуір төмендейді. Баланың дене белсенділігінің төмендеуі сымбатының бұзылуына, омыртқаның қисаюына әкеп соқтырады.

Ұлттық ойындардың ұрпақ тәрбиесіндегі ролі. Балабақша балалары болашақ иесі болғандықтан дүниежүзілік мәдениетті танитын, өзінің төл мәдениетін білетін, сыйлайтын, рухани дүниесі бай, саналы ойлайтын деңгейі жоғары білікті болуы міндетті. Ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесін, мәдениетін жасөспірімдер бойында саналы сіңіріп, қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, мінез-құлқын, өмірге деген көзқарасын, бағытын дұрыс қалыптастыру тәрбиеге байланысты.

Мектепке дейінгі мекемелерде адамгершілік тәрбиесі тәрбиелеу және білім беру үрдісінде әр түрлі іс-әрекеттер арқылы жүзеге асырылады. Олармен ойынның әр түрін ұйымдастыра отырып, бір-біріне деген қайырымдылық, мейірімділік, жанашырлық, достық, жолдастық сезімдерді тәрбиелеуге болады.

Баланың бірінші әрекеті - ойын, сондықтан да ойын мән-мәнісі ерекше. Ойын – адамның өмірге қадам басардағы алғашқы адымы. Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» деп айтқандай баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Жас баланың өмірді танып, еңбекке қатынасы психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады.

Ұлт ойындарын жанұя тәрбиесінен бастап, балабақшада түрлі тәрбиелік шараларда қосымша материал ретінде пайдаланып келеміз.

Ұлттық мұраның бай қазынасының бірі - халықтың ұлттық ойындары көп салалы, көп қырлы құбылыс, ол тек ойындық сала емес, мәні жағынан да балабақша тәрбиеленушілерінің рухани өрісі кең өсіп - жетілуіне, эстетикалық мәдениетін қалыптастыруға тәрбиелейтін негізгі құралдардың бірі. Ұлы педагог В.Сухомлинский «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, шығармашылықсыз, қиялсыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды» дейді, демек, шәкірттің ақыл-ойы, парасаты ұлттық салт-сананы сіңіру арқылы байи түспек. Фольклортанушы ғалым Ө.Диваев «Қазақ балаларының ойындары» деген еңбегінде адамның жас ерекшелігін үш топқа бөледі: «...өмірге келгеннен бастап жеті жасқа дейінгі бала, жеті жастан он бес жасқа дейінгі балалар, он бес пен жиырма жас аралығындағы жастар...». Осының негізінде қазақтың ұлттық ойындарын үш топқа бөліп қарастырып, бірінші топқа, сол жастағыларға лайықты: «санамақ, тәй-тәй, айгөлек, соқыр теке, қуырмаш, алақан соқлақ, ақ серек-кек серек» т.б. ойындарын, ал одан кейінгі топқа: «тақия тастамақ, тартыс, сиқырлы қоржын, бәйге, көкпар, асық, хан талапай, теңге апу, қыз қуу, орамал тастамақ, ақсүйек, күрес» т.б. ойындарын жатқызуға болады. Мұндай ойындар баланы тез ойлауға, тапқырлыққа баулып, жаңа тақырыптарды жылдам меңгеруге ықпал етеді, сез тіркесіне, ұйқастыруға дағдыландырады. Ұлттық ойындар бала тәрбиесінде негізгі екі жауапты рөл атқарады: біріншіден, жаттығулар жасап, ұлт ойындарын ойнаған кезде дене дамуы жақсарса, екіншіден, ұлт ойындарының мазмұнын, ойлау тәртібін түсіндірген кезде ұлттық әдет – ғұрпымыздан, өткен өмірімізден хабар алады. Егер балабақшада жұмыс стилі ұлттық дәстүр, салт – санаға бағытталған болса, мысалы, барлық топ бөлмелері, залдар қабырғаларындағы тұскиіз, ою, сырмақ, домбыра, қамшы, ер сияқты заттардың өзі күнделікті баланың көз алдында болғандықтан осы бұйымдарға көздері қанық болып өседі. Біз болашақ ұрпағымызға тілімізді ғана үйретіп қоймай, салт-санамызды, дәстүрімізді мирас етіп қалдырып, ұрпақтан – ұрпаққа жалғасуына жағдай жасауымыз қажет.

Бұл ретте ойындардың мәні өте зор. Оларды қолдану негізінен дене тәрбиесі сабақтарында, спорттық жарыстар, серуендер кезінде жүзеге асады. Орайы келсе тіл дамыту мен көркем әдебиет сабақтарында да пайдаланған жөн. Себебі осы пәндерде санаға көбірек салмақ түседі. Сондай кезде өтетін тақырыпқа байланысты қимыл – қозғалыстар, жаттығулар, жаңылтпаштар, дене тәрбиесі, сергіту уақыттарын ұйымдастырса, баланың денесі ширап, көңілі көтеріліп, сабақ материалдарын қабылдау сапасы да артады. Балалар ойын барысында еркін тапқырлық әрекет байқатады, сезіну, қабылдау, ойлау, қиялдау, зейін қою, ықылас, ерік және т.б. түрлі психикалық түйсік пен сезімділікке тәрбиеленеді.

*«Ақ серек, көк серек» ұлттық ойыны*

*Ойынның мақсаты:*Ойынға деген балалардың қызығушылығын арттыру, көңіл күйін көтеру, жылдамдыққа, ептілікке, шапшандыққа үйрету Ойын шартын дұрыс түсіндіре отырып, ойынға деген белсенділігін арттыру.

*Ойынның шарты:* Ойын ашық алаңда өткізіледі. Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралары 30-40 метрдей жерде бір-біріне қарама – қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып тізіліп тұрады. Жеребе бойынша анықталған ойынды бастаушы топтың балалары әндете өлең айтады:

- Ақ серек те, көк серек,
Бізден сізге кім керек?
Екінші топтың балалары:
- Ақ серек те, көк серек,

Бізге мұнда Азамат керек.

Деп бірінші топтағы бір баланың атын айтады. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады. Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады. Келесі кезекте ойынды екінші топ бастайды. Осылайша ойын жалғаса береді. Қай топ өз ойыншыларынан көп айрылып қалса, жеңілген болып есептелінеді.

*«Ұшты-ұшты» ойыны*

Ұлттық ойынның бірі - «Ұшты-ұшты». Бұл ойынға ересек балалар мен кішкентай балалар да қатысса қызықтырақ болады. Ойын ережесі: Бір бала ортаға шығып жиналғандарды двңгелете, өзіне қаратып бір қатарға отырады. Содан кейін ойынның ойналу тәртібін түсіндіреді. Сейтіп ойынды бастайды. Ойын жүргізуші «Ұшты-ұшты бөдене ұшты» деп қолын кетереді. Сол кезде ойнаушылар тыңдап отырады да ұшатын затқа олар да қолдарын көтереді. Ұшпайтын затты ұшты қолын кетерсе, ойын жүргізушімен бірге қолдарын кетерген ойыншылар жазасын тартады. Ал ұшатын затты айтқанда, қолдарын кетермей қойса онда да жаза тартады. Сондықтан ойын жүргізушінің әр айтқан сезіне өте сақ болу, қырағы болу керек. Ойын жүргізуші ұшатын зат пен ұшпайтын затты ұйқастырып айтып ойыншыларды ылғи да жаңылдырып отыруға тырысады. Тіпті көпшілікке таныс емес құстардың атын айтып та, ұшатын жәндіктердің атын айтып та жаңылдыруға болады. Мысалы, ұшты-ұшты кекілік ұшты, ізінше кекілік ұшты, қарға ұшты - сырға ұшты, кебелек ұшты - ебелек ұшты, тауық ұшты, уық ұшты, қаршыға ұшты, қанжыға ұшты деп жалғаса береді.

*«Алтыбақан» ойыны*

Алтыбақан құру үшін әрқайсысының ұзындығы 3-4 метрдей алты сырық пен мықты арқан керек. Мосыңа ұқсатып үш-үштен ағашты бір жақ басына байлап, жерге қадайды. Ойнаушылар аяғын тірейтіндей етіп түйіп, арқан байланады. Бір-біріне қарама-қарсы отырып тербелген жұптар ән бастайды, Қалғандары екеуіне қосылып, түнді әуенмен көңкереді.

## МНЕМОТЕХНИКА – КАК ТЕХНОЛОГИЯ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ

**Яхницкая Анна Викторовна**
г. Шымкент қаласы, воспитательница ГККП "Ясли-сад № 66 "Болашақ"

***Түйін***

*Мақалада мнемотехника технологиясын қолдана отырып балалардың тіл байлығын дамыту жолдары көрсетілген*

***Summary***

*The article shows ways to develop children's language skills using mnemonic technology*

***"Учите ребёнка каким-нибудь неизвестным ему пяти словам - он будет долго и напрасно мучиться, но свяжите двадцать таких слов с картинками, и он их усвоит на лету»***

***К.Д.Ушинский***

Мнемотаблица – это схема, в которую заложена определенная информация. Это графическое или частично графическое изображение персонажей сказки, явлений природы, некоторых действий и путем выделения главных смысловых звеньев сюжета рассказа. Главное – изобразить условно - наглядную схему так, чтобы нарисованное было понятно детям.

Цель: Овладение основными культурными способами деятельности, проявляя инициативу и самостоятельность.

Задачи:

- совершенствовать восприятие, зрения, слуха, тактильных ощущений, обоняния;
- формировать навыки запоминания, умение детей управлять своим вниманием, сделать его «послушным»;
- стимулировать интеллектуальное развитие ребенка;
- способствовать запоминанию любой информации.

Принципы:

1. Принцип развивающего образования, в соответствии с которым главной целью является развитие ребенка.

2. Принцип научной обоснованности и практической применимости - содержание работы соответствует основным положениям возрастной психологии и дошкольной педагогики, и имеет возможность реализации в массовой практике дошкольного образования.

Структура: мнемоквадраты, мнемодорожки, мнемотаблицы.

Алгоритм работы с мнемоквадратом:

1. Введение символов

2. Использование элементов опорных схем, символов на всех видах занятий, в различных видах деятельности, т.к. у ребёнка не должно быть «привыкания», что этот символ применим только в какой-то одной области потому что символ универсален

3. Введение отрицаний

4. Самостоятельный поиск детьми изображений, символизирующих какое-либо качество. Задачей этого этапа является активный поиск изображений, умение аргументировать свой выбор

5. Осуществляется перекодирование информации, т.е. преобразование из абстрактных символов в образы.

Алгоритм работы:

1. Рассматривание таблицы и разбор того, что на ней изображено.
2. Осуществляется перекодирование информации, т.е. преобразование из абстрактных символов в образы.
3. Зарисовка мнемотаблиц детьми (в старших группах).
4. Рассказывание по мнемотаблицам, созданными детьми.

Требования:

- чётко отражать основные свойства и отношения, которые являются объектом познания, быть по структуре аналогичной изучаемому объекту;

- ярко и отчётливо передавать те свойства и отношения, которые должны быть освоены с её помощью;

- быть простой для восприятия и доступной для создания и действия с ней;

- должна быть создана атмосфера, свобода творчества, у каждого ребёнка может быть своя модель - такая, какую он себе мыслит и представляет;

- не нужно злоупотреблять этим методом, использовать его без необходимости, когда свойства и связи предметов лежат на поверхности;

- нужно создать такую ситуацию, в которой бы дети почувствовали необходимость создания модели, поняли, что без модели им будет трудно.

Таким образом, использование методов мнемотехники:

- облегчает запоминание и увеличивает объем памяти, развивает речемыслительную деятельность детей;
- позволяет ребенку систематизировать свой непосредственный опыт;
- ребенок с опорой на образы памяти устанавливает причинно-следственные связи, делает выводы;
- развивает творческое познание детей.

**Литература**

1. Алексеева М.М. Методика развития речи и обучения родному языку дошкольников. - М., 2000

2. Большева Т.В.Учимся по сказке: Развитие мышления дошкольников с помощью мнемотехники: Учебно-методическое пособие. СПб: Детство-Пресс , 2011

# ГИМНАСТИКА ДЛЯ ГЛАЗ КАК ЗДОРОВЬЕСБЕРЕГАЮЩАЯ ТЕХНОЛОГИЯ

**Радченко Елена Анатольевна**
г. Шымкент қаласы, воспитательница ГККП "Ясли-сад № 66 "Болашақ"

***Түйін***

*Мақалада көзге арналған жаттығұлар арқылы балалардың денсаулығын нығайту жолдары көрсетілген*

***Summary***

*The article reflects the ways to improve the health of children through eye exercises*

***Здоровье – не всё,***
***но всё без здоровья – ничто.***
***Сократ***

В век информационных технологий организм детей и взрослых подвергается большому воздействию факторов, негативно влияющих на здоровье. Каждый человек воспринимает и изучает окружающий мир с помощью пяти чувств или сенсорных систем: зрения, слуха, осязания, обоняния и вкуса.

Глаза считаются из всех органов чувств самым драгоценным даром природы. 90% информации человек воспринимает из внешнего мира благодаря зрению.

Не секрет, что телефоны, компьютеры, планшеты, телевизоры – ежедневно оказывают нагрузку на зрительный аппарат детей, даже младшего дошкольного возраста. Поэтому профилактическая и корригирующая работа с органами зрения выступает сегодня, как необходимый компонент образовательной деятельности ДОУ.

Важно не только научить детей выполнять специальные упражнения в системе, но и понять необходимость заботы о своем зрении и здоровье в целом.

Развитию зрения в детском возрасте необходимо уделять особое внимание.

Для этого существует гимнастика для глаз. Но дети с гораздо большей охотой делают ее, когда гимнастика связана со стихотворным ритмом. Чтобы дети могли проявить свою активность, рекомендуется все занятия с ними проводить в игровой форме.

Сегодня мы поговорим о гимнастике для детей дошкольного и младшего школьного возраста.

Зрительную гимнастику необходимо проводить регулярно 2-3 раза в день по 3-5 минут. Для гимнастики можно использовать мелкие предметы, различные тренажеры. Гимнастику можно проводит по словесным указаниям, с использованием стихов, потешек. Гимнастика бывает:

1) игровая коррекционная физ.минутка;
2) с предметами;
3) по зрительным тренажёрам;
4) комплексы по словесным инструкциям.

При подборе гимнастики для глаз учитывается возраст, состояние зрения и быстрота реакции ребенка. Дети во время проведения зрительной гимнастики не должны уставать. Надо следить за напряжением глаз, и после гимнастики практиковать расслабляющие упражнения. Например: «А сейчас расслабьте глаза, поморгайте часто-часто, легко-легко. Примерно так, как машет крылышками бабочка».

Можно после гимнастики для глаз использовать для снятия напряжения гримасы, артикуляционную гимнастику.

А сейчас я с вами проведу гимнастику для глаз

**«Елка»**

*Выполняют движения глазами.*
Вот стоит большая елка,
Вот такой высоты.
*Посмотреть снизу вверх.*
У нее большие ветки.
Вот такой ширины.
*Посмотреть слева направо.*
Есть на елке даже шишки,
*Посмотреть вверх.*
А внизу – берлога мишки.

*Посмотреть вниз.*
Зиму спит там косолапый
*Зажмурить глаза,*
И сосет в берлоге лапу.
*поморгать 10 раз, Повторить 2 раза.*
***
Руки за спинку, головки назад
Руки за спинку, головки назад.
*(Закрыть глаза, расслабиться.)*
Глазки пускай в потолок поглядят.
*(Открыть глаза, посмотреть вверх.)*
Головки опустим — на пол гляди.
*(Вниз.)*
И снова наверх – где там муха летит?
*(Вверх.)*
Глазами повертим, поищем ее.
*(По сторонам.)*
И снова посчитаем. Немного еще.
***
**«Гримасы»**
Предложите изобразить мордочки различных животных или сказочных персонажей. Гримаса ежика – губки вытянуты вперед – влево – вправо – вверх – вниз, потом по кругу в левую сторону, в правую сторону. (Затем изобразить кикимору, Бабу-ягу, бульдога, волка, мартышку и т. д.).
***
Самомассаж.
Потереть ладони. Закрыть глаза, положить ладони на глаза, пальцы вместе. Держать 1 с. Ладони на стол. Открыть глаза.

Как утверждают специалисты, гимнастика для глаз помогает всем исключения улучшить зрение и поддерживать его на должном уровне

Достоинство же гимнастики для глаз заключается в том, что затраты времени на упражнения измеряются минутами, а польза от подобного рода деятельности для здоровья ребенка неоценима.

**Литература**

1. Евсеев Ю. И. Физическая культура. Ростов н/Д: Феникс, 2002.
2. Ковалько В. И. Школа физкультминуток (1-4 классы): Практические разработки физкультминуток, гимнастических комплексов, подвижных игр для младших школьников. - М.: ВАКО, 2007
3. Демирчоглян Г. Г. Эффективные упражнения для зрения. – М.

## ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІ, ОНЫҢ МӘНІ МЕН ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Танабаева Гульмира Муздыбековна**
Түркістан облысы, "Өркен" Балалардың Әл-Ауқатын Арттыру Ұлттық Ғылыми-Практикалық Институтінің аға оқытушысы

***Резюме***

*В данной статье рассматривается понятие, цели и задачи воспитательной работы, основные принципы, методы и формы ее проведения, а также роль педагога и особенности работы в разных возрастных группах, с акцентом на оценку эффективности данной работы.*

***Summary***

*This article examines the concept, goals and objectives of educational work, the basic principles, methods and forms of its implementation, as well as the role of the teacher and the features of work in different age groups, with an emphasis on assessing the effectiveness of this work.*

Тәрбие қоғамдық құбылыс. Себебі қоғамның материалдық жағдайының өсуі, идеологиясының өзгеруімен байланысты тәрбиенің мақсат – міндеттері, мазмұны мен ұйымдастыру тәсілдері де толығып, жаңа жағдайға сәйкес жақсарып отырады. Әрине адам жеке тұлға болғанымен, қоғамнан тыс өмір сүрмейді. Ал қоғам дегеніміз – адамдардың тіршілік ету, өмір сүру үшін топтасқан ортасы.

Тәрбие мақсатты процесс. Тәрбие мақсаты айқын әрі нақты өмір жағдайына сай белгіленсе ғана өз нәтижесін дұрыс береді. Оны тәрбиеші – лердің өз қалауымен анықтауға болмайды. Себебі тәрбие мақсаты қоғамның, мемлекеттің әл – ауқаты және оның саясатымен әрқашан тығыз байланысты болады.

Тәрбие – біртұтас процесс. Себебі тұлға жеке адам ретінде тәрбиеленеді. Сондықтан жеке тұлғаның кісілік қасиеттерін қалыптастыру жеке – дара атқарылмайды, керісінше бір мезгілде, бірыңғай жағдайда жүзеге асырылады. Өйткені тұлғаның қалыптасып, дамуы тұтас процесс.

Тәрбие ұзақ әрі күрделі процесс. Жеке адамның қалыптасуы бүтіндей бір ұзақ дәуірді қажет етеді. Адам баласы туғаннан бастап, есейіп ержеткенге дейін тәрбиенің ықпалында болса, кейінгі уақытта ол өзін - өзі тәрбиелеу процесімен жалғасып отырады.

Екіншіден, тәрбиелеу барысында қойылған мақсаттың нәтижесін көбінесе жуық арада байқауға болмайды. Өйткені әрбір жеке тұлғаның мінез- құлқында дара ерекшеліктері, қабілеттері, дүниетанымы бірыңғай қалыптасып дамымайды. Оған ықпал ететін ішкі және сыртқы факторлардың да әсері мол.

Тәрбие - көпжақты процесс. Жасөспірімдерді азамат етіп тәрбиелеу, қоғамдық пайдалы еңбекке әзірлеу процесі қоғамның барлық азаматтарының міндеті, отбасы, мектеп пен жұртшылықпен бірлесіп атқаратын ортақ мақсаты. Дегенмен де ата – аналар мен жұртшылық әрекетін қадағалап, бағыт – бағдар беріп, олардың бала тәрбиесіндегі жұмыстарын бірыңғай бағытта ұйымдастырып отыратын ол – ұстаздар тобы. Оның орталығы – мектеп.

Тәрбие процесін табысты, нәтижелі ұйымдастыру тәрбиешілерге, алдымен тәрбие заңдылықтарын жете түсінуді қажет етеді.

Тәрбиенің заңдылықтарына:

1. Баланың үнемі жетілуі, даму жағдайында болуы, бұл – табиғи заңдылық;
2. Баланың өзінің түрлі әрекетінсіз және оның сыртқы орта мен табиғи қарым – қатынасынан тыс тәрбиенің болмауы жағдайы;
3. Тәрбие мен дамудың бірлігі және өзара байланыстылығы;
4. Тәрбие мен өзін - өзі тәрбиелеудің бірлігі және өзара байланыстылығы;
5. Тәрбиеде бірыңғай дайын рецептің болмауы және оны қолдану мүмкін еместігі;
6. Қоғамның үнемі өркендеп дамуы, онда өмір сүріп отырған әрбір жеке адамның күш - қуатымен өмірлік ұстанымына тәуелді екендігінде, сондықтан да тұлға тәрбиесі, бұл заңды құбылыс.

Мақсат – бұл ғылыми түсінік, ол белгілі бір әрекеттің түпкі нәтижесін сезіну деп түсіну керек. Оны ойдан шығаруға болмайды.

Орыстың ұлы сыншысы В.Г.Белинский «Адамды табиғат жаратқанмен, оны өсіріп, тәрбиелейтін - қоғам», - деп өте орынды айтқан. Педагогика ғылымында тәрбие мен оқытудың мақсаты мен міндеттерін қарастырғанда оны әрқашанда қоғаммен бірлікте, қоғамдық құбылыс ретінде, қоғамның талаптарымен байланысты қарастырады.

Тәрбие мен оқыту қоғамдық категория ретінде оның талаптарын объективті түрде білдіреді. Яғни, «тәрбиесіз қоғам, қоғамсыз тәрбие өмір сүрмейді» деген қағидаға сүйенсек, онда тәрбиенің мақсаты қоғамның мақсатымен бірлікте болады. Сондықтан да қоғамдағы тәрбиенің қызметі қоғамның мақсатын, талап – тілектерін іс жүзіне асыру болып табылады. Бұл талаптар әр кезде қоғамдағы өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың даму дәрежесімен байланысты анықталады. Олай болса, «Тәрбиедегі мақсат адамды, һәм сол адамның ұлтын, асса барлық адамзат дүниесін бақытты қылу. Ұлт мүшесі әрбір адам бақытты болса, ұлты бақытты. Адамзат дүниесінің мүшесі әрбір ұлт бақытты болса, адамзат дүниесі бақытты. Қысқасын айтқанда, тәрбиедегі мақсат – адам деген атты құр жала қылып жапсырмай, шын мағынасымен адам қылып шығару».

Қоғамның материалдық негізі мен идеологиясының өсуі әртүрлі қоғамдық – экономикалық формацияның алмасуына ықпал етеді. Ол өз алдына тәрбие мен оқытудың мақсат – міндеттерін, оның мазмұны мен әдістерінің өзгеруіне де себепші болады.

Бізге мәлім, ерте замандағы педагогтар әрекетінде тәрбиенің мақсат – міндеттерін белгілеуде ортақ пікір болмаған. Ол негізінен екі бағытта өрбіген. Біріншісі, прогресивті идеяны ұсынса, яғни жалпыға бірдей білім бере отыра жеке басты жан – жақты, үйлесімді дамыту болса, ал, екіншісі, яғни

реациялық идеяның өкілдері үстем таптың мүддесін көздеп, дін мен идеалистік философияның теорияларын уағыздады.

Бүгінгі таңда қоғамның жаңа сатыға, жаңа сапалық жағдайға көтерілуі еліміздің әлеуметтік – экономикалық саласында жаңа міндеттерді, жаңа талаптарды шешуді жүктеп отыр. Егерде қоғамның әлеуметтік саласында қайта құру міндеті жүктелсе, яғни ол жалпы орта білім және тәрбие беретін мекемелер алдына жаңа сатыдағы сапа жағынан жаңа міндеттерді шешудің объективтік қажеттілігі туындағанын көрсетеді.

«Педагогика ғылымы тәрбиенің мақсатын жеке адамды жан – жақты дамыту, әділетті қоғамды өз қолымен құратын және оны қорғай алатын адамзат етіп тәрбиелеу деп қарастырады. Тұлғаны жан – жақты жетілдіріп, дамыту деген ұғымды оқу мен жастардың практикалық еңбегінің тікелей байланысы, дененің және ақыл – ой дамуының біртұтастығы деп түсіну керек.».

Жеке тұлғаны жан – жақты дамыту идеясы ертедегі Грек мемлекетінде пайда болып, өткен дәуірдегі алдыңғы қатарлы прогресшіл ойшылдарды терең толғантты. Педагогикалық және философиялық еңбектерден «жан – жақты дамыту» идеясы туралы көзқарастар қайта өрлеу дәуірінен бастау алғанын байқаймыз. Олардың негізінде дене және рухани сұлулықтың үйлесімді дамуын айта келе, оған жету тек адамдардың өнермен, гимнастикамен айналысуы жағдайында ғана жүзеге асады деп дәлелдейді. Бұндай көзқараста еңбек қызметінің маңызы қарастырылмаған. Себебі, еңбек қызметі тек құлдарға ғана тәуелді болған.

Аристотельдің көзқарасында дене, адамгершілік және ақыл – ой тәрбиесі тұлғаның жан – жақты дамуы ретінде қарастырса, қайта өрлеу дәуірінде гуманистер Витторино да Фелбтре, Ф.Рабле, М.Мантень, Э.Роттердамский жан – жақты идеясын дамыта отырып, тұлғаның эстетикалық дамуы қажеттілігіне назар аударады. Кейіннен жеке тұлғаның жан – жақты үйлесімді дамуы жайында пікірлер социал – утопистер Томас – Мор, Т.Кампанелла, Р.Оуэн, Сен – Симон еңбектерінде де дұрыс көзқарасқа әрі толық мазмұнға ие болды. Олар қоғамның барлық мүшелері қатысқан еңбек пен оқытудың бірлігін жан – жақты даму деп қарастырады. Бірақ та қанаушы тапқа бөлінген қоғам жағдайында бұл ойды жүзеге асыру мүмкіндігі болмады. Сондықтан да бұл арман утопистік сипатта қала берді.

XVIII ғасырдағы француз философ – ағартушылары Гельвецию және Дидро еңбектерінде бұл ойдың негізіне ақыл – ой мен адамгершілік тәрбиесін қарастырды. Ж.Ж.Руссо бұл пікірге терең талдау жасап, табиғатпен дұрыс қарым – қатынас жасай білетін барлық балаларды еңбекке тарту қажеттігі жайында өз пікірін уағыздайды.

Жан – жақты дамыту идеясын орыстың революцияшыл – демократия-лық педагогикасының негізін қалаушылары Н.Г.Чернышевский мен Н.А.Добролюбовтар да қолдады. Н.Г.Чернышевский тәрбиенің мақсаты жайлы – қоғамдық идея жағынан ұстамды күрес адамын, революционерді тәрбиелеу, халық мүддесін ойлайтын «азаматтық істерге» араласа алатын, адал ниетті адамдар тәрбиелеу деп жаңа қоғам үшін күрескерлерге қажетті қасиеттер жөнінде өз көзқарасын білдіреді.

Педагогикалық талап әдісі әртүрлі іс - әрекеттердің бір түріне тежеу, ал енді бір түрін күшейту мақсатымен тәрбиеленушінің санасына педагогикалық ықпал жасау екендігі тәрбие әдісінің теориясында айқындалған.

Оқушылардың ұжымын ұйымдастыруда педагогтің талап қоюы шешуші роль атқарады. Мұнда нақтылы педагогикалық жағдайға байланысты талаптың түрі, мазмұны іріктелінеді. Тәрбиешінің қатынасы педагогикалық талаптың нәтижелі болуына ықпал жасайды. Тұтас педагогикалық процестер тәрбиеленушіге педагогикалық талап қоюмен, дұрыс іс істеуге мәжбүр етуді сабақтастырып отыру заңдылығын жүзеге асыру көзделінеді.

**Жаттығу әдісі**. Тәрбие әдісінің жүйесінде жаттығу елеулі орын алады. Жаттығу мінез – құлықтың нормалары мен ережелеріне сай тәрбиешінің әр түрлі іс - әрекетті ұйымдастыру арқылы оқушыларды тәрбиелеудің ерекше әдісі ретінде қарастырылады.

Жаттығу әдісінің құндылығы мынада: педагогикалық процесте тәрбиеленушілердің орындайтын жаттығулары тәрбиешінің талаптарын орындаумен ғана емес, ең алдымен, осы жаттығуларды орындау барысында өзінің адам игілігіне қажет еңбегімен көріне алатындығында.

Адамның басқалар үшін қамқорлық жасай алатынын сезінуі оның қуаныш, ризашылық көңіл – күйін білдіруінде.

Жаттығудың басқа әдістерден ерекшелігі тәрбие процесінің екі жақты заңдылығы жүзеге асыратын ең тиімді әдіс екендігінде. Себебі жаттығу әдісі бойынша оқушы объект жағдайынан субъект жағдайына жеткізуге мүмкіндік береді. Біз қарастырып отырған жаттығу әдісінің ішкі құрылысының күрделілігі мынада: мектеп тәжірибесінде үйрету әдісін қолданғанда бала көбіне тапсырманы сырттай механикалық тұрғыда орындауға әуес келеді. Ал жаттығу әдісінің педагогикалық – психологиялық

ерекшелігі – орындалатын жаттығулар мен әрекеттер баланың жеке басының ішкі қасиетіне айналуымен сипатталатындығында. Сондықтан тәрбиеленушіге арнайы тапсырма беруде ең алдымен баланың ішкі мүмкіндігін, күшін, бағытын жан – жақты терең зерттеп білу керек. Сол арқылы тәрбиеленушінің қоғамдық белсенділігін басқарып, оның бойында әлеуметтік жалпы адамзаттық адамгершілік қасиеттің дамуын және оның дұрыс іс – қимыл мен мінез – құлық дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік туады.

Қоғамдық мінез – құлықты қалыптастыру және іс - әрекетті ұйымдастыру тобындағы әдістің бірі – тәрбиеленушілік ситуацияларды туғызу әдісі.

Тұтас педагогикалық процесте жеке адам әртүрлі әрекеттер барысында қалыптасып дамиды. Сондықтан бала өмірінің, оның өзін айнала қоршаған ақиқатпен қарым – қатынасын ұйымдастыру ісі белгілі міндетті шешуге барынша жауап беретіндей, оның талабына сай ұйымдастырылуы керек. Дәлірек айтқанда жеке басының іс - әрекетінде педагогикалық тәрбиелеу-шілік ситуациялар туғызу керек.

Балаға өмірде әртүрлі ситуацияларды шешуге тура келеді. Арнайы зерттеулер тәжірибесі бұл жағдайда баланың дайындығы жеткіліксіз екендігін дәлелдейді. Сондықтан тәрбие процесінде ситуацияларды қолдану, қазіргі қоғамның жариялылық – демократиялық талаптары үшін қажет және тиімді әдіс деп есептейміз. Тәрбиенің әрбір жеке әдісі әмбебап әдіс бола алмайтыны белгілі. Дегенмен, педагогикалық ситуация әдісінің өзіндік мәні бар. Кез келген педагогикалық ситуация ең алдымен шығармашылық әрекет болып есептеледі. Себебі ол көптеген педагогикалық сұрақтарды, шешімдерді таңдап алуды қажет етеді. Мектеп өміріндегі әртүрлі ситуациялардың шешілуіне қатыса отырып, бүтіндей ұжым немесе жеке оқушы өздерінің тәрбиелік дәрежесін көрсетеді. Әрбір педагог белгілі проблеманы шешуге немесе қайшылықты мәселелердің дұрыстығын анықтауға арналған шартты ситуацияларды туғызуына болады. Мұнда арнайы ұйымдастырылған педагогикалық жағдай тәрбиелеушілік ситуация деп аталады.

Өз мәні жағынан ситуацияларды еркін таңдауға болады. Мәселен, оқушы бірнеше варианттың біреуін ғана дұрыс шештім деп есептейді. Автобусқа отырғанда жаныңа келген қарт кісіге орын бересің бе? Әлде сезбеген болып қаласың ба? Ескерту жасағанда естімеген боласың ба? Мұғалімнің ұсынған осы ситуациясынан кейін шығатын дұрыс жолды табу үшін оқушы өзінің көзқарасына, мінез – құлқына қайта ойланып, қайта оралып, қайта қарап, ақыры жаңа талаптарға сай іс - әрекеттерімен қарым – қатынасын өзгертеді.

Қорыта айтқанда, тәрбиелеушілік ситуацияны педагогикалық тұрғыдан дұрыс қолданған жағдайда ол жас ұрпақты тәрбиелеуде өте икемді және маңызды әдіс болып есептеледі.

**Пайдаланылған әдебиеттер**


1. Қазақстан Республикасының “Білім туралы” заңы. Алматы, 2027 ж.
2. Табылдиев Ә. Қазақ халқының тағылымы. Алматы, 1995ж.
3. ЖарықбаевҚ., ҚалиевС. Қазақ этнопедагогикасының дәріс бағдарламасы. Алматы, 1993ж.


## РАЗВИТИЕ ЛОГИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ У ДОШКОЛЬНИКОВ


**Шестакова Светлана Анатольевна**
г. Шымкент, воспитательница ГККП "Ясли-сад № 66 "Болашак"



***Түйін***

*Мақалада мектепке дейінгі ұйым балаларының логикалық ойлау қабілетін дамыту жолдары қарастырылған.*

***Summary***

*The article provides ways to develop logical thinking skills of preschool children.*


Важнейший психический процесс, обеспечивающий человеку способность решения любых поставленных перед ним задач, называется мышлением. Оно тесно связано с речью, а его результатом является мысль, выраженная в словах. Развивать мыслительную деятельность нужно с самого раннего возраста. Используя логику, ребенок получает знания об окружающем мире и его особенностях.

***Этапы развития***

Есть несколько видов мыслительной деятельности. Каждый из них преобладает в определенном возрасте:

1. Наглядно-действенное мышление характерно для детей раннего возраста. Чтобы решить поставленную задачу, ребенок выполняет действия с игрушками и другими предметами.
2. Наглядно-образное мышление – это главный вид мышления у дошкольников, при котором используются образы и предметы.
3. Логическое мышление начинает формироваться в старшем дошкольном возрасте, позволяет мыслить словами, рассуждениями и понятиями.

Предпосылками для формирования логического мышления является умение совершать мыслительные операции, усвоение действий со словами. Уровень развития каждого из видов влияет на успешность обучения ребенка в школе, внимательность, скорость восприятия и усвоения материала. В дальнейшем этот уровень определяет способность воспринимать материал в процессе обучения.

***Роль логического мышления у дошкольников***

Развитие логического мышления у дошкольников – сложный процесс. Мальчик или девочка учится анализировать, делать правильные выводы, видеть пути решения задач. Начинать развивать логику нужно с 3 лет. Использовать для этого игры, упражнения, головоломки. С помощью взрослых дети получают знания, изучают понятия, явления и процессы окружающего мира. Если ребенок получает сведения из разных источников, его логика развивается наиболее интенсивно и активно. Хорошо развитое логическое мышление позволит будущему ученику:

- понимать причинно-следственные связи;
- разбивать предметы по признакам;
- находить лишний предмет среди других;
- анализировать имеющуюся информацию;
- соотносить слова с образами и понятиями.

Чтобы развить логику ребенку дошкольного возраста применяют игровой и дидактический материал. Педагоги развивают логику на занятиях, а родители на прогулках просто обращая внимание мальчиков и девочек на природные явления. Развитие логики не заканчивается с завершением дошкольного возраста, а длится в течение всего периода взросления.

***Средства развития детской логики***

Разработано много методик, направленных на развитие логического мышления у детей дошкольного возраста. Они учитывают возрастные особенности дошкольников, строятся на играх, загадках, заданиях. Основные приемы, которые помогают развитию логики дошкольника:

1. Анализ. Исключение объекта или его свойств из группы аналогичных по заданному признаку.
2. Синтез. Объединение разных свойств объектов в одно целое.
3. Сравнение. Поиск общих или отличительных качеств или черт предметов, которые позволяют сопоставлять их с другими объектами.
4. Обобщение. Поиск общих свойств у нескольких предметов. Дошкольник учится искать сходства у двух предметов, а затем у трех и более.
5. Конкретизация. Выделение существенного признака, его отделение от несущественных.
6. Классификация. Можно использовать картинки с изображением птиц или животных, которые ребенок должен разделить на домашних или диких, травоядных или плотоядных. К старшему дошкольному возрасту ребенок сам определяет классифицирующие признаки предметов, выделяя их в отдельные группы. В более раннем возрасте можно эти признаки озвучить.
7. Смысловые соотнесения. Можно использовать игру «съедобное-несъедобное», которая научит соотносить слова с образами.
8. Закономерности. В дошкольном возрасте для определения закономерностей применяют не цифры, а картинки с изображением фигур или предметов. Дошкольник определяет последовательность цветов или фигуру, глядя на предложенный пример.

Ребенок с развитым логическим мышлением заметно выделяется среди сверстников. Он анализирует, представляет последствия своих и чужих поступков, правильно рассуждает, находит необычные решения.

***Практический метод в развитии логики***

Практический метод является ведущим в активизации логической мыслительной деятельности. Используя его, ребенок учится выполнять задания сам или с помощью взрослых. Практический метод – основа для развития умственных способностей. Он предполагает:

- использование дидактического материала;
- результат практических действий – возникновение представлений о предметах, явлениях;
- использование сформированных понятий для решения задач.

Упражнения для развития логического мышления выполняются в коллективе детей или индивидуально. Обучение проходит в игровой форме. Поэтому все взаимодействие построено с использованием настольных и подвижных игр, игрушек, специально подобранных по возрастам, и другого наглядного или раздаточного материала. В младшем дошкольном возрасте перед детьми ставятся простые задачи, которые с возрастом значительно усложняются, то есть обучение проходит от простого к сложному.

***Примеры игр, развивающих логику***

Для совершенствования логического мышления у ребенка используют такие упражнения, которые вызовут у него интерес и вовлекут в процесс обучения. Получить нужный результат помогает чередование заданий, направленных на развитие мыслительной деятельности:

1. Устные игры – наиболее доступный вариант развития логики. Устные словесные игры для развития логического мышления увеличивают словарный запас и расширяют кругозор ребенка. Они учат обобщать, выделять аналоги, распределять понятия по признакам и проводить логические связи.
2. Игры с картинками и образами. Образно-логическое мышление развивается при использовании карточек, бумаги, карандашей. Игра на сравнение, группировку, обобщение, а также головоломки, лабиринты и ребусы позволяют развивать логику.
3. Настольные игры. Шахматы, шашки, домино не только развивают логику и логически-пространственное мышление. Они также позволят провести время в кругу семьи, учат с достоинством принимать поражения и победы.
4. Конструирование. Игры с конструкторами, имеющими самые разные размеры и формы элементов, развивают мелкую моторику, творческое, зрительно-пространственное и логическое мышление у ребенка.
5. Решение задач на логику. Их можно найти в специальных развивающих пособиях и дидактических тетрадях, а также в виде электронных игр.

Метод проб и ошибок – самый простой вариант. При этом ребенок не осознает проблему, не продумывает тактику ее решения. Процесс логического мышления включается в тот момент, когда старший дошкольник должен решить поставленную перед ним задачу или выполнить какую-то работу. Ребенок решает такую задачу разными способами на основе личного опыта. Опыт же, в свою очередь, зависит от уровня развития логических способностей. С возрастом применение логики в мышлении позволяет четко изучать поставленные задачи, выявлять цели и наиболее важные моменты, создавать план, продумывать способы его реализации.

**Использованная литература:**

1. Развитие логического мышления у дошкольников
   Авторы: Белошистая А.В. Москва 2012 г.
2. Развитие Логического Мышления у Дошкольников. Мышления у Дошкольников Шамиль Ахмадуллин Книги Ломоносовская Школа 2023 г.

## ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ТИІМДІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

**Усембаева Айнур Дуйсенбаевна**
Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Ә.Бектаев атындағы жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

***Резюме***

*В данной статье рассматриваются пути использования эффективных методов для развития познавательной активности на уроках казахского языка и литературы.*

***Summary***

*This article discusses ways to use effective methods for the development of cognitive activity in the lessons of the Kazakh language and literature.*

Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдердің қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрінеді. Қазақ тілі сабағында жаңа технологияларды пайдалана отырып, «оқушылардың сөздік қорын молайту, сөйлеу тілінің грамматикасын қалыптастыру, дыбыстарды дұрыс айту, диалогтік сөйлеудің

қалыптасуы, түсінгенін айта білу, сауатты жазуға дағдыландыру, дүниетанымын, ой - өрісін кеңейту, өмірге деген көзқарасын жан - жақты дамытып, шығармашылық қабілетіне жол ашу. Ол-сонымен бірге басқа ұлт балаларына қазақтың әдебиеті мен мәдениетін, ғылымын, өнерін насихаттайтын пән» [1]. Оқытушы сабақты дұрыс жоспарлап, мақсатын нақты белгілеп алмайынша дегеніне жете алмайды. Әр сыныптың бағдарламасына қарай оқушылар жаңа сөздерді меңгереді, сөздерді жаттаумен тынбай, сол сөздерді қатыстырып, сөйлем және мәтін құрастыра білу керек деп ойлаймын.. Біз ұстаздар қауымы қандай да болмасын жаңалыққа құлақ түре жүретініміз анық. Жаңа технологияларды сабақта қолданудың тиімділігін қашан да жолға қоямыз. Жаңаша креативті әдістерді сабақты жоспарлауда қолданудың тиімділігі, сабақ тартымды, әсерлі, айқын, мақсатты, қызықты және толықтай мәнді болады. Жоғарыда айтылғандай сабақтың мазмұнын, құрылысын, дәлдігін, жұмыс жүргізу тәсілін білім мазмұнын әлемдік стандартқа жеткізу үшін жаңаша оқу үдерісі арқылы өз ойын еркін айтатын, өзіне сенімді, жан-жақты ойлай алатын, ақпараттық технологияларды жетік меңгерген, бірнеше тілді білетін оқушыларды дайындау үшін мұғалімнің құзіреттілігін жетілдіру керектігін түсіндім. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жаңа технологияларды қолдану арқылы оқушылардың таным белсенділігін арттыру, қазіргі қоғам талабына сай ой-өрісін дамыту, шығармашылығын кеңейту, дамыту, терең білімді, бәсекеге қабілетті тұлғаны жасау, заман сұранысына сай ізденімпаз тұлғаны қалыптастыру болып отыр. Қорыта айтқанда, оқыту процесінің нәтижелі болуы ұстаздың сабақ беру шеберлігіне, сабағын қызғылықты жүргізіп, зейін қойдыра білуіне, оқушылардың өздігінен білім алуға үйренуіне байланысты. Қандай да болмасын жаңа әдіс-тәсілдер әрбір оқушының өз бетімен оқып үйренуіне сенімін ұялатып, шығармашылықпен жұмыс істеуіне, қорытынды жасай алуына, сөйлеу мәдениетінің өсуіне ықпал етеді, білім сапасын арттырады. Жаңа әдіс-тәсілдерді мән-мағыналарына, ерекшеліктеріне қарай таңдап қолдана білсек, балаға білім беруде ұтарымыз анық.

Мен көбінесе оқушылармен бірлесіп, ұйымдасып, топтасып жұмыс істеуіне көңіл бөлемін. «Шәкірт бірлесіп үйренуде кішігірім топтармен, жұппен жұмыс жасауда ортақ проблемаларды талқылағанда жаңа пікірлерге шығармашылықпен қарау тұрғысында жаңалықтар ашу барысында жұмыс істейді"[2]. Топ мүшелері өз ойларын ортаға салып сол ойларды көрсетеді. Шамалары келгенше қорғап шығуға тырысады. Бірлесіп жұмыс жасағанда мына жайттарды есте ұстаймын: Сыйластық, жауапкершілік, топтың барлық мүшелерінің кезекпен сөйлеу дағдысын үйрету, сөйлесуде әлеуметтік қарым – қатынас жасау, дағдыларын қалыптастыру, топта ұтымды жұмыс істеу. Өз ойларын ашық айтуға жетелеу. Өздерін және өзгені бағалау. Мұғалімдердің, оқушылардың топ ішінде сөйлеуін бақылау және қажет кезде кірісіп сөйлеп кету. Бірлесіп жұмыс жасауда қол жеткізген жетістіктерім: Оқушының ең алдымен есте ұстау қабілетінің жоғарлауы, жиі- жиі ой талқасын жасау және терең түсінікпен ойлаудың дамуы арқылы оқушыны сөйлету, сабақта өз бетімен бақылаусыз отырғаннан гөрі оқушынының жұмыс басты болуы, бір нәрсеге үйрету мәнді түрде қызығушылығын оянуы; Бірлесіп жұмыс жасау кезінде топ мүшелерінің ұлтына, жынысына, қабілетіне, әлеуметтік жағдайына қарамай олардың бір – біріне дұрыс көзқараспен қарап, ойларын түсінеді. Оқушылар жұмыс жасау барысында бір – біріне көмектесіп, ойларын ортаға салады, ынталарына күш – қуат бере отырып, өздерінің білім алуын көтермелейді, оқуға, жазуға, тыңдауға, сөйлеуге кең мүмкіндіктер беретін ортада оқушыны өз пікірлерін еркін жеткізуге жағдайлар жасайды. Сабақ үстінде жан – жақты сұрақ қоюда да мұғалім мүмкіндігінше барлық оқушының жауап беруін қамтамасыз етуі керек. Сұрақ қоюдың қарапайым түрінен терең ойлауға дейінгі түрлері бар екендігі белгілі. Ал ұстаздың мақсаты - оқушының ойлау сатысы ең төменгі деңгейден жоғары терең ойлау деңгейі түсінуден басталады. Одан кейін қолдану, анализ, синтезге дейін жоғарлайды. Жаңаша жаңғыртып оқыту, интерактив әдістер, жаңа технологиялар тіл үйренушінің танымдық, білімдік белсенділігін тудыруға, уәждемесін тудыруға бағытталған. Бірақ бұның бәрі оқытушының шеберлігіне байланысты, оқытушы үнемі ізденісте болуы қажет. Мұғалім жұмысты ұйымдастыра білуі қажет: мақсат қою, жұмысты жоспарлау, тапсырманы бөлу, оқушының әрекетін бақылау және бағалау, мұғалім шәкірттердің кеңесшісі болады. Жұмысты ұйымдастырып, топқа бөліп, әр топқа тақырып беріп, оларды талқылау көзделеді. Келесі әр шәкіртке жеке-жеке тапсырма беру, одан кейін жұптық тапсырмаға әр түрлі тапсырмалар беруге болады. Соңында бүкіл топ өз жұмыстарының нәтижесін талқылайды, бір-бірін бағалайды.

Бүгінгі өмірін бала оқытып, білім беруге бел байлаған әр ұстаздың жандүниесі сенім ен тілектің шуағымен нұрлана түспек деп ойлаймын. Қашан да білімді ұрпақ-болашағымыздың кепілі. Егеменді еліміздің тағдыры-жас ұрпақтың қолында болса, ұрпақтың тағдыры-бүгінгі ұстаздардың қолында.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Қазақстан-2050 стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». 2012 ж.
2. Қазақстан Республикасы тіл саясатының тұжырымдамасы // Тіл және қоғам. 2004.

# БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ ЖАҒДАЙЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОЙЫН АРҚЫЛЫ ДАМЫТУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

**Курмантаева Жанира Сапаралиевна**
Ордабасы ауданы, Амангелді Иманов атындағы жалпы білім беретін мектептің бастауыш сынып мұғалімі

***Резюме***

*В данной статье рассматриваются некоторые возможности использования игровых технологий в начальных классах в условиях обновления содержания образования.*

***Summary***

*This article discusses some of the possibilities of using gaming technology in primary school in the context of updating the content of education.*

Тәуелсіз мемлекетіміздің болашағын дайындауда, олардың дүниетанымын, өмірлік бағдарын кеңейтіп, жан – жақты жетілген азамат етіп шығару талабы тұр. Көп уақыт орта білім беретін мектептің негізгі міндеті – білім беру, дағды мен біліктерін қалыптастыру болып келсе, қазіргі мектептің негізгі міндеті – біршама күрделі ойы ұшқыр, шығармашылық пен дарындылық қабілеті жоғары, өмірге икемді, жан-жақты дамыған жеке басты тұлға тәрбиелеу. «Рухани жаңғырудың» мән–маңызы да нақ осында. өзінің тілін, мәдениетін білетін, сондай – ақ заманына лайық, шет тілдерін меңгерген, озық әрі жаһандық көзқарасы бар қазақстандық біздің қоғамымыздың идеалына айналуға тиіс» деп көрсеткен болатын [1].

Білім беру жүйесі бүгінгі күн талабына сай түбегейлі өзгерістер талап етеді. Ол талаптар әдістемелік тәсілдерді, жаңа технологиялар қолдану, жас тұлғаға берілген білім жоғары сапалығы, оқуға қызығушылық негізін қалыптастыруды көздейді.

Осыған орай, оқушылардың білімге қызығуын арттыру үшін оқытудың әр түрлі технологиялары жасалып, мектеп тәжірибесіне енгізілуде. Әр сабақ үрдісінде қандай ойын қолдануға болатынын сабақтың мақсатына, жас ерекшелігіне сәйкес таңдау керек.

Ойындар мынандай бөлімге бөлінеді:

1) дидактикалық ойындар
2) қозғалыс ойындары
3) рөлдік ойындар
4) грамматикалық ойындар
5) фонетикалық ойындар
6) лексикалық ойындар
7) іскерлік ойындар
8) интеллектуалдық ойындар
9) ұлттық ойындар.

Төменгі сынып оқушыларына ойын түрлерін қолдану, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, сабаққа белсенді түрде қатысып, түсінбегенін түсінуге мүмкіндік туғызады. Ойын түрлерін мұғалім сыныптан сыныпқа өткен сайын дидактикалық «деректіден дерексізге, жеңілден ауырға, жақыннан алысқа» деген принципті негізге ала отырып, бірте – бірте күрделендіре жүргізуіне болады. Мүмкіншілігіне қарай, әр тақырып бойынша ойын түрлерін қолданып сабақ жүргізу, мұғалімнің шеберлігін шыңдап, сабақтың сапасын арттырады.

Ойынның негізгі мақсаты – баланы қызықтыра отырып білімді меңгерту болса, мұғалімнің міндеті – сол ойын түрлерін пайдалана отырып, оқушыларды өздігінен жұмыс істей білуге, ой белсенділігі мен тіл байлығын арттыра түсуге түрлі дағды мен шеберлікті меңгеруге қол жеткізеді. Оқу үрдісінде ойын түрлерін пайдалану – бағдарламада анықталған білік, білім және дағдыларды қалыптастыру, тиянақтау, бекіту немесе тексеру болып табылады.

Сондай–ақ, мұғалім ойын түрлерін балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес түрлендіре отырып, жаңа тақырыпты өткенде, өтілген материалды қайталағанда, білімді тиянақтау және тексеру кезінде, яғни сабақтың кез-келген сәтінде оқыту әдісінің құралы ретінде пайдалануға болады.

Адамның бүкіл өмірлік жолында бір-бірінің орнын басып тұратын үш түрлі іс-әрекет бар: олар ойын, оқу, еңбек. Ойын үлкендердің балаларды тәрбиелеудегі іс-әрекеті. Ойынның теориялық түсінігі педагогика мен психологияда көп зерттелген.

Ойынның басты үш түрі бар деп білеміз. Олар: кәсіптік ойындар, әуестену ойындары және жаттығу ойындары. Ойын оқыту барысында оқытудың бір формасы және әдіс – тәсілі есебінде дидактикалық категория болады. Осыған орай, ойынды оқытушылар мен студенттердің, ұстаздар мен шәкірттердің, мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндер мен тәрбиешілердің қоғамдасқан оқу мен тәрбие ісіндегі бір-бірімен тығыз байланысты технологиясы ретінде де қолдануға болады. Жаңа технологиялардың бірі – ойын технологиясы. Ойын түріндегі жұмыстар сабақ үстіндегі қолайлы деген жағдайларда пайда болып, оқушыларды қызықтырушы құрал ретінде қолданылады. Баланы тәрбиелеуде ойын технологиясының берері мол. Ойын кезінде жеке тұлғаның өзін – өзі басқару қабілеті жетіліп, қалыптасады. Мектепке келгеннен кейін балалардың басты әрекеті оқу іс–әрекеті болады. Оның негізгі білім және іскерлікті, оның тәжірибелік тәсілдермен жүзеге асыруды игеру. Оқу іс–әрекеті өз бетінше қалыптаспайды. Егер оқушы мектепке барса, мұғалімді ықыласпен тындаса және үй жұмысын орындаса ол оқу іс–әрекетін жүзеге асыруда деп санаған дұрыс емес. Мұғалім оқушыда іс–әрекетін қалыптастырады (оларды оқуға үйретеді). Ойын кезінде баланың танымдық қабілеті дамиды, қарым – қатынас жасауына мәжбүрлік туады, үлкендерге еліктеу және өмірге деген қызығушылығы қалыптасады. Балалар ойындарындағы ұстаздардың рөлі өте зор. Ұстаз – көбіне ойынды ұйымдастырушы. Ойынның мән – маңызын түсіндіріп, ақыл – кеңес береді. Шәкірттердің дау – дамайлы мәселелеріне әділ қазы да бола біледі. Ұстаз балалардың ойын кезінде де қилы сезімдерде болып, көңіл күйінің мың құбылатынын (мақтану, қуану, ренжу, қызғану, өкіну) білуі тиіс. Мұндай көңіл күйдің ұтысқа, не болмаса ұтылысқа байланысты болатыны бесенеден белгілі. Көп жағдайда, ойын үстінде топ мүшелері жұмылған жұдырықтай, тату-тәтті қарым-қатынаста болады. Кей кездердегідей талас-тартыс, ашу-реніш дегендер атымен ұмытылады. Ұжым бір адамның баласындай ортақ бір мүдде үшін күреседі. Алайда, ойын барысында жағымсыз жағдаяттардың да туындауы мүмкін нәрсе. Шәкірттердің бәсекелес қарсы топты дұшпан көріп, келеңсіз іс–әрекеттерге баруы ғажап емес. Мәселен, қарсы ойыншылар ұтып кеткенде, намыстанып, қызғанып, жеңіс жалауын қолдан бермеуге тырысып, жеңіске жетудің қитұрқы жолдарын жасауы мүмкін. Мұндайда ұстаз әділ төрелігін айтып, екі жақты да ренжітпеуі тиіс.

Ойындарға материалды таңдап алудың кезеңдері: 1. ойындарды пайдалануға оқу материалы мазмұнының мүмкіндіктері. 2. білім көлемі мен сипаты, оларды меңгерудің қолайлығы. 3. ақыл – ой іс – әрекеті тәсілдерін қалыптастырудың алғы шарттары. Ойынның құрамына қойылатын талаптар, ойынның мақсаты, мазмұны және формасы арқылы анықталады. Бұл жағдайда ойынға қатысты әрбір озат оқушыларға жақсы таныс болуы керек. Дидактикалық ойындарды ұйымдастыру мен жүргізу педагогикалық тұрғыдан бірқатар шарттарға байланысты: 1. ойынның сабақтың дидактикалық мақсатына сәйкестігі. 2. ойындардың мазмұны мен формасына қарай әртүрлілігі. 3. ойынның балаларға түсінікті және тартымды болуы. 4. ойынға қатысушылардың белсенді шығармашылық позициясы. 5. ойынның эмоционалды болуы. Осы шарттардан ойынды ұйымдастыруға мынадай әдістемелік талаптар қойылады: 1. ойынның мақсаты және керекті көрнекті құралдар мен материалдар күні бұрын дайындалып отыруы тиіс. 2. ойынға кірісер алдында оның жүргізілу тәртібі оқушыларға әбден түсіндірілуі қажет. 3. ойынға сыныптағы оқушылардың барлығының қатысуын қамтамасыз ету керек. 4. оларды ойын үстінде ойлай білуге, шешім қабылдай білуіне жетелеу керек [2].

Қазіргі кездегі бастауыш сынып оқушыларын оқыту мен тәрбиелеу үдерісіне көптеген жаңа тәсілдер енгізіліп жатыр. Соның ішіндегі ең бір маңызды да қолайлы тәсіл – ойын арқылы баланың психикасы мен ойлау қабілетінің ең алғашқы компоненттерін дамыту. Сондай–ақ, оқушылардың оқу материалдарын жақсы қабылдауына әсерін тигізетін тиімді әдістердің бірі – ойын. Ойын – баланы адамгершілікке тәрбиелеудің бірден – бір жолы. Сабаққа ойын мен ойын тәсілдерін енгізу оқуды қызықты етіп, балалардың сергек болуына, оқу материалын қабылдау барысындағы кездесетін қиындықтарды жеңуіне жағымды әсер етеді. Ойын – оқушыға білім мен тәрбие беру әдістерінің тиімді амалдарының бірі. Сонымен қатар, бастауыш сынып оқушыларына қолданылатын ойындарға олардың дене бітімінің қалыптасуына арналған ойындар, қимыл ойындары, сөйлеу, шешендігін, тілін дамыту ойындарына рөлдік ойындарды жатқызуға болады. Міне, осындай пайдалы ойындардың түрлері сан алуан. Ойындар бастауыш сынып оқушыларының меңгеруіне қиындық келтірген жағдайда мұғалім өз ойынан әр алуан ойындарды құрастырады. Бұл бағытта мектептерде жүргізіп жатқан іс – тәжірибелер айтарлықтай. Сондай әдістердің бірі – сабақта ойын элементін пайдалану. Ойын арқылы оқыту технологиясы, әсіресе, бастауыш сыныптарда өте тиімді. Осы технологияны пайдаланып, кіші мектеп оқушыларына ойын сабағын өткізуге болады [4].

Бастауыш сыныптарда оқушылардың проблемалық жағдаяттан шығуына мүмкіндік беретін ойындар қолданылады. Оқушылар ойын ережесіне байланысты әрекет етеді, сондай ақ рөлге еніп имитация жасайды. Ойын барысында зейіні, еркі, өзін ұстау, жаттығу, тапқырлық, тез реакция, білгенін

тәжірибеде қолдану, талдау, салыстыру, қорытынды шығару, бірігіп шешім қабылдау сияқты қасиеттері дамиды. Сабақ барысын, сынып сағаттарын, сыныптан тыс сабақтарды ойын арқылы өткізудің өзіндік пайдасы бар. Өткені, ойын баланың өміріндегі ең маңызды іс–әрекеті. Балалық шақта ол уақытының көбін осы ойын ойнауға жұмсайды. Ойын арқылы баланың психикалық даму деңгейі өседі. Ол жеке тұлға ретінде қалыптасады. Сабақта ойын түрлерін пайдалану сабақ түрлері мен әдістерін жетілдіру жолындағы ізденістердің маңызды бір буыны. Ойын түрлерін оқу процесін пысықтау, жаңа сабақты қорытындылау кезеңдерінде, қайталау сабақтарында пайдалануға болады. Ойын түрлерінің материалдары сабақтың тақырыбы мен мазмұнына неғұрлым сәйкес алынса, оның танымдылық маңызы да арта түседі. Оны тиімді пайдалану сабақтың әсерлігін, тартымдығын күшейтеді, оқушылардың сабаққа ынтасы мен қызығушылығын арттырады.Ойынмен ұйымдастырылған сабақ балаларға көңілді, жеңіл келеді. Ойынды іріктеп алуға нақтылы сабақтың мақсаты, мүмкіндіктері мен жағдайларын ескеруге ерекше назар аударған жөн. Ойын – оқу үрдісіндегі оқытудың әрі формасы, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық категория. Сонымен бірге ойынды мұғалім мен оқушылардың бірлескен оқу әрекетінің өзара байланысты технологиясы ретінде қолдануға болады.

Түйіндеп айтқанда, бастауыш сынып мұғалімдері ойшылдарды ойынға әділ жолмен қызықтыра білсе, оқу-тәрбие үрдісінде ойын әдістерін тиімді ұйымдастырса, оқуға жағымды қарым – қатынас қалыптасады да өздігінен білім алу дағдысы, өз – өзіне сенімі, еңбек ету мәдениеті арта түсетіндігіне сенімділікпен қарауға болады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсының бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық, 2012.
2. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты-Уикипедия - ашық энциклопедиясынан алынған мәлімет
3. Оқыту ізденіс ретінде, ізденіс оқыту ретінде. С.Мирсеитова.
4. Оқыту тәрбиелеу технологиялары

## ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ- САПАЛЫ БІЛІМ НЕГІЗІ

**Ускенова Ульзира Аралбаевна**
Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Бауыржан Момышұлы атындағы жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

***Резюме***
*В данной статье рассматривается о применении новых методов и приемов в обучении.*
***Summary***
*This article discusses the use of new methods and techniques in training.*

«Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет» деп қазақтын біртуар перзенті Шоқан Уәлиханов айтқандай еліміз өз тәуелсіздігін алғаннан кейін білім мен ғылым саласына ерекше көңіл бөлуде. . Әлемдік білім кеңістігінен орын алу үшін міндетті түрде саналы жан-жақты дамыған ұрпақты тәрбиелеуіміз керек .

Жаңа әдіс – тәсілдердің практикалық қолданысын кеңейту, дамыту болып табылады. Ол үшін жергілікті және облыстық білім беру ұйымдары педагог кадрлардың ізденісі бағытындағы тәжірибе алмасу шараларының формаларын жетілдіріп отыруы қажет. Ұстаздар қауымының республикалық және өңірлік тәжірибе алмасуы үнемі болуы шарт. Алдымызда тұрған міндеттеріміз мынадай: оқушының өзіндік және жеке ойлауын қалыптастыру оқушының шығармашылық таланттарын жан-жақты ашып көрсету оқушының сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамыту сабақ үдерісінде АКТ-ны тиімді пайдалану қазақ тілі сабағында оқушының белсенділігін арттыру оқушылардың танымдық белсенділігін ынталандыру. оқушылардың ғылыми білім, іскерлік дағдыларды меңгеруіне керекті оқу-танымдық іс әрекетті ұйымдастыру. ақыл-ойды, ұғымталдықты, қабілетті, дарындылықты дамыту.

Ұлы данышпан Әбу Насыр әл Фараби «Әрекетіміз дұрыс болу үшін біздің соған баратын жолымыз қандай болу керек екенін анықтап алуға тиіспіз» деп атап көрсеткендей, оқушы жүрегінен жол табам деген ұстаз мына қағидаттарды естен шығармауы тиіс: оқыту мазмұны мен әдіс икемділігінің маңыздылығы қағидаты Оқушылардың жас ерекшеліктері мен деңгейіне сай оқу

мазмұны мен әдісін таңдау болып табылады жаңа ақпараттық технологияларды қолданудың мақсаттылық қағидаты. Оқытуға жеке дара қарау яғни ғаламтор материалдарын тиімді пайдалана білу Оқушының жаңа тың материалдарды тауып, сұрыптауына мүмкіндік туады. Электронды оқулықтарды тиімді пайдалану. Білім алушының білім мазмұнын таңдау еркіндігі қағидаты. Пәндер мазмұнының Қазақстан Республикасы білім стандартының нормативтік талаптарына сай болуы. Этикалық қағидаттар. Мұғалім мен оқушы арасындағы шынайылық және еркіндік , сыйластықтың орын алуы. Оқыту баланы дамытады. Ол мынадай бөліктерден тұрады: мақсат, міндет, мазмұн, нәтижелері, оны бағалау. Нәтижелі оқытуға қол жеткізу жолында мынадай сұрақтар туындайтыны заңды деп ойлаймын. "Нені оқыту керек?", "Қалай оқыту керек?: "Оқыту қалай жүргізіледі, оның заңдылықтары қандай?", "Кімдерді оқыту керек?", "Не үшін оқыту керек?" "Қайда оқыту керек?". Тәжірибеде оқытудың көптеген түрлері қолданылуда. Топтық оқыту, өзін-өзі оқыту - оқушы белгілі бір өздік жұмысты (оқылатын объектімен, оқулық, приборлармен жұмыс істейді, есеп шығарады, зерттеу жұмысы) орындап, оның нәтижелері туралы жазбаша есеп береді. Өзара оқыту (жұптық оқыту) - оқушылар тұрақты жұпта немесе құрамы өзгеретін жұпта жұмыс істейді де, қандай да бір мәселені бір-біріне түсіндіріп, өз тақырыптарын қорғап, жолдасының жұмысының нәтижесін бағалайды.

Қазіргі таңда ғылыми негізде және жаңа зерттеушілік бағытта құрастырылған электронды оқулықтарды тиімді пайдалану оқушының пәнге қызығушылығына жол ашады. «Робин раунд» әдісі бойынша сыныптағы оқушылар бір –бірін қайталамай сабақ мазмұнына сай пікірін айтып сабақты қорытындылай алады. «Елес жетелеу», «Автор орындығы», «Ассоциация» әдістері, диалогтік оқыту әдістері оқушылардың өз пікірін еркін айтуына мүмкіндік туғызары анық. Сонымен бірге тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғаларға, олардың ой-пікірлеріне, көзқарастарына, атқарған еңбектеріне сын тұрғысынан баға беруге дағдыланады. Қазақ тілі сабағында АКТ –ны пайдаланудың тиімділігі мен практикалық қолданысы туралы. Қазір білім беру саласында түрлі технологиялар енгізілуде, бірақ олардың ішінде қажеттілігін таңдап, сабақтың әр кезеңінде тиімді қолдану - басты талап. Мәселе технологияларды кеңінен пайдалану емес, мәселе - тұлғаны нәтижеге бағыттай білім беруде.

Сондықтан қазақ тілі сабақтарында көрнекілік әдісі мен техникалық құралдарды қолдана білу мұғалім алдында тұрған бірден- бір міндет. Сабақта жаңа технологияларды, техникалық құралдарды жан жақты қолдану, сабаққа керекті материалды ақпараттық кеңістіктен іздеу, мұғалімнің жұмысын жеңілдетіп, оның уақытын үнемдейді, жаңа ақпарат түрі көбейіп, оқушылардың қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді. Электрондық оқулықтарды сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындайды. Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, Он-лайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болу тиіс.

АКТ-ны тиімді пайдалану оқушыны мына қадамдарға бағыттайды: 1.оқушы танымын кеңейтеді 2. оқушыны ғаламтормен тиімді жұмыс жасай білуге бағыттайды. 3.оқушының өзіне сенімін нығайтады және жұмыс жасай білу дағдысын қалыптастырады. Ақпаратты технологияларды пайдалану арқылы мектептегі сабақтарды жаңаша ұйымдастыру, мұғалімнің рөлі мен қызметінің артуына жағдай жасау, теориялық, ғылыми – педагогикалық және психологиялық зерттеулерге сүйене отырып, оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру, ақпараттық технологиялар мен инновациялық оқыту әдістері арқылы оқушыларды ізгілікке, елжандылыққа, саналыққа, адамгершілікке, имандылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Инновациялық әдістерді баланың білім деңгейіне және жас ерекшелігіне қарай оқу үрдісінде пайдалану негізгі міндет болып табылады. 1.оқушылармен материалды игеру үрдісін психологиялық түрде жеңілдетеді.Пәнге деген танымдылық қызығушылығын тудырады. Оқушылардың көз қарасын кенейтеді Сабақ үстінде көрнекілікті қолдану мүмкіндігі өседі. Қазақ тілін оқуға және үлгерімді жоғарылату қызығушылығы туады Теориялық материалды толық игеру болады. Ақпаратты табу, оны компьютерлік технология арқылы өндеу, өз көзқарасын нақты және қысқаша қалыптастыру дағдысы. Сабақ үстінде оқушының да мұғалімнінде еңбек өнімінің жоғарлауы болады. Ақпараттық және педагогикалық технологиялар негізінде мұғалімнің рөлін түбегейлі өзгертуге мүмкіндік туды, мұғалім тек қана білімді алып жүруші ғана емес, сонымен қатар оқушының өзіндік шығармашылық жұмысының жетекшісі және бағыт берушісі болып анықталды. Осыған орай сабақ беру үрдісінде қазіргі күннің, яғни инновациялық әдістерді оқытудың интерактивті оқыту моделі болып табылады. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» - деген бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі біз тәрбиелеп отырған жас ұрпақтың меңгерген біліміне, алған тәжірибесіне байланысты екеніне еш күмәнім жоқ. Оқушылардың танымдық көзқарасын байыту ақыл-ой қабілетін жетілдіру, өзіндік ойлау және өмірлік ұстанымын қалыптастыру мұғалімнің шеберлігіне, шығармашылық қабілетіне байланысты.

Сондықтан XXI ғасыр мұғалімі жан-жақты болуы заңды деп ойлаймын. Оқыта отырып тәрбиелеу-қазіргі заман мұғалімінен талап етілетін басты мәселе .Сондықтан атақты педагог К.Д.Ушинскийдің «Оқыту- тәрбиелеудің қуатты органы,бұл органды пайдалана білмеген тәрбиеші шәкірттерге әсер етудің ең басты және қажетті құралынан айрылады» деген сөзін үнемі жадымызда сақтасақ деймін.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ш.Уәлиханов.Таңдамалы шығармалар жинағы. 25-бет
2. Ақылдың кені/Ұлағатты сөздер/-Алматы, 2008 жыл. 3. Қисымова.Ә.К.Оқыту технологиялары.-Алматы, 2007 жыл. 4. Аймаханова.Қ.,Аманова Ф.,Әбубакирова А. Қазақ мектебі және бүгінгі білім берудегі құндылықтар.-Қызылорды.2011 ж.

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ОЙЫН АРҚЫЛЫ ЖЕТІЛДІРУ ӘДІСТЕРІ

**Каратаева Жансая Куандыковна**
Шымкент қаласы, «Жас-балғын» бастауыш мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

***Резюме***

*В данной статье рассматривается о привитии интереса учащихся с помощью игровых технологий.*

***Summary***

*This article discusses how to instill student interest through gaming technology.*

Қазіргі таңда сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр. Елімізде Қазақстан үшін қайта түлеудің айырықша маңызды екі үдерісі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға ала отырып, Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынын және бұқаралық сананы қалай өзгертетіні жөнінде алысты болжайтын көзқарастарымен бөліседі. қабылдай Рухани жаңғыру адама баласының оның ішкі әлемінің жаңаруы , сана-сезімі жаңа өзгерістерді білуі. Рухани жаңғыруды өркениеттің өрге жүзуімен байланыстырамыз. Тарих сахнасына көз жүгіртсек өскен ұлттың өрби түсуіне осы «рухани жаңғыру» дәлел. Көне замандағы көрікті қалаларымыз, сән салтанатты таласқан озық ескерткіштеріміз, мәдени мұраларымыз бұртартпас айғақ болып табылады. Бастауыш мектепте пәндерді оқытуды жетілдірудің жаңа технологиясын іздестіру жолында ғалымдар, жаңашыл педагогтар, мұғалімдер еңбек етуде. Олардың ғылыми еңбектерін зерттеу жұмыстарын саралағанда берік білім берудің, оқу белсенділігін арттырудың маңызды жолдарының бірі ойын элементтерін тиімді пайдалану екендігін байқатады. «Баланың ынтасын тарту үшін оқылатын нәрседе бір жаңалық болуы керек», - деп жазады Ж.Аймауытов. Ойын түрлерін сабақта тиімді пайдалану қазақ тілінен беріліп отырған білімді аса зор ықыласпен тыңдап, білімді берік меңгеруіне көмектесті. Өйткені бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне байланысты олар ойынға өте ынталы келеді. Ойын барысында балалар тез сергіп, тапсырманы жылдам, дәл орындауға тырысты. Ойынның негізгі мақсаты – баланы қызықтыра отырып білімді берік меңгерту болса, мұғалімнің міндеті – сол ойын түрлерін пайдалана отырып, оқушыларды өздігінен жұмыс істей білуге, ой белсенділігі мен тіл байлығын арттыра түсуге түрлі дағды мен шеберлікті меңгертуге қол жеткізу. Оқу үрдісінде ойын түрлерін пайдалануым – бағдарламада анықталған білім, білік және дағдыларды қалыптастыру, тиянақтау, бекіту немесе тексеру болып табылды. Сондай ақ ойын түрлерін балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес түрлендіре отырып, жаңа тақырыпты өткенде, өтілген материалды қайталағанда, білімді тиянақтау және тексеру кезінде, яғни сабақтың кез келген сәтінде оқыту әдісінің құралы ретінде пайдаланып отырдым. Дидактикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндеттерді шешеді. Мұндай ойындарды ұйымдастыру төмендегідей екі мақсатты көздейді: -танымдық, яғни балада тану, іздену әрекетін дамыту; -тәрбиелік, яғни үлкендермен немесе өз тұрғыластарымен қарым-қатынас жасағанда қажетті негізгі дағдыларды, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру. Дидактикалық ойындарды құруда мына негіздерге сүйендім: 1. Балалардың іс-әрекетінде ойын түрлерімен оқуды байланыстыру және біртіндеп қызықты, жеңіл ойындардан ойын тапсырмалар арқылы оқу-тәрбие мәселесіне көшу. 2. Ойынның шарты мен оқу міндеттерінің біртіндеп күрделенуі. 3. Берілген тапсырмаларды шешуде

баланың ақыл-ой белсенділігінің күшеюі. 4. Оқу мен тәрбие мақсаттарының бірлігі. Я.А.Каменский «Ұлы дидактика» деген еңбегінде 6 жастан 12 жасқа дейінгі жас кезеңін өнерлі және қамқорлық тәрбие мектебі деп атайды. Бұл кезеңдерде балаларды нақты, түсінікті ана тілінде білім беру керек. Сонымен қатар білім балалардың есінде қалатындай болуы тиіс. Бұл кезеңде балалар қиындықты сезінбейді, сол себептен оларға оқу әрекеті жеңіл болып көрінеді. Осыған орай бастауыш сынып оқушыларының оқу әрекетін жеңілдетудің бірден-бір құралы ретінде ойынды айтуға болады. Өзім сабақта жиі қолданатын ойындары назарларыңызға ұсынып отырмын. Ойын – саяхат. Бұл әртүрлі танымдық материалды қарастырады. Әртүрлі іс әрекетімен ашық бейнелермен қызықтырады. Ойындар арнайы дайындықты қажет етпейді. Ойын-саяхат табиғат мезгілдері, табиғат құбылыстары «ауыл», «қала», «көлік» сияқты ұғымдар туралы белгілерін бекітіп, ертегілер мен мультфильмдерге қызығушылықтарын дамытады. Бұл этюдтерде балалар тәтті жемісті, нанды, ғажайып ағашты кезіктіреді. Педагог балалардың қабылдауын қалыптастырып сөздерін іс-қимылмен байланыстыра білуге үйретеді. Балалар шыршаны әшекейлеп, торт пісіреді. Бұл тұрмыстағы этюдтерді әртүрлі сабақтарда пайдаланамыз. Ойын - әңгіме. Бұнда бала жанды немесе жансыз затқа айналады. Осы образда әртүрлі мәселе жағдайларды шешіп, кеңес беріп, айналадағы орта туралы сұрайды. Ойын арқылы еске сақтау қабілеттері диалогтік сөйлеу және ойлау қабілеттері дамып, мұқият болуға үйретеді. Дидактикалық ойындардың оқыту мазмұнына, танымдық іс-әрекет сипатына, ойын құрылымына сәйкес жіктемелері бар. Халық ойындарының педагогикалық мүмкіндіктеріне сәйкес мынадай жіктемесі бар: 1. Білім беретін ойындар. 2. Тәрбиелейтін ойындар. 3. Дамытатын ойындар. 4. Жеке тұлғаны әлеуметтендіретін ойындар. 5. Диагностикалық ойындар. Жоғарыда көрсетілген жіктемелердің барлығының мазмұны өте қызық және өзіндік ерекшеліктерге толы. Олар дидактикалық ойындардың жалпы мақсаты мен мазмұнына сәйкестендірілген. Бұл ойынның түрлерін бастауыш сыныптың оқыту үрдісінде кеңінен пайдалануға болады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1.Мемлекеттік мектепке дейінгі тәрбие және оқыту негізгі ережелері. Астана, 2008 ж.
2.«Отбасында баланы тәрбиелеу бағдарламасы».
3. Мектепалды дайындық бағдарламасы. Астана 2009жыл.
4. Тәжімұратова Ә. Шебердің қолы ортақ. Алматы Қазақстан 2010ж

## БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

**Қосалы Күлзейнет Есболайқызы**
Түркістан облысы, Ордабасы ауданы Амангелді Иманов атындағы жалпы білім беретін мектептің бастауыш сынып мұғалимасы

***Резюме***
*В данной статье рассматривается о применении дидактических игр в обучении учащихся начальных классов.*
***Summary***
*From the point of view, the Didactic Games are studied in the teachings of the main classes.*

Бүгінгі таңда қоғамымыздың даму бағытында жан-жақты дамыған сауатты, саналы азамат тәрбиелеу мәселесі жүктеліп отыр. Мұндай мақсаттың баянды болуы оқу-ағарту жүйесінің үлесіне түсетінін ескерсек, білім негізі бастауыштан басталғандықтан, жас жеткіншектердің білімді, білікті болуында ойынның алатын орны ерекше. Ойын арқылы оқушыны білім алуға, оқуға қызықтыра отырып, тұлғалы дамуын қалыптастыруға болады. Бұл ойындар балалардың сабақ үстіндегі жұмысын түрлендіре түседі, олардың пәнге қызығушылығын оятып, ынта-ықылас қоюына баулиды және оқушылардың зейінін, ойлау, зерде, үрділерін дамытады. Өмір тәжірибесін бір жүйеге келтіруді үйретіп, жүйке жүйесін демалдырады. Міне, сондықтан да ойын оқу әрекетінде жетекші рөл атқарады. Бастауыш сыныптарда ана тілі, қазақ тілі сабақтарында ойын технологиясын пайдаланудың тиімді әдіс-тәсілдерін анықтау, бастауыш сыныптарда тіл сабақтарында жүргізілетін ойын түрлерінің мазмұнына талдау жасау, тіл сабақтарында жүргізілетін дидактикалық ойын түрлерінің жүйесін жасау, дидактикалық ойындарды жүргізудің тиімділігін анықтау, оны дәстүрлі оқыту әдістерінің

нәтижелерімен салыстыруды басшылыққа алдым. Ойын технологиялары – оқу-тәрбие міндеттерін шешуге бағытталған әр түрлі ойындарды қолдануды көздейтін дидактикалық жүйелер. Қай заманда өмір сүрсекте бала тәрбиесі, жас бүлдіршін болашағы халқымызды толассыз толғандырған. Әр бір елдің экономикалық қуаты, халқымыздың өмір сүру деңгейінің жоғарлылығы сол елдің білікті, іскер, елін танытатын белсенді азаматтарымен танылған. Сондықтан қоғам талабына сай, сол қоғамды көркейтетін, дамытатын жастар тәрбиелеу ең маңызды іс. Мұндай жауапты міндеттің баянды болуы, білім беру жүйесіне еніп отырған оқытудың жаңа технологияларын пайдалану арқылы жүзеге аспақ. Ойынды педагогикалық процеске енгізе отырып, тәрбиеші балаларды ойнауға, яғни А.С.Макаренконың сөзімен айтқанда, «жақсы ойын» жасауға үйретеді. Мұндай ойынның өзіне тән сапасы бар, ол-мазмұнының тәрбиелік-танымдық құрылымын, бейнелейтін түсініктерінің толықтығы мен дұрыстығы, белсенділігі мен ұйымшылдығы, ойынның ережелерге бағынуы. Ойын процесінде балалардың білімі мен ұғымы айқындалып, тереңдей түседі. Демек, ойын балалардың соған дейінгі білімдері мен түсініктерін баянды етіп қана қоймайды, сонымен бірге танымды белсенді іс-әрекетінің белсенді бір формасы болып табылады. Соның барысында олар мұғалімнің басшылығымен жаңа білімді меңгереді. Педагогикалық басшылық болмаған жағдайда балалардың ойындары кейде жарамсыз ықпал жасауы да мүмкін. Сонымен бірге дидактикалық ойын балалардың танымдық дамуына әсер етеді, білімдерін кеңейтуге қажеттілігін туғызады. Дидактикалық ойындардың өзіне тән ерекшеліктері бар. Бір жағынан – ойында ойындық әрекет негізге алынған, оның көмегімен жеке тұлғаның белгілі бір сапалары: зейін, байқағыштық, ес, ойлау, ізденімпаздық, белсенділік қалыптасады. Екінші жағынан – ойын сабақта белгілі бір дидактикалық міндетті, жаңа материалды оқып-үйрену, өткенді қайталау, іскерлік пен дағдыны қалыптастыру, білімді іс жүзінде пайдалану міндеттерін шешуді көздейді. Бірақ ойын сабақтың қандай кезеңінде ұйымдастырылса да, қызықты, түсінікті болуы оқушыларды іс-әрекеттің әр түріне баули алуы тиіс. Мұғалімге қойылатын бірінші талап-ойынның нақты мақсаттарын түсіну және білу болып табылады, ойынның негізгі мақсаттары төмендегідей: - Бастауыш сынып оқушыларына әрбір пән бойынша меңгеруге тиісті білім мөлшерін саналы түрде игеріп, оқушылардың іске икемділігін қалыптастыру; • бала қабілетінің қырларын жан-жанқты дамыту; • ой-өрісін, дүниетанымын кеңейту; • еңбек, дене тәрбиесін жетілдіру, оның өмірге көзқарасын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру; • эстетикалық талғамын арттыру. Екінші талап – ойынның мазмұнын анықтау. Мұнда қажетті шарт-ойынның көмегімен жүзеге асырылатын деректі оқушының жас ерекшеліктеріне, бағдарламалық талаптарға, нақты мақсатқа сәйкес дәл білу болып табылады. Ойынның мазмұны тек пәндік мақсаттар ғана емес, оқу әрекетінің іскерліктерін қалыптастыру, бейнелік және логикалық ойлауды дамыту мақсаттарын да жүзеге асыруды қамтамасыз етуі қажет. Ойынның мазмұнына қойылатын негізгі талаптардың бірі ойынды және оның түрлерін ұйымдастырудың мүмкін формаларын есепке алу болып табылады. Ойынды ұйымдастыру формаларына қойылатын талаптар: (ұжымдық, топтық және даралық таңдау) ең алдымен оқушылардың ойлауының даму деңгейін, коммуникативтік іскерліктерді (оқу, жазу), қарым-қатынас іскерлігін қалыптастыру деңгейін нақты есепке алу негізінде анықталады 6-7 жасар балаларға тән көрнекті-әрекеттік және көрнекі-бейнелік ойлаудың даму ерекшеліктерін сүйене отырып, біз топтық немесе дара ойындарды пайдалану тиімді деп есептейміз. Мұндай жағдайда мұғалім әрбір оқушы арқылы ойынның мақсатын жүзеге асыруды қамтамасыз ете алады. Ол үшін ойынға қатынасушыларды қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету маңызды. Бұл тапсырмалар жазылған карточкалар, сюжетті суреттер, жинақтар, т.б.с. болуы мүмкін. Ойынды ұйымдастыру формасына оның түріне байланысты болу керек. Дидактикалық ойындарды ұйымдастыру мен жүргізу падагогикалық тұрғыдан бірқатар шарттарға байланысты: Ойынның сабақтың дидактикалық мақсатына сәйкестігі. Ойындардың мазмұны мен формасына қарай әртүрлілігі. Ойынға қатынасушылардың белсенді шығармашылық позициясы. Ойынның балаларға түсінікті және тартымды болуы. Ойынның эмоциональды болуы. Осы шарттардан ойынды ұйымдастыруға мынадай әдістемелік талаптар қойылады: • Ойынның мақсаты және керекті көрнекті құралдар мен материалдар күні бұрын дайындалып отыруы; • Ойынға кірісер алдында оның жүргізілу тәртібі оқушыларқа әбден түсінідірілу; • Ойынға сыныптағы оқушылардың барлығының қатысуын қамтамасыз ету; • Оларды ойын үстінде ойлай білуге, шешім қабылдай білуіне жетелеу. Бағдарламалық материалға сәйкес мұғалім мазмұны жағынан әртүрлі дидактикалық ойындарды-саяхат-ойындарын, тапсырма-ойындарды, жарыс-ойындарды, әңгіме ойындарын, танымдық іс-әрекеттің сипатына қарай әртүрлі ойындарды-орындаушылық іс әрекеті талап ететін, қайта жаңғырту әрекеті орындалатын, бақылау әрекетін, ізденушілік әрекетті көздейтін ойындарды пайдаланады. Содан кейін мұғалім ойынның сабақ құрылымындағы орнын және оны жүргізу әдістемесін анықтайды. Дидактикалық ойындардың қайсысын болмасын өткізу барысында оқушылар

түрлі іс әрекеттерді орынайды. Дегенмен олардың қандай да бір іс-әрекеттің басым орындалуына орай топтастыруға болады. Демек, ойын барысында орындалатын негізгі іс-әрекеттерді анықтап, оның түрлерін іс-әрекетке орай алмастырып отыруға тура келеді. Кейбір дидактикалық ойындарда оқушылардың орындаушылықпен (берілген үлгіге еліктей отырып), біршамасында еске түсіруімен, байланысты, қайсы бірінде тексеру мен бақылауды, өзгерту, түрлендіру, әртүрлі мүмкін варианттарды іздестіру сияқты іс-әрекеттер орындайды. Ойын элементтерін пайдалану нәтижелі болу үшін осы сияќты іс-әрекеттерді алмастыра отырып дидактикалық ойындардың өзгермелі болуын да жүзеге асыруымыз керек.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Ахметов С. Бастауыш кластарды білім берудің тиімділігін арттыру жолдары. Алматы: Рауан,1994-84с.
2. Занков Л.В. Избранные педагогические труды-М: Педагогика, 1990-98-115.
3. Игры и упражнения по развитию умственных способностей у детей дошкольного возраста. Сост.Л.А.Венгер, О.М.Дьяченко. –М: Просвещения, 1989-212.


## АБАЙ ҚАРАСӨЗДЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІН ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ


**Дуйсенбаева Улбике Айдаралиевна**
Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы,
№21 Яссауи жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі



***Резюме***

*В данной статье рассматривается о роли нравственного воспитания личности через «Слова назидания» Абая.*

***Summary***

*This article discusses the role of the moral education of the individual through Abai's Words of Edification.*


Абайдың қарасөздері – қазақ әдебиетіндегі дара туынды. Қарасөз дегеніміз – ғылым туралы, философия туралы, дін туралы қара сөзбен жазылған еңбек. Абай Құнанбайұлының 1890-1898 жылдар арасында жазылған 46 қарасөзі бар. Жалпы қарасөздерден мазмұн, тақырып жағынан өзгешерек тұратыны – Қырық алтыншы сөз. Ол тарихтық мақала – очерк тәрізді. Қазақ халқының қайдан шыққандығына арналған дәлелді, деректі қысқа зерттеу сияқты. Қарасөз – арабтың «ғақлия» деген сөзімен мәндес. Ғақлия көркем сөз, дана сөз, асыл сөз деген мағынаны береді. Абайдың қарасөздері гуманистік, ағартушылық, әлеуметтік ойлары, дін туралы пікірімен бірігіп, тұтас қазақ халқының философиялық концепциясын құрайды, көркем сана мен философиялық сананы ұштастырған... Қарасөздің басты ерекшеліктерін М.Әуезов дәл айтқан: «Стиль, мазмұн жағынан алғанда, осы шығармалар Абайдың өзі тапқан, бір алуан көркем сөздің түрі. Кейде бұлар сыншылдық, ойшылдық және көбінесе адамгершілік, мораль мәселелеріне арналған өсиет толғау тәрізді». Абай тағылымы, Абай қарасөздерімен тәрбиелену – барашамыздың міндетіміз. «Бұрынғы ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен. Ол екі мінез қайсы десең, әуелі, ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. Көші қон болса, дау-жанжал болса, билік соларда болады екен... Оны зор тұтып, әулие тұтып, онан соң ел жақсылары да көп азбайды екен. Бәрі де өз бауыры, бәрі өз малы болған соң, шыныменен жетесінде жоқ болмаса, солардың қамын жемей қайтеді?» Екіншісі – намысқор келеді екен. Ат аталып, аруақ шақырылған жерде ағайынға өкпе, араздыққа қарамайды екен, жанын салысады екен. «Ағайынның азары болса да, безері болмайды» деп, «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» десіп. Кәнеки, осы екі мінез қайда? (39-шы қарасөзден) Осы екі мінездің дәл бүгін бәрінен де керегірек болып тұрғанын қалай ғана мойындамассыз... Шындығында да, бәрі де өзімізге байланысты. Абайдың сол кездің өзінде-ақ айтқан ұлағатты сөздері бүгінгі күні шындыққа айналып отыр. Ақын бірінші қарасөзінде «Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ», - демей ме. Ғылым жолына түсіп, ақындықты мұрат еткен Абайды сонда толғандырған не екен десек «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» болыпты. Ұйқысын сергітіп, арманын ұлғайтқан қалың елі қазағымның тағдыры екен.

Халқын шексіз сүйе отырып заманының «шайтан өрнек тауып бұзылғанын», «терін сатпай, телміріп көзін сатқанын» замандастарының бишаралығына күйіне отырып, замандастарына жақсы мен жаманның, алыс пен жақынның нарқын ажыратып беріп, заманды, оның адамын түзетудің жолын көрсетеді. Ол – адал еңбек етіп, ғылым тану, адам болып сөзді ұғу, ел бірлігі достық, махаббат, өнерді сүю «толық адам болу», азаматты сүю, жаратылысты , жаратушыны тануға ұмтылу жолдары. Сондықтан ақынның қарасөздерін өз дәрежесінде түсіну және оны заманымыздың талабына сай кейінгі ұрпақтарға баяндай білу – оңайлықпен қолға түспейтін жайт. Өйткені, қарасөзердің мән-мазмұны ғасырлар бойы жаңаруда. Сондықтан әрбір сабақта оқыту әдісін дұрыс қолданған жағдайда ғана оқушылардың ой-өрісін тереңірек дамытуға мүмкіндік туады. Оқыту әдісін тиімді қолдану, әрбір қарасөздің түпкі мағынасын толықтай түсіну оқушылардың зерде-зейінін арттырады. Осы орайда замана жылжып, өмір озған сайын оқыту әдісінің белсенді түрлерін шығармашылық жолмен зерттеп табу мақсат етіледі. Мұның нәтижесінде оқыту әдісінде маңызды өзгерістер болады. Абай қарасөздерінің тәлім-тәрбиелік мәнін оқушыларға тиянақты жеткізу – бүгінгі күннің көкейтесті мәселелерінің бірі. Демек, қай жағынан алып қараған күнде де Абай қарасөздерінің көтеріп отырған тақырыбы бүгінгі күн үшін өзекті болып табылады. Абайдың дарқан даналығының ең басты бастау көзі – «Қалың елім, қазағымның» тарихи тәлім-тәрбиелік аса бай қазынасында жатыр. Ол – өз жұртының, рухани мол мұрасындағы жақсылықты, адамгершілік қасиетті сүйсіне жырлаған, жамандықты ашына жазған, жақсы үлгісінен өнеге алуды үлгі еткен. Ақын қарасөздерінде адам бойындағы ізгі қасиеттерді анықтап көрсетіп қана қоймай, олардың өзара қарым-қатынасын, басқа адамгершілік қасиеттерімен байланысын кең зерттеп толғайды. Бұл орайда «Он төртінші сөз», «Он бесінші сөз», «Он жетінші сөз» жүйелерінде айтылған. Адал еңбек етіп мал табу, ерінбей-жалықпай ғылым үйрену қажеттігі туралы ойын «Оныншы сөзінде» басқа бір қырынан келіп бала тәрбиелеу мәселесіне жалғастыра өрістетеді. «Естілген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі, көкірегі байлаулы берік болмақ керек. Екінші, сол нәрсені естігенде, я көргенде ғибратлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғыну керек. Үшінші, сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек. Төртінші, ой кеселді нәрселерден қашық болу керек. Егер ой кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз, салғырттық, ойыншы күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе - күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер». Абайдың бұл әңгімелерінің кім үшін болса да, тәрбиелік мәні зор. Әйтсе де білімге ұмтылушы жастар үшін айрықша құнды. Өйткені ғылым да, өнер де жастар үшін. Адамның қолын бақытқа жеткізетін ілім-білімді игеру де жастардың ғана қолынан келетін іс. Қартайған адам қанша ұмтылса да, өндірері аз болмақ. Сондықтан білімге ұмтылған жастар ұлы ақынның бұл айтқандарын берік есте сақтауы қажет. Абайдың «Алтыншы», «Сегізінші», «Он бірінші» сөздері жоғарғы ілім-білімге ұмтылуға бөгет жасайтын надандық, мақтаншақтық мінездерді шенеуге арналады. «Бірлік, тірлік» деген сөз ұғымдарының мәнін аша келіп, «Алтыншы сөзінде» Абай: «Бірлік - ақылға бірлік, малға бірлік емес», – десе, сол әңгімесінің екінші жерінде: «Ырыс алды - тірлік» дейді. Ол қай тірлік? Ол осы жан кеудеден шықпағандық па? Жоқ, ондай тірлік итте де бар... Жанын қорғалап жаудан қашып, қорқақ атанып, еңбек қылудан, қызмет қылудан қашып, еріншек атанып, ез атанып, дүниеде әлгі айтылған ырысқа дұшпан болады... Тірлік олар емес, көкірегі, көңілі тірі болса, соны айтады, өзің тірі болсаң да, көкірегің өлі болса, ақыл табуға сөз ұға алмайсың. Ал еңбекпен ерінбей мал табуға жігер қыла алмайсың. Кеселді жалқау, қылжақ бас, Әзір тамақ, әзір ас, Сыртың – пысық, ішің – нас, Артын ойлап ұялмас, – болып жүріп, тірімін деме, онан да Алла жіберген ақ бұйрықты өлімнің өзі артық», - дейді. Ұлы ақын осы пікірін «Үшінші», «Он бірінші» сөздерінде де толықтырып, ұштай түседі. Мал үшін ар-намысын сату, бірінің үстінен бірі арыз беріп пәлелеу, ауызбірліктің болмауы тәрізді мінездердің бәрі де надандықтан, мәдениетсіздіктен, жалқаулықтан, еңбексіздіктен туатынын дәлелдей келіп, ақын өзінің оқырмандарын бұл мінездерден қашық болуға тәрбиелейді. Бұл әңгімелердің идеялық мазмұны да, кейінгі ұрпақтар үшін құндылығы да осында.

Қорыта келгенде, Абайдың қарасөздері – оның ақындық мұраларына қосылған бағалы қазына дейміз...

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсының бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық, 2012.
2. Занков Л.В. Избранные педагогические труды-М: Педагогика, 1990-98-115.
3. Игры и упражнения по развитию умственных способностей у детей дошкольного возраста. Сост.Л.А.Венгер, О.М.Дьяченко. –М: Просвещения, 1989-212.

## БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ РОЛІ

**Қолай Айнұр Сейсенбекқызы**
Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы Елшібек батыр атындағы мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

***Резюме***
*В данной статье рассматривается о применении новых технологий в учебном процессе.*
***Summary***
*This article discusses the use of new technologies in the educational process.*

Қазіргі кездегі қоғамның ақпараттану жағдайында ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы адам өмірінің әр түрлі саласына біртіндеп өзгерістер енгізуде. Қазіргі білім беру саласында өзгерістерді дұрыс қабылдап, оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, бүгінгі заман талабына сай ұстаз болу мүмкін емес. Ақпараттық технологияның қарқынды дамуына сәйкес оқытудың жаңа технологиясы қалыптасып нығая түсуде. Сондықтан педагогика ғылымының алдында электрондық ұстанымдарын анықтау және айқындауға байланысты бірқатар міндеттер қойылды. Сонымен қатар электрондық оқыту құрылымы мен мазмұнына, оқыту әдістеріне, оқытудың формасына және құрамына қойылатын кешен талаптарды анықтау қажеттігінен электрондық оқытудың әдістемелік жүйесін қалыптастыру мақсаты туындап отыр. Дәстүрлі әдістемелік жүйеде оқу үрдісіндегі бөліктер бірдей және бір уақытта қатысады. Ал классикалық оқу үрдісінде әдістемелік тәсілге байланысты оқытуды ұйымдастырудың әр түрлі формалары, әдістері мен оқыту құралдары қолданылуы мүмкін. Электрондық оқытудың әдістемелік оқыту моделінде оқыту құралдарының орын алуы өзгерді. Олар оқыту құрылымы мен мазмұнын, әдістерін және оқытудың формаларын анықтайды. Енді бүгінгі күнде электронды оқыту шеңберінде жиі қолданылатын оқыту әдістемелері мен формаларына тоқтала кетейік. Электрондық оқытудың әдістеріне топтық әдіс және жеке дара оқыту әдісі жатады. Бұларды кеңінен тараған оқыту формаларына жатқызуға болады [1]. Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Бұл процесс білім парадигмасының өзгерумен жүреді.Я.А.Коменскиийдің, И.Гербарттың дәстүрлі субъект-субъектілі педагогикасының орнын басқасы басты, ол балаға оқу қызметінің субъектісі ретінде, өзін-өзі өзектілендіруге, өзін танытуға және өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылатын дамушы тұлға ретінде бағытталған. Мұндай жағдайда педагогикалық процестің маңызды құрамы оқу ісіндегі субъектілер-оқытушы мен оқушының тұлғалық бағытталған өзара әрекеті болып табылады. [1;4] Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы дамуын қойып отыр. Егер «жеке тұлға» ұғымының мазмұнын талдап, түсінік беретін болсақ ,біздің ойымызша,төмендегідей анықтама неғұрлым дәл келеді: «жеке тұлға-бұл адамның психикалық,рухани мәні,ол әртүрлі жинақталған қасиеттер жүйесіне тән: • адамның әлеуметтік маңызды қасиеттерінің жиынтығы; • өзіне және өзімен-өзінің ,дүниеге және дүниемен қатынастарының жүйесі; • айналадағы қоршаған әлемді және онда Өзін-өзі жете түсінуі; • қажеттілік жүйесі; • шығармашылық мүмкіншілігі мен қабілеттерінің жиынтығы; • сыртқы жағдайларға әсерінің жиынтығы; Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі-баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту техналогияларын шығаруға ұмтылуы. Қазақстанда Ж.А Қараевтың, Ә.Жүнісбековтің және т.б ғалымдардың оқыту технологиялары белсенді түрде қолданылуда. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы – әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген Джинни Л.Стил, Куртис С.Мередит, Чарльз Тэмпл. Жобаның негізі Ж.Пиаже, Л.С.Выготский теорияларын басшылыққа алады. Мақсаты барлық жастағы оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету. Біздің елімізге Джордж Соростың ашық қоғам институты, "Сорос-Қазақстан" қоры арқылы келген бұл технология орыс және қазақ тілдерінде мектеп тәжірибелеріне ене бастады. [2,1] "Сын тұрғысынан ойлау" ұғымы белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау деп түсіндіреді авторлар. Сын тұрғысынан ойлау – сынау емес, шыңдалған ойлау. Аталмыш бағдарламаның ішкі құрылымында ерекшелік бар. Бұл құрылым 3 деңгейден тұратын оқыту мен үйретудің моделі. Білімнің болашақта пайдаға асуы, қажетке жарауын қалыптастырады. Көп ақпаратты талдай, жинақтай отырып, ішінен қажеттісін алуға үйретеді. Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой толғаныс кезеңдерінен түзіледі.Енді осы кезеңдердің

мақсат-міндеттеріне толығырақ тоқталып өтейін. Қызығушылықты ояту Үйрену процесі – бұрынғы білетін және жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Үйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді, өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі. Сондықтан да, сабақ қарастырылғалы тұрған мәселе жайлы оқушы не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Осы арқылы ойды қозғату, ояту, ми қыртысына тітіркенгіш арқылы әсер ету жүзеге асады. Осы кезеңге қызмет ететін "Топтау", "Түртіп алу", "Ойлану", "Жұпта талқылау", "Болжау", "Әлемді шарлау" т.б. деген аттары бар әдістер ~ 770 ~ (стратегиялар) жинақталған. Қызығушылықты ояту кезеңінің екінші мақсаты – үйренушінің белсенділігін арттыру. Өйткені, үйрену – енжарлықтан гөрі белсенділікті талап ететін іс әрекет екені даусыз. Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Яғни айту, бөлісу, ортаға салу арқылы оның ойы ашылады, тазарады. Осылайша шыңдалған ойлауға бірте-бірте қадам жасала бастайды. Оқушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы біліммен ұштастырады. [3;15] СТО бағдарламасында ұжымдық іздену жұмыстары жақсы нәтиже береді. Оқушылар пәнге қызығады. Сабақта бәрі жұмыспен айналысады, оқушының ойлау қабілеті артады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. М.М Жанпейісова модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. Алматы, «Анарыс» баспасы, 1996-281 б.

2. Ә.Қоңыратбаев, Көшімбаев «Әдебиетті оқыту методикасы» Алматы «Қазақстан» баспасы, 1989 - 244б..

3. Қ.Тасболатов «Оқушылардың таным белсенділіктерін арттыру».

4. А.Я.Савельев. Технология обучения и их роль в реформе высшего образования. Москва, №2,1999 ж.

## ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУҒА ҮЙРЕТУДІҢ ТӘСІЛДЕРІ

**Сейтжанова Лаура Несипбекқызы**

Түркістан облысы, Түлкібас ауданы С.Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

***Резюме***

*В данной статье рассматриваются способы развития у учащихся критического мышления на казахском языке и в литературе.*

***Annotation:***

*This article discusses how students develop critical thinking in the Kazakh language and literature.*

Сыни тұрғыдан ойлау – қазіргі таңда Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік. Сыни тұрғыда ойлауға, сабақ барысында оқушыларға өз ойларын жеткізуге, білімдерін толықтыруға, жан – жақты ойластыруға, тақырыпты интерпретациялауға, дұрыс шешім қабылдауға, ынталандыру сұрақтарын қоюға айтылған болжамдарға күмәнмен қарауға мүмкіндік береді. Сын тұрғысынан ойлаудың дағдыларын дамыту сыныпта тиісті орта жасауды талап етеді. Сыни тұрғыдан ойлауға үйретуде балаларға, жекелеп немесе топтарға олардың меңгерген білімдеріне негізделген әр түрлі тапсырмалар берілді. Аса қабілетті балаларға айтарлықтай жоғары деңгейде ойлауды дамытуға мүмкіндік беретін, проблемаларды шешу қабілеттері мен зерттеу қабілетін пайдалануды талап ететін күрделі тапсырмалар беруге болады. Бастапқы ойды немесе үдерісті түсіне алатындай етіп басқаларға қалай түсіндіру керек екенін түйсіну өте күрделі, сонымен қатар өте тартымды іс болып табылады. Қабілетті баладан басқа балаларға қандай да бір нәрсені түсіндіруді немесе қандай да бір затты үйретуді өтінуге болады, басқа жастағы балалар үшін бірдеңе жазуды немесе жасауды сұрауға болады. Қабілетті бала басқаларға қарағанда негізгі міндеттерді жұмсауға аз уақыт жұмсайтынын болжауға болады, ал содан кейін айтарлықтай күрделі жұмысты орындауға кірісе алады (яғни, келесі оқу мақсатына көшпей, негізгі оқу жоспары мақсатының мәнмәтінінде оқытуды кеңейту және қиындату бойынша жұмыс істеу). Көптеген қабілетті балалар қызығушылық пен ұмтылыстың жоқтығынан негізгі тапсырманы өте баяу орындағандықтан, мүмкіндігінің болуына қарамастан қосымша тапсырмаларды орындауға үлгермейді. Кей жағдайларда кейбір балаларға барлық тапсырманы орындамай («тығыздау» деген атпен белгілі болған әдіс),

қосымша жұмысқа бірден кірісуге рұқсат етуге болады. Балалар жалпы тапсырманы орындайды, бірақ олардың кейбіреуіне басқаларға қарағанда көп немесе кем қолдау көрсетіледі. Қабілетті балаға білімнің кейбір салаларында жеке көмек қажет болуы мүмкін, мысалы, жазба, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, оқу машықтарын немесе бірлесіп оқу машықтарын дамыту. Балалар ортақ тапсырма орындайды, бірақ айтарлықтай дамыған оқу немесе зерттеу машықтарын қажет ететін әр түрлі ресурстар беру арқылы тапсырманы сатылатып орындау арқылы оқушының ойлау деңгейін дамытуға болады. Оқушылардың кейбіреуіне өзі жасаған жұмыстарын таныстыру үшін оқытудың балама әдістерін ұсынуға болады. Сыныпта оқушыларды топтастырғанда оқушылардың танымдық қажетттіліктеріне қарай гомогенді гетерогенді топтар арқылы топтастыра отырып, ортақ тапсырма беруге болады. Қабілетті оқушылар құрдастарымен тапсырманы әртүрлі ақпарат көздеріненала отырып, айтарлықтай жоғары деңгейде орындап шыға алады. Сондай - ақ олар ортақ тапсырманы орындауда әрқайсысысы әртүрлі роль атқарады. Сыныпта мұғалім оқушылардың деңгейіне қарай өзі қоятын сұрақтары мен оқушылар қоятын сұрақтарға жауаптарын саралайды. Сыни тұрғыдан ойлау сұрақ қоюдың, дәлелдеудің басты дағдыларын және төмендегі қабілеттерді дамытуды көздейді: Айтқандарын негіздеуге және өзіміздің өмірлік тәжірибемізге қарай оны тәртіпке келтіріп, мәнін құруға әзірлік; • Күн ілгері кесіп-пішіп қоюға ұмтылмай, сұрақ қою, тапсырма беру және басқалардың идеяларын сыни бағалау; • Басқалардың өзіңнің пікіріңді сыни бағалауына және өз пікіріңнің қате болуына ашық болу; • Идеяларды сынау және «шындықты» іздеу. Балаларға негізделген, әділ сыни тұрғыдан ойлауды қалай дамыту керектігін көрсету қажет. Оларға сұрақ қою, негіздеу, болжам жасау мен үлгілеу дағдыларын жаттықтыру қажет. Сыни тұрғыдан ойлауға оқыту мыналар туралы негізді бағалауға үйрету дегенді білдіреді: • Қалай, қашан және қандай сұрақтарды қою қажет. • Қалай, қашан және қандай негіздеу әдістерін пайдалану керек. Мысалы: «Қыз Жібек» жыры» тақырыбында өткізген сабағымда жырдың тақырыбын, мазмұнын, идеясын ашу үшін 4 топқа төрт түрлі тапсырма бердім: I топ: «Қыз Жібек» жырының зерттелуі; II топ: Жырдың мазмұны; III топ: Жырдың ерекшелігі; IV топ: Жырдың композициялық жоспары. Мұндағы мақсатым, жаңа білім бойынша өз болжамдары мен жобаларын талқылату, өзіндік қорытындыларының қаншалықты ғылыми шындыққа жақын екенін саралату, білімді өз бетімен алуға деген ынтасын, топтық жұмыстарға деген белсенділігін арттыру болатын. Нәтижесінде бұл жырдың 15 нұсқасы бар екенін, бірақ көп нұсқалы болса да мазмұндық жағынан бір-бірінен алшақ еместігін, жырға сценарий жазылып, фильм түсірілгенін және оны әлемнің 43 елінде көрсеткендігін, жыр оқиғасының өмірде болған оқиғаға негізделгенін және адал махаббатқа құрылғанын т.т. мұғалімнің қатысуынсыз өздері тауып, дәлелдеп айтып берді. IV топ, жырдың композициялық құрылымын жоспарлауда жырдың қалай басталатынын, оқиға қалай дамитынын, байланыс қай кезеңінде орын алатынын, жырдың ең шиеленіскен тұсы қай сәт, шарықтау шегіне қай оқиға кіретінін, шешімі қалай аяқталатынын сыни тұрғыдан ойлану арқылы ортақ шешім табу қажет болатын, топ мүшелерінің жобалауы, бірлесе отырып қабылдаған шешімдері дұрыс шықты, тек шарықтау шегін нақты жеткізе алмапты. Осы сабақта кестемен жұмыс арқылы кейіпкерлер бейнесін ашу тапсырылды. Кейіпкер Қандай? Жырдан дәлел үзінді 1. Төлеген Уәдесіне берік Көктем шыға қазбен бірге келем 2. ... ... ... 3. ... ... ... 4. ... ... ... Оқушылар кейіпкерлерді талдағанда, кейіпкерлердің іс-әрекетіне жан-жақты талдау жасап, олардың жан дүниесін ашатын сөздерді тауып сыни тұрғыдан баға беріп, өз пікірлерін жырдан үзінді келтіре отырып дәлелдеп жазып шықты. Нәтижесінде: оқушы сыни тұрғыдан ойлауға үйретудің тәсілдерін қолдана отырып, алған біліміне рефлексия жасауды, бірлесіп, ұйымшылдықта топтық жұмыстарды орындауға, бірін-бірі үйретуге, білгенін ортаға салуға, сабаққа енжар қатысып отыратын және өз-өзіне сенімсіз оқушыларда ерекше белсенділік пайда болды.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық 2017ж.
2. Еуге материалдары бойынша (1997). Кәдімгі мектепте Қабілетті Балаларды оқыту.

# МҰҒАЛІМ ҚЫЗМЕТІНДЕ РЕФЛЕКСИЯ ТӘСІЛІН ҚОЛДАНУ – ҮЗДІКСІЗ ДАМУ КЕПІЛІ

**Самекеева Айнур Тасболатовна**
Түркістан облысы, Түлкібас ауданы А.Асқаров атындағы жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

***Резюме***
*В статье рассматриваются функции рефлексии в деятельности учителя.*
***Summary***
*the article deals with the functions of reflection in the activities of teachers.*

Американдық психолог Д.Дьюи бірлескен әрекет жағдайында басқа адамның сезімі мен абыройын құрметтеу, «менің пікірімнен басқа да пікір бар, ол да жария етілуі тиіс, ол пікірдің де өмір сүруге құқысы бар деген. Қазақтың ақыны О.Сүлейменов «Адамның рухани ізденіс-сілкіністері үш-ақ сауалдың аясына сияды: 1) не біле аламын, 2) не істеуім керек, 3) үміт артарым не?» - яғни, адамның өзін-өзі тәрбиелеу мәселесінің маңызы мен мәніне ерекше тоқталады. Мұғалім идеалы – білімнің құндылығын айқын түсінетін, мәдениеті жоғары адам, өз пәнінің жетік шебері, педагогика мен психологияны терең меңгерген, жеке тұлғаға бағытталған педагогикалық әдістерді қолдана алатын, өзін жеке тұлға ретінде дамытып, рухани өсуге деген қажеттілігі мол болуы тиіс. Бүгінгі таңда әрбір ұстаздың басты мақсаты оқушының жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру бүгінгі педагогикада «Сөз арқылы емес, әрекет арқылы үйрету қажет!» деген ұстанымға негізделіп отыр. Мұғалімдердің белсенді белгілі бір бөлігін өз тәжрибелерін сыни тұрғыдан қайта қарап, өзі айналысып жүрген істерінің нәтижесінің мақсатқа сай орындалуын оймен зерттей білуге, өз кәсіби өмірбаянындағы салмақты жүктерді саналылықпен алмастыра алуға ынталандырады. «Бұл әрекеттегі менің мақсатым не?» - «Не жасауым керек?» - «Қалай?»- «Бұдан не шығады?» сұрақтарын өзіне үнемі қоя және оларға дұрыс жауап бере алатын мұғалімде кәсіби шығармашылық болатындығы сөзсіз. «Рефлексия» деген сөздің өзі «артқа қарау, көрсету» дегенді білдіретін «reflexio» деген көне латын сөзінен шыққан. Шет тілдер сөздігінде рефлексия ой електен өткізу, өзін - өзі тану, өз - өзіне есеп беру деген сөз[1]. Бұл адамның өз іс-әрекетінің заңды түрде жүзеге асуының теориялық формасы. Сондықтанда бүгінде білім алуда, адамның дамуының басқа да әрекет салаларында кеңінен қолданылып жүрген «рефлексия» ұғымы бізге өте маңызды. Мұғалімнің шығармашылық әлеуетінің дамуы үшін оның әдіснамалық рефлексия жасай алуының мәні зор. Әдістік - бағдарлы оқыту жүйелерінен мұғалімнің шығармашылық әлеуетін дамытатын жобалау-тудырушылық жүйеге өту-шығармашылық ортаны, кәсіби білімді тұлғаның жаратушылық болмысына негіздей отырып, оның өзін-өзі тудыруы, өзін-өзі жаратуы алдыңғы қатарға шығатын, өз шығармашылығының дамуына өзінің жеке жауапкершілігін сезінетін рефлексивті амал негізінде мүмкін болады. Аталмыш амалды қарастыру барысында мына идеяаларға жүгінуге болады: 1) мұғалімнің шығармашылық әлеуетін дамыту-оның өзін-өзі үрдісі, дамытудың технологиясын меңгеру, шығармашылық әрекет арқылы педагогикалық мәселелерді шешу, мұғалімнің шығармашылық әлеуетін дамытудағы жеке траекториясын құрудың әдісі болып табылады; 2) рефлексивті тәсіл мұғалімнің тұлғалық-мәнді позициясына әсер ету, оның өз шығармашылығының нәтижесі арқылы ұсынылып отырған инновацияларға деген жауапкершілігін арттыру; 3) рефлексивті амал барысында мұғалімнің шығармашылық әлеуеті кез-келген субъект субъект қарым-қатынасының жетекшісі, негізі болып табылады [2]. Педагогтық қызметте орындайтын функцияларына байланысты рефлексия негізгі үш нысанда қарастырылады. Олар: жағдайлық, ретроспективті және перспективті рефлексия болып табылады. Жағдайлық рефлексия- «уәждеме» және өзін-өзі бағалау түрінде талдау жұмысында «осы жерде, қазір» рефлексиясы жүзеге асырылады. Ретроспективті рефлексия- жүзеге асырылған іс әрекеттен кейінгі, орын алған оқиғаларға талдау және бағалау қызмет атқарады. Мұғалім өз жетістіктері мен сәтсіздіктері туралы, сәтсіздікті жеңу жолдарының себептерін анықтайды. Перспективті рефлексия - алдағы уақытқа жоспарлауда тиімді жолдарды қарастыруды қамтиды [3]. Д.Шонның «Рефлексиялаушы практик:«Кәсіпқойлар іс-әрекетте қалайша ойланады» деген еңбегінде: «Іс әрекеттегі толғаныс немесе іс барысындағы толғаныс және соның салдарынан өзгеріп жатқан жағдайға сай, әрекет етуге көмектесетін жаңа сезімдер туындайды, іс әрекеттен кейінгі толғаныс жүреді»,- деп көрсетеді[1]. Мысалы: сабақты өткізіп болғаннан кейін мұғалім қызметіндегі рефлексияға тоқталсақ: Сабақ мақсаттары немесе оқу мақсаттары шынайы, қолжетімді болды ма?, Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)? Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді (оқыту мен оқуға қатысты)? Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немесе

жекелеген оқушылардың жетістіктері/ қиыншылықтары туралы нені анықтадым, келесі сабақтарда не нәрсеге назар аудару қажет? Демек, әр мұғалім өз іс әрекеті мен тәжірибесіне қатысты өзге адамдарды ортақ ету арқылы, бірқатар ойлар мен сұрақтар төңірегінде ойланып, шешу жолдарын қарастырады. Педагог қызметінің объектісі, оны басқару, ұйымдастыру объектісі оқушылардың қызметі болып табылады. Кез келген педагогикалық міндеттер – бұл оқушының қызметін басқару бойынша міндеттер. Мұғалім оқушының ішкі дүниесін көріп қана қоймай, түзетуге, оны дамытуға тиіс. Педагогикалық үдерісте рефлексия мынадай қызметтерді атқарады: -жобалау (педагогикалық үдеріске қатысушылардың қызметін жобалау) -ұйымдастырушылық (тиімді әдіс - тәсілдерді өзара іс қимыл нәтижесінде ұйымдастырушылық) -коммуникативтік (педагогикалық үдеріске қатысушылардың қарым- қатынастары) -уәждемелік (педагогикалық үдеріске қатысушылардың бірлескен нәтижелілігін анықтау) - түзетуші (іс – қимыл нәтижесіне өзгерістерді өзара енгізу) Мұғалім үшін: өз іс-әрекетіне рефлексия жасай отырып, оқушылар туралы диагностикалық зерттеу жүргізуді, қысқа және ұзақ мерзімді перспективалық жоспарлауды біледі, сабағына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздеп, жетілдіру жолдарын қарастырады. Өзін-өзі бағалай отырып, оқушы жұмысының белсенді қызметінің нәтижесін жүзеге асыра біледі.Осылайша, мұғалім рефлексиялық басқару қызметін атқарады. Рефлексиялық басқару қызметі үш деңгейді қамтиды. Орындаушылық қызмет рефлексиясы: (нақты ұсыныстар мен кеңес беру жұмыстары, нұсқау беру) Іс - қимыл стратегиясын әзірлеу деңгейі (іс қимыл бағдарламасын таңдау және оқушылардың шешу дайындығы). Жасалған іс-қимыл стратегиясында бағдарламаны талдау, бағалау. Қойылған мақсаттар мен міндеттерге салыстыру жасау.) [3] Сонымен рефлексия – көпқырлы, кіріккен сапа. Ол философияда-адам санасының өз эректеіне, өзіне бағытталуы; психологияда-субъектінің өзінің ішкі психикалық жағдайларын өзінің тануы, әлеуметтік психологияда -өзін ғана танып қоймай, өзін басқалар қалай бағалайды, өз позициясымен ол қалай үйлеседі турасында ойлануын білдіреді. Рефлексия – тұлғаның өзін-өзі ұйымдастыруы , оның объект туралы білімін нақты әрекетпен байланыстыра алуы. Бұл сапаның барлық адамда болуы айналаны өзгертуге, өмірді мәнді етуге ықпал етеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер**


1. Тиімді оқыту мен оқу» Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы. Мұғалімге арналған Нұсқаулық. Астана, 2016.

2. Б.З.Вульфов Педагогика рефлексии : взгляд на профессиональную подготовку учителя Москва: Магистр. – 111

3. Е.Е. РукавишниковаФормирование профессиональной рефлексии у студентов медицинского колледжа [Текст] : автореф. дис. ...канд. психол. наук : 19.00.07 / Е.Е. Рукавишникова; Сев.-Кавк. гос. техн. ун-т. - Ставрополь, 2000. - 18 с. - Библиогр.:17-18с.


## Ы.АЛТЫНСАРИННІҢ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІН МЕКТЕПТЕ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ


**Махатова Жазира Бимырзаевна**
Түркістан облысы, Төлеби ауданы
Тасарық арнайы негізгі орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі



***Резюме***

*В статье рассматриваются взгляды просветителя-педагога И.Алтынсарина на содержание и методы изучения школьного курса литературы.*

***Summary***

*Dieser Artikelbeschreibt den methodischeAnsichtenErzieher-Lehrer I. Altynsarin, derenBedeutungbei der BildungLiteraturzustudieren. Lösung der heutigenProbleme und Methoden der*


Сөз өнерін балаға білім беріп, тәрбиелеудің негізгі құралы ретінде бағалап, оларға арнайы көркем шығармалар жазуды алғаш қолға алған, сол арқылы балалар әдебиетінің негізін салушы, XIX ғасырдың ұлы ағартушысы, ұлағатты ұстаз, жазушы Ыбырай Алтынсарин көркем сөзді оқыту әдістемесі саласында да нақты істер атқарып, олардың ғылыми- тәжірибелік сипатын айқындауда алғашқы қадамдар жасаған. Қазақ халқының көрнекті ғалымы М.Әуезов Х1Х ғасырдың ірі тұлғалары Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин және ұлы Абай Құнанбаевтың еңбектерін саралай келе, Шоқан Уәлихановтың өз жерінде бірінші тарихшы, этнограф, саяхатшы, әдебиет зерттеушісі болып зор еңбек еткендігін, Абайдың халқының рухани діни, сөз өнерін әлем мәдениетінің дәрежесіне

көтергендігін басып айтқан. Ғалым Ыбырай Алтынсариннің еңбегін де зор бағалап: «Ыбырай жаңағы екеуінің де ісін өз өмірінде, еңбегін ... қоса білді» [1, 315б.], - деп жазғаны мәлім. Ол қазақ даласындағы жаңа типті мектептерді ашушы, жаңа бағыттағы ұстаз, өз мектептерінің оқу ісін жүргізуге арналған бағдарламаларды құрастырып, алғашқы оқулық, хрестоматия, әдістемелік құралдарды жасаған педагог. Бұл жөніндегі М. Әуезовтің: «Қазақтың ең алғашқы мәдениетті мектебін жасаумен қатар, жазушылық пен оқытушылықты ол аса шебер өнерліктірде қабыстырушы» [1, 315б.], - деген пікірі өте орынды айтылған. Ағартушы педагогтың күнделікті халқына жасаған еңбегін көріп жнрген бір топ қызметтестері мен шәкірттерінің «Оренбургский листок» газетінің 1884 жылғы 26 наурызында шыққан мақалада «Для нас кочевников, очень дороги произведения Алтынсарина, как и он сам; это могут понять именно те, кому известно значение первой светской литературы в России. Мы готовы видеть в лице г. Алтынсарина героя, который становится отражением всего народа, духа его, ума, нрава, характера и вообще всей его жизни» [2,306 б.], - деп жазған сөздері осының айғағы. Ы.Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясы» кітабы мен қатар «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» деген әдістемелік еңбегін басып шығарады. Ы.Алтынсарин кезінде осы мәселені аса маңызды деп есептеп, оны іске асыруда «Қазақ хрестоматиясы» кітабын жазып шығарды. Жоғарыда бұл хрестоматияға енген шығармалардың балалардың жас ерекшелігіне, психологиялық жақтарына ыңғайланып алынғандығына тоқталып әттік. Сонымен қатар Ы.Алтынсариннің өлеңдері мен әңгімелері, аудармалары өзге ұлт балаларын қазақ өмірінің өткен кезеңдерімен, тұрмыс тіршілігімен, табиғатымен, халықтың көзқарастарымен, салт-дәстірімен таныстырып, адамгершілікке, ізгілікке, мейірімділікке тәрбиелеудің тамаша көзі. Екіншіден, педагог жазушының төл шығармаларындағы тақырып пен мазмұн нйлесімділігі, жанрлық тнрі, жазушы тілі, танымдық, тәрбиелік сипаты әдебиет пәнінің бағдарламаларын қнрастыруда, оқу құралдарын жазуда ескеретін көптеген бағалы ойларды айқындайды. Ы.Алтынсарин әңгімелерінің ерекше көңіл тартатын қыры тілінің қарапайым, жеңіл, 328 әрі көркем болуында, өйткені шығарма тілі балаларға оның мазмұнын терең ұғынуға, талдауға, дұрыс сөйлеуге, тілді меңгеруге жол ашады. Осы аталған талаптар тнрғысынан алып қарағанда, педагог оқу пәнінің мазмұнын құру мәселесін шешуді алғаш болып қолға алған. Хрестоматия жасау арқылы Алтынсарин қазақ жерінде тұңғыш рет көркем сөзді оқу пәні ретінде пайдаланудың жолын танытты, оның қоғамдық маңызын, қажеттілігін айқындады және осы нлгідегі оқу қнралын алғаш жасап ұсынды. Ы.Алтынсариннің оқыту тәжірибесінен бастау алған келесі әдістемелік мәселе жоғарыда қарастырылған оқу мазмұнын іске асырудың жолдары мен әдіс-тәсілдеріне байланысты. Педагог оқушыларға ұсынған мәтінді алдымен оқудан өткізіп алуды талап етті. Бұл, әсіресе әдебиет сабақтарының әдістемесі ншін өте маңызды, өйткені мәтіннің негізінде балаларға эстетикалық әсер беру, оған деген қызығушылықтарын қалыптастыру, шығарманы қабылдауларын қамтамасыз ету алдыңғы оқудан басталады. Сондықтан болар Ы.Алтынсарин мектептерінің тәжірибесінде оқудың бірнеше түрлері, атап айтсақ: пайымдап оқу, мақамдап оқу, ғибратшылдық оқу, үйде (сыныптан тыс) оқу орын алған. Оқытуды көркем шығарманы оқудан бастап, сол шығармадағы кейіпкерлердің іс-әрекеттерін қарастырып, оның тілін, тақырыбын, тәрбиелік мәнін ашып жеткізуді мақсат тұтқандығын анық көреміз. Ол үшін әдеби шығарманы қайталап оқып мазмұндап айтқызу, кейіпкерлерді мінездеу, жатқа айтқызу әдістерін қолданған Ы.Алтынсариннің мұғалім жайында айтқан пікірлері, оған қойған талаптарының педагогикалық, қоғамдық мәні зор. «Халық мектептері үшін ең керектісі - оқытушы. Тамаша жақсы педагогика құралдары, ең жақсы өкімет бұйрықтары да, әбден мұқият түрде жүргізілетін инспектор бақылауы да оқытушыға тең келе алмайды» [3,322б.], - деп білікті мұғалімге аса биік баға берген. Ыбырай Алтынсариннің өзі ашқан мектептерде істеген мұғалімдерге зор қамқорлықпен қарап, жан-жақты көмек көрсетіп отырғандығы жөнінде А. Мазохин деген мұғалімнің естелігінен алынған мына жолдардан айқын аңғаруға болады: «Ы.Алтынсарин оқытушылардың тек бастығы ғана болып қойған жоқ, олардың әкесі де, шынайы мейірбан жолдасы да бола білді. Оның мектебімізге келуі бейне ұлы мерекедегідей қуанышты жағдай болатын» [4,327 б.]. Ағартушы педагогтің осы бағыттағы ойлары мен тұжырымдарын зерттеп, бағалаған ғалым С.Қалиев былай деп жазады: «Ұлағатты ұстаз ислам дінінің аяттарындағы адамгершілік, имандылық, қайырымдылық, мейірімділік қағидаларын өзінің педагогикалық көзқарастарына негіздей отырып түсіндірді. Дін қағидаларының тәрбиелік мәнін ашып көрсетуді мақсат еткен ұстаз шариғат сүрелерін ана тілінде түсіндіріп, діни терминдердің мән- мағынасын ашуға зер салды, оны өмір тіршілігімен, адам тәрбиесімен тығыз байланыстыра талдады» [5,159 б.]. Алтынсариннің намаз оқу мен ораза тұтудың тәрбиесі туралы айтылған оң ой-пікірлерін мына жолдардан айқын көруге болады: «...намаз ішінде он екі парыз бар, оның алтауы тысқары, алтауы ішкері парыз. Тысқары парыздың (денені тазалау, намаз оқитын жерді пәкету, денені жабу, денені дұрыс қимылдату, қолды, аяқты, басты қимылдату) бәрі тән тәрбиесіне арналады, ал ішкі парыздардың ой- қимылды намазға арнап, беріліп оқуы – жан тәрбиесіне

арналады» [6,31 б.]. Бүгінгі күнгі талаптарға сәйкес халқымыздың рухани қазынасын жас ұрпақтың жеке тұлғасын қалыптастыру ісіне жаратудың жолдарын айқындауда Ы.Алтынсариннің педагогикалық ой-түйіндерінен, әдістемелік еңбектерінен, көркем туындылары мен аудармаларынан, халық ауыз әдебиетінің нұсқаларын балаларға арнап іріктеп алудағы ұстанымдарынан, өзі ашқан мектептердегі оқыту үрдісінің тәжірибелік жетістіктерінен алатындарымыз аз емес. Ағартушы-педагог, жазушы басқа халықтардың озық ойларымен халқымыздың бала өсіріп, оған таным мен тәрбие беру туралы ұзақ ғасырлар бойында қалыптасқан көзқарастарын ұштастыра отырып педагогика мен әдістеме саласының өзекті мәселелерінің негізін қалады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Әуезов М. Уақыт және әдебиет.-Алматы: Қазмем., 1962. -426б.
2. Алтынсарин Ы. Собр. соч. в 3-х т. Т.1. –Алматы: Наука. 1975. -359б.
3. Қазақ әдебиетінің тарихы. II т. –Алматы: ҚҒАБ, 1961. -581б.
4. Өнер-білім бар жұрттар. /Құрастырған С.Мақпыров –Алматы: Жалын, 1991. -308 б.
5. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. -Алматы: Білім, 2003. -280б.
6. Алтынсарин Ы. Таңдамалы педагогикалық мұралары. –Алматы: Рауан, 1991.-200б.

## БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ЖАҢҒЫРТУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ТАБЫСТЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

**Коштаева Нуршат Базарбаевна**

Түркістан облысы, Ленгір қаласы

№1мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

***Резюме***

*В статье рассматриваются эффективные методы успешного обучения при обновлении системы образования*

***Summary***

*The article discusses effective methods of successful learning while updating the education system*

«Қазақстандық білім беру мен ғылым жүйесін жаңғыртудың қазіргі заманғы кезеңі әрбір адамның сапалы мектепке дейінгі тәрбие мен мектептегі білімге қолжетімділігін, колледж бен университетте жаңа кәсіби дағдыларды алу, зерттеу және шығармашылық қңзыреттерін дамыту мңмкіндіктерін көздейді... Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі саласы жаңа тәсілдер аясында кеңеюде[1].

Мақсатты бағытта танымдылық іс-әрекетіне байланысты, негізгі білім көзінің байланысы, оқушылардың танымдылық деңгей белсенділігі, бірлескен оқыту формасы, нақты және жалпылама білім беру жолдары әр түрлі оқыту әдістерінің классификациясында қолданады. Олар М.А. Данилов, М.Н.Скаткин, И.Я.Лернер, М.И.Махмутов, Н.А. Сорокин, Н.Ф.Талызына, В.Ф.Паламарчук т.б. ғалымдардың еңбегінде берілген [2].

**Әңгіме**. Әңгіме мәні бағытты мақсатта және біліктілікте қойылған сұрақтар арқылы оқушылардың алған білімдерін естеріне тңсіріп жаңа білімді игертілуін, өздігінен ойластырып және қорытындылау жолдарын жандандырады. Әңгіме кезінде оқушының ойы мұғалімнің ойын қайталау болып отырады, нәтижесінде оқушы адымдап жаңа білімді игереді. Әңгіме ойлауды белсендіреді, білімді, білікті игертудің диагностикалық қңралы болып, оқушылардың танымдық қабілетін дамытуға бағыттайды, таным процесін оперативті басқаруға жағдай туғызады. Әңгіме сонымен қатар тәрбие міндеттерін де шешеді. Әңгіме баяндамамен, лекциямен, білімді жңйелі қалыптастыратын басқа да әдістермен қатар қолдану керек. Әңгіме оқушыларға керекті білімі мен дағдысын, жаттығуларды өткізуге, оларды қалыптастыруға мңмкіндік бере алмайтындығын ескеру керек. Әңгімені классификациялау тәсілдерін анықтауға болады. Кіріспе әңгіме немесе ұйымдастыру; жаңа білім беру (сократтық, эвристикалық т.б.); синтездеуші немесе бекіту; коррекциялық-бақылау. Кіріспе әңгіме оқыту жұмысының басында өтіледі, мақсаты-оқушылардың берілетін жұмыстың мәні мен оның өтілуін дұрыс тңсіндіргенін анықтау. Кіріспе әңгіме саяхат, лабораториялық және практикалық сабақ алдында өтіледі. Жаңа материалды оқушыға игертуде кіріспе әңгіменің мәні ерекше. Жаңа білім игертуді хабарлау (сұрақты-жауап, қарсы шықпау, жауаптарды есте сақтау), Сократтық (ыңғайлы, оқушының ыңғайына қарай, қысқа тұжырымды пікір білдіру), эвристикалық (оқушыға талап жңктеп, мұғалімнің берген сұрағына нақты жауап алу). Жаңалық ашуда, оқушылардың ойлау қабілетін

жандандыратын, ол мұғалімнің білікті сұрақ қоя білуі. Сонымен эвристикалық әңгімеде оқушылар өздігінше ойлап, өз танымы бойынша білімді игереді. Синтездейтін әңгіме оқушылардың білімін жүйелеп және қортындылауда қолданады. Коррекциялық бақылау - әңгіме диагностикалық мақсатта және оқушының білімін жетілдіріп, нақтылап, дамытуда пайдаланады. Әңгіме барысында, барлық оқушылар белсенділікпен қатысып, сұрақты зер салып тыңдау, сұраққа дұрыс жауап іздеу, өзінің достарының жауаптарын талдау, өзінің көзқарасын айта білуін қадағалау. Дұрыс жауаптарды-мадақтау, қатені түзеу, толық емес жауаптарды толықтыру, оқытушылардың жіберген қатесін өздері табу. Оқушылардың бір-біріне сұрақ қоюы. Сабақ барысындағы әлеуметтік өзара әрекеттестік оқуда маңызды рөл атқарады. «Мұғалім оқушы» және «оқушы-оқушы» жағдайындағы қарым-қатынас түсінікті дамытып, мағынаны ашудың елеулі бөлігін құрайды[4]. Диалогтық әдістің ерекшеліктеріне тоқталсақ: - оқу үдерісіне қатысты тұлғалардың (мұғалім, оқушы) бір мағыналық кеңістікте болуы; - күрделі мәселелер өрісінде шешілетін тапсырмаларды бірігіп көтеру, яғни бірыңғай шығармашылық кеңістікке қосылуы; - тапсырмаларды орындауға қажетті әдіс-тәсілдерді таңдауда өзара келісімнің болуы. Танымдық үдерісте оқушылардың біріккен іс-әрекеттері әрбір оқушының өз үлесін қосу арқылы бірігіп жаңа білімді игеруін білдіреді. Мұнда олар бір-біріне қолдау көрсету арқылы өзінің білгенімен, жаңа идеяларымен, тәжірибелерімен бөліседі, осылайша өзінің танымдық әрекетін де дамытады.

**Иллюстрация.** Демонстрация әдісі иллюстрация әдісімен тығыз байланысты; заттарды көрсетіп және қабылдау, плакаттардың кәмегімен символдар түрінде, олардың процестегі және құбылыстарын, карта, портреттер, фотографиялар, суретттер, схемалар, репродукциялар, жалпы модельдер және т.б. екеуі де кеңінен қолданады. Көрнекілік іс-тәжірибеде кеңейіп, небір жаңа құралдарды өмірге келтіріп жатыр. Түрлі бояулы пластикалық карталар, альбомдар, атластар т.б. Жалпы модельдер арқылы құбылыстар мен процестердің динамикалық және статистикалық ақ түсті және түрлі түсті мәнін ашып көрсетеді. Анықтамаларды түсіну үдерісін жеңілдетеді. Географиялық карта, диаграмма, графиктер, таблицлар білімді тез сапалы игеруге көмектеседі. Иллюстрация әдісін қолдана отырып, оның көрсетілу әдісіне де көп мән беру керек. Көрнекті құралдың дидактикалық ерекшелігін, оның танымдық процестегі ролі мен орнын ойластырып алу керек. Иллюстрация алдын-ала дайындалады. Берілетін суретер, диаграммалар, таблицалар мақсатты қолданылады. Иллюстрацияны пайдалану үшін экранды техникалық құралдар кеңінен қолданылады.

**Бейне әдіс.** Оқушыларға толық оқытылатын құбылыстардың көрнекілікке ролін көрсету, сұраныстарын қанағаттандыру, оқушылардың қызығушылығы мен қажетін, мұғалімдердің еңбегін жеңілдету, босаған уақыт білімді бақылайтын және коррекциялайтын, дәптер тексеруді т.б. қамтамасыз етеді. Сонымен қатар кері байланыс жұмысын; толық және жүйеде бақылауды ұйымдастыру, үлгерімді объективті есепке алу.

**Проблемалық жағдаят** –адам пайда болған құбылысты, фактіні шындық үдерісін қалай түсіндіруді білмеген, мақсатқа өзіне мәлім әрекерт тәсілімен жете алмайтын жағдайда туған оның шығармашылық қиналуы. Бұл түсіндірудің жаңа тәсілін немесе әрекет тәсілімен іздестіруге түрткі болады. Проблемалық жағдаят деп продуктивтік шығармашылық танымдық қызметтің заңдылығын айтамыз [4]. Ол ойлаудың басталуымен байланысты, белсенді ойлау қызметі проблемалар қою және шешу үдерісінде жүзеге асады.

Қорыта келе, әдістерді белсенді және белсенді емес деп бөліп карауға болмайды. Оқыту әдісіне бейтарап қарауға болады. Бәрі де мұғалімнің танымдық оқу іс-әрекетінің оқыту әдістерін қолданылып, іске асыру даярлығына байланысты. Мұғалімнің педагогикалық шеберлігі оқу танымдық стилімен ерекшеленеді. Жеке тұлғаны қалыптастыруда жеке дара инновациялық-шығармашылығымен қоғамға гуманистік және демократиялық көзқараста жетілген, жаңаша белсенді ұрпақ қалыптасады.

**Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2016.
2. Педагогика (дәріс курсы) Алматы, 2003.
3. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курсының бағдарламасы үшінші (базалық) деңгей. Төртінші басылым.// 2015.
4. М.И.Махмутов Мектепте проблемалық оқытуды ұйымдастыру. Мұғалімдерге арналған кітап // Алматы «Мектеп» 1981.33-б.

# ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

**Айдарханова Атиргул Беркинбаевна**
Шымкент қаласы, ТО ДСБ ОФО ШЖҚ МКК орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

***Резюме***
*В данной статье рассматриваются эффективные методы обучения казахскому языку.*
***Summary***
*In this article is given information effective methods of teaching the Kazakh language.*

XXI ғасырдың жан-жақты зерделі, дарынды, талантты адамын қалыптастыру бағытындағы білім беру мәселесі мемлекетіміздің басты назарында. Білім мен ғылымның Қазақстан дамуына оңтайлы әсер етуі үшін дүниежүзілік кеңістігіне ену, білім беруді одан әрі түрлендіру, оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіре алу міндеті туындап, білімге, оқу-әдістемелік жүйеге жаңа талаптар қойылуда. Осы тұрғыдан алғанда мұғалімге білім берудің тиімді жолдарын қарастыру, таңдай білу еркіндігі тиіп отыр. Қай кезеңде, қай заманда болмасын мектептегі басты тұлға мұғалім десек, дүниежүзілік даму деңгейінен кем түспейтін, иық тірестіре алатын алған білім мен тәрбиелік қазынасын туған еліне, адамзат игілігіне жұмсай алатын қазақтың ой-танымының иесі, саналы азаматты жетілдіруге үлес қосатын қазақ тілін оқыту барысы, оны ұйымдастырушы мұғалімге жауапты міндет жүктеледі. Сонау XX ғасырдың басында Жүсіпбек Аймауытов: «Сабақ беру—үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол—жаңадан жаңаны табатын өнер» деген екен.

Сондықтан қазіргі таңдағы педагогика жаңалықтарын пән ерекшелігіне қарай қолдана білу—оқыту мақсатына жетудің бірден-бір жолы.Мақсат—баланы субъект ретінде оқу ісіне өзінше қызықтыратын, оған қабілетін арттыратын жағдай жасау. Оның бастысы оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру, оқушылардың оқудағы іс-әрекеті арқылы ойлау дағдыларын жетілдіру, өз бетінше білім алу барысында бірлесе әрекет ету.

Мақсатқа жету оқушының өзі, яғни іс-әрекеті арқылы жүзеге асады. Мұғалім—ұйымдастырушы, бағыт беруші.Оқытудың жаңа технологиясы іс-әрекеттің жоспарланған нәтижесіне жетудің шартты тәсілі ретінде қарастырылатын жаңа әдістердің жиынтығынан тұрады. Оның бұрынғы белгілі дәстүрлі оқыту технологиясынан айрықша ерекшелігі мынадай:
- оқушының интеллектуалды дамуы аз уақыт ішінде қабылдау дәрежесінің жоғары мөлшеріне жетуіне бағытталғандығы;
- оқушы мен мұғалімнің белсенділігінің сайма-сай болуы;
- мұғалім мен шәкірттің өзара қарым-қатынасында жауапкершіліктің міндеттілігі.

Оқытудың дамыту функциясы оқушы тұлғасын жетілдіруге бағытталған арнайы дайындалған кейбір оқыту технологиясында, әдістемелік жүйелері мен әдістерде жүзеге асырылады. Оларға бүгінгі өркендеп келе жатқан жаңа сипаттағы мектептер меңгерген жаңа технологияларды жатқызуға болады. Олар «Бастауыш мектепке арналған дамыта оқу жүйесі» (Знаков, Эльконин, Давыдов), «Ақыл-ой іс-әрекетінің кезең бойынша қалыптасу теориясы» (Гальцерин), «Танымдық іс-әрекетті жандандырудың тәсілдері» (Шамова, Шукина), Қазақстандағы «Сорос-Қазақстан» жәрдемімен жүзеге асырылып отырған оқытудың американдық үлгілері (дебат, сын тұрғысынан ойлауды дамыту), т.б.

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан дамыту (СТО)» бағдарламасының қазіргі таңда білімді, білгенін өмірге пайдалана алатын шәкірт тәрбиелеуде алатын орны ерекше. Сын тұрғысынан ойлау стратегиясы бойынша жүргізілетін жұмыста оқушылардың өз бетінше жұмыс жасау, қорытындыға келу, ұқсас құбылыстар арасынан тиімдісін таңдай білу, проблеманы шеше білу, пікірталасты жүргізе білу қабілеті қалыптасады. Сын тұрғысынан ойлау стратегиясының дамытпалы оқумен үндес екендігін көрінеді. Сын тұрғысынан ойлау мен дамытпалы оқытудың мақсаттары, міндеттері, әдістері, алынатын нәтиже бойынша ұқсас екендігін байқауға болады. Сын тұрғысынан ойлаудың нәтижелері:
- әдіс түрлері;
- белсенді практикалық іс-әрекетте болу;
- басқалармен қарым-қатынас жасай білу;
- басқаларды тыңдай білу;
- қажет болса өз көзқарасын өзгерту;
- топтық тұжырымға келе білу;
- топ алдына шығып, өз тұжырымын айта білу, қорғай білу.

Осының бәрі өздігінен білім ала білуін, сын тұрғысынан ойлау іскерлігін, кейбір әдістемелік тәсілдерді дағдыға айналдыруын қалыптастырады. Жаңа сабақ өткенде ғана емес, кез келген жаттығуды түрлі әдіс-тәсілдермен орындауға болады. Жаңа әдістердің бірі – «Өзара бөліп жазу». Қазақ тіліндегі суретпен берілген жаттығуларға қарай отырып, әр оқушы 5 минутта суретте не бейнеленгенін өз ойымен жазады да, қасындағы оқушыға береді. Ол оқушы екеуі алмастырып алған соң, бір-бірінің ойын толықтырып, басқа оқушыларға оқып береді. Жаттығуларды орындауға, өткен сабақты қайталауда *«Бес жолды өлең»* әдісімен оқушыларға тапсырмалар орындатамын.

| | |
|---|---|
| 1. Зат есім | 1. Көктем |
| 2. Сын есім | 2. жасыл, әдемі |
| 3. Етістік | 3. құлпырады, көктейді, жылид |
| 4. Бір мағыналы сөйлем | 4. Көктем – жаңа жыл басы |
| 5. Антоним | 5. Күз |

Осының тапсырмаларын өзгертіп, былай да орындатуға болады. Оқушыларға алдымен дыбыстарды беремін.

Мыс.: т, р, ш, і, к, л.

| | |
|---|---|
| 1. дыбыстар | 1.т, р, ш, і, к, л. |
| 2. дауысты. дауыссыздар | 2. тірлік, тіршілік |
| 3. сөздер құра | 3. і, т, р, ш, к, л. |
| 4. буынға бөл | 4. тір – лік, тір –ші - лік |
| 5. тасымалда | 5. тір-лік, тір-шілік, тірші-лік |

Әрбір өтілетін жаңа сабақ жаңаша мазмұнымен, әдіс-тәсілдерімен түсіндіре білгенде ғана қызықты. Олай болса, осындай жаңа әдістердің бірі – *«Білемін, білгім келеді, үйрендім»* Б.Б.Ү. Алдымен 3 бөлікке бөліп плакат дайындайды. Үшеуіне 3 түрлі сиямен жазамыз. Бұрын бастауыш сыныпта өтілген тақырып болса, соны әрі қарай жетілдіру, толығырақ таныстыру үшін балаларға жаңа тақырып бойынша сұрақтар бере отырып, естеріне түсіреді.

Қайталау – оқу анасы. Олай болса баланың ойлау, есте сақтау, қайталауы арқасында көп нәрселерді үйренеді. Өткен тақырыптар бойынша қайталауға берілген сабақта қолданып жүрген әдістердің бірі – *«Үш қадамды сұхбат»* әдісі.

Оқушылар 3 топқа бөлінеді. Бірінші топтағылар – интервью алушы. Әрбір бала өзіне сұхбат беретін екінші топтың оқушысына сұрақ береді. Мұны үш-төрт оқушыға дейін жүргізуге болады. Екінші топтағылар – интервьюге жауап беруші, ал үшінші топтағылар ақпаратты жинап, реттеуші. Бұл әдістен бала сұрақ қоя білуді, жауап беруді, біреудің айтқанын жүйелеп жаза білуді үйренеді.

Ал *«Кубизм»* әдісін дауысты, дауыссыз дыбыстарды қайталауда пайдаланудың тиімділігі мол. Оқушыларды 6 топқа бөліп, кубикті алдына тастау арқылы қалай тапсырма орындайтыны ескертіледі.
1. *Салыстырыңыз.* Дауысты, дауыссыз дыбыстарды салыстыр.
2. *Талқылаңыз.* Дауысты, дауыссыз дыбыстар дегеніміз не? Түрлерін ата.
3. *Ажыратыңыз.* Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырат.
4. *Мысал келтір.* Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратып айта отырып, мысал келтіру.
5. *Қолданыңыз.* Өлеңге қос, не өлең, не әңгіме, не мысалдар жаз.
6. *Зерттеңіз.* Дауысты, дауыссыз дыбыстарды зертте.

Сабақты түрлендіріп, оқушыларды қызықтыру үшін бұдан да басқа алуан түрлі әдістер қолдануға болады. Оқу барысында модульдік жүйені пайдалану қазіргі таңда оқушыларға ұсынылып отырған кейбір көлемді материалдарды қысқартуға және жеделдетуге жол ашады. Модульді оқыту жүйесі модульдерге негізделеді. Әр модуль әр бағыттағы жұмыс жүйесі, оқыту мазмұны мпен оқушылардың білімінің сапасын айқындайтын әр түрлі бақылау жүйесінен тұрады. Сабақты қызықты, тартымды өткізе білу мұғалімнен көп ізденушілікті, білімділікті, қабілеттілікті, тапқырлықты қажет етеді. Осы мақсатты мұғалім әр түрлі оқыту әдістерін пайдаланып, тіл дамыту жаттығуларын, ойын элементтерін және тартымды көрнекіліктерді қолданады. Қазақ тілі сабағында дидактикалық оқу ойындар сабақтың тиімділігін, сапасын арттырумен бірге, оқушының оқу белсенділігін, шығармашылық тойлау қабілетін дамытады. Мәселен, «Оң қол, соң қол» ойынын сабақты өткеннен кейін қайталау, пысықтау үшін қолдануға болады. Көнерген сөздер мен жаңа сөздерді, кәсіби сөздер мен термин сөздерді араластырып айтып тұрғанда көнерген сөз оң қол, жаңа сөз болса сол қол көтеріп айыра білу қажет.

*«Тізбектен шығып қалма»* ойынын буынды, буын түрлерін өткенде пайдаланып ойнаттым. Бастаушы бір сөзді айтады, екінші оқушы сол сөздің соңғы буынынан әрі қарай жалғастырады.

Мысалы: кітап – таптыр – тырма – масақ- сақшы – шылау – ауыр, т.б.

Мұнда көбіне ойын түрінде өтудің мұғалім үшін де көп пайдасы бар, мұғалім:

1) күнделікті барлық сабаққа үлкен даярлықпен келеді;

2) сол жолда ізденеді, ізденіс үстінде көптеген жаңа материалдарға кезігіп, өзінің даму көкжиегін кеңейтеді;

3) оқушы мен мұғалімнің арасында өте жақсы ынтымақтастық орнайды;

4) оқушы даму психологиясын, әр баланың сабаққа қатысуын, ынтасын да бақылай алады.

Қазақ тілін оқыту барысында туған тілінің қыр-сырын, табиғатын таныта отырып, ертең өмірден орнын таба алатын өзіне сенімді, нағыз ұлтжанды, парасатты ұрпақ тәрбиелеу үшін педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен пайдаланып, тәжірибені байыта түсу – бүгінгі таңның басты мәселесі.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Халперн Дайана. Сыни тұрғыдан ойлаудың психологиясы. - Санкт-Петербург, 2002.
2. Айтмамбетова Б.Р. Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері. – Алма-Ата, 1985.
3. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы студентті дамыту құралы ретінде. - Алматы, 2002.
4. Жұмабаев М. Педагогика. – Алма-Ата, 1992.

## ЕЛ БОЛАШАҒЫ – НАМЫСТЫ ҰРПАҚТЫҢ ҚОЛЫНДА

**Оралбаева Айнур Батырханқызы**
ТО ДСБ ОФО ШЖҚ МКК орта мектебінің тарих пәні мұғалімі

***Резюме***

*В данной статье рассматриваются проблемы формирования патриотического сознания у учащихся.*

***Summary***

*This article discusses the problems of forming patriotic consciousness among students.*

Тәуелсіз еліміздің туын бик ұстап, өркениеті дамыған алдыңғы қатарлы елдермен қатар тұру үшін, солармен иық тіресе өмір сүру үшін қазіргі жастарымыздың бойында намыс пен абырой, инабаттылық, имандылық және салауаттылық қасиеттерді тәрбиелеу қажет. Ол үшін күнделікті оқу-тәрбие жұмысы барысында сапалы білім берумен қатар ұлттық сана-сезімді, салт-дәстүрлерімізді терең сіңіруіміз керек.

Әр дәуірдің тарихи кезеңдерінде Отансүйгіштікке тәрбиелеудің өзіндік мүдделері болады. Ол ең алдымен, «ұлтжандылық», «отансүйгіштік», «патриотизм», ұғымдары сол заманның ақиқаты - наным - сенімінен туындайды. Еліміз егемендік алғаннан бері жас ұрпақ тәрбиесінің темірқазығы - қазақстандық патриотизм болды.

Қазақстанның отаншылдық сезімін тәрбиелеу білім берудің мектепке дейінгі жүйесінен жоғары оқу орындарына дейінгі орталықтарда, барлық ұйымдарда көкейкесті болып табылады. Балаларды Отанды, туған жерді, өзінің халқын сүюге тәрбиелеу – мұғалімнің аса маңызды, жауапты да қадірменді парызы.

Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру қоғамның орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуына, мемлекеттің тәуелсіздігі мен қауіпсіздігін нығайтуға ұмтылып отырған біздің еліміз үшін өте қажет [2]. «Қазақстан Республикасының жастарына үздіксіз тәлім-тәрбие беру тұжырымдамасында» тәрбиенің негізгі мақсаты дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, иманды, ақылды, парасатты, рухани ойлау дәрежесі бик, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, талғамы жоғары және бойында тағы да басқа ізгі қасиеттері бар азаматты тәрбиелеу деп белгіленген. Қазақ халқы, яғни біздің ата-бабаларымыз сегіз қырлы, бір сырлы, жетілген адамды тәрбиелеу деп санаған. Тәрбиенің негізгі міндеттерінің ішінде патриоттық тәрбие ерекше орын алады. Қазіргі заманға жігер керек, талапты болу керек, ал ең керегі – ұлттық санасы қалыптасқан, ұлттық намысы, ұлттық рухы жоғары, ұлтының тарихи-мәдени құндылықтарын бағалайтын саналы ұрпақ тәрбиелеу керек.

Біз ата дәстүріне сүйене отырып, халқымыздың өркениетті елдер қатарына жетуін армандаймыз. Қазіргі кезеңде «Жаңа қазақстандық патриотизм» ұғымына зор мән берілуде. Көп

ұлтты Қазақстан халқының отансүйгіштік сезімін қалыптастыратын – азаматтық келісім, ұлттық бірлік. Егемен еліміздің тәуелсіздігін сақтау ұлттық келісім, ішкі үндесім барша халқымыздың ынтымағы мен өзара жарасымдылығында. Туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі тамаша киелі орындар – жалпы ұлттық құндылықтар ешкімді де бейтарап қалдыра алмайды. Олар сөзсіз адам жүрегінде жылулық, жақындық, туыстық сезімдерді ұялатып жатады. Бір сөзбен айтқанда, патриотизм қасиетті ұғым. Қазақстандық патриотизмге келсек, ол тек қазақтардың ғана өз Отанына деген сүйіспеншілігі емес, онда мекендейтін бүкіл ұлт пен ұлыс өкілдерінің бәріне қатысты дүние. Бұл ұғымның мағынасы терең, ауқымы кең. Өз Отанын адамның өзі тануы тиіс. Оны жете біліп, қадір – қасиетін ұққанда, тарихын, өткен жолын, қиындықтарын, рухын, тар жол, тайғақ кешулерін көз алдынан өткізіп, жанымен сезе білгенде оған деген мақтаныш сезімі оянады.

Жаңа қазақстандық патриотизм – ұлт рухының айнасы, өлшемі. Елбасымыз азаматтардың отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамытуды ұлттық қауіпсіздікті сақтаудың негізгі элементтерінің бірі ретінде таниды.

Соңғы уақыттарда басылым беттерінде «патриоттық тәрбие», «азаматтық тәрбие» ұғымдары қатар қолданылып келеді. Біздің көзқарасымызша, «азаматтық тәрбие» мен «патриоттық тәрбие» ұғымдары бірін-бірі толықтыратын тәрізді. Патриоттық тәрбие ұрпақтар сабақтастығының жалғасуына ықпал тигізуде де үлкен мәнге ие. Мұның, біріншi кезекте, жеке тұлғаның әлеуметтенуіне тигізер ықпалы мол. Патриоттық тәрбиенің жүйелілік сипатына келер болсақ, ол ең алдымен, тәрбие мен патриоттық сана-сезімнің жүйесі арқылы айқындалады. Патриоттық тәрбие қоғамдық-саяси қызметтің күрделі, салыстырмалы дербес жүйелерінің барлық белгілеріне ие болады. Біріншіден, ол өзара байланысты құндылықтардың белгілі бір құрылымын иеленеді. Екіншіден, патриоттық тәрбие жүйесіне оның міндеттерінен көрінетін өзіндік белсенділік тән. Үшіншіден, патриоттық тәрбие дегеніміз – өзіне тән басқару тетігі, субъектісі мен объектісі, басшылық құралдары мен әдістері бар, өзін-өзі басқаратын жүйе. Төртіншіден, патриоттық тәрбие дегеніміз – уақыт пен кеңістікте дамып отыратын жүйе. Бесіншіден, патриоттық тәрбие жүйесі оқшау емес, әлеуметтік тұрғыдан алғанда да, табиғи жағынан келгенде де басқа жүйелермен тығыз байланыста өмір сүреді.

Патриоттық тәрбие басқа қоғамдық жүйелермен тығыз байланыста болады. Оның жүзеге асуына макроорта мен микроортаның әсері мол. Яғни, патриоттық тәрбие оқшау өмір сүре алмайды. Ол күрделі, салыстырмалы түрде алғанда дербес, біртұтас, өзін-өзі басқарып отыратын, белсенді де дамушы жүйе болып табылады.

Сондықтан да ұлттық тәрбие – ел болашағының діңгегі десек те болады.

Қазақ халқының ғасырлар тұңғиығынан бері тарихымен біте қайнасып келе жатқан ұрпақ тәрбиелеудегі тәжірибелері бізге сол рухани мәдениет, этикалық, эстетикалық құндылықтарын құрайтын ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, әдеби, музыкалық, кәсіби, тұрмыстық фольклорлар мазмұны арқылы жетіп отыр. Әр адам өзінің ұлттық тамырын, әдет-ғұрпын, мәдениетін түсіне алады. Өз халқына деген сүйіспеншілігі, өзінің туған жеріне өз халқы өмір сүретін ортаға деген сезіммен ұласып жату керек.

Елдің туын көтеріп, тәуелсіздік талаптарын орындау ісіне батыл бет бұрыс жасаған бүгінгі таңда адамзатттық игіліктерді, халқымыздың ғасырлар бойы армандаған мәдени-рухани мұрағаттары мен ұлттық тәлім-тәрбие саласындағы, білім жүйесіндегі ізденістерін көрсету арқылы жастардың бойында ұлттық сананы қалыптастыру басты міндетіміз болып қала бермек.

Отаншылық, Отансүйгіштік, Патриотизм – адамның Отанына, туған еліне, оның тіліне, салт-дәстүрі мен мәдениетіне деген сүйіспеншілік сезімі. Көшпелі қазақ өркениетінде Отаншылдық ең қасиетті міндеттердің бірі саналды. Ежелгі түркі қағандығы кезінде тасқа жазылған Күлтегін ескерткішінде ел билеушілерінің Отаншылдық үлгісі көрініс тапқан. Төле, Қазыбек, Әйтеке билер, Ақтамберді, Бұқар жыраулар және XX ғасырдың басындағы А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейхан, Ж.Аймауытов, С.Торайғыров, М.Жұмабаев, т.б. ұлт зиялылары мен қайраткерлері Отаншылдықты сөзбен ғана емес, іспен де көрсете білген. Әйтеке би «Өмірім халықтікі, өлімім ғана өзімдікі» деп халыққа қызмет етудің, Отаншылдықтың айнасы бола білді.

Халық батыры Бауыржан Момышұлы: «Біздің тарихымыз батырға бай тарих, халқымыз батырлықты биік дәріптеп, азаматтықтың символы, үлгісі санаған. Батырлық деген, ерлік деген ұрпақтан – ұрпаққа ата дәстүр болып қала бермек. Өткенін білмеген, тәлім-тәрбие, ғибрат алмаған халықтың ұрпағы – тұл, келешегі – тұрлаусыз. Біздің қазақ халқы - батыр халық»,- деген екен.

Мемлекет пен азаматтың мақсаттары барлық бағыттар бойынша сәйкес келуі тиіс. Адам болашағына сенімді болуы керек, сонда ғана толыққанды мемлекет құруға болады. Мемлекетте

азаматтардың дамуы үшін, жеке және кәсіби тұрғыда өсуге жағдайлар жасалып, мүмкіндіктер ашылған жағдайда ғана сенім пайда болады. Мемлекет осыны түсініп, халықпен біріге жұмыс істеуі тиіс.

Нарықтық заманда біз бұл мәселеге прагматикалық тұрғыдан қарауымыз қажет. Президент өз сөзінде: «Егер мемлекет әр азаматтың өмір сапасына, қауіпсіздігіне, тең мүмкіндіктеріне және болашағына кепілдік беретін болса, біз елімізді сүйеміз, онымен мақтанамыз. Осындай тәсіл ғана патриотизмді және оны тәрбиелеу мәселесіне прагматикалық және шынайы көзқарасты оятады.

Елімізде жүзден аса ұлт пен ұлт өкілдері мекендейді. Олардың татулығы мен тұтастығын, ынтымақта өмір сүруін қамтамасыз ете алғанымыз жөн. Бүгінде тәуелсіз елге тән барлық құндылықтарымыз бар. Сол құндылықтарға сай патриотизмнің де бар екені анық. Мысалы, Қазақстанның Лондон Олимпиадасында үлкен жетістікке жетіп, мерейі үстем болғаны халқымызды біріктіре түсті, патриотизмді арттырды. Мұндай жетістікке біз еліміздегі ынтымақтастықтың арқасында жетіп отырмыз. Осы қасиетіміз бен құндылығымызды дамыту өз қолымызда.

Егеменді дамудың 30 жылында барша қазақстандықтарды біріктіретін, ел болашағының іргетасын қалаған басты құндылықтар жасалды. Олар көктен түскен жоқ. Бұл құндылықтар – уақыт сынынан өткен қазақстандық жол тәжірибесі.

Біріншіден, бұл – Қазақстанның тәуелсіздігі және Нұр-Сұлтан.

Екіншіден, бұл – қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім.

Үшіншіден, бұл – зайырлы қоғам және жоғары руханият.

Төртіншіден, бұл – индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім.

Бесіншіден, бұл – Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы.

Алтыншыдан, бұл – тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы.

Жетіншіден, бұл – еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы.

Осы құндылықтар арқасында біз әрдайым жеңіске жеттік, елімізді нығайттық, ұлы жетістіктерімізді еселедік. Жаңа Қазақстандық патриотизмнің идеялық негізі осы мемлект құраушы, жалпы ұлттық құндылықтарда жатыр.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Тоғысбаев Б., Сужикова А. Тарихи тұлғалар. — Алматы, «Алматыкітап» баспасы, 2005. — 368 бет.
2. Ханкелді Әбжанов, Зардыхан Қинаятұлы, Дихан Қамзабекұлы, Гүлшат Нұрымбетова, Абдулкадыр Ювалы.Түркі әлемінің көшбасшылары: өткені мен бүгіні. I кітап. Ұжымдық монография. — Астана, «Сарыарқа» баспасы, 2011. — 456 бет.

## МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТЕМПЕРАМЕНТ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН АНЫҚТАУ

**Назарбаева Гаухар Калыбаевна**
Шымкент қаласы, ТО ДСБ ОФО ШЖҚ МКК педагог-психолог

***Резюме***

*Данная работа всесторонный раскрывает и анализирует психологические особенности темперамента учащихся.*

***Summary***

*This comprehensive work indicates and analyzes the psychological characteristics of the temperament of students.*

Табиғатта екі бірдей адамды, жеке тұлғаны кездестіру қиын. Әрбір адамның жеке тұлға ретінде даралық ерекшеліктері қайталанбайды. Адамдар бір-біріне ұқсас болып келуі мүмкін. Адамдардың даралық – психологиялық ерекшеліктері әртүрлі болады.

Осындай тұрақты және адамға туғаннан берілетін психологиялық қасиеттер темпераменттің қасиеті болып табылады. Демек, темпераменттің қасиеттеріне ең алдымен туа біткен және даралық-

өзіндік психикалық қасиеттер жатады. Тіпті ерте кезден бастап, темпераменттің төрт түрін кездестіре аламыз: сангвиникалық, флегматикалық, холерикалық және меланхоликалық.

Темперамент жөніндегі ғылымның ірге тасын қалаған ежелгі грек дәрігері – Гиппократ (б.э.д. 460-356). Оның тұжырымы бойынша, адамдар төрт «дене шырындарының» - қан, шырыш, өт, запыран - өзара қатынасымен ажыратылады. Осы психологиялық тағылымды арқау ете отырып, ежелгі дүние дәрігері Клавдий Гален алғашқы рет темперамент түрлеріне ғылымдық сипат берді. Гален темперамент түрін жоғарыда аталған шырындырдың бірінің басымдылығымен байланыстырды.

Ол біздің заманымызға дейін жеткен темперамент атауларын белгіледі: сангвиник (sangius – қан), флегматик (phlegma – шырыш), холерик (chole - өт), меланхолик (melaschole – запыран). Гален ендірген бұл ғажайып жаңалық кейінгі жүзжылдықтар желісінде көптеген ғалымдар ізденісіне күшті ықпалын тигізді.

*Кіші оқушылар темпераменті.*

Егер сіз кіші оқушыларды қадағалайтын болсаңыз, олар сабақта да, үзілісте де, ойын үстінде де, еңбек, дене шынықтыру сабақтарында да олардың активтілігі және эмоциялары әртүрлі болады. Кейбіреуі тым қозғалғыш, сабақта өте белсенді, өзгерістерді елемей тез араласып кетеді және олардың эмоциялары өте айқын, ұстамсыз түрде көрінеді. Ал, екінші біреуі, байсалды, баяу жұмыс істейді, сөйлегені созылыңқы және бірқалыпты, эмоциялары мүлде көрінбейді деуге болады. Бұндай балалар өз жетістігі мен кемшіліктеріне мән бермейді. Ал, енді кейбіреулері, еті тірі, сөзшең, өмірге риза, бірақ бейқам, қозғалғыш, сезімге тез берілетін балалар. Тұйық, ұялшақ, ақырын сөйлейтін, ренжігіш оқушылар да өздеріне назар аудартпай қоймайды. Бұл айтылған әртүрлі темперамент белгілері төрт оқушы типін көрсетеді: холериктер, флегматиктер, сангвиниктер, меланхоликтер. Темперамент қозғалғыштықты бейнелейді, ал қызығушылық пен көзқарасты бейнелемейді. Екі әртүрлі темперамент өкілдерін алайық, олардың жасаған іс- әрекеті де әртүрлі болады.

**Мектеп оқушыларының темперамент ерекшеліктерін зерттеу**

| ***Холерик*** | ***Меланхолик*** |
|---|---|
| Бір орында тұрақтамайды | Ұялшақ |
| Ұстамсыз, қызба | Күтпеген жағдайда абдырып қалады |
| Шыдамсыз | Бейтаныс адамдармен тіл табысуға қиналады |
| Адамдармен қарым-қатынаста тік | Өз күшіне сенбейді |
| Шешімге келгіш | Жалғыздыққа қиналмайды |
| Бірбеткей | Сәтсіздікке жиі әсерленеді |
| Айтыс-тартыста тапқыр | Өзімен-өзі болып кетеді |
| Жұмысты шалт істейді | Тез шаршайды |
| Тәуекелшіл | Әлсіз, жәй сөйлейді |
| Кек сақтамайды | Әңгімелескен адамның мінез-құлқына еріксіз көнеді |
| Қызба | Жылауға дейін барады |
| Бет бақтырмайды | Мақтауға, сынға көп көңіл бөледі |
| Кемшілікке төзбейді | Өзіне, ортаға жоғары талап қояды |
| Әңгіме кезінде сезімді бет-қимылымен, құблыспен жеткізеді | Күдікшіл, сенімсіздікке бейім |
| Шешім қабылдағыш, әрекет жасауға қабілетті | Тез ренжиді |
| Жаңалыққа жаны құмар | Тез өкпелейді |
| Шалт қимылдайды | Пікір алысуды қаламайды |
| Алға қойған мақсат жолында табанды | Белсенділік көрсетпейді |
| Көңіл-күйі тез өзгереді | Мойынсұнуға бейім |
| Сөзуар | Мүсіркеушілік, аяушылық күтеді |
| ***Сангвиник*** | ***Флегматик*** |
| Шат көңілді | Ұстамды, салқынқанды |
| Қуатты, іскер | Жұмыста ретті, табанды |
| Бастаған істі аяғына дейін жеткізбей тастай салады | Сақ, есепшіл |
| Өзін жоғары бағалайды | Күте алады |
| Жаңалықты тез қабылдайды | Тұйық |
| Қызығуы тұрақсыз | Асықпай сөйлеседі, бет құбылысы өзгермейді |

| | |
|---|---|
| Сәтсіздікке қайғырмайды | Ұстамды, шыдамды |
| Әр жағдайда тез көнеді | Бастаған істі аяғына дейін жеткізеді |
| Жаңа істі қызығушылықпен бастайды | Бекерге күш жұмсамайды |
| Істен жалықса тез суынады | Жоспарды орындауды қадағалайды |
| Бір істен екінші іске тез ауысады | Мақсатты берік ұстайды |
| Ыждахатты | Мақтауға, сынға көңіл бөлмейді |
| Жаңа адамдармен тез тіл табысады | Сынға, әжуаға мән бермейді |
| Еңбексүйгіш | Қарым-қатынаста тұрақты |
| Тез, қатты сөйлейді, бет қимылымен білдіреді | Ұқыпты |
| Күтпеген жағдайда ұстамды | Бір істен екіншіге тез ауысады |
| Үнемі жайдарлы | Бірқалыпты |
| Тез ұйықтап, тез тұрады | Жаңа іске асықпай кіріседі |
| Асығыс шешім қабылдайды | Жаңа жағдайға көндігуі қиын |
| Тайғанақтық көрсетуге бейім | Ешкімді әжуаламайды |

***Зерттеу нәтижесі:***

Сұраққа келісетін бола, + белгісін қояды, егер + белгісі 16-20 болса, онда ол адамға сол темпераменттік тип белгілері басым. Әр адамда барлық темпераменттік тип белгілері болады, қайсысы басым болса, сол типке жатады. Мысалы: Ернар – холерик 14, флегматик 12, сангвиник 16, меланхолик 8, сонда Дархан сангвиник типіне жатады.

**Оқушылар темпераментінің физиологиясы.**

*Ұстамсыз тип*

а/ холерик

ә/ жұмыс істеу қабілеті күшті, қозу мен тежелуі тен емес (қозуы басым)

*Ширақ тип*

а/ сангвик

ә/ қозу мен тежелу тең келіп, тең алмасып отырады

*Баяу тип*

а/ флегматик

ә/ қозу мен тежелу тең бірақ алмасуы сараң, баяу қозғалатын тип

*Әлсіз тип*

а/ меланхолик

ә/ қозу мен тежелу процестері баяу көрінеді

**Темпераменттердің психологиялық сипаттамасы.**

*Холерик темпераментіндегі адам*

а/ ұстамсыз, күйіп-пісуге ылғи дайын тұратын күйгелек адамдар

ә/ И.П.Павлов оларды жылдам, тез, әсерленгіш, жалын атып тұратын жауынгер тип деп атады.

*Сангвиник темпераментіндегі адам*

а/ қуатты, тұрлаушы, ширақ тип, ойнақы, еті тірі, бірақ тұрақсыз

ә/ жұмысқа қабілетті, беріліп істейді, тез тіл табыса алады, ақ көңіл, қызу істің адамы

б/ осал жері-іс жоқ кезде сылбыр күйге түседі, енді бірде жеңіл мінезділікке салынады.

*Флегматик темпераментіндегі адам*

а/ салмақты, сабырлы келеді

ә/ кез-келген нәрсеге сезім білдіре бермейді, асықпай баппен жүріп-тұрады

б/ осал жері-қимыл қозғалысы баяу, өмірдегі жағдайларға селсоқ қарайтындығы, оңтайлығын жоқтығы.

*Меланхолик темпераментіндегі адам*

а/ нашар жағы-тұйық, ойға шолуға бейім, орынсыз ибалылық

ә/ өте сезімтал, оған әсер етпейтін нәрсе жоқ, өзге адамдармен онша көп жұғыспайды, тиісті жерінде айтатының айта салады.

*Сангвиник темпераменті басым оқушының ерекшеліктері*

а/ ашық, көпшіл, сөзшең, қайырымды, қысылмайды, оптимист, көңілді, басшылыққа құштар

ә/ қызыққыш, бәрін білгісі келеді, ақыл-ойы белсенді, мұғалім сөзін тез ұғады, сұрақ қоюға жаны құмар, сөйлегенде ым-ишарасы басым

б/ өмірге икемді, тәрбиелеуге оңтайлы, ширақ темперамент

*Флегматик темпераменті басым оқушының ерекшеліктері*
а/ өте сақ, ұян, байсалды, жұртқа жақсылық тілейтін, сенімді, тұрақты, бір қалыпты.
ә/ сабақта тыныш отырады, жанындағы баланы мазаламайды, ауыр мінезді, көрсе қызар емес, салқынқанды.
б/ дауыс екпіні баяу келеді, асып-саспайды, мәселені тез шешуге асықпайды, оқу дағдыларын игеруге икемді.

*Холерик темпераменті басым оқушының ерекшеліктері*
а/ бұл ұшып-қонып тұратын, күйгелек, тынымсыз, шамданғыш, көңіл-күйі жиі өзгеретін, қарым-қатынаста аумалы-төкпелі бала
ә/ қимыл-қозғалысы шапшаң, батыл, қызыққан ісіне әбден беріліп, барлық ынтасын салады, ой-әрекетіне белсенді
б/ мінезі сотқар, ашуы тез, ұнамсыз істерге әуес, сөзі жылдам, интонациясы толқымалы, кейде топта даусы қатты шығып кетеді.

*Меланхолик темпераменті басым оқушының ерекшеліктері*
а/ сәл нәрсеге ренжиді, өкпелегіш, пессимист, тұйық, сөзге сараң
ә/ жолдастарының арасында көзге түспей, жай ғана жүріп-тұрғанды ұнатады, "мен" деп ешқашан ұмтылмайды.
б/ ол сезімтал, мұғалім ескертуіне көпке дейін қайғырады, сәтсіздіктерде көз жасына ерік бере қояды, көңіл-күйі көбіне жабырқау.

**Оқу ісінде темпераменттерді тәрбиелеу.**

Әр мұғалім оқушының темпераментін білу керек.
Холерик кіші оқушыда ұстамсыздықты тежеуді жаттықтыру керек. Оған талап қойған кезде, жұмсақ және байыппен сөйлеу керек. Еңбек сабағында ұқыптылыққа тәрбиелеу қажет.
Меланхоликтерде белсенділікті арттыру керек. Оларды қоғамдық жұмысқа барынша кірістіру керек.
Флегматиктерде де сондай қасиеттерді қалыптастыру керек.
Ал сангвиниктерде тұрақтылықты орнату қажет.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Бизақова Ф. Психологиялық түзету – дамыту жұмысы – Тараз, 2013 – 424 бет.
2. Ф.Бизақова «Психологиялық тест» жинағы. Сенім. Тараз – 2012, 504 бет.
3. Сейталиев Қ. Жалпы психология: университтер мен педагогикалық институттардың педагогика мамандықтарына арналған оқу құралы. Екінші басылымы. – Алматы: "Білім", 2012. – 360 бет.

## БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

**Усипбаева Айгуль Тойжановна**
ТО ДСБ ОФО ШЖҚ МКК орта мектебінің биология және химия пәні мұғалімі

***Резюме***

*Данная работа посвящена к повышению эффективности обучения биологии в школе, путем использование инновационных методов и технологий преподавания.*

***Summary***

*This work is devoted to increasing the effectiveness of teaching biology at school through the use of innovative teaching methods and technologies.*

Қазіргі біздің заманымыз – Қазақстанның көркеюі үшін оқушылардың таланты мен қабілетін ашып, оларды оқыту барысында дамыту өте маңызды. Қазіргі кезде жаңа технологияны меңгеруде ұстаздар үшін өзекті мәселе бұл – жан-жақты дамыған, тәрбиелі, білімді, шығармашыл, ізденімпаз, қоғамда өз орыны бар тұлға қалыптастыру.

Қай елдін болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру-бүгінгі күннің басты талабы. Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы - заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Осыған

байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр.

Жаратылыстану пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ –ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу. Жаңа білім беру бағдарламасы сыни тұрғыдан ойлауға, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) үйретеді. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. Оған оқу мақсаттарын зерделей отыра тапсырмаларды қысқа мерзімді сабақ жоспары барысында көз жеткіздік.

Биология пәнінің берілу кіріктірілген білім беру бағдарламасында өзгеше. Бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым жетілдіруге бағытталған. Бұл төрт дағды оқу жоспарында «Шиыршық әдісімен» орналастырылған және бір –бірімен тығыз байланысты. Яғни, жыл бойына бірнеше рет қайталанып отырады және сынып өскен сайын тілдік мақсат та күрделене түседі.

«Биология» және «Жаратылыстану» пәндері бойынша оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттары оқушылардан өздерінің дағдыларды үйренуі туралы ой-пікірлерін білдіріп, оны талдай және бағамдай білуді талап етеді. «Биология» және «Жаратылыстану» пәндері  бойынша критериалды бағалау және оқытуды жоспарлау» тарауында қарастырылатын бағалау тәсілдері де маңызды болып табылады. Сонымен қатар, педагогиканың түрлі аспектілері, атап айтқанда, оқушыға бағдарланған әдіс-тәсілдер, проблемаларды шешу,  рефлексиялық оқу және бірлескен оқу тәсілдері қарастырылады.

Оқыту әдістерінің барлық аспектілері сындарлы оқыту теориясымен үйлеседі. Сындарлы оқыту тәсілдері білім берудің «дәстүрлі» әдістерімен салыстырғанда, оқыту кезінде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді (Hattie, 2011). Сындарлы оқыту тәсілдері оқушылардың оқуды алдыңғы білімдерімен ұштастыра отырып, жаңа білім алуын көздейтін тұжырымдамаға негізделген. Бұл жерде ең маңыздысы: оқушылардың алдыңғы алған дағдылары жаңа дағдыларды меңгеруге үлкен ықпалын тигізеді, ал егер ол ескерілмесе, онда білім тереңге бармай, үстірт меңгерілген таяз білім болмақ. Мұндай үстірт білім оқушыға қазіргі әлемде жетістікке жету үшін қажетті сын тұрғысынан ойлау, рефлексия және басқа да дағдыларын, алған білімін қолдануына кері әсерін тигізеді. Оқушылар білімді толықтай меңгеру үшін ақпаратты енжар қабылдамай, сабаққа белсенді қатысуы керек. Оқушыларға алған білімдерімен жұмыс істеуге, оны әрі қарай өңдеп, өз дағдыларын арттыруға мүмкіндік беретін жаттығу орындауға мүмкіндік беру аса маңызды болып табылады.

Биологияны оқытуда педагогикалық тәсілдерді іске асыру үшін сабақта төмендегідей жұмыс түрлерін қолдану қажет:

- эксперименттік жұмыс;
- ойын / модельдеуді қолдану;
- биология мәселелері бойынша түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты таңдау (мысалы, генетикалық түрлендірілген өнімдердің әсері, адамды клондау, органдарды трансплантациялау), талдау жүргізу, алынған ақпаратты салыстыру және шынайы бағасын ұсыну;
- биология саласындағы түрлі мәселелерді зерттеуге бағдарланған эксперимент құрастыру және өткізу (мысалы, Қазақстанның экологиялық мәселелері);
- биологиялық үдерістер мен табиғи құбылыстарды ұғыну, түсіндіру және болжау үшін модельдеудің түрлі тәсілдерін қолдану.

Оқу үдерісінде мұғалімдер оқушыларға оқу жоспарында ұсынылатын тапсырмаларды орындай отырып, оқу мақсаттарына жетуге көмектесетін бірқатар педагогикалық тәсілдерді пайдаланғаны жөн.

Елдің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін мектеп табалдырығынан бастап-ақ білім мен ғылымды ықпалдастырып, ғылыми ойлау қабілетін дамыту қажет. Бұл үшін мектептегі зерттеушілік және инновациялық қызметтің ауқымын кеңейту керек. Биология мұғалімінің аса маңызды міндеті оқушының бойында қарапайым зерттеу жүргізу; табиғи биологиялық құбылыстардың, үдерістердің, заңдар мен заңдылықтардың мәнін түсіну үшін зерттеу жұмысын жүргізу үшін зияткерлік, шығармашылық қабілеті мен сын тұрғысынан ойлау дағдысын дамыту болып табылады.

Сәйкесінше, оқу оқушылардың ойлауын дамытуға септігін тигізуі үшін оларды біліммен қатар, ақыл-ой қызметінің тәсілдерімен қаруландыру қажет, яғни оларда ойлау операцияларын дамытып,

талдау, жинақтау, салыстыру, сәйкестендіру, ортақ, жеке және ерекше белгілерін анықтау, дерексіздендіру, жалпылау, қорытындылар жасай білуді қалыптастыру қажет.

Оқу үдерісінде оқушылардың бойында теориялықпен қатар, тәжірибелік ойлау дағдыларын қалыптастыру қажет. Мұғалімнің негізгі міндеті оқуды тәжірибелік дағдыларға, білімді қолдану, жеке жобаларын іске асыру қабілетіне бағдарлау болып табылады.Оқу үдерісінің тиімділігін арттыру көп жағдайда оқу үдерісінде оқушылардың танымдық белсенділігін дамытатын, оқу үдерісінің қарқынын арттыратын оқыту нысандары мен әдістерін пайдалануға байланысты. Жаратылыстану мен биологияны оқытуда оқытуды ұйымдастырудың төмендегідей түрлері кең тараған: сабақ, семинар, конференция, дәріс, практикум, экскурсия, факультативтік сабақтар және әңгіме, сұхбат,кітаппен жұмыс, бақылау, эксперимент, микроскоппен жұмыс, экрандық құралдарды қарау, тәжірибелік жұмыс сияқты әдістер. Сонымен қатар, оқыту әдістері модельдеу, ой үлгілерін құру, математикалық модельдеу деген әдістермен толықтыруға болады.

Биология/ жаратылыстану сабақтарын келесі түрлерге бөледі: жаңа материалды үйрену сабағы; білімді тәжірибеде қолдану сабағы; оқу материалын бекіту және қайталау сабағы; білімді бақылау және есепке алу сабағы; құрамдастырылған сабақ. Сабақтың түрін таңдау сабақтың дидактикалық мақсатына байланысты жүзеге асырылады. Жеке, жұптық, топтық және ұжымдық жұмыс сабақтың барлық түрлеріне ортақ нысан болып табылады.

Семинар сабақтарда оқушылар әртүрлі әдеби дереккөздерді пысықтап, алдын ала құрастырылған жоспармен дайындалады. Сабақта олардың қандай да бір сұрақтың мәнін айтып беру ғана емес, сонымен қатар оның әртүрлі мақалаларда баяндалуын салыстыруға, өз пікірлері мен көзқарастарын білдіруге мүмкіндігі бар. Бұл оқушылардың зияткерлік әлеуетін дамытуға, әдебиет көздерімен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға жәрдемдеседі. Оқу үдерісінде мұғалім сырттан бақылаушы адам емес, ол әртүрлі жолдармен және тәсілдермен олардың оқу-танымдық қызметін ұйымдастырады. Тәжірибеде биологияны оқытудың әртүрлі әдістері қалыптасқан, оларды неғұрлым маңызды ортақ белгілері бойынша топтастыруға болады: білім алу көзі, мұғалім іс- әрекетінің сипаты, оқу үдерісіндегі оқушылардың іс-әрекеттерінің сипаты. Оқушылардың
танымдық іс-әрекеттерінің сипатына, оқудағы олардың дербестік деңгейіне байланысты әрбір әдісті түсіндіруші-көрнекілік, ізденістік, зерттеушілік тұрғыдан пайдалануға болады. Биологияны негізгі мектеп сыныптарында оқытқан кезде түсіндіруші-көрнекі және ізденістік тәсілдер жиі қолданылады, себебі оқушылардың жас ерекшеліктері, олардың дайындық деңгейі мұғалімнің араласуын, көбірек уақыт бөлуді талап етеді. Сыныптан тыс жұмыста зерттеу тәжірибелері мен бақылау анағұрлым көбірек қолданылады. Әдістердің тиімділігі мұғалімнің оларды әдістемелік тәсілдермен байыта білуіне байланысты. Әңгімелеу, сұхбаттасу барысында табиғи объектілерді, суреттемелерді, сызбаларды, жүйелеуші және жинақтаушы кестелерді епті пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, негізгі материалды игеруге жағдай жасайды. Әдістемелік тәсілдердің көмегімен әдістер құнарлана түседі, олардың тиімділігі артады. Әдістемелік тәсілдер әдістермен тығыз байланыста сипатталады.

Биологияны оқыту үдерісінде әдіс таңдаған кезде оқу материалының мазмұнын және шешілуге тиісті нақты оқу-тәрбие міндеттерін, биология кабинетінің оқу жабдығымен жабдықталуын, үлестірмелі материалдың болуын, оқушылардың жас ерекшеліктерін, олардың дайындық деңгейін ескеру қажет.

Негізгі мектепте биологияны оқыған кезде бастапқы кезде әңгіме уақыт жағынан қысқа ғана, материалдың шағын бөлігін қамтиды. Біртіндеп оқушылардың білім қоры артқан сайын, ол уақыт ұзара бермек. Әдетте әңгіме басқа әдістермен бірге қолданылады (бейнефильм, таныстырылым, тәжірибе нәтижелерін көрсету, бақылау және басқалары). Әрбір сабақта дерлік әңгіме барысында түрлі көрнекілік құралдары қолданылады. Әңгіме барысында оқушылардың алатын білімі үзік-жұлық, шашыраңқы болмағаны маңызды. Баланың алатын білімі біртұтас сипатта болуы үшін әңгіме барысында жаңа сұрақтар алдыңғылармен қисынды түрде байланыса отырып, жаңа ұғымдарға негіз болуын үнемі бақылау қажет. Мысалы, «Су мен минералды заттардың ағаш сабағымен жылжуы» тақырыбын зерделеген кезде заттардың сабақ бойымен жылжуы туралы материалды өсімдіктерде болатын көктемгі шырын қозғалысымен, шырынды жинаймын деп сабақты зақымдаудың өсімдік ағзасына зиянды әсер ететінімен байланыстыруға болады. Осы мақсатта мына сұрақтар бойынша әңгіме ұйымдастырған орынды: ағаш пен бұталарда шырын қозғалысы қай мезгілде жүреді? Шырын сабақтың қай қабатынан ағады? Ағаш үшін шырын жинау зиянды ма? Шырын жинағаннан кейін ағаш шіріп кетпес үшін не істеу қажет?

Жаратылыстану мен биология бойынша оқу бағдарламалары оқытуда зертханалық тәжірибемен қатар, демонстрациялық тәжірибелерді де қолдануға бағдарлайды. Оның үстіне, мектеп

эксперименті тірі табиғатты тану жолдарын іздеуді талап ететіндіктен, оқушыларды дәлдікке, ұқыптылыққа үйретеді, олардың ойлау қабілеттерін дамытады.
Зертханалық жұмыстар. Орта мектеп оқушыларының барлығы жасына, тұрғылықты жеріне қарамастан биология бойынша ғылыми эксперимент жүргізуді бірдей қажет ететінін ғалымдар әлде қайда дәлелдеген (Felder және Brent, 2004). Фридман (1997) оқушылардың биологияны оқуға уәжі оқушылардың қызығушылықтарына ғана байланысты емес, бұл сондай-ақ арасында зертханалық жұмыстар да кездесетін белгілі бір үйретуші жағдайлардың нәтижесінде болуы мүмкін екенін айтқан. Оқушыларды бұл тәсілді зерттеуге зертханалық жұмыстар жүргізу арқылы тартқан кезде, оларда білуге құмарлық, шығармашылық тәсіл, мәселелердің шешімін таба білу және табандылық сияқты сапалар, ғылым әлемінде өте маңызды болып табылатын сапалар дамиды.

Биология бойынша ғылыми тәжірибе орындаған кезде бұл жұмыстың әртүрлі кезеңдерінде *ақпараттық технологияларды* пайдалану мол мүмкіндік береді. Биология сабақтарында ғылыми тәжірибе жүргізген кезде көптеген өзекті ақпаратты табуға мүмкіндік беретіндіктен, жаңа технологиялық құрылғылардың маңызы зор (Choppin, 2004).

Заманауи компьютерлік бағдарламалар зертханалық жұмысты модельдеуге мүмкіндік береді. Көптеген дүниені оқушыларға түсінікті ету үшін олардың үлкен тәжірибелік мәні бар, себебі бағдарламалардың көмегімен оқушылар биологияны көру және есту арқылы игереді. Жаңа технологиялық ресурстарды пайдалану биология бойынша мектеп зертханаларындағы жағдайды өзгертуге көмектесіп қана қоймай, сонымен қатар оқушыларда проблеманы шешу қабілеті мен сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытуға; жаттығудың білімдік маңызын арттыруға; оқуға деген қызығушылығын арттыруға; бүкіл өмір бойы жаңа ақпаратты алу және пайдалану үшін қажетті дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Ақпараттық технологиялардың ерекшеліктерінің бірі – оқушыларды зерттеушілік баяндама жазуға, топта жұмыс істеуге және ғылыми этиканы игеруге үйретудің жаңа тәсілдерін ұсынатындығы. Биологияны электронды ресурстардың көмегімен оқитын оқушылар бұндай нұсқаулықты мұғалімдерден алған кездегіге қарағанда, тәжірибені аяқтауға азырақ уақыт жұмсайды (Ulerich және басқ, 1998).

Қай заманда болсын өзінің атқаратын қызметіне қарай, жеке қасиеттерінің көптүрлілігіне орай, өзіне міндеттелген талаптарға сай, оқытушы мамандығы басқа мамандықтарға қарағанда ең қиын және ең ізгілікті мамандық болып саналады. Себебі, мұғалімнің негізгі міндеті жер жүзіндегі ең құнды дүние — адамды кемелдендіру болып табылады. Оқушы жүрегінен орын алатын педагог рухани бай, зиялы және шығармашыл тұлға болуы қажет.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. «Биология» және «Жаратылыстану» пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы; «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016


## БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУДЫ ДАМЫТУ ТАНЫМДЫҚ ЖАЛПЫ ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ


**Тулегенова Бекзада Сайдихановна**
«Өрлеу» БАҰО» АҚ «Түркістан облысы және
Шымкент қаласы бойынша кәсіби даму институты» филиалы
«Жаратылыстану және гуманитралық пәндерді оқыту әдістемесі»
кафедрасының аға оқытушысы
**Матаева Роза Рамановна**
«Өрлеу» БАҰО» АҚ «Түркістан облысы және
Шымкент қаласы бойынша кәсіби даму институты» филиалы
Ақпараттық жүйелер және СММ тобының PR.SMM бас маманы



***Резюме***

*В статье раскрывается вопрос развития логического мышления на уроках математики в начальных классах. В нем обоснована идея проведения работы по формированию логического мышления у учащихся начальных классов. Большое внимание уделяется раскрытию содержания концепций: мышление, анализ, синтез, сравнение, систематизация, классификация, обобщение. Автор старается следить за процессом формирования этих понятий. Данное направление дополняется*

*рассмотрением информационных технологий. В начальных классах особое внимание уделяется использованию интерактивной доски на уроках математики. Особенности использования интерактивной доски: прямая и обратная проекции и различаются в зависимости от вида установки проектора.*

***Summary***

*The article reveals the problem of the development of logical thinking in mathematics lessons in elementary grades. It substantiates the idea that it is necessary to carry out work on the formation of logical thinking in primary school students. Much attention is paid to the disclosure of the content of concepts: thinking, analysis, synthesis, comparison, systematization, classification, generalization. The author tries to trace the process of formation of these concepts. This direction is complemented by the consideration of Information Technologies. In elementary grades, the emphasis is on the use of an interactive whiteboard in mathematics lessons. Features of using an interactive whiteboard: direct and reverse projection and projector installation differ by type.*

***Логика-бұл өнер болжанбайтын қорытындыға келу.***
***Сэмюэл Джонсон***

**Логика**-дұрыс ойлаудың заңдары мен формалары туралы ғылым. Ол белгілі бір мазмұннан алшақтай отырып, ойлау формаларын зерттейді, неден шыққанын анықтайды, сұраққа жауап іздейді: біз қалай ойлаймыз? Логиканың ғылым ретінде негізін қалаушы-ежелгі грек философы және ғалымы Аристотель. Ол алғаш рет логикалық қорытынды теориясын жасады.

"Логика" термині гректің "лотос" сөзінен шыққан, ол "ойлау", "ақыл"дегенді білдіреді.

Логикалық ойлауды дамытудағы математиканың рөлі өте зор. Математиканың ерекше рөлінің себебі-бұл мектепте оқитын барлық теориялық ғылым. Онда абстракцияның жоғары деңгейі бар және білімді ұсынудың ең табиғи тәсілі-абстрактіліден нақтыға көтерілу тәсілі.

Мен педагогикалық тәжірибені сипаттауда қолданған негізгі ұғымдар, терминдер.

**Ойлау**-объектілер арасындағы маңызды қасиеттерді, байланыстар мен қатынастарды жалпыланған және жанама түрде көрсету процесі.

**Жіктеудің әртүрлі негіздеріне сәйкес ойлаудың әртүрлі түрлерін ажыратуға болады:**

1 Көрнекі-тиімді;
2 Көрнекі-бейнелі;
3 Ауызша-логикалық.

**Көрнекі және тиімді ойлау** - сыртқы практикалық әрекеттер арқылы жүзеге асырылатын ойлау түрі.

**Көрнекі**-бейнелі ойлау-бұл идеялар мен бейнелерге сүйене отырып, ішкі жағынан жүзеге асырылатын ойлау түрі.

**Абстрактілі ойлау**-тікелей көрінбейтін ұғымдармен ойлау қабылдау мен түсініктерге тән (үлкен оқушылар мен ересектерді сипаттайды).

**Ауызша-**логикалық-ойлаудың белсенді жұмысымен байланысты және синтез және талдау, салыстыру, жіктеу, ұқсастық, жалпылау сияқты ойлау операцияларында көрініс табады. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттегі бұл ойлау операциялары әдетте логикалық ойлау әдістері немесе ақыл-ой әрекеттерінің әдістері деп аталады.

**Делдалдық-**заттар, құбылыстар, фактілер арасындағы маңызды байланыстар мен қатынастарды ашу. Бұл әрекет ақыл-ой операцияларының көмегімен жүзеге асырылады: салыстыру, талдау және синтез, абстракция, жалпылау және нақтылау.

**Репродуктивті белсенділік**-оқушының дайын ақпаратты алуымен, оны қабылдауымен, түсінуімен, есте сақтауымен, содан кейін көбейтуімен сипатталады. Мұндай қызметтің негізгі мақсаты-білімді, дағдыларды қалыптастыру, зейін мен есте сақтауды дамыту. (бұл оқушының дайын ақпаратты алу, түсіну, есте сақтау, көбейту әрекеті....)

**Интуитивті ойлау** шындықты ешқандай негіздемесіз, дәлелсіз және алдын–ала логикалық пайымдаусыз тікелей түсіну қабілетінде көрінеді.

**Логикалық әмбебап әрекеттерге мыналар жатады:**

- белгілерді (маңызды, маңызды емес)бөліп көрсету мақсатында объектілерді талдау;
- синтез-бөлшектердің тұтастығын құрастыру, оның ішінде жетіспейтін компоненттерді толтыра отырып, дербес аяқтау;
- объектілерді салыстыру, сериялау, жіктеу үшін негіздер мен өлшемдерді таңдау;
- ұғымға келтіру, салдарларды шығару;
- себеп-салдарлық байланыстарды орнату;

- пайымдаудың логикалық тізбегін құру;
- дәлел;
- гипотезаларды ұсыну және олардың негіздемесі.

Жоғарыда айтылғандардан бастауыш мектепте балалар логикалық әрекеттердің элементтерін (салыстыру, жіктеу, жалпылау және т.б.) игеруі керек. Сондықтан бастауыш сынып мұғалімінің алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі-балаларға қорытынды жасауға, өз пікірлерін негіздей отырып қорытынды жасауға, сайып келгенде, өз бетінше білім алуға және туындаған мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін ойлаудың барлық қасиеттері мен түрлерін дамыту.

**Жұмыстың практикалық маңыздылығы мынада:** материалдарды өз оқушыларының интеллектуалды дамуына мүдделі бастауыш сынып мұғалімдерінің, ең алдымен жас мамандардың тәжірибесінде қолдануға болады.

Бастауыш мектеп жасындағы баланың ойлауы дамудың бетбұрыс кезеңінде. Осы кезеңде осы жастағы негізгі болып табылатын көрнекі-бейнелі ойлаудан ауызша-логикалық, тұжырымдамалық ойлауға көшу жүзеге асырылады.

1-сыныптан бастап мен балалардың танымдық мүмкіндіктері мен қабілеттерін дамытуға бағытталған арнайы тапсырмалар мен тапсырмаларды енгіземін. Мен білімді жаңа жағдайларда қолдануды қажет ететін дамытушы сипаттағы қосымша тапсырмаларды, логикалық сипаттағы тапсырмаларды қолданамын.

**Оқу-бұл екі жақты процесс:** балалар жұмыс істейді, мұғалім жұмыс істейді; ол оқушыларды басқарады, олардың ақыл-ой әрекеттерін басқарады, ұйымдастырады және бағыттайды.

**Қорытынды**

Егер біз талдау, синтез, аналогия, жалпылау, жіктеу, икемділік және ойлаудың өзгергіштігі сияқты ақыл-ой әрекеттерінің әдістеріне негізделген интеллектуалды дағдыларды мақсатты түрде дамытқымыз келсе, онда мыналар анық: ақыл-ой әрекеттерінің логикалық әдістерін қалыптастыруға және дамытуға бағытталған арнайы құрылған әдіс қажет. Мұндай дағдылар тек математика саласына ғана емес, жалпы ойлауға және әсіресе тілге қатысты.

Оқушылардың ойлауын дамыту үшін көптеген ойындар, тапсырмалар мен жаттығулар ойлап табылды. Оларды мектеп пен ата-ана тәжірибесінде шебер қолдану жақсы нәтиже береді. Мұндағы ең бастысы-тілек пен бастама. Бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауының дамуы жоғары деңгеймен сипатталуы үшін мұғалімдер мен ата-аналар күш біріктіріп, балалардағы психикалық процестер мен логикалық ойлауды үнемі дамытуы керек.

Математика сабақтарында бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамытудың мен таңдаған формалары мен әдістері ойлау логикасының тәуелсіздігін дамыта алады деп санаймын, бұл балаларға қорытынды жасауға, дәлелдер келтіруге, бір-бірімен логикалық байланысты тұжырымдар жасауға, өз пайымдауларын негіздей отырып қорытынды жасауға, сайып келгенде, өз бетінше білім алуға мүмкіндік береді, сонымен қатар белсенді бұл білімді күнделікті өмірде қолданыңыз.

Сондықтан бастауыш сынып мұғалімінің математика сабақтарында логикалық ойлауды дамытудың осы формалары мен әдістерін қолдануы математиканы оқытудың қажетті элементі ғана емес, сонымен қатар қажет.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Белошистая А. В., Левитес В. В. логикалық ойлауды дамытуға арналған тапсырмалар 1 сынып. М.: "Дрофа", 2008
2. Белошистая А. В., Левитес В. В. логикалық ойлауды дамытуға арналған тапсырмалар 3 сынып. М.: "Дрофа", 2008
3. Лавриненко Т. А. балаларды мәселелерді шешуге қалай үйрету керек: бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған нұсқаулық. – Саратов: Лицей, 2000
4. Орлова Е. В., Гладин Н. В., ұрылар С. Г. Бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауын қалай тиімді дамыту керек.М.: "Білім үшін 5", 2008

# ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ

**Маханбетова Баянсулу Канаевна**
директордың бастауыш сыныптар бойынша оқу ісі жөніндегі орынбасары
О.Бапышев атындағы №8 жалпы білім беретін мектеп Мақтаарал ауданы, Түркістан облысы

***Резюме***

*В статье говорится о предпосылках реализации функциональной грамотности учащихся. Развитие функциональной грамотности школьников в рамках обновления содержания образования определено одной из приоритетных задач образования. Функциональная грамотность формируется на основе каждого школьного предмета.*

***Summary***

*The article deals with the prerequisites for the implementation of functional literacy of students. The development of functional literacy of schoolchildren within the framework of updating the content of education is one of the priority tasks of education. Functional literacy is formed on the basis of each school subject.*

Еңбек нарығына бәсекелестік заманында әрбір тұлғаның білім сапасын арттыру, алған білімін күнделікті өмірде қолдана білу қабілетін дамыту заманауи мектеп алдында тұрған өзекті мәселе болып отырғаны сөзсіз. Жаңа қоғам кеңістігінде жас ұрпаққа жаңаша білім беру жолында түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. XXI ғасыр ғылым мен білімнің қарыштап дамыған ғасыры деп аталатыны мәлім. Сондықтан қазіргі ұстаз шәкіртіне ғылым негіздерінен мәліметтер беріп қана қоймай, оны дүниежүзілік білім, ақпарат, қатаң бәсеке жағдайында өмір сүріп, жаңа дәуір жаңалықтарымен ақпараттандырып, қолдау көрсетуге тиісті. Бұл істе нәтижеге қол жеткізу үшін, мұғалімнің – қоғамдағы болып жатқан тез өзгеріп тұратын әлеуметтік-экономикалық, педагогикалық өзгерістерге тез төселгіш, жаңаша ойлау жүйесін меңгерген, жан-жақты білімдарлығы, тұтас дүниетанымы болуы қажет. Өз пәнінің шеңберінде қалып қойған мұғалім балаға білім, тәрбие берудегі биік мақсаттарға жете алмайтыны анық. Жас ұрпақты жан-жақты, терең білімді етіп қалыптастырудың бірден-бір жолы – оқушыға білімді терең игертудің тиімді әдіс-тәсілдерін іздестіру, шығармашыққа жетелеу. Бұл жағдайда мұғалімнің терең біліктілігі қажет. Қазіргі заман талабына сай ойшыл, ғылыми-әдістемелік біліммен терең қаруланған, педагогика мен психологияны жетік меңгерген шебер мұғалім қажет. Білім сапасы мұғалімдер қызметінің сапасы. Оқушыларға нені үйрету керек екенін мемлекеттік стандарттар, бағдарламалар белгілейді. Ал «қалай оқыту керек?» деген сұраққа жауапты тек мұғалімнің кәсіби даярлығынан, өз ісін жоспарлай, өзінің нақты мақсаттарын болжап, көре алуынан, баланың әрекетін ұйымдастыра алатын шеберлігінен іздеу керек. Білім беру жүйесін жаңғыртудың басты бағыты ретінде оқушылардың өзін дамытуы және қоғам өміріне пайдалы үлес қосуы үшін ақпаратты өздігінен алу, талдау, құрылымдау және тиімді пайдалануын көрсетуге болады. Қазақстан Республикасында оқушылардың оқу жетістігін сырттай бағалау аясында функционалдық сауаттылықтың мынадай түрлері: оқу сауаттылығы (қазақ тілі, орыс тілі); математикалық сауаттылық; жаратылыстану ғылыми сауаттылық (физика, химия, биология, география) бағаланатыны баршамызға мәлім.

Математикалық сауаттылық – әлемдегі математиканың рөлін айқындау және түсіне білу, математикалық тұжырымдарды дәлелді негіздей білу және қызығушылығы бар, ойлы азаматқа тән қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін математиканы қолдана білу қабілеттері. Функционалдық сауаттылық, кеңінен алғанда, тұлғаның мектепте алған білімі, білігі мен дағдысын адамзат қызметінің әртүрлі саласында, сонымен бірге тұлғааралық қатынастар мен әлеуметтік байланыстарда кездесетін тіршілік міндеттерін жан-жақты шеше білу қабілеті ретінде түсіндіріледі. Функционалдық сауаттылық, яғни «адамның өмірдің және іс-әрекеттің түрлі саласында қолданбалы білім негізінде қалыпты тіршілік міндеттерін шешу қабілеті» – осы процестің өзегі болып саналады. Білім мазмұнын жаңарту шеңберінде мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту білім берудің басым мақсаттарының бірі ретінде айқындалып отыр. Функционалдық сауаттылық әр мектеп пәнінің негізінде қалыптасады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту және оның қалыптасуын тексеру құралы шығармашылық сипаттағы тапсырмалар (зерттеу жұмыстарына бейімделген тапсырмалар; экономикалық, тарихи мазмұндағы тапсырмалар; тәжірибеге бағытталған тапсырмалар т.б.) болып табылады. Осыған орай, білім беру ұйымдарындағы оқыту процесі оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталуы тиіс. Пәндік талаптарды жеке пәндердің

құралдары арқылы жүзеге асыру мүмкін болса, білім берудің тұлғалық және метапәндік нәтиже талаптарын мектептің негізгі білім беру бағдарламасына енетін барлық оқу пәндері, курстары және модульдерінің бірлескен және келісілген әсері арқылы жүзеге асыруға болады. Функционалдық сауаттылық білім мазмұны жаңартылған мектептің өзекті мәселесі болып табылады және мектеп түлегінің өзгермелі жағдайда әлеуметтік икемділігі мен әрекетін жүзеге асыру қабілетінде пайда болатын оқушылардың сапалық кешенін дамытуды көздейді. • Білім философиясындағы негізгі құндылық – адам. • Білім парадигмасындағы пәндік –білімдік көзқарас, жеке-тұлғалық сипат алып отыр. • Білім стандарты жаппай міндетті білім, білік, дағдының орнына күтілетін нәтиже ретінде функционалдық сауаттылықты қойып отыр. Функционалдық сауаттылық негізінде білім мазмұны білімге бағытталған компонентімен ғана шектеліп қалмайды, өмірлік мәселелерді шешудегі тәжірибенің тұтастығына, білімнің әлеуметтік маңыздылығына баса көңіл аударылады. Функционалдық сауаттылық бірінші орынға оқушының ақпаратпен қамтамасыз етілуін емес, нақты болып жатқан құбылыстарды түсіндірудегі, танып білудегі, жаңа техника мен технологияларды меңгерудегі, адамдар арасындағы байланыста өз қылықтарын бағалаудағы, өмірдегі жанұя мүшесі, қоғам мүшесі, көрермен, қала т.б. әлеуметтік роліндегі, құқықтық нормадағы және әкімшілік құрылымдағы ситуацияларды шешудегі біліктілікті қояды. А.В. Хуторский, Джон Равен еңбектеріне сүйенетін болсақ, құзырлылық тәсіл алдынала ойластырылған ситуацияларға оқушыларды «кірістіру», «енгізу» арқылы шешіледі. Бұдан білім мазмұнын толық практикаға бағыттау керек деген ұғымды қалыптастыру емес, құзырлылық тәсіл ерекшелігі оның іргелілігін сақтай отырып, дайын білімді меңгертудің орнына, ол білімнің қандай жағдайда, қалай қалыптасқандығын оқушыға іздендіру, зерттеу жұмыстарын ұйымдастыра отырып білімді меңгерту болып табылады. Бұл орайда Джон Равен құзырлылық табиғаты индивидтің өздік дамуының, өзін-өзі ұйымдастыруының, қызметтік, тұлғалық тәжірибесін жинақтаудың салдары деген пайымдауына сүйене отырып, ең бастысы: білім беру аймақтарындағы құзырлылық деңгей белгілерін анықтау; қажетті және жеткілікті тапсырма – ситуациялар жинағын айқындау; қиын ситуациялардан шығудағы оқушы қызметін ұйымдастырудың технологиясын ойластыру керек деген тұжырымға тоқталуға болады.

Қорыта айтқанда, ұлы ағартушы А.Байтұрсынов «Бала оқытуды жақсы білейін деген адам әуелі балаларға үйрететін нәрселерін өзі жақсы білуі керек» деген тұжырымында шығармашыл мұғалім шығармашыл шәкірт дайындайтынын нақтылайды. Сондықтан білім мазмұны жаңартылған мектептің ұстазы өскелең заман талабына сәйкес шығармашылыққа бейім, зерттеу жұмысы тәсілдерін қолдана алатын маман болғаны жөн.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Байтажикова, К.А. Материалы августовской конференции/ К.А. Байтажикова. Научно-практический центр «Дарын» МОН РК – / 10-12 августа, 2012 // Электронный ресурс. – Режим доступа: http://daryn.kz.

2. 2018-2019 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы. Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2018.

3. Ғылыми жаратылыстану циклы пәндері бойынша жобалық тапсырмалар. Астана 2015, Ы.Алтынсарин ат.Ұлттық білім академиясы.

4. Крупник, С.А. Функциональная грамотность / С.А. Крупник, В.В. Мацкевич. – М.: Педагогика, 2010.

# БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

**Султанова Роза Амалбековна**
Түркістан облысы, Арыс қаласы «Адами әлеуетті дамыту бөлімінің
С. Адамбеков атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ
бастауыш сынып мұғалімі

***Резюме***

*В данной статье рассматриваются пути формирования патриотических чувств младших школьников*

***Summary***

*The article is shown the ways of forming the patriotic feelings of younger students.*

Отаннына деген сүйіспеншілікті қалыптастыру мәселесі – бүгінгі күннің білім беру жүйесі алдында тұрған маңызды міндеттерінің бірі.

Отан дегеніміз – халық. Халық дегеніміз – адам. Адамды сүю – оған жақсылық жасау. Ендеше отаншылдық – сонау ерте заманнан қалыптасып келе жатқан қасиетті сезім. Халықтық құндылықтарға сүйене отырып, елдікке, ерлікке, азаматтыққа тәрбиелеудегі өлең - жырлар, мақал – мәтелдердің әсері ұтымды болатындығы туралы танымал педагогтарымыз айтып та, жазып та жүр.

Патриотизм мәселесі қай халықтың болмасын басты тәрбие бағдары болады. Патриоттық сезімді тәрбиелеуде түрлі құралдар пайдаланылады. Патриоттық сезімдер құралдарына:

5. Ұлттық құндылықтары – жер, ел, тіл жатады.
6. Ұлттық нышандары - Ел таңба, Ту, Әнұран.
7. Ұлттық мәдениеті – сөз, бейнелеу, саз, дене тәрбие және т.б.
8. Қазақ зиялыларының өнегелі іс - әрекеттері мен сөздері.

Халқымыздың отан сүйгіштік, патриоттық туралы, ұлттық мұрасының даму тарихына үгілетін болсақ, XY – XYIII ғасырлардағы Асан Қайғы бастаған, Ақтамберді, Доспамбет, Шалкиіз, Бұхар, Махамбет т.б. ақын – жыраулардың поэзияларындағы тәлімгерлік ой пікірлерінен көреміз.

Жас ұрпақтың оның ішінде төменгі сынып оқушыларының төл мәдениетінен нәр алуы ұлттық фольклорымен тығыз байланысты. Қазақ халқының өте әрідегі ата – бабаларының өмір сүрген кезінен (YI ғасыр, Түрік қағанаты) бастау алып, күні бүгінге дейін кәдесіне жарап келе жатқан рухани мұраның бірі – халықтық педагогика. Халық педагогикасының басты мәселелерінің бірі – ұлттық үрдістер тұтастығын сақтай отырып азаматтық, адамгершілік, патриотизмге тәрбиелеу болды. Қазақ халқының тәлімдік мәні зор ой – толғаныстары бесік жырымен батырлық эпостарда, ертегілер мен аңыздарда, шешендік сөздер мен айтыс - термелерде, жұмбақ - жаңылтпаштар мен мақал – мәтелдерде көптеп кездеседі. Мұндағы ұрпақ тәрбиесінің негізгі түйіні – адамгершілік – имандылық, ақыл – ой, еңбек, эстетика, дене, патриоттық тәрбиесіне байланысты мәселелерге келіп тіреледі. Қазақ халқы бала тәрбиесімен арнайы айналысатын қоғамдық орындар (балалар бақшасы т.б.) ашпаса да, өз ұрпағын бесікте жатқан кезіннен бастап - ақ өлең – жыр мен әңгіме, ертегі, тақпақ тәрізді мәтіндік ұлағаттармен санамақ, жаңылтпаш сияқты ойындар арқылы тәрбиелеп отырған. Ауыз әдебиетінің басқа түрлеріне қарағанда, мақал – мәтелдердің өзіне тән ерекшеліктері мен өзгешеліктері бар. Ол адам өмірінде, тұрмыс – тіршілікте, қоғамдық жайларда кездесетін әр түрлі құбылыстарға, тарихи мәні бар оқиғаларға берілген даналық баға, тұжырымды түйін есебінде қолданылады.

Отансүйгіштікке тәрбиелейтін мақал – мәтелдердің алатын орны өз алдына бір төбе. Мақал – мәтел ойды қысқа да ұтымды жеткізетін, өмір тәжірибесін қолдана айтатын сөздер. Онда ел, жер, халық, Отан жайында айтылған өнегелі сөздер өте көп. Мысалы, «Өз елім өрен төсегім», «Ел – жұрты бардың жұтамы жоқ», «Туған жердің күні де, күлі де ыстық», «Туған жер – тұғырың, туған ел - қыдырың», т.б. мән мағынасына зер салатын болсақ, ешқандай дәлелдеуді қажет етпейтін, жас ұрпақтың отансүйгіштік, патриоттық сезімін жетілдіру үшін қажетті қағидалар, бұлардың тәрбиелік мәнін түсіндіре отырып, бала тәрбиесінде кең пайдаланылды. Өзінің мақалдарында туған жер, ел – отанды аса жоғары бағалап ардақтаған халық енді оларды қорғау әрбір ер – азаматтың басты борышы деп біледі. Ел талап, ойран салуды көздеген шапқыншы жау болса, оған қарсы аттану, қасықтай қаны қалғанша, ақтық демі біткенше алысу, сөйтіп дұшпаннан Отанды қорғап қалу халқын сүйген әрбір ер жігіттің азаматтық борышы болатындығын көрсетеді. «Жат елдің жақсысы болғанша, өз еліңнің сақшысы бол», «Елін сүйген ер болар» деген мақалдар осының айғағы. Халық мақалдары ел қорғау, басқыншы жауды талқандап жену жолында ерлік

жасаған, қара қылды қақ жарған, қиядан тартып жол салған, жау қамалын қиратқан, табан тірескен айқастарда тайсалып тартынбаған жігіттерді ардақтайды, абыройлы атақ пен даңққа бөлейді. Олардың халық сүйсінген ерлік істерін кейінгі ұрпаққа үлгі етеді.

Қазақ ауыз әдебиетінен орын алған және ерте заманнан бастап бүгінгі күнге дейін даму, өсу үстінде келе жатқан жанрлардың бірі – жұмбақтар.

Жұмбақ - өскелең ұрпаққа білім берерлік, тәрбиелік мәні бар құралдардың бірі. Мақал адамның логикалық ойын дамытса, жұмбақ, жаңылтпаш жас баланың тілін жетілдіріп, табиғат өмір жағдайындағы түсінігі мен қиялдау қабілетін дамытады. Жұмбақ ең алдымен жас бөбектерге үйретілген. Оның өзі көбіне ұйқасқан өлең түрінде айтылатын болған. Алдында айтылған мақал – мәтелдер тәрізді жұмбақтар да балаларды ерлікке отаншылдыққа, патриотыққа үндейтін маңызды құралдардың бірі. Өйткені көптеген жұмбақтардың астарында батырлық ел қорғаған ерлердің бойындағы бес қарулы жасырын түрінде айтылады. Мысалы: Белі қайқы, жоны тайқы. (қылыш).

Сүмбелі теректі,
Қызыл желекті.
Ерден қалмайды,
Жауда керекті. (найза)

Негізі, жұмбақты сөз образының кілті есебінде тануға болады. Жұмбақ ақындықтың ұрығы – дәні тәрізді. Жұмбақтардың шешуін іздеймін деген баланы ойына және қиялына әсер етіп қана қоймайды, сонымен қатар қылыш, найза тәрізді ер қаруын қолға ылып, елін жаудан қорғауға деген құштарлықтар пайда болады.

Аңыз әңгімелерде елдің мұңын мұңдап, жоғын жоқтайтын қаһармандар өскелен буынға тәрбиелі де ізгі ықпалын тигізеді. Мысалы, көпшілікке мәлім, ұлы даланың абыз жырауы атанған Асан Қайғы туралы айтсақ артық болмас. Асан Қайғының халқы уайым - қайғыны білмейтін, жан – жануары жылына екі мәрте балалайтын жазы самал, қысы шуақты Жерұйықты іздеуі баяндалады. Желмаяға мініп тынымсыз сапар шегетін, Алтай мен Атырау арасындағы жер – судың қадір – қасиетіне қарай сипаттама беретін дала даңышпаны қартайған шағында жарғақ құлағы жастыққа тимей жүрсе, ол халқы үшін жасаған қызметі.

Сол үшін де халқы да оны қадірлеген, оны кейінгі ұрпағына Асан Қайғының отаншылдығын, үлгі етіп ұсынған. Асан Қайғыдай ел ұлы болуға үндеген. Жалғыз Асан Қайғы емес, сонымен бірге Жиренше шешен туралы айтылған аңыз әңгімелерді де патриотизм туралы айтылған. Айталық, ұзақ мерзім бойы әз – Жәнібек ханның ақ ордасында болып, өзінің ұядай қосына анда – санда бір оралатын Жиреншенің екі тізесі сыртқа шығып жататын баспанасы жайлы «қайран менің өз үйім, кең сарайдай боз үйім» деп айтатын қанатты сөзінде патриоттық ой жатыр. Өйткені, ел деген ұғым осы шағын қостан басталатынын, туған жерге деген сүйіспеншілік осындай түсініктен нәр алатынын қиыр жайлап, шет қонып жүрген көшпелі жақсы білген. Сондықтан, оны ұрпақығына өнегелі жол деп көрсетті.

Ертегілерге бай елдердің бірі – қазақ халқы. Қазақ халқының ой – қиялының жемісі болып саналатын ертегілер балалардың патриоттық тәрбиесінде аса маңызды рөл атқарады. Өйткені, ондағы патриотизм шығарма қаһармандарының туған еліне, кіндік қаны талған жеріне деген құмтарлығы ауыз әдебиеті нұсқауларының басқа жанрларына қарағанда ертегілерде анық байқалады. Мәселен, «Ер Төстік» ертегісіндегі оқиғалар бас кейіпкер өзінің елден ауып кеткен ағаларын іздеп тауып әкелуі, өз басына, еліне қауіп төндірген перінің қызы Бекторы мен Жалмауыз кемпірден құтылып, кек алуы жалаң батырлық емес, ізгі пейілді азаматтығын да байқатады. Халық ертегілері өткенді ғана баяндаумен шектелмейді, болашақ, келешек туралы қатты ойланады. Қазақ ертегілерінің басым бөлігінде ерлік, батырлықпен қатар үлкен адамгершілік, қайырымдылық ақыл, тапқырлық, мейірімділік пен парасат мадақталып, өскелең ұрпаққа – үлгі ретінде ұсыналады.

Отаншылдық, ел – жұртын сүю, азаматтық борышын атқаруға болатын халықтық рухани құндылықтың бірі – ар – намыс. Бұл – борышты атқаруға итермелейтін әлеуметтік күш. Осы тұрғыдан алғанда ар – намыс қазақ халқының бойына туа біткен ұлттық әлеуметтік - психологиялық ерекшелік болмысы және ол азаматтық елін, жерін, тілін сүюге отандық ойлау жүйесінің негізі болмақ. Сондықтан баланың жасынан ар – намысын қалыптастыру үшін халықтық ертегілердің, ер – азамат бейнесін сомдап, үлгі етіп, мақтанышын, ерлігін мадақтап тәрбиелеудің маңызы зор.

Қазақ ауыз әдебиетінің ертеден кем жатқан күрделі саласының бірі – батырлар жыры. Бұл жырлардың көпшілігі халықтың Отанды сүю, басқыншы жаудан елді қорғау, халық үшін емес

ерлік еңбек ету идеясынан туған. Дәстүрлі қазақ эпосы – ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығының айқын айғағы ретінде бүгінгі күні де халықтың жадында сақталып, ғасырдан – ғасырға, ұрпақтан – ұрпаққа асыл мұра болып жетіп отыр. Батырлар жыры бір ғасырдың ғана жемісі емес. Ол халықтың ертедегі тұрмыс – тіршілігіне, тарихына, қоғамдық өміріне байланысты туып, солармен бірге жасасқан. Елін, жерін қорғаған батырларды мадақтап жырға қосу арқылы халық жас ұрпақты ерлікке, өрлікке, мәрттілікке, ұлтжандылыққа үйретуге тырысқан. Мысалы, «Қамбар батыр» жыры ересектермен қатар, кіші сынып оқушыларының қабілетіне сай шығарма. Қамбар батырдың ерлік істері, халқына сіңірген еңбегі балаларды қажырлы өжет іске бастайды.

Ұлттық ойындардың да балаға тигізетін пайдасын халық ертеден – ақ білген. Бәйге аттың озып келуі баланың батылдық пен өжеттілікке, шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелейді. Жастайыннан ат құлағында ойнайтын қазақ баласы үшін бәйге ертеңгі әскери мектептің бір сынағы іспеттес. Қазақтың баласы жасы жетіге келгенде атқа мінгізіп үзеңгіні ұстатуы, ел болуға, өз ісіне жауапты болуға меңзегені де жақсы дәстүр. Бұл жерде баланың жетіге келгенде мектепке баруы да, оң – солын, танудағы алғашқы қадамы да кездейсоқтық емес.

Бастауыш сынып оқушыларының ұстаздары балаларды алғашқы боп Отанмен, қоршаған ортамен таныстыратындарын ұмытпаулары тиіс. Патриоттық сезімге тәрбиелеудің жолдары әр түрлі болады, ең бастысы оқушыларда Қазақстан Республикасының азаматығына деген, ең керемет сезімді қалыптастыру.

Қорытындылай келе ұрпақ тәрбиесімен айналысатын әрбір оқытушы өз тәрбие жұмысының негізгі мақсатын от жүрегі Отан деп соғатын жастар тәрбиелеу деп алса, ұлт болашағына, ел тыныштығына сеніммен қарауға болады.

**Әдебиеттер:**

1. Байділдина К. Патриоттық тәрбие бастауы. – Бастауыш мектеп. 1986, №9.
2. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасының және оқыту әдістемесі. – Алматы, 2004.
3. Патриоттық тәрбие беруде ауыз әдебиетінің атқаратын рөлі – Бастауыш мектеп. 2005. №8.

## МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ҚОЛӨНЕРДІ ҮЙРЕТУДІҢ БАСТЫ МІНДЕТТЕРІ

**Байтурсынов Болат Кулахметович**
«М. Жұмабаев атындағы №15 мектеп лицей» КММ технология пәні мұғалімі

***Резюме***

*В данной статье рассматриваются обучение школьников рукоделнему мастерству на уроках технологии*

***Summary***

*This article discusses the training of schoolchildren in needlework skills in technology lessons.*

Оқушыларға қолөнерді үйретудегі оқытуға дайындау әдістемесі арқылы мектеп оқушыларының көркемдік білім алуына эстетикалық тәрбиесінде ұтымдылығын зерттеу жұмыстары мынадай міндеттерді анықтауға мүмкіндік туғызды:

1. Мектеп оқушыларын өнер пәнін оқытуға дайындау әдістемесі арқылы көркемдік білім беруді ұйымдастыру үшін көркемдік білім беру үрдісінен, қолөнердегі оқу мен тәрбие жұмыстарын жоспарлау, ұйымдастыру және оны талдау туралы білімдерді меңгерту қажеттігін өрсетті. Мектеп оқушыларын қолөнер пәнін оқытуға дайындау әдістемесі оқушыларды арнайы әдістемелік білім мен іскерліктерін менгерту дайындығынан өткізу қажеттілігі;

2. Курс мазмұны мектеп оқушыларын қолөнерге үйретуге дайындау әдістемесі, оны оқытудағы теориялық және практикалық тұрғыдағы басты бағыттары, көркемдік білім берудің тарихы, өнер тарихын мектепте оқытудың мақсаттары мен міндеттері және осы заманғы педагогикалық талаптар, өнер шығармаларын қабылдаудың өнертанымдық негіздері, өнерді оқытудың әдістемелік негіздерін ұйымдастыру әдістері болып негізгі төрт бағытты қамтитынын көрсетті.

Мектеп оқушыларына қолөнер бұйымдарын дайындау оқу үдерісін мақсатты түрде ұйымдастыру, өз бетінше жұмыс жасай алатын шебер дайындау міндетіне бағындыру, үйрету ісінде оқушыларға өзін-өзі бақылай алу және өз жұмысын өзі ұйымдастыра алу деңгейін арттыратын белсенді білім беру мен тәрбиелеу формаларымен байытуды қажет етеді.

Қолөнерді оқыту әдістемесі педагогика ғылымының қазіргі кездегі көкейкесті мәселелерінің бірі ретінде, оның негізгі ұғымдары мен түсініктерінен құралады. Педагогикалық әдебиеттерде әдістеме белгілі-бір мақсат қойып орындалуы жоспарланған білім көздерін менгеру жолындағы оқушылардың іс-әрекеттерінің мазмұны, кезеңдері, формалары және олардың жеке әдістері түрінде түсіндіріледі. Оқушыларды әдістемелік іс әрекетке дайындаудың негізгі ұғымдары-әдістемелік тұрғыда оқыту, тәрбиелеу және жеке шығармашылық тұлға ретінде дамыту болып табылады. Оқушыларды қолөнерге дайындау әдістемесі-оқыту мазмұнын жоспарлау, оқыту үдерісін басқаруды жоспарлау, оқыту нәтижесін бақылау, оқыту әдістерін жобалау, білім беру жобасы, білім беру әдістерін классификациялау т.б. ұғымдарын біріктіреді.

Мектеп оқушыларын қолөнер бұйымдарын жасауды үйретуге дайындау әдістемесінде қажетті оқушының алғашқы әдістемелік білімдер жүйесі-өнер пәнін оқыту әдістемесі пәні арқылы оқытудың қазіргі жағдайына диагностика жасау әдістері, оны жоспарлау әдістері, ұйымдастыру әдістері және ұйымдастырылған іс шараларды талдау әдістері туралы білімдерімен айқындалады.

Сондай-ақ мектеп оқушыларының көркемдік білім алуына эстетикалық тәрбиесіне болашақ мұғалімдерді дайындау әдістемесінің ұтымдылығын зерттеу мынадай міндеттерді анықтауға мүмкіндік туғызды:

1.Мектеп оқушыларын қолөнерге үйретуге дайындау арқылы көркемдік білім беру үдерісін ұйымдастыру, қазақтың қолөнеріне оқу мен тәрбие жұмыстарын жоспарлау, ұйымдастыру және оны талдау туралы білімдерді меңгерту қажеттігі туындайды. Оқушылар арнайы әдістемелік білім мен іскерліктерін менгерту дайындығынан өткізу қажеттігі туындайды.

2.Оқушыларды сәндік қолөнерге оқытуға дайындаудағы шешуші фактор, болашақ мұғалімдерге арналған элективті курсты ұйымдастыру болып табылады. Факультативті курс мазмұны өнер пәнін мектепте оқыту әдістемесін оқытудағы теориялық және тәжірибелік тұрғыдағы басты бағыттары, көркемдік білім берудің тарихы, өнерді мектепте оқытудың мақсаттары мен міндеттері және осы заманғы дидактикалық талаптар, өнер шығармаларын қабылдаудың өнертанымдық негіздері мен өнерді оқытудың әдістемелік негіздері, ұйымдастыру әдістері болып негізгі төрт бағытты қамтитынын көрсетеді.

Мектеп оқушыларын «Технология» пәні арқылы қолөнерді оқытуға дайындау әдістемесі арқылы көркемдік білім беруге дайындаудың ұсынылған әдістемесі негізінен үш бағдарламаны бір жүйеге біріктірді:

1. «Қолөнер» атты жоғарғы сынып оқушыларына арналған элективті курс бағдарламасы;

2. «Қолөнер» атты оқушыларға арналған өздік жұмыс тапсырмасы;

3. «Қолөнер» атты оқушыларға арналған өнертанымдық негіздері мен көркемдік білім берудің педагогикалық іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыздандыратын бағдарламасы.

Жоғарғы сынып оқушыларын «Қолөнер» пәнін оқытуға дайындаудың дидактикалық шарттары мыналар;

- қолөнер пәнін мазмұндық түрде қамтамасыз ету;
- «Қолөнер тарихы мен теориясы»;
- «Қолөнерді оқыту әдістемесі» пәндерінің бағдарламасын жасау сол бойынша дәрістік, тәжірибелік сабақтар өткізу;
- «Педагогикалық іс тәжірибе» бағдарламаларына қосымшалар енгізу арқылы мектептегі қолөнер пәнінен сабақтар мен сабақтан тыс тәрбиелік іс шаралар ұйымдастыру;
- «Қолөнер пәнін оқыту әдістемесі» атты элективті курс бағдарламасын жасау және оның сабақтарын өткізудің әдістемесін қарастыру.

Мұғалімнің оқушыларды қолөнерге баулуға ұйымдастырушылық қамтамасыз ету жолдары:

- мұғалімнің нақтылы жасаған жұмыстары;
- өнер мұражайларына экскурсиялар ұйымдастыру;
- тренинг, тест тапсырмалары;
- өнер туралы пікір алысу, баяндама, нұсқау, кеңес беру, сауалнама, конференция, семинар, дебат;
- көрме жұмыстарын ұйымдастыру;
- әдістемелік қамтамасыз ету;
- оқу бағдарламалар, оқулықтар, көрнекілік құралдар, электрондық оқулықтар, дидактикалық материалдар, технологиялық карталар, фотосуреттер;
- оқытудың инновациялық технологиялары;
- оқушыларды материалдық қамтамасыз ету:
- кітапхана қоры; интерактивті тақта;

- бейне таспа түсірілімдері (видео);
- компьютерлік кластардың оқу материалдарымен жабдықталуы.

Жоғарғы сынып оқушыларын қолөнерге үйретуде - өзіне тиісті әрекетті орындауға қабілетті және дайын деп есептейтін тұлғаның субъективті жағдайы, хал-күйі деп тануға болады. Осылайша, оқушылардың қолөнер пәнін оқытуда, оларды шеберлікке дайындау үлгісін жасай келе, біз негіз ретінде үш құрамдаушыны алдық (мотивациялық, мазмұндық және іс-әрекеттік). Қолөнер саласындағы ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді талдау мен эксперименттік зерттеу нәтижелері оқушылардың қолөнердегі әдістемелік дайындығының құрылымдық моделін анықтауға септігін тигізеді. Қазақ қолөнерінің қандай түрінде де оюөрнектер пайдаланылады. Қолөнер бұйымдарынан жасалған заттар да олар өз орнын тауып жатады. Негізінен, қазақ символы көп қабатты. Ол басқа символдармен астасып, мағынасын байыта береді. Этнографтардың айтуынша, бұл жерде ұшбұрыштың және оған қиысатын барлық элементтердің мәні айрықша. Олардың түсіндіруінше, үшбұрыш магиясының мәні үш дүниені тұтастыра білуінде. Қазақтың дәстүрлі көзқарастары бойынша, үшбұрыш – су, жер, ауа – үш ғаламның белгісі болып саналатын балықты, оқты, құсты меңзейді. Егер де осы үшбұрыштың ішіне қошқар мүйіз өрнегі қиысса, ол отты бейнелейді. Жалпы қазақтардың ұғымында ою-өрнек ол барлық «кіріс» пен «шығысты», «жағал» мен «қиысуды» белгілейді.


**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы: Өнер,1987ж.
2. Қазақ энциклопедиясы. 10 том.
3. Әбиева Ф.Б. Мектептегі технология, №2 2009ж.
4. Жәнібеков Ө. Эхо... – Алматы: Өнер, 990 ж.
5. Әбдіғаппарова Ұ.М. Қазақтың ұлттық ою-өрнектері. – Алматы, 1999ж. 6. Үй тұрмыс энциклопедиясы. –Алматы, 1990ж.
7. Қазақ халқының салт – дәстүрлері. – Алматы, 2009ж.
8. Әбілова З. Этномәдениет. – Алматы, 1997 ж.


## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ


**Жуманова Салтанат Пернебековна**

Түркістан облысы, Арыс қаласы «Адами әлеуетті дамыту бөлімінің
С. Адамбеков атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ бастауыш сынып мұғалімі



***Резюме***

*В данной статье рассматриваются о примение различных методов обучения в образование детей начальных классов*

***Summary***

*This article discusses the use of various teaching methods in the education of primary school children*


Білім мен ақпарат үстемдік құрған қоғамда Білім беру жүйесі инновациялық экономиканың негізгі бөлігі болып табылады. Осы мәселе аясында «Балалар XXI ғасырда табысты болу үшін нені үйренуі керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген сияқты негізгі сауалдар туындайды. Бұл сауалдар жаңартылған білім беру бағдарламасымен және білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда қолданылатын педагогикалық тәсілдермен тығыз байланысты.

Білім беру бағдарламаларын жаңартудың басымдықтары рухани құндылық пен дағдыдан тұратындығын білеміз. Рухани құндылық: шығармашылық, жауапкершілік, қарым- қатынас жасай білу, өмір бойы оқуға дайын болу. Ал дағдыларға келетін болсақ, сын тұрғысынан ойлау, білімді шығармашылық тұрғыда қолдана білу, проблемаларды шешу,ғылыми зерттеу, жеке және топпен жұмыс істей білу қабілеті және АКТ саласындағы дағдылар. Ұстаз үшін ең маңызды мақсат - әр сабағын түсінікті, тартымды, тиімді өткізу. Оны жүзеге асырудың бір жолы - сабақты тиімді ұйымдастыруға, сабақ уақытын ұтымды пайдалануға, оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытуға, сыни ойлауға көп көмегін тигізетін әдіс-тәсілдерді қолдана білу. Ол үшін мұғалім қысқа мерзімді жоспар немесе сабақ жоспарын дайындау барысында оқушылардың жеке қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескере отырып, саралап оқыту тәсіліне ерекше назар аударғаны жөн.

Болашақтың бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп адамзат қоғамын алға апаратын күш тек

білімде ғана. Қай елдің болмасын өсіп өркендеуі, өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, дамыту бағытына байланысты. Қазіргі кезеңде егеменді елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алуда. Бұл педагогика тарихы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр, себебі, білім беру жүйесі өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарды, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды.

Бастауыш білім-үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы. Осыған сәйкес оқушыларға белгілі бір көлемдегі білім,білік-дағдыларын меңгертумен бірге, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту бүгінгі күннің басты талабы.Осы талап тұрғысынан алғанда,оқу- тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі әдіс-түрлері іздестіру мен жаңа технологияларды тиімді пайдаланудың маңызы ерекше.Білім әлеміндегі жаңғырған өзгерістер мұғалімнің ізденуіне қажеттілік тудырды. Өйткені қазіргі білім дәстүрлі білім төңірегінде емес, ауқымды білімді қажет етеді. Сондықтан білім беру аясында өзіме тиімді педогогикалық технологиялардың әдістерін іздестіріп, зерттеу жүргізе бастадым.

Өз іс-тәжірибемде алдыма қойған мақсатым – баланың қызығушылық қабілеттерін қалыптастырып, оның танымдық ойлау қабілеттерін дамытуға, өзіндік ой түйсігін қалыптастырып, қорытып айтуға, яғни өзін жеке тұлға ретінде сезініп, қалыптасуына жағдай туғызу. Оны іске асыру үшін оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру, оқушылардың оқудағы іс- әрекеті арқылы ойлау дағдыларын жетілдіру, өз бетінше білім алу үрдісінде бірлесе әрекет ету.тағы да айта кету керек, бұл қазіргі таңда, әрбір білім беруші ұстаздың басты мақсаты болып отыр. Мақсатқа жету оқушының өзі арқылы жүзеге асады. Мұғалім –

ұйымдастырушы, бағыт беруші болып қалады. Ұстаз үшін ең басты мәселе - оқыту әдісін дұрыс таңдау. Жаңа педагогикалық технологиялардың да мақсаты менің алдыма қойған мақсатыма көмек қолын созушы, демек, оқушының жеке тұлғалық күшін арттырып, шығармашылық ойынының дамуында басты рөл атқарады.

Жаңа технологияларды меңгеру мұғалімнің зияткерлік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматттық және де басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін - өзі дамытып, оқу - тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. «Өз еңбегін талдай білген адам ғана тәжірибелі ұстаз бола алады» деген В.Сухомлинскийдің сөзін оқытушының талмай ізденген еңбегінің нәтижесінде ғана көрінетіні белгілі. Қазіргі кезде білім мен техниканың даму деңгейі әрбір оқушыға сапалы және терең білім беруіне жағдай жасап отыр. Оқытушы баяндайды, әңгімелейді, түсіндіреді,ал оқушы тыңдайды,қабылдайды, ойлайды т.б, таным әрекетерін жасайды. «Жүз рет естігеннен, бір реткөрген артық» деген сөздерді ескере отырып,сабақтарымызда мүмкіншілігіне қарай инновациялық технологияны пайдаланып отырсақ оқытушының ұтары мол деп ойлаймын. Тек оларды тиімді, жүйелі түрде қолдану оқытушының шеберлігіне байланысты әр қилы жүзеге асырылуы мүмкін. Білім негізінен пән арқылы берілгендіктен, әр пәнді заман талабына сай өз деңгейінде игерту, қай кезде болмасын, ең маңызды мәселе болып келгені даусыз. Әрине терең білімде, материалдың игеруге қолайлығы да, оқулық деңгейімен шектелу де мүлде нәтижесіз болды деп айта алмаймын.Технология мен әдістеменің мақсаты бір – «қалай оқыту мәселелерін қарастырады».

Білім беруді ізгіліктендіре отырып, болашақ маманның өз іс-әрекетіне өзі жауап беріп, оған ұқыптылықпен қарап, өз ойын, білімі мен білігін жалтақтамай жүзеге асыруына мүмкіндік туғызу керек. Бүгінгі оқушы тек мұғалімнің айтқанын тыңдаушы ғана емес, ол пікір айтушы, өзінің талабын орындауға, қызығушылығын қанағаттандыруға, білімін кеңейтуге талпынатын субъект ретінде танылады. Бұл талап, тілектерді қанағаттандыру мұғалімнен үлкен дайындықты, терең білім мен ұстамдылықты талап етеді. Бастауыш білім жоғары сыныптарда алатын жүйелі білім салаларының бастамасы ғана емес, оның негізі. Олай болса, бұл мұғалім тұлғасының осы мәселелерді түсінетіндей, оны жүзеге асыратындай білімділігімен қатар педагогикалық ой-өрісінің болуын қажет етеді.

Бастауыш сыныпта оқылатын әрбір пән орта мектепте оқылатын бірнеше пәннің бастамасын негіздейді. Мәселен, бір ғана дүниетану пәні келешектегі жүйелі ғылым салаларының бастамасы. Жаңа жобада жаңа пәндерде қосылып отырғаныда түсінікті жәй. Олар: «Ғылымға кіріспе», «Әлемтану», «АКТ» пәндері және оқушылардың оқу жетістіктерін жаңаша критериалды бағалау жүйесі ұсынылып отыр. Елбасымыздың «әлем қарқынды өзгеруде және күн сайын бізге жаңа талаптар қойылуда, біз оларға теңбе-тең әрекет етуіміз керек, сондай-ақ алға ұмтылу үшін жұмыс істеу қажет»- деп атап өткені белгілі. Қазақтың ұлы ғұламасы әл-Фараби «Ұстаз жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарғанын жадында жақсы сақтайтын, бұлардың ешқайсысын ұмытпайтын, алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі, мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл жаны асқақ және ар - намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ, жұрттың бәріне

жақсылық пен ізгілік көрсетіп, қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек»- деп тегін айтпаған.

«Сабақ беру жай ғана шеберлік емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер» деп Ж.Аймауытов айтқандай бүгінгі оқыту жүйесінде әртүрлі жаңа технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп, нәтижелер беруде. Бұлар оқушының жеке қасиетін аша отырып, азамат етіп тәрбиелеумен қатар оқушының танымдық күшін қалыптастыру және білімін кеңейтуге, тереңдетуге жағдай жасайды.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


**1.** «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан Республикасының президенті елбасы ... Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму» атты жолдауы.

**2.** Мұғалімдерге арналған нұсқаулық 2016.


# ГРАММАТИКАНЫ ОҚЫТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГЗІДЕРІ


**Елемесова Лаззат Курмангазиевна**

Түркістан облысы, Түркістан қаласы,

Абай атындағы №31 жалпы білім беретін мектебінің

қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі



***Резюме***

*В данной статье описаны способы и методы формирования грамматических навыков у детей начальных классов.*

***Summary***

*This article describes methods and methods for forming grammar skills in primary school children.*


Грамматиканы оқып үйренуде тілдің сан қилы сырларына қанығамыз. Тілдің түрлі құбылыстары тіл ғылымының әр саласында қарастырылады. Мәселен, тілдегі сөздер, олардың барлығының жиынтығы — лексикология саласында, тілдің дыбыстық жүйесі фонетика саласында, сөздердің формалары морфология, ал сөз тіркестері мен сөйлем синтаксис саласында қарастырылады. Қазақ тілі методикасы қазақ тілін зерттейтін тіл ғылымы деректеріне сүйенеді. Сондықтан тілдің методикасы тіл ғылымымен, ғылыми грамматикамен өте тығыз байланысты.

Оқушылар бастауыш класта грамматика жөнінде қарапайым ғана мағлұматтар алады. Әрине бұл мағлұматтар ғылыми жағынан толық дәлелденген деректер.

Мектепке алғаш оқуға келген кезде балалар заттар мен құбылыстарды әлде де болса, тұтас күйінде қабылдайды, оларды талдап, ішкі заңдылықтарын, себептерін, байланыстарын ажырата қабылдауға әлі машықтанбағандықтан, объектіні қабылдау қиындау болып бара жатса, ол дереу екіншісіне ауыса қояды. Тіпті олар заттардың жеке бөліктерін және белгілерін тізбектеп айтып та береді, бірақ онда жүйе, мән жоқ, негізгі жағдайын айыра алмайды.

Мектепке келумен байланысты бастауыш класс оқушылары грамматиканы жүйелі түрде оқып үйренуге кіріседі, қазақ тілінің әдеби нормасымен таныса бастайды.

Бұл жұмыстарды ұйымдастыру барысында осы жастағы балалардың дүние таным ерекшеліктерін естен шығаруға болмайды. Мысалы, грамматикада берілетін түсініктер балалар ұғымына сай келе қоймайды. «Зат, сын, қимыл» т. б. с. с. сөздер олар үшін дерексіз (абстракты) болады да, ондай ұғымдарды әлсін-әлсін нақтылап түсіндіріп отыру арқылы ғана бірте-бірте меңгере бастайды. Немесе бастауыш класс оқушыларына «ұйықтау, қайғыру, ойлау» сияқты сөздерді етістіктер деп түсіндіру де оңайға түспейді.

Бастауыш класс балалары сөздердің тек нақты лексикалық мағынасын қабылдап үйреніп қалады да, грамматикалық мағынасын мүлде елемейді. Ал грамматикада сөздердің ең әуелі грамматикалық мағынасы ескеріледі.

Грамматикалық мағына грамматикалық формалар арқылы беріледі. Сөздің грамматикалық мағынасы мен грамматикалық формасы бір-бірімен тығыз байланыста, бірлікте болады. Мысалы, жақсылық, адамгершілік деген сөздер заттың сапасын, соған тән белгіні білдіреді. Грамматикалық жағынан алып талдағанда бұл сөздер дерексіз ұғымдарды білдіреді де, зат есімге жатады. Осы сияқты сөздердің өз мағынасы мен грамматикалық мағыналарының арасында кездесетін қайшылықтарды оқыту барысында жойып, бір-бірін нақтылай, саралап айқындай түсетіндей, әдіс-тәсілдер тауып

қолдану қажет. Мұндай әдіс-тәсілдерді және оны қандай жағдайларда, қалайша колдану жолдарын грамматиканың методикасы белгілейді. Мұнда грамматиканың методикасы психология ғылымының деректеріне сүйенеді.

Сонымен қатар бастауыш класс оқушылары жазу барысында өздері оқып үйренген ережелерін пайдалана білмейді, олар бір орфографиялық құбылысты екіншімен шатастырады. Психологтар бұл фактілерді зерттеу арқылы анықтай отырып, балаларды ақыл-ой әрекетін үйрету қажеттігі жөнінде мәселе кетеруде. Ақыл-ой әрекеті балаларға бір құбылыстан екінші құбылысты ажырата білуге және жалпылай білуге көмектеседі. Осыған орай, қазіргі кезде методика балаларға сауатты жазуды меңгерудің анағұрлым тиімді әдіс-тәсілдері мен жолдарын зерттеуде, яғни ережені білуден сол ережеге сай, баланың бойында дағды, шеберлік жасалатындай жаттығу жүйесін белгілеуді талап етіп отыр.

Грамматиканың методикасы тіл білімі және психология ғылымдарына сүйенумен қатар, педагогика ғылымының принциптерін басшылыққа алады. Совет дидактикасының негізгі принциптері бойынша оқу материалы оқушылардың ұғымына сай болуы керек.

Тілді жүйелі түрде оқуға енді ғана кірісе бастаған 6—9 жастағы бастауыш класс оқушыларының психологиялық ерекшеліктерін еске алсақ, бұларды тілге үйрету барысында нақтылау жақтарына көбірек көңіл аудару қажеттігі туады. Мұнда көрнекіліктің орасан зор пайда келтіретіні мәлім.

Дидактика талабының бірі оқытудың саналылығы, яғни оқушылардың сабаққа саналы түрде қарауы, материалды саналы меңгеруі болып табылады. Бұл үшін мұғалім балаларды қызықтырып, өзіне тартып, өз ойының барысын байқауға, бақылауға, салыстыруға, бірі мен екіншісінің арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табуға, қорытынды жасауға, жалпылауға үйретуі тиіс.

Оқытудың міндеті жаңа тақырыпты түсіндіруді қамтамасыз етіп қою ғана емес, сонымен қатар негізгі фактілерді, анықтамаларды, ережелерді балалардың есінде берік сақтап, тұрақтандыру дағдыларын қалыптастыру болып саналады. Егер оқушы тілдің қандай да болмасын бір құбылысына немесе жазу заңдылығына түсінбесе, онда ол сол мәселеге арналған анықтаманы не ережені (тіпті болмаса терминді) жаттап алуға мәжбүр болады. Түсінбей, ұғынбай, құр механикалық жаттап алған нәрсе есте ұзақ сақталмайды және оны практикада қолдана алмайды. Ендеше ол іске аспайтын құрғақ, пайдасы шамалы білім болып қалады.

Дидактика талабы тұрғысынан алғанда оқушыларға тіл үйретуде олардың зейін қою, ойлау, есте сақтау белсенділігін тудыратын методикалық әдіс-тәсілдердің тиімділігі көрсетіледі. Оқушы тек мұғалімнің айтқанын немесе оқулықтағы дайын материалды ғана меңгеріп қоймауы керек, сонымен қатар өз күшімен, өздігінен бақылау арқылы қорытынды ереже шығара алатындай, берілген тапсырмаларды өз бетімен орындайтындай болуға тиіс.

Дидактиканың күрделі бір шарты — мектептегі оқытудың жүйелілігі мен сабақтастығы. Заттармен құбылыстарды анық түсіну үшін оны басқа заттармен байланыстырып қарау керек, яғни бөліп алып қарамай, басқа заттар мен құбылыстардың системасында қарастырған жөн.

Бастауыш мектептердегі оқытудың жүйелілігі туралы айтқанда оқушылардың әр класта алған білімі келесі класқа дайындық болатындай, яғни оқуды онан әрі жалғастырудың берік негізі болатындай дәрежеге жетуі қажет. Сонда ғана балада алдыңғы класта берілген білім мен қалыптасқан дағды бұзылмай, жетіле беруіне мүмкіндік жасалады.

Оқыту тек білім беру ғана емес, сонымен бірге балаларды жан-жақты жетілдіру және тәрбиелеу, шеберлік және дағдымен қаруландыра түсу болып саналады.

Грамматика мен жазудың методикасында қазіргі кезде мектепте сабақ беріп жүрген озат мұғалімдердің шеберлікпен қолданған әдіс-тәсілдері де ескеріледі. Мектептерде үлгермеушілікке қарсы күрес барысында көптеген мұғалімдер тиімді методикалық жүйе жасады. Бірқатар мұғалімдер қазақ тілін үйрету саласында зерттеу жұмыстарын жүргізді. Міне, сондай жұмыс нәтижелері методиканы дамытуға косқан үлес болып табылады да, грамматика мен емле методикасын жоғары сатыға көтере түседі.

**Әдебиеттер тізімі:**


1. С.Рахметова "Қазақ тілін оқыту методикасы" . Алматы "Ана тілі" 1991 ж. 93-86 бет
2. Г.Ж. Тұрдалиева "Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту әдістемесі", "Фолиант" баспасы, Астана-2007 ж. 225-229 бет.

# ҚИЫН ӨМІРЛІК ЖАҒДАЙДАҒЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН АЛДЫН АЛУ ЖҰМЫСТАРЫ

**Ташметова Лолахан Еркиновна**
Түркістан облысы, Түркістан қаласы,
«Ш.Ниязов атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ әлеуметтік педагогі

***Резюме***
*В данной статье рассматриваются организация работы с детьми, находящимися в трудной жизненной ситуации.*
***Summary***
*This article discusses the organization of work with children in difficult life situations.*

Бейәлеуметтік мінез-құлық - дегеніміз ол қоғамдағы әлеуметтік мінез-құлық нормаларына қайшы келетін (ауытқитын) әрекеттердің жасалуы. Қазіргі кезде елдегі әлеуметтік қайшылықтардың асқынуы кәмелетке толмаған жасөспірімдердің арасында қылмыстық істерге баруына мүмкіндіктер туғызуда. Дөрекілік күйдегі бейресми жастар құрамдары саны өсуде, олардың өзгермелі теріс пиғылдары сана-сезімдері қаталдыққа, озбырлыққа, өтірікшілдікке, жеке басын ойлау бағдарламаларын мінездейді.

Мектеп жағдайында кейбір жасөспірімдердің талап – тілектерімен келіспеу, ой- пікірлерімен санаспау, жеке – дара ерекшеліктері мен бейім қабілеттерін ескермеулеріне байланысты олар тарапынан қарсылық туғызса, оларға ұсынылған идеялар мен мұраттардың күйреуі, табиғи түрде шиеленіске апарады. Біріншіден, рухани жағынан кейбір жасөспірімдердің азуы және соның нәтижесінде өзімшілдік қатынасқа мойын бұрып, оларды енжарлыққа, өзіне және басқаға немқұрайлықпен қарауға, арақ-шарап, темекі, наша тарту және уытты сұйық заттарды иіскеу, қылмыстық істер жасауға дағдылана бастайды. Екіншіден, жасөспірімге тән қасиет - өзіндік тәуелсіздік, дербестік, басқаға бағынышты болмау. Сол себептен, өзінің күш- қуатын, жеке басының мән – мағынасын түсінуге ұмтылыс жасайды. Оны ұғынуға мүмкіндіктерді мектептегі оқу – тәрбие мен еңбек процесіне қатыстарынан байқалады. Себебі, бейәлуметтік мінез – құлықты балалар типтік ерекшеліктеріне байланысты тіршілік қиыншылықтарына кезігіп, оны жеңіп шығуға ішкі жай – күйі жол таба алмай әлеуметтік – педагогикалық тұрғыдан қорғалынбайды. Содан бейәлуметтік мінез – құлықты бала ешкімге керегім жоқ деген сезімге беріліп кінәны үлкендерге қойып, айналасымен жанжалдасуға, ұрыс – төбелеске бейімделеді. Қажеттіліктің орнын толықтырудың жолы – бос уақытын мақсатсыз пайдалану, мектеп тәртібін ұстамау, заң нормаларын бұзу, қылмыстық істер жасау.

Менің пікірімше отбасы тәрбиесінің дұрыс ұйымдастырылмауы, яғни тұрмыстағы ұрыс – талас, дау жанжал, баланың табиғи психологиялық ерекшеліктерін ескермеу, ата – ананың біреуінің болмауы, т.б. жағдайлар себеп болады.

Қоғамдық ұйымдар мен жұртшылықпен жүргізілетін жұмыстың әсіресе, оқушылар тұратын микроаудандарда күрт төмендеуі. Қиын балалардың пайда болуына бірден – бір себепті болатын және жағымсыз жағдай туғызатын – отбасы тәрбиесі. Оның басшылары: баланың күнделікті жүріс – тұрыстарын қадағаламау; оның көзінше арақ – шарап ішу, дау – жанжал, ұрыс – керіс туғызу. Екіншіден, тәрбиенің көзі, баланы киіндіру, тамақтандыру, мұң – мұқтажын қамтамасыз етуі деп санаушылық. Жастайынан еңбектену әдет – дағдыларын қалыптастырмау, баланың жан дүниесіне көңіл аудармау, отбасындағы ажырау және жаңа адамның отбасы мүшесі болып кетуіне себеп болады. Мысалы: зерттеулердің қорытындысы дәлелденгендей тәртібі нашарлаған оқушылардың көбі ата аналардың моральға жат қылықтарымен өз балаларына теріс әсерлер жасаған. Баланың тәрбиесіне кері әсер ететін келеңсіз жағдайларда (ұрыс – керіс, дау – жанжал), бірін – бірі сыйлау сияқты қасиеттердің сезбейтіндігі аян.

Бейәлуметтік мінез-құлықты балалармен жұмыс істеудің негізгі шарттары:

1) Әрбір бейәлуметтік мінез-құлықты баланы жан – жақты зерттеп, мінез – құлықтарының бағыт – бағдарын айқындау, оның ішіндегі адамгершілік типтегі қасиетін іріктеп алу.

2) Әрбір оқушының адамгершілік сынды тәжірибелердің құра біліп, соның негізінде тәртіпті, айналасындағы өмірге көзқарасты, ұжымдық қарым – қатынас дағдыларын қалыптастыруды ұйымдастыру.

3) Әрбір жеке тұлғаның ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне және творчестволық талап – тілектеріне орай, қабілеті мен икемдектерін дамыту, қоғам жұмыстарына қатыстыру.

4) Кейбір бейәлуметтік мінез-құлықты оқушылардың оқу – тәрбие процесінде ұжымдық өмір

қарым – қатынастарында ұсқынсыз ауытқушылықтар болса, дер кезінде қол үшін беріп, одан сақтандыру, оны туғызатын әрекеттерді жою. Әңгімелесу: оқу – тәрбие процесінде ең қажетті құралы. Оқушының жеке басына түскен жағдай, оны ортаға салуға болмайтындай болса, онда мұғалім тәжірибелі педагог баламен жеке сырласу арқылы көздерін жеткізеді.

Бейәлуметтік мінез-құлықты балалармен тәрбие жұмыстарын жүргізу кезінде талапттар қойылуы қажет. Одан педагогикалық тәжірибелерге сүйене отырып, әрбір баланың бейім қабілетіне, мінез – құлқына сай онды шығармашылық қасиеттерін ұйымдастырып отыру қажет. Бейәлуметтік мінез-құлықты балалармен жұмыс істеудің тағы бір әдісі – олардың, көшемен, жолдастарымен жағымсыз байланыстарын үзу. Осы әдісті іс жүзіне асырудың бірнеше жолдары бар. Соның бірі тұрақты мектебін ауыстыру. Сондай – ақ ата – ана, мектеп инспекция қызметкерлерінің күшін біріктіре отырып, көшенің, жолдастарының теріс ықпалдарынан бөліп әкету қажет. Сонымен бірге бейәлуметтік мінез-құлықты баланы тәрбиелеуде моральдық тұрғыдан әсерлі әрекет ету. Қиын баланың әрбір теріс қылығын, істерін, тәртіпсіздігін т.б. оқушының арына тигізбей айыптаса, бұл істер өз нәтижесін береді.

Барлық айтылған сөздер дұрыс, бірақ олар толыққанды нәтиже бермейді деп ойлаймын, ең бастысы – бейәлуметтік мінез-құлықты баланың бағдарын, мақсаты мен міндетін қайта құру. Бұл әдістің құндылық мәні – оқушы қателігін түсіну, өзін - өзі тәрбиелеудің бағдарламасына колдау береді. Мектептегі нерв жүйесі нашарлаған бейәлуметтік мінез-құлықты балалармен тәрбие жұмысын жүргізу көптеген қиындықтар туғызады.

Психологиялық факторлар. Бұған баладағы психопатологиялар мен мінездегі кейбір қасиеттердің басым болуы т.б. жатады. Бұл ауытқушылықтар жүйелік-психикалық ауруларда, психопатияда, неврастенияда т.б. көрінеді. Оларға міндетті түрде әлеуметтік-медициналық реабилитация, сонымен қоса, арнайы ұйымдастырылған тәрбиелік жұмыстар жүргізу керек. Баланың әрбір даму сатысында, олардың психикалық қасиеттері, тұлғалық және мінездегі ерекшеліктері қалыптасып, дамып отырады. Бала даму барысында әлеуметтік ортаға бейімделуі немесе керісінше бейімделмей, жатсынып кетуі мүмкін. Егер, балаға ата-ананың жылуы, махаббаты, ықыласы жетіспесе, онда, ол ата-анасынан шеттеніп кетеді. Егер, балада адамгершілік құндылықтар қалыптаспаса, онда, ол пайдакүнемдік, қанағатсыздық, зорлаушылық, дөрекілік т.б. сияқты жағымсыз қасиеттерге бейім тұрады.

Әлеуметтік-педагогикалық факторлар. Олар мектептік, отбасылық, қоғамдық тәрбиедегі кемшіліктердің нәтижесінде, баланың оқудағы үлгермеушілігіне байланысты. Мұндай балалар көбінесе мектепке дайындығы жоқ, үйге берілген оқу тапсырмаларына және бағаларға парықсыз қарайтындар. Бұның бәрі баланың оқудағы бейімсіздігін көрсетеді. Оқушының оқудағы бейімсіздігінің (дезадаптация) қалыптасуы мынадай сатылардан өтеді:
Баланың психоәлеуметтік дамуындағы ауытқушылықтардың негізгі факторы - ата-ана.

Қорыта айтқанда, бейәлеуметтік мінез-құлықты балалармен тәрбиелік жұмыстарын жүргізуде римдік философ Сенеканың: «әрбір адам өмірінің тек кейбір жақтарын ойлап талдайды, бірақ ешкім жалпы өмір туралы ойланбайды» деген ой-пікіріне сүйене отырып, девиацияға коррекция жасаушы әрбір маман ұстаз, баланың тек кейбір мінездік кемшіліктерін түзетіп қана қоймай, оларды, қоғамдық өмірдің талаптарымен ұштасқан дұрыс қарым-қатынас жолына қайтып әкеліп, ары қарай қалыптаса дамуына, әлеуметтенуіне көмектесуі қажет. Бұл педагогикалық іс-әрекеттер мазмұны, қоғам өмірінде бекіген адамгершілік қадір-қасиеттер мәнімен, талаптарымен тікелей байланыстыра, адамдар арасындағы қарым-қатынастар (достық, жолдастық, туыстық, сүйіспеншілік, махаббат т.б.) нормаларымен ұштастырыла жүзеге асырылғанда, балалар бойында бейәлеуметтік мінез-құлықтың өріс алмауына және оларды мектеп қабырғасынан бастап әлеуметтендіруге мүмкіндік жасалады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Әтемова Қ.Т.Әлеуметтік педагогика. Оқулық. –А.,2012,-272б.
2. Айтбаева А.Әлеуметтік педагогика негіздері. Оқу құрал.-А.,2011.
3. Социально-педагогический словарь. /Под ред. Т.Н.Черняева, А.С.Иргалиев,

# ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРАЛАРДЫҢ АДАМГЕРШІЛІК ЖӘНЕ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ СИПАТЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

**Джусипбекова Кулзейна Усеновна**
Түркістан облысы, Түркістан қаласы,
«М.Пошанов атындағы №21 жалпы білім беретін мектеп» КММ
әлеуметтік педагогі

***Резюме***

*В данной статье рассматриваются обеспечение нравственного и демократического характера социально-педагогических мер.*

***Summary***

*This article discusses the provision of the moral and democratic nature of socio-pedagogical measures.*

Бүгінгі таңда ғасырлар қойнауында қалыптасқан ұлттық тәрбиені, озық өнегелі дәстүрлерді, адамгершілік асыл қасиеттерді жастар бойына қалыптастыруда, оны ұтымды пайдалану аса маңызды міндеттердің біріне айналып отырғаны даусыз.

Сондай-ақ, ұлттық мәдениеттің, әдебиеттің, тілдің, халықтық педагогиканың тағдыры мен болашағы да мектептегі жас ұрпақ тәрбиесіне байланысты. «Отбасы адамның өте маңызды, өте жауапты ісі, отбасы өмірді кемеліне келтіреді, отбасы бақыт әкеледі, бірақ әрбір отбасы, ең алдымен мемлекеттік маңызы бар зор іс болып табылады»,- деп анықтама берген А.С. Макаренко болатын. Яғни, отбасы – қоғамның маңызды буыны және өзінше бір кішігірім ұжым. Көп ұлтты мемлекетіміздің негізі осы шағын ұжымдардан қаланады. Осы жағынан кез келген отбасы өзін қоғамның бір бөлігі деп түсінеді. Тәрбиедегі басты бағыт делінген тәлім-тәрбие тұжырымдамасында: «Әрбір адам ең алдымен өз халқының перзенті, өз Отанының азаматы болу керек екенін, ұлттық болашағы тек өзіне байланысты болатынын есте ұстауға тиіс. Оның осындай тұжырымға тоқталуына ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер көмектеседі, солар арқылы ол жалпы азаматтық мәдениетке аяқ басып, өз халқының мәдени игілігін басқа халықтарға жақын да түсінікті ете алады. Сондықтан әрбір ұрпақ өз кезімен өткеннің тағдыры мен талаптарын, объективті факторлар ретінде ұсынып, сол арқылы ұрпақты өмірге даярлап, оларды жинақталған бай тәжірибе негізінде тәрбиелей отырып, өзінің ата-аналарының рухани мұрасын игере түсуі керек» екені айтылған.

Қазіргі кезеңдегі саяси, экономикалық жағдайдың тұрақсыздығы, тұрмыстағы күйзеліс, ұлтаралық қатынастардың шиеленісе түсуі, адамгершілік құндылықтардың құлдырауы, білімге, адал еңбекке деген ынтасының азаюы, отбасын құруға жауапкершілікпен белсенді қарамауы, зорлық-зомбылық пен қатыгездіктің бел алуы т.б. мәселелері жастар тәрбиесіне жаңаша карауды талап етіп отыр.

Халықтық педагогикада тәрбиенің сегіз түрі бар. Олар: дене, еңбек, ақыл-ой, адамгершілік, экономикалық, экологиялық, құқықтық, сұлулық тәрбиелері. Енді осы тәрбие түрлеріне қысқаша тоқталып кетейік.

Жеке адамды жан-жақты дамытуда дене тәрбиесінің рөлі ерекше. Дене тәрбиесінің мақсаты оқушының денесін дамытуға, денсаулығын нығайтуға, ағзасын шынықтыруға, күн тәртібін дұрыс ұйымдастыруға, салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Халық педагогикасында дене тәрбиесі адам дүниеге келген күннен бастап қолға алынады.

Халық еңбекті бүкіл тәрбие жүйесінің күретамыры деп қарастырған. Еңбекке асыл мұрат деңгейінде қарайды. Еңбек тәрбиесі деп оқушыны еңбекке сүйіспеншілікпен, еңбек адамдарына құрметпен қарауға, халық шаруашылығының салаларындағы еңбектің алуан түрлеріне баулу, еңбек іс-әрекетінің барысында олардың дағдысы мен іскерлігін қалыптастыруға, сөйтіп болашақта мамандық тандауға дайындау деп түсінеміз. Еңбекке тәрбиелеу, баулу және кәсіптік бағдар беру оқушылардың қоғамға пайдалы, өнімді еңбекке тікелей қатысуы оқуға деген саналы көзқарасты тәрбиелеудің, жеке адамды адамгершілік және зиялылық жағынан қалыптастырудың негізгі көзі болып табылады.

Адамгершілік тәрбиесі дегеніміз окушыларды қоғамның моральдық нормасын орындауға белсене қатыстыру, олардың бойына тәртіптілік пен мінез-құлық тәжірибесін қалыптастыру, Отанға, халқына, еңбекке және қоғамдық іс-әрекетке деген жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.

Акыл-ой тәрбиесі әр заманда жастарға білім берудің негізгі құралы болып келді. Ақыл-ой тәрбиесі – адам зиялылығының негізі. Сол арқылы оқушыны ойлау іс-әрекетінің басты шарты болып

табылатын білім қорымен қаруландыру, негізгі ойлау операцияларын меңгерту, білім, білік, дағдылар мен дүниетанымын қалыптастыру міндеттері шешіледі.

Тәрбиенің басқа салаларымен тығыз байланысты тәрбиенің түрі экономикалық тәрбие. «Экономикалық тәрбиенің негіздері» еңбек тәрбиесінде жатыр. Экономикалық тәрбиеде көзделетін мақсат – оқушыларды білімдер негіздерімен қаруландыру, қоғамның экономикалық саясатын ұғындыру, өндіріс, айырбас, бөлісу және тұтыну ауқымындағы негізгі экономикалық қатынастарды тәжірибеде меңгерту деп түсіну керек.

Экологиялық тәрбие дегеніміз – экологиялық нормалардың, ережелердің қажеттілігін жастардың мінез-құлқында тәрбиелеу және экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыру. Экологиялық тәрбие еңбек тәрбиесімен тығыз байланысты. Өйткені өндірістік іс-әрекеттің барысында адам өзін қоршаған ортаға тікелей әсер ете алады.

Сондай-ақ, адамның сұлулық сезімдері олардың өмірінде зор рөл атқарады. Әсемдікті көре, түсіне, жасай білу адамның рухани өмірін байытады. Сұлулықты танытудың негізгі құралдары әдебиет және өнер. Сұлулық тәрбиесінің мақсаты оқушыны көркемдік пен сұлулықты тани білуге, оған баға беруге, күнделікті өмірдегі адамның жеке басының эстетикасын, қатынас эстетикасын, үй-жағдай және киім-кешек эстетикасын қалыптастыру, талғампаздыққа тәрбиелеу және сыртқы мәдениеті мен ішкі дүниесінің үйлесімділігін қалыптастыру.

Ал жоғары дамыған құқықтық мәдениет болмай қоғам алдындағы міндеттерді орынды шешу мүмкін емес. Адамның құқықтық мәдениеті күрделі. Ол әр адамның құқықгық тәрбиесінің деңгейімен тығыз байланысты. Құқықтық тәрбие деп оқушыға құқықгық білім беру, занды құрметтеуге, құқықты қорғау іс-әрекетіне тәрбиелеуге үйрету деп түсінуіміз керек. Адамның неғұрлым құқықтық білімі толық және терең болған сайын оның құқықтық мәдениеті жоғары болады.

Қазақ ұлтының салауаттылық, парасаттылық, имандылық, адамгершілік тәлім-тәрбие туралы мәңгі өлмес құнды ұлттық мұрасының дамуын шолып өтсек, Ибн Сина еңбектері, Шығыс Аристотелі атанған ғұлама әл-Фараби, сонау көне түркі жазуымен тасқа қашап жазған ескерткіш «Орхон-Енисей жазуларынан» бастап, Ержүрек қолбасшы Күлтегін, Білге Қаған, мемлекет қайраткері Тоныкөк, Омар Хаям рубайлары, түркі тілдес халықтардың бәріне өшпес рухани мұра қалдырған: Жүсіп Баласағұни, Махмұт Қашқари, Ахмет Яссауи, Ахмет Жүгінеки, Қыдырғали Жалайыри, Мұхаммед Хайдар Дулати шығармаларының орны ерекше. Араға бес ғасыр салып, қолымызға сағындырып жеткен ғұлама-ғалым Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баян» атты еңбегі, ұлттық психологиядан болашақтың салауаттылығына, имандылығына арналған мол мағлұмат алуға болатын еңбек. Тауасарұлы Қазыбек бектің «Түп тұқианнан өзіме шейін» атты еңбегі қазақ тарихының асыл мұралары екені айқын.

Адамның қоғамдағы орны, маңызы, тәлім-тәрбиесі, жан мен тән, өмірдің қыр-сыры туралы толғаныстар, ақыл-кеңес, даналық өсиеттер жөнінде толғаған ақын-жыраулар: Асан Қайғы, Шалкиіз, Ақтамберді, Бұхар Жырау, Шал ақын, Дулат, Махамбет.

Қазақ халқын әлемге танытқан, Шоқан, Ыбырай, Абай еңбектерінің ұрпақ тәрбиесінде алар орны ерекше. Бүкіл бір халықтың ұстазы Ұлы Абай өзінің қара сөздерінде (45 сөзі) жан мен тән тазалығы, имандылық қасиеттері «толық адам», дені сау адамның іс-әрекет нәтижелері, жалпы қауымның игілігіне айналады деп тұжырымдайды.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Әтемова Қ.Т.Әлеуметтік педагогика. Оқулық. –А.,2012,-272б.
2. Айтбаева А.Әлеуметтік педагогика негіздері. Оқу құрал.-А.,2011.
3. Социально-педагогический словарь. /Под ред. Т.Н.Черняева, А.С.Иргалиев,
4. Ж.Ж.Жароллаева. Эл. Издание. – Уральск, 2011 ж.

# ӘЛЕУМЕТТІК ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ. АДАМДЫ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰБЫЛЫС РЕТІНДЕ

**Дүйсенбек Салтанат Жаңабергенқызы**
Түркістан облысы, Түркістан қаласы
«Н.Төреқұлов атындаңы №8 жалпы білім беретін мектеп» КММ әлеуметтік педагогі

***Резюме***

*В данной статье рассматриваются организация работы с детьми, находящимися в трудной жизненной ситуации.*

***Summary***

*This article discusses the organization of work with children in difficult life situations.*

И.С. Кон: "Жастар – өздеріне тән жасерекшелігі, әлеуметтік жағдайы және басқа да әлеуметтік-психологиялық қасиеттер жиынтығы негізіндегі әлеуметтік-демографиялық топ болып табылады.

Жастық - өмір циклінің белгілі бір фазасы, биологиялық тұрғыдан әмбебап, бірақ нақты жасерекшелігі шектелген, оның әлеуметтік мәртебесі және әлеуметтік - психологиялық ерекшеліктері, әлеуметтік - тарихи болмысы бар және қоғам құрылымына, мәдениетіне және әлеуметтену заңдылықтарына тәуелді болады.

Әрбір дүниеге келген адам қоғамның бір мүшесіне айналады және әлеуметтенуге тартылады, яғни тұлғаның қалыптасуы қоғамның талаптарын біртіндеп қабылдауынан, қоғамдық сана мен мінез құлықтың қалыптасуынан тұрады және ол қоғаммен өзара қатынасты реттейді. Әлеуметтену үрдісі жанұяда, мектепте, жұмыста жүзеге асады. Сонымен қатар БАҚ-та әлеуметтенудің күшті құралы болып табылады. Әлеуметтену үрдісіне адамның әлеуметтік тәжірибесін ұрпаққа жалғастыру енеді. Тұлғаның әлеуметтенуі

еңбекпен, қоғамдық –саяси және адамның танымдық әрекетіне тығыз байланысты болып келеді. Бұл сатылардың әрқайсысында қарама-қайшылық туындауы мүмкін. Мысалы, "әке мен бала" мәселесі.

Алғашқы әлеуметтену институты мен агентіне адамның жақын ортасы жатады, тұлғасының қалыптасуына күшті және маңызды әсер етеді, олар жанұя, достар, мұғалімдер.

Әлеуметтенудің екінші агенттеріне оқу орнының әкімшілігі, өндіріс орындары, полиция, әскер, мешіттер, мемлекет, БАҚ қызметкерлері жатады.

Алғашқы әлеуметтену үрдісі – тұлғаралық қатынастар сферасы, екінші үрдіс - әлеуметтік қатынастар сферасы болып табылады.

Біріншіден, әрбір іс-әрекет түрлері мен оның әртүрінің арасындағы байланыстар жүйесінде бағдарлану. Ол әрбір жеке тұлға үшін маңызды іс-әрекет аспектілерін айқындаумен қатар, оны игеру арқылы іске асырылады, немесе мұндай бағдарлануды – іс - әрекеттің жеке тұлғалық атауы деп атауға болар еді.

Екінші – қарым – қатынас сферасыда іс - әрекетпен тығыз байланысты болғандықтан, оны кеңею және тереңдету бағытында қарастырады. Қарым – қатынастың кеңеюін, адамның басқалармен контактілерінің көбеюі, әрбір жас кезеңінде осы контактілер ерекшеліктері тұрғысынан түсіну қажет. Қарым – қатынастың тереңдеуін, ең алдымен монологтық қарым – қатынастан диалогтыққа көшу, партнерге бағытталуы, оны неғұрлым дәл қабылдауымен байланысты. Қарым –қатынас байланыстарының көбеюі қандай жағдайларда және қалай іске асырылатынын, екіншіден, жеке адам осындай процесте қандай нәтижеге жететінін анықтау.

Әлеуметтенудің үшінші сферасы – жеке тұлғаның өзіндік сана – сезімінің дамуы. Бұл проблема жеке тұлғаның «Мен» - бейнесінің қалыптасуымен байланысты.

Адамның «мен» бейнесі бірден қалыптаспайды. Өмір сүру барысында, әртүрлі әлеуметтік әсерлер негізінде қалыптасады.

Педагогика теориясы мен практикасының күрделі, өзекті мәселелерінің бірі-тұлға және оның арнаулы ұйымдастырылған жағдайдағы дамуы. Бұл мәселе көп аспектілі, сондықтан оны әртүрлі ғылымдар зерттейді.

Педагогика оқыту мен тәрбие процесінде тұлғаның жан-жақты, үйлесімді дамуының тиімді жағдайларын анықтайды.

Тұлға дамуының педагогикалық мәнін анықтау үшін бірінші кезекте «тұлға» түсінігінің мәнін, оның «адам», «индивид» және «даралық» түсініктерімен ара-қатынасын, байланысын ашуымыз керек. Адам дамуында әрқашан бір-бірімен байланысты екі бағыт бар: биологиялық және әлеуметтік.

«Адам» түсінігі биологиялық мәнді білдіреді. Оған берген анықтамалар өте көп.

1) Адам (биологиялық түсінік ретінде)-тіршілік иесі, өкілі, фило-және онтогенетикалық даму өнімі;

2) Адам-адамзат қауымдастығының бір өкілі, құралдар мен белгілер пайдаланатын және солар арқылы өзінің жүріс-тұрысын, мінез-құлқын және психикалық процестерін меңгеретін, табиғи шектеушілік шекарасынан шыққан әлеуметтік тіршілік иесі.

Күнделікті тұрмыста индивид деп оның өзіне тиесілі ерекшеліктері бар нақты бір адамды айтамыз. Индивидтің ең жалпылама сипаттамалары ретінде психофизиологиялық ұйымдасуының тұтастығы мен өзіндік ерекшелігін, қоршаған ортамен өзара әрекеттегі тұтастығын, белсенділігін айтуға болады. Әр адам-индивид.

Даралық. Қысқаша айтқанда, бір адамды екінші адамнан айыратын даралық ерекшелік. Даралық мінез және темперамент, шығармашылық іс-әрекет және қабілеттер ерекшелігімен көрінеді. Абсолютті бірдей екі адам болмайды. Яғни, біз әр адамға өзіндік ерекшеліктері (психикалық, әлеуметтік) бар даралық ретінде қарауымыз керек.

Педагогикада және психологияда тұлға және оның дамуы мәселесі бойынша үш бағыт: биологиялық, әлеуметтік және биоәлеуметтік.

Биологиялық (преформистер) бағыт өкілдері тұлғаны тек қана табиғи өнім ретінде қарастыра отырып адамның мінез-құлқын, жүріс-тұрысын туа біткен қажеттіліктер, инстинктер ықпалы деп түсіндіреді (З. Фрейд) Адам қоғам талаптарына бағынуға және соның барысында өзінің табиғи қажеттіліктерін үнемі басып отыруға мәжбүр. Ол «адам өзімен өзінің осы күресін жасыру үшін «маска киеді» немесе қанағаттандырылмаған» табиғи қажеттіліктерін басқа бір іс-әрекет түрімен алмастырады»,- дейді. З. Фрейд адамның жүріс-тұрысы толығымен жыныстық инстинктен (либидо) тәуелді деп есептейді.

Әлеуметтік бағыт өкілдері адам биологиялық тіршілік иесі бола тұра өмір сүру барысында өзі қарым-қатынасқа түскен әлеуметтік топтардың ықпалы арқылы біртіндеп әлеуметтенеді деп есептейді. Тұлғаның даму деңгейі неғұрлым төмен болса, соғұрлым онда биологиялық ерекшеліктері анық көрінеді, бірінші кезекте иемдену, бұзу, қирату, жыныстық және т.б.инстинктер.

Биоәлеуметтік бағыт өкілдері психикалық процестер (түйсік, қабылдау, ойлау және т.б.) биологиялық негізде, ал тұлғаның бағыттылығы, қызығушылықтары, қабілеттері әлеуметтік құбылыс ретінде қалыптасады деп түсіндіреді.

Қазіргі заманғы педагогика ғылымы тұлғаны биологиялықты әлеуметтіктен бөлуге болмайтын біртұтас жүйе ретінде қарастырады. Тұлға бойындағы биологиялық өзгерістер оның іс-әрекетіне ғана емес, өмір сүру бейнесіне әсерін тигізеді. Дегенмен, шешуші рольді әлеуметтік өмір нәтижелері (мотивтер, қызығушылықтар, мақсаты) атқарады. Олар тұлғаның бейнесін анықтай отырып дене (физикалық) кемшіліктері мен мінез ерекшеліктерін (қызуқандылық, ұялшақтық және т.б.) жеңуге мүмкіндік береді.

Тұлға қоғамдық өмірдің өнімі бола тұра сонымен қатар тірі организм. Тұлға қалыптасуында биологиялық пен әлеуметтіктің қатынасы өте күрделі және адам дамуының әр кезеңіндегі, әртүрлі жағдайлардағы ықпалдары біркелкі емес.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Әтемова Қ.Т.Әлеуметтік педагогика. Оқулық. –А.,2012,-272б.
2. Айтбаева А.Әлеуметтік педагогика негіздері. Оқу құрал.-А.,2011.
3. Социально-педагогический словарь. /Под ред. Т.Н.Черняева, А.С.Иргалиев,

# ЖАСТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Жанабаева Куляиша Конысбековна**
Түркістан облысы, Арыс қаласы
Бауыржан Момышұлы атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің
тарих пәні мұғалімі

***Резюме***
*В данной статье рассматривается правовой культура и факторы формирования правовой культуры молодежи.*
***Summary***
*This article discusses the legal culture and formation factors legal culture of youth.*

Бүгінгі күнде еліміздің үштен бір бөлігін құрайтын жастар - келешек қоғамның жарқын болашағын қалыптастыратын стартегиялық мақсаттарды жүзеге асырушысы екені мәлім. Сондықтан жастардың білімді, дәстүрмен қатар өз заманының озық рухани құндылықтарын меңгерген, бәсекеге қабілетті болғаны абзал. Осы тұста жастардың дұрыс әлеуметтенуімен қоса ұлттық құндылықтарда тәрбиеленудегі маңызы зор.

Жастар халықтың қоғамдық белсенді бөлігі және тәуелсіз еліміздің болашақ дамуы үшін стратегиялық ресурсы болып табылады. Жастардың мемлекет мүддесі мен мемлекеттің болашақта дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндіктері бар зияттылық және рухани саналы тұлғаның қалыптасу қажеттілігі аясында айқындалады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатының негізгі мақсаттарының бірі ол жастардың әлеуметтік дербестігі, дәстүрлі діни құндылықтарды тұлғалық қалыптасуын жүзеге асырумен қоса, құқықтық, экономикалық, ұйымдастырушылық жағдайларды жасау және нығайту болып табылады. Жастар саясатын жүйелі жүргізу қажеттілігі өзінің әлеуметтендіру процесінде жас адамның кезігіп отыратын өмір қиыншылықтарымен айқындалады. Жастар өзінің біліктілігі және кәсіби даярлығы деңгейінің төмендігіне байланысты халықтың аз қорғалған бөлігі болып табылады.

Әлемдегі ғаламдану үдерісі, қоғамның рухани адамгершілікті қамтитын мәдениеттердің өзара байланысы және этномәдени дәстүрлер мен жалпыадамзаттык құндылықтардың құрамды бөлігі ретіндегі ұлттық құндылықтар негізінде тұлғаны қалыптастыруды алдыңғы қатарға шығарады. Бұл тұрғыдан рухани адамгершілігі қалыптасқан ұрпақты тәрбиелеуде ғасырлар бойы жинақталған өмірдің мәні туралы халықтың мәдени мұраларын, даналық ұлағаттарды пайдалануы жоғары деңгейде маңызды болмақ.

Жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастырып, дамыту-салыстырмалы өзіндік мақсатқа, арнайы әдістер жетістігімен және ұйымдастыру нысаны арқылы жетуді көздейді. Ол өзі көп мақсатты, қызметті, болжамды стратегиялық, ұзақ мерзімді мақсаттар және тактикалық мақсаттарды, таяудағы жалпы және жеке мақсаттарды көздейді. Мақсаттар жастар ерекшеліктерін есепке ала отырып тәрбиелік әсер етуді нақтылайды, ол белгілі бір форма және қызметке байланысты адамдар, сонымен қатар, құқықтық тәрбиені жүзеге асырушы органдар арқылы жүргізіледі.

Қазіргі таңда құқықтық нигилизмді жеңуіміз қажет, оған көпшіліктің таң қалуын тоқтатып, заңға деген сый, құрметтеуге тәрбиелеу және жауапкершілік сезімдерін ояту қажеттілігі, яғни бұл жерде коррупция, заңды басынушылықтар, заңды немқұрайлы қараудың құқықтық жүйеге кереғар екендігін түсіндіру және қоғамдық моральді бейтараптық жаулап алуына жол бермеу керек. Жастардың құқықтық нигилизмге бой алдырмауы бірінші кезекте тұруды көздейді. Бұл салада Қазақстанда құқықтық нигилизм профилактикасын дамыту керек, яғни осы салада арнайы бағдарламалар қажет. Себебі, жастар арасындағы құқықтық нигилизмге бой алдырушылық өз кезеңінде біршама қауіп тудырады. Сондықтан қолданылатын заңның қызметті сапалығын қамтамасыз ету, заңның және құқықтық тәртіптің тұрақтылығы, соттардың мәртебесін жоғарлату және соттарды уақыт талабына сай соттың реформаларды, халыққа уақытқа сай етіп құқықтың тәрбие беруге негізделу мәселесі бірінші кезекте тұруы қажет.

Жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастырып, дамытудың тікелей мақсаты – жастардың белсенділігі, кәсіпқой заңгердің және басқа да мемлекет қызметкерлерінің өкілеттіліктерін жүзеге асыру процесінде заңдылық маңызға ие жағдайға байланысты, белсенділіктер құқықтық әрекеттер арқылы өз деңгейлерін көрсету болып табылады. Құқықтық белсенділік - жастардың әлеуметтік – құқық шеңбердегі қызметте белгілі дәрежеде пәрменділікке жету, құқықтық міндеттерді қарапайым

талаптарға бейімдеудегі міндетті әрекетке ие болу жағдайы. Аталмыш қызметтер қосымша уақыт, күш-қуат және материалдық шығындармен байланысты. Жоғарыда көрсетілген мақсаттарға тек құқықтық тәрбие жұмысында келесідей негізгі прициптерді сақтағанда жетуге болады: ғылымилық, жоспарлық, жүйелік, кезекті және дифференциялды жүйелік, кешенділікті қамтамасыз ету. Сондай-ақ тәжірибеде құқықтық сананың дамуына қолайлы жағдайларды қамтамасыз ете отырып, оны тарату, яғни жүзеге асыру қажет. Жастардың құқықтық сана деңгейінің мазмұны құқықтық білім алуына және оның құқықты мойындауына тәуелді. Сендіру жүйесі, сонымен қатар оны сақтау қажеттілігін тәжірибеде таратудың дағдысын қалыптастыру қажет. Салыстырмалы түрде жастардың құқыққа деген құрметінің пайда болып заңды болары сөзсіз. Олардың алған құқықтық білімдері жеке өздерінің сеніміне айналуы қажет, ол келесідей: құқыққа бағынулары, оларды қатаң сақтаулары, одан барып – ішкі қажеттіліктеріне заңдарды жарату және оны әдетке айналдыру, нәтижесінде құқықтық және кәсіпқой заңдылық белсенділіктерін көрсетулері қажет, яғни күнделікті өмірде жүзеге асырулары керек.

Жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастырудың келесідей амалдары бар: құқықтық насихат, құқықтық білім беру, заңдылық тәжіріюе, яғни өзін - өзі тәрбиелеу немесе құықтық өмірге бейімделу. Жоғарыда көрсетілген амалдардың астарында оның негізгі қайнар көзі құқықтық ақпарат жатыр. Ол арқылы тұлғаның оңды әрекет етуіне ықпал етудің маңызы зор. Бұл жерде ерекше орынға «құқықтық минимум» проблемасы ие болады, яғни әлеуметтік шеңберде әрбір азаматтың мәртебесіне қандай да болсын қоғамда тәуелсіз, құқықтық білімді міндетті деңгейде иеленуі қажет, яғни өзіне қажетті деңгейде иеленуі ықтимал. Бұл процесті тиімді басқару үшін нақты құқықтық ақпарат қайнар көзінің жүйесі болуы керек және оларды азаматтардың іс – жүзінде қолдануы, сонымен еңбек ұжымдары, топтардың және тұрғындардың өмір тәжірибесінде қолдануы жатады.

Құқықтық ақпарат көзінің жүйесінде анықтаушы рөлге бұқаралық ақпарат құралдары иеленеді, сондай – ақ жалпы құқықтық оқыту бұл жерде мемлекет және құқық негіздерін тек заңгерлік мамандықта ғана емес, оны бала – бақшадан бастап барлық оқу орындарында оқыту керек. Сайып келгенде, мына амалға көңіл аударуымыз қажет, яғни өзін - өзі тәрбиелеу барлық құқықтың субъектілердің құқықтық санасының құрылуына тиімді әсерін тигізеді. Өзін - өзі тәрбиелеудің астарында құқыққа деген құрмет қалыптастыру жатыр, яғни қажеттіліктерін ұйғарымдарға байланысты өзін - өзі оқыта отырып және қатаң сақтап, өз тәжірибесінде және басының дербестігі арқылы талдау жасауы керек. Жастардың құқықтық санасын тәрбиелеу табиғи түрде жанұядағы адамгершілік құндылықтар нормасын игерумен, мектепте рухани қарым-қатынаста, сонымен қатар құрдастарымен, достарымен және жолдастарымен ойнағанда игеріліп қалыптасып отырады. Бұл жерде адамгершіліктің іргетасы қаланады, осыған байланысты құқықтық сана элементтері құрылады. Өмірде болып жатқан қалыпты ағымдағы жағдайлар және тұрмыстық әлеуметтік қақтығыстарды бақылай отырып олардың құқықтық нормалармен байланысын, заңдалық бағалықтар, құқықтық түсінулерімен, көзқарастары жас азаматтардың сезімі дами отырып бекиді.

Жастардың қоғамдық-саяси рөлі ауқымды реформалар кезінде күшейюі барлық халыққа тән. Себебі, жастардың жаңа жағдайға бейімделуі немесе жаңашылдыққа ұмтылысы жоғары деңгейде болғандықтан қоғамдағы өзгерістерден шет қала алмайды. Жалпы қоғамның дамуы, болшағына деген сенімді көзқарастың қалыптасуы сол қоғамдағы жастар және жастардың әлеуметтік-мәдени ұғымдық болмысымен тікелей байланысты. Осы орайда шығыс елдері аға ұрпақтың тәжірибесіне сүйенсе, Солтүстік Америка мен Батыс Европалық елдер жастарға көп үміт артады. Сондықтан жастардың санасындағы «құндылық» ұғымын дұрыс қалыптастыру елдің болашағын айқындайтын факторлардың қатарына жатады. Адамзат өркениетінің бүгіні мен болашағы көп жағдайда жастардың әлеуметтік белсенділігіне қатысты екені даусыз. Сондықтан жастардың жетілуінің сапалық деңгейі де, жастарға деген жаңа көзқарастың қалыптасуы да үш бірдей фактордың - жастар белсенділігінің қалыптасуының әлеуметтік- мәдени алғышарттары мен жастар саясаты, оның мәдени бетбұрыстарының жиынтығынан және қазіргі кездегі жастардың белсенділігінің әлеуметтік-мәдени болмысына тәуелді болуымен байланыстырылады.

Жастар белсенділігі қоғамдық жүйенің дәрежесіне, елдегі саяси-әлеуметтік реформаларға, демократиялық бетбұрыстарға, мәдени құндылықтарға, ұлттық дәстүрге тәуелді, яғни жастар белсенділігінің әр кезде мәдени құндылықтық негіздерін анықтап отырудың заңдылыққа айналуымен байланыстырылады. Сонымен бірге, жастар белсенділігі қоғам мен билік арасындағы алшақтыққа тосқауыл қоймақ ниеттен, құбылмалы әлеуметтік-мәдени ортада өз құқығын қорғамақ шешімнен, жаңа қауымдастықта өз орны мен рөлін қалыптастырмақ талпыныстан туындайды. Осындай сыртқы және ішкі әлеуметтік-мәдени бағдарға байланысты жастар туралы түсінікте, жастар белсенділігінің қалыптасуы мен ол туралы көзқарастардың әрқалай қабылдауы және таралуы табиғи құбылыс. Жастардың әлеуметтік-құндылықтық бағдарына ықпал ететін көптеген факторлар бар. Атап айтар

болсақ, олардың қызығушылықтары, қалыптасатын ортасы, діни түсініктері, халықтың салт-дәстүрі, мемлекеттің ұстанымы т.б. – жас ұрпақтың мәдени бағдарына әрқалай ықпал етуде. Қазіргі нарықтық жағдайда құндылық туралы түсініктер мен бағыттар өзара үйлесе бермейді де, сол алшақтық белгілі бір деңгейде жастар арасында құлдырауға тап болғандығы да шындық. Мұның басты себебі ретінде, жастардың өркениеттілік, мәдениеттілік тұрғысынан өзіндік үлгісінің ауытқушылығы деуге болады.
Сонымен бірге, төл мәдениетіміз бен құндылықтарымыздың негізін құрайтын салалардың әлсіреуі, ұлттығымызға жат әрекеттердің кеңінен таралуына түрткі болуда. Сонымен қатар, еліміздегі ұлтаралық, дінаралық, конфессияаралық тұрақтылық пен төзімділікті сақтап қалу да барынша маңызды мәселелердің қатарына жатады. Рухани тәрбиені сапалы негізге көшіру мақсатында рухани тәрбие ошағы болып табылатын діни оқу орындары қызметін заң аясында дамытуды назарда ұстаған жөн. Оларға мән бермеу және негізгі бақылауды мүдделі мемлекеттік орган назарынан тыс қалдыру – қолдағы үлкен күштен айрылу және сол күшті мүдделі тараптардың еркін пайдалануына, мүдделі емес тараптардың немқұрайды халге түсіруіне жол ашу болмақ. Дінге ықылас уақыт өткен сайын күшейе түспек – өйткені ол адам болмысында бар қажеттілік әрі қасиет. Осы ықыласты тиісті арнаға бұрудың пәрменді тетігі ретінде діни оқу орындарын пайдалану қажет. Олардың қызметін реттеу – мемлекеттің мүддесін бекіте түсу ретінде қабылданғаны жөн.

Жастардың құқықтық және рухани құндылықтары жастарды өз халқының рухани мәдениетіне бағыттауы, мемлекетіміздің тарихи өткеніне баулуы, қоғамдағы келісім мен бейбітшілікті нығайту жас ұрпақтың отаны үшін мақтан сезімін қалыптастыруы тиіс.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**
1. Әбілдаев И. Қылмысты жастар тағдыры алаңдатады //Қазақстан Zaman, 2002, 19 сәуір, - 66.
2. Бейсебаева С.Б. Пути правового образования молодежи: некоторые предложения // Вести КазНУ сер. юрид. 2003, №1, С.148-150.
3. Болотова Е. Проблемы правовой подготовки в стандартах педагогического образования. //Высшее образования в России, 2006, №11, С.52-56.
4. Бейсебаева С.Б. Пути правового образования молодежи: некоторые предложения // Вести КазНУ сер. юрид. 2008, №1, С.148-15

## ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЙСАР ҮШ АРЫСЫ

**Бостанова Индира Оразымбетовна**
Түркістан облысы, Түркістан қаласы,
"С. Ерубаев атындағы №7 мектеп-интернат" коммуналдық мемлекеттік мекемесі
қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі

***Резюме***
*"Үш бәйтерек" ("три тополя") - Сакен Сейффуллин, Ильяс Жансугуров и Беимбет Майлин - обогатили национальную литературу разнообразием тематики, содержания, художественными находками, ввели новые методы и стили, дали мощный толчок для развития жанров казахской литературы.*

***Summary***
*"Ush Biterek" ("three poplars") - Saken Seiffullin, Ilyas Zhansugurov and Beimbet Mailin - enriched national literature with a variety of topics, content, artistic finds, introduced new methods and styles, gave a powerful impetus to the development of genres of Kazakh literature.*

Қазақ халқы «Үш бәйтерек» деп атап кеткен Ілияс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин қазақ әдебиетіне айтулы ақын, қарымды қаламгер, дарынды драматург ретінде үлкен үлес қосты. Олардың қаламынан Қазақстанның дарқан даласы, өндіріс орындары мен еңбек адамдарының іс - әрекеттері, өмірге деген құштарлықтары, болашаққа үміт – сенімдері кеңінен көрінеді.

«Үш бәйтерек» ұлттық сөз өнерін азаматтық бейне, беделімен де, қайраткер, қаламгерлігімен де биік белеске көтерді. Ұлт руханиятын даңқты туындыларымен, тақырып байлығымен, жанрлық қырларымен, көркемдік әлемімен байытты.

XX ғасырдағы қазақтың жаңа әдебиеті негізін салушылардың бірі Сәкен Сейфуллин аз ғана ғұмырында мол мәдени мұра қалдырды. Қазақ әдеибетінің барлық жанрында тамаша туындылар берген

жаңашыл жазушы қаламынан туған шығармалар халық өмірінің ең көркем образдар арқылы, терең идеялар айтып, эстетикалық игіліктер жасады. Ұлттық әдебиетке төңкерістік мазмұн жаңа нысан асқан идея әкелген жазушы туындылары халқымыздың рухани қазынасын қорландыра түсті. Сәкен Сейфуллин кеңестік дәуірде туған қазақ әдебиетінің тұңғыш қаламгері болып, поэзия, проза, драматургия сияқты жанрлармен әдебиетіміздің басқа саласында да көрнекті қызметтер атқарды [1].

Сәкеннің ерлік күреске толы өмірі мен шығармашылық еңбектері біздің әдебиетіміздің идеялық қалыптасуы кезіндегі орасан қызметімен бірге, оның профессионалдық жағынан өсуіне, ер жетуіне зор үлес қосты. Ол қазақ әдебиетін барлық жанр жағынан ілгерілетіп, жаңа дәуір талаптары негізінде үлкен жаңалықтар жасады. Мұның бәрі Сәкенді қазақ әдебиетінің негізін салушы деп айтуға дәлел. Қазақ әдебиетінің негізін салушы, тамаша ақын және көрнекті қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің есімі халық арасына кең жайылған. Ол – қазақ ақындарының ішінде бірінші рет революцияны, сол арқылы тарихи кезеңдерді ашық бейнеледі. Сәкен сол кездегі халықтың тұрмысын, хал – жағдайын жырлаушылардың бірі ретінде саналады. Сәкен — қатал күрес үстінде шынығып өскен ақын азамат. Ол өзі белсене араласқан әдебиет қозғалысы қайшылығының ащы-тұщы дәмін де мол татты. Ол әр уақытта Қазақстандағы әдебиет қозғалысының басы-қасында, жуан ортасында болды. ҚазАПП-тың алғашқы дәуірінде (1929 жылға дейін) қазақ совет әдебиетінің идеялық позициясын нығайтуға белсене араласқан болса, онан кейінгі дәуірде, бір кезде өзі ұйымдастырып басшылық еткен ҚазАПП енді Сәкеннің өзіне ауыз салды. 1931 жылғы жазған бір мақаласында ҚазАПП-тың бастығы М.Қайыпназаров:«Жақында ҚазАПП болып Сәкеннің шығармаларын сынадық, сол сынның аяғында Сәкенді пролетариат әдебиетіне одақтас ақын деп таптық»,–дейді. Егер 20-жылдары Сәкен ұлтшылдардың шабуылды сынына ұшырайтын болса, енді ҚазАПП-тың кезіндегі осындай сындардың тегеуіріне өзі түседі. Бірақ Сәкен мұндай сындардың бірде-біріне абыржып, сасқан емес. Өзіне қарсы айтысып, тартысып жүрген адамдардың сорына қарай жаңа шығармаларды үсті-үстімен жазумен болды. 1935 жылдардың алғашқы жартысында Сәкен көркем шығарма, ғылыми еңбектермен қатар мемлекеттік қоғам істеріне жаңадан құрылған Қазақстан совет жазушылары одағының ұйымдастыру, шығармашылық жұмыстарына белсене араласады. Қазақстан Орталық атқару комитетінің мүшесі, Жазушылар одағы президиумының мүшесі. Пушкиннің қайтыс болғанына 100 жылдығын өткізу комиссиясының бастығы. Жазушылар ұйымына жаңадан мүше алу комиссиясының бастығы, ақындар слетін, декаданы өткізу комиссияларының мүшесі. «Әдебиет майданы» журналының редакторы болып, толып жатқан мәдени-ағарту және қоғамдық игі істердің жүзеге асуына Сәкен өте жігерлі кіріседі. Сәкеннің әдебиет майданындағы аса маңызды партиялық шараларды іске асыруға, жігерлі араласуына Мирзоян бастаған өлкелік партия комитетінің жаңа басшылығы себепші болды. Осы тұста Сәкен көркем шығармаларын да мол өндіріп жазып тастайды. 1933 жылы «Альбатрос», «Қызыл ат» поэмаларын шығарды. «Альбатрос» пен «Қызыл ат» Сәкен поэзиясының тағы бір белге көтерілген, творчестволық іздеуден туған күрделі шығармалары еді. Сәкен поэзиясымен қатар, творчестволық еңбектің негізгі салмағын енді бірте-бірте проза жанрына аудара бастады. Ол бірқатар жағдайларда өзі көрген, өзі араласқан өмірден елес беретін «Біздің тұрмыс», «Сол жылдарда», «Дауыл алдында», «Жемістер» атты роман, повестерін жазуға кіріседі, олардың бірқатар тараулары газет- журналдарда, түрлі жинақтарда жарияланды. «Айша» атты повесі 1935 жылы жеке кітап болып шығады. «Қызыл сұңқарлар» пьесасын бүтіндей жөндеп, қайта жазып, ол Қазақтың мемлекеттік драма театрында қойылады. «Тар жол, тайғақ кешу» толықтырылып, 1936 жылы қайта басылды. Ал Сәкеннің бірқатар шығармалары (1927-1937 жылдар арасында) «Атаман Анненковтың азап вагонында» «Тар жолдан» (үзінді),

«Советстан», «Көкшетау», «Айша», «Қызыл ат», «Жемістер», т.б. орыс тілінде басылып шықты. Қазақ совет әдебиетін өркендетудегі Сәкеннің зор еңбегін партия мен үкімет айрықша бағалап, 1936 жылы Еңбек Қызыл Ту орденімен наградтады. Ақынның әдебиеттегі еңбегінің жиырма жылдығын бүкіл Қазақстан жұртшылығы болып тойлады. Ақын 1939 жылы 9 октябрьде қайтыс болған [1].

Бейімбет Майлин – поэзия, проза, драма саласында бірдей өнімді еңбек еткен қаламгер. Ол «Садақ» қолжазба журналында, «Айқап» журналында, «Қазақ» газетінде жарияланған алғашқы өлеңдерінен бастап-ақ ел өмірінің сан-сала көкейкесті мәселелеріне ден қояды. Сахара жұртының мұң-мұқтажын, арман-аңсарын, әсіресе азаттық-теңдік тақырыбын тілге тиек етеді. Бейімбеттің поэзиялық шығармаларындағы Мырқымбай – типтік кейіпкер деңгейіне көтерілген жиынтық бейне. Мырқымбай бейнесі арқылы Бейімбет сол кездегі қазақ кедейлерінің болмыс- бітімін, уақыт, қоғам аясындағы тіршілік-тынысын суреткерлік шыншылдықпен бедерлей алған. Бейімбет қазақ поэзиясында поэма жанрының өрісін ұзартып, өресін биіктетуге қомақты үлес қосқан. Оның «Байдың қызы», «Рәзия қыз», «Қашқын келіншек», «Маржан», «Өтірікке бәйге»,

«Кемпірдің ертегісі», «Хан күйеуі», «Мырқымбай» поэмалары тақырыбының әр алуандығымен, оқиғалық тартымдылығымен, өзіндік тіл-стилімен қазақ поэзиясының көрнекті үлгілерінің бірі болып табылады. Қазақ әдебиетінің ХХ ғасырдағы жаңа дәуірін бастаған «алыптар тобында «ірі ақын, іргелі прозаик және драматург Бейімбет Майлиннің орны өзгеше, бөлек. Қалам қызметіне ерте (1912 жылдан) араласқан Майлиннің ширек ғасыр ішінде жазған тандаулы поэзиялық, прозалық, драмалық шығармалары – біздің бүгінгі сөз өнерімізге қосылған қымбат қазына. Қазіргі қазақ әдебиетінің негізгі жанрларын қалыптастырып, дамытуға сіңірген ерекше еңбегін, бүгінгі қазақ аулының жаңа тарихындағы жиырмасыншы-отызыншы жылдардың көркем шежіресін жасауда атқарған айрықша қызметін өз алдына қойғанда, Бейімбет Майлин өзінен кейін қолына қалам ұстағандарға анық екі қырымен өнеге: 1) «Талант – еңбек» деп Горький айтқандай, саңлақ суреткер өлшеулі ғана шығармашылық ғұмырында өлшеусіз еңбек сүйгіштігімен «Жазушылық – жазу, жақсы жазу, жақсы жаза алсаң қалам құрғатпай жазу» екенін тынымсыз да мігірсіз іс-әрекетімен қолма-қол дәлелдеп кетті; 2) «Әңгіме – шеберлік мектебі» деп Федин айтқандай, құдды қазақтың Чеховы секілді құдіретті зергер әрі қысқа, әрі нұсқа новеллалары арқылы шын мәніндегі әдеби шеберліктің мектебін ашып, осы жанрдағы шынайы, тап-таза, мөп-мөлдір реализмнің үлгісін көрсетті. Бейімбет (Бимағамбет) Жармағамбетұлы Майлин 1894 жылы бұрынғы Торғай облысы, Қостанай уезі, Дамбар болысындағы Ақтөбе деген жерде қазіргі Қостанай облысы, Таран ауданы, Майлин кеңшарында туған. Екі жасында әкеден жетім қалған Бейімбет бір байдың сауыншысы боп жүрген анасының қолында тәрбиеленеді. Жетіге жеткен соң өзі де сол байдың қозысын бағып, кейін атының делбесін ұстайды. Бейнет пен жоқшылықтың ащы дәмін ерте татқан жас бала кәрі ежесінің жылы құшағында бұйыға тербеліп отырып, оның: - Өмірімде көргенім күңдік, құлдық, Бұл жалғанда бар ма екен біздей мұңдық?– деген гөй-гөйінің зар сырын жанымен ұғады. Әжесі көне жырларды көп білетін, өзі де аздап өлең шығаратын ақынжанды адам екен. Соның әсері болса керек, Бейімбет қаршадайынан өнерге құмартып өлеңге әуестенеді.

Майлин алғаш рет ауыл молдасынан сауат ашып, хат таниды. Содан соң есігінде жүрген бай үйінде тұратын Әбдірахман Сатыл-балдин деген татар мұғалімнен дәріс алады. Одан әрі іргелес көрші ауылдағы басқа бір Әбдірахман Арғынбаев дегеннің медресесіне түсіп, екі жыл (1910—1912) оқиды. («Шұғаның белгісіндегі» бас кейіпкердің учитель болуы және Әбдірахман атануы тегін еместі). Өз бетінше кітап оқып, көп ізденеді; қалаға барып, білімін одан әрі көтеруге талаптанады. 1938 жылы жазықсыз тұтқындалып, қызыл қырғын саяси репрессияның құрбаны болады [2, 199-202 б.].

Ілияс Жансүгіровтың өскен ортасы да, өмір кешкен қоғамы да оның ең алғаш қалам тартып, ақындық жолға түсуіне түрткі болған, дарынын, ішкі талант құбылыс-қасиетін ашқан, әсемдік әлеміне жетелеген –Жетісу табиғаты мен өзінің туып-өскен жерінің сұлулығы. Әдетте, сұлулыққа тәнті болған адам ғана құштарланады, іңкәрлік сезімге бөленіп, толғаныска, қиял- сезімге бой ұрады. Бұл жайтты Ілияс та басынан кешірген. Бойындағы сезімтал қасиеті оның ойын сан-саққа жүгіртеді, қинайды, әбден қалжырап, бәлкім қасындағы өзін сезетіндей адам табылмағасын қолына қалам алуы да ғажап емес. Алғашқы өлеңдерінің бірінде былай деп жырлайды: - Ащы көңіл, Тұщы өмір, Төсек –темір, бар ма дос? Қайғы баптап, Ойды шақтап Сырғанақтап жүрмін бос. («Шам-шырақ»).

Жоғарыда айтып өткеніміздей, Ілиясқа жас, албырт кезінде табиғаттың сұлу көрінісі ерекше әсер еткен. Табиғатқа іңкәрліктен туған балғын жырлары айналадағы тылсым сәт пен жарқыл қаққан өмір көріністерінен туса, кейінірек эпикалық шығармаларға батыл ауыз салады. “Ілияс поэзиясындағы мөлдір арнаның бірі - табиғат лирикасы”- дейді, академик Р.Нұрғалиев өзінің “Арқау” атты монографиялық еңбегінде. “Туған жерін, елінің тау-тасын өзен – көлін беріле сүйген патриот ақын қоршаған ортаның ғажап сұлулығынан өз шабытына нұр алып, сан алуан бояулары буырқанған ғажап суреттер салды.

Бұлардың ішінде нақты географиялық мекені танылған (“Ағынды менің Ақсуым”), табиғаттың бір сурттегі көрінісін бейнелейтін (“Ақшам”, “Бұлт”, “Желді күн”, “Жазғы таң”),құбылысты көз алдыңа әкелетін (“Жауында”, “Жел”, “Тас”) сан алуан үлгілері бар. Натюрморт, этюд, эскиз сипатындағы туындылардағы ойлар, символдық бейнелер, ишарат образдар философиялық идеяларға жетелейді, көп мағыналы сарын- әуездерді тудырады”.

Шынында да ақынға суреткерлік, қылқалам шеберлігі секілді қасиетке ие болмай, ірі полотно жазу мүмкін емес. Ілияс өз бойындағы осы бір буырқанған қасиетті ауыздықтай ала алды ма? -Жоқ! Шынайы дарын тірі, көрікті табиғатты сезіне отырып оның тылсымынан шыға алмастан, оны мүмкін-қадірінше одан әрі игергісі келетіндіктен, қаламын сілтей берді. Қазақ ортасында өлең өнері ертеден-ақ ерекше орын алды десек, табиғатты жырлау кенже қалған тақырыптардың бірі. Ілияс мұны сезінбеуі мүмкін емес. Сезінді де, осы тақырыпқа ерекше ден қойды. Ілиястың табиғат лирикасына орай

жазылған қай өлеңін алып қарасаңыз да, ондағы стиль өрнегі, қаламгерлік дара тұлғасы айқындалып тұрады.

Өлеңіндегі эпикалық кеңдік, теңеу, эпитет, метафора, градация, эпифора, анафора байлығы оның поэзиясындағы негізгі белгілері десек, одан халықтық, фольклорлық леп ескендей сезіледі. Олай болуы заңды да. Халқымыздың құт- берекесі дарыған, көне заманнан даналық пен ақындық мекені болған Жетісу жерінің перзенті Ілияс бала күннен бастап өлең мен жырдың қойнауында туып, сонда өсіп-өркендеген. Нәтижесінде, нағыз халықтық пафоста, танымдық-білімдік тұрғыдан берері мол, этнографиялық ғылым саласына жақын жазылған өлеңді оқып тамашалайсыз.

Ақ үйге алты қанат келсем кіріп, Босаға, маңдайша мен табалдырық, Кереге алты жапсар, алпыс уық, Шаңырақ, күлдіреуіш оған жуық.

Құр, таңғыш, басқұр, арқан, екі аяқ бау, Төрт ірге, есік жабық, ши туырлық,

Он бес бау ішкі-сыртқы белдеу, желбау, Тұскиіз көрпе, көпшік, шай шымылдық Текемет, жастық, шапан, кілем, сырмақ, Алаша, бешпет, көйлек, сәлі бөрік, Самаурын, үстел кесе, шәйнек, шәугім, Дөдеге, сандық, кебеже, ақ түндік.

Бұрын-соңды мұндай өлең жазылмаған. Бұл қазақ поэзиясындағы жаңа серпін, жаңа үрдіс. Бұл өлең үлгісін Ілияс жас шағында жазған. Қазірде ұмытыла бастаған үй- жабдығын өлеңмен өріп, атауын атап, түсін түстеп беру Ілияс шығармаларын ерекше ажарландырады. Осы тұрғыда жазылған өлең үлгілері Ілияс поэзиясында кейінгі кезеңдерде берік орын алған. «Жетісу суреттері» өлеңі Ілиястың ең айшықты шығармаларының бірі. Өз тұрғысында М.Әуезов бұл шығарманы бағалап, былай деген еді: «Мен Ілиясты бұрын білуші ем, өлеңдерін оқып жүретінмін. Бірақ оның шын мағынасында дарынды ақын екенін мойындағаным сол «Жетісу суреттері» өлеңін оқығаннан кейін» дейді. «Жетісу суретінде» ақын 52 тіршілік иелерін атап өтеді. Өлең жолдары былай келеді: Мінеки. Алатауға біткен торғай: Қара, боз, суық, бұқпас, сипті, шымшық, Шапшақай, майлық, маубабұқа, шөже, Тоқылдақ, сан-сапалақ атаулысы... Ал аңдар атаулысы: сілеусін, ілбіс, аю, бұғы, бұлан, қасқыр шибөрі, қарсақ, сусар, бұлғын, жанат таутеке, арқар, қарақұйрық, суыр, марал т.б. Жыртқыш құстар: тазқара, балтажұмар, құмай жұртшы, су бүркіт, лашын, тұйған, тұнжыр, тынар, мықи, ителгі, бәрпі, қырғи, тұрымтай, бидайық, бүркіт, тығанақ тағы басқа да құстар мен қазірде ұмыт болған ағаш-шөптердің атаулары өлеңде ерекше жарасым тауып, табиғи түрде орын тапқан. Көзі тірісінде ақындықтың Құлагері атанған Ілияс 1938 жылы жазықсыз жазаға ұшырайды.

**ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Әбішев Ә. Заңғар: Сәкен Сейфуллин туралы эссе - естелік //Сөзстан.- Алматы, 1986.-. 8 кітап.
2. Мұқанов С. Есею жылдары. – Алматы:Жазушы, 1970 ж.
3. Қаратаев М., Т. Нұртазин, С. Қирабаев. Қазақ совет әдебиеті. – Алматы:Мектеп,1987 ж.

## ОҚУШЫЛАРДЫ ҚОЛДАНБАЛЫ ҚОЛӨНЕРГЕ БАУЛУ

**Ибрагимова Эльмира Ибадуллаевна**
Түркістан облысы, Түркістан қаласы,
"С. Ерубаев атындағы №7 мектеп-интернат" коммуналдық мемлекеттік мекемесі
көркем еңбек пәні мұғалімі

***Резюме***
*В данной статье рассматривается обучение учащихся прикладному ремеслу*
***Summary***
*This article covers teaching students applied craft*

Қазіргі кезде заман талабына сай, мектептің, ұстаздардың алдына қойған мақсаты - мектеп қабырғасында тәрбиеленіп келе жатқан жас ұрпақты ұлтымыздың көнеден келе жатқан салт-дәстүрімен таныстыру, еңбекке деген шеберлігі мен икемділігін, өнерге деген сүйіспеншілігін арттыру. Бұл тек ұстаздардың ғана емес, сонымен қатар қазақтың көне салт- дәстүрін, әдет-ғұрпын, тұрмыс-тіршіліктерін, қолөнерін жадымызда ұстау, келешек ұрпаққа үйрету, ата-бабаларымыздың дәстүрін ұмыт қалдырмау.

Бүгінгі таңда қолөнерді оқыту үрдісінде көшіріп салу, дайын жобалық нобайлармен жұмыс жасау орын алып келеді. Әрбір оқушының қоршаған ортадан алған әсері, көркем дүниені қабылдауы,

жүрегімен сезінуі, түсінуі әр алуан. Сондықтан оқушының жеке дара қабілетін ескеріп, өз бетімен ізденуге жағдай туғызу керек және өз ойын еркін жеткізіп бейнелеуге, шығармашылық жұмыс жасауға жұмылдыру біздің басты парызымыз.

Осыған орай, қазақ қолданбалы қолөнеріндегі кеңінен тараған қолөнер түрлерін оқушыларға көркем еңбек сабағында таныстыру, осы бағытта баули отырып, эстетикалық тәрбие беру, жастарды халық қолөнерінің көп ғасырлық үрдісіне негіздеу қалыптастырылады.

Ұлттық мектептің мәні өз шәкірттеріне халқының мәдениетін терең, жан-жақты үйрету, олардың санасына, ұлтына деген көзқарасын, құрмет пен мақтаныш сезімін сіңіре білуде, басқа ұлттардың мәдениетін қадірлей білуге ұштастыру болып табылады.

Егеменді қазақ мемлекетінің болашақ ұрпақтарының сана-сезімін, ұлттық психологиясын, оның сонау ерте замандағы ата-бабалар салт-дәстүрімен, мәдениетімен сабақтастыра отырып, халықтық колөнерін сақтап қалуға тәрбиелеу - ұлтжанды ұлағатты ұстаздардың абыройлы ісі. Қазақ қолөнерінің тарихы мен теориялық маңызын жете түсінуіміз керек.

Ұлттық тәрбие беру бесігіндегі оқушылардың ата-баба дәстүрін, мәдениетін, қолөнерін және азаматтық арнадағы асыл қасиеттерін еңбекке баули отырып, жан-жақты эстетикалық тәрбие беру, мәдени мұраны жүйелі меңгеруге, рухани мұрасын бағалай білуге тәрбиелеу мүмкіндіктері қарастырылады. Сондықтан оқу-тәрбие жұмысының барысында, еңбек сабағында оқушыларға кәсіби көркем еңбек пәнінің жұмыстарында халқымыздың ұлттық қолөнерін халқымыздың салт- дәстүрімен, әдеп-ғұрпымен таныстыра отырып, оқушының іскерлігін, дағдысын, еңбекке деген ынтасын қалыптастыруды негізгі мақсат етіп қою - біздің міндетіміз. Ұлттық мәдениетке негізделген қазақ мектебінің қайта түлеуі қазіргі таңдағы көкейкесті мәселе болып отыр. Өйткені оқушылардың көркемдік білім алуын арттыру және рухани деңгейін дамыту, шығармашылыққа тәрбиелеу - қазіргі білім беруде көзделіп отырған мәселе. Осы тұрғыдан келгенде оқушылардың жұмыс істеу әдет-дағдыларын көркем шығармашылық іскерлікпен жалғастырып дамыту мәселесі қарастырылады. Оқушыларды әсемдікті сезініп, түсініп, қадірлей білуге баулу эстетикалық тәрбие беру арқылы іске асырылады.

Бұл күнде ауылдық жерлердің өзінде ұмыт бола бастаған, тіпті кейінгі жастардың көбі біле бермейтін киіз, текемет басу, алаша, кілем, ши тоқу өнері халықтық ұлттық қолөнеріміздің ұмыт бола бастаған түрлері деуге болады. Ата-бабаларымыздың ұлттық өнерін ұрпаққа айтып жеткізу біздің парызымыз және оны үйрету де біздің міндетіміз екенін есте сақтау абзал.

Өнер мен білім беру ісін бір-бірімен ұштастырып, бала санасына ұялатуда үлкен жүрек, мол іждағат, мейірімділікпен қоса, кәсіби дарын ізденімпаздық, іскерлік керек екендігін баса айтуымыз керек .

Мектепте көркем еңбек сабағын халықтық педагогикамен ұштастырудың маңызы зор. Еңбек оқушылардың ең бірінші өмірлік қажетіне айналу үшін, еңбек ету талабын адамның бойында тәрбиелеудің зор маңызы бар. Бұл міндет - адам өзі ынта қойған еңбекпен шұғылданып, оның бейімделігімен мүддесіне сай келетін және адамгершілік қанағат беретін іспен шұғылданған жағдайда ғана жүзеге асырылады. Сондықтан да бұл міндеттерді шешу еңбекті дұрыс таңдап алумен аса тығыз байланысты. Еңбекке тек шығармашылықпен қарау ғана, тек жасау мен материалдық игілік алудың құралынан, ортақ рухани және ең алдымен, адамның адамгершілік дамуының құралына айналдыра алады.

Көркем еңбек сабағы - мектеп оқушыларын рухани байытып, дүниетанымын қалыптастыратын пәндердің бірі. Көркем еңбек пәнінде ұлттық қолөнерді, тәрбиені үйрету арқылы мынадай дағдыларды немесе іскерлікті қалыптастырамыз:

- еңбекқорлыққа;
- ұлтжандылыққа;
- рухани мәдениетке;
- іскерлікке;
- шыдамдылыққа;
- ізденімпаздылыққа

Оқушыларды еңбек қызметіне іс жүзінде даярлау міндетінің де маңызы бұдан кем емес, өйткені адам белгілі бір еңбек дағдыларына ие бола отырып, еңбек ете алмайды, әрі бұдан басқа еңбек үрдісінде ғана, оқушыларды мектептегі сарамандық еңбек қызметіне тарту жолымен еңбекке қатынастық негізін қалауға болады.

Халық қолөнерінің бай мұраларын жинап, сұрыптай отырып, заманымызға сай лайықты сапа, түр беру әдісімен оларды ілгері дамыта беруіміз керек.

Халық өнерін оқып, оны өмірмен ұштастыра білген адамның жан дүниесі кеңейеді, ой алғырлығы артады, шеберлігі кемелденеді. Ол адамның мәдени, рухани және шығармашылық дәрежелерінің көрсеткіші ретінде адамның күш-қуатының даму үрдісін іске асырады, кісіні сауаттылыққа жетелейді. Сондықтан сол өнерді келешек ұрпаққа жеткізіп түсіндіре дамыта білуді негізгі мәселе деп қараймыз. Оқушыларға өздері оқып үйренетін ғылым негіздерінің іс жүзіндегі маңыздылығын көрсетіп, олардың бойында машықтанып алған білімдерін қолдану дағдыларын жасаудың маңызы зор.

Сонымен бірге, оқушы өзін қоршаған ортаның, дүниенің, салт-дәстүріміздің, қолөнеріміздің адам айтқысыз қымбат, замандар бойы тарих жасап қалдырған асыл мұра екенін жете түсінуі керек.

Жоғарыда айтылғандардың бәрі кәсіби технология үйірме сабағында үйрету, оқыту, игерту болып табылады. Мүмкін болмаған жағдайда Технология жұмыстарында жалғастыруға тура келеді.

Қолөнер халық өмірімен, тұрмысымен бірге жетіліп, біте қайнасқан өміршең өнер. Адамзат дамуының қайсысында болмасын, қоғаммен бірге дамыған қолөнер әр дәуірге өзінің өшпес ізін қалдырып, әлеуметтік көркем жағынан дәуір тынысын қалт жібермей әсерін тигізіп отырған. Қолөнер дүниежүзінің барлық халқына тән. Бұл – халық қазынасы, ғасырлар мұрасы. Соған орай әр елдің, әр халықтың тарихи дамуына байланысты қолөнері өзіндік ерекшелігі мен эстетикалық талғамына байланысты қолөнері өзіндік ерекшелігімен халық өміріне өшпес із қалдырып отырған. Халқымыздың қолөнерінен туған асыл мұраларын әр оқушыға саналы түрде жеткізуге, оның сырын ұқтыруға, түсіндіруге, терең зерттеуге, одан әсер алуға, қазіргі заман талабына сай көркем шығармашылықпен дамытуға тиістіміз. Халықтың мәдени дәрежесі өскен сайын тұтыну бұйымдары мен жабдықтары талапқа сай әдемілене, әшекейлене түсуде. Оны күнделікті өмірде қазіргі қолөнер туындыларынан көріп жүрміз.Бұдан қолөнеріміз ежелгі маңызын жойды, ендігі жерде онымен шұғылданудың қажеті жоқ деген ой туындауы керек. Қайта халық қолөнерінің бай мұрасын жинап сұрыптай отырып, заманымызға лайықты сапа, түр беріп, оларды ілгері дамытуымыз тиіс. Мектеп сабағын көркем еңбек ұйымдастыруда қазақтың халықтық қолөнері саласының біраз түріне тоқталып өтуді жөн көрдік. Олар: ою-өрнектердің түрлері, олардың атауларымен қолданылатын орындары, өрнектердің түрленіп даму тарихы мен кейбір өрнек әуендерінің үлгісі.

"Жаратылыс жалғыз емес, уақыт өтпей" - дейді халық даналығы. Қарап отырсақ, көңіл-күй де, талғам да, әдет-ғұрып та өзгереді. Сән дегеніміз күнде өзгеріп отыратын нәрсе. Мысалы, бүгін ұзын, ертең қысқа, бүгін тар, ертең кең деген сияқты. Ал, қолөнер саласы сән бағытына, талғамына көбіне бағына бермейді. Қолөнердің өзіне тән әлемі, қоршаған ортасы, өзіндік күші бар, ол ешқандай өтпелі құндылықтарға бағынбайды. Өзіне деген тыныштық пен сенім бізге белгілі бір дағдылар мен икемдерге жеткізеді. Көптеген адамдар ең алғаш қолөнермен айналыса бастаған кезде, белгілі бір материалды өңдеумен, зерттеумен айналыса бастайды.

Көркем шығармашылықпен айналысуға деген қажеттілік біз үшін бір абсолютті қажеттілікпен емес, ол қолөнершінің қолының жылуы мен жан-тәнінің сезімі сақталған туындысын өнеркәсіптің жалпылай бір текті салқын өнімдеріне қарсы қою, тілегінен келіп шыққан.

Бұл салыстыру егер бір белгілі шығармашылық биіктерге, жетістіктерге жеткенде ғана тиімді болады және өзін-өзі ақтайды. Шығармашылық белес деп біз мыналарды айтамыз: ритм заңдылықтарын түсініп білу үшін қажетті білім мен түсінік, оюлар мен өрнектерді орналастыра білу, бүтін бір бұйымда тепе-теңдікті сақтау. Сондықтан да біз өмір бойы оқып үйренуге тиіспіз. Сонымен, қорыта келгенде, жасөспірімдерге көркем қолөнердің берер ықпалы өте зор. Мектеп бағдарламасына сәйкес қолөнердің әр түрін үйретудің өзіндік орны бар. Бүгінгі күнде тәуелсіздігіміздің арқасында ата-баба дәстүрі жалғасын табуда. Оқушылар қолынан шыққан бұйымдарды көріп, ата-баба дәстүрі жаңарып жалғасуда. "Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға", - деп қазақ халқының ұлы, кемеңгер, данышпан ақыны Абай айтқандай, зерек те, іскер бес саусағынан өнер таматын шәкірттерді оқытуға, үйретуге біз, ұстаздар, әрқашан да дайынбыз. Бабаларымыздан жеткен асыл мұраны шаң басқан жерінен сілкіп, тот басқан бетін ашып, кейінгі ұрпаққа жеткізетін кез жетті деп ойлаймыз.

Ұстаздық - ұлы ұғым, сондықтан ұлттық мектептің ұлы мұратын ұмытпай, бойымыздағы білімімізді, ұрпақтан ұрпаққа жалғастыру міндетіміз.

**ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Адамқұлов Н.М. Қолөнер бұйымдарын жобалау негіздері. - А., 2007 ж.
2. Нурке М.С. Жүн бұйымдарының технологиясы. – Алматы, 2007.
3. Жәнібеков Ө. Қазақ киімі. – Алматы: Өнер, 1996 ж.

# МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІНДЕ ҚОЛӨНЕРДІ ОҚЫТУҒА ДАЯРЛАУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

**Нұржанова Кәмшәт Жақсылыққызы**
Түркістан облысы, Түркістан қаласы,
«Әл-Фараби атындағы №10 жалпы білім беретін мектеп" КММ
көркем еңбек пәні мұғалімі

***Резюме***

*В данной статье рассматривается современное состояние подготовки учащихся школ к обучению рукоделию по предмету художественного труда*

***Summary***

*This article examines the current state of preparation of school students for needlework training in the subject of artistic work.*

Қазақстан Республикасының білім стандарттары мен тұжырымдамаларының жарық көруі, осыған орай мектеп бағдарламаларында болып жатқан өзгерістер, соған сәйкес қолданысқа енген жаңа оқулықтар, оқушыларды дамыту мен шығармашылыққа жетелеуді міндеттеуі, болашақ маман дайындау ісіне жауапкершілікпен қарауды талап етеді. Осыған орай «Көркем еңбек» пәні мұғалімдерінің кәсіби шеберліктерін жоғары деңгейде болуына қойылатын талаптар да күшейді.

Мектептердегі қолөнерді оқыту үрдісі мұғалімнің басшылығымен жүргізіледі. Оның қызметінің мақсаты оқушылардың белсенді, саналы, танымды қызметін басқару болып саналады. Мұғалім оқушыларға бірте-бірте күрделі талаптар қояды, соның арқасында баланың танымдық ойының ілгерлеу қозғалысын қамтамасыз етеді. Мұғалім оқытудың табысты өтуіне жағдай жасайды, соның көмегі арқасында мазмұн оқушының игілігіне айналатындай әр түрлі әдістерді пайдаланады.

Бүгінгі таңда жалпы білім беретін мектептерде қолөнерді оқытуда, бірақ осы пәнді өз деңгейінде жүргізетін теориялық, практикалық және пәнді жүргізудің әдістемесін меңгерген мұғалім жоқтың қасы. Болашақ технология мұғалімдерін қолөнерді оқытуға дайындау шеберлігін қалыптастыратын теориялық және практикалық біліммен оны оқытудың әдістемесін меңгерудің маңызы зор. Сондықтан кәсіптік білім мамандығы бойынша білім беретін жоғары оқу орындарында жалпы «Қолөнер пәнін оқудың әдістемесі» атты элективті курсты енгізетін болсақ, нәтижесінде мектептегі қолөнерде көркемдік-эстетикалық білімді жан-жақты үгіттей білетін, жалпы мәдени және көркемдік ой-өрісі кең, көркемдік талғамы, эстетикалық мәдениеті биік мұғалім қалыптасады.

Қолөнер пәні графиканы, кескіндемені, сәндік қолөнерді, монументалдық өнерді, мүсінді зерттеу т.б. бағыттарын қамтиды. Өнер тарихы пәні лекция және пікір алысу сабақтарының түріне жатады. Жалпы білім беретін мектептерде қолөнерді оқудың әдістемесі пәнінде оқушыларға лекция сабақтарының өтілу әдістерін, сабақ жүргізудің әртүрлі формалары, сабақ материалын түсіндіру (лекция, әңгіме), оқушылар баяндамасы, коллоквиумдер, оқушылардың рефераттары, ауызша және жазбаша талдаулар, көркемөнер қайраткерлерімен кездесу, жергілікті өлкетану мұражайларымен, шеберханаларды аралау арқылы түпнұсқалармен тікелей таныстырудың әдістерін үйрете отырып, оушыларға үлгілі сабақтар жүргізеді. Оқушылардың әртүрлі формада өткізетін сабағына байланысты күнтізбелік жоспарларын әзірлейді және бекітілген тақырып бойынша күнделікті сабақ жоспарын және көрнекілігін дайындайды. Көрнекілікті пайдалана білу, қолөнердің түрлері мен жанрлары, әжелердің шығармаларының иллюстрация материалдарын көбірек талдау арқылы өнертанымдық білімдері қалыптасады.

Оқушыларды тақырыптар бойынша лекция жазуға, атап айтқанда: конспект жазудың тәсілдерін, жалпылама қолданылатын қысқартулар мен белгілеулерді көрсету, лекция материалдарын толықтыруға, керекті сызбаларды, кестелерді пайдалануға үйретудің әдістері, иллюстрацияны талдауға, көркем шығармамен өз бетінше жұмыс істеуге үйретеміз. Көрнекілік әзірлеу, пайдалану әдістерінің шарттары мыналар;

а) қолөнеріндегі қолданылатын көрнекілік оқушының жасына сәйкес болуы;
б) иллюстрацияны көрсеткенде басты, маңызды жақтарын бөліп көрсету;
в) көрсетілетін көрнекілік материалдың мазмұнымен сәйкес болуы;

Сонымен қатар оқушыларға сабақ барысында көрнекілікті шектеулі пайдалануы керектігі және оны бірте-бірте тек сабақтың қажет сәтінде көрсетуін үйрету.

Оқушыларға қолөнерін үйретуге дайындау әдістемесі пәнінен лекция сабақтары мен семинар

сабақтары қатар жүргізіледі. Болашақ технология мұғалімдеріне қолөнер пәнінде семинар сабақтарының өтілу әдістерін семинар сабақтарында оқушылардың әр ақпараттарға терең талдау жасауын және дәл баға беруін, оны оқушыларға өз бетінше атқаруға үйретуге мүмкіндік туғызудың жолдарын қарастырамыз. Егер лекцияда жетекші рольді мұғалім атқарса, семинарда жетекші рольді оқушылар атқарады.

Болашақ технология пәні мұғалімнің кәсіби дайындығы педагогикалық оқу орнында аяқталмайды, ол кәсіби қызметтің барлық кезеңі бойына жалғасады. Мұғалімнің кәсіби білімінің үздіксіздігі оның шығармашылық қабілеті дамуының, оның қызметінің интегративті элементі және жеке педагогикалық тәжірибесінің әрдайым дамуының алғы шарты болып табылады, олар;

- орта және жоғары оқу орындарындағы қолөнер тарихы курсының ғылыми және психология-педагогикалық негізінің құрылымы мен мазмұны;
- қолөнер пәнін оқытудың принциптері мен әдістері;
- пән бойынша бейнелі күнтізбелік, тақырыптық күнтізбелік және сабақ жоспарларының жасалуы;
- сабақта көрнекіліктерді пайдалана білу;
- иллюстрация материалдарын талдай білу;
- қолөнер пәні сабақтарында ойын-тапсырмаларын пайдалана білуі;
- сәндік қолөнерінің түрлері мен жанры тақырыбында шығармашылық көрмелер ұйымдастыра білу;
- оқушылардың білімдерін бағалай білу;
- өзінің өткізген сабақтарын талдай білу;
- әлеуметтік-эстетикалық компоненттілік - қолөнердің өнегелі және эстетикалық құндылықтарын ажырата білу,
- өнер шығармаларына эстетикалық көзқарасын қалыптастыру;
- қабылдау және оның ерекшеліктері мен қайталанбастығын бағалай білу; Практикалық немесе оқушылардың өзіндік жұмыстарында:
- оқушылар және жеткіншектермен оқу-тәрбие жұмысын жүргізуде бақылау, талдау шеберліктерін игерту;
- оқушылардың жас ерекшеліктері мен жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу- тәрбие жұмысын жоспарлауды үйрету;
- әр алуан типті сабақтарды әртүрлі әдістерді қолдану арқылы оқушылардың танымдық қызметін дамытуға арналған сабақтар өткізуге дайындау;
- ұжым оқушылармен сынып жетекшісі функцияларын тиянақты орындауға, оқушылармен жеке оқу-тәрбие жұмысын жүргізуді үйрету;
- педагогикалық қызметке шығармашылықпен, зерттеушілікпен келуін дамыту, өз еңбектерін талдау дағдыларын дамыту, өз білімдерін жетілдіру қажеттігін дамыту.

Біріншіден, оқушыларды қолөнер пәнін оқытуға дайындауда білімділікке емес, алған білімін өмірдегі кездесетін жағдайларды шешуде пайдалана алатындай етіп дайындау, оның функционалдық сауатының қажетті деңгейде болуына басымдық берілуі керек. Екіншіден, жаңа технология ретінде сабақ үрдісінде оқушылардың өзара белсенділігін арттыру (интерактивті) әдісін жетілдіре және оның формаларын түрлендіре отырып, мұғалімдер арасына тарату, педагогикалық жүйедегі жұмыстарды іске асыруда тыңғылықты жүргізу керек.

Оқушыларды қолөнер пәнін оқытуға дайындау әдістемесінде мұғалімінің шеберлігін қалыптастырудың тағы бір тиімді жолы ол педагогикалық іс-тәжірибеден өтуі.

## ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Адамкулов Н. М. Саз аспаптар тарихы. - Алматы, 2006. - 48 бет.
2. Оспанов Б.Е., Адамқұлов Н.М. Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі. – Алматы, 2010.- ж. 168 бет.
3. Тарақты Ақселеу қазақтың ұлы күйшілері. – Алматы: Өнер, 2000 жыл. - 8-11 бет.
4. Ақтаев С. Н. Адамкулов Н. М. Қазақ фольклорының лұғаты. - Алматы, 2008 жыл, 298 бет.
5. Шаңырақ Үй тұрмысына арналған энциклопедия. – Алматы:Өнер,1990 жыл. - 814 бет.

# ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕРІН ПАЙДАЛАНУ

**Карымбекова Балжан Сейтановна.**
Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы
"Абай" жалпы білім беретін мектеп" КММ
Бастауыш сынып мұғалімі. Магистрі

***Резюме***

*В данной статье рассматривается использование интерактивных методов обучения в начальных классах .*

***Summary***

*This article discusses the use of interactive learning methods in elementary grades.*

Соңғы жылдары заман ағымына сай күнделікті сабаққа компьютер, электрондық оқулық, интерактивті тақта қолдану жақсы нәтиже беруде. Білім беру жүйесі электрондық байланыс, ақпарат алмасу, интернет, электрондық пошта, телеконференция, On-line сабақтар арқылы іске асырылуда. Жаңа ақпараттық технологияның негізгі ерекшелігі – бұл оқушыларға өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, өз өзіне сын көзбен қарауына және жеткен жетістігінен ләззат алуға мүмкіндік береді.

Елімізде білім саласында білім берудің ескі мазмұнының орнына жаңасы келуде. Ол балаға оқу қызметінің субъектісі ретінде, өзін-өзі өзектілендіру, өзін танытуға және өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылатын дамушы тұлға ретінде бағыттталған. Бұл педагогикалық үрдістің маңызды құрамы оқу ісіндегі субъектілер – оқытушы мен оқушының тұлғалық-бағытталған өзара әрекеті болып табылады.

Педагогика ғылымының бір ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологиясының пайда болуы. Ал бастауыш сынып мұғалімі — қиындығы мен қызығы тең түсетін мамандық. Бұл жұмыста жақсы нәтижеге әрбір шәкірттің жүрегіне жол тауып, оларды жеке тұлға ретінде толық зерттегенде ғана қол жеткізе аласың. Мектепте балаларға жүрек жылуын беріп, оларды білім нәрімен сусындатып жүрген әрбір бастауыш сынып мұғаліміне қойылатын қазіргі таңдағы талап өте үлкен болып отыр. Бастауыш сынып мұғалімі өзінің инновациялық іс-әрекетін қалыптастырып, оны меңгеріп, сол жаңа педагогикалық технологияларды оқу-тәрбие үрдісінде жүйелі пайдалану арқылы оқушының білім сапасын арттыруы қажет.

Ғалымдарымыз оқу-тәрбие үрдісіне жаңа педагогикалық технологияларды ендірудің алғашқы шарты мұғалімнің инновациялық іс-әрекетін қалыптастыру болып табылатындығын атап өтеді. Жаңа технологияны меңгерген әрбір мұғалім өз сабағын оң нәтижеде көре алатынына ешкім шүбә келтірмес. Өйткені мұғалім алғаш жаңа педагогикалық технологияларды оқып үйренеді, екіншіден меңгереді, үшіншіден жаңа педагогикалық технологияларды тәжірибеде қолданады, төртіншіден, оны дамытып нәтижесін тексереді. Қазіргі таңда қазақ тілін оқытуда қолданылатын, оқушының оқу белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретін оқытудың интерактив әдістері туралы сөз болып отыр. «Интерактив» сөзі ағылшынның «interact» («inter» - бірлесіп, «act» - әрекет ету) деген сөзінен кірген. «Интеро» - іс-әрекеттегі субъектінің өзара белсенділігі, сайып келгенде интерактивті модульдік оқыту технологиясы негізінде тіл дамыту арқылы оқушыны жеке тұлға ретінде қалыптастыру.

Бастауыш сынып мұғалімінің алға қойған мақсаты да оқушыларға аталған технология негізінде тілдік орта құрай отырып, тіл дамыту арқылы жеке тұлға қалыптастыру еді.

Тілді оқытудағы ортаның ықпалы мәселені теориялық қана емес, сонымен қатар маңызды практикалық та мәселе. Егерде орта қатысушылары үшін маңыздырақ болса, онда сөйлесу ортасының потенциалы артады. Львовтың пікірінше, тілдік орта – бұл баланың, үлкеннің табиғи жағдайда қабылдайтын сөзі: отбасы мүшелерімен, достарымен, таныстарымен сөйлесу, радио мен теледидар тілі, оқылған газет тілі және т.б. қабылданған сөз сапасы сөйлеу ортасының потенциалының дамуын анықтайды. Басқа сөзбен айтсақ, тілдік орта – бұл субъектінің сөйлесуге икемдену мен білім сіңіру ортасы. Л.П.Федоренконың пайымдауынша, тілдік ортаның дамып келе жатқан мүмкіндіктері оны тілдік тұлғаның назарына қандай тілдік және сөйлесу материалын ұсынып отырғанымен, тілдік әрекет қандай өлшеммен ынталандырылған және бұл әрекет қаншалықты орынды ұйымдастырылғанымен анықталады.

Ғалымдардың пайымдауынша, тілдік орта екі түрде келеді: табиғи және жасанды, оқушының тілінің дамуы үшін арнайы ұйымдастырылған орта. Тілдік ортада (жасанды) оқыту – педагогикалық жағдайды қалыптастыруға арнайы ұйымдастырылған орта; ақпаратты-тілдік кеңістікті бірдей бейнелейтін; оқушылардың нақты тіл аймағында алатын білімі мен дағдыларына бағытталған орта.

Тілдік орта әр түрлі қызметтер атқарады. Олардың әрбіреуіне шағын сипаттама беретін болсақ: мотивациялық (түрткілік) қызмет сабақ үстінде табиғи тілдік әрекет пен оқытуға түрткі тудыруға мүмкіндік береді; коммуникативтік (қарым-қатынастық) – оқушылардың өзара тілдік әрекетке түсуін, белсенді қарым-қатынас қабілеттерін құруды қамтамасыз етеді; акселеративтік қызмет тілді меңгеру үрдісін жылдамдатады және жеңілдетеді; ақпараттық қызмет елтаным, лингвоелтанымдық, тілдік ақпараттар құралы қызмет ету қабілеті ретінде түсініледі; түзетуші – берілген орта үлгісімен салыстыру негізінде білімді түзетуге мүмкіндік береді; элиминативтік - әр түрлі психологиялық кедергілерді жоюға көмектеседі; белсенділендіру – тілдік білімді сіңіруге және оқушылардың қарым-қатынасқа бейімділігін қамтамасыз етеді.

Ғалымдардың тәжірибесі көрсетіп отырғандай, қазақ тілі сабақтарында тілдік орта қалыптастыру, берілген қызметтерді орындау – жеткілікті қиын мәселе, жеке әдістемеден емес, оқу үрдісін ұйымдастыру тұтас жүйесіне айналдыруды орындаудағы шешім.

Оқу модулінің сөйлесу бөлімінде оқушылардың танымдық қызметі әрбір оқушының әр сабақта үш күрделілік деңгейде берілген оқу материалын тыңдау, жазу, көру және айту мүмкіндігі болатындай етіп құрылған.

Оқытуды ойын түрінде ұйымдастыру және әр түрлі белсенді формаларды (топтық, топтық-жеке және жұппен жұмыс, диспуттар, пікірталастар) қолдану – оқытудың міндетті шарты болып табылады. Сөйлесу бөлімінде алғашында оқу материалын қайта жаңғырту және қарапайым білік пен дағды қалыптастыру мақсатында, кейіннен – алынған білімді талдау, жинақтау және бағалау мақсатында оқытудың белсенді формалары қолданылады. Дегенмен, жеке тұлғаның танымдық үрдістерін дамыту мен жеке тұлғаның белсенді сөздік қоры (ауызша және жазбаша) ерекше орын алары сөзсіз. Өйткені оқушының танымдық үрдістерін дамыта отырып, белсенді сөздік қорын ауызша және жазбаша белсенділендірсе тіл дамыту арқылы жеке тұлға қалыптастыру мәселесі бірден-бір шешіледі. Осы уақытқа дейін қазақ тілі сабақтарында М.Жанпейісованың модульдік технология әдістерінің элементтерін қолданған мұғалімдер тәжірибесін білеміз. Ендігі кезекте, интерактивті модульдік технология негізінде тілді дамыту арқылы жеке тұлғаны қалыптастырудағы эксперименталдық-тәжірибелік жол.

Қорытындылай келгенде, модульдік интерактивті оқытудың педагогикалық-психологиялық негізі – баланың психологиясын зерттеуден басталады. Бұл технология бірінші орынға білім-білік дағдысын емес, баланың білім арқылы жеке тұлға ретінде дамуын қояды, ал біздің жағдайымызда, технология негізінде тіл дамыту жұмыстары арқылы жеке тұлға қалыптастыру.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Жанпейісова М.М. Модулдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде (Аударған Д.А.Қойшыбекова) – Алматы, 2002. – 180 б.

## БАСТАУЫШ СЫНЫПТА БЕЛСЕНДІ ОҚУДЫ ҚОЛДАУ

**Бектурсынова Раушан Токмахамбетовна**
Түркістан облысы, Арыс қаласы «Адами әлеуетті дамыту бөлімінің
С. Адамбеков атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ
бастауыш сынып мұғалімі

***Резюме***

*В данной статье рассматривается использование интерактивных методов обучения в начальных классах.*

***Summary***

*This article discusses the use of interactive learning methods in elementary grades.*

Қазақстан әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті отыз елдің қатарына енуі үшін: білімді де зерделі, жан-жақты дамыған дарынды, қабілетті ұрпақ ұрпақ керек. Бүкіл әлемде білім беру жүйелерінің келешек ұрпаққа қандай білім беретіні туралы мәселе қайта қаралуда. «Балалар XXI ғасырда табысты болу үшін нені үйрену керек?, «Оқытудың тиімді дістері қандай? Деген сияқты негізгі сұрақтарға жауап іздеуіміз қажет. Бұл сауалдың жауабы жаңартылған білім беру бағдарламасын жүзеге асырудағы қолданатын педагогикалық тәсілдермен тығыз байланысты. Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдары «қалай білім алу керектігін білетін, дербес,

ынталы, қызығушылығы жоғары, сенімді, жауапты, ой-өрісі дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған қағиданы ұстануда.

Қазіргі кезде Қазақстанда жаһандық проблемаларға жауап бере алатындай деңгейде ұлттық мнмтіндегі жұмыстар жүргізілуде. Білім беру бағдарламасындағы ұлттық стандарттарға, бағалауға, оқулықтар мен оқыту әдістеріне қатысты білім беру саласындағы құндылықтар мен оқу мақсаттары мектеп оқушыларының жалпы үлгерімін арттырады, дағдыларды дамытады.

Бұл оқушылардың оқылым, жазылым, айтылым, проблемаларды шешу, ғылыми-зерттеу жүргіэзу жне анықтамалылық материалдарды зерделеумен байланысты дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Жаңаша білім беру жүйэесіэнде белсенді оқытудың әдістері жеке тұлғаның қалыптасуына маңызы зор. Оқытудың белсенді әдістері – оқу материалын игеру үдерісінде оқушыларды белсенді ойлау және тәжірибелік әрекетке итермелейтін әдістер. Белсенді оқу мұғалімнің дайын білімдерді баяндауына, оларды есте сақтауы мен жаңғыртуына емес, оқушылардың белсенді ойлау және тәжірибелік әрекет үдерісінде өз бетінше білімдер мен біліктерді меңгеруіне бағытталған әдістер жүйесін пайдалануды білдіреді.

Белсенді оқыту әдістерінің ерекшеліктері тәжірибелік және ойлау әрекетінің негізінде. Онсыз білімдерді игеруде алға жылжушылық болмайды. Оқытудың белсенді әдістерінің пайда болуы және дамуы оқытудың алдына оқушыларға білім ғана беріп қоймай, танымдық қызығушылықтар мен қабілеттердің, шығармашылық ойлаудың, өз бетінше ақыл-ой еңбегінің қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз ету т.б. жаңа міндеттер қойылуымен байланысты.

Белсенді оқыту мен оқу әдістерін таңдау, пайдалану және әзірлеу – оңай жұмыс емес, өйткені мұғалімдерге қандай да бір тәсілді қолданардың алдында көптеген сұрақтар туындайды. Мысалы: белсенді оқыту мен оқудың белгілі бір әдісін пайдаланардың алдында мұғалімдер өздеріне әртүрлі сұрақтар қойып, өзінің үдерістегі ролі мен іс-қимылын ұдайы ойластырып отыруы керек. Белсенді оқу тәсілі жаңа білімді бұған дейінгі біліммен байланыстырады. Қателіктер бізге өзімізді тексеріп, түсінігімізді жетілдіруге жол ашып, нәтижесінде терең білім мен көзқарасты өзгертеді. Белсенді оқуда өз тәжірибесінің негізінде үйреніп, оқушыларға эксперимент жасап, мәнін ұғынып, түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мұғалім одан әрі оқу мақсатына жетуге ұмтылған білім алушылардың іс-әрекетін бақылауы және қосымша сұрақтар қоюы тиіс:

Бұл туралы не ойлайсыздар?

Сіздің топта не талқыланғаны туралы түсінік бере аласыз ба?

Сіздің ойыңызша бұдан әрі не болады?

Неге олай болды деп ойлайсыз?

Неліктен қажет? т.б. сұрақтар қоюға болады.

Міне, сол мақсатта дайындалған «белсенді оқу» әдістері арқылы әзірленген оқу мақсаттарының және білім беру бағдарламасының жобаға еніп, ұстаздар қауымына жаңартылған білім беру бағытымен танысу, жаңа серпіліс берді.

Белсенді оқу әдістері арқылы әзірленген оқу мақсаттарының және білім беру бағдарламасының бірізділігі, белгілі бір жүйелі білім беру бағытын көздейді. Бұл белсенді оқыту стратегияларының құрамына мыналар кіреді: «оқушылардың зерттеу іс-әрекеттерінің негізінде белсенді оқуға ынталандыру», «оқушылардың жеке, топтық және тұтас сыныптық жұмыс түрлерін ұйымдастыру», «оқу үшін бағалау» қағидаты бойынша оқуға қолдау көрсету».

Белсенді оқу оқушылардың бойында бұл қасиеттерді түрлі әдіс-тәсілдер арқылы қалыптастырады және дамытады. Олар: оқушының жеке пікірін тыңдау;

- оқушыларды мұқият іріктелген шығармашылық және логикалық оқу тапсырмалары арқылы ынталандыру;
- оқушылардың оқу мақсаттарына қол жеткізуі үшін тиімді әдіс-тәсілдерді ұсыну және үлгісін көрсету;
- әртүрлі стиль мен жанрдағы жазба жұмыстардың үлгісін қолдану (мұғалім алдын ала модельдер мен үлгілер беру арқылы жазба жұмыстарын орындауды үйретеді);
- оқушылардың білім алуына «оқу үшін бағалау» және «оқуды бағалау» арқылы қолдау көрсету;

Баланы қандай болмасын әрекетке итермелейтін негізгі қозғаушы күш мотив – оның түрлі қажеттері, яғни бір нәрсеге мұқтаждануы. «Қажеттілік дегеніміз, - З.Ковалев, - өмір мен дамудың белгілі бір жағдайларында адамның міндетті түрде керек ететін мұқтаждықтары. Қажеттіліктер ағзаның ішкі ортасының немесе өмірдің сыртқы жағдайларының тұрақты талаптарын

бейнелейді». «Адамның санасы да, тілі де қажеттіліктен пайда болған. Егер адамдарда мұқтаждық болмаса, тіл де, сана да болмас еді», - дейді академик Т. Тажібаев. (1999, 98)

Мұғалімдер оқушыларды белсенді ету үшін қажетсінуді тудыру қажет. Оқу мақсаты бойынша түрлі ситуация тудырып, ойлануға мәжбүр ететін арнайы әрекеттер жасау керек. Мысалы: Сабақта мұғалім оқушыларға етістікті қатыстырып сөйлем құрауды тапсырды. Олар сөйлем ойлап табады. Сұраққа жауап бергенімен, тапсырманы өте енжар, ешбір қызығусыз орындайды. Көбісінің зерігіп отырғаны байқалады. Неге бұлай? Себебі мұғалім сабақта барлық бала ойлана алатындай ситуация құра алған жоқ.

Қорыта айтқанда, белсенді оқудың тиімділігі оқушылардың сыни тұрғыдан және ойлау дағдыларын қалыптастырады, олардың кез келген ортада тілдік шектеуді сезінбей, өзін еркін ұстауына мүмкіндік туғызады. Белсенді оқу арқылы оқушылардың танымдық дағдылары дамып артады. Кез келген материалмен жұмыс жасауда қорытынды шығару және есте сақтауға оқушылардың сабақ мақсатына сай не үйренгенін түйіндеу мен түсінгенін анықтау мен қате түсінген жағдайда түзету; оқушыларды өз жұмыстарымен таныстырып, өз идеяларын ұсынуға шақыруға көмектеседі.

**Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Мектептегі шет тілі. Республикалық әдістемелік-педагогикалық журнал. №4 (22), 2006ж..

## МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ЖАН ҚУАТТАРЫНЫҢ ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

**Давлетова Улбиби Айповна**
Түркісьан облысы, Түркістан қаласы,
Нұр-Айым бөбекжай-балабақшасының педагог-психологі

***Резюме***
*В статье рассматривается развитие познавательных процессов детей дошкольного возраста*
***Summary***
*The article examines the development of cognitive processes in preschool children*

Қазіргі таңда мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық жан қуаттарын дамыту басты мәселе болып отырғаны баршамызға белгілі жайт. Осы тұрғыда айталық психологтардың зерттеулері бойынша, 5 (бес) жасар бала 88(сексен сегіз) пайыз қабылдайды десек, білімнің басты қалануы да, осы мектеп жасындағы кезеңде екені айтпаса да түсінікті. Алайда, Отандық ғалым Ә.Жүнісбековтің әдісі мектеп жасына дейінгі балалар өмірінде айтарлықтай маңызды орынға ие екені баршамызға мәлім.

Мектеп жасына дейінгі баланың есі негізінен ықтиярсыз сипатта болады. Бұл бала көбіне өзінің алдына бір нәрсені есінде қалдыру үшін саналы мақсаттарды қоймайтындығын көрсетеді. Есте сақтау мен еске түсіру баланың еркі мен санасына байланысты өтеді. Бұл екеуі де іс-әрекет арқылы жүзеге асады әрі іс-әрекеттің сипатына байланысты болады. Бала іс-әрекетте неге зейін қойса, оған не әсер етсе, не қызық болса, соны ғана есінде сақтайды. Заттарды, картиналарды, сөздерді ықтиярсыз есте сақтаудың сапасы, баланың осыларға қаншалықты әсерлі іс-әрекет істеуіне іс-әрекет процесінде оларды егжей-тегжейлі қабылдау, ойластыру, топтастыру қандай дәрежеде өтетіндігіне байланысты. Мысалы, суреттерді жай ғана қарап шыққанда оларды баланың есінде сақтау анағұрлым нашар балады, ал осы суреттерді, өз орындарына, мысалы, бақшаға, ас үйге, балалар бөлмесіне, қораға дәл келетін жеке заттарды қою ұсынылғанда бала оларды есінде жақсы сақтайды. Ықтиярсыз есте сақтау баланың орындайтын қабылдау және іс-әрекеттерінің жанама қосымша нәтижесі болып табылады. Мектепке дейінгі жастағылардың ықтиярсыз есте сақтауы мен ықтиярсыз еске түсіруі – ес жұмысының бірден-бір түрі. Бала бірдеңені есте сақтау немесе еске түсіру жөнінде алдына әлі мақсат қояды, ал бұл үшін арнаулы тәсілдерді қолдануды білмейді. Мысалы, үш жастағы балаларға суреттер тобының біреуін сұрағанда балалардың басым көпшілігі өзін мүлде бірдей ұстады. Суретке көз жүгіртіп өткеннен кейін бала оны шетке ығыстырып қойып, үлкен адамнан басқа суретті көрсетуді сұрады. Кейбір балалар бейнеленген

заттар жөнінде әңгімелеп беруге тырысты, суретке байланысты өткен тәжірибенің жағдайларын еске түсірді («Көзілдірікті көзге киеді. Мынау- көбелек, құрт деп аталады». Мен, анам және әкем- үшеуіміз үлкен қарбыз сатып алғанбыз, алқоры одан әлдеқайда кіші», тағы осындайлар). Әйтсе де есте сақтауға бағытталған балалардың ешбір іс-әрекеттері байқалмады .

В.С.Мухинаның пікірінше есте сақтау мен еске түсірудің ықтиярлы формалары мектепке дейінгі естияр шақта қалыптаса бастайды және мектепке дейінгі ересектерде жетіледі. Ықтиярлы есте сақтау мен еске түсіруді меңгерудің неғұрлым қолайлы шарттары ойын үстінде жасалады, бала өзіне алған рольді жақсы орындап шығу есте сақтау шарты болған кезде жасалады. Мысалы, сатып алушының ролін алған бала дүкеннен белгілі заттарды сатып алу жөніндегі тапсырманы орындаушы ретіндегі баланың есте сақтайтын сөздерінің саны үлкен адамның тікелей талабы бойынша есінде сақтауға тиісті сөздерден көп болып шығады. В.С.Мухинаның пайымдауынша, есте сақтау мен еске түсірудің жолдарын бала өз ойынан шығара алмайды. Ондай жолдарды белгілі түрде баланың есіне үлкендер салады. Мысалы, үлкен адам балаға тапсырма бергенде оған осы арада дәл оны қайталап беруді талап етеді. Үлкен адам баладан бір нәрсе сұрағанда, оның еске түсіруіне бағыт береді: «Сосын не болады?», «Жылқыға ұқсас сен тағы қандай жануарларды көрдің?» Тағы сол сияқты. Бала біртіндеп қайталай білуге, түсіне білуге, материалды есте сақтау мақсатында байланыстыра білуге, еске түсіргенде байланыстарды пайдалана білуге үйренеді. Мектеп жасына дейінгі балалардың кейбіреулерінде эйдетикалық ес деп аталатын көру есінің ерекше түрі байқалады. өзінің айқындығы мен дәлдігі жағынан эйдетикалық естің бейнелеріне жуықтайды: бұрын қабылданған бір нәрсені есіне түсірген бала соны көз алдына қайтадан көріп тұрғандай болады.

Сондай-ақ мектепке дейінгі балалардың ойлау үрдісіне тоқталсақ, ойлау – тіл дамуы және ғылыми ұғымдарды меңгеру бірлігінде дамиды. Баланың сау психикасының ерекшелігі – танымдық белсенділігі. Ойлау – сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының байланыс қатынастарының адам миында жалпылай және жанама түрде сөз арқылы бейнеленуі. Ақыл-ой жағынан бала қаншалықты пәрменді болса, ол сонша көп сұрақтар қояды және оның сұрақтары соншалықты алуан түрлі болады. Бала заттың бейнесін ғана емес, оның қимыл-қозғалыстары туралы да ойлайды. Бейнелі ойлау – 6 жасар бала ойлауының негізгі түрі. Әрине, ол жекелеген жағдайларға логикалық ойлауды да орындай алады, бірақ та бұл жаста көрнекілікке сүйенген оқыту басымырақ болады. Мұның өзі осы жастағы балалардың естері еріксіз жақсы дамиды. Ерікті естері жаңа ғана қалыптасады. Сондықтан жақсы қабылдап алған заттардың түсін есінде жақсы сақтайды. Көру және есту елестері көрген нәрселердің мазмұнымен байланысты болады.Мектепке түсу балалардың логикалық есін дамытуда үлкен роль атқарады. Оқушылардың есін тәрбиелеуде де мұғалім олардың жас және дара ерекшеліктерін ескере отырып, жұмыс жүргізеді. Кіші мектеп жасындағы балаларды оқу тәсілін өз бетімен таңдап ала алмайтындықтан мұғалім үйге тапсырма бергенде, материалды қалай оқу керектігін балаларға ұдайы ескертуі керек. Бұл жөнінде оқулықтардың бәрінде мәтінді қалай оқу, тапсырманы қалай орындау керектігі айтылған. Бірақ баланың назары кейде бұған жөнді түсе қоймайды. Мұғалім мұны қатты ескерген жөн.

Сайып келгенде, өз ойымызды тұжырымдай келе, ойын іс-әрекетінің шегінен шыққан соң олар баланың бүкіл мінез-құлқын әрлендіріп, мектепке дейінгі балалық шақтың өзіне тән қайталанбас ерекшеліктерін жасайды. Бала кез келген істі ойынға айналдыра алады. Кей уақытта және өте жиі ересектерге бала бір маңызды еңбекпен шұғылданған немесе бір нәрсені ден қойып үйреніп жатқан сияқты болып көрінеді, ал шындығында бір жағдайды елестетіп ойнап отырады. 5-6 жасар баланың мінез-құлқында ересектермен және өзге балалармен жақсы өзара қарым-қатынас орнату және сақтау мотивтерінің үлкен мәні бар.

Жалпы қорытындылай келе, мектепалды даярлық топтарындағы балалардың психологиялық ерекшелігін ескере келе, дамудағы әрбір кезеңіне аса жауапкершілік танытып, жас өскелең ұрпақты тәрбиелеуде қырағылық танытайық дегім келеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Айтимова Б.С. Попутного ветра в наши паруса: Беседа с министром образования и науки РК Б.С.Айтимовой. Записал С.-Г.Байменов Столичное образование. 2006.

# ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ МӘНІ, МАЗМҰНЫ, ҚҰРЫЛЫМЫ

**Таскинова Шолпан Курбаналиевна**
Түркістан облысы Қазығұрт ауданы "Абай"жалпы білім беретін мектеп"КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

***Резюме***

*В данной статье рассматривается пути повышения познавательной активности учащихся на уроке казахского языка.*

***Summary***

*This article examines ways to increase the cognitive activity of students in the Kazakh language lesson.*

Оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру проблемасын терең теориялық мазмұнсыз, оқыту процесіндегі дидактикалық белсенділік принціпінсіз, ҚР жалпы орта білім беруде қазіргі концептуалдық жолдарды есепке алмастан шешу мүмкін емес.

Оқушының танымдық белсенділігі педагогикалық құбылыс ретінде әр оқушының белсенді өмірлік позициясымен де тығыз байланысты. Оқушылардың белсенді өмірлік позициясы олардың қоршаған ортада, еңбекте адамға өмір сүру образының қалыптасуына байланысты және ол әрекеттің түрлі процесінде әсіресе рухани дамытатын оқыту процесінде қалыптасады.

Оқушының белсенді өмірлік позициясын қалыптастырудың нақты жолы мен танымдық белсенділігіне және тұлғаның әлеуметтік белсенділігі ретінде танылатын фактор оқыту процесіндегі белсенділік принципі. Соңғы жылдары педагогикалық теория мен практикада оқту процесінде белсенділік принципін іске асыру үшін көп жұмыс жасалуда. Жаңа білім беру пирамидасы бойынша оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру мына жағдайларда іске асырылады;

-  Оқушы оқу процесінде және дамудың белсенді субъектісіне айналады;
-  Оқу пәндерінің ғылыми деңгейін жоғарылату үшін мектепте білім жаңа мазмұны ойластырылып енгізіледі;

Жаңа ұрпақтың жалпы білім беретін мектепте арналған оқулықтары оқушылардың ойлау қабілетін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған. Бұл оқулықтарда құбылысты факт жүзінде емес, оның мазмұнын түсінетін деңгейде және ол оқушылардың белсенділігін дамытуға бағытталған.

Жаңа педагогикалық және ақпараттық психологияны оқыту процесінде қолдану оқушылардың оқу процесіндегі формасы мен әдісін күшейтуде белсендік танытуда. Дидактикалық ықпал етуде түрлі психологиялық ықпалдар әсер етті. Оқушылардың дидактикалық жұмысында оқушының және жұмыс көлемі көбейеді, оқушылардың таным процесіндегі белсенділігін арттыруда және жұмыс мазмұны мен көлемі елеулі өзгеріске ұшырайды. Психо-шығармашылық мазмұнындағы өзіндік жұмыс енгізіледі. Оқытуда техникалық құралдар мен ақпараттық технологияны енгізу. Оқытуды жекелендіру, мұның астарында оқушының оқу мүмкіндіктері есепке алынады. Оқу процесіне ұжымдық шығармашылық енгізу. Оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру проблемасы Ресей дидактиктерінің өткен ғасырдың 70-80 жылдарынан бері қызықтырып келеді. Оқытудың белсенділік принципін іске асыруды оқымыстылар білім беру сапасының жоғарылағанымен шығармашылықтың дамуымен және жеке тұлғаның әлеуметтік белсенділігімен байланыстырады. Олай болса, оқушылардың танымдық белсенділігі түрлі жолдармен арттып отыратынын соңғы он жылдық зерттеулерден байқауға болады. Біздің зерттеуіміз үшін танымдық белсенділігін және «оқытуды арттыру» сияқты түсініктер басты назар аударуды қажет етеді. «Танымдық белсенділік» категориясы «ойлау әркеті», «шығармашылық белсенділігі», «танымдық өзіндігі» категориялары мен астарласып жатады. «Танымдық белсенділік» түсінігін жете түсіну үшін танымдық және ойлау әрекеттерінің айырмашлылығын ашып алу керек. М.Н.Скаткиннің ойынша олардың айырмашылығы мынада, танымдық белсенділікте тек ойлау әрекеті емес, бақылау, ес, ерлік процестері де орын алып, онда адамның қоршаған ортаға көзқарасы айқындалады. Ойшыл ешнәрсені танымауы мүмкін, ал тану ойлаусыз мүмкін емес.

Танымдық белсенділікті арттыру оқушылардың белсенділігін қалыптасыру, білім беру процесінің күшейтілуі үшін жүзеге асырылады. Зерттеушілер ішкі (ойлау) белсенділігі мен

сыртқы (моторлы) белсенділікті бір-бірімен ажырата білудің маңыздылығын атап өтеді. Оқу процесіндегі екі белсенділік түрінің де өзіндік орны бар. Алайда оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру бірінші кезекте ойлау белсенділігімен байланысты, сыртқы (моторлы) әрекет мұнда ішкі белсенділіктің қалыптасуы оның дамуы үшін маңызды қызмет атқарады. Кейбір зерттеулершілер белсенділікті атқарушы және шығармашылық деп екіге бөледі.

Белгілі психолог В.А.Крутецкий белсенді және өзіндік ойлау туралы былай деп жазады, «белсенді ойлау», «өзіндік ойлау» және «шығармашылық ойлау», «түсініктерінің ара – қатынасы» концептриналық айналым ретінде белгілеуге болады. Бұл ойлаудың түрлі деңгейлері, бұлардың әр қайсысының бір-біріне қатысы бар. Шығармашылық ойлау өзіндік және белсенді бола алады, бірақ барлық белсендік ойлау өзіндік ойлау емес, және барлық өзіндік ойлау шығармашылық емес.

Оқушылардың белсенділігі проблемасының танымдық белсенділік әрекетіне қатынасы қазіргі педагогика оқулықтарында айтылған. Сонымен, И.П.Подласый, танымдық және белсенділік принциптеріне қарай келе былай көрсетеді «оқушының өзіндік танымдық белсенділігі оқудың маңызды факторы болып табылады және оқу материалының тақырыбының терең және берік игеруіне жетекші рөл атқарады». Оқытудың ерекшеліктерін бақылау арқылы оқудың таным және белсенділік принципін қалыптастыруға болатынын айта келіп «белсенділікті тәрбиелеу үшін не уақытты, не күшті аямаңыздар».

Г.М.Муртазин танымдық белсенділік әрекеті түсінігін оқыту танымдық процесін мақсатты түрткі, қалыптастыру және осы прцестерін күшейту бағытымен байланыстырады. Өкінішке орай біздің көзқарасымыз бойынша автор, белсенділік пен оған жету жолдарын шатастырып алған сияқты. Енді бірқатар зерттеулер танымдық белсенділікті жеке тұлғаның бір бөлігі ретінде қарап, бұл түсініктің психологиялық жағына көңіл бөліп, шығармашылық және репродуктивті белсенділікті бір-бірінен бөліп алады. Сонымен, танымдық белсенділік түсінігін әр авторлардың түрлі позициядан карауы танымдық белсенділік түсінігінің дамуына ықпал етіп, оған әр қырынан талдау жасауға мүмкіндік береді. Бір жағынан бір мәселеге бұлай түрлі жақтан қарау қарастырылып отырған категорияларға нақты көзқарастың қалыптастыруды қиындата түседі.Оқытудың мақсаты мен оқушыларға білім, білік, дағды берумен ғана емес, сонымен қатар олардың және қасиеттерін қалыптастыру. Осындай қасиеттердің бірі танымдық қызғушылықты тұрақтандыруға бағытталған танымдық белсенділік және оқу-танымдық әрекет арқылы білімді тиімді игеру оқу-танымдық мақсатта. Мұнда эмоционалдық, интеллектуалдық адамгершілік процестердің комплексі көрініс табады. Бұл қасиеттер табылатынын оқушының белсенділігі мен байланысты таным процесінде негізінен көп кездеседі. Бұл жағдайда белсенділік мақсатқа жетудің жолы ретінде қаралады.

Қорыта айтсақ жалпы қай халықты алсақ та ұрпағын, Отанын сүюге, еңбекке, дәстүр-салтын сақтауға, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырғанымыз жөн болады ойлаймыз.

Ендеше оқушылардың дүниетанымын кеңейтуде танымдық белсенділігін арттырып, білім, біліктерін жетілдірудің қоғамдық мәні зор болып келеді.

**Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Қазақстан республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. – Алматы: РОНД, 2002. –9 б.

## СЫНДАРЛЫ ОҚЫТУ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ДАМЫТУДАҒЫ ТИІМДІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНІҢ БІРІ

**Асанова Сагила Тыныcбековна**
Түркістан облысы білім басқармасы, Түркістан қаласы білім бөлімінің "С.Ерубаев атындағы №7 мектеп -интернат" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Директордың бейінді оқыту ісі жөніндегі орынбасары

***Резюме***
*В данной статье рассматриваются применение конструктивных инновационных методов в обучение школьников.*

***Summary***

*This article discusses the use of constructive innovative methods in the education of schoolchildren.*

Сындарлы оқытудың мақсаты–оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Оқыту туралы сындарлы түсінік оқушыға нақты білім беруді мақсат тұтқан мұғалімнің өз сабақтарын оқушының идеясы мен білім-біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастыруын талап етеді. Бұндай міндеттер оқушылардың оқыған тақырыптар бойынша білімдерін өз деңгейінде көрсетіп, кейбір болжамдар бойынша күмәнді ойларын білдіре алатындай, пікір-көзқарастарын нақтылап, жаңа ұғым-түсініктерін өрістетуге орайластырылып құрылады.

Сындарлы оқытуда жеке тұлға өзі алған білімдерін қоғамның белгілі білімдерімен байланыстырады және оны негіздей отырып, өзінің адамгершілігін байытады, өзі дами отырып, жаңа білімді алады. Бұндай білімге жол мәнін түсіну арқылы өтіп, жаңа білімді құрумен, құрылымдаумен аяқталады. Өмірде сындарлы оқыту ортасын құру сындарлы оқыту жүйесі аясында жүргізіледі. Сындарлы оқыту жүйесі екі жүйе бөлігінен тұрады: сындарлы өздігінен білім алу (немесе дәстүрлі) және инновациялық формалар аясындағы бірігуді қамтамасыз ететін оқыту.

Сындарлы оқыту – бұл арнайы ерекше дәрежедегі тұлғаны дамыту мен қалыптастыруға бағытталған оқытудағы түрлі тәсілдерді кіріктіруші. Сындарлы тұлға – бұл сындарлы дағдыларға, сындарлы ойлауға ие шығармашылық тұлға.

Сындарлы ойлау – бұл нақты мәселені, оның тұрақтылығымен байланысты параметрлерді анықтау жолымен шешуге бағытталған ойлау. Ол шығармашылық пен түйсіктен (шындықты, болмысты тәжірибенің немесе логикалық қорытындылардың көмегімен емес, нақты бақылау арқылы түсіну) бөлінбейді, бұл жерде құраушы, практикалық және көркем-технологиялық ойлау бөлінбейтін өзара байланыста.

Сындарлылықтың дамуы көптеген проблемалармен түйісіп қалатынын атап өту керек. Оларды келесі әдіспен топтастыруға болады: заңдарды оқып үйрену деңгейі; түрлі материалдарды қолдану қасиеттерімен және салаларымен таныстық; түрлі технологиялық міндеттерді шешу қабілеттілігі; нақты проблеманы шешу үшін түрлі құралдарды қолдану; түрлі сипаттағы модельдерді құру қабілеті мен оны тиімді пайдалану мүмкіндіктері; түрлі процестердің параметрлерін заңдар мен заңдылықтарды айқындау жолымен анықтау.

Сындарлы ойлауға ие адам, туындаған проблеманы шешуге, жағдайды талап етілген деңгейге сай өзгертуге немесе нақты әрекет жасай отырып, нақты жағдайда туындаған проблеманы бейтараптандыру үшін дұрыс шешім қабылдауға қабілетті. Сондықтан:

- Құрастыру- мақсатты түрде проблеманың барлық егжей-тегжейін білу, оларды ажырату және анықтауды білдіреді. Сингулярлы, байланыссыз және оқшауланған процестерді құрылымдауға болмайды;
- Құрылымдау – когерентті (байланысты) және салыстырмалы әлемді тануға мүмкіндік береді. Сындарлы ақиқат оқшауланған формада өмір сүрмейді және сүре алмайды, өйткені ол когерентті. Біз, ішкі құрылымы күрделі және сырттай шексіз өзгеретін (метаморфоза – түр өзгеріс, белгілі заңдылықпен бір түрден екінші түрге ауысу) әлемде өмір сүрудеміз. Сындарлы оқыту әдіснамасын пайдалану күрделі ішкі құрылымға ие проблеманы, оның ішінде оқу-тәрбие үдерісінде туындайтын проблемаларды тиімді шешуде үлкен мүмкіндіктер береді.
- Құрылымдау – шексіз және рекурсивті (рекурсия-зерттеліп отырған нысан, жеке элементтер туралы бұрыннан белгілі арнайы білімдер негізінде, нысанның өзі туралы білімдердің қорытынды жүйесін анықтайтын жалпы ережелер жүйесі) процесс, ол өзіне уақыттың үш өлшемін: өткен, осы, келер шақты (өткен шақ – тәжірибеге сүйену, ол құрылымдалып, осы шаққа жақындайды және болашаққа жобаланады) біріктіреді.
- Құрылымдаушы процесс және осы құрылымдаушы процеске тұтастық пен үздіксіздік беруші адам бір бүтінді құрайды. Құрылымдау, ақиқатты кез-келген процеске қатысты тудыру және алдын-ала түрлі элементтер жайлы белгіленген білімді талдау арқылы, оның тұтастығын қамтамасыз етеді.
- Құрылымдау үздіксіз және мерзімді процестің себебін тудырады. Басқаша айтсақ, құрылымдау ақиқатқа үздіксіздік пен когерентті тұтастықты әкелетін процесс.
- Құрылымдау – бұл болашақта түйсіну, түсіну нәтижелерін ұғыну мақсатында өмірде іске асырылатын, тұлғаның жеке және заңдастырылған процесі.

Зерттеулер, қоғамда азаматтық қарым-қатынастарды орнықтыру және қоғамды демократияландыру тұлғаның даму деңгейіне, қоғамда болып жатқан жағдайларды түсіну деңгейіне байланысты екендігін көрсетті. Тек, ақылмен, яғни белсенді және енжар есте сақтаумен ғанабарлық талап етілетін ақпаратпен жұмысты орындау мүмкін емес. Сондықтан ойлау қызметіне кеңірек мүмкіндіктер беру керек. Тәжірибе, дәстүрлі білім беру жүйесі аясында жүргізілетін оқу-білім беру үдерісі барысында ойлау ресурстарының тек 2-3 % ғана пайдаланылатынын көрсетті. Естің әрекетін оқу-білім беру үдерісінде алдыңғы қатарға шығару , оның мүмкінідктерін кеңінен қолдану, оқытуды сапалы өзгертіп, оны бәріне қолжетімді етеді.

Сындарлы оқытудың педагогикалық мәні мен маңызы білім алушының пассивті тыңдаушыдан өзінің білім әлемін қалыптастырушы ұстанымына ауысуымен анықталады. Бұл ауысу білім алушының шынайы мүмкіндіктерін ескере отырып мұғалімнің көмегімен жүзеге асады. Бұның барлығы білім алушының, сондай-ақ оқытушының дамуын қамтамасыз ететін, оқу үдерісінде және тиімді тәртіптегі жұмыста жетістікке жету үшін мол мүмкіндіктер береді.

Сонымен, сындарлы оқытуда білімді қалыптастыру үш кезеңмен жүреді:

- интуициялық (ішкі түйсікпен сезіну)
- нақты (ашық, айқын);
- формальды (формальды-логикалық).

Сындарлы оқытуда сабақтар білімді, қабілеттерді және дағдыларды бірлестіру жағдайында екі бағытта жобаланады: әлеуметтік және ойлағыштық. Ойлағыштық және кооперативтік құрылымдар изоморфты формадағы білім алушының интеллектісінің даму деңгейін ескере отырып құрылады. Бұндай құрылым әрбір білім алушының жеке ерекшеліктерін ескереді және білім алушының интеллектуальдық қабілеттерін ескере отырып іске асырылады; әлеуметтік және ойлағыштық жоспардағы оқытушының рөлі ұйымдастырушылық және жобалаушылық жұмыс, әрі оқытушы медиатордың (медиатор бейтарап, тәуелсіз адам болып табылады және дау, жанжал туғанда тараптарға көмек көрсетеді) функциясын орындайды. Сондықтан, сындарлы оқыту жүйесін қолдану жетекші орында болуы тиіс, өйткені ол сапа көрсеткіштерін арттырып, білім беру ұйымдарын ойлау мен зияткерлік мектептеріне айналдырады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Бунятова Ф. Конструктивное обучение: сущность, принцип, цели и образцы уроков. – Баку, 2008. – 218с.

2. Князева Е.Н., Курдюмов С.П. Основания синергетики, синергетическое мировидение. М., 2005.

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ КӨРКЕМ ЖАЗУ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

**Бабашова Гулвира Лесбайевна**

Түркістан облысы, Отырар ауданы

Ә. Байтанаев атындағы негізгі орта мектеп

бастауыш сынып мұғалімі

***Резюме***

*В данной статье рассматриваются формирования навыков письма у младшего школьников*

***Summary***

*This article discusses the formation of writing skills in younger students*

Жазу өте күрделі процесс. Ол адамның ми іс-әрекетімен және антомия- физиологиялық құрылымымен байланысты. Мәселен, Р.Е.Ленвиной, Ж.И.Шиф, С.М.Блинкова, А.Р. Лурия т.б. еңбектерінде адамның ми қыртыстарының бұзылуы оның жазу және сөйлеу тіліне кері әсерін тигізетіні дәлелденген. Көркем жазуға үйрету кезінде саусақтың қазғалысының маңызы зор. Яғни, оқушы қаламсапты ұстай білу керек. Бұл қозғалыстар мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Баланың шар, төртбұрыш т.б. заттарды ұстай білу қабілеті 15 айлығында дамыса, қаламсап ұстай білу қабілеті кешірек қалыптасады. Т.С.Коморова «Бала 3 жасында қол қимылы қалыптасқанымен қаламсапты ұстай алмайды». Бұл қабілеттерді арнайы жаттығулар арқылы: сурет салу, жабыстыру т.б. негізінде

қалыптастыруға болады. Е.Н.Соколованың зерттеу жұмысында 4-7 жасар баланың саусақ сүйектері онша дамымаған, олар жазған кезде ерні қоса қимылдайтыны байқалған. Яғни, сөйлеу және қол қозғалысы бір-бірімен байланысты болады. 4-5 жасар баланың салған түзу сызықтары қисық және ирелек болып келеді. 6 жасар баланың жазуы бір шама түзеледі. Алайда, тік сызықты элементтерден дөңгелек элементтерге көшкенде біршама ауытқулар болуы мүмкін.

Көркем жазудың мақсаты – дұрыс, анық және тез жазуды қалыптастыру. Оқушының каллиграфиялық қабілетін қалыптастырудың педагогикалық, қоғамдық, тәрбиелік мәні зор. Сауат ашу пәнінде әріпті жаза білуге үйрету емес, оның әрбір элементтерін дұрыс сақтауға, дәптерге қалай болса, солай жазбай, оңға қарай біркелкі көлбеу жаза, оның жазуға машықтандыру міндеті де тұр. Бастауыш сынып оқушыларында графикалық каллеграфиялық жазу дағдыларын қалыптастыру процессінің психологиялық физиологиялық дидактикалық негіздерін ашу керек. Оқушыларды жазу кезінде дыбыс таңбаларын дұрыс қолданып, көркем әрі сауатты жазумен бірге, айтылған ойды жылдам жазуға, оқылған текстіі есте сақтап жазуға үйрету де өзекті мәселелердің бірі.

Жазба жұмыстарын көптеп орындатуға қарамастан, кейбір оқушылар  дыбыс таңбаларын, олардың бір – бірімен байланысу жолдарын жазу кезінде қолдана біледі. Дыбыс таңбаларын көркем әрі  айқын жазуға дағдыланса да, жылдам жазуға әдеттенбегендіктен, айтылған ойға ілесе алмайды әрі жазу сауаттылығы мен анықтығы төмендейді. Бірінші сыныптағы жазу сабақтарының дамытушылық мүмкіндіктерін білу мұғалімнің, қазақ тілі сабағындығы көркем жазу минуттарын жоспарлай білу сияқты жазуға үйретудің теориялық және әдістемелік ерекшеліктеріне сүйену қажет.

Оқу-тәрбие жұмысында оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, өз бетінше еңбектенуге, ізденуге және өз ойларын ауызша жазбаша жеткізе білуге үйрету – алға қойылып отырған мақсаттардың бірі болды. Бұл жұмысты қалыптастыруда жат жазу, мазмұндама, шығарма жұмыстарының маңызы зор. Жазуға үйретудің оқудан бөліп қарауға болмайды. Оқуға үйретудің алғашқы күннен бастап жазуға қойылатын талапты естен шығармау керек. Әліппе кезеңінде алғаш білімдерін пысықтап, оқу және жазу дағдыларын дамыта түсу мақсатында арнайы мағлұмат беру. Бірақ бұл мағлұматпен шектелмей, балалар кітапшаларынан, журналдарынан алу, ертегі, әңгіме оқытып, жазғызған жөн. Жазуға төселдеру үшін  шығармашылық пен ізденіс шеберлік керек. Бұл жұмыс жеңілден ауырға күрделеніп отырады. Алғашқы сабақтарда дыбыс саны аз сөзді, кейін дыбыс саны көп сөзді естіп жазуға төселдірілген дұрыс.

Жазуда шығармашылық жұмыспен ұштастырғанда ғана оқушы сауатты көркем жазуға төселеді. Осы мақсатта оқу белсенділігін арттыратын әріптік, буындық үлестірмелі материалдар пайдаланып, берілген сөздерді талдап, өзінің кассаларынан сөз құратып, оқытып, ауызша жат жазу жүргізу керек. Ауызша арқылы құралған сөзді тақтаға жазып, қатесіз көркем етіп дәптерге жазғызып, оны оқытып тақтамен салыстыру керек. Үйрету жат жазулары жеңілден басталып, біртіндеп күрделенеді. Бір – екі әріпті үйретісімен сабақ сайын үйрету диктантын жатқа жазуда оқушы сауатын ашып, естуін дамытады. Осыдан жұмыстың біріне әріпті жат жазуды ұсынамыз.

Жазу процесінде оқушы дұрыс отыру керек, қаламсапты дұрыс ұстауы, дәптерді партаға орналастыру, осының әрі баланың көзіне, жазуына, жұмыс қабілетіне әсерін тигізеді. Отырғанда орындық партаға кіріп тұруы керек, сол қол дәптерді басып тұрады, ал оң қолдың басы дәптерде жатады. Бала мен партаның арасына жұдырық сыятындай болуы керек. Көз бен дәптердің арасы 30-35 см болуы шарт. Жарық сол жақтан түсуі керек. Жазу ұзақтығы 1 сыныпты 5 минут, 2 сыныпта 8 минут, 3 сыныпта 12 мин, 4 сыныпта 15 мин. Одан ұзақ жазу баланы шаршатады. Арасында балаларды демалдырып, сергіту жаттығуларын жасаған жөн. Жазуды үйренуде мына принциптерді сақтаған жөн:

1. Көрнекілік принципі: мұғалім тақтаға, дәптерге таблицаға көрнекіліктер арқылы жазып көрсетеді.

2. Сапалылық принципі: мұғалім басында не үшін қиғашынан жазады, әріптерді жазуды қалай бас-тайды, әріптердің биіктігі қандай болу керек екенін түсіндіреді.

Қиғашынан жа-зу тез әрі ыңғайлы.

3. Қайталау принципі: жаттығу орындау кезінде пайдаланады. Жазылған нәрсеге міндетті түрде ана-лиз беріледі. Баланың жазған жазуын, дұрыстығын тексеріп отыру керек.

4. Генетикалық принципі, алғашында жеңіл әріптер, содан соң салынуы қиын әріптер мысалы а, о, ш, т, п, н,.... қолы жаттыққаннан кейін қ. ж. б. в. ф т. с. С

5. Жеке дара ерекшелігін ескеру принципі; оқушылардың көз нашарлығы, бас ауруы, жүрек ауруы. т. б ескеріп отыруы қажет. Барлық бала бірдей емес, олардың жас ерекшеліктері, ойлау қабілеттері әр түрлі.

Әріп диктанттынан кейін қатемен жұмыс істелінеді. Ол үшін, өткен дыбысты есту бойынша жаза алмаса, суретші дидактикалық материал, жетекші сурет көрсетіп, алфавиттен таңбалануын көріп жазу

немесе әр түрлі зат суретін көрсетіп, сол дыбыстан басталатын затты табу, әріпті жазу, білмесе оқушылар көмегімен орындап дәптерге жазғызып, жаттықтырып, есінде сақталғанша жұмысты жалғастыру – алфавиттің берілген әріпті іздеп табу, жеке кассада жинау. Бұл үшін « Кім көп тереді?», «Теруге қатыс», «Жарысқа түс» деген ойындар ұйымдастыру нәтижесін көрсетті. Бас әріппен кіші әріпті аралас беріп тауып жазу астын сызу жұмыстарында: « Қатем бар ма?», «Өзіңді байқа», « Іздеріңді тап » сияқты ойындар арқылы жұмыс істеу қолайлы.

Балалардың көркем жазу дағдыларын қалыптастыру үшін мынадай жаттығуларды пайдаланған жөн:

1. **Ғажайып алаң**. Тақтаға әріп жасырылады. Мұғалім жасырылған әріптің әрбір элементтер бойынша сипаттайды, ал оқушылар қандай әріп екенін айтады. Мысалы: Түйе өркеш ін қарайық, ұқсайды оған қай әріп?

2. **Әріпті тап**. Әріптің бір немесе екі элементі жазылады оқушылар қалған элементін тауып жазып көрсетеді. Барлық әріпті өткеннен кейін, сабағымыздың басында көркем жазу болады. Сол кезде пайдаланған тиімді. Бұл жаттығудың мақсаты білген білімдерін әрі қарай төселдіру дағдыларын қалыптастыру.

3. **Орнын белгіле**. Тақтаға немесе дәптерге алдын ала сөздер жазылады. Оқушылар әріп элементтерінің және әріптердің байланысу орнын белгілейді. Бұл жаттығудың қазақ тілі сабағында пайдаланған жөн. Мұндай жаттығулар жас жеткіншектің ойлауын дамытып, қызығушылығын арттырады. Әріп жат жазуын жазуға үйренген оқушылар да сол әріптерден құралған буын диктантын жаздыру қажет. Алдымен буын кестесімен жұмыс жасап оқушы дағдысын жетілдіреміз.

Жазу дағдыларын қалыптастыру және оны дамытып отырудағы негізгі шарттардың бірі әрі бастысы оқушылардың жазба жұмыстарын орындау кезіндегі психологиялық ерекшеліктерін айқындау болып табылады. Сынып оқушыларының біреуін немесе әрбір жеке оқушыда жазба жұмыстарын орындау барысында әр түрлі психикалық өзгерістер болып отыруы мүмкін. Ондай психологиялық өзгерістерді байқамаудың салдарынан орындалған жазба жұмыстарының нәтижесі де әр деңгейде болады.

Қорыта келе, оқушылардың көркем жазуға үйрету әдістемелері шығармашылық жұмыстармен ұштастырғанда ғана оқушы сауатты көркем жазуға төселеді.

«Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін көркем жазу сондай керек» деп жазған ғұлама ғалым, дарынды ақын Ахмет Байтұрсыновтың осы сөзін үнемі естен шығармауымыз керек.

**Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Л.Я.Желтовская, Е.Н.Соколова. Формеравания каллиграфических навыков у младших школьников. Москва, 1987 ж.

## ТІЛДЕСУ АРҚЫЛЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАУ ДАҒДЫЛАРЫ

**Нурпеисова Мархамат Садуакасовна**
Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы
«Сабыр Рахимов атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ
бастауыш сынып мұғалімі

***Резюме***

*В данной статье рассматриваются развитие коммуникативныхнавыков у детей начальных классов.*

***Summary***

*This article discusses the development of communication skills in primary school children.*

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Бастауыш білім берудің мақсаты – оқу, жазу, есептеу дағдыларын меңгерген, оқу-танымдық, еңбек, қарым-қатынас әрекеттеріне ынта-ықыласы қалыптасқан, рухани-адамгершілік, ұлттық-мәдени құндылықтарды бойына сіңірген тұлғаның қалыптасуы мен дамуына мүмкіндік жасау» [1], – деп анықталған.

Бастауыш сыныптарда оқушы кез-келген адамның өмірінде басты орын алатын оқу, ойын, еңбек, т.б. сияқты әрекет түрлерін қажетті деңгейде меңгеру арқылы қарым-қатынас жасау дағдыларын меңгереді. Бұл әрекеттердің барлығы да сөйлеу, жазу, оқылым әрекеті арқылы ғана жүзеге асады. Сол себепті жеке тұлғаның ақыл-ойы, санасының жетіліп-толуының, мәдениеттілік, зиялылық сияқты қасиеттерінің қалыптасуының басты көрсеткіші бала тілінің жеткілікті деңгейде дамуына, коммуникативтік дағдыларының (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) дұрыс қалыптасуына тікелей байланысты болады.

Тыңдалым дағдысының адамның ойлау қабілетінің дамуына ықпалы зор. Ж.Пиаженің интеллектінің даму теориясы бойынша тыңдалымның дамуы сенсомоторлық кезеңге (0–2 жас) сәйкес келеді. Өйткені жаңа туған сәби тілді бірден үйренбейді, ең алдымен, өзін қоршаған әртүрлі дыбыстарды, анасының үнін, үйдегілердің сөздерін, ойыншықтардың сылдырын тыңдап үйренеді, қабылдайды. Бірте-бірте өзіне таныс дыбыстарды, сылдырларды танып, оны түсінгенін білдіру үшін белгілі бір реакция жасайды немесе жауап ретінде ым-ишара көрсетеді. Сөйтіп, күнделікті өмірде адам көптеген ақпаратты сағат сайын естіп, тыңдап, түсініп, қабылдауға жаттығады.

Тыңдалым дағдысы – адамның акустикалық тілдік белгілерді (сигналдарды) қабылдауы және оны түсінуі. Тыңдалым деген терминнің білдіретін мағынасы – «есту арқылы түсіну». Бұл – айтылған немесе техникалық құралдарға жазылған сөздерді, сөйлемдерді, аудиомәтіндерді тыңдай білудің нәтижесінде қабылдау және түсіну деген ұғым. Ал Ф.Ш. Оразбаеваның кітабында тыңдалымға келесі анықтама берілген: «Тыңдалым кезінде тілді меңгерген тыңдаушы бір не бірнеше адам айтқан ауызша ақпаратты қабылдап өңдейді».

Айтылым дағдысының дұрыс қалыптасуының да адам үшін маңызы өте зор. Өйткені оқушы сөйлеуге, яғни айтар ойын жеткізе білуге үйренуі керек. Оның мектепте оқытылатын барлық пәндерден жақсы нәтижеге қол жеткізуі осы айтылым дағдысына, яғни белгілі бір мәселеге (тақырыпқа) байланысты өз ойын, пікірін немесе қандай да бір ақпаратты түсінікті, толық, жүйелі жеткізе білуіне байланысты.

Оқылым дегеніміз – «графикалық таңбаларды қабылдап, оның мағынасын түсіну» немесе «графикалық таңбалар арқылы қағаз бетіне түскен сөздер мен тіркестердің мағынасы мен мазмұнын ой мен сананың нәтижесінде қабылдай отырып, сауатты, дұрыс, мәнерлеп, ұғынықты оқу және одан қажетті деректі түсініп, сұрыптап алу».

Оқылым, біріншіден, ой мен мидың бірлескен жұмысына байланысты болады, екіншіден, жазылған графикалық таңбалардың тізбегін дұрыс танып білуге қатысты. Үшіншіден, мұнда осы таңбалардың ішкі мән-мағынасын дұрыс түсінудің рөлі зор. Осындай ерекшеліктер іске асқан жағдайда ғана оқылған материалдан керек ақпараттар жинақталып алынып, оқушының қажетіне жарайды.

Жазылым, біріншіден, әріптің графикалық таңбасы арқылы іске асады; екіншіден, бұл графикалық таңбалар белгілі бір фонемалық, мағыналық қасиетке ие болады; үшіншіден, жазылым құбылысында сөйлесім әрекетінің барлық түрі қатысады; төртіншіден, жазу үстінде тіл меңгеруші адам сөйлемнің мазмұн мағынасына ғана емес, формасына да көңіл аударуға мәжбүр болады, бесіншіден, жазылым қағаз бетіне түскен материалдың түсінікті, жүйелі болуына тікелей байланысты жүзеге асады.

Жазылым графикалық таңбалардың мағыналық жүйесі мен тізбегі арқылы адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасын қамтамасыз етеді. Жазылым арқылы адам айтайын деген ойын қағазға түсіріп, екінші бір адамға, жалпы адамзатқа жеткізуді мақсат тұтады, яғни адам ойын басқаға жеткізу үшін жазуды үйренеді. Мұнда сөздер мен сөз тіркесі, сөйлемдер бір-бірімен байланысты болады. Ойдың жүйесі үзілмей, келесі сөйлемдерде жалғасып, толығып отырады. Сол себепті жазба материалдар бүтіндігімен көзге түсіп, басқа адамдарға түсінікті болады. Жазылымның психологиялық ерекшелігі – жазбаша тапсырмаларды дұрыс пайымдап, логикалық жағынан меңгеру және графикалық, орфографиялық дағдылар мен шеберлікті ұштау. Жазылымның әдістемелік ерекшелігі – графика мен орфографияны, жазу мен жазбаша сөйлемді жетік білудің, үйренудің амалдары мен жолдарын іздестіре отырып жазғызу, оқыту, жазылым процесін тез әрі сауатты үйренудің ұтымды тәсілдерін пайдалану.

Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру мен дамытуда жазбаша қатынас, мәтіннің желісі бойынша өз пікіріңді білдір, диалог құру, топтық қатынас, мәтіндердің мазмұнын өз өмірімен байланыстырып айту сияқты құзыреттілік тапсырмаларды қолдану өте тиімді әдіс. Дайындалатын тапсырмалар оқушылардың сауатты жазумен қарым қатынас дағдыларын қалыптастырады, өмірлік жағдайларда қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік туғызады, оқушы бойынан табиғатынан берілген шығармашылық әлеуетін іске асыруына ықпал етеді.

Оқылым, жазылым, айтылым және тыңдалым бастауыш сыныптардағы барлық пәндер үшін маңызды болып табылатын қарым-қатынас жасау дағдылары. Сондықтан оқушыларға осы 4 дағдыны

барынша жетілдіруге мүмкіндік берудің маңызы зор. Нақты белгілі бір дағдыны жақсарту тәсілдерінің бірі – осы дағдыға ерекше назар аудара отырып, содан кейін бірнеше тілдік дағдыны қамтитын жаттығуларды біртіндеп енгізу болып табылады. Мысалы, тақырыпты талқылау тиісті лексиканы қолдануды көздейді, сол арқылы оқылым бойынша тапсырмаға қызығушылық туғызады, осыдан кейін оқығанның негізінде жазбаша тапсырма орындаудың үлгісі ұсынылады. Дағдыларды осылайша біртіндеп енгізудің тағы бір жолы – аудио-мәтін тыңдап немесе бейнематериал көрсетуге болады, содан кейін пікірталас жүргізуге немесе жазбаша тапсырма орындауға болады. Сонымен қатар, қарым-қатынас жасау тәсілі тілді жай ғана пайдаланып қоймай, тілдесуге арналған мақсатты қамтамасыз етеді. Қарым- қатынас жасаудың мақсаты,айталық, бірнәрсе туралы белгілі бір фактіні анықтау үшін сұхбаттасу немесе әңгімені тыңдап, содан кейін мазмұнын айту болуы мүмкін. Сабақта қолданылатын әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар сөйлесімнің барлық компоненттеріне тән дағдылары меңгеріліп, оқушылардың жеке тұлға ретінде өздеріне деген сенімділігі артып, шығармашылықпен жұмыс істеу дағдылары қалыптастырады.

Бастауыш сынып сабақтарында оқушылардың бойында коммуникативті дағдыларды қалыптастырып, дамыту үшін тақырыпқа байланысты диалог, койылымдар әзірлеу, рөлдік ойындар ойнау т.с.с. тапсырмаларды орындатуға арқылы тілдік қарым қатынас дағдыларын қалыптастыруға болады. Мысалы,1-2сынып оқушыларының тілін дамыту мақсатында «Қонақта», «Дәрігерде», «Дүкенде» деген тақырыптарды өткен кезде «Тілдескіш» әдісін қолдануға болады. Оқушы «Тілдескішті» қолдана отырып, берілген жағдаятқа серіктесімен әнгіме құрастырып, өзара әңгімелесе алды. «Жазбаша қатынас» әдісі «Менің отбасым»,«Менің досым» т.б. тақырыптарын өткен кезде тиімді. «Жазбаша қатынас» үлгісін қолдану арқылы, оқушылар ата-анасына, достарына хат жазуды үйренеді. «Баяндамашы» әдісі бастауыш сынып оқушыларына тиімді. Сабақтың бір кезеңінде белгілі бір тақырыпта баяндама жаза отырып, мәдениетті сөйлеуге, ойлауға дағдыланады.

Күнделікті сабақта жаңа материалдарды оқытқанда және бекіту кезінде, жаттығуларды ұйымдастыруда, оқығанды және тыңдағанды тексеру үшін диалогтік әдісте тиімді. Әңгімелесе білу диалогтік тілді үйретуде соңғы нәтижеге жететін біліктілік болып табылады. Диалогтік әдісті қолдана отырып оқушылардың сұрақтарды, өтінішті, таңдануды, бұйыруды қолданып, бір-бірімен әңгімелесе білуге, мәліметтерді нақтылауды, сұрауға, келіспеушілік, толықтыру, тілдік материал көлемінде өзара пікір алыса білуге дағдыланады.

Бастауыш білім беру мазмұны оқушыны тұлға ретінде қалыптастыра отырып, оның, ең алдымен, өз ана тілінде ауызекі және жазба тілде сауатты сөйлеу, ересектермен, сыныптастарымен еркін қарым-қатынас жасай білу, айтылғанды ыждаһатпен тыңдап, түсіну, өз пікірін жеткізе білу, дұрыс оқу және сауатты жазу т.б. дағдыларын, соның нәтижесінде өздігінен білім алу, алған білімін өмірлік жағдаяттарға сәйкес қолдана білу қабілеттерін дамытуға бағытталуы тиіс.

**Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**


1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (2007 жылғы 27 шілдедегі N 319 Заңы. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен). –Астана, 2007 ж.
2. Бастауыш мектепте оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту. Оқу-әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2014. – 28 б.


## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ


**Смагулова Фариза Онласыновна**
Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы
«Сабыр Рахимов атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ
бастауыш сынып мұғалімі



***Резюме***

*В данной статье рассматривается применение инновационных технологий в развитие речевых навыков у детей начальных классов.*

***Summary***

*This article discusses the use of innovative technologies in the development of river skills in primary school children.*

Білім саласындағы жауапкершілікті жүзеге асыру үшін, мектеп ордасында әр мұғалім күнделікті іздену арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістерді сабақ уақытысында енгізіп отырады. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын үйренбейінше жан-жақты сауатты маман болу мүмкін емес. Инновациялық технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік және көптеген адами қабілеттің қалыптасуына жақсы әсерін тигізеді. Өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Оқыту мен тәрбиелеуге тың әдіс-тәсілдер енгізілді. Нәтижесінде тұтас педагогикалық үрдістер өзгертіліп, білім берудің тиімді деп танылған жаңа технологиялары дүниеге келеді. Кез-келген оқыту технологиясы мұғалімнен терең теориялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік білімді, үлкен педагогикалық шеберлікті, оқушылардың жан дүниесіне терең үңіліп, оны түсіне білуді талап етеді. Сондықтан оқушының рухани өсуіне жағдай туғыза алатын, жаңалықтарды қабылдауға даяр, өз әрекетіне өзгеріс енгізе алатын педагогтар ғана бүгінгі қоғамның мүддесі мен әр баланың үрдісінен шыға алады. Ойы жүйрік, ақылы жетік, бәсекеге қабілетті, өзгерістерге бейім, жеке тұлғаны тек қана педагог қалыптастыра алады. Бастауыш сынып мұғалімі үшін оқушы жазылмаған тақта секілді таза, пәк. Бастауыш сыныпта оқытудың негізгі мақсаты-баланың жеке басының жан-жақты қалыптасуын қамтамасыз ету, оның қабілеттерін анықтау мен дамыту, білімдерін ашу, дұрыс түсінік қалыптастыру. Білім берудің түрлі тәсілдері әртүрлі білім жетілдіру курстарында оқытылып отырады. Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінің педагогтарын Кембридж университетінің білім берудегі тәсілдерін үш деңгейлі курс арқылы жалпай оқыту қолға алынған. Осы оқу жылының сәуір айында үш айлық үшінші деңгейдегі оқыту басталып маусым айында аяқталған болатын. Курс екі тілде оқытылып әр облыстарда және Астана қаласы бойынша арнайы дайындалған тренерлер дәрістер жүргізді. Білім берудің кешенді міндеттерін және мұғалімнің әртүрлі жағдайларда жұмыс істейтіндігін ескерсек, тиімділік деген сөзге аса мән беріп сол курста негізге алынған жеті модуль туралы қысқаша түсіндірсем.

Қоғам дамуындағы ақпараттар кеңістігінің кеңеюі және ақпараттық технологиялардың орасан зор қарқынмен дамуы жеке тұлғаның ерекше ақпараттық мәдениетінің қалыптасуын керек етіп отыр. Өмір сүру кезінде жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану үшін төменгі сынып оқушыларынан бастап қалыптасатын жаңаша ойлауды қамтамасыз ету қажеттілігі де бар. Ақпараттық қоғамда өмір сүріп жатқан қазіргі заманның оқушысы үшін компьютер оның өмірінің ажырамас бөлігіне айналуға тиіс. Соңғы жылдары ақпараттық технологиялардың тез дамуы және оның оқу үдерісінде қарқынды пайдаланылуы білім беру жүйесіне де бірқатар өзгерістер алып келді. Білім беру жүйесінің ақпараттану жағдайында оқу үдерісінің тиімділігін едәуір жетілдіруге мүмкіндік беретін жаңа ақпараттық технологияларды ағылшын тілін оқытуда пайдалану белсенді және табысты қолданылып жүр. Әсіресе, ол оқушылардың жеке қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескере отырып, жеке тұлғаға бағытталған білім беру жүйесін іске асыру жағдайында, олардың лингвистикалық және коммуникативтік біліктіліктерінің қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз етеді.

Қазақстанды тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптастыру барысында орта білім берудің жүйелі реформалануы қоғамдық тұрғыдан үлкен маңызға ие. Білім беруді реформалауды жүзеге асырудың және бір маңызды сипаты қазіргі уақыттағы оқыту әдісін технологияландырудың қажеттілігінен туындап отыр. Осыған сәйкес соңғы кезде оқытудың әр түрлі педагогикалық технологиялары жасалып, мектептерге енгізіліп жатыр.

Педагогикалық технология – алға қойылған дидактикалық мақсатқа қол жеткізу үдерісіндегі оқытушы мен оқушының біріккен өзара әрекеттерінің мақсаттылық және бірізділік сипаттамасы. Басқа сөзбен айтқанда, педагогикалық технологиялар қазіргі түсінік бойынша, оқытудың жете өңделген әдістері мен ұйымдастыру формалары болып табылады.

Көптеген зерттеушілер оқушының компьютермен жұмыс істей отырып, сұрақтың мәніне тереңінен үңіліп, пәнге деген қызығушылығының артуына, оқу және техникалық әдебиеттермен белсенді жұмыс істеуге дағдыландырады деп түйіндеген. Компьютер оқушыны ұқыптылыққа, нақтылыққа, қойылған мәселеге назар аудара білуге үйретеді. Графикалық құралдар, музыкалық үзінділер оқушының шаршағанын басып, оның әуестігінің дамуын қамтамасыз етеді. Компьютермен жұмыс істеу оқушының өз іс-әрекетін жоспарлай білуге, дұрыс шешім қабылдай алуға тәрбиелейді.

Шетел тілін оқытуда мультимедиалық, гипермәтіндік, желілік және коммуникациялық ақпараттық технологиялардың пайда болуы үлкен мүмкіндіктерге жол ашты. Мультимедиалық технологиялар мәтіндік құжаттарға, графикалық суреттер, дыбыс және бейне көріністерін пайдалануға мүмкіндік береді. Мұның барлығы өз кезегінде оқыту уәждемелігінің, тілдік құралдарды меңгеру жылдамдығының жоғарылауына мүмкіндік туғызады. Тәжірибе көрсеткендей, мультимедианың ағылшын тілін үйретуде мүмкіндіктері зор. Педагогикалық зерттеулерге сүйенер болсақ, ағылшын

тілін оқытуда мультимедиалық бағдарламаларды және ресурстарды қолдану арқылы мынадай құндылықтарға қол жеткізуге болады.

Ағылшын тілін меңгеруде ақпараттық құралдар пайдалану оқытушы мен оқушылардың ізденушілік және шығармашылық қабілеттерінің жетілдіруіне, оқушылардың тілдік біліктілігінің, тыңдау дағдыларының, сөйлеудің қалыптасуы мен дамуына, жазу әрекетін жетілдіруге, тұлғаның шығармашылық тұрғыдан шыңдалуына зор әсерін тигізеді. Мультимедиадағы бейнелер мен графикада ағылшын тілін сазды кескіндемелік анимациялық иллюстрациялар арқылы бере отырып, ағылшын тілін оқытуда зор маңызға ие болатындығын аңғаруға болады. Бұл кездегі ұсынылған формалар, көрсету құралдары, дизайн, көркемдік және бейнелік, т.б шешімдердің үйлесім табуы ағылшын тілін үйрену үдерісіндегі оның мазмұнын толықтырады. Олар оқушылардың барлық сезім мүшелеріне әсер ете отырып, оның ойлау қабілеттерін арттырып, бейнелік қабылдауын, есте сақтауының барлық түрлеріне қозғау салып, оқу ақпаратын толыққанды қабылдау және тануына тірек болатындығын көруге болады. Мультимедиа оқушылардың берілген ақпаратты қабылдау кезіндегі көру және есту бейнелерін өзара үйлестіріп, салыстырмалы мәнерлігін құрайды.

Оқытудың үш өлшемді жүйесінің педагогикалық технологиясы оқытуды іздендіру мен демократияландыру жағдайында өздігінен дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі тәрбиеленуші тұлғаны қалыптастыруды көздейді.

Ойындар маңызды әдістемелік тапсырмалардың орындалуына мүмкіндік туғызады:

1. Балалардың сөйлеу арқылы араласуына психологиялық дайындығын жасауға;
2. Олардың тіл материалын көп қайталауына табиғи қажеттілікті қамтамасыз етуге;
3. Сөйлеудің жалпы алғанда күтпеген жағдайға дайындығы болып табылатын оқушылардың қажетті сөйлеу үлгісін таңдап алуға жаттықтыруға.

Сабақ барысындағы әндер мұқият жас ерекшелігі ескеріліп таңдап алынуы керек. Сонымен қатар электронды оқулықтардың пайдасы өте зор. Сабақта электронды оқулықтарды пайдалану арқылы оқушының шығармашылық қабілетін арттыруға, ізденісін ұлғайтуға, танымдық көзқарасын қалыптастыруға, өзіндік жұмыстарды тез орындауға машықтануына негіз қаланады.

Бастауыш сынып барлық білімнің қалануының негізі. Бастауыш сынып оқушыларына нені үйретсең соны санасына сіңіретін нағыз қабылдау жасында болғандықтан, мейлі қандай тіл болмасын өте тез игеріп алуға болады. 3 тұғырлы тілді алға ұстаған қазіргі кезде біздің мектебімізде ағылшын тілі бірінші және үшінші сыныптан бастап өтуді негіз етіп отыр. Балдырғандарымыз тіл жағындағы қадамын нық басса, алдағы болашақта нұрлы жолға қадам тастауына негіз қаланар еді. Бастауыш сынып оқушыларының тілі толық дамып жетілмегендіктен әрине, ағылшын тілі басында қиынырақ сезлігенімен, соңына келе біртіндеп қалыптасып, жаттық әрі әдемі ағылшын тілін сөйлеуіне болады. Бастауыш сынып оқушлары ауыр сабақ жүгін алып жүре алмайтындықтан біз балаларды ағылшын тілінен жалқпауы үшін көбінесе жаңаша үйретіу тәсілдерімен тәрбиелеуіміз қажет. Елдің болашағы келешек ұрпақтың қолында, яғни олар мұратты, мөралды, тәртіпті болумен қатар мықты білім иесі болуы тиіс. Бұнымен қоса дүниенің қай бұрышында болмасын өзін алып шығатын қабілетке ие болулары керек емеспе? Бұған қазіргі заманда дүние жүзінің ортақ тіліне айналған ағылшын тілінің қатысы қалай болмасын.

**Әдебиеттер:**

1. «Ойын әрекеті арқылы белсенділікке баулу». Петров А.В. 2001.
2. «Бастауыш мектептегі ойын технологиясы арқылы оқыту». Калмыкова Е.В, 2007.

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

**Ахаева Мария Жанысбековна**
Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы
«Сабыр Рахимов жалпы білім беретін мектеп» КММ
Бастауыш сынып мұғалімі

***Резюме***
*В данной статье рассматриваются пути развития речевого языка учащихся начальных классов*
***Summary***
*This article discusses ways to develop the speech language of primary school students*

Бүгінгі таңда қазақ мектептерінің өзекті мәселелерінің бірі – оқушылардың тіл мәдениетін көтеру, сауатты жаза алатын, өз ойын айқын жеткізе алатын азамат тәрбиелеу. Бұл мәселе туралы көптеп айтылып та, жазылып та жатыр. Жас ұрпақты өзінің ана тілінде еркін, мүдірмей сөйлетіп үйрету үшін оқыту әдістемесін жетілдіре түсу − бүгінгі күннің аса маңызды мәселесі. Бүгінгі күннің тілек – талабы тұрғысынан білім мазмұнын жаңғырту, өмір талабына орай дамыта оқыту, оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдерін қолданып заман ағымына жауап беруі мұғалімдерге жауапты істерді жүктейді. Бастауыш сынып оқушылары үшін тіл – білім алудың көзі болып саналады. Сондықтан да ата-аналар мен мұғалімдер баланың тілін дамытуың маңызын түсінуі тиіс. Оқушының тілінің дамуы жоғары болса, ол оның өмір жолында, сыныптастарымен қарым-қатынасына, сонымен қатар мектепте нәтижелі оқуына әсер етеді.

Сөйлеу тіліне ең алдымен, анықтама бере кетсек. «Сөйлеу тілі – күнделікті қарым-қатынаста пайдаланылатын әдеби тілдің бір түрі. Сөйлеу тілі белгілі бір жағдайда ауызба-ауыз тікелей жалғанатын қатынас тілі болғандықтан, ол сөйлеудің ауызша формасымен тығыз біланысты болады. Ал, ауызша сөйлеуде еркіндік басым келеді, яғни үйреншікті жағдайда адамдар емін-еркін сөйлейді. Сонымен бірге сөйлеу тілі жазбаша түрде де қолданылады.

Оқушылардың сөйлеу тілінің қабілеттерінің қалыптасуы және дамуының нәтижелі шарттары қандай? Ең бірінші шарт ол – қарым-қатынастың қажеттілігі. Демек, өз пікірімен немесе ақпаратпен бөлісу тілегі мен қызығушылығын туғызатын, сөйлеу тілінің ынтасын айқындайтын жағдайларды қалыптастыру керек.

Екінші шарт ол – қарым-қатынас ортасын құру. Қарым-қатынас ортасы – бұл ата-аналардың, жақындардың, достардың әңгімелері, көркем әдебиет, бұқаралық ақпарат құралдары, мұғалімнің сөйлеу тілі, оқулықтардың тілі... Сөйлеу тілі оқушыға қарым-қатынасқа түсуге және дүниені танып білуге көмектеседі. Бастауыш сынып оқушыларының сөйлеуге үйретуде психологияға сүйенбей болмайды. Сөйлеу тілін дамыту процесінде адамның еркі, есте сақтау қабілеті, ой-өрісінің дамуы, сезімі, қиялдай білу ерекшеліктері негізгі рөл атқарады.

Бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу тілінің дамуы әрдайым педагогикалық басшылықты қажет етеді. Сөйлеу тілін дамыту мен байытуда жүйелі жұмыс қажет. Жас балалардың тілін дамытудың бір жолы ол - көрнекілік пен ойын. Ойын арқылы түрлі тілдік жағдай туғызып, балалардың түрлі тақырыпта сөйлеуіне жағдай жасауға болады. Ойын кезінде баланың сөйлеуге ынтасы артады, көңіл-күйі өседі, сөйлеуге белсенді қатысады. Ойын баланың сана-сезіміне де әсер етіп, тәрбиелік мақсатын да орындайды. Ойын кезінде балалар бір-бірімен тіл арқылы тығыз қарым-қатынасқа түседі. Ойынға байланысты сөздер ойын кезінде бірнеше рет қайталанады. Сондықтан ойынды белгілі сөздердің қайталануына қарай ойын-жаттығу деп атау ғылымда бар, біз де осы пікірге қосылып, ойын-жаттығу терминін қолдану дұрыс деп таптық. Ойын-жаттығу мына талаптарға сәйкес болуы керек:

1. Ойын-жаттығу баланың жасына сай болуы керек.

2. Ойын-жаттығу негізінен сөйлесімнен құрылуы керек. Яғни, ойынның негізі саналатын тілдік жағдай сөйлеу әрекетін туғызатын боуы керек.

3. Тілдік қатысымды жүзеге асыратын сөйлеу нәтижесіне ойнау нәтижесі қосылу керек.

4. Ойын-жаттығу ұжымдық болады, бала ойында өзі қалған рөлді таңдай алуы керек.

5. Ойын-жаттығу баланың ауызша сөйлеу дағдысын, сөйлей білуін нақтылы сөйлеу әрекеттері арқылы жүзеге асу жағдайын белгілеу керек. Бұл әдісте білім мен ойын сабақта елеусіз байланысады да, ойында, сабақта бала өзін еркін ұстайды.

Оқыту әдістемесін зерттеген ғалымдар оқытуда қолданылатын көрнекіліктің мынадай түрін ұсынды, олар: демонстрация, иллюстрация. Оқытуды демонстрациялық негізде ұйымдастыру оқушылардың оқу материалын жеңіл әрі терең ұғынуына мүмкіндік туғызады, олардың ойлау әрекетін жандандырып, қосымша ақпараттар береді. Оқушылардың құбылысты және танымдық процесті, өздері белсенділік танытып оқып үйренсе, шын мәнінде бұл әдіс нәтижелі болмақ. Олар тарапынан мұндай қарым-қатынас оқыту процесінде проблемалық және ізденушілік жағдайға итермелейді. Иллюстрация - демонстрация әдісімен тығыз байланыста болады. Бұл әдісті иллюстративті құралдарды (суреттер, сызбалар, портреттер, модельдер) көрсету қолданылады. Мысалы, қазақ тілі сабағында оқушыларға сурет көрсетіліп, оны сипаттау жұмысы немесе мәтін құрастыру, не болмаса екінші бір суретпен салыстыру жұмысын орындатуға болады. Көрнекіліктер айшық түсті, барлық оқушыларға жақсы көрінуі тиіс және ол оқушының жас ерекшелігіне сәйкес келуі ескеріледі.

Сабақта қолданылатын түрлі көрнекіліктер оқушыларды әртүрлі ойлау әрекетіне бейімдейді. Түсіндірілген материалды саналы түрде меңгеруге ықпал жасайды. Бастауыш мектеп бағдарламасында балалардың жас ерекшелігіне байланысты тапсырмалар, жаттығу жұмыстары берілген. Сол сияқты тіл жұмыстары мәтіндерді оқу, оны мазмұндап айту, сұрақтаға жауап беру және шығарма, мазмұндама

жазу арқылы жүзеге асырылады. Көптеген мұғалімдердің байқауы бойынша бастауыш сынып оқушыларының жаттығуларды түсінбеуі, олардың тілінің дамуының жетіспеушілігінің себебі болып отыр. Жаңа сөздермен жұмыс тіл дамыту барысында ерекше орын алады. Оқушы әр сабақ барысында белгілі бір мөлшерде жаңа сөздерді меңгеруі тиіс. Сөйтіп, оқушылардың сөздік қоры молаяды. Сабақ барысында сөздерді жеке дара емес, белгілі бір жағдайға байланысты тақырып аясында қолдануға мүмкіндік жасалуы тиіс. Ахмет Байтұрсынұлының: «Тіл дамыту мәселесі тек қана грамматика заңдарына үйреніп, не болмаса, сөздерді балаға үйретіп қана емес, сөзді тіршілігінде көрсету барысында ғана шешуге болады», – деген тұжырымы бұған дәлел бола алады.

Сөйлеу тілі мен сөздік қоры молая бастаған сайын бала айналадағы адамдармен, құрбылас балалармен белсенді түрде сөздік қарым-қатынас жасайды. Бала тілін дамытып қалыптастыруда өз ұлтымыздың ауызекі шығармашылығының тигізер ықпалы зор. Халқымыздың ертегі, аңыз-әңгімелері, мақал–мәтелдері, жұмбақ, жаңылтпаштары, ойнақы, жеңіл тілімен беріледі. Балаға жаңылтпаш үйретіп, оны айтқызу сөзді дұрыс сөйлеуге әдеттендіреді, кейбір тілі келмей, бұзып айтатын дыбыстарды анық айтуға жаттықтырады. Ал жұмбақ айтқызу баланы тапқырлыққа үйретіп, ойлау қабілеті мен тілін ұштайды. Мақал-мәтелдерді пайдаланудың әдіс-тәсілдері көп. Оларды сыныпта, сыныптан тыс оқуда белгілі бір тақырыпты оқытумен бірге сәйкестендіріп алған ыңғайлы.

Сөйлеу тілін меңгерудің келесі жолы – кешенді оқыту. Ал оқушыларға арналған кешен: оқулық, фонограмма, күйтабақтар, үнтаспалар, бейнетаспалар, дидиактикалық үлестірмелік жаттығулар, сөздіктер т.б. Қазақ тілі сабақтарында үнтаспаны қосу немесе бейнетаспаны көрсету арқылы тақырыпқа шығуға болады. Тақырыпты тапқаннан кейін оқушылар алдарына мақсаттарды қояды. Сабақ барысында тақырып мазмұнына сай дидактикалық үлестірмелі жаттығуларды беруге болады. Мысалы, жұппен жұмыста өз көршіңмен бірлесіп диалог құру және оны сахналау. Бұл оқушылардың бір-бірімен қатынасын жақсартып, сахналауда тапқырлық пен ептеліктерін дамытады. Ал топтық жұмыста оқушыларға сурет бойынша ертегі құрастыру тапсырылғанда, олардың тек сөйлеу тілі ғана емес ойлау, қиялдау қабілеттері де дамиды. Топпен жұмыста тақырыпты меңгеру, бір-бірін тыңдау, ой бөлісу, қабылдау, қорытынды шығару қабілеттерін дамыту, достық, бірлік қасиеттерге баулу т.с.с сабақтың үш негізгі мақсаты орындалады. Шығармашылық тапсырмада оларға эссе жазу, немесе постер құру сияқты тапсырмалар беріледі, яғни бұл жерде олардың ойын жүйелеу, талдау және оны көркем сөйлеу арқылы жеткізу қабілеттері дамиды. Тақырыпты оқыту барысында түрлі әдістерді қолданудың тиімділігін озат мұғалімдердің іс-тәжірибесі көрсетіп отыр. Мәселен, үшінші сыныптың әдебиеттік оқу пәнінен сабақтың әдістерін қарастырып көрейік.

Білім беру саласындағы түбегейлі өзгерістер елімізге қазақшаға жетік, сауатты, білікті мамандар қажет екендігін көрсетіп отыр. Сондықтан тіл үйретудің тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыруымыз керек.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Абалкова И, Игібаева А.К Интерактивті әдіс арқылы тіл мәдениетін дамыту / Б.Абалкова, А.К.Игібаева // С.Аманжолов атындағы ШҚМУ –дың жас ғалымдары конференциясының баяндамалары. - Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2004.- 141 б.
2. Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: ҚР Білім, мәдениет және денсаулық сақатау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998 жыл, 509 бет

## ЭФФЕКТИВНОСТЬ ПРЕПОДАВАНИЯ – ЭТО МОТИВАЦИОННО-ЦЕЛЕВЫЕ УСТАНОВКИ

**Байсаитова Кульназия Исабаевна**
Туркистанская область, Казыгуртский район
Учитель русского языка и литературы ОСШ Абая КГУ

***Резюме***
*Бұл мақалада оқытуды тиімділігі жоспарлау жолдары қарастырылған.*
***Summary***
*This article provides ways to plan training effectiveness.*

Современные дети и молодые люди 21 века должны быть вовлечены в более эффективные формы активного и конструктивного обучения, обеспечивающего понимание и обретение независимости. То

есть появилась значимая тенденция не только учитывать уровень способностей, развития направленности личности, но и вовлекать её в активный процесс осознания, для каких целей могут быть применены те или иные знания. Ведь «необходимым условием успешности образовательного процесса является формирование смысловой сферы обучаемых, ясное осознание ими целей и смыслов учебной деятельности». Таким образом, эффективность работы преподавателя будет состоять из дидактического замысла, определенных технологических цепочек действий, выстраивающихся структурно, в соответствии с мотивационно-целевыми установками, имеющими формы планируемых, ожидаемых результатов.

Получил возможность
Обрел опыт
Усвоил на отлично
Дополнил знания

Эти основные, четыре направления помогают не только думать, но и действовать, попытками поиска под умелой рукой и через тонкое понимание, и сердце учителя, ребенок обретает чувство уверенности, становится на глазах товарищей знающим, смелым человеком. У него в одну секунду пробуждается мысль «Я открыл в себе пустое пространство, которое могу заполнить опытом, приобретенного сегодня и завтра, открывается желание искать, работать и моделировать все возможные умения и навыки». Ребенок, получивший свободу действий под наблюдением учителя, работает без стеснения и без оглядки, выполняет уверенно; заполняет таблицы, создаёт сложные графические фигуры и схемы. Будучи неудачником или двоечником, который всегда молчал, чтобы быть незаметным для учителя и общества, вдруг в себе пробуждает качества талантливого художника, оформителя, умеющим излагать мысль на бумаге, что опорой становится не только учитель, а учебник или словарь русского языка… . Создавая что-то, удивляется тому, что его мысль течет и продолжает идти потоком информации, это исходит от тех знаний и навыков, которые он приобрел теоретически, не зная сам, как перерабатывает информацию в виде известных ему форм деятельностью в практике. Из моего опыта наблюдений хочу добавить, плохо оцениваемый ребенок однажды показал качества сноровки и хорошую наблюдательность в том случае, когда у отличника рассеялась зоркость и наблюдательность. Отличник допустил три ошибки, когда двоечник это восполнил последовательностью работы «идеально». Концентрация этого ученика была высокой в промежутке 10 минут, он закончил буквально, пока отличник пересматривал всё возможное и невозможное в своих сомнениях.

Из анализа наблюдений: У плохо оцениваемого ребенка – высокое внимание к поставленной цели и концентрация в выполнении задачи пробудили уверенность. Не задумывается о том, какую он получит оценку, главное результат к самооценке.

Высоко оцениваемый ребенок проявил не уверенность, оглядывался на учителя, что он скажет, оценит ли на отлично, ослабила концентрацию и внимание к задаваемой задаче. «Ученика нужно научить видеть собственный потенциал». Два фактора, где ярко выражают личности, проявляемых в процессе обучения. Возникает проблема перед учителем. «Ведь он отличник должен получить пять, а двоечник свою оценку». Здесь учитель должен проявить твердость и переломить себя: «от обычного явления к необычному представлению». Когда ученик от обычного явления, на необычное представление получает пять. Ребенок словно пробуждается на глазах и с каждым разом пробует себя в процессе обучения снова и снова. Он просто становится лидером. Ведет за собой предшественников и знает, как это сделать. Он не боится преград, ищет варианты решений проблем. А успевающий ученик, соревнуясь с ним, готовится заранее к следующему уроку, но уже с творческим подходом деятельности. Слаженная деятельность накладывает новые навыки и способности ребенка. Открывает новые горизонты знаний и желание их приобрести, настолько, что для учителя становится неожиданностью в продвижении быстрой излагаемой информации и мысли детей. Накопленный поток информации становится настолько продвинутой, что не успеваешь пересмотреть правильные и неправильные решения, спустя некоторое время, переосмыслив все действия учащихся, убеждаешься, что ответы верны. В этом случае каждый ученик был вовлечен в активную учебную деятельность в зоне его ближайшего развития, каждый ученик чувствовал себя комфортно. И спустя, некоторое время в них начинаешь видеть способных ребят и даже гениев, которые продолжают расти в своем направлении. Здесь, конечно же играет база знаний, что является инструментом в руководстве учителя. Чтобы получить такую базу знаний от ученика, учитель должен вложить все свои как знания и умения, так и практическую работу с детьми. Фактически, в проведении работы необходимо учителю подправлять ошибки учащегося и делать на них акцент, чтобы не допускали в последующей работе. Отточенная и слаженная работа, даёт плоды. Нормы, предоставляемые учителем должны усложняться

с каждым разом. Чем сложнее, тем проще становится работать детям, которые легко и просто находят решение поставленной задачи. Устраняется неуспеваемость. Единое желание работать как для сильного ученика, предоставляется возможность так и для слабого ученика повторить задачи в другом виде, проявить умение, воспроизвести свои навыки в период всего обучения.

Желание получить похвалу, балл или смайлик ускоряет процесс действия учащегося. Ребята знают, что этот процесс будет, и стараются выполнить заданные упражнения по учебнику быстрее обычного, и затем выполнить следующую задаваемую цель учителем, уже на чистом листе бумаги А3, (или на флипчарте). При быстрой работе у каждого учащегося работа по письму производится по разному (кто-то пропускает написание задания и вступает в процесс деятельности расшифровывать слова, допускает ошибки в написании числа или месяца, классной работы). Нужно заметить что заученные фразы, словосочетания несущие смысловой характер по заданной теме быстрее формируют представление о том или о другом предмете. Давать возможность заглядывать в текст учебника для сапоставления с предыдущей темой, работать с толковым словарем русского языка, для ознакомления со значением слов, знать однокоренные слова из орфографического русского словаря. Таким образом мы привлекаем и заинтересовываем детей работать с книгами в поисках информации вне интернета. Расширяем кругозор поисковой деятельности учащегося. Что даёт газета - отбор текста где встречаются конструкции словосочетаний русского языка. Увлекаем к более сложному восприятию, интересующих детей информацией, вкрапливаем в воспитание личности патриотические чувства к родному краю из программы «Мәңгілік ел», что является одной из целей уроков.

Целью преподавания является организация эффективного учения каждого ученика в процессе передачи информации, контроля и оценки ее усвоения. Эффективность учения предполагает также взаимодействие с учениками и организацию как совместной, так и самостоятельной деятельности.

**Литература:**

1. Руководство для учителя. Обучение критическому мышлению. 2012г.

2. Александер Р.И. Культура и педагогика: международные сравнения в начальном образовании. 2012г.

3. Векишев К.Б. Работа с одаренными школьниками в Республике Казахстан//Педагогика. 2008.№2., с. 36.

## ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОРТА БУЫН СЫНЫПТАРЫНДА ТІЛ ДАМЫТУ САБАҒЫ

**Нуржигитова Гулшарат Серикбайевна**
Түркістан облысы, Түлкібас ауданы
"Жиынбай жалпы білім беретін мектеп" КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

***Резюме***

*В данной статье представлена информация о том, как работать с учащимися в зависимости от уровня подготовки учащихся, работающих с текстом, на уроке развития речи в общеобразовательных школах.*

***Summary***

*This article provides information on how to work with students depending on the level of education of the students working with the text in the language development class in general secondary schools.*

Тіл – адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасын жасау құралы болса, адамдар тіл арқылы қарым-қатынас жасау үшін, алдымен сөзді, онан соң сөйлем құрай алу шарт, тілді уйренудің негізгі мақсаты – өзара сөйлесе, пікірлесе білуге үйрену.

Сабақ өткізу, оқыту барысында өткізілетін ең күрделі жұмыстың бір түрі – кітаппен жұмыс, яғни кітаптағы жаттығулармен және мәтінмен жұмыс. Мұғалім берілген ертек не әңгімені өте мәнерлеп, нақышына келтіріп оқуы керек. Өлеңді, не әңгімені оқығанда әр сөзге дұрыс екпін түсіріп, тыныс белгілеріне тоқталып, дұрыс оқу дағдысын бірінші күннен бастап сақтауға тиіс.

Мәтінмен жұмыс – сабақта өтілетін әртүрлі жұмыстардың жиынтығынан құралады. Олар:

1. Дыбыстармен жұмыс.
2. Сөздіктермен жұмыс.

3. Сөздік қорларын жетілдіру.
4. Тіл дамыту.
5. Ережемен жұмыс
6. Ауызша сөйлей білуге дағдыландыру.

Осы тұрғыдан келгенде мәтінді меңгертуде сөздің жұмысының рөлі үлкен.

1. Төл дыбыстарымыз бар сөздерді оқытушы дауыстап өзі оқып, сонан қайталау керек.
2. Жаңа сөздерді тақтаға жазып есте сақтауын қадалап, оған байланысты сөздерді дыбыстап оқытуға, іштей қайталауға дағдыландыру керек.
3. Қиын сөздерді, сөз тіркестерін жекеше оқытып, дәптерге жазғызып, хормен оқыту керек.
4. Тақырыпты қаншалықты меңгергендігін байқатып, сөйлете білуге дағдыландыру мақсатында мәтіннің мазмұнын қысқаша баяндауды үйрету керек.
5. Мәтінге байланысты сұрақ қойғызып, жауап алу керек.

Мәтінді меңгертуде осындай амал тәсілдерді қолданған тиімді. Мәтін оқылып болған соң, ондағы әр сөзді оқушылардан қалай түсінгеніне көңіл бөлу керек. Түсінбеген сөздерін мұғалім өзі қосымша түсіндіріп, әр сөздің мағынасына тоқталу керек.

Мәтінде кездесетін сөздер мен сөз тіркестеріне де айрықша мән беру қажет.

Біз оқытып жүрген оқулықта тақырыпқа сай мәтіндер көп. Оқулықтары мәтіндердің күрделігі сол мәтінмен жұмыс істейтін оқушылардың білім деңгейіне байланысты болу керек. Мәтінді оқытудың мынадай түрлері бар:

1) Дауыстап оқу: бұл әдісті жүргізе отырып, оқушының сөйлеу элементтерін меңгергендерін байқауға болады. Дауыстап оқытудың тағы бір тиімділігі мынада: оқушылар бірінің қатесін бірі естіп және оны түзетеді.

2) Іштей оқу. Бұл жұмыстың мақсаты оқушылардың шапшаң оқу дәрежесін анықтау. Мысалы: мұғалім оқушыларға іштей оқу үшін бір мәтін беріп, қай жерге келгенде кітаптарын жауып, мұғалімге бітіргенін байқатады. Осыған қарап ұстаз олардың оқу шапшаңдықтарынан мөлшерін белгілеп отырады.

3) араласып немесе кезектеп оқу.

4) буынға бөліп оқу.

5) мәнерлеп оқу.

6) Сөйлемді мағынасына, айтылуына қарай дауыс ырғағымен оқу. Сабақта бірімен мәтінді тек оқытып қана қоймай, сол мәтіннің тәрбиелік мәніне байланысты мақал-мәтелдер, өлеңдер, қанатты сөздер алып, қосымша дәптермен жұмыс жүргіземін. Одан басқа, оқушылардың назарын сол мәтіннің авторына аударады. Мысалы: бүгінгі сендердің қызығып тыңдаған әңгімелерді кім жазған екен? Ол жазушыны естеріңе сақтадыңдар ма? Автордың қандай туындыларын білесіңдер? Кітабын тағы оқығыларың келеді ме?-деген сұрақтар қойылады. Сонымен бірге ол автор туралы буклет, реферат, хронологиялық таблица, сөзжұмбақ жасаймыз. Егер ол автор ақын немесе композитор болса, ол кісінің өлеңдері мен әндерін жаттаймыз, күй табақтар, қара сөздер, поэмалар, термелер бар аудиокассеталар тыңдаймыз, берілген оқиғаға байланысты оқушылар өз ойларын суреттер арқылы да жеткізеді. Әр мәтінге байланысты портреттер, суреттер, дидактикалық материалдар қолданамын. Оқушыны қызықтыратын мәтіндер таңдау, оқушылық қызығушылығын есепке алу, жұмыста қазақша сөйлеуге, жаттығуға бағыттау, оны ұйымдастыруда мұғалімнің рөлі ерекше. Мұғалім сабақта әр түрлі әдіс-тәсідерді пайдалана білу керек. Ол негізгі әдістер: әңгімелесу, көрнекілік, техникалық құралдар қолдану, жұмысты қазақша сөйлесу түрінде жүргізу, оқушының танымдық мәніндегі тапсырмаларды орындауы арқылы білімқуушылығын, өз бетімен шығармашылық жұмыс істеуіне жағдай жасау, қазақша жазу, дұрыс сөйлеу дағдысын қалыптастыру, қазақша білімін конкурстарда, конференцияларды, олимпиадаларда көрсетуге жағдай жасау керек.

Осындай жұмыс түрлерін жүргізу кезінде оқушылардың ой-өрісін дамытуға, терең білім алуларына мүмкіндік туады.

Тілдерін дамыту үшін мынадай сайыс сабақтың түрлерін айтқым келеді. Мақсаты: Оқушылардың тілдерін дамыту, логикалық ой - өрістерін дамыту.

**Қолданылған әдебиеттер**


1. Артықова Т.М. Қыстаубаева Ж. Қазақ тілі . Оқыту әдістемесі.А:, 2005 ж.
2. Бақзыбекова.Н. Саралап деңгейлеп оқыту технологиясы арқылы оқушылардың білім деңгейін арттыру.-А: Қазақ тілі, №4, 2007.16б.
3. Қуанышбаева А.Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді пайдалану.А: Қазақ тілі: Әдістеме. Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал, №2,2004. 47 б.

## ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ

**Алтынбеков Азамат Еркебайұлы**
Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы
«Абай» жалпы білім беретін мектеп» КММ
дене шынықтыру пәні мұғалімі

***Резюме***

*В некоторых видах деятельности, требующих от человека особой концентрации, мобилизации сил, высокого мастерства, перед деятельностью и в ходе нее в плановом порядке организуют и осуществляют психологическую подготовку.*

***Summary***

*In some types of activities that require special concentration, mobilization of forces, and high skill from a person, psychological preparation is organized and implemented in a planned manner before and during the activity.*

Адамды белгілі бір іс-әрекетке дайындау - бұл сол іс-әрекетке жемісті қатысуға дайындықты қалыптастыру процесі деген сөз. Осы дайындық ішінде бірқатар компонентерді атап көрсетуге болады: олар-бұлшықеттік, функционалды, операциялы, психологиялық және т.б. Кез-келген іс-әрекетке адам психологиялық және т.б. Кез-келген іс-әрекетке адам психологиялық жағынан дайын болуы керек. Әсіресе, өзгермелі жағдайларға, мақсатқа жету кезеңдерінде, қажеттіліктер секірулерде және құнды бағыт-бағдар қажет. Спортшы іс-әрекеті дәл осындай белгілерге ие. Енді іс-әрекет нәтижесі де оған риза болу, ішкі психологиялық жағдайы, адамның қобалжулары да оның іс-әрекет процесінде психологиялық дайындығына ғана емес, сонымен бірге, кез-келген іс-әрекетпен жүретін оның шарттарына: нақты күн тәртібіне, жеке тұлға бағалануына, мүмкін болатын жазалаулар мен мадақтауларға адамдардың белгілі бір тобымен араласу ерекшеліктеріне және қуаттылығына қатысты болады.

**Іс-әрекетке психологиялық дайындық** - әрқашан психологиялық дайындықтың нәтижесі болады. Бірақ кейде ол бей-берекет, ұйымдаспаған түрде іске асатын болдандықтан, онша көріне бермейді. Адамнан ерекше жинақтылықты, күштерін жұмылдырып, барын салуда, жоғары шеберлікті қажет ететін іс-әрекеттің кейбір түрлерінде психологиялық дайындық іс-әрекет барысына дейін және сол іс-әрекет кезінде ұйымдастырылады және жоспарлы түрде іске асырылады. Осындай іс-әрекет түрлеріне спорттық іс-әрекет жатады. Бір кездерде спорт психологиясында негізгі мәселе-дағдылар болды. Одан кейін 50-жылдар мен 60-жылдардың басында бірінші орынға спортшы ерік-жігері қойылды. Ал қазір міне, жиырма жылдан көп уақыттан бері, басқа көптеген мәселелерді артта қалдырып, психологиялық дайындық мәселесі ғылыми-практикалық да, ғылыми зерттеу жұмыстарында да алдыңғы орынға шықты. Спортшының психологиялық дайындығы-бұл спорттағы оқу-тәрбие жұмыстарының үлкен бір бөлігі. Психологиялық дайындықтың түпкі мақсаты деп, спортшы қарым-қатынас жүйесін өзгерте отырып, жеке тұлғада спорт үшін маңызы бар қасиеттерді қалыптастыру және жетілдіруді айтамыз.

Жасау болып табылады:

1) Ұзаққа созылатын жаттығу процесіне;

2) жалпы жарыстарға және

3) нақты жарысқа спортшының психикалық дайындығын жасау, қалыптастыру, болып табылады.

Ұзаққа созылатын жаттығулар мен жарыстарға психологиялық дайындық алдын-ала жүргізілетін және **жалпы психологиялық дайындық** деп аталады, ал нақты бір жарысқа тікелей дайындық **арнайы психологиялық дайындық** деп аталады.

Осы жалпы және арнайы психологиялық дайындықтар арасында дайындықтың соңғы кезеңіндегі спортшының психикалық жағдайын түзету мақсаты көзделген арнаулы іс-шаралар өткізілуі мүмкін. Мұндай іс-шараларға деген қажеттілік жалпы психологиялық дайындықты бір жүйенің жоғтығынан туындайды және де олар өткізілген жұмыстарды нақтылайды. Психикалық жай-

күйлер корекциялық бағдарламасы алдын-ала және нақты психологиялық дайындықтың біріктірілген іс-шараларының қысқартылған нұсқаларын білдіреді.

Бірақ, жеке тұлғаның қасиеттерін қалыптастыру мен жетілдіру-бұл дайыедықтың түпкі мақсаты болып табылады. Күнделікті іс-шаралардың мақсаты нақты қойылады. Ол-спортшы бойында жаттығу немесе жарыстың табысты болуын қамтамасыз ететін жағымды психикалық жай-күй жасау болып табылады. Актуальды психологиялық жай-күй жаттығудың жемістілігі мен сапасын анықтайды, бірақ, ол келесі дәріс-сабақта болмауы мүмкін. Ол іс-әрекет уақытша іске асатын фонды айқындайды. Енді осы жай-күй созылмалы, бір қалыпты болуы үшін оның негізіне спортшының іс-әрекет процесіне, осы процесс шарттарына, өз-өзіне, жүктемелерге және т.б. деген қарым-қатынасы жатқызылуы тиіс.

Қалыпты жағдайға түсе отырып, актуальды жай-күй негізге айналады және іс-әрекеттің едәуір ұзақ мерзімге созылатын өзіне тән нақтылықпен ерекшеленетін психикалық білімділік сияқты жеке тұлға қасиеттерін анықтайды. Мысалы, бір спортшы жаттықтырушы тапсырмасын үнемі сапалы әрі жемісті орындайды, ал екінші мұнй анда-санда істейді. Біріншісінің жұмысқа қабілеттілігі жаттығу процесіне деген шын көңілмен қарым-қатынасынан көрінеді, ал екіншісі-бүгінгі көңіл-күймен байланысты болады. Сондықтан осындай психикалық жай-күй сайын әрбір жаттығу, сабақ барысында психологиялық-педагогикалық әсер етулерін жиынтығын қолдана отырып, қалыртастыру қөажет. Сөйтіп, психологиялық дайындық-бұл психикалық жай-күй негізге айналғанша, одан кейін жеке тұлға қасиеті болғанша реттелетін күрделі процесс. Осы аталған процестің орталық мақсаты-психологтар, ата-аналар, жаттықтырушылардың әсерінен, яғни тәрбиелеу ьарысында және өзін-өзі іштей ұйымдастыру мен жұмылдыру, яғни спортшының өзін-өзі тәрбилеу процесінде болатын спорттық мінез-құлық негізін құрайтын тиісті қарым-қатынастарды қалыптастыру мен пысықтау болып табылады.

Спортшының психологиялық дайындығында негізгі психологиялық құбылыстардың үш тобын: процестер, жай-күйлермен қасиеттерді жетілдіру негізінде психика дамуының классикалық жалпы кестесі айқын көрініс табады. Тәрбиелену мен өзін-өзі тәрбиелеу барысында психикалық жай-күйлер мен процестердің өзгерулері болып тұрады. Осы айтылғандардың бәрі спортшының психологиялық дайындығының мақсаты-спорттық жарыс пен жаттығудың табыстылығын білдіреді. Жеке тұлғак қасиеттерін қалыптастыру мен жетілдіру болып табылатындығы дәлелдейді.

Дамудың осындай күрделі процесі спорттық іс-әрекеттің әртүрлі жағдайларында спортшының мінез-құлқы мен жай-күйін басқару арқылы іске асады. Психологиялық жай-күйді басқару мен жеке тұлға қасиеттерін тәрбиелеу іс-әрекет пен оның нәтижесі ретінде бір-бірімен тығыз байланысты. Жақсы ұйымдастырылған және жеткілікті ұзақ психологиялық дайындық, спортшыны басқару қажеттілігінің одан әрі азаюына әкелуде. Өзін-өзі басқаруды, өзін-өзі реттеуді жетілдіру жүйесі спортшының жеке тұлғасының маңызды мінездемесі ретінде оған жаттығу кезінде де, жарыстар кезінде де көп байқала бермейтін резервті мүмкіндік.

**Спортшының тәсілдік дайындығы дегеніміз** - жарыс кезінде кездесетін мақсаттарды тиімді шешу әдістерін жетілдіру мен осы мақсаттардың тиімділігін анықтайтын арнайы қабілеттерді дамыту болып табылады.

Тәсілдік дайындықтың психологиялық ерекшеліктері мен мәнін түсіну үшін мынадай ұғымдарға түсінік беру керек: тәсіл, мақсатқа жету.

Тәсіл-бұл жарыс жағдайына орай әдістік амалдарды қолдану құралдарының жиынтығы. Қызу жарыс кезінде спортшы немесе бүкіл команда тәсілінде белгілі бір өзгермелі қимыл сызығы көрінеді. Мысалы, семсерлесуші қарсыласының финттеріне назар аудармастан тұрған жерінде қатып қалуы мүмкін. Бұл оның жарысты жалғастырус үшін өз ойлары туралыч қарсыласында қате пікірлер тудыру тәсілі.

Сонымен, тәсілдік іс-әрекет жарысч басында спортшы алдындағы шешімдер жиынтығынан құралады. Бұдан келіп тәсілдік дайындықтың белгілі бір жағдайларда алға қойылған мақсаттарды білдіретіндігін көреміз. Екі жағдайда да спортшының мақсапттары әр түрлі. Мысалы, ойын кезінде өз қарсыласынан құтылу, оған тосқауыл жасау шабылдаушыч позицияға шығу керек болады. Осы мақсаттарға орай, ол жеке өзі, арнайы шешімдер қабылдауы керек. Жарыс кезіндегі спортшы қимылы мақсаттарды шешудің үзіліссіз шешімдер-күрделі реакциялар арасындағыч спортшының тәсілдік ойлауының бірден-бір ерекшелігі.

Тәлілдік ойлау барысында спортшы мақсаты мен шешу құралы арасында байланысты орнатуға тырысады. Бұл жерде оқиғалар барысын алдын-ала түсіне білуі жағдайлардың мүмкін болатын өзгерісін алдын-ала байқау ерекше орын алады. Қандай да бір шешім қабылдау кезінде спортшы қарсыласының әлсіз және күшті жақтарын тез анықтап, ескерттуді, жарыс өтіп жатқан жағдайларды, сыртқы факторлардыч тез анықтауды үйрену тиіс.

**Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Е.Уаңбаев "Дене тәрбиесінің негіздері" 1996ж. 70-72 бет
2. Т.Ш.Қуанышов "Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі" Алматы 2002ж. 99-101 бет.
3. С Қалиев "Қазақ тәлім-тәрбиесі" Алматы 2004ж.
4. П. Сабыров "Оқыту теориясының негіздері" Алматы 1993ж.

## ФИЗИКА ПӘНІН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

**Мырзабекова Карлыгаш Зулхайнаровна**
Түркістан облысы, Шардара ауданы,
№1.Мұхтар Әуезов атындағы жалпы білім беретін мектеп КММ
Физика пәні мұғалімі

***Резюме***

*Бұл мақалада физика пәнін оқыту сабақты зерттеу барысында қолданылған әдіс-тәсілдерге, яғни, атап айтқанда ауызша түсіндіру әдісі, көрнекі стиль әдісі және қолданылатын белсенді стиль әдіс-тәсілдері туралы мағлұмат берілген. Әр әдіс-тәсілдерді қолдану тек теорияға емес, практика жүзінде де зерттеліп нақтыланған.*

***Summary***

*This article provides information on the methods used in the study of physics teaching, that is, in particular, the oral explanation method, the visual style method and the active style methods. The use of different methods is studied and refined not only in theory, but also in practice.*

«Әдістеме» мағынасы «әдіс-тәсіл» сөзінен шыққандықтан, «оқыту методикасы» ұғымы физиканы оқытудың бірнеше әдістерін ескереді. Оларда – кешенді әдіс, жобалық әдіс, дедуктивті индукция әдісі және т.б.оқыту әдістері түсінігі оқыту мазмұнына негізделіп, оқу-тәрбие жұмысының, оқытуды ұйымдастырудың және әртүрлі шығармашылық әрекеттердің бүкіл процесінен өтетінін байқауға болады.

Физика ғылымының өзіндік зерттеу әдістері болатыны сияқты, физиканы оқытудың да өзіндік әдістері бар. Оқыту әдістері арқылы біз мұғалімдердің оқушыларға білім мен материалдарды қалай беретінін түсінеміз. Әдіс оқытудың мақсаты мен мазмұнын анықтайды. Әдістер өзгерсе, әдістер де өзгереді. Мысалы, кіші және жоғары орта мектептерде физиканы оқыту әдістемесінде айырмашылықтар бар.

Оқыту әдістерін оқыту әдістерімен шатастырмау керек, ал әдістерді комбинациялар немесе әдістер жиынтығы деп атауға болмайды. Мұндай даму оқыту әдісінің бастапқы қасиеттерін жойып, әдістің өзі оқыту категориясы екенін жоққа шығарар еді.

Бұл тәсілді жүзеге асырудың бір жолы әртүрлі әдістерді біріктіру болып табылады. Физика сабақтарында эксперименттер негізгі әдіс болып табылады. Әдіс-тәсілдері бойынша мұғалімнің тәжірибе жасау, түсініктерді демонстрациялар арқылы түсіндіру, оқулықтарды пайдалану т.б.

Оқыту әдістері мен әдістерінің арасында өзара айырмашылықтардың болуы олардың ешқашан бір-біріне ауыса алмайтынын білдірмейді.

Физиканы оқыту барысында оқушылардың ойлау қабілетін жетілдіріп қана қоймай, олардың оқытылатын материалға деген танымдық құштарлығын тәрбиелеу қажет. Физикалық құбылыстарды білуге деген қызығушылықтың қалыптасуы мен дамуының бір себебі сол физика оқулығында түсіндіріледі.

Физика курсының мазмұнын байыту, проблемалық оқыту әдістерін енгізу, оқыту әдістері мен әдістерін өзгерту, студенттердің өздік жұмыстарын шыңдау, қызықты эксперименттер, физикалық бағдарлар, жоспарлар, сызбалар т.б. құру үшін жаңа мәліметтерді пайдалану Оқытуды пайдалануды белсендіру.

Қазіргі кезде қолданылатын оқыту әдістері негізінен үш категорияға бөлінеді: 1. Ауызша түсіндіру әдісі. 2. Көрнекі стиль. 3. Белсенді және стильді болыңыз.

Олар бірігіп елу әдіс жүйесін құрайды.

Ғылыми зерттеулердегі сияқты білім беруде де әдістер пәннің мазмұнымен тікелей байланысты. Оқыту әдістері әртүрлі құбылыстардың өзгерістерін, табиғи байланыстары мен даму заңдылықтарын анықтайды, ғылыми зерттеу әдістерінің негізгі принциптерін үйретеді, шығармашылықты дамытады. дамыту. оқушының дамуы. Оларды бөлек қарастырайық.

Ауызша әңгімелеу әдісі. Физиканы оқу процесінде жаңа физикалық материал ауызша баяндау, яғни ауызша дәрістер арқылы түсіндіріледі. Бұл аталған әдістердің ортақ қасиеті мұғалімнің оқушыларға сабақты түсіндіреді. Материалды көрсету курстың логикалық негізін түсіндіру болып табылады. Мұғалімдер өз сабақтарында әңгімелесу әдістерін қолдануға мұқият дайындалуы керек. Мұғалімдердің әңгімелері студенттердің реакция құбылыстары сияқты белгілі бір физикалық құбылыстарды түсінуі үшін негізгі ұғымдар мен принциптерді және олардың арасындағы байланыстарды логикалық түрде түсіндіруі керек. Олар сөзжұмбақты шешу үшін дұрыс метафоралық сөзді таңдай білуі керек. Әртүрлі көрнекі құралдарды пайдалана отырып, оқушылардың эксперименттерін сипаттау немесе талдау кезінде мұғалімнің түсіндіруі басым болады. Шындығында, ақпарат физикалық құбылыстар мен өзгерістер туралы хабарлау кезінде, тіпті физикалық құралдар арқылы да, барлау мен бағдарлау кезінде де ауызша берілетіні белгілі. Физика таза табиғи білімдер мен тәжірибелерге негізделген ғылым болғанымен, оны оқытуда тілдік дағдылар өте маңызды. Жалпы, сөйлеуді қабылдау күрделі құбылыс. Оқушылардың «Сабақтан шығу» қоңырауының аяқталуын қалай қабылдап, қалай әрекет ететінін бәріміз білеміз. Егер олар «Сабақтан шығу» қоңырауын естімесе, оның шырылдағанын сезінеді. Оқыту процесінде сөздің маңызы зор екенін байқауға болады.

Сөйлеудің кейбір түрлері: жаңа білімді қайталайтын сөйлейтін сөздер, білімді тереңдететін және презентация үшін сөйлеуге машықтанатын сөздер және алдыңғы материалды қайталайтын сөздер. Әңгімелердің соңғы екі категориясы жаңа материалды бекіту мақсатына қызмет ететін әңгімелер болып табылады, сондықтан жеке әңгіме ретінде қарастыруға болады. Бұл оқушыларға берілген материалды жалпы жағдайдан нақты жағдайға жылжытатын әңгіме.

Сабақтар тақырып бойынша топтастырылған: кіріспе әңгіме сабағы; түсіндірме сабақтар және соңында әңгіме;

Солардың ішінде әңгімелеу ең қызықты және тиімді.

Түсіндіру диалогы презентациямен бір мезгілде өтеді.

Мектеп физикадан өткізілетін лекцияның мақсаты оқушылардың басқа әдістерден ала алмайтын мәліметтерді және деректерді қорытындылау.

Лекция тыңдау физика жайында әңгімен таңдаудан қиынырақ .Өйткені , ол тұрақты зейінді талап етеді. Мектепте физикадан лекция тек жоғары класстарға оқылады.Алайда, кейбір шолу лекциялары емтихан алдында материалды қайталау мақсатында ЕХ кластарда оқылуы мүмкін.

Әрине, физикадан сабақ өткізбес бұрын жалпы лекция сабақтарына қойылатын талаптарды жете білу керек. Бұл талаптар төмендегідей:

- Баяндаудың ғылыми дәлдігі, логикалық үйлесімділігі, бекітілудің тыңғылықтылығы, әсерлілігі,анықтығы.
- Оқушылырдың осы сабақты таңдаудың қажеттігін, сабақ кезіндегі мақсаттарын түсіну.
- Қарастырылған тақырыпты орындауға оқушылардың әзірлігі, олардыі лекцияны ықыласпен тыңдауы, саналы қабылдауы.
- Оқушылар алған жаңа білімін бұрын алған білімдерінен байланыстыра алуы, осы білімдерін тұрақты есінде сақтай алуы.

Лекциялық сабақ кезінде мұғалім оның жалпы мзиұнын мақсатында оқушыларға сұрақтар қойып отырады, жауабын өзі қайтаруы мүмкін.

Енді келесі әдістерге қысқаша тоқталып өтелік.

Көрсетілімдік әдіс.Физикадан көрсетілетін көрсетілімдер біртіндеп және сабақтың тиісті езеңінде көрсетілуі тиіс,Егер қажет болса, суреттерді, графиктерді, жоспарлы алдын ала іліп қоюға болады.Көрсетілімдерді көрсетіу, түсіндірумен ұштасьырылуы қажет.

Физиа сабағынан өткізілетін экскурсиялар.Экскурсиялар көрсетілімдік әдісінің бір түрі және оқытудың айрықша ұйымдастыру формасы.Физикалық экскурсияны өткізу барысында әр түрлі әдістердің – әңгіме, лекция, әңгімелесу және басқалар қолданылуы мүмкін. Бірақ, бұладың бәрі көрсетілімдік әдісімен үйлестіріледі , соған бағынышты.

Әдетте экскурсия нақтылы заттарды, құбылыстарды, процестерді табиғи жағдайда көріп, қабылдауға мүмкіндік береді.

Лабораториялық әдіс пен физикалық эксперимент.Мектептегі эксперимент, лабораториялық және іс-жүзілік жұмыстар теориялық білімдерді анағұрлым саналы және берік игеруге көмектеседі. Бұлар – көрнекілік, саналық пен белсенділік, оқыту мен өмірдің байланысуы арлқылы жүзеге асады.

Физикалық жатығулар. Физикадан есеп шығару – білімді бекітудің және іскерлік пен дағдының қалыптасуын, сондай-ақ оқушылардың ойлау қабілетін дамытудың негізгі әдісі.Лаборатория жабдықтарын, өлшеуіш аспаптарды пайдалана біліді үйрететін арнаулы жаттығулар да бар.

Қайталау әдістері. Физика сабағында қолданылатын қайталау әдісі бекіту әдәсәне ұқсас. Физиалық жаттығулар мен қайталау – білімді бекітудін жаңа іскерлік пен дағдыны қалыптастырудың негізгі әдісі. Қайталау да жаттығулар сияқты, ауызша және жазбаша өткізіледі. Қайталау күнделікті қайталау және қорытынды қайталау болып бөлінеді. Күнделікті қайталау әр сабақ сайын өткізіледі. Оның негізгі мақсаты – мұғалімнің оқушымен әңгімесі және оқулыққа әдейі еңгізілген қайталау – шолу сабақтарын орындау.

Қорытынды пысықтыу, көбінесе жылдың аяғында, әдетте, тақырыптар мен тараулар бойынша баяндамалар, мұғалімнің шолу сабақтарын орындау.

Проблеммалық оқыту әдісі. Оқушыларға физикалық білім даяр күйінде беріле салмай, мұғаліс оның алдына белгілі бір проблемманы қойып, одан шығу жолын көрсетеді. Проблемалық оқыту - физикалық прблема, физикалық проблемалық сұрақ, физикалық проблемалы тапсырма, проблемалы жағдай деген ұғымдарды қамтиды. Ол тек проблемалық жағдай туғызып қоймай, оны дұрыс шеше білу тәсілдерін де меңгертеді. Ол үщін мұғалім оқушының физикалық материалда кездесетін: ой, пікір, ереже, қағида қайшылықтарын дұрыс аңғаруына жағдай жасап, оны шешу тәсілдерін, өздігінен іздену, зерттеу амалдарын үйретуге тиіс.

Проблемалық оқыту үш түрлі формада іске асады: проблемалық баяндау; оқушылардың белгілі дәрежеде іздену және өздігінен іздену әрекеттері.

Проблемалық оқытудың іске асуы ьөмендегідей негізгі үш кезеңнен тұрады: 1. Проблемалық міндет қою және оны айқын ұғыну. 2. Проблемалық міндетті талдау, болжамдар жасау, оны шешудің тиісті амалдарын қарастыру. 3. Проблеманы шешу, оның дұрыстығын тексеру.

Әрине, физикадан берілетінбарлық білімді проблемалық оқыту арқылы іске асыруға болмайды. Кейбір тараулар мен тақырыптарда берілетін білімдер оны қажет етпейді.

Проблемалық оқытудың аса маңызды екі бірдей пайдасы бар. Біріншісі - оқытудың ғылыми дәрежесін арттыру, екіншісі - ғылыми дүниетанымды қалыптастырудың тиімділігін арттыру.

Бағдарлап оқытуды ұйымдастырудың формасын сипаттайтын жалпылама нәрселерді бөліп көрсетуге болады.Бағдарлап оқыту дегеніміз - “Бағдарлама” деп аталатын жиынтық тапсырмалар бойынша оқушылар өз бетімен жүргізетін жұмыс түрі. Бағдарламаларды ғалымдар, мамандар басшылығымен түрлі жастағы оқушылар үшін, педагогтар құрам құрастырады.

Өз бетімен істелетін жұмысқа мүмкіндігінше толық басшылық жасау үшін, бағдарлама - “қадам” деп аталатын логикалық байланысы бар сұрақтардан, немсе ақпарларды қамтиды. Әрбір қадамда міндетті түрде бақылау - сұрақ болады. Оған дұрыс жауап берілгендігін - қадамның мазмұны дұрыстүсіндіріліп, меңгерілгенін көрсетеді. Тек дұрыс жауап берілгенде, бағдарламаның келесі бөлігінде, келесі қадамға өтуге рұқсат етіледі.

Оқытудағы класс-сабақ жүйесінің негізгі кемшілігі - оқушылардың белсенділігінің аздығы, үйренушілер үшін оқу жұмысының үйлесімді қарқынының жоқтығы. Бұл кемшіліктерді жою үшін бағдарлап оқытудың негізіне алынған мынадай талаптар орындалуы керек: оқущы оқу материалын жүйелі іріктеліп, орналастырылған қадамдар арқылы қабылдаув керек; оқытуды, оқушы тек оқу материалын қабылдап қана қоймай, сондай-ақ, оны пайдалана білетіндей етіп, ол барлық уақытта “іске әрі жұмыс басты” болатындай етіп құрған жөн; келесі материалды оқып үйренуге өту үшін оқушылар алдында өткенді жақсы меңгеріп алулары қажет; оқушыға оқу материалын тиісті бөліктерге бөлу арқылы түсіндіру қажет.

**Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Ахметов А.Қ. Физика.-Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 2007.-224б.

2. Поезжалов В.М., Мищенко А.В. Справочно-методическое пособие для подготовки к тестированию по общей физике: Костанай – КГУ им. А. Байтурсынова, 2007

3. Трофимова Е.Ф. Курс физики. –М:Высшая школа, 2008

**ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУДАҒЫ ФИЗИКА ЕСЕПТЕРІН ШЫҒАРУ ӘДІСТЕМЕСІ**

**Кадирова Лаиля Абдихалиловна**
Түркістан облысы, Шардара ауданы,
№12 жалпы орта мектеп КММ
Физика пәні мұғалімі

***Резюме***

*Бұл мақалада функционалдық сауаттылықты арттырудағы физика есептерін шығару әдістемесі туралы мағлұмат берілген. PISA әлемдегі мектептегі білім беру тиімділігін салыстырмалы бағалаудың әмбебап құралы ретінде қолданылады.*

***Summary***

*This article provides information on the methodology of solving physics problems in increasing functional literacy. PISA is used as a universal tool for comparative assessment of the effectiveness of school education in the world.*

Қазақстан Республикасында білім беру сапасын арттырудың негізгі бағыты мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту іс-шараларының тиімділігін, бірлігін және жүйелілігін қамтамасыз ету болып табылады. Қазіргі тұлғаның ең маңызды функционалдық сипаттамалары белсенділік, шығармашылық ойлау және шешім қабылдау, кәсіби жолды таңдау және өмір бойы білім алуға дайын болу болып табылады. Бұл функционалдық дағдылар мектепте қалыптасады.

PISA әлемдегі мектептегі білім беру тиімділігін салыстырмалы бағалаудың әмбебап құралы болып табылады. PISA дегеніміз не және ол нені білдіретінін қарастырайық. RISA зерттеулері қазіргі уақытта әлемде мектептегі білім беру тиімділігін салыстырмалы бағалаудың әмбебап құралы болып саналады. Жалпы зерттеу барысында алынған оқытудың мазмұны мен әдістері, сондай-ақ контекстік факторлардың (басқару моделі, оқыту тілі, отбасының әлеуметтік жағдайы және т.б.) функционалдық даму деңгейіне әсері сияқты мәліметтер. Мектеп оқушыларының сауаттылығы білім беру жүйесін дамыту стратегиясын анықтауға негіз болады.

PISA (Program for International Student Assessment) зерттеуінің әрбір деңгейі халықаралық контексте сараланады. Бұл әрбір қатысушы елге білім беру жүйесінің стратегиялық мақсатын анықтауға мүмкіндік береді.

RISA тестілеуі функционалдық сауаттылықтың үш саласын бағалайды: оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық және жаратылыстану сауаттылығы. Зерттеу вахталық әдіспен (үш жылда бір рет) жүргізіледі. Әрбір раунд функционалдық сауаттылықтың қандай да бір түріне назар аударады. PISA зерттеуінде жаратылыстану сауаттылығы ғылыми білімді пайдалана білу, айналамыздағы әлемді және оған адам әрекеттері енгізетін өзгерістерді түсіну, соған сәйкес шешім қабылдау үшін қажетті мәселелерді анықтау және негізді қорытындылар жасау қабілеті ретінде анықталады. Енді мен оқытатын пәнге байланысты сауаттылықты зерттеудің ерекшеліктеріне тоқталайық.

Физика пәнінің оқыту процесін жетілдіру оқушылардың танымдық белсенділігі мен іздемпаздығын арттыруға негізделген. Оқу танымдық қызметі барысында оқушылар қажетті көлемдегі білімді игеріп қана қоймастан, танымдық қабілеті мен шығармашылдық ойлауы да дамытылады.Оқушылардың танымдық қызығушылықтарын дамытуға арналған зерттеулердің нәтижелері оқушылардың танымдық қызығушылығының көрсеткіштері ретінде төменде берілген:

- таным үрдісіндегі белсенділігі, білімге қызығушылығы;
- өздігінен ізденушілік әрекет жасауға ынтасы;
- оқу — танымдық қызметтегі негізгі түйінді анықтау білігі;
- игерілген білімді тасымалдай білуі;
- өзіс — әрекетінбақылауы, бағалауы;

Оқушылардың танымдық қызығушылығының ең жоғары деңгейі танымдық міндеттерді өздігінен шешуге ұтымды жолдарды қолдана білуімен, жаңаны білуге деген қызығушылығының жоғары болуымен және өз іс — әрекетін бақылап, бағалай білумен сипатталады. Орта деңгейде оқушы танымдық іс-әрекет деңгейін өздігінен орындауды оқытушының көмегін қажет етуімен сипатталады, төменгі деңгейде оқушы тапсырманы қайталаумен шектеліп, оқытушының көмегімен орындалады[1].

Білім беру саласында қол жетілген бітімнің мәні оқушылар үшін білімнің де, дағдылардың да тең дәрежеде маңызды екендігіне саяды. Заманауи ең негізгі ерекшелігі оқушылардың алған

білімдерін жай ғана иеленіп қоймай, оларды орынды жерінде қолдана білуіне басты назар аудару болып табылады, ал XXI ғасырда талап етілетін дағдылардың мәні осында. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы жасаған құзыреттерді анықтау және іріктеу жобасы дағдылардың барынша кең ауқымын қамтитын XXI ғасырдың моделі болып табылады. Бұл жоба оқушылардың терең тұжырымдамалық түсінікпен астасқан негізгі сауаттылықты меңгергендігін көрсететін, кең мағынасында шешімдер мен іс-әрекеттерді таңдау қабілеттілігі түйінді құзыреттерді сипаттайды. Мұғалімдер жұмыстарына жеткілікті уақыт бөле білулері керек, оқушының білімдері мен дағдыларын дамытуда ғана емес, жалпы алғанда оның оқуын барынша жекешелендіру және баланың бойында сананы – қалай оқу керектігін үйренуді қалыптастыруға мән бере отырып, оны тұлға ретінде дамытуда икемділік танытулары тиіс.

Жаратылыстану пәндеріндегі ғылыми сауаттылықтың ерекшеліктері:

- жаратылыстану ғылымдарының негізгі ерекшеліктерін адам танымының және зерттеуінің бір түрі ретінде түсіне білу;
- жаратылыстану ғылымдары мен техниканың материалдық, интеллектуалдық және мәдени салаларға әсері туралы білімдерін көрсету;
- мектепте алған білімдерін әртүрлі өмірлік жағдаяттарда пайдалана білу, ғылыми әдістерді пайдалана отырып мәселелерді шешу, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеу және оларға сыни тұрғыдан баға беру;
- айтылған пікірді қолдайтын немесе жоққа шығаратын, қарсы немесе негіздейтін эксперименттік эксперименттер, болжамдар мен зерттеулер жүргізу;

Ғылыми сауаттылық – адамның әр түрлі өмірлік жағдаяттарды шешуде өз дәлелдерін таңдау кезінде ғылым мен ғылым саласындағы өз білімін пайдалана білуі.

Ғылыми-жаратылыстану сауаттылығының құрамдас бөліктері құбылысты ғылыми тұрғыдан түсіндіру, ғылыми зерттеулерді талдау және құрастыру және берілген көрсеткіштерді ғылыми болжау. Оқушылардың бейімділігі мен дарындылығын, танымдық және зерттеушілік қабілеттерін зерделеу негізінде заман талабына сай шығармашыл тұлғаны қалыптастыру.

Қазіргі қоғам өмірінде оқушылардың жаратылыстану ғылымдары мен технологиялар саласындағы түсінігі өте маңызды болып табылады, бұл оларға жаратылыстану ғылымдары мен өмірге әсер ететін технологияларды салыстыратын қоғамдық стратегияларды (курстарды, саясаттарды) жасауға қатысуға мүмкіндік береді. Сондықтан PISA зерттеуі аясында 15 жастағы оқушылардың жаратылыстану сауаттылығын зерттеу маңызды. PISA зерттеуінде жаратылыстану сауаттылығы ғылыми білімді пайдалана білу, айналамыздағы әлемді және оған адам әрекеттері енгізетін өзгерістерді түсіну, соған сәйкес шешім қабылдау үшін қажетті мәселелерді анықтау және негізді қорытындылар жасау қабілеті ретінде анықталады.

Ғылыми сауаттылықты төрт салаға бөлуге болады: ғылым мен техникаға негізделген өмірлік жағдайларды тану (контекст); қоршаған орта және ғылым (білім) туралы білімдерден тұратын ғылыми білімге негізделген қоршаған әлемді, оның ішінде технологияны түсіну; ғылыми сұрақтарды ажырату, ғылыми табиғат құбылыстарын түсіндіру, нақты фактілер мен дәлелдерге негізделген қорытындылар жасау үшін ғылыми білімді пайдаланудан тұратын құзыреттерді (қабілеттерін) көрсету; ғылымға деген қызығушылық.

**Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Савельев И.В. Жалпы физика курсы. Алматы: Білім. 2005. 320б.
2. Абдулаев Ж. Физика курсы.-Алматы: Білім, 2005. 346б.
3. Ахметов А.Қ. Физика.-Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 2007.-224б.

## ФИЗИКА ПӘНІНДЕ ЖОБА ӘДІСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕМЕДЕГІ ОРНЫ

**Арипжан Рахымжан Мамыржанұлы**
Түркістан облысы, Келес ауданы,
№22 З.Рүстемов атындағы жалып орта мектеп КММ
Физика пәні мұғалімі

***Резюме***

*Бұл мақалада оқушылардың физика пәнінен зерттеу жұмыстарын жоба әдісі негізінде практикалық немесе теориялық маңызды мәселені шешу кезінде алынатын нәтижеге прагматикалық бағытталудан құралған идеялар туралы айтылған.*

***Summary***

*This article talks about the ideas formed by pragmatic orientation to the result obtained when solving a practical or theoretically important problem based on the project method of students' research work in the subject of physics.*

Жобалық - зерттеу жұмысын іске асыру жолдары: физикалық тәжірибе, зертханалық практикум, жаппай зертханалық жұмыстар, тәжірибелік тәжірибелік есептер шығару, құрастырылған есептер, жаңа білімді жобалау-зерттеу арқылы ұйымдастыру.

Жобалық - зерттеу жұмысы оқушылардың шығармашылық, зерттеу міндеттерін бұрын танылмаған шешімдермен және ғылымда қабылданған дәстүрлерге негізделген, ғылыми салада зерттеуге тән негізгі кезеңдерді қамтитын шешімдерімен байланысты проблемалық мәселелер, осы мәселеге арналған теорияны зерттеу зерттеу әдістерін іріктеу және практикалық меңгеру, өз материалдарын жинау, талдау және синтездеу, өз қорытындыларын жасау әрекеттері қарастырылады.

Менің тәжірибемде оқушылардың жобалау- зерттеуді жұмыстарын ұйымдастыру кезеңдер төмендегідей:

1. Зерттеу тақырыптарының тізімін жасау.
2. Ресурстық орталығын құру.
3.Оқушылардың жұмысының мақсаттары мен міндеттерін түсіндіру.
4. Теориялық материалдардың көлемін және тақырыбын анықтау.
5. Жұмысты ұйымдастырудағы сілтемелер тізімін анықтау.
6. Зерттеу әдістерін анықтау.
7. Зерттеудің болжамды нәтижелерін анықтау.
8. Оқушылардың өзара әрекеттесу схемасын анықтайтын рөлдерді таңдау зерттеу.
9. Жұмыстың барысын және оның ауқымын жоспарлау.
10. Жобалық-зерттеу жұмыстарының презентациясын ұсыну жолдарын рәсімдерін жасау

Физика табиғатты зерттейтін ғылым ретінде бақылаулар мен тәжірибегеге негізделген, ал жобалық-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру ғылымға деген физикалық қызығушылықты арттыратын қажетті жол болып табылады. Алғашқы кезең: Тәжірибеде көрсеткендей, оқушылардың табысты ғылыми-зерттеу жұмысы, сыныпта да, сыныптан тыс та жұмыстың дағдыларын дамыту, зерттеуге қызығушылықты арттыру қажет. Мысалы, сабақта «Үйкеліс күш» тақырыбында оқушылар келесі сұрақтарды қарастырады:

1. Үйкеліс күші пайда болғанда
2. Үйкеліс күшінің себебі не
3. Үйкеліс күші қалай басқарылады
4. Үйкеліс күші неге байланысты. Осы төрт сұраққа жауап беру үшін оқушылар тәжірибелік жұмыстарды жүргізеді, динамометрді, жүктер жиынтығын, ағаш тақтайшаны, ағаш ұстамды, өрескел материалды пайдаланып зерттеу жүргізеді. Жұмыстардан кейін өздерінің қорытындыларын жасауға шақырылады.

Үйкеліс күші 1-ге байланысты. — 2 .— 3. — Үлкен қызығушылықпен келесі жобалық-зерттеу жұмыстарын орындайды:

Менің ойымша, әрбір іздеуде жаңалықтың бір элементі бар. Содан кейін ғана әр студенттің шығармашылық белсенділігін дамытатын іздестіру іс-шаралары тәуелсіздікке

ие болады. Шартты зерттеу жұмыстарын бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленетін екі түрге бөлуге болады. Біріншіден, Оқушылар және әрбір моқытушы іздейді:

– оқушыларді мақсат қоюға үйрету;
– зерттеу жоспарын жасау;
– қажетті құралдар мен материалдарды таңдау;
– қажетті қондырғыларды жинау;
– зерттеу жүргізу және тұжырымдарды тұжырымдау;

Екінші кезең: – оқушылардың өздерінің зерттеу жұмыстары.

Қолданыстағы білімге негізделген «Өшпелі тербелістері зерттеу», «Түрлі амплитудада тербелуі», «Күрделіі жүйелердегі тербелістер».

Жыл сайын мектепде және облыста ғылыми-зерттеу конференциялары өткізіледі. Оқушылар осы тақырыпқа ғылыми қызығушылықтарын арттыратын ғылыми конференцияларға қатысу тәжірибесімен бөліседі. Оқушылардың жобалары соңғы жылдары «Облыстық «XXI ғасыр потенциялы» оқу-зерттеу жобасында II орын иеленген

«Жарықтантыру жүйесіндегі жарықдиод шамдары» тақырыбындағы жұмыс. (2014ж.)
«Музыкалық дыбыс толқынының әсері» (2017)
«Ауаның ылғалдылығының адам ағзасына әсері» (2017)
«Алюминий ыдыстар туралы ақиқат пен аңыздар» (2018),
«Құлаққаптың адамның есту мүшесіне әсері» (2019)

Мектеп тәжірибесі зерттеулердің өзінің артықшылықтары бар екенін көрсетеді.Олар:

– рефлексиялық дағдылар;
– іздеу (зерттеу дағдылары);
– тәуелсіздікті бағалау дағдылары;
– ынтымақтастықта жұмыс істеу қабілеті мен дағдысы;
– қарым-қатынас дағдылары;
– презентация дағдылары;

Зерттеу үрдісінің бірлескен және тәуелсіз ұйымдастырылуын нәтижеге қол жеткізу процесі ретінде қазіргі заманғы студенттің білім беру және танымдық құзыреттерін тұрақты түрде қалыптастырамыз. Жақында әлеуметтік қажеттіліктер тізімінде іс-әрекеттің әмбебап жолдарын, қарым-қатынас дағдыларын және ұжымдық жұмыс дағдыларын меңгеру сияқты жеке қасиеттер бар. Егер студент осы қасиеттерге ие болса, онда ол қазіргі заманғы қоғамда жүзеге асырылатын болады.

Әлемдік тәжірибені талдау әртүрлі елдердің білім беру жүйелерінде жобалар әдісінің кеңінен таралғандығын айғақтауға мүмкіндік береді. Себебі, әлем туралы білім тез ескіретін ақпараттық қоғам жағдайында оқушыларге белгілі бір білімнің мөлшерін беру ғана емес, оларды осы білімді өз бетінше үйренуге, жаңа танымдық және практикалық мәселелерді шешу үшін алған білімдерін қолдана білуге үйрету қажет.

Әрбір 5~6 жыл сайын кәсіби қызметтің жаңа салалары пайда болып, сұранысқа ие болуда. Заман талабына сай ескіргендері біртіндеп жойылуда. Бұл адамдардан жоғары ұтқырлықты талап етеді. «Бүкіл өмірге жететін білім алу» деген атақты ұран өзектілігін жоғалтқаны кездейсоқ емес. Қазіргі уақытта оны «Өмір бойы білім алу» ұранымен алмастыруға болады. Мектептің әр түлегі жаңа материалдарды, жаңа техниканы, жаңа жұмыс технологияларын оқып, біліктілігін арттырып, қосымша білім алуға, яғни өмір бойы оқуға дайын болуы керек.

Жоба әдісінің негізінде оқушылардың танымдық дағдыларын, өз білімдерін өз бетінше құрастыра білуі, ақпараттық кеңістікте бағдарлай білуі, сыни және шығармашылық ойлауын дамытуы жатыр. Жоба әдісі – бұл белгілі бір пән аясында яғни, дидактикалық әдістер саласында қолданылады. Әдіс – дидактикалық категория. Бұл практикалық немесе теориялық білімнің белгілі бір саласын, белгілі бір қызметті игерудің әдістері, амалдары жиынтығы. Бұл таным жолы, таным процесін ұйымдастыру тәсілі. Сондықтан, егер біз жоба әдісі туралы айтатын болсақ, онда мәселені егжей-тегжейлі қарастыру (технологиясы) арқылы дидактикалық мақсатқа жету әдісін айтамыз, ол нақты түрде жасалған, практикалық нәтижемен аяқталуы керек.

Жоба әдісінің негізінде «жоба» түсінігінің мәні мен оның белгілі бір практикалық немесе теориялық маңызды мәселені шешу кезінде алынатын нәтижеге прагматикалық бағытталудан құралған идея жатыр. Бұл нәтижені көруге, нақты практикалық іс-әрекетте қолдануға болады. Мұндай нәтижеге қол жеткізу үшін балаларды немесе ересектерді өз бетінше ойлауға, проблемаларды табуға және шешуге үйрету керек, осы мақсат үшін әртүрлі салалардағы білімді, әртүрлі шешімдердің нәтижелері мен ықтимал салдарын болжай білу, себеп-салдар байланысын орната білу қажет.

Таңдау мен іздеудің ыңғайлылығы үшін 10-сыныпқа арналған физика жобаларының тақырыптары жинақталған, сұрыпталған және алфавиттік ретпен орналастырылған, бұл оқушыға тақырыпты тез анықтауға мүмкіндік береді.

10-сыныпқа арналған физика пәнінен зерттеу жұмыстарының төменде келтірілген тақырыптары оқушыға физиканың бөлімі бойынша зерттеу жүргізуге мүмкіндік береді, онда ол зерттеу барысында қиял мен ерекше көзқарасын таныта алады. Жетекші мұғалім оқушының жұмысын түзетеді, тиісті дизайн туралы кеңес береді. Бұл жобалық іс-әрекетте де маңызды және жобаны қорғау кезінде ескеріледі.

Мектептің 10-сыныбында физика бойынша зерттеу жобасының белгілі бір тақырыбын зерттей отырып, жетекші оқушыға дизайн негіздері мен жұмыс жоспары туралы нұсқау беруге назар аударуы керек.

Осылайша, оқушы жобаны безендіру ережелерін сақтайды және болашақта құрылымдық қателіктердің алдын алады.

10-сынып физикасы бойынша зерттеу жобаларының ұсынылған тақырыптары белгілі физиктердің еңбектерімен қызығатын, эксперименттер жүргізуді, дәнекерлеуді ұнататын, механикаға, электроникаға, оптикаға және физиканың басқа да бөлімдеріне немқұрайлы қарамайтын мектеп оқушылары үшін қызықты болады.

**Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Жанабаев З.Ж., Тынтаева Ш.Б., Жолдасова Х.Б. Теория и методика обучения физике. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 135 с.
2. Жанабаев З.Ж., Мукушев Б.А. Синергетика в педагогике, Алматы, 2002, 127 с.
3. Школьные учебники и учебные пособия по физике и астрономии для V11 - X1 классов

## ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЕҢЕС БЕРУДІҢ ӘДЕПТІЛІК ПРИНЦИПТЕРІ

**Юсупова Севар Бахадировна**
Түркістан облысы, Түркістан қаласы,
«Ш.Ниязов атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ
педагог-психологі

***Резюме***

*В статье раскрывается основное содержание этических принципов, регулирующих профессиональную деятельность психолога.*

***Summary***

*This article considers the modernization of public consciousness - for the preservation of national cultural.*

Көптеген психолог мамандар үшін оны ұстану және іске асыру міндетті болып табылатын өзіндік қағидалар мен талаптар анықталған. Психологиялық қызмет көрсететіндердің міндеттерін анықтайтын этикалық кодекстері бар. Психологиялық ықпал саласында адамдармен тікелей жұмыс жасайтындар үшін бұл нормалар елеулі шектеулер қояды. Психологиялық кеңес беру, коррекция жүргізу және психотерапия ілімін пайдалану психологтың этикалық қағидаларына сай жүруі керек. Кейде психолог жұмысында күрделі оқиғалар орын алса, оның ішінде, қабылдау барысында кеңес беруші клиентке ассоциалды әрекет жасауды ойлап отырғаны туралы мәліметтер түссе, психолог баланың денесіне соққы мен жәбірлеудің іздерін түсірсе, немесе ата-ана өзінің тұйықтық көрсеткен жеткіншек баласына кеңес беру барысында рухани жарақаттанғаны туралы мәлімет алса т.б. өрескел мінез көрсетілсе, психолог кәсіби жарамсыз деп танылады. Кәсіби қағидалар мен талаптарды орындамау психологтың дипломынан, тәжірибеленуші құқығы мен өзінің кәсіби қызметінен босатылуына алып келуі мүмкін. Біздің елімізде психологиялық қызмет көрсету енді ғана орын алып келе жатқандықтан бұл шарттар әлі толық заңдастырылған жоқ. Дегенмен кәсіби серіктестің заңдастырылған лицензиясын алып, психолог ретінде қызмет көрсету тәжірибесі ұйымдастырылып келе жатқанымен байланысты рұқсат алу жолдары, психологиялық дайындықтың қалыптасқан жүйесі және тағы басқа сол секілді қажетті шарттары біртіндеп жүйелі салаға түсіп келе жатыр. Сондықтан психологиялық кеңес беру, коррекциялық тренингтер ұйымдастыру шаралары біздің ортамызда маңызды орын алуда. Олардың қыметінде А.А.Фодалев, В.В.Столин, тағы басқа ұсынған этикалық талаптар мен қағидаларға сүйене отырып келесі басты қағидалар ұсынылған:

- қарым-қатынас барысында клиентке тілектес болу;

- клиенттің құндылықтары мен нормаларына бағыттану;
- кеңес беруге тиім салу;
- кеңес барудің анонимділігі;
- жеке және кәсіби қатынастарды шектеу;
- клиентті кеңес беру процесіне кірістіру;
- психологиялық кеңестен өтіп жатқандарға жауапкершілікті өз мойнына алдыру;
- кеңес беруші мен клиент арасындағы қатынасты құру.

**Қарым-қатынас барысында клиентке тілектес болу.**

Бұл тұжырымдаманың негісінде клиетті қабылдау кезінде оның өзіні қалыпты және ыңғайлы сезінуге бағытталған кәсіби әрекеттің тұтас кешені жатыр. Тілектестік қарым-қатынас әрекеттің жалпы қабылданған нормаларын сақтау арқылы шағымданушының мұқтаждығын мұқият тыңдай білуді қажетті психологиялық көмек көрсету мақсатымен әрбір адамды түсінумен көмек беруге тырысуды қарастырады. Әр клиентті психологтың қуанышпен күтіп алуы, жағдайын сұрастыруды, клиенттің айтқан барлық шағымдары мен күдік тудырған мәселелерін мұқиат тындауы және оның төркінін түсінуге тырысуы маманға деген сенім тудырады. Сондықтан кеңес алушыға, коррекциядан өтушіге тілектестік білдіру- негізгі талаптардың бірі болып табылады.

**Клиенттің құндылығымен нормаларына бағыттану.**

Бұл қағида бойынша психолог өзінің жұмыс уақытында әлеуметтік ортада қабылданған нормалармен ережелерге ғана емес, клиентке құнды болып табылатын өмірлік қағидалары мен идеаларына бағытталуын ойластырады. Клиенттің өзінің құндылықты жүйесіне сүйенгенде ғана психологиялық кеңес беру арқылы оған тиімді ықпал етуге болады. Сондықтан кеңес беруші қиын болып отырған қарым-қатынасты және басқа жағдай туралы шағымданып келген адамның мұқтаждығына терең түсініп, оның толық ашылуына мүмкіндік бермесе ол сырын аша алмай тұйықталып қалады, нәтижесінде кеңес беру ықпалының мүмкіндіктері де мүлдем іске аспайды. Клиент құндылықтарын қабылдап алып, оларды құрметтей отырып, қажетті сөздермен қуат берсе, кеңес беруші оларды өмір жолындағы кедергі болып тұрған жағдайлардан адамгершілік сақтап өтуіне ықпал ете алады.

**Кеңес беруге тиым**

Кеңес беруге тиым салуға негіз болатын себептер өте көп және алуан түрлі бәрінен бұрын, психологтың өмірлік және кәсіби тәжірибесінің таяздығы қандай болмасын басқаға кепілдендірілген кеңес беруге мүмкіндік бермейді. Психологиялық кеңес беруге барысында психолог әрбір адамның өмірін толық түсінбесе ол белгісіз және алдын ала болжанбайтын күйінде қалады. Оның үстіне, кеңес бере отырып психолог клиенттің өтіп жатқан оқиғаға жауап кершілікті толығымен өзінің мойнына алады. Бұл жағдай кеңес алушы тұлғаның шындыққа барабар қатынасын дамытуға ықпал жасауыда, жасамауыда мүмкін. Егер тәжірибесі таяз әрі шеберлігі қалыптаспаған маман психологиялық кеңес барысында клиенттің проблемаларын шешуге ықпал ете алмаса, онда психолог өзін "гуру" ұстанымына қояды. Бұл ұстаным клиенттің психологиялық жағдайын басқаруға, сол жағдайдан адамгершілікпен шығу жолын үйретуге басым болуы мүмкін. Клиент өз өмірін сараптап талдаудан, оны өзгертуге ұмтылудан бас тартып, өзінің басынан өтіп жатқан оқиғаға нем құрайлы қатынасының қалыптасуына алып келеді. Бұл жерде кеңесті іске асырудағы кез-келген сәтсіздік кеңес берушіге теріс әсерін тигізіп, кеңес беруші сәтсіздіктің негізгі себебі ретінде бағаланады. Мұндай жағдай, әрине, клиенттің басынан өтіп жатқан оқиғалардағы өз ролін түсінуге кедергі келтіреді. Сондықтан, психолог кеңес беруге шамасы келмейтінін байқаса бұл туралы пікірін клиентке ашып айтып, кеңес бере алмайтынын ашып айтып, кеңес бере алмайтынын мойындауы керек. Осындай жағдайларда кеңес беру жұмысын жалғастыруға толық тиым салынады.

**Кеңес берудің анонимділігі**

Психологиялық кеңес берудің негізгі шарты оның анонимділігі, яғни құпиялығы. Бұл қағида бойынша клиенттің психологқа айтқан кез-келген ақпараты психодиагностикалық зерттеу нәтижелері оның келісімінсіз ешқандай жеке тұлғаларға қоғамдық немесе мемлекеттік ұйымдарға, оның ішінде туысқандарына немесе достарына айтылмайтындығына психолог кепіл береді. Көптеген елдерде бұл ережеден туындайтын мемлекет заңында арнайы қарастырылған баптар бар. Барлық міндеттер құпия сақталатыны туралы клиент алдын-ала ескертіледі. Дегенмен, қай кездерде психологиялық зерттеу барысында клиенттің берген ақпараттарында оның біреудің өміріне қастандық жасап қауіп туғызып тұрғаны туралы тиянақты мәлімет алынған жағдайда бұл құпияны психолог қажетті мекеме өкімдеріне жеткізуі қажет. Бірақ, әрине, бұл жағдайда психологтың өте абай болғаны және клиент мүддесін есепке алғаны дұрыс.

**Жеке және кәсіби қатынастарды шектеу.**

Психология өз клиенттерімен достық қарым-қатынасқа өте отырып немесе өзінің достары мен жақын туыстарына кәсіби көмек көрсетуге тырысып, оларға жығылғаны, айтқанымен жүргені тәжірибесі мол және кәсіби шеберлігі қалыптасқан кеңесшілері де кездеседі. «Өз Отанында пайғамбар жоқ» дегендей, психология өз туысқандарына психологиялық кеңес беру мақсатында кез-келген ұсыныстар мен әнгімелер жүргізуі оның кәсіби қызыметі оңай бағасызданылатындыққа алып келеді, сонымен қатар басқа да көптеген себептер бойынша да бұл жолдың қиын жерлері бар.

Психотерапияда клиенттермен жұмыс жүргізу үшін, маңызы өте зор екі негізгі ұғым бар: а) «тасымал», яғни клиенттің психотерапевтке және онымен өзінің қатынастарын, негізгі проблемаларымен шиеленістерін тасымалдай білуге бейімділігі; б) «контртасмал», яғни психотерапевтің клиентке қатысты ішкі проблемалары мен шиеленістерін және өзінің белгілі адамдармен қатынастарын жобалауға бейімділігі. Психоанализге З.Фрейд енгізген бұл ұғымдар бүгінгі күні психотерапияның түрлі бағыттарында кеңінен қолданылады. Олар кез-келген адам қатынастарында және психотерапия шеңберінде қалыптасқан арнаулы қатынастар адамның ішкі мұқтаждығы мен тілегінің ықпалында болатындығын білдіреді. Оның үстіне, тіпті кәсіби психотерапевт те контртасымалға « қарусыз» болады. Әр жас маман өзінің контртасымалын клиент проблемаларын сараптау мақсатында пайдалана білуін, түсінуін, өзгелерді басқару үшін және бірқатар басқа да жеке және тұлғааралық феномендерді анықтау үшін ол тәжірибелі мамандармен бірлесіп ұзақ жұмыс жүргізіп, жеке тұлға ерекшеліктерін талдауға үйренуі – міндетті талаптардың бірі. Бұл феномендер кеңес беру процесінде де түрлі деңгейде пайдаланылады. Бірақ арнайы дайындықтан өтпеген адам бұл күрделі құбылыстарды жүргізу ерекшеліктерін істеуі қиын.

Кеңес беруші клиенттің беделін сақтау үшін ол туралы жеткілікті мәлімет алуының қажеттілігін, мәліметтілігі аз болуымен байланысты толық көмек көрсетуі қиын екенін түсіндіруі керек. Бірақ мәліметтілік кейде кеңес беруші мен клиент арасында тығыз жеке қатынас орнатуға, олардың жақын адам ретінде бір-бірінің талаптары мен тілектерін қанағаттандыруына жеке кеңес беруші клиент проблемасын тиімді шешуге қажетті объективті ұстанымдарды сақтай алмайтынына алып келуі мүмкін. Басқа ерлер тәжірибесінде клиент пен кеңес берушінің (психотерапевт пен клиенттің) тұлғааралық қатынасы орын алғанын, оның ішінде төсек қатынасына түсуі анықталып, оның психотерапевт қызметінен босатылғаны жарияланған. Сондай-ақ бұл оқиғаға алуан түрлі көзқарастар болды. Бірақ, осы пікірталастардан жасалған қорытынды біреу: мүмкіндігінше жеке қатынастарды болдырмаған жөн, ал егер осы жағдай орын алса психологтың өте абай болып, психолог кеңес беру немесе психотерапия процесін жүргізуді тоқтату керек.

**Клиенттің кеңес беру процесіне кірістірілуі**

Кеңес беру процесі тиімді болу үшін, клиентті қабылдау кезінде ол өзінің проблемасы бойынша көтерілген әңгімеге кірістірілгенін сезініп, кеңес берушімен талқылаған мәселелердің барлығын эмоцияға шылыққан түрде қайтадан басынан өткеруі тиіс. Мұндай кірістірушілікті қамтамасыз ету үшін психолог өзінің диогностикалық әңгімесінің дамуын біртіндеп клиенттің басынан өткізген жағдайдың барлығын бір-бірімен ұштастырып, сол оқиға болған жағдаймен логикалық жағынан байланыстырып, талдаудың мағынасы шағынушыға түсінікті болатындай етіп жүргізуі керек. Себебі, талқылаған мәселелердің барлығы клиентке түсінікті және талдаушылардың қызығушылығын тудыратындай болмаса ол өз оқиғасын шешу үшін үлкен шыдамдылықпен оны сараптап, нәтижесінде осы жағдайдан шығу жолдарын белсене іздеуге кіріспейді.

Клиентті қабылдау кезінле ол кенеттен толқып, тақырыпқа деген қызуғушылығын жоғалтып, жалығып, іштей психолог пікірімен келіспей, болған жағдай туралы ешнәрсе айтқысы келмей қалатын кездері болады. Бұл жағдайда клиентке оқиғаны соңына дейін түсіндіріп айтуды, себептерін талдап, түсіндіруге тырысып, әңгімелесуге оны мәжбүр етудің пайдасы жоқ. Мұндай кезде психолог тақырыпты ауыстыра отырып, күнделікті болып жатқан баршаға ортақ тақырыптарға ауыстырып, сол әңгіме барысында психологпен сөйлесуге қызығушылығын қайта шақырып, кейде әзілдесіп және басқа тәсілдердің көмегімен клиентті кеңес беру процесіне қайта кірістірген жөн. Зерттеушілердің қызығушылығын сақтағанда ғана оның психологиялық кеңеске деген оң көз қарасын жандандыруды қамтамасыз етуге, жағдайды дұрыстап алуға мүмкіндік туады.

**Клиенттерге жауапкершілікті өз мойнына алдыру**

Кеңес беру барысында клиенттің локусін жауапкершілік өзгелерден өзіне ауыстыруы тиіс. Бұл міндетті шешпей қандай да бір нақты нәтижеге жету мүмкін емес. Тек қана адам өз басынан өтіп жатқан оқиғаларға өзінің жауапкершілігін сезінген кезде ғана ол өз басына қиындық туғызған жағдайға өзі де кінәлі екенін мойындап, оны өзгертуге шынымен тырыса бастайды. Керісінше, кінәсін мойындамаған жағдайда ол айналасындағы адамдар тарапынан көмек пен жағдайды өзгертуді күтеді және талап етеді.

Жауапкершілік локусін клиенттің өзіне аудару оңай шаруа емес. Қабылдау барысында психолог жасай алтын нәрсе- бұл клиентке оның адамдарымен қатынастары күрделі сипатта екенін түсіндіріп, оны оң белгіге аударуға ықпал ететін жолдарын көрсету. Бұл жағдайда кеңес беруші өте маңызды нәтижеге қол жеткізеді, себебі адам өзінің оқиғаға жауаптылығын сезіне отырып, өз өмірінде өзгерістер болуы үшін не істеу керектігі туралы өзі шешім қабылдайды. Әрине, бқұл шешімді қабылдаудағы психологтың көмегі өте пайдалы.

**Кеңес берушімен клиент арасындағы қатынасты құру**

И.В.Цзен, Ю.В.Пахалов, т.б. ғалымдар клиентпен психолог қатынасы ерекшеліктерін анықтауға төрт ұстанымды атап көрсеткен: теңдік, серіктестік, жоғарыдан төменге және төменнен жоғарыға. Әр-түрлі жағдайларда кеңес беруші түрлі ұстанымдарлы жетекші ретінде іріктеп алады. Бірақ кеңес беруде өте дәстүрлі болып теңдік ұстанымы мен клиентке қатысты серіктестік ұстанымдары табылады. Дегенмен бұл жағдайларда да бағыттаушы және анықтаушы роль психологқа жүктеледі. Сондықтан осы позицияны толығырақ қарастыру керек.

Кеңес беру процесіндегі психолог пен теңдік ұстанымы бойынша клиент өзін кеңес берушімен тең құқылы бар әріптес ретінде сезінсе, психолог пен тең белсенділік көрсетіп, өнімді жұмыс істейді. Кеңес беруші клиентті әріптесі ретінде бағалап, оның өмірінде орын алған оқиғалар мен жағдайлар бойынша оны жазғырмайтындықтан клиенттің өзі туралы қандайда бір ақпаратты жасауға негізі жоқ болады. Теңдік ұстанымы бойынша кеңес берушінің өзі де клиентпен қарым-қатынас жасау барысында ешқандай басымдық, білгірлік көрсетпейді. Бұл жағдай маманның қаншалықты беделді екенін, қаншалықты берік ұстанымда болғанын, олардың блілімінің, іскерлігінің және клиент сөздерін талдауына соншалықты көп ынта қоятынын көрсетеді де, оған сенім арта түседі. Әрине, теңдік ұстанада болу арқылы ұтып қана қоймай оның жоғалтатыны да бар: себебі «жоғарыға» ұстанымында болған беделді мен клиент көбірен есептеседі, оны ешқандай


**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1.Нұрмұхамбетова Т.Тәжірибелік психология 2007 ж 1-4 том

2. Андреас К, Андерас С. Сердце разума. Новосибирск, 1995

3. Андрееев О, Хромова Л. Тренировка внимания. М,1997

4. Альберти Р, Эммонс М. Умейте плстоять за себя! Ключ к самоутверждаюшему поведению. М,1992

5. Алиев Х. Ключ к себе : этюды о саморегуляции. М,1990


## МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ОЙЫНЫ


**Даулетова Алмагул Аиповна**

Түркістан облысы, Түркістан қаласы,

Нұр-Айым бөбекжай балабақшасының әдіскері



***Резюме***

*В статье рассматриваются методики организации игровой деятельности в развитии креативного потенциала дошкольников.*

***Summary***

*The article discusses the methods of organizing gaming activities in the development of the creative potential of preschoolers.*


1. Мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі әрекеті – ойын.

Бала мен балалар ұжымының дамуында мектеп жасына дейінгі балалар іс-әрекетінің негізгі түрі – ойын орасан зор роль атқарады.

Философтар, тарихшылар, этнографтар, психологтар, педагогтар ойынның шығу тарихын, оның бала өіріндегі орнын, тәрбиелік міндеттерді шешеу үшін ойындарды тиімді пайдалану мүмкіндіктерін зерттейді.

Ойын теориясына Н.К.Крупская елеулі үлес қосты. Балалар ойынның әлеуметтік сипатын, онда өмір құбылыстарының бейнеленетін атап көрсете келіп, ол адаммен ойынды қоршаған болмыс жөніндегі әсер мен ұғымды кеңейтудің құралы деп білді. «Мектеп жасына дейінгі балалар үшін, - деп жазды ол, - ойынның айрықша маңызы бар: ойын олар үшін – оқу, ойын үшін олар – еңбек, ойын олар үшін – тәрбиенің мықты формасы».

Балалар ойындарынң тәрбиелік маңызын жоғары бағалай келіп, А.С. Макаренко Былай деп жазады. «Бала өмірінде ойынның маңызды, зор ересек адам үшін еңбектің, жұмыстың, қызметтің қандай маңызы болса, нақ сондай маңызы бар. Бала ойында қандай болса өскесін жұмыста да көп жағынан сондай болады. Сондықтан келешек қайраткерді тәрбиелеу алдымен тәрбиелеу алдымен ойында басталады »

Ойын бала өмірінің қажеттілігінен туады, мектепке дейінгі баланың қажетін өтейді. Бала үшін ойын әрекеті, қимыл-құралы болу мен қатар, олардың танымын, түсінігін және білімін жетілдірудің ең негізгі жолы болып табылады. Ойын мектеп жасына дейінгі баланың жеке басының дамуына игі ықпал тигізетін жетекші, басты құбылыстың бірі саналады.

Бала ойын арқылы өзінің күш жігерін жаттықтырады, қоршаған заттар мен құбылыстардың ақиқат сырын ұғынып, еңбек дағдысына үйрене бастайды. Баланың ойынныңда да, тиісті жұмыстағыдай белгілі дәрежеде жауапкершілік болуға тиіс, әсіресе, бұл ежелгі және сюжетті- ролді ойындарда ерекше талап етіледі. Осы жағынан алып қарағанда, ойынның мәні жұмысқа ұқсап тұрады.

Балалардың бүгінгі ойында адамдардың қарым-қатынасы, еңбектегі табысы қоғамдағы игіліктерді бейнелеуде. Бүгінгі ойынның мазмұны бейбітшілік, ғарышты зерттеу, достық, адамға деген бауырмалдық, қамқорлық болып табылады.

2.Ойынның ерекшеліктері және тәрбиелік мәні

Ойынның негізгі ерекшелігі ол балалардың қоршаған өмірді – адамдардың қимылын, іс-әрекеттерін, олардың бала қимылынан туған жағдайдағы қарым-қатынасын бейнелеуі болып табылады. Ойында бөлме, теңіз де, метро станциясы да, темір жол вогоны да болуы мүмкін. Балалар жағдайға ойынның өздері ойлаған түпкі ниеті мен мазмұнына лайықты маңыз береді. Аса көрнекті режесер әрі актер К.С.Станиславский «Актердің өзімен жұмыс істеуі » деген кітабында балалар ойынын сипаттай келіп, былай деді: Бала ойынынң ерекшелігі - ол өзінің ойлағанының шынайылылығы мен шындығына сенеді. Бала өзіне «Солай болған екен » десе бітті, оның қиналып шарықтап жүре береді. Сонымен бірге баланың тағы бір қасиеті байқалады: Балалар өздерінің неге сене алатының, нені елемеу керек екенін біледі. Ойын қызметінің тағы бір ерекшелігі - оның өз әрекеттік сипаты. Балалар ойын шығарушылар, ойынды жасаушылар болып табылады. Олар, жоғарыда айтылғандай, ойында өздерінен мәлім өмір құбылыстарымен оқиғалары турары білімдерін бейнелейді, оларға өздерінің қатысын білдіреді. Балалар ойының ерекшелігі сондай-ақ бейненің, ойын әрекетін сөздің ұштасуы мен өзара байланыстылығында. Бұл оның сыртқы белгісі емес, шын мәні.

Ойынның негізгі құрылымдық элементтері мыналар: ойының түпкі ниеті, сюжеті немесе мазмұны; ойын әрекеті, ролдер: ойынынң өзіннен туатын және балалар жасайтын немесе ересектер ұсынатын ойын ережесі. Бұл элеметтер өзара тығыз байланысты және ойынды балалрдың өзінше бір іс-әрекеті ретінде көрсетеді.

**Ойынының түпкі ниеті** – бұл балалардың нені және қалай ойнайтының жалпы анықтамасы, мәселен: «дүкен», «емхана», «ұшқыштар», «қызы мен шешесі», «отбасы», «балалар бақшасы» және т.с.с болып ойнау.

Ойының сюжеті, мазмұны - бұл оның жанды тұлғасын құрайтын, ойын әрекеттерінің, балалардың өзара қарым-қатынастарының дамуын, көпжақтылығын және өзара байланысын анықтайтын нәрсе. Ойынынң мазмұны оның қызықты етеді, ойнауға деген ықылас пен ынтаны қоздырады. Ойынның құрылымдық ерекшелігі мен түйіні – бала атқаратын роль. Ойын процесінде рольге берілетін маңызына қарай көптеген ойындар рольді немесе сюжетті ойындар деп атайды.

Ойын процесінде балалардың өздері (ал кейбір ойындарда - ересектер) ойнаушыларда мінез-құлқы мен өзара қарым-қатынасы анықтайтын және реттейтін **ереже** белгілейді. Ереже ойынға ұйымшылдық, тұрақтылық сипат береді. Оның мазмұнының баянды етеді және қарым-қатынас пен өзара қарым-қатынастардың одан арғы дамуын, күрделене түсуін айқындайды. Сонымен бірге ойын ережесі жасқаншақ, ұялшақ балардың ойынға деген белесендірек қатысуына көмектеседі.

Ойының осы құрылымдық элеметтерінің бәрі азды-көпті типтік болып табылады, бірақ олардың түрлі маңызы бар және әр түрлі ойындарда түрліше арақатынаста болады.

Ойын мектепте дейінгі балалар үшін қызықты шаруа бола отырып, сонымен бірге оларды тәрбиелеу мен дамытудың аса маңызды құралы болып табылады. Бірақ ол ұйымдастырылатын және басқаылатын педагогикалық процеске енгізілгенде ғана сондай құралға айналады.

Ойын – өзінше бір мектеп, сол арқылы бала адамдардың мінез-құлқының ережелері мен нормаларын, олардың еңбекке қоғамдық меншікке көзқарасын, олардың өзара қарым-қатынасын шығармашылық пен игереді. Ойын балалардың өздеріннің де қоғамдық мінез-құлықты, олардың өмірге, бір-біріне көзқарасы , қарым-қатынасы қалыптасатын қызмет формасы болып табылады.

3. Ойынның тарихы, әлеуметтік сипаты

Ойынды зерттеу мәселелері мен тек психологтармен педагогтар ғана емес, философтар, тарихшылар, этнографтар, және өнер қайраткерлері мен бұл саладағы ғалымдар да шұғылданады. Көптеген ұлы жазушылар бала ойының психологиялық мәні және ойынға тән ерекшеліктерді көркем образдар арқылы ашып береді.

Адам іс-әрекетімен ерекше түрінің бірі – ойының пайда болуы туралы зерттеушілердің көпшілігі өз еңбектерінде өнер және ойын – көркемдік іс-әрекеттің алғашқы қадамы деп түсіндіреді.

Ойында шындықтың көрінісі, оинң образды сәулесі бейнеленеді. Өмірдің әр түрлі құбылсытары үлкендердің әр түрлі іс-әрекеттеріне еліктеу ойынға тән мәселелердің бірі. Ойынға шартты түрдегі мақсаттар қойылады, ал сол мақсатқа жету жолындағы іс-әрекет балаға қызықты да тартымды болады.

Я.Коменский, Ж.Руссо, Р.Оуэн т.б. педагогикалық ойдың классиктері ойын-баланы жан-жақты, үйлесімді дамытудың құралы, бақытты балалықтың міндеті шарты деп қарады.Орыс халқының ұлы педагогтары К.Д. Ушинский, П.Ф. Лесгафт ойынның мәні және оның атқаратын мәндеті туралы тамаша пікірлер ұсынады.

Буржуазиялық ғылымда неміс психологы К.Гроостың ойын туралы айтқан теориялық пікірлері ерекше беделге ие болып келді. Оның адамдар мен жануарлардың ойыны туралы көлемді зерттеу еңбегі бар. («Хайуанаттар ойыны», «Адамдар ойыны»,деп аталады). Бірақ ол ойын туралы идеалистік пікір ұсынды. Ойынды «инстинкт» деп түсіндіріп, ойын тумыстан бастап пайда болады деп қарайды. Осыған орай ойын қоғамдық жағдайға байланысты емес деген теріс қорытынды жасайды.

Ойын туралы австриялық психолог З.Фрейдтің пікіріне байланысты дамыған екінші бір ағым «ойын сансыз түрдегі жыныстық сезімге байланысты» деген теория ұсынады. Мысалы, ұл бала толық түсінбесе де әкелік сезімде болады, ойын үстінде сол сезім байқалып тұрады дейді.

Кеңес педагогикасы бұларға қарсы. Тіпті өткен ғасырдың өзінде ақ К.Д.Ушинский ойын – шындықтың сәулесі екенін дұрыс ашып, оның мәні мен мазмұны туралы матералистік пікір ұсынады. Ойының өзі де тұрмыстық – әлеуметтік жағдайға байланысты екенін сөз етеді. Сондай-ақ К.Д.Ушинский «Адам тәрбие тиегі» деген еңбегінде ойын – баланың жеке басын қалыптастырып, сезімін тәрбиелетіндігін жан-жақты сипататлады. Ойын баланың сезімін сезімін тәрбиелеп, қиялын өрістетіп, танымын кеңейтетіндігін К.Д.Ушинский шебер түрде көрсете отырып ойынды бала өздігінше ойнауы, ойындағы ойыншықтың мәні және оның орны туралы, өте терең де тұжырымды пікір ұсынды. Оның пікірін ілгері дамытқан орыстың көрнекті педагогы П.Ф.Лесгафт болды. Ол ойын – өмірдің сәулесі, баланың қалыптасуында әсерлі сол негізде оның бақылағыштығын дамыту керек деп қарады. Ойын арқылы бала өзінің өзін қоршаған ортаны танып, өзінің шамасын қауқарын байқап өзінің іс-әрекетіне мән беріп, түрлі кедергілер мен бөгеттерді жеңуге ұмтылды.

А.С.Макаренко ойын – баланың еңбекке тәрбиелеу деп қарады. Ойын мен еңбектің арасындағы бірлікті көрсету мен қатар, ойын еңбекке баулуға бағыттыалуы керек екенін туралы пікірлер ұсынды. Ойын қуанышы, еңбек қуанышы екеніне тоқталып оған «шығармашылық қуанышы», «жеңіс қуанышы», деп қарады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1) Ә.Меңжанова «Мектепке дейінгі педагогика» Алматы 1992 ж
2) В.И.Ядешко, Ф.Сохин «Мектеп жасына дейінгі педагогика» Алматы 1982 ж
3) Ә.Меңжанова, Г.Исмағұлова, Е.Дайрабаев «Мектепке дейінгі педагогика» Алматы 1982 ж
4 ) Ф.Н.Жұмабекова «Мектепке дейінгі педагогика» Астана 2008 ж


## ИНФОРМАТИКА САБАҚТАРЫНДА САРАЛАП ОҚЫТУ


**Ниязова Айнаш Оразхановна**
Түркістан облысы, Түркістан қаласы,
"С. Ерубаев атындағы №7 мектеп-интернат" коммуналдық мемлекеттік мекемесі
информатика пәні мұғалімі



***Резюме***

*В статье рассматривается сущность понятия «дифференцированное обучение», выявляются подходы к данному понятию, основные виды дифференцированного обучения, а также различные типологии характеристик для организации дифференцированного обучения. Особое внимание в работе уделено вопросам организации дифференцированного обучения на уроках информатики.*

Оқытуды саралау - білім беру траекторияларының алуан түрлілігін іске асыруға мүмкіндік береді,
оқытуды дараландыруға, оқушылардың танымдық белсенділігін дамытуға, кәсіби жолды таңдауға ықпал етеді, ЖОО – дағы білім беруді жалғастыруға көмектеседі.

Информатика – оқытуды саралау табиғи түрде жүзеге асырылатын пәндердің бірі.

Білімдегі және әсіресе компьютерде жұмыс істеу қабілеттеріндегі айтарлықтай айырмашылықтар, оқушылардың компьютерлік сауаттылығының тең емес деңгейі информатика мұғалімін сабақты ұйымдастырудың және жалпы оқу процесінің жаңа формаларын іздеуге мәжбүр етеді.

Деңгейлік саралау информатиканы оқытудың тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Информатика сабақтарында саралап оқытудың бағыттары:
- әр оқушыны оның мүмкіндіктері мен қабілеттері деңгейінде оқыту;
- оқушылардың әртүрлі топтарының ерекшеліктеріне оқытуды бейімдеу.

Тапсырмаларды орындау үшін іріктеу оқытудың міндетті нәтижелерін, пәнаралық байланыстарды, практикалық бағыттылықты;
оқушылардың білімді меңгеру деңгейлерін (базалық, орта және жоғары) ескере
отырып жүзеге асырылады.

Оқытудың деңгейлік дифференциациясы жағдайында информатика сабағын құрудың келесі ерекшеліктері бар:

Информатиканы оқытуды ұйымдастырудың негізгі формалары дәрістер (теориялық материалдар беру) және зертханалық практикум болып табылады. Тапсырмалардың, оқулықтардың, дидактикалық материалдардың нұсқалары білімнің бірыңғай базалық мазмұнында оқу процесін өзгертуге мүмкіндік беруі
керек.

Оқытудың деңгейлік саралануын іске асыру шеңберінде информатиканы оқыту құралдары:
- көп деңгейлі тапсырмалар жүйесі;
- қосымша теориялық материалдар атауларының каталогы;
- арнайы электронды оқулықтар мен дидактикалық материалдар.

Оқушының оқу жұмысының тәсілдерін таңдау, оны нәтижелерді ғана емес, сонымен қатар оныңтжұмыс процесін де түсінуге итермелейді. Оқушылар сабақ барысында не істегендерін және танымдық іс – әрекеттерін қалай ұйымдастырғанын айта алуы маңызды.

Мұндай жұмысты жүйелі түрде жүзеге асыруға мұғалім ерекше дайындалады (әр деңгей үшін бағдарламалар, дидактикалық материалдар, зертханалық практикум, әр деңгей үшін бағалау жүйесі).

Әр оқушы қосымша білім алуды өз бетінше үйренуі керек:
- қосымша ғылыми және танымал әдебиеттер;
- электрондық оқу құралдары;
- интернеттегі білім беру сайттары;
- кәсіби форумдар мен чаттар, мамандардың кеңестері.

Алынған теориялық білім негізінде оқушылар қиындық деңгейіне сәйкес тапсырмаларды таңдай алады :

*Базалық деңгей.* Бұл деңгейдегі тапсырмалар міндетті оқу деңгейін қамтиды. Бұл оларды жүзеге асырудың нақты алгоритмі бар репродуктивті жаттығулар.

*Орташа деңгей.* Тапсырмалар жаңа материалды жалпылауды талап етеді, қорытынды жасауға, өз білімдерін жаңа жағдайларда қолдануға мәжбүр етеді. Бұл деңгейдегі тапсырмалар – бұл бір сабаққа арналған шағын жобалар. Бұл жағдайда осы тапсырманың мақсаты, жоспары және құралдары талқыланады.

*Жоғары деңгей.* Салыстыру, талдау, зерттеу жұмыстарын жүргізуді талап ететін шығармашылық сипаттағы тапсырмалар және жоғарылатылған қиындықтар, яғни бұл бір тақырыпты зерттеу барысында орындауға арналған дизайн және шығармашылық қызмет. Оларды орындау үшін сізге қажет:

1. Ғылыми және танымал әдебиеттерден, электронды оқу курстарынан және оқытушының жеке кеңестерінен қосымша теориялық ақпарат алу.

2. Басқа деңгейлермен салыстырғанда тапсырмаларды орындаудың үлкен тәуелсіздігі, өйткені оқушының өздері осы жобаны орындайды.
Осындай өсу схемасына сәйкес әр оқушы жұмысты базалық деңгейден бастайды, біртіндеп өзі үшін қажет деп санайтын деңгейге көтеріледі.

Топтық және жеке орындау үшін тапсырмаларды таңдауда мұғалім мыналарды ескеру қажет:

- оқытудың міндетті нәтижелерін;
- пәнаралық байланыстарды;
- практикалық бағытты.

Информатика сабақтарында оқушылардың осы ерекшеліктерін анықтау үшін тиісті бағдарламалық жасақтама, тест тапсырмалары, сауалнамалар қолданылуы мүмкін. Сауалнаманы мұғалім информатика сабақтарында белгілі бір оқушының қандай деңгейге жататынын анықтау үшін қолдана алады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. «Информатика негіздері» журналдары.
2. Интернет материалдары «Google» және «Mail.ru» сайттары 2014ж

## ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

**Налибаева Индира Дуйсенбековна**
Түркістан облысы Отырар ауданы "Ә.Байтанаев атындағы негізгі орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

*Резюме*
*Рассказывая и объясняя учащимся силу литературы, то, что она создавалась сообща от создания человечества, и что это процесс вечного обновления и омоложения, мы должны рассказать о создателях этой литературы, поэтах и писателях, и о своих произведениях искусства.*

*Summary*
*Telling and explaining to students the power of literature, the fact that it has been created together since the creation of mankind, and that it is a process of eternal renewal and rejuvenation, we should tell about the creators of that literature, poets and writers, and about their works of art.*

Еліміздің өз тәуелділігіне қол жеткізіп, саяси — әлеуметтік және экономикалық дамудың жаңа кезеңіне қадам басқан уақытта терең білім, сауатты ұрпақ тәрбиелеу — негізгі міндеттердің бірі.

Әлемдік саяси аренада Қазақстан Республикасының өзіндік салмағын пайымдау оның ұлттық білім жүйесінің жоғары дәрежеде дамуымен байланысты.

Оқушыларға әдебиеттің құдіретін, оның адам баласы жаратылғаннан бері бірге жасасып келе жатқандығын, мәңгілік жаңарып, жасарып отыратын үрдіс екенін айтып, түсіндіре отырып, сол әдебиетті жасаушылар, ақын – жазушылар туралы, олардың көркем шығармалары жайында айтуымыз керек.

«Көркем шығарма — әдебиеттің құндылығы. Көркем шығарманы оқыту – оқушының сөз қадірін түсінерлік ойлау әрекетін дамыту, рухани дүниесін байыту, эстетикалық талғамын жетілдіру, адамгершілік қасиетін қалыптастыру.» — деген болатын әдебиет зерттеуші – ғалым, белгілі жазушы, ұлағатты ұстаз ҚажымЖұмалиев.

Оқушы әдебиет сабағында көркем шығарманы қабылдау керек.Бұл – оңай үрдіс емес. Қабылдау деген сіз бере салғанды ол ала қоятын зат емес. Ол – оқушының өзінің жан қалауымен, жүрек сезімімен, рухани әрекетімен жүзеге асатын дүние.

Қандай жақсы көркем шығарма болмасын оқушы қабылдау үшін әрекет жасамаса, автордың жай күйзелісін, шалқар шабытын бойынан өткізіп, көркем суретті көз алдына елестетіп, келтіре алмаса бәрі бос сөз.

Оқушыдағы осы сезімді ояту – мұғалімнің қолында, яғни, оқушыға әдеби білім беру, әдеби, эстетикалық, адамгершілік қасиеттерін дамыту үшін мұғалім әдебиетті оқыту барысында әдіс – тәсілдерді орнымен қолдану қажет.

— сөз өнерінің ерекшеліктерін түсініп, тануға, ой көзімен зерделеуге негіз болатын білім, білік, икем – дағдылар қалыптастыру;

— ойын сауатты ауызша (жазбаша) айта да, жаза да білу, байланыстырып сөйлеудегі тіл мәдениетін қалыптастыру және дамыту, өзіндік ой – пікірін дәйекті, жүйелі айта білуге баулу.

Әдебиет — өнер, әдебиет — ұлттық қазына, асыл мұра.

Әдебиет – ұлттық танымның қайнар көзі, сондықтан көркем шығармадан алынған үзінділерді оқулыққа ендіруде төмендегідей қағидалар басшылыққа алынған:

Шығарманың жанрлық, композициялық тұтастығы;

Оның ұлттық қазына екендігі;

Мәтіндердің сәйкестігі мен сабақтастығы;

Әдебиетті сөз өнері ретінде таныту;

Оқушы тілін дамыту негізінде оқырмандық біліктілікті қалыптастыру;

Оқушылардың тілдік қатынасын коммуникативтік түрде дамыту;

Бұл жерде міндетті түрде оқушылардың пән бойынша іскерліктерін танытатын, жалпы іскерліктерін дамытатын шығармашылық әрекет қажет. Әдістеме аппаратының басты функциясы – көркем шығарманы қабылдатуға үйрету болғандықтан оқушы мен мұғалім арасында жүйелі байланыс орнығуы керек. Міне, осы жүйелі байланысты өз тәжірибемде қалай іске асырып жатқандығымды көрсету үшін, көркем шығарманы оқытудың қағидаларында кездесетін кейбірқиыншылықты шешудің тиімді жолдарын көрсету мақсатында «Қазақ әдебиеті сабағында көркем шығарманы оқытудың тиімді жолдары.» атты тақырыпты таңдап алдым.

Әдебиетті оқыту көркем шығарманы оқудан басталады. Көркем шығарманы оқу үйде, сыныпта жүргізіледі. Көркем туындыны оқуда мәнерлеп оқу, әр сөзді айқын, түсінікті оқу, жинақы оқу, дауыс естілімінің де ашық болуы талап етіледі. Оқушыны көркем мәтіннің оқу түрлеріне дағдыландыру керек. Көркем мәтінді оқу түрлерін жіктеп ажыратамыз:

1) көркем мәтіндегі жазушы ойын мұғалім көмегімен аңғара оқу. Оның мән-мағынасын тұшына, түсіне оқу. Қиын, түсініксіз образды, айшықты сөздерді ұғына оқу, яғни лингвистикалық түсіндірмелі оқу;

2) таңдап оқу. Белгілі мақсатпен қойылған сұрақтарға жауап іздеп, тіл көркемдігін дәлелдеу, портрет, пейзаж, образды табу;

3) іштен оқу немесе өздік оқу. Іштен оқудың оқушыны жеке, өз бетімен жұмыс істеуге баулудағы маңызы ерекше зор. Ойлану, өз бетімен іздену, жауап табу, дербес белсенділігін арттырудағы іштен оқудың атқарар рөлінің ерекше екендігі;

4) рөлге бөліп оқу. Рөлге бөліп оқу таным белсенділігі, қызығушылығын арттыруда, қабілеттерін дамытуда, сабақтың эмоциялық, психологиялық мәнін нәрлендіруде пайдалы;

5) хормен оқу. Оқу техникасын жетілдіру, мәнерлі, айқын оқу, көркем мәтінмен жұмыс істеуге баулу бүкіл сынып оқушыларын көркем оқуға ұйымдастыруда тиімді;

6) ұжымдық оқу. Әсіресе, даралап оқытуда тиімді. Оқу техникасына, мәнерлеп оқуына қарай, оқушыларды топқа бөле отырып, мұғалім ұжымдық оқуды тиімді ұйымдастырса, көркем мәтінді тез меңгертуге ықпал жасайды, мәтінді оқуға деген оқушы ынтасын арттыруға әсер етеді;

7) жұптық оқу. Жұптық оқудың тиімділігі, біріншіден өз беттерімен оқу техникасын жетілдіру дағдыларын дамытады, екіншіден ұқыпты тыңдай білуге, бір-бірінің жұмысына талдау жасай білуге икемдейді;

8) мәнерлеп оқу. Мәнерлеп оқу-әдебиетті оқытудың басты әдістемелерінің бірі. Мәнерлеп оқудың мақсаты:

а) оқушыларға көркем туындының эмоциялық-эстетикалық әсерін сезіндіру;

ә) көркем мәтінге жан беру, әр сөздің мәні мен мағынасын, сөз бояуларының нақышын сезе білу;

в)көркем мәтіндегі айтар ой мен поэтикалық көркемдікті өздеріне болжату, түсіндіру, мәтінді талдау дағдыларын дамыту.

Әдебиет сабағының күре тамыры көркем мәтінмен жұмыс істеу деп санаймын. Оның ерекшелігі сол — ол оқушының жүрегіне, сезім қылына әсер етуі. Оқушылармен бірге көркем шығармамен жұмыс істей отырып, олардың ойлауына, толғауына, пікір айтуына ықпал жасаймын. Оқушылар көркем шығарманы оқып біткен мерзімде, ауызша, жазбаша сұрақтар арқылы мазмұнын айтқызамын, өзіне ұнаған бір эпизодты қысқаша баяндатамын, бір кейіпкердің іс-әрекетінен мысалдар келтірткіземін, ең негізгі деген жерлерден үзінді жазып, «Ол қай оқиғадан алынды, кімнің сөзі?» деген сұрақтарға жауап аламын, әр түрлі әдеби ойындарын жүргіземін.

Көркем мәтінді талдау шығармашылық жұмыстарды талап етеді. Көркем мәтінді оқыту мен талдауда оқушының мәтін мазмұнын меңгеруіне көңіл бөлу керек. Көркем шығарманы оқығанда, оқушылардың ол туралы өзіндік әсері, пікірі туындайды. Оқушылардың зейіні, есте сақтау, қабылдау қасиеттеріне қарай мұғалім мәтінді тұтастай емес, ең негізгі басты мәселелерін ғана мазмұндатып, оны меңгеруді одан әрі жалғастырғаны тиімді болады. Үзіндіні мазмұндағанда, оқушыларды мүмкіндігінше жазушы тілімен мазмұндатуға икемдеу керек. Оқушыларды әңгімелеу,

мазмұндау кезінде жиі мәтінге үңілдіріп, кейбір негізгі мәселелерді мәтінге жуық айтуды талап етемін. Көркем шығарманы үйге тапсырма ретінде бергенде, түсініксіз сөздерді, сөйлемдерді оқушылардың алдын ала белгілеп келуін талап еткен жөн. Сабақ барысында шығарманың мазмұнына талдау жұмысын жүргіземін. Күрделі, түсініксіз сөздерге түсінік беремін. Мысалы: қыстау, атан, шам, ру, шариғат бұйрығы, ердің құны. Кейбір диалогтерді оқи отырып, ең басты мәселелерді түсіндіремін.

— «Арысыңды, ендеше, арыстан жеді» (Бөжейдің сөзі).

— «Ақ қарамды тексермедің бе, өңшең қан жұтқан қара бет?!» (Қодардың сөзі).

Әдеби талдаудың басты мақсаты-оқушылардың өзіндік қабылдауларын, пікірін әдебиеттану ғылымының талабына сай ғылыми арнаға бағыттау болып табылады.

Көркем шығарманы талдаудың ғылыми жүйесін жасаған әдіскер ғалымдар: Ә. Қоңыратбаев, Ә.Көшімбаев, Ә. Дайырова, Т. Ақшолақов, т.б. Көрнекті әдіскер, ғалым Төлеутай Ақшолақов көркем шығарманы талдау мәселесіне таза әдеби — эстетикалық жолмен карауды ұсынды ». Біз шәкірттерді сөз сырына бойлатуымыз керек. Бүкіл кілт — осында. Өйткені, көркем әдебиетте сөз -мазмұн да, форма да. Шәкірттерді сөздің алуан сырына үңіле білуге үйрету — әдебиет шығармасын танытудың басты жолы. Ақын шығарма құрылымында сөздерді қандай кәдесіне жарата білген, сөз кірпіштерін қаншалықты қиыстыра қалай білген, шығарманың бүкіл бітімін қалай сомдаған, қандай жаңа поэтикалық жаңалықтар әкелген, қандай сом образдар жасаған, мұғалім осыған үнемі, сабақ үстінде, сабақтан тыс уақытта шығармашылық тапсырмалар беру арқылы үйретіп, баулып отырса, шәкірттер өнер туындысының қадыр қасиетін танумен, астарлы сырына үңіле білумен қатар, жазушы стилін, шығарма стилін аңғарар еді.

**Пайдаланылған әдебиеттер**


1. Т. Ақшолақов, Шығарманың көркем айшықтарын таныту, А., «Жазушы», 1998.
2. А. Байтұрсынұлы, Тіл тағылымы, А, «Жазушы», 1992.
3.Р. Сыздықова, Б. Шалабаев, Көркем текстi лингвистикалық талдау, А., «Мектеп», 1989.
4.Қ. Бітібаева. Әдебиетті оқытудың тиімді жолдары, А., «Жазушы», 1990.
5.Қ. Бітібаева. М. Әуезов шығармашылығын мектепте оқыту А., «Жазушы», 1


Источник: https://www.tarbie.kz/25310

## ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА ИНТЕРАКТИВТІ ТАҚТАНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ


**Бекжигитова Жанар Бегасыловна**

Түркістан облысы, Арыс қаласы «Адами әлеуетті дамыту бөлімінің
С.Адамбеков атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ
информатика пәнінің мұғалімі



*Резюме*

*Основным требованием информационного общества является предоставление студентам основ информационных знаний, развитие способностей логического и структурного мышления, использование информационных технологий как средства саморазвития и их реализации, а также адаптация к информационному обществу.*

*Summary*

*The main requirement of the information society is to provide students with the basics of information knowledge, to develop logical and structural thinking abilities, to use information technology as a means of self-development and its implementation, and to adapt to the information society.*


Әр мұғалімнің алдындағы сәулелі мұраты- өз пәнінен білім беріп қана қоймай, әр баланы шығармашылыққа шыңдау, баланың өзіне деген сенімін туғызу.

Жаңа формация мұғалімі – рухани –адамгершілігі, рефлекцияға қабілетті, ақпараттық – коммуникативтік, әлеуметтік – тұлғалық және басқа да құзырлылықтары қалыптасқан, шығармашыл ұстаз.

Технология – дайын бұйым алу үшін өндірістік процестерде пайдаланылатын шикізаттың, материалдың немесе шала өнімнің пішінін, қасиетін, күйін өзгерту, оларды дайындау және өңдеу тәсілдерінің жиынтығы. Интерактивті технология – бірлесіп әрекет жасау ұғымын білдіреді. Сабақ барысында оқушылардың топтармен жұмыс жасауға қалыптаспауы мүмкін емес.

Қарапайым тақта және компьютер проекторын қарағанда , интерактивтік тақта сабақ мазмұнын кеңінен ашуына мүмкіндігі өте зор. Интерактивтік тақтаны пайдалану кезінде үлкен жетістікке қол жеткізу үшін, тек қана сауатты сабақ жоспарлап, керекті материалдарды дайындау керек.

Сабақта мұғалім интерактивтік тақтаны бір емес бірнеше рет пайдалана алады, қарапайым тақтаға қарағанда интерактивті тақта пайдалануға ыңғайлы, әрі уақыт үнемдейді. Интерактивті тақта оқытудың басқа тәсілдеріне қарағанда, көптеген жетістіктері бар. Бұл жетістіктер туралы өз сабағымда интерактивтік тақтаны пайдаланатын мұғалімдер ғана айта алады. Қызметтестер мен бірге отырып сабаққа дайындалу арқылы жақсы әсерге қол жеткізуге болады, бұл тек қана міндеттерді бөліп беру мен уақытты үнемдеу ғана емес, сонымен қатар берілген материалдардың сапасын да арттырады.

Мұғалімдердің көрсетуінше интерактивтік бағдарлама олардың жартылай жұмысын атқарады, мысалы: белгілі бір материалдарды интерактивтілік тақтада орындау арқылы файлдарды белгілермен өзгерістерді сақтап қалуға болады , бұны сабақта болмай қалған оқушыларға қайта түсіндіруге немесе келесі жолы тағы қолдануға болады. Оқу материалдар базасын жасау, қызметтестермен жасаған материалдарды өз сабағымда пайдалану арқылы мұғалімдер уақытын үнемдейді. Материалдарды оқып үйрену барысында интерактивтік тақтаны пайдалану білім өрісін кеңейтуге мүмкіндік береді, сондықтан мұғалімдердің дайындаған материалы оқушыларға түсініктірек болады. Көп сабағымда байқағанымдай сабақтың оқушыларға қызықты және дәлелді болды, және оны жылдам есте сақтайды. Интерактивтік тақта оқу сапасын жоғары деңгейде тағы да мұғалімдердің уақытын үнемдейді, оған бұрын өтілген материалдардың екінші қайталауға қажеті жоқ. Сабақ алдын – ала дайындалған болуы керек, сонда ғана материалдар жылдам түсіндіріледі.

Интерактивті құралдар:

Ақпараттық – коммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барасында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламасымен негізделген. Ақпараттық әдістемелек материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді.

Ақпараттық – коммуникациялық технологияның келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол.

XXI ғасыр- бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір. Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапсын жоғарылатуды көздейді.

Біріккен ұлттар ұйымының шешімімен «XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры» деп аталды. Қазақстан Республикасы да ғылыми – техникалық прогрестің негізгі белгісі- қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңіне енді. Заманымызға сай қазіргі қоғамды ақпараттандыруда педагогтардың біліктілігін ақпараттық – коммуникациялық технологияны қолдану саласы бойынша көтеру негізгі міндеттерінің біріне айналды.

Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі- білім беру бағдарламасын меңгеру үшін жағдайлар жасау керек» - деп көрсетілген. Солардың бірі білім беруді ақпараттандыру барысында дидактикалық және оқыту құралы болып компьютер саналады. Сондықтан кез келген білім беру саласында мультимедиялық электрондық оқыту құралдары барлық пәндерді оқытуға пайдаланады. Бұл бағытта ақпараттық технологияны оқыту үрдісіне екпінді түрде енгізу бағытында және қолданылатын жаңа құралдардың бірі – бағдарламалық – техникалық кешен болып саналатын «Активті экран» болып табылады.

XXI ғасыр- ақпарат ғасыры болғандықтан адамзатқа компьютерлік сауаттылық қажет. Бүгінгі таңда мектеп пәндерін компьютер, интерактивті құралдардың көмегімен оқыту нәтижелерін зерттеудегі ғылыми проблемаларды шешу ең басты орын алады. Ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды игеру қазіргі заманда әрбір жеке тұлға оқу және жазу қабілеті сияқты сапалармен бірге қатарға және әрбір адам үшін қажетті шартқа айналды.

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы орта білім беру жүйесінің дамуымен тығыз байланысты. Мектептердің білім деңгейін көтеру және онда интерактивті құралдарды пайдалану арқылы оқу – тәрбие процесін тиісті деңгейге көтеру, мектеп ұстаздарының, басшыларының, педагогикалық ұжымның жүйелі басшылыққа алған бағыты. Интерактивті құралдарды қолдану негізінде мектепте жаратылыстану бағытының пәндерін оқыту сапасын арттырып, білім беруді ақпараттандыру жүйелі түрде іске асады деуге болады. Мектепті ақпараттандыру осылай мемлекет

тарапынан үлкен экономикалық қолдау көрсетіп, оны оқыту, үйрету мәселесі бүкіл халықтық деңгейге көтерілсе ғана біздің еліміз өндірістің жоғары психологиясын меңгерген дүниежүзілік бәсекеге төтеп беретін, өндіріс өнімдерін өндіре алатын алдыңғы қатарлы мемлекетке айналады. Ол дәрежеге жетуге қажетті білім алуына біздің жас ұрпақтың қабілетінің жететініне сенім мол.

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиялармен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, Ел басы атап көрсеткендей жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

Компьютер және интерактивті құралдар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстармен заңдылықтарды табуға итеріп, нәтижесінде - өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жол ашу керек. Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағында, оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жаңа заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологияларды ғана тиімсді деп санауға болады. Оқушылардың интерактивті құралдар көмегімен қалыптасатын және жүзеге асырылатын ойлау қабілеті бұрыңғы технологиялар арқылы берілетін ойлау жүйесінен өзгеше болатындықтан , тек ойлау қабілеті түсінігі ғана емес , қабылдау , есте сақтау жоғары деңгейде болады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


1. Браун, Л. және т.б. (2018). «ЖИ негізіндегі оқыту қолданбалары: ағымдағы тенденцияларға шолу». International Journal of Educational Technology, 7(1), 32-45.
2. Джонсон, А. (2019). «ЖИнегізіндегі білім берудегі этикалық ойлар». Білім беру этикасы, 12(2), 45-58.
3. Ғаламтор материалдары


## ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ


**Ауэзова Ажар Ибадуллаевна**
Түркістан облысы, Арыс қаласы «Адами әлеуетті дамыту бөлімінің
С. Адамбеков атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ
информатика пәнінің мұғалімі



*Резюме*

*Процесс обучения должен быть организован особым образом, чтобы повысить интерес школьников к познавательной деятельности по информатике.*

*Summary*

*The learning process should be organized in a special way in order to increase the interest of schoolchildren in the cognitive activity of computer science.*


«Бүкіл әлемде өзгерістер жасаудың ең жақсы жолы - мектептерді қайта құру, себебі мектеп - білім ордасы. Олар бүкіл әлемде болып жатқан өзгерістер мен ретсіздіктің себептерінің көзі болып табылады» - деп Каменский айтқандай, мектеп - білім мен мәдениеттің ошағы, жарқын болашағымыздың негізі. Ал сол мектептің жүрегі - ұстаз. Ұстаз әрқашан шығармашыл болуы тиіс. Шығармашылық ол - ұстаздың талмай ізденуі. Қажымай, тынымсыз ақыл-ойын дамытуы. Болашақтың бүгінгіден де жарқын болуына ықпал ететін адамзатты алға апаратын күш тек білімде ғана. Мұғалім оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру керек. Ұстаз үшін ең басты мәселе –оқыту әдісін дұрыс таңдау. Міне, мен сондықтан да оқу мен оқытудағы тәжірибемде өзгеріс жасау үшін Каменскийдің сөзін негізге алдым.

«Нашар мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, ал жақсы мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді» деген А.Дистерверггтің сөзін басшылыққа алып, оқушылармен осы жаңа әдіс-тәсілдер бойынша өткен сабақ барысында, зерттеушілік әрекетінің, диалогтың, алты ойлау қалпағы тағы басқа да әдістер мен тәсілдердің көмегімен жетістікке қол жеткізуге болатынын ұғындым. Бүгінгі таңда қоғамымыздың жаңа қарқынмен дамуы, ғылыми-техникалық прогрестердің жетістіктері, еліміздің өркениетті елдер қатарынан көрінуі білім беру жүйесіне де ықпал етпей қойған жоқ.

XXI ғасыр информациялық қоғам табалдырығына аяқ басқан сәтте-ақ Республикалық білім берудің жаңа жүйесі, яғни білім беру жүйесін ақпараттандыру ісі қолға алынды. Заман талабы оқу үрдісінде компьютерлік технологияны енгізу, оны кең көлемде қолдануды қажет етеді.

Компьютерлік технологияны қолдану оқытуға арналған программалық жабдықтарды (электрондық оқулықтар т.б.) сабақта тиімді қолдану пән мұғалімдерінің мол тәжірибесін, ізденісін, әдістемелік шеберлігін қажет етеді.

«Өткенге қарап басымызды иеміз, ертеңге қарап білек сыбанамыз» демекші, бүгінгі бала-ертеңгі азамат. Сондықтан мектептің, мұғалімнің ең басты міндеті-рухани бай, жан-жақты дамыған дарынды тұлға қалыптастыру. Әр мұғалімнің алдындағы ізгі мұраты-өз пәнінен білім беріп қана қоймай, әр баланың «менін» ашу, сол «менді» шығармашылық тұлғаға жетелеу.

Шығармашылық дегеніміздің өзі ізденімпаздықтан туады. Баланың өзіне деген сенімін туғызу, өзінен шығармашылық қасиет іздете білу. Шығармашылыққа баулу, қалыптастыру процесі нақ мектепте басталады. Кез-келген оқушы мұғалімнің басшылығымен орындаған шығармашылық жұмысының нәтижесінде өзінің ішкі мүмкіндіктерін дамытады.

Информатика сабағында оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту тұрғысынан тиімділігін арттыру бүгінгі жоғары және орта мектепте информатика оқыту теориясы мен әдістемесінің педагогикалық мәселелерінің бірі.

Ұстаздық тәжірибемде оқыту барысында алдыма қойған мақсатым- рухани бай, жан-жақты, түсінігі мол, өзін-өзі басқаруға, бір-бірінің пікірін тыңдап, бағалай білуге қалыптастыру.

Мектеп оқушыларына информатика пәнін оқып-үйретуде танымдық қызметіне деген қызығушылығын арттыру үшін оқу үрдісі айрықша түрде ұйымдастырылуы тиіс.

Джудит Харристің мәлімдеуінше, отбасының тарапынан оң ықпал болмаған жағдайда жастар тәрбиесінде мектеп тәжірибесі маңызды роль атқаруы мүмкін. Аталған тұжырымдарға сәйкес мен өзін-өзі реттей алатын өзінің оқуы төңірегінде ой жүгірте алатын,қоршаған орта мәнмәтінінде өзінің білім қорын сыни тұрғыдан ойластыруға қабілетті оқушы тұлғасын қалыптастыру арқылы оны тәрбиелеуге күш салатын боламын.

Жаман оқушы болмайды, сол оқушыны жетелей алмайтын мұғалім болады. Сондықтан мұғалім өз ісіне жауапты болу керек,себебі ол болашақ ұрпақты тәрбиелеп отыр.Сондықтан да, осы Бағдарлама құзырлы мұғалімнің алдына оқушының жан дүниесін жақсы түсіне білу жөнінде нақты міндеттеме қойып отыр. Бұл бағдарлама бірін –бірі оқыту арқылы оқушылардың сыни ойлауын дамытуға бағытталған.

Жаңа формациядағы –мұғалім- ізденімпаз өзіне талап қоя білетін,кәсіби –құзырлылық және шеберлілік деңгейі жоғары, рухы биік, даралық сапалары жетілген, шығар тауы биік маман. Қытай философы Конфуций «Маған жай айтсаң – ұмытамын, көрсетсең-есімде сақтаймын, ал өзімді іс-әрекетке қатыстырсаң- үйренемін» деген даналығы, білім алушының білімге ықыласын арттыруда күш- жігер береді. Оқушыларға сабақ үдерісінде рефлекция жасауды, Екі жұлдыз, бір тілек, даму ағашы, бағдаршам, Insert түсіндім, онша түсінбедім, мүлде түсінбедім деген сияқты бағалаудың түрлерін қолдануды үйреттім, Сабақтың барысында мен оқушыларды жауап бергеніне қарай стикерлермен, смайликтермен бағалап отырдым және оны көшбасшыларға да тапсырдым және шулап отырған топтарға сары үшбұрыш белгісін бердім, оны алған топтардың баллын төмендеттім.

Қателік жасау арқылы оқушылар өздерінің білім алу кезіндегі кедергілерді түсіндіргім келді және алдағы сабақ үдерісінде мұндай кедергілердің болмау керектігін айтып, сапалы білім алуға жағдай жасадым. Бір жаңалықтың нышаны – Блум таксономиясын енгізу болатын. Әдетте сабақтарымды білу, түсіну, қолдану, анализ, синтез, бағалау бойынша жүргіздім. Сабақ соңында оқушы көптеген өзгерістерге қол жеткізіп, оқушы күрделі тапсырмаларды орындауға бағытталады. Блум таксаномиясы кезеңдерінде, алты кезең бойынша, топ мүшелері өзін-өзі бағалайды, топбасшы бағалайды, соңында сыныптың бағасын қорытынды бағаны өзім шығарып, барлық оқушыны бағалап отырдым.

Мен қалай өзгердім: Сабақта өз білімімнен гөрі ұстанымға негіздеуді Әрбір қадамымды жоспарлауда нақты белгілеп көрсете алуым Оқушының пікірінің құндылығына бағалауды Өзімді-өзім реттей алуым арқылы, оқушыларды жинақылыққа баулуым Оқытудағы жаңа әдістерді тиімділігіне қарай пайдалануды Әріптестеріммен серіктестік құру арқылы білім беру тәсілдерін өзгерту керектігін түсіндім; Оқушыларды зерттеу арқылы олардың қабілеттерін ашуға болатындығын Қалай оқу керектілігін, қалай сабақтарыма әдіс-тәсілдерді кіріктірілуін Оқу үшін бағалауды, оқыту үшін бағалауды Оқушы пікірін, айтатын сөздерін тыңдауды, оқушы үніне құлақ асуын Сыни тұрғыдан ойлай отырып, талдап, жинақтап, дәлелдеуге: Оқушыларды жұптық, топтастыруға бөлуді: Оқушыларға дұрыс сұрақ қоюды, оның ішінде ашық сұрақтарды құрастыра білулеріне мүмкіндік беруді Қажет

болған жағдайда орта мерзімді жоспарды өзгертуге үйрендім. Осы курсты оқуда не ала білдім, нені меңгердім, мені не өзгертті және қалай ө згертті? Бағдарламадан сабақ жоспарын жазуды, оқыту мен оқуды меңгерту әдістерін қолдануды және сабақ құрылымында модульдерді тиімді падалануды өз тәжірибеме ендірдім. Бұрын жалпы сыныпқа бірегей тапсырмалар жаппай берілсе, қазір тапсырма орындауда оқыту үшін оқу керек екенін, оқушылардың сабаққа қызығушылығын әр түрлі тәсілдер арқылы арттыруға болатыны үйрендім Сабақ басында, сабақтың басқа кезеңдерінде рефлексия жасап, атқарылған жұмыстар нәтижесіне сындарлы пікір білдіре отырып, жоспар жасауға қалыптастым. Менің тәжірибемде тек оқушыларды ғана емес, өзімді-өзім реттеуді, өз қызметім мен оқушылар әрекетін бағалаудың жаңа түрлерін меңгердім Іс-тәжірибем арқылы бұрынғы дәстүрлі сабағыма өзгерістер енгіздім. Жалпы оқушылардың бойынан бұрын көрмеген, жасырынып жатқан қабілеттерді байқадым. Топ ережесін оқушылардың өздеріне құруға мүмкіндік бердім. Топтық ережені тақта бұрышына іліп қойдым. Сабақ бойы қандай тапсырма берсем де, ережені сақтау керектігін ескертіп отырдым. Оқушылардың топтық жұмыс атқаруында парталардың орналасуының рөліде өте маңызды. Біз оқушыларға сапалы білім беруіміз үшін оларға жағдай жасай алуымыз керек, сондағана біз жетістікке жетеміз. Дәстүрлі оқыту барысында : Мұғалім сабақты өзі түсіндіреді Оқушы ережелерді тек жаттанды түрде есте сақтайды; Оқушылар тапсырманы жеке орындайды; Мәтінді толық игере алмайды; Білгендерін іс – тәжірибе жүзінде қолдануға қиналады; Сабақта тек мұғалім көшбасшы болады. Сабақта сыни тұрғыдан ойлауды қолданыла бермейді; Мұғалім бағаны өзі қояды. Сабаққа рефлексия жасалмайды. Сындарлы оқыту барысында : Мұғалім бағыт- бағдар береді; Оқушылар топпен бірігіп жұмыс жасайды; Сабақта жаңа тақырыпты оқушылар өз бетімен оқып меңгереді. Дарынды және талантты балалар ашыла бастайды; Өз оқып білгендерін іс-жүзінде қолдана алады. Сыни тұрғыдан ойлау арқылы өз ой- пікірлерін дәлелдей алады; Бір- біріне дұрыс сұрақ қоя білуге дағдыланады; Бір- бірінің пікірін тыңдйды; Өз сыныптастары, топтар арасында көшбасшылық етуге дағдыланады; Берілген тапсырманы өздері орындай алады. Өз-өзіне, бір-біріне әділ баға қоя алады; Сабақ соңында рефлексия жасай алады; Топтық ережені сақтайды. Сыныпта ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру үшін «шаттық шеңбері», «тілектер шоғыры», «сынып бөлмесіндегі маған ұқсас заттар», « айна» сияқты ой сергектер қолдана отырып балаларға жағымды ахуал және біз бірге екенімізді бәріміздегі ортақ мақсат білім алу екенін, және бұл мақсатқа тек қана бірге жететінімізді, жалғыз қалу қауіпті екенін ұғындыра отырып дағдыға айналдырдым. «Компьютерлік желілер, желілер түрлері» тақырыбындағы сабақта «Миға шабуыл», «Кубизм» әдіс-тәсілі арқылы диалогтық арқылы оқыту көрініс табады. Себебі сұрақ қойылған жағдайда сабақ өтудің тиімділігі артады. 2-сабағымда «Аквариум» әдісінде түрткі болуға арналған сұрақтар қою арқылы, оқушыларға толығырақ жауап беруге итермеледім. Барлық сабақтарымда оқушылардың айтқан ойын толық тыңдап, айтылған жауап дұрыс болмағанның өзінде «Отыр, дұрыс емес, қате», немесе дұрыс айта алмадың деген сөздердің орнына түрткі сұрақтар айта отырып. Мысалы қане, кім қалай ойлайды? Кім толықтырар еді не қосуға болады? деген сұрақтар қойып оқушының қатесін өзгелердің жауабын тыңдау арқылы дұрыстап өздігінен реттелуіне жол ашу керектігін түсіндім. Әрбір сабағымды психологиялық дайындықтан бастадым. Оқушыларға шеңбер болып тұруларын айтып,көңіл күйлерін сұрап,бір-біріне ізгі тілектерін білдірді. Ноутбукты пайдалана отырып үнтаспадан көңіл-күйлерін көтеру үшін көңілді әуендер қойып бердім. Балаларға бір-біріне күле қарап тілектерін айтты.Оқушылар бір-біріне үздік оқы, тәртіпті бол, аспанымыз ашық болсын, сабағымыз сәтті өтсін деген сияқты ізгі тілектер айтты.

**Қолданылған әдебиеттер:**

1. «Информатика негіздері» журналдары.
2. Интернет материалдары «Google» және «Mail.ru» сайттары 2014ж
3. Д.С.Рахманбердиева Информатика және ақпараттық технология
7-8 сынып

# ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРМЕН КІРІКТІРУ

**Кадырова Айгуль Балабековна**
Түркістан облысы, Арыс қаласы «Адами әлеуетті дамыту бөлімінің
С. Адамбеков атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ
информатика пәнінің мұғалімі

*Резюме*

*В ходе интеграции современных педагогических технологий с информационными технологиями на уроке информатики используются стратегии пробуждения интереса, построения моста к новым знаниям, различения смыслов, стратегии мышления, психологической подготовки учащихся к уроку, различные методы повышения их интереса, пробуждения их активность считается.*

*Summary*

*During the integration of modern pedagogical technologies with information technologies in the computer science class, strategies for awakening interest, building a bridge to new knowledge, distinguishing meaning, thinking strategies, psychologically preparing students for the lesson, various methods of increasing their interest, awakening their activity are considered.*

Біздің елімізде қазіргі кезде білім берудің ұлттық үлгісі қалыптасуда. Бұл кезеңнің негізгі ерекшелігі — оқытудың дәстүрлі түрінен жаңа педагогикалық технологияларға ауысу. Бұл үрдіс жаңа білім парадигмасының қалыптасуына әкеледі. Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алуарқылы дамуын қоятынын баршамыз да түсіндік.

Білім беру мазмұнындағы өзгеріс мұғалім мен оқушының іс-әрекетінен бастау алады. Бүгінде мұғалімнің негізгі функциясы өзгерді: ол ақпарат таратушыдан менеджерге айналды. Білім берудің жаңа жүйесінде мұғалім үшін басты міндет — оқыту процесін басқару.

Қазіргі заманғы жағдайларда жұмыс істеу үшін оқытушы не білуге тиіс? Санамалап айтсақ, келесі бес құрал педагогтың бесқаруы десе де болады:

1. Менеджмент ғылымы (басқару ғылымы);
2. Психология (білім беру — оқыту және тәрбиелеу процесін псхологияландыру жүріп жатыр); Егер біз оқушының субъектісін, жеке тұлғасын нысаналасақ, біз оны жақсы білуге тиіспіз;
3. Экономика (экономиканың қажеттіліктерін білу; мектепке қандай адам даярлау керек екенін білу);
4. Информатика (дербес компьютерді пайдалану);
5. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны сабақта кеңінен қолдану (Интернет желісін пайдалана және іздей білу, электронды оқулықтарды қолдану, флипчарттарды игеру).

Бүгінде оқыту процесінде жиі қолданылып жүрген технологиялардың бірі — «Оқу мен жазуды сын тұрғысынан дамыту» технологиясы. Қызығушылықты ояту, жаңа білімге көпір салу, мағынаны ажырату, ой толғаныс стратегиялары оқушыларды сабаққа психологиялық тұрғыдан дайындай отырып, қызығушылықтарын арттырудың әртүрлі әдіс-амалдары қарастырылады, белсенділіктерін оятады. Топтық жұмыс бала танымына оң әсер етіп қана қоймай ой-өрісін дамытады. Информатика сабағында бұл стратегияларды қолдану АКТ құралдары арқылы жүзеге асырылады. Сол себепті де саабақта заманауи технологияларды ақпараттық-коммуникациялық технологиямен кіріктіре отырып пайдалану өте тиімді.

АКТ-ны игеру қазіргі заманда әрбір жеке тұлға үшін қажетті шартқа айналды. АКТ-ның дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді шәкірт тәрбиелеу мұғалімнің басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді.

Білім беру саласында көп қолданыста жүрген АКТ құралдары: интерактивті тақта, мультимедиа, интернет кеңістігі, электрондық оқулықтар.

Оқу үдерісінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін қажет:

- Бір қалыпты пайдаланбау, деңгейлер бойынша (білу, түсіну, қолдану) оқушылар әрекетін ауыстырып отыру;
- Баланың ойлау (зерделеу) қабілетін дамытуға бағытталу, яғни елестету, салыстыру, байқағыштық жалпыдан негізгіні айыра алу, ұқсастықты табу қасиеттерін дамыту;

- Компьютерлік технологияны пайдалана отырып дарынды, орташа және үлгерімі төмен оқушыға сабақты ойдағыдай меңгеруіне мүмкіндік туғызу;
- Оқушының есте сақтау қабілеттерін ескеру (жедел, қысқа мерзімді және ұзақ уақыттық есте сақтау).

Оқу үдерісінде ақпараттық технологияны пайдалану барысы:

1. «Түсіну» деңгейінде (теориялық материалды меңгерту):
- Электрондық оқулықтар;
- Power Point бағдарламасында жасалған презентациялар;
- MS Word редакторында жасалған сызба кестелер, үлестірмелер;
- Блокнот мәтіндік кіші редакторда жазылған ережелер жиынтығы (электрондық ереже анықтамасы) немесе электрондық сөздік қолданылады.
2. «Қолдану» деңгейінде (теориялық материалды бекіту):
- Word Pad мәтіндік редакторында мәтінмен тікелей жұмыс (түзету, үзінді қосу, аяқтау, әріп қою, астын сызу, суреттер мен сызбалар кірістіру).
- Мультимедиалық мүмкіндіктерді пайдалану (дыбыстарды жазу мен ойнату, лазерлік ойнатқыш бағдарламасы, фонограф бағдарламасы арқылы дауысты жазу және жазылған дыбыстық файлды құжатқа қою аудиолекцияны алдын ала жазып алып, сабақ барысында қолдануға болады).
- Интернет жүйесі, яғни электрондық кітапхана мүмкіндігін қолдануға болады. Ол арқылы жаңа мәліметтер қорыту.
3. «Жинақтау» деңгейінде (теориялық материалды қорыту):
- Тест бағдарламасы арқылы білімді тексеру;
- Power Point бағдарламасымен презентация жасату;
- Excel бағдарламасында өз білімдерінің мониторингісін шығару.
- Сынып ішіндегі компьютерлік желі арқылы өзара білім жарыстыру неме өзара тексеру жұмыстарын жүргізу;
- Әмбебап ойнатқыш бағдарламасына жазылған файлдар арқылы диктант алу;
- Интернет жүйесі арқылы жазылатын рефераттар, виртуальды интернет олимпиадалар.

Өз практикамда осы бағыт бойынша жұмыстар жүргіземін. Мысалы 6 сыныпта «Алгоритм типтері.» тақырыбын өту барысында Білу кезеңінде оқушылардан үй тапсырмасы сұралынды. Түсіну кезеңінде жаңа сабақты оқушылар өздері оқулықтан, электронды оқулықтан ашып, топта талқылады. Ой шақыру мақсатында ашық сұрақтың қойылуы баланың өз пікірін қалыптастыруда, белсенділік танытуда, өз ойын еркін жеткізуде, шығармашылыққа бағыттауда үлкен рөл атқаратынын білдім. Соның нәтижесінде барлық сабақтарымда үнемі ашық сұрақтар қойып отырдым. Балалар өз ойын ашық, еркін жеткізгенін көрдім. Барлығы белсенді түрде ойларындағыны жеткізді. Қолдану кезеңінде қосымша мағлұматтар жазылған парақшалардан мәліметтер алып, есептің алгоритмін құра білді. Бұл кезде жеке және жұптық жұмыстар жүргізілді. Талдау кезеңінде топпен бірлесіп постер, кластер жасап, қорғады. Әр бір оқушының пікірі жазылып отырғанын байқадым. Кесте толтыру арқылы есеп шығаруға талдау жасалынып, есепті шешудің алгоритіміне талдау жұмысы жүргізілді. Әр топқа жаттығу жұмыстары беріліп, топ болып жұмыс жасалынды. Талдау кезінде оқушылар дәстүрлі сабақта жеке жұмыс жасап, кейбірінің ғана жұмысы қаралатын, ал топта жұмыс жасағанда барлық оқушы атсалысып, барлығы қатысып, бір-бірін толықтырып отырып, сыныпта сөйлемей қалған оқушы қалмады деп айта аламын. Жинақтау кезеңінде «Сәйкестендіру кестесі», «Венн» диаграммасы бойынша сабақ жинақталып, қорытындыланды. Жаңа тәсілдерді топпен жұмыс жасауда қолданғанда тиімді, әрі нәтижелі болды. Бағалау кезеңінде берілген тапсырмалар бойынша оқушылардың қаншалықты жаңа тақырыпты игергендігі жүзеге асырылды. К.Д. Ушинский «Балаға күштеп білім беруден гөрі, баланың білімге деген құштарлығын ояту ең маңызды мақсат» — деп айтқандықтан, баланың білімге деген құштарлығын ояту үшін, пән мұғалімінен оқушының дамуына жағдай жасау талап етіледі.

Осы жұмыстар сабақ барысында уақыт үнемдеп практикаға көп көңіл бөлуге септігін тигізеді.

Әрбір ұстаздың алдына келген бала да әртүрлі ойлау қабілетінде болады, мысалы кейбірі шапшаң ойлап тез жұмыс істесе, кейбірі тақырыпты баяу қабылдап, оған тапсырманы қайтадан қарап шығу тиімді болып табылады. Осы орайда АКТ құралдарын пайдалана отырып презентация құралдары арқылы сипаттап, артынан осы материалдарды оқушының флеш-карталарына салып беру өте тиімді.

Интерактивті тақтамен жұмыс істеудің тиімділігі:

- Бағдарлама бойынша барлық оқушыларға қолайлы;
- Берілген материалды әсерлі жеткізуге және оны сынып оқушылары арасында талқылауға, қателерін дер кезінде маркер арқылы жөндеуге мүмкіндік туғызады;

- Интерактивті тақта сыныптағы барлық оқушылардың назарына айналуына байланысты орталықтан демонстрациялауға қолайлы жағдай туғызады;
- Мұғалімнің де, оқушының да шабытын, қызығушылығын арттырып, сабақты тартымды өткізуге ынталандырады.

Қорыта келгенде, заманауи технологиялардың көмегімен оқушылардың білімін жетілдіру мен оқу сапасын арттыруға болады. Қай халықтың, қай ұлттың болсын толығып өсуіне, рухани әрі мәдени дамуына басты ықпал жасайтын тірегі де, түп қазығы да — мектеп. Қазақ мектептерінің білім деңгейін көтеру және онда жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқу-тәрбие үдерісін тиісті деңгейге көтеру педагогикалық ұжымның жүйелі жұмыстарының нәтижесінде ғана жүзеге аспақ.

«Шәкірт — нығырлай беретін ыдыс емес, керісінше тұтандыруды талап ететін шырақ» демекші, оқушылардың жеке шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту және оларды шынайы өмірдегі тұлға етіп дайындау — мектептің басты мақсаттарының бірі. Мақсатқа жетер жолда аянбаған ғана нәтижеге қол жеткізеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Қазақстан мектебі. №6, 2006 жыл.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 2007 ж.
3. «Информатика негіздері» ғылыми-әдістемелік журнал №3-2007 ж


## ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ


**Бекмуратова Қарлығаш**

ТО ДСБ «Облыстық фтизиопульмонологиялық орталығы» ШЖҚ МКК информатика пәні мұғалімі



*Резюме*

*Определение искусственного интеллекта в образовании включает в себя использование технологических методов и систем, предназначенных для имитации и улучшения человеческого интеллекта с целью улучшения процесса обучения и расширения образовательных возможностей.*

*Summary*

*The definition of artificial intelligence in education includes the use of technological methods and systems designed to imitate and enhance human intelligence to improve the learning process and enrich educational opportunities.*


Қазіргі заманда сапалы білім – әр халықтың, әрбір жеке тұлғаның болашағын айқындайтын негізгі факторлардың біріне айналуда.Білімнің жоғары деңгейін ұстап тұру – әрбір қоғамның өзінің ғылыми-техникалық прогресін, экономикалық дамуын және азаматтардың әл-ауқатын қамтамасыз етуге ұмтыла отырып, алдына қоятын міндеті. Осы тұрғыда заманауи технологияларды, атап айтқанда жасанды интеллектті (ЖИ) пайдалану білім беру үдерісін өзгертуде басты рөл атқара бастады.

Жасанды интеллект – адамның интеллектуалдық қабілетін талап ететін тапсырмаларды орындауға қабілетті компьютерлік жүйелерді құрумен айналысатын информатика саласы. Соңғы жылдарда ЖИ медицина мен өндірісте, көлік пен ойын-сауықта, адам өмірінің көптеген салаларына мықтап енді. Бірақ жасанды интеллект қолданудың ең перспективалы және маңызды бағыттарының бірі білім беру болып табылады.

Алдымен білім берудегі жасанды интеллект дегеніміз не және осы салаға қандай технологиялық компоненттер кіретінін анықтайық. Көптеген зерттеушілер әртүрлі аспектілерге, соның ішінде машиналық оқытуға, нейрондық желілерге және деректерді өндіруге, олардың адамдардың қажеттіліктеріне бейімделе алатын интеллектуалды жүйелерді құрудағы рөліне назар аударды.. Білім берудегі жасанды интеллект әдетте келесі аспектілерді қамтиды:

**Machine Learning:** Бұл компьютерлік жүйелерге деректер мен тәжірибені талдау арқылы бейімделуге және жақсартуға мүмкіндік беретін ЖИ бөлімшесі. Білім беруде машиналық оқытуды әр оқушының қажеттіліктері мен оқу стиліне жауап беретін бейімделген оқыту платформаларын жасау үшін пайдалануға болады.

**Нейрондық желілер:** ЖИ-дегі нейрондық желілер мидың құрылымы мен қызметін модельдейді, жүйелерге үлгілерді тануға, мәтінді талдауға және шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Білім беруде оларды дауысты, мәтінді және кескінді тану үшін қосымшаларды жасау үшін, сондай-ақ жекелендірілген оқыту үшін пайдалануға болады.

**Виртуалды көмекшілер және білім беру қолданбалары:** ЖИ ақпаратты, оқу материалдарын және тапсырмаларды қамтамасыз ету арқылы студенттерге оқу процесінде көмектесетін виртуалды мұғалімдер мен білім беру қолданбаларын жасау үшін пайдаланылуы мүмкін.

**Деректерді талдау:** ЖИ үлгілер мен трендтерді анықтау үшін деректердің үлкен көлемін талдау жолдарын қамтиды. Білім беруде деректерді талдау оқушылардың үлгерімін бағалау, оқу қажеттіліктерін болжау және оқу бағдарламасын оңтайландыру үшін пайдаланылуы мүмкін.

**Робототехника және автоматтандыру:** ЖИ пайдаланатын робототехника студенттерге ғылым, технология, инженерия және математика (STEM) салаларындағы дағдыларды дамытуға көмектесетін білім беру роботтарын жасау сияқты білім беру мақсаттарында жүзеге асырылуы мүмкін.

Білім берудегі жасанды интеллект оқу процесін қол жетімді, жекелендірілген, интерактивті және тиімді ету арқылы жақсартуға бағытталған. Ол мұғалімдерге, студенттерге және оқу орындарына жылдам өзгеретін цифрлық дәуірге бейімделуге көмектеседі және білім сапасын келесі деңгейге көтереді.

**Мектептерде жасанды интеллектті қолдану.**Мектептерде жасанды интеллектті қолдану мұғалімдер үшін оңтайлы шешім болып келеді. Өйткені ЖИ мұғаілімнің жұмысын жеңілдетеді.Сабақ жоспарын құрудан бастап , кезкелген құжатты өңдеуге дейін. Сонымен қатар жасанды интеллект мектептердегі оқу үдерісінің әртүрлі аспектілерін автоматтандыруда қолданылады: оқу материалдарын басқаруда; электрондық тесттер мен бағалаулар жүйесінде; әкімшілік тапсырмаларды басқаруда; кері байланысты басқару жүйелерінде;оқушылардың үлгерімі мен тәртібі туралы есептерді автоматты түрде жасауда; қабылдау және қабылдау процесін автоматтандыруда және т.б.

Жасанды интеллектті мектептегі білім беруде сәтті қолданудың нақты жағдайлары мен оқиғаларын ұсыну маңызды. Себебі, жасанды интеллект кез келген саланы табысқа жеткізе алады, мысалы:

1. Khan Academy:

Khan Academy – оқу материалдары мен тапсырмаларды қамтамасыз ету үшін ЖИ-тіқолданатын танымал платформа. Жүйе оқушының деңгейіне бейімделіп, математика, жаратылыстану және басқа да пәндерді оқыту үшін жекелендірілген ұсыныстар береді.

2. Duolingo:

Duolingo – үйрену тәжірибесін пайдаланушының жеке қажеттіліктеріне бейімдеу үшін ЖИ-ті қолданатын тіл үйрену қолданбасы. Жүйе тіл дағдыларын жақсарту үшін әртүрлі жаттығулар мен кері байланыс ұсынады.

3. Carnegie Learning:

Carnegie Learning – жекелендірілген оқу жоспарларын жасау үшін ЖИ пайдаланатын математикалық білім беру бағдарламаларын қамтамасыз етеді. Бұл оқушылардың математикаға деген сенімділігін және дағдыларын дамытуға көмектеседі.

4. Coursera:

Coursera – жетекші университеттер мен институттардың курстарын ұсынатын онлайн оқыту платформасы. Жасанды интеллект тапсырмаларды бағалау және қайта қарау және студенттердің қызығушылықтары мен мақсаттарына сәйкес келетін курстарды ұсыну үшін қолданылады.

5.ScribeSense:

ScribeSense – сабақтар мен дәрістерді автоматты түрде транскрипциялау үшін ЖИ қолданатын қолданба. Бұл мұғалімдерге оқу материалдарының мәтіндік нұсқаларын оңай алуға және оларды талдауға мүмкіндік береді.

Осы мысалдардың әрқайсысында ЖИ оқытуды жекелендіруде, кері байланысты қамтамасыз етуде және білімге қолжетімділікті жеңілдетуде рөл атқарады. Олар сонымен қатар әртүрлі білім беру сценарийлерінде ЖИ пайдаланудың артықшылықтары мен тиімділігін көрсетеді.

Жасанды интеллект біздің өміріміздің барлық саласына еніп жатқан керемет қуатты құрал және білім де артта қалмайды. Біз ЖИ қазірдің өзінде білім беру процесіне қалай оң өзгерістер енгізіп жатқанын және мұғалімдерге жаңа мүмкіндіктер беріп жатқанын қарастырдық. Дербес оқыту, процестерді автоматтандыру, деректерді жинау және талдау, виртуалды мұғалімдер мен білім беру қосымшаларын жасау білім беру сапасын арттырады және пайда әкеледі.

Жасанды интеллект білім берудің ажырамас бөлігіне айналуда, біздің оқу және табысқа жету жолын өзгертеді. Қиындықтарға қарамастан, осы саладағы ілгерілеудің келешегі жігерлендіреді,

қазіргі заманғы әлемнің қажеттіліктерін көрсететін неғұрлым қолжетімді, жекелендірілген және сапалы білім беруге жол ашады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


4. Браун, Л. және т.б. (2018). «ЖИ негізіндегі оқыту қолданбалары: ағымдағы тенденцияларға шолу». International Journal of Educational Technology, 7(1), 32-45.
5. Джонсон, А. (2019). «ЖИнегізіндегі білім берудегі этикалық ойлар». Білім беру этикасы, 12(2), 45-58.
6. Ғаламтор материалдары


## ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА СӨЗДІК ЖҰМЫСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛДІК ҚОРЫН ДАМЫТУ


**Жанбосынова Айткуль Пернешовна**
Түркістан облысы, Арыс қаласы «Адами әлеуетті дамыту бөлімінің
С. Адамбеков атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі



***Резюме***

*В обязанности учителя входит объяснение учебного материала учащимся и предоставление информации о нем. Именно поэтому словарная работа занимает особое место в изучении казахского языка.*

***Summary***

*It is the responsibility of the teacher to explain the learning material to the students and provide information about it. That is why dictionary work has a special place in learning the Kazakh language.*


Қазіргі кезде қазақ тілін үйретудегі басты кемшілік тіл үйренушіні мемлекеттік тілде сөйлете алмай отыруымызда болып отыр. Өзге ұлтқа қазақ тілін оқыту оңай жұмыс емес. Ал тілді үйрету отбасынан, бала-бақшадан, мектептен басталатыны барлығымызға мәлім.

Оқушылардың қазақ тілінің үйренуі – танымдық процесс, соның нәтижесінде олар ана тілінен басқа тілді меңгере алады. Тілді үйретуде қатысым әдісінсіз тілді жылдам әрі сапалы меңгерту, оны кез келген ортада еркін тілдік қатынасқа түсе алатын дәрежеге жеткізу мүмкін емес. Оқу материалын оқушыларға түсіндіру, ол туралы мәліметтер беру- мұғалімнің міндеті. Сондықтан қазақ тілін меңгертуде сөздік жұмысының орны ерекше.

Сөздік жұмысы –тіл дамытудың іргетасы, оқушыны жаңа сөздер үйренуде, бұрын білетін немесе түсінбейтін сөздердің мағынасын анықтауда мыңызы зор. Сондай-ақ сөздік жұмысы сөйлем құрауға мүмкіндік береді, сөздерді байланыстырып, сөйлеуге, әңгіме айтуға, шығарма, эссе жазуға көмектеседі.

Сөздік жұмысының ерекшелігі: тіл дамытудың басқа түрлері сияқты оқу-тәрбие жұмысының барлық салаларында жүргізіледі. Өлең, әңгіме, мысал, мақал-мәтелдер т.б білу арқылы баланың тілі дамиды. Балалар сөзді ұғу арқылы сөйлеу үстінде тілін дамытады. Ал, сөздік жұмысы оқушының ойын дамытумен тығыз байланысты.Тілді, оның грамматикалық құрылысын меңгеру оқушыларға өз пікірлерін айтуға, сұрауға, қорытынды жасауға, заттар мен құбылыстар арасындағы алуан түрлі байланыстарды аңғара білуге мүмкіндік береді.

Сонымен бірге сөздік жұмысы сөз арқылы оқушыны дәл ойлауға үйретеді, оның шығармашылық қабілетін арттыруға, сөйлеудің мазмұны мен формасының бірлігін қамтамасыз етуге бағытталады. «Сөз байлығы – қоғамның байлығы және сол сияқты әр адамның байлығы.Сондықтан мектепте оқушыларға сөздік жұмысын жүргізудің маңызы зор. Сөз байлығының аздығы оқушылардың өз ойын ауызша, әрі жазбаша, дәл, жүйелі жеткізуіне қиындық келтіреді. Сондықтан сабақта сөздік жұмысын дұрыс ұйымдастырудың мәні зор.

Оқушылар сөз ұғымын игеру барысында:

ақыл-ой амалдарын меңгереді;

бір құбылысты екінші құбылыспен байланыстыра салыстыру арқылы өз ойын дәлелдей алады;

олардың арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды көріп түсінеді, сол арқылы тіл заңдылықтарын меңгереді;

оқуға, білуге деген түрткісі

жегіледі, істеген ісіне қанағаттанады;

өтілген материалдарды қолдана алуды үйренеді;

жаңа сабақты меңгереді;

Жаңа сөздерді меңгерту барысында иллюстрациялық суреттерді пайдалану да өзіндік нәтижесін береді. Сурет арқылы сөз, сөйлем құрастыруға дағдыландыру — өте тиімді әдіс. Әсіресе әр тақырыпқа іріктеліп жинақталған, тақырыптың топтама суреттердің берері мол.

Сөз тілдік құбылыстардың бәріне де тікелей қатысты. Оқыту процесінде оқушыларға сөздің мағынасын жете түсіндіру өте қажет. Әсіресе, бастауыш сыныпта оқушыға жаңа сөзді үйрету, мағынасымен таныстыру үшін, оларға қазақ тілінің белгілі бір шамадағы сөздік қорын меңгерту үшін, жаңа сөздерді сауатты жазуға, қорыта айтқанда жаңа сөзді дұрыс қолдануға дағдыландыру керек. Сөздерді меңгерткенде де олардың жеңіл-қиындығын да ескеру керек.

Оқушыларға жаңа сөздерді меңгертуде ұсталатын тағы бір басты принцип — ол сөздердің күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.

Жаңа сөздерді жеке дара емес, белгілі бір жағдайға байланысты тақырып ішінде қолдануға мүмкіндік жасау керек.

Оқушыларға жаңа сөзді меңгертуде грамматикалық дағдыларды қалыптастыру, дыбыстарды дұрыс айта білу, сөз тіркестерін дұрыс құрастыра білу, жаңа сөздерді күнделікті қолдана білу, мағынасын меңгеру , жаңа сөздерді қатыстырып сөйлем құру қабілеттерін дамыту — жаңа сөздерді меңгертудің алғы шарттары болып табылады.

Құрғақ сөзді жаттай бергенше, сол сөздермен жазба жұмысын, жаттығулар жүргізген де оқушының есте сақтау қабілеті жақсы дамиды. Байланыстырып жаза білген оқушының жүйелі сөйлеу дағдысы да дұрыс қалыптасады.

Жаңа сөзді түсініп, қолдана білсе, оқушының соғұрлым сөздік қоры бай болып, ойын анық жеткізуге мүмкіндігі мол болады.

Ол үшін төмендегідей жұмыс түрлері жүргізілуі керек:

түсінуге қиын жекеленген сөздер, белгілі бір мәтінде кездесетін қиын сөздердің мағынасын түсіндіру;

қиын немесе жаңа сөздердің оқушы есінде сақталуын қамтамасыз ету;

жаңа сөзді қолдану дағдысын қалыптастыру;

жаңа сөздің айтылуы мен жазылуын меңгерту;

сөздікпен жұмысқа үйрету.

Жаңа сөздерді деңгейлік тапсырмалар арқылы, әр оқушының білім деңгейін саралап меңгерту өте тиімді, мұндай жұмыстардың нәтижесінде оқушылар:

жаңа сөздерді тез меңгереді, әрі оқушы өздігінен жұмыс істеуге дағдыланады;

оқушының жеке қабілеті айқындалады;

іштей бір-біріне қалыспауға тырысады, сондықтан жаңа сөздерді де тез қабылдайды;

тапсырманың күрделену деңгейіне сәйкес оқушының ойлау қабілеті артады;

әр бала өз деңгейіне, қабілетіне қарай бағаланады.

Демек, жаңа сөздерді деңгейлік тапсырмалар арқылы меңгертудің басты ерекшелігі — білім беру, оқыту, үйрету процесін топтап, жіктеп бөледі. Әрбір деңгейдің өзінің лексика-грамматикалық минимумы болады. Деңгейлік тапсырмалар оқушының жаңа сөздерді тез меңгеруіне септігін тигізеді.. Оқулықтағы жаттығулар өтілген ереже бойынша қайталау, пысықтау, бекіту жұмыстарына арналған тілдік, грамматикалық жұмыстар жүйесі. Деңгейлік тапсырмалар жүйесіне мәтіндер, кроссворд, қызықты грамматика, тестік сұрақтар, оқушыны ойландырып, іздендірілетін іскерлік ойындар мен тренингер жүйесі қамтылады. Оқытудың деңгейіне сәйкес, оқушыны дифференциалды оқытуға ыңғайлы, оқу бағдарламасы бойынша оқушының жас ерекшелігі мен білім деңгейіне сай құрылып, оқулыққа қосымша пайдалануға беріледі.

Бірінші деңгейдегі тапсырмалар бойынша жаттап алуға лайықты, өткен сабақтарда меңгерген білімдерін пысықтауға бағытталған болуы керек. Бірінші деңгейде жаттап алуға ыңғайлы қысқа, түсінуге қолайлы тапсырмалар беріледі.

Екінші деңгейде өткен тақырыпқа байланысты түрленген, ойлауды қажет ететін, оқушы өз бетімен жұмыс жасауға лайықты тапсырмалар беріледі. Оқушының сөйлеу тілін дамытуға арналған тапсырмалар беріледі. Тірек сөздер арқылы сөйлемдер жазады, екі бағандағы сөздерді сәйкестендіреді. Оқушының сөйлеу қабілетін жетілдіретін тапсырмалар беріледі.

Үшінші деңгейлік тапсырмаларда танымдық-іздену тапсырмалар орындау арқылы оқушы өз тұжырымын жасайды. Мұғалім нұсқаушы, бағыт беруші, кеңесуші ретінде болады. Оқушының өзі сөздіктерді пайдаланып, сөз мағыналарын талдауға, мәтінді оқып, сөз мағыналарын өз бетінше түсінуге машықтанады.Төртінші деңгейлік тапсырмаларды да беруге болады. Ол күрделі болады, жаңа сөздердің мағыналарына арнап мәтін құрастырады, жаңа сөздерді пайдаланып сөйлем құрастырады, шығарма жазады.

Сонымен, оқушыларға жаңа сөздерді меңгерту, сөздік қорын байыту — тіл дамытудағы ең маңызды жұмыс. Сондықтан сабақты түрлендіріп отыру қажет. Ал бұл мұғалімнің шеберлігін қажет етеді, әрі мұғалімнің шығармашылықпен еңбек етуін талап етеді. Яғни бұл үрдіс арқылы оқушылардың тілін жетілдіруге жағдай жасалынады. Қазіргі заманымыздың даму қарқынына байланысты АКТ –ның түрлі әрекеттерін қолданып, оқушылардың қызығушылығын арттыруға күш салымыз жөн.

Сабақты түрлендіру олардың жаңа сабаққа, жаңалықты үйренуіне қызығушылығын арттырады.

Сонымен қортындылай келгенде, жаңа технологиялар арқылы шешендік өнерді меңгерту оқушыларды өз ойын еркін жеткізуге дайындайтындығымен, сабақты өткізу барысында стратегиялардың барлығы үш кезең арқылы жүзеге асатын тиімділігімен, мұғалімнің сапалы сабақ өткізуіне мүмкіндік туғызуымен, оқыту мен ұйымдастырудың тиімді әдіс-тәсілдерінің молдығымен, ғылыми- теориялық тұжырымдамаларының тереңдігімен тиімді. Оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологияларын ізденіп әзірлеу — ғалымдар мен тәжірибелі ұстаздардың бірлесе отырып атқаратын ісі.

Сөздік арқылы сөздік қорды дұрыс қалыптастыру оқушының тілдесімге түсе алу қабілетін,тілдік қарым-қатынасын реттейді. Тілдесу үшін тілдік қолданысқа керекті жаңа сөздерді үйренбесе, тілдік қарым-қатынас та жүзеге аспайды. Негізінен, оқушыладың сөздік қоры сөзді белсенді түрде қолданған және қажетіне қарай нақты қолдану арқылы жетіліп отырады. Оны қазақ тілден сабақ беретін әр мұғалім айта алады. Тілді енді бастап меңгеріп жатқан өзге ұлт өкілдері үшін қазақша сөйлеп кетуде грамматикалық жүйені жеткілікті меңгермеу бір себеп болса, екінші себеп сөздік қордың аздығына байланысты. Менің оқушыларға арнап шығарға сөздік дәптерім оқушылардың жаңа сөздерді орыс тіліндегі баламасын қоспай, тек қазақ тілінде есте сақтауына мүмкіндік береді. Себеб, біз жаңартылған білім мазмұны аясында сабақ беретіндіктен, сөздердің басқа тілдегі баламасын қолданбауымыз керек.

Оқушылар үшін үлкен бір тақырыптың аясындағы шағын тақырыптар бойынша әр сабақ сайын жаңа сөз үйреніп отырудың маңызы өте зор.

Ойымызды жинақтап келгенде, тілдік оқытудағы басты мақсат оқушының белгілі бір деңгейінде тілдік қарым-қатынасқа түсе алуына қол жеткізу, ол үшін біз тіл мамандары оларға барлық мүмкіндікті жасауымыз керек. Бұл мақсатқа жүйелі әрі тиянақты түрде сөздікпен жұмыс істеу арқылы қол жеткізуге болады. Себебі лексикалық шекті жеткілікті меңгерудің ең негізгі діңгегі сөздікпен жұмыс істетуде жатыр.

**Әдебиеттер:**

1. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, 48 бет, 2б.
2. Карта разума, [http://www.12manage.com/ methods_mind_mapping_ru.html]
3. Сын тұрғысынан ойлау, детальдау, http://bcetyt. ru/house/family/home- life/tehnika-vizualizacii-kljuchikk-ispolneniju-zhelanij.html
4. Широкова Т.В. Топтық жұмыстарды ұйымдастыру - оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерінің бірі.

## ОЙЫН ӘРЕКЕТІ АРҚЫЛЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАНЫҢ ОЙЛАУ ПРОЦЕСІН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

**Тилеубаева Алтынай**
Шымкент қаласы, №36 "Ерке-Наз" Бөбекжай балабақшасы
2- кіші "Балапан" тобының тәрбиешісі

***Резюме***

*В данной статье рассматривается развитие мыслительной деятельности дошкольников посредством развивающих игр*

***Summary***

*The article is considered the development of mental activity of preschoolers through educational games*

Ойлау – құпиясы мол дүниені әр қырынан тануға, мәселені тереңнен түсінуге мүмкіндік беретін аса күрделі жан қуаты. Сөйлеумен тығыз байланысқан ойлау ми қызметінің нәтижесі. Ойлау – сұраққа жауап қайтарудан, мәселені шешуден, оның мәнісіне түсіне білуден жақсы байқалады. Ойлану – түрлі тәсіл, амал-операциялардан тұрады. Олар: анализ (талдау), синтез (жинақтау), жалпылау, нақтылау, абстракциялау, жүйелеу т.б.

«Ойлау», «ой», «ойлану» ұғымдары - әрқайсымыз күнде айтатын «ақыл» деген сөздің синонимі. Ақыл – ойлау үдерісіндегі ұғымдылық пен тапқырлыққа байланысты қасиет. Ойлану үшін білім керек. Бірақ білім бардың бәрі бірдей ақылды боп келе бермейді. Ақылдылық білімді тәжірибе жүзінде дұрыс пайдалана, қорыта білумен байланысты [1].

Халық ұғымында ақылдылық – ерен еңбектің жемісі. Ақылды болу үшін көп үйреніп, көп оқып, оны миға тоқып, көп білу қажет. Білім мен ақыл – егіз, ақылдылық қымбат қасиет, оны ерекше қадір тұтқан абзал.

Ақылдың жақсы қасиетінің бірі – оның ұшқырлығы. Бұл мәселені тез шеше алу, ойға сергектік, белсенділік. Мұндайлар орынсыз асып-саспайды, ылғи да жағдаймен санасады, үнемі жаңаны аңғаруға, заттың әр қырынан көруге дайын тұрады. Дамытатын танымдық ойындарғаға психологиялық талдау көрсеткіші арқылы ішкі теориялық іс-әрекет қатарының жалпы күші мен сыртқы практикалық іс-әрекеттің жеке құрылымдық элементтер арқылы бір-біріне әсер етіп отыратындығы дәлелденеді. Мұнда, А.Н.Леонтьевтің сөзімен айтқанда, “сыртқы практикалық іс-әрекет пен ішкі іс-әрекеттің арасындағы бірлік құрылымына ешқандай шек қойылмайды. Психологиялық мәнділігі жағынан олар бір-бірімен тең болады, бірақ әрбір жеке адам оларды қоршаған ортамен әр түрлі байланыстырады, ол байланыстыру сол адамның зат пен құбылыстың мәнділігін түсіну үдерісіне негізделіп қабылданды”[2].

Адамдар өз ұрпағын бесікке салғаннан бастап, оның ақыл-ойын ойдағыдай қалыптастырып, ойлау-сөйлеу жүйесін дамыту жолында өзіндік әдіс-тәсілдерді (ертегі, аңыз, жұмбақ, айтыс, терме т.б.) шебер пайдаланып отырған. Халық осы мақсатқа орай мақал-мәтелдерді де, кісіні ойлантып, толғантатын даналық сөздермен уағыздарды, жаңылтпаш, санамақтарды, шашешендік толғаныстарды ұтымды пайдаланған.

Бұл түзету-дамыту бөлімнің мазмұнын меңгертуде мектепке дейінгі балалардың ойлау процесін ойындардың психологиялық ықпалы арқылы төмендегідей міндеттерді жүзеге асыру көзделеді:

- Мен және менің сезімдерім, жауапкершілік, әдептілік, сүйіспеншілік, адамгершілік нормалары туралы түсінік беру;
- «Ойлану, ой салу» деген алғашқы түсінігін қалыптастыру;
- Адамның эмоциялық сезімдері (қорқу, қуану, тыныштық) туралы түсінік беру, көңіл-күйді бет-әлпепт, ым-ишара арқылы жеткізе білуге үйтету;
- Баланың өзі туралы, күнделікті өмірде кездесетін кейбір жағдайлар жайында айтып, әңгімелей білуін, бейімділік дағдыларын дамыту;
- Баланың тілдік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру, ойлау ұшқырлығын, логикалық ойлауын, еске сақтау, көз алдына елестете алуын, ой-қиялын дамыту;
- өзара сыйластық және сенімді қарым-қатынас, әдептілік әліппесінің қарапайым негіздерін қалыптастыру.

Осы жоғарыдағы міндеттерді шешу мақсатында біз тәжірибе тобына ойындарды ерекше қолдану арқылы түзету-дамыту жұмыстарын жүргіздік. Ол күнделік сабақпен байланыстыра және сергіту сәттерінде жүзеге асырып отырды. Жүргізілген ойындардың да тақырыптары әр түрлі.

«Пойыз» ойыны. Баланың танымдық белсенділігін ояту, логикалық ойлауын, қабілетін дамыту.
Ойынның шарттары:
Бұл ойын үшін көлемі бірдей 10 суреттер қажет.

Әрбір сурет пойыз вагоны. Суреттерді бес-бестен екіге бөліп береді де алма кезек пойыз құрастырады. Пойыздың вагондары жүріп бара жатқанда ажырамас үшін бір-біріне бекітілетінін біз білеміз. Суретті вагондар да қандай бір логикалық байланыспен бекітілуі қажет.

Мысалы: Қасықты тарелкамен байланыстыруға болады, өйткені, қасықта, тарелкада ыдыс болып табылады. Тарелкадан кейін құмыраны қоюға болады, өйткені құмыраға да көлікке де су құяды т.б. ең бастысы ол баланың өз «байланыстыруын» түсіндіре алғанда. Пойыз дайын болғанда вагондардың қалай байланыстырғанын ескертіңіз.

Ойынды бірнеше рет қайталауға болады. Суреттер мен олардың орналасуын ауыстыруға болады.
Керекті құралдар: 10-12 сурет /10х10/
Мысалы: 1) көбелек, гүл, құмыра, піл, балық, өзен.

2) қар, шана, бала, баскиім, мысық, сүт

Ойын әрекеті - оқытуда заттар мен құбылыстардың өзіне тән жаратылыс бітімін, сыр-сипаттарын сезім мүшелері арқылы көзбен көріп, қолмен ұстап, құлақпен естіп қабылдауға баулитын дидактикалық үрдіс. Ойын тәрбиешінің шығармашылық ізденісі мен әдістеме жаңалықтарына сергек қарап, сабақ барысында шебер пайдалана білуді талап етеді.

Оқыту үдерісінде сөз бен іс, теория мен тәжірибе өзара байланысты болады. Әртүрлі ойында көрнекілікті қолданудың нәтижесінде сабақ әрі түсінікті, әрі қызықты болып өтеді. Сонымен, ойынның оқыту материалдарын, әсіресе, теориялық және тәжірибе тұрғыда тиімді қолданудың алатын орыны ерекше.

Бала мектепке барғанша тек ойынмен айналысып жүреді. Енді оқу оның күнделікті қызметіне айналса да, бала ойнауын бірден тоқтатпайды. Бала әлі де бұрынғысындай ойнағысы келеді. Бірақ жағдай өзгерілгендіктен оның осыған бұрынғысындай көңіл бөлуге мұршасы жоқ. Осының нәтижесінде ойын оның өмірінде бірінші орыннан екінші дәрежедегі әрекетке ысырылады. Осыған қарай мектепке дейінгі бала оқушысының ойыны бұрынғысынан өзгеріліп, көбінесе басқа мазмұнда кездеседі. Әрине, осы жастағының ойыны бұрынғыдай бәлендей маманның (малшының, жүргізушінің, дәрігердің) ролін ойнайды. Бірақ осы ойынның бұрынғысынан өзгешелігі мынадай, сол рольдердің азаматтық қасиетінің сапасына, қайраткерлігіне, ептілігіне, батырлығына т.б. мән береді [3].

Тәрбиеші балалармен жұмыс істеу тәжірибесін байыта отырып олардың бет әлпетіне, дене қалпына қарап зейіннің басқа жаққа ауа бастағанын дер кезінде байқауға дағдылануы және олардың сабақ барысынан тыс қалуына жол бермей бағыт сілтеп отыруы қажет. Белгілі рольдерді жүйелі орындау ойнаушы балаларды тәртіптендіріп отырады. Бірлескен іс-әрекет үстінде олар өз іс-әрекеттерін үйлестіруді үйренеді. Балалар тобының басқа мүшелерімен жасалынатын мұндай шынайы өзара қарым-қатынастар ұжымдық сапаларды ғана қалыптастырып қоймай, сонымен бірге баланың өзіндік санасын да жоғары көтереді. Құрдастарына, туа бастаған ұжымдық пікіріне қарап бағдар алу баланың әлеуметтік сезімдерін: топқа ілесу, басқаға жаны ашу т.б. қабілеттерін қалыптастырады.

Қазіргі кездегі оқытудың ойын формасын зерттеудің мәні мен міндеті оның түрлерін: иммитациялық, символдық және оқу-зерттеу деп бөле отырып, осы оқу ойындарының технологиясын талдау болып отыр. Егер де адамдарға қандайда бір ойындарды ойнау тапсырылса, онда олар көбіне "білмеймін", "ойнай алмаймын"-дейді. Бұл жағдай тіпті ең қарапайым ойындарды ойнаудың өзі оқудан, білімнен басталатынын көрсетеді.

**Әдебиеттер**


1. Әбішева А. Ойын элементтерін пайдаланудың педагогикалық ерекшеліктері. //Бастауыш мектеп. №3, 2003.
2. Бүркітбаев Ә. Спорттың ұлттық түрлері мен оның тәрбиелік мәні. А., 1985.
3. Кутеев Е.В. Игра как средство формирования элементов воспитания. - М.: Просвещение, 1990.


## ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ ОЙЫНЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕДЕГІ РӨЛІ


**Жалмурзаева Келбет Жаксыбековна, дене шынықтыру пәні мұғалімі, Педагог-сарапшы**

А.Асқаров атындағы №77 мектеп-лицей коммуналдық мемлекеттік мекемесі,
Шымкент қаласы, Қазақстан



*Резюме*

*Для будущего молодого поколения важны труды Узбекали Жанибекова, который прославлял культуру нации, изучал литературу, историю, этнографию, пропагандировал национальное образование и наши национальные ценности. Именно поэтому нам необходимо развивать игру тогзкумалак не только как национальную игру, но и на мировом уровне.*

*Это связано с тем, что игра Тогизкумалак является самой сложной из казахских национальных игр и помимо здорового образа жизни учит сохранять наши национальные ценности, впитывать в себя национальное воспитание, развивать ответственность, терпение, пунктуальность, мировоззрение, творческие способности. способностей, формировать гуманистические, нравственные и эстетические навыки.*

*Summary*

*For the future young generation, the works of Uzbekali Zhanibekov are important, who glorified the culture of the nation, studied literature, history, ethnography, and promoted national education and our national values. That is why we need to develop the game togzkumalak not only as a national game, but also at the world level.*

*This is because the game Togizkumalak is the most difficult of the Kazakh national games and, in addition to a healthy lifestyle, teaches us to preserve our national values, absorb national education, and develop responsibility, patience, punctuality, worldview, and creativity. Abilities, to form humanistic, moral and aesthetic skills.*

Қазақтың белгілі ағартушылары А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, М.Жұмабаев және тағы басқа ұлтқа жанашыр дара тұлғалар ұлттық мүдделеріміздің жас ұрпаққа білім берудегі тәрбиелік мәнін жоғары бағалап ерекше атап көрсеткен. Қазақтың ұлттық құндылықтарын насихаттап, рухани дамуына үлес қосқан тұлғалар аз болмаған. Соның бірі, бірегейі, ұлтымыздың дара тұлғасы - Өзбекәлі Жәнібеков. Қазақ тарихы мен мәдениетін жаңғыртуға, ұлттың бай мұрасын келешек ұрпаққа жеткізуге орасан еңбек сіңірді. Кеңестік-коммунистік жүйеге қарамастан ол – Алаш зиялыларын ақтау ісі, Наурыздың қайта тойлануы, Тайқазанның елге қайтарылуы, Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің қалпына келтірілуі сияқты аса маңызды істерге бастамашы болған. Қазақ тілін дамыту бағдарламасының мемлекеттік тұжырымдамасын жасауға қатысты. Елдегі көптеген музейлер мен театрлар, мәдениет орындары осы қайраткердің арқасында ашылды.

*«...Ұлт руханияты үшін бар бағалы уақытын сарп еткен жарқын тұлғаның игілікті ісі ешқашан ұмытылмайды. Елін сүген, өзін сүйген қазақ ұлты барда Өзбекәлінің есімі уақыт озған сайын асқақтай берері хақ».* Ж. Нұсқабайұлы – белгілі баспагер. 2023.

*«...Өзбекәлі Жәнібеков еліміздегі музейлердің қалыптасуына ғана емес, ана тіліміздің, халықтық салт-дәстүрдің, ұлт пен рухтың алтын көмбесі – Әз Наурыздың қайта жандануына барынша үлес қосқан халқымыздың біртуар ұлт қайраткері».* Ғ. Смаханұлы – белгілі меценат. 2023.

Осындай көзқарастарды негіздей отырып, Өзбекәлі Жәнібеков ұлт мәдениетін ұлықтап, тілдебиетін, тарихын, этнографиясын түлеткен, ұлттық тәрбиені, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеген біртуар ұлт қайраткері екенін байқауға болады. Сондықтан білім беру саласында дене шынықтыру сабағын жоспарлауда білім алушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыруға және дүниетанымын, логикалық ойлау қабілеттерін арттырумен қатар, адамгершілік-эстетикалық, ұлттық тәрбие беріп, салт-дәстүрімізді, әдеп-ғұрпымызды бойына сіңіруді мақсат еткеніміз дұрыс.

Қоғамымыздың іргетасын нығайту үшін бүгінгі жастарды заман талабына сай оқытудың жаңа технологиясы аясында ұлттық тәрбиеге бағыттайтын қазақтың ұлттық ойындарын, тоғызқұмалақты насихаттау керекпіз. Тоғызқұмалақ – қазақта кең тараған, өте қызықты, ақыл-ойды дамытатын, математиканы жүйрік білуге баулитын, логикалық ойлау қабілетін дамытатын ұлттық ойын. Тоғызқұмалақ ойынын тек ұлттық ойын түрінде ғана емес, әлемдік деңгейде дамытуды қолға алу керекпіз. Мектеп жасындағы жас ұрпақ өз халқының мәдениетін, асыл мұраларын әдебиеттер арқылы танысып қоймай, ұлттық ойындар арқылы жылдам математикалық тұрғыда ойлауын дамытатын тоғызқұмалақ ойынының қыр-сырын, әдістерін үйренетін үйірме сабақтары ұйымдастырылған.

Тоғызқұмалақ ұлттық ойыны аналитикалық ойлау, шоғырландыру, есте сақтау және мәселелерді шешу сияқты интеллектуалды дағдыларды дамытады. Олар сондай-ақ стратегиялық ойлауды және белгісіздік жағдайында шешім қабылдау қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Жалпы тоғызқұмалақ ойынын қалай ойнайды? Ойыншы үшін ойын барысында стратегиялық ойлауды және жоспарлауды, қарсыласының қимылдарын алдын ала болжап, жеңіске жету стратегияларын әзірлеу маңызды. Тоғызқұмалақ ойынында тақтаның ұяшықтары бойымен қозғалатын тастар немесе тұздықтары болады. Жаудың тасын көбірек басып алу арқылы жеңіске жетуді мақсат етеді. Ол үшін ойыншы өзіңе пайда келтіретін өзіндік комбинациялар, қорғану және жеңу тактикаларын жасайды. Бағалау жүйесі қалыптастырушы бағалау арқылы өзін-өзі бағалау, бірін-бірі бағалау жүзеге асады. Жеңіске жеткен ойыншы марапатқа ие болады.

Ұлттық ойындар - халық мәдениетінің қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, тілдің, денешынықтыру тәрбиесінің негізгі элементі болып табылады. Сонымен қатар, ұлттық ойынымыз тоғызқұмалақты бүгінгі тарих бетінен өшірмей, келер өскелең ұрпаққа жеткізу – біздің басты парызымыз. Демек, әрбір азамат тоғызқұмалақ ойынының ережесін біліп қана қоймай оны жұртшылыққа насихаттауы тиіс. Мұндай халық ойындарының жас ұрпаққа білім берудегі тәрбиелік мәні жоғары. ұлттық ойын тоғызқұмалақты дәріптеу мақсатында Өзбекәлі Жәнібековтің 93

жылдығына орай сайыс өткізілді. Сайыс барысында жас ұрпақ тарихымыздың өткені мен бүгіні және өзекті мәселелері туралы ой қозғап қана қоймай, ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып қалған мәдениет үлгілерінің бірі – тоғызқұмалақ ойынының маңыздылығын ұғынды.







Осындай үйірме сабақтарын, сабақтан тыс сайыстар ұйымдастырудың нәтижесінде білім сапасын артқанын білім алушылардың құнды ой-пікірлерінен, ұсыныстарынан, оқушы мен ұстаз арасында сенімділік, сыйластық қарым-қатынастардың шынайылығынан байқауға болады.

«Абайдың өсиеті - өскелең ұрпақтың айнымас темірқазығы» дегендей тоғызқұмалақ тек спорттық ойын емес, қазақтың ұлттық ойынының ішіндегі ең қиыны, әрі салауатты өмір сүрумен қатар, ұлттық құндылықтарымызды сақтауға, ұлттық тәрбиені бойына сіңіруге, жауапкершілікке, сабырлыққа, ұқыптылыққа, дүниетанымдық, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, гуманистік, адамгершілік-эстетикалық дағдыны қалыптастыруға дағдыланады.

**Пайдаланған әдебиеттер тізімі**


1. Өзбекәлі Жәнібек : ғұмырнамалық деректі хикаят / Б. Адырбек. - Алматы: Қазақстан, 2021ж.
2. Есенәлиев М. Мақ.: Ұлтын ұлықтаған азамат. - Кіт.: ӨзбекәліЖәнібек. – Алматы: «Арыс», 2015. – 110–111-бб.
3. Ә. Ақшораев “Тоғызқұмалақ даналығы”. Тараз 2000ж.
4. С.Тілеубаев, С.Бизақов. «Тоғызқұмалақ әліппесі». Алматы - 2000ж.
5. Д.И. Қапаев, С.К. Ақтаев, А.Ж. Куватов. «Тоғызқұмалақты бірге үйренейік».
6. https://www.uniface.kz/interfacts/index.php?post=article&id=876
7. https://adyrna.kz/post/180275

# XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ МЕН XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ЗАМАН ШЫНДЫҒЫ

**Шлай Гаухар**
"Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің,
7М01601-"Тарих" БББ бойынша 2-курс магистранты
**Зоржанова Айсұлу**
Ж.А. Тәшенев атындағы университетінің «Тарих және география» кафедрасының аға оқытушысы

***Резюме***

*Цель: определить источниковедческую значимость и ценность трудов казахской интеллигенции конца XIX - начала XX веков.*

*Материалы и методы: анализ теоретических и научно-теоретических работ по проблеме исследования, наблюдение, беседа, систематизация, сравнение, опытно-экспериментальные работы, статистические, методы анализа и диагностики, направленные на определение уровня речи детей.*

*Результаты: в конце девятнадцатого и начале двадцатого веков в экономической, социальной и духовной жизни Казахстана произошло много поворотных моментов. Не ошибемся, если сказать, что именно в этот период изменения в различных сферах нашей страны создали условия для формирования национальной интеллигенции.*

*Вывод: в периодических изданиях, изданных в казахской степи начала XX века, также открыто рассказывалось о том, какие политические тактики и хитрости использовал большевитер для прихода к власти в краях. В публицистических произведениях, опубликованных в периодическом издании, также прославляются меры, предпринятые казахской интеллигенцией против установления большевистского порядка. Все эти данные сегодня являются незаменимым источником для наших историков.*

***Summary***

*Purpose: to determine the source significance and value of the works of the Kazakh intelligentsia of the late XIX - early XX centuries.*

*Materials and methods: analysis of theoretical and scientific-theoretical works on the problem of research, observation, conversation, systematization, comparison, experimental work, statistical, methods of analysis and diagnostics aimed at determining the level of speech of children.*

*Results: in the late nineteenth and early twentieth centuries, many turning points occurred in the economic, social and spiritual life of Kazakhstan. Let's not be mistaken if we say that it was during this period that changes in various spheres of our country created the conditions for the formation of the national intelligentsia.*

*Conclusion: periodicals published in the Kazakh steppe of the early twentieth century also openly talked about what political tactics and tricks the Bolshevik used to come to power in the region. The journalistic works published in the periodical also glorify the measures taken by the Kazakh intelligentsia against the establishment of the Bolshevik order. All these data are an indispensable source for our historians today.*

Қазіргі қоғамымызда біздің басты міндетіміз-Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін сақтап қалу болса, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының басты діттеген мақсаты-қазақ халқын отаршыл жүйеден құтқару, қазақ елінің тәуелсіздікке қол жеткізуі, қараңғылыққа батқан қазақ қауымына ағартушылықпен шамшырақ болу мәселелерді болды. Сол мәселелердің бірі қазақ халқының саяси сауаттылығын арттыру мәселесі. Патшалық Ресей қазақ жерінде саяси ойлауды, халықтың өзіндік бір санасының пайда болуына үнемі тосқауыл қоюмен болды. Оған қазақ тіліндегі ұлттық баспасөз құралдарын шығаруға жасалған тыйымдарды айта кетсек болады. Орыс өлкетанушысы А. Костров Жетісу өлкесіндегі жағдайды былай сипаттайды: «Қазақ тіліндегі газеттер немесе басқа да баспасөз құралдарын шығару ұмтылған талпыныстар бірден жойылып отырды. Жаркент, Қапал және Лепсі уезд басшыларына аймақтағы сауатты адамдардың іс-әрекеттеріне қадағалау жасау және үкіметке қарсы шаралар болған жағдайда тез жеткізу тапсырмасы берілген болатын»-деген естеліктері Ресей үкіметінің қазақтардың саяси және құқықтық ағартушылық шараларының жүргізілуіне қарсы отаршылық саясатының дәлелі болары анық. Бұл туралы Әлихан Бөкейхановтың 1910 жылы Санкт-Петербургте басылған «Киргизы» деген (Қазақтар) еңбегінде мына бір дәлелдерін алға тарта аламыз: «Қырғыз тілінде қазірше бірде бір газет жоқ, осы сияқты қырғыздарда әлі де өзінің типографиясы жоқ. Қырғыз даласы қазірге дейін заңсыздықты үнсіз көтерді». Бұл туралы тарихшы Қойгелдиев те былай дейді: «XX ғасырдың басындағы қазақ зиялалары

қоғамдық ойды айқын жеткізе алатын газет-журналдар шығару үлкен қоғамдық деңгейдегі мәселеге айналды. Қарқаралы петициясында да үкімет алдында осы мәндет қойылған болатын. ол міндет: қазақтардың қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын, қазақтардың мұң мұқтаждықтарын білдіре алатын газет-журналдарды шығару міндеті болды»,- деді [1, 180 б].

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының ішіндегі ең белсенділері- Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Әлихан Бөкейхановтар болды. Бұл зиялылар қауымы қазақ халасында жүргізіліп жатқан түрлі экономикалық, әлеуметтік, оқу-ағарту, мәдени салаларда мақалалар шығарып, еңбектер жазды. Мәселен, Әлихан Бөкейханов-экономикалық және саяси тақырыптарда, Ахмет Байтұрсынұлы-оқу-ағарту, мәдениет салаларында, Міржақып Дулатов-өнер және әдебиет салаларында болып жатқан өзгерістерді өз еңбектеріне (мақалаларына) қосып отырды. Үш арыстың еңбектерінде қазақ қоғамындағы жаңашылдықтар мен қиындық туындататын мәселелер, ол мәселелерді шешудің жолдары мен тәсілдері айқындалған. Мәселен, Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақша оқу жайынан», «Оқу жайы», «Оқыту жайынан», «Жазу мәселесі», «Білім жарысы», «Орысша оқушылар» деген тақырыптарда 1910-1913 жылдар аралығында мақалалар жариялап, ағарту, мектептегі білім беру мәселелері бойынша қазақ жерінде болып жатқан шараларды ашып қарастырған. Ал, Әлихан Бөкейхановтың «Дума һәм қазақ», «Сайлау», «Төртінші Дума һәм қазақ», жер нормасына арналған «Ашық хат», «Жауап хат» атты мақалалары қазақ қоғамындағы сол кезеңдегі саяси құбылыстарды талдауға бағытталған. Міржақып Дулатовтың «Жер аудару», «Сот ісі», «Аурудың аз болуына не керек», «Қазақтың тарихы», «Земство не нәрсе» атты мақалалары арқылы қазақ қоғамындағы өзекті мәселелер 1860-1870 жылдардағы Патшалық Ресейде болған реформалар және осы реформалардың қазақ қоғамына әсері тарихи тұрғыдан зерттеліп, мақала түрінде жряиланған және Бөкейхановтың өзіндік көзқарастары мен тұжырымдары негізінде жазылған тарихи құнды еңбектер мен шығармалар болып табылады [2, 75 б].

Қазақтың басындағы басты мәселе-жер мәселесі. Өз шығармаларында XX ғасырдың басындағы жер мәселелері және бұл мәселелерді шешудің жолдарын іздестіруге тырысқан зиялалар қауымының ең бастысы Әлихан Бөкейханов болды. Бұл өткір мәселені Алаш қайраткері түрлі баспасөз құралдары арқылы қарапайым қазаққа таныткан, пікір алмасуға шақырған, жерге байланысты отаршылдық саясаттың тетіктерін айқын ашық айта білген. Тек Әлихан Бөкейханов емес, сонымен бірге Ахмет Байтұрсынұлы да өз еңбектерінде (мақалаларында) жер мәселесін сөзге тиек еткен. оның "Серке", "Қазақ" газеттерінде жарияланған "Қазақ жерін алу туралы низам", «Жер жалдау жайында», «Көшпелі һәм отырықшы норма» мақалаларында қазақ жеріне көшіп келген және иемденіп жатқан орыс мұжықтарының ахуалы, отырықшылдық пен көшпеліліктің артық және кем тұстарына салыстырмалы талдау, сан ғасырлар бойы жартылай көшпеліліпен күн көрген ауыл тұрғындарын отырықшылыққа ауыстырудың маңыздылығы мен қайғылы тұстары туралы сөз еткен.

Міржақып Дулатов болса «Земство не нәрсе» деген мақаласында ауыл аймақтардың өз өзін басқару мүмкіндіктері туралы, жалпы қазақ ауылының жағдайы туралы өз пікірін білдіріп, бұл аталған еңбектер XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басы туралы дерек көздері бола алады.

Қазақтың үш арасы атанған Алаш қайраткерлері бірінші дүние жүзілік соғыс қарсаңындағы қазақ қоғамындағы экономикалық-әлеуметтік және саяси, мәдени-ағарту салаларындағы өмірі туралы дерек бола алатын еңбектер мен туындылар жазды және жазған шығармаларының (көп жағдайда мақалаларының) тарихи құндылығы аса басым екені сөзсіз [3, 42 б].

Қазақ қоғамындағы XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы басты мәселе жер мәселесінен кейінгі мәселе-саяси мәселелер болатын. орыс патшасы Александр II-нің реформаларының бірі –Земство туралы жарлық болатын. Ол бойынша ауылды жерлерде болыс болу үшін арнайы саулауға түсіп, партия-партияларға бөлініп сайлауға түсетін. Бұл туралы өз өлеңдерінде қазақтың бір туар азаматы, кемеңгері Абай да айтқан болатын. Айта кету керек, Абайдың шығармалары өз заманының айнасы болып табылады. Абай өз заманында болып жатқан құбылыстарды, процестерде бүге-шүгесіне дейін қалдырмай, өз шығармалары арқылы бізге тереңінен жеткізуге тырысқан.

Сайлау туралы Абайдың, Әлихан Бөкейханның айтқан пікірлерін, сайлаудың қазақ даласына бөлінуге, құр дүние шашуға, аяқталмайтын талас-тартыстарға, дау-дамайға алып келгендігін архив құжаттары арқылы ыда дәлелдей аламыз. ҚР ОММ алынған құжатта 1913 жылдың 23 маусымында Лепсі уезінің, Қаракөл болысында жүргізілген болыстыққа сайлау сәттері туралы үзінділер келтіреді. Бұл архив құжаттарында Р. Төкеев пен Ч. Көбентаев деген екі азамат болыстыққа таласып сайланғандығы, Төкеев «Қыржи» руынан, Ал Көбентаев болса «Тума» руынан екендігі, бұл болыстықтың жартысынан көбісі Төкеевтің руластары екендігін айта кете, Көбентаев жеңіске қол жеткізу мақсатында күн ұту мақсатында сайлауды қолдан бұзу әрекетін жасағандығы туралы сөз

қозғалады. Бұл сайлаудың арты үлкен жанжалмен, төбелеспен нәтижеленгендігін де айтады. Осы сайлаудағы іспеттес жанжалдар, партия-партияларға бөлініс салғыласу, талас-тартыс, төбелестер, ру-руға бөлініп жақтас болу...осының барлығы Абайды да, Әлиханды да толғандырды. Өз ойымызды да айта кетейік: ру-руға бөлініп, партия-партияға бөлініп таласу, төбелесу, дау-дамай, жанжалдар-демократиялық сайлаудың белгісі емес деп санаймыз.

Сайлаулар көптеп шығындылауды талап етті. Сайлау шығындарын мемлекет өтемеді, сайланушы болыс өз қаражатынан, малын сатып сайлауда жеңіске жету үшін әрекеттенді. Болыс боламын деп малының басым бөлігін жұмсаған қазақ ендігі сайлауға дейін сол шығындарын өтеу мақсатында пара алуға да барған жағдайлар көптеп кездесті. Бұл туралы кемеңгер Абай өзінің 5-ші қара сөздерінде айта кеткен. Осы қара сөзде болыстардың сайланғаннан кейін адамдарды жетілдірейін деген әрекетін байқамағандығын, болыстар сайлаудан кейін өзінің шығарған (болыс болу үшін) шыығындарын өтеуді ғана ойлайтындығын сөзге тиек етеді. Ол туралы Әлихан Бөкейхан да былай дейді: «Қазақтың болыс, би ауылнай, һәм елу- басыларының айтып жүрген өтірігі, қылып жүрген ұрлығы нашар бақалшы бір уыс жүнге сатып жүрген оймақ-бояу, қанша жақса да, әуелде жаратылған өз орнына кетеді»,-деген болатын [4, 17 б].

Абай мен Әлиханның болыс, ауылнау, елу-басыларға берген сипаттамаларын архив құжаттары растайтын сыңайлы. Архив құжаттарының арасынан қазақ болыс, ауылнайларының пара алғандығы туралы, табыс салықтарын, басқа да салықтарды өз пайдасына заңсыз алғандығы туралы, қызмет бабын пайдаланғандығы туралы және осы қылмыстары үшін жауапқа тартылғандығы туралы қаншама құжаттар табылуда. Бұл дегеніміз қазақ зиялыларының сөздерінде шындық бар дегенді білдірмей ме?

ХХ ғасырдың басында болған тарихи оқиғалардың бірі-1917 жылғы ақпан және қазан революциялары болатын. Әсіресе Қазан революциясы бүткіл Қазақстан аумағында түбегейлді әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістердің болуына алып келді. Қазан революциясына дейін ұлт зиялылары қазақ қоғамында болып жатқан тарихи оқиғаларды «Қазақ», «Алаш», «Айқап» газет-журналдары арқылы бізге жеткізсе, Қазан революциясынан кейін большевиктік тәртіпті дәріптейтін басылымдар шығарыла бастады. Оларға: «Тіршілік», «Қазақ мұңы», «Алтай дауысы», «Бостандық таңы» газеттері болатын. Бұл аталған мерзімді басылымдарда ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялылары өз ой-пікірлерін білдіріп, еңбектерін шығарып, бұл мақалалар бізге тарихи дерек көзі ретінде рол ойнай алады [5, 27 б].

Қорыта айтар болсақ, жоғарыда аталған еңбектерде ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының бір тобы большевиктерді жақтап, коммунисттік билікті қуана қарсы алғандығын байқасақ, Алаш қайраткерлерінің басым көпшілігі Кеңестер Одағының құрылуы-қазақ халқының ұлттық тәуелсіздігін алуына балта шабады деп түсініп, большевитік жүйенің қалыптасуына наразылық білдірді.

**Қолданылған әдебиеттер тізімі:**


1. Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. -А., 2004. -180-181 бб.
2. Алаш және тәуелсіз Қазақстан: идеялар мен ұстанымдар сабақтастығы. - Алматы, 2008. -75б
3. Құлханова Ш. «Алаш» партиясы тарихын зерттеу хақында // «Қазақ тарихы», 1997, №5, 42-б.
4. Ибрагимова Г. Қазақтардың жерді пайдалану мәселелері // «Қазақ тарихы», 1998. №2, 17-б.
5. Омарбеков Т. Қос төңкеріс және Алаш қозғалысы // «Ақиқат», 1991, №11,25-27 б.

# ОРТА МЕКТЕПТЕ ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУДА ОҰУШЫЛАРДЫҢ СЫНИ ОЙЛАУЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

**Қойшыбаев Жандос Қайратұлы**
"Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің,
7М01601-"Тарих" БББ бойынша 2-курс магистранты
**Зоржанова Айсұлу Асылқызы**
Ж.А. Тәшенев атындағы университетінің «Тарих және география»
кафедрасының аға оқытушысы

***Резюме***

*Цель: проанализировать пути и методы формирования критического мышления учащихся при изучении истории в средней школе.*

*Материалы и методы: анализ теоретических и научно-теоретических работ по проблеме исследования, наблюдение, беседа, систематизация, сравнение, опытно-экспериментальные работы, статистические, методы анализа и диагностики, направленные на определение уровня речи детей.*

*Результаты: мы постарались донести, что использование технологии критического мышления на уроках истории имеет свои педагогические условия. Здесь необходимо отметить все плюсы и минусы каждой инновационной педагогической технологии, а также ее положительные стороны. наверное, очень сложно найти педагогические технологии, отвечающие всем требованиям обучения, без каких-либо недостатков. одним из важных вопросов является то, что преподаватели могут освоить эти технологии на своем уровне и внедрить их в свою педагогическую практику. Существует также восприятие или непринятие учащимися этих педагогических технологий, несоответствие их возрастным и психическим особенностям.*

*Вывод: критическое мышление - один из аспектов интеллектуальной деятельности человека, характеризующийся глубоким восприятием, пониманием и объективным отношением к информационной среде.*

***Summary***

*Purpose: to analyze the ways and methods of forming students' critical thinking when studying history in secondary school.*

*Materials and methods: analysis of theoretical and scientific-theoretical works on the problem of research, observation, conversation, systematization, comparison, experimental work, statistical, methods of analysis and diagnostics aimed at determining the level of speech of children.*

*Results: we tried to convey that the use of critical thinking technology in history lessons has its own pedagogical conditions. Here it is necessary to note all the pros and cons of each innovative pedagogical technology, as well as its positive aspects. It is probably very difficult to find pedagogical technologies that meet all the learning requirements without any drawbacks. One of the important issues is that teachers can master these technologies at their own level and implement them into their teaching practice. There is also a perception or non-acceptance by students of these pedagogical technologies, inconsistency with their age and mental characteristics.*

*Conclusion: critical thinking is one of the aspects of human intellectual activity characterized by deep perception, understanding and an objective attitude to the information environment.*

Қазіргі таңда орта мектептің тарих сабағының басты мақсаты-тарихи үдерістерге, тарихи тұлғалардың қоғамдағы роліне қатысты, тарихи оқиғалардың шығу тегі мен барысына қатысты сыни-аналитикалық ойлана алатын оқушы тұлғасын қалыптастыру. Орта білім берудің мемлекеттік стандарттары да осы мақсатқа қол жеткізуді көздейді. Осы аталмыш мақсатқа жету жолында оқушы ең басты тарихи білімді алумен бір қатарда сол тарихи білімге қатысты өзіндік көзқарастардың қалыптасуы, бұл көзқарастардың объективтілік жағының болуы қажет етіледі және сыни тұрғыдан ойлана алатын оқушы тұлғасын қалыптастыру мақсаты қазіргі таңдағы тарихи білім берудің басты педагогикалық міндеті болып табылады және бұлмәселе көкейтесті мәселелердің бірі болып табылады [1, 110 б].

Жаңартылған білім беру бағдарламасы шеңберінде оқушылардың сыни ойлауын қалыптастыру мәселелеріне баса назар аударылады. Сонымен қатар оқушының тарихи білімді өз бетінше «тәуелсіз» алуы үшін педагогикалық жағдайлар жасалу жолдары да қарастырылады. Сондай-ақ тарихи білімді өз бетінше алумен бір қатарда, алған тарихи білімін қолдана алу жолдары да талданады. Оқушы тарихи тұлғалардың қоғамдық әрекеттерінің ішінде басты қызметтерін ажырата алу, тарихи үдерістердегі

себеп-салдардық факторларды анықтай алу (тарихи оқиғанңы басталу алғышарттарын білуі), тарихи дерек көздерін талдай алуы, тарихи мәселелерді өз бетінше аналитикалық тұрғыдан шеше алуы-осы аталғандардың барлығы оқушының бойында өз деңгейінде қалыптасқан болуы керек [2, 69 б].

Енді жоғарыда аталған жаңартылған мазмұндағы білім беру бағдарламасы шеңберінде оқушылардың бойындағы қажетті қасиеттерге қол жеткізудіру үшін қазіргі заманауи технологиялардың ішіндегі ең тиімдісі біздің ойымызша бұл-сыни ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған технология болып табылады. Бұл педагогикалық технологияға тоқталмас бұрын сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз не соны тағы бір еске түсіре кетсек. Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз бір мәселені шешу мақсатында екі жақты диалогқа түсу арқылы, пікірлерді өзара сайыстыру арқылы, белгілі бір тарихи тұжырымға немесе тарихи түсінікке деген субъективті емес, объективті қарауды көздейтін оқушының өз бетінше ойлана алуына алып келетін когнитивті үдеріс деп толық айта аламыз. Сыни тұрғыдан ойлануға қол жеткізу үшін келесі сұрақтарға алдын ала жауап бергеніміз абзал:

-осы тарихи оқиғаны тану үшін қандай мақсаттарды алдымызға қоюымыз керек?

-осы тарихи мәселеге сыни көзқарастар қалыптастыруымыз үшін бұл тарихи оқиғаның қалыптасуына алып келген себептер қандай?

-бұл себептерді қалай жоққа шығара аламыз? Жалпы тарихи оқиғаны алып келген себептерді жоққа шығара аламыз ба? [3, 60 б]

Тарих сабағындағы тарихи оқиғаларға қатысты сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз бұл бөлек анықтаманы беруді қажет ететін тұжырымдама. Сол үшін осы ұғымдарға жеке тоқтала кетсек. Оқушы тарихи оиқғаға қатысты сыни ойлауы қалыптасуы үшін оқушы тарихи оқиға туралы жан-жақты толық ақпараттармен сусындалғаннан кейін сол тарихи оқиғаны не оң не теріс бағалаудан алшақтау болып, өз бойындағы сезімдері мен эмоцияларына сүйене отырып, тарихи ақпарат көзіне «бейтарап» баға беруін тарихи оқиғаға қатысты сыни ойлауы қалыптасқан деп айта аламыз.

Тарих сабақтарында оқушылардың тарихи оқиғаға қатысты сыни ойлауы 4 кезеңнен құралады:

1-кезең. Тарихи білім жинақтау кезеңі. Бұл кезеңде оқушы мұғалімнің нұсаулығымен тарихи оиқағаға қатысты ақпараттарды жинақтайды, топтастырады. Дәл осы кезеңде оқушының тарихи оқиғаға қатысты қызығушылығы қалыптасады.

2-кезең. Тарихи білімге қатысты тұжырымдамалар мен ұстанымдарды қарастыру кезеңі. Тарихи білім жинақталғаннан кейін сол тарихи оқиғаға қатысты «теріс» пікірлер мен тұжырымдамалар да жинақталып, топтастырылады және осы ақпараттарға талдау жасалады.

3-кезең. Тарихи үдеріске қатысты оқушының өзіндік көзқарастарынығ қалыптасу кезеңі. Тарихи білімге, тарихи оқиғаға қатысты оң және теріс пікірлер мен түрлі тұжырымдамалар жинақталып, оқушының әрбір тұжырымдаманың шынайылылығына көз жеткізу мақсатында ізденіс жасау кезеңі. Дәл осы кезеңде оқушының тарихи оқиғаға, тарихи үдеріске, тарихи тұлғаларға қатысты өзіндік көзқарастары қалыптаса бастайды.

4-кезең. Тарихи үдеріске қатысты тарихи ақпараттар мен дерек көздерін талдауғ өзіндік бағалау кезеңі. Бұл кезеңде тарихи дерек көздері мен тарихи ақпарат көздерін жинақталып болған соң, бұл тарихи оқиғаларға қатысты тұжырымдар мен пікірлер жинақталған соң толық талдау жасалып, өз бетінше бағалау, өзіндік ойлау жүйесін қалыптастыру кезеңі.

Тарих сабағында оқушылардың сыни ойлауын қалыптастыру үшін оқушыға тарихи оқиғамен таныстырып, сол тарихи оқиғаға қатысты ақпараттар мен мағлұматтарды оқушының өз бетінше талдау, салыстыру, бағалау арқылы сол тарихи оқиғаға қатысты сыни пікірінің қалыптасуын қадағалауымыз керек.

Сыни ойлауды қалыптастыруда тарих сабағында қолданылатын әдістер келесідей:

-диалог арқылы сыни ойлауды қалыптастыру.

-пікір-таластар арқылы сыни ойлауды қалыптастыру.

-ой қозғаушы сұрақ қою арқылы сыни ойлауды қалыптастыру.

-тарихи деректерді талдау мен зерттеу арқылы сыни ойлауды қалыптастыру.

-тарихи ақпараттар мен мағлұматтарды салыстыру мен бағалау арқылы оқушылардың сыни ойлауын қалыптастыру [4, 71 б].

Қорыта келе, қазіргі заман оқушысы осы аталған мақсатты жүзеге асыра алады және жоспарланған нәтижелерге қол жеткізе алады (егер ол балада сыни ойлана алу қабілеті жеткілікті деңгейде болса). Демек, орта білім беру жүйесінде, ең алдымен, оқу іс-әрекеті процесінде сыни ойлауды дамыту бойынша мақсатты жұмыс жасау қажеттілігін байқай аламыз.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.КчустерД. Что такое критическое мышление? Критическое мышление и новые виды грамотности. -М.:ЦГЛ. 2005.

2. Сорина Г.В. Критическое мышление: история и современный статус // Вестник Московского университета. Сер. 7, Философия. №6. 2003. С. 97—110.

3. Загашев И.О., Заир-Бек С.И. Критическое мышление: технология развития. СПб., 2003

4. Полат Е. С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования / Е. С. Полат, М. Ю. Бухаркина. – М. : Академия, 2000. – 271 с.

## АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

**Дуйсенова Айнур Султанбековна**
Түркістан облысы, Арыс қаласы
№11 Б.Момышұлы атындағы жалпы білім беретін мектеп КММ
ағылшын тілі пәні мұғалімі
Педагог-зерттеуші

***Резюме***
*В данной статье рассматривается использования игровых элементов на уроках английского языка*
***Summary***
*The article is considered to use of game elements in English lessons*

Ағылшын тілі – қазақ елін әлемге танытатын, әлемдік деңгейге шығаратын тіл. Сол себепті ағылшын тілін үйренудің маңызы зор. Ағылшын тілін оқытуда ойын түрлерін қолдану оқушының тілді үйренуге деген ынтасын арттырады. Ағылшын тілін үйрету кезінде ойын элементтерін пайдалану оқушының шет тіліне деген қызығушылығын арттырып, жаңа тақырыпты жақсы түсінуге әсер етеді. Ойын арқылы балалар ағылшын тілінде жеңіл қарым-қатынас жасай алады және ойын кезінде оқушылар шаршағандығын сезбей, әсерлене, қызыға отырып ағылшын тілін тез үйренеді.

Егерде мұғалім ойынды тек балалардың көңілін көтеру, демалдыру үшін ойнатса, онда пайда болмайды. Ойын белгілі бір білім беруді мақсат етіп ойналған кезде ғана нәтижелі болады. Ойын дегеніміз:

- балалардың қарым-қатынас саласындағы маңызды іс –әрекеті;
- қызықтыра отырып үйрету;
- әр түрлі жастағы оқушылардың даму іс-әрекеттерінің өз бетінше жұмыс жасау түрі;
- баланың психикасын, ой-өрісін дамыту.

Ағылшын тілі сабағында әрбір оқушының сабаққа белсенді қатысуының, ауызекі сөйлеуге құлшындыратын, ағылшын тілін оқып үйренуге талпынысы мен қызығушылығын арттыратын әдіс-тәсілдер түрі ерекше орын алады. Бұл міндеттерді сабақта оқытудың ойын әдістерінің көмегімен шешуге болады. Алайда, ойын әрекетін қандай мақсатта қолдануға болады? Қандай деңгейде? Сабақтың қай кезеңінде? Қай кезде жақсы нәтиже береді? деген сұрақтар әрбір мұғалімді толғандыратыны сөзсіз.

Ойынды мынадай *мақсаттар* қойып пайдалану керек: алфавитті және лексиканы меңгерту, қарым-қатынас жасай алуға үйрету, тілдік материалдарды есте сақтау, белгілі бір тілдік білімді дамыту, қажетті психикалық қызметтер мен қабілеттілікті дамыту, білім беру. Сондай-ақ, ойын арқылы қызықсыз тақырыптарды жеңіл, оңай меңгертуге болады. Ағылшын тілінде жұмбақтар, сөзжұмбақтар, лото, лингвистикалық ойындар, бөлмедегі жиһаздарды орнына қою, дүкендерді аралау, телефонмен сөйлесу, т.б. түрінде де ойналады.

*Ойынның түрлері:* лексикалық, орфографиялық, дидактикалық және грамматикалық, рөлдік болып табылады. Сонымен қатар, ағылшын тілінде сөйлеуге және жазуға үйрететін арнайы ойындар да болады.Ойынды сабақтың әр кезеңінде пайдалануға болады. Мысалы, ұйымдастыру бөлімі кезінде фонетикалық рифмовка алуға болады. Жарыс түрінде өткізсеңіз (Кім өлеңді бірінші жаттайды?), оқушылар өлеңді жарыса отырып қалай жаттап алғандарын байқамай қалады.

Ағылшын тілі сабағында қолданылатын ойындар:

***1.«Let's draw a Rainbow!» ойыны.***

*Мақсаты:* түстерді үйрету.

*Ойынға қажет құралдар:*түрлі –түсті карандаштар, кемпірқосақ салынған сурет.

*Ойын барысы:* біріншіден мұғалім кемпірқосақ салынған суретті тақтаға іледі. Оқушылар 7 түрлі қарандашты партаның үстіне қояды.
*Мұғалім:* This is a rainbow. I can see red colour(суретті көрсетеді, балалар сол түсті қарандашты көтереді), orange colour, yellow colour, green colour, blue colour, dark blue colour, violet colour. The rainbow is colourful. It's beautiful. Let's draw a rainbow!
Сосын мұғалім балаларға кемпірқосақтағы түстерді реттілігімен есте сақтап алуларына уақыт береді де, суретті тақтадан алып тастайды.
Балалар кемпірқосақты салып болғаннан кейін, мұғалім суретті тақтаға іледі. Балалар өз суреттерімен салыстырады. Суреттер салынып, салыстырылғаннан кейін, мұғалім кемпірқосақтың түстерін көрсете отырып сұрайды. What colour is it? Балалар сұраққа жауап береді.
*Ойынның ұзақтығы: 7-10 минут.*
***2. «At the Zoo» ойыны.***
*Мақсаты:*can модальді етістігінің қолданылуын үйрету.
*Ойынға қажет құралдар:* әр түрлі партаға қойылған ойыншық аңдар.
*Ойын барысы:* оқушылардың біреуі – экскурсовод, қалғандары жануарлар саябағына келушілер. Мысалы, балалар аюдың қасына барады.
*Экскурсовод:* This is a bear. It can run and jump. It can swim and climb trees but it can't fly.
*Келушілер:* Can it hop?
*Экскурсовод:*No, it can't.
Сосын басқа оқушы экскурсовод болады да, ойын ары қарай жалғасады.
*Ойынның ұзақтығы: 7-10 минут.*
***3. Жазуға үйрету ойыны.***
Мұғалім тақтаға қандай да бір сөзді жазады, мысалы:schoolchildren. Осы сөздегі әріптерден сөз құрастыруы керек. Мәселен: schoolchildren: he, she, side, shoe, nose, ill, red, doll, line, child, school және т.б. Қай топ көп сөз құраса, сол топ жеңіске жетеді.
***4. «Whose birthday is today?» ойыны.*** Мұғалім оқушыларға “One of you has a birthday today. Guess who she is”.
*Оқушылар:* What colour is her hear?
What colour are her eyes?
What is her nose like?
What is she wearing?
What is her hobby? – деген сұрақтарға жауап бере отырып, оқушылар кімнің туған күні екенін табу керек. Бұл ойын оқушыларды ағылшын тілінде сөйлеуге үйретеді.
Тиімді қолдана білген ойын арқылы білім беру сапасын арттыруға болады:

- оқушылардың сабаққа қызығушылығы артады;
- қиын грамматиканы оңай, әрі қызықты етіп түсіндіруге болады;
- оқушы белсенділігі артады;
- материалды меңгеруге түрткі болады

Ойын түрін пайдалану арқылы жаңа материалды жеңіл де тиянақты, нақты түсіндіруге, меңгеруге жағдай жасалып, ол оқушының санасында берік сақталған болады. Ойын түрін қолдану оқушыға ерекше әсер етеді, оны дұрыс жоспарлау қажет. Сынып оқушылары түгел қатынасуы шарт.
1. Алфавитті дұрыс меңгеру үшін барлық әріпке карточкалар жасалады. Ол карточкаларға сол әріптен басталатын аңдардың суретін салуға болады. Бұл ойында оқушылар әріптермен қатар аңдардың да аттарын қоса жаттап, әріптерді әліпби тәртібі, ретімен қойып үйренеді.
2. Дұрыс оқу дағдысын қалыптастыру. Қазіргі мектептегі негізгі мәселелердің бірі - оқушыны өз бетімен оқуға үйрету. Сондай-ақ бұл мәселе өздігінен білім алуға да әсерін тигізеді. Ынта қойып оқуға жаттығу арқылы оқушы көп нәрселерді біліп, өздерінің білімін толықтырып, ой өрістері дамиды. Сонымен қатар дұрыс оқуға дағды алған оқушы мәтіннің ішінен өзіне қажетті деректі материалдарды таңдап алуға мүмкіндіктері болады. Мәтінді оқумен байланысты мақсаттар қойылады: мәтіннің негізгі идеясын анықтау, мәтін не жөнінде айтылған, оқиға қай жерде болған, шығармадағы басты бейнелер. Мәтіннің мазмұнын айту үшін оқылған мәтінге жоспар құрылады, оны бөлімдерге бөледі, ат қояды, оны анықтау мақсатында жоспар құрылады
Ойынның сабақ барысында басты мақсаты – білім беруді ойынмен ұштастыру. Баланың ойынға белсенді түрде қатысуы оның ұжымдағы басқа да әрекеттерін айқындайды. Ойын бір қарағанда қарапайым құбылыс не әрекет сияқты болғанымен, ол ұжымдық әрекет. Ойын арқылы оқушының:

- қисынды ой-қабілеті дамиды;
- өздігінен жұмыс істеуге үйренеді;

- сөздік қоры байыйды, тілі дамиды;
- зейіні қалыптасады;
- байқампаздығы артады;
- өзара сыйластыққа үйретеді;
- ойынның ережесін бұзбау, яғни, тәртіптілікке баулиды;
- бір-біріне деген оқушы сенімі артады;
- сабаққа қызығушылығы артады.

Сабақ барысында оқушы зейінін сабаққа аудару, ауызша сөйлей алу және жазу дағдысын қалыптастыру, пәнге деген қызығушылығымен өз бетінше жұмыс жасай алу қабілетін дамытуда дидактикалық ойындардың үлесі зор десек болады. Мәтінді мазмұндауға үйрету, жоспар құруға, белгілі бір суретке тақырып қоя білуге, сол суретке қарап сөйлем құрауға, мұғалімнің көмегімен өздерінің ойларын, қызықты іс-әрекеттерін әңгімелеуге үйрету дидактикалық ойындарды ойнау барысында қалыптасады. Балалар білімді ойын арқылы қабылдап үйренеді. Сондықтан сабақтағы ойын оқушы білімін тыңдап, ой-өрісін кеңейте алады, білім алудағы қызығушылығы артады. Ойын арқылы бала көптеген мәліметтер алады, психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Баланың жас ерекшелігіне, сабақтың мақсатына сай ұжымдастырылған ойындардың берері мол. Келешекте жаппай 12 жылдық білімге көшетіндіктен 12 жылдық білім беру бойынша мемлекеттік стандарт жобасын алып қарасақ та оқытудың ойын технологиясына үлкен мән берілген. «Пәндік, пәнаралық сипаттағы дидактикалық және сюжеттік, рөлдік ойындар білім алушыға өзін танытуға, жолдастарының пікірімен санасуға, көпшілік алдында сөйлеу қабілетін үйренуге, жан-жақты білімін көрсетуге мүмкіндік береді. Рөлдік, сюжеттік ойындардың көмегімен білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыратын оқу міндеттерін шешуге болады.

Қорыта келгенде, ойын әрекетінсіз ағылшын тілі лексикасын оқушының есінде қалдыру тиімділігі аз және ақыл ой күшін көп қажет етеді. Оқу үрдісіне енгізілген ойын ағылшын тілі сабағында оқытудың бір түрі ретінде қызықты, жеңіл және жанды болуы керек. Ойын оқу үрдісін жеңілдететінін ескеру қажет. Оқытушының сабаққа қойған мақсатына, міндетіне, шартына байланысты ойын түрі өзгертіліп отырылуы қажет. «Болашақтың баласында, данасында, ғылымында ұстаз өсіреді» деген Б.Момышұлының қанатты сөзімен аяқтағым келеді.

**Әдебиеттер:**

1. Ахмедиева А. «Шет тілі сабағында оқушыларды шығармашылыққа тәрбиелеу» Ағылшын тілі мектепте 01.2011ж.[32бет]
2. Бөлекбаева Ү. «Ұстаздық ізденістер» Алматы 2007ж [125-126]
3. Жолдасова А «Ізденген жетер мұратқа» Атырау 2006
4. Жолдыбаева Г. «Коммуникативті оқыту технологиясының теория және практика тұрғысынан жүзеге асыруы » Ағылшын тілі мектепте 03.2008ж [5-19]

## ОЙЫН АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫСЫН ЖАН-ЖАҚТЫ ДАМЫТУ

**Лебекова Айгуль Турегелдиевна**
Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы
А.Оразбаева атындағым жалпы білім беретін мектеп КММ
бастауыш сынып мұғалімі. Магистрі

***Резюме***
*В данной статье рассматриваются особенности использования игр на уроках в начальных классах.*
***Summary***
*This article discusses the features of using games in lessons in elementary grades.*

Баланың өмірге қадам басқандағы алғашқы қимыл әрекеті – ойын, сондықтан да оның мәні ерекше. Жас баланың өмірді тану, еңбекке деген ұмтылыс, психологиялық ерекшеліктері осы ойын түрінде қалыптасады. Бастауыш сынып балалары қоғамдық құбылыстарды, қоғамдағы ересек адамдардың іс-әрекетін өз түсінігінше әрекеті арқылы бейнелеуі ойын болып саналады. Ойынның шығу тарихына шолу жасауда көңіл аударатынымыз, ол еңбекпен, өнермен, қоршаған ортамен тығыз

байланыста дамыған, яғни ойынды өмірден ажыратып қарай алмаймыз, балалар тек ойнап қана қоймайды, сонымен бірге ойлайды, аңғарады көп нәрсені білуге, зерттеуге талпынады. Олар бірдеңе жасап қана қоймайды, сондай-ақ заман ағымына да белсене қатысады.

Бастауыш сыныпта оқыту – тәрбиелеу жұмысында балалардың тілдік дағдыларын дамыту, сөздік қорларын молайту, яғни айтылым дағдысына үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, одан әрі күнделікті оқу қызметі кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру.

Ойын дүниеге ашылған үлкен жарық терезе іспетті. Ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады. Адамды өжеттілікке, шапшаңдыққа, ептілікке, батылдыққа, байсалдыққа, тапқырлыққа үйрететін де ойын. Бала үшін ойын өзін-өзі жетілдіру мен өзін-өзі көрсетудің құралы. Баланы ойынға қызықтыра отырып оқу қызметін ойын түрінде күрделендіре түсу керек. Ойын баланың ойлау қабілетін жетілдіре отырып, оның қиялын дамытады. Бала жалғыз ойнағанды ұнатпайды, ол қатар құрбыларымен бірлесіп ойнай отырып бір-бірімен қарым қатынас жасайды. Ойын – баланы әдептілікке, сауаттылыққа баулитын құралдардың бірі. Ойын арқылы баланың оқуға деген ынтасы, қызығушылығы, сөздік қоры молаяды. Ойын ашық, жабық сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге; сөздік қорын молайтуға; суреттер арқылы сөйлем құрауға, мазмұнын түсініп айтуға; ұйымшылдыққа, бір-бірін құрметтеуге, қамқор болуға тәрбиелейді. Сабақты ойын түрінде жүргізуде еркін тақырыптар, сұрақ-жауап, балаларға өз ойын ашық жеткізе білуге, мәдениетті сөйлей білуге мүмкіндік беруге, балалардың таңдауы бойынша ойындар өткізу қажет. Сонда ғана оқушы белсенді бола бастайды. Себебі, ойын бар жерде, бала кез келген сабаққа белсенділікпен араласады. Деңгейі төмен, нашар оқитын баланың өзі ойынға келгенде бар ынтасын салып, сабаққа жігермен араласады. Өзінің және жолдастарының істеген әрекеттеріне баға береді. Ойын барысында балалар өлең, тақпақтар, сұрақ, санамақтар, суреттер, ойыншықтар, әртүрлі материалдар пайдаланады. Есту, сезіну, қабыл дау, көру деген сияқты үрдістері дамып, музыкалық ойыншықтар мен дыбыс шығаратын сазды аспаптартардың дыбыс шығару ерекшеліктерін, заттарды пішініне, көлеміне, түсіне қарай іріктеуге, әртүрлі қимылдарды орындауға, мұғалімнің айтқанын тыңдауға үйренеді. Кез келген ойынды өткізу барысында баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескеру керек, ойын бағдарламаға сай болуы керек, мұғалім жаңа технологияларды пайдалана біліп, үнемі біліктілігін жоғарылатып отыруы керек. Ойынның технологиялық негізгі ерекшелігі – балалар үнсіз ойнамайды. Тіпті жалғыз болғанның өзінде де сөйлесіп жүреді. Ойын барысында сөйлесу қарым-қатынасы үлкен рөл атқарады. Сөйлесе жүріп, балалар пікірлесіп, әсер алысып, ойынның түпкі ниеті мен мазмұнын анықтайды. Ойынның негізгі құрылымдық элементтері мыналар: ойынның өзінен туатын және балалар жасайтын немесе тәрбиешілер ұсынатын ойын ережесі М.Жұмабаев: «Ойын – бала үшін өмірлік тәжірибе». А.С.Макаренко: «Бала өмірінде ойынның маңызы зор, ересек адам үшін еңбектің, жұмыстың қандай маңызы болса, ойынның да маңызы зор. Бала ойында қандай болса, өскенде жұмыста сондай болады. Ойынның негізгі қайнар көзі – адамдардың әлеуметтік орны, өмірі, баланың және оның жанұясының тіршілік жағдайы деген қорытындыға келді». Г.С.Усова: «Балалар ойын ойнау барысында үлкендердің белгілі бірқылықтарын, ерекшеліктерін, қарым- қатынастарын бейнелейді». А.Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай өсер бала бола ма?». С.Торайғыров: «Балалықтың қанына ойын қазық». В.А.Сухомлинскийдің сөзімен айтар болсақ, «Ойынсыз ақыл ойдың қалыпты дамуы жоқ» және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірімен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады. Ойын дегеніміз – ұшқын білімге, құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты. Психологиялық тұрғыдан алып қарағанда бастауыш сынып оқушылары белсенді және өте қозғалмалы болып келеді. Бұл жастағы балалар өздерін еркін ұстап, ойынға аса қызығумен қатысады, өзінің айналасындағы нәрселерді көріп, соны бейнелеуді ұнатады. Рөлдік ойындарды табысты және қарқынды жүргізе біледі. Сөйлеу әрекетінде қозғаушы күш – ырғақ. Сөйлеу ырғағын құру мұғалімдердің рөлдік ойындарды ұйымдастырудағы ең қиын іс-әрекеті. Балалардың қызығуын арттыру мақсатында мұғалім ойынға қатысушының өзіндік сөз ырғағын бейнелеп көрсетіп, тапсырманы дұрыс құра білуі керек. Тақырыптық «Рөлдік ойындар», «Қимылды ойындар», «Дидактикалық ойындар» жасөспірімдердің сөйлеу дағдысының қалыптасуын дамытады. Ойын іс-әрекеті зерттеуші, дамытушы, үйретуші болып табылады. Мұғалім балалармен ойынды (заттармен, үстел үсті және сөздік ойын) үш түрлі етіп өткізуіне болады. «Маршрут», «Екі ассоциация», «Қара жәшік», «Дұрыс-дұрыс емес», «Жолға шығу», «Кемпірқосақ», «Еске түсіру», «Сұрақтар жаңбыры», «Суретті әңгімеле», «Әңгімеге негізделген жазу», «Детектив», «Коллаж әңгіме», «Менің сөзім», «Жағымды, жағымсыз, даулы», «Неге? Неге? Неге?», «Қол белгісі», «Бағдаршам», «Дәл осындайды тауып ал», «Салыстыр да атын ата», «Қиылған суреттер», «Ұқсасын тап», «Не артық?», «Есіңде сақта», «Сөз ойла», «Сөз құра», «Жұмбақ ойла»,

«Жақсы-жаман», «Жалғастыр», және т.б. Бұл аталған жаттығулар, тапсырмалар балалардың сөздік қорын дамыта отырып, бір- бірімен достығын арттырып және саусақ бұлшық етін дамытады. Ойынға қажетті құрал, заттарды даярлау ойынды өткізу дайындығын көрсетеді. Жасөспірім ойын арқылы дүниені танып, түсінігі арқылы қабылдап, ересектерге еліктей жүріп үйренеді, өз бойына қабылдайды.

Халық ойындары өмір қажеттіліктерінен туады. Психологиялық жақтан денсаулықты нығайтуға негізделген. Қорыта келе айтқанда, ойын мектепке дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті. Ойын балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғы шарты. Ойын арқылы балалар қоғамды тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Бір сөзбен айтқанда, ойын баланың жан-жақты дамуын көздейтін, оның тілін жаттықтыратын, қимыл-қозғалысын жетілдіретін, белсенділігін арттыратын, басқа адамдармен қарым-қатынасын реттеп, құрдастарымен ұйымшылдығын арттыруға негіз болады. Ойын – бала үшін біліктіліктің қайнар көзі. Сондықтан жас өрендер ойнай отырып ойлай білсін, балалардың таным белсендігін жандандыратын, өздігінен ойлауын дамытатын тәсілдердің бірі. Олар кез келген оқу материалын қызықты да тартымды қылып, балалардың көңіл-күйін көтеруге, өздерінің жұмыстарына қанағаттануға және өтілген тақырыпты жеңіл меңгеруге көмектеседі. Тақырыпты ашу барысында ойын арқылы дамытуға арналған тапсырмалар жүйелі қолданылып, ұйымдастырылып отырса, сонда ғана мұғалімнің тақырып мақсатын ашуына мүмкіндік береді.

**Әдебиеттер:**


1. Р.А.Искакова. Ойын арқылы бала тілін дамыту. – 2004.


## БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ


**Алимбекова Жазира Жумабековна**
Түркістан облысы, Шардара ауданы,
№1.Мұхтар Әуезов атындағы жалпы білім беретін мектеп КММ
биология пәні мұғалімі



***Резюме***

*В данной статье рассматриваются развитие функциональной грамотности учащихся на уроках биологии.*

***Summary***

*This article discusses the development of functional literacy students in biology classes.*


**Келешек елдің тұтқасын ұстайтын бүгінгі жас ұрпаққа білім мен тәлім-тәрбие беру ұстаз алдындағы ең ауыр міндеттің бірі. Бүгінгі жаңа ғасырдың жаңашыл шәкірттерін тәрбиелеуде, мұғалім үздіксіз ізденіп, кез-келген тосын сұраққа жауап бере алатын, кез-келген жағдаяттан шыға алатын, білімді болу қажет. «Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғада ғана мұғалім. Оқуды, ізденуді, еңбектенуді тоқтатса оның мұғалімділігі де жойылады» деген қағидасын ұлы педагог К.Д.Ушинский айтқан болатын. Мұғалімнің негізгі мақсаты- сабақ барысында оқушыларға терең теориялық және тәжірибелік білім беру.**

**Функционалдық сауаттылығы дегеніміз-** адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. Мұндағы басшылыққа алынатын сапалар: белсенділік; шығармашылық тұрғыда ойлау; шешім қабылдай алу; өз кәсібін дұрыс таңдай алу;
өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады.

Функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады. Функционалдық сауаттылықты түсінудің басқа да жолдары бар: адамның жақсылық пен тілектестік рухында тәрбиеленуі үшін қарым-қатынас мәдениетін, жеке кәсіби дайындығын, кәсіби технологиялық дайындығын қамтамасыз етеді. Функционалдық сауаттылық – ұғымы мектептегі берілетін жалпы орта білімнің оқушылардың күнделікті өмірде және болашақтағы көп қырлы қызметінде кездесетін тұрмыстық, қоғамдық,

әлеуметтік,экономикалық т.б жағдаяттарды шешуде табысты қолдана алуын қамтамасыз ету ретінде түсіндіріледі.[3]

Жеке тұлғаның басты функционалдық сапасы белсенділік, шығармашылық пен ойлауға қабілеттілік және стандартты емес шешімдер қабылдай алуы, өзін-өзі дамытуға, өздігінен оқуға, өз білгенін іске асыру болып табылады.

Осы тұрғыда оқушылардың функционалдық сауаттылығы өмірден алатын білім, білік және дағдыларды адам жұмысының әртүрлі саласындағы алуан түрлі тапсырмаларды шешудің, еңбек өнімділігі мен әлеуметтік-экономикалық дамудың тұтас алғандағы әлеуметтік қатынастардың оқушының меңгеретін білім мазмұнымен байланысы арқылы қалыптасады.

Қазіргі уақытта, ақпараттық технология қарқынды дамып келеді, олар педагогикалық кеңістікте терең еніп, білім беруде кеңінен қолданылады. Видео сабақтар – қазіргі заманғы педагогикалық әдістердің заманауи түрі. Бұл әдістің оқушылардың да, ұстаздардың да білім алу жолында алатын орны ерекше. Бүгінгі таңда ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерінің арқасында мұғалімдер арасында онлайн-сабақ, бейне-конференция, жаңашыл сабақтар қолданысқа ие болып тұр. Бүгінде интернет желісіне қосылу үшін көп уақытымызды алмайтын жағдайға жеттік. Интернет желісіне жылдам қосылып, уақытын тиімді қолданып, белсенді жұмыс істеп жүрген заманауи мұғалімдеріміз бар екені белгілі. Қазіргі таңда оқушы тек білім тұтынушы емес, білімді өз бетімен оқып, меңгере алатындай жаңа инновациялық технологиялар мен әдістерді қолдануы қажет.

Осы қажеттілікті толықтыру мақсатында «Төңкерілген сабақ» әдісін биология пәнінде қолдануға болады. Бұл білім алушының үйде мұғалімнің алдын-ала жасалған видеосы арқылы жаңа материалды өз бетімен оқып-үйреніп, қашықтан мұғалімнің көмегімен биология пәні бойынша зерттеу жұмыстарын, тапсырмаларын ұйымдастыру процесін жасауға болады. Яғни, үйде – білу түсіну, қашықтан – білімді қолдану көрсету. Мұғалім бұл әдісінде балаларға теориялық материалдан тұратын бейне материалдарды жасайды және оларды электрондық пошта, әлеуметтік желілер, **Google Classrom** арқылы оқушыға жібереді. Көбінесе **Microsoft Power Piont** таныстырылымдарын қолданып сабақ жасаған қолайлы.

Оқушылардың үй тапсырмасы – бейнежазбаны көріп, жаңа материалмен таныс болу, ұғыну. Шәкірттер сабаққа келгенде, олар теориялық материалмен танысып, практикалық тапсырмаларды мұғалімнің көмегімен шешуге дайын болады. «Төңкерілген сабақ» әдісін қолдану арқылы мұғалім оқушыларға өз бетімен жұмыс істеуге дағдыландырумен қатар, әрқашан да оқып-білім алуға ұмтылуға бағыт-бағдар беріп отырады. «Төңкерілген сабақ» әдісі сабақты өткізудің және білім алушыларды қызықтырудың басқа жаңашыл қыры немесе бағыты екенін әдісті қолданғаннан кейін көрдім. Бір сарынды дәстүрлі сабақтарды өткізе бергеннен, арасында осындай видео үзінділерді қолдануды ұсынамын. Әрине, әрбір сабақ қызықты өту үшін шәкірттердің дамытатындай жоспарлар құруға тырысамыз. Видео сабақтардың оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыратынына сауалнама арқылы көз жеткіздік.

Күрделі материал оқушыларға есте сақтауға қиындық туғызады. Осындай жағдайда мұғалімнің де, баланың да осы тақырыпқа қосымша уақыт бөлуіне тура келеді. Видео сабақтың білім алушыға тигізер көмегі – тақырыпты меңгере алмай қалғандығы жайлы мұғалімге айтып отырмай-ақ өз бетімен жұмыс істеп, өзіне ыңғайлы уақытта видео сабақты қосып көре алады. Ал, мұғалім – осы видео сабақты бір рет қана дайындап қойып, қайта-қайта түсіндіріп отыруға кететін уақытын үнемдейді. «Төңкерілген сабақ» әдісінің ерекшеліктері: қашықтан оқушыларға, өткен материалды ноутбук немесе ұялы телефон арқылы жетік меңгеруге септігін тигізеді; қабылдау қабілеті баяу оқушыларға осы бейнежазбаны бірнеше рет қарап, қайталап, өз білімін керекті деңгейге жеткізіп алуға көп әсерін тигізеді; қашықтан сабақ өту үрдісінде материалды толық түсінбей қалған жағдайда үйде, көлікте, жалпы интернет желісіне қосылу мүмкіндігі бар жердің бар лығында өз қалауынша қосып көре алады. Сонымен қатар сабақта оқушылардың қызығушылықтарын арттыру мақсатында сабақты бекіту, қайталау кезінде **Kahoot, Quizizz** ойындарын ойнатып отырамын.

Қазіргі өзекті проблемаларды шешуде жалпы биология пәнінің алатын орны ерекше. Биология сабағында оқушыларға нақты мысал келтіре отырып, алған білімдері маңызды практикалық мәселелерді шешуге қажет екендігін түсіндіру қажет. Оқушылардың білімнің өмірлік маңызын түсінуі, теория мен практиканы тығыз байланыстырады, пәнге ынтасын арттырады.Сыни ойлауды дамытатын оқу шарттарын, яғни оқушыларға ойланып-толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру, әр түрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау, оқушылардың оқу үрдісіндегі белсенділіктерін оқушыларға еркін атмосферада жұмыс істейтіндіктеріне кепілдік беру, сыни ойлау тәжірибесі үшін уақыт пен мүмкіндіктер қамтамасыз ету, кез-келген оқушының сыни шешімді қабылдай алатын қабілетіне сенімділік білдіру, сыни ойлауды бағалау, оқыту үрдісіне белсенді қатысуға, басқалардың пікірлерін сыйлауға мүмкіндік

беру. Сыни тұрғыдан ойлауда ең басты - сұрақтың дұрыс қойылуы. Сыни ойлауда - оқушылар қай нәрсеге болса да терең оймен қарайды, салыстыра отырып талдау жасайды, өз көзқарасын білдіреді, өзіндік мәнін қалыптастырады, өз ойын тұжырымды жеткізе алады. Сын тұрғысынан ойлауды дамытуда сұрақтардың маңызы ерекше. Сыныпта қойылған әртүрлі сипаттағы сұрақтарға жан – жақты жауап беруге үйретіп қана қоймай, дағдыландырып, нақты ортаны жасау керек. Сабақ барысында функционалдық сауаттылықты сұрақтар қою арқылы пайдалануға болады.

8 сыныптағы «Сезім мүшелері және оның маңызы» тақырыбында мынадай сұрақтар қоюға болады.

1.Терезеге қарап, күннің жарқырап атқанын көрдім. Қандай ақпарат аласың?

2.Біз таудағы су ағынының дыбысын естідік. Біз қандай ақпарат алдық?

3.Ас үйде қайнап жатқан сүт тасып кетті, сен оны қалай байқадың?

4.Егер біз қолымызды отқа жақындатсақ, онда қандай ақпарат аламыз?

5.Мерекелік торт пісірілді. Оның дәмінің тәтті екендігін қалай байқайды?

Сыни сұрақтар:

Сіздің жай көзбен салыстырғанда денешынықтыру жаттығуларын жасау барысында әдеттегіден тыс жиі тыныс алуыңыздың себебі неде?

Қандай себептерге байланысты балалар мен егде адамдарға тұмауға қарсы егу жасауға кеңес береді. Себебін түсіндіріңіз.

Тест тапсырмаларын беру арқылы да оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға болады.

Мысалы:

Егер, адамдар немесе жануарлар бактериялар арқылы берілетін жұқпалы аурулармен ауырған болса, әдетте жазылғаннан кейін ауруды туғызатын бактериялар бұл аурудың ағзада жүруін болдырмайды.

Бұл құбылыстың себебі неде?

А)Ағза ауруға себеп болатын барлық бактерияларды жояды.
В)Ағза бактериялардың көбеюін болдырмайтын антидене өндіреді.
С)Қанның қызыл түйіршіктері сол аурудың себебі болатын бактерияларды жояды.
Д)Қанның қызыл түйіршіктері бактерияларды жойып, ағзадан шығарады.

«Қан және оның құрамы» тақырыбында менің денемдегі қанның мөлшері қанша? (биологиялық есеп) 47 кг салмақтағы адамның денесінде қанша литр қан бар? Қан адамның дене салмағының 7% -ын құрайтыны бізге белгілі. Жауабы: 47 кг салмақтағы адамның денесінде 3литр, 29 мл қан бар?

Еркін жазу – оқушылардың тақырып бойынша өз ойларын қағазға түсіруді талап ететін тәсіл. Бұл әдісті 6 сыныптағы « Мәдени және жабайы, біржылдық және көп жылдық, дәрілік және әсемдік өсімдіктер» тақырыбындағы сыни сұрақтар беру арқылы қолдандым.

1.Мектеп ауласымен үлескесінде өсетін өсімдіктерді білесің бе?

2. Қандай дәрілік өсімдіктерді білесіңдер? Олардың қайсысын қандай жағдайда қолданып көрдіңдер?

3.Өз ауламызда қандай арамшөптер көп кездеседі?

Оқушылар сан түрлі ойларын жеткізді. Итмұрын, алоэ, орамжапырақтың, қызылшаның, сәбіз, картоптың, т. б. басқа да мәдени өсімдіктердің адам денсаулығына пайдасы айтылып, талқыланды.

«Мұғалім және тілші» тақырыбында рольдік ойын арқылы осы конференцияға қатысып отырған ұстаздармен пікір алмасу.

Оқушының функционалдық сауаттылығын дамыту мәселесіне мынадай тұжырымдарды ұсынуға болады:

1.Оқушылар алған білімдерін өмірде, кез-келген жағдайда, әлеуметтік ортада қолдана алуға үйренеді.

2.Әлеуметтік талаптарына сай келу үшін оқушы ақпараттық технологияларды қолданып, проблемалардың шешімін таба алады.

3.Оқушылар өзгермелі өмірге бейімделуін үйренеді.

4. Оқушылардың жеке бас қабілеттері дамиды.

5. Оқушылардың әлеуметтік – мәдени дағдылары дамиды.

Болашақтың бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп адамзат қоғамын алға апаратын күш тек білімде ғана. Біздің еліміздің негізгі тірегі – зияткерлік ұлт мүмкіндігі. Сондықтан да біздің балаларымыздың сапалы білім алуы маңызды. Оқушылардың мектепте алған білімін қоғамдық — әлеуметтік ортада пайдалануға икемдеу, олардың функционалдық сауаттылығын арттыру арқылы еліміздегі білім мен ғылымды дамыту мәселелеріне басымдық берілуі тиіс. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі.

Функционалдық сауаттылықтың белсенді стратегиялар арқылы оқытудың тиімділігі:
Мұғалім үшін: Әрбір оқушының өзгешелігін ескере отыра жеке білім алу траекториясын құру.
Оқушы үшін: Өз білімін жете түсіну,өмірде қолдану,өз жұмысын бағалай білуі.
Ата-ана үшін: Баланың білім алуындағы өсу деңгейін қадағалауы.

**Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**


1. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлтық іс-қимыл жоспары (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы).
2. ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.-Астана, 2010.
3. Оразахынова Н., Кенжебаева Г. М. - «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары» ғылыми мақаласы, 2012. - Б. 42-47.


## ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ АЯСЫНДА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ АЙТЫЛЫМ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУДАҒЫ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР


**Даулетова Нургуль Ескербековна**
Түркістан облысы, Арыс қаласы
№11 Бауыржан Момышұлы атындағы жалпы білім беретін мектеп
ағылшын тілі пәні мұғалімі



***Резюме***
*В статье рассматривается использование эффективных методов для развития навыков слушания*

***Summary***
*The article is shown an effective way to develop pronunciation skills*


Қазіргі таңда өркениетті ел ретінде көптеген шет елдермен қарым - қатынасымыз күннен - күнге нығайып, беделіміз артып келеді. Бұл шетел тілін оқытуды жақсартуды, оны терең меңгертуді талап етеді. Ал, оқытуды жақсарту дегеніміз, біздінше, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру. Бүгінгі күннің талабы, шет тілі оқытушысының алдына қойған мақсаты тіл үйренушілерді шет тілінде сөйлету болғандықтан, оқытушы шет тіліне үйретудің түрлі әдістерін сұрыптай келе, оның ішіндегі ең тиімдісін өз сабағында қолдануды басты міндет деп біледі. Дегенмен, шетел тілін меңгертуде көптеген қиыншылықтар кездесетіні белгілі. Солардың бірі – оқушылардың ағылшын тілінде сөйлеу дағдыларын дамыта отырып мәтін мазмұнын баяндау немесе шет ел тілінде өз ойын айту. Мектептерде ағылшын тілін оқытудың негізгі элементтерінің бірі – сөздік жұмысын жүргізу. Ол оқушылардың сөздік қорын байытуда ерекше орын алады. Сөздік жұмысын ұйымдастырудың басты қағидасы – оқушының лексикалық материалды белсенді түрде меңгеріп, сөйлеу тілінде оларды бекітіп, сөйлеуде белсенді түрде қолдана білуге үйрету негізінде қалыптасады.

Шәкірттер қазақ тілін толық әдеби нормада меңгеріп, орыс тілі мен ағылшын тілін еркін білу қажет. Ал ғалымдардың зерттеуінше, бала жас кезінде тілді қиналмай әрі еркін меңгереді екен. Осы ретте Білім және Ғылым министірлігінің ағылшын тілін 1- сыныптан бастап үйретуге назар аударуы – дұрыс талап. Бүлдіршін жаста меңгерілген білімнің іргетасы берік әрі мықты болмақ. Ал осы берік әрі мықты білімді санаға себелеп, жанға ұялататын әрине мұғалім. Ағылшын тілі пәні мұғалімдері қазіргі кезде ағылшын тілін оқыту сапасын жақсарту мақсатында тіл үйрету саласында әлемдік озық тәжірибелерді, жаңа технологиялар мен әдістерді барынша қолдануда. Ағылшын тілін саналы меңгерту, оны өз деңгейінде қажеттілікке айналдыру, бір жылғы мәселе емес, сондықтан ағылшын тілін оқыту ісімен шұғылданатын мамандар арасында туындайтын, ағылшын тілінде өз ойын ауызша жеткізе алатын, оқушылардың ауызша сөйлеу дағдысын қалай қалыптастыруға болады? деген сұрақ туындайды. Мен өз тәжірибемде байқап бақылағаным бойынша оқушылардың сөйлеу дағдысы алғаш сабақ басталғаннан бастап қалыптаса бастайды. Ағылшын тілі сабағында оқушылардың тілін дамыту, білім — білік дағдыларын қалыптастыру, сөйлеуге деген қызығушылығын, белсенділіген арттыру мақсатында жүргізілетін жұмыстарға төмендегідей әдістерді жатқызуға болады.

**«Суретті сөйлет»**

Оқушыларға ешқандай түсіндірме бермей жай ғана сурет немесе фото көрсетіңіз, ал оқушыларға оны түсіндіріп, жауаптарын дәйектеуді тапсырыңыз. Егер сабақ мақсаты айтылымға бағытталған

болса, айтып беру керек; ал егер жазылымға бағытталған болса , жазып шығу керек. Топтық жұмыс барысында да қолдануға болады, толық жауап алынбайынша талқылауды жалғастыра беріңіз.

**«Еріксіз дебат»**

Оқушылар жұптасып дебатқа түседі, алайда өздерінің жеке ойларына қарама-қарсы ойды жақтайды. Немесе тапсырманы сыныпты екіге бөліп орындатуға да болады. Сыныптың жартысы бір ойды жақтайды, ал екінші жартысы сол ойқа қарсы пікір айтады. Оқушылар бір жолақтың бойына бір-біріне қарама қарсы тұрады, әр оқушы бір рет сөйлеуге құқылы, сонда сыныптың барлық оқушысы ойларын айтып шығады.

**«Супер пароль»**

Оқушыларды белгілі бір ұғымдар мен тұжырымдарды қайталап, бекіту үшін –супер пароль әдісін қолданған тиімді. Оқушыға алдын ала жасалған карточкаға «қолдануға болмайтын сөздерді» жазып беріңіз, содан соң берілген ұғымды\тұжырымды «қолдануға болмайтын сөздерді» қолданбай құрбыларына түсіндіруді тапсырыңыз. Мысалы, «футбол» сөзін доп, гол, алаң, футболшылардың аттарын (Роналдо, Мисси), команда аттарын атамай, ағылшын тілінде жанамалап түсіндіру арқылы сөзді табады.

**«Мен кіммін»**

Мұғалім толық немесе жартылай суретті көрсетеді, ол сабақ тақырыбына тікелей қатысы бар сурет (тұлға) болуы да мүмкін. Оқушылар оның кім немесе не екенін табады. Сабақ тақырыбына қандай қатысы бар екенін анықтайды болжайды.

***Немесе кілтті сөйлемдер беріледі:*** Мен Түркістан облысының «Қазақстадағы 100 жаңа есім» жобасына енген тұлғаның бірімін. Сен спортшымын. Отырар ауданында туылғанмын, қазіргі таңда қалада тренер болып қызмет атқарамын.

***Әдісті түрлендіруге арналған ұсыныс:*** оқушыларға өздеріне белгілі бір тұлғаны жасыруға мүмкіндік беріңіз, оқушылардың дүниетанымын кеңейтуге ықпал ететін әдіс. Егер оқу мақсаттарында оқушылардың жазылым дағдысын дағдысын дамыту көзделген болса, оқушылар мәліметті жазбаша формада дайындап келсе де болады.

**«Шындық па, жалған ба?»**

Әр оқушыға өзі туралы топ ішіндегі басқа оқушыларға мәлім емес үш мәліметті ағылшын тілінде айтуды тапсырыңыз. Екеуі шындық, ал біреуі жалған ақпарат болуы шарт. Оқушылар жазғандарын кезекпен оқиды, ал сыныптың басқа оқушылары тыңдай отырып қай мәлімет шындық, қайсысы жалған екенін табуы керек. Бұл қарапайым әдіс оқушылар арасында әрдайым қызықты өтеді және бір бірлерін тереңірек тануға көмектеседі.

**«Мен ешқашан ...»**

Сабақты бастауға арналған тиімді әдістердің бірі. Оқушылар сабақ тақырыбымен байланыстырып «Мен ешқашан ...» деп сөйлем құрауы қажет. Мысалы, Сабақ тақырыбы «Спорт» болса, «Мен ешқашан хоккей ойнаған емеспін» немесе «Мен ешқашан бокс жарыстарына барған емеспін». Ал егерде сабақ тақырыбы «Тағамдар және сусындар» болса, «Мен ешқашан Қытай ұлттық тағамдарын жеген емеспін» немесе «Мен ешқашан үй жағдайында балмұздақ жасаған емеспін» және т.с.с мысалдар келтіруге болады.

Қорытындылай келе, оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыру үшін тиімді әдістерді пайдалана отырып, жаттығулар орындатудың маңызы зор екендігін байқауға болады. Орыс психологы Лев Выготский сөйлеу мен ойлау өзара тығыз байланысты деп айқан. Сөйлеу үдерісі бізге дүниені тану үшін қолданылатын ойларымызды айту және тұжырымдамаларды дамыту арқылы білім алуымызға көмектеседі. Қарым-қатынас және түсіну тәжірибе барысында жақсарады. Демек түсінуді дамыту үшін сөйлеу қабілеті өте маңызды. Сабақ барысында іскерлік сөйлеу дағдыларын белсенді ұйымдастыра отырып, тиянақты білім беру – мұғалімнің ой ұшқырлығына, коммуникативті құзіреттілігіне байланысты.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Желмуханова А.С. «Ағылшын тілін оқытуда оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыру мақсатында тиімді әдістер мен жаттығуларды пайдалану»

2. Б.К.Умиралиевна, З.А. Сапарбаева. Сабақ тиімділігін арттыратын 370 әдіс.

**МАЗМҰНЫ**


| | |
|---|---|
| **ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ ЖӘНЕ ТҰЛҒАТАНУ** | |
| **А.Тоқтабай**<br>ҰЛТЖАНДЫ ҚАЙРАТКЕР | 3 |
| **Нұрпейісов Нариман Жұмашұлы**<br>РУХ САРДАРЫ ЖӘНЕ ТҰЛҒАТАНУ ТАҒЫЛЫМЫ | 10 |
| **Небесаева Ж.О.**<br>СОХРАНЕНИЕ ТРАДИЦИЙ И КУЛЬТУРНОГО ИДЕНТИТЕТА, ВКЛАД Ө.ЖӘНІБЕКОВА | 13 |
| **Кужагулова Г.Е., Досбаганбетова А.Т., Смаилова М.С.**<br>ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІ ҰЛЫҚТАҒАН ҰЛТ ҚАЙРАТКЕРІ | 15 |
| **Лес Марина Күмісбекқызы, Карсыбаева Айман Мусаевна, Жомартова Галия Рахтаевна**<br>ӨЗБЕКӘЛІ ӨМІРІ - ӨМІРШЕҢ ӨНЕГЕ | 17 |
| **Арынбаева Д.Ж.**<br>ҚАЗАҚТЫ СҮЙІП ӨТКЕН ДАРА ТҰЛҒА | 19 |
| **ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВТІҢ ТАРИХИ-ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МҰРАЛАРЫ** | |
| **Сали Қ.О.**<br>XIX-XX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ МЕКТЕПТЕР МЕН МЕДРЕСЕЛЕР | 23 |
| **Қ.Е.Ералин**<br>ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВТІҢ ӨНЕРТАНЫМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ | 26 |
| **Агулыкова У.А.**<br>ҒҰНДАР ЖАЙЛЫ ЖАЗЫЛҒАН ДЕРЕКТЕРДІ САЛЫСТЫРУ | 29 |
| **Алдаберген М.Н., Көбелдесова Ұ.А.**<br>ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МӘДЕНИ ЕСКЕРТКІШТЕРДІҢ ҚОРҒАУШЫСЫ ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫСЫ | 32 |
| **Исабек Б.Қ.,Абилаханова А.М.**<br>ҰЛТ МӘДЕНИЕТІН ЖАҢҒЫРТҚАН – ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ | 35 |
| **Ортаева А.С., Шоханкызы Б.**<br>ВКЛАД ТРУДОВ У. ЖАНИБЕКОВА В ПОПУЛЯРИЗАЦИЮ НАЦИОНАЛЬНЫХ ТРАДИЦИЙ | 38 |
| **Ілесхан Сманов, Сыдыков М.Е.**<br>ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВТІҢ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ ЖӘНЕ РУХАНИ МӘДЕНИЕТІ ЖАЙЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ҒЫЛЫМИ МАҢЫЗЫ | 40 |
| **ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕРІ** | |
| **Қ.Е.Ералин, Т.С.Бүркітбаев, Ғ.Қ.Ералина**<br>ӨМІР КӨРІНІСТЕРІН ШЫНАЙЫ БЕЙНЕЛЕУ | 44 |
| **Аққали Ұ.Ж., Арыстанова Ш.С., Ахметова Ж.О.**<br>ӘЛІМБЕК ҚОНЫСБЕКОВТЫҢ КҮЙШІЛІК МЕКТЕБІ – ХАЛЫҚТЫҚ ӨНЕРІМІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫ | 48 |
| **Д.Қ.Пошаев, А.К.Рыскулов, Әбибуллақызы Ә.**<br>ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ - ЖАНСЫЗҒА ЖАН БІТІРЕТІН ӨНЕРДІҢ ЖАНАШЫРЫ | 50 |
| **Қ.Е.Ералин, Т.С.Бүркітбаев**<br>БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНЕ ОҚЫТУ МАҚСАТЫ-ӨНЕРДІ ТАНУ | 52 |
| **Р.Т.Сырайлова**<br>ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ МУЗЫКАЛЫҚ ӨНЕРІН КЕЛЕР ҰРПАҚҚА МҰРА ЕТУ | 54 |
| **Ералин Қ., Рустемова С.И.**<br>СУРЕТШІ АМАНГЕЛДІ ТҰРСЫНОВТЫҢ БЕЙНЕЛЕУ ТУЫНДЫЛАРЫН КӨРКЕМДІК ТАЛДАУ | 56 |
| **Ерназарова Ж.А., Жексенәлі М.Ж.**<br>ҚАЗАҚСТАННЫҢ КЕСКІНДЕМЕ ӨНЕРІНДЕГІ ТҰРМЫСТЫҚ ЖАНРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУ ҮРДІСТЕРІ | 58 |
| **Узахова А.С., Байбатшаева А.Е., Толыбаева Э.Т.**<br>ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҰЛТТЫҚ ӨНЕРГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ЕҢБЕКТЕРІ | 62 |
| **Узахова А.С., Байбатшаева А.Е., Егембердыев Н.А.**<br>ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ОЮ-ӨРНЕГІНІҢ МОТИВТІК ӨЗГЕШІЛІКТЕРІ | 64 |
| **Қ.Е.Ералин, Ғ.Қ.Ералина, З.К.Мыралбаева** | |

| | |
|---|---|
| ЖАРНАМАДАҒЫ ҮЛКЕН ӘРІПТЕР ДИЗАЙНЕРЛІК ЖОБАЛАУДЫҢ БІР САЛАСЫ | 67 |
| **Саймбетова Ж.Т., Мыңбаева Н.К.**<br>ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ КЕСТЕСІ | 69 |
| **Қ.Е.Ералин, Н.Ж. Саттар**<br>КЕСКІНДЕМЕ ТУЫНДЫЛАРЫН ТАЛДАУ ӘДІСТЕРІН ЗЕРТТЕУ | 72 |
| **Байғұтова А.М., Танабаев Ғ.Ө.**<br>«ҚАЗАҚ ӘЙЕЛІ» КОНЦЕПТІ АЯСЫНДАҒЫ БАС КИІМ АТАУЛАРЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ МӘНІ | 74 |
| **ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР** | |
| **Ахметова Г.К. , Исманова Р.Ж.**<br>ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫН ДАМЫТУ ФАКТОРЛАРЫ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПРАКТИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРІ: СТРАТЕГИЯЛЫҚ АСПЕКТ | 78 |
| **Мынбаева А.П.**<br>МЕКТЕП ОҚУЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМНІҢ КОННОТАЦИЯСЫ | 83 |
| **Мыңбаева А.П., Ибрагимов Г.Г.**<br>ШЕШЕНДІК ӨНЕР ЖӘНЕ ШЫНДЫҚ ПЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ | 86 |
| **Шенгелбай Қарлығаш Ауезханқызы, Битемирова Алия Еркегуловна**<br>ХИМИЯ ПӘНІНЕН ЭЛЕКТИВТІ КУРСТАРДЫ ДАМЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ | 88 |
| **Тастанова Г.Ж**<br>ТЫҢДАЛЫМ ТЕКСЕРУ ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ СТУДЕНТТЕРДІҢ ТІЛДІК ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУЫНА ӘСЕРІ | 91 |
| **Абдрахман Г.К., Ильяс У.С.**<br>МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ | 94 |
| **Есназар А.Ж.**<br>STEM БІЛІМ БЕРУ БАҒЫТЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ | 98 |
| **Жанысбек Ләззат Қасымқызы**<br>ОҚЫТУДЫ САРАЛАУ–ҚАЗІРГІ МЕКТЕПТІҢ ДАМУ МІНДЕТТЕРІН ШЕШУДІҢ БІР ҚҰРАЛЫ | 101 |
| **Izbassarova G., Estemirova D**<br>BENEFITS AND CHALLENGES OF TEACHING ENGLISH IN PRIMARY SCHOOLS | 104 |
| **Айдарбекова Гульдана Керимбайкызы**<br>БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ТІРЕК–СЫЗБАЛАР АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНЫП, ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ | 106 |
| **Тастанова Лаззат Амзеевна, Сеилбекова Толғанай Нурмановна**<br>ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ҮШІН МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ЖОЛДАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ | 109 |
| **Карамурзаева Аякоз Намазовна**<br>БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН МӘТІН АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ | 112 |
| **Жаркимбаева Рано Тузелбаевна**<br>БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ | 114 |
| **Аринова Гульмира Конратбаевна**<br>САРАЛАП ОҚЫТУ – ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІҢ ТРЕНДІ | 118 |
| **Турсынбекова Жанар Умирзаховна**<br>HOW CLIL IS IMPACTINTING ON TEACHING AND LEARNING | 121 |
| **Онгарова Асель Бейбитбековна**<br>БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ЖАСТАН ДАМЫТУДАҒЫ ЖАҢАШЫЛ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ӘДІСТЕМЕЛЕРДІ ҚОЛДАНУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАС | 123 |
| **Алимбаева Асем Бухарбаевна**<br>МЕКТЕПТЕ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН ФОРМАСЫНЫҢ БІРЛІГІН, ЖАЗУШЫ ШЕБЕРЛІГІН ТАНЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ, ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ | 125 |
| **Жаппарова Гаухар Зиятбековна**<br>О.БӨКЕЙДІҢ «АТАУ КЕРЕ» РОМАНЫНДАҒЫ БЕЙВЕРБАЛДЫ АМАЛДАР МЕН ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІ ОҚЫТУ | 127 |

| | |
|---|---|
| **Жолдыбаева Каламкас Шолбаевна**<br>БАСТАУЫШ СЫНЫПТА МӘТІН ТҮРЛЕРІН, КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫН АЖЫРАТУДЫҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІ | 129 |
| **Кадирова Маржан Елامановна**<br>ФОРМИРОВАНИЕ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ УЧЕНИКОВ НА УРОКЕ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА | 132 |
| **Калубаева Камила Маделбаевна**<br>ФИЗИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ | 134 |
| **Кулкараева Зулфия**<br>АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ САБАҚТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДЫҢ РОЛІ | 137 |
| **Муалова Айгул Махмутовна**<br>TEACHING CRITICAL THINKING SKILLS THROUGH PROJECT BASED LEARNING | 139 |
| **Исабекова Райса Сентрбаевна, Егенова Балнур Жандосқызы**<br>ФИЗИКА ПӘНІНДЕ ОҚУШЫЛАРҒА ҰЛТТЫК ТӘРБИЕНІ ДӘРІПТЕУ | 143 |
| **Оспанова Камшат Ержановна**<br>ҚАЗІРГІ ТАНДАГЫ ЖАНА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ИНФОРМАТИКА ПАН САБАГЫНА ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ | 144 |
| **М.Б. Анарметова, А.Е. Битемирова**<br>СОВРЕМЕННЫЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ СИСТЕМАХ | 146 |
| **Султанбекова А.А.**<br>ЗНАЧЕНИЕ ИЗУЧЕНИЯ ОКРУЖАЮЩЕГО МИРА ДЛЯ УМСТВЕННОГО РАЗВИТИЯ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА | 149 |
| **Э.Б.Жаппарбергенова, Н.С.Алмағамбет, Ж.Б.Қосай**<br>МИКРОБИОЛОГИЯ ПӘНІН STEM –ӘДІСІМЕН ОҚЫТУДА IT-ТЕХНОЛОГИЯ МҮМКІНДІКТЕРІН ПАЙДАЛАНУ | 152 |
| **Баймусаева Б.Ш., Ниетбай К.А.**<br>АНТРОПОЦЕНТРИЗМ И АНТРОПОМОРФИЗМ В МИРОВОЗЗРЕНИИ НАРОДА И В ПОЭТИЧЕСКОМ ЯЗЫКЕ | 154 |
| **Тулешова Жанар Нурмбековна**<br>ЖАНУАРЛАР ФИЗИОЛОГИЯСЫ | 158 |
| **Нышанбаева К.У., Әмірбекұлы А.**<br>МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДЫҢ КОНСТРУКТИВТІ ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ТӘСІЛДЕРІН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ: АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ МЕН КЕМШІЛІКТЕРІ | 162 |
| **Д.Қ.Пошаев, А.К.Рыскулов, Әбибуллақызы Ә.**<br>БІЛІМ ТУРАЛЫ БІЛІМ | 165 |
| **Artykbaeva F.I., Taitelieva M.A., Muratova M.A.**<br>PSYCHOLINGUISTIC RESEARCH IN THE REGION THEORY OF CONSCIOUSNESS | 167 |
| **Кемешев Д.А.**<br>ОҚУШЫЛАРҒА ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ | 170 |
| **Жархын Б.Ә., Пошаева Г.С.**<br>ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ДЕҢГЕЙІНДЕ БИОЛОГИЯДАН ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕЛІК ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ | 172 |
| **Маханов Т.Ш., Сарыбаев Ғ.М., Жанбиршиев С.Н.**<br>КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ | 174 |
| **Сарыбаев Ғ.М., Маханов Т.Ш., Буркитбаев Т.С., Қасмырзаев Б.Н.**<br>КӨРКЕМ ЕҢБЕК САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОЙЛАУЫН ДАМЫТУ | 177 |
| **Ахмадалиева О.Р., Байбатшаева А.Е., Байбатшаева М.Е.**<br>КӘСІПТІК ОҚЫТУ ПЕДАГОГІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚЫЗМЕТІ | 180 |
| **Кенжегулова Акнур Танирбергеновна**<br>МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ЭТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ ЖОЛДАРЫ | 183 |
| **Тасыбекова Зульфия Абдиманаповна**<br>БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУДЫҢ ЖОЛДАРЫ | 185 |
| **Алтыбаева Меруерт Куанышбаевна**<br>МЕКТЕПКЕ ДЕЙНГІ ҰЙЫМДАРДА ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫН ЖАНДАНДЫРУ | 187 |

| | |
|---|---|
| **Вапаева Дилноза Каримжановна**<br>ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫН АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗДІК ҚОРЛАРЫН ДАМЫТУ | 189 |
| **Омарбекова Нургуль Жусипалиевна**<br>ҮШ ТІЛДІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ | 191 |
| **Жанділдаева Айнұр Уалиханқызы**<br>КІРІКТІРУ ТӘСІЛДЕМЕСІ НЕГІЗІНДЕ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ТҰЛҒАНЫ ТӘРБИЕЛЕУ | 193 |
| **Медетбекова Гулбакыт Абдижалиловна**<br>М.МОНТЕССОРИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ | 195 |
| **Кунпайсова Гульнара**<br>МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ БАЙЛАНЫСТЫРЫП СӨЙЛЕУГЕ ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕРІ | 197 |
| **Умарова Юлдузхан Исламбековна**<br>СЫНДАРЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМЫТУДАҒЫ РОЛІ | 199 |
| **Балапанова Сапаш Арапбаевна**<br>БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДАҒЫ ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ТИІМДІЛІГІ | 201 |
| **Маженова Қарлыгаш Қасымханқызы**<br>ЕРЕКШЕ БІЛІМ АЛУҒА ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУДЕГІ ОТБАСЫНЫҢ РОЛІ | 203 |
| **Жекеева Кенжегул Рзагазиевна**<br>МЕКТЕПАЛДЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР МЕН ЖАТТЫҒУЛАР | 206 |
| **Курманбаева Эльмира Алменовна**<br>МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ОҚЫТУДА АКТ ҚОЛДАНУ | 209 |
| **Колбаева Жулдыз Агадиловна**<br>ҚИЫН БАЛАЛАРМЕН ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ | 211 |
| **Матекова Бақыткуль, Тоқсанбай Айдана Каппарқызы**<br>МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАР АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ- ҚАТЫНАСТЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ОЙЫННЫҢ ЫҚПАЛЫ | 214 |
| **Ыбырай Тоғжай Нұрмағанбетқызы**<br>МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАНЫҢ ЖАЗУ МЕН ОҚУҒА ДАЙЫНДЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ | 217 |
| **Құттыбай Жанелия Бердібайқызы, Кенжеханова Индира Абди-Ахметовна**<br>«КӨРҰҒЛЫ» ДАСТАНЫ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНА ОРТАҚ МҰРА | 218 |
| **Тлектес Нұрайым Сапарғалиқызы, Раймбекова Айгул Абдуовна**<br>БОРСЫҚ, БОРСЫҚ МАЙЫНЫҢ ПАЙДАСЫ | 221 |
| **Шораева Диана Анарбековна**<br>ТҮРЛІ ТІЛ КЕМШІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРДЫ ТҮЗЕТУДЕ ЛОГОРИТМИКАНЫҢ РӨЛІ | 223 |
| **Арыстанова Гауһар Ақылбайқызы**<br>ГЕОГРАФИЯ ПӘНІҢ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ТҮРЛЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ | 225 |
| **Манабаева Алина**<br>МЕКТЕПТІҢ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫНЫҢ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ АДАМГЕРШІЛІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫН ДАМЫТУДАҒЫ ТӘРБИЕЛІК ӘЛЕУЕТІ | 228 |
| **Алдан Сауле Нәзірқызы**<br>ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ОЙЫН АРҚЫЛЫ ЖЕТІЛДІРУ | 231 |
| **Егенова Назгул Атаевна, Жуматаева Толганай Базартаевна**<br>ТОПЫРАҚТЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫ | 232 |
| **Молдабаева Балжан Анарбековна**<br>МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА АТА-АНАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСТЫҢ ФОРМАСЫ МЕН ӘДІСТЕРІ | 234 |
| **Шалтаев Берік Сейтбатқалұлы**<br>ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХИ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ ДАМУЫНА ЫҚПАЛЫ | 237 |
| **Нуржауова Салтанат Адилхановна, Егенова Айгуль Атаевна**<br>ОЙЫН ӘРЕКЕТІ АРҚЫЛЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАНЫҢ ОЙЛАУ ПРОЦЕСІН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ | 238 |

| | |
|---|---|
| **Байзакова Улжан Байжановна**<br>І.ЕСЕНБЕРЛИННІҢ «КӨШПЕНДІЛЕР» ТРИЛОГИЯСЫНДАҒЫ ШЕНДЕСТІРУ ТӘСІЛІ НЕГІЗДЕ БЕРІЛГЕН ЭТНОНИМДІ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ | 241 |
| **Хауспай Әселя Асылбекқызы**<br>ТЫНЫМБАЙ НҰРМАҒАНБЕТОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЗМ | 243 |
| **Рыскелдиева Фарида Асылхановна**<br>ҚАЗАҚ ДАЛАСЫ – АДАМЗАТ ӨРЛЕУІНІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ | 246 |
| **Қаратева Жұлдыз Бақытжанқызы, Жарылқасын Жанерке Нұралықызы**<br>ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ТІЛДІК БІРЛІКТЕРДІҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРДЕ КӨРІНІС ТАБУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ | 248 |
| **Түзел Диана Дінмұхамбетқызы, Закарияева Айдана Нұрланқызы**<br>БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІНДЕГІ КЕМШІЛІКТЕРДІ АНЫҚТАУДЫҢ ТӘСІЛДЕРІ | 250 |
| **Егізбекова Гулмира Берікханқызы**<br>ҮШТІЛДІ БІЛІМ БЕРУДЕ ПӘН МЕН ТІЛДІ КІРІКТІРІП ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ | 252 |
| **Абылкасымова Марианна Асылхановна**<br>АҒЫЛШЫН ТІЛІН ПӘНІН ҮЙРЕТУДЕ ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІН ПАЙДАЛАНУ | 254 |
| **Баймуратова Эльмира Алдашовна**<br>ДҮНИЕЖҮЗІ ЕЛДЕРІНЕ АЙМАҚТЫҚ ШОЛУ | 257 |
| **Жетпісбаева Гүлжан Оразбекқызы, Арисланова Айнур Турабековна**<br>ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫСЫНЫҢ МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ҚАЛЫПТАСҚАН ТАНЫМДЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІ | 259 |
| **Жетпісбаева Гүлжан Оразбекқызы, Шайменова Әсем Дамирланқызы**<br>БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР | 262 |
| **Оразимбетова К.Ш., Сыдыков М.Е.**<br>БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫ | 265 |
| **Шамшидинова Айдана, Байбатырова У.А.**<br>ОҚУШЫЛАРДЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ | 268 |
| **Сыдыкова Р.Ш., Какимова Л.Ш., Батырбекова У.А.**<br>ПРИНЦИПЫ ОРГАНИЗАЦИИ ПРОЕКТНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ШКОЛЬНИКОВ В МЕТОДИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ МУЗЫКИ | 272 |
| **Смайлова Гулнур Турегелдиевна**<br>ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДАҒЫ PISA ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ РӨЛІ | 278 |
| **Узахова А.С., Байбатшаева А.Е, Ахмадалиева О.Р.**<br>БОЛАШАҚ КӘСІПТІК ОҚЫТУ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МӘНІ | 281 |
| **Смаилова М.С., Танашев М.С.**<br>ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫ | 285 |
| **Исабекова Г.Т.**<br>ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ МУЗЫКА-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР | 287 |
| **Балабекова А.А.**<br>МУЗЫКА САБАҒЫНДА ӘНДІ ДҰРЫС АЙТУДЫ ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕРІ | 289 |
| **Сыдыкова Р.Ш., Тобагабылова А.Ж., Досбаганбетова А.Т.**<br>ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ МУЗЫКАЛЬНОЙ ОТЗЫВЧИВОСТИ УЧАЩИХСЯ МЛАДШИХ КЛАССОВ НА ЗАНЯТИЯХ ДЕТСКОГО ХОРОВОГО КОЛЛЕКТИВА | 291 |
| **Тұрдалиев А.М., Байбатшаева Сауле**<br>МУЗЫКАЛЫҚ САУАТЫ ЖОҚ СТУДЕНТТЕРГЕ АСПАПТЫ ҮЙРЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ | 295 |
| **Адырбекова Гүлжазира Айнабекқызы**<br>БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ХАЛЫҚ ДӘСТҮРІНІҢ РӨЛІ | 299 |
| **Аширбекова Жанат Кайрановна**<br>БАЛАБАҚША ТӘРБИЕШІСІНІҢ АДАМ ӨМІРІНДЕГІ РӨЛІ. АТА-АНАЛАРМЕН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАТЫН ЖҰМЫСТАР | 300 |

| | |
|---|---|
| **Байгонысова Айжан Куралбековна**<br>МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫН ОЙЫН АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ | 304 |
| **Даулетова Балжан Пангереевна**<br>ЕРТЕГІ ТЕРАПИЯСЫ АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРІН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ | 306 |
| **Есенбаева Сабила Кенжебаевна**<br>БАЛАБАҚША – ТӘРБИЕ БАСТАУЫ | 308 |
| **Кемелбаева Загипа Саулебековна**<br>МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ | 310 |
| **Сарсенбаева Лаура Омархановна**<br>МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ РУХАНИ АДАМГЕРШІЛІККЕ ҮЙРЕТУ | 312 |
| **Тайбекова Диляна Сеилхановна**<br>МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТІ МЕН ОЙ – ӨРІСІН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ | 314 |
| **Морозова Марина Александровна**<br>МЕТОД ПРОЕКТОВ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ | 317 |
| **Тилеулиева Мулдир Серикбаевна**<br>МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫ ЖАҢАРТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ПАЙДАЛАНУ | 320 |
| **Усманова Шахноза Фахриддиновна**<br>БАЛАБАҚШАДА ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ | 322 |
| **Тулеева Динара Амирхановна**<br>БАЛАБАҚША – ТӘРБИЕ БАСТАУЫ | 323 |
| **Узахова Салтанат Наурзбаевна**<br>БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ОТБАСЫ МЕН БАЛАБАҚШАНЫҢ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ | 325 |
| **Торегелдиева Сагдат Ерсаиынкызы**<br>БАЛАБАҚШАЛАРДА ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ҚОЛДАНУ | 327 |
| **Оспан Айнагүл Тағанқызы**<br>ГЕОГРАФИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ БІЛІМ АЛУДАҒЫ МАҢЫЗЫ | 331 |
| **Шеринбетова Ботакоз Темирбаевна**<br>МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ТАНЫМДЫҚ-ТІЛДІК ДАМЫТУДА ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ | 332 |
| **Асилбекова Калдыкүл Токбергеновна**<br>БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ | 334 |
| **Еркінбекова Гулжамал Қуанышбекқызы**<br>МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҚАРАПАЙЫМ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ | 337 |
| **Сейткасимова Арай Танирбердиевна**<br>ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕГІ РОЛІ | 338 |
| **Яхницкая Анна Викторовна**<br>МНЕМОТЕХНИКА – КАК ТЕХНОЛОГИЯ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ | 340 |
| **Радченко Елена Анатольевна**<br>ГИМНАСТИКА ДЛЯ ГЛАЗ КАК ЗДОРОВЬЕСБЕРЕГАЮЩАЯ ТЕХНОЛОГИЯ | 342 |
| **Танабаева Гульмира Муздыбековна**<br>ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІ, ОНЫҢ МӘНІ МЕН ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ | 343 |
| **Шестакова Светлана Анатольевна**<br>РАЗВИТИЕ ЛОГИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ У ДОШКОЛЬНИКОВ | 346 |
| **Усембаева Айнур Дуйсенбаевна**<br>ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ТИІМДІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ | 348 |
| **Курмантаева Жанира Сапаралиевна**<br>**БІ**ЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ ЖАҒДАЙЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОЙЫН АРҚЫЛЫ ДАМЫТУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ | 350 |
| **Ускенова Ульзира Аралбаевна** | |

| | |
|---|---|
| ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ- САПАЛЫ БІЛІМ НЕГІЗІ | 352 |
| **Каратаева Жансая Куандыковна**<br>ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ОЙЫН АРҚЫЛЫ ЖЕТІЛДІРУ ӘДІСТЕРІ | 354 |
| **Қосалы Күлзейнет Есболайқызы**<br>БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ | 355 |
| **Дуйсенбаева Улбике Айдаралиевна**<br>АБАЙ ҚАРАСӨЗДЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІН ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ | 357 |
| **Қолай Айнұр Сейсенбекқызы**<br>БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ РОЛІ | 359 |
| **Сейтжанова Лаура Несипбекқызы**<br>ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУҒА ҮЙРЕТУДІҢ ТӘСІЛДЕРІ | 360 |
| **Самекеева Айнур Тасболатовна**<br>МҰҒАЛІМ ҚЫЗМЕТІНДЕ РЕФЛЕКСИЯ ТӘСІЛІН ҚОЛДАНУ – ҮЗДІКСІЗ ДАМУ КЕПІЛІ | 362 |
| **Махатова Жазира Бимырзаевна**<br>Ы.АЛТЫНСАРИННІҢ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІН МЕКТЕПТЕ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ | 363 |
| **Коштаева Нуршат Базарбаевна**<br>**Б**ІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ЖАҢҒЫРТУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ТАБЫСТЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ | 365 |
| **Айдарханова Атиргул Беркинбаевна**<br>ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ | 367 |
| **Оралбаева Айнур Батырханқызы**<br>ЕЛ БОЛАШАҒЫ – НАМЫСТЫ ҰРПАҚТЫҢ ҚОЛЫНДА | 369 |
| **Назарбаева Гаухар Калыбаевна**<br>МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТЕМПЕРАМЕНТ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН АНЫҚТАУ | 371 |
| **Усипбаева Айгуль Тойжановна**<br>БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ | 374 |
| **Тулегенова Бекзада Сайдихановна, Матаева Роза Рамановна**<br>БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУДЫ ДАМЫТУ ТАНЫМДЫҚ ЖАЛПЫ ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ | 377 |
| **Маханбетова Баянсулу Канаевна**<br>ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ | 380 |
| **Султанова Роза Амалбековна**<br>БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ | 382 |
| **Байтурсынов Болат Кулахметович**<br>МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ҚОЛӨНЕРДІ ҮЙРЕТУДІҢ БАСТЫ МІНДЕТТЕРІ | 384 |
| **Жуманова Салтанат Пернебековна**<br>БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ | 386 |
| **Ташметова Лолахан Еркиновна**<br>ҚИЫН ӨМІРЛІК ЖАҒДАЙДАҒЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН АЛДЫН АЛУЖҰМЫСТАРЫ | 390 |
| **Джусипбекова Кулзейна Усеновна**<br>ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРАЛАРДЫҢ АДАМГЕРШІЛІК ЖӘНЕ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ СИПАТЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ | 392 |
| **Дүйсенбек Салтанат Жаңабергенқызы**<br>ӘЛЕУМЕТТІК ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ. АДАМДЫ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰБЫЛЫС РЕТІНДЕ | 394 |
| **Жанабаева Куляиша Конысбековна**<br>ЖАСТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ | 396 |
| **Бостанова Индира Оразымбетовна**<br>ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЙСАР ҮШ АРЫСЫ | 398 |
| **Ибрагимова Эльмира Ибадуллаевна**<br>ОҚУШЫЛАРДЫ ҚОЛДАНБАЛЫ ҚОЛӨНЕРГЕ БАУЛУ | 401 |

| | |
|---|---|
| **Карымбекова Балжан Сейтановна**<br>ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕРІН ПАЙДАЛАНУ | 406 |
| **Нұржанова Кәмшәт Жақсылыққызы**<br>МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІНДЕ ҚОЛӨНЕРДІ ОҚЫТУҒА ДАЯРЛАУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ | 404 |
| **Бектурсынова Раушан Токмахамбетовна**<br>БАСТАУЫШ СЫНЫПТА БЕЛСЕНДІ ОҚУДЫ ҚОЛДАУ | 407 |
| **Давлетова Улбиби Айповна**<br>МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ЖАН ҚУАТТАРЫНЫҢ ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ | 409 |
| **Таскинова Шолпан Курбаналиевна**<br>ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ МӘНІ, МАЗМҰНЫ, ҚҰРЫЛЫМЫ | 411 |
| **Асанова Сагила Тынысбековна**<br>СЫНДАРЛЫ ОҚЫТУ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ДАМЫТУДАҒЫ ТИІМДІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНІҢ БІРІ | 412 |
| **Бабашова Гулвира Лесбайевна**<br>ОҚУШЫЛАРДЫҢ КӨРКЕМ ЖАЗУ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ | 414 |
| **Нурпеисова Мархамат Садуакасовна**<br>ТІЛДЕСУ АРҚЫЛЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАУ ДАҒДЫЛАРЫ | 416 |
| **Смагулова Фариза Онласыновна**<br>БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ | 418 |
| **Ахаева Мария Жанысбековна**<br>БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ | 420 |
| **Байсаитова Кульназия Исабаевна**<br>ЭФФЕКТИВНОСТЬ ПРЕПОДАВАНИЯ – ЭТО МОТИВАЦИОННО-ЦЕЛЕВЫЕ УСТАНОВКИ | 422 |
| **Нуржигитова Гулшарат Серикбайевна**<br>ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОРТА БУЫН СЫНЫПТАРЫНДА ТІЛ ДАМЫТУ САБАҒЫ | 424 |
| **Алтынбеков Азамат Еркебайұлы**<br>ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ | 426 |
| **Мырзабекова Карлыгаш Зулхайнаровна**<br>ФИЗИКА ПӘНІН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР | 428 |
| **Кадирова Лаиля Абдихалиловна**<br>ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУДАҒЫ ФИЗИКА ЕСЕПТЕРІН ШЫҒАРУ ӘДІСТЕМЕСІ | 431 |
| **Арипжан Рахымжан Мамыржанұлы**<br>ФИЗИКА ПӘНІНДЕ ЖОБА ӘДІСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕМЕДЕГІ ОРНЫ | 433 |
| **Юсупова Севар Бахадировна**<br>ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЕҢЕС БЕРУДІҢ ӘДЕПТІЛІК ПРИНЦИПТЕРІ | 435 |
| **Даулетова Алмагул Аиповна**<br>МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ОЙЫНЫ | 438 |
| **Ниязова Айнаш Оразхановна**<br>ИНФОРМАТИКА САБАҚТАРЫНДА САРАЛАП ОҚЫТУ | 440 |
| **Налибаева Индира Дуйсенбековна**<br>ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ | 442 |
| **Бекжигитова Жанар Бегасыловна**<br>ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА ИНТЕРАКТИВТІ ТАҚТАНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ | 444 |
| **Ауэзова Ажар Ибадуллаевна**<br>ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ | 446 |
| **Кадырова Айгуль Балабековна**<br>ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРМЕН КІРІКТІРУ | 449 |
| **Бекмуратова Қарлығаш**<br>ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ | 451 |
| **Жанбосынова Айткуль Пернешовна** | |

| | |
|---|---|
| ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА СӨЗДІК ЖҰМЫСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛДІК ҚОРЫН ДАМЫТУ | 453 |
| **Тилеубаева Алтынай**<br>ОЙЫН ӘРЕКЕТІ АРҚЫЛЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАНЫҢ ОЙЛАУ ПРОЦЕСІН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ | 455 |
| **Жалмурзаева Келбет Жаксыбековна**<br>ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ ОЙЫНЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕДЕГІ РӨЛІ | 457 |
| **Шлай Гаухар, Зоржанова Айсұлу**<br>XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ МЕН XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ЗАМАН ШЫНДЫҒЫ | 460 |
| **Қойшыбаев Жандос Қайратұлы, Зоржанова Айсұлу Асылқызы**<br>ОРТА МЕКТЕПТЕ ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУДА ОҰУШЫЛАРДЫҢ СЫНИ ОЙЛАУЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ | 463 |
| **Дуйсенова Айнур Султанбековна**<br>АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ | 465 |
| **Лебекова Айгуль Турегелдиевна**<br>ОЙЫН АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫСЫН ЖАН-ЖАҚТЫ ДАМЫТУ | 467 |
| **Алимбекова Жазира Жумабековна**<br>БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ | 469 |
| **Даулетова Нургуль Ескербековна**<br>ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ АЯСЫНДА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ АЙТЫЛЫМ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУДАҒЫ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР | 472 |